

Том 16

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

16 ТОМ

Июнь 1907 ~ март 1908

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1976

Л $\frac{10102-194}{401(07)-76}$ 5—76

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының он алтыншы томына 1907 жылы июньде — 1908 жылы мартта жазылған еңбектер енді. Осы том және бұдан кейінгі бірқатар томдар большевиктік партия тарихының ең ауыр кезеңдерінің бірі — реакция жылдарында жазылған шығармаларды қамтиды.

Патша үкіметі 1907 жылы 3 (16) июньде мемлекеттік төңкеріс жасап, революцияшыл жұмысшылар мен шаруаларды қатаң жазалады. Әскери-далалық соттар мен жазалау экспедициялары жұмысшыларды және шаруаларды сан мыңдап атқылады, жер аудару орындары мен каторгалар революционерлерге лық толтырылды, бұқаралық жұмысшы және шаруа ұйымдары мен жұмысшы баспасөзі аяусыз қуғындалды —бұл дәуірдегі елдің саяси жағдайын сипаттайтын негізгі белгілер осындай еді.

Сонымен қатар бұл дәуір патша өкіметінің буржуазиялық монархия, буржуазиялық-қаражүздік парламентаризм жолымен дамуының, патша өкіметінің деревнядағы буржуазиялық саясатының ерекше кезеңі болды. Кулактардан өзіне таптық тірек жасап алуға ұмтылып, патша өкіметі шаруалар қауымын күшпен қирату жолына, жаңа аграрлық саясат жүргізу жолына түсті, В. И. Ленин мұны «аграрлық бонапартизм» деп атады. Бұл патша өкіметін жаңа жағдайларға бейімдеуге тырысушылық, келешекте революцияға жол бермеу үшін ақырғы мүмкіндікті пайдалану болды.

Патша үкіметінің жұмысшы табына және оның ұйымдарына саяси шабуылы капиталистердің экономикалық шабуылымен ұласып отырды, олар революцияның барысында қол жеткен жеңістерді жоюға күш салды. Барлық жерде жалақы төмендеді, жұмыс күні ұзарды, жаппай локауттар кеңінен қолданылды, революциялық пиғылдағы жұмысшылар жұмыстан шығарылды, «қара тізімдер» таратылды және т. т. 1907—1909 жылдарда өнеркәсіп депрессияға ұшырады; бірқатар салаларда өндіріс қысқарды, жұмысшылар саны азайды; жұмыссыздық күшейді.

Патша үкіметі большевиктерді самодержавиеге қарсы күресті бастаушылар, ескі құрылыстың ымырасыз дұшпандары ретінде мейлінше қатал қуғындады. Ол кезде Финляндияда құпия жағдайда болған В. И. Ленинді патша охранкасы ұстап алуға тырысты. Большевиктік орталықтың шешімі бойынша Ленин Финляндияның алыс түкпіріне ауысады, ал одан кейін 1907 жылы декабрьде шетелге кетеді.

Басталып отырған реакцияның қиын жағдайларында Ленин большевиктік партияны нығайту, болашақ революция үшін күштерді әзірлеу және топтастыру жөнінде орасан зор теориялық және ұйымдастыру жұмысын өрістетті. Осы дәуірді сипаттай келіп, ол кейінірек «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабында былай деп жазды: «Реакция жылдары (1907—1910). Патша өкіметі жеңіп шықты. Революциялық және оппозициялық партиялардың бәрі қирады. Құлдыраушылық, берекесіздік, жікке бөлінушілік, лағушылық, ренегаттық күшейді, саясаттың орнына порнография болды. Философиялық идеализмге ұмтылушылық күшейді; мистицизм контрреволюциялық пейілдің бүркеніші болды. Бірақ сонымен қабат нақ сол ұлы жеңіліс революцияшыл партиялар мен революцияшыл тапқа нағыз, өте пайдалы сабақ береді, тарихи диалектика сабағын, саяси күресті ұғу, жүргізе алу, жүргізе білу сабағын береді. Достар бақытсыздыққа кездескенде біліседі. Күйреген армиялар жақсы үйренеді» (Шығармалар, 31-том, 12-бет).

Бұл томға енген шығармаларында Ленин большевизмнің программалық, тактикалық және ұйымдық мәселелерін талдап зерттейді, буржуазиялық идеологияға, оппортунизм мен ревизионизмге қарсы күресте маркстік теорияны қорғайды және дамытады. Қалыптасқан жағдайға маркстік баға беруге және реакцияның шабуылына байланысты партияның міндеттеріне, экономиканы және елдегі таптық күштердің орналасуын талдауға, бірінші орыс революциясының қорытындыларын шығаруға және революциялық күрестің перспективаларына ерекше көңіл бөлінеді.

Россия экономикасының өзіне тән белгілерін сипаттай келіп, Ленин орыс революциясының ерекшеліктеріне себепші болған терең қайшылықты атап көрсетті: «ең артта қалған жер иелігі, ең тағы деревня және ең алдыңғы қатарлы өнеркәсіп пен финанс капитализмі» (осы том, 448-бет). Капитализмнің монополистік даму сатысына елдің аяқ басуымен байланысты өнеркәсіпте өндірістің шоғырлануы кең өріс алды. Бұл процесс 1900—1903 жылдардағы өнеркәсіп дағдарысынан кейін ерекше күшейді; бұл дағдарыс көптеген ұсақ кәсіпорындардың күйзелуіне және ығыстырылуына, монополистік бірлестіктердің тез өсуіне әкеп соқтырған еді. Синдикаттар мен басқа монополиялар ірі өнеркәсіпті, транспорт пен банк ісін қамтыды. Сонымен бірге Россия экономикасында шаруашылықтың крепостниктік помещиктік жер иелігі және қарапайым техникасы бар, күйзелген шаруалар шаруашылықтары түріндегі ең мешеу формалары да сақталды.

Капиталистік негізде өсіп келе жатқан өндіргіш күштер және бұл күштерді тежеп отырған помещиктік жер иелігі мен патша өкіметі түріндегі крепостниктік тәртіптің қалдықтары арасындағы барған сайын тереңдей түскен қайшылықтарды тек революция ғана шеше алатын еді. Орыс революциясының алдына тарихтың объективті барысы мен халықтың қалың бұқарасының жағдайлары қойған міндеттердің шешілмегендігін айта келіп, Ленин Россияда ең таяудағы уақытта жеңімпаз революцияның сөзсіз болатындығын атап көрсетті. *«Россия,*— деп жазды ол 1907 жылы октябрьде,— *өзінің*

басынан кешіріп отырған дағдарысынан бейбіт жолмен шыға алмайды» (154-бет).

Ленин революцияның жеңіп шығуының қуатты қаруы марксизм принциптерінен айнымайтын пролетариат партиясы деп білді. «Біз революция алдында ұзақ жылдар бойы жұмыс істей білдік. Бізді тастай мызғымас беріктер деп атағаны тегін емес,— деді Ленин большевиктер туралы.— Социал-демократтар пролетарлық партияны құрды, бұл партия алғашқы соғыс тегеурінінің сәтсіздігінен еңсесін түсірмейді, асып-саспайды, авантюраға бой ұрмайды. Бұл партия өзін және өзінің тағдырын буржуазиялық революциялардың белгілі бір кезеңінің немен тынатындығымен байланыстырмастан социализмге қарай бара жатыр. Нақ сондықтан ол буржуазиялық революциялардың осал жақтарынан да аулақ. Сондықтан бұл пролетарлық партия жеңіске қарай бара жатыр» (451—452-беттер).

Жұмысшы табының партиясы, деп үйретті Ленин, өзінің тактикасын жаңа революциялық дағдарыстың сөзсіз болатындығын ескере отырып құруы керек, ал бұл дағдарыс Россиядағы өмір шындығының объективті жағдайларынан туады және ол енді өзін ұзақ күттірмейді. Осы дағдарысқа дайындалу, құпия партия ұйымдарын сақтау және нығайту, құпия жұмысты жұмысшы бұқарасы бар кез келген жария ұйымдардағы жұмыспен ұштастыру, осы бұқараны революциялық қозғалыстың жаңадан өрлеуіне әзірлеу партияның міндеті болып табылады.

Ленин реакция жылдарында меньшевиктерге және басқа оппортунистерге қарсы күресті өрістете жүргізді. Революциялық қозғалыстың жаңадан өрлеу мүмкіндігіне сенбегендіктен меньшевиктер партия программасының негізгі талаптарынан бас тартты, жұмысшы табының құпия революциялық партиясын жоюға, оның орнына Англияның лейбористік партиясы типтес кеңейтілген жария бейпартиялық «партия» құруға күш салды. Жойымпаздықтың әлеуметтік түп тамырын аша отырып, В. И. Ленин былай деп жазды: «Жойымпаздық дегеніміз либерал буржуазияның контрреволюциялық пейілімен, демократиялық ұсақ буржуазияның арасын-

дағы құлдыраумен және ыдыраумен ажырамастай байланысты терең жатқан әлеуметтік құбылыс» (Шығармалар, 16-том, 98-бет).

Жойымпаздармен батыл күресе отырып, большевиктер сонымен бір мезгілде шақырымпаздарды да (Думадан социал-демократ депутаттарды шақырып алуды жақтаушылар) —В. И. Лениннің атағанындай,—«оңін айналдырған жойымпаздарды» да әшкереледі. Революциялық жұмыс үшін жария мүмкіндіктерді (соның ішінде Мемлекеттік думаның трибунасын, әр түрлі жария жұмысшы ұйымдарын және т. с.) пайдаланудан бас тартып, шақырымпаздар большевиктерді бұқарадан қол үзуге, партияны сектаға айналдыруға итермеледі. В. И. Ленин сектанттықпен күреске үлкен маңыз берді; тек екі майдандағы — оң қанатқа қарсы және сектанттарға қарсы — күрестің барысында ғана жұмысшы табының нағыз революциялық маркстік партиясы құрылған еді.

Кейіннен жойымпаздар мен шақырымпаздар ленинизмнің жауы Л. Троцкий ұйымдастырған антипартиялық Август блогына бірігіп, өздерінің туыстығын көрсетіп берді.

Ленин большевиктердің оппортунистер мен ревизионистер атаулының бәріне қарсы ымырасыз күрес тәжірибесін мұқият зерттеп үйренуге шақырды. В. И. Ленин Шығармаларының іс жүзінде алғашқы басылуы болып табылатын ««12 жыл ішінде» жинағына алғы сөзде» бұл «революциялық марксизмді нығайту үшін, орыс жұмысшы табын оны азаттық жолындағы күресі үстінде шынықтыру үшін қажет» (осы том, 120-бет) деп атап көрсетілді. Бұл шығармада большевиктік партияның тарихы мен ленинизм — жаңа тарихи замандағы марксизм теориясының маңызды мәселелері баяндалған. «Жария марксистерге», «экономистер» мен меньшевиктерге қарсы 1895 жылдан 1907 жылға дейінгі мерзімде жүргізілген идеялық күресті қорытындылай келіп, В. И. Ленин бүкіл тарих «ымыраға келмейтін теориялық айтыстың практикалық-саяси жағынан бағалы екенін көрсетеді» (103-бет) деп жазды. Реакция жылдарында бұл теориялық күрестің маңызы өлшеусіз арта

түсті: контрреволюция идеологиялық майданда да шабуылға шықты. Марксизм негіздерін ревизиялауға — «сынауға» тырысушылық күшейді. Партиялық әдебиетшілердің бір бөлегі марксизмге қарсы жорыққа шықты, олар марксизмді «қорғау» ұранын желеу етіп, марксизмді ревизиялауға тырысты. Теориялық майдандағы күрес большевиктердің аса маңызды міндетіне айналды. Ленин марксизмнің «сыншыларын» әшкереледі және талқандады, маркстік партияның теориялық негіздерін қорғап қалды.

Ленин бірінші орыс революциясының қорытындыларын шығаруға үлкен маңыз берді. Ол большевиктік партияны революциялық дәстүрлерді сақтап, оны жұмысшы табы мен шаруалар арасында таратуға шақырды, реакция дәуірінде мұны партияның негізгі үгітшілік-насихаттық міндеттерінің бірі деп санады. Біз, деп көрсетті ол, уақытша саябырлық кезеңін бұл революцияның тәжірибесін сын көзбен зерттеуге, оны тексеруге, қоқыстан тазартып, болашақтағы күрестің басшылық құралы ретінде бұқараға табыс етуге тиіспіз.

Бірінші орыс революциясының негізгі қорытындыларын бағалай келіп, Ленин «Революция және контрреволюция» деген мақаласында ең алдымен былай деп көрсетеді: «революция біздің теориямыздың дұрыстығын растады, өйткені ол — бірден-бір шын революциялық теория» (126-бет). Пролетариаттың революциядағы басшылық ролі (гегемондығы) туралы большевиктік тезисті өмір толық дәлелдеп берді. Пролетариат іс жүзінде ұдайы революцияны бастап отырды, ал оның маркстік партиясы іс жүзінде жұмысшы табының алдыңғы қатардағы идеялық отряды болды. Россиядағы азаттық қозғалысындағы жеңістердің бәріне бүтіндей және тек қана пролетариат бастаған бұқараның революциялық күресі арқасында қол жетті. Ленин халықтың алдыңғы қатардағы күрескері болғандықтан пролетариат өзінің ұйымын нығайтуы керек, болашақта да осылай ұстамды әрі қажырлы күресу үшін өз күштерін топтастыруы тиіс деп жазды: «Пролетариаттың жеңілмейтіндігіне Россияның да, бүкіл дүние жүзінің де экономикалық дамуы кепіл болады» (133-бет).

Буржуазиялық-демократиялық революцияда пролетариаттың адал әрі сенімді одақтасы шаруалар болып табылады деген лениндік қағиданың дұрыстығын бірінші орыс революциясының тәжірибесі дәлелдеп берді. Ленин «Россиядағы тарихи күш ретіндегі буржуазиялық демократияның... бірден-бір негізі шаруалар бұқарасы болып табылады» (133-бет) деп көрсетті. Бұл бұқараның көсемі тек пролетариат қана бола алатындығын, помещиктер мен патша өкіметіне қарсы күресте шаруаларды тек сол ғана бастай алатындығын бірінші орыс революциясы іс жүзінде дәлелдеді.

Россия буржуазиясының реакцияшылдығын, патша өкіметі алдында оның құрдай жорғалайтынын революция айқын көрсетті. Ірі буржуазия мен жер иелерінің-помещиктердің мүдделері барған сайын ұштаса берді; олар пролетариат пен шаруаларға қарсы бірлесіп күресетін болды; капиталистер үкіметпен тығыз біріге түсті. Біздің пролетариат, деп жазды Ленин «Публицистің заметкаларында», орыс буржуазиялық революциясынан «буржуазияға деген өшпенділігін еселей түсіп, оған қарсы күресуге бекем бел байлап» шығатын болсын. Ұсақ буржуазиялық партиялар күресте өте қорқақтық және жігерсіздік, реакционерлер жөнінде ренегаттық және жарамсақтық көрсетті. Біздің пролетариат, деп шақырды Ленин, бұл буржуазиялық революциядан «ұсақ буржуазиялық болбырлық пен тұрлаусыздықты жек көрушілігін еселеп» күшейтіп шығатын болсын. Орыс революциясы алдағы уақытта қалай дамыса да, пролетариатқа қандай ауыр кездерді бастан кешіруге тура келсе де, буржуазияға деген осы өшпенділік пен ұсақ буржуазиялық партияларға деген осы жек көрушілік «оның қатарын топтастыра түседі, оны бөтен таптардан келген жарамсыз өкілдерден тазартады, оның күштерін молайтады, оны кезі келгенде бүкіл буржуазиялық қоғамға күйрете соққы беруге шыңдай түседі» (71-бет) деп Ленин берік сенім білдірді.

Ленин Россияда болатын революцияның сипаты, оның даму жағдайлары мен перспективалары туралы мәселені талдап зерттеуге үлкен көңіл бөледі. Бірінші орыс революциясының тәжірибесін жинақтау негізінде Ленин

мынадай қорытындыға келді: алдағы революция пролетариат басшылық еткен аграрлық шаруалар революциясы ретінде ғана жеңіп шыға алады; қазіргі тарихи жағдайда бұл буржуазиялық-демократиялық революция социалистік революцияға сөзсіз ұласатын болады. Осы томда жарияланып отырған «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген еңбекте бұл қағидалар жан-жақты негізделді. «Аграрлық мәселе,— деп жазды Ленин,— Россиядағы буржуазиялық революцияның негізі және осы революцияның ұлттық өзгешелігіне себепші болып отыр. Бұл мәселенің мәні помещиктік жер иелігін жою үшін және Россияның егіншілік құрылысындағы, демек, оның барлық әлеуметтік және саяси мекемелеріндегі крепостниктіктің қалдықтарын жою үшін шаруалардың жүргізіп отырған күресінде болып отыр» (432-бет).

Аграрлық мәселе жөніндегі бұл жаңа еңбек «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітаптағы қорытындыларға сүйенеді; онда XIX ғасырдың аяғындағы елдің экономикасы мен таптық құрылымына маркстік сипаттама берілген, бірінші орыс революциясы қарсаңында таптық күштердің орналасуы көрсетілген болатын. Лениндік талдау толғағы жеткен революцияның сипаты мен оның қозғаушы күштері туралы, ондағы әр түрлі таптардың ролі туралы мәселеге айқын жауап берді. Мұның бәрі 1905—1907 жылдардағы революцияның барысында толық дәлелденді. Лениннің «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген еңбегінің едәуір бөлегі буржуазиялық-демократиялық революцияның негізгі қорытындыларын зерттеуге және оның болашақтағы жеңісінің перспективаларын анықтауға арналған.

Ленин большевиктердің шаруаларды жұмысшы табының одақтасына айналдыру жолындағы күресі тәжірибесіне талдау жасап, теориялық тұрғыдан жинақтайды, бірінші орыс революциясы жылдарында шаруалардың жер үшін жүргізген күресінің дамуын жан-жақты зерттейді. Ол осы дәуірдің барлық аграрлық программала-

рының экономикалық астарының қандай екенін, ұлы тарихи күрестің не үшін болғанын көрсетеді. Ленин жердің бөлінуі туралы мәліметтер келтіреді: сан миллиондаған шаруалар үйінде қанша жер болса, помещиктер мен басқа ірі жер иелерінің азғана тобы сонша-лықты дерлік жерді иемденіп алған. Күйзелген шаруалар помещиктердің крепостниктік қанауы мен кулактардың езгісінен азап шекті.

Революцияның екі жылдық тәжірибесі Россиядағы шаруалар қозғалысының, шаруалардың жер үшін күресінің орасан зор маңызын айқын көрсетті. Деревнядағы крепостниктік тәртіптің қалдықтары бұрын жорамалдағаннан әлдеқайда күшті екендігі революцияның барысында әбден көрінді; ол қалдықтар шаруалардың жалпы ұлттық қозғалысын туғызды. Пролетариат буржуазиялық революцияның жеңіспен дамуына күш сала отырып, шаруаларды соңынан ертіп, ілгері бастауға тиісті болды. Ленин помещиктік жер иелігін және крепостниктік тәртіптің басқа да қалдықтарын жою пролетариат пен буржуазия арасындағы тап күресінің өрісін тазартады, пролетариатқа деревня кедейлерімен одақтаса отырып, социалистік революция жолында күрес жүргізуді жеңілдетеді деген қағиданы тұжырымдайды және негіздейді.

Ленин «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген шығармасында капитализм дамуының екі типі туралы және пролетариат пен шаруалардың революцияда осы дамудың шаруалық, демократиялық жолы үшін күресі туралы қағиданы дамытады.

Ленин Россияның экономикалық дамуына кедергі болып келген крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жою екі түрлі жолмен: помещиктердің мүдделері үшін реформа жолымен және шаруалардың мүдделері үшін революциялық жолмен іске асырылуы мүмкін екенін дәлелдеді. Осыған сәйкес аграрлық программалардың екі бағыты белгіленді: 1) шаруаларды экспроприациялау мен күйзелтудің помещиктік программасы, сондай-ақ осыған жақын помещиктік шаруашылықтарды сақтаудың және помещиктердің артықшылықтарын қорғауды

көздейтін кадеттік программа; 2) помещиктерді экспроприациялауды, помещиктік жер иелігін жоюды көздейтін шаруалар программасы. Шаруалар бұқарасын помещиктер мен кулактардың тонауына беретін, қауымды күшпен жоюды мақсат еткен столыпиндік аграрлық саясат помещиктердің мүдделеріне сай келетін еді.

Россияда аграрлық төңкеріс жасаудың революциялық шаруалар программасы, деп атап көрсетті Ленин, батыл саяси төңкеріссіз жүзеге асырылмақ емес. «Ескі өкіметті, тұрақты әскерді және бюрократияны жоймай тұрып, шаруалар аграрлық төңкерісті жүзеге асыра алмайды, өйткені мұның бәрі — помещиктік жер иелігінің онымен мыңдаған арқау арқылы байланысатын ең сенімді тірегі болып табылады» (352-бет).

Ленин Россия социал-демократиясының аграрлық программасы дамуының негізгі кезеңдерін егжей-тегжейлі қарастырады, бірінші орыс революциясы жылдарында оны тексерудің сабақтарын талдайды. Помещиктік жерлерді конфискелеу және елдегі барлық жерді национализациялау жөніндегі большевиктердің программалық талабының дұрыстығын өмір дәлелдеп берді. Бұл талап елдің экономикалық дамуының пісуі жеткен тілектерін ескерді және шаруалардың мүдделеріне сай келді. Ұсақ меншікші-шаруаларды жерді национализациялауды жақтауға мәжбүр еткен объективті себептерді аша отырып, Ленин жерді национализациялау ғана помещиктік жер иелігін толық жоя алатындығын және шаруаларды помещиктің қамытынан азат ететіндігін, шаруалар шаруашылығының еркін дамуы үшін басқа да кедергілерді, соның ішінде крепостниктік тәртіптің қалдығы саналатын қауымдық жер иелігін де жоя алатындығын көрсетеді.

Ленин «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген еңбегінде жерді национализациялауды теориялық жағынан дәлелдеуді дамыта түсті, оның экономикалық және саяси маңызын көрсетіп берді. Ленин жерді национализациялау программасын Маркстің теориясын Россия жағдайында творчестволықпен қолдану деп білді. Ол өзінің еңбегінде К. Маркстің жер

рентасы теориясын дамыта түседі және жерге жеке меншік капитализмнің еркін және тез дамуына кедергі жасайды, қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықты шиеленістіре түседі, ауыл шаруашылығының өнеркәсіптен артта қалуын күшейте түседі деген қағиданы қорғайды. Ленин жерге жеке меншікті жою (жерді национализациялау) елдің өндіргіш күштерін шапшаң дамытуды қамтамасыз ететіндігін көз жеткізе дәлелдейді. Сонымен бірге жерді национализациялау, деп жазды Ленин, пролетариатқа жеке меншік формаларының біріне соққы беруге жәрдемдеседі, ал «бұл соққының жаңғырығы бүкіл дүние жүзінде естілмей қалмайды» (324-бет).

Лениннің еңбегі Россияда жерді национализациялау қандай жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін деген сұраққа да айқын жауап береді: ол пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасы жағдайында, шаруалардың жеңімпаз революциясы арқылы ғана мүмкін болады.

Большевиктердің аграрлық программасы, помещиктік жер иелігін жою және барлық жерді национализациялау программасы буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласу мүмкіндігін және сөзсіз ұласатындығын ескерді. «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген кітабына 1917 жылы сентябрьде жазған соңғы сөзінде Ленин былай деп көрсетті: толғағы жеткен социалистік революция жағдайында «жерді национализациялау да аграрлық программада сөзсіз басқаша қойылатын болады. Атап айтқанда: жерді национализациялау—буржуазиялық революцияның «соңғы сөзі» ғана емес, сонымен қатар ол *социализмге қарай басқан қадам»* (443—444-беттер).

Лениннің жерді национализациялауға қарсы шығушыларды сынауының орасан зор ғылыми және саяси маңызы бар. Жерді муниципализациялаудың меньшевиктік программасын талдай келіп, Ленин оның теориялық тұрғыдан мүлдем негізсіздігін және қателігін әшкерелейді. Жерді муниципализациялаудың меньше-

виктік теоретиктері, П. Маслов және басқалар, жер рентасы туралы маркстік ілімді теріске шығару арқылы «топырақ құнарлылығының кеми беру заңы» туралы буржуазиялық апологеттер мен ревизионистердің ойдан шығарған өтіріктерін қайталады, ал олар бұл заңды ауыл шаруашылығының артта қалушылығының және еңбекшілердің қайыршылық жағдайының (жерге жеке меншік, жоғары рента, егіншіліктегі феодализмнің қалдықтары) қоғамдық және тарихи себептерін жасыру үшін ойлап шығарды, сөйтіп жауапкершілікті «табиғат күшінің кертартпалығына» аударды. Меньшевиктік муниципализаторлар аграрлық программаға «муниципалдық социализмнің» реформистік идеясымағын енгізді. Буржуазия, деп жазды Ленин, мұндай «социализмге» «жол береді, төзімділік жасайды», өйткені ол тап күресін мұқалтуға, буржуазияның үстемдігін сақтап қалуға бағытталған. Буржуазия қазіргі жағдайда да, өзіне пайдалы болған кезде, еңбекшілер бұқарасын алдау және өзінің диктатурасын бүркемелеу үшін мұндай «социализмді» жиі пайдаланады.

Саяси тұрғыдан алғанда муниципализаторлық программа меньшевиктердің буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңісі үшін пролетариат пен шаруалар одағының, бұл революцияда пролетариаттың басшылық ролінің шешуші маңызын теріске шығаруынан туған қате және зиянды нұсқауларын бейнеледі. Ленин муниципализаторлық программа пролетариат пен шаруалардың өкіметті жеңіп алу мүдделеріне сай келмейтіндігін, оның шаруалар қозғалысын провинциялық және ұлттық арналарға бөлшектеп әкететінін көрсетті. «Муниципализация дегеніміз,— деп жазды Ленин,— облыстардың орта ғасырлық оқшаулығын дәріптейтін, шаруалардың орталықтандырылған аграрлық революциясының қажеттігі жөніндегі шаруалардың түсінуін әлсірететін *реакциялық* ұран» (338-бет).

Меньшевиктердің жерді национализациялауға қарсы практикалық дәлелдерін де, олардың шаруалардың мүдделері мен талаптарын, шаруаларды пролетариатқа және революцияға қарсы қою қаупіне сылтау етуін де өмір теріске шығарды. Шынында шаруалар жерді

национализациялауды қолдады — Ленин мұны шаруа депутаттарының Думадағы сөздеріне және шаруалардың мүдделерін бейнелейтін жер жөніндегі жобаларға талдау жасай отырып, нанымды түрде көрсетті. Жер жөніндегі бұл жобаларды зерттей отырып, Ленин жерді меньшевиктік муниципализациялаумен салыстырғанда бұл жобалардың артықшылықтары бар екенін көрсетіп берді, помещиктік жер иелігі мен крепостниктік тәртіптің басқа да қалдықтарын жоюға бағытталған шаруалардың жер жөніндегі жобаларының прогрестік революциялық-демократиялық мазмұнын ашып көрсетті.

Конфискеленген помещиктік жерлерді пайдаланудың әр түрлі формаларын талдай келіп, Ленин бұл жерлерді шаруалардың меншігіне бөліп беруді мақұлдамады. Алайда ол басқа бір жағдайларда мұндай бөлудің мүмкіндігін жоққа шығарған жоқ. «Бөлісті жақтамаймын деп социал-демократия сөз бере алмайды,— деп жазды Ленин. — Тарихи өзге кезеңде, аграрлық эволюцияның өзге сатысында бөлістің сөзсіз нәрсе болуы мүмкін» (289-бет).

В. И. Лениннің «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген еңбегі марксизм қазынасына қосылған ірі үлес, егіншілікте капитализмнің даму заңдарын одан әрі зерттеу, буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы теориясын дамыту болып табылады.

Аграрлық программа жөніндегі осы күрделі еңбекпен бір мезгілде Ленин «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген шығарманы да жазып жатты. 1907—1908 жылдарда бұл еңбектің соңғы (X—XII) тараулары жазылып, жарияланды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 240—291-беттер). Революциялық жұмысшы партиясының аграрлық программасын жасауға және негіздеуге, аграрлық, шаруалар мәселесі жөніндегі — деревнядағы таптар және тап күресі туралы, пролетариат пен шаруалардың пролетариаттың басшылығына сүйенетін одағы туралы, помещиктер мен капиталистерге қарсы, демократия

мен социализм жолындағы олардың бірлескен күресі туралы маркстік теорияны қорғауға және одан әрі дамытуға Лениннің қаншалықты зор маңыз бергендігін осының бәрі айқын көрсетеді. Империализм және пролетарлық революциялар дәуірінде бұл мәселелердің ерекше маңызы бар еді. Нақ сондықтан да буржуазияшыл экономистер, реформистер мен ревизионистер сол кезде аграрлық мәселеде марксизмге қарсы өршеленген шабуылды күшейте түскен болатын.

Ленин өзінің аграрлық мәселе жөніндегі еңбектерінде буржуазиялық-реформистік теорияларды бекерге шығарып, атышулы «топырақ құнарлылығының кеми беру заңы» туралы капитализм апологеттері мен «Маркстің сыншыларының» дәлелдерін, еңбекшілердің күйзелуінің себептері туралы мальтусшілдік көзқарастарды, жер рентасының маркстік теориясына және егіншілікте өндірістің шоғырлану заңдарына ревизионистердің шабуылын талқандайды, капитализм тұсында егіншілікте ұсақ шаруашылықтардың «тұрақтылығы» мен «гүлденуі» туралы буржуазиялық апологетиканы әшкерелейді және т. с. Лениннің еңбектері аграрлық қатынастарға шын ғылыми талдау жасаудың тамаша үлгісі болып табылады. Капитализмнің жалпы заңдарын ауыл шаруашылығына қолдануға болмайтындығы туралы буржуазияшыл экономистердің, реформистер мен ревизионистердің дәлелдеріне қарама-қарсы, Ленин ауыл шаруашылығында да капиталистік ірі өндіріс ұсақ өндірістен өнімдірек екенін және оны сөзсіз ығыстырып шығаратынын, ұсақ шаруалар шаруашылығын ірі капитал экспроприациялайтынын, еңбекші шаруалар күйзеліске ұшырап, пролетарларға айналатынын ең анық мәліметтер негізінде нанымды етіп көрсетіп берді. Ауыл шаруашылығындағы капиталистік дамудың *жалпы заңдылығы,* жекелеген елдерде көріну *формалары әр түрлі* болатын жалпы заңдылығы осындай.

Лениннің аграрлық мәселе жөніндегі программалық нұсқаулары капиталистік және отар елдердің коммунистік және жұмысшы партияларын жұмысшы табының демократия және социализм жолындағы күресте

одақтасы ретіндегі шаруаларға көзқарасы туралы маңызды мәселені дұрыс шеше білумен қаруландырады. Лениннің аграрлық мәселе жөніндегі антимарkстік теорияларды сынауы бүгін де жау идеологияға, буржуазиялық апологетикаға, қазіргі реформизм мен ревизионизмге қарсы ымырасыз күресудің тамаша үлгісі болып саналады.

Осы томға енген шығармалар едәуір дәрежеде большевиктердің жаңа тактикалық жоспарын жасауға және негіздеуге арналған, бұл тактикалық жоспарды Ленин реакция дәуірінің бас кезінде ұсынған болатын. Том үшінші июньдегі контрреволюциялық төңкерістен кейін көп ұзамай жазылған «Бойкотқа қарсы» деген мақаламен ашылады. Томда жарияланып отырған осы және басқа шығармаларда («Социал-демократиялық жұмысшы партиясының үшінші Думаға көзқарасы туралы мәселе жөнінде 8 июльде Петербург жалпы қалалық конференциясында жасалған баяндаманың тезистері», РСДРП III конференциясында ұсынылған «III Мемлекеттік думаның сайлауына қатысу туралы мәселе жөніндегі қарардың жобасы» және т. т.) Ленин қазіргі саяси жағдайда партия III Мемлекеттік думаның сайлауы алдындағы науқанға белсене қатысуға тиісті екендігін, бұл реакциялық мекемені бүкіл россиялық үгіт трибунасы ретінде пайдалану үшін оған өз өкілдерін өткізуге тырысуы керектігін дәлелдейді. Бойкотистердің дәлелдеріне егжей-тегжейлі талдау жасап және ол дәлелдерді талқандай отырып, В. И. Ленин большевизмді бойкотизммен шатастыруға болмайтындығын нанымды түрде көрсетеді. Большевиктер белсенді бойкот тактикасын революция өрге басқан жағдайда ғана жүргізді. Ленин былай деп үйретті: большевиктер бойкот дегенде белсенді бойкотты айтты, яғни оны бұқараның ескі өкіметке қарсы қарулы көтерілісімен байланыстырды. Міне сондықтан да бойкот барлық кезеңдерге жарай беретін күрестің универсал құралы бола алмайды. Бойкотты жақтаушыларды догмашылдық үшін сынай отырып, Ленин марксизм «революционерлерден белгілі ұрандарды құр әншейін қайталамай, күрестің ескі тәсілдерін қолданудың шарттарын *ой*

елегінен өткізе білуді, оларға *талдау жасай* білуді» (29-бет) талап етеді деп жазды.

1907 жылы июльде шақырылған РСДРП үшінші («Жалпы россиялық екінші») конференциясы В. И. Лениннің баяндамасы бойынша оның әзірлеген қарар жобасын қабылдады, большевиктердің тактикалық бағыты жалпы партиялық көлемде салтанат құрды; бойкотистер идеялық жағынан талқандалды. Күрестің жария және құпия әдістерін ұштастыру жөніндегі лениндік тактика большевиктерге неғұрлым аз шығынмен шегінуге, өз қатарларының тәртібін неғұрлым толық сақтап қалуға және революциялық қозғалыстың жаңадан өрге басуы үшін күш жинауға мүмкіндік берді.

Осы томға енген бірқатар шығармаларында В. И. Ленин III Мемлекеттік думаның реакциялық құрамы мен оның халыққа қарсы қызметін әшкерелейді, большевиктердің парламенттік тактикасының негіздерін жасауды одан әрі жалғастырады. Оларға «Үшінші Дума», «Үшінші Мемлекеттік дума және социал-демократия» деген шығармалары, В. И. Лениннің РСДРП С.-Петербург ұйымының конференциясы мен РСДРП төртінші («Жалпы россиялық үшінші») конференциясындағы баяндамалары мен ұсынған қарарлары, ««Жексұрын жын-ойнақты» әзірлеу» деген мақаласы және басқалар жатады.

III Думаның құрамын сипаттай келіп, В. И. Ленин бұл дума реакциялық үшінші июнь сайлау заңын жасаушылардың және оған дем берушілердің тілектеріне сай келеді деп атап көрсетті. Думада өзінің таптық мәні жөнінен контрреволюциялық: қаражүздік-октябристік және октябристік-кадеттік екі көпшілік қалыптасты; патша үкіметі өзінің халыққа қарсы саясатында осыларға сүйенді.

III Мемлекеттік думаның партиялық құрамына таптық баға беру негізінде В. И. Ленин большевиктік партияның думадағы тактикасын белгілейді. Ленин социал-демократиялық фракция жұмысының табысты болуының негізгі шарты партияның Орталық Комитетінің басшылығына оның қатаң бағынуы деп санады. Социал-

демократиялық депутаттар өздерінің бүкіл қызметінде V (Лондон) съезд қарарының думадағы күрестің жалпы сипаты пролетариаттың думадан тыс күресінің міндеттеріне бағындырылуы тиіс деген бөлімін басшылыққа алатын болуы керек. Ленин патша үкіметінің халыққа қарсы саясаты мен либерал партиялардың жағымпаздығын әшкерелей отырып, үгіт және насихат жұмысын бірінші кезекке қою қажет деп көрсетті. Жұмыстың бұл жағын сұраулар қою және заң жобаларын ұсынумен толықтырып отыру қажет, бұл үшін кадеттерден солшылдау депутаттармен (бірақ кадеттермен емес) блок жасау керек.

В. И. Ленин Думадағы социал-демократ депутаттардың «заң шығарушылық» жұмыспен шұғылдануы қажеттігі туралы қақсаған меньшевик теоретиктердің оппортунизмі мен догматизмін әшкерелейді. Барған сайын кадеттерге іш тартып, олармен блок жасасуды және келісімге келуді жақтаған, реакция жылдарында да өздерінің ескі оппортунистік тактикасын жүргізе берген меньшевиктерді батыл сынайды. В. И. Ленин «солшыл оппозицияның» киімімен бүркенуге әуес кадеттердің демагогиясын әшкерелеу қажет, кадеттерді бұқараға ықпал жасаудан шеттету керек, *«демократиялық және революциялық міндеттер жолында тек үкіметке, қаражүздікке және октябристерге қарсы қажырлы күрес жүргізіп қана қоймай, тіпті кадеттерге де қарсы қажырлы күрес жүргізуге тиіс»* (156-бет) деп атап көрсетті.

Томға енген «Думаның бюджеттік праволарын кеңейту туралы айтыстар жөнінде», «Әдейілеп жасалған полициялық-патриоттық демонстрация» деген және басқа шығармалар В. И. Лениннің III Думадағы социал-демократиялық фракцияның жұмысын мұқият және күн сайын қалай қадағалап отырғандығын, оның қателіктері мен кемшіліктерін сынап, оларды түзетудің жолдарын көрсетіп отырғандығын сипаттайды. Атап айтқанда ол Думаның бюджеттік праволары туралы мәселені талқылауды Батыстың демократиялығын мақтан ететін капиталистік елдері тарапынан реакциялық патша режимін қолдауды әшкерелеу үшін пайдалануға

кеңес берді. Патшаның қаражүздік үкіметі, деп жазды Ленин, бүкіл дүние жүзілік капиталдың көмегінсіз өмір сүре алмайды. Бүкіл дүние жүзінің буржуазиясы көрінеу банкрот болған патшаға миллиардтаған қарызды мол пайда келтіру үшін ғана беріп отырған жоқ, сонымен қатар ескі тәртіптің Россиядағы жеңуіне мүдделі болғандықтан да беруде, өйткені бұл революцияны пролетариат бастап отыр.

Столыпиндік реакция дәуірінде большевиктерге В. И. Ленин белгілеп берген тактиканың капиталистік елдердің жұмысшы партиялары үшін қазіргі кезде де үлкен маңызы бар. В. И. Ленин кейінірек былай деп жазды: революциялық қозғалыстың Россиядағыдай бай тәжірибесі, қозғалыстың әр түрлі — бейбіт және қауырт, құпия және ашық, үйірмелік және бұқаралық — формаларының тез және сан қилы алмасуы басқа ешбір елде болып көрген емес. Қазіргі коммунистік және жұмысшы партиялар большевиктік партияның тәжірибесінен күрестің әрбір нақты кезеңінде қалыптасатын саяси жағдайды дұрыс бағалай білу өнеріне үйренеді, күрестің нақты-тарихи жағдайға талдау жасаудан туатын әдістері мен тәсілдерін қолдана білуге үйренеді.

Томға енгізілген шығармалардың үлкен бір тобы II Интернационалдың VII (Штутгарт) конгресі мәселелеріне арналған, оларға «Штутгарттағы халықаралық социалистік конгресс» деген тақырыппен берілген екі мақала, «Штутгарт конгресінің «Милитаризм және халықаралық жанжалдар» туралы қарары жөнінде ескертулер», «К. Цеткинаның «Штутгарттағы халықаралық социалистік конгресс» деген мақаласына ескертулер», «Антимилитаристік насихат және социалистік жұмысшы жастар одақтары», ««Социалист-революционерлер» тарихты қалай жазады», «Воиновтың (А. В. Луначарскийдің) партияның кәсіптік одақтарға көзқарасы туралы кітапшасына алғы сөз», «Кәсіптік одақтардың бейтараптығы» жатады. Бұл еңбектердің кейбірі бірінші рет жарияланып отыр.

Бұл конгресс В. И. Ленин жұмысына тікелей қатысқан алғашқы халықаралық социалистік конгресс болды. Конгресс капитализм дамудың империалистік сатысына

дейін жеткен тарихи жағдайда жиналды, бұл кезде капитализмнің негізгі қайшылықтары ерекше күшті көріне бастады. Бұлар — еңбек пен капитал арасындағы, отарлардың езілген халықтары мен империалистік елдер арасындағы, империалистік державалар арасындағы қайшылықтар. Конгрестің күн тәртібіндегі аса маңызды мәселе халықаралық жұмысшы табы мен оның партияларының милитаризмге және бүкіл дүние жүзінің империалистері барған сайын ашықтан-ашық әзірлеп отырған соғысқа қарсы күресі туралы мәселе болды.

Ленин конгрестің «Милитаризм және халықаралық жанжалдар» туралы қарар жобасын әзірлеген комиссиясының жұмысына белсене қатысты және бұл жобаға маңызды принциптік түзетулер мен толықтырулар енгізді. Ленин еңбекшілер бұқарасына және әсіресе жұмысшы табына қисапсыз күйзелушілік пен қайғы-қасірет әкелетін империалистік соғыстар капитализмнің сөзсіз болатын серігі саналатындығын негізге алды. Сонымен бірге ол жұмысшылардың соғыс қаупіне қарсы күресу мүмкіндігін және күресуі қажеттігін атап көрсетті және мұндай күрестің нақты маңызын жоққа шығарған, сөйтіп, жұмысшыларды алдын ала енжарлыққа душар еткен оппортунистерді әшкереледі. Ленин антимилитаристік насихат жүргізу, бұқараға еңбекшілердің халықаралық ынтымақтығын түсінуін тарату революциялық тездету үшін пайдалануға шақырған ұран тасталды.

Оппортунистерге қарсы қажырлы күрестің нәтижесінде, герман солшылдары мен поляк социал-демократтарының қолдауымен, Ленин конгрестің революциялық марксизм рухында қарар қабылдауына жетті, ол қарар халықаралық жұмысшы табының біраз жылдарға күрес бағытын белгілеп берді. Қарарда империалистік соғысқа қарсы күрес капитализмді социализммен алмастыру болуға тиіс деп көрсетілді, соғысқа қарсы күрестің революциялық әдісінің қажеттігі түсіндірілді, соғыс тудырған революциялық дағдарысты буржуазияны құлатуды тездету үшін пайдалануға шақырған ұран тасталды.

Копенгагенде және Базельде өткен кейінгі конгрестер Штутгарт конгресінің империалистік соғыстарға қарсы күресу туралы қарарын растады. Алайда бірінші дүние

жүзілік соғыс басталысымен II Интернационалдың социал-демократиялық партияларының оппортунистік көпшілігі өздерінің бұрынғы шешімдеріне опасыздық жасап, өздерінің империалистік үкіметтері жағына шығып кетті. В. И. Ленин бастаған большевиктер партиясы ғана дәйекті интернационалистік, революциялық позиция ұстады.

Дүние жүзілік социалистік системаның қуаты мен халықаралық ықпалы барған сайын тез өсіп отырған, социализм күшінің империализм күшінен, бейбітшілік күштерінің соғыс күштерінен басымдылығы айқын көрініп отырған, халықаралық империализмге тек капиталистік елдердің ұйымдасқан жұмысшыларының қуатын ғана емес, сонымен бірге сыртқы саясатының басты принципі бейбітшілікті нығайту жолындағы күрес болып отырған социалистік мемлекеттердің әскери күшін де қарсы қоюға мүмкіндік болып отырған қазіргі уақытта соғыс жанжалдары қаупіне қарсы күресу қажеттігі туралы лениндік нұсқаулардың ерекше маңызы бар.

Штутгарт конгерісінің жұмысына арналған мақалаларында В. И. Ленин отаршылдық туралы мәселеге көп көңіл бөледі. Оларда отар мәселесі жөніндегі қарарды талқылаған және қабылдаған кезде революцияшыл марксистер мен оппортунистер арасындағы қажырлы күрес көрсетіледі, оппортунизмнің таптық тамырлары әшкереленеді, отаршылдыққа қарсы батыл күрес жүргізу үшін барлық елдердің жұмысшы табын топтастыру жөнінде міндеттер қойылады. Конгресте отарлық соғыстарды ақтап, империализмнің «цивилизаторлық» ролі жайындағы мылжыңмен отарлардағы айуандық режимді боямалап көрсеткен оппортунистердің өздерінің империалистік буржуазиясы алдындағы жағымпаздығын Ленин отар мәселесінің мысалы арқылы әшкерелейді. Ленин отар мәселесі жөніндегі қарарды жоғары бағалады, бұл қарар отар саясаты атаулының бәрін батыл және сөзсіз айыптады. Коммунистік және жұмысшы партиялары басшылық еткен революциялық жұмысшы қозғалысымен одақтаса отырып, отарлардың халықтары талай жылдар бойы отаршылдыққа қарсы жүргізген қажырлы күрестің нәтижесінде біздің заманымызда аса

ұлы табыстарға қол жетті: Азия халықтары тәуелсіздік алды, Африкада отаршылдық тәртіптер күйреуде, Латин Америкасының халықтары өздерінің толық ұлттық тәуелсіздігі жолында күресіп жатыр. Отарлық құлдық системасының толық күйреуі енді алыс емес; Штутгарт конгресінде революцияшыл марксистер жақтаған және қорғап қалған идеялар ойдағыдай іске асырылуда.

Конгресс қабылдаған социалистік партиялар мен кәсіптік одақтар арасындағы қатынас туралы қарардың аса зор маңызы болды. В. И. Ленин осы томға енгізілген шығармаларында кәсіподақтардың партиялығы принципін қорғайды және насихаттайды, «бейтараптықты» жақтаушы меньшевиктерді, соның ішінде конгресте де кәсіподақтардың бейтараптығын қорғап сөйлеген Г. В. Плехановты да қатты сынға алады. Ленин партияның кәсіптік одақтардағы жұмысының барған сайын зор маңызы болып отыр, большевиктер бұл жұмысты одақтардың партиямен жақындасуы рухында жүргізуі тиіс, пролетариаттың социалистік санасын және революциялық міндеттерді түсінуін дамыта түсуі тиіс деп атап көрсетті. Кәсіподақтардың бейтараптығы мен бейпартиялығы идеясы, деді Ленин, барлық жерде де жұмысшы табының мүдделеріне орасан зор зиян келтірді, өйткені ол кәсіподақтардың оппортунизм жағына қарай ойысуына жәрдемдеседі. Ленин большевиктерді кәсіподақтарда барлық күшті аямай жұмыс істеуге шақырды, «пролетариат арасында марксизмнің революциялық теориясын тарату жолында және *таптық* ұйымның «мызғымас негізін» құру жолында *барлық* салада жұмыс істейік. Қалғанының бәрі жүре түзеледі» (203—204-беттер).

* *
*

Он алтыншы томға В. И. Лениннің бес жаңа документі бірінші рет енгізіліп отыр. Олардың төртеуі — «Штутгарт конгресінің «Милитаризм және халықаралық жанжалдар» туралы қарарына ескертулер», «К. Цеткинаның «Штутгарттағы халықаралық социалистік конгресс» деген мақаласына ескертулер», «Анти-

милитаристік насихат және социалистік жұмысшы жастар одақтары», ««Социалист-революционерлер» тарихты қалай жазады» — II Интернационалдың Штутгарт конгресінің жұмысын баяндайды және оның шешімдерін насихаттайды. Бесінші жаңа документ — «Үшінші Мемлекеттік дума және социал-демократия» деген мақала — Думаның партиялық құрамын сипаттауға және большевиктердің думалық тактикасын белгілеуге арналған.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

БОЙКОТҚА ҚАРСЫ

(СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТ ПУБЛИЦИСТІҢ ЗАМЕТКАЛАРЫНАН) [1]

1907 ж. 26 июньде (9 июльде) жазылған

1907 ж. июльдің аяғында С.-Петербургте шыққан «Үшінші Думаға бойкот жариялау туралы» деген кітапшада басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

Жуырда болып өткен мұғалімдер съезі[2] социалист-революционерлер партиясының көрнекті өкілінің тікелей қатысуымен III Думаға бойкот жариялау туралы қарар қабылдады, съезге қатысқандардың көпшілігі социалист-революционерлердің[3] ықпалындағылар еді. Социал-демократ мұғалімдер РСДРП өкілімен бірігіп, мұндай мәселені бейпартиялық, кәсіптік-саяси одақта шешпей, партия съезінде немесе конференциясында шешу қажет деп санап, дауыс бермей қалыс қалды.

Сонымен III Думаға бойкот жариялау туралы мәселе революциялық тактиканың кезектегі мәселесі ретінде алға қойылып отыр. Социалист-революционерлер партиясы, оның өкілінің аталған съезде сөйлеген сөзіне қарағанда, бұл мәселені шешіп те қойыпты, бірақ бұл партияның ресми қаулыларын да, эсерлер арасынан шыққан әдеби документтерді де біз әлі көргеніміз жоқ. Социал-демократтар арасында бұл мәселе күн тәртібіне қойылып, талқыланып жатыр.

Социалист-революционерлер өздерінің шешімін қандай дәлелдермен қорғайды? Мұғалімдер съезінің қарары, істің шын мәніне келгенде, III Думаның түгелдей жарамсыздығы туралы, 3 июньде мемлекеттік төңкеріс[4] жасаған үкіметтің реакцияшылдығы мен контрреволюцияшылдығы туралы, жаңа сайлау заңының помещиктік сипаты туралы, т. б., т. с. туралы айтып отыр*. Дә-

* Бұл карардың тексті мынау: «1) жаңа сайлау заңы, III Мемлекеттік дума осы заңның негізінде шақырылып отыр, еңбекшілер бұқара-

лелдеме күрестің бойкот сияқты құралының немесе осындай ұранның қажеттілігі мен заңдылығы III Думаның әсіре реакцияшылдығынан өзінен-өзі туды-мыс дегенге құрылған. Мұндай пікірдің жарамсыздығы әрбір социал-демократқа көзге түрте көрініп тұр, өйткені мұнда бойкотты қолданудың тарихи жағдайларын талдау мүлде жоқ. Марксизм негізінде тұрған социал-демократ бойкотты белгілі бір мекеменің реакцияшылдық дәрежесімен туады демейді, күрестің ерекше жағдайларының болғандығынан туады дейді, мұндай жағдайларда бойкот деп аталатын өзгеше бір құралды қолдануға болады, мұны қазірдің өзінде орыс революциясының да тәжірибесі көрсетіп отыр. Кімде-кім біздің революцияның екі жылғы тәжірибесін ескермей, бұл тәжірибеге ой жүгіртпестен бойкот туралы пайымдайтын болса, ондай адам жайында: ол көп нәрсені ұмытқан, ештеңе үйренбеген деуге тура келеді. Сонымен, бойкот туралы мәселені талдап шешуді біз нақ осы тәжірибеге талдау жасау әрекетінен бастаймыз.

I

Біздің революцияның бойкотты қолданудағы аса ірі тәжірибесі, күмән жоқ, Булыгин Думасына жасалған бойкот еді[5]. Бұл бойкот оның үстіне барынша толық және барынша тікелей табыспен аяқталды. Сондықтан Булыгин Думасына жасалған бойкоттың тарихи жағдайларын талдау біздің бірінші міндетіміз болуға тиіс.

Бұл мәселені қарағанда, екі жағдай бірден алдыңғы қатарға қойылады. Біріншіден, Булыгин Думасына бойкот жариялау біздің революцияның (уақытша болса

сының осы кезге дейін ие болып келген, бұған ие болу өздеріне соншалықты қымбатқа түскен, азын-аулақ сайлау правосын да олардан алып қойғалы отырғанын; 2) бұл заң халық еркін халықтың неғұрлым реакцияшыл, пұрсатты жағдайдағы топтарының пайдасына бола көрінеу және өрескел бұрмалағандық болып отырғанын; 3) үшінші сайланатын Дума өзінің сайлану тәсілі мен құрамы жағынан реакциялық төңкерістің жемісі болғалы отырғанын; 4) үкімет халық бұқарасының дума сайлауына қатысуын мемлекеттік төңкерісті халық мақұлдады деген маңыз беру үшін пайдаланғалы отырғанын еске ала келіп,— мұғалімдер мен халыққа білім беру ісі қайраткерлерінің Бүкіл россиялық одағының IV делегаттық съезі қаулы етеді; 1) үшінші сайланатын Думамен және оның органдарымен қандай да қатынас жасаудан бас тартылсын; 2) ұйым ретінде тікелей де, жанамалай да сайлауға қатысылмасын; 3) ұйым ретінде осы қарардағы белгіленген көзқарас үшінші Мемлекеттік дума жөнінде және оны сайлау жөнінде де қолданылсын»,

да) монархиялық конституция жолына көшуіне қарсы жүргізілген күрес болды. Екіншіден, бұл бойкот мейлінше кең, жаппай, күшті, жылдам өріс алған революциялық өрлеу жағдайында жасалды.

Бірінші жағдайға тоқталайық. Бойкот атаулының бәрі осы мекеме негізінде болған күрес емес, қайта оның пайда болуына немесе, біраз кеңірек айтқанда, осы мекеменің қолданылуына қарсы жүргізілген күрес. Сондықтан, кімде-кім Плехановқа және басқа көптеген меньшевиктерге ұқсап, марксиске өкілдік мекемелерді пайдалану қажет деген жалпы пайымдаумен бойкотқа қарсы күрескен болса, ондай адам мұнысымен өзінің күлкі боларлық доктринерлігін ғана аңғартады. Бұлай пайымдаудың өзі даусыз ақиқатты мыжи беру арқылы талас мәселенің шын мәнісіне соқпай кету деген сөз. Дау жоқ, марксист өкілдік мекемелерді пайдалануға тиіс. Бұдан марксист белгілі бір жағдайда осы мекеменің негізінде болатын күресті жақтамайды, қайта осы мекемені өмірде қолдануға қарсы күресті жақтайды деген мағына туа ма? Жоқ, тумайды, өйткені бұл жалпы пайымдаудың осындай мекеменің пайда болуына қарсы күресу орынды болмаған реттерге ғана қатысы бар. Бойкот туралы мәселенің талас туғызуының себебі осындай мекемелердің пайда болуының өзіне қарсы күресудің орынды-орынсыздығында болып отыр. Плеханов және К^0 *өздерінің* бойкотқа қарсы дәлелдері арқылы мәселенің қойылысының өзін дұрыс түсінбегендігін байқатты.

Содан соң. Егер бойкот атаулының бәрі осы мекеме негізінде жүргізілген күрес болмай, оның өмірде қолданылуына қарсы жүргізілген күрес болса, онда Булыгин Думасына жасалған бойкот, мұның үстіне, монархиялық-конституциялық типтегі мекемелердің тұтас бір жүйесін өмірде қолдануға қарсы жүргізілген күрес болды. Жаппай стачкалар (9 январьдан кейінгі стачкалар толқыны) мен әскер көтерілістері («Потемкин») түріндегі тікелей бұқаралық күрестің мүмкіндігі бар екендігін 1905 жыл айқын көрсетті. Демек, бұқараның тікелей революциялық күресі факт болды. Екінші жағынан, қозғалысты (сөздің ең төте, дәлме-дәл мағына-

сында алғанда) революциялық жолдан монархиялық конституция жолына көшірмек болған 6 августағы заң да факт болды. Бұл екі жолдың арасында: бұқараның тікелей революциялық күрес жүргізу жолы мен монархиялық конституция жолы арасында күрес болуы объективті жағынан сөзсіз еді. Былайша айтқанда, революцияның таяудағы даму *жолын таңдау* керек болды, оның бер жағында бұл таңдауды, әрине, белгілі бір топтардың еркі шешпей, революцияшыл таптар мен контрреволюцияшыл таптардың күші шешті. Ал күштің өзін күрес үстінде ғана өлшеп, сынауға болатын еді. Булыгин Думасына бойкот жариялау ұранының өзі тікелей-революциялық күрес *жолы* үшін конституциялық-монархиялық жолға қарсы күресу ұраны болды. Конституциялық-монархиялық жолда да, әрине, күрестің болуы ықтимал еді, ықтимал ғана емес, сөзсіз де еді. Революцияны жүргізе беру және оның жаңадан өрлеуін әзірлеу монархиялық конституция негізінде де ықтимал нәрсе; революциялық социал-демократияның күресі монархиялық конституция негізінде де ықтимал және міндетті нәрсе,— Аксельрод пен Плеханов 1905 жылы соншама құлшынып, соншама орынсыз дәлелдеген бұл апайқын ақиқат сол ақиқат күйінде қалып отыр. Бірақ ол кезде тарихи қойылған мәселе бұл емес еді: Аксельрод немесе Плеханов ол кезде «басқа тақырып» жөнінде әңгіме қозғады немесе, басқа сөзбен айтқанда, олар күресуші күштердің шешуіне тарихи қойылған мәселені немістің социал-демократиялық оқулығының соңғы басылымынан алынған мәселемен алмастырды. Таяуда болатын *күреске жол таңдау үшін күрес* жүргізу тарихи сөзсіз еді. Россияда бірінші өкілдік мекемені ескі өкімет шақыра ма, сөйтіп, белгілі уақытқа (мүмкін, өте қысқа уақытқа, мүмкін біршама ұзақ уақытқа) революцияны монархиялық-конституциялық жолға көшіре ме, әлде халық тура шабуылға шығып, ескі өкіметті жайпап өте ме, әлде ең болмағанда: оны шайқалтып, оның революцияны монархиялық-конституциялық жолға көшіру мүмкіндігін жойып, бұқараның тікелей революциялық күреске шығу жолын (тағы да азды-көпті ұзақ уақытқа) қамтамасыз ететін бола ма? Кезінде Аксель-

род пен Плеханов байқамаған міне осындай мәселе 1905 жылдың күзінде Россияның революциялық таптарының алдына тарихи түрде қойылған еді. Социал-демократияның белсенді бойкотты уағыздауының өзі-ақ осы мәселені алға қоюдың формасы, оны пролетариат партиясының әдейі алға қоюының формасы еді, *күреске жол таңдау үшін күресудің* ұраны еді.

Белсенді бойкотты уағыздаушылар, большевиктер, тарих объективті түрде алға қойған мәселені дұрыс түсінді. 1905 жылғы октябрь-декабрь күресі шынында да күрес жолын таңдау үшін болған күрес еді. Бұл күрестің табысы аумалы-төкпелі болды: әуелі революцияшыл халық жеңді, ескі өкіметті революцияны монархиялық-конституциялық жолға дереу көшіру мүмкіндігінен айырды, полициялық-либералдық типтегі өкілдік мекемелердің орнына таза революциялық типтегі *өкілдік мекемелер,* жұмысшы депутаттарының Советтерін, т. б. құрды. Октябрь-декабрь дәуірі — халықтың тегеуріні арқылы монархиялық-конституциялық мекемелерден, заңдар мен кедергілерден арылу негізінде, ескі өкімет *әлден-ақ* әлсіреп, ал халықтың революциялық жаңа өкіметі (жұмысшы, шаруа, солдат депутаттарының Советтері, т. б.) ескі өкіметті толық ауыстыруға *әлі де* жеткілікті күшті *болмай* тұрған кездегі «өкімет аралық» кезең негізінде барынша бостандық орнаған, бұқараның барынша дербес әрекет еткен дәуірі болды, жұмысшы қозғалысының барынша кеңейіп, жылдам өріс алған дәуірі болды. Декабрь күресі мәселені басқаша шешті: ескі өкімет халықтың тегеурінін тойтарып, жеңіп шықты, позициясын сақтап қалды. Бірақ, әлбетте, бұл жеңісті үзілді-кесілді жеңіс деп есептеуге ол кезде әлі негіз жоқ еді. 1905 жылғы декабрь көтерілісінің 1906 жылдың жазындағы толып жатқан бытыраңқы, ішінара әскери көтерілістер мен стачкалар түрінде жалғасы болды. Витте Думасына[6] бойкот жариялау ұраны осы көтерілістерді шоғырландырып, жинақтау жолында күресу ұраны болды.

Сонымен, Булыгин Думасына бойкот жасалған кездегі орыс революциясының тәжірибесін қарап өтуден шығатын алғашқы қорытынды мынау: ең таяудағы даму

жолының формасы үшін тарих күн тәртібіне қойып отырған күрес, Россиядағы бірінші өкілдік жиналысты ескі өкіметтің немесе өзін өзі қойған халықтық жаңа өкіметтің шақыратын болуы үшін күрес, тікелей-революциялық жол үшін немесе (белгілі уақытқа) монархиялық конституция жолы үшін күрес бойкоттың объективті астары болды.

Осыған байланысты қаралып отырған тақырыпты талқылаған кезде әдебиет бетінде жиі көтеріліп және үнемі туып отыратын бойкот жариялау ұранының қарапайымдылығы, айқындығы және «бір беткейлігі» туралы мәселе, сондай-ақ дамудың төте және бұралаң жолы туралы мәселе алда тұр. Ескі өкіметті тікелей құлату, немесе, ең болмағанда, оны әлсіретіп, діңкесін құрту, халықтың тікелей жаңа өкімет органдарын құруы — мұның бәрі, күмән жоқ, нағыз *төте* жол, халық үшін нағыз тиімді жол, бірақ оның есесіне көп күш жұмсауды да керек ететін жол. Күштің арасалмағы басым болған күнде маңдай алдынан шабуыл жасап та жеңіп шығуға болады. Күш жеткіліксіз болған күнде айналма жол да, байқап күте тұру да, бұлтару да, шегіну де, т. т. және т. с. қажет болуы мүмкін. Әрине, монархиялық конституция жолы революцияны әлі ешбір жоққа шығармайды, революцияның элементтерін бұл жол *да* жанама түрде әзірлеп, өрістетеді, бірақ бұл — анағұрлым ұзақ, бұралаң жол.

Большевиктерді «бір беткей» деп айыптау, тарих жүріп келе жатқан бұралаң жолмен санасу керек деп большевиктерге ғибрат айту бүкіл меньшевиктік әдебиеттің, әсіресе 1905 жылғы (октябрьге дейінгі) әдебиеттің негізгі арқауы болып келеді. Меньшевиктік әдебиеттің бұл сиқы да жылқы сұлы жейді, Волга Каспий теңізіне құяды деп пайымдаудың,— талас нәрсенің даусыз мәнін мылжалай беру арқылы күпті қылатын пайымдаудың ұсқыны. Тарихтың әдетте бұралаң жолмен жүретіндігінде, тарихтың нағыз бытысқан, шым-шытырық бұралаңдарымен марксистің санаса білуі керек екендігінде талас жоқ. Бірақ осы талассыз мәселені мылжалай берудің дәл сол тарих төте жолды немесе бұралаң жолды таңдау мәселесін күресуші күштердің

шешуіне салған күнде, марксист қайтпек керек деген мәселеге түк қатысы жоқ. Осылайша болған мұндай сәттерде немесе мұндай дәуірлерде тарихтың әдеттегі бұраландығы туралы қысыр әңгімеге салынудың мәнісі құндақтаулы адамға айналғандық және жылқының сұлы жейтіндігі сияқты ақиқатты қазбалап бас қатыру болып шығады. Ал революциялық дәуірлер көбінесе тарихтың дәл мынадай кездегі: дамудың тоте немесе бұралаң жолын елдің таңдауы туралы біршама өте ұзақ уақытқа арналған мәселені күресуші қоғамдық күштердің қақтығысуы біршама қысқа уақыт ішінде шешетін кездегі дәуірлері болады. Бұралаң жолмен санасу қажеттігі бұқараға оның тарихындағы шешуші кезеңдерде төте жолдың қолайлылығын марксистердің түсіндіре білуі керек екенін, төте жолды таңдап алу жолындағы күресте бұқараға көмектесе білуі керек екенін, мұндай күрестің ұранын, тағысын-тағыларын ұсына білуі керек екенін ешбір жоққа шығармайды. Ал төте жолдың орнына бұралаң жолды белгілеген үзілді-кесілді тарихи ұрыстар *аяқталғаннан кейін* төте жол үшін ақырына дейін күрескендерді тек үмітсіз филистерлер мен мүлде топас педанттар ғана келемеждеп күлер еді. Мұның өзі немістің Трейчке тәрізді полициялық-төрешіл тарихшылардың Маркстің 1848 жылғы революциялық ұрандары мен революциялық бір беткейлігін келемеждеп күлгені сияқты болар еді.

Тарихтың бұралаң жолына марксизмнің көзқарасы, істің шын мәнісіне келгенде, оның ымыраға келу жөніндегі көзқарасына ұқсас. Тарихтың бұралаң бет бұрысы атаулының бәрі — ымыраға келгендік, жаңаны толық теріске шығаруға енді күші жеткіліксіз болып отырған ескінің және ескіні толық құлатуға әлі күші жеткіліксіз болып отырған жаңаның арасындағы ымыраласу. Марксизм ымыраға келуден безбейді, марксизм оны пайдалануды қажет деп санайды, бірақ мұның өзі нақты, қимыл жасап тұрған тарихи күш ретіндегі марксизмнің ымыраға қарсы барша жігермен күресетінін ешбір жоққа шығармайды. Кімде-кім, бейне бір, осы қайшылықты ұғына білмесе, ол адам марксизмнің әліппесін білмейді.

Энгельс бір жолы, атап айтқанда Коммунаның бланкист-қашқындарының манифесі туралы мақаласында (1874 ж.)* марксизмнің ымыраға көзқарасын мейлінше көрнекі түрде, айқын жәпе қысқаша баяндап берген еді. Бланкистер, Коммунаның қашқындары, өздерінің манифесінде ешқандай ымыраға жол бермейміз деп жазды. Энгельс бұл манифесті келемеж етті. Істің мәні,—деді ол,— *бізді жағдай душар етіп отырған* (немесе бізді жағдай мәжбүр етіп отырған: мен текстпен салыстыруға мүмкіндігім болмағандықтан цитатты жатқа алып отырғаным үшін оқушыдан кешірім сұрауға тиіспін) ымыраны пайдаланудан безуде емес. Істің мәні пролетариаттың шын мәніндегі революциялық мақсаттарын айқын ұғынып, әр алуан жағдайлардың, бұралаң жолдар мен ымыралардың бәрінде де осы мақсаттарды көздей білуде болып отыр[7].

Бұқараның төрелігіне берілген ұран ретінде, бойкоттың қарапайымдылығын, туралығын және айқындығын осы тұрғыдан ғана бағалауға болады. Бұл ұранның осы көрсетілген қасиеттерінің бәрі өз-өзінен жақсы болып отырған жоқ, осы ұран қолданылып отырған объективті жағдайда дамудың төте немесе бұралаң жолын таңдау үшін күресуге мүмкіндік бар болғандықтан ғана жақсы болып отыр. Булыгин Думасы заманында бұл ұранның жұмысшы партиясының дұрыс және бірден-бір революциялық ұраны болған себебі, ол нағыз қарапайым, тура, айқын ұран болғандықтан емес, мұның себебі тарихи жағдайлар сол кезде жұмысшы партиясының алдына монархиялық конституцияның бұралаң жолына қарсы революциялық қарапайым, төте жол үшін жүргізілетін күреске қатысу міндетін қойғандықтан еді.

Сол кезде нақты болған осы ерекше тарихи жағдайлардың өлшемі неде еді? деген сұрақ туады. Қарапайым, тура және айқын ұранды құрғақ сөз етпей, шын мәніндегі күреске бірден-бір үйлесетін ұран еткен істің объективті жағдайындағы ерекшеліктің басты нышаны неде? Міне енді біз осы мәселеге көшеміз.

---

* Бұл мақала немістің «Internationales aus dem «Volksstaat»». деген жинағына кірді. Орысша аудармасы: ««Volksstaat»-тан алынған мақалалар», «Знание» баспасы.

II

Өткен кезге, қазірдің өзінде аяқталған (қалай дегенменде, өзінің тура және тікелей формасында аяқталған) күреске көз жіберсең, онда заманның әр түрлі, бірінебірі қайшы келетін, белгілері мен көріністерінен шығатын жалпы қорытындыны ескеруден оңай, әрине, ештеңе жоқ. Күрестің нәтижесі бәрін бірден шешіп, күмән атаулының бәрін оп-оңай жояды. Бірақ біз енді құбылыстың күреске *дейінгі* істің жайын айқындауға көмек бере алатындай белгілерін анықтап алуымыз керек, өйткені біз тарихи тәжірибенің сабақтарын III Думаға қолданбақшымыз. Барынша кең, жаппай, күшті және тез дамыған революциялық өрлеу 1905 жылғы бойкоттың табысты болуының шарты болғанын біз жоғарыда айтып өттік. Енді, біріншіден, күрестің өте-мөте күшті өрлеуінің бойкотпен қандай байланысы бар екендігін, ал, екіншіден, өте-мөте күшті өрлеудің өзіне тән сипаттары мен айрықша белгілерінің қандай екендігін қарап шығу керек.

Бойкот осы мекеменің негізіндегі күрес емес, оның пайда болуына қарсы күрес екенін біз жоғарыда айтып өттік. Осы мекеменің қай-қайсысы болса да тек қазірдің өзінде бар өкіметтен, яғни ескі өкіметтен шығады. Мұның мәнісі, бойкот дегеніміз тікелей ескі өкіметті құлатуға бағытталған күрес құралы немесе, ең болмағанда, яғни оны құлатуға жеткілікті тегеурін болмаған күнде,— оны әлсіретуге бағытталған, әлсіреткенде ол өкімет осы мекемені құруды қамтамасыз ете алмайтындай етіп, бұл мекемені өмірде қолдана алмайтындай етіп әлсіретуге бағытталған күрес құралы деген сөз*. Демек, өзінің табысты болуы үшін бойкот ескі өкіметпен тікелей күресуді, оған қарсы көтерілуді, тіпті бір-

* Текстің барлық жерінде әңгіме белсенді бойкот туралы, яғни ескі өкіметтің іс-әрекеттеріне қатысудан жай ғана сырт қалу туралы емес, осы өкіметке тегеурін жасау туралы болып отыр. Булыгин Думасына бойкот жариялау дәуіріндегі социал-демократиялық әдебиетпен таныс емес оқушылардың есіне салайық: социал-демократтар ол кезде селқос бойкотқа *белсенді* бойкотты батыл қарсы қоя отырып, тіпті ол ол ма: белсенді бойкотты батыл түрде қарулы көтеріліспен байланыстыра отырып, белсенді бойкот жариялау туралы ашық айтқан болатын.

сыпыра реттерде оған жаппай бағынбауды (мұндай жаппай бағынбаушылық көтерілісті даярлайтын шарттардың бірі) талап етеді. Бойкот дегеніміз ескі өкіметті мойындаудан бас тарту, әрине, сөз жүзінде емес, іс жүзінде бас тарту, яғни ұйымдардың үн көтеруінен немесе ұран салуынан ғана көрінетін бас тарту емес, ескі өкіметтің заңдарын үнемі бұзып отыратын, заңға қайшы, бірақ іс жүзінде бар жаңа мекемелерді, т. б., т. с. үнемі құрып отыратын *халық бұқарасының* белгілі қозғалысынан көрінетін бас тарту. Сонымен, бойкоттың кең революциялық өрлеумен байланысты екені айқын: бойкот дегеніміз осы мекеменің ұйымдастырылу формасына емес, соның өзінің өмір сүруін жоққа шығаратын ең батыл күрес құралы. Бойкот дегеніміз ескі өкіметке тура соғыс жариялау, оған қарсы тіке шабуылға шығу. Өрісі кең революциялық өрлеу жоқ жерде, былайша айтқанда, ескі заңдылықтың кемерінен барлық жерде асып түсетін бұқаралық ашу-ыза жоқ жерде бойкоттың табысқа жетуі туралы әңгіме де болуы мүмкін емес.

1905 жылдың күзіндегі өрлеудің сипаты мен белгілері туралы мәселеге келгенде, біз ол кезде жауды үнемі тықсырып отырған, оны үнемі қусырып отырған революцияның жаппай, үздіксіз *шабуыл* жасағанын бірден көреміз. Жазалау шаралары қозғалысты бәсеңдеткен жоқ, қайта ұлғайтып алды. 9 январьға ілесе орасан зор стачка толқыны көтерілді, Лодзьде баррикадалар тұрғызылды, «Потемкин» көтерілісі болды. Баспасөз саласында, одақтар саласында, оқу саласында, барлық жерде ескі өкімет белгілеген заңдылық шеңберлері үнемі бұзылып отырды, бұзғанда тіптен «революционерлер» ғана емес, жергілікті адамдар бұзып отырды, өйткені ескі өкімет шынында да қалжыраған еді, әлсіреген қолынан тізгінді шынында да шығарып алған еді. Революционерлердің ұрандарына үн қосылмай қоймағаны былай тұрсын, тіпті ол ұрандардың өмірден тура *артта қалып* қойғаны өрлеу күшінің (революциялық ұйымдардың тұрғысынан қарағанда) өте-мөте айқын және айна қатесіз көрсеткіші болды. 9 январь да, одан кейінгі жаппай стачкалар да, «Потемкин» де,— осы құбылыстардың бәрі революционерлердің нақты ұрандарының

алдын орап отырды. Революционерлер тарапынан ұсынылған *ұранды* бұқараның селқос, үнсіз қарсы алғаны, күрестен бас тартқан кезі *1905 жылы болған жоқ*. Осындай кезде бойкот жариялау шиеленіскен жағдайды ушықтыруға табиғи *қосымша* болды. Бұл ұран ол кезде ештеңені «ойдан шығарған» жоқ, бұл ұран тоқтаусыз алға басқан, тура шабуылға бет алған өрлеуге дәл және дұрыс жөн сілтеп берді. Қайта, өзіміздің меньшевиктер «ойдан шығарушылардың» халіне ұшырады, бұлар революциялық өрлеуден жалтарып, патшаның манифест немесе 6 августағы заңы сияқты құрғақ уәдесіне елігіп кетті және конституциялық-монархиялық жолға бет бұрамыз деген *уәдені* шынға балады. Меньшевиктер (және Парвус) ол кезде өздерінің тактикасын мейлінше кең, күшті және тез дамыған революциялық өрлеу фактісіне негіздеп құрған жоқ, патшаның конституциялық-монархиялық жолға бет бұрамыз деген уәдесіне негіздеп құрды! Бұл сияқты тактиканың кісі күлерлік, бейшара оппортунизм болып шыққандығы таңданарлық нәрсе емес. Міне, енді меньшевиктердің бойкот туралы пайымдауларының бәріне Булыгин Думасына жасалған бойкотқа, яғни революциядағы бойкот жариялаудың ең ірі тәжірибесіне талдау жасаудан сырт айналып кетіп жүргені таңданарлық нәрсе емес. Бірақ меньшевиктердің революциялық тактикадағы аса ірі дерлік осы қатесін біліп қою аздық қылады. Бұл қатенің негізі революциялық өрлеуді шындыққа айналдырған, ал конституциялық-монархиялық бет бұрысты полициялық құрғақ уәдеге айналдырған істің *объективті* мән-жайын түсіне білмеушілікте екенінің байыбына баруымыз керек. Меньшевиктердің теріс баққан себебі, олардың мәселеге субъективтік революцияшылдық ниетпен қарамағандығында емес, керісінше, мұның себебі, бұл бейшара-революционерлер өздерінің идеяларында объективті-революциялық жағдайдан артта қалып қойды. Меньшевиктердің қатесінің бұл екі себебін шатастырып алу оп-оңай, бірақ марксистің бұларды шатастырар жөні жоқ.

III

Бойкоттың орыс революциясының белгілі дәуірінің ерекше тарихи жағдайларымен байланысты болғаны тағы да бір тұрғыдан қаралуға тиіс. Социал-демократияның 1905 жылдың күзі мен 1906 жылдың көктеміндегі бойкот науқанының саяси мазмұны қандай болған еді? Бұл науқанның мазмұны, әрине, бойкот деген сөзді қайталай беру немесе сайлауға қатыспауға шақыру болған жоқ. Бұл мазмұн, самодержавие ұсынған айналма жол мен бұралаң жолды елемейтін тура шабуылға шақырумен де сарқылып қалған жоқты. Оның үстіне және аталған тақырыппен әсте қатарлас тұрмаса да *конституциялық жалған үміттерге қарсы күресу* бойкот жөніндегі бүкіл үгіт жұмысының өзегі болды. Бұл күрес, шындығында, бойкоттың нағыз жан жүйесі болды. Бойкот жасаушылардың сөздерін, олардың жүргізген бүкіл үгітін еске түсіріңіздерші, бойкот жасаушылардың аса маңызды қарарларына көз жіберіңіздерші, сонда мұндай қағиданың дұрыстығына сіздердің көздеріңіз жетеді.

Бойкоттың бұл жағын меньшевиктер ешқашан да түсіне алған емес. Туып келе жатқан конституционализм заманында конституциялық жалған үміттерге қарсы күресу буларға әрқашан да қисынсыз, мағынасыз, «анархизм» сияқты болып көрінді. Және меньшевиктердің бұл көзқарасы меньшевиктік әдебиет туралы айтпағанның өзінде, Стокгольм съезінде[8] сөйленген сөздерден,— есімде қалғаны — әсіресе Плехановтың сөздерінен айқын байқалған еді.

Тосыннан қарағанда, меньшевиктердің бұл мәселе жөнінде ұстаған позициясы, жылқы сұлы жейді деп, өз жақындарына маңызданып ақыл айтатын адамның позициясындай, шынымен соншалықты талассыз позиция болып көрінуі мүмкін. Туып келе жатқан конституционализм заманында конституциялық жалған үміттерге қарсы күрес жариялансын! Бұл анархизм емей немене? Бұл құр сандырақ емей немене?

Мұндай пайымдауларда жөні түзу жай мағынаны сыпайылап дәлелге алғансу арқылы мәселенің қадірін ке-

тіру мынаған негізделеді: орыс революциясының ерекше дәуірін ауызға алмай өте шығады, *Булыгин Думасына жарияланған бойкотты ұмытады,* біздің революцияның өткен жолының нақты сатыларын тұтас алғанда біздің революцияның, өткендегісі мен болашағының, барлығын конституционализмді туғызатын революция деп жалпы атаумен алмастырады. Мұның өзі, Плехановқа ұқсап диалектикалық материализм методы туралы барынша шабыттана сөйлеген адамдардың осы методты бұрмалағандығының үлгісі.

Иә, біздің буржуазиялық революция, тұтас алғанда, буржуазиялық революция атаулының бәрі сияқты, сайып келгенде конституциялық құрылыс орнату процесі, одан басқа ештеңе де емес. Бұл ақиқат. Бұл — белгілі бір буржуазиялық-демократиялық программаның, теорияның, тактиканың, т. т. quasi*-социалистік сарындарын әшкерелеуге пайдалы ақиқат. Бірақ буржуазиялық революция заманында жұмысшы партиясы елді *қандай* конституционализмге алып баруға тиіс? екені туралы мәселеге келгенде, революцияның белгілі бір дәуірлерінде белгілі бір (және атап айтқанда республикалық) конституционализм үшін жұмысшы партиясының нақ қалай күресуге тиіс? екені туралы мәселеге келгенде, сіздер бұл ақиқаттан пайда шығара аласыздар ма? Жоқ. Лайықты атты таңдап алып, оған мініп жүре білу үшін, жылқы сұлы жейді дегенге илану аздық ететіні сияқты, Аксельрод пен Плехановтың жаны сүйетін ақиқат та сіздердің бұл мәселелерге көзіңізді әбден жеткізбейді.

Кезеңнің ұраны конституциялық жалған үміттерге қарсы күресу болуға тиіс, деді большевиктер 1905 жылы және 1906 жылдың басында, өйткені таяу уақыт ішінде тікелей революциялық күрестің және толық демократизм негізінде тікелей революция құрған өкілдік мекемелердің төте жолы салтанат құра ма немесе монархиялық конституция мен «Дума» типтес полициялық-«конституциялық» (тырнақшада!) мекемелердің айналма, бұралаң жолы салтанат құра ма деген мәселе-

* — бейне бір. *Ред.*

ні дәл қазіргі дәуірде істің объективті жағдайы қоғамның күресуші күштерінің шешіміне қойып отыр.

Бұл мәселені шынымен істің объективті жағдайы алға қойды ма, немесе оны теорияға әуестіктен большевиктер «ойдан шығарды» ма? Бұл сұраққа орыс революциясының тарихы әлден-ақ жауабын беріп қойды.

1905 жылғы октябрь күресі революцияны монархиялық-конституциялық жолға бұруға қарсы жүргізілген күрес болған еді. Ал октябрь-декабрь дәуірі, Дубасов пен Столыпин конституциясының жалған конституционализмінен өзгеше, халықтың тілегін шын мәнінде білдірген, пролетарлық шынайы демократиялық, кең, батыл, еркін конституционализмді жүзеге асыру дәуірі болды. Шынайы демократиялық (яғни ескі өкіметтен және онымен байланысты барлық сұрқиялықтан мүлде арылған негізде өмір сүріп отырған) конституционализм жолындағы революциялық күрес халықты полициялық-монархиялық конституциямен алдап-арбауға қарсы нағыз батыл күрес жүргізуді талап етті. Осы оп-оңай нәрсені социал-демократиядағы бойкотқа қарсылар ешбір түсіне алмай-ақ қойды.

Енді бізге орыс революциясы дамуындағы екі кезең мейлінше толық айқын көрініп отыр. Өрлеу дәуірі (1905 жыл) және құлдырау дәуірі (1906—1907 жылдар). Халықтың дербес қимылының, халықтың барлық таптарының еркін және кең жайылған ұйымдарының барынша гүлденген кезеңі, баспасөз барынша еркіндік алған кезең, ескі өкіметті, оның мекемелері мен әмірлерін халықтың барынша мойындамаған кезеңі болды және мұның бәрі бюрократтық жолмен танылған және ресми уставтарда немесе ережелерде көрсетілген конституционализм атаулы болмаған жағдайда болды. Ал одан соң Дубасовтар мен Столыпиндер құрастырған, Дубасовтар мен Столыпиндер ұнатып, Дубасовтар мен Столыпиндер қорғап отырған, кешіре гөр тәңірі, «конституция» дәурен сүріп тұрғанда халықтың дербес қимылының, ұйымшылдығының, еркін баспасөздің және т. т. мейлінше өрісі тарылып, үнемі төмен құлдилай берген кезеңі болды.

Енді, кейінгінің бәрі сондай жақсы, оп-оңай және айқын көрініп тұрғанда, оқиғалардың конституциялық-монархиялық жолға бұрылуына қарсы пролетариаттың революциялық күресінің заңдылығы мен қажеттігін, конституциялық жалған үміттерге қарсы күресудің заңдылығы мен қажеттігін теріс дей алатын, сірә, тіпті бір де педант табыла қоймас.

Орыс революциясының 1905 жылдан 1907 жылдың күзіне дейінгі барысын дәл осы екі дәуірге бөлмейтін: «антиконституциялық» (егер осылай деуге маған рұқсат берілсе) өрлеу дәуірі мен «конституциялық» құлдырау дәуіріне, халықтың бостандықты полициялық (монархиялық) конституционализмсіз жеңіп алып, оны жүзеге асыру дәуіріне және монархиялық «конституция» арқылы халықты езу, халық бостандығын басып-жаншу дәуіріне бөлмейтін енді бірде-бір біршама жөнді тарихшы табыла қоймас.

Енді конституциялық жалған үміттер дәуірі, бірінші және екінші Дума дәуірі[9], көз алдымызда толық суреттелді, сондықтан революцияшыл социал-демократтардың конституциялық жалған үміттерге қарсы *сол кезде* жүргізген күресінің маңызын түсіну қиын да емес. Бірақ *сол кезде,* 1905 жылы және 1906 жылдың басында, буржуазиялық лагерьдегі либералдар да, пролетарлық лагерьдегі меньшевиктер де мұны түсінбеді.

Ал I және II Дума дәуірі барлық мағынада да, барлық жағынан да конституциялық жалған үміттер дәуірі болды. Бұл дәуірде: «Мемлекеттік дума мақұлдамайынша, ешбір заңның күші болмайды» деген салтанатты уәде бұзылған жоқ. Демек, конституция қағаз жүзінде өмір сүрді және Россия кадеттерінің[10] құлдарға тән бүкіл жан дүниесін үнемі елжіретумен болды. Бұл дәуірде Дубасов та, Столыпин де Россия конституциясын іс жүзінде сынға салып, өлшеп-пішіп, байқап көрді, оны ескі самодержавиеге лайықтауга және бейімдеуге тырысты. Олар, Дубасов пен Столыпин мырзалар, осы заманның ең құдіретті адамдары сияқты болып көрінді, олар «жалған үмітті» шындыққа айналдыру жолында барынша еңбектеніп бақты. Жалған үміт сол жалған үміт болып шықты. Революциялық социал-демократия-

ның ұранының дұрыстығын тарих бүтіндей растады. Бірақ «конституцияны» жүзеге асыруды Дубасовтар мен Столыпиндер ғана байқап көрген жоқ, оны кадеттік жағымпаздар ғана дәріптеп, ойран үшін монарх жауапкер емес, бұған оны жауапты деудің өзі өрескелдік болар еді деп малайша жалбарынып дәлелдеуге (бірінші Думадағы Родичев мырза à la) тырысып отырған жоқ. Жоқ. Социал-демократияның ескерткеніне қарамастан халықтың қалың бұқарасы да, күмән жоқ, бұл дәуірдің ішінде азды-көпті әлі де «конституцияға» сенген еді, Думаға сенген еді.

Орыс революциясындағы конституциялық жалған үміттер дәуірін, Батыс Европада бүтін ұлттардың кейде буржуазиялық ұлтшылдықтың, антисемитизмнің, шовинизмнің және т. с. фетишіне елігетіні сияқты, буржуазиялық фетишке дәл сондай жалпы ұлт болып елігу дәуірі еді деуге болады. Социал-демократияның сіңірген еңбегі мынада: буржуазияның алдап-арбауына жалғыз сол ғана түспеді, конституциялық жалған үміттер дәуірінде конституциялық жалған үміттерге қарсы күрес туын әр уақыт асқақтата көтеріп ұстаған жалғыз сол ғана болды.

Енді міне бойкот неліктен конституциялық жалған үміттерге қарсы күресудің өзгеше құралы болды? — деген сұрақ туады.

Бойкоттың бір ерекше белгісі бар, сол белгі бірден және тосыннан қарағанда қай марксисті болса да бойкоттан еріксіз бездіреді. Сайлауға бойкот жариялау парламентаризмнен шеттеп қалу, селқос бас тарту, қалыс қалу, бұлтару сияқты болып көрінеді. Неміс үлгісінен ғана үйренген Парвус 1905 жылдың күзінде қаншама ашулы болса, соншама орынсыз долданып: белсенді бойкот қалай дегенмен *бойкот болғандықтан*... жаман нәрсе деп дәлелдеуге тырысқанда, бойкотқа осылайша қарады. Революциядан дәнеңе үйренбеген және барған сайын либералға айналып бара жатқан Мартов та әлі күнге дейін осылайша қарайды, ол «Товарищте»[11] басылған өзінің соңғы мақаласында тіпті революция-

шыл социал-демократқа лайықты мәселе қоя білмейтіндігін де көрсетті.

Бірақ бойкоттың марксистер үшін, былайша айтқанда, осы анағұрлым сүйкімсіз белгісінің өзін күрестің осындай құралын туғызған заманның ерекшеліктері толық түсіндіріп береді. Монархиялық бірінші Дума, Булыгин Думасы, халықтың назарын революциядан басқа жаққа аударуды көздеген алдап-арбау еді. Алдап-арбау болғанда, конституционализм киімін киген қуыршақ қарақшы еді. Жұрттың бәр-бәрі қармаққа түсіп қалуға бейім болды. Біреулер құлқынқұмарлық таптық мүдделерін көздеп, біреулер жете түсінбегендігінен Булыгин Думасының қуыршақ қарақшысының, содан соң Витте Думасының қуыршақ қарақшысының етегіне жармасуға бейім тұрды. Жұрттың бәрі әуестенді, жұрттың бәрі шынымен сенді. Сайлауға қатысудың өзі әдеттегі азаматтық борыштарды кәдімгідей, жай өтегендік болмады. Сайлауға қатысу монархиялық конституцияны қасиеттеу еді. Ол тікелей-революциялық жолдан монархиялық-конституциялық жолға бет бұру еді.

Мұндай уақытта социал-демократия барынша жігер салып, барынша қыр көрсетіп, өзінің наразылық туын, ескерту туын асқақтата көтеруге *тиіс болды*. Ал мұның мәнісі сайлауға қатысудан бас тарту, өзі бармау және халықты кері шақыру, ескі өкімет құратын мекемелер негізінде жұмыс істеудің *орнына* сол ескі өкіметке шабуыл жасау ұранын көтеру деген сөз еді. «Конституциялық» монархияның буржуазиялық-полициялық фетишіне бүкіл халықтық әуестену пролетариат партиясы ретіндегі социал-демократиядан осы фетишті әшкерелейтін өзінің наразылық көзқарасын дәл осындай бүкіл халықтық етіп «көрсетуді» талап етті, осы фетишизмнің бейнесі болып отырған мекемелердің дүниеге келуіне қарсы бар күшті жұмсап күресуді талап етті.

Булыгин Думасына жасалған, тікелей табыспен аяқталған бойкотты ғана емес, сондай-ақ Витте Думасына жасалған, *тегінде,* сәтсіз аяқталған бойкотты да тарихи толық ақтайтын нәрсе міне осы. Мұның неліктен сәтсіздік *тәрізді* ғана болғаны, біздің революциямызды конституциялық-монархиялық жолға бұруға қарсы өзі-

нің наразылығын социал-демократияның неліктен *ақырына дейін* қорғауға тиісті болғаны енді осыдан көрініп отыр. Бұл бет бұрыс *іс жүзінде тұйыққа* бет бұру болып шықты. Монархиялық конституцияның жалған үміттері ескі өкіметтің бұл «конституцияны» бұзуға қамдануының бастамасы немесе жарнамасы, әшекейі, көз алдауы болып шықты...

Біз «конституцияның» көмегімен бостандықты басып-жаншуға қарсы өзінің наразылығын социал-демократия ақырына дейін қорғауға тиіс болды дедік. Бұл «ақырына дейін» дегеніміздің мәнісі не? Мұның мәнісі: социал-демократтар *қарсы* күресіп келген мекеме социал-демократтардың еркіне *қарамастан* фактіге айналғанға дейін,— революцияның сөзсіз төмен құлдырауы, революцияның сөзсіз жеңілуі болып табылатын *(белгілі уақытқа)* орыс революциясындағы монархиялық-конституциялық бет бұрыс социал-демократияның еркіне қарамастан фактіге айналғанға дейін онымен күресе беру деген сөз. Конституциялық жалған үміттер дәуірі *ымыраға келуге* әрекеттенгендік болды. Біз бұған қарсы бар күшімізді салып күрестік және күресуге тиіс болдық. Біздің II Думаға баруымызға тура келді, біздің еркімізге қарсы, біздің күш салғанымызға қарамастан, біздің күресіміздің жеңілуі есесіне жағдай бізді бұған *душар еткендіктен,* бізге ымыраммен санасуға тура келді. Қай уақытқа дейін санасу керек,— бұл, әлбетте, басқаша мәселе.

Осының бәрінен *III* Думаға бойкот жариялау жөнінде қандай қорытынды шығады? Мүмкін, конституциялық жалған үміттер дәуірінің бастапқы кезінде қажет болған бойкот, осы дәуірдің аяқ кезінде де қажет болар? Мұның өзі байсалды қорытынды болмай, «аналогиялық социология» рухындағы «ақыл ойыны» болып шығар еді. Бойкоттың орыс революциясының бастапқы кезіндегі *болған* мазмұны бойкотта енді *болуы мүмкін емес.* Қазір халықты конституциялық жалған үміттерден сақтандыруға да, революцияның конституциялық-монархиялық тұйыққа бет бұруына қарсы күресуге де болмайды. Бойкотта бұрынғы жан жүйе енді болуы мүмкін емес. Ал егер бойкот бола қалса, ең болмағанда

оның маңызы *басқаша* болады, ол ең болмағанда *басқаша* саяси мазмұнмен толықтырылады.

Ол ол ма. Бойкоттың біз қарап өткен тарихи өзгешелігі III Думаға бойкот жариялауға қарсы бір пікір туғызады. Конституциялық бет бұрыс басталған заманда бүкіл ұлттың назары қайткенде де Думаға ауған еді. Бойкот арқылы біз жұрттың назарының осы тұйыққа қарай аударылуына қарсы күресіп келдік, соған қарсы күресуге тиіс болдық, қараңғылықтың, мешеуліктің, әлсіздіктің немесе арам ниетті контрреволюцияшылдықтың салдары болған еліктеушілікке қарсы күресуге тиіс болдық. Енді жалпы Дума атаулыға немесе III Думаға ешқандай жалпы ұлттық көлемде еліктеу былай тұрсын, тіпті жалпы алғанда айтарлықтай еліктеу туралы да сөз болуы мүмкін емес. Осы жағынан қарағанда енді бойкоттың қажеті де жоқ.

IV

Сонымен, бойкотты қолданудың шарттарын белгілі бір кезеңдегі істің объективті жағдайынан іздеу керек екені күмәнсыз. 1907 жылдың күзі мен 1905 жылдың күзін осы тұрғыдан салыстыра отырып, бізде *қазір* бойкот жариялауға негіз жоқ деген қорытындыға келмей болмайды. Революциялық төте жол мен конституциялық-монархиялық «бұралаң» жолдың арақатысы тұрғысынан қарағанда да, бұқаралық өрлеу тұрғысынан қарағанда да, конституциялық жалған үміттерге қарсы күресудің ерекше міндеті тұрғысынан қарағанда да істің қазіргі жағдайы бұдан екі жыл бұрын болған жағдайдан мүлде өзгеше болып отыр.

Ол кезде тарихтың монархиялық-конституциялық бет бұрысы полициялық уәдеден аспаған еді. Қазір бұл бет бұрыс — факт. Бұл фактіні тура мойындамаудың өзі шындықтан қорқып, күлкіге ұшырағандық болар еді. Ал бұл фактіні мойындаудан орыс революциясы аяқталды деп қорытынды шығару және қате болар еді. Жоқ. Орыс революциясы аяқталды деп қорытындыны шығаруға әлі дерек жоқ. Істің объективті жағдайы революцияның төте жолмен дамуын талап етіп отырғанда,

марксист осындай төте жол үшін күресуге міндетті, бірақ, қайталап айтамыз, мұның мәнісі қазірдің өзінде айқындалып отырған бұралаң бет бұрыспен санаспауымыз керек деген сөз емес. Бұл жағынан орыс революциясының барысы қазір әбден белгілі болып отыр. Революцияның бастапқы кезінде өрлеудің біз қысқа жолын, бірақ орасан кең, бас айналдырарлықтай тез өрлеу жолын көргенбіз. Одан соң біз 1905 жылдың декабрь көтерілісінен былайғы жерде мүлде баяу, үнемі құлдырап төмендеп отырған жолға кез болдық. Әуелі бұқараның тікелей революциялық күресінің дәуірі, одан соң монархиялық-конституциялық бет бұрыс дәуірі болды.

Бұдан, осы соңғы бет бұрыс түпкілікті бет бұрыс болды деген мағына шыға ма? Революция аяқталды, «конституциялық» дәуір туды деген мағына шыға ма? Жаңа өрлеуді күтуге де, оны *әзірлеуге* де негіз жоқ деген мағына шыға ма? Біздің программамыздың республикалық сипатын лақтырып тастау керек деген мағына шыға ма?

Мүлде олай емес. Мұндай қорытындылар шығару өздерінің жағымпаздығы мен жарамсақтығын кез келген дәлелмен ақтауға әзір тұратын біздің кадеттер сияқты, либерал пасықтардың ғана қолынан келеді. Жоқ. Бұл, өзіміздің *бүкіл* программамыз бен өзіміздің *барлық* революциялық көзқарастарымызды бүтіндей қорғай отырып, біз тікелей үндеулерді белгілі бір кезеңдегі істің объективті жағдайына сәйкестендіруіміз керек деген ғана сөз. Революцияның қайткенде де болатындығын уағыздай отырып, тұтанғыш материал қорын барлық жағынан ұдайы және мүлтіксіз даярлай отырып, революциямыздың ең жақсы заманындағы революциялық дәстүрлерді осы мақсаттарға бола мәпелеп сақтап, дәріптеп және либерал арам тамақтардан арылта отырып, біз сонымен бірге кәдуілгі монархиялық-конституциялық бет бұрыста кәдуілгідей жұмыс істей беруден бас тартпаймыз. Бар гәп осында ғана. Біз кең көлемдегі жаңа өрлеуді әзірлеуіміз керек, бірақ өткелді біліп алмай тұрып, бойкот ұранымен киліге беруге ешқандай негіз жоқ.

Біз әлден-ақ айтып өттік, бойкоттың қазіргі кезде Россияда *белсенді* бойкот ретінде ғана қайсы бір мағынасы нақ болуы мүмкін. Мұның мәнісі сайлауға қатысудан селқос шет қалу деген сөз емес, сайлауды тура тегеурін жасау міндетіне бола елемеу, ескермеу деген сөз. Бұл мағынада алғанда бойкот нағыз жігерлі және батыл шабуыл жасауға *үндеумен* сөзсіз барабар болып шығады. Осы тәрізді үндеудің маңызын кемітпестей тап осындай кең және жалпы өрлеу қазіргі сәтте бар ма? Әрине, жоқ.

Тегі, «үндеулер» жайына келетін болсақ, бұл жағынан істің қазіргі жағдайы мен 1905 жылдың күзіндегі жағдайдың арасындағы айырмашылық өте-мөте айқын болып отыр. Ол кезде, жоғарыда өзіміз айтып өткендей, соның алдындағы бүтін бір жыл ішінде бұқара үн қоспай қалған үндеулер болған емес. Бұқаралық шабуылдың пәрменділігі ұйымдардың үндеулерінің алдын орап отырды. Қазір біз революцияның мынадай толастаған дәуірінде, *бірқатар шақыруларға бұқара* үнемі *үн қоспаған* дәуірінде тұрмыз. Витте Думасын құртуға шақырғанда (1906 жылдың басында), бірінші Дума таратылғаннан кейін көтеріліске шақырғанда (1906 жылдың жазында), екінші Думаны таратуға және 1907 жылғы 3 июньдегі мемлекеттік төңкеріске жауап ретінде *күреске шақырғанда* нақ осындай болды. Біздің Орталық Комитеттің бұл соңғы уақиғалар жөніндегі листогын алып қараңыздар[12]. Сіздер бұл листокта жергілікті жағдайларға қарай қолдануға болатын күрес формасын (демонстрациялар, стачкалар, абсолютизмнің қарулы күшіне қарсы ашық күреске шығу) пайдаланып күреске шығуға тура шақыру бар екендігін көресіздер. Бұл сөз жүзіндегі шақыру еді. 1907 жылғы июньде Киевте және Қара теңіз флотында болған әскери көтерілістер қимыл арқылы шақыру болды. Бұл шақырулардың ешқайсысына да бұқара ешбір үн қоспады. Егер реакцияның революцияға шабуылының барынша айқын және тура көрінісі — екі Думаның таратылуы мен мемлекеттік төңкеріс — қазіргі уақытта өрлеу туғызбай отырған болса, онда бойкот жариялау формасындағы шақыруды дереу қайталауға негіз бар ма? Істің объективті жағ-

дайы мынадай екендігі: мұндайда «ұран көтеру» құр босқа даурығу болып шығуға ұшырататыны түсінікті емес пе? Күрес жүріп, кеңейіп, ұлғайып, барлық жақтан төніп келе жатқан кезде,— мұндай кезде «ұран көтеру» заңды да, қажетті де, мұндай кезде айбынды ұран тастау — революцияшыл пролетариаттың міндеті. Бірақ бұл күресті ойдан шығарудың да, оны жалаң ғана ұран салумен туғызудың да керегі жоқ. Ал неғұрлым ерекше жағдайларда өзіміз сынап көрген көптеген айбынды ұрандар нәтижесіз болып шықса, онда біз, әрине, ұран «көтеру» үшін елеулі бір негіз қарастыруымыз керек және ондай ұранның айбынды үндеулердің жүзеге асырылуы жағдайларынан тыс ешбір мағынасы болмауға тиіс.

Кімде-кім бойкот жариялау ұранының дұрыстығына *социал-демократиялық* пролетариаттың көзін жеткізгісі келсе, ол адам кезінде ұлы, даңқты революциялық роль атқарған сөздердің жалаң дыбыс әуеніне ғана еліктеп кетпеуге тиіс. Ол адам мұндай ұранның қолданыларлық объективті жағдайларын ойланып, ұран тастаудың мәнісі кең көлемді, жаппай, күшті, тез етек алған революциялық өрлеудің жағдайлары жанамалап болса да бар деп жорамалдау керек екендігін түсінуге тиіс. Бірақ біз бастан кешіріп отырғандай заманда, революция уақытша толастап қалған заманда, мұндай жағдайды жанама түрде ешбір жорамалдауға болмайды. Мұны әркім өзі тура, дәлме-дәл түсініп, анықтап білу керек және бүкіл жұмысшы табына анықтап түсіндіріп беруі керек. Әйтпесе, аталы сөздер айтатын, өзі сол сөздердің шын маңызын түсінбейтін немесе затты ешбір жалтақсыз тура өз атымен атауға батылы бармайтын адамның халіне ұшырайсың.

V

Бойкот орыс революциясының оқиғаға мейлінше кенелген, нағыз ерлік дәуірінің ең жақсы революциялық дәстүрлерінің біріне жатады. Біздің міндеттеріміздің бірі — осы дәстүрлерді тегінде мұқият сақтау, соларды дәріптеп, либерал (және оппортунист) арамтамақтардан

арылту деп біз жоғарыда айтып өттік. Бұл міндеттің мәнін дұрыс анықтау үшін және бұл жөнінде болуы әбден ықтимал теріс қақпай түсіндірушілік пен ұғыныспаушылықты жою үшін, бұл міндетті талдап шығу жағына біраз тоқталып өту қажет.

Марксизмнің барлық өзге социалистік теориялардан айырмашылығы мынада: марксизм істің объективті жағдайына және эволюцияның объективті барысына талдау жасағанда ғылыми жағынан толық байыбына жете талдау жасауды бұқараның,—сондай-ақ, әрине, белгілі бір таптармен байланыс жасауды барлап сезе білетін, іс жүзіне асыра білетін жеке адамдардың, топтардың, ұйымдардың, партиялардың да,— революциялық жігерінің, революциялық творчествосының, революциялық инициативасының маңызын батыл мойындаумен тамаша ұштастырып отырады. Адамзаттың дамуындағы революциялық дәуірлерді жоғары бағалаушылық Маркстің тарихи көзқарастарының бүкіл жиынтығынан келіп туады: бейбіт даму дәуірі деп аталатын дәуірлерде баяу қорланып отыратын сансыз көп қайшылықтар нақ осындай дәуірлерде шешіледі. Әлеуметтік өмірдің формаларын анықтауда түрлі таптардың атқаратын тікелей ролі нақ осындай дәуірлерде барынша күшейіп айқын көрінеді, саяси «қондырманың» негіздері жасалады, бұдан соң осы саяси «қондырма» жаңарған өндірістік қатынастар базисінде ұзақ дәурен сүреді. Сонымен, либерал буржуазияның теоретиктерінен өзгеше, Маркс нақ осындай дәуірлерді «қалыпты» жолдан тайғандық емес, «әлеуметтік дерттің» көрінісі емес, ушқарылық пен қателіктердің қайғылы нәтижелері емес, қайта адамзат қоғамдарының тарихындағы нағыз өміршең, нағыз маңызды, нағыз мәнді, шешуші кезеңдер деп білді. Маркс пен Энгельстің 1848—1849 жылдардағы бұқаралық революциялық күреске қатынасқан дәуірі бұлардың қызметіндегі ең басты кезең болып дараланып көрінеді. Түрліше елдердің жұмысшы қозғалысы мен демократиясының тағдырларын анықтағанда олар осы кезеңге сүйенеді. Түрліше таптардың ішкі жаратылысы мен олардың тенденцияларын барынша айқын, кіршіксіз таза күйінде анықтау үшін олар әрдайым осы

кезеңге қайта оралып отырады. Бұлар тым кейінiректегi болған, неғұрлым ұсақ, саяси құрылымдарды, ұйымдарды, саяси мiндеттердi және саяси жанжалдарды әрдайым сол уақыттағы революциялық заман тұрғысынан бағалайды. Либерализмнiң Зомбарт тәрiздi көсемдерi Маркстiң қызметi мен әдеби шығармаларындағы осы қасиетiн жан-тәнiмен жек көрiп, бұл қасиеттi «эмиганттың ызалылығынан» дегенге жатқызып жүргенi тегiн емес. Ал шынында мұның өзi — Маркс пен Энгельстiң бүкiл революциялық дүние танымының ең бiте қайнасқан құрамдас бөлiмiн жеке ызаланушылыққа, эмиганттық халдiң жеке ауыртпалығына апарып телу тек полициялық-буржуазиялық университеттiк ғылымның дәрменсiз бейшараларына ғана тән нәрсе!

Маркс өзiнiң хаттарының бiрiнде, сiрә Кугельманға жазған хатында болса керек, өзiмiз шұғылданып отырған мәселенiң тұрғысынан қарағанда аса бiр ерекше және өте-мөте қызық ескертпе жасап өтедi. Онда Маркс: Германияда реакция 1848 жылғы революциялық заманнан есте қалғандарды және сол заманның дәстүрлерiн халықтың санасынан мүлде дерлiк кетiрiп болғанын ескертедi[13]. Бұл арада осы елдiң революциялық дәстүрлерi жөнiнде реакцияның мiндеттерi мен пролетариат партиясының мiндеттерi айқын салыстырылады. Реакцияның мiндетi — бұл дәстүрлердi мүлде жоқ қылу, революцияны «есуастық стихиясы» деп көрсету — немiстiң «das tolle Jahr» деген сөздерiн Струвенiң аударғаны («есуас жыл» — 1848 жыл туралы немiстiң полициялық-буржуазияшыл тарихшыларының, тiптi одан да зор: немiстiң профессорлық-университеттiк тарихнамасының қолданған сөзi). Реакцияның мiндетi — революциялық заман соншама көп, соншама түрлендiрiп туғызған күрес формаларын, ұйым формаларын, идеяларды, ұрандарды халыққа мүлдем ұмыттыру. Ағылшын мещандарының топас мадақтаушылары, Вебблер, чартизмдi, ағылшын жұмысшы қозғалысының революциялық заманын, құр әншейiн балалық, «жастықтың күнәсы», онша назар аударуға татымайтын аңғалдық жасағандық, кездейсоқ және жөнсiз ауытқушылық деп көрсетуге тырысатын болса, сол сияқты немiстiң бур-

жуазияшыл тарихшылары да Германиядағы 1848 жылды нақ солай кемсітіп жүр. Реакцияның Ұлы француз революциясына көзқарасы да дәл осындай; бұл революция өзінің өміршеңдігін және адамзатқа өз ықпалының күшін осы уақытқа дейін дәлелдеп келеді, жаудың барып тұрған өшпенділігін осы уақытқа дейін туғызып келеді. Сол сияқты біздегі контрреволюция сабаздары да, әсіресе кешегі «демократтардан» шыққан Струве, Милюков, Кизеветтер сияқты және tutti quanti* орыс революциясының революциялық дәстүрлеріне зұлымдықпен тіл тигізуде бір-бірімен жарысып жүр. Пролетариаттың тікелей бұқаралық күресі азын-аулақ бостандықты жеңіп алғаннан бері, ескі өкіметтің либерал құлдарының таңырқап отырған бостандығы жеңіп алынғаннан бері, тым болмаса екі жыл да өткен жоқ,— ал біздің публицистік әдебиетімізде өзін *либералдық* (!!) деп атайтын, кадеттік баспасөзде дәріптеліп жүрген орасан зор ағым әлден-ақ пайда болды, бұл ағым біздің революцияны, күрестің революциялық тәсілдерін, революциялық ұрандарды, революциялық дәстүрлерді түгелімен арсыз, жеңіл-желпі, аңғырт, стихиялық, есуастық, т. с. ...бірдеңе деп көрсетуге, қылмысқа балап теңеуге арналған... Милюковтан бастап Камышанскийге дейін il n' y a qu'un pas**! Ал мұның керісінше, халықты алғашында жұмысшы, шаруа депутаттары Советтерінен дубасовтық-столыпиндік Думаға айдап апарып, енді оны октябристік Думаға айдап апарып отырған реакцияның табыстарын, нақ осы табыстарды орыс либерализмінің сабаздары «Россияда *конституциялық* сананың өсу процесі» деп суреттейді.

Орыс социал-демократиясына, күмән жоқ, біздің революцияны мейлінше құнттап, барлық жағынан бірдей зерттеп білу міндеті, оның күрес формаларымен, ұйымдарының формаларымен, т. б. жұртты таныстыруды бұқара арасында тарату міндеті, халық арасында революциялық дәстүрлерді нығайту міндеті жүктеледі, біршама елеулі, біршама тиянақты жақсартуларға бірден-бір, тек қана революциялық күрес арқылы жетуге болаты-

* — соларға ұқсастардың бәрі. *Ред.*
** — болғаны бір-ақ адым. *Ред.*

нына бұқараның көзін әбден жеткізу міндеті; «конституциялық» жарамсақтықтың, опасыздық пен молчалиншілдіктің мерездерін қоғамдық ортаға жұқтырып отырған менменсінген либералдардың бүкіл арсыздығын үздіксіз әшкерелеу міндеті жүктеледі. Кадеттердің Думада жауапсыз монарх пен монархиялық-конституциялық құрылыс жайында ай бойы сөйлеген жарамсақтық сөздерінен гөрі октябрь стачкасының немесе декабрь көтерілісінің бір күнінің өзі бостандық жолындағы күрес тарихында жүз есе артық маңызды болды және маңызды болмақшы да. Толық қанды өміршең, мазмұны бай және өзінің мәні мен өзінің нәтижелері жағынан ұлан-асыр бұл күндерді халық «конституциялық» тұншықтыру мен балалайкиндік-молчалиндік жетіп үлгіру айларынан гөрі анағұрлым толығырақ, егжей-тегжейіне дейін, жақсылап білуі керек, осыны ойластыруға тиіспіз және де мұны бізден басқа ойластыратын ешкім жоқ; Столыпин мен оның цензуралық-жандармдық нөкерлерінің қамқорлық жаба-тоқушылығымен біздегі партиялық-либералдық және бейпартиялық-«демократиялық» (тіфу! тіфу!) баспасөз органдары «конституциялық» тұншықтыру мен балалайкиндік-молчалиндік жетіп үлгірушіліктің әлгі айлары жөнінде бар ынтасымен жар салуда.

Күмән жоқ, көп адамдардың бойкот жариялауды ұнатуы бұрынғы өткен ең жақсы революциялық шақтың дәстүрін қолдауды көздеген, қазіргі сұрқай заманның адам көргісіз лайсаң күйін батыл, ашық, үзілді-кесілді күрестің жалынды отымен жандандыруды көздеген революционерлердің барлық жағынан құрметтеуге лайықты дәл осы ынтасынан туып отыр. Міне, революциялық дәстүрлерге ұқыпты қараудың бізге қымбат болғандығынан да, біз айрықша бір тарихи заманның ұрандарының ішінен бірін қолдану сол заманның келелі жағдайларының қайта тууына себеп болады деген көзқарасқа үзілді-кесілді қарсы шығуымыз керек. Революцияның дәстүрлерін сақтау, бұл дәстүрлерді үздіксіз насихат және үгіт жүргізуге, ескі қоғамға қарсы жүргізілген тікелей, айбынды күрестің жағдайларымен бұқараны таныстыруға пайдалана білу бір басқа, ал

ұрандардың бірін қайталау, қайталағанда өзін тудырып отырған, өзін табысқа жеткізіп отырған жағдайлардың жиынтығынан бөлініп алынған ұрандардың бірін қайталау, оны мүлдем өзгеше жағдайға қолдану бір басқа.

Революциялық дәстүрлерді соншалық жоғары бағалаған және бұл дәстүрлерге ренегаттық немесе филистерлік көзқарасты қатты түйреген Маркстің өзі сонымен қатар революционерлерден белгілі ұрандарды құр әншейін қайталамай, күрестің ескі тәсілдерін қолданудың шарттарын *ой елегінен* өткізе білуді, оларға *талдау жасай* білуді талап етті. Франциядағы 1792 жылдың «ұлттық» дәстүрлері күрестің белгілі революциялық тәсілдері болып сақталып қалады, қалғанда, сірә, әрқашан да *үлгісі* болып қалады, бірақ мұның өзі Маркстің 1870 жылы, Интернационалдың атақты «Адресінде» бұл дәстүрлерді өзге заманның жағдайларына қателесіп қолдана салушылықтан француз пролетариатын сақтандыруына бөгет жасаған жоқ[14].

Бізде де дәл осылай. Біз бойкотты қолданудың шарттарын зерттеп білуіміз керек, біз бойкоттың кейде революциялық өрлеу кезеңдерінде толық заңды және қажетті тәсіл екендігі туралы идеяны (Маркстің атына босқа жармасып жүрген педанттар не десе, о десін) бұқара арасына жаюымыз керек. Бірақ осы өрлеу, бойкот жариялаудың осы негізгі шарты біздің көз алдымызда бар ма,— бұл мәселені де дербес қоя білу керек және оны бар деректерге елеулі талдау жасау арқылы шешу керек. Біздің парызымыз — осындай өрлеудің тууып әзірлеу, өйткені мұның тағдыры өз қолымызда, және тиісті кезінде бойкотты қолданудан бас тартпау; бірақ бойкот жариялау ұранын тегінде нашар немесе тіптен нашар өкілдік мекеме атаулының бәріне бірдей қолдануға болады деп есептеу сөзсіз қателескендік болар еді.

«Бостандық күндеріндегі» бойкот жариялауды қорғаған, дәлелдеген себептерді алып қараңыздаршы, сонда сіздер істің қазіргі кездегі жағдайларына мұндай дәлелдерді жай қолдана салудың мүмкін еместігін бірден көресіздер.

1905 жылы және 1906 жылдың басында бойкот жариялауды жақтаған кезімізде біз: сайлауға қатысу пиғылды

босаңсытады, позицияны дұшпанның қолына береді, революцияшыл халықты адастырады, патша өкіметінің контрреволюциялық буржуазиямен келісім жасасуын, т. б. жеңілдетеді деген болатынбыз. Әрдайым айтыла бермейтін, бірақ әрдайым ойда жүретін, *сол кездердегі* жағдайға қарай өзінен-өзі түсінікті болып көрінетін мұндай дәлелдердің негізгі алғы шарты қандай еді? Бұл алғы шарт — өзіне «конституциялық» жолдар атаулыдан басқа, *тікелей* құтылу амалдарын іздеген және іздеп тапқан бұқараның өте бай революциялық жігері. Бұл алғы шарт — революцияның реакцияға үздіксіз *шабуыл* жасағаны, ал жаудың жалпы тегеурінді әлсірету ниетімен әдейі беріп отырған позициясына орналасу және оны қорғану арқылы осы шабуылды әлсіретіп алу қылмыс болар еді. Бұл дәлелдерді осы негізгі алғы шарттың жағдайларынан *тысқары* алып қайталап көріңіздерші,— сонда сіздер бүкіл «күйіңіздің» лағып кеткенін, негізгі сазының келіспей тұрғанын бірден сезесіздер.

Бойкот жариялауды екінші Дума мен үшінші Думаның арасындағы айырмашылықпен ақтауға әрекет жасау да негізсіз болар еді. Кадеттер (екінші Думада халықты біржолата қаражүздіктердің қолына берушілер) мен октябристердің[15] арасындағы айырмашылықты елеулі және түбірлі айырмашылық деп санау, 3 июньдегі мемлекеттік төңкеріс тоқтатып тастаған атышулы «конституцияға» пәлендей нақты маңыз беріп жату,— мұның бәрі тегінде революциялық социал-демократияның рухынан гөрі, тұрпайы демократизмнің рухына анағұрлым көбірек сәйкес келеді. I және II Думаның «конституциясы» деген тек елес қана, кадеттердің мылжыңы өздерінің октябристік мәнін бүркемелеу үшін қолданған көз алдау ғана, Дума — пролетариат пен шаруалардың талаптарын қанағаттандыруға мүлде жарамсыз құрал деп біз әрдайым айтып, түсіндіріп, қайталап келдік. Біз үшін 1907 жылғы 3 июнь — 1905 жылғы декабрьдегі жеңілістің табиғи, сөзсіз нәтижесі. Біз «Дума» конституциясының тамашасына еш уақытта да «сүйсінген» емеспіз, бояма және родичевтік сылдыр сөзге малынған реакциядан жалаң, ашық, дөрекі реакция-

га көшу де бізді оншама түңілдіре алмайды. Қайта реакцияның осы түрінің әр алуан көргенсіз либерал ақымақтарды немесе солар адастырып отырған халық топтарын сергіту үшін жақсырақ құрал болуы мүмкін...

Мемлекеттік дума туралы Стокгольмде қабылданған меньшевиктік қарар мен Лондонда қабылданған большевиктік қарарды салыстырып көріңіздер. Сонда сіздер, біріншісінің — көпірме, құрғақ сөзді келетінін, Думаның маңызы туралы даурықпа сөздерге лық толы екенін, Дума жұмысының ұлылығы туралы сезім кернеп тұрғанын көресіздер. Екіншісі — қарапайым, ықшам, байсалды, сыпайы келеді. Бірінші қарар социал-демократияны конституционализммен («халық ортасынан шыққан жаңа өкіметпен», тағысын-тағы сондайлармен деген баяғы сол үстірт жалғандық рухында) некесін қиып қосу жөнінде мещандарша масайрау рухында жазылған. Екінші қарар шамамен мына түрде айтылып берілуі мүмкін: егер қарғыс атқан контрреволюция бізді осындай оңбаған қораға қуып кіргізген болса, ешбір қынжылмай, сонымен қатар мақтанбай, революцияның пайдасы үшін сол жерде де жұмыс істей береміз.

Думаны бойкот жариялаудан тікелей революциялық күрес дәуірінің өзінде-ақ қорғай отырып, меньшевиктер Дума революцияның құралы сияқты бір нәрсе болады деп, былайша айтқанда, халық алдында уәде берген болатын. Бірақ олар бұл уәдесінен тайып кетіп, масқара болды. Ал біз, большевиктер, бірдеңе деп уәде бергендей болсақ, онда Дума — контрреволюция тудырған қоңырсық, сондықтан одан пәлендей қайырым күтуге болмайды деп жұртты сендіруге ғана уәделесіп отырдық. Біздің көзқарасымыз күні бүгінге дейін тамаша расталып келді, оны келешек оқиғалар тағы да растайды деп кепілдік беруге болады. Жаңа деректер негізінде октябрь-декабрь стратегиясын «түзеп», қайталамайынша, Русьте бостандық болмақшы емес.

Сондықтан маған: III Думаны екінші Дума іспетті пайдалануға болмайды, оған қатысу қажеттігін бұқараға түсіндіруге болмайды, деп айтатындарға менің мынадай жауап бергім келеді: егер «пайдалану» дегенді революция құралы, т. т. деген тәрізді меньшевиктік-кө-

пірме бірдеме деп түсінсеңіздер, онда, әрине, пайдалануға болмайды. Ал бірақ алғашқы екі Дума да іс жүзінде тек октябристік Думаға қарай көтерілген баспалдақ қана болып шықты ғой, ал солай бола тұрса да біз оларды қарапайым және шамалы* мақсат (насихат және үгіт, болып жатқан оқиғаны сынау және оны бұқараға түсіндіру) үшін пайдаландық, бұған біз ең оңбаған өкілдік мекемелерді әрқашан пайдалана аламыз. Думада сөз сөйлеу ешқандай «революция» туғызбайды, *Думаға байланысты* жүргізілетін насихаттың да ешқандай ерекше қасиеті жоқ, бірақ социал-демократия мұның бірішісінен де, екіншісінен де қайсыбір басылып шыққан немесе басқадай бір жиналыста сөйленген сөзден гөрі аз пайда келтірмейді, қайта кейде одан көбірек пайда келтіреді.

Сондықтан біздің октябристік Думаға қатысатындығымызды да бұқараға осылайша қарапайым түрде түсіндіруіміз керек. 1905 жылғы декабрьдегі жеңілістің салдарынан және осы жеңілісті «түзетуді» көздеген 1906—1907 жылдардағы әрекеттердің сәтсіздікке ұшырауының салдарынан, реакция бізді сөзсіз ең барып тұрған нашар quasi-конституциялық мекемелерге айдап апарды және *бұдан былай да* ұдайы соған *айдап апарып отырады*. Ескі өкімет әзірше жасап тұрғанда, ол түп тамырымен әлі жұлынбай тұрғанда, одан қайыр күтуге болмайды дегенді әрдайым қайталап айта отырып, біз әрқашан да және барлық жерде өзіміздің сенімімізді қоргаймыз және өзіміздің көзқарасымызды жүргіземіз. Жаңа өрлеудің жағдайларын даярлай береміз, ал жаңа өрлеу туғанға дейін және оны туғызу үшін өрлеу жағдайында ғана мәні бар ұрандарды әзірше көтермей-ақ неғұрлым қажырлылықпен жұмыс істей беру керек.

Бойкот жариялауға пролетариат пен революциялық буржуазиялық демократияның бір бөлегін реакциямен

---

* 1905 ж. «Пролетарийдегі» (женевалық)[16] Булыгин Думасына бойкот жариялау туралы мақаланы салыстыр: онда жалпы алғанда біз мұны пайдаланудан бас тартпаймыз, бірақ *қазір* біздің алдымызға қойылып отырған басқа міндетті: тікелей революциялық жол үшін күресу міндетін шешеміз деп көрсетілген. Сондай-ақ 1906 жылы «Пролетарийдің»[17] (орыс) 1-нөміріндегі «Бойкот туралы» мақаланы салыстыр, мұнда думалық жұмыстың келтіретін *кіші-гірім* мөлшердегі пайдасы баса көрсетілген. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 176—185-беттер; 13-том, 373—382-беттер. *Ред.)*

бірлесіп отырған либерализмге қарама-қарсы қоятын *тактикалық жол* деп қараушылық та теріс болар еді. Бойкот — тактикалық бағыт емес, қайта күрестің ерекше жағдайларда қолдануға жарамды ерекше бір құралы. Большевизмді «жауынгерлікпен» шатастыру қандай қателік болса, большевизмді «бойкотизммен» шатастыру да сондай қателік болады. Меньшевиктер мен большевиктердің *тактикалық бағытының* айырмашылығы қазірдің өзінде-ақ толық анықталды және 1905 жылдың көктемінде большевиктердің Лондонда болған III съезі мен меньшевиктердің Женевада болған конференциясы кезінде қабылданған принцип жағынан түрліше қарарлар болып біржола қалыптасты. Ол кезде бойкот туралы да, «жауынгерлік» туралы да ешқандай сөз болған жоқ және болуы да мүмкін емес еді. Ал өзіміз бойкотист болмаған екінші Дума сайлауында да, II Думада да біздің ұстаған *тактикалық бағытымыз* меньшевиктердің ұстаған тактикалық бағытынан мүлдем басқаша болды, бұл жұрттың бәріне және әркімге мәлім. *Тактикалық бағыттар* күрестің барлық тәсілдері мен әдістерінде, күрестің әрбір майданында кереғар болып, әлендей бір арнаулы, белгілі бір бағытқа тән күрес тәсілдерін әсте туғызбай келеді. Ал егер III Думаға бойкот жариялау *бірінші немесе екінші Думадан күтілген революциялық* үміттердің күйреуімен, «заңды», «күшті», «берік» және «ақиқат» конституцияның күйреуімен ақталса немесе содан туса, онда мұның өзі меньшевизмнің ең жаман түрі болар еді.

VI

Біз бойкот жариялауды жақтайтын неғұрлым күшті және бірден-бір маркстік дәлелдерді қарап шығуды ең соңына қалдырдық. Кең өріс алған революциялық өрлеуден тысқары жерде белсенді бойкоттың мәні болмайды. Осылай-ақ болсын. Ал бірақ кең өрлеу тар өрлеуден шығып дамиды. Біршама өрлеудің белгілері осы күннің өзінде-ақ көрініп отыр. Бойкот жариялау ұранын біз ұсынуымыз керек, өйткені бұл ұрап басталып келе жатқан өрлеуді қолдайды, дамытып, кеңейте түседі.

Менің пікірімше, социал-демократиялық топтар арасында бойкот жариялауға бейімділікті азды-көпті айқын формада анықтайтын *негізгі* дәлел осындай. Ал мұның өзінде тікелей пролетарлық жұмысқа бәрінен жақын тұратын жолдастар белгілі тип бойынша «құрылған» дәлелге сүйенбейді, қайта өздерінің жұмысшы бұқарасымен араласуынан алып жүрген әсерлерінің кейбір жиынтығына сүйенеді.

Социал-демократияның екі фракциясының арасында пікір алалығы болмаған немесе осы уақытқа дейін, сірә, пікір алалығын туғызбаған азын-аулақ мәселелердің бірі, бұл — біздің революцияның дамуындағы ұзақ толастаудың себебі туралы мәселе. «Пролетариат есін жия алмады»,— бұл себеп міне осындай. Шындығында да, октябрь-декабрь күресінің салмағы бүтіндей дерлік *жалғыз* пролетариатқа түсті. Бүкіл ұлт үшін жалғыз пролетариат қана ұдайы, ұйымдасқан түрде, үздіксіз күресіп келді. Пролетар халқының (европалық масштабпен алғанда) процент мөлшері тым аз елде пролетариаттың мұндай күресте өлшеусіз титықтап қалуы таңданарлық емес. Ал мұның үстіне үкімет пен буржуазия реакциясының біріккен күштері декабрьден соң тура пролетариатқа бас салды және содан бері қарай үздіксіз бас салып келеді. Полициялық қудалаулар мен атыпасу бір жарым жыл бойы пролетариатты талқандаумен болды, ал «жазалап» қазыналық заводтарды жабудан бастап, аяғы капиталистердің жұмысшыларға қарсы заговор жасауына дейін барған үздіксіз локауттар жұмысшылар бұқарасының мұқтаждығын құлақ естіп, көз көрмеген мөлшерге жеткізді. Ал енді міне, деседі кейбір социал-демократ қызметкерлер, бұқара арасында пиғыл оңдалып, пролетариаттың күш жинау белгілері байқалып келеді. Әбден айқын емес және жете есте қала коймайтын бұл әсер анағұрлым күштірек дәлелмен толықтырылып отыр: өнеркәсіптің кейбір салаларында істің сөзсіз жанданғаны аңғарылады. Жұмысшыларды керексінудің арта түскені стачкалық қозғалысты күшейтпей қоймауға тиіс. Жазалау заманы мен локауттар заманында өздері ұшыраған орасан зор шығындарының ең болмағанда біразының орнын толтыруға жұмысшылар

әрекет жасауы керек. Ақырында, үшінші, анағұрлым күшті дәлел мынау: проблемалық және жалпы күткен стачкалық қозғалысты көрсетпей, жұмысшы ұйымдарының қазірдің өзінде-ақ тағайындап қойған ең бір зор стачкасын көрсету. 10 000 тоқымашы жұмысшының өкілдері 1907 жылдың бас кезінде-ақ өздерінің хал-жағдайын талқылап, өнеркәсіптің осы саласындағы кәсіптік одақтарды күшейту шараларын белгіледі. Ал 20 000 жұмысшының өкілдері екінші рет жиналып, 1907 жылдың июлінде тоқымашы жұмысшылардың *жаппай ереуілі* жариялансын деп қаулы шығарды. Бұл қозғалыс турадан-тура 400 000-дай жұмысшыны қамти алады. Қозғалыс Москва облысынан, яғни Россиядағы жұмысшы қозғалысының ең ірі орталығынан, ең ірі сауда-өнеркәсіп орталығынан тарап отыр. Бұқаралық жұмысшы қозғалысы нақ бәрінен бұрын Москвада және тек қана Москвада шешуші саяси маңызы бар кең көлемді халық қозғалысы сипатына ие бола алады. Ал тоқымашы жұмысшылар жалпы жұмысшы бұқарасының ішіндегі ақыны ең жарытымсыз алатын, ой-өрісі тым төмен, бұдан бұрынғы қозғалыстарға барлығынан пашарлау қатысқан, шаруалармен барлығынан гөрі тығызырақ байланысты элементі болып табылады. Мұндай жұмысшылардың инициативасы қозғалыс пролетариаттың бұрынғыдан әлдеқайда қалың тобын қамти алатындығын байқата алады. Ал стачкалық қозғалыстың бұқара арасындағы революциялық өрлеумен байланыстылығы орыс революциясының тарихында көптен-ақ әлденеше рет байқалған болатын.

Социал-демократияның тікелей міндеті — нақ осы қозғалысқа аса зор көңіл аударып, төтенше күш-жігер салып отыру. Октябристік Думаны сайлау жұмысымен салыстырғанда дәл осы саладағы жұмыстың сөзсіз бірінші дәрежелі маңызы болуы тиіс. Бұл стачкалық қозғалысты самодержавиеге жасалатын жаппай, кең көлемді тегеурінге айналдыру қажеттігіне бұқараның көзін жеткізу керек. Бойкот жариялау ұранының мәнісі де назарды Думадан тікелей бұқаралық күреске аудару. Бойкот жариялау ұранының мәнісі де жаңа қозғалысты саяси, революциялық мазмұнмен нәрлендіру.

III Думаға бойкот жариялау қажеттігіне кейбір социал-демократтардың көзін жеткізетін пікірдің аяқ алысы шамамен осындай. Бұл — бойкот жариялау жағындағы дәлел, күмән жоқ, маркстік дәлел және ерекше тарихи жағдайлардың түйінінен әншейін алына салған ұранды жалаң қайталаушылықпен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын дәлел.

Бірақ бұл дәлел қаншалықты күшті болғанымен ол қалай дегенменде, менің ойымша, бойкот жариялау ұранын *дәл қазір* қабылдауға бізді көндіре қоюға әлі де болса жеткіліксіз. Бұл дәлел революциямыздың берген сабақтарын ойластыра білген орыс социал-демократы үшін тегінде күмән туғызбайтын нәрсені баса көрсетеді, атап айтқанда: біз бойкот жариялаудан безе алмаймыз, бұл ұранды қолайлы кезеңде ұсына білуге біздің даяр болуымыз керек, бойкот туралы біздің мәселе қойысымыз бен либералша, филистерлік-бейшараларша және революциялық мазмұн атаулыдан жұрдай ғып: жалтарамыз ба әлде жалтармаймыз ба? * деп мәселе қоюдың үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

Жұмысшылардың пиғылының өзгергендігі туралы, өнеркәсіптің жанданғаны туралы және тоқымашылардың июльдегі ереуілі туралы социал-демократияның бойкот жариялауды жақтаушыларының айтып жүргендерінің барлығы дәлелді және шындыққа толық сәйкеседі делік.

Осының бәрінен келіп не шығады? Біз революциялық маңызы бар кейбір ішінара өрлеудің басталғанын көріп отырмыз**. Біз мұны жалпы революциялық өрлеуге, ал одан соң шабуыл жасау типіндегі қозға-

---

* Социал-демократиялық басылымдардың бұрынғы қызметкері, қазір либерал газеттердің қызметкері Л. Мартовтың *либералшыл* пікірлерінің үлгісін «Товарищтен» қараңыз.

** Тоқымашылар ереуілі кәсіптік қозғалысты революциялық қозғалыстан оқшаулайтын жаңа типті қозғалыс болып табылады деген пікір бар. Бірақ біз бұл көзқарастан аулақ жүреміз, өйткені, 1-ден, күрделі типті құбылыстардың барлық белгілерін торығушылық жағына бейімдеп түсіндіру деген тегінде қауіпті келетін тәсіл болады, бұл тәсіл «ерде» оншама «нық» отырмаған бірқатар социал-демократтарды екінің бірінде теріс бақтырып келді, 2-ден, егер тоқымашылар ереуілінде жоғарыда көрсетілген белгілер болса, онда біздер, социал-демократтар, сол белгілерге қарсы бар күшімізді салып сөзсіз күресуге тиіс болар едік. Демек, біздің күресіміз жеңіп шыққан ретте, мәселе біздің қазіргі қойып отырғанымыздай болып шығар еді.

лысқа айналдыруды көздеп, оны қолдауға, дамытуға бар күшімізді салуға міндеттіміз бе? Сөз жоқ, міндеттіміз. Бұл жөнінде социал-демократтардың арасында («Товарищте» қызметтес болып жүргендер арасында болмаса) екі түрлі пікір болуы мүмкін емес. Бірақ дәл *қазіргі сәтте,* осы ішінара өрлеудің әу басында, ол жалпы өрлеуге біржолата көшкенше, қозғалысты дамыту үшін бойкот жариялау ұраны керек пе? Бұл ұран қазіргі қозғалысты дамытуға көмегін тигізе ме? Бұл басқа сұрақ, сондықтан бұл сұраққа, меніңше, көмегін тигізе алмайды деп жауап беруге тура келеді.

Ішінара өрлеуден жалпы өрлеуді дамытуға болады және III Думаға қатынассыз-ақ, тура, тікелей дәлелдер мен ұрандар арқылы дамыту керек. Декабрьден кейінгі оқиғалардың бүкіл аяқ алысы социал-демократияның монархиялық конституцияның ролі, тікелей күрес жүргізудің қажеттілігі жөніндегі көзқарасының дұрыстығын бастан-аяқ дәлелдейді. Азаматтар! егер сіздер Россияда демократия ісі 1905 жылғы декабрьден кейінгідегідей, кадет мырзалардың демократиялық қозғалысқа гегемондығы кезіндегідей, үздіксіз, күннен-күнге төмен құлдилай бермесін десеңіздер, егер сіздер осыны тілемесеңіздер,— онда жұмысшы қозғалысының басталып келе жатқан өрлеуін қолдаңыздар, тікелей бұқаралық күресті қолдаңыздар демекпіз. Русьте мұнысыз бостандыққа жету кепілі жоқ, болуы да мүмкін емес.

Осы типтегі үгіт, күмән жоқ, толық дәйекті революциялық социал-демократиялық үгіт болады. Бұған: азаматтар, III Думаға сенбеңдер, өз наразылығымызды дәлелдеу үшін Думаға бойкот жариялап отырған бізлерге, социал-демократтарға, қараңыздар! дегенді қоса айту шарт па?

Қазіргі кездегі жағдайларда мұндай қосымшаның қажет еместігі былай тұрсын, ол құлаққа тіпті тым ерсі, келемеж сияқты болып естіледі. Шынында III Думаға мұнсыз да ешкім сенбейді, яғни халықтың демократиялық қозғалысқа дем беру қолынан келетін топтарының ішінде I Думаға, Русьте қандай да болсын, тек қана *конституциялық* мекемелер құру жөніндегі *алғашқы* әрекеттерге, сөзсіз, кең түрде әуестенушілік

болғаны сияқты, III Думаның конституциялық мекемелеріне әуестену енді болмайды, болуы да мүмкін емес.

1905 жылы және 1906 жылдың бас кезінде халықтың қалың көпшілігінің назарын мықтап аударған басты нәрсе, монархиялық конституция негізінде болса да, *бірінші* өкілдік мекеме еді. Бұл факт. Социал-демократтар бұған қарсы барынша айқын күресуге және қыр көрсетуге тиісті болды.

Қазір басқаша. Қазіргі кезеңнің айрықша сипаты *бірінші* «парламентке» әуестенушілік емес, Думаға сенушілік те емес, *өрлеуге сенбеушілік*.

Мұндай жағдайларда, бойкот жариялау ұранын мезгілсіз ұсынып, біз қозғалысты еш бір күшейте алмаймыз, бұл қозғалысқа шынымен кедергі болатын нәрселерді жоя алмаймыз. Ол ол ма: мұнымызбен біз тіпті үгітіміздің күшін әлсіретіп алу қаупін туғызамыз, өйткені бойкот жариялау дегеніміз осы күннің өзінде-ақ айқындалып отырған өрлеуді қолдаушы ұран болады, ал бар пәле мынада: халықтың қалың топтары өрлеуге сенбей отыр, оның күшін көре алмай отыр.

Ең алдымен бұл өрлеудің күшінің *іс жүзінде* дәлелденуін ойластыру керек, содан соң біз бұл күшті жанамалап білдіретін ұранды әрқашан да ұсынып үлгіреміз. Оның бер жағында: шабуылдық сипаты бар революциялық қозғалыс үшін... *III Думадан* назарды басқа жаққа *аударатын* ерекше ұран керек бола ма дегеннің өзі әлі күмәнды мәселе. Мүмкін, керек те болмас. Тәжірибесі кем және парламент дегендерді бұрын-соңды көрмеген тобырды шын еліктіре алатын, аз да болса маңызы бар бір нәрсеге соқпай өту үшін, бәлкім, сол соқпай өтуге керек болатын нәрсеге *бойкот жариялау* қажетті де болар. Бірақ қазіргі кездегі демократияшыл немесе жарым-жартылай демократияшыл қалың тобырды мүлде еліктіре алмайтын мекемеге соқпай өту үшін бойкот жариялау шарт емес. Қазір істің мәні бойкот жариялауда емес, ішінара өрлеуді жалпы өрлеуге, кәсіптік қозғалысты революциялық қозғалысқа, локауттардан қорғануды реакцияға шабуыл жасауға айналдыруға тура, тікелей күш салуда болып отыр.

VII

Қорыталық. Бойкот жариялау ұранын ерекше тарихи дәуір тудырды. 1905 жылы және 1906 жылдың бас кезінде істің объективті жағдайы ең таяу жолды: тікелей-революциялық жолды немесе монархиялық-конституциялық бет бұрысты таңдап алу мәселесін күресуші қоғамдық күштердің шешіміне салды. Мұның өзінде бойкот жариялау үгітінің мазмұны көбінесе конституциялық жалған үміттерге қарсы күресу болды. Бойкоттың табысты болу шарты кең көлемде, жаппай, тез және күшті өріс алған революциялық өрлеу болды.

Осы айтылғандарға қарағанда, 1907 жылдың күзі қарсаңындағы істің жайы мұндай ұранды әсте қажет етпейді және оны ақтамайды.

Сайлауға әзірлік жөніндегі өзіміздің күнделікті жұмысымызды жалғастыра отырып, нағыз реакциялық деген өкілдік мекемелерге қатысудан күні бұрын бас тартпастан, біз өзіміздің бүкіл насихатымыз бен үгітімізді декабрьдегі жеңіліске ұшырау мен бостандықтың кейінгі кездегі құлдилап төмендегені және конституцияның аяққа басылғаны арасындағы байланысты халыққа ұғындыру ісіне жұмсауға тиіспіз. Тікелей бұқаралық күрес жүргізбейінше, мұндай аяққа басушылық сөзсіз бола бермекші, күшейе де бермекші деген берік сенімді бұқараның құлағына біздің құя беруіміз керек.

Өрлеу кезеңдерінде, мұндай ұранды қолдану шынымен қажет болған кезде, бойкот жариялау ұранын қолданудан безбей, біз қазіргі кезде тура және тікелей ықпал жасау арқылы жұмысшы қозғалысының қайсыбір өрлеуін жалпы, кең көлемді, революциялық қозғалысқа айналдыру жағына және бүкіл реакцияға қарсы, оның тіректеріне қарсы жүргізілетін шабуылды қозғалысқа айналдыру жағына ұмтылуға барлық күш-жігерімізді жұмсауымыз керек.

26 июнь, 1907 ж.

ГРАФ ГЕЙДЕНДІ ЕСКЕ ТҮСІРУ

(БІЗДІҢ БЕЙПАРТИЯЛЫҚ «ДЕМОКРАТТАР» ХАЛЫҚҚА НЕ ҮЙРЕТЕДІ?) [18]

«Бүкіл прогресшіл баспасөз граф П. А. Гейденнің қайтыс болуына байланысты Россияның басына түскен ауыр қазаға қатты қайғырып көңіл айтты. Петр Александровичтің тамаша бейнесі партиялары мен бағыттарының өзгешелігіне қарамастан барлық инабатты адамдардың назарын аударды. Сирек кездесетін және бақыт қонған кісі еді!!!» Бұдан кейін оңшыл кадеттік «Русские Ведомостиден» [19] мол цитат келтірілген, онда князь Пав. Дм. Долгоруков «тамаша адамның» өмірі мен қызметін айтып, қабырғасы қайысады, бұл кәдімгі Долгоруковтардың, демократизмнің түп тамырын ашық мойындаған Долгоруковтар тұқымының бірі еді! Шаруалардың жерді өз бетімен алғанын күтіп отырғаннан гөрі, шаруалармен бейбіт келіскен жақсы... «Біз *адамды* қай партияның атын жамылса да бағалауға дағдыланған жұрттың бәрінің граф Гейденнің қайтыс болуына орай басына түскен қайғысына шын ықыласымызбен ортақпыз. Ал Гейден марқұм ең алдымен *адам* болған еді».

«Товарищ» газеті 1907 жылы 19 июньде, сейсенбі күні, 296-номерінде осылай деп жазады.

«Товарищтің» публицистері — біздің жария баспасөзіміздегі нағыз әйгілі демократтар ғана емес. Олар өздерін социалистерміз деп,—әрине, сыншыл социалистерміз деп санайды. Оларды социал-демократтар десе де болғандай; Кускова ханымның, Прокопович, Португалов мырзалардың және басқадай «бұрынғы марксис-

тердің» қолдарымен әшекейленіп жүрген газет меньшевиктерді, Плехановты, Мартовты, Смирновты, Переяславскийді, Данды және тағысын-тағыларды құшақ жая қарсы алады. Бір сөзбен айтқанда, «Товарищтің» публицистері — біздің «көзі ашық», өрісі тар астыртын жұмысқа жат, «демократияшыл», т. с. қоғамның нағыз «солшыл» өкілдері, бұған зәрредей шек келтіруге болмайды.

Сондықтан, жоғарыда келтірілген сияқты сөздер көзге түссе,— бұл мырзалар жөнінде: Япыр-ай, біз, большевиктер, «Товарищтің» *инабатты адамдары* тобына біле тұра қосылмағанымыз қандай бақыт болған! деп бір серпіліп қоймауға болмайды.

Россияның көзі ашық демократиясының «инабатты адамдары» делінетін мырзалар! Сіздер орыс халқын топастандырасыздар, оған құлдық ұру, жағымпаздық дертін жұқтырасыздар, жұқтырғанда өздерің соншама ықыластана, соншама либералдық, соншама жеңілжелпі, өздеріңе соншама пайдалы және қауіп-қатерсіз жауласып жүрген атышулы қаражүздіктерден де гөрі, Пуришкевич, Крушеван, Дубровиннен де гөрі, жүз есе көп жұқтырасыздар. Сіздер таңданасыздар және өз қоғамыңыздың күллі «инабатты адамдарына» қарап, соншалықты «қисынсыз парадокстер» жөнінде кекесінмен күлесіздер? Иә, иә, сіздердің арамза либералдық пацдығыңызды дүниеде еш нәрсе жеңе алмайды, біз мұны жақсы білеміз. Дәл сондықтан да біз Россия білімді қоғамының инабатты адамдары тобынан өзімізді барлық қызметімізбен берік қорған жасап, бөле алғанымызға қуанамыз.

Қаражүздіктер халықтың азды-көпті қалың тобын аздырып, адастырған мысалдарын табуға бола ма? Жоқ, болмайды.

Олардың баспасөзі де, олардың одағы да, олардың жиналыстары да, I немесе II Думаның сайлаулары да ондай мысалдар бере алмады. Қаражүздіктер полиция мен әскерлер қатысып жүрген зорлық-зомбылықтарымен, айуандықтарымен жұртты өшіктіре түседі. Қаражүздіктер өздерінің айла-шарғысы, қулық-сұмдық істері, параға сатып алғыштығы арқылы өздерін өздері

жек көрсетіп, жексұрын етеді. Қаражүздіктер үкімет ақшасына, полицияның рұқсаты мен айтақтауы арқылы ғана іс істей алатын маскүнем топтар мен қарақшыларды ұйымдастырып отырады. Осының бәрінде халықтың азды-көпті қалың тобына азды-көпті қауіпті идеялық ықпал жасаудың ізі де жоқ.

Ал, қайта керісінше, ондай ықпалды біздің жария, либералдық және «демократиялық» баспасөзіміз жасайтынына ешбір күмән жоқ. I және II Мемлекеттік думаның сайлаулары, жиналыстар, одақтар, оқу ісі — бәрі де осыны дәлелдеп отыр. Ал Гейденнің қайтыс болуы жөніндегі «Товарищтің» пікірі әлгі идеялық ықпалдың қандай екенін көзбе-көз көрсетіп отыр.

«...Ауыр қаза... тамаша бейне... бақыт қонған... ең алдымен *адам* болған еді».

Помещик, граф Гейден, октябрь революциясына дейін мейірбансып либералдық істеген болды. Халық бірінші рет жеңіп шыққан бойда, 1905 жылғы 17 октябрьден кейін, ол ешбір алаңсыз контрреволюция лагеріне, октябристер партиясына, шаруаларға және демократияға өшіккен помещик пен ірі капиталистің партиясына өтіп кетті. I Думада бұл ардақты сабаз үкіметті қорғады, ал I Дума таратылғаннан кейін министрлікке қатысу туралы келіс сөз жүргізді,— бірақ келісе алмай қалды. Міне, бұл кәдуілгі контрреволюцияшыл помещиктің өмір мансабындағы негізгі аса ірі кезеңдер осындай.

Міне енді либерализм, демократизм, социализм туралы құрғақ сөздерді көпіртіп, бостандық ісіне, шаруалардың помещиктерге қарсы жер үшін күресіне тілектестік білдіре сөйлейтін, тәп-тәуір киінген, көзі ашық, білімді мырзалар,— баспасөздегі, одақтардағы, жиналыстардағы, сайлаулардағы жария оппозицияны іс жүзінде өздері ғана емін-еркін билеп отырған мырзалар келіп, мүләйімсіп: «Сирек кездесетін және бақыт қонған кісі еді!.. Граф марқұм ең алдымен *адам* болған еді» деп халыққа уағыз таратады.

Иә, Гейден тек адам ғана болған жоқ, сонымен қатар ол өз табының ортақ мүдделерін түсіну дәрежесіне

дейін көтеріле білген және бұл мүдделерді өте шебер қорғай білген азамат та болды. Ал сіздер, көзі ашық демократ мырзалар, сіздер — сол помещик табының мәдениетті жалшылары болудан басқа еш нәрсеге жарамайтыныңызды либералдық диуаналықпен бүркеп отырған тура жылауық ақымақсыздар.

Помещиктердің халыққа жасайтын ықпалы қорқынышты емес. Азды-көпті қалың жұмысшы бұқарасын, тіпті шаруалар бұқарасын да олар ешқашан азды-көпті ұзақ уақытқа алдай алмайды. Ал қанауға тікелей қатыспайтын, жалпы сөздермен және ұғымдармен сөзуарлыққа үйренген, әр алуан «жақсы» өсиеттермен жар салып жүрген, кейде өзінің шынайы топастығымен өзінің тап аралық жағдайын таптан тысқары партиялар мен таптан тысқары саясат *принципіне* көтеретін *интеллигенцияның* ықпалы,— міне осы буржуазиялық интеллигенцияның халыққа ықпалы қауіпті. Осы арада, тек қана осы арада қалың бұқараға шын зиян келтіре алатын зәр бар, осы зәрге қарсы күресу социализмнің барлық күшін аямай жұмсауды талап етеді.

Либерал және демократ сылбырлар «партиялық» атаулының бәрінен жоғары тұрғансып, «жалпы адамзаттық» көзқарасқа жеткен адамсып: — Гейден білімді, мәдениетті, парасатты, салиқалы адам еді,—деп екілене сөйлейді.

Қателесесіздер, аса құрметті мырзалар. Бұл көзқарас жалпы адамзаттық көзқарас емес, жалпы құлдық көзқарас. Өзінің құлдық халін түсінетін және оған қарсы күресетін құл дегеніміз — революционер. Өзінің құлдығын түсінбейтін, сөйтіп үн-түнсіз, санасыз және мылқау құлдық тіршілігіне көніп жүре беретін құл дегеніміз — құр әйтеуір құл. Құлдық тіршіліктің тамашасын менменсіп суреттеп, қайырымды және жақсы мырзасына мәз болып, аузынан сілекейі ағатын құл — жасыбайлы малай, пасық адам. Міне сіздер тап сондай пасықсыздар, «Товарищтегі» мырзалар. Сіздер контрреволюциялық үкіметті қолдаған контрреволюцияшыл помещикті білімді және парасатты адам болған еді деп сүрқиялықпен мейірлене елжірейсіздер. Сіздер құлды революционерге айналдырудың орнына, құлдарды басы-

байлы малайлыққа айналдырып отырғандарыңызды түсінбейсіздер. Сіздердің бостандық пен демократия туралы сөздеріңіз — бояулы жылтырақ, жаттанды құрғақ сөз, сәнді мылжың немесе екіжүзділік. Бұл бояй салған жарнама. Ал сіздердің өздеріңіз болса—боямалы табытсыздар. Сіздер тұрған он бойыңызбен пасық адамсыздар, ал сіздердің білімділігіңіздің, мәдениеттілігіңіздің, көзі ашықтығыңыздың бәрі барып тұрған сайқалдықтың бір түрі ғана. Өйткені сіздер ар-жандарыңызды сатасыздар, сатқанда мұқтаждықтан ғана емес, сонымен қатар «өнерге құштарлықтан» да сатасыздар!

— Гейден кәміл конституционалист болған еді,— деп елжірейсіздер сіздер. Сіздердің бұл сөздеріңіз жалған немесе Гейдендер сіздерді әбден ақымақ етіп тастаған. Виттенің, Дубасовтың, Горемыкиннің және Столыпиннің үкіметін қолдаған партияны құрған адамды кәміл конституционалист еді деп халық алдына шығып, бүкіл жұртқа естірте атау қайдағы бір кардиналды папаға қарсы шыққан кәміл күрескер деп атаумен барабар. Халықты конституцияны дұрыс түсінуге үйретудің орнына,— сіздер, демократтар, өздеріңіздің жазбасымақтарыңызда конституцияны хрен қосқан қортпа балыққа апарып телисіздер. Өйткені контрреволюцияшыл помещик үшін конституция дегеніміз — тап осы хрен қосқан қортпа балық, мужик пен бүкіл халық бұқарасын талау, бағындыру тәсілдерін барынша жетілдіре түсудің бір түрі екенінде күмән жоқ. Егер Гейден кәміл конституционалист болған болса,— онда Дубасов пен Столыпин де кәміл конституционалист болғаны,— өйткені *бұлардың* саясатын *іс жүзінде* Гейден де қолдады ғой. Октябристердің, соның ішінде Гейденнің де қолдауынсыз Дубасов пен Столыпин өздерінің жеткен дәрежесіне жете алмаған болар еді, өздерінің саясатын жүргізе алмаған болар еді. О, «инабатты» адамдардан шыққан ұлы кемеңгер демократтарау, адамның саяси бет-әлпетін қандай негіздерге сүйеніп білу керек («конституционалист»)? оның сөздеріне ме, оның өз көкірегін өзі соққанына ма, мүләйімсіп көз жасын төккеніне ме? әлде оның қоғамдық аренадағы нақты қызметіне ме?

Гейденнің саяси қызметіне не нәрсе сипат бола алады, тән бола алады? Оның I Дума таратылғаннан кейін министрлікке қатысу туралы Столыпинмен келісе алмағаны ма, немесе оның осындай уақиғадан кейін Столыпинмен келісу үшін соған *барғаны* ма? Не оның бұрын, пәлендей-түгендей кездерде, пәлендей либералдық сөздер сөйлегені ме, немесе 17 октябрьден кейін іле-шала октябрист (=контрреволюционер) болғаны ма? Гейденді кәміл конституционалист дегенде, сіздер халыққа осының біріншісі Гейденге сипат әрі тән еді деп үйретесіздер. Ал мұның мәнісі—сіздер демократияның *әліппесін* түсінбей, демократиялық ұрандардың үзінділерін мағынасыз қайталай бересіздер.

Өйткені демократияның мәнісі,— мұны инабатты қоғамнан шыққан инабатты мырзалар естеріңнен шығармаңдар,— контрреволюцияшыл помещиктердің елге жасап отырған үстемдігінің өзіне қарсы, үстемдік болғанда, Гейден мырза қолдаған және сол өзінің бүкіл саяси мансабының бәрінде жүзеге асырған үстемдігіне қарсы күресу деген сөз.

— Гейден білімді адам болған еді,— деп біздің салондық демократтарымыздың қабырғасы қайысады. Иә, солай, біз мұны мойындағанбыз және оның демократтардың өздерінен де гөрі білімдірек, *ақылдырақ* (бұл әрқашан білімділікпен қабаттасып отырмайды) болғанын шын мойындаймыз, өйткені ол *өз* табының және *өзінің* контрреволюциялық қоғамдық қозғалысының мүдделерін, «Товарищтегі» мырзалар, азаттық қозғалысының мүдделерін сіздердің түсінгеніңізден гөрі жақсырақ түсінді. Білімді контрреволюцияшыл помещик өз табының мүдделерін жіңішкелеп, қулық жасап қорғай білді, крепостниктердің арам ниеттерін, айуандық құлқындарын ізгі сөздермен және сырты жалтырайтын джентельмендіктің желеуімен шебер бүркеп жасырып, сол мүдделерді таптық үстемдіктің ең мәдениетті формаларымен қорғауды (Столыпиндерден) мықтап талап етіп отырды. Гейден мен сол сияқты адамдар өздерінің бар «білімін» *помещиктің* мүдделерінің кәдесіне асыру жолында сарпы етті. Орыстың радикал салондарынан шыққан «инабатты» пасыққа емес, шын демократқа

қазіргі қоғамда білімді *сайқалдыққа* айналдыруды көрсету үшін мұның өзі публициске тамаша тақырып бола алар еді.

«Демократ» білімділік туралы мылжыңдағанда, ол оқушының ойына бай білім жөнінде, кең ой-өріс жөнінде, ақыл мен жүректің ізгіленуі жөнінде ұғым туғызғысы келеді. Ал Гейден мырзалар үшін білім дегеніңіз — жұқалаң жылтырауық сыр, айуанды жаттықтыру, нағыз дөрекі, нағыз пасық саяси жалдаптықты джентельмендік формаларда қыбын тауып тындырып тастауға «кәнігілік». Өйткені Гейденнің бүкіл октябризмі, бүкіл «бейбіт жаңартушылығы» [20], I Дума таратылғаннан кейінгі оның Столыпинмен арадағы келіс сөздерінің бәрі, шын мәнісінде, нағыз дөрекі және нағыз лас істі қыбын тауып тындырғандық болды, осы Гейдендердің өздері әрқашан, 1861 жылға дейін де, 1861 жылы да, 1861 жылдан кейін де және 1905 жылдан кейін де үздіксіз тонап келген миллиондаған «мужиктердің» табан ет, маңдай теріне Россияның ақ сүйек дворяндарының *праволарын* әйтеуір бір амалын тауып сенімдірек, ептірек, шеберірек, ішкі жағынан берігірек, сырт жағынан байқаусыз етіп қорғап қалу болды.

Сонау Некрасов пен Салтыков орыс жұртшылығын крепостник-помещиктің сырттай мінсіз, бояма білімділігінің астарындағы оның айуандық мүдделерін айыра білуге үйреткен еді, ондай типтердің екіжүзділігі мен мейірімсіздігін жек көруге үйреткен еді, ал қазіргі Россия интеллигенті, демократияшылдық мұраның сақтаушысымыз деп кеудесін көтеретін интеллигент, кадеттік партияға * немесе кадеттер сөзін сөйлеушілерге жататын интеллигент халықты пасықтыққа үйретеді, сөйтіп өзі партияда жоқ әділ демократпын деп масаттанады. Мұның өзі Дубасов пен Столыпин қимылдарының көрінісінен кем соғуы екіталай жиіркенішті көрініс емес пе екен...

* Гейденге баға беруде кадеттер «Товарищтегі» мырзалардан да гөрі жүз есе көп құлдық ұрды. Біз «Товарищтегі» мырзаларды Россия «жұртшылығының» «инабатты адамдарындағы» «демократизмінің» үлгісі ретінде алып отырмыз.

— Гейден «адам» болған еді, Гейден парасатты адам болған еді,— деп салон демократы алқына сөйлейді.

Гейденнің адамгершілігін айтып, осылайша елжіреу Некрасов пен Салтыковты ғана емес, сонымен қатар Тургеневтің «Аңшының жазбаларын» да есімізге еріксіз түсіреді. Көз алдымызда міне — мәдениетті, білімді помещик, өзі әдепті, жылы сөзді, европалықша жылтыраған адам. Помещик қонағына шарап беріп, аталы сөздер айтып отыр. Сөйтіп отырып ол: «шарап неге жылытылмаған?» деп сұрады малайынан. Малай тіл қатпады, өңі қашып сұрлана түсті. Помещик қоңырауын шылдыр еткізіп қойды, сөйтті де кіріп келген қызметшісіне ақырмай-жекірмей, жай ғана: «Федор жөнінде... әмір ет» [21] деді де қойды.

Міне, Гейденнің «адамгершілігінің» немесе Гейден à la адамгершілігінің сиқы осындай. Тургеневтің помещигі де «адамгершілігі мол» адам... мысалы, Салтычихамен салыстырғанда, оның адамгершілігі соншалықты жоғары, ол Федорға дүре соғуға дұрыс әмір берілді ме деп, оны көру үшін өзі ат қораға бармайды. Оның адамгершілігі соншалық жоғары, ол Федордың жонын тілетін шыбықтың тұзды суға салынған-салынбағанына қам жасамайды. Ол, бұл помещик, малайды ұрмайды да, балағаттамайды да, ол тек, білімді адам болғансып, ыңсыз-шыңсыз, дау-дамайсыз, «жұрт алдында сөкпей», жұмсақ, адамгершілік пішінмен сырттан «әмір береді»...

Гейденнің адамгершілігі де дәл осы тәрізді. Оның өз басы Луженовскийлер мен Филоновтардың шаруаларға дүре соғып, азаптауына қатысқан жоқ. Ол Ренненкампфтармен және Меллерлер-Закомельскийлермен бірге жазалау экспедицияларына шыққан жоқ. Ол Дубасовпен бірге Москваны атқылаған жоқ. Оның адамгершілігі соншалықты жоғары болатын, ол ондай ерліктерден тартыншақтық жасады, «әмір беруді» бүкіл россиялық «ат қораның» осы сияқты мықтыларына беріп қойып, өзінің жайбарақат, мәдениетті кабинетінде тыныштыққа бөленіп, саяси партияны, Дубасов-

тардың үкіметін қолдаған партияны, Москваны жеңген Дубасовтың денсаулығына көсемдері бас қосып, шарап көтеріскен партияны басқарып отыра берді... Міне бұл: «Федор жөнінде әмір беруге» ат қораға өзі барудың орнына, оған Дубасовтарды жіберу шынында да адамгершілік емес пе? Біздің либералдық және демократиялық баспасөзіміздің саяси бөлімін басқаратын мыстан кемпірлерге бұл адамгершіліктің үлгісі болды...—Алтын адам еді, қой аузынан шөп алмаушы еді! Дубасовтарды қолдау, Дубасов сойқандығының жемісін пайдалану және Дубасовтар үшін жауапты болмау «сирек кездесетін және бақыт қонған кісіге» ғана тән сипат.

Салондық демократ бізді Гейдендер неге басқармайды деп өкініп-өксуді демократизмнің шыңы деп санайды (өйткені Гейден мен Дубасовтар арасындағы «табиғи» еңбек бөлінісі жайындағы пікір салондық ақымақтың ойына кіріп те шықпайды). Құлақ салыңыздар:

> «...Оның (Гейденнің) дәл қазір, бәрінен де пайдалырақ болатын кезінде, қайтыс болғаны өкінішті-ақ. Қазір ол, өз қасиетінің жақсы жақтарын өрістете отырып, өзіне тән бүкіл жігерімен, тапқырлығымен конституциялық негіздерді қорғап, нағыз оңшылдарға қарсы күрескен болар еді» («Товарищ» № 299, жұма, 22 июнь, «Граф Гейденді еске түсіру» деген корреспонденция, Псков губерниясынан келіп түскен).

Білімді және адамгершілігі мол бейбіт жаңартушы Гейден өзінің конституцияшыл сөзуарлығымен III, октябристік Думаның жалаң сиқын, Думаны жоятын самодержавиенің жалаң сиқын бүркемелемейтіні өкінішті-ақ! «Демократ»-публицистің міндеті жалған бүркемені жұлып тастау емес, халыққа өзін езіп отырған жауларды бүкпесіз әшкерелеп көрсету емес, қайта октябристердің қатарын ажарландыра түсетін, сыннан өткен екіжүзділердің жоқтығына қапа болу... Was ist der Philister? Ein hohler Darm, voll Furcht und Hoffnung, dass Gott erbarm! Филистер деген не? Жасағанның жаны ашыр деген қорқыныш пен үміт билеген бос бүйен [22]. Кадеттік лагерьдегі және кадеттік лагерь

төңірегіндегі Россиялық либерал-демократияшыл филистер деген не? Контрреволюцияшыл помещиктің жаны ашыр-ау деген қорқыныш пен үміт билеген бос бүйен!

Июнь, 1907 ж.

1907 ж. сентябрьдің басында мына бірінші жинақта басылған: «Өмір үні». С.-Петербург

Жинақтың тексті бойынша басылып отыр

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ ҮШІНШІ ДУМАҒА КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ 8 ИЮЛЬДЕГІ ПЕТЕРБУРГ ЖАЛПЫ ҚАЛАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА ОҚЫЛҒАН БАЯНДАМАНЫҢ ТЕЗИСТЕРІ [23]

1. Орыс революциясының тәжірибесі көрсеткеніндей, мынадай тарихи жағдайлар тұсында: бойкот шын мәнінде белсенді бойкот болып табылатын кезде, яғни ол ескі өкіметке тура шабуыл жасауға қарай (демек, қарулы көтеріліске қарай) тікелей бет алған кең және жаппай революциялық өрлеудің күшін білдіретін кезде, Думаға бойкот жариялау революциялық социал-демократияның бірден-бір дұрыс шешімі болып табылады. Конституциялық жалған үміттермен және ескі өкімет жарылқап бермекші тұңғыш конституциялық-сымақ мекемелермен бет алды ұсақ буржуазиялық әуестенушіліктен бүкіл халықты пролетариаттың сақтандыруы бойкоттың негізгі мазмұны болған жағдайда ғана бойкот тарихи ұлы міндетті атқара алады.

2. Бойкотты кең, жаппай, күшті және шапшаң революциялық өрлеу мен ескі өкіметті құлатуға бағытталған тікелей бүкіл халықтық шабуыл жағдайларынан тыс,— жарылқау үшін берілген конституциямен халықтың әуестенушілігіне қарсы күресу міндетінен тыс,— өзінен-өзі қимыл жасаушы құрал деп қарау ақылмен емес, сезімнің әсерімен әрекет жасағандық болады.

3. Сондықтан кадеттерге қолайлы болған сайлау заңы октябристерге қолайлы сайлау заңымен ауыстырылды деген негізге сүйеніп,— кадеттерше сөйлеп, октябристерше әрекет жасаған және революция ісінің пайдасына бола социал-демократтар қатысқан екінші

Думаның орнына октябристік Дума көрінеу келе жатыр деген негізге сүйеніп Думаға бойкот жариялаудың,— міне осы негізге сүйеніп бойкот жариялаудың мәнісі — ұстамды революциялық жұмысты революциялық күйгелектікпен ауыстыру ғана болмай, сонымен қатар кадеттік Дума мен кадеттік конституция жөніндегі ең жаман жалған үміттердің социал-демократтардың өздеріне үстемдік жүргізгенін байқату болар еді.

4. Революциялық социал-демократияның бүкіл үгіт жұмысының негізгі арқауы 1907 жылғы 3 июньдегі мемлекеттік төңкеріс 1905 жылғы декабрь көтерілісі жеңілуінің тікелей және мүлде сөзсіз нәтижесі екенін халыққа түсіндіру болуға тиіс. Орыс революциясының екінші дәуірі, 1906 және 1907 жылдар, мынадай сабақ берді: күллі осы дәуірдің ішінде болған реакцияның үздіксіз шабуылы мен революцияның шегінуі конституцияға сенушілік белең алып тұрғанда, күрестің конституциялық тәсілдері дегендей белең алған тұста, пролетариат жеңілістерге ұшырағаннан кейін бекініп күш жинап алып, патша өкіметін құлатуға бағытталған өте батыл және пәрменді революциялық тегеурін жасау үшін апағұрлым қалың бұқара болып көтерілгенше болмай қоймайды.

5. Қазіргі уақытта Москва өнеркәсіп ауданында өрши түскен және Россияның басқадай аудандарын қамти бастаған стачка қозғалысын таяу арада мүмкін болатын революциялық өрлеудің ең үлкен кепілі деп қарау керек. Сондықтан социал-демократия өзінің бар күшін пролетариаттың экономикалық күресін қолдауға және дамытуға ғана жұмсап қоймай, әзірше кәсіптік қана болып отырған осы қозғалысты жұмысшылар бұқарасының кең революциялық өрлеуіне және патша өкіметінің қарулы күштеріне қарсы қолма-қол күреске айналдыруға жұмсауы керек. Бойкот жариялау ұраны сонда ғана, социал-демократияның осы бағытта жұмсаған күші табысты болған күнде ғана, әлден-ақ жасалған пәрменді революциялық қозғалыстың негізінде ғана, бұқараны қарулы көтеріліске, патша өкіметін құлатуға, жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру

негізінде құрылтай жиналысын шақыру үшін патша өкіметін революциялық уақытша үкіметпен ауыстыруға тікелей үндеумен үздіксіз байланысты болғанда ғана үлкен маңыз ала алады.

1907 ж. 8 (21) июльден ертерек жазылған

1907 ж. июльде жеке листок болып басылған

Листоктың тексті бойынша басылып отыр

РСДРП ҮШІНШІ («ЖАЛПЫ РОССИЯЛЫҚ ЕКІНШІ») КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА АРНАЛҒАН ҚАРАРЛАРДЫҢ ЖОБАЛАРЫ[24]

1907 ж. июльде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

1

III МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА САЙЛАУЫНА ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

1) Орыс революциясының тәжірибесі көрсеткеніндей, белсенді бойкот қарулы көтеріліске ұласатын кең, жаппай және шапшаң революциялық өрлеу жағдайында ғана және ескі өкімет тұңғыш өкілдік жиналыс шақырған күнде конституциялық жалған үміттерге қарсы күресудің идеялық міндетіне байланысты болғанда ғана социал-демократияның дұрыс тактикасы болып табылады;

2) бұл жағдайлар жоқ болған күнде революциялық социал-демократияның дұрыс тактикасы революциялық заманның тіпті барлық жағдайлары бар болғанда да, II Думаның тұсында болғанындай, сайлауға қатысуды талап етеді.

3) кадеттер партиясының октябристік мәнін және самодержавие өмір сүріп тұрғанда кадеттік сайлау заңының (11. XII. 1905)[25] берік еместігін әрқашан көрсетіп келген социал-демократияның кадеттік сайлау заңының октябристік сайлау заңымен ауыстырылуы салдарынан оз тактикасын өзгертуге ешқандай негізі жоқ;

4) қазіргі уақытта Россияның орталық өнеркәсіп облысында өрістеп келе жатқан стачкалық қозғалыс таяу арада мүмкін болатын революциялық өрлеудің аса үлкен кепілі бола отырып, сонымен қабат, әзірше тек кәсіптік қозғалыс болып отырған қозғалысты қарулы көтеріліспен байланысы бар саяси және тікелей-революциялық қозғалысқа айналдыру жолында қажырлы жұмыс істеуді талап етеді.

Осыларды еске ала келіп, конференция қаулы етеді:

а) III Думаның да сайлауына қатысылатын болсын;

б) 3. VI. 1907 ж. мемлекеттік төңкерістің 1905 ж. декабрь көтерілісінің жеңілуіне және либерал буржуазияның опасыздығына байланысты екені бұқараға түсіндірілсін, сонымен бірге жалғыз кәсіптік күрестің жеткіліксіздігі дәлелденілсін және кәсіптік стачкалық қозғалысты саяси қозғалысқа, бұқараның көтерілісі арқылы патша үкіметін құлату жолындағы тікелей революциялық күреске айналдыру көзделсін;

в) Думаға бойкот жариялау жұмысшы қозғалысы мен революциялық күресті өздігінен жоғары сатыға көтере алмайтындығы және бойкот тактикасы кәсіптік өрлеуді революциялық тегеурінге айналдыруды көздеген күш-жігеріміз нәтижелі болған жағдайда ғана орынды бола алатындығы бұқараға түсіндірілсін.

2

КӘСІПТІК ОДАҚТАРДЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ СЪЕЗІ ТУРАЛЫ ҚАРАР ЖОБАСЫНЫҢ НОБАЙЫ

Конференция партияның барлық мүшелерінің міндеті — кәсіптік одақтардың социал-демократиялық партиямен ұйымдық жағынан байланысын жүзеге асырғанда немесе кәсіптік одақтар социал-демократиялық партия тарапынан басшылық болатынын мойындағанда жергілікті жағдайлардың бәрімен бірдей санаса отырып және буржуазиялық-демократиялық ағымдардың барлық сарындары (кадеттер, партияда жоқ прогрессистер[26], социалист-революционерлер және т. т.) іңкәр болып жүрген «бейтарап» платформаға кәсіптік одақтардағы социал-демократтардың енжарлықпен бейімделіп қалмауына, қайта социал-демократиялық көзқарастарды тұтасымен үздіксіз қорғауына, кәсіптік одақтардың социал-демократияның идеялық басшылығын мойындауына, олармен іс жүзінде ұдайы ұйымдық байланыстарды нығайтуға үздіксіз көмек көрсетуіне әрқашан және барлық жағдайларда бірдей мейлінше көңіл аудара отырып, Лондон съезінің кәсіптік одақтар туралы қарарын жігер сала жүзеге асыру деп табады.

ПУБЛИЦИСТІҢ ЗАМЕТКАЛАРЫ

Екінші Дума таратылғаннан кейін саяси әдебиетте жабығушылық, өкінушілік, ренегаттық басым белгі болып алды. Струве мырзадан бастап, «Товарищпен» жалғастырылып, социал-демократияға жақын тұрған бірсыпыра жазушылармен тынған,— бұлардан біз революциядан, оның дәстүрлерінен, оның күрес тәсілдерінен безушілікті, қайткен күнде де оңға қарай бейімделуге ұмтылғандықты көреміз. Қазір кейбір социал-демократтардың қалай сөйлеп, қалай жазып жүргендерін сипаттау үшін, біз күнделікті мерзімді баспасөздегі олардың қолымызға алғашқы түскен шығармаларын: «Образованиенің»[27] 7-номеріндегі Неведомский мырзаның және «Товарищтің» 348-номеріндегі Вл. Горн мырзаның мақаласын алайық.

М. Неведомский мырза өзінің мақаласын екінші Думадағы кадеттерді мейлінше қатты сынаудан, солшыл блок тактикасын және социал-демократтардың әрекетін мейлінше батыл жақтаудан бастайды. Ал мақаласын ол былай деп бітіреді:

> «Ашық раймен айтқанда, мен әрбір социал-демократқа мынау айдан анық болуға тиіс демекпін: саяси эволюцияның қазір біз тұрған сатысында социалистік партиялардың атқаратын қызметі, түптеп келгенде, қалай дегенмен де тек қана буржуазиялық партияларға жол салады, солардың уақытша салтанат құруын әзірлейді.
>
> Осыдан келіп мына тәрізді бұйрық рай туады: бұл «мимитикалық» («қазір қара торы, қазір ақ сары») кадеттер партиясының өзі қандай болса сондай болсын, әзірше ол жалғыз ғана

оппозициялық партия болып табылатындықтан оның қызметі мен социалистік қызметті үйлестіріп жүргізуге тура келеді. Күштерді үнемдеу принципі осыны талап етіп отыр»... «Жалпы алғанда, ешбір мысқылсыз айтқанда» (М. Неведомский мырзаның осындай ескертпе жасауына тура келді, өйткені ол астарламай, тұспалдамай жаза алмайды, ал бұл оқушыларды да, автордың өзін де шатастырады), «Милюковтың бұл сөзі белгілі бір партиялардың өзара қатынастарының елеулі белгілерін әбден дұрыс анықтайды»... (әңгіме Милюковтың мына сөзі туралы болып отыр: «халықты араластырумен қорқытушылықты сол араласудың өзін алдын ала әзірлегенде ғана жүзеге асыруға болады,— сондықтан Думаның өзінің зор міндеттерін орындау үшін оның өз өкімет билігі жеткіліксіз деп білетіндердің бәрінің жұмысы осы әзірлікке бағытталуға тиіс»; қозғалысты солшылдар әзірлеп, жүргізсін,— деп, бұл сөзді Неведомский мырза дұрыс түсіндіреді,— «ал кадет мырзалар мен Дума бұл жұмысты еске алар болса»)... «Бұл сөздер еске алушы партияның өкілінің аузынан шығып отырғаны, бәлкім, ұятырақ болар, бірақ мәселені, мысалы, Плеханов осылай қойып отырса, онда бұл социал-демократияның әрекетінің бағытын және либералдық оппозиция күштерін оның пайдалану әдісін дәлме-дәл әрі реалистікпен белгілегендік қана».

Осы сияқты мырзалар сүйсініп, арқасынан қағып отырғанына Плеханов біраз.., жұмсартып-ақ айталық, өзін ыңғайсыз сезінеді деп ойлауға біз әзірміз. Бірақ социал-демократтар мен кадеттердің бірыңғай платформасы немесе Думаны сақтау деген тәрізді өзінің кадеттік ұрандарымен Плеханов өз сөздерін дәл осылайша *пайдалануға* право бергені күмәнсыз.

Енді Вл. Горн мырзаны тыңдап көріңіздер.

«Анығында, оны» (3 июньдегі сайлау заңы бойынша құрылатын жер иеленушілер мен ірі буржуалардың антидемократиялық коалициясын) «жеңу үшін екі шарт қажет. Біріншіден, бір коалицияға екінші коалицияны қарама-қарсы қою үшін, демократияның барлық топтарының, соның ішінде пролетариатты да қоса, бірімен-бірінің әуенінің жарасуы керек, ал, екіншіден, күресті *жеткілікті революцияшыл емес элементтерді бөліп тастау және көріне революцияшыл азшылықтың қозғалысын жеделдету мақсатымен ең батыл ұрандарды ойлап шығару жолымен емес* (курсив Горн мырзанікі), қайта антидемократиялық коалицияның нақты шараларына қарсы бұқараның өзін тартатын шынайы нақты күрес жолымен жүргізу керек. Демократиялық коалиция құру үшін қосылудың керегі жоқ күрестің жолдары мен тікелей мақсаттары жөнінде тек келісім ғана керек. Ал егер бұқараның саналы өкілдері — партиялар — тек қана үгіт-

тік көзқарасқа көшіп қоймай, әлеуметтік өмір сүру жағдайларын нақты өзгертуге жету жолына көшсе, ондай келісімдер жасауға әбден болады».

Кадеттік сәнді сөзге үйір екі сабаздың екеуінің де асылында бір пікірді айтып отырғаны осы үзінділерден айқын емес пе? Горн мырза сәл ғана ашығырақ айтады және сәл көбірек ашыла түседі, бірақ оның Неведомский мырзадан айырмашылығы Струве мырзаның Набоков мырзадан немесе Маклаков мырзадан айырмашылығынан зәредей де артық емес.

Саясаттың өзінің ішкі логикасы бар. Социал-демократтар мен либералдар арасында саяси блокқа, әрқашан және барлық партиялық социал-демократтар (партиялық еместер туралы немесе партияда бір түрлі сөйлеп, «еркін», бейпартиялық газетте екінші түрлі сөйлеп, екі бірдей ойын ойнайтындар туралы біз бұл арада айтпаймыз) безіп келген *саяси блокқа,* ешбір апармайтын *техникалық* келісімдер жасасу мүмкін болады деп сан рет айтылып жүр. Ал осы әдемі сөйлемдер мен ізгі тілектерді өмірдің өзі ылғи талқандап бұзып отырды, өйткені «техникалық» келісімдерді желеу қылып, саяси блок идеясы өзіне үздіксіз жол салып отырды. Ұсақ буржуазиялық елде, буржуазиялық революция дәуірінде, жұмысшы партиясында ұсақ буржуазияшыл интеллигенттер мол болып отырғанда, пролетариатты либералдарға саяси жағынан бағындыру тенденциясының барынша нақты тамырлары бар. Ал істің объективті жағдайында тамыр жайып жатқан бұл тенденция, кадеттермен коалиция жасасу туралы тақырыптағы әр түрлі *квази*социалистік саясат құмарлықтың шын мазмұны болып шығып жүр. Горн мырза, тек сөзі ғана социал-демократиялық, ал барлық ой-пікірі, барлық идеялық астары, барлық «ішкі сыры» таза либерал немесе мещан болған аңғал интеллигенттікке салынып, Горн мырза тура саяси блокты, артық та емес, кем де емес, *«демократиялық коалицияны»* уағыздайды.

Горн мырзаның «қосылудың керегі жоқ» деген ескертпе жасауына *тура келгені* өте-мөте көзге түседі! Осы ескертпе жасау арқылы ғана ол өзінің лас социалистік ұжданының қалдығын байқатып алды. Өйткені,

«қосылудың керегі жоқ, келісім ғана керек» дегенде, ол сол арада-ақ бұл «келісімді» суреттегені соншама, оның *мазмұнын* анықтағаны соншама, суреттемесі мен мазмұны оның социал-демократиялық ренегаттығын мейлінше айқын әйгілеп көрсетеді. Асылында іс сөзде ғана емес, затты «қосылу» немесе «келісім» деп атауда емес. Істің мәні сол *«бірігудің»* нақты мазмұнының қандай екенінде. Істің мәні мынада: сіз социал-демократиялық жұмысшы партиясы либерализмге содержанка болуы үшін *қандай баға* ұсынасыз.

Бағасы айқын белгіленген.

1) Үгіттік көзқарасты тастау керек.

2) Батыл ұрандар «ойлап шығарудан» бас тарту керек.

3) Жеткілікті революцияшыл емес элементтерді бөліп тастауды қою керек.

4) Көрінеу революцияшыл азшылықтың қозғалысын «жеделдетуден» бас тарту керек.

Мен барынша толық, барынша жексұрын ренегаттықтың бұдан гөрі айқын, бұдан гөрі дәл программасын жасай білген адамға сыйлық беруге әзір болар едім. Струве мырзадан Горн мырзаның айырмашылығы тек мынада ғана: Струве мырза өзінің жолын айқын көріп отыр және өз қадамдарын белгілі дәрежеде «өз бетінше» белгілейді. Ал Горн мырзаны оның кадеттік қамқоршы тәрбиешілері тізгіндеп жетектеп жүр.

— Үгіттік көзқарасты тастау керек — екінші Думада кадеттер халықты ылғи осыған баулып отырды. Мұның мәнісі — жұмысшылар бұқарасы мен шаруалардың санасын *және талап қойғыштығын* өрістетпеу, қайта оның екеуін де бәсеңдетіп, өшіріп, сөндіріп, әлеуметтік бітімді уағыздап отыру керек деген сөз.

— Батыл ұрандар ойлап шығармау керек — демек, социал-демократтар революциядан көп бұрын ұсынған ұрандарды уағыздаудан, кадеттердің істегеніндей, бас тарту керек деген сөз.

— Жеткілікті революцияшыл емес элементтерді бөліп тастамау керек — демек, кадеттік екіжүзділікті, өтірікті, реакцияшылдықты бұқара алдында қандай да болса

сынаудан бас тарту керек деген сөз, Струве мырзамен қоян қолтық болу керек деген сөз.

— Көрінеу революцияшыл азшылықтың қозғалысын жеделдетпеу керек,— демек, іс жүзіне келгенде, күрестің революциялық тәсілдерінен бас тарту керек деген сөз. Өйткені 1905 жылдың бүкіл өн бойында революциялық бой көрсетулерге *көрінеу революцияшыл азшылықтың* қатысқаны мүлдем даусыз: нақ сондықтан, бұқара күрескенімен, қалай дегенмен де азшылық болған бұқара күрескендіктен, нақ осы себептен күресте олар толық табысқа жете алмады да. Бірақ Россиядағы азаттық қозғалысының жалпы қол жеткен барлық табыстарына, оның қол жеткен жалпы барлық жеңістеріне *бүтіндей және түгелінен* азшылық болған бұқараның *тек* осы күресі арқасында ғана қолы жетті. Бұл, біріншіден. Ал, екіншіден, либералдар мен олардың шылауында жүргендердің «жеделдетілген қозғалыс» деп атайтындары бұқара (амал қанша, бастапқы ретте азшылық болса да) орынбасарлар арқылы емес, өздігінен дербес қатысқан *бірден-бір* қозғалыс болды,—халықтан *қорықпаған,* бұқараның мүдделерін білдірген, революциялық күреске тікелей қатыспаған аса көпшілік бұқара тілектес болған (мұны бірінші және әсіресе екінші Дума сайлауы дәлелдеді) бірден-бір қозғалыс болды.

«Көрінеу революцияшыл азшылықтың қозғалысын жеделдету» туралы айтқанда, Горн мырза Бурениннің барынша етек алған нағыз бұрмалаушылықтарының бірін істеп отыр. Бурениннің газеті [28] екінші Дума заманында Алексинскийге қарсы күрескенде істің жайын әрқашан: газеттің Алексинскийге деген дұшпандығы Алексинскийдің саяси бостандық үшін күресінен туған емес, қайта Алексинский... бүйректен сирақ шығарып, шырықты бұзуға және т. с. бостандық алғысы келетіндігінен туады деп көрсетті. «Товарищтің» публицисі де нақ осындай қаражүздікке әзірлік жүргізіп отыр. Ол істің жайын былай етіп көрсетуге тырысады: социалистердің либералдармен келісім жасасуына кедергі болып отырған нәрсе социалистердің жалпы алғанда бұқараның революциялық санасы мен революциялық белсенділігін өрістетуді әсте жақтап отырғанында және жақ-

тайтынында емес, керісінше социалистердің қозғалысты *жеделдететінінде,* яғни іліп әкететінінде, әдейі қоздыратынында, олардың *көрінеу* үмітсіз қозғалысты өршітетінінде ғана демек болады.

Бұл сияқты теріс қылықтарға біз қысқаша жауап береміз. Бүкіл социалистік баспасөз, меньшевиктік те, большевиктік те, бірінші Дума заманында да, екінші Дума заманында да қозғалысты «жеделдету» атаулының бәрін айыптап отырды... Бірінші Думада да, екінші Думада да кадеттер социал-демократтармен қозғалысты жеделдеткендігіне бола жауласқан жоқ, қайта социал-демократтардың бұқараның революциялық санасы мен революциялық талабын *өрістеткендігіне* бола, кадеттердің реакцияшылдығын және конституциялық жалған үміттердің сағымын *әшкерелегендігіне* бола жауласты. Жалпыға мәлім бұл тарихи фактілерден ешбір газеттік айла-шарғы арқылы орағытып өтуге болмайды. Ал Горн мырзаның сөйлеу формасына келетін болсақ, мұның өзі «білімді қоғам» революциядан безіп, әдепсіздікке жармасып отырған біздің заманымызға барынша тән сипат. Өзін социал-демократпын деп санайтын кісі «көрінеу» азшылықтың қозғалысын жұмысшы партиясының «жеделдетуі» жөнінде қалың көпшіліктің алдында нововремялық сөз айту үшін бейпартиялық газетке қарай бет алып отыр! Ренегаттық пиғылдар бізде ренегаттық мінез-құлықтарды да туғызып отыр.

* *
*

Енді мәселеге екінші жағынан келейік. Неведомский және Горн мырзалардың көзқарастары, социал-демократсымақтар әкеліп ұсынғанда сондай жиіркенішті болатын көзқарастар,— сөз жоқ, біздің буржуазиялық интеллигенцияның қалың топтарының, либералданушы «қоғамның», өз басына бола сөз жүзінде наразы чиновниктердің және т. с. көзқарасына өте тән және табиғи көзқарас болып табылады. Бұл көзқарастарды саяси жағынан ұстамсыз, болбыр және тұрлаусыз ұсақ буржуазияның белгісі деп сипаттау жеткіліксіз. Осыған қоса бұл көзқарастарды біздің революциямыздың да-

муындағы істің қазіргі жағдайы тұрғысынан түсіндіру керек.

Мещандардың белгілі топтарының дәл қазір, III Дума қарсаңында, осындай көзқарастар тудырып отырғаны неліктен? Мұның себебі — бұл топтар, үкімет саясатының әрбір бұлтарысынан кейін іле-шала өздерінің сенімдерін бас иіп озгертіп, октябристік Думаға сенеді, яғни оның міндетін орындаларлық міндет деп санайды, сондықтан «октябристік реформаларға» бейімделуге асығады, өздерінің октябризмге бейімделгенін идея жағынан дәлелдеуге, ақтауға асығады.

Үкіметтің ойынша, октябристік Думаның міндеті — ескі өкіметтің помещиктермен және аса ірі буржуазиямен конституциялық реформалардың белгілі минимумы негізінде тікелей мәмлеге келу арқылы революцияны аяқтау болмақ. Абстракт түрде айтқанда, мұнда мүлдем болмайтын ештеме жоқ, өйткені Европаның батысында бірсыпыра буржуазиялық революциялар «октябристік» конституциялық тәртіптердің нығаюымен аяқталып жүр. Мәселе тек мынада: қазіргі Россияда революцияны тоқтата аларлықтай октябристік «реформалар» болуы мүмкін бе? Біздің революциямыздың тереңдігі себепті, октябристік «реформалар» кадеттік «реформалар» ұшыраған күйреушілікке ұшырамас па екен? Кадеттік Думалар сияқты, октябристік Дума да өткінші оқиға болып, қаражүздіктер мен самодержавиенің үстемдігін қайта қалпына келтіру жолындағы өткінші оқиға болып оте шықпас па екен?

Біз бұқараның тікелей революциялық күрес дәуірін (1905 жыл) бастан кешірдік, бұл күрес бірсыпыра бостандыққа жеткізді. Бұдан соң біз осы күрестің аялдаған дәуірін (1906 жыл және 1907 жылдың жартысы) бастан кешірдік. Бұл дәуір реакцияны бірсыпыра жеңістерге жеткізді және бірінші дәуірдің жеңістерінен айрылып қалған революцияны ешбір жеңіске жеткізген жоқ. Екінші дәуір кадеттік дәуір болды, конституциялық жалған үміттер дәуірі болды. Бұқара самодержавие тұсындағы «парламентаризмге» әлі де аздыкөпті сенді, ал самодержавие қаражүздіктердің біржолата үстемдік құруы қауіпті екенін түсініп, кадет-

термен мәмлеге келуге тырысып бақты, тәжірибелер жасады, конституциялық костюмдердің әр түрін *өлшеп киіп көрді,* Россияның «қожайындары» болып отырған аса ірі помещик мырзалардың реформаның қандай түрін қабыл ала алатынын сынап көрді. Екінші Думада өздерін мүлде октябристерше ұстағанына қарамастан, кадеттердің үкіметке шабуыл жасамағаны, бұқараны оған қарсы көтермегені былай тұрсын, «солшылдарға» қарсы, яғни пролетариат пен шаруалардың партияларына қарсы күресе отырып, бұқараны ылғи тыныштандырғанына, сол үкіметті (бюджет және т. т.) ашық және батыл қолдағанына қарамастан, кадеттік конституцияның тәжірибесі күйреумен тынды. Қысқасы, кадеттік конституцияның тәжірибесінен түк өнбеді, мұның себебі — кадеттердің немесе үкіметтің ізгі тілегі болмағандығы емес, мұның себебі — орыс революциясының объективті қайшылықтарының *тым терең* болып шыққандығы еді. Бұл қайшылықтардың терең болып *шыққандығы* соншалық—терең тұңғиық үстінен кадеттің шағын көпірін салу мүмкін болмай қалды. Тәжірибе мынаны көрсетті: белгілі бір уақытқа бұқаралық күресті тіпті толық езіп-жаныштағанның өзінде, ескі өкімет сайлауды шатастырып және т. б. нағыз жүгенсіздік жасағанның өзінде шаруалар бұқарасы (ал буржуазиялық революцияда істің тағдыры бәрінен бұрын шаруаларға байланысты) кадет делдалдардың ешқандай дипломатиялық айласы пұрсатты жағдайдағы помещиктердің үстемдігіне бейімдеуге *шамасы келмейтіндей* талаптар қойды. Егер Струве мырза қазір (социал-демократтарды айтпағанның өзінде) трудовиктерге [29] қарсы ашуланып отырса, егер *«Речь»* [30] соларға қарсы тұтас жорық жасап отырса, мұның өзі кездейсоқтық емес және көрсеткен қызметін мужик қабылдамай тастаған буржуазиялық адвокаттың жай өкініші емес. Бұл — кадеттердің эволюциясындағы болмай қоймайтын саяси қадам: помещиктерді трудовиктермен жарастыруға реті келмеген екен,— *демек* (буржуазиялық интеллигенцияның *тек* осындай қорытынды шығаруы мүмкін), демек, тым қалың бұқараны помещиктерге қарсы күреске көтерудің керегі жоқ, қайта трудо-

виктердің талаптарын *кеміту* керек, помещиктерге *тағы да икемделе түсу керек,* Струве мен «Речьтің» айтатынындай, «революциялық утопияларды аулақ тастау керек» немесе, кадеттердің жаңа қызметшісі Горн мырзаның айтатынындай, батыл ұрандар ойлап шығаруды және қозғалысты жеделдетуді қою керек.

Үкімет сайлауды түгелдей помещиктердің қолына беріп, іс жүзінде шаруаларды сайлау праволарынан айырып, помещиктерге *бейімделіп отыр.* Кадеттер трудовиктерді революцияшылдығы және қарыспалығы үшін жерден алып, жерден салып, помещиктерге бейімделіп отыр. Жалпы алғанда «Товарищтің» қызметкерлері, соның ішінде әсіресе Горн мырза сияқты бейпартиялық саясат құмарлар пролетариат пен шаруаларды өз саясатын кадеттік саясатпен «келістіруге» (Неведомский мырза бойынша «үйлестіруге»), кадеттермен «демократиялық коалиция» жасасуға, «батыл ұрандардан» безуге және т. с. шақырып, помещиктерге бейімделіп отыр.

Үкімет үздіксіз әрекет жасауда. «Жеделдетілген қозғалыс» жеңіп алғанды және осы қозғалыс толастағанда қорғаныссыз қалғанды үкімет бірте-бірте тартып алуда. Помещик мырзаларды қандай «реформаларға» разы қылуға болар екен деп, үкімет бірте-бірте сынап көруде. Кадеттер мұны істей алмады емес пе? Кадеттер мұны өздерінің шын тілегеніне және болымсыз әрекеттеріне қарамастан, солшылдар тарапынан кедергілер болғаны себепті істей алмады емес пе? Демек, «солшылдардың» сайлау праволарын күзеп шұнтиту керек және мұның шешімін октябристердің қолына беру керек: *бұл тәжірибенің де* сәті түспеген күнде ғана «Біріккен дворяндар советінің» [31] қол астына бүтіндей берілуге тура келеді.

Үкіметтің әрекеттерінде мағына, жүйе, логика бар. Бұл — помещиктің таптық мүдделерінің логикасы. Осы мүдделерді қорғап қалу керек және қалай дегенмен де Россияның буржуазиялық жолмен дамуын сақтап қалу керек болып отыр.

Үкіметтің осы жоспарларын жүзеге асыруы үшін *бұқараның* мүдделері мен қозғалысын *күшпен* басып-

жаншу, бұқарадан сайлау праволарын тартып алып, оларды 130 мыңның жазалауына беру керек болып отыр. Осы жоспарларды жүзеге асыруға реті келер ме екен,— бұл мәселені қазір ешкім шешпейді. Бұл мәселені тек *күрес* қана шешеді.

Біз, социал-демократтар, бұл мәселені *өзіміздің* күресімізбен шешеміз. Ал кадеттер болса бұл мәселені... *солшылдарға қарсы күрес* арқылы шешуде. Кадеттер бұл мәселені *үкіметтің* шешуін *жақтап* күресуде: олар мұны екінші Думада парламенттік майданда ұдайы істеп келді. Олар социал-демократтарға қарсы және трудовиктерге қарсы өздерінің идеялық күресі арқылы қазір де осыны ұдайы істеп келеді.

Әрине, бұл қатардағы орыс интеллигенті үшін, сол сияқты кез келген шала білімді мещан үшін де парадокс болып естіледі; өздерін демократтармыз деп атайтын, либералша сөз сөйлейтін кадеттер мәселені үкіметтің шешуін жақтап күреседі! Мұның өзі — мүлде үйлеспейді! Демократтар екен,—ендеше, оларды «демократиялық коалицияға» ытқыт! Ал бұл тіпті орыс революциясының екі жылының өзінде *әр түрлі таптардың күресінен* үкімет шараларының да, либералдық сөзуарлықтың да шын астарын іздестіруді үйренбеген саяси аңқаулар үшін айқын қорытынды емес пе. Бізде интеллигенттік лагерьден шыққан, тап күресі принципін мойындайтын, ал іс жүзінде кадеттер туралы да, Думаның ролі туралы да, бойкот туралы да таза либералдарша пайымдайтын «марксистер» әлі қанша десеңізші! Европаға көптен бері-ақ мәлім мына құбылысты: үкіметке қарсы шешенсіп сөйлейтін либералдың қандай да болса елеулі мәселеде үкіметті қолдайтынын әлгі саяси ашық ауыздардың аңғарып біліп алуы үшін кадеттердің бюджетті жақтап әлі әлденеше дүркін дауыс беруі керек болады десеңізші.

Екінші Думаны үшінші Думаның ауыстырғаны октябристерше әрекет жасайтын кадетті кадеттің жәрдемімен әрекет жасайтын октябристің ауыстырғаны болып табылады. Екінші Думада өздерін халықтың есебінен демократпыз деп атаған және буржуазияның есебінен үкіметті қолдаған буржуазиялық интеллигент-

тер партиясы басым болды. Үшінші Думада помещиктер мен ірі буржуа партиясы басым болуға тиіс, олар әдейі оппозиция етіп көрсету үшін және өз қызметіне жарату үшін буржуазиялық интеллигенцияны жалдап алады. Бұл оп-оңай нәрсені кадеттер партиясының бүкіл саяси іс-әрекеті және әсіресе екінші Дума дәлелдеп берді. Бұл оп-оңай нәрсені қазір тіпті тоғышар да түсіне бастады: біз Жилкин мырза сияқты куәны дәлелге келтіреміз, ал оны большевизмге тілектес немесе кадеттермен әдейі әрі бітіспес жаулас деп күмәндану ерсі болар еді.

«Товарищтің» бүгінгі (351) номерінде Жилкин мырза «сергек» (sic!* «сергектікті» Горн немесе Неведомский қалай түсінсе, Жилкин мырза да солай түсінеді) провинциалдың алған әсеріп былай суреттейді:

«Мен әңгімелескен октябристерден шыққан помещиктер былай деп пайымдайды: «кадеттерді сайлауға болады. Олардың жақсылығы неде? Көнгіш келеді. I Думада көп талап қойды. II Думада талаптарын кемітті. Тіпті программасын да шолтитып кесіп тастады. Ал, III-де талабын тағы да кемітеді. Байқап тұрсаң, саудаласа келе бірдеңеге тоқтасады. Ал содан соң, егер тура шындықты айтатын болсақ, октябристерден өткізетін ешкіміміз жоқ.

...Мейлі, сол кадеттер-ақ өтсін. Біздердің арамыздағы айырмашылық онша үлкен емес. III Думада олар да оңшылдана түседі... Октябристермен лажсыз достасып келеміз... Сонда олардың шешендері немесе көрнекті адамдары қайда?»»

Кімде-кім партиялар туралы солардың аттарына, программаларына, уәделері мен сөздеріне қарап пікір айтатын болса, немесе кімде-кім буржуазиялық революцияда буржуазиялық демократияны қолдау туралы ақиқатты қайталайтын дөкір, бернштейншіленген «марксизммен» қанағаттанса, оның III Дума тұсында солшылдар мен кадеттердің демократиялық коалициясы жөнінде үміттенуіне болады. Ал, кімде-кімнің ең болмағанда бір тамшы революциялық сезімталдығы болса, революциямыздың берген сабақтарына ой жүгіртіп қарайтын болса, немесе кімде-кім тап күресінің принциптерін шын мәнінде негізге алып, партиялар туралы солардың таптық сипатына қарап пікір айтатын болса,— буржуазиялық интеллигенция партиясы-

* — солай! *Ред.*

ның ірі буржуазия партиясына малайларша қызмет етуге ғана жарайтындығына ол адам ешбір таңданбайды. Горндар мен Неведомскийлер мырзалардың: кадеттердің демократиямен арадағы пікір алалығы ерекше нәрсе, ал сол кадеттердің октябристермен арадағы пікір алалығы дағдылы нәрсе деп ойлауға ғана өресі жетті. Ал істің жайы мүлде керісінше болып отыр. Кадеттер — өздерінің бүкіл таптық жаратылысы жағынан октябристердің нағыз туысы. Кадеттік демократизм — сырты сұлу, іші қуыс әшекей, бұқараның демократизмін уақытша бейнелеу, немесе тура алдау, россиялық бернштейншілдер мен мещандар, әсіресе «Товарищ» газетіндегі мещандар осы алдауға түсіп қалып жүр.

Ал егер сіздер өзіміз ынта қойып отырған мәселеге осы жағынан көз жіберсеңіздер, егер сіздер кадеттің — мужикті қайыршылық реформамен қанағаттандыруда помещикке жәрдемдесіп жүрген осынау бір буржуазияшыл интеллигенттің шын тарихи ролін түсінсеңіздер,— онда пролетариатқа өз әрекеттеріңді кадеттермен *келісіп алыңдар* деп кеңес беруші Горндар мен Неведомскийлер мырзалардың бейне данасынған білгірлігі сіздерге айқын болады! Октябристердің уәде беріп жүрген «реформаларының» бейнесі бізге әбден айқын. Помещик мужикті «жайғастырады», жайғастырғанның өзінде, жазалаушы экспедициялар шығармайынша, шаруаларға дүре соқпайынша, жұмысшыларды атқыламайынша реформаларды қабылдауға халықты көндіруге болмады. Кадеттік профессор оппозицияға көшеді: ол жазалаушы экспедициялар туралы ережені конституциялық жолмен бекіту керектігін қазіргі заманғы право ғылымы тұрғысынан дәлелдеп, полицияның тым асыра сілтеушілігін сөгеді. Кадеттік адвокат оппозицияға көшеді: ол заң бойынша 200 рет емес, 60 рет дүре соғу керек және заңды мүлтіксіз орындауды шарт етіп қойып, дүре соғуға керек шыбықтар сатып алу үшін үкіметке ақша бөлу керек деп дәлелдейді. Кадеттік дәрігер болса, таяқ жеушінің тамырының соғуын байқап, соғылатын дүрені екі есе кеміту керектігі туралы зерттеу жазуға құлшынып отыр.

Кадеттік оппозиция екінші Думада осындай болмап па еді? Ал мұндай оппозициясы үшін кадетті октябристік помещик Думаға сайлайтыны былай тұрсын, оған профессорлық немесе басқа бір сондай жалақы төлеуге көнетіні де айқын емес пе?

Екінші Думада, екінші Думадан кейін немесе III Думаның тұсында социалистердің кадеттермен демократиялық коалиция жасасуының мәнісі — іс жүзінде, істің объективті жағдайларына қарай, жұмысшы партиясын либералдардың кор соқыр, бейшара шылауына айналдырып жіберу, пролетариаттың мүдделері мен революцияның мүдделеріне социалистердің толық опасыздық жасауы болып шығар еді; бұл одан басқа түк те емес. Неведомскийлер мен Горндар мырзалар не істеп жүргенін түсінбеулері әбден ықтимал. Мұндай адамдардың сенімі көбінесе тілдерінің ұшынан әрі аспайды. Ал шындап келгенде бұлардың көздегені жұмысшы табының дербес партиясын жоюға, социал-демократияны жоюға барып саяды. Өз міндеттерін түсінген социал-демократия мұндай мырзалардан арылуы керек. Амал не, бізде буржуазиялық революция категориясын осы уақытқа дейін тым бір жақты түсініп жүр. Бізде, мәселен, *сол* елдің буржуазиясы *іс жүзінде* қандай екенін, сол *ұлттық* буржуазиялық революцияда буржуазия мен ұсақ буржуазияның *ұлттық* ерекшеліктері қандай екенін пролетариатқа сол революцияның көрсетуге тиіс екенін, тек соның ғана пролетариатқа тұңғыш рет көрсете алатынын естен шығарушылық бар. *Өз* елінің тарихы пролетариатқа буржуазияның тап ретіндегі, саяси тұтас топ ретіндегі *бүкіл бейнесін,*— мещандықтың топ ретіндегі, пәлендей бір ашық кең-саяси қимылдарда өзін әйгілеген белгілі идеялық және саяси тұлға ретіндегі бүкіл бейнесін көрсеткенде ғана, пролетариат шын, түпкілікті және жаппай жеке дара тап болып шығады, өзін барлық буржуазиялық партияларға қарама-қарсы қоя алады. Біз капиталистік қоғамда буржуазия мен ұсақ буржуазияның таптық мүдделерінің мазмұнына қатысы бар теориялық ақиқаттарды пролетариатқа үнемі түсіндіріп отыруға тиістіміз. Алайда бұл ақиқаттар осы не

басқадай таптың партияларының әрекетін сол пролетарлық таптар көріп, сезгенде ғана, олардың таптық жаратылысын айқын ұғынып, оған буржуазиялық партиялардың күллі бет-бейнесі жөніндегі пролетарлық психиканың тікелей әсері қосылган кезде ғана, шын мәнінде қалың пролетарлық бұқараның сүйегіне сіңіп, қанына тарайды. Буржуазиялық революцияда буржуазияның дәл біздегідей реакцияшыл айуандығы, ескі өкіметпен соншалықты тығыз байланыстылығы, мәдениетке, прогреске, адам қасиетін қоргауға шын тілектестік білдіруге тым құрығанда иненің жасуындай ұқсас болудан «ада қалғандығы», сірә, дүниеде еш жерде болмаған шығар,— ендеше біздің пролетариат орыс буржуазиялық революциясынан буржуазияға деген өшпенділігін еселей түсіп, оған қарсы күресуге бекем бел байлап шығатын болсын. Арғысы «халықтық социалистер» [32] мен трудовиктерден бастап, бергісі социал-демократияға қыстырылып кіріп кеткен интеллигенттерге дейінгі ұсақ буржуазияның күресте мұндай қорқақтық пен дәйексіздік жасауы, ренегаттық пиғылдарының соншама пасықтықпен өршуі, буржуазиялық сән немесе реакциялық зорлық-зомбылық сабаздарына соншама жарамсақтануы, тегі, дүниеде еш жерде болмаған шығар,— ендеше біздің пролетариат біздің буржуазиялық революциядан ұсақ буржуазиялық болбырлық пен тұрлаусыздықты жек көрушілігін еселеп күшейтіп шығатын болсын. Біздің революциямыз алдағы уақытта қалай ілгері басса да, кейде пролетариаттың қандай ауыр кездерді басынан кешіруіне тура келсе де,— осы өшпенділік пен осы жек көрушілік оның қатарын топтастыра түседі, оны бөтен таптардан келген жарамсыз өкілдерден тазартады, оның күшін молайтады, оны кезі келгенде бүкіл буржуазиялық қоғамға күйрете соққы беруге шыңдай түседі.

1907 ж. 22 августа (4 сентябрьде) жазылған

1907 ж. сентябрьдің басында мына бірінші жинақта басылған: «Өмір үні». С.-Петербург
Қол қойған: Н. Л.

Жинақтың тексті бойынша басылып отыр

ШТУТГАРТТАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК КОНГРЕСС [33]

Осы жылдың авгусында Штутгартта болған халықаралық социалистік конгресс адамдардың көп қатысуымен және өкілдігінің толықтығымен ерекшеленеді. Дүниенің бес бөлігінің бәрі де делегаттар жіберді, олардың жалпы саны 886 болды. Ал конгресс пролетарлық күрестің халықаралық бірлігінің орасан зор демонстрациясы болғандығының үстіне, ол социалистік партиялардың тактикасын белгілеп беру ісінде де аса көрнекті роль атқарды. Осы уақытқа дейін жеке социалистік партиялардың тек қана өз ішінде шешіліп келген бірсыпыра мәселелер жөнінде конгресс ортақ қарарлар шығарды. Социализмнің халықаралық тұтас күш болып топтасқаны түрлі елдерде принципті түрде бірдей шешуді қажет ететін мәселелердің сан мөлшерінің көбейгендігінен де ерекше айқын көрініп отыр.

Біз төменде Штутгарт қарарларының [34] толық текстін басып отырмыз. Талас туғызған басты пункттер мен конгресте болған айтыстардың сипатын атап көрсету үшін, енді сол қарарлардың әрқайсысына қысқаша тоқталып өтейік.

Отар мәселесі халықаралық съездерге бірінші рет қойылып отырған жоқ. Халықаралық съездердің осы кезге дейінгі қарарлары буржуазияның отар саясатын тонау және зорлық жасау саясаты деп әрқашан да үзілді-кесілді айыптап келді. Бұл жолы съезд комиссиясының құрамында голландық Ван Коль бастаған оппортунистік элементтер басым болып шықты. Қарар-

дың жобасына: социалистік режим тұсында цивилизаторлық роль атқара алатын отар саясатының қандайын болса да конгресс принципті түрде теріске шығармайды деген сөйлем енгізілді. Комиссияның азшылығы (неміс Ледебур, поляк және орыс социал-демократтары және көптеген басқалар) мұндай пікірді енгізуге қарсы батыл наразылық білдірді. Мәселе съездің талқылауына қойылды, ал екі ағымның күштері мөлшері жағынан бір-бірімен шамалас болып шыққаны соншалық, күрес ерекше қызу өріс алды.

Оппортунистер Ван Коль жағына топталды. Бернштейн мен Давид неміс делегациясының көпшілігі атынан «социалистік отар саясатын» мойындауды жақтап сөйлеп, реформаларды теріске шығарудың пайдасыздығы үшін, реформалардың маңызын ұқпағандықтары үшін, іс жүзінде отарлық программасының жоқтығы және т. с. үшін радикалдардың тас-талқанын шығарды. Ал Каутский бұларға қарсылық білдірді, съезден неміс делегациясының көпшілігіне *қарсы* шығуды сұрауға мәжбүр болды. Ол былай деп әділдігін айтты: қарарда реформалар үшін күресуді теріске шығару туралы әңгіме болып отырған жоқ, қарардың ешқандай талас туғызбай отырған өзге бөлімдерінде бұл туралы барынша анық айтылған. Біз буржуазиялық тонаушылық пен зорлықтың қазіргі тәртібіне кеңшілік жасауға тиіспіз бе, жоқ па,— әңгіме осы туралы болып отыр. Қазіргі отар саясаты конгрестің талқылауына жатады және бұл саясат жабайы халықты тікелей құл етуге негізделген: буржуазия іс жүзінде отарларда құлдық енгізіп, арақ пен мерезді тарату арқылы байырғы халықтарды «цивилизациялап», оларды адам айтқысыз қорлаушылық пен зорлық-зомбылыққа ұшыратып отыр. Демек істің жайы осындай болып отырғанда, социалистер отар саясатын принцип жағынан мойындаудың мүмкіндігі туралы екіұшты сөздер айтатын болды! Ал мұның өзі тура буржуазиялық көзқарасқа көшкендік болар еді. Мұның мәнісі — пролетариатты буржуазиялық идеологияға, қазір тым қандайсып кеудесін көтеріп жүрген буржуазиялық

империализмге бағындыруға батыл қадам басқандық болып шығар еді.

Комиссияның ұсынысы съезде көпшілік 128 дауыспен қабылданбай тасталды, оны жақтап 108 дауыс берілді, 10 дауыс (Швейцария) қалыс қалды. Штутгартта дауыс беру кезінде ұлттардың дауыс мөлшерін бірінші рет түрліше: 20 дауыстан (ірі ұлттар, оның ішінде Россия да бар) 2 дауысқа дейін (Люксембург) алғанын ескерте кетелік. Отар саясатын не қолданбайтын, не сол саясаттан жапа шегіп отырған ұсақ ұлттардың жиынтығы тіпті пролетариатты да жаулап алуға құмартуға біраз шалдықтырған мемлекеттердің жиынтығынан асып түсті.

Отар мәселесі жөніндегі осы дауыс берудің өте зор маңызы бар. Біріншіден, буржуазиялық алдап-арбауға көніп отырған социалистік оппортунизм бұл арада өзін ерекше айқын әшкереледі. Екіншіден, бұл арада Европа жұмысшы қозғалысының бір тиімсіз жағы, пролетариат ісіне көптеген зиян келтіре алатын, сондықтан да шындап көңіл аударуға тұратын жағы байқалды. Маркс Сисмондидің орасан зор маңызы бар бір нақыл сөзіне талай рет көңіл аударған болатын. Ежелгі заманның пролетарлары, дейді бұл нақыл сөз, қоғамның есебінен өмір сүрген еді. Қазіргі қоғам пролетарлардың есебінен өмір сүріп отыр [35].

Кедей тап, бірақ еңбек етпейтіндер, қанаушыларды құлата алмайды. Әлеуметтік революция жасау бүкіл қоғамды асырап отырған пролетарлар табының ғана қолынан келеді. Европа пролетариаты *ішінара* мынадай жағдайға душар болады: бүкіл қоғам Европа пролетарларының еңбегімен *емес,* қайта отарлардағы құлдыққа түскен байырғы жұрттың дерлік еңбегімен күнелтіс жасайды, міне кеңінен етек алып отырған отар саясаты осыған әкеліп соқтырды. Мысалы, ағылшын буржуазиясы ағылшын жұмысшыларынан түсіретін табыстан гөрі, Индияның және басқа ағылшын отарларының ондаған және жүздеген миллион халықтарынан көбірек табыс алады. Мұндай жағдайларда белгілі бір елдерде қайсыбір елдің пролетариатының отаршылық шовинизмге шалдығуына материал-

дық, экономикалық негіз жасалады. Мұның өзі, әрине, өткінші құбылыс қана болуы мүмкін, алайда мұндай оппортунизмге қарсы күреске барлық елдердің пролетариатын топтастыра білу үшін, зияндылықты айқын түсініп, оның себептерін біліп алу керек. Ал мұндай күрес жеңіске сөзсіз жеткізеді, өйткені капиталистік ұлттардың жалпы санындағы «пұрсатты жағдайдағы» ұлттардың үлес салмағы барынша аз болып отыр.

Әйелдердің сайлау правосы туралы мәселе конгресте талас тудырған жоқ деуге болады. Тек ағылшынның нағыз оппортунистік «Фабий қоғамынан» [36] келген бір ағылшын әйелі ғана әйелдерге тежеулі сайлау правосын беру, яғни жалпыға бірдей емес, цензді сайлау правосын беру жолындағы социалистік күрестің мүмкін екенін қорғауға әрекеттеніп көрді. Фабийшіл әйел мүлде жалғыз қалды. Оның көзқарастарының астары айқын: ағылшынның буржуазиялық ханымдары сайлау праволарын өздері алып, бұл праволарды пролетариат әйелдерге бергізбеу ниетін көздейді.

Штутгартта дәл сол үйде халықаралық социалистік конгреспен қатар әйелдердің халықаралық бірінші конференциясы да болып өтті. Осы конференцияда және съездің комиссиясында, қарарды талқылаған кезде, неміс және австрия социал-демократтары арасында қызықты таластар болды. Австрия социал-демократтары жалпыға бірдей сайлау правосы үшін өзінің жүргізген күресі кезінде әйелдерді еркектермен теңгеру талабын біраз кейінге сырғытып тастады: олар практицизм тұрғысынан қарап, жалпыға бірдей сайлау правосын емес, қайта өз талабы ретінде, еркектердің сайлау правосын баса көрсетті. Цеткина және немістің басқа да социал-демократтарының сөздерінде: австриялықтардың теріс баққаны, еркектерге ғана емес, тіпті әйелдерге де сайлау праволарын беру талаптарын барынша жігерлі түрде қоймай, бұқаралық қозғалыстың күшін бәсеңдеткені оларға әділ көрсетілді. Штутгарт қарарының соңғы сөздерінің («еркектерге де, әйелдерге де жалпыға бірдей сайлау правосын беру талабын *бір мезгілде* қою қажет») Австрия жұмысшы қозғалы-

сы тарихындағы шектен асқан «практицизмнің» осы оқиғасына күмәнсыз қатысы бар.

Социалистік партиялар мен кәсіптік одақтардың арасындағы қатынас туралы қарардың біздер, орыстар, үшін ерекше үлкен маңызы бар. РСДРП Стокгольм съезі *бейпартиялық* одақтарды жақтап шықты, сөйтіп бейтараптық көзқарас тұрғысында болды. Біздегі бейпартиялық демократтар, бернштейншілдер мен эсерлер нақ осы көзқарасты әрдайым қорғап келді. Лондон съезі, мұның керісінше, басқадай принципті: одақтарды (белгілі бір жағдайларда) партиялық деп тануға дейін барып, одақтарды партиямен жақындастыру принципін ұсынды. Штутгартта орыс секциясының социал-демократиялық қосалқы секциясы (халықаралық конгрестерде әр елдің социалистері өз алдына дербес секция құрады) әлгі мәселені талқылаған кезде жікке бөлінді (қалған мәселелер жөнінде жікке бөліну болған жоқ). Атап айтқанда: Плеханов бейтараптықты принципті түрде қорғады. Большевик Воинов Лондон съезінің және Бельгия қарарының (конгрестің материалдарында де-Брукердің баяндамасымен бірге басылған қарар; бұл баяндама таяуда орыс тілінде шығады) бейтараптыққа қарсы көзқарасын жақтады. Кл. Цеткина өзінің «Die Gleichheit» [37] газетінде: французлардың дәлелдері сияқты, Плехановтың бейтараптықты қорғаудағы дәлелдері де қисынсыз болды, деп әділ көрсетті. Ал Штутгарт съезінің қарары «бейтараптықты» принципті түрде мойындауды үзілді-кесілді жояды, мұны Каутский әділ көрсетті және бұл қарармен зейін қойып танысқан адамның қай-қайсысының да бұған көзі жетеді. Бейтараптық немесе бейпартиялық туралы онда ешбір сөз жоқ. Қайта керісінше, одақтардың социалистік партиямен тығыз байланысты болуының қажеттігі мен бұл байланыстарды нығайтудың қажеттігі мейлінше анық мойындалған.

Қазіргі Штутгарт қарары кәсіптік одақтар туралы РСДРП Лондон қарарының берік принципті негізі болды. Штутгарт қарары одақтардың социалистік партиямен берік және тығыз байланысы болуы жалпы және барлық елдер үшін қажет деп ұйғарды; Лондон

қарары: Россия үшін мұндай байланыстың формасы, мұндай байланысқа қолайлы жағдайлар болған күнде, одақтардың партиялылығы болуға тиіс екендігін, партия мүшелерінің қызметі осыған бағытталуға тиіс екендігін көрсетеді.

Айта кетелік, Штутгартта бейтараптық принципі өзінің зиянды жақтарын байқатып алды: неміс делегациясының жартысы, кәсіптік одақтардың өкілдері, оппортунистік көзқарасты мейлінше батыл ұстады. Сондықтан, мысалы, Эссенде немістер Ван Кольге қарсы болды (Эссенде кәсіптік одақтардың съезі емес, тек партия съезі ғана болды), ал Штутгартта Ван Кольді жақтады. Бейтараптықты уағыздау социал-демократиядағы оппортунизмге қол жаулық болып, *іс жүзінде* Германияда зиянды нәтижелер берді. Бұл фактімен бұдан былайғы жерде санаспауға болмайды, әсіресе Россияда санасу керек, өйткені мұнда пролетариаттың буржуазиялық-демократиялық ақылгөйлері — пролетариатқа кәсіптік қозғалыстың «бейтараптығын» ұсынушы ақылгөйлер соншалық көп.

Эмиграция мен иммиграция жөніндегі қарар туралы біз бірнеше сөз ғана айтамыз. Комиссияда бұл жөнінде де тар өрісті цехтық көзқарасты қорғауға, артта қалған елдерден жұмысшылардың (кули—Қытайдан және т. б.) иммиграция жасауына тыйым салуды өткізуге әрекеттенушілік болды. Бұл —кейбір «цивилизациялы» елдердің пролетарлары арасындағы өзінің пұрсаттылық жағдайынан белгілі бір пайда түсіретін бәз-баяғы «аристократизм» рухы, сондықтан да ол халықаралық таптық ынтымақтық талабын ұмытуға бейім тұрады. Конгрестің өзінде осы цехтық және мещандық тар өрістілікті қорғаушылар табылмады. Қарар революциялық социал-демократияның талабына толық сай келеді.

Конгрестің соңғы және ең маңызды дерлік қарарына: антимилитаризм туралы мәселе жөніндегі қарарына көшейік. Франция мен Европада көп шу көтерген атышулы Эрве соғыс атаулыға қарсы стачкамен, көтеріліспен «жауап беруді» аңғалдықпен ұсынып, бұл мәселе жөнінде жартылай анархистік көзқарасты қорғады. Ол, бір жағынан, соғыс дегеніміз капитализмнің қа-

жетті нәтижесі екендігін, ал пролетариаттың революциялық соғысқа қатысудан безе алмайтындығын, өйткені капиталистік қоғамдарда мұндай соғыстардың болуы мүмкін екендігін және мұндай соғыстардың болып келгендігін түсінбеді. Ол, екінші жағынан, соғысқа «жауап беру» мүмкіндігі соғыс туғызатын дағдарыстың сипатына байланысты екендігін түсінбеді. Күрес құралдарын таңдап алу осы жағдайларға байланысты, мұнымен бірге бұл күрес (бұл —эрвеизмнің түсінбегендігінің немесе жете түсіне білмегендігінің үшінші пункті) тек соғыстың орнына бейбітшілік орнатумен ғана тынбай, капитализмді социализммен алмастыру үшін күрес болуға тиіс. Мәселенің түйіні тек соғыстың тууына кедергі жасауда ғана емес, қайта соғыс туғызатын дағдарысты буржуазияны құлатуды тездетуге пайдалануда болып отыр. Алайда эрвеизмнің бүкіл жартылай анархистік қисынсыздықтарының ішінде практикалық дұрыс бір астар жатты: күрестің тек парламенттік құралдарымен ғана тынбау, соғыс тудырмай қоймайтын дағдарыстарға байланысты, қимыл-әрекеттің революциялық тәсілдерінің қажеттігін түсініп алуды бұқара арасында дамыту мағынасында,— ақырында, жұмысшылардың халықаралық ынтымағының қажеттігі жөнінде және буржуазиялық патриотизмнің жалғандығы жөнінде неғұрлым нақты түсінікті бұқара арасында өрбіту мағынасында социализмге қозғау салу.

Немістер ұсынған және барлық маңызды мәселелер жөнінде Гедтің қарарымен үйлес келген Бебель қарары атап айтқанда пролетариаттың белсенді міндеттері ешқандай көрсетілмегендіктен де ақсап жатты. Бұл — Бебельдің ортодоксті қағидаларын оппортунистерше теріс оқуға мүмкіндік берді. Фольмар бұл мүмкіндікті дереу нақты шындыққа айналдырды.

Сондықтан Роза Люксембург пен социал-демократиялық орыс делегаттары Бебельдің қарарына өз түзетулерін енгізді. Бұл түзетулерде 1) милитаризм дегеніміз — таптық езгінің басты құралы екендігі айтылды; 2) жастар арасында үгіт жүргізу міндеті көрсетілді; 3) социал-демократияның міндеті тек соғыстың тууы-

на қарсы күресу немесе әлден басталған соғыстарды дереу тоқтату үшін ғана күресу емес, оның үстіне соғыс туғызатын дағдарысты буржуазияның құлауын тездетуге пайдалану үшін де күресу екендігі көрсетілді.

Бұл түзетулердің бәрін кіші комиссия (антимилитаризм туралы мәселе жөніндегі комиссия сайлаған кіші комиссия) Бебельдің қарарына енгізді. Жорес мұның үстіне орынды жоспар ұсынды: күрес тәсілдерін (стачка, көтеріліс) көрсетудің орнына пролетариаттың Европада болған демонстрацияларынан бастап Россияда болған революцияға дейінгі соғысқа қарсы күресінің тарихи мысалдарын көрсетуді ұсынды. Күллі осы өңдеулердің нәтижесінде, рас, шамадан тыс шұбалаңқы, бірақ оның есесіне пікірлері жағынан нағыз бай және пролетариаттың міндеттерін дәл көрсететін қарар пайда болды. Бұл қарарда ортодокстік, яғни бірден-бір маркстік ғылыми талдаудың мінсіздігі жұмысшы партияларына күрестің нағыз батыл және революциялық шараларын ұсынумен барып ұштасты. Аңғырт эрвеизмнің тар шеңберіне бұл қарарды сыйғызуға болмайтыны тәрізді, оны Фольмарша теріс оқуға да болмайды.

Жалпы және тұтас алғанда, Штутгарт съезі халықаралық социал-демократияның оппортунистік және революциялық қанаттарын толып жатқан аса ірі мәселелер арқылы айқын салыстырып, бұл мәселелердің революциялық марксизм рухындағы шешімін берді. Бұл съездің осы съездегі айтыстар арқылы айқындала түскен қарарлары әрбір насихатшы мен үгітшінің тұрақты серігі болуға тиіс. Барлық елдердің пролетарлары тактикасының бірлігі мен революциялық күресінің бірлігі Штутгартта істелген істі мықтап алға бастырады.

1907 ж. августың аяғында — сентябрьдің басында жазылған

1907 ж. 20 октябрьде «Пролетарий» газетінің 17-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ШТУТГАРТ КОНГРЕСІНІҢ «МИЛИТАРИЗМ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАНЖАЛДАР» ТУРАЛЫ ҚАРАРЫ ЖӨНІНДЕ ЕСКЕРТУЛЕР

Конгресс былай деп есептейді: сондықтан жұмысшы табының және әсіресе оның парламенттердегі өкілдерінің міндеті, буржуазиялық қоғамның таптық сипатын еске ала отырып, мемлекеттердің жаулап алу саясатына қаржы бөлуден де бас тартып, бұл саясатқа қарсы барлық күшті салып күресу *және жұмысшы табының жастары социализм рухында, халықтардың бауырластығын түсіну рухында тәрбиеленетіндей етіп қимыл жасау болып табылады**).

. . .

*) Орысша түзетуде тағы мынадай қағида болатын: «сөйтіп, үстем таптар оны (жастарды) күресуші пролетариатқа қарсы өздерінің таптық үстемдігін нығайтатын қару ретінде пайдалана алмайтын болсын». Бұл сөздерді комиссия алып тастаған, оның себебі — бұл сөздерге біреулердің принцип жағынан қарсы болғандығынан емес, қайта немістердің бұл сөздерді герман социал-демократиялық ұйымдарын таратып жіберуге сылтау болуы мүмкін құпиялық деп санағандығынан болды. Бұл қысқартудан қарардың тиісті қағидасының негізгі мағынасы өзгерген жоқ.

. . .

Соғыс қаупі төнген жағдайда мүдделі елдердегі жұмысшы табы және оның парламенттегі өкілдері, Халықаралық бюроның қолдауын пайдаланып, өздері қолайлы деп санаған *құралдардың* бәрін қолданып, соғыстың жариялануына кедергі жасау үшін қолдан келгеннің бәрін істеуге міндетті, *ол құралдардың қандай болатындығы тап күресінің шиеленісу дәрежесіне және жалпы саяси жағдайға байланысты**).

. . .

*) Орысша түзетуде: бұл құралдар (соғысқа кедергі жасау үшін) тап күресінің шиеленісуіне, т. т. қарай өзгеріп отырады және *күшейе береді* (sich ändern und *steigern)* делінген. Комиссия: «өзгеріп отырады» деген сөздерді ғана қалдырып, «күшейе береді» деген сөздерді алып тастаған.

1907 ж. августың екінші жартысында жазылған

1907 ж. сентябрьдің басында мына бірінші жинақта басылған: «Өмір үні». С.-Петербург

Жинақтың тексті бойынша басылып отыр

ШТУТГАРТТАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК КОНГРЕСС [38]

Штутгартта жақын арада аяқталған конгресс пролетарлық Интернационалдың он екінші конгресі болды. Алғашқы бес конгресс бірінші Интернационалдың заманына (1866—1872 жылдар) жатады, бұл Интернационалды Маркс басқарды, ол — Бебельдің тауып айтқанындай —күресуші пролетариаттың халықаралық бірлігін жоғарыдан жасауға әрекеттенген болатын. Ұлттық социалистік партиялар әзірше топтасып, нығаймай тұрғанда, бұл әрекет табысқа жеткізуге тиіс емес еді, алайда бірінші Интернационалдың қызметі барлық елдердің жұмысшы қозғалысына ұлы көмек көрсетіп, өшпес із қалдырды.

1889 жылы Парижде болған халықаралық социалистік съезд екінші Интернационалдың бет ашары болды. Ұлттық бекем партияларға сүйенген жаңа Интернационал бұдан кейінгі Брюссельде (1891), Цюрихте (1893), Лондонда (1896), Парижде (1900) және Амстердамда (1904) болған съездерде түпкілікті нығайды. Штутгартта Европаның, Азияның (Жапония және Индияның бір бөлегі), Американың, Австралия мен Африканың (оңтүстік Африкадан бір делегат) 25 халқынан 884 делегат болды.

Штутгарттағы халықаралық социалистік конгрестің ұлы маңызы атап айтқанда мынада: ол екінші Интернационалдың түпкілікті нығайғанын және халықаралық съездердің бүкіл дүние жүзіндегі социалистік жұмыстың сипаты мен бағытына нағыз елеулі ықпал



Цѣна 25 коп.

«1908 жылғы барлық жұртқа арналған календарьдың» мұқабасы, мұнда Лениннің «Штутгарттағы халықаралық социалистік конгресс» деген мақаласы басылған. Лениннің өз календары

Кішірейтілген

жасай алатын тыңғылықты жиналыстарға айналғанын аңғартты. Халықаралық съездердің шешімдері ресми жағынан жеке ұлттар үшін міндетті емес, бірақ моральдық жағынан олардың маңызы мынадай: бұл шешімдерді орындамау іс жүзіне келгенде жеке партиялардың өз съездерінің шешімдерін орындамағанынан да гөрі сирегірек кездесетін ерекшелік болды. Амстердам съезі француз социалистерін біріктіре алды және оның министериализмге қарсы қарары бүкіл дүние жүзінің саналы пролетариатының еркін шын білдіріп, жұмысшы партияларының саясатын белгілеп берді.

Штутгарт съезі осы бағытта алға қарай ірі қадам жасады, социализмнің саяси жолын белгілейтін толып жатқан маңызды мәселелер жөнінде жоғарғы мекеме болды. Амстердам съезіне қарағанда, Штутгарт съезі бұл жолды оппортунизмге қарсы революциялық социал-демократия мағынасында әлдеқайда берік белгіледі. Клара Цеткина редактор болып жүрген неміс социал-демократиялық жұмысшы әйелдерінің органы «Die Gleichheit» («Теңдік») бұл жөнінде былай деп әділ айтып отыр: «барлық елдер социалистерінің ынтымақтасуы арқасында жеке социалистік партиялардың барлық мәселелер жөнінде оппортунизм жағына қарай әр түрлі ауытқушылықтары революциялық мағынада түзетілді».

Оның бер жағында әрі қайран қаларлық, әрі қайғылы оқиға мынау болды: марксизмдегі революциялық көзқарасты осы уақытқа дейін әрқашан жақтап келген герман социал-демократиясы тұрақсыз болып шықты немесе оппортунистік позицияға түсіп кетті. Штутгарт съезі Энгельстің неміс жұмысшы қозғалысы жөніндегі бір терең пікірінің дұрыстығын дәлелдеді. Энгельс 1886 жылы 29 апрельде бірінші Интернационалдың ардагері Зоргеге былай деп жазды: «Немістердің, әсіресе олар рейхстагқа соншалықты көп филистерлер жібергеннен соң (алайда, мұның осылай болатыны сөзсіз еді), халықаралық социалистік қозғалысты басқарушылар роліне таласқа түсіп отырғаны жалпы алғанда жақсы. Тыныштық уақытта Германияда баршасы

филистерлікке айналып кетеді; сондықтан мұндай кезде француз бәсекесінің қысымы аса қажет, ал бәсекеге жетімсіздік болмайды» [39].

Француз бәсекесінің қысымында Штутгартта ешқандай жетімсіздік болған жоқ және бұл қысым шынында да қажет болып шықты, өйткені немістер филистершілдікті аз байқатқан жоқ. Орыс социал-демократтарының мұны есте сақтауының өте-мөте маңызы бар, өйткені біздің либералдар (расында тек жалғыз либералдар ғана емес) неміс социал-демократиясының шынында қасиеті неғұрлым аз жақтарын еліктеуге лайықты үлгі деп көрсетуге жанталасып жүр. Бұл жайтты неміс социал-демократиялық ой-пікірінің өте-мөте ақылды және аса көрнекті жетекшілерінің өздері-ақ атап көрсетті және, жалған ұялшақтық атаулыны жауып қойып, оны сақтанарлық нәрсе деп батыл атады. «Амстердамда,— деп жазады Клара Цеткинаның журналы,— бүкіл дүние жүзілік пролетариаттың парламентінде болған күллі айтыстардың революциялық негізгі ой өзегі Дрезден қарары болды,— конгресте милитаризм туралы комиссияда Фольмардың, эмиграция туралы комиссияда Пепловтың, отар жөніндегі комиссияда Давидтың (сондай-ақ, өзіміз Бернштейнді де қосайық) сөйлеген сөздерінен Штутгартта оппортунистік сүйкімсіз, жарасымсыз сарын естілді. Комиссиялардың көпшілігінде, көптеген мәселелер жөнінде, Германия өкілдері бұл жолы оппортунизмнің жетекшілері болды». Штутгарт съезіне баға бере келіп, К. Каутский былай деп жазады: «герман социал-демократиясының екінші Интернационалда іс жүзінде осы кезге дейін атқарып келген басшылық ролі бұл жолы өзін еш нәрсемен де көрсете алмады».

Конгресте талқыланған жекелеген мәселелерді қарап шығуға көшейік. Комиссияда отар мәселесі жөніндегі пікір алалығын жоюдың сәті түспеді. Оппортунистер мен революционерлер арасындағы таласты съездің өзі шешті, шешкенде көпшілік 127 дауыспен революционерлердің пайдасына шешті, 10 дауыс қалыс қалып, 108 дауыс қарсы болды. Бұл арада реті келгенде айта кететін қуанарлық бір жай — Россия социалистерінің

бәрі барлық мәселелер жөнінде де бір ауыздан революциялық рухта дауыс берді. (Россияның 20 даусы бар, одан РСДРП 10 дауысқа, поляктарды қоспағанда, эсерлер — 7 және кәсіптік одақтардың өкілдері 3 дауысқа ие болды. Одан соң Польшаның 10 даусы болды: поляк социал-демократтарында 4, Поляк социалистік партиясы мен Польшаның орыс емес бөлімдерінде 6 дауыс. Ақырында, Финляндияның екі өкілінде 8 дауыс болды.)

Отар мәселесі жөніндегі комиссияда оппортунистер жағы көпшілік болып шықты, сондықтан да қарардың жобасында мынадай масқара сөздер пайда болды: «социалистік режим тұсында цивилизаторлық ықпал жасай алатын отар саясатының қандайын болса да конгресс принципті түрде және өне бойы теріске шығармайды». Іс жүзінде бұл қағида отарлық соғыстар мен айуандықтарды ақтайтын буржуазиялық саясат пен буржуазиялық дүние таным жағына қарай тікелей шегінгендікпен барабар еді. Бұл — Рузвельт жағына қарай шегінгендік деді бір американдық делегат. Бұл шегінушілікті отарлардағы «социалистік отар саясаты» мен жағымды реформаторлық жұмыстардың міндеттері арқылы ақтау әрекеттері мүлде орынсыз болып шықты. Социализм отарлардағы реформаларды қорғаудан еш уақытта бас тартқан емес және бас тартпайды да, бірақ «отар саясаты» саналатын жаулап алуға, бөтен халықтарды бағындыруға, зорлық-зомбылық жасауға және тонаушылыққа қарсы жүргізетін біздің принципті позициямызды босаңсытуға мұның үш қайнаса сорпасы қосылмайды, қосылмауға тиіс те. Барлық социалистік партиялардың программа-минимумы метрополияларға да, отарларға да қатысты. «Социалистік отар саясаты» деген ұғымның өзі ұшы-қиыры жоқ шым-шытырық бірдеңе. Съезд жоғарыда келтірілген сөздерді қарардан алып тастап, ол сөздерді отар саясатын бұрынғы қарардағылардан да гөрі әлдеқайда қатаң айыптайтын сөздермен ауыстырып, өте дұрыс істеді.

Социалистік партиялардың кәсіптік одақтарға көзқарасы туралы мәселе жөніндегі қарардың біздер, орыстар, үшін ерекше үлкен маңызы бар. Бұл мәселе

бізде күн тәртібінде тұр. Стокгольм съезі бұл мәселені *бейпартиялық* кәсіптік одақтардың пайдасына шешті, яғни өзіміздегі Плеханов бастаған *бейтараптықты* жақтаушылардың позициясын қуаттады. Лондон съезі бейтараптыққа *қарсы, партиялық* кәсіптік одақтар жағына қарай бір адым басты. Жұртқа мәлім, Лондон қарары кейбір кәсіптік одақтарда, әсіресе буржуазиялық-демократиялық баспасөзде үлкен таластар мен наразылықтар туғызды.

Штутгартта мәселе, істің мәні жағынан, нақ мына түрде болды: одақтардың бейтараптығы ма немесе олардың партиямен барған сайын тығыз жақындасуы керек пе? Сөйтіп халықаралық социалистік съезд одақтардың партиямен мейлінше тығыз жақындасуын жақтады, бұған оның қарарларымен танысқанда оқушының көзі жетеді. Кәсіптік одақтардың бейтараптығы туралы да, бейпартиялығы туралы да қарарда ешбір сөз жоқ. Сондықтан герман социал-демократиясында Бебельдің бейтараптығына қарсы, одақтардың партиямен жақындасуын қорғаған Каутскийдің Штутгарт съезі туралы Лейпциг жұмысшылары алдында берген есебінде былай деп атап көрсетуге толық правосы болды («Vorwärts» [40], 1907, № 209, Beilage):

«Штутгарт съезінің қарарында бізге керектің бәрі айтылған. *Қарар бейтараптықты мәңгі-бақи жоядыж».* Клара Цеткина былай деп жазады: «Пролетарлық тап күресінің негізгі тарихи тенденциясына — саяси күрес пен экономикалық күресті байланыстыруға, осы екі ұйымды социалистік жұмысшы табының тұтас бірыңғай күшіне мүмкіндігінше неғұрлым тығыз байланыстыруға принцип жағынан (Штутгартта) енді ешкім де қарсы болған жоқ. Тек орыс социал-демократтарының өкілі, Плеханов жолдас» (комиссияға «бейтараптықты» қорғаушы ретінде Плехановты жіберген меньшевиктердің окілі деу керек еді), «және француз делегациясының көпшілігі өз елдерінің ерекшелігін бетке ұстап, бұл принципті біраз тежеуді тым қисынсыз дәлелдермен ақтауға тырысып бақты. Конгрестің басым көпшілігі социал-демократияны кәсіптік одақтармен біріктірудің батыл саясатын жақтады...».

Плехановтың, Цеткинаның әділ пікірі бойынша, орынсыз дәлелі жария орыс газеттерінде осы күйінде таралғанын айта кету керек. Плеханов Штутгарт конгресінің комиссиясында мынаны сылтауратты: «Россияда революциялық 11 партия бар»; «кәсіптік одақтар бұлардың қайсысымен бірлесуі керек?» (цитатты «Vorwärts»-тан келтіріп отырмыз, № 196, 1. Beilage). Плехановтың бұл сылтауы факт жүзінде де, принцип жүзінде де теріс. Россияның әрбір ұлты ішінде социалистік пролетариатқа ықпал жасау жолында күресуші партия іс жүзінде екеуден артық емес: социал-демократия және социалист-революционерлер, Поляк социал-демократтары және Поляк социалистік партиясы[41], Латыш социал-демократтары [42] және Латыш эсерлері («Латыш социал-демократиялық одағы» деп аталатындар), Армян социал-демократтары және дашнакцутюндар [43] және т. с. Штутгартта Россия делегациясы да бірден екі бөлімге бөлінді. 11 деген сан мүлде еркін, қалай болса солай алына салынған, жұмысшыларды адастырады. Принцип жағынан алғанда Плеханов теріс айтып отыр, себебі — Россияда пролетарлық социализм мен ұсақ буржуазиялық социализм арасындағы күрес барлық жерде де, соның ішінде кәсіптік одақтарда да сөзсіз болмай қоймайды. Мысалы, ағылшындарда да күресуші социалистік екі партия: социал-демократия (S. D. F.)[44] мен «тәуелсіздер» (I. L. P.)[45] бола тұрса да, олар қарарға қарсы шығуды ойға алмады.

Штутгартта қабылданбай қалған бейтараптық жөніндегі идеяның жұмысшы қозғалысына қазірдің өзінде-ақ тигізген зияны аз емес, бұл Германияның мысалынан ерекше айқын көрініп отыр. Мұнда бейтараптық бәрінен де кеңірек уағыздалып, бәрінен көбірек қолданылды. Германиядағы кәсіптік одақтардың оппортунизм жағына соншалықты көрінеу ауытқығандығы осының нәтижесі болды, бұл ауытқушылықты тіпті мұндай мәселеге өте-мөте сақ қарайтын Каутскийдің өзі де ашықтан-ашық мойындады. Лейпциг жұмысшылары алдында берген есебінде, ол тұп-тура былай дейді: «егер неміс делегациясының құрамына көз жіберетіп

болсақ, онда бұл делегацияның Штутгартта көрсеткен «кертартпалығы» өзінен-өзі түсінікті болады. Бұл делегацияның жартысы кәсіптік одақтардың өкілдері болды, сөйтіп біздің партияның «оң қанатының» күші партия ішіндегі өзінің шын мәніндегі күшінен гөрі көбірек болып шықты».

Штутгарт съезінің қарары біздегі либералдар соншалықты құштар болып жүрген бейтараптық идеясынан орыс социал-демократиясының үзілді-кесілді қол үзуін, сөз жоқ, жеделдетуге тиіс. Қажетті сақтық пен дәйектілікті сақтай отырып, ешқандай жедел және орынсыз әрекет жасамай, біз кәсіптік одақтарда оларды социал-демократиялық партиямен барған сайын тығыз жақындастыра түсу рухында талмастан жұмыс істеуге тиіспіз.

Содан соң, Штутгарт конгресінің комиссиясында эмиграция мен иммиграция туралы мәселеде оппортунистер мен революционерлер арасындағы пікір алалығы әбден айқын көрінді. Оппортунистер артта қалған, надан жұмысшылардың — әсіресе жапондар мен қытайлардың қоныс аударуға деген правосын *тежеу* жөніндегі пікірді уағыздады. Мұндай адамдарда өрісі тар, цехтық томаға-тұйықтықтың, тред-юниондық ерекшеліктің рухы социалистік міндеттерді: пролетариаттың жұмысшы қозғалысына әлі де тартылмаған топтарының көзін ашып, оларды ұйымдастыру міндеттерін түсінуден басым болды. Конгресс бұл рухтағы ниеттің бәрін қабылдамай тастады. Тіпті қоныс аудару еркіндігін тежеуді жақтап берілген дауыстардың өзі комиссияда мүлде жалғызсырап қалды да, халықаралық съездің қарары барлық елдер жұмысшыларының таптық күресі ынтымағын толық мойындады.

Әйелдердің сайлау правосы туралы мәселе жөніндегі қарар да бір ауыздан қабылданды. Тек жартылай буржуазиялық «Фабий қоғамынан» келген бір ағылшын әйел ғана әйелдерге толық сайлау правосын беру үшін емес, дәулетті әйелдердің пайдасына бола ықшамдалған сайлау правосы үшін күресуге жол беруге болатындығын қорғады. Конгресс мұны сөзсіз қабылдамай тастады, жұмысшы әйелдер сайлау праволары жолын-

дағы күресті әйелдердің тең праволылығын буржуазиялық жақтаушы әйелдермен бірге жүргізбей, пролетариаттың таптық партияларымен бірге жүргізуі қажет деп тапты. Конгресс әйелдердің сайлау правосы жөніндегі науқанда социализм принциптерін және еркектер мен әйелдердің тең праволылығын толық қорғау қажеттігін, бұл принциптерді осы қолайлы ғой дейтін пікірлердің ыңғайымен бұрмаламау қажеттігін мойындады.

Комиссияда бұл жөнінде қызықты пікір алалығы туды. Австриялықтар (Виктор Адлер, Адельгейд Попп) еркектердің жалпыға бірдей сайлау правосы жолында күресу жөніндегі өз тактикасын ақтап сөйледі: олар осы правоны жеңіп алу мақсатына бола, әйелдер үшін де сайлау праволарын талап етуді үгіт ісінде бірінші орынға қоймаған қолайлы деп санады. Ал бұған неміс социал-демократтары, әсіресе Цеткина, австриялықтар жалпыға бірдей сайлау правосы жолында өздерінің науқанын жүргізіп жатқан кезде-ақ қарсы шыққан болатын. Цеткина баспасөз бетінде: әйелдердің сайлау праволарын талап етуді тіпті де қалтарыста қалдырмаған жөн болар еді, австриялықтар принципті осы қолайлы деген пікірлеріне бола оппортунистерше құрбан етті, ал егер әйелдердің сайлау правосын да жігер сала қорғаған болса, олар үгіттің өрісі мен халық қозғалысының күшін әлсіретпей, қайта күшейте түскен болар еді деп мәлімдеді. Комиссияда Цеткинаға немістің тағы бір атақты социал-демократ әйелі, Циц, толығынан қосылды. Адлердің австриялық тактиканы жанама түрде ақтаған түзетуі (бұл түзетуде: сайлау правосы жолындағы күрестің әрқашан еркектер мен әйелдердің тең праволы болу талабын қоя отырып жүргізілуі туралы айтылмай, шын мәнінде барлық азаматтар үшін сайлау правосы болуы жолында жүргізілетін күресте үзіліс болмауы туралы ғана айтылған) 9 дауыс алып, 12 дауыс қарсы болып, *қабылданбай* қалды. Комиссия мен конгрестің көзқарасы жоғарыда аты аталған Цицтің социалист әйелдердің халықаралық конференциясында сөйлеген сөзінен төменде келтірілген үзінділерде мейлінше дәлірек айтылған (бұл конференция конгрес-

пен қатар бір мезгілде Штутгартта болды): «Біз өзіміз дұрыс деп есептейтін нәрсенің бәрін принципті түрде талап етуге тиіспіз,— деді Циц,— ал күресу үшін күшіміз жетпей қалған жағдайда ғана біз қолымыз жететін нәрсені қабылдайтын боламыз. Социал-демократияның тактикасы әрқашан осылай болып келді. Біздің қоятын талабымыз неғұрлым шамалы болса, үкіметтің беретін жеңілдігі де соғұрлым шамалы болады...». Оқушы австрия және герман социал-демократ әйелдерінің бұл таласынан таңдаулы марксистердің ұстамды, принципті революциялық тактикадан болмашы шегінушілікке де соншалықты қатал қарайтынын көре алады.

Съездің соңғы күні жұрттың бәрінің назарын көбірек аударып келген милитаризм туралы мәселеге арналды. Атышулы Эрве соғысты жалпы алғанда капиталистік құрылыспен және антимилитаристік үгітті социализмнің бүкіл жұмысымен байланыстыра білмей, тым тиянақсыз позицияны қорғады. Қандай соғысқа болса да стачкамен және көтеріліспен «жауап беру» керек деген Эрвенің жобасы күрестің белгілі бір әдісін қолдану революционерлердің алдын ала жасаған шешіміне байланысты емес, қайта соғыс тудыратын экономикалық және саяси дағдарыстың объективті жағдайына байланысты екендігін мүлде түсінбеушілікті байқатты.

Ал егер Эрве, сөз жоқ, жеңіл ойлаушылық байқатса, үстірт қараса және әсерлі сөзге салынса, онда оған социализмнің жалпы ақиқаттарын догматтықпен баяндауды ғана қарсы қою асқан таяздық болып шығар еді. Бұл қатеге (мұнан Бебель мен Гед те онша құр еместі) әсіресе Фольмар ұрынды. Фольмар бір сарынды парламентаризмді әбден ұнататын адамдай шектен шыққан паңдықпен Эрвені жер-жебіріне жете сөкті, бірақ ол өз өрісінің тарлығы және оппортунизмнің қазымырлығы оны эрвеизмнің жанды жерін мойындауға *мәжбүр етіп* отырғанын сезбейді және бұл Эрвенің өзінің мәселе қойысының теориялық қисынсыздығы мен мағынасыздығына *қарамастан* осылай болып отыр. Кейде былай да болады: теориялық қисынсыздықтар қозғалыстың жаңа бет бұрылысында кейбір практика-

лық ақиқатты бүркемелейді. Сондықтан мәселенің осы жағын, күрестің бір ғана парламенттік тәсілдерін бағалап қана қоймауға, келешектегі соғыс пен келешектегі дағдарыстардың жаңа жағдайларына сәйкес қимыл жасауға шақыруды революцияшыл социал-демократтар, әсіресе Роза Люксембург өзінің сөзінде атап көрсетті. Орыстың социал-демократ делегаттарымен бірге (Ленин мен Мартов,— екеуі де бір бағытта сөйледі) Роза Люксембург Бебельдің қарарына түзетулер ұсынды, ал бұл түзетулерде жастар арасындағы үгіттің қажеттігі, соғыс тудырған дағдарысты буржуазияның құлауын тездету мақсатына пайдаланудың қажеттігі, тап күресінің шиеленісуіне және саяси жағдайдың өзгеруіне қарай күрес тәсілдері мен құралдарының сөзсіз өзгеретінін еске алудың қажеттігі атап көрсетілді. Бебельдің Фольмарша толғауға жол берген догматтық-сыңаржақ, жансыз қарарынан, сөйтіп түптеп келгенде мүлде басқаша қарар шықты. Антимилитаризмге бола социализмді ұмытуға дәті баратын эрвеистерге тағлым ретінде теориялық ақиқаттардың бәрі осы қарарда қайталанып айтылды. Ал бұл ақиқаттар парламенттік топастықты ақтаудың, тек жалғыз бейбіт құралдарды дәріптеудің, белгілі бір біршама бейбіт, тыныш жағдайдың алдында бас июдің кіріспесі емес,— қайта күрестің барлық әдістерін мойындаудың, Россиядағы революцияның тәжірибесін есепке алудың, қозғалыстың творчестволық, пәрменді жақтарын дамытудың кіріспесі болу кәдесіне асырылады.

Конгрестің антимилитаризм туралы қарарының нақ осы, ең тамаша және ең маңызды жағы Цеткинаның журналында, біз бірнеше рет көрсетіп өткен органда, өте дұрыс айтылған. «Бұл арада да,— дейді Цеткина антимилитаристік қарар туралы,— түптеп келгенде жұмысшы табының революциялық жігері (Tatkraft) және күреске өзінің қабілеттілігіне ерлік сенімі жеңіп шықты,— жеңгенде, бірінші жағынан, дәрменсіздіктің торығушылық інжілін және күрестің ескі, тек қана парламенттік тәсілдерімен шектелуге сіресіп ұмтылушылықты жеңіп шықты, екінші жағынан, француздың Эрве тәрізді жартылай анархистерінің қара дүрсін

антимилитаристік желігін де жеңіп шықты. Комиссияның да, барлық елдердің 900-дей дерлік делегаттарының да сайып келгенде бір ауыздан қабылдаған қарары халықаралық соңғы съезден бергі жерде революциялық жұмысшы қозғалысының орасан зор өрлегендігін жалынды сөздермен білдіріп отыр; қарар пролетарлық тактиканың икемділігін, оның дамуға қабілетті екендігін, бұған керекті жағдайлардың пісіп жетілуіне қарай оның *шиеленісетіндігін* (Zuspitzung) осы тактиканың принципі ретінде алға қойды».

Эрвеизмге тойтарыс берілді, бірақ оған тойтарыс берілгенде, оппортунизмнің пайдасына бола, догматизм мен керенаулық тұрғыдан ғана тойтарыс берілген жоқ. Күрестің барған сайын негұрлым батыл және жаңа тәсілдеріне адамдардың ұмтылып отырғанын халықаралық пролетариат бүтіндей мойындады және бұл ұмтылушылықты капитализм тудыратын экономикалық қайшылықтардың барлық шиеленісімен, дағдарыстардың барлық жағдайларымен байланысты етіп қойды.

Мән-мағынасыз эрвеистік қауіптілік емес,— әлеуметтік революцияның даусыз болатындығын айқын мойындап, күресті ақырына дейін жеткізуге берік бел байлаушылық, күрестің ең революцияшыл әдістеріне дайын тұрушылық,— Штутгарттағы халықаралық социалистік конгрестің милитаризм туралы мәселе жөніндегі қарарының маңызы міне осындай.

Пролетариат армиясы барлық елдерде нығайып келеді. Оның саналылығы, бірлігі мен батылдығы күн сайын емес, сағат сайын өсіп келеді. Капитализм де дағдарыстың жиілей түсуіне ойдағыдай қам жасап отырады, ал пролетариаттың әлгі армиясы бұл дағдарыстарды капитализмді қирату үшін пайдаланатын болады.

1907 ж. сентябрьде жазылған

1907 ж. октябрьде С.-Петербургте «Зерно» баспасы шығарған «1908 жылғы барлық жұртқа арналған календарьда» басылған
Қол қойған: Н. Л — ъ

«Календарьдың» тексті бойынша басылып отыр

К. ЦЕТКИНАНЫҢ «ШТУТГАРТТАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК КОНГРЕСС» ДЕГЕН МАҚАЛАСЫНА ЕСКЕРТУЛЕР [46]

ШТУТГАРТТАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК КОНГРЕСС*)

, . .

*) Бұл мақала неміс социал-демократиялық «Die Gleichheit» («Теңдік») екі апталығы бас мақаласының аудармасы; бұл екі апталық Германиядағы жұмысшы әйелдер қозғалысының органы, оны Клара Цеткина редакциялайды. Мұнда Штутгарт конгресіне мейлінше дұрыс және ғажап дарындылықпен баға берілген: съездегі жарыс сөздер мен қарарлардың орасан зор идеялық мазмұны қысқаша, анық, айқын қағидалар түрінде тұжырымдалған. Батыс Европаның социалистік баспасөзінен мәлім болған және Штутгарт съезі туралы талай өтірікті таратқан өзіміздегі газеттер, кадеттік және жартылай кадеттік («Товарищ» сияқты) газеттер көбіне-көп бұрмалаған кейбір фактілерді орыс оқушысының есіне салу үшін, бұл мақалаға біз өз тарапымыздан бірнеше ескерту қосамыз.

. . .

Социал-демократия мен кәсіптік одақтар арасындағы қатынастар туралы мәселе барлық елдердің саналы пролетарларының бір ауыздылығын бәрінен де артық көрсетті. Пролетарлық тап күресінің негізгі тарихи тенденциясына — саяси күрес пен экономикалық күресті, сондай-ақ екі ұйымды да социалистік жұмысшы табының тұтас бірыңғай күшіне мүмкіндігінше неғұрлым тығыз байланыстыру тенденциясына — принцип жа-

ғынан енді ешкім де қарсы болған жоқ. Тек орыс социал-демократтарының өкілі, Плеханов, және француз делегациясының көпшілігі өз елдерінің ерекше жағдайларын бетке ұстап, бұл принципті біраз тежеуді тым қисынсыз дәлелдер*) арқылы ақтауға тырысып бақты.

. . .

*) Штутгартта орыс социал-демократиялық делегациясы комиссияға өз өкілдерін тағайындау үшін мәселелерді мәніне қарай алдын ала талқыға салды. Кәсіптік одақтардың социалистік партияларға көзқарасы туралы мәселе жөніндегі комиссияда Плеханов орыс социал-демократтарының бәрінің өкілі емес, меньшевиктердің ғана өкілі болды. Плеханов комиссияға *«бейтараптық»* принципті қорғау үшін барған еді. Большевиктер комиссияға Воиновты жіберді, ол *партияның көзқарасын,* яғни бейтараптыққа қарсы, кәсіптік одақтардың партиямен аса тығыз жақындасуын жақтайтын Лондон съезі рухындағы шешімді қорғады. Демек, Кл. Цеткинаға «қисынсыз» болып көрінген дәлелдер РСДРП өкілінің дәлелі *емес,* РСДРП-дағы меньшевиктік оппозиция өкілінің дәлелі.

. . .

Бұл арада да, түптеп келгенде, жұмысшы табының революциялық жігері және күреске өзінің қабілеттілігіне берік сенімі, бірінші жағынан, өзінің дәрменсіздігіне торығып құлшылық етуді және күрестің ескі, тек қана парламенттік тәсілдерін сіресе қорғауды, екінші жағынан, француздың Эрве à l'a жартылай анархистерінің қара дүрсін антимилитаристік желігін жеңіп шықты*).

. . .

*) Мақала авторы социализмнен ауытқушылықтың конгресс қабылдамай тастаған екі түрін: Эрвенің жартылай анархизмі мен күрестің «тек қана парламенттік» формаларына енгізілген оппортунизмді қарама-қарсы қоя отырып, осы оппортунизмнің бірде-бір өкілін атамайды. Штутгарт съезінің милитаризм туралы мәселе жөніндегі комиссиясында Вандервельде де дәл әлгіндей қарама-қарсы қоюды қолданып, Фольмардың оппортунистік сөзіне қарсы шықты. Фольмар

Эрвені шығарып тастау керек деген емеурін білдірді,— деді Вандервельде,— мен бұған қарсылық білдіремін және Фольмарды бұдан сақтандырамын, өйткені нағыз солшылдарды шығару нағыз оңшылдарды да шығару туралы ой салған болар еді (Фольмар неміс оппортунистерінің ең барып тұрған «оңшылдарының» бірі).

. . .

Ақырында, әйелдердің сайлау правосы туралы мәселеде де әйелдердің сайлау правосын пролетариаттың таптық правосы мен таптық ісінің етене бөлегі ғана деп қарайтын айқын принципті таптық көзқарас әйелдер үшін берекесі қалмаған тежелген сайлау правосын үстем таптардан жеңілдік ретінде сұрап алуға дәмеленген буржуазиялық оппортунистік ұғымды жеңіп шықты*).

. . .

*) Штутгартта болған съезде буржуазиялық осы көзқарасты Fabian Society-ден бір ағылшын әйелі ғана қорғады («Фабий қоғамы» — нағыз оппортунизм көзқарасында тұрған интеллигенттік квазисоциалистік ағылшын ұйымы).

. . .

Сонымен қатар конгресс — бұл жөнінде интернационалдық әйелдер конференциясының қаулысын қуаттап — ешбір бұлтарыссыз былай деп мәлімдеді: социалистік партиялар сайлау правосы жолындағы күресінде «қолайлылық үшін деген пікірлердің» ешқандайымен де санаспастан, әйелдердің сайлау правосы жөніндегі принципті талапты алға қойып, қорғауға тиіс*).

. . .

*) Бұл Австрия социал-демократтары жөнінде емеурін білдіру еді. Әйелдердің халықаралық социалистік конференциясында да, съездің әйелдер мәселесі жөніндегі комиссиясында да неміс социал-демократ әйелдері мен Австрия социал-демократ әйелдері арасында айтыс болды. Кл. Цеткина сайлау правосы жолындағы үгітте *әйелдерге* сайлау правосын беруді талап етуді Австрия социал-демократтарының кейінге сырғытып тастағаны үшін оларды мұнан бұрынырақ баспасөзде жазғырғанды. Австриялықтар өте сәтсіз қорғанды, сондықтан бұл

мәселеде «австриялық оппортунизмді» жымысқылап өткізбекші болған Виктор Адлердің түзетуі комиссияда 9 дауыс алды да, 12 дауыс қарсы болып қабылданбай тасталды.

1907 ж. сентябрьде — октябрьдің басында жазылған

1907 ж. октябрьде мына жинақта басылған: «Шұғыла», I кітап. С.-Петербург

Жинақтың тексті бойынша басылып отыр

Вл. Ильинъ.

За 12 лѣтъ

СОБРАНІЕ СТАТЕЙ.

Томъ первый.

Два направленія
въ русскомъ марксизмѣ
и русской соціалдемократіи.

С.-ПЕТЕРБУРГЪ.
Типографія В. Безобразовъ и К°. В. О., Большой пр., д. № 61.
1908.

В. И. Лениннің «12 жыл ішінде» деген шығармалар жинағының титул парағы

Кішірейтілген

«12 ЖЫЛ ІШІНДЕ»[47] ДЕГЕН ЖИНАҚҚА АЛҒЫ СӨЗ

Оқушыға ұсынылып отырған мақалалар мен кітапшалар жинағы 1895 жылдан бастап 1905 жылға дейінгі дәуірді қамтиды. Мұнда бірге жинақталып отырған әдеби шығармалардың тақырыбы орыс социал-демократиясының программалық, тактикалық және ұйымдық мәселелері болып табылады. Бұл мәселелер Россиядағы маркстік ағымның оң қанатына қарсы күресте барлық уақытта қойылып, талдап шешіліп келеді.

Бұл күрес әуелі 90-жылдардағы біздегі жария марксизмнің басты өкілі Струве мырзаға қарсы таза теориялық салада жүргізіліп келді. 1894 жылдың аяғы мен 1895 жылдың басы біздегі жария публицистикада шұғыл бет бұрыс дәуірі болды. Марксизм алғаш рет жария публицистикаға «Еңбекті азат ету» тобының шетелдегі қайраткерлері арқылы ғана емес, сонымен қатар орыс социал-демократтары арқылы да ене бастады. Әдебиеттегі жандану және халықшылдықтың сол кезге дейін алдыңғы қатарлы әдебиетте тұтасынан дерлік үстем болып келген (мысалы, Н. К. Михайловский) ескі басшыларымен марксистердің қызу айтыстары Россияда бұқаралық жұмысшы қозғалысы өрлеуінің қарсаңы болды. Орыс марксистерінің әдеби еңбектері пролетариаттың күреске аттанысының, Петербургтегі 1896 жылғы атақты стачкалардың тікелей ізашары болды, бұл стачкалар содан бастап үздіксіз өрлеп келе жатқан жұмысшы қозғалысының,— біздің бүкіл рево-

люцияның осынау бір ең қуатты факторының заманын ашты.

Ол кездегі әдебиеттің жағдайлары социал-демократтарды Эзоп тілімен жұмбақтап сөйлеуге және практика мен саясаттан әлдеқайда аулақ нағыз жалпылама қағидалармен шектелуге мәжбүр етті. Бұл жағдай халықшылдықпен күресуде марксизмнің әр текті элементтерінің одақтасуын оте-мөте жеңілдетті. Шетелдегі және орыс социал-демократтарымен қатар бұл күресті Струве, Булгаков, Туган-Барановский, Бердяев сияқты мырзалар және т. с. адамдар жүргізді. Бұлар буржуазияшыл демократтар еді, халықшылдықтан іргесін аулақ салу біздер үшін мещандық (немесе шаруалар) социализмнен пролетарлық социализмге көшу болса, олар үшін буржуазиялық либерализмге көшу деген еді.

Қазір жалпы орыс революциясының тарихы, соның ішінде кадеттер партиясының тарихы, әсіресе Струве мырзаның (октябризмге дейін дерлік) эволюциясы бұл ақиқатты өзінен-өзі айқындады, оны публицистиканың қолдан-қолға өтетін бақыр ақшасына айналдырды. Ол кезде, 1894—1895 жылдары, бұл ақиқатты белгілі бір жазушының марксизмнен біршама аздап ауытқуы негізінде дәлелдеуге тура келді, ол кезде бұл ақшаны енді ғана жасай бастауға тура келді. Сондықтан да Струве мырзаға қарсы бағытталған өз еңбегімді (цензура өртеп жіберген «Россияның шаруашылық дамуы туралы мәселе жөніндегі материалдар», СПБ, 1895 ж. деген жинақта К. Тулин деп қол қойылып шыққан «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында сыналуы» деген мақала *) мен үш түрлі мақсатпен қазір түгелдей қайта бастырып отырмын. Біріншіден, оқушы жұртшылық Струве мырзаның кітабымен және халықшылдардың марксистерге қарсы 1894—1895 жылдардағы мақалаларымен таныс болғандықтан Струве мырзаның көзқарасын сынаудың да маңызы бар. Екіншіден, Струве мырзаға революцияшыл социал-демократ тарапынан жасалған сақтанды-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 1-том, 367—563-беттер. *Ред.*

рудың, біздің халықшылдарға жаппай қарсы шығуымызбен *бір мезгілде* жасалған сақтандырудың осындай мырзалармен одақ жасағанымыз үшін бізді әрдайым айыптап келген адамдарға жауап беру үшін де, Струве мырзаның өте-мөте атышулы саяси мансабына баға беру үшін де маңызы бар. Үшіншіден, Струвеге қарсы ескі айтыстың және көптеген жағдайларда ескіріп қалған айтыстың сабақ боларлық үлгі ретінде маңызы бар. Бұл үлгі ымыраға келмейтін теориялық айтыстың практикалық-саяси жағынан бағалы екенін көрсетеді. «Экономистермен» де, бернштейншілдермен де, меньшевиктермен де осылай айтысуға аса бейімділігі үшін революцияшыл социал-демократтарға сансыз көп мін тағылып келді. Ал қазір мұндай мін тағу социал-демократиялық партия ішіндегі «ымырашылдардың», партиядан тысқары тұрған «тілектес» жартылай социалистердің қолындағы ең өтімді товар болып тұр. Бізде жалпы алғанда орыстар, соның ішінде социал-демократтар, әсіресе большевиктер айтысқа және жікке бөлінушілікке тым бейім тұрады деп әңгіме қозғауды өте жақсы көреді. Бізде социализмнен либерализмге аттап кетуге тым бейім тұрушылықты жалпы алғанда капиталистік елдердің жағдайлары, соның ішінде Россиядағы буржуазиялық революцияның жағдайлары, әсіресе біздің интеллигенцияның өмірі мен қызметінің жағдайлары туғызатындығын ұмытуды да жақсы көреді. Осы тұрғыдан қарағанда бұдан он жыл бұрын не болғанын, сол кездің өзінде «струвизммен» теориялық жағынан қандай пікір алалығы байқалғанын, шамалы (алғаш қарағанда шамалы) алауыздықтан партиялардың саяси жағынан қалайша толық ажырасқандығын және парламентте, толып жатқан баспасөз органдарында, халық жиналыстарында және т. т. кескілескен күрестің қалай болғанын қарастыру тіпті де пайдасыз емес.

Мен сонымен қатар Струве мырзаға қарсы жазылған мақала жөнінде, ол мақаланың негізіне сол кездегі марксистердің шағын үйірмесінде 1894 жылдың күзінде өзім оқыған реферат алынғанын айтып өтуге тиіспін. Сол кезде Петербургте жұмыс істеген және бір

жылдан кейін «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» құрған социал-демократтар тобынан бұл үйірмеде Ст., Р. болды және мен болдым. Жария марксист-әдебиетшілерден П. Б. Струве, А. Н. Потресов және К. болды. Мен бұл үйірмеде «Марксизмнің буржуазиялық әдебиетте баяндалуы» деп аталған реферат оқыдым. Мұнда Струвемен айтыстың 1895 жылдың көктемінде басылған мақаладағыдан гөрі әлдеқайда-ақ қатты және айқын (социал-демократиялық қорытындылар бойынша) болғаны рефераттың атынан-ақ көрініп тұр. Ол ішінара цензура жөніндегі пікірден, ішінара халықшылдыққа қарсы бірігіп күресу үшін жария марксизммен «одақтасуға» бола жұмсартылды. Петербург социал-демократтарының сол кезде Струве мырзаны «солға қарай итермелегені» мүлде нәтижесіз қалған жоқ, мұны Струве мырзаның өртелген жинақтағы (1895 ж.) мақаласы және оның «Новое Слово»дағы» [48] кейбір мақалалары (1897 ж.) айқын дәлелдейді.

Оның үстіне, Струве мырзаға қарсы жазылған 1895 жылғы мақаланы оқығанда мынаны ескеру қажет: ол мақала көпшілік жағдайда ең соңғы кезде жазылған экономикалық еңбектердің (әсіресе «Капитализмнің дамуы») конспектісі болды. Ақырында, бұл мақаланың соңғы беттеріне оқушылардың назарын аудару керек, мұнда, марксистің тұрғысынан қарағанда, буржуазиялық революция қарсаңын басынан кешіріп отырған елде халықшылдықтың революциялық-демократиялық ағым ретіндегі *тиімді* белгілері мен сипаттары баса көрсетілген. Мұның өзі — 12—13 жыл өткеннен кейін II Дума сайлауындағы «солшыл блокта» және «солшыл блок» тактикасында практикалық саяси мазмұн алған қағидалардың теориялық тұжырымы. Пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы туралы идеяға қарсы күрескен және солшыл блоктың мүлде орынсыздығын қорғап келген меньшевиктердің бір бөлегі революцияшыл социал-демократтардың бұл жөніндегі өте ескі және өте маңызды дәстүріне,—«Заря»[49] мен ескі «Искра»[50] барынша қолдаған дәстүріне опасыздық жасады. «Солшыл блок» тактикасына шартты және тежеулі жол берілетіні

марксизмнің халықшылдық жөніндегі нақ сол негізгі теориялық көзқарастарынан сөзсіз туатыны өзінен-өзі түсінікті.

Струвеге қарсы жазылған мақаладан кейін (1894—1895 жылдар) социал-демократтардың Петербургтегі 1895 жылғы қызметінің тәжірибесіне сүйеніп, 1897 жылдың аяғында жазылған «Орыс социал-демократтарының міндеттері»* деген мақала келеді. Осы жинақтағы басқа мақалалар мен кітапшаларда социал-демократияның оң қанатымен айтыс түрінде баяндалатын көзқарастар бұл кітапшада тиімді формада баяндалған. «Міндеттерге» жазылған әр түрлі алғы сөздер бұл еңбектің партиямыздың дамуындағы түрлі дәуірлерге қатысы бар екенін көрсету үшін қайта басылып отыр (мысалы, Аксельродтың алғы сөзі кітапшаның «экономизмге» қарсы күреске қатысы барын көрсетеді, ал 1902 жылғы алғы сөз халық ерікшілері мен халық правошыларының эволюциясын көрсетеді).

«Земстводы қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары» деген мақала шетелде шығарылатын «Заряда» 1901 жылы басылған болатын**. Бұл мақала, былайша айтқанда, саясатшы ретіндегі Струвемен социал-демократиялық қарым-қатынастарды жояды. 1895 жылы оған ескертілді, одақтас ретінде одан ептеп іргені аулақтата берді. 1901 жылы таза демократиялық талаптардың өзін аздап болса да дәйекті түрде қорғай алмайтын либерал ретінде оған соғыс жарияланады.

1895 жылы, Батыстағы «бернштейншілдіктен»[51] және Россиядағы бірталай «алдыңғы қатарлы» әдебиетшілердің марксизмнен толық қол үзуінен бірнеше жыл бұрын,— мен Струве мырзаның сенімсіз марксист екенін, социал-демократтардың одан іргені аулақ салуға тиіс екенін атап айттым. 1901 жылы, кадеттер партиясының орыс революциясындағы қимылдарынан және бұл партияның I және II Думадағы саяси сәтсіздігінен бірнеше жыл бұрын, мен Россиядағы буржуазиялық либерализмнің 1905—1907 жылдары бұқара-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 471—510-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 23—76-беттер. *Ред.*

лық саяси қимылдар мен бой көрсетулерде байқалған дәл осы сипаттарын көрсеттім. «Либерализмнің Аннибалдары» деген мақала бір либералдың қате пікірлерін сынайды, ал осы сынды біздің революциядағы аса ірі либералдық партияның саясаты жөнінде қазір түгелдей дерлік қолдануға мүмкін болып отыр. «Либерализмнің Аннибалдары» деген мақала бізді, большевиктерді, либерализм жөніндегі бұрынғы социал-демократиялық саясатқа — 1905—1907 жылдары конституциялық жалған үміттерге және кадеттер партиясына қарсы аяусыз күрескен кездегі саясатқа опасыздық жасады-мыс деп ойлауға бейім тұратын адамдарға, осы адамдарға олардың қатесін көрсетеді. Большевиктер революциялық социал-демократияның дәстүрлеріне адал болды және «конституциялық бұралаң» заманда либералдар қолдаған және партиямыздың оң қанатының санасын уақытша күңгірттеген буржуазиялық жел өкпелікке салынған жоқ.

Бұдан кейінгі кітапша: «Не істеу керек?» шетелде 1902 жылдың тура бас шенінде шықты *. Кітапша енді әдеби ағымдардағы оң қанатты емес, социал-демократиялық ұйымдағы оң қанатты сынауға арналған. 1898 жылы социал-демократтардың I съезі болды, сөйтіп Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының негізі қаланды. Шетелдегі «Орыс социал-демократтарының одағы» партияның шетелдік ұйымы болды, ол «Еңбекті азат ету» тобын да қосып алды. Бірақ партияның орталық мекемелерін полиция талқандады, оны қайта қалпына келтіруге мүмкіндік болмады. Іс жүзінде партияның бірлігі болмады: бірлік идея, нұсқау күйінде ғана қалды. Стачкалық қозғалыспен және экономикалық күреспен әуестену сол тұста социал-демократиялық оппортунизмнің ерекше формасын — «экономизм» деп аталатын формасын туғызды. «Искра» тобы 1900 жылдың *тура аяқ шенінде* шетелде өзінің қызметін бастаған кезде, жікке бөліну осы негізде факт еді. Плеханов 1900 жылдың *көктемінде* шетелдегі «Орыс социал-демократтарының одағынан» шығып, «Социал-демократ» деген ерекше ұйым құрды.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 1—211-беттер. *Ред.*

«Искра» өзінің жұмысын формальды түрде екі фракциядан да тәуелсіз болып бастағанмен, іс жүзінде Плеханов тобымен бірігіп «Одаққа» қарсы шықты. Қосылу әрекетінің (июнь, 1901 ж., «Одақ» пен «Социал-демократтың» Цюрихтегі съезі) сәті түспеді. «Не істеу керек?» кітапшасы келіспеушіліктің себептерін және искралық тактика мен ұйымдық қызметтің сипатын жүйелі түрде баяндайды.

Большевиктердің қазіргі қарсыластары, меньшевиктер, сондай-ақ буржуазиялық-либералдық лагерьдегі жазушылар (кадеттер, «Товарищ» газетіндегі «беззаглавияшылдар»[52], т. с.) «Не істеу керек?» деген кітапшаны жиі-жиі еске алады. Сондықтан мен оны сәл ғана қысқартып, ұйымдық қатынастардың тек егжей-тегжейін немесе ұсақ айтыстық ескертпелерді ғана алып тастап, қайта бастырып отырмын. Бұл кітапшаның мазмұны жөнінде қазіргі оқушының назарын мынаған аудару қажет.

Қазіргі уақытта «Не істеу керекпен?» айтысып жүрген адамдардың негізгі қателігі мынада: бұл шығарманы белгілі бір тарихи жағдайдың байланысынан, партиямыздың дамуындағы белгілі бір дәуірдің және қазір баяғыда-ақ өтіп кеткен дәуірдің байланысынан мүлдем үзіп алады. Мысалы, профессионал революционерлердің ұйымы жөнінде кітапшаның теріс немесе әсірелеп көрсетілген идеялары туралы кітапша шыққаннан кейін көп жылдар өткен соң барып жазған Парвус (толып жатқан меньшевиктер туралы айтпаймын да) осы қателікке көпе-көрінеу ұрынды.

Қазіргі уақытта бұл сияқты мәлімдемелер тура күлкілі әсер туғызады: партиямыздың дамуындағы тұтас бір кезеңнен, өз кезінде күресу арқылы қол жеткен, ал қазір әлдеқашан-ақ баянды болып, өз ісін атқарған жетістіктерден жұрт безгісі келетін сияқты болып көрінеді.

Профессионал революционерлердің ұйымы жөніндегі идеяларды «Искра» *(1901 және 1902 жылдарда!)* әсірелеп көрсетті деп қазіргі уақытта пайымдаушылыққа бару — орыс-жапон соғысынан *кейін* орыс әскери күштерін әсірелеп көрсеткені үшін, сол күштермен күресу-

ге соғысқа дейін барынша қамданып едің ғой деп жапондарды кінәлағанмен барабар болып шығар еді. Жапондар жеңіске жетуі үшін орыстың ең мүмкін болатын күштеріне қарсы барлық күшін жинауы керек болды. Өкініштісі сол, көптеген жұрт біздің партия туралы істің жайын білмей, *қазір* профессионал революционерлер ұйымы идеясының *әлдеқашан* толық жеңіске жеткенін көрмей, сырттан пікір айтады. Кезінде бұл идеяны *бірінші қатарға* қоймайынша, оны жүзеге асыруға кедергі жасаған адамдарға осы идеяны «әсірелеп» түсіндірмейінше жеңіске жету мүмкін емес еді.

«Не істеу керек?» — 1901 және 1902 жылдардағы искралық тактиканың, искралық ұйымдастыру саясатының *жиынтығы.* Артығы да, кемі де жоқ: нақ *«жиынтық».* Кімде-кім 1901 және 1902 жылдардағы «Искрамен» танысамын деп еңбектенсе, ол адамның бұған сөзсіз көзі жетеді *. Ал кімде-кім осы жиынтық жайында сол кезде *басым болған* «экономизмге» қарсы «Искраның» күресін білмей, бұл күресті түсінбей тұрып пікір айтса, ол адамның айтқаны әншейін жел сөз болып шығады. «Искра» профессионал революционерлер ұйымын құру үшін, әсіресе 1901 және 1902 жылдары өте жігерлі күресті, сол кезде басым болған «экономизмді» жеңді, профессионал революционерлер ұйымын 1903 жылы біржолата *құрды,* искрашылдардың бұдан кейінгі жікке бөлінуіне қарамастан, дауыл мен тегеурін заманындағы қобалжудың бәріне қарамастан, бұл ұйымды сақтап қалды, оны орыс революциясының бүкіл барысында сақтап қалды, оны 1901—1902 жылдардан 1907 жылға дейін сақтап, қорғап қалды.

Ал енді қазір, бұл ұйым үшін күресу әлдеқашан біткен кезде, егін егіліп, астық пісіп, егін орағы біткен кезде, — «профессионал революционерлер ұйымы жөніндегі идея әсірелеп көрсетілді!» деп жар салатын адамдар да табылады. Шынында бұл кісі күлерлік емес пе?

Революция алдындағы бүкіл дәуірді және революцияның алғашқы $2^1/_2$ жылын (1905—1907 жылдар)

---

* Осы басылымның 3-томында сол жылдардағы «Искраның» аса маңызды мақалалары қайта басылатын болады[33].

тұтас алыңызшы. Осы уақыт ішіндегі біздің социал-демократиялық партияны оның бірлігі, ұйымшылдығы, сабақтастығының тұтастығы жағынан өзге партиялармен салыстырыңызшы. *Бұл* жөнінен алғанда біздің партиямыздың басқа партиялардың *бәрінен,* кадеттерден де, эсерлерден де, т. с. *даусыз* артықшылығын сіз мойындауға тиісті боласыз. Социал-демократиялық партия барлық социал-демократтар ресми түрде мойындаған программаны революцияға дейін өзіне жасап алды және, оған өзгерістер енгізе отырып, программа жөнінде жіктелген жоқ. Социал-демократиялық партия, жікке бөлінуіне қарамастан, 1903 жылдан 1907 жылға дейін (ресми жағынан 1905 жылдан 1906 жылға дейін) өзінің ішкі жағдайы туралы жұртшылыққа ең көп мағлұматтар (екінші жалпы съездің, III большевиктік съездің, IV немесе Стокгольм жалпы съезінің протоколдары) берді. Социал-демократиялық партия, жікке бөлінуіне қарамастан, басқа партиялардың бәрінен бұрын бостандықтың уақытша нышанын сайлау системасы бар, ұйымдасқан партия мүшелерінің санына қарай съездерде болатын өкілдігі бар ашық ұйымның мінсіз демократиялық құрылымын жүзеге асыру үшін пайдаланды. Ал бұл—социалист-революционерлерде де, біздерге қарағанда өлшеусіз көп финанс қаржысы бар, баспасөзді пайдалануда кеңшілігі мол және ашықтан-ашық өмір сүруге мүмкіндігі көп, жария дерлік, анағұрлым жақсы ұйымдасқан буржуазиялық партия—кадеттерде де осы уақытқа дейін жоқ. Ал партиялардың бәрі қатынасқан II Дума сайлауы біздің партияның және Думадағы біздің фракцияның ұйымдық жағынан бірлігінің басқа партиялардың бәрінен де жоғары екендігін айқын дәлелдеген жоқ па?

Біздің партияның осы асқан бірлігін, беріктігі мен тұрақтылығын нақты іске айналдырған, жүзеге асырған кім? деген сұрақ туады. Мұны көбінесе «Искраның» қатысуымен құрылған профессионал революционерлер ұйымы істеді. Бұған көз жеткізу үшін, біздің партияның тарихын жақсы білетін адам, оны құруды өз басынан кешірген адам кез келген фракцияның, айталық, Лондон съезінің фракциясы делегациясының

құрамына көз жіберіп қараса болды, партияны басқалардан гөрі мәпелеген және партияны мәпелеп өсіріп шығарған бұрынғы, негізгі ұйтқыны бірден байқайды. Әрине, бұл табыстың негізгі шарты мынау — жұмысшы табы объективті экономикалық себептерге байланысты капиталистік қоғамның барлық басқа таптарына қарағанда ұйымдасуға әлдеқайда қабілеттілігімен ерекшеленеді, оның маңдай алды адамдары социал-демократияны құрды. Осы шартсыз профессионал революционерлер ұйымы ойыншық, авантюра, бос жарнама болып шығар еді, ал «Не істеу керек?» кітапшасы болса, өзі жақтап отырған ұйымнан «нағыз-революцияшыл және стихиялық түрде күреске көтерілген таппен» байланыста болғанда ғана мән шығатынын талай рет атап көрсетеді. Бірақ пролетариаттың тапқа бірігуге объективті ең жоғары қабілеттілігі адамдар арқылы жүзеге асырылады, жүзеге асырылғанда басқаша емес, ұйымның белгілі бір формалары арқылы ғана жүзеге асырылады. Демек біздің тарихи жағдайымызда, 1900—1905 жылдардағы Россия жағдайында, қазір құрылып отырған *осындай* социал-демократиялық жұмысшы партиясын искралық ұйымнан өзге ешқандай ұйым құра *алмаған болар еді.* Профессионал революционер орыс пролетарлық социализмі тарихында өз ісін атқарып шықты. Ал енді бұл істі, 1902—1905 жылдардағы «үйірмелердің» тар шеңберінен әлдеқашан өсіп кеткен істі ешқандай күш бұза алмайды, жауынгерлік міндеттерді орындауға дұрыс кірісуді бір кезде күрес арқылы ғана қамтамасыз ете алған адамдарды әлгі жауынгерлік міндеттерді әсірелеп көрсетті деп кешігіп барыпназалану әлдеқашан қол жеткен жеңістердің маңызын шайқалта алмайды.

Мен ескі «Искра» тұсындағы үйірмелердің тар шеңбері туралы жаңа ғана айтып өттім (1903 жылдың аяғынан, 51-номерден бастап, «Искра» меньшевизмге қарай бет бұрып: «ескі «Искра» мен жаңа «Исканың»» арасында тұңғиық жатыр»,— деп жар салды,— «Искраның» меньшевиктік редакциясы мақұлдаған кітапшадағы Троцкийдің сөздері). Осы үйірмешілдік туралы қазіргі оқушыға бірқатар түсініктеме беруге тура келе-

ді. Оқушы *шетелдік үйірмелердің* өршеленген, кейде ызалы, қырғын күресін «Не істеу керек?» кітапшасынан да, бұдан соң басылып отырған «Бір адым ілгері, екі адым кейін» * деген кітапшадан да көреді. Бұл күрестің тартымсыз жақтарының көп екені күмәнсыз. Үйірмелердің мұндай күресі осы елдегі жұмысшы қозғалысының әлі өте балаң, кемеліне келмеген күйінде ғана болуы мүмкін құбылыс екендігі күмәнсыз. Россиядағы қазіргі жұмысшы қозғалысының қазіргі қайраткерлері социал-демократияның осы заманғы міндеттерін қажырлылықпен орындап шығуы үшін толып жатқан үйірмешілдік дәстүрлерден қол үзуге тиіс екендігі, үйірмелік тіршілік пен үйірмелік айқай-шулы таластың көптеген ұсақ-түйектеріп ұмытуға және аластап тастауға тиіс екендігі күмәнсыз. Ашық бұқаралық қызметке байланысты, партияны *пролетарлық* элементтермен кеңейту ғана үйірмешілдіктің өткеннен мирас болып қалған және қазіргі міндеттерге сәйкес келмейтін белгілерінің бәрін жоя алады. Ал жұмысшы партиясының ашық қызмет істеуге қажетті жағдай туысымен дереу демократиялық ұйымға көшуі, 1905 жылғы ноябрьде «Новая Жизньде» [54] большевиктер жариялаған** көшуі,— осы көшу, іс жүзіне келгенде, бұрынғы үйірмешілдікте... дәурені өткен нәрседен әлден-ақ біржолата қол үзу болды.

Иә, «дәурені өткен нәрседен», өйткені үйірмешілдікті кінәлау жеткіліксіз, оның бұрынғы заманның өзіндік ерекше жағдайындағы маңызын түсіне білу керек. Кезінде үйірмелер қажет болды және тиімді роль атқарды. Жалпы алғанда самодержавиелік елде,— соның ішінде *орыс* революциялық қозғалысының бүкіл тарихы туғызған жағдайларда социалистік жұмысшы партиясы үйірмелерден өрбіп дамымай басқаша дами *алмаған болар еді.* Үйірмелер, яғни өте азғантай адамдардың тығыз, тұйық, әрдайым дерлік жеке достыққа негізделген топтасуы Россиядағы социализм мен жұмысшы қозғалысы дамуының қажетті кезеңі болды. Осы қозғалыстың өсуіне қарай сол үйірмелерді бірік-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 8-том, 199—442-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 87—98-беттер. *Ред.*

тіру, олардың арасында берік байланыс орнату, оларды сабақтастыру міндеті алға қойылды. Самодержавиенің «қолы жететін жерден шалғай» — *яғни шетелде* жұмыс істейтін бекем база жасап алмайынша бұл міндетті шешуге болмайтын еді. Сонымен, шетелдегі үйірмелер қажеттіктен барып туды. Бұлардың арасында байланыс болмады, орыс партиясының оларға беделі болмады, осы кезеңдегі қозғалыстың негізгі міндеттерін түсінуде, яғни жұмыс істейтін белгілі бір базаны *дәл қалай* құру керек екендігін және жалпы партиялық құрылысқа қандай бағытта жәрдемдесу керектігін түсінуде бұлардың арасында қайткенде де алалық болды. Мұндай жағдайда бұл үйірмелердің арасында күрес болмай қоймайтын еді. Біз өткендегіге көз жібере отырып, жұмыс істейтін база болу міндетін шынында қай үйірме атқара алатынын енді айқын көріп отырмыз. Бірақ ол кезде, әр алуан үйірмелердің қызметінің бастапқы кезінде, мұны ешкім айта алмады, таласты тек күрес қана шеше алатын еді. Есімде қалғаны, Парвус кейіннен ескі «Искраға» жойқын үйірмелік күрес жүргізді деп мін тақты, сөйтіп соңынан келіп, ымыраға келу саясатын уағыздады. Бірақ мұны соңынан келіп айту оңай және бұлай деу — сол кездегі жағдайларды түсінбеушілікті байқатып алу деген сөз. Біріншіден, әлгі үйірмелердің қайсысының болсын күшті және *келелі* екенін білдіретін ешқандай өлшем болмады. Қазір ұмытылып кеткен сапасыз үйірмелер көп болды, бірақ олар кезінде күрес арқылы өзінің өмір сүруге правосы барлығын дәлелдегісі келді. Екіншіден, үйірмелер арасындағы алауыздықтың мәнісі, ол кезде әлі жаңалық болған жұмысты қалай *бағыттау* керек екендігінде болды. Алауыздық шамалы сияқты болып көрінді, бірақ іс жүзінде осы алауыздықтың зор маңызы бар, өйткені жаңа жұмыстың және социал-демократиялық қозғалыстың жалпы сипатын осы жұмыстың бастапқы кезінде, осы қозғалыстың әдепкі кезінде анықтап алу насихатқа, үгіт пен ұйымдастыру ісіне өте елеулі түрде әсер етеді, деп мен сол кездің өзінде-ақ («Не істеу керекте?») атап көрсеткен едім. Социал-демократтар арасындағы тым кейінгі кездегі

таластардың бәрі жұмысшы партиясының саяси қызметін белгілі бір жеке жағдайларда қалай бағыттау керек екені туралы болып жүрді. Сол кездің өзінде-ақ жалпы алғанда социал-демократиялық саясат *атаулының* жалпы негіздері мен түбірлі міндеттерін анықтау туралы да әңгіме болған-ды.

Үйірмешілдік өз борышын өтеді, ал қазір, әрине, оның дәурені өтті. Бірақ оның дәуренінің өткен себебі және жалғыз ғана себебі мынада: үйірмелердің күресі социал-демократияның келелі мәселелерін мейлінше мықтап алға қойды, оларды ымыраға келмейтін революциялық рухта шешті, сөйтіп осы арқылы кең партиялық жұмысқа керекті берік база құрды.

«Не істеу керек?» кітапшасына байланысты әдебиетте қозғалған жеке мәселелерден мына төмендегі екі мәселені ғана атап өтемін. «Бір адым ілгері, екі адым кейін» кітапшасы шыққаннан кейін іле-шала Плеханов 1904 жылғы «Искрада» стихиялылық пен саналылық мәселесі жөнінде менімен принципті түрде келіспейтіндігін жариялады. Мен бұл жариялауға да (Женевадағы «Вперед» [55] газетіндегі бір ескертуді есептемегенде), осы тақырыпқа орай меньшевиктік әдебиетте болған көптеген қайталауларға да жауап бермедім, жауап бермеген себебім: Плеханов сынының көріне бостанбосқа мін тағу сипаты болды, оның сыны байланысынан үзіп алынған сөйлемдерге, менің онша шебер немесе онша дәл тұжырымдамаған жеке сөйлемдеріме негізделді, оның бер жағында кітапшаның жалпы мазмұны мен бүкіл рухы елеусіз қалдырылды. «Не істеу керек?» 1902 жылы мартта шықты. Партия программасының жобасы (Плехановтың жобасы, «Искра» редакциясының түзетулерімен) 1902 жылғы июньде немесе июльде басылды. Стихиялылықтың саналылыққа қатысы бұл жобада «Искра» редакциясының жалпы келісімі бойынша тұжырымдалды (программа туралы Плеханов пен менің арамыздағы таластар редакция ішінде болды, бірақ шынында бұл мәселе туралы емес, ірі өндірістің ұсақ өндірісті ығыстыратыны туралы мәселелер жайында болды, оның бер жағында мен Плехановтың тұжырымынан гөрі анағұрлым айқын тұжы-

рымдауды талап еттім және бұл таластар пролетариат табының немесе жалпы алғанда еңбекшілер табының көзқарасының айырмашылығы туралы мәселелер жайында болды, оның бер жағында мен партияның таза пролетарлық сипатын неғұрлым тар мағынада анықтап белгілеуді талап еттім).

Демек, бұл мәселе жөнінде «Не істеу керек?» пен программаның жобасы арасында пәлендей принципті айырмашылық бар деп әңгіме қозғау да мүмкін емес еді. Екінші съезде (август, 1903 ж.) сол кездегі «экономист» Мартынов стихиялылық пен саналылық жөнінде программада айтылған біздің көзқарастарымызға қарсы таласты. «Бір адым ілгері, т. т.» * деген кітапшада менің баса көрсеткенімдей, искрашылдардың бәрі Мартыновқа қарсы шықты. Шын мәнінде алауыздық искрашылдар мен «экономистер» арасында болғаны осыдан айқын көрінді, «экономистер» «Не істеу керек?» пен программа жобаларында *бірдей ортақ* пәрсеге шабуыл жасады. «Не істеу керекте?» берілген тұжырымдарымды да ерекше принциптер болып табылатын «программалық» бірдеме ғып дәріптеуді мен екінші съезде де әдейілеп ойлағаным жоқ. Керісінше, мен кейіннен жиі-жиі цитатқа алынып кеткен таяқты түзету үшін оны қайта ию керектігі туралы сөзді қолдандым. «Экономистердің» қисық иілген таяғы «Не істеу керекте?» түзетіледі дедім мен (қараңыз: РСДРП-ның 1903 жылғы екінші съезінің протоколдары. Женева, 1904 ж.), атап айтқанда, мұның себебі, бұрмалаушылықты біз батыл түзетеміз, біздің «таяғымыз» әрқашан да неғұрлым түзу болады**.

Бұл сөздердің мағынасы айқын: «Не істеу керек?» «экономизмді» айтыспен түзейді, ал оның мазмұнын кітапшаның осы міндетінен тысқары қарау дұрыс емес. Плехановтың «Не істеу керекке?» қарсы жазылған мақаласы жаңа «Искраның» («Екі жыл ішінде») жинағында қайта *басылмағанын* ескерте кетейін, сондықтан да мен қазір Плехановтың дәлелдеріне тоқталмаймын, қазіргі оқушыға тек істің мәнін ғана түсінді-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 8-том, 224—225-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 298-бет. *Ред.*

ремін, өйткені ол өте көптеген меньшевиктік шығармалардан бұл мәселеге сілтемені кездестіре алады.

Екінші ескертпе экономикалық күрес туралы және кәсіптік одақтар туралы мәселеге қатысты ескертпе. Менің бұл мәселе жөніндегі көзқарастарым әдебиетте көбіне бұрмаланып баяндалып жүр. Сондықтан «Не істеу керектің?» көптеген беттері экономикалық күрес пен кәсіптік одақтардың *орасан зор* маңызы бар екенін түсіндіруге арналғанын атап көрсету қажет. Атап айтқанда, мен ол кезде кәсіптік одақтардың *бейтараптығын* жақтадым. Сол кезден бергі кітапшаларда да, газеттердегі мақалаларда да, өзімнің оппоненттерімнің көптеген пікірлеріне қарамастан, *мен басқаша пікір айтқан емеспін.* Кәсіптік одақтардың бейтараптығын *принцип жүзінде* қорғауға болмайды деген қорытындыға келуге мені тек РСДРП Лондон съезі мен Штутгарттағы халықаралық социалистік конгресс қана мәжбүр етті. Одақтар партиямен неғұрлым тығыз жақындасуы керек — бірден-бір дұрыс принцип осы. Одақтарды партиямен жақындастыруға, байланыстыруға ұмтылу керек — біздің саясатымыз осы болуға тиіс, оның бер жағында осы саясатты өзіміздің күллі насихатымызда, үгітімізде, ұйымдастыру ісімізде табанды әрі ұстамды жүргізу қажет, құр әншейін «мойындауларға» салынбау керек және пікірі үйлеспейтіндерді кәсіптік одақтардан қумау керек.

* *
*

«Бір адым ілгері, екі адым кейін» кітапшасы 1904 жылдың жазында Женевада шықты. Онда меньшевиктер мен большевиктердің арасындағы, екінші съезде басталған (август, 1903 жыл), жікке бөлінудің алғашқы сатысы суреттеледі. Мен бұл кітапшаның жартысына жуығын алып тастадым, өйткені ұйымдық күрестің, әсіресе партиялық орталықтардың жеке құрамы жөнінде болған күрестің ұсақ-түйек егжей-тегжейі қазіргі оқушыны мүлде қызықтырмайды және олар істің шын мәнісіне келгенде, ұмыт қалатын нәрселер. Меніңше, мұндағы мәндісі — екінші съездегі тактикалық және

басқа көзқарастардың күресіне талдау жасау және меньшевиктердің ұйымдық көзқарастарымен айтыс: біздің революцияда жұмысшы партиясының бүкіл қызметіне із қалдырып, ықпал еткен ағымдар ретінде меньшевизм мен большевизмді түсіну үшін бұл айтылғанның екеуі де қажет.

Социал-демократиялық партияның екінші съезіндегі жарыс сөздердің ішінен аграрлық программа туралы жарыс сөздерді атап өтейін. Біздің ол кездегі программамыздың (кесінді жерлерді қайтару) шамадан тыс тар болғанын және революциялық-демократиялық шаруалар қозғалысының күшін *жете бағаламағанын* оқиғалар күмәнсыз дәлелдеді,— мен бұл туралы осы басылымның екінші томында толығырақ айтамын *. *Осы шамадан тыс тар* аграрлық программаның *өзі* ол кезде социал-демократиялық партияның оң қанатындағыларға *тым кең* болып көрінгенін осы арада баса көрсетудің маңызы бар. Мартынов және басқа «экономистер» бұл программа тым алысқа шырқап кетті-міс деп оған қарсы күресті! Ескі «Искраның» «экономизмге» қарсы бүкіл күресінің, социал-демократиялық саясаттың бүкіл сипатын тарылтуға және төмендетуге тырысушылыққа қарсы күрестің соншалықты елеулі практикалық маңызы болғандығын осыдан көруге болады.

Меньшевиктермен арада болған ол кездегі (1904 жылдың бірінші жартысы) алауыздық ұйымдық мәселелермен шектелді. Мен меньшевиктердің позициясын «ұйымдық мәселелердегі оппортунизм» деп тұжырымдадым. П. Б. Аксельрод бұған қарсы шығып, Каутскийге былай деп жазды: «программалық және тактикалық көзқарастармен біте қайнаса байланыстырылмай дербес бірдеме ретінде алға тартылып отырған «ұйымдық мәселелердегі оппортунизм» дегеннің не нәрсе екенін мен ақылымның жеткіліксіздігінен түсіне алмай отырмын» (1904 жылы 6 июньде жазылған хат, жаңа «Искраның» «Екі жыл ішінде» деген жинағында қайта басылған, II бөлім, 149-бет).

Ұйымдық және тактикалық көзқарастардағы оппор-

---

* Қараңыз: осы том, 247—250-беттер. *Ред.*

тунизмнің біте қайнасқан байланысының қандай екенін меньшевизмнің 1905—1907 жылдардағы бүкіл тарихы жеткілікті көрсетті. «Ұйымдық мәселелердегі оппортунизм» деген «түсініксіз нәрсеге» келетін болсақ, онда менің берген бағамның дұрыстығын өмір менің күткенімнен әлдеқайда тамаша дәлеледі. Аксельродтың ұйымдық жоспарларынан (атышулы «жұмысшы съезі» және т. т.) пролетариат ісін тек апатқа ұшырататын жікке бөліну туатынын *меньшевик* Череваниннің өзі де қазір мойындауға мәжбүр болып отырғанын (РСДРП-ның 1907 жылғы Лондон съезі туралы оның кітапшасын қараңыз) айтсақ та жеткілікті. Ол ол ма. Плехановтың Лондонда меньшевиктік фракцияның ішінде *«ұйымдық анархизмге»* қарсы күресуіне тура келгендігін меньшевик Череваниннің тап өзі әлгі кітапшада баяндайды. Сонымен, ықпалды меньшевиктердің «ұйымдық анархизмін» 1907 жылы Череваниннің де, Плехановтың да мойындауына тура келген болса, онда мен «ұйымдық мәселелердегі оппортунизмге» қарсы 1904 жылы бостан-босқа күреспеген екенмін ғой.

Меньшевиктер ұйымдық оппортунизмнен тактикалық оппортунизмге бет алды. «Земство науқаны және «Искраның» жоспары» * деген кітапша (1904 жылдың аяғында Женевада, сірә, ноябрьде немесе декабрьде шықты) олардың бұл жолдағы алғашқы қадамын көрсетті. Земство науқаны туралы мәселе жөніндегі алауыздықтарды земствошылар алдында демонстрациялар өткізудің пайдасы атаулыны — большевиктер таралып — бекерге шығару арқылы туды деп көрсететін жерлерді қазіргі әдебиеттен жиі кездестіруге болады. Мұның мүлде қате көзқарас екенін оқушы көреді. Алауыздық мынадан туды: ол кезде меньшевиктер либералдарды *үрейлендірмеу* туралы зар қақсады,—ол ол ма, 1902 жылғы Ростов стачкасынан кейін, 1903 жылғы жазғы стачкалар мен баррикадалардан кейін, 1905 жылғы 9 январьдың қарсаңында земствошылар алдында демонстрациялар өткізуді меньшевиктер демонстрациялардың *жоғары типі* ретінде мадақтады. Большевиктік «Вперед» газетінің 1-номерінде (Женева,

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 9-том, 79—103-беттер. *Ред.*

январь, 1905 ж.) меньшевиктік «земство науқанының жоспары» жөніндегі осы баға әлгі мәселеге арналған «Пролетарлардың жақсы демонстрациялары және кейбір интеллигенттердің нашар пайымдаулары туралы» * деген фельетонның атынан да көрінді.

Осында қайтадан басылған соңғы кітапша: «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» 1905 жылдың жазында Женевада шықты**. Мұнда енді меньшевиктермен арада болған *негізгі* тактикалық алауыздықтар жүйелі баяндалады;— көктемде Лондонда болған (большевиктік) «РСДРП III съезінің» және Женевада болған меньшевиктік конференцияның қарарлары осы алауыздықтарды толығынан ресімдеді және біздің бүкіл буржуазиялық революцияны пролетариаттың міндеттері тұрғысынан бағалауда оларды *түбегейлі* алшақтыққа әкеліп соқтырды. Большевиктер пролетариатқа демократиялық революцияда *көсемнің* ролін атқаруды нұсқап көрсетті. Меньшевиктер оның ролін «нағыз оппозиция» міндеттеріне әкеп сайдырды. Большевиктер: жеңімпаз революция дегеніміз — бұл «пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы» деп, революцияның таптық маңызы мен таптық сипатын дұрыс анықтап берді. Меньшевиктердің буржуазиялық революция деген ұғымды әрқашан теріс түсіндіргені сонша, бұл олардың революцияда пролетариаттың буржуазияға бағынышты және тәуелді болу роліне көнгені болады.

Осы принципті алауыздықтардың практикаға қалай әсер еткені мәлім. Большевиктер Булыгин Думасына бойкот жариялады, ал меньшевиктер жалтақтады. Большевиктер Витте Думасына бойкот жариялады, ал меньшевиктер сайлауға, бірақ Думаға емес[56], шақырып жалтақтады. Меньшевиктер кадеттік министрлікті және I Думадағы кадеттік саясатты қолдады, большевиктер «солшылдардың атқару комитеті»[57] идеясын насихаттаумен қоса конституциялық жалған үміттер мен кадеттік контрреволюцияшылдықты батыл әшкере-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 9-том, 145—151-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 1—139-беттер. *Ред.*

леді. Одан әрі, большевиктер II Дума сайлауында солшыл блок құрды да, меньшевиктер кадеттермен блок жасасты және т. т., т. б.

Енді орыс революциясының «кадеттік дәуірі» («Кадеттердің жеңісі және жұмысшы партиясының міндеттері» деген кітапшаның сөзі, март 1906 ж.) *, сірә, біткен болуы керек. Кадеттердің контрреволюцияшылдығы әбден әшкереленді. Кадеттердің барлық уақытта революцияға қарсы күресіп келгендігін олардың өздері мойындай бастады, ал Струве мырза кадеттік либерализмнің көксеген арманын ашықтан-ашық айтып отыр. Қазір саналы пролетариат тұтас алғанда осы кадеттік дәуірдің бәріне, осы «конституциялық бұралаңның» бәріне неғұрлым көңіл аударып қарайтын болса,— кадеттер партиясының осы дәуірін де, мәнін де большевиктердің алдын ала әбден дұрыс бағалағаны, меньшевиктердің шынында ағат саясат — дербес пролетарлық саясатты объективті маңызы пролетариатты буржуазиялық либерализмге бағындыру саясатына ауыстырумен бірдей саясат жүргізіп келгендігі соғұрлым анық бола түседі.

* *
*

Орыс марксизмі мен орыс социал-демократиясындағы екі ағымның 12 жыл (1895—1907) ішіндегі күресіне жалпы көз сала отырып мынадай қорытындыға келмеске болмайды: «жария марксизм», «экономизм» және «меньшевизм» белгілі бір тарихи тенденцияның көрінісінің әр түрлі формалары болып табылады. Струве мырзаның және сол сияқтылардың «жария марксизмі» (1894) *марксизмнің буржуазиялық әдебиетте баяндалуы* болды. «Экономизм» 1897 жылғы және бұдан кейінгі жылдардағы социал-демократиялық жұмыстың ерекше бағыты есебінде *буржуазиялық-либералдық «Credo»* **-ның: жұмысшылар — экономикалық күрес, либералдар — саяси күрес жүргізсін деген программасын нақты жүзеге асырып келді. Меньшевизм — әдеби

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 283—372-беттер. *Ред.*
** — наным символы, программа, дүние танымды баяндау. *Ред.*

ағым ғана емес, социал-демократиялық жұмыстың бағыты ғана емес, сонымен қатар топтасқан фракция, бұл фракция орыс революциясының бірінші дәуірі ішінде (1905—1907 жылдар) ерекше саясатты — *пролетариатты іс жүзінде буржуазиялық либерализмге бағындырған* саясатты жүргізді*.

Капиталистік елдердің бәрінде пролетариат өзінің оң жақтағы көршісі: ұсақ буржуазиямен мыңдаған өтпелі сатылар арқылы сөзсіз байланысты. Жұмысшы партияларының бәрінде азды-көпті айқын бет бейнесі бар оң қанаттың құрылуы сөзсіз, бұл оң қанат өзінің көзқарастарында, өзінің тактикасында, өзінің ұйымдық «бағытында» ұсақ буржуазиялық оппортунизмнің тенденциясын білдіреді. Россия сияқты ұсақ буржуазиялық елде, буржуазиялық революция заманында, жас жұмысшы социал-демократиялық партиясының алғашқы бастамалары заманында бұл тенденциялар Европаның қай-қай жеріндегіден де гөрі әлдеқайда бедерлі, ашық, айқын көрінбей тұра алмады. Россия социал-демократиясындағы осы тенденцияның оның дамуының әр түрлі дәуіріндегі көрінісінің алуан түрлі формаларымен танысу революциялық марксизмді нығайту үшін, орыс жұмысшы табын оны азаттық жолындағы күресі үстінде шынықтыру үшін қажет.

Сентябрь, 1907 ж.

1907 ж. ноябрьде С.-Петербургте «Зерно» баспасы шығарған жинақта басылған

Жинақтың тексті бойынша басылып отыр

---

* Партияның екінші съезіндегі түрлі ағымдар мен сарындардың күресіне талдау жасау (қараңыз: «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітапша, 1904 ж.) 1897 жылғы және бұдан кейінгі жылдардағы «экономизмнің» «меньшевизммен» тура және тікелей байланысты екендігін бұлтартпай дәлелдейді. Ал социал-демократиядағы «экономизмнің» 1895—1897 жылдардағы «жария марксизммен» немесе «струвизммен» байланысын «Не істеу керек?» деген кітапшада (1902 ж.) көрсеттім. Жария марксизм-экономизм-меньшевизм идеялық жағынан ғана емес, олар тура тарихи сабақтастық жағынан да байланысты.

АНТИМИЛИТАРИСТІК НАСИХАТ ЖӘНЕ СОЦИАЛИСТІК ЖҰМЫСШЫ ЖАСТАР ОДАҚТАРЫ

Штутгартта болған халықаралық социалистік конгресте, жұртқа мәлім, милитаризм туралы мәселе, ал осыған орай антимилитаристік насихат туралы мәселе де талқыланды. Бұл жөнінде қабылданған қарарда, айта кету керек, былай делінген: конгресс «жұмысшы жастардың халықтардың бауырластығы мен социализм рухында тәрбиеленуіне және таптық сана-сезімге бөленуіне көмектесуді» еңбекші таптардың міндеті деп санайды. Конгресс мұны мынаның кепілі деп біледі: әскер билеуші таптардың өздерінің қалауынша пайдаланып, тілеген уақытында халыққа қарсы жұмсайтын қол шоқпары болудан қалады.

Міндетті әскери қызметте жүрген солдаттар арасында насихат жұмысын жүргізу өте-мөте қиын, кейде тіпті мүмкін емес. Казармадағы өмір, қатаң бақылау, сирек босанып шығу сыртқы қауыммен араласуды мейлінше қиындатады; әскери тәртіп, мағынасыз муштра солдаттарды үрейлендіреді; әскери бастықтар «сұрықсыз айуанды» адамшылық ой-пікір атаулыдан, адамшылық сезім атаулыдан жұрдай етіп, оған көз жұмып бағыну сезімін, «сыртқы» және «ішкі» жауларға деген мағынасыз, тағылық өшпенділік сезімін ұялату жолында бар күш-жігерін жұмсауда... Дағдылы ортадан қол үзген, жалғызілікті, қараңғы, айналадағының бәріне деген барып тұрған тағылық көзқарас миына сіңген, үрейлендіріп тастаған солдатқа жақындасу семья мен жолдастарының ортасында тұратын және солармен ортақ

мүдделер арқылы тығыз байланысты болған әскерге шақырылу жасындағы жастарға жақындасудан әлдеқайда қиын. Жұмысшы жастар арасындағы антимилитаристік насихат барлық жерде тамаша нәтижелер беруде. Ал мұның орасан зор маңызы бар. Саналы социал-демократ болып армия қатарына қосылатын жұмысшы — билік жүргізушілер үшін оңды тірек емес.

Барлық европалық елдерде социалистік жұмысшы жастар одақтары бар. Кейбір елдерде, мысалы, Бельгияда, Австрияда, Швецияда, бұл одақтар жауапты партиялық жұмыс атқаратын ірі ұйымдар. Әрине, жастар одақтарының басты мақсаты өздігінен білім алу, дүниеге сындарлы социалистік айқын көзқарас қалыптастыру болып табылады. Алайда, мұнымен қатар жастар одақтары практикалық жұмыс та жүргізеді. Олар шәкірттердің жағдайын жақсарту жолында күреседі, оларды қожайындардың аяусыз қанауынан қорғауға тырысады. Социалистік жұмысшы жастар одақтары антимилитаристік насихатқа бұдан да көбірек уақыты мен көңілін бөледі.

Олар осы мақсатпен жас солдаттармен тығыз байланыс жасауға тырысады. Бұған мынадай амал қолданады. Жас жұмысшы солдатқа алынбай тұрып одақтың мүшесі болады, мүшелік жарна төлеп тұрады. Ал ол солдат болған кезде, одақ онымен ұдайы байланыс жасайды, үзбей аздап ақшалай көмек (Франциядағыша атағанда «солдаттық су») жіберіп тұрады, бұл көмек былай қарағанда қаншама аз болғанымен, мұның солдат үшін елеулі маңызы бар. Ал оның есесіне, солдат өз тарапынан одаққа өз казармасында істеліп жатқан нәрсенің бәрі туралы үнемі хабарлап, өзінің алған әсерлері жайында жазып тұруды міндетіне алады. Сонымен, әскери қызметке алынғанмен де солдат өзі мүше болған ұйыммен арадағы байланысын үзбейді.

Солдатты әрқашанда да өзінің туған жерінен неғұрлым шалғайырақ қызметке алып кетуге тырысады. Мұны солдат мүдде жағынан жергілікті халықпен ешқандай байланысты болмасын, жергілікті халыққа өзін жатпын деп сезінсін деген есеппен істейді. Сонда солдатты бұйрыққа оңай бағындыруға — тобыр жұртқа оқ атуға

оңай көндіруге болады. Жұмысшы жастар одақтары солдатты жергілікті халықты жатырқаушылықтан арылтуға тырысады. Жастар одақтары өзара байланысты. Өзінің туған жерінде жастар одағының мүшесі болған солдат жаңа қалаға келген соң жергілікті одақ оны сыйлы қонагы ретінде қарсы алады, солдатты бірден жергілікті мүдделермен таныстырады, оған қолдан келген көмегін көрсетеді. Ол өзін енді жат, келімсек деп санамайды. Сонымен қатар ол өзі әлдеқалай бір бақытсыздыққа ұшырай қалса, өзіне көмек көрсетіп, қолдайтынын да біледі. Бұл сезім оған ерлік дарытады, ол казармада өзін батылырақ ұстайды, өзінің правосы мен өзінің адамшылық қасиетін батылырақ қорғайды.

Жас солдаттармен тығыз байланысты болу жастар одақтарының солдаттар арасында антимилитаристік насихатты кеңінен жүргізуіне мүмкіндік береді. Мұның өзі, көбінесе, антимилитаристік әдебиет арқылы істеледі, жастар одақтары бұл әдебиетті әсіресе Францияда, Бельгияда, сондай-ақ Швейцарияда, Швецияда және басқа жерлерде орасан коп мөлшерде шығарып, таратады. Бұл әдебиеттің мазмұны алуан түрлі: антимилитаристік мазмұндагы суреттер салынған открыткалар, солдаттың антимилитаристік әндер жинағы (бұл әндердің көбі солдаттар арасында өте кең тараған), «солдаттың негізгі ережелері» (ол Францияда 100 000 данадан артық таралған), әр түрлі кітапшалар, үндеу хаттар, листоктар; солдаттарға арналған апталық, екі апталық, ай сайынгы газеттер мен журналдар, бұлардың кейбіреулері суреттермен безендірілген. «Казарма», «Рекрут», «Молодой Солдат», «Пьюпью» (жас рекруттың еркелеткен лақпырт аты), «Вперед» өте кең тарайды. Мысалы, Бельгияда «Рекрут» пен «Казарма» газеттерінің әрқайсысы 60 000 данадан тарайды. Рекрутқа алу кезі қарсаңында журналдар өте-мөте көп шығарылады. Солдат газеттерінің арнаулы номерлері солдатқа жаңадан алынғандардың бәрінің адрестеріне жіберіледі. Антимилитаристік әдебиет солдаттардың казармаларына жеткізіліп тұрады, оларга көшеде үлестіріледі, бұл әдебиетті солдаттар кофе ішетін орындарда, трактирлерде, олар болатын жерлердің бәрінде де кездестіреді.

Солдатқа жаңадан алынғандарға ерекше көп көңіл бөлінеді. Оларды салтанатпен шығарып салу ұйымдастырылады. Рекрутқа алу кезінде қала көшелерінде шеру тартып жүреді. Мысалы, Австрияда рекруттар қаралы киім киіп, жерлеу маршы әуенімен бүкіл қаланы аралап өтеді. Олардың алдында қызыл ала безендірілген арба жүріп отырады. Үй қабырғаларының бәріне қызыл жарнамалар жапсырылып, оларға ірі әріптермен: «Сендер халыққа оқ атушы болмаңдар!» деп жазылып қояды. Рекруттардың құрметіне кештер ұйымдастырылып, оларда антимилитаристік қызу сөздер сөйленеді. Бір сөзбен айтқанда, рекруттың санасын ояту үшін, казармада өтірік-шынды араластырып солдатты иландыратын идеялар мен сезімдердің зұлымдық ықпалынан оны сақтандыру үшін мүмкін болғанның бәрі істеледі.

Сөйтіп социалистік жастардың жұмысы зая кетпейді. Бельгияда солдаттар арасында қазірдің өзінде 15-ке жуық солдат одақтары бар, бұлардың көпшілігі социал-демократиялық жұмысшы партияларына қосылған және өзара тығыз байланысты. Солдаттарының үштен екісі ұйымдарға біріккен полктар да бар. Францияда антимилитаристік пиғыл жаппай сипат алған. Дюнкирхенде, Крезода, Лонгвидө, Монсо-ле-Минде болған стачкалар кезінде стачкашыларға қарсы жіберілген солдаттар олармен өздерінің ынтымақтастығын мәлімдеген...

Армия қатарында социал-демократтар күн санап үсті-үстіне көбейе түсуде, әскер барған сайын сенімсіз бола бастады. Буржуазия ұйымдасқан жұмысшы табымен бетпе-бет қарсы тұруға тиісті болған күнде — әскер кімнің жағында болады? Социалистік жұмысшы жастар әскердің халық жағында болуы үшін жастарға тән барлық жалынды албырттығы мен күш-жігерін сала жұмыс істеуде.

«Вперед» № 16,
8 октябрь, 1907 ж.

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РЕВОЛЮЦИЯ ЖӘНЕ КОНТРРЕВОЛЮЦИЯ

Россия 1905 жылдың октябрінде ең үлкен революциялық өрлеуді басынан кешірді. Пролетариат Булыгин Думасын өз жолынан аластап тастап, халықтың қалың бұқарасын самодержавиеге қарсы ашық күреске тартты. Біз 1907 жылдың октябрінде бұқаралық ашық күрестің, сірә, орасан зор құлдырағанын бастан кешіріп отырмыз. Бірақ 1905 жылғы декабрьдегі жеңілістен кейінгі жерде басталған құлдырау дәуірі конституциялық жалған үміттердің көркейгенін ғана ала келген жоқ, оның үстіне олардың толық күйрегенін де ала келді. Екі Думаны таратқаннан кейін және 3 июньдегі мемлекеттік төңкерістен кейін шақырылатын үшінші Дума самодержавиенің халық окілдігімен қоса бейбіт өмір сүре алатындығына сену дәуірін мүлде жойып, революцияның дамуында жаңа заман ашады.

Өзіміз бастан кешіріп отырған осындай кезеңде Россиядағы революция мен контрреволюцияны, революциялық тегеурін дәуірі (1905 ж.) мен конституцияны контрреволюциялық ойыншыққа айналдыру дәуірін (1906 және 1907 жылдар) салыстыру өзінен-өзі алға қойылып отыр. Таяудағы уақытқа арналған саяси бағытты белгілеудің қандайы да осындай салыстыруды қайткенде де қамтиды. «Революцияның қателерін» немесе «революциялық жалған үміттерді» «тиімді конституциялық жұмысқа» қарама-қарсы қою—қазіргі саяси әдебиеттің негізгі сарыны. Кадеттер бұл туралы сайлау алдындағы жиналыстарда айқай-шу көтеріп жүр.

Либералдық баспасөз бұл туралы жырлап, жар салып, тілмарланады. Мұнда «ымыраға келуге» үміт артудың біржолата мерт болғандығы жөнінде революционерлерден бар жанын салып ашу-ызамен өзінің кегін алуды көздеген Струве мырза да бар. Мұнда Милюков та бар, оны бәлденуі мен сұрқиялығына қарамастан, оқиғалардың барысы «дұшпан сол жақтан» деген айқын, дәл және — ең бастысы осы — дұрыс қорытындыға келуге мәжбүр етті. Мұнда «Товарищ» рухындағы публицистер, Кускова, Смирнов, Плеханов, Горн, Иорданский, Череванин және басқалар да бар, бұлар октябрь-декабрь күресін ұшқарылық деп кіпәлайды, сөйтіп азды-көпті ашық түрде кадеттермен «демократиялық» одақ жасасуды уағыздайды. Осы лайсаң тасқынның нағыз кадеттік элементтері буржуазияның контрреволюциялық мүдделері мен интеллигенттік мещандықтың шексіз малайлығын білдіреді. Ал Струвеге әлі онша жете қоймаған элементтердің басым сипаты — Россиядағы революция мен контрреволюцияның арасындағы байланысты *түсінбеушілік,* өзіміз бастан кешіргеннің бәріне өзінің ішкі логикасы бойынша дамитын біртұтас қоғамдық қозғалыс деп қарауға қабілетсіздік болып табылады.

Революциялық тегеурін дәуірі Россия халқының таптық құрамын және түрлі таптардың ескі самодержавиеге көзқарасын *қимыл үстінде* көрсетті. Оқиғалар енді барлық жұртты және әрбір адамды, тіпті марксизмге мүлде жат адамдардың өзін революцияның жылнамасын 1905 жылдың 9 январынан бастап, яғни белгілі бір *тапқа* жататын *бұқараның* алғашқы *саналы*-саяси қозғалысынан бастап есептеп жүргізуге үйретті. Социал-демократия пролетариаттың революциямызда басшылық роль атқаруын, гегемон болуын Россияның экономикалық өміріне талдау жасаудан шығарған кезде,— мұның өзі теоретиктердің кітапқа еліктегені болып көрінген еді. Революция біздің теориямыздың дұрыстығын растады, өйткені ол — бірден-бір шын революциялық теория. Пролетариат іс жүзінде революцияның барлық уақытта бастаушысы болды. Социал-демократия іс жүзінде пролетариаттың идеялық алдыңғы отряды болып шықты.

Пролетариаттың басшылығымен бұқараның күресі мейлінше тез дамыды — революционерлердің көбінің күткенінен гөрі тезірек дамыды. Революция бір жылдың ішінде революциялық тегеуріннің тек тарих қана білетін ең үзілді-кесілді формаларына дейін, бұқаралық стачка мен қарулы көтеріліске дейін көтерілді. Пролетариат бұқарасын ұйымдастыру күрестің нағыз барысында таңғажайып тез өсті. Пролетариаттың ізінше халықтың басқа топтары ұйымдаса бастады, олар революцияшыл халықтың жауынгер кадрларын құрады. Алуан түрлі қызметшілердің жартылай пролетарлық бұқарасы ұйымдасты, одан кейін шаруалар демократиясы, кәсіби интеллигенция және т. т. ұйымдасты. Пролетариат жеңістерінің дәуірі Россияда бұрын болып көрмеген, тіпті европалық тұрғыдан қараганның өзінде, жалпы алғанда жаппай ұйымшылдық жағынан орасан зор өсу дәуірі болды. Пролетариаттың бұл кезде өз еңбегінің жағдайын бірсыпыра оңдап алуға қолы жетті. Шаруалар бұқарасының помещиктік озбырлықты «азайтуға», жердің арендаға алу және сатып алу бағасын кемітуге қолы жетті. Бүкіл Россия жиналыстар, сөз бостандығы және одақтар бостандығы жөнінде едәуір жеңіске ие болды, самодержавиені бүкіл халық алдында ескі тәртіптерден бездіріп, оған конституцияны мойындатқызды.

Азаттық қозғалыс арқылы Россияда осы кезге дейін жеңіп алынғанның бәріне пролетариат бастаған бұқараның тұтас және тек қана революциялық күресі арқылы қол жетті.

Декабрь көтерілісінің жеңілісінен былайғы жерде күрестің дамуындағы бет бұрыс басталады. Бұқаралық күрес әлсіреген сайын контрреволюция біртіндеп шабуылға көше берді. Бірінші Дума заманында бұқаралық күрес шаруалар қозғалысының бұрынғыдан бетер қауырт күшейгенінен, крепостник-помещиктер ұясын кеңінен талқандаудан, солдаттардың бірсыпыра көтерілістерінен өте-мөте айқын көрінді. Демек реакция ол кезде бірден мемлекеттік төңкеріс жасауға батылы бармай, баяу шабуыл жасады. Тек 1906 жылғы июльдегі Свеаборг пен Кронштадт көтерілістерін басқаннан кейін ғана реакция батылданып, әскери-далалық тәртіп орнатты, сай-

лау правосын бөлшектеп қайтып ала бастады (сенат түсініктемелері[58]), ақырында, екінші Думаны полицейлер торуылдап келіп, біржолата қоршап алды, сөйтіп бүкіл атышулы конституцияны аяққа басты. Бұқараның түрлі өз бетімен құрылған бостандық ұйымдарының орнына, бұл кезде Дубасовтар мен Столыпиндер әр саққа жүгіртіп түсіндірген полициялық конституция шеңберіндегі «жария күрес» келді. Социал-демократияның өктемдігі орнына екі Думада да үстем болған кадеттердің өктемдігі орнады. Бұқара қозғалысының төмен құлдырау дәуірі кадеттер партиясының өркені өскен дәуір болды. Кадеттер партиясы конституцияны жақтаушы «күрескер» ретінде майданға шығып, осы құлдырауды пайдаланып қалды. Ол халықтың осы конституцияға деген сенімін бар күшімен қолдап, нақ «парламенттік» күресті ғана місе тұту қажет екенін уағыздаумен болды.

«Кадеттік конституцияның» күйреуі — азаттық күрестегі кадеттік тактика мен кадеттік гегемонияның күйреуі. Біздегі либерализмнің «революциялық жалған үміттер» туралы және «революцияның қателері» туралы тақырып жөніндегі барлық пікірлерінің қара ниеттітаптық сипаты революцияның екі дәуірін салыстырғанда айқын көрінеді. Пролетариаттың бұқаралық күресі бүкіл халықты жеңіске жеткізді. Қозғалысқа жасалған либералдық басшылық жеңілістерден басқа ештеңе берген жоқ. Пролетариаттың революциялық тегеуріні бұқараның санасын және олардың ұйымшылдығын үнемі көтеріп, олардың алдына барған сайын зор міндеттер қойып, олардың саяси өмірге дербес қатысуын өрбітіп, оларды күреске баулып отырды. Либералдардың екі Дума тұсындағы гегемониясы бұқараның санасын төмендетті, олардың революциялық ұйымшылдығына іріткі салды, демократиялық міндеттерді түсінуін қиындатты.

I және II Думаның либерал көсемдері тізе бүгуді көздеген жария «күресті» халық алдында тамаша көрсетті, бұл «күрес» либерал мылжыңдардың конституциялық жұмағын самодержавиешіл крепостниктердің оп-оңай жоқ қылуына, министрліктердің ауыз бөлмелеріне келушілердің нәзік дипломатиясын келемеж етуіне әкеліп

соқтырды. Орыс революциясының өн бойында либералдардың ешбір жеңісі, ешбір табысы, азаттық үшін күресте халық күштерін ұйымдастыратын азды-көпті ешбір демократиялық ісі болған жоқ.

Либералдар 1905 жылдың октябріне дейін бұқараның революциялық күресі жөнінде кейде тілектес бейтарап болды, бірақ олар революциялық күреске сол кездің өзінде-ақ қарсы шыға бастады, зұлымдық сөздер сөйлеп, патшаға депутация жіберді, ойланбағандықтың салдарынан емес, революцияға тура қастандық жасау ниетімен Булыгин Думасын қолдады. Либералдар 1905 жылғы октябрьден кейін халықтың бостандық ісіне масқаралықпен опасыздық жасауды ғана білді.

Бұлар 1905 жылғы ноябрьде Струве мырзаны Витте мырзамен астыртын шүйіркелесіп сөйлесуге жіберді. Бұлар 1906 жылдың көктемінде революциялық бойкот жасауды олқылыққа ұшыратты, заемға қарсы шығудан Европа алдында ашықтан-ашық өзінің бас тартуы арқылы үкіметке Россияны қаратып алу үшін миллиардтаған қаржы іздестіріп табуға көмектесті. Бұлар 1906 жылдың жазында министрлік портфельдер туралы Треповпен артқы есіктен саудаласты, сөйтіп I Думада «солшылдармен», яғни революциямен күресті. Бұлар 1907 жылғы январьда полициялық әкімдерге тағы да барғыштады (Милюковтың Столыпинде болуы). Бұлар 1907 жылдың көктемінде II Думада үкіметті *қолдап* шықты. Революция либерализмді тез арада тамаша әшкерелеп, оның контрреволюциялық жаратылысын іс жүзінде көрсетіп берді.

Бұл жөнінде конституцияға үміт арту дәуірі халыққа онша пайдасыз өткен жоқ. Бірінші және екінші Думаның тәжірибесі біздің революцияда либерализмнің атқарып отырған ролінің бүкіл шексіз бейшаралығын түсінуді үйретіп қана қойған жоқ. Жоқ, бұл тәжірибе саясат жағынан сәбилер немесе алжыған қарттар ғана шын конституциялық-*«демократиялық»* партия деп есептей алатын партияның тарапынан демократиялық қозғалысқа басшылық жасау әрекетін іс жүзінде жойды.

Россиядағы буржуазиялық демократияның таптық құрамы 1905 жылы және 1906 жылдың басында жұрттың бәріне әлі айқын емес еді. Самодержавиені халықтың азды-көпті қалың бұқарасының шын өкілдігімен біріктіруге болады деп тек әр тараптағы меңіреу түкпірлерде тұрушы қараңғы, надан адамдар ғана үміттенген жоқ. Бұл үміттер самодержавиенің билеуші топтарына да жат емес-ті. Булыгин Думасының да, Витте Думасының да сайлау заңының шаруаларға әдеуір өкілдік бергені неліктен? Мұның себебі, деревня монархияшыл пиғылда деген сенім әлі бар болатын. Үкімет газетінің: «бос белбеулер құтқарады» деп 1906 жылдың көктемінде жар салғаны шаруалар бұқарасының кертартпалығына үкіметтің сенетіндігін білдірген еді.[59] Шаруалардың демократизмі мен буржуазиялық либерализм арасындағы антагонизмді кадеттердің ол кездерде мойындамағанын былай қойғанда, шаруалардың тіпті мешеулігінен сақтанып, бар болғаны: кертартпа немесе немқұрайды қарайтын шаруаны либералға айналдыруға Думаның көмектесуін тіледі. 1906 жылдың көктемінде Струве мырза «Думада шаруа кадет болады» деп жазып, батыл тілек білдірді. 1907 жылдың жазында сол Струве мырза еңбек партиялары немесе солшыл партиялар буржуазиялық либерализм мен самодержавие арасында мәмлеге келуді жүзеге асыруға басты кедергі болады деп, оларға қарсы күрес туын көтерді. Шаруалардың саяси жағынан көзін ашу жолында күресу ұранын либералдар бір жарым жыл ішінде саяси жағынан «тым» көзі ашық және талап қойғыш шаруаларға қарсы күресу ұранымен өзгертті!

Ұрандарды бұлайша өзгерту либерализмнің орыс революциясында әбден күйрегенін барынша айқын көрсетеді. Селодағы демократиялық халық бұқарасы мен крепостник-помещиктер арасындағы таптық антагонизм қорқақ, топас кадеттердің ойлағанынан өлшеусіз терең болып шықты. Олардың демократия жолындағы күресте гегемонияны өзіне алу әрекеті сондықтан да соншалықты тез, соншалықты үзілді-кесілді мерт болды. Олардың халықтың ұсақ буржуазиялық демократиялық бұқарасын октябристік және қаражүздік помещиктер-

мен жарастыруды көздеген бүкіл «бағыты» сондықтан да апатқа ұшырады. Екі Думаның контрреволюциялық дәуірінің, тиімсіз болғанымен, ұлы жеңісінің өзі «халық бостандығы» жолындағы сатқын «күрескерлердің» осы күйреуінде болып отыр. Төменнен бет алып көтерілген тап күресі министрліктің ауыз бөлмесінің осы сабаздарын сыртқа лақтырып тастап, басшылықтан дәмеленген бұларды *октябризмнің* конституциялық жылтырақ сырмен жеңіл-желпі боялған *қарапайым малайларына* айналдырды.

Демократия жолындағы күрескерлер болуға немесе, ең болмағанда, демократия қатарындағы күрескерлер болуға өзінің жарайтын-жарамайтындығын іс жүзінде сынап көрген либералдардың бұл күйрегенін кімде-кім осы кезге дейін көрмесе, ол адам екі Думаның саяси тарихынан мүлде ештеңе түсінбеген болады. Буржуазиялық демократияны қолдау туралы жаттанды формуланы мұндай адамдардың мағынасыз қайталағаны контрреволюциялық күңкілге айналады. Конституциялық жалған үміттердің күйрегеніне социал-демократтар өкінбеуге тиіс. Олар, Маркстің Германиядағы контрреволюция жөнінде айтқанындай, халық өзінің жалған үміттерін жоғалтты да, содан ұтып шықты[60] деуге тиіс. Россиядағы буржуазиялық демократия жарамсыз көсемдерімен қаусаған одақтастарын жоғалтып, ұтып шықты. Бұл осы демократияның саяси дамуы үшін өте жақсы.

Революциямыздың және контрреволюцияның бай саяси сабақтарын қалың бұқараның терең ойланып, мықтап ұғынып алуы жөнінде пролетариат партиясының қам жасауы керек болады. Самодержавиеге тегеурін жасау дәуірі пролетариаттың күшін өрістетіп, оған революциялық тактиканың негіздеріп үйретті, бұқараның тікелей күресінің, азды-көпті елеулі жеңілдіктерді жеңіп алуға бірден-бір қабілетті күрестің табысқа жетуінің шарттарын нұсқап көрсетіп берді. Пролетариаттың күшін даярлау, оны тәрбиелеу және ұйымдастыру жөніндегі ұзақ дәуір Россиядағы ескі самодержавиеге өлтіре соққы берген жүздеген мың жұмысшылардың бой көрсетулерінің көш басы болды. Пролетариаттың таптық күресінің барлық көріністеріне басшылық ету жө-

піндегі, ұзақ, көзге түспейтін жұмыс, берік, ұстамды партия құру жөніндегі жұмыс нағыз бұқаралық күрес дүмпуінің көш басы болып, сол дүмпуді революцияға айналдыру шарттарын қамтамасыз етті. Ал қазір пролетариат, халықтың алдыңғы қатарлы күрескері ретінде, өзінің ұйымын ныгайтуы керек, өзінен интеллигенттік оппортунизмнің өңез атаулысының бәрін қырпап тастауы керек, өзінің күшін дәл сондай ұстамды және қажырлы жұмысқа ұйымдастыруы керек. Орыс революциясының алдына тарихтың барысы мен қалың бұқараның алып отырған объективті орны қойған міндеттер шешілген жоқ. Жаңа, жалпы халықтық саяси дағдарыс элементтерінің жойылмағаны былай тұрсын, қайта керісінше, бұрынғыдан да тереңдеп, ұлғая түсті. Бұл дағдарыстың басталуы пролетариатты жалпы халықтық қозғалыстың тағы да басшысы етіп қойды. Социал-демократиялық жұмысшы партиясы осы рольді атқаруға тас түйін әзір болуға тиіс. Ал 1905 жылғы және одан кейінгі жылдардағы оқиғалар тыңайтқан жердегі егін он есе тәуір өнім береді. Егер жұмысшы табының бірнеше мың сапалы алғы саптағыларынан құралған партияның соңынан 1905 жылдың аяғында миллион пролетар аттапып шыққан болса, ал енді қазір революцияда ысылған және өзін жұмысшы бұқарасымен күрес үстінде тығыз байланыстырған ондаған мың социал-демократтары бар партиямыз ондаған миллион адамды соңынан ертіп шығып, жаудың сағын сындырады.

Россиядағы жұмысшы қозғалысының социалистік міндеттері де, демократиялық міндеттері де революциялық оқиғалардың ықпалымен мейлінше айқын белгіленіп, қалай да алдыңғы қатарға қойылып отыр. Буржуазияға қарсы күрес жоғары сатыға көтеріліп келеді. Капиталистер бүкіл россиялық одақтарға топтасып, үкіметпен тығыз бірігіп, пролетариатты «ауыздықтау» үшін экономикалық күрестің жаппай локауттарға дейінгі ең шектен асқан тәсілдерін жиі қолданып отыр. Бірақ қудалау дәурені өтіп бара жатқан таптарға ғана қорқынышты, ал капиталист мырзалардың жетістіктері неғұрлым тез болса, пролетариат сан жағынан тез көбейіп, ұйымдасу жағынан да соғұрлым тез нығая бере-

ді. Пролетариаттың жеңілмейтіндігіне Россияның да, бүкіл дүние жүзінің де экономикалық дамуы кепіл болады. Буржуазия тұңғыш рет тап болып, бірыңғай, саналы саяси күш болып біздің революцияда қалыптаса бастады. Бүкіл Россияда жұмысшылардың бірыңғай тапқа ұйымдасуы да соғұрлым нәтижелі болады. Капитал әлемі мен еңбек әлемі арасындағы тұңғиық соғұрлым терең бола түседі, жұмысшылардың социалистік санасы соғұрлым айқын болады. Пролетариат арасындағы социалистік үгіт революцияның тәжірибелерімен байып, айқынырақ бола түседі. Буржуазияның саяси жағынан ұйымдасуы — социалистік жұмысшы партиясын біржолата қалыптастыруға ең жақсы түрткі болды.

Бұл партияның демократия үшін күрестегі міндеттері бұдан былай либералдарға кетуге әзірлену үстіндегі «тілектес» интеллигенттер арасында ғана талас туғыза алады. Бұл міндеттер жұмысшылар бұқарасы үшін революция от-жалынында өте-мөте сезіліп айқын болды. Россиядағы тарихи күш ретіндегі буржуазиялық демократияның негізі, бірден-бір негізі шаруалар бұқарасы болып табылады, мұны пролетариат тәжірибеден біледі. Бұл бұқараның крепостник-помещиктерге және патша самодержавиесіне қарсы күрестегі басшысы болу ролін пролетариат жалпы ұлттық көлемде қазірдің өзінде-ақ орындады және де жұмысшы партиясын дұрыс жолдан енді ешқандай күш тайдыра алмайды. Демократизм туын жамылып, шаруаларды октябризмнің қанатының астына бағыттаған кадеттердің либералдық партиясы өз ролін ойнап бітті, сондықтан жекедара сары уайымшылдарға қарамай, социал-демократия либералдардың сол күйреуін бұқараға түсіндіру жөніндегі, буржуазиялық демократия октябризм малайларымен жасалған одақтан өзін құлап таза арылтпайынша өз ісін орындай алмайтынын түсіндіру жөніндегі қызметін жалғастыра беретін болады.

Россиядағы буржуазиялық демократияның бұдан былайғы тағдырының қалай болатынын енді ешкім айта алмайды. Мүмкін, кадеттердің күйреуі терроршылдар ұйымы болып қалып қойған социалист-рево-

люционерлер емес, шаруалардың демократиялық партиясының, шын бұқаралық партияның құрылуына жеткізетін шығар. Сонымен қатар ұсақ буржуазияның саяси жағынан ұйымдасуының объективті қиыншылықтары мұндай партияның құрылуына мүмкіндік бермеуі ықтимал, сойтіп шаруалар демократиясын болбыр, қожырағап, коймалжың трудовиктік бұқараның қазіргі күйінде ұзақ уақыт қалдыруы да ғажап емес. Бұл жағдайдың қай-қайсысында да біздің бағытымыз біреу: ауытқу атаулының бәрін аяусыз сынау арқылы, демократияны өзінің контрреволюцияшылдығын дәлелдеп берген либерализмге қосуға қарсы ымырасыз күресу арқылы демократиялық күштерді шыңдай беру.

Реакция неғұрлым етек алған сайын, қаражүздік помещик соғұрлым құтырына түседі, қаражүздік помещик самодержавиені өзіне неғұрлым көбірек бағындыра түскен сайын Россияның экономикалық дамуы және оны крепостниктік тәртіптің қалдықтарынан арылту соғұрлым баяуырақ болады. Ал мұның мәнісі —қала мен селоның ұсақ буржуазиясы бұқарасының арасында саналы және жауынгерлік демократизм соғұрлым күштірек, кеңірек дами түсетін болады деген сөз. Октябристердің шаруаларды душар етіп отырған ашаршылығына, зорлық-зомбылығы мен қорлауына жаппай қарсылық көрсету соғұрлым күштірек болады. Демократиялық күрестің сөзсіз өрлейтін уақыты жеткенше кадеттер партиясы деп аталатын либерал мансапқорлар шайкасының демократия қатарына тағы да іріткі сала алмайтын болуын, оның қатарына лаңын тигізе алмайтын болуын социал-демократия ойластырады. Екінің бірі: не халықпен бірге болу керек, не халыққа қарсы болу керек,— деген шартты социал-демократия революцияда «демократиялық» көсем ролінен дәмеленушілердің бәрінің алдына әлдеқашан-ақ қойды. Бұл бағытты осы кезге дейін социал-демократтардың бәрі бірдей дәйектілікпен ұстай алмай келді; кейбіреулері либералдардың уәделеріне өздері де беріліп кетті, кейбіреулері осы либералдардың контрреволюциямен жасаған қулық-сұмдықтарын көрмеген

болды. Енді алғашқы екі Думаның тәжірибесі біздің көзімізді әлден-ақ ашты.

Революция пролетариатты бұқаралық күреске үйретті. Демократия жолындағы күресте шаруалар бұқарасын пролетариаттың өз соңынан ерте алатынын революция дәлелдеді. Революция бірыңғай пролетарлық партияны тығызырақ топтастырып, ұсақ буржуазиялық элементтерді одан аластап тастады. Контрреволюция ұсақ буржуазиялық демократияны бұқаралық күрестен оттан бетер зәресі ұшатын либерализмнен өзіне көсемдер мен одақтастар іздеу әрекетінен бас тартуға үйретті. Оқиғалардың осы сабақтарына сүйене отырып, біз қаражүздік помещиктер үкіметінің адресіне былай деп батыл айта аламыз: Столыпин мырзалар, осы бағыттан таймаңыздар! Сіздер не ексеңіздер, соның жемісін біздер жинайтын боламыз!

«Пролетарий» № 17,
20 октябрь, 1907 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

«СОЦИАЛИСТ-РЕВОЛЮЦИОНЕРЛЕР» ТАРИХТЫ ҚАЛАЙ ЖАЗАДЫ

Социалист-революционерлердің орталық органы «Знамя Труданың»[61] бесінші номерінен Штутгарт съезі туралы бас мақаланы кездестіріп отырмыз, бас мақала социалист-революционерлерге тән түйдектелген бос сөздермен, шектен шыққан мақтаншақтықпен жазылған. Социалист-революционерлер партиясының Орталық Комитеті «революциялық күрес оған қызмет орнында қала беруді бұйырды» деп Европаға хабарлаған телеграмма қайтадан басылған. Социалист-революционерлердің Бюродағы өкілінің «кәдімгі күш-жігеріне» тағы да сол Орталық Комитеттің толық місе тұтатыны мәлімденген. «Кәсіптік қозғалыс жөнінде өзіміз әрқашан жүзеге асырып келген көзқарасты социалистік интернационал өз қаулысымен мақұлдады»,— деп сендіреді «Знамя Труда». Жалақы минимумын заң жолымен енгізу туралы мәселеде, догматик Каутскийдің ырқына көнбей, конгресс «біздің жағымызда болып шықты». Үш жыл ішінде «біздер, орыс социалистері», «бұқаралық үлкен партия болып өсіп жетілдік. Ал Интернационал мұны да ашық және құрметпен (!!!) мойындады».

Бір сөзбен айтқанда,— социалист-революционерлерге құрмет көрсету үшін Европадан отыз мың курьер жіберілген.

Ал қырсыққан социал-демократтар орыс секциясында «шағын айла-шарғы» жасады, атап айтқанда: социал-демократтар мен социалист-революционерлер үшін,

социалист-революционерлер талап еткен, дауыстардың тең болуына қарсы күресті. Социал-демократтар өздеріне 11 дауыс, социалист-революционерлерге 6 және кәсіптік одақтарға 3 дауыс талап етті. Бюро: социал-демократтар үшін 10, социалист-революционерлер үшін 7 және кәсіптік одақтар үшін 3 дауыс болсын деп қаулы шығарды. «Біздің талабымызға қарсы дауыс берген Адлер мен Бебель соның өзінде социалист-революционерлер партиясының маңызын эсте бекерге шығарғымыз келмейді, біздер оны орыс социализмі мен революциясының маңызды факторы деп мойындаймыз деп мәлімдеді. Бірақ олар әділетті болғылары және күштердің арасалмағының шамалас екенін атап айтқысы келеді» («Знамя Труда»).

Шіркін, біздің осы Хлестаковтардың абайсызы-ай, қандай абайсыз десеңізші! Бюрода социалист-революционерлердің маңызы туралы да, «маңызды фактор» туралы да сөз болған жоқ және *болуы да мүмкін емес еді.* Партия конгресс пен Бюроға қатыстырылған екен, оның маңызы мен мәнділігіне баға беру мәселесінде Бюро мен оның мүшелерінің шаруасы да жоқ. Бюро дауыстар мөлшерін бөліске салу үшін тек партиялардың *күшін* ғана бағалай алады. Біздің, социал-демократияның, Бюродағы өкіліміздің социал-демократия мен социалист-революционерлер күш жағынан *тең еместігі* жөніндегі дәлелдеріне Бебель мен Адлер келісті. Осы дәлелдермен келісе отырып, олар, әлбетте, былай деп көрсетті: принциптерге, бағыттарға төрелік айтпаймыз, социал-демократтар мен социалист-революционерлер арасындағы таласты программа арқылы шешпейміз, дауыстарды бөліске салу үшін тек қана күштерді салмақтап көреміз. Осындай өзінен-өзі түсінікті ескертуден келіп социалист-революционерлерді «маңызды фактор» деп тану Хлестаковша әрекет жасау болып шығады.

Ал мұның өзі социалист-революционерлер тарапынан тым абайсыздық болады, себебі: олар Бебель мен Адлердің ескертулерінің мағынасын естерінде қалғаны бойынша хабарлап және теріс хабарлап, *істің шын байыбы жөніндегі дәлелдерді* жұмған аузын ашпастан

орағытып өте шығады. Бебельдің ескертулері туралы әсірелеп әңгімелеген, ал істің мәнісіне келгенде біздің қалай таласқанымыз туралы үндемеген. Мұның себебі не?

Шын мәнісінде біздің өкілдеріміз Бюрода мынадай түрде таласты. Социал-демократ екінші Думадағы депутаттар санына партиялар күшінің ең дәл өлшемі ретінде сүйенді, сайлау заңы жұмысшылардан гөрі шаруаларға қолайлырақ болды деп ескерту жасады. Думада социалист-революционерлер фракциясынан басқа эсерлер деуге болатындар — трудовиктер де, халықтық социалистер де болды деп социалист-революционерлер қарсылық білдірді. Олардың біразын, демек, эсерлерге қосу керек!—деді. Оның бер жағында халықтық социалистерде— социалист-революционерлердің дәл өз сөздері —«үздік жазушылар» бар («écrivains de premier ordre» деді Рубанович).

Социал-демократтардың өкілі бұған былай деп жауап берді: иә, халықтық социалистерде «үздік жазушылар» бар — ондайлар француз радикал-социалистері мен радикалдарында да [62] бар, мысалы, Клемансо сияқты (бұл да «үздік жазушы»!). Бірақ дербес партия үшін өз күшін дәлелдеп көрсетуде *бөтен* партияға сілтеудің өзі лайық па? Халықтық социалистердің «үздік жазушыларының» өздері оларға съезге қатысуға рұқсат беру туралы сұрауды ойламай отырғанда, мұның өзі лайық па?

Россияда өздерін әсіре революционерлерміз деп көрсетіп, ал Европада көмекке деп халықтық социалистерді шашынан сүйреп тарту лайық па? деп біз өз тарапымыздан қоса айта кетпекпіз.

«Пролетарий» № 17,
20 октябрь, 1907 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

РСДРП С.-ПЕТЕРБУРГ ҰЙЫМЫНЫҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ[63]

27 ОКТЯБРЬ (9 НОЯБРЬ), 1907 ж.

1

III МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

ГАЗЕТ ЕСЕБІНЕН

Баяндамашы ең алдымен III Думаның құрамын сипаттады. 3 июньдегі сайлау заңын үкіметтің қарапайым эмпиризм жолымен әзірлегені соншалық, Думада октябристік-қаражүздік және октябристік-кадеттік *екі көпшілік қана мүмкін* болып шықты. Мұның екеуі де — сөзсіз контрреволюцияшыл. Үкімет өзінің реакцияшыл саясатында біресе бұлардың біріне, біресе екіншісіне сүйенетін болады. Мұның өзінде үкімет өзінің самодержавиелік-крепостниктік әрекеттерін қағаз жүзіндегі «реформалар» туралы сылдыр сөздермен бүркемелеп отырмақшы. Мұның өзінде кадеттер іс жүзінде контрреволюцияның сатқындық саясатын жүргізе отырып, сөз жүзінде өзін нағыз демократиялық оппозицияның партиясы етіп көрсететін болады.

Думада кадеттердің октябристермен мәмлеге келуі сөзсіз, бұл жөнінде алғашқы адымдар қазірдің өзінде-ақ жасалды,— баяндамашы мұны кадеттер мен октябристердің партиялық газеттерінен бірқатар цитаттар келтіру арқылы, осы партиялардың өмірінен бірқатар фактілер арқылы және кадеттер партиясының соңғы съезінен хабарлар келтіру арқылы дәлелдеді. III Думада ескі режиммен мәмлеге келудің кадеттік саясаты осы кезге дейінгіден гөрі анағұрлым айқын суреттеледі, сондықтан оның шын сипаты жөнінде ешкімде де күмәп қалмайды.

Бірақ думалық көпшіліктің біріншісі де, екіншісі де пролетариаттың, шаруалардың және қалалық демокра-

тияның азды-көпті қалың бұқарасының көкейтесті экономикалық және саяси талаптарын объективті түрде қанағаттандыра алмайды. Халықтың бұл топтарының мұқтаждықтарын, осы кезге дейінгі сияқты, ең алдымен социал-демократия білдіретін болады. III Думаның құрамы мен қызметі социал-демократияға мол және тамаша үгіт материалын беретін түрі бар, ал бұл материал қаражүздік үкіметке, нағыз крепостник-помещиктерге, октябристерге қарсы және кадеттерге қарсы пайдаланылуға тиіс. Жалпыға бірдей, т. т. сайлау правосы негізіндегі бүкіл халықтық құрылтай жиналысы идеясын халықтың ең қалың бұқарасы арасына тарату бұрынғыша социал-демократияның міндеті болып қала береді. Сондықтан Думада «солшыл» октябристерді немесе кадеттерді қолдау туралы соз де болмауы керек. Социал-демократтар, III Думада өздері қаншалықты аз болғанымен, Дума трибунасын, сұраулар қою правосын, т. т. пайдаланып, дербес социалистік және дәйекті демократиялық бағытты жүргізуге тиіс. Тек солшыл депутаттар тобымен ғана кейбір келісімдер жасасуға болады (әсіресе сұраулар енгізу үшін 30 адам қол қою қажеттігінен), бірақ социал-демократияның программасы мен тактикасына қайшы келмейтін келісімдерге ғана жол беріледі. Бұл мақсат үшін ешкімнің қолын байламайтын, социал-демократияның солшыл депутаттарға ықпал етуіне тек мүмкіндік беретін информациялық бюро ұйымдастыру қажет.

Социал-демократтар қатарынан,— деп көрсетті бұдан әрі баяндамашы,— «солшыл» октябристерді қолдау туралы (мысалы, президиум сайлауы кезінде), кадеттермен бірге информациялық бюро ұйымдастыру туралы және біздің думалық фракциямызды «сақтап қалу» дейтін туралы дауыстар қазірдің өзінде шығып жүр. Октябристерді қолдау туралы меньшевиктер тарапынан айтылып жүрген сөздер меньшевиктік тактиканың толық сәтсіздікке ұшырағанын мейлінше айқын дәлелдейді. Дума кадеттік болған кезде, меньшевиктер кадеттерді қолдау туралы сарнаған болатын. Столыпин сайлау заңын октябристер үшін қолайлы етіп өзгертуі мұң екен, меньшевиктер октябристерді қолдауға әзір

болды. Сайып келгенде, меньшевиктер бұл жолмен қайда бармақшы?

Баяндамашы кадеттермен бірге информациялық бюро құру мүмкін емес деп есептейді, өйткені мұның өзі өзіңнің нағыз дұшпаныңды хабардар ету болар еді.

Фракцияны «сақтап қалу» жөнінде баяндамашы былай деді: фракцияны сақтап қалу шынында да керек. Бірақ не үшін? Тек қана фракция социал-демократтар туын Думада жоғары ұстауы үшін, тек қана оның одақтастардан бастап кадеттерге дейінгі түрлі түсті және алуан сарындардағы контрреволюционерлердің бәріне қарсы ымырасыз күрес жүргізуі үшін сақтап қалу керек. Бірақ ешбір жағдайда да ол «солшыл» октябристер мен кадеттерді қолдау үшін емес. Егер фракцияның өмір сүруі осы топтарды қолдаумен, яғни столыпиндік самодержавиемен мәмлеге келуді қолдаумен байланысты болса, онда фракция өзінің өмір сүруін абыроймен мүлде тоқтатқаны жақсы, сөйтіп Думадан өзінің неге қуылғанын, егер осындай қуылу болатын болса, бүкіл халыққа түсіндіруі керек.

Ленин өзінің қорытынды сөзінде, көбінесе, меньшевизмнің негізгі қатесіне — «жалпы ұлттық оппозиция» идеясына тоқталды. Россия буржуазиясы сөздің өз мағынасында еш уақытта революцияшыл болған емес, ал мұның айқын себебі бар: бұл жұмысшы табының Россияда алып отырған жағдайына байланысты, оның революциядағы роліне байланысты болып отыр. Меньшевиктердің қалған дәлелдерінің бәрін талдай келіп, қарар ұсынды, қарар «Пролетарийдің» 19-номерінде басылды.

«Пролетарий» № 20,
19 ноябрь, 1907 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

2

III МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА ТУРАЛЫ ҚАРАР

Лондон съезінің Мемлекеттік дума туралы қарарын, сондай-ақ пролетарлық емес партиялар туралы қарарды басшылыққа алуды III Думадағы социал-демократиялық фракция үшін міндетті деп танып, РСДРП С.-Петербург ұйымының конференциясы осы қарарларды дамыту ретінде төмендегілерді айтуды қажет деп табады:

1. III Думада қазірдің өзінде екі көпшілік — қаражүздік-октябристік және октябристік-кадеттік көпшілік белгілі болды. Біріншісі — контрреволюцияшыл көпшілік, сондықтан әсіресе қудалаушылықты күшейтуді және помещиктік пұрсаттылықтарды қорғауды талап етеді, сөйтіп самодержавиені толық қалпына келтіруге ұмтылуға дейін барады. Екінші көпшілік те сөзсіз контрреволюцияшыл, бірақ революцияға қарсы күресті кейбір бюрократтық жалған «реформалармен» бүркемелеуге бейім.

2. Думадағы мұндай жағдай үкімет тарапынан да, кадеттер тарапынан да екі жақты саяси айла-шарғы жасауға өте-мөте қолайлы болады. Үкімет қудалаушылықты күшейтіп, Россияны соғыс күшімен «жеңіп алуды» жалғастыра отырып, өзін конституциялық реформаларды жақтаушы етіп көрсеткісі келеді. Кадеттер іс жүзінде контрреволюцияшыл октябристермен бірге дауыс бере отырып, өздерін оппозиция былай тұрсын, оның үстіне демократияның өкілдері етіп көрсеткісі келеді. Мұндай жағдайларда бұл айла-шар-

ғыны мейірімсіз әшкерелеу міндеті, қаражүздік помещиктер мен үкімет тарапынан болып отырған зорлықзомбылықтарды да, сондай-ақ кадеттердің контрреволюциялық жаратылысын да халық алдында әшкерелеу міндеті социал-демократтарға ерекше баса жүктеледі. Социал-демократия тарапынан кадеттерді тура немесе жанамалай (оңшыл кадеттерді немесе «солшыл» октябристерді президиумға өткізу үшін дауыс беру формасында болсын, кадеттердің қатысуымен информациялық бюро формасында болсын, өз қимылдарын олардың саясатымен үйлестіру формасында болсын және т. с.) қолдау қазір жұмысшы бұқарасын таптық тәрбиелеу ісіне, революция ісіне тура нұқсан келтіргендік болар еді.

3. Өзінің социалистік мақсаттарын ешқандай кемітпестен қорғай отырып, осы тұрғыдан барлық партияларды, тіпті ең демократиялық және «еңбектік» буржуазиялық партияларды сынай отырып, социал-демократтар III Думаның халықтың мүдделері мен талаптарына мүлде сай келмейтіндігін халықтың қалың бұқарасына түсіндіруді өзінің үгітінде бірінші қатарға қоюға және осымен байланысты жалпыға бірдей, төте, тең және дауысты жасырын беруге негізделген құрылтай жиналысы идеясын кең және жігерлі түрде насихаттауға [жүргізілуге тиіс].

4. Халықтың қалың бұқарасының экономикалық мүдделеріне (жұмысшы мәселесі мен аграрлық мәселе, бюджет, т. т.) қатысты мәселелерге ерекше назар аудара отырып, үкімет пен либералдардың ұсыныстарының таптық сырын әшкерелеу социал-демократияның III Думадағы негізгі міндеттерінің бірі болуға тиіс,— өйткені III Думаның құрамы социал-демократияға үгіт жүргізу үшін мейлінше мол материал беретін түрі бар.

5. Жекелеп алғанда, социал-демократияның Думада сұраулар қою правосын пайдалануы қажет, бұл үшін социал-демократияның программасы мен тактикасынан еш бір айнымастан және ешбір блок жасамастан кадеттерден солшылдау басқа топтармен бірігіп әрекет жасау қажет.

Социал-демократияның II Думада істеген қателіктерін қайталамау үшін социал-демократиялық фракция Думаның солшыл, тек қана солшыл (яғни кадеттерге қарсы күресуге қабілетті) депутаттарына информациялық бюро құруды дереу ұсынуға тиіс, бұл оған қатысушыларды еш нәрсеге міндеттемейді, бірақ жұмысшы депутаттарына социал-демократиялық саясат рухында демократияға үнемі ықпал етуге мүмкіндік береді.

«Пролетарий» № 19,
5 ноябрь, 1907 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

3

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРДЫҢ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ БАСПАСӨЗГЕ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

ГАЗЕТ ЕСЕБІНЕН

Ленин жолдастың екінші баяндамасы социал-демократтардың буржуазиялық баспасөзге қатысуы туралы мәселеге байланысты болды. Баяндамашы халықаралық социал-демократияның екі қанатының бұл жөніндегі көзқарасын, әсіресе Герман социал-демократиялық партиясының ортодокстері мен ревизионистерінің көзқарастарын баяндады. Ортодокстер Дрезден партейтагында[64] социал-демократияға дұшпан емес баспасөзге қатысуға болатындығы жөніндегі формулаға келісті, сөйтіп мұны іс жүзінде толық тыйым салумен тең деп дәлелдеді, өйткені қазіргі дамыған капиталистік қоғамда социал-демократияға дұшпан емес буржуазиялық газеттер жоқ.

Баяндамашы буржуазиялық баспасөзге, әсіресе бейне бейпартиялық баспасөзге *саяси жағынан* қатысуға сөзсіз болмайтындығы жөніндегі көзқарасты жақтайды. Мысалы, «Товарищ» сияқты газеттер социал-демократияға қарсы өзінің жасырын-екіжүзділік күресі арқылы социал-демократияға ашықтан-ашық дұшпан партиялық буржуазиялық газеттерден де анағұрлым көп зиян келтіреді. Плехановтың, Мартовтың, Горнның, Коганның және т. с. «Товарищтегі» мақалалары бұған жақсы мысал бола алады. Осы мақалалардың бәрі партияға қарсы бағытталған, сойтіп іс жүзінде буржуазиялық «Товарищ» газетін социал-демократ жолдастар пайдаланған жоқ, қайта бұл газет аты аталған жолдастарды

өзі жек көретін РСДРП-ға қарсы пайдаланды. Социал-демократтардың «Товарищ» редакциясына ұнамайтын бірде-бір мақаласы осы кезге дейін газетте жарияланған емес.

«Пролетарий» № 20,
19 ноябрь, 1907 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ҮШІНШІ ДУМА [65]

Үкімет 3 июньде халыққа қарсы өзі істеген жиренішті қылмыстың нәтижелерін жүзеге асырып отыр: ат төбеліндей помещиктер мен капиталистердің пайдасы үшін бүкіл халықтың ғана емес, тіпті сайлау праволарымен пайдаланушы азшылықтың да еркін мүлде бұрмалайтын жексұрын сайлау заңы патша өкіметіне оның сұқтанып отырған нәтижелерін берді. Думаға сайлануға тиісті 442 депутаттың осы мақаланың жазылу кезіне 432-сі сайланған; енді 10 депутат сайлануға тиіс, сондықтан сайлаудың жалпы нәтижелері қазірдің өзінде жеткілікті дәрежеде анықталды. Біршама дұрыс есеп бойынша былай болып отыр: социал-демократтар — 18,[66] басқа солшылдар — 13, кадеттер — 46, оған жақын топтардың мүшесі — 55, октябристер — 92, бағыты жағынан онымен жақын топтардың мүшесі — 21, әр түрлі оңшылдар — 171, оның ішінде «Орыс халқы одағының» 32 мүшесі, партияда жоқ 16 адам сайланған.

Сонымен, саны жағынан болмашы партияда жоқтарды есептемегенде, қалған депутаттардың бәрін 4 топқа бөлуге болады: нағыз солшыл топ не бары 7 проценттен шамалы асады, солшыл (кадеттік) центр — 23 процент, оңшыл (октябристік) центр — 25,1 процент және оңшыл топ — 40 процент; партияда жоқтар 4 проценттен біршама төмен.

Бұл топтардың бірде-біреуі жеке алғанда абсолютті көпшілік бола алмады. Жаңа сайлау заңына дем берушілер мен оны жасаушылар үшін мұндай нәтиже олар-

дың тілектері мен күткендеріне толық сәйкес келе ме? Біздің ойымызша, бұл сұраққа сәйкес келеді деп жауап беру керек және самодержавиелік патша өкіметін қолдайтын билеуші топтардың көзқарасы тұрғысынан қарағанда жаңа орыс «парламенті» сөздің толық мағынасында chambre introuvable* дегендей болады.

Мәселе мынада: самодержавиелік немесе жартылай самодержавиелік режимі бар елдің бәріндегі сияқты, бізде де шынында екі үкімет бар: бірі ресми үкімет — министрлер кабинеті, екіншісі бүркеулі үкімет — сарай маңындағы сұрқиялар. Осы соңғылар әрқашан да және барлық жерде қоғамның ең реакцияшыл топтарына, өзінің экономикалық күшін ірі жер иеленушіліктен және сонымен байланысты болатын жартылай крепостниктік шаруашылықтан алатын феодалдық — біздінше қаражүздік — дворяндарға сүйенеді. Шолжыңдаған, бұзылған, азғындаған — бұл қоғамдық топ ең оңбаған арам тамақтықтың айқын үлгісі болады. Мұнда азғындап бұзылушылықтың қандай дәрежесіне дейін жететіндігін Мольтке — Гарденнің Берлинде болған жанжал процесі, Германияның жартылай самодержавиелік императоры II Вильгельмнің сарай маңындағы ықпалды сұрқиялар тобының оңбаған бұзықтығын әшкерелеген жанжал процесс көрсетіп отыр. Біздің Россиядағы тиісті топтардың арасында да мұндай жексұрындықтар бар екендігі ешкім үшін де құпия емес. «Оңшылдардың» III Думадағы зор көпшілігі, түгелдей болмағанмен, ең болмағанда, басым көпшілігі дәл осы қоғамдық азғындар мен сілімтіктердің, бізге қараңғы түнек ескілік мұра етіп қалдырған осы «боямалы табыттардың» мүдделерін қорғайтын болады. Крепостниктік шаруашылықты, дворяндық пұрсаттылық пен самодержавиелік-дворяндық режимді сақтап қалу — осы мастодонттар мен ихтиозаврлар үшін өмір мен өлім мәселесі, өйткені «зубр» деген ат — олар үшін тым құрметті атақ болады.

Мастодонттар мен ихтиозаврлар өзінің сарай маңындағы құдіреттілігін пайдаланып, ресми үкіметті де —

* Бұдан артық жақсыны таба алмайсың: XVIII Людовик 1815 ж. француздың қаражүздік депутаттар палатасын осылай деп атады.

министрлер кабинетін — ешкіммен бөле-жармай толық иелігіне алу үшін әдетте бүкіл күшін салып бағады. Әдетте кабинеттің едәуір бөлегінің өзі солардың өз адамдарынан құралады. Алайда, кабинеттің дені көбінесе өзінің құрамы жағынан сарай маңындағы сұрқиялардың талаптарына толық сәйкес келе бермейді. Атам заманғы жыртқышқа, крепостниктік заманның жыртқышына қарсы қазіргі жағдайда алғашқы қорлану заманының жыртқышы бәсекеге түседі,— бұл жыртқыш та дөкір, ашқарақ, арамтамақ, бірақ сырт корінісі бірқыдыру мәдениеттілеу және — ең бастысы — кепілдіктер, субсидиялар, концессиялар, қамқорлық тарифтер, т. т. түрінде қазыналық байлықтың едәуір бөлегін жымқырып қалу ниеті бар жыртқыш. Алғашқы қорлану заманы үшін лайықты егіншілік буржуазия мен өнеркәсіптік буржуазияның осы тобының мәні октябризмнен және оған қосылатын ағымдардан байқалады. Бұл топтың sans phrases* қаражүздіктермен ортақ мүдделері көп,— шаруашылық арам тамақтық пен пұрсаттылық, бояма патриоттық қаражүздік тұрғыдан қарағандағы сияқты октябристік тұрғыдан қарағанда да қажет.

III Мемлекеттік думада осылайша қаражүздік-октябристік көпшілік құралады: мұның саны орасан көп, 432 адамнан 284 адам, яғни 65,7 процентке дейін жетіп, депутаттардың барлық санының $^2/_3$-ден астамы болып отыр.

Мұның өзі — үкіметке аграрлық саясатта күйзелген помещиктердің өз жерін тиімді өткізуіне, мұнымен бірге жері аз шаруаларды сабақты жіпке дейін тонауына, жұмысшы жөніндегі заңды капиталдың пролетариатты ең сорақылықпен қанауының құралы етуіне, финанс саясатында салықтардың негізгі ауыртпалығын халық бұқарасына салуды сақтап қалуды қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызатын тірек болып табылады. Мұның өзі — протекционизм мен милитаризмнің тірегі. Октябристік-қаражүздік көпшіліктің контрреволюциялық сипаты барлығына ешкім таласпайды.

* — құрғақ сөзсіз; бұл ретте — әсірелеусіз. *Ред.*

Бірақ мәселенің мәні мынада: мұның өзі III Думадағы бірден-бір көпшілік емес. Бұдан басқа тағы бір көпшілік бар.

Патша өкіметін қорғауда сарай маңындағы сұрқиялар министрлер кабинетінің қандай одақтасы болса, қаражүздіктер — октябристердің сондай сенімді одақтасы. Бірақ сарай маңындағы сұрқиялардың министрлер кабинетімен одақ жасасудан гөрі оған үстемдік жасауға табиғи түрде ұмтылатыны сияқты, қаражүздіктер де октябристерге үстемдік жүргізуді өте-мөте аңсайды, октябристерді өзіне күштеп көндіреді, оларды жаныштауға тырысады.

Дөрекі жыртқыш, арам тамақ болса да капитализмнің мүдделері крепостниктік жер иелігінің бөле-жармай үстемдік етуіне келіспейді. Өзара туысқан осы әлеуметтік топтың екеуі де самсаның үлкенірек, дәмдірек бөлегін өзіне жырып алып қалуға тырысады,— осыдан келіп жергілікті өзін өзі басқару мен мемлекеттік өкіметтің орталық ұйымы мәселелері жөнінде олар сөзсіз ажырасады. Земство мен қалалық Думадағы қаражүздіктер үшін қазіргі бар нәрседен басқа ештеменің керегі жоқ, ал орталықта — «қарғыс атқан конституция жойылсын» дейді. Октябристер үшін земствода да, Думада да өз ықпалын күшейту керек, ал орталықта бұқара үшін өте шолақ, жалған болса да «конституция» қажет.

«Русское Знамя»[67] «октябристерді» басқа жерден алып, жерден салып отырған жоқ, ал «Голос Москвы»[68] болса, ол III Думада оңшылдар керегінен артық болып отыр деп табады.

Сөйтіп істің объективті барысы октябристерді бұл жөнінде одақтастар іздеуге мәжбүр етеді. Ол одақтастарды конституцияға өзінің шын берілгендігі туралы әлдеқашаннан-ақ мәлімдеп келген солшыл (кадеттік) центрден әлдеқашан табуға болатын еді, бірақ істің жайы мынада: қазір кадеттер өкілі болып отырған капиталистік қорлану заманының жас орыс буржуазиясы өткен заманнан өте қолайсыз достар мен кейбір ұнамсыз дәстүрлерді сақтап қалды. Сонда да саяси саладағы дәстүрлерден құтылу оңай болып шықты: кадеттер өздерін монархистерміз деп әлдеқашан-ақ тіпті бірінші Думаға

дейін жариялады, жауапты министрліктен олар екінші Думада үндеместен бас тартты, түрлі «бостандықтар» туралы кадеттік жобаларда осы бостандықтарға қарсы кедергілердің, тікенекті сым торлар мен терең орлардың көптігі соншалық, бұл жөнінде бұдан былай да прогресс болуына барлық сенім бар. Кадеттер көтеріліс пен ереуілге бұрын да кінәлай қарады — әуелі жылы шыраймен, содан кейін күйректікпен қарады, 1905 жылғы декабрьден соң жартылай жек көрушілікке айналды, ал бірінші Дума қуылғаннан кейін тура теріске шығаруға, айыптаушылыққа айналды. Дипломатия, мәмлеге келу, билік жүргізушілермен саудаласу — кадеттік тактиканың негізі, міне, осы. Ал қолайсыз достарға келетін болсақ, олар әлдеқашаннан-ақ жай «көршілер» болып аталатын, ал жуырда жұрттың бәріне естіртіп «дұшпандар» деп жариялапды.

Демек, келісуге болады деген сөз, сонда міне жаңа, бәзбаяғы контрреволюциялық көпшілік — октябристік-кадеттік көпшілік келіп шықты. Рас, ол көпшілік сайланған депутаттар санының жартысынан әзір біршама аз — 432 депутаттан 214 депутат, бірақ, біріншіден, партияда жоқтардың барлығы болмағанмен, ең болмағанда олардың бір бөлегінің оған қосылатындығы күмәнсыз, ал екіншіден, бұдан былайғы сайлауларда бұл копшілік өседі деп ойлауға барлық деректер бар, өйткені сайлау әлі өткізілмеген қалалар және губерниялық сайлау жиналыстарының басым болегі не октябристерді, не кадеттерді береді.

Үкімет өзін жағдайдың қожасымын деп есептеп отыр. Либерал буржуазия, сірә, мұны шындық деп мойындайтын болу керек. Мұндай жағдайларда мәмлеге келу ең жексұрын және сатқындық ымырашылдықтың бұрынсоңды болып кормеген түрі болуға тиіс, дәлірек айтқанда — азды-көпті демократизм белгісі бар либерализм позицияларының бәрін беріп қояды деген сөз. Жаңа бұқаралық қозғалыс болмайынша, мұндай мәмлеге келу арқылы жергілікті басқарма мен орталық заң шығару органдарының азды-көпті демократиялық құрылымының жүзеге асуы мүмкін емес екендігі айқын. Октябристік-кадеттік көпшілік бізге мұны бере алмайды. Ал

қаражүздік-октябристік көпшіліктен, капиталист-жырт-қыштармен одақтас жабайы помещиктерден аграрлық мәселені азды-көпті дұрыс шешуді және жұмысшылардың жағдайын жеңілдетуді күтуге бола ма? Бұл сұрақтың жауабы тек ызалы күлкі ғана болады.

Жағдай айқын: *революцияның объективті міндеттерін біздің chambre introuvable нағыз бұрмаланған түрде болса да жүзеге асыра алмайды.* Ескі құрылыстың Россияға салған ауыр жараларын ол аздап болса да жаза алмайды,— ол бұл жараларды болмашы, тұрлаусыз, жалған реформалармен ғана бүркемелей алады.

Сайлаудың нәтижелері біздің берік сенімімізді тағы да растап отыр: *Россия өзінің басынан кешіріп отырған дағдарысынан бейбіт жолмен шыға алмайды.*

Қазіргі кезеңде социал-демократияның алдында ең таяудағы кезекте тұрған міндеттер мұндай жағдайларда өте-мөте айқын болып шығады. Социализмнің салтанат құруын өзінің түпкілікті мақсаты етіп қойып, осы мақсатқа жету үшін саяси бостандықтың қажет екендігіне сеніп, бұл бостандықты ашықтан-ашық жаппай бой көрсетулерсіз, бейбіт жолмен жүзеге асыру қазіргі уақытта мүмкін еместігін еске ала отырып,— социал-демократия, әрине, сөздің тар мағынасында социализмді насихаттаудан да, пролетарлық таптық мүдделерді қорғаудан да бір минут бас тартпастан, қазір демократиялық және революциялық міндеттерді бұрынғыша ең таяудағы кезекке қоюға міндетті. Қазіргі қоғамның неғұрлым алдыңғы қатарлы, неғұрлым революцияшыл табының,— бұқаралық күресте көсем болу роліне өзінің қабілеттілігін орыс революциясында іс жүзінде дәлелдеген пролетариаттың,— өкілі болғандықтан социал-демократия революциялық күрестің туып келе жатқан жаңа сатысында да,— стихиялықтан саналылықтың бұрынғыдан гөрі анағұрлым басымдылығымен сипатталатын сатысында да осы көсемдік рольді пролетариаттың сақтап қалуына барлық шаралармен жәрдемдесуге міндетті. *Социал-демократия* осы мақсатпен *демократиялық бұқараның гегемоны болуға және осы бұқараның арасында революциялық жігерді дамытуға бар күшін салып, ұмтылуға міндетті.*

Мұндай ұмтылушылық пролетариат партиясын басқа таптық саяси ұйымдармен қатты қақтығысуға душар етеді, ал өздері өкілі болып отырған топтардың мүдделері тұрғысынан қарағанда, бұл ұйымдар үшін демократиялық революцияның өзінен-өзі жиреніштті, қауіпті болатыны былай тұрсын, оның үстіне онда социалистік қауіпті туғызатын әсіресе пролетариаттың гегемониясы болғандықтан да жиреніштті, қауіпті болады.

Столыпин үкіметі кезекпен арқа сүйеп, өзін тең ұстауға ниеттеніп отырған думалық екі көпшіліктің — қаражүздік-октябристік және октябристік-кадеттік көпшіліктің екеуі де, осы екі көпшіліктің қай-қайсысы да өзінше — түрлі мәселелерде — контрреволюцияшыл болатыны мүлде айқын және ешқандай күмән болмауға тиіс. Екі көпшіліктің бірінің немесе тіпті олардың жеке элементтерінің министрлікке қарсы *күресуі* туралы — азды-көпті жүйелі, жоспарлы күресі туралы сөз де болмауы керек. Тек жекелеген, уақытша жанжалдар болуы мүмкін. Мұндай жанжалдар ең алдымен бірінші көпшіліктің қаражүздік элементі мен үкімет арасында болуы мүмкін. Бірақ бұл жанжалдар азды-көпті терең бола алмайтындығын, ал үкімет контрреволюциялық негізден зәрредей де ауытқымастан екінші көпшілікке сүйеніп, бұл жанжалдардан толық қолайлылықпен, оп-оңай жеңіп шыға алатындығын ұмытпау керек. Революциялық социал-демократия және онымен бірге III Думаның революциялық ниеттегі барлық басқа элементтері қаншалықты тілегенімен бұл жанжалдарды революцияның мүдделері үшін таза үгіттік мақсаттарда ғана болмаса, басқаша пайдалана алмайды; қақтығысушы жақтардың әйтеуір біреуін «қолдау» туралы бұл арада сөз де болмау керек, өйткені мұндай қолдаудың өзі контрреволюциялық әрекет болған болар еді.

Мүмкін, екінші көпшіліктің жеке элементтері арасында,— бір жағынан кадеттердің және екінші жағынан октябристер мен үкіметтің арасында болуы мүмкін жанжалдарды біршама көбірек, тиімдірек пайдалануға болатын шығар. Бірақ жағдай мұнда да былай болып отыр: субъективтік пиғылдар мен ниеттердің себебінен ғана емес, оның үстіне объективті жағдайлардың салда-

рынан да жанжалдар әрі үстірт, әрі өткінші сипатта болады, сырттай неғұрлым тәуір, ал шын мәнісінде демократияның мүдделеріне қайшы келетін шарттар арқылы саяси жалдаптардың мәмлеге келуін жеңілдететін құрал ғана болып шығады. Демек, *социал-демократия* тіпті осындай үстірт, сирек жанжалдардың өзін пайдаланудан бас тартпай, *демократиялық және революциялық міндеттер жолында тек үкіметке, қаражүздікке және октябристерге қарсы қажырлы күрес жүргізіп қана қоймай, тіпті кадеттерге де қарсы қажырлы күрес жүргізуге тиіс.*

Социал-демократияның үшінші Мемлекеттік думада өзінің алдына қоюға тиісті негізгі *мақсаттары* осындай. Бұл мақсаттар — екінші Думада пролетариат партиясының алдында тұрған мақсаттардың дәл өзі екендігі мүлде айқын. Бұл мақсаттар Лондон съезінің Мемлекеттік дума туралы қарарының бірінші пунктінде әбден айқын тұжырымдалған. Бұл пунктте былай делінген: «Социал-демократияның Думадағы тікелей саяси міндеттері мыналар болып табылады: а) пролетариаттың және революциялық ұсақ буржуазияның, әсіресе шаруалардың талаптарын жүзеге асыру құралы ретінде Думаның бүтіндей жарамсыздығын халыққа түсіндіру; б) әзірге нақты өкімет патша үкіметінің қолында қалып отырғанда, саяси бостандықты парламенттік жолмен жүзеге асырудың мүмкін емес екендігін халыққа түсіндіру және абсолютизмнің қарулы күшіне қарсы халық бұқарасының ашық күресі сөзсіз болатындығын, толық жеңісті — өкіметтің халық бұқарасының қолына көшуін және жалпыға бірдей, тең, төте, жасырын дауыс беру негізінде құрылтай жиналысын шақыруды қамтамасыз ететін күрестің сөзсіз болатындығын түсіндіру».

Бұл қарарда, әсіресе оның соңғы сөздерінде, социал-демократияның үшінші Думадағы қызметінің өте маңызды *арнаулы* міндеті, 3 июньдегі қылмыстың бүкіл пасықтығын әшкерелеуге байланысты социал-демократиялық депутаттар орындауға тиісті міндеті тұжырымдалған. Әрине, олар бұл қылмысты ресми түрде конституцияны бұзудың либералдық тұрғысынан емес, халықтың қалың бұқарасының мүдделерін арсыздықпен,

дөрекілікпен бұзу деп, халық өкілдігін ұятсыздықпен, өрескелдікпен бұрмалау деп әшкерелеуге тиіс. *Халықтың мүдделері мен талаптарына III Думаның мүлде сай келмейтіндігін халықтың қалың бұқарасына түсіндіру және осыған байланысты жалпыға бірдей, төте, тең, жасырын дауыс беруге негізделген толық билікті құрылтай жиналысы идеясын кең және жігерлі түрде насихаттау* осыдан келіп шығуға тиіс.

Дәл сол Лондон қарары Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық партиялық жұмыстың сипатын төмендегі сөздермен өте-мөте айқын белгілейді: «думалық социал-демократиялық фракцияның сынау, насихаттау, үгіттеу және ұйымдастыру ролі бірінші қатарға қойылуға тиіс»; «думалық күрестің жалпы сипаты пролетариаттың Думадан тысқарғы бүкіл күресіне бағындырылуға тиіс, оның бер жағында жаппай экономикалық күресті пайдаланудың және сол күрестің мүдделеріне қызмет етудің ерекше маңызы бар». Думалық жұмыстың мұндай сипатының қазіргі кезеңде социал-демократияның, жоғарыда көрсетілгендей, Думада өз алдына қоюға тиісті мақсаттарымен қандай тығыз, айырғысыз байланысты екені мейлінше айқын. Социал-демократтардың үшінші Думадағы бейбіт заң шығарушылық қызметі бұқаралық қозғалыстарды барынша ықтимал ететін жағдайлар кезінде орынсыз болуы былай тұрсын, күлкілі донкихоттық болуы былай тұрсын, тіпті пролетариат мүдделеріне тура опасыздық жасау болар еді. Ол социал-демократияны «өзінің ұрандарын төмендетуге, бұқара алдында социал-демократияның беделін түсіріп, оны пролетариаттың революциялық күресінен қол үздіруге»[69] сөзсіз алып келер еді. Пролетариаттың Думадағы өкілдері бұдан артық қылмыс жасай алмас еді.

Социал-демократияның сынау қызметі мейлінше кең өрістетілуге және жоғары дәрежеде өткір болуға тиіс, өйткені III Думада ол үшін материал өте-мөте көп болады. Думадағы социал-демократтар Думада үкімет тарапынан, сондай-ақ либералдар тарапынан өткізілетін шаралар мен ұсыныстардың таптық астарын ақырына дейін әшкерелеуге міндетті, оның бер жағында, съездің қарарына толық сәйкес, халықтың қалың бұқарасының

экономикалық мүдделеріне қатысты шаралар мен ұсыныстарға ерекше көңіл аудару қажет; бұған жұмысшы мәселесі мен аграрлық мәселе, бюджет туралы мәселе және т. т. жатады. Социал-демократия осы мәселелердің бәрінде үкіметтің және либералдың көзқарастарына өзінің социалистік және демократиялық талаптарын қарама-қарсы қоюға міндетті, бұл мәселелер — халық өмірінің нағыз жанды жүйкесі, сонымен қатар үкіметтің және думалық екі көпшіліктің де сүйеніп отырған әлеуметтік топтарының ең осал жері.

Социал-демократтар осы үгіттеу, насихаттау және ұйымдастыру міндеттерінің бәрін, Думаның трибунасынан сөйлейтін создерінің үстіне, заң жобаларын ұсыну, үкіметке сұраулар қою арқылы да жүзеге асыратын болады. Бірақ бұл арада оте бір маңызды қиындық бар: заң жобасын ұсыну немесе сұрау қою үшін кем дегенде *отыз* депутат қол қоюы керек.

III Думада отыз социал-демократ жоқ және болмайды да. Бұл күмәнсыз. Демек, социал-демократияның *бір өзі,* басқа топтардың көмегінсіз, заң жобаларын да ұсына алмайды, сұрау да қоя алмайды. Мұның мәселені қатты қиындатып, шиеленістіретіні күмәнсыз.

Әңгіме, әрине, дәйекті-демократиялық сипаты бар заң жобалары мен сұраулар туралы болып отыр. Социал-демократия бұл жөнінде конституциялық-демократиялық партияның жәрдеміне үміт арта ала ма? Әрине, үміт арта алмайды. Қазірдің өзінде мынадай шарттар бойынша, өздерінің түрлі ескертулер мен алып тастаулар арқылы әбден шұнтитқан онсыз да шолақ программалық талаптарынан ештеме қалмайтын шарттар бойынша, еш нәрсемен бүркемеленбеген ымыраға келуге барынша әзір тұрған кадеттер демократиялық сұраулар қойып, үкіметті мазалауға батылдық істей ала ма? Екінші Думаның өзінде-ақ сұраулар жөнінде шығып сөйлеген кадет шешендердің сөздерінің тым сылбыр естіліп, сол мезетте-ақ не баланың былдырағына айналғанын, не сыпайы, бас июшілік ниеті бар, тіпті ілтипатты сұрақтарға айналғанын біз бәріміз ұмытқанымыз жоқ. Ал қазір, халыққа тор құру ісінде Думаның «іскерлігі» бекемірек, сенімдірек болып отырғанда, бұл

торлар шынжырға айналып,— жалпы әңгіме болып отырғанда,— ұлы мәртебелі министр мырзалар тыныш ұйықтай алады: оларды кадеттер тарапынан мазалау сирек болады — әрине, заң шығару керек болады ғой! — ал егер мазалайтын болса, онда сыпайылықтың барлық тәртібін сақтайтын болады. Милюков сайлау алдындағы жиналыстарда «күш-қуатты сақтауға» босқа уәде етіп отырған жоқ. Иә, жалғыз Милюков па? «Дума жойылсын» деген ұранды Данның сөзсіз теріске шығаруы немене? Бұл да күш-қуатты сақтау емес пе? Ал «күресі» тәжім ету мен барынша бас июден басқа ештеме алып келмейтіп «либерал буржуазияны қолдауы» арқылы Плеханов сол «сыпайылықтың» бағытымен жүруге социал-демократияға кеңес беріп отырған жоқ па?

Социал-демократтардың заң шығару жөніндегі ұсыныстарына кадеттердің қосылуы туралы айтудың қажеті де жоқ: өйткені бұл заң жобалары айқын білдірілген үгіттік сипатымен көзге түсетін болады, дәйекті-демократиялық талаптарды мейлінше толық білдіретін болады, ал мұның өзі кадеттік ортада, әрине, октябристік ортада, тіпті қаражүздік ортада туғызатын ашу-ызадан гөрі кем ашу-ыза туғызбайтыны айқын.

Сонымен, бұл жөнінде де кадеттерді есептен шығарып тастау керек. Социал-демократия сұраулар қою және заң жобаларын ұсыну ісінде кадеттерден гөрі солшылдау топтардың көмегіне ғана үміт арта алады. Сірә, олар социал-демократтармен бірге 30-ға жуық адам болуы керек, демек, бұл жөнінде инициатива көрсету үшін толық техникалық мүмкіндік туады. Әрине, әңгіме әйтеуір бір блок туралы болып отырған жоқ, Лондон съезі қарарының сөздері бойынша «реакцияға да қарсы, либерал буржуазияның сатқындық тактикасына да қарсы жалпы тегеурін жасау мақсаттарына ғана қызмет етіп, социал-демократиялық программа мен тактикадан қандай да болса шегіну мүмкіндігінің барлығын да жоюға тиіс» [70] «бірлескен қимылдар» туралы болып отыр.

«Пролетарий» № 18, 29 октябрь, 1907 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ПЛЕХАНОВТЫҢ МАҚАЛАСЫ ТУРАЛЫ [71]

Плеханов 20 октябрьде шыққан «Товарищтегі» өзінің мақаласында социал-демократиялық партияның тәртібі жөнінде өтірік және келеке ету науқанын жалғастыра түсіп отыр. Бұл өтіріктің үлгісымағы мынау: Плеханов өзін Кускова, Прокопович мырзалар мен К^0-нің тұрақты қызметкері болды деген айыптауға: «жұртқа мәлім, «Товарищ» солшыл блоктың органы болды» деп қарсы шығады. Бұл өтірік. 1-ден, «Товарищ» ешқашан солшыл блоктың органы болған емес. Солшыл блоктың ортақ органы болуы мүмкін емес те. 2-ден, большевиктер «Товарищте» ешқашан ешқандай саяси науқан жүргізген жоқ, социал-демократиялық партиядағы мүшелестеріне мұндай газет арқылы ешқашан қарсы шыққан емес. 3-ден, большевиктер солшыл блок құрып, «Товарищті» *жікке бөлді*, сөйтіп одан кадеттерді жақтаушыларды (рас, бір аптаға ғана) қуып шықты. Ал Плеханов болса пролетариатты да, ұсақ буржуазиялық демократияны да кадеттердің алдында малайлық етуге *сүйрелеп отыр.* Большевиктер «Товарищке» қатыспай-ақ, оны солға жылжытты. Плеханов қатыса отырып, оны оңға тартып отыр. Несін айтасыз, оның солшыл блокқа сілтеуі орынды-ақ!

Сонымен, буржуазияға жағымды нәрселер жазғандығы үшін өзін буржуазиялық газетке алып отырғандығы туралы мәселеге соқпай, Плеханов жұмысшы партиясының тәртібін келеке етіп, либералдарды бұрынғыдан да бетер қуантып отыр. Егер менен принциптерге

опасыздық ет деп талап етсе, мен бағынуға міндетті емеспін! — деп даурығады ол.

Мұның өзі — пасық анархистік бос сөз, құрметтім, өйткені *партияның* принциптерін съезден съезге дейін сақтап, оларды түсіндіріп отыратын Орталық Комитет. Егер Орталық Комитет съездің еркін бұзса, партия уставын, т. с. бұзса, онда сіздің бағынудан бас тартуға правоңыз бар. Бірақ қазіргі ретте Орталық Комитет сайлау жөніндегі өзінің директивалары арқылы съездің еркін бұзды деп айтуға тіпті бірде-бір адам әрекет еткен жоқ. Демек, Плеханов «принциптерге опасыздық жасау» жөніндегі сөзсымақпен өзінің *партияға опасыздығын* тура бүркемелеп отыр.

Ақырында, Плеханов: II Думаның сайлауында Санкт-Петербург комитетінің өзі Орталық Комитетке бағынбады деп Санкт-Петербург комитетін түйреп алғысы келеді. 1-ден, Санкт-Петербург комитеті ұйымды болу жөніндегі талапты орындаудан бас тартты, яғни *партия уставы қамтамасыз еткен* өзінің автономиясына қол сұғуды қабылдамай тастады, деп жауап береміз біз. 2-ден, II Думаның сайлауында ұйымды меньшевиктер *жікке бөлді:* сол кездегі жанжалдың осы жағы туралы Плеханов буржуазиялық газетте үн қатпай отыр! Плеханов өзінің дәлелдері арқылы бір нәрсені ғана айтып отыр: II Думаның сайлауында меньшевиктер партияның Петербург бөлегін жікке бөлді,— демек, мен енді бүкіл партияны жікке бөлуге праволымын!! Плехановтың логикасы осындай, Плехановтың істеген қылығы осындай. *Плеханов жік туғызып отыр:* мұны жұрттың бәрі мықтап есте ұстайтын болсын. Ол тек затты өз атымен атаудан ғана қорқады.

«Пролетарий» № 18,
29 октябрь, 1907 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

«ЖЕКСҰРЫН ЖЫН-ОЙНАҚТЫ» ӘЗІРЛЕУ

Социал-демократтардың российялық екінші Думадағы міндеттері мен орыс либералдарының ниеттерін бағалай келіп, немістің белгілі марксисі Франц Меринг: неміс либерализмі «ұнамды жұмыс» деген ұранды бүркеніп, міне 60 жыл бойы бейшаралық, масқаралық жолмен жүріп келеді деп жазды. Ұлттық жиналыс 1789 жылы жазғы бір түнде француз шаруаларын азат еткен кезде, конституциялық демократияның асқан батыры, данышпан-сатқын авантюрист Мирабо бұл оқиғаны қанатты сөзбен: «жексұрын жын-ойнақ» деп атады. Ал біздіңше (социал-демократша), бұл ұнамды жұмыс еді. Мұның керісінше, Пруссия шаруаларын азат ету — өгіз аяңмен 60 жыл бойына, 1807 жылдан 1865 жылға дейін созылған, оның бер жағында қатыгездікпен, аяусыз түрде сансыз көп шаруалардың өмірін жойған азат ету — біздің либералдардың көзқарасы тұрғысынан қарағанда «ұнамды жұмыс» болғанды, олар бұл жайында барынша даурығып жар салып жүр. Біздіңше, бұл «жексұрын жын-ойнақ» болған еді.

Меринг осылай деп жазды [72]. Ал енді III Дума ашылғалы отырғанда,— октябристер жексұрын жын-ойнақ жасауға шындап кіріскелі отырғанда,— кадеттер оған жарамсақтық ынтамен қатысуға әзір болып отырғанда,— бұл жын-ойнаққа көмектесуге әзір тұрған плехановшылдар социал-демократтардың арасынан да (біз үшін ұят-ақ) табылып отырғанда, Мерингтің сөздерін

еске түсірмеуге болмайды. Осы әзірліктерге үңіле назар аударып көрейік.

Үшінші Думаның қарсаңында әр түрлі партиялардың думалық тактика жөнінде көптеген кеңестері болды. Октябристер Москва кеңесінде 17 октябрь одағының парламенттік фракциясы программасының жобасын жасап шығарды, ал олардың шешені, Плевако мырза, Москвадағы банкетте «орыс либералдық-конституциялық партиясының туын» көтерді. Кадеттер өздерінің «партия» съезі деп аталатын V съезін үш немесе төрт күнде аяқтады. Солшыл кадеттер тас-талқаны шығып, кадеттердің Орталық Комитетінен (ал олардың Орталық Комитеті түгелімен «партияны» басқарып отырған 38 адамнан құралған) мүлде қуылды. Оңшыл кадеттер «III Думадағы тактика туралы баяндама» рухында, «жексұрын жын-ойнақты» осылай тамаша, «тарихи» тұрғыдан ақтап қалу рухында әрекет етуге толық еркіндік алды. Социал-демократтар III Думада ұстайтын тактиканы Орталық Комитетте және РСДРП Санкт-Петербург ұйымының конференциясында талқылай бастады.

Октябристердің парламенттік программасының ерекшелігі — ол программа шындығында кадеттердің де әр түрлі сөздер мен сылтауларды бүркене отырып, II Думада жүргізген контрреволюциялық саясатын ашықтан-ашық *мойындайды*. Мәселен, октябристер негізгі заңдар мен сайлау заңын қайта қараудың «мезгілі туған жоқ»: әуелі «кезек күтпейтін бірқатар реформалар арқылы» «тыныштық» орнатылып, «құштарлық пен таптық мүдделердің күресі жойылатын» болсын деп ашықтап-ашық мәлімдеп отыр. Кадеттер мұны айтқан жоқ, бірақ олар II Думада басқаша емес, нақ осылай істеді. Тағы бір мысал. Октябристер «өзін өзі басқаруға мүмкіндігінше көп адам қатыстырылуын» жақтайды, бірақ сонымен бірге дворяндардың «тиісті өкілдігі болуын қамтамасыз етуді» жақтайды. Осы ашықтан-ашық контрреволюцияшылдық кадеттердің саясатынан — жалпыға бірдей, төте, тең, жасырын дауыс беруді уәде етіп, ал іс жүзінде I Думада да, II Думада да жер жөніндегі жергілікті комитеттерді бұ-

лай сайлауға қарсы жапталасып күресетін және мұндай комитеттер шаруалар мен помещиктерден тепе-тең болып құрылсын деп ұсынатын, яғни дәл сол «дворяндардың өкілдігі болуын қамтамасыз етуді» көздейтін саясаттан — шындыққа жақынырақ. Тағы бір мысал. Октябристер помещик жерлерін күшпен иеліктен айыруды ашықтан-ашық теріс деп біледі. Кадеттер оны «мойындайды», мойындағанда, жерді күшпен иеліктен айыруды мойындайтын жалпы тұжырыммен аграрлық жарыс сөздерді қорыту туралы мәселе жөнінде II Думада оңшылдармен қосылып трудовиктерге және социал-демократтарға қарсы дауыс беріп «мойындайды».

Октябристер контрреволюцияның «жеңістерін» баянды ету шартымен қандай да болмасын либералдық реформаларды уәде етуге әзір. Мұнда «Думаның бюджет праволарын кеңейту» де (ойнамаңыз!), «өкімет әрекеттерінің заңдылығын бақылау жөнінде Думаның праволарын кеңейту» де, соттың дербестігін қамтамасыз ету де, «шаруашылық ұйымдардың жұмысшылары мен экономикалық стачкаларды («мемлекеттік және қоғамдық мүдделерге қатер туғызбайтын стачкаларды») қыспаққа алуды тоқтату» да, «заңды азаматтық бостандықтың негіздерін нығайту» да, тағы басқалар, тағы сондайлар да бар. «Октябрьлердің» үкіметтік партиясы да Столыпин мырза үкіметінің өзі сияқты, «либералдық» сөздерді аямай-ақ айтып жүр.

Кадеттер октябристерге көзқарас туралы мәселені өз съезінде қалай қойды? Бір топ солшыл кадеттер тіпті мәселені дұрыстап қоя білмеген даңғойлар болып шықты. Ал түрін өзгерткен октябризмнің толып жатқан оңшыл сабаздары шындықты барып тұрған арамдықпен бүркемелеу үшін мықтап топтасып отыр. Солшыл кадеттердің дәрменсіздігі олардың қарар жобасынан мейлінше айқын көрінді: оның бірінші пункті кадеттерге «рухы мен программасы жағынан өзіне (кадеттер партиясына) жат октябристермен жақындасуға бармай, айқын оппозициялық негізде болуды» ұсынады. Ал екінші пункт «елді азаттыққа және демократиялық реформаларға қарай бастайтын заң

жобаларын, бұлар қайдан шықса да, қолдаудан бас тартпауға» шақырады. Бұл адам күлерлік нәрсе, өйткені III Думада көпшілік дауыс ала алатын заң жобаларының октябристерден басқа ешқайдан шығуы *мүмкін емес!* Солшыл кадет мырзалардың жеңілуі әбден орынды, өйткені олар өздерін мұндай Думаға заң шығармақ болып жиналу лайықсыз, октябристермен бірге дауыс беру контрреволюцияны қолдау болып табылады деп айқын, тура айта алмайтын бейшара қорқақтарша немесе зердесіздерше ұстады. Солшыл кадеттердің бірлі-жарым адамдары, сірә, істі түсінген болу керек, бірақ съезде салон демократтары ретінде қорыққан болар. Қалай дегенде де, Жилкин мырза «Товарищте» кадет Сафоновтың мынадай *жай әңгімеде* айтқан сөзін хабарлап отыр: «Кадет фракциясы қазір, меніңше, I Думадағы Еңбек тобының жағдайында болуы керек. Оппозиция, уытты сөздер сөйлеу—басқа ештеңе де емес. *Ал олар заң шығармақ болып жүр.* Мұны қайтіп істемек? *Октябристермен* дос болып, *одақ құрып па?* Таңқаларлық түрде оңға бой ұру. Бүкіл ел сол жақта, біз оңға бұрыламыз» («Товарищ» № 407). Сірә, Сафонов мырзада ар-ұяттың... көрініп қалатын кездері болатын сияқты, бірақ тек жай әңгімеде ғана!

Оның есесіне Милюков мырза мен оның шайкасы өздерінің ежелгі ар-ұятсыз мансапқорлық қасиеттерін мейлінше айқын көрсетті. Парламенттік сайқалдықтың либерал сабаздары халықты әрқашан алдағаны сияқты, қалың жұртшылықты алдау үшін қабылданған қарарда істің мәнін жасырып отыр. Съездің қарарында («тезистер») *октябристер туралы бір де сөз жоқ!!* Бұл ақылға сыймайды, бірақ бұл факт. Кадеттер съезінің бар түйіні — кадеттердің октябристермен бірге дауыс беруі туралы мәселеде. Бүкіл жарыс сөз осының төңірегінде болды. Бірақ буржуазиялық саясат құмарлардың барлық айлакерлігі бұқараны *алдауда,* өздерінің парламенттік әрекеттерін *жасыруда* болып отыр. Кадеттер съезінің 26 октябрьде қабылдаған «Тактика туралы тезистері», 1-ден, кадеттердің октябристермен қалай қосылып отырғандығын, ал 2-ден, либералдар-

дың бұқараны алдауына арналған қарардың қалай жазылатынын көрсететін тамаша документ болып табылады. Бұл документті «17 октябрь одағының» «парламенттік программасымен» салыстыру керек. Бұл документті Милюковтың кадеттер съезінде оқыған «тактика туралы баяндамасымен» салғастыру керек («Речь» № 255). Бұл баяндаманың ең маңызды жерлері мынау:

«Оппозиция жағдайына қойылған партия, алайда» (нақ: алайда!) «барып тұрған солшылдардың Думадағы іс-әрекетін сипаттауға оның өзі қолданып отырған термині мағынасындағы жауапсыз азшылықтың ролін атқармайтын болады» (парламенттік тілден қарапайым тура тілге аударғанда: октябрист мырзалар, мейірімділік етіп, орын беріңіздерші бізге, біз тек аты ғана оппозициямыз ғой!). «Думаға ол Думадан тыс бой көрсетулерді әзірлеудің құралы деп қарамайды, бірақ заңда дәл белгіленген мөлшерде жоғарғы өкімет билігі берілген Мемлекеттік жоғары орган деп қарайды» (негізгі заңдарды қайта қараудың мезгілі туған жоқ деп тура айтатын октябристер адалырақ емес пе?). «Алғашқы екі Думадағы сияқты, партия III Думаға да оның заң шығару жұмысына белсене қатысатын айқын ниетпен барады. Партия бұл сияқты істі солшылдардың үгіттік мақсаттарына да, оңшылдардың астыртын жұмысына да бірдей қарама-қарсы қойып, оны әрқашан да басты және негізгі іс деп есептеп келді». Ал «астыртын жұмыс» жөнінде де сіздер өтірік айтып отырсыздар, мырзалар, өйткені *екі* Думада да сіздер министрлермен немесе министрлердің малайларымен *астыртын жұмыс* істедіңіздер! Ал үгіттен безу *демократиядан* мүлде және біржолата безу деген сөз.

III Думада заң шығару үшін, қалай болғанда да, тура немесе жанамалап болса да, октябристермен бірігу керек, сөйтіп бүтіндей контрреволюцияның негізіне және оның жеңістерін қорғау негізіне түсу керек. Кадеттер осы айқын нәрсе туралы үн қатпауға тырысып отыр. Алайда, олар баяндаманың басқа бір жерінде былай деп сырын ашып алды: «Заң шығару инициативасын пайдалану ісі партиялық жобалардың

практика жүзінде іске асырылатындығын алдын ала анықтап алумен байланысты қойылуға тиіс». Практика жүзінде іске асырылуы октябристерге байланысты. Іске асырылатындығын анықтап алу — октябристерге артқы есіктен кіре салу деген сөз. Өз инициативаңды осы анықтауға тәуелді етіп қою — октябристердің *пайдасына* өз жобаларыңды кесіп, қысқарту деген сөз, өз саясатыңды «октябрьлерге» тәуелді етіп қою деген сөз.

Екінің бірі, мырзалар. Не нағыз оппозиция партиясы, ал онда — жауапсыз азшылық деген сөз. Не белсенді контрреволюциялық заң шығару партиясы, ал онда — октябристер алдында малайлық ету деген сөз. Кадеттер екіншісін таңдап алды, ал қаражүздік Дума бұл үшін оңшыл кадет Маклаковты президиумға өткізеді деседі! Маклаков бұған лайық.

Бірақ тіпті қазірдің өзінде кадеттерді қолдау керек деп айта алатын социал-демократтар қалай табыла қойды екен? Мұндай социал-демократтарды интеллигенцияның мещандығы, бүкіл орыс өмірінің мещандығы туғызды. Мұндай социал-демократтарды Плехановтың марксизмнің қадірін кетіруі тәрбиелеп өсірді. Санкт-Петербург социал-демократиялық ұйымы конференциясында оңшыл Думаның ізімен меньшевиктердің одан бетер оңға кетіп отырғандығы анықталды. Олар октябристерді, яғни *үкіметтік* партияны қолдауға әзір! Бобринскийден тәуірірек Хомяковке эсдектер неге дауыс бермеске? Мұның өзі орындылығына қарай болатын мәселе! Егер Бобринский мен Пуришкевичтің бірін ғана таңдау керек болса, Бобринскийге неге дауыс бермеске? Маркс феодалдарға қарсы буржуазияны қолдауды үйреткенде [73], қаражүздіктерге қарсы октябристерді неге қолдамасқа?

Иә, Плехановтың өз меньшевиктерін социал-демократияны шексіз масқаралауға дейін жеткізгенін мойындау да ұят, жасыру да күнә. Нағыз құндақтаулы адам сияқты, ол «буржуазияны қолдау» туралы жаттанды сөздерді қайталап, өзінің *қақсауы* арқылы пролетариаттың революциядағы күресінің және контрреволюцияға қарсы күрестің ерекше міндеттері мен ерекше

шарттарын түсінудің қандайын болса да былықтырып отыр. Маркстің революциялық замандарға жасаған барлық талдауы нағыз демократияның, әсіресе пролетариаттың конституциялық жалған үміттерге, либерализмнің сатқындығына, контрреволюцияға қарсы күресінің төңірегінде болып отырады. Плеханов Струвенің әуеніне өзгертілген Маркстi мойындайды. Плеханов енді өзінің еккенін ора берсін!

Либерализмнің орыс революциясындағы контрреволюциялық сипаты 17 октябрьдің алдында, әсіресе, 17 октябрьден кейін болған оқиғалардың бүкіл барысымен дәлелденді. Үшінші Дума соқырларды да көзін ашуға мәжбүр етеді. Кадеттердің октябристермен жақындасуы саяси факт болып отыр. Мұны ешқандай сылтаулар мен бұлтарулар бүркей алмайды. Топас бернштейншілдердің газеті «Товарищ» бұл жөніндегі дәрменсіз қыңқылға қанағаттана берсін, сөйтіп бұл қыңқылды кадеттерді октябристерге итермелеумен, саяси жеңгетайлықпен сапырылыстыра берсін. Социал-демократия Россия либерализмінің контрреволюцияшылдығының таптық себептерін түсінуге тиіс. Социал-демократия кадеттердің октябристерге жақындасу тәсілдерінің бәрін, бейне бір демократияшыл либерализмнің бүкіл азғындығын Думада мейірімсіз әшкерелеуге тиіс. Жұмысшы партиясы «күш-қуатты сақтау» туралы пікір атаулының бәрін жирене лақтырып тастап, социализм туын, революция туын желбірете түседі!

«Пролетарий» № 19,
5 ноябрь, 1907 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

СОНДА ТӨРЕШІЛЕР КІМДЕР?

РСДРП-да меньшевиктер мен большевиктер арасындағы жалпы жік жөнінде және соның ішінде Лондон съезінде болған қатал күрес жөнінде табалап мысқылдау буржуазиялық баспасөзде ұдайы болып тұратын құбылысқа айналған. Алауыздықтарды зерттеу туралы, екі тенденцияны талдау туралы, оқушы жұртшылықты жікке бөлінудің тарихымен және меньшевиктер мен большевиктердің ажырасуының бүкіл сипатымен таныстыру туралы ешкім ойламайды да. «Речь» пен «Товарищтің» публицистері, Вергежский, Е. К., Переяславский мырзалар және басқа penny-a-liner-лер (әрбір жолына төленетін ақыға бола істейтін жазушысымақтар) қайдағы бір лақаптарды қағып алып, күпті болған салон мылжыңдары үшін «жанжалдың» «көзге түсерлік» егжей-тегжейін жинап-теріп жүреді және біздің күресіміз жайындағы анекдотсымақтардың қоқысымен миды ашытуға барынша тырысады.

Дөрекі мысқылдың бұл жанрымен социалист-революционерлер де әуестеніп жүр. «Знамя Труданың» 6-номеріндегі бас мақала Лондон съезіндегі айқай-шу туралы Череваниннің әңгімесін жарыққа шығарып, «ондаған мыңның» шығын болуы жайында мысқылдайды, «орыс социал-демократиясының қазіргі кездегі ішкі халінің тәп-тәуір екеніне» риза болады. Мұндай кіріспелер либералдар үшін Плеханов á la оппортунистерді көтермелеуге, эсерлер үшін — оларды қаһарлана балағаттауға өткел болып табылады (социалист-рево-

люционерлер *қазір* революцияшыл социал-демократтардың жұмысшы съезіне қарсы айтқан дәлелдерін қайталап жүр! тапқан екен!). Бірақ социал-демократия ішіндегі ауыр күрес жөніндегі табалаушылық бұлардың екеуінде де бірдей.

Бұл жорықтың либерал сабаздары туралы бірнеше сөз айта кетейік жәпе «оппортунизмге қарсы күрестің» эсер сабаздарына толық тоқталайық.

Кадеттер партиясы жайында өздерінің жұртты үнемі *алдап* жүргендігін бүркемелеу үшін либералдар социал-демократияның ішіндегі күресті мысқылдайды. Олар бастан-аяқ алдайды, кадеттердің өз ішіндегі күресі және олардың өкімет орындарымен жүргізген келіс сөздері үнемі жасырылып отырылады. Солшыл кадеттердің оңшыл кадеттерді жазғыратындығын жұрттың бәрі біледі, Милюков, Струве мырзалар мен К° Столыпин мырзалардың табалдырығын тоздырғанын жұрттың бәрі біледі. Бірақ дәл фактілер жасырылған. Ал алауыздықтардың беті бүркемеленді, Струве мырзалардың солшыл кадеттермен болған таластары туралы бір де сөз хабарланбады. Кадеттер съездерінің протоколдары жоқ. Өз партиясының мүшелері санын жалпылай да, ұйымдар бойынша да либералдар хабарламайды. Әр түрлі комитеттердің бағыттары белгісіз. Бастан-аяқ қара түнек, «Речьтің» бастан-аяқ ресми өтірігі, министрліктегі әңгімелесушілердің демократияны бастан-аяқ алдауы, кадеттер партиясы дегеніміз, міне, осы. Парламентаризмді өзіне мансап етіп жүрген адвокаттар мен профессорлар астыртын жұмысты екіжүзділікпен сөге отырып, партияның ашық жұмысын дәріптейді, ал іс жүзінде жариялылықтың демократиялық принциптерін мазақ етеді және өз партиясындағы әр түрлі саяси тенденцияларды жұрттан жасырады. Кадеттердің демократияны бұлай дөрекі, лас, мәдениеттілік сырымен боялған алдауын көрмеу үшін Милюковтың алдында иіліп тізе бүккен Плехановтың тас соқыр болуы керек.

Ал, енді эсерлер ше? Халықты соңынан ерткісі келгендердің — өз ортасындағы әр түрлі саяси тенден-

циялардың күресін халыққа *айқын және шын* баяндау жөніндегі адал *демократтардың* (социалист-революционерлер туралы сөз болып отырғаннан кейін біз социалистер туралы айтпай-ақ қоямыз) борышын олар атқарып жүр ме?

Фактілерді қарап көрейік.

Социалист-революционерлер партиясының 1905 жылғы декабрь съезі — протоколдары жариялаған бірінші және бірден-бір съезд болды. Орталық Органның делегаты Тучкин мырза былай деп даурығады: «Бір кезде социал-демократтар, сірә, саяси бостандықтардың тууы біздің партиямыздың саяси өлімі болмақ деп шын сенген болуы керек... Бостандық заманы басқаны дәлелдеді» (протоколдарға қосымша, 28-бет). Жетер, солай ма еді, Тучкин мырза? Бостандықтар заманы соны дәлелдеді ме? Социалист-революционерлер партиясының 1905 жылғы, 1906 жылғы, 1907 жылғы шын саясаты соны дәлелдеді ме?

Фактілерді қарап көрейік!

Социалист-революционерлер съезінің протоколдарынан *(декабрь,* 1905 ж., *1906 ж.* жарияланған!) осы съезде кеңесші дауысы болған бір әдебиетшілер тобы 17 октябрьден кейін *«социалист-революционерлер Орталық Комитетінен ашық партия ұйымдастыруды талап етті»* (протоколдар, 49-бет, мұнан былайғы цитаттар да осыдан алынды) дегенді оқимыз. Социалист-революционерлер Орталық Комитетіне *«социалист-революционерлер партиясының ашық ұйымын емес, партиямен қатарлас ерекше халықтық-социалистік партия құру ұсынылды»* (51). Орталық Комитет бұдан бас тартып, мәселені съездің алдына қойды. 7 адам қалыс қалды, 1 адам қарсы болып, қалған көпшіліктің бәрінің қолдауымен съезд энестердің ұсынысын *қабылдамай тастады* (66). Тучкин мырза кеудесін қағып: «Қатарынан екі партияда болу ақылға сыя ма?»—деп даурықты (61-бет). Ал Шевич мырза халықтық социалистердің либералдарға жақын екендігі туралы тұспал жасады, сондықтан халықтық социалист Рождественский мырза *сабырсыздана бастады* (59-бет),

ол бізді *«жартылай либерал»* (59)* деп атауға «ешкімнің де правосы жоқ» деп сендірмек болды.

Фактілер осындай. 1905 жылы эсерлер «жартылай либерал» энестерден *ажырасты.* Ажырасты ма екен?

1905 жылы партияның бұқараға ықпал жасауының ең ірі құралы баспасөз болды. Октябрьдегі «бостандық күндері» кезінде эсерлер газетті *халықтық социалистермен блок жасай отырып* шығарды, расында, декабрь съезіне дейін осылай болды. *Формальдық* жағынан бұл жерде эсерлердікі дұрыс. Істің шын мәнісіне келгенде, олар нағыз үлкен бостандық дәуірінде, бұқараға барынша ашық ықпал жасау дәуірінде партия ішіндегі екі түрлі тенденцияны жұрттан *жасырды.* Алауыздықтар социал-демократияның ішіндегіден кем болған жоқ, бірақ социал-демократтар олардың себебін ашуға тырысты, ал социалист-революционерлер оларды дипломатиялық жолмен жасыруға тырысты. 1905 жылғы фактілер осындай.

1906 жылды алайық. «Кішкене бостандықтардың» бірінші думалық дәуірі. Социалистік газеттер қайта шыға бастады. *Эсерлер халықтық социалистермен тағы да блок жасады, олардың газеті ортақ болды.* Съезде «жартылай либералдармен» ажырасу тектен-тек дипломатиялық болған жоқ: тілесеңіздер, ажырасайық, тілемесеңіздер, ешбір ажырасу болмасын! — делінді. Ұсыныс қабылданбады, «қатарынан екі партияда болу» пікірі келемежденді, сөйтіп... сөйтіп, бірімен-бірі төбелесіп жүрген эсдектерге біздің ұқсамағанымыз үшін... құдайым өзіңе мың мәртебе рақмет, деп сүйсіне жалбарынып, қатарынан екі партияда отыра берді! Фактілер осындай. Россиядағы баспасөз бостандығының екі дәуірінің де ерекшелігі сол, эсерлер, біріненбірі мүлде айрықша және өз партиясының ішіндегі бел алған екі тенденцияны демократиядан алдау («дипломатия») арқылы жасырып, халықтық социалистермен блок жасасып отырды.

---

* Шевич мырза сабырсызданған энестің бұл *өкпесіне* аздап қана қайысқандай болып,— 63-бетте,— *«жеке түсініcу (!!) түрінде»:* «мен шешенді либералдар партиясына жатқызайын деп ойлағаным жоқ» деп «өзіне түзету жасады».

1907 жылды алайық. Бірінші Думадан кейін энестер формальды түрде өз партиясын құрды. Бұлай болуы сөзсіз еді, өйткені I Думада, партиялар *бүкіл* Россия бойынша шаруалар сайламшылары алдында тұңғыш рет сөйлегенде халықтық-социалистер мен социалист-революционерлер *әр түрлі* аграрлық жобалармен (104-тің және 33-тің жобалары) шықты. Энестер өз жобасына, өздерінің аграрлық программасына үш еседен артық қол қойғызып, трудовик-депутаттардың алдында эсерлерді *жеңді*. Ал бұл программа, социалист-революционер Вихляевтің мойындауынша («Наша мысль», № 1 жинақ. СПБ. 1907, «Халықтық-социалистік партия және аграрлық мәселе» деген мақала), 1906 жылғы 9 ноябрьдегі заңмен «бірдей» жерді қауымдық пайдаланудың түп негізін теріске шығаруға келіп тіреледі». Бұл программа *«пайдакүнемдік жекешілдіктің көріністерін»* заңдандырады (Вихляев мырзаның мақаласының 89-беті), *«идеялық кең тасқынды жекешілдіктің лайымен ластайды»,* (сол мақаланың 91-беті), *«халық бұқарасы арасында жекешілдік және өзімшілдік ағымдарды көтермелеу жолына»* түседі (бұл да сонда, 93-бет).

Айқын болса керек? Шаруалар депутаттарының *басым* көпшілігі буржуазиялық жекешілдік көрсетті. Эсерлердің бүкіл Россияның шаруалар сайламшылары алдында тұңғыш рет сөйлеуі социал-демократтар теориясын тамаша растап шықты, эсерлерді іс жүзінде ұсақ буржуазиялық демократияның ең солшыл қанатына айналдырды.

Бірақ, мүмкін, эсерлер олардан энестер кетіп қалып, өз программасын Еңбек тобында өткізгеннен кейін, энестерден барынша ашық ажырасқан болар? Жоқ. Петербургтегі II Дума сайлауы мұның керісінше дәлелдеді. Ол кезде кадеттермен блок жасау социалистік оппортунизмнің аса зор көрінісі болды. Қаражүздік қауіп жалған нәрсе болды, ол либералдарға бағындыру саясатын *бүркемеледі*. Кадеттік баспасөз меньшевиктер мен энестердің «баяулығын» баса көрсете отырып, мұны ерекше айқын ашып берді. Эсерлер өздерін қалай ұстады? Біздің «революционерлер» энестермен және трудовиктермен блокта болды; бұл блоктың шарттары жұрт-

тан жасырылды. *Біздің революционерлер* нақ меньшевиктер сияқты *кадеттердің соңынан салпақтады*. Социалист-революционерлер өкілдері кадеттерге блок жасасуды ұсынды (1907 ж. 18 январьдағы кеңес. Н. Лениннің мына кітапшасын салыстырыңыз: «Есалаңның төрелігін тыңдар болсаң», СПБ. 15 январь, 1907 ж.*, онда мынадай қорытынды жасалған: 1907 ж. 7 январьда кадеттерге қарсы соғыс жариялаған социал-демократтармен де, *кадеттермен де* бір мезгілде келіс сөз жүргізіп, эсерлер келісім туралы мәселеде *саяси арамдық* көрсетті). Эсерлер солшыл блокқа өздерінің еркіне *қарсы*, кадеттердің бас тартуы себепті келіп ілікті.

Сонымен, энестерден толық ажырасқаннан кейін эсерлер *іс жүзінде* энестер мен меньшевиктердің, яғни оппортунистердің саясатын жүргізіп отыр. Олардың «артықшылығы» сол, олар бұл саясаттың сарынын және партия ішіндегі өз ағымдарын жарық дүниеден жасырады.

Эсерлер партиясының 1907 ж. февральдағы төтенше съезі кадеттермен блоктар жасасу туралы бұл мәселені көтермегені былай тұрсын, бұл сияқты саясаттың маңызына баға бермегені былай тұрсын, қайта, мұның керісінше, оны *қостады!* Г. А. Гершунидің осы съездегі сөзін еске салайық, бұл сөзді «Речь» өзінің қашанда Плехановты мақтайтынындай етіп, дер кезінде мақтаған болатын. Гершуни «кадеттер әзірше біздің жауымыз емес деген ескі пікірінде» қалатынын айтты. «Г. А. Гершунидің социалист-революционерлер партиясының төтенше съезінде сөйлеген сөзі» деген кітапшаның 11-беті, 1907 ж., 1—15-беттер, социалист-революционерлердің: «сен өз правоңды күресте аласың» дейтін партиялық ұраны жазылған). Гершуни «халық өкілдігі арқылы басқару мүмкіндігінің өзіне халық сенбей қоймас па екен» (бұл да сонда) деп, оппозиция ішіндегі өзара күрестен сақтандырды. Тегінде, социалист-революционерлер съезі осы кадет сүйгіштің рухында қарар қабылдаған болса керек, онда, айталық, былай делінген:

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 14-том, 298—318-беттер. *Ред.*

«Съезд былай деп табады: әрбір жеке топ жеке-дара шығып фракция арасында қатты күрес болған жағдайда Дума ішінде партиялық ашық жікке бөліну оппозициялық көпшіліктің жұмысын мүлде бөгеп, еңбекші таптардың көз алдында халық өкілдігі идеясының өзін іске алғысыз етуі мүмкін» (социалист-революционерлер партиясының «Партийные Известиясының» 6-номері, 8 март, 1907 ж.).

Мұның өзі — барып тұрған оппортунизм, ол біздің меньшевизмнен де жаман. Гершуни социалист-революционерлер съезіне *плехановшылдықты* бұрынғысынан да дөрекілеу етіп қайталатты. Социалист-революционерлердің думалық фракциясының бүкіл жұмысы ұлттық оппозицияның бірлігі туралы қамқорлық жасау жөніндегі кадеттік тактиканың осы рухын көрсетіп отыр. Социал-демократ Плеханов пен эсер Гершунидің айырмашылығы сол *ғана:* біріншісі — бұл сияқты декаденттікті бүркемей, қайта оны әшкерелейтін және оған қарсы күресетін партияның мүшесі, ал екіншісі — барлық тактикалық принциптер мен теориялық көзқарастарды шатастырып, үйірмелік дипломатияның қалың пердесі арқылы жұрт көзінен жасырып отырған партияның мүшесі. «Қоқсықты үйден шығармау керек», міне мұны эсер мырзалар біледі. Бірақ олардың мұны шығаруына да *болмайды,* өйткені қоқсықтан басқа түк те жоқ! Олардың 1905, 1906 және 1907 жылдары өздерінің энестерге қандай қатынаста болғаны туралы бүкіл шындықты айтуына болмады. *Партияның...* үйірме емес, партияның... бүгін 1 дауысқа қарсы 67 дауыспен асқан оппортунистік қарар қабылдап, ертеңіне «революцияшыл» сөздер айтып қалайша даурыға алатынын олардың ашық білдіруіне болмайды.

Иә, «төреші» мырзалар, социал-демократияның ішіндегі қатты күрес пен жікке бөліну жөнінде сіздердің шаттануға формальды праволарыңыз бар екеніне біз қызыға алмаймыз. Бұл күресте дөрекі нәрселер көп, оған сөз жоқ. Бұл жікке бөлінулерде социализм ісіне келетін қатер көп, ол даусыз. Сөйте тұрса да, біз осы ауыр шындықты сіздердің «жеңіл-желпі» өтіріктеріңізге бір минут болса да айырбастағымыз келмес еді. Біздің партиямыздың қатты ауруы — *бұқаралық* партияның өсу ауруы. Өйткені елеулі белгілер толық айқын болмайын-

ша, әр түрлі тенденциялар арасында ашық күрес болмайынша, партияның қандай қайраткерлері, партияның қандай ұйымдары қандай бағыт жүргізіп келе жатқандығымен *бұқараны* таныстырмайынша, бұқаралық партияның, таптық партияның болуы мүмкін емес. Мұнсыз өз атына лайықты партия құруға болмайды, ал біз сондай партияны *қалыптастырып жатырмыз.* Біз өзіміздің екі ағымның да козқарастары бүкіл жұрт алдында шын, айқын, анық дәрежеде көрінуіне жеттік. *Екі тактиканың* тәжірибесінен шын пролетарлық бұқараның үйренетіндігімен, саясатқа сапалы көзбен қарауға шын қабілеті барлардың бәрінің де үйренетіндігімен салыстырғанда, өзара қатты егесу, фракциялық өсек-аяң мен қырғи қабақтық, дау-жанжалдар мен жікке бөлінулер — мұның бәрі ұсақ нәрсе. Біздің тартыстарымыз бен жікке бөлінулеріміз ұмытылып кетеді. Біздің шыңдалған және шыныққан тактикалық принциптеріміз Россиядағы жұмысшылар қозғалысы мен социализм тарихына ірге тас ретінде кіреді. Жылдар өтер, мүмкін, тіпті, ондаған жылдар өтер, сонда жүздеген әр қилы практикалық мәселелерге белгілі бір бағыттың тигізген әсері көрінетін болады. Россияның жұмысшы табы да, бүкіл халық та большевизм немесе меньшевизм дегенде өздерінің кімдермен істес болып отырғанын *біледі.*

Олар кадеттерді біле ме? Конституциялық-демократиялық партияның бүкіл тарихы — ең басты нәрсе жөнінде үндемейтін бастан-аяқ саяси сиқырлық, өмір бақи бір ғана ойлайтыны: қайткен күнде де шындықты жасырып қалу.

Олар эсерлерді біле ме? Социалист-революционерлер ертең тағы да социал-кадеттермен блокта бола ма? Социалист-революционерлер қазірдің өзінде сол блокта болып отырған жоқ па? Олар трудовиктердің «жекешілдік лайынан» өздерін айыра ма немесе өз партиясын осы лаймен барған сайын толтырып отыр ма? Олар бұрынғысынша ұлттық оппозицияның бірлігі жөніндегі теорияның негізінде тұр ма? Олар бұл теорияны күні кеше ғана қабылдады ма? Ертең олар бұл теорияны бірнеше аптаға алып тастай ма? Мұны ешкім де білмейді, мұны эсер мырзалардың өздері де білмейді, өйткені олардың

партиясының бүкіл тарихы — сөз арқылы, сылдыр сөзді төпелеу арқылы алауыздықтарды бастан-аяқ, үнемі, үздіксіз бүркемелеу, шатастыру, боямалау.

Бұл неліктен осылай? Эсерлердің, кадеттер сияқты, буржуазиялық мансапқорлығынан болып отырған жоқ. Жоқ, олардың үйірме ретінде адал екендігіне күмәндануға *болмайды*. Олардың соры—бұқаралық партия құра алмайтындығы, *таптық* партия бола алмайтындығы. Объективті жағдайдың нәтижесінде олардың өзіндік мәні бар біртұтас нәрсе бола алмай, тек шаруалар демократиясының *қанаты* ғана, дербестігі жоқ, теңдігі жоқ шылау ғана, трудовиктердің «жанындағы топ» қана болуына тура келіп отыр. Дауыл мен тегеурін дәуірі эсерлердің бой жазып тік басуына жәрдемдесе алмады,— бұл дәуір оларды энестердің мықты құшағына апарып енгізді, бұл құшақтың мықтылығы сонша, оларды тіпті жікке бөліну де ажырата алмайды. Контрреволюциялық соғыс дәуірі олардың белгілі бір қоғамдық топтармен байланысын шынықтыра алмады — бұл дәуір мужиктің социалистігі жөнінде тек жаңа (қазір эсерлер барынша жасырып отырған) солқылдақтықтар мен бұлталақтаушылықты ғана туғызды. Ал қазір эсерлік террордың сабаздары туралы «Знамя Труданың» шабытқа толы мақалаларын оқыған кезде,— өзіңе-өзің еріксіз былай дейсің: сіздердің терроризміңіз, мырзалар, сіздердің революцияшылдығыңыздың нәтижесі емес. Сіздердің революцияшылдығыңыз терроризммен шектеледі.

Жоқ, мұндай төрешілер социал-демократияға төрелік айтудан әлі алыс жатыр!

«Пролетарий» № 19,
5 ноябрь, 1907 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РСДРП ТӨРТІНШІ («ЖАЛПЫ РОССИЯЛЫҚ ҮШІНШІ») КОНФЕРЕНЦИЯСЫ[74]

5—12 (18—25) НОЯБРЬ, 1907 ж.

1907 ж. 19 ноябрьде «Пролетарий» газетінің 20 номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

1

III МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАДАҒЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФРАКЦИЯНЫҢ ТАКТИКАСЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

ГАЗЕТ ЕСЕБІНЕН

Ленин жолдас орыс революциясының объективті міндеттері шешілмеді, енді басталған реакция дәуірі пролетариатқа жаппай солқылдақтыққа қарама-қарсы, демократия ісі мен революция ісін айрықша қатаң қорғау міндетін жүктеп отыр деген алғы шарттарға сүйенді. Осыдан келіп, Дума революция мақсаттарына пайдаланылуға тиіс, әсіресе, қайткен күнде де контрреволюцияны қолдау және демократияны мейлінше қысқарту болып табылатын заң шығару «реформалары» бағытында емес, негізінен партияның саяси және социалистік көзқарастарын кеңінен тарату бағытында пайдаланылуға тиіс деген көзқарас туады.

Ленин жолдастың сөздері бойынша, Дума туралы мәселенің «түйіні» төмендегі үш жағдайды анықтау болуға тиіс: а) Думаның таптық құрамы қандай, б) думалық орталықтардың революция мен демократияға деген көзқарастары қандай болуға тиіс және қандай болады және в) орыс революциясының дамуы барысындағы Дума әрекетінің маңызы қандай.

Бірінші мәселе жөнінде — Дума құрамына талдау жасаудың негізінде (депутаттардың белгілі бір партияға жататындығы туралы мәліметтер бойынша), Ленин жолдас мынаны баса көрсетті: атышулы «оппозиция» дейтіннің көзқарастарын III Думада жүзеге асыру мынадай жағдайда: кем дегенде 87 октябрист кадеттермен және солшылдармен бірлесіп ынтымақтасқанда ғана мүмкін. Заң жобаларын дауысқа қою кезінде керекті

көпшілікті алу үшін кадеттер мен солшылдарға 87 дауыс жетпейді. Демек, октябристердің басым көпшілігі Думаға сөзсіз қатысқанда ғана заң шығару қызметін Думада жүзеге асыруға болады. Мұндай заң шығару қызметінің не болып шығатыны және октябристермен бірге болудың социал-демократияны қандай етіп масқаралайтыны айқын. Бұл арада мәселе абстракті принципте емес. Абстракт түрінде айтқанда, ірі буржуазияның өкілдерін қолдауға болады, кейде қолдау керек те. Бірақ қазіргі жағдайда орыс буржуазиялық-демократиялық революциясы дамуының нақты жағдайларымен санасу қажет. Орыс буржуазиясы революцияға қарсы күресу жолына, самодержавиемен ымыраласу жолына әлдеқашан-ақ түсті. Кадеттердің соңғы съезі Милюков мырзалардың бүркеніп жүрген бет пердесін түгел біржолата жұлып тастады және бұл ірі саяси оқиға болды, өйткені кадеттер октябристік-қаражүздік Думаға өздерінің заң шығару үшін баратынын, ал «сол жақтағы дұшпандарға» қарсы күресетінін арсыздықпен ашықтан-ашық мәлімдеді. Сонымен, Думада болуы мүмкін екі көпшіліктің, октябристік-қаражүздік және кадеттік-октябристік көпшіліктің, екеуі де реакцияның түйінін түрлі жолдар арқылы: біріншісі — самодержавиені қалпына келтіруге ұмтылу арқылы, екіншісі — үкіметпен мәмлеге келу арқылы және буржуазияның контрреволюциялық талаптарын бүркемелейтін жалған реформалар арқылы қысыңқырап байлауға ұмтылады. Сонымен, социал-демократия заң шығару реформаларын қолдау көзқарасын жақтай алмайды, өйткені бұл *үкіметтік,* октябристік, партияны қолдаумен барабар. «Реформалар» жолы қазіргі саяси негізде және күштердің арасалмағы қазіргідей болып отырғанда бұқараның жағдайын жақсарту, оның бостандығын кеңейту болып шықпайды, қайта бұқараның азат еместігін, оны құл етуді бюрократтық тәртіпке салу болып шығады. Мысалы, 87-статья бойынша Столыпиннің аграрлық реформалары[75] осындай. Олар прогресшіл, өйткені капитализмге жол ашады, бірақ мұндай прогресті қолдауға бірде-бір социал-демократтың батылы барған жоқ. Меньшевиктер болса: буржуазияның таптық мүдделері

самодержавиемен қақтығысуға *тиіс!* деген баяғы бір шаблонды ұстап қатып қалды. Бірақ бұл бейне бір тұрпайы марксизмде тарихи шындықтың ұшқыны да жоқ. III Наполеон мен Бисмарк ірі буржуазияның аранын уақытша қанағаттандыра алмады ма? Олар өздерінің «реформалары» арқылы еңбекшілер бұқарасының мойнына көп жылдар бойы бұғалық салған жоқ па? Орыс үкіметі буржуазиямен жасайтын өзінің мәмлесінде басқаша сипаттағы реформаға келісуге қабілетті деп ойлауға қандай негіз бар?

2

III МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАДАҒЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФРАКЦИЯНЫҢ ТАКТИКАСЫ ТУРАЛЫ ҚАРАР

Лондон съезінің Мемлекеттік дума туралы және пролетарлық емес партиялар туралы қарарларына сүйене отырып, РСДРП-ның Бүкіл россиялық конференциясы осы қарарларды дамыта келіп төмендегілерді айтуды қажет деп табады:

1) 3 июньдегі мемлекеттік төңкерістің нәтижесі болып табылатын III Думада екі көпшілік: қаражүздік-октябристік және октябристік-кадеттік көпшілік болуы мүмкін. Біріншісі, көбінесе крепостник-помещиктердің мүдделерін білдіре отырып, контрреволюцияшыл болады және, негізінен, помещик мүдделерін қорғауды, қудалауды күшейтуді талап етеді, сөйтіп самодержавиені толық қалпына келтіруге ұмтылуға дейін барады. Екінші көпшілік, негізінен, ірі буржуазияның мүдделерін білдіреді, бұл да сөзсіз контрреволюцияшыл, бірақ революцияға қарсы күресті кейбір бюрократтық жалған реформалармен бүркемелеуге бейім;

2) Думадағы мұндай жағдай үкімет тарапынан да, кадеттер тарапынан да екі жақты саяси айла-шарғы жасауға өте-мөте қолайлы болады. Үкімет қудалауды күшейтіп, Россияны соғыс күшімен «жеңіп алмақ» болып, өзін конституциялық реформаларды жақтаушы етіп көрсеткісі келеді. Кадеттер іс жүзінде контрреволюцияшыл октябристермен бірге дауыс бере отырып, өздерін оппозиция былай тұрсын, оның үстіне демократияның өкілдері етіп көрсеткісі келеді. Мұндай жағдайларда социал-демократтарға бұл айла-шарғыны аяусыз

әшкерелеу міндеті, қаражүздік помещиктер мен үкіметтің тарапынан болып отырған зорлық-зомбылықтарды да, кадеттердің контрреволюциялық саясатын да халық алдында әшкерелеу міндеті ерекше күшті жүктеледі. Социал-демократтар тарапынан кадеттерді тура немесе жанамалай — кадеттердің қатысуымен информациялық бюро формасында болсын немесе өз қимылдарын олардың саясатымен сәйкестіру формасында болсын және т. с.— қолдау қазір жұмысшы бұқарасын таптық тәрбиелеу ісіне, революция ісіне тура зиян тигізгендік болған болар еді;

3) өзінің социалистік мақсаттарып қорғай отырып, осы тұрғыдан барлық буржуазиялық партияларды сынай отырып, социал-демократтар III Думаның халықтың мүдделері мен талаптарына мүлде сай келмейтіндігін халықтың қалың бұқарасына түсіндіруді өзінің үгітінде бірінші қатарға қоюға тиіс, ал осымен байланысты жалпыға бірдей, төте, тең, жасырын дауыс беруге негізделген құрылтай жиналысы идеясын кең және жігерлі түрде насихаттауы керек;

4) социал-демократияның III Думадағы негізгі міндеттерінің бірі болатын нәрсе — үкімет пен либералдардың ұсыныстарының таптық астарын әшкерелеу және ешқандай келтелемей социал-демократиялық программа-minimum-ның талаптарын оларға үнемі қарсы қою; халықтың қалың бұқарасының экономикалық мүдделеріне (жұмысшы мәселесі мен аграрлық мәселе, бюджет, т. т.) қатысты мәселелерге ерекше назар аудара отырып қарсы қою,— өйткені III Думаның құрамы социал-демократияның үгіт жұмысы үшін мейлінше мол материал бермекші;

5) социал-демократиялық фракция социал-демократтардың дауыс беруінің қаражүздік-октябристік блоктың немесе октябристік-кадеттік блоктың дауыс беруіне сырт жағынан белгілі бір ұқсас келушілігін белгілі бір блокты қолдау мағынасында пайдаланылып кетпеуі жағын ерекше қарастыруға тиіс;

6) социал-демократтардың Думада заң жобаларын ұсынуы және сұрау қою правосын пайдалануы қажет, бұл үшін социал-демократияның программасы мен так-

тикасынан ешбір шегінбей, қандайда болсын блок жасамай, кадеттерден солшылдау басқа топтармен бірігіп қимыл жасауы қажет. Социал-демократиялық фракция өзіне қатысушыларды ештемеге міндеттемейтін, бірақ социал-демократиялық саясаттың рухында демократияға үнемі ықпал етуге жұмысшы депутаттарына мүмкіндік беретін информациялық бюро құруды Думаның солшыл депутаттарына дереу ұсынуға тиіс;

7) конференция социал-демократиялық фракцияның Думадағы алғашқы нақтылы адымдарының ішінен: 1) ерекше декларация ұсынуды, 2) 3 июньдегі мемлекеттік төңкеріс жөнінде сұрау қоюды, 3) II Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияға сот жөнінде[76] Думада неғұрлым қолайлы формада мәселе көтеруді ерекше атап көрсету қажет деп табады.

ҮШІНШІ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА ЖӘНЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ

1907 жылғы 3 июньде екінші Дума таратылғаннан кейін патша шығарған сайлау заңы негізінде жиналған үшінші Мемлекеттік дума 1907 жылы 1 ноябрьде ашылды. 1905 жылы 11 декабрьде шығарылған бұрынғы сайлау заңы да жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын сайлау правосынан алыс болатын, халықтың еркін бұрмалады, Думаны бұл еріктің жексұрын көрінісіне айналдырды, әсіресе бұл заң жөніндегі «түсініктемелерден» кейін, патшаның дара билігіне бас иген, бұрынғы чиновниктер мен судьялардан құралған сенаттың екінші Думаның алдында жасаған «түсініктемелерінен» кейін осылай болды, 3 июньде патша жұмысшылардан, шаруалардан және қала кедейлерінен олар бұрын пайдаланып келген мардымсыз сайлау праволарының өзін де тартып алды. Сонымен, самодержавие халық өкілдігінің өңіп айналдырып, Думаны помещиктер мен капиталистердің, патшаның дара билігінің осы тіректерінің, халықты ғасырлар бойы езушілердің билеп-төстеуіне беріп, халыққа қарсы тағы да бір масқара қылмыс жасады. Думада олардың үстемдік ететінін күні бұрын-ақ айтуға болатын еді. Солай болып шықты да.

Қазіргі уақытта Думаның 439 мүшесінің сайланғаны мәлім. Партияда жоқ сегіз адамды есептемесе, онда қалған 431 адам негізгі *төрт* топқа бөлінеді: 1) ең үлкен топ — *оңшылдар,* қаражүздік депутаттар, бұлар 187 адам, 2) одан кейін— *октябристер* және оларға жақын партиялар 119 адам, 3) кадеттер және көзқарастары

жағынан оларға жақын тұрғандар 93 адам, 4) солшылдар — 32 (олардың ішінен социал-демократтар 16 адамнан 18 адамға дейін).

Қаражүздіктердің кімдер екені жалпыға мәлім. Рас, оларға қараңғы, сапасыз жұмысшылардың, шаруалардың, қала кедейлерінің кейбір бөлегі қосылады, бірақ қаражүздіктердің негізгі, басшы бөлегі крепостник-помещиктер, самодержавиені сақтап қалу олар үшін — бірден-бір жан сақтау деген сөз, өйткені олар самодержавиенің көмегі арқылы ғана жәрдем қаржы, қарыз, жақсы жалақы, алуан түрлі садақа-тартулар алып, қазынаны тонай біледі; олардың жері жоқтықтан азап шеккен, жұмыспен өтеумен, құтыла алмас борыштармен, өтелмей қалған төлемдермен шырмалып қалған шаруаларды өз құлдығында ұстауына тек самодержавие ғана өзінің полициясы мен әскері арқылы мүмкіндік береді.

Октябристер — бұлар да ішінара помещиктер,— көбінесе өз имениелерінен алынған астықпен үлкен сауда жүргізетін және сол астықтан шетелдерде баж алымы тым көп алынбауы үшін, астықты орыс темір жолымен шетелге тасымалдау ақысы арзандау болуы үшін, көптеген помещиктердің шарап қайнататын өз заводтарында картоп пен астықтан жасаған спиртін қазына шарап монополиясы үшін қымбатырақ сатып алуы үшін самодержавиенің қамқорлығын керек ететін помещиктер. Бірақ, октябристердің арасында осы жыртқыш, дүниеқор помещиктерден басқа, жыртқыштығы мен дүниеқорлығы олардан кем түспейтін капиталист-фабриканттар, завод иелері, банкирлер де аз емес. Шетел товарларынан баж салығы көп алынуы үшін, орыс товарларын үш есе қымбат сатуға мүмкін болуы үшін, капиталистердің заводтарына қазына капиталистерге тиімді заказдар беруі үшін, т. т. үшін үкіметтің қамқорлығын бұлар да қажет етеді. Бұларға керегі: шаруалар крепостник-помещиктерге қандай құл болып отырса, полиция мен әскер жұмысшыларды сондай құл етіп беруі керек.

Октябристердің қаражүздіктерге қандай жақын екендігі түсінікті. Думада мемлекеттік кіріс пен шығыс туралы сөз болса-ақ,— олардың екеуі бірігіп алым-салық-

тың бар ауыртпалығы шаруаларға, жұмысшыларға, қала кедейлеріне артылып, ал кіріс капиталистердің, помещиктер мен ірі чиновниктердің қолына түсуі жөнінде ойластыратын болады. Шаруалардың үлесіне жер бөліп беру немесе жұмысшылардың жағдайын жақсарту туралы сөз бола қалса,— қаражүздіктер мен октябристер өздеріне керексіз жерлерді үш есе қымбатқа өткізіп, сөйте тұра онсыз да қайыршы шаруаларды сабақты жібіне дейін тонап алу үшін тізе қосып, әрекет жасайды; олар капиталистік қанаудың ауыртпалығынан титықтаған жұмысшыларды қол-аяғынан бірдей матауға тырысатын болады. Сонымен, қаражүздіктер де, октябристер де, әрине, өздерінің «қымбатты» өмірі мен «қасиетті» меншіктерін қорғауға қажетті полиция мен әскердің көбірек болуы үшін бар күштерін салады: өйткені олар революциядан, бостандық пен жер үшін ұлы күрес бастаған жұмысшылар мен шаруалардың құдіретті тегеурінінен оттан бетер қорқады. *Октябристер мен қаражүздіктер бірлесіп үшінші Думада орасан зор көпшілік—439 адамның 306 адамы болып отыр.* Осы көпшілік ойына не келсе,— соны істейді. Бұл көпшілік — революцияға қарсы немесе, әдетте айтылатынындай, контрреволюцияшыл.

Бірақ октябристерде қаражүздіктердің көпшілігімен келіспейтін мәселелері болуы мүмкін. Қаражүздіктер тіпті барып тұрған арсыздыққа дейін жетіп отыр. Олар революция атаулыны, халықтың жарық дүние мен бостандыққа ұмтылуының бәрін бір ғана полицияның жұдырығы, қамшы, пулемет пен найза арқылы жоюға болады деп сенеді. Олар самодержавиеге сүйеніп, қазынаны өз еркінше және өз пайдасына басқарғысы келеді, пайда түсетін орынның бәрін өз қолдарына алғысы келеді, мемлекетте өз имениесіндегідей қожалық еткісі келеді. Осы уақытқа дейін помещиктер мен чиновниктер қожалық еткенде капиталистерге тым аз қалдырып, бәрін өздерінің алып келгені октябристердің есінде. Екі жыртқыш — қаражүздік пен октябрист — бір жіліктің майлы басы үшін тартысады, кімге көп тиеді деп таласады. Бәрін немесе тіпті үлкен бөлегін қаражүздіктерге октябристердің бергісі келмейді: қаражүздіктердің сон-

дай орашолақ қожалық етіп, тіпті өздеріне де зиян келтіретіндігін, ал капиталистер мен көпестерге одан да бетер зиян келтіретіндігін жапон соғысы көрсетті және осы жуырда олардың сазайын да тартқызды. Сондықтан да октябристер мемлекеттегі өкімет билігінің біразын өз қолдарына алғысы келеді, конституцияны, әрине, халық пайдасына емес, өз пайдасына бекіткісі келеді. Оның бер жағында, октябристер сырт қарағанда мемлекет пен халықтың өмірін жақсартатын реформалар енгізетін сияқты көріпетіп, ал іс жүзінде байлардың мүдделеріне қызмет ететін әр түрлі заңдармен халықты алдағысы келеді. Қаражүздіктер сияқты, бұлар да революцияға қарсы пулеметке, пайза мен қамшыға сүйенуге, әрине, дайын, бірақ сонымен қатар сенімі берік болу үшін алдамшы реформалармен халық бұқарасының көзін бояудан да қашпайды.

Октябристерге осының бәрі үшін қаражүздіктер емес, басқа одақтастар керек. Рас, олар осы мәселелерде де «Орыс халқы одағындағы» барып тұрған қаражүздіктерден оңшылдардың бір бөлегін бөліп алуға дәмеленеді, бірақ бұл аз. Сондықтан да басқа одақтастарды, онда да революция жауларын, сонымен қатар қаражүздіктердің де жауларын, алдамшы немесе ұсақ реформаларды жақтаушыларды, ірі буржуазияның және, бәлки, ішінара орта буржуазияның мүдделерін көздейтін конституцияны жақтаушыларды іздестіруіне тура келеді.

Мұндай одақтастарды октябристер Думадан оңай табады: бұлар — кадеттер, помещиктердің, ірі және орта буржуазияның батыс Европа елдерінде жүргізілетін шаруашылыққа ұқсас, сонымен қатар жұмысшыларды, шаруаларды, қала кедейлерін қанауға, қыспаққа алуға, бірақ ойластырылған, жымысқы, шебер құрылған, кез келген кісі бірден жете түсініп, сезе қоймайтын қанауға негізделген нағыз капиталистік жақсы шаруашылық жүргізуге әбден бейімделген бөлегінің партиясы. Кадеттер партиясында нағыз капиталистік шаруашылық жүргізетін помещиктер көп, нақ сондай фабриканттар мен банкирлер де бар, байлардан жақсы ақы алатын адвокаттар, профессорлар мен докторлар көп. Рас, кадеттер өз программасында халыққа көп нәр-

сені: жалпыға бірдей сайлау правосын да, барлық бостандықты да, сегіз сағаттық жұмыс күнін де, шаруаларға жерді де уәде етті. Бірақ мұның бәрі халық бұқарасын өзіне тарту үшін ғана жасалды, ал іс жүзінде олар жалпыға бірдей сайлау правосын алғашқы екі Думада тікелей ұсынған жоқ; бостандықтар туралы олар ұсынған заңдар іс жүзінде халыққа бостандықты мүмкіндігінше азырақ беруге бағытталды; сегіз сағаттық жұмыс күнінің орнына олар екінші Думада 10 сағаттық жұмыс күнін ұсынды, ал шаруаларға капиталистік шаруашылық үшін керексіз жерді ғана беруге, онда да төлем құнын алып және шаруалар жерді алғаннан кейін де көрші помещиктердің имениелерінде бәрібір жалданып жұмыс істеуге тиіс болатындай мөлшерде беруге дайын болды. Мұның бәрі қулық жасап алдау болды, бұл алдауға жұмысшылар мүлде ермеді, шаруалар өте аз ерді, кадеттерге аздап қала кедейлері ғана сенді. Ал қазір, екі Дума таратылғаннан кейін, кадеттер әбден жуасып, октябристерге жарамсақтана бастады: олар революционерлерді, әсіресе социал-демократтарды өздерінің жаулары деп жариялады, октябристердің конституцияшылдығына сенеміз деп мәлімдеді, Дума председателін сайлағанда октябристі жақтап дауыс берді. Мәмле дайын болды. Рас, министр Столыпин, сірә, баянды мәмлені тілемейтін шығар, кадеттерге қысым көрсеткісі келеді, сөйтіп осы жөнінде октябристерге ықпал жасайды, бірақ *іс жүзінде Думада бәрібір октябристер мен кадеттерден екінші көпшілік қалыптасады.* Оларды бірге қосып алғанда 212 адам, жартысынан аз-ақ кем, бірақ оларды партияда жоқтар жақтайтын болады, олар 8 адам, сөйтіп көпшілік құралады; оның үстіне оңшылдардың да кейбіреулері дегенмен кейбір мәселелер жөнінде октябристермен және кадеттермен бірге дауыс беруі мүмкін. Әрине, бұл *екінші көпшілік те контрреволюцияшыл болады,* революцияға қарсы күресетін болады; ол тек қана мардымсыз немесе халық үшін жарамсыз реформаларды бетке ұстайтын болады.

Үшінші Думадағы осы екі көпшілік революцияны жеңе ала ма?

Шаруалар қанша болса да жетерліктей мөлшерде жер алмай тұрғанда және халық бұқарасы мемлекетті басқару үшін басты ықпалға ие болмай тұрғанда, ұлы орыс революциясы тоқтай алмайды. Осының бәрін Думаның екі көпшілігі бере ала ма? Мұндай сұрақты қоюдың өзі күлкі: крепостник-помещиктер мен жыртқыш-капиталистер жерді шаруаларға, ал негізгі өкіметті халыққа бере қояр ма? Жоқ! олар ашыққан шаруаға бір үзім нанды лақтырып тастап, оны ақырғы сабақ жібіне дейін тонап алады, тек кулактар мен алпауыттардың жақсы орналасуына көмектеседі, бүкіл өкіметті өз қолына алып, халықты езгіде, бағынышты күйінде қалдырады.

Халықтың ұлы ісіп,— революцияны, бостандық пен жер үшін күресті жүргізе беру үшін социал-демократтар қолдан келгеннің бәрін істеуге тиіс екендігі түсінікті.

Октябристерді жақтап отырған үкімет пен кадеттер Думада екі жақты айла-шарғы жасағысы келеді. Үкімет өзінің қуғындауын күшейтіп, Россияны найзамен, дармен, түрмемен, жер аударумен жеңіп алып, өзін реформаларды жақтаушы етіп көрсеткісі келеді. Кадеттер, іс жүзінде октябристермен ауыз жаласып, өздерін бостандықтың шын қорғаушылары етіп көрсетуге тырысады. Бұлардың екеуі де халықты алдап, революцияны тұншықтырғысы келеді.

Бұл іске аспайды! Социал-демократтар, бүкіл халықтың азат болуы жолындағы дәйекті және сенімді күрескерлер, екіжүзділер мен алдамшылардың бет пердесін сыпырып тастайды. Олар қаражүздік помещиктер мен үкіметтің зорлық-зомбылығын, кадеттердің алдауын Думада да, сондай-ақ Думадан тыс жерде де әшкерелейді. Ендігі жерде үкіметке қарсы мейірімсіз күрес жүргізіп қана қоймай, сонымен қатар кадеттерді тікелей де, жанамалап та қолдауға болмайтындығын олар түсінеді, олар түсінуге тиісті де.

Ал патшаның 1907 жылы 3 июньде жасаған пасық қылмысына қарсы социал-демократтардың әшкерелеуші үні бәрінен бұрын және бәрінен күшті шығып, айбарлы естілуге тиіс. Пролетариаттың Думадағы өкілдері ха-

лыққа мынаны: үшінші Дума халықтың мүдделеріне қызмет ете алмайтынын, оның талаптарын орындай алмайтынын, ал мұны жалпыға бірдей, төте, тең және дауысты жасырын беру жолымен сайланған толық билігі бар құрылтай жиналысы ғана жасай алатынын түсіндіретін болсын.

Үкімет жаңа заңдар ұсынатын болады. Октябристер, кадеттер, қаражүздіктер де соны істейді. Осы заңдардың бәрі де халықты арсыздықпен алдаушылық болады, халықтың праволары мен мүдделерін өрескел бұзушылық, оның талаптарын келеке етушілік, халықтың бостандық жолында төккен қанын қорлаушылық болады. Бұл заңдардың бәрі де помещиктер мен капиталистердің мүдделерін қорғаушылық болады. Бұл заңдардың әрқайсысы зорлықшылар мен арамтамақтардың жұмысшыларға, шаруаларға, қала кедейлеріне әзірлеп жатқан құлдық бұғауларындағы жаңа тізбек болады. Мұны жұрттың бәрі бірдей салғаннан түсіне қоймайды. Бірақ мұны социал-демократтар біледі және түсінеді, сондықтан да мұны алданып отырған халықтың көз алдында батыл әшкерелейді. Олар мұнда халықтың ең көкейтесті мұқтаждарына қатысы бар заңдарға,— жер туралы заңдарға, жұмысшылар туралы, мемлекеттік шығындар мен табыстар туралы заңдарға айрықша көңіл аударуға тиіс. Крепостниктер мен капиталистердің зорлығы мен алдауын әшкерелей отырып, социал-демократтар бүкіл халыққа өз талаптарын,— халықтың толық өкімет билігі (демократиялық республиканы), тежеусіз бостандық пен теңдік, сегіз сағаттық жұмыс күні және жұмысшылардың еңбек жағдайын жеңілдету, ірі имениелерді конфискелеу және жерді шаруаларға беру талаптарын түсіндіруге міндетті. Олар барлық елдердің пролетариаты өзінің алдына қойған ұлы мақсаты — социализм екенін, жалдама құлдықты толық жою екенін көрсетуге тиіс.

Думада социал-демократтармен қатар солшылдардың, негізінен, трудовиктердің шағын тобы бар. Социал-демократтар оларды өз соңынан еруге шақыруға тиіс. Мұның өзі әсіресе Россияда жырткыш аң сияқты қаһарланған үкіметке сұраулар қоюға тура келген кезде өте-

мөте қажет. Патша өкіметінің қарғылы төбеттері — полицейлер, жандармдар, оның үстіне жоғары өкіметтер — министрлер мен губернаторлар — күн сайын толып жатқан өрескел зорлықтар мен заңсыздықтар жасайды. Оларды әшкерелеп, масқаралау қажет. Ал мұны социал-демократтар істеуге тиіс. Бірақ сұрау қою үшін Думаның 30 мүшесінің қолы керек, ал социал-демократтар он сегізден сәл ғана асатындай. Басқа солшылдармен қосқанда олар — 32. Социал-демократтар сұрауды қоюды әзірлеп, солшылдарды өздеріне қосылуға шақыруға тиіс. Бостандықтың ұлы ісі солшылдарға шынымен қымбат болса, олар қосылуы керек. Міне сонда үкіметке ауыр соққы беріледі, бұл социал-демократияның өзінің қойған сұраулары арқылы оған екінші Думада берген соққыларына ұқсас соққы болады.

Социал-демократтардың үшінші Мемлекеттік думадағы басты міндеттері осындай. Онда біздің жолдастарымыздың алдында ауыр еңбек тұр. Олар Думада қаскүнем және ымырасыз жаулардың ортасында болады. Олардың аузын басады, оларды жаман сөздермен сыбайтын болады, оларды, мүмкін, Думадан шығарар, сотқа берер, түрмеге жабар, жер аударар. Олар барлық қуғын-сүргінге қарамастан табанды болуға тиіс, олар пролетариаттың қызыл туын жоғары ұстауға, бүкіл халықты азат ету жолындағы ұлы күрес ісіне ақырына дейін адал болып қалуға тиіс. Ал біздің бәріміз де, жұмысшы жолдастар, оларды ынтымақпен, бірігіп қолдауға тиіспіз, олардың әрбір сөзіне мұқият құлақ қоюға, оған үн қосуға, олардың іс-әрекеттерін митингілерде, жиналыстарда талқылауға, олардың әрбір дұрыс қадамын қолдау арқылы, мақұлдау сезімін білдіру арқылы нығайтуға, революция ісі жолындағы күресте оларға барлық күш пен құрал арқылы көмектесуге тиіспіз. Жұмысшы табы өз өкілдерін қолдауда біртұтас болсын және ол осы арқылы өзінің ұлы күресі үшін,— «ең ақырғы, күшті зор майдан болатын» уақыт үшін қажетті бірлігін нығайтатын болсын.

«Вперед» №18, ноябрь, 1907 ж.

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ВОИНОВТЫҢ (А. В. ЛУНАЧАРСКИЙДІҢ) ПАРТИЯНЫҢ КӘСІПТІК ОДАҚТАРҒА КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ КІТАПШАСЫНА АЛҒЫ СӨЗ [77]

Пролетариаттың социалистік партиясының кәсіптік одақтарға көзқарасы туралы мәселе жөніндегі Воинов жолдастың еңбегі көптеген қате түсініктер туғызуы мүмкін. Мұның екі түрлі себебі бар: біріншіден, марксизмді тар және теріс түсінушілікке қарсы, жұмысшы қозғалысының жаңа тілектерін еске алғысы келмеушілікке, іске кеңірек және тереңірек көз салғысы келмеушілікке қарсы күреспен әуестеніп кетіп, автор көбінесе тым жалпылама айтады. Ол ортодоксияға,— расында тырнақшадағы ортодоксияға, яғни жалған ортодоксияға,— немесе жалпы неміс социал-демократиясына шабуыл жасайды, ал іс жүзінде оның шабуылы тек ортодоксияны тұрпайыландырушыларға ғана, тек социал-демократияның оппортунистік қанатына ғана қатысты. Екіншіден, автор орыс жұртшылығына арнап жазса да, өзінің талдап отырған мәселелерінің орыс шындығында қойылысындағы әр түрлі сарындарымен мүлде аз санасады. Воинов жолдастың көзқарасы — орыс синдикалистерінің, меньшевиктердің, социалист-революционерлердің көзқарастарынан шексіз алыс жатыр. Бірақ шалағай немесе ықыласссыз оқушы, автордың әр түрлі россиялық шатасушылардан араны ашып алуды мақсат етпей, ең алдымен француздар мен итальяндарға тікелей тоқталғанын пайдаланып, Воиновтың жеке сөздері мен пікірлеріне оп-оңай жармаса кетуі мүмкін.

Осы соңғылардың мысалы ретінде, мәселен, социалист-революционерлерді көрсетейік. «Знамя Труданың»

5-номерінде олар дағдылы бейпіл ауыздығымен былай деп мәлімдейді: «кәсіптік қозғалыс жөнінде біздің (!) әрқашан (!) жүргізіп келген көзқарасымызды социалистік Интернационал мақұлдады». «Мақалалар жинағының» 1-номерін (1907 ж.) алып қарайық, «Наша мысль» баспасы. Виктор Чернов мырза Маннгейм қарары туралы да, Каутскийдің оппортунистік бейтарапшыларға қарсы күресі туралы да *үндеместен*, Каутскийді сөгеді! Каутскийдің эсер шабарман тиісіп отырған мақаласы Маннгеймнің[78] қарсаңында жазылған. Маннгеймде Каутский бейтарапшыларға қарсы күресті. Маннгейм қарары «кәсіптік одақтардың бейтараптығына едәуір нұқсан келтіреді» (1906 ж. 6 октябрьде «Neue Zeit»[79]-те басылған Каутскийдің Маннгейм съезі туралы мақаласындағы сөзі). Міне, енді *1907 жылы* бір сыншы шығып, өзін революционер етіп көрсетпек болып, Каутскийді «марксизмнің ұлы догматигі және инквизиторы» деп атайды, оны — оппортунистік бейтарапшылармен барынша үн қосып! — кәсіптік одақтардың ролін әдейі төмен түсірді, оларды партияға «бағындыруға» тырысты және т. с. деп кінәлайды. Егер біз бұған эсерлердің қашанда кәсіптік одақтардың бейпартиялық болуын жақтап келгенін, «Знамя Труданың» 2-номерінде-ақ (12 июль, 1907) бас мақалада: «партиялық насихаттың орны одақтың *сыртында* болады» деген сөзді оқитындығымызды қосатын болсақ, сонда эсерлердің революционизмінің бүкіл бейнесі бізге айқын көрінеді.

Каутский кәсіптік одақтарды солға қарай жылжытып, оппортунистік бейтараптыққа қарсы күрес жүргізіп, марксизм теориясын ілгері қарай, тереңірек дамытқан кезде, бұл мырзалар оппортунистердің сөзсымақтарын қайталай отырып және дүрбелең кезде одақтардың бейпартиялық болуын қорғай отырып, Каутскийді жерден алып, жерден салған болатын. *Нақ сол Каутский* Штутгартта Беердің қарарын түзетіп, ол қарарда тред-юниондардың социалистік міндеттерін баса көрсетіп, кәсіптік одақтарды одан сайын солға қарай жылжытқан кезде, социалист-революционер мырзалар: біздің көзқа-

расымызды социалистік Интернационал мақұлдады! деп айқай салды.

Социалистік Интернационал мүшелерінің мұндай тәсілдері лайық па? Мұндай сын принципсіздік пен бейпіл ауыздықты көрсетпей ме? — деген сұрақ туады.

Либералдар өте қадірлеп жүрген бұрынғы революционер Плеханов социал-демократтардың арасында бейпіл ауыздықтың үлгісымағы бола алады. «Біз және олар» деген кітапшаға жазған алғы сөзінде ол адам айтқысыз, асқан менмендікпен былай дейді: *мен түзету енгізген* Штутгарт қарары (кәсіптік одақтар туралы) Лондон қарарының (РСДРП Лондон съезінің) маңызын жоққа шығарады. Көптеген оқушылар, біздің тамаша Нарциссгің бұл мәлімдемесін оқығаннан кейін, Штутгарттағы күрес Плехановтың нақ осы түзетуінен туған екен және жалпы осы түзетудің белгілі бір елеулі маңызы болған екен деп сеніп қалуы ықтимал.

Іс жүзінде бұл түзетудің («экономикалық күрестің бірлігін әрқашан есте ұстау керек») ешқандай елеулі маңызы болған жоқ, оның тіпті Штутгарттағы *талас* мәселелердің мәніне, халықаралық социализмдегі алауыздықтардың мәніне ешбір қатысы болған жоқ.

Іс жүзінде Плехановтың «өз» түзетуі жөніндегі шаттануының тұрпайы маңызы бар: ол кәсіптік қозғалыстың *шын* талас мәселелерінен оқушылардың назарын басқа жаққа аударып әкету арқылы оқушыларды *адастыру*, бейтараптық идеясының Штутгарттағы жеңілісін *бүркемелеу.*

РСДРП-ның Стокгольм съезі (1906), онда меньшевиктер жеңіске жеткен-ді, кәсіптік одақтардың бейтараптығы көзқарасында болды. РСДРП-ның Лондон съезі мұнан басқаша позицияда болып, одақтардың партиялық болуына ұмтылуы қажеттігін жариялады. Штутгарттағы халықаралық конгресс, К. Каутскийдің әділ айтқанындай, *«бейтараптықты мәңгі-бақи жоятын»* қарар қабылдады*. Штутгарт съезінің комиссиясына Пле-

* «Vorwärts», 1907, № 209, Beilage, Штутгарттағы конгресс туралы Каутскийдің Лейпциг жұмысшыларына берген есебі. Қараңыз: «1908 жылғы барлық жұртқа арналған календарь», «Зерно» баспасы, Штутгарттағы халықаралық социалистік конгресс туралы менің мақаламның 173-беті. (Қараңыз: осы том, 88-бет. *Ред.)*

ханов бейтараптықты қорғау үшін барды, бұл туралы Воинов толық айтып отыр. Ал Клара Цеткина Германиядағы жұмысшы әйелдер қозғалысының органы «Die Gleichheit»-те былай деп жазады: «Плеханов бұл принципті» (яғни одақтардың партиямен тығыз жақындасу принципін) «кейбір тежеушілікті *тіпті қисынсыз дәлелдермен ақтауға тырысты**.

Сонымен, Плеханов қорғаған бейтараптық принцип сәткіздікке ұшырады. Оның дәлелдерін немістің революцияшыл социал-демократтары «қисынсыз» деп тапты. Ал, ол, өзіне-өзі масаттапып, былай деп мәлімдейді: «менің» түзетуімді қабылдады, Лондон қарарының маңызы жойылады!..

Иә, иә, оның есесіне либералдар қадірлеп жүрген социалистің ноздревтік бейпіл ауыздығы, сірә, өз маңызын тіпті жоймайтын болуы керек.

Менің пікірімше, Воинов жолдастың неміс ортодокстері шабуыл идеясын зиянды деп табады деуі, ортодоксия «жаңа экономизмнің бүкіл рухын қабылдай жаздады» деуі дұрыс емес. Каутский жөнінде бұлай деуге болмайды, Воинов жолдастың өзі де Каутскийдің көзқарастары дұрыс екенін мойындайды. Воинов жолдастың өзі «социалистік өндірісті ұйымдастырушы ретіндегі кәсіптік одақтардың ролі туралы тым аз айтты» деп немістерді кінәлай отырып, бұл рольді ашықтан-ашық мойындаған *әке*-Либкнехттің пікірін екінші бір жерде еске түсіреді. Сонымен қатар Плехановтың — Бебель өзінің құттықтау сөзінде орыс революциясы туралы *әдейі* үндемеді, Россия туралы Бебельдің айтқысы *келмейді* дегеніне Воинов жолдас бекер сенген. Плехановтың бұл сөздері либералдар өте қадірлеп жүрген социалистің жай айта салған жай бір дөрекі қуақылығы болатын, сондықтан оны бір минутқа болса да шын көрудің керегі жоқ еді, тіпті бұл сөздерде шындықтың

---

* Қараңыз: сол «Барлық жұртқа арналған календарь», 173-бет, сондай-ақ «Шұғыла» жинағы (СПБ., 1907), бұл мақала «Die Gleichheit»-тен алынып, оған түгел аударылып басылған.

жұрнағы бар деп ойлауға да болмайтын еді. Мен, өз тарапымнан, мынаны растай аламын: Бебель сөйлеп тұрған кезде бюрода менің қасымда отырған социалистердің оң қанатының өкілі Ван Коль Россияны Бебель ауызға алар ма екен деп әдейі қадағалады. Бебель сөзін бітірісімен-ақ, Ван Коль маған қарап, өзінің таңданғандығын білдірді; Бебельдің Россия туралы *кездейсоқ* ұмытып кеткеніне ол күмәнданбады (конгрестің байсалды мүшесінің бірде-бірінің де күмәнданбағаны сияқты). Ең жақсы және ең тәжірибелі шешендер де қателеседі. Қарт Бебельдің ұмытшақтығының Воинов жолдас тарапынан «ерекше нәрсе» деп аталуы, менің ойымша, барып тұрған әділетсіздік. Сондай-ақ *«қазіргі»* оппортунистік Бебель туралы жалпы сөз қылу да мейлінше әділетсіздік болады. Мұндай қорытынды жасауға дерек жоқ.

Алайда, түсініспеушілік туғызбау үшін, мен осы жердің өзінде-ақ мынаны айта кетейін: егер кімде-кім Воинов жолдастың осы сөздерін немістің революцияшыл социал-демократтарына қарсы пайдаланбақшы болса, онда мұның өзі арам ниетпен жекелеген сөздерге жармасқандық болар еді. Воинов жолдас өзінің *бүкіл* кітапшасы арқылы өзінің революцияшыл неміс марксистері (Каутский сияқты) жағында екенін, өзінің *солармен бірігіп* ескі соқыр сенімдерді, оппортунистік шаблондарды және өресіз менмендікті жою жолында жұмыс істеп жүргенін жеткілікті дәлелдеді. Міне менің Штуттгартта барлық маңызды мәселелер жөнінде Воинов жолдасқа қосылған себебім және қазірде де оның революциялық сынының бүкіл сипаты жөнінде оған қосылып отырған себебім осыдан. Оның — біз қазірде немістерден үйреніп қана қоймай, сонымен қатар немістер*ді* сабақ етуіміз керек дегені мың мәртебе дұрыс. Әлі күнге дейін немістерден түк үйрене алмаған және сондықтан әліппені де білмейтін надан адамдар ғана осыдан шығарып революцияшыл социал-демократтардың ішінде «келіспеушілік» бар дей алады. Егер Маркстің рухына адал болғымыз келсе және орыс социалистеріне жұмысшы қозғалысының қазіргі міндеттерінің дәрежесіне жетуге комектескіміз келсе, біз неміс көсемдерінің қателе-

рін батыл және ашық сынауға тиістіміз. Бебель Эссенде де, Носкені қорғаған кезде, қорғанысты және шабуылды соғысты бөліп қарауды жақтаған кезде, «радикалдардың» Ван Кольге қарсы күресу *тәсіліне* шабуыл жасаған кезде, Штутгарттағы неміс делегациясы тактикасының сәтсіздігі мен теріс екендігін (Зингермен бірігіп) жоққа шығарған кезде, сөз жоқ, қателесті. Бұл қateліктерді біз жасыруға тиіс емеспіз, қайта оларды мысалға алып, орыс социал-демократтарының мұндай қателерді жібермеуге үйренуі тиіс екенін, революциялық марксизмнің неғұрлым қатаң талабына сай келуге тиіс екенін көрсетуге тиіспіз. Ал россиялық анархиссымақтар мен синдикалиссымақтар, либералдар мен эсерлер біздің Бебельді сынағанымызға табалап қуанамын деп әуреленбей-ақ қойсын. Біз бұл мырзаларға былай дейміз: қыранның кейде тауықтан да төмен түсуі мүмкін, ал тауық еш уақытта да қырандай көкке көтеріле алмайды!

Бұдан екі жылдан астам уақыт бұрын Струве мырза, сол кезде революцияны жақтап, сол кезде революциялық ашық қимылдар жасау қажет екендігі туралы жазған, сол кезде революция өкіметке айналуға тиіс деп сендірмек болған Струве мырза,— міне, осы Струве мырза шетелдік «Освобожденияның»[80] 71-номерінде былай деп жазды: «Ленин мен оның жолдастары мырзалардың революционизмімен салыстырғанда Бебельдің және тіпті Каутскийдің батыс европалық социал-демократиясының революционизмі оппортунизм болып табылады». Мен сонда Струве мырзаға былай деп жауап бергенмін: «халықаралық социал-демократияда Бебель мен Катускийдің бағытына тура келмейтін қандай да болсын бір ерекше бағыт жасау керек деп мен қай жерде және қашан талап етіппін?» («Екі тактика», орысша басылымы, 50-бет) *.

1907 жылдың жазында, үшінші Думаға бойкот жариялау туралы мәселе жөніндегі кітапшада, менің — большевизмді бойкотизммен немесе жауынгерлікпен

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 57-бет. *Ред.*

бірдей деп қарау түбірінен теріс болған болар еді деп көрсетуіме тура келді*.

Большевизм күрестің барлық саласында, қызметтің барлық тарауында революциялық социал-демократияның тактикасын жүргізіп отырғанын қазіргі кәсіптік одақтар туралы мәселе жөнінде де сондай-ақ үзілді-кесілді баса көрсету қажет. Большевизмнің меньшевизмнен айырмашылығы біріншінің кәсіптік одақтарда немесе кооперативтерде, т. с. жұмыс істеуді «мойындамауында» емес, біріншінің насихат, үгіт және жұмысшы табын ұйымдастыру жұмысында *басқаша бағыт ұстайтындығында*. Қазір кәсіптік одақтардағы қызмет, сөз жоқ, орасан зор маңыз алып отыр. Меньшевиктердің бейтараптығына қарама-қарсы біз бұл қызметті одақтарды партиямен жақындастыру, социалистік сананы дамыту және пролетариаттың революциялық міндеттерін түсіну рухында жүргізуге тиіспіз. Батыс Европада революциялық синдикализм көп елдерде оппортунизмнің, реформизмнің, парламенттік кретинизмнің тікелей және сөзсіз нәтижесі болды. Бізде де «думалық қызметтің» алғашқы қадамдары оппортунизмді өте-мөте күшейтіп жіберді, меньшевиктерді кадеттердің алдында құлша бас июге жеткізді. Мәселен, Плеханов өзінің күнделікті саяси жұмысында іс жүзінде Кусковалар және Прокоповичтер мырзалармен *бірігіп кетті*. 1900 жылы Плеханов оларды бернштейншілдігі үшін, оларды россиялық пролетариаттың тек «соңынан» қарап қалуды ғана көздегені үшін талқандаған болатын (««Рабочее Делоның» редакциясы үшін Vademecum»**, Женева, 1900 ж.). 1906—1907 жылдардағы бірінші сайлау бюллетеньдері Плехановты қазірде россиялық либерализмнің «соңынан» еруді көздеп жүрген осы мырзалардың құшағына әкеліп тықты. «Көрнекті» социал-демократтардың осы масқара қылығына қарсы реакция ретінде, орыс негізінде синдикализм өрістемей тұра алмайды.

Сондықтан Воинов жолдас орыс социал-демократтарын оппортунизмнің мысалына *қарап* және синдика-

---

* Қараңыз: осы том, 33-бет. *Ред.*
** Жол көрсеткіш. *Ред.*

лизмнің мысалына *қарап* сабақ алуға шақырып, өте дұрыс бағыт ұстап отыр. Кәсіптік одақтардағы революциялық жұмыс, негізгі салмақты парламенттік жалған әрекеттерден пролетариатты тәрбиелеуге аудару, таза таптық ұйымдарды топтастыруға, парламенттен тысқары күреске аудару, орыс революциясында жаппай стачканы, сонымен қатар «күрестің декабрьдегі түрлерін» пайдалана білу (және ойдағыдай пайдалану мүмкіндігіне бұқараны әзірлеу),— осының бәрі большевиктік бағыттың міндеті ретінде ерекше күшпен алға қойылып отыр. Ал орыс революциясының тәжірибесі бізге бұл міндетті өте-мөте жеңілдетеді, аса бай практикалық нұсқаулар береді, күрестің жаңа әдістерін, бұқаралық стачканы және тікелей күш көрсетуді қолдануды барынша нақтылап бағалауға мүмкіндік туғызатын толып жатқан тарихи материал береді. Күрестің бұл әдістері орыс большевиктері үшін, орыс пролетариаты үшін бәрінен де гөрі онша «жаңалық» емес. Жұмысшылардың ойынан батыста — Коммунаны, Россияда — 1905 жылдың декабрін мүлде аластауға барынша тырысып жүрген оппортунистер үшін бұлар «жаңалық». Бұлар жөніндегі есте қалғандарды нығайту, бұл ұлы тәжірибені* ғылыми жолмен зерттеу, оның сабақтарын және бұл тәжірибенің жаңа көлемде қайталанбай қоймайтындығы туралы сенімді бұқараға тарату — Россиядағы революцияшыл социал-демократтардың бұл міндеті біздің алдымызға синдикалистердің сыңаржақ «антиоппортунизмі» мен «антипарламентаризмінен» гөрі мазмұны жағынан анағұрлым бай перспективалар қояды.

Ерекше ағым ретінде синдикализмге *қарсы* Воинов жолдас төрт түрлі кінә қойды (оның кітапшасының 19 және келесі беттері), бұл кінәлар синдикализмнің

* Кадеттердің енді екі Думаның да тарихын құмарта зерттеп жүргені табиғи нәрсе. Олардың родичевтік-кутлеровтік либерализмінің оңбағандықтары мен опасыздықтарын керемет бір асыл дүние деп танитындығы табиғи нәрсе. Өздерінің реакциямен жүргізген келіс сөздері туралы, т. т. туралы үндемей, олардың тарихты бұрмалап жүргені табиғи нәрсе. Россияның барлық халықтарының және әсіресе жұмысшы табының тағдырлары үшін 1905 жылғы октябрь-декабрьдің әрбір күні Думадағы родичевтік «адал» сылдыр сөздерге қарағанда жүз есе артық маңызды бола тұрса да, социал-демократтардың бұл дәуірді құмарта зерттемей жүргені табиғи нәрсе емес.

жалғандығын толық айқын суреттейді: 1) «ұйымның анархиялық бытыраңқылығы»; 2) берік «таптық ұйымның мызғымас негізін» құрудың орнына жұмысшылардың қытығына тиіп ызасын келтіру; 3) мұрат пен прудондық теорияның мещандық-жекешілдік белгілері; 4) «саясатты» жөн-жосықсыз «жек көрушілік».

Мұнда орыс социал-демократтарының арасындағы ескі «экономизммен» ұқсас белгілер аз емес. Сондықтан синдикализмге көшкен экономистердің революциялық социал-демократиямен «ымыраға келуі» жөнінде мен, Воинов жолдастай, оптимист емеспін. Сонымен қатар мен Воинов жолдастың суперарбитр ролінде «Жұмысшылардың бас советі» болады, мұндай советке эсерлер қатысады деген жорамалдарын да ешбір іске асатын нәрсе емес деп ойлаймын. Мұның өзі — «келешектің музыкасын» қазіргі кездің ұйымдық формаларымен шатастыру. Бірақ мен Воинов жолдастың: «саяси ұйымдарды таптық әлеуметтік ұйымдарға бағындыру»... *«тек* (мен маңызды сөздерінің астын сыза отырып, Воинов жолдастан цитат келтіріп отырмын)... *барлық профессионалдар социалист болған кезде ғана* бағындыру» деген перспективасынан ешбір қорықпаймын. Пролетариат бұқарасының таптық инстинкті қазірдің өзінде-ақ Россияда барынша күшті көріне бастады. Таптың бұл инстинкті қазірдің өзінде-ақ эсерлердің ұсақ буржуазиялық бытыраңқылығына қарсы да, меньшевиктердің кадеттер алдында бас июіне қарсы да орасан зор кепілдік беріп отыр. Біз қазірдің өзінде-ақ мынаны батыл айта аламыз: Россиядағы бұқаралық *жұмысшы* ұйымы (егер ол құрылған болса және ол ең болмағанда сөйлеулер, стачкалар, демонстрациялар және басқалар арқылы бір минут болса да, құрылып қалатын болса) басқадан да гөрі большевизмге, революциялық социал-демократияға *сөзсіз* жақын болады.

Воинов жолдас «жұмысшы съезі» жөніндегі авантюраға «байсалды емес» әрекет деп әділ қарайды. Кәсіптік одақтарда қызу жұмыс жүргізейік, пролетариат арасында марксизмнің революциялық теориясын тара-

ту жолында және *таптық* ұйымның «мызғымас негізін» құру жолында *барлық* салада жұмыс істейік. Қалғанының бәрі жүре түзеледі.

1907 ж. ноябрьде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ 1905—1907 ЖЫЛДАРДАҒЫ БІРІНШІ ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫНДАҒЫ АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММАСЫ [81]

1908 ж. Петербургте «Зерно» баспасы жеке кітап етіп басып шығарған (конфискеленген); екінші рет 1917 ж. Петроградта «Жизнь и знание» баспасы шығарған

1917 ж. шыққан кітаптың текстімен салыстырылған қолжазба бойынша басылып отыр; соңғы сөз кітап тексті бойынша берілді

Революцияның екі жылы, 1905 жылдың күзінен 1907 жылдың күзіне дейінгі уақыт, Россиядағы шаруалар қозғалысы жөнінде, шаруалардың жер үшін күресінің сипаты мен маңызы жөнінде орасан зор тарихи тәжірибе берді. Шаруалар бұқарасының помещиктерге қарсы тікелей күресі мағынасында да, халық өкілдері жиналыстарында шаруалардың талаптарын азды-көпті еркін білдіру мағынасында да біздің қоғамдық құрылыстың ішкі механизмін көрсету үшін осы екі жыл берген материалдай мұншалық мол материалды «бейбіт» эволюция деп аталатынның (яғни миллиондаған адамдар өздерін жоғарғы он мың адамның жүндеуіне үн-түнсіз мүмкіндік беретін) ондаған жылдары да еш уақытта бере алмайды. Сондықтан орыс социал-демократтарының аграрлық программасын осы екі жылдық тәжірибе тұрғысынан қайта қарау сөзсіз қажет болып отыр, әсіресе РСДРП-ның қазіргі аграрлық программасы 1906 жылы апрельде Стокгольм съезінде, яғни бүкіл Россия шаруалары өкілдерінің үкіметтің программасы мен либерал буржуазияның программасына қарама-қарсы шаруалардың аграрлық программасымен бірінші рет ашықтан-ашық бой көрсетуі қарсаңында қабылданғандығынан да қажет болып отыр.

Біздің заманымыздың барлық аграрлық программаларының экономикалық астары шынында қандай екендігін, ұлы тарихи күрес шынында не үшін жүріп жатқанын мүмкін қадерінше дәлірек анықтап алу үшін социал-демократиялық аграрлық программаны қайта қараудың негізі етіп Россиядағы жер иелігі туралы ең жаңа мәліметтерді алу қажет. Шын күрестің осы экономикалық негізі мен оның түрлі таптар өкілдерінің

программаларындағы, мәлімдемелеріндегі, талаптарындағы, теорияларындағы идеялық-саяси көрінісін салыстырып өту керек. «Абстракт» әділдікке, «еңбек негізі» теориясына және осы сияқтыларға сүйенетін ұсақ буржуазиялық социалистен өзгеше, сондай-ақ қайта құрылыстың қандайында болса да қанаушылардың мүдделерін қорғауды реформаның практикада жүзеге асырылуы туралы, «мемлекеттік» көзқарас туралы пікірлермен бүркемелейтін либерал бюрократтан да өзгеше, марксист осындай, тек осындай жолмен жүруге тиіс.

I ТАРАУ

РОССИЯДАҒЫ АГРАРЛЫҚ ТӨҢКЕРІСТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН МӘНІ

1. ЕВРОПАЛЫҚ РОССИЯДАҒЫ ЖЕР ИЕЛІГІ

Орталық статистика комитеті 1907 жылы бастырып шығарған «1905 жылғы жер иелігінің статистикасы» Европалық Россияның 50 губерниясы бойынша шаруалар мен помещиктердің иелігіндегі жер мөлшерін дәл білуге мүмкіндік береді. Бірақ әуелі жалпы мәліметтерді келтірейік. Европалық Россияның (50 губернияның) барлық кеңістігі (1897 ж. 28 январьдағы санақты қараңыз) 4230,5 мың шаршы шақырым, яғни 440,8 миллион десятина делініп отыр. 1905 жылғы жер иелігінің статистикасы 395,2 миллион десятина жерді есепке алған, бұл төмендегі ірі үш тарамға бөлінеді:

	Миллион десятина
А) жеке меншіктегі жерлер	101,7
Б) үлесті жерлер [82]	138,8
В) қазына, шіркеу және мекеме жерлері	154,7
Европалық Россиядағы барлық жер	395,2

Бұл жалпы цифрдан ең алдымен қиыр солтүстікте жатқан және жарым-жартысы тундралық, жарым-жартысы жуық арада ауыл шаруашылығына пайдалануға

келмейтін орманды қазыналық жерлерді шығарып тастау керек. Мұндай жерлер «солтүстік ауданда» (Архангельск, Олонец және Вологда губерниялары) — 107,9 миллион десятина. Осындай жердің бәрін есептеп шығарып тастағанда, біз, әрине, егіншілікке қолайсыз жерлердің мөлшерін едәуір асыра көрсетіп жібереміз. Мынаны атап көрсетсек те жеткілікті: А. А. Кауфман мырза сияқты өте сақ статистик Вологда және Олонец губернияларында шаруаларға қосымша үлестіруге жарайтын 25,7 миллион десятина орман (ормандылығы 25 проценттен аспайтын артық жер) бар деп есептейді.*. Ал біз орман туралы мәліметтерді бөліп шығармай, жер мөлшері туралы жалпы мәліметтерді алып отырғандықтан ауыл шаруашылығына жарамды жер қорын байқаңқырап есептегеніміз дұрысырақ болады. 107,9 миллион десятинаны шығарып тастасақ, 287,3 миллион десятина жер қалады; қала жерлерінің бір бөлігін (бұлардың бәрі 2,0 миллион десятина) және Вятка мен Пермь губернияларындағы қазыналық жерлердің бір бөлігін (бұл екі губерниядағы қазыналық жердің бәрі 16,3 миллион десятина) бұл есептен шығарып тастап, жинақы көрсету үшін 280 миллион десятина деген цифрды алайық.

Сонда Европалық Россиядағы егіншілікке жарайтын жер мөлшерінің *жалпы* бөлінуі мынадай болады:

А) жеке иеліктегі жерлер	101,7	млн. дес.
Б) үлесті жерлер	138,8	» »
В) қазына және мекеме жерлері	39,5	» »
Европалық Россиядағы барлық жер	280,0	млн. дес.

Орыс революциясындағы шаруалардың жер үшін күресінің жағдайын нақты ұғыну үшін енді ұсақ және ірі (әсіресе ең ірі) жер иелігі туралы мәліметтерді бөлек алып көрсету керек. Бірақ мұндай мәліметтер толық емес. 138,8 миллион десятина үлесті жердің 136,9 миллион десятинасы жер иелігінің мөлшеріне қарай бөлінген. Жеке иеліктегі 101,7 миллион десятина

* «Аграрлық мәселе», Долгоруков пен Петрункевич бастырып шығарған. II том. Мақалалар жинағы. М., 1907, 305-бет.

жерден — 85,9 миллион десятина жер бөлінген; қалған 15,8 миллион десятина жер «қоғамдарға және серіктіктерге» қарайды. Осы соңғы жерлердің құрамына көз жіберсек, біз бұл жерлердің 11,3 миллион десятинасы шаруалар қоғамдары мен серіктіктеріне қарайтынын көреміз; демек, бұл тұтасынан және жалпы алғанда, ұсақ жер иелігі, амал не, ол жер иелігінің мөлшеріне қарай бөлінбеген. Одан соң, 3,7 миллион десятина жер «сауда-өнеркәсіптік, фабрикалық және басқа» серіктіктерге қарайды, бұлардың саны 1042. Оның ішінде 272 серіктіктің әрқайсысында 1000 десятинадан аса жер бар, ал 272 серіктіктің бәрінде 3,6 миллион десятина жер бар. Бұл — ірә, помещиктік латифундиялар болуы керек. Мұндай жерлердің дені Пермь губерниясында: мұнда осындай *тоғыз* серіктікке 1 448 902 десятина жер қарайды! Урал заводтарына он мыңдаған десятина жер қарайтындығы белгілі, бұл — буржуазиялық Россиядағы крепостниктік, сеньорлық латифундиялардың [83] тікелей сарқыншағы.

Демек, біз қоғамдар мен серіктіктердің жерінен 3,6 миллион десятина жерді ең ірі жер иелігі ретінде бөлек алып қараймыз. Қалғаны бөлінбеген, бірақ жалпы алғанда ұсақ жер иелігі.

39,5 миллион десятина қазыналық және басқа жерлерден тек уделдік жерлерді [84] ғана (5,1 миллион десятина) жер иелігінің мөлшеріне қарай жеке алып қарауға болады. Бұл да жартылай орта ғасырлық, өте ірі жер иелігі. Жер иелігінің мөлшеріне қарай бөлінген және бөлінбеген жерлердің жиыны мынадай болып шығады:

	Жер иелігінің мөлшеріне қарай бөлінген жерлер	Жер иелігінің мөлшеріне қарай бөлінбеген жерлер
А) жеке иеліктегі жерлер	89,5* млн. дес.	12,2 млн. дес.
Б) үлесті жерлер	136,9 » »	1,9 » »
В) қазына және мекеме жерлері	5,1 » »	34,4 » »
Барлығы	231,5 » »	48,5 » »
Жиыны	280,0	

* Жеке иеліктегі 85,9 миллион десятина жер мен фабрика-завод және сауда-кәсіпшілік қоғамдары мен серіктіктері латифундияларының 3,6 миллион десятина жерін қосқаннан шыққан.

Жер иелігінің мөлшеріне қарай үлесті жердің бөлінуін қарап көрейік. Біздің деректемеміздің мәліметтерін бірнеше ірірек топтарға біріктіргенде мынадай болып шығады:

Үлесті жер

Үй топтары	Үйлер	Дес. жер	Орта есеппен 1 үйге келетін десятина жер
5 дес. дейін жері барлар	2 857 650	9 030 333	3,1
5—8 » » »	3 317 601	21 706 550	6,5
барлығы 8 дес. дейін жері барлар	6 175 251	30 736 883	4,9
8—15 » »	3 932 485	42 182 923	10,7
15—30 » »	1 551 904	31 271 922	20,1
30 дес. артық жері барлар	617 715	32 695 510	52,9
Европалық Россия бойынша барлығы	12 277 355	136 887 238	11,1

Бұл мәліметтерден үйлердің жартысынан көбінде (12,3 миллионның 6,2 миллионында) үй басы 8 десятинаға дейін жері бар екендігі, яғни жалпы және орта есеппен алғанда, жерінің мөлшері семьяны асырауға жетпейтіндігі сөзсіз екендігі көрінеді. Не бары 10,1 миллион үйдің 15 десятинаға дейін жері бар (бұлардың жері 72,9 миллион десятина),— яғни жалпы үй санының бестен төрт бөлігінен астамы, шаруалардың егіншілік техникасының қазіргі дәрежесінде, жартылай аштық тіршіліктің аз-ақ алдында отыр. 12,3 миллион үйден не бары 2,2 миллионы—өздерінің меншікті жерлерінің мөлшеріне қарай — орташа және ауқатты үйлер болып отыр; ал 136,9 миллион десятина жердің 63,9 миллион десятинасы осылардың қарауында. 30 десятинадан артық жері барларды ғана бай деп атауға болады, мұндайлар не бары 0,6 миллион, яғни жалпы үй санының жиырмадан бір бөлігі. Ал барлық жердің төрттен біріндейі: 136,9 миллион десятина жер-

дің 32,7 миллион десятинасы осыларда. Жер иеленудегі осы бай үйлер тобы қандай шаруалардан құралатынын айтатын болсақ, бірінші орында казактар тұр. Үй басы 30 десятинадан артық жері бар топтың ішінде бұлар 266 929 үй, олар 14 426 403 десятина жерді иеленеді, яғни казактардың жалпы санының басым көпшілігі (Европалық Россияда 278 650 үй 14 689 498 десятина жерді иеленеді, яғни үй басына орта есеппен 52,7 десятинадан келеді).

Барлық шаруа үйлері үлесті жері жағынан емес, шаруашылығының мөлшері жағынан қалайша бөлінетіндігін шамалап көру үшін бүкіл Россия бойынша біздің қолымызда аты барлар мен аты жоқтар жайлы мәлімет қана бар. 1888—1891 жылдардағы соңғы әскериат санағы бойынша Европалық Россияның 48 губерниясында шаруа үйлері былай топталады:

Кедейлер	Аты жоқтар	2 765 970 үй
	1 аты барлар	2 885 192 »
Орташа үйлер	2 » »	2 240 574 »
	3 » »	1 070 250 »
Ауқаттылар	4 және одан көп аты барлар	1 154 674 »
	Барлығы	10 116 660 »

Тұтасынан және жалпы алғанда бұл мынаны көрсетеді: жартысынан көбі кедейлер (10,1 миллион үйдің 5,6 миллионы), үштен бір бөлігіне жуығы орташалар (2—3 аты бар 3,3 миллион үй) және оннан бір бөлігінен сәл көбірегі (10,1 миллион үйдің 1,1 миллионы) ауқаттылар болып отыр.

Енді жеке иеліктегі жер меншігінің бөлінуін қарастырып өтейік. Статистика бұл арада ең ұсақ жер иелігін жеткілікті түрде айқын көрсетпейді, бірақ оның есесіне аса ірі латифундиялар туралы өте толық мәлімет береді.

Иеліктердің топтары	Европалық Россиядағы жеке иеліктегі жер меншігі		
	Иеліктер	Дес. жер	Орта есеппен 1 иелікке келетін десятина жер
10 дес. және одан азы	409 864	1 625 226	3,9
10 —50 дес. дейін	209 119	4 891 031	23,4
50 —500 » »	106 065	17 326 495	163,3
500 —2000 » »	21 748	20 590 708	947
2 000 —10 000 » »	5 386	20 602 109	3 825
10 000 дес. артық	699	20 798 504	29 754
500 десятинадан артығының барлығы	27 833	61 991 321	2 227
Европалық Россия бойынша жиыны	752 881	85 834 073	114

Біз бұл арада, біріншіден, ірі жер иеліктерінің мейлінше басым екендігін көреміз: 619 мың ұсақ жер иелерінде (50 десятинаға дейін) не бары $6^1/_2$ миллион десятина жер бар. Екіншіден, шектен тыс үлкен латифундияларды көреміз: 699 меншік иесінің әрқайсысында 30 000 десятинаға жуық жер бар! Жиырма сегіз мың меншік иесі 62 миллион десятина жер алып отыр, яғни әрқайсысына 2227 десятинадан келеді. Бұл латифундиялардың басым көпшілігі дворяндардыкі, атап айтқанда 18 102 иелік (27 833 иеліктің ішінен) және 44 471 994 десятина жер, яғни латифундиялардағы барлық жердің 70 проценттен астамы дворяндардыкі. Крепостник-помещиктердің орта ғасырлық жер иеленуін бұл мәліметтер өте айқын суреттеп отыр.

2. КҮРЕС НЕ ҮШІН ЖҮРІП ЖАТЫР?

Он миллион шаруа үйінің 73 миллион десятина жері бар. Жиырма сегіз мың текті және байшікеш лендлордтарда 62 миллион десятина жер бар. Шаруалардың жер үшін күресі өріс алып жатқан майданның

негізгі жағдайы міне осындай. Негізгі жағдай осындай болып тұрғанда, техниканың адам айтқысыз мешеулігі, егіншіліктің бейшаралық халге ұшырауы, шаруалар бұқарасының жаншылуы мен қараңғылығы, крепостниктік, барщиналық қанаушылықтың сан алуан формаларының болуы сөзсіз. Өз тақырыбымыздан алыстап кетпеу үшін біз бұл арада шаруалар шаруашылығы туралы толып жатқан әдебиетте егжей-тегжейлі баяндалған жалпыға мәлім осы фактілерді қысқаша көрсетумен шектелсек те болады. Біз көрсетіп өткен жер иеліктерінің мөлшері шаруашылықтар мөлшеріне ешбір сәйкес келмейді. Таза орыс губернияларында ірі капиталистік егіншілік сөз жоқ кейінгі қатарда тұр. Ірі латифундияларда ұсақ егіншілік басым болып отыр: крепостниктік-кіріптарлық арендаптың, жұмыспен өтеу (барщиналық) шаруашылығының, «қысқы жалдаушылықтың», егіндікті таптағаны үшін, кесінділер үшін, тағы сондайлар үшін кіріптарлыққа салудың әр алуан түрлерінде есеп жоқ. Крепостниктік қанаудан езілген шаруалар бұқарасы күйзелуде және бірсыпырасы үлесті жерлерін «ұқыпты» қожайындарға арендаға өздері беруде. Ауқатты шаруалардың болмашы азшылығы шаруа буржуазиясына айналып жатыр, капиталистік шаруашылық жүргізу үшін арендаға жер алып, жүз мыңдаған батырақтар мен күндікшілерді қанап отыр.

Орыс экономикалық ғылымы толығынан сипаттап берген осы фактілерді еске ала отырып, біз шаруалардың қазіргі жер үшін күресі туралы мәселеде жер иелігінің *төрт негізгі тобын* ажыратуымыз керек. 1) Крепостниктік латифундиялардан езілген және оларды экспроприациялауға тікелей мүдделі болып отырған, ондай экспроприациядан тікелей және көбінекөп ұтып шығатын қалың шаруа шаруашылықтары. 2) Қазіргі кездің өзінде-ақ шаруашылығын әжептәуір жүргізуге мүмкіндік беретін біршама орта мөлшерде жері бар орта шаруалардың шағын азшылығы. 3) Шаруа буржуазиясына айналып келе жатқан және біртіндеп іstелетін бірсыпыра шаралар арқылы капиталистік жолмен қожалық ететін жер иелігімен байла-

нысты болып отырған ауқатты шаруалардың шағын азшылығы. 4) Россиядағы қазіргі заманғы капиталистік экономиялардан өздерінің көлемі жағынан анағұрлым үлкен және шаруаларды кіріптарлық, жұмыспен өтеу жолымен қанау арқылы неғұрлым көп табыс келтіретін крепостниктік латифундиялар.

Жер иелігі туралы мәліметтер бойынша бұл негізгі топтарды тек шамалап қана, толық емес, схемалық түрде ғана бөліп шығаруға болатыны өзінен-өзі түсінікті. Бірақ біз қайткенде де бұл топтарды бөліп шығаруға міндеттіміз, әйтпесе мұнсыз орыс революциясындағы жер үшін күрестің толық бейнесін көрсетуге болмайды. Сондықтан цифрларды ішінара түзету, белгілі бір топтардың шеңберлерінің ішінара ауысуы жалпы жағдайды оншалықты елеулі түрде өзгерте *алмайды* деп алдын ала толық сеніммен айтуға болады. Әңгіме бұл ішінара түзетулерде емес, әңгіме жер алуға ұмтылып отырған ұсақ жер иелігі мен қисапсыз көп жерлерді монополиялап отырған крепостниктік латифундияларды айқын салыстырып көруде. Үкіметтік те (столыпиндік), либералдық та (кадеттік) экономияның негізгі жалғандығы осы айқын салыстыруды жасыруда немесе бүркемелеуде болып отыр.

Бұл көрсетілген төрт топ үшін жер иелігінің мөлшері мынадай делік: 1) бір иелікте 15 десятинаға дейін; 2) 15—20 десятина: 3) 20—500 десятина және 4) 500 десятинадан астам жерлері барлар. Жер үшін күресті тұтас алғанда ұғыну үшін біз, әрине, осы топтардың әрқайсысындағы үлесті және жеке жер иелігін жинақтап қосуымыз керек. Жеке жер иелігі біз пайдаланып отырған деректемеде мына топтарға бөлінген: 10 десятинаға дейін және 10 десятинадан 20 десятинаға дейін; сондықтан 15 десятинаға дейін жері бар топты шамамен ғана бөліп шығаруға тура келеді. Осы жасалған есептен және цифрды жинақтап алудан туатын жаңсақтық болмашы ғана (оқушы қазір бұған көзін жеткізе алады) және мұның өзі жасалатын қорытындыны өзгерте алмайды.

Біз алған топтар бойынша Европалық Россиядағы жердің қазіргі бөлінісі мынадай:

	Иеліктің саны	Жердің десятина саны (миллион есебімен)	Орта есеппен 1 иелікке келетін десятина
а) Крепостниктік қанаудан жаншылған күйзелулі шаруалар	10,5	75,0	7,0
б) Орта шаруалар	1,0	15,0	15,0
в) Шаруа буржуазиясы және капиталистік жер иелігі	1,5	70,0	46,7
г) Крепостниктік латифундиялар	0,03	70,0	2 333,0
Барлығы	13,03	230,0	17,6
Иеліктер бойынша бөлінбеген жер	--	50	—
*Барлығы**	13,03	280,0	21,4

Шаруалардың жер үшін күресін туғызатын қатынастар осындай. Шаруалардың (үй басына 7—15 десятина, оған қоса кіріптарлық аренда және т. т.) ең ірі (бір экономияға 2333 десятина) помещиктерге қарсы күресінің *бастапқы* пункті осындай. Бұл күрестің *ақырғы* пунктінің объективті тенденциясы қандай? Тегінде, бұл тенденция ірі помещиктік крепостниктік жер иелігін жоюда, жер иелігінің (белгілі бір негізде) шаруалардың қолына көшуінде болып отырса керек. Бұл объективті тенденция крепостниктік латифундияларға кіріптарлыққа түсетін ұсақ *егіншіліктің* басым болу фактісінен сөзсіз туып отыр. Бұл тенденцияны күрестің

* Бұл кестенің цифлары, жоғарыда айтқанымыздай, жинақтап алынған. Дәл цифрлар мынадай. Үлесті жер: а) 10,1 миллион иелікте 72,9 миллион десятина; б) 874 мың иелікте 15,0 миллион десятина. 10 десятинаға дейін жері бар жеке иеліктер 410 мың, бұларда 1,6 миллион десятина; 10—20 десятинаға дейін жері бар иеліктер 106 мың, бұларда 1,6 миллион десятина. Бұл екі түрді: а+б қосқанда, жиыны мынадай: 11,5 миллион иелікте 91,2 миллион десятина; в) тобы үшін дәл цифр: 1,5 миллион иелікте 69,5 миллион десятина жер бар. г) тобы үшін дәл цифр: 27 833 иелікте 61,99 миллион десятина жер бар. Соңғы топқа, жоғарыда көрсетілгендей, 5,1 миллион десятина үлесті жер және ең ірі фабрикалық-заводтық, сауда-кәсіпшілік серіктіктердің 3,6 миллион десятина жері қосылды. Иеліктер бойынша бөлінбеген жердің дәл цифры жоғарыда келтірілген — 48,5 миллион десятина. Біздің жинақтап алған сандарымыз бен шамамен жасаған есебіміздің бәрі сан жағынан тек болмашы ғана өзгертулер енгізетінін, сондықтан қорытындыны титтей де өзгерте алмайтынын оқушы осыдан көре алады.

бастапқы пунктін, яғни, істің қазіргі жағдайын суреттеу үшін жоғарыда келтіргеніміздей, айқын схемада көрсетіп өту үшін, *ықтимал* жағдайдың *ең жақсысын* алуымыз керек, яғни крепостниктік латифундиялардың бүкіл жері және иеліктерге бөлінбеген барлық жер күйзелген шаруалардың қолына көшкен деп жоруымыз керек. Бұл — қазіргі аграрлық күреске қатысып жүргендердің *бәріне* азды-көпті айқын көрінетін ең жақсы жағдай: «мұқтаждарға» «жер бөліп беру» жөнінде үкімет те айтып отыр, либерал чиновник те (кадет те) жері аздарға қосымша жер бөліп беру жөнінде айтады, трудовик-шаруа да жер иелігін «тұтыну» немесе «еңбек» нормасына дейін жеткізу туралы айтады, социал-демократ та, жерді пайдалану формалары туралы мәселеде халықшылдардан ажырата отырып, жалпы алғанда кедей шаруаларға жер бөліп беру туралы солардың жорамалдарын қабылдап отыр (II Думаның 1907 жылғы 26 майдағы 47-мәжілісінде халықшыл Караваевтің иеліктен алынатын 57 миллион десятина жер туралы келтірген цифрын Церетели $6^1/_2$ миллиард деп алып, одан 5 десятинаға дейін жері бар аса кедей шаруалардың үлесіне тиетіні $2^1/_2$ миллиард деп есептеген, стенографиялық есептің 1221-бетін қараңыз). Бір сөзбен айтқанда, қайта құрылыстың міндеттері мен шарттарына помещиктердің, чиновниктердің, буржуазияның, шаруалардың және пролетариаттың көзқарастары қаншалықты әр түрлі болғанымен, бәрі де сол бір тенденцияны айтады, ол—ірі помещиктік жерлердің өте-мөте мұқтаж шаруаларға көшуі. Бұл көшудің мөлшері мен шарттарына таптардың көзқарастары арасындағы түбегейлі айырмашылықтардың қандай екендігі туралы біз кезегі келгенде ерекше айтамыз. Ал қазір күрестің бастапқы пункті жөніндегі схемамызды ол күрестің ықтимал ақырғы пункті жөніндегі нақ сондай схемамен толықтырып өтейік. Біз *қазір* не бар екендігін жоғарыда көрсетіп өттік. Енді *келешекте* не болуы мүмкін екендігін көрсетейік. Айталық, 0,03 миллион помещик өздеріне 100 десятинадан, яғни 3 миллион десятина жер қалдырған екен, ал қалған 67 миллион десятина жер мен 50 миллион десятина бөлінбеген жер 10,5 миллион

кедей үйлерге көшкен екен делік. Сонда былай болып шығады:

	Қазір			Келешекте		
	Иеліктер (миллион есебімен)	Десятина жер (миллион есебімен)	Орта есеппен 1 иелікке келетін десятина	Иеліктер (миллион есебімен)	Десятина жер (миллион есебімен)	Орта есеппен 1 иелікке келетін десятина
а) Күйзелген ұсақ шаруалар	10,5	75	7,0	—	—	—
б) Орта шаруалар	1,0	15	15,0	11,5	207	18,0
в) Бай шаруалар және буржуазия	1,5	70	46,7	1,53	73	47,7
г) Крепостник-помещиктер	0,03	70	2 333,0	—	—	—
Барлығы	13,03	230	17,6	13,03	280	21,4
Бөлінбеген жерлер	—	50	—	—	—	—
Барлығы	13,03	280	21,4	—	—	—

Орыс революциясындағы жер үшін күрестің экономикалық негізі, міне, осындай. Бұл күрестің бастапқы пункті және оның тенденциясы, яғни оның ақырғы пункті, күресушілердің көзқарасы тұрғысынан алғанда, мұның ең жақсы деген реттегі нәтижесі осындай.

Осы экономикалық негізді және оның идеялық (және идеялық-саяси) сипатын қарауға көшпестен бұрын, болуы мүмкін түсініспеушіліктер мен қарсылықтарға тағы да тоқтап өтейік.

Бірінші. Менің баяндауымда, жерді муниципализациялау, бөлу, национализациялау, социализациялау туралы мәселе қарастырылмай жатып, жерді *бөлу* жорылған деулері мүмкін.

Мұның өзі түсініспеушілік болар еді. Менің баяндауымда жер иелену *шарттары* мүлдем айтылған жоқ, жердің шаруалар қолына көшу *шарттары* (меншікке ме, белгілі бір типте пайдалануға ма) мүлдем сөз болған жоқ. Менде *жалпы алғанда жердің* ұсақ шаруалар қолына *көшуі* ғана сөз болып отыр,— ал біздің аграрлық күресіміздің мұндай тенденциясына күмәндануға тіпті болмайды. Ұсақ шаруалар күресуде, жердің *өз қо-*

лына көшуі үшін күресуде. Ұсақ (буржуазиялық) егіншілік ірі (крепостниктік) жер иелігіне қарсы күресуде*. Төңкеріс нәтижесі ең жақсы дегенде осы мен сипаттағаннан басқаша болуы *мүмкін емес*.

Екінші. Конфискеленген барлық жер (немесе экспроприацияланған, өйткені менің баяндауымда экспроприацияның шарттары туралы әлі сөз болған жоқ) жері өте аз шаруалардың қолына көшеді деп жорамалдауға оның правосы жоқ деулері мүмкін. Экономикалық қажеттілік себепті жер неғұрлым бай шаруалардың қолына көшуге *тиіс* деп айтулары мүмкін.— Бірақ мұндай қарсылық түсініспеушілік болар еді. Төңкерістің буржуазиялық сипатын дәлелдеу үшін мен халықшылдық көзқарас тұрғысынан *ең жақсы* нәтижені алуға тиіспін, мен күресушілер өздерінің алдына қойған мақсатына жетті деп *ұйғаруға тиіспін*. Мен аграрлық төңкерістің бұдан былайғы салдарын емес, «қаралай бөліс»[85] дейтінге неғұрлым жуық тұрған кезеңді алуға тиіспін. Егер күресте бұқара жеңіп шықса, күрестің жемістеріне де ол өзі ие болады. Ал бұл жемістердің кейініректе кімге тиетіні өз алдына басқа мәселе.

Үшінші. Менде кедей шаруалар үшін өте-мөте қолайлы нәтиже (шаруалардың бүкіл бұқарасын үй басына 18 десятина жері бар орта шаруаларға айналдыру) басы артық жер қорын *асыра көрсеткендіктен* болып отыр деулері мүмкін. Шаруаларға үлеске беруге болмайтын *ормандарды* есептен шығарып тастау керек еді деулері мүмкін.— Мұндай қарсылықтар үкімет пен кадеттер лагеріндегі экономистер тарапынан болуы мүмкін және сөзсіз болады да, бірақ бұл қарсылықтар дұрыс емес. Біріншіден, шаруалар ормандарға дұрыстап ие бола алмайды, помещиктердің пайдасына емес, *өз* пайдасы үшін одан табыс келтіре алмайды деп ойлау үшін өмір бойы крепостник-помещиктің алдында құрдай жорғалап өткен чиновник болу керек. Полиция чиновнигі мен орыс либералының көзқарасы: мужикті үлесті жермен қалай қамтамасыз ету керек? Саналы жұмысшының

* Менің жақша ішінде айтып кеткенімді халықшылдардың ұсақ буржуазиялық идеологиясы мойындамайды немесе теріске шығарады. Бұл туралы кейінірек сөз болады.

көзқарасы: крепостниктік ірі жер иелігінеп мужикті қалай азат ету керек? крепостниктік латифундияларды қалай талқандау керек? Екіншіден, мен *бүкіл* солтүстік ауданды (Архангельск, Вологда және Олонец губернияларын), сондай-ақ Вятка және Пермь губернияларының бір бөлегін, яғни таяу уақытта ауыл шаруашылығына пайдалануға болмайтын орман өскен жерлерді есептен шығарып тастадым. Үшіншіден, орман көлемін айрықша есепке алу есеп ісін өте қиындатып жіберер еді де, нәтижелерді болмашы ғана өзгертер еді. Мәселен, Кауфман мырза, кадет — демек, помещиктердің жеріне өте *сақ* қарайтын адам — ормандылығы 25 проценттен аспайтын артық жердің жер таппылығын жою үшін пайдаланылуы мүмкін деп санайды, сөйтіп, 44 губерния бойынша 101,7 миллион десятина жер қорын есептеп шығарады. Менде 47 губерния бойынша жер қоры шамамен 101 миллион десятина болып отыр, атап айтқанда 67 миллион десятина жер 70 миллион десятина крепостниктік латифундиялардан, 34 миллион десятинасы қазыналық және түрлі мекемелік жерлерден алынады. Егер 100 десятинадан артық жерлердің бәрі экспроприацияланады деп жорысақ, онда бұл қор тағы да 9—10 миллион десятинаға артатын болады*.

3. КАДЕТ ЖАЗУШЫЛАРДЫҢ КҮРЕСТІҢ МӘНІН БҮРКЕМЕЛЕУІ

Россиядағы жер үшін күресте аса ірі помещиктік шаруашылықтардың ролі туралы келтірілген мәліметтер

---

* Иеліктен айыру шегі — 500 десятина — менің текстімде тек жорамалдап алынып отыр. Егер біз осы мөлшерді 100 десятина деп, тағы да тек жорамалдап алатын болсақ, онда төңкерістің сипаты былай болып шығады:

қазір			келешекте			
а) 10,5 млн. шаруашылық	75 млн. дес.	а)	—	—		
б) 1,0 » »	15 » »	б)	11,5	217 млн. дес.	үй басына	18,8 үес.
в) 1,4 » »	50 » »	в)	1,53	63 » »	» »	41,1 »
г) 0,13 » »	90 » »	г)	—	—		—
13,03	230 + 50		13,03	280		21,4 »

Осы екі реттің екеуінде де төңкерістің сипаты мен мәні жөніндегі негізгі қорытындылар бірдей.

мына бір тұрғыдан толықтырылуға тиіс. Біздің буржуазияның және ұсақ буржуазияның аграрлық программаларына тән белгі — *қандай* тап шаруалардың ең күшті дұшпаны болып табылады, *қандай иеліктер* экспроприациялауға жататын қордың бастысы саналады деген мәселені «нормалар» туралы пікірлермен былықтырғандық болып табылады. Көбінесе белгілі бір «норма» бойынша шаруаларға қанша жер керектігі туралы (кадеттер де, трудовиктер де) сөз қозғайды да, анағұрлым нақты және жанды іс: экспроприациялауға *болатын* қанша жер бар екендігі аяқсыз қалады. Мәселенің бірінші қойылысы тап күресін бүркемелейді, «мемлекеттік» тұрғыдан қарағансып, істің *мәнін* көзден таса қалдырады. Екінші қойылыс мәселенің барлық салмағын таптық күреске, крепостниктік тенденцияны бәрінен гөрі көбірек білдіретін белгілі бір жер иеленуші топтың таптық мүдделеріне аударады.

«Нормалар» туралы осы мәселеге біз басқа жерде тағы да тоқталамыз. Ал бұл арада трудовиктерден шыққан бір «бақытты» ерекшелікті және бір нағыз-кадет жазушыны атап өтеміз.

Екінші Думада халықтық социалист Деларов жер иелерінің қанша проценті иеліктен айрылады деген мәселені қозғап өтті (1907 ж. 26 майдағы 47-мәжіліс). Шешен конфискелеу туралы мәселе қоймастан, нақ *иеліктен айыру* (күшпен) туралы сөйледі және ол, тегінде, мен өз кестемде жорамалмен алған иеліктен айыру *нормасының дәл өзін,* атап айтқанда: 500 десятинаны келтірген болуы керек. Бірақ өкініштісі сол, Деларовтың сөзінің осы жері II Думаның стенографиялық есебінде (1217-бет) бұрмаланған,— немесе Деларов мырзаның өзі қателескен. Есепте күшпен иеліктен айыру жеке иеліктің 32 процентін және олардың барлық жер көлемінің 96 процентін қамтиды,— ал қалғандарының, былайша айтқанда, жер иелерінің 68 процентінің жеке меншіктегі жерінің тек 4 процентін ғана қамтиды делінген. Іс жүзінде 32 проценттің орнына 3,7 процент болуға тиіс, өйткені 752 881 жер иелерінен 27 833 жер иесі 3,7 процент болады, ал 85,8 миллион десятина жердің 62 миллион десятинасы, яғни 72,3 проценті солардың

қолында. Деларов мырза жаңылыс айтты ма, әлде теріс цифрларды алды ма — ол жағы белгісіз. Қайткенде де, Думадағы сансыз көп шешендердің ішінен, егер біз қателеспесек, жалғыз Деларов мырза ғана күрестің не үшін болып жатқандығы туралы мәселені тура, нақты мағынада *қойған.*

Бұл мәселені баяндағанда «еңбектерін» атап өтпеске болмайтын кадет жазушы — С. Прокопович мырза. Рас, ол өзі, дұрысын айтқанда, буржуазиялық «Товарищ» газеті жазушыларының көпшілігі тәрізді, біресе кадет болып, біресе меньшевик социал-демократ болып көрініп отыратын «беззаглавияшыл». Ол — орыс буржуазиялық интеллигенциясы ішіндегі дәйекті бернштейншілдердің азғантай тобының кәдуілгі өкілі; ал бұл топ кадеттер мен социал-демократтардың арасында әрі-сәрі болып ауытқып отырады, ешқандай партияға (көпшілігі) қосылмайды және үнемі либералдық баспасөзде Плехановтан сәл оңшылдау сарын ұстап отырады. Прокопович мырзаны бұл арада атап өтуіміз керек, өйткені ол 1905 жылғы жер иелігі жөніндегі статистиканың цифрларын баспасөзде алғаш рет келтірген адамдардың бірі, оның бер жағында іс жүзінде *кадеттердің* аграрлық реформасының жолын ұстап отыр. «Товарищ» газетінде жарияланған екі мақаласында (1907 ж. 13 марттағы № 214 және 10 апрельдегі № 238) Прокопович мырза ресми статистиканың құрастырушысы генерал Золотаревпен айтысады; ал Золотарев үкімет ешбір күшпен иеліктен айырмай-ақ жер реформасын жүргізе алады және шаруашылық жүргізу үшін шаруаның үй басына 5 десятина жер әбден жетіп жатыр деп дәлелдейді! Прокопович мырза *либералдау:* ол *үй басына 8 десятинадан* алады. Осы мөлшерде қамтамасыз ету «мүлдем жеткіліксіз», бұл есеп «өте шағын есеп», т. т. деп ол бір емес, сан рет ескерту жасайды, бірақ соның өзінде ол «жер мұқтаждығының мөлшерін» (Прокопович мырзаның жоғарыда аталған мақалаларының алғашқысының тақырыбы) анықтау үшін нақ осы цифрды алады. Ол бұл цифрды *«керексіз таластар туғызбас үшін» алып* отырмын деп түсіндіреді... сірә, сол Золотарев мырзалармен «керексіз таластар» туғызбас үшін болар? Сөйтіп, «көріне жері

аз» шаруалар үйлерінің санын жалпы санның жартысына түсіріп есептейді де, Прокопович мырза олардың үлесін 8 десятинаға жеткізу үшін 18,6 миллион десятина жер керек деп дұрыс есептеп шығарады, ал үкіметтің қолындағы барлық жер қоры 9 миллион десятинамыс дегендіктен, «күшпен иеліктен айыруды қолданбайынша болмайды» дейді.

Өзінің есептерімен де, өзінің пайымдауларымен де меньшевиктенуші кадет немесе кадеттенуші меньшевик мырза либералдық аграрлық программаның рухы мен мәнісін тамаша көрсетіп беріп отыр. Крепостниктік латифундиялардың өзі туралы және жалпы латифундиялар туралы мәселе мүлдем бүркемеленіп қалған. Прокопович мырза тек 50 десятинадан артық жері бар бүкіл жеке жер иеліктері туралы мәліметтерді ғана келтірген. Сонымен, күрестің шындап жүруіне себеп болған нәрсе бүркемеленіп отыр. Ат төбеліндей аз ғана — дәл мағынасында ат төбеліндей аз ғана лендлордтардың таптық мүдделері пердемен бүркеліп қалған. Оларды әшкерелеудің орнына қазыналық жерлермен *«еш нәрсе бітіре алмайсың»* деген «мемлекеттік көзқарасты» алға тартады. Егер қазыналық жерлер жетіп жатқан болса, онда Прокопович мырза крепостниктік латифундияларға қарсы да болмас еді — оның пікірінен шығатын мағына, міне, осындай...

Шаруалардың үлесті жерінің мөлшері тым тапшы (8 десятина) алынады. Помещиктерді «күшпен иеліктен айырып» алынатын жердің мөлшері болмашы ғана (18—9=9 миллион десятина; бұл 500 десятинадан артық жері барлардың 62 миллион десятинасынан алынып отыр!). *Осындай* «күшпен иеліктен айыруды» жүзеге асыру үшін *помещиктер,* 1861 жылдағы сияқты[86], шаруаларды мәжбүр етуге тиіс!

Еркімен болсын, еріксіз болсын, әдейі болсын, білместіктен болсын, әйтеуір Прокопович мырза кадеттік аграрлық программаның *помещиктік* мәнін *дұрыс* білдірді. Кадеттер әрі сақ, әрі айлакер: олар помещиктердің *қанша* жерін экспроприациялағысы келетіні туралы *мүлде үндемей* қалғанды артық көреді.

4. АГРАРЛЫҚ ТӨҢКЕРІСТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ БЕТ ПЕРДЕСІ

Біз болып жатқан төңкерістің мәні крепостниктік латифундияларды жою және жермен өмірі өксімей, қиналмай, қайта өндіргіш күштерді дамыта алатын, ауыл шаруашылық мәдениетін ілгері бастыра алатын ерікті және (қазіргі жағдайда мүмкін боларлық дәрежеде ауқатты егінші шаруалар туғызу екендігін көріп отырмыз. Егіншіліктегі ұсақ шаруашылыққа, *рыноктың* өндірушіге жасайтын үстемдігіне, демек, *товар өндірісінің* үстемдігіне де бұл төңкеріс мүлдем тимейді, тие алмайды да, өйткені жерді *қайта бөлу* жолындағы күрес сол жердегі шаруашылықтағы өндірістік қатынастарды өзгерте алмайды. Ал біз бұл күрестің ерекшелігі — крепостниктік латифундиялар жерінде ұсақ егіншіліктің мейлінше дамуында екендігін көріп отырмыз.

Болып жатқан күрестің идеологиялық бет пердесі халықшылдық теориялар болып табылады. Бүкіл Россия шаруалары екілдерінің I және II Думада аграрлық программаларды ашық түрде ұсынуы халықшылдық теориялар мен программалар шаруалардың жер үшін күресінің шын идеялық бет пердесі болып табылатындығын біржолата растап берді.

Шаруалар жер қорының негізгі, ең басты құрамды бөлігі — ірі крепостниктік поместьелер үшін күресіп жатқандығын біз көрсетіп өттік. Экспроприациялау нормасын біз өте жоғары алдық — 500 десятина. Бірақ бұл норманы қалай, айталық, 100 немесе 50 десятинаға дейін төмендетсек те,— біз жасаған қорытындының толығынан дұрыс болып қала беретіндігіне көз жеткізу қиын емес. 20—500 десятина жері бар в) тобын үш бөлімге бөлейік: аа) 20—50 десятина, бб) 50—100 десятина және вв) 100—500 десятина; содан соң біз осы бөлімдер бойынша үлесті және жеке меншіктегі жер иеліктерінің мөлшері қандай екендігін қарастырып көрейік [225-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]:

Мұнан мынаны көреміз: біріншіден, 100 десятинадан артық жерлерді конфискелеу, жоғарыда атап өткеніміздей, жер қорын 9—10 миллион десятина арттырады, ал I Мемлекеттік думаның депутаты Чижевский жорамал-

Үлесті жер

Бөлімдер	Иеліктер саны	Жер мөлшері	Орта есеппен 1 иелік жері
		десятина	
20—50 дес.	1 062 504	30 898 147	29,1
50—100 »	191 898	12 259 171	63,9
100—500 »	40 658	5 762 276	141,7

Жеке меншіктегі жер			Европалық Россиядағы не бары		
Иеліктер саны	Жер мөлшері	Орта есеппен 1 иелік жері	Иеліктер саны	Жер мөлшері	Орта есеппен 1 иелік жері
	десятина			десятина	
103 237	3 301 004	32,0	1 165 741	34 199 151	29,3
44 877	3 229 858	71,9	236 775	15 489 029	65,4
61 188	14 096 637	230,4	101 846	19 858 913	194,9

дағаи 50 десятинадан артық жерлерді конфискелеу жер қорын 18 $^{1}/_{2}$ миллион десятина арттырады. Демек, бұл ретте де жер қорының *негізі* крепостниктік латифундиялар болып қалып отыр. Қазіргі аграрлық мәселенің «түйіні» осында жатыр. Бұл ірі жер иелігінің жоғары бюрократиямен байланысы да белгілі: Г. А. Алексинский II Думада Россиядағы жоғары чиновниктердің имениелері қаншалықты үлкен екені жөнінде Рубакин мырза айтқан мәліметтерді келтірді. Екіншіден, бұл мәліметтерден көрінетін нәрсе: *100 десятинадан артық* үлесті жерлер *мен имениелерді* шығарып тастағанда да, үлкен үлесті жерлер (мен ұсақ имениелердің) арасында зор айырмашылық қалады. Төңкеріс шаруалар иелігіндегі жердің мөлшері жағынан да, және, одан да гөрі, капиталдың мөлшері жағынан да, малының саны жағынан да, құрал-саймандардың саны мен сапасы жағынан да, т. б. жағынан да шаруалардың жіктеліп болған жағдайына тура келмекші. Жіктелу шаруалардың үлесті жер иелігіне қарағанда, былайша айтқанда, үлестен тысқары мүлкінде анағұрлым басым болып отырғандығы біздің экономикалық әдебиетімізде жеткілікті дәлелденген.

Шаруалардың өздерінің жер үшін күресіне көзқарасын азды-көпті дұрыс бейнелейтін халықшылдық теориялардың қандай маңызы бар? Бұл халықшылдық теориялардың мәнін құрайтын екі «принцип» бар, олар — «еңбек негізі» және «теңгермелік». Бұл принциптердің ұсақ буржуазиялық сипаты маркстік әдебиетте соншалық айқын да жиі, соншалық толық дәлелденген, сондықтан бұл арада ол жайында сөз қозғаудың қажеті жоқ. Бұл «принциптердің» орыс социал-демократтары әлі күнге дейін тиісінше бағаламаған белгісін атап өтудің маңызы бар. Бұл принциптер қазіргі тарихи кезеңде реалды және *прогрессивтік* бір нәрсені көмескі түрде *шынында да* бейнелейді. Атап айтқанда бұлар крепостниктік латифундияларға қарсы жойқын күресті бейнелейді.

Біздің аграрлық құрылыстың қазіргі күйден осы заманғы, буржуазиялық төңкерістің «ақырғы мақсатына» қарай эволюциялануының жоғарыда келтірілген схемасына қарап көріңіздерші. Сіздер мынаны айқын көресіздер: «келешектегі» күйдің «қазіргі» кездегі күйден зор айырмашылығы бар, ол айырмашылық жер иемденуде әлдеқайда үлкен «теңгермелік» болатындығында, жерді *жаңадан* бөлу «еңбек негізіне» анағұрлым сай келетіндігінде. Және бұл кездейсоқ та емес. Өзінің буржуазиялық жолмен дамуы елді крепостниктіктен құтқаратын шаруалар елінде мұның басқаша болуы мүмкін де емес. Крепостниктік латифундияларды жою мұндай елде капиталистік дамудың талабы болып табылатыны сөзсіз. Ал бұл жою ұсақ егіншілік үстем болып тұрғанда жер иеленушілікте «теңгермеліктің» басымдылығы сөзсіз болатындығын көрсетеді. Орта ғасырлық латифундияларды талқандай отырып, капитализм істі анағұрлым «теңгермелік» жер иеленушіліктен *бастайды,* ал *одан* жаңа ірі егіншілікті құрады,— құрғанда оны жұмыспен өтеу және кіріптарлық негізінде емес, жалдама еңбек, машина және жоғары дәрежедегі агрикультуралық техника негізінде құрады.

Барлық халықшылдардың қатесі мынада: олар ұсақ қожайынның тар көлемді ой-өрісімен шектеліп, шаруаның крепостниктік бұғаудан өткелі отырған қоғамдық

қатынастары буржуазиялық қатынастар екендігін көрмейді. Олар *крепостниктік* латифундияларды талқандау ұраны ретіндегі *ұсақ буржуазиялық* егіншіліктің «еңбек негізін» және «теңгермелікті» абсолютті, өзіндік мәні бар бірдеңеге, буржуазиялық емес, айрықша бір құрылысты көрсететін бірдеңеге айналдырады.

Кейбір марксистердің қатесі мынада: олар халықшылдардың *теориясын* сынай отырып, *крепостниктікке қарсы күресудегі* оның тарихи-реалды, тарихи-заңды *мазмұнын* аңғармайды. Олар «еңбек негізі» мен «теңгермелікті» артта қалған, реакциялық, ұсақ буржуазиялық *социализм* ретінде сынайды, сынағанда әділ сынайды, бірақ олар бұл теориялардың алдыңғы қатарлы, революциялық ұсақ буржуазиялық *демократизмді* бейнелейтіндігін, бұл теориялардың ескі, крепостниктік Россияға қарсы ең батыл күрестің ұраны екендігін ұмытады. Теңдік идеясы — жалпы алғанда абсолютизмнің ескі тәртібіне қарсы күресте — әсіресе ескі крепостниктік ірі поместьелі жер иеліктеріне қарсы күресте ең революциялық идея болып табылады. *Теңдік* идеясы ұсақ буржуа-шаруаның заңды және прогрессивті идеясы, өйткені бұл идея феодалдық, крепостниктік теңсіздікке қарсы күресті бейнелейді. Жер иеленудің «теңгермелік» идеясы заңды және прогрессивті идея, өйткені бұл идея жеті десятиналық үлесті жерде отырған және помещиктер күйзелткен 10 миллион шаруаның әрқайсысы 2300 десятинадан келетін крепостниктік латифундияларды *бөлуге** талпынуын бейнелейді. Ал қазіргі тарихи кезеңде бұл идея *шынында да* осындай талпынушылықты бейнелейді, бұл идея — дәйекті *буржуазиялық* революцияға қарай итермелейді, бірақ ол мұны қателесіп күңгірт, *жалған социалистік* жел сөздермен бүркемелейді. Буржуазиялық ұрандарды социалистік бет пердемен бүркемелеушіліктің жалғандығын сынай отырып, бұл ұрандардың *крепостниктікке қарсы* күресте ең батыл *буржуазиялық* ұрандар ретіндегі тарихи-прогрессивтік

* Бұл арада әңгіме меншікке бөлу туралы емес, шаруашылыққа пайдалану ісіне бөлу туралы болып отыр. Мұндай бөліс муниципализация тұсында да, национализация тұсында да болуы мүмкін — ал ұсақ егіншілік үстем жағдайда белгілі уақыт бойына сөзсіз болады.

маңызын бағалай алмаған марксист нашар марксист болып шығар еді. Халықшылға «социализациялау» болып көрінетін төңкерістің шын мазмұны капитализмге нағыз дәйекті түрде жол ашып беру, крепостниктікті мейлінше батыл түрде жою болады. Жоғарыда мен келтірген схема крепостниктікті жоюдағы maximum-ды және қол жететін «теңгермеліктің» maximum-ын көрсетеді. Халықшыл бұл «теңгермелік» буржуазиялықты жояды деп ойлайды, ал іс жүзінде бұл «теңгермелік» неғұрлым радикал буржуазияның көздейтін мақсатын *білдіреді.* Ал «теңгермеліктегі» мұнан басқаның бәрі — идеологиялық *сағым,* ұсақ буржуаның жалған үміті.

Орыс буржуазиялық революциясындағы халықшылдық теориялардың маңызы туралы кейбір орыс марксистерінің тар өрісті, тарихи емес пікірлеріне себеп болып отырған нәрсе, бұлар өздері қорғап жүрген істің — помещиктік жер иеліктерін «конфискелеу» ісінің маңызын жете ойлап қарамады. Біздегі жер иеленудің қазіргі жағдайында мұндай төңкерістің экономикалық негізін айқын түсінсек болғаны — біз халықшылдық теориялардың жалған үміт екендігін ғана емес, мұнымен бірге осы жалған үмітті теориялардың нақты мазмұны болып табылатын белгілі бір тарихи міндетпен шектелген күрес шындығын да, крепостниктікке қарсы күрес шындығын да түсінеміз.

5. БУРЖУАЗИЯЛЫҚ АГРАРЛЫҚ ЭВОЛЮЦИЯНЫҢ ЕКІ ТИПІ

Ілгері кетейік. Социализм үшін буржуазияға қарсы күрес тұрғысынан қарағанда халықшылдық теориялар әрі қисынсыз, әрі реакциялық теория бола тұрса да, крепостниктікке қарсы буржуазиялық күресте «ақылға сыйымды» (ерекше тарихи міндет мағынасында алғанда) және прогрессивті болып шығатынын біз көрсетіп өттік. Енді мынадай сұрақ туады: орыс жер иелігінде және Россияның бүкіл қоғамдық құрылысында крепостниктіктің жойылмай коймайтындығын, буржуазиялық-демократиялық аграрлық төңкерістің болмай қоймайтындығын мына мағынада: бұл төңкеріс тек белгілі бір

формада өте ме? әлде оның түрліше формаларда өтуі мүмкін бе? деген мағынада түсінуге бола ма?

Біздің революциямыз жөнінде және социал-демократиялық аграрлық программа жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру үшін бұл мәселенің маңызы орасан зор. Және де біз бұл мәселені революцияның экономикалық негізі туралы жоғарыда келтірілген мәліметтерге сүйене отырып шешуіміз керек.

Күрестің түйіні Россиядағы крепостниктік қалдықтардың ең маңызды белгісі және ең берік тірегі болып отырған крепостниктік латифундиялар болып табылады. Товар шаруашылығының және капитализмнің дамуы бұл қалдықтарды сөзсіз жояды. Осы *жағынан* алып қарағанда Россияның алдында буржуазиялық дамудың *бір ғана* жолы бар.

Бірақ бұл дамудың формалары екі түрлі болуы мүмкін. Крепостниктіктің қалдықтары помещиктік шаруашылықтарды қайта құру жолымен де және помещиктік латифундияларды жою жолымен де, яғни реформа жолымен де және революция жолымен де жойылуы мүмкін. Буржуазиялық даму барған сайын неғұрлым буржуазиялық шаруашылыққа айнала беретін, қанаудың крепостниктік әдістерінің орнына бірте-бірте буржуазиялық әдістер орната беретін помещиктік ірі шаруашылықтар бастаған жолмен де дами алады,— сондай-ақ ол қоғамдық организмнен крепостниктік латифундиялардың «арам безін» революциялық жолмен сылып тастап, содан соң помещиктік латифундияларсыз капиталистік фермерлік жолмен еркін дамитын, ұсақ шаруалар шаруашылығы бастаған жолмен де дами алады.

Буржуазиялық дамудың объективті-ықтимал осы екі жолын біз пруссиялық және американың типтегі даму жолдары деп атар едік. Бірінші жағдайда крепостниктік помещиктік шаруашылық баяу түрде буржуазиялық, юнкерлік шаруашылыққа ұласады, ұласқанда шаруаларды ондаған жылдар экспроприациялау мен кіріптарлықтың азабына душар ете отырып, олардың болмашы азшылығынан «гроссбауэрлерді» («ірі шаруаларды») бөліп шығарып отыру арқылы ұласады. Екінші жағдайда помещиктік шаруашылық болмайды немесе феодалдық

помесТьелерді конфискелеп, бөлшектеп жіберетін революция оның тас-талқанын шығарады. Мұндай жағдайда шаруа басым болады, ол егіншіліктің бірден-бір агенті болып алады да, біртіндеп капиталистік фермерге айналады. Бірінші жағдайда эволюцияның негізгі мазмұны феодалдардың—помещиктердің—юнкерлердің жерлерінде крепостниктіктің кіріптарлық жасауға және капиталистік қанауға айналуы болып табылады. Екінші жағдайда негізгі көрініс — патриархаттық шаруаның буржуазиялық фермерге айналуы.

Россияның экономикалық тарихында эволюцияның осы екі типі де әбден айқын көрініп отыр. Крепостниктік правоның жойылу заманын алып қараңыздаршы. Помещиктер мен шаруалар арасында реформаны жүргізудің тәсілі жөнінен күрес болып жатты. Помещиктер де, шаруалар да (мұны өздері сезбесе де) буржуазиялық экономикалық дамудың шарттарын қорғаған еді; бірақ біріншілер — помещиктік шаруашылықтардың, помещиктік табыстарының, қанаудың помещиктік (кіріптарлық) әдістерінің мейлінше толық сақталуын қамтамасыз ететін дамуды қолдады. Екіншілер — шаруалардың әл-ауқатының неғұрлым жоғары, мәдениеттің қазіргі дәрежесінде мүмкіндігі бар мөлшерде жоғары болуын, помещиктік латифундиялардың жойылуын, қанаудың барлық крепостниктік және кіріптарлық әдістерінің жойылуын, шаруалардың ерікті жер иелігін ұлғайтуды қамтамасыз ететін даму мүдделерін қорғады. Шаруалар реформасы екінші жағдайдағыдай болып шешілсе, капитализмнің дамуы мен өндіргіш күштердің дамуы реформаның помещиктік жолмен шешілуіне қарағанда анағұрлым кең және анағұрлым *тез* болған болар еді*.

* «Научное Обозрение» журналында (май — июнь, 1900 жыл) бұл жөнінде мен былай деп жазған едім: *«...шаруалар азат етілген кезінде жерді неғұрлым көп алған болса және олар оны неғұрлым арзан алған болса, Россияда капитализм соғұрлым жылдам, кең және еркін түрде дамыған болар еді,* халықтың тұрмыс дәрежесі соғұрлым жоғары болар еді, ішкі рынок соғұрлым кең болар еді, өндірісте машиналар қолдану соғұрлым тездеген болар еді, бір сөзбен айтқанда, Россияның экономикалық дамуы Американың экономикалық дамуына көбірек ұқсаған болар еді. Менің байқауымша, осы соңғы пікірдің дұрыстығын дәлелдейтін мынадай екі жағдайды көрсетіп өтумен шектелемін: 1) жердің аздығы мен алым-салықтардың ауырлығы салдарынан біздің бірталай көптеген ауданда жеке меншікті шаруашылықтың жұмыспен өтеу жүйесі өрістей түсті, яғни әсте де капитализм емес, тікелей кре-

Карикатуралық марксистер ғана, марксизммен күресіп жүрген халықшылдар оларды осылай деп суреттеуге тырысқан, шаруалардың 1861 жылы жерден айрылуын капиталистік дамудың кепілі болады деп санауы мүмкін еді. Мұның керісінше, ол *кіріптарлық*, яғни жартылай крепостниктік аренданы және жұмыспен өтейтін шаруашылықтың, яғни орыс егіншілік шаруашылығында капитализмнің дамуына және өндіргіш күштердің өсуіне орасан зор бөгет жасаған барщиналық шаруашылықтың кепілі болуға тиіс еді, іс жүзінде солай болып та шықты. Шаруалар мен помещиктер мүдделерінің күресі «халық өндірісінің» немесе «еңбек негізінің» буржуазияға қарсы күресі (халықшылдар ойлағандай және олардың қазірде де ойлап отырғанындай) болмай шықты,— ол буржуазиялық дамудың пруссиялық типіне қарсы, буржуазиялық дамудың американдық типі жолындағы күрес болды.

Россияның крепостниктік право болмаған жерлерінде, егіншілікті түгелімен немесе көбінесе еркін шаруа жүргізген жерлерде (мәселен, реформадан кейін жұрт қоныстанған Заволжье, Новороссия, Солтүстік Кавказ далаларында) крепостниктік қалдықтардың ауыр жүгі басқан орталыққа қарағанда өндіргіш күштердің дамуы мен капитализмнің дамуы анағұрлым тез жүріп отырды*.

Ал егер Россияның егіншілік орталығы мен оның егіншілік шет аймақтары бізге аграрлық эволюцияның белгілі бір типі басым болып отырған жерлердің, былайша айтқанда, кеңістік немесе географиялық жағынан бөлінуін көрсететін болса, белгілі бір эволюцияның не-

---

постниктіктің қалдығы өрістей түсті; 2) дәл біздің шет аймақтарда, не крепостниктік право тіптен беймағұлым, не бәрінен де нашарлау болған жерлерде, жер аздығынан, жұмыспен өтеуден, алым-салықтардың ауырлығынан шаруалар оншама көп азап көрмей отырған жерлерде, дәл сол жерлерде егіншілікте капитализм барынша өрістеді». (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 3-том, 683—684-беттер. *Ред.)*

* Россияның шет аймақтарының капитализмнің дамуы тұсындағы отарлау қоры ретіндегі маңызы туралы мен «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабымда толық айтқанмын. (СПБ., 1899, 185, 444 және көптеген басқа беттер). 2-рет басылып шықты. СПБ., 1908. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 3-том, 274—276, 612—618 және басқа беттер. *Ред.)* Социал-демократияның аграрлық программасы жөніндегі мәселеде бұлардың маңызы туралы төменіректе айрықша сөз болмақ.

гізгі белгілері помещиктік шаруашылықтар мен шаруа шаруашылықтары қатар болып отырған *барлық* жерлерде де айқын көрінеді. Халықшылдық экономияның негізгі қателерінің бірі сол — аграрлық капитализмнің қайнар көзі тек помещиктік шаруашылық деп санады, ал шаруалар шаруашылығына «халық өндірісі» және «еңбек негізі» тұрғысынан қарады (трудовиктер, «халықтық социалистер» және социалист-революционерлер қазір де осылай істеп отыр). Мұның дұрыс емес екендігін біз білеміз. Помещиктік шаруашылық капиталистік жолмен эволюция жасайды, жұмыспен өтеуді бірте-бірте «еркін жалдама еңбекпен» ауыстырады, үш танапты егісті интенсивті егіспен, шаруалардың атам заманғы құрал-саймандарын иеліктер экономиясының жетілдірілген құралдарымен ауыстырады. Шаруалар шаруашылығы *да капиталистік жолмен эволюция жасайды*, ол село буржуазиясы мен село пролетариатын туғызып отырады. «Қауымның»[87] жағдайы неғұрлым жақсы болса, жалпы шаруалардың әл-ауқаты неғұрлым жоғары болса, шаруалар капиталистік ауыл шаруашылығының антагонистік таптарына соғұрлым *тез* жіктеледі. Демек, аграрлық эволюцияның екі ағыны барлық жерде де бар. Россияның реформадан кейінгі бүкіл тарихының өн бойын алып келген және біздің революциямыздың аса маңызды экономикалық негізі болып отырған шаруалар мен помещиктер мүдделерінің күресі буржуазиялық аграрлық эволюцияның белгілі бір типі жолындағы күрес болып табылады.

Эволюцияның бұл типтерінің айырмашылығын және оның *екеуінің де* буржуазиялық сипатын айқын түсінгенде ғана біз орыс революциясындағы жер мәселесін дұрыс түсіндіре аламыз және әр түрлі партиялар ұсынған түрліше аграрлық программалардың таптық маңызын түсіне аламыз*. Қайталап айтамыз: күрестің түйі-

* Россиядағы буржуазиялық аграрлық эволюцияның екі жолы туралы мәселеде орыс социал-демократтарының басында кейде нендей шатасқандық басым болып отырғандығын П. Масловтың мысалы көрсетеді. «Образованиеде» (1907, № 3) ол екі жол белгілейді: 1) «дамып келе жатқан капитализм»; 2) «экономикалық дамуға қарсы пайдасыз бос күрес». «Бірінші жол»,— байқайсыз ба,— «жұмысшы табын және онымен бірге бүкіл қоғамды социализмге қарай бастайды; екінші жол жұмысшы табын буржуазияның қолына (!) итермелейді (!), ірі меншікшілер мен ұсақ меншікшілердің арасындағы күреске, жұмысшы

ні — крепостниктік латифундиялар. Бұлардың капиталистік эволюциясы ешбір талас туғызбайды, бірақ ол екі түрде болуы мүмкін: крепостниктік латифундияларды фермер-шаруалардың революциялық жолмен құртуы, жоюы түрінде болуы мүмкін және олардың бірте-бірте юнкерлік шаруашылыққа көшуі түрінде болуы мүмкін (кіріптарлыққа түскен мужик тиісінше кіріптарлыққа түсетін кнехтіге айналмақ).

6. РЕВОЛЮЦИЯДАҒЫ АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММАЛАРДЫҢ ЕКІ ЖОЛЫ

Егер біз революцияда түрлі таптар ұсынған аграрлық программаларды жоғарыда суреттелген экономикалық негізбен салыстыратын болсақ, онда аграрлық эволюцияның көрсетілген екі типіне сәйкес, бұл программалардың екі жолын бірден көреміз.

Оңшыл помещиктер мен октябристер қолдап отырған Столыпин программасын алайық. Бұл — ашықтан-ашық помещиктік программа. Бірақ мұны экономикалық мағынада реакциялық деуге бола ма, яғни оны капитализмнің дамуына жол бермейді немесе жол бермеуге тырысады деуге бола ма? буржуазиялық аграрлық эволюцияға жол бермейді деуге бола ма? Олай деуге тіпті болмайды. Керісінше, Столыпиннің атышулы аграрлық заңы өзінің 87-статьясы бойынша түгелімен нағыз буржуазиялық рухта жазылған. Бұл заң, ешбір күмәнсыз, капиталистік эволюция жолымен жүргізіліп жатыр, бұл эволюцияны жеңілдетеді, оны ілгері итермелейді, шаруаларды экспроприациялауды, қауымның ыдырауын, шаруа буржуазиясының құрылуын тездетеді. Ғылыми-

табы жеңілуден басқа еш нәрсе таба алмайтын күреске итермелейді» (92-бет). 1-ден, «екінші жол» дегеніміз жол емес, бос сөз, қиял; бұл дамудың шын мүмкіндігі емес, жалған идеология. 2-ден, Столыпин мен буржуазияның шаруаларды капиталистік жолға жетелеп отырғандығын Маслов байқамайды,—демек, нақты күрес капитализм үшін емес, капиталистік дамудың типі үшін болып отыр. 3-ден, жұмысшы табын буржуазияның үстемдігіне «итермелемейтін» басқа бір жол Россияда болуы мүмкін екен деу барып тұрған сандырақ... 4-ден, басқа бір «жолда» ұсақ меншікшілер мен ірі меншікшілердің арасында күрес болмауы мүмкін деу де нақ сондай сандырақ. 5-ден, Маслов жалпы европалық категориялар арқылы (ұсақ және ірі меншікшілер) Россияның қазіргі революцияда өте зор маңызы бар тарихи айрықшалығын: ұсақ буржуазиялық меншікшілер мен ірі феодалдық меншікшілердің күресін бүркемелейді.

экономикалық мағынада алғанда бұл заңның прогрессивтілігі күмәнсыз.

Сонда социал-демократтар бұл заңды «қолдауға» тиіс деген мағына туа ма? Жоқ. Бұлай деп тек тұрпайы марксизм ғана айта алар еді; буржуазияның ескі тәртіпке қарсы күресінде оны қолдау керек деп әуендетіп, жар салып, зар қақсап, дамыл таппай жүрген Плеханов пен меньшевиктер осы тұрпайы марксизмнің ұрығын жапталаса себуде. Жоқ. Өндіргіш күштерді дамыту мүдделері үшін (қоғамдық прогрестің осы ең жоғары өлшемі) помещиктік типтегі буржуазиялық эволюцияны қолдамай, шаруалық типтегі буржуазиялық эволюцияны қолдауымыз керек. Алғашқысы кіріптарлық пен крепостниктіктің (буржуазиялық қалыпқа түсірілетін) неғұрлым толық сақталуы, өндіргіш күштердің неғұрлым бәсең дамуы мен капитализмнің баяу дамуы деген сөз, шаруалардың қалың бұқарасының, олай болса, пролетариаттың да, шектен тыс жоқшылыққа, азапқа, қаналуға, езілуге душар болуы деген сөз. Екіншісі өндіргіш күштердің неғұрлым тез дамуы және шаруалар бұқарасының тіршілік ету жағдайларының барынша жақсаруы (жалпы алғанда товар өндірісі жағдайында мүмкін боларлықтай жақсаруы) деген сөз. Социал-демократияның орыс буржуазиялық революциясындағы тактикасын, оппортунистердің ойлайтынындай, либерал буржуазияны қолдау міндеті белгілемейді, қайта күресіп жатқан шаруаларды қолдау міндеті белгілейді.

Либерал буржуазияның, яғни кадеттердің программасын алайық. «Не бұйырасыздар?» (яғни помещик мырзалар не бұйырады екен) деген ұранды бұлжытпай ұстап, олар бірінші Думада бір программа ұсынса, екінші Думада екінші программа ұсынды. Программаларды өзгерту буржуазияның европалық принципсіз мансапқорларының бәріне қандай жеңіл және елеусіз іс болса, бұлар үшін де сондай жеңіл және елеусіз іс болып отыр. Бірінші Думада революция күшті сияқты көрінді,— сондықтан либералдық программа одан шет пұшпақтап национализациялауды («жалпы мемлекеттік жер қоры») пайдаланды. Екінші Думада контрреволюция күшті сияқты көрінді,—сондықтан либералдық программа

мемлекеттік жер қорын лақтырып тастап, шаруалар меншігінің берік болуын көздеген столыпиндік идеяға қарай бет бұрды, помещик жерлерін күшпен иеліктен айыру істерін жалпы ережеден шығарып тастау реттерін күшейте, өрістете түсті. Бірақ либералдардың бұл екіжүзділігін біз бұл арада жол-жөнекей ғана айтып отырмыз. Бұл арада басқа бір нәрсені: либералдық аграрлық программаның *екі «түріне» де ортақ* болып отырған принциптік негізді атап өтудің маңызы бар. Олардың принциптік ортақ негізі мынау — 1) төлем құны; 2) помещиктік шаруашылықтарды сақтап қалу; 3) реформаны жүргізгенде помещиктердің пұрсаттылықтарын сақтап қалу.

Төлем құны дегеніміз қоғамның дамуына салынатын алым, крепостниктік латифундиялардың иелеріне берілетін алым. Төлем құны дегеніміз қанаудың крепостниктік тәсілдерінің буржуазиялық «жалпылама эквивалент» түрінде бюрократтық, полициялық жолмен жүзеге асырылуы болып табылады. Одан соң, буржуазиялық саясат құмарлар бұл фактіні халықтан қаншама жасыруға тырысса да, помещиктік шаруашылықтардың *белгілі бір* мөлшерде сақталуы кадеттердің екі программасының екеуінен де көрінеді. Үшінші — реформаны жүргізу кезіндегі помещиктердің пұрсаттылықтары — жергілікті жер комитеттерін жалпыға бірдей, төте, тең және дауысты жасырын беру негізінде сайлау ісіне кадеттердің көзқарасынан мейлінше айқын көрініп тұр. Біздің баяндауымыздың басқа жерінде толығырақ сөз болатын нәрсені біз бұл арада егжей-тегжейлеп айтып * жатпаймыз. Біз бұл арада кадеттер-

* I Думаның 1906 ж. 24 майдағы 14-мәжілісінің протоколдарын қараңыз; мұнда Кокошкин мен Котляревский деген кадеттер октябрист (сол кездегі) Гейденмен қол ұстасып алып, жергілікті жер комитеттері жөніндегі идеяны барып тұрған оңбаған софизмдер арқылы керексіз етеді. II Думада: кадет Савельевтің (1907, 26 марттағы 16-мәжіліс) бұлтақтауы және кадет Татариновтың жергілікті комитеттер жөніндегі идеяға қарсы ашықтан-ашық күресуі (1907, 9 апрельдегі 24 мәжіліс, стенографиялық есептің 1783-беті). «Речь» газетінің 1906 ж. 25 майдағы 82-номерінде тамаша бас мақала басылды, оны Милюков көшіріп басты («Год борьбы», № 117, 457—459-беттер). Түрін өзгерткен бұл октябристің мақаласындағы түйінді жер мынау: «Біз бұл комитеттерді жалпыға бірдей дауыс беру жолымен құру — оларды жергілікті орындарда жер мәселесін тыныштықпен шешу үшін емес, мүлде басқа бірдеңе үшін әзірлегендік болар еді деп ойлаймыз. Реформаның жалпы бағытына басшылық ету ісі мемлекет қолында қалдырылуға

дің аграрлық программасының *бағытын* ғана анықтауымыз керек. Бұл жөнінде де жергілікті жер комитеттерінің құрамы туралы мәселенің *зор* маңызы бар екендігін айта кету қажет. Кадеттердің *«күшпен* иеліктен айыру» деген ұранының әуеніне тек саяси сәбилер ғана мәз бола алар еді. Мәселе — кімді кім күштейтіндігінде: помещиктер (құмайт жерге үш есе қымбат төлетіп) шаруаларды күштей ме әлде шаруалар помещиктерді күштей ме. Кадеттердің: «қарама-қарсы мүдделердің теңбе-тең орын алуы туралы» және «бір жақты күштеудің» лайықсыз екендігі туралы сөздері істің мәнін ап-айқын көрсетіп отыр, атап айтқанда, кадеттердің күшпен иеліктен айыру дегені помещиктердің шаруаларды күштейтіні екендігін көрсетіп отыр!

Кадеттік аграрлық программа столыпиндік, яғни помещиктік буржуазиялық прогресс жолымен кетіп барады. Бұл факт. Бұл фактіні ұғынбау, кейбір меньшевиктердің есептегені сияқты, кадеттердің аграрлық саясатын халықшылдық атрарлық саясаттан гөрі анағұрлым прогресшіл саясат деп санайтын социал-демократтардың негізгі қатесі болып табылады.

Шаруалардың өкілдері, яғни трудовиктер, социал-халықшылдар, ішінара эсерлер, толып жатқан ауытқулары мен толқуларына *қарамастан,* екі Думаның екеуінде де помещиктерге *қарсы* шаруалардың мүдделерін қорғау жөнінде әбден айқын бағыт ұстағанын көреміз. Мәселен, трудовиктердің программасында болуы мүмкін делінген төлем құны мәселесі жөнінде ауытқушылықтар бар; бірақ, 1-ден төлем құнын екінің бірінде жұмысқа қабілетсіз помещиктерді* қоғамның қамқор-

тиіс... Жергілікті комиссияларда екі жақтың қарама-қарсы келетін мүдделері мүмкіндігінше теңбе-тең (sic!) орын алуға тиіс, бұл мүдделерді жасалатын реформаның мемлекеттік маңызын бұзбай-ақ, оны бір жақты күштеу әрекетіне айналдырмай-ақ жарастыруға болады...» (459-бет). Кадеттік «Аграрлық мәселенің» екінші томында Кутлер мырза өзінің заң жобасын бастырып шығарды, бұл заң жобасы *барлық* жер комиссиялары мен комитеттерінде,— басты-басты губерниялық, уездік комиссиялар мен комитеттерде,— помещиктер мен чиновниктердің шаруалардан басым болуын *қамтамасыз етеді* (640—641-беттер), ал А. Чупров мырза—«либерал»!—шаруаларды алдаудың нақ осындай помещиктік жексұрын жоспарын принципті түрде қорғайды (33-бет).

* Салыстырыңыз: ««Известия Крестьянских Депутатов» және «Трудовая Россия» Жинағы». СПБ., 1906 — бірінші Думадағы трудовиктердің *газеттердегі* мақалаларының жинағы, мысалы, «Төлем құ-

лығына алу мағынасында түсіндіреді; 2-ден, II Думаның протоколдарынан төлем құнын *қабылдаудан бас тартып,* бүкіл жер барлық халыққа берілсін* деген ұран ұсынған *шаруалардың* бірқатар өте батыл сөздерін кездестіруге болады. Жергілікті жер комитеттері туралы мәселеге — кімді кім күштейтіні жөніндегі өте маңызды мәселеге келетін болсақ, шаруа депутаттары бұл комитеттерді жалпыға бірдей дауыс беру жолымен сайлау идеясын бастаушы және жақтаушы болып шығып отыр.

Біз әзірге, бір жағынан, трудовиктер мен социалист-революционерлердің, екінші жағынан, социал-демократтардың аграрлық программасының мазмұны туралы мәселеге тоқталмай отырмыз. Біз ең алдымен мынадай даусыз фактіні атап өтуге тиіспіз: орыс революциясына ашық қатысып отырған *барлық* партиялар мен таптардың аграрлық программалары, буржуазиялық аграрлық эволюцияның екі типіне сәйкес, негізгі *екі* типке айқын бөлінеді. «Оңшыл» және «солшыл» аграрлық программалар болып бөліну шекарасы октябристер мен кадеттер арасынан өтіп отырған жоқ, ал меньшевиктер қателесіп көбінесе осылай деп жорамалдайды (бұлар «конституциялық-демократиялық» сөздердің дабырасына алданады да, таптық талдауды партиялардың аттарына талдау жасаумен алмастырады). Бөліну шекарасы кадеттер мен трудовиктер арасынан өтеді. Бұл шекараны орыс қоғамының жер үшін күресіп жатқан *негізгі екі табының:* помещиктер мен шаруалардың *мүдделері* белгілеп береді. Кадеттер помещиктік жер иелігін сақтайды және егіншіліктің мәдениетті, европалық, бірақ *помещиктік* буржуазиялық эволюциясын жақтайды. Трудовиктер (және социал-де-

---

ны емес, ақысын өтеу» деген мақала (44—49-беттер) және басқа да көптеген мақалалар.

* *Оңшыл* шаруа Петроченконың II Думадағы сөзін салыстырып қараңыз (1907, 5 апрельдегі 22-мәжіліс), ол былай деді: Кутлер өзінше жақсы шарттарды ұсынды... «Әрине, ол бай адам болғандықтан бағаны қымбат айтты, ал біз, кедей шаруалар, оны оншалықты төлей алмаймыз» (1616-бет). *Оңшыл* шаруа либерализмге салынып жүрген буржуазиялық саясат құмардан гөрі *солшылдау. Партияда жоқ* Семенов деген шаруаның да сөзін салыстырып қараңыз (12 апрель, 1907), оның сөзі стихиялы-революциялық шаруалар күресінің рухында шықты; тағы сондай бірталай сөздерді салыстырып қараңыз.

мократиялық жұмысшы депутаттары), яғни шаруалардың өкілдері мен пролетариаттың өкілдері егіншіліктің *шаруалық* буржуазиялық эволюциясын жақтайды.

Аграрлық программалардың идеялық перделерін, олардың әр түрлі саяси егжей-тегжейлерін және т. с. осы программалардың экономикалық негізінен дәл ажырата білу керек. Ендігі қиыншылық помещиктердің де, *шаруалардың да* жер жөніндегі талаптары мен программаларының буржуазиялық сипатын түсінуде емес: бұл жұмысты марксистер революциядан бұрынақ істеді, ал революция оны растап шықты. Қиыншылық—буржуазиялық қоғам мен буржуазиялық эволюция *негізінде* екі таптың күресінің сүйенетіні не екенін толығынан түсінуде болып отыр. Бұл күресті капиталистік Россияның экономикалық дамуының объективті тенденциясына әкеп тіремейінше, оны заңды қоғамдық құбылыс ретінде ұғынуға болмайды.

Енді, орыс революциясындағы аграрлық программалардың екі типінің буржуазиялық аграрлық эволюцияның екі типімен байланысын көрсетіп өткеннен кейін, біз мәселенің жаңа, өте маңызды жағын қарастырып шығуға көшуіміз керек.

7. РОССИЯНЫҢ ЖЕР КӨЛЕМІ. ОТАРЛАУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Экономикалық талдау Россиядағы капитализм туралы мәселеде крепостниктік қалдықтары өте көп егіншілік орталықты және мұндай қалдықтары жоқ, бар болса өте әлсіз, ерікті-шаруалық капиталистік эволюцияның белгілері бар шет аймақтарды айыра білуді талап ететіндігін біз жоғарыда айттық.

Шет аймақтар деп нені түсінуіміз керек?— Сірә, жұрт қоныстанбаған немесе жарым-жартылап қоныстанған, егіншілік мәдениетіне толық тартылмаған жерлерді шет аймақтар деп түсіну керек болар. Осы «шет аймақтар» қандай және олардың экономикалық маңызы қандай екендігін анықтап алу үшін енді біз Европалық Россиядан бүкіл Россия империясына ауысуымыз керек.

Прокопович пен Мертваго мырзалардың «Россияда қанша жер бар және біз оны қалай пайдаланып отырмыз» (М. 1907) деген кітапшасында аталған авторлардың соңғысы *бүкіл* Россиядағы жердің мөлшері туралы және бізге мәлім жердің шаруашылықта пайдаланылуы туралы әдебиетте бар статистика мәліметтерінің бәрін қорытып шығуға тырысқан. Айқынырақ көрсету үшін Мертваго мырзаның салыстыруларын кесте түрінде келтіріп, оған 1897 жылы жүргізілген халық санағының мәліметтерін қоса келтірелік. [Қараңыз: 240-беттегі кесте. *Ред.*]

Бұл цифрлар Россияда қаншама орасан көп жер бар екендігін және шет аймақтардағы жер туралы, ол жердің шаруашылық маңызы туралы біздің әлі қаншалықты аз білетіндігімізді айқын көрсетеді. Бұл жерлер қазіргі кезде және қазіргі күйінде орыс шаруаларының жерге мұқтаждығын қанағаттандыру үшін жарамды деп санау, әрине, мүлде қате болар еді. Екінің бірінде реакцияшыл жазушылардың* жасап жүрген осындай есептерінің бәрінің де ешқандай ғылыми құндылығы жоқ. Бұл тұрғыдан алып қарағанда шаршы шақырым есебінің мәліметтері бойынша шаруаларды көшіру үшін бос жатқан жер іздеуге салынғандарды А. А. Кауфман мырзаның келемеж етуі әбден дұрыс. Сондай-ақ оның Россияның шет аймақтарында шаруаларды көшіру үшін жарамды жерлер қазір соншалық аз екендігін көрсетуі де, жері аз орыс шаруаларының жерге мұқтаждығын осы арқылы өтеуге болады деген пікірлердің терістігін көрсетуі де сөз жоқ, әбден дұрыс**.

* Және реакцияшыл депутаттардың. Европалық Россияда жерді күшпен иеліктен айырудың қажеті жоқ екендігін дәлелдеу үшін октябрист Тетеревенков II Думада Щербинаның зерттеуінен цифрлар келтіреді; ол цифрлар бойынша Қыр өлкесінде 65 миллион десятина, Алтайда 39 миллион десятина жер бар екен. Бұл столыпиндік рухта бірлесіп «прогресс» жасау үшін крепостник-помещикке бейімделіп отырған нағыз буржуаның үлгісі (II Думаның стенографиялық есептері, 1907 ж., 16 майдағы 39-мәжіліс, 658—661-беттер).

** «Аграрлық мәселе». Долгоруков пен Петрункевич бастырып шығарған. I том, Кауфман мырзаның «Қоныс аударту және оның аграрлық программадағы ролі» деген мақаласы. Сондай-ақ сол автордың мына кітабын да салыстырып қараңыз: «Қоныс аударту және отарлау», СПБ., 1905.

	Бүкіл Россияның жер көлемі								1897 жылғы санақ бойынша халық саны	
	Барлық жер		Соның ішінде		Соның ішінде шаруашылық жерлер					
	Мың шаршы шақырым	Миллион десятина	Ешбір мәліметі жоқ жерлер	Есептегі жерлер	Егістік	Пішендік	Ормандық	Жиыны	Барлығы (мың)	1 шаршы шақырымға келетін
			Миллион десятина		Миллион десятина					
Польша патшалығының 10 губерниясында	111,6	11,6	—	11,6	7,4	0,9	2,5	10,8	9 402,2	84,3
Волганың батыс жағындағы 38 губерния	1 755,6	183,0	—	183,0	93,6	18,7	34,0	146,3	—	—
Волганың солтүстік және шығыс жағындағы 12 губерния	2 474,9	258,0	—	258,0	22,3	7,1	132,0	161,4	—	—
Европалық Россияның 50 губерниясы бойынша жиыны	4 230,5	441,0	—	441,0	115,9	25,8	166,0	307,7	93 442,9	22,1
Кавказ	411,7	42,9	22,1	20,8	6,5	2,2	2,5	11,2	9 289,4	22,6
Сибирь	10 966,1	1 142,6	639,7	502,9	4,3	3,9	121,0	129,2	5 758,8	0,5
Орта Азия	3 141,6	327,3	157,4	169,9	0,9	1,6	8,0	10,5	7 746,7	2,5
Азиялық Россия бойынша жиыны	14 519,4	1 512,8	819,2	693,6	11,7	7,7	131,5	150,9	—	—
Россия империясы бойынша барлығы*	18 861,5	1 965,4	819,2	1 146,2	135,0	34,4	300,0	469,4	125 640,0	6,7

* Финляндияны қоспағанда.

Бірақ либерал Кауфман мырзаның осы дұрыс пайымдауларында дегенмен өте бір елеулі қателік бар. Кауфман мырза былайша пайымдайды: «Қоныс аударушыларды қазіргідей іріктегенде, олардың әл-ауқатының қазіргі қалпында, олардың қазіргі мәдени дәрежесінде» (аталған шығармасы, 129-бет) — орыс шаруаларының мұқтаждығын қоныс аударту арқылы қанағаттандыру үшін жер сөзсіз жеткіліксіз. Демек,— деп қорытындылайды ол кадеттердің аграрлық программасын қорғап,— Европалық Россиядағы жеке меншіктегі жерлерді күшпен иеліктен айыру керек.

Мұның өзі біздің экономистердің кәдуілгі либералдық және либералдық-халықшылдық пікірі. Бұл пікір төмендегіше құрылады да, одан мынадай қорытынды шығарылады: қоныс аударуға жарайтын жерлер жеткілікті болса, крепостниктік латифундияларға тимей-ақ қоюға да болар еді-ау! Ақ көңіл чиновниктің көзқарастары бойларына түгел сіңген кадет мырзалар мен солар сияқты саясатшылардың таптардан жоғары тұрғысы, тап күресінен жоғары көтерілгісі келеді. Крепостниктік латифундияларды бұл латифундиялар миллиондаған жергілікті халықты крепостниктік жолмен қанағандықтан, кіріптарлыққа салғандықтан, өндіргіш күштердің дамуына бөгет жасағандықтан жою керек болмай, қазіргі кезде миллиондаған семьяларды қайдағы бір Сибирьге немесе Түркстанға жіберуге мүмкін болмай отырғандықтан жою керек болыпты-мыс! Салмақтың дені орыс латифундияларының крепостниктік таптық сипатына аударылмай, таптарды татуластыру мүмкіндігіне, мужикті қанағаттандырғанда помещикті ренжітпей қанағаттандыру мүмкіндігіне, қысқасы, атышулы «әлеуметтік татулық» мүмкіндігіне аударылып отыр.

Кауфман мырза мен оның Россия интеллигенциясы ішіндегі қисапсыз көп пікірлестерінің пікірлері дұрыс болып шығуы үшін, бұл пікірлерді теріс айналдыру керек. Орыс шаруасын крепостниктік латифундиялар жаншып *отырғандықтан,— міне сондықтан* халықтың Россия территориясына еркін орналасуы да, Россияның шет аймақтарындағы толып жатқан жерлерді шаруа-

шылыққа тиімді түрде пайдалану да орасан зор кедергіге ұшырап отыр. Крепостниктік латифундиялар орыс шаруаларын қараңғылықта ұстап *отырғандықтан* және жұмыспен өтеу, кіріптарлық арқылы егіншіліктің ең артта қалған тәсілдері мен әдістерін мәңгілік етіп *отырғандықтан,—міне сондықтан* Россияның запастағы жерін біз осы кезде шаруашылыққа пайдаланып отырғанымыздан гөрі анағұрлым мол пайдалануға керекті техникалық прогресс те, шаруа бұқарасының ақыл-ойын, талапкерлігін, білімін, инициативасын көтеру ісі де қиыншылыққа ұшырап отыр. Өйткені крепостниктік латифундиялар және егіншілікте кіріптарлықтың үстем болуы соған сәйкес саяси қондырманың да болуы деген сөз, мемлекетте қаражүздік помещиктің үстем болуы, халықтың правосыздығы, әкімшілік ісінде гурко-лидвальдық әдістердің [88] көп тарауы және т. с. және сол сияқтылар деген сөз.

Россияның егіншілік орталығында крепостниктік латифундиялар бүкіл әлеуметтік құрылысқа, бүкіл қоғамдық даму ісіне, егіншіліктің бүкіл жағдайына және шаруалар бұқарасының бүкіл тұрмыс дәрежесіне өзінің өте зиянды әсерін тигізіп отыр, бұл жалпыға мәлім. Мен бұл арада орталық Россияда жұмыспен өтеудің, кіріптарлықтың, кіріптарлық аренданың, «қысқы жалдаушылық» ісінің және басқа орта ғасырлық кереметтердің үстем болып отырғандығын дәлелдейтін орыстың орасан көп экономикалық әдебиетіне* сілтеме жасаумен шектеле аламын.

Крепостниктік правоның құлауы мынадай жағдай туғызды: мұнда (мен мұны «Капитализмнің дамуында» толық көрсетіп өткенмін) халық крепостниктер-ұрпақтарының ежелгі қонысынан жан-жаққа *қашты.* Орталық егіншілік аймақтан халық өнеркәсіпті губернияларға да, астаналарға да, Европалық Россияның оңтүстік пен шығыс шет аймақтарына да шұбырды,

---

* Салыстырыңыз: «Капитализмнің дамуы», III тарау, барщиналық шаруашылықтан капиталистік шаруашылыққа көшу туралы және жұмыспен өтеу жүйесінің таралуы туралы. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 3-том, 197—268-беттер. *Ред.)*

сөйтіп бұрын жан тұрмаған жерлерді мекендеді. Мертваго мырза мен атап өткен кітапшасында, былайша айтқанда, егіншілікке жарамайтын жерлер жөніндегі ұғымдар тез өзгеріп отырады деп өте дұрыс ескерткен:

«Таврия далалары,— деп жазады ол,— «өзінің ауа райы жағынан және суының тапшылығы жағынан *қашан да* болса ең нашар және егін салуға қолайсыз жерлерге жатады». 1845 жылы академиктер Бэр мен Гельмерсен сияқты беделді жаратылыс зерттеушілері осылай деген еді. Сол кезде Таврия губерниясының халқы осы күнгісінен екі есе аз еді, ол 1,8 миллион батпан түрлі астық өндіруші еді... Одан бері 60 жыл өтті, саны екі есе артқан халық 1903 ж. 17,6 миллион батпан, яғни 10 есе артық дерлік астық өндіріп отыр» (24-бет).

Бұл Таврия губерниясы жөнінде ғана емес, Еуропалық Россияның оңтүстік пен шығыс шет аймақтарының бірсыпыра губерниялары жөнінде де дұрыс айтылған сөз. 60—70 жылдарда астық өндіру мөлшері жағынан орталық қара топырақты губерниялардан артта қалып келген оңтүстіктегі далалық губерниялар мен Заволжье губерниялары 80-жылдарда сол губернияларды *басып озды* («Капитализмнің дамуы», 186-бет)*. Бүкіл Еуропалық Россияның халқы 1863 жылдан 1897 жылға дейін 53 процент артты, соның ішінде село халқы 48 процент, қала халқы 97 процент артты, ал Новороссия, Төменгі Волга және Шығыс губерниялардың халқы сол уақыттың ішінде 92 процент артты, соның ішінде село халқы 87 процент, қала халқы 134 процент артты (бұл да сонда, 446-бет)**.

«Біздің жер запасымыздың шаруашылық маңызын,— деп жалғастырады Мертваго мырза,— чиновниктердің қазіргі бағалауындағы қателер Бэр мен Гельмерсеннің 1845 жылы Таврия губерниясын бағалауындағы қателерден кем соқпайтынына біз күмәнданбаймыз» (бұл да сонда).

Мұнысы әділ. Бірақ Мертваго мырза Бэрдің қателерінің, чиновниктік бағалаудың бәрінің қателері *неден болып отырғанын* байқамайды. Бұл қателердің болу

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 3-том, 274—276-беттер. *Ред.*
** Бұл да сонда, 618-бет. *Ред.*

себебі: техника мен егіншілік мәдениетінің қазіргі дәрежесін ескере отырып, бұл дәреженің прогресімен есептеспейді. *Крепостниктік право құлағаннан кейін* техникада мүмкін болған өзгерістерді Бэр мен Гельмерсен алдын ала болжай алмады. *Европалық Россияда крепостниктік латифундиялар қирағаннан кейін* өндіргіш күштердің адам айтқысыз өсетіндігіне, техника мен егіншілік мәдениеті дәрежесінің орасан зор өсетіндігіне қазіргі уақытта ешбір күмән келтіруге болмайды.

Россиядағы аграрлық мәселе туралы пікір айтушылардың көбі қателесіп, істің осы жағын естен шығарады. Европалық Россияда крепостниктік қатынастардың езгісінен толық азат етілген, шын мәнісінде еркті шаруалар болуы Россияның отарлауға жарамды орасан зор жер қорын кеңінен пайдаланудың шарты болып табылады. Қазіргі кезде бұл жер қорының едәуір бөлегінің жарамсыз болып жатқан себебі шет аймақтардағы қайсыбір жерлердің *жаратылыс* жағдайларынан ғана емес, бұған себеп көбінесе байырғы Русьтегі шаруашылықтың *қоғамдық* қасиеттері, техниканы тоқыраушылыққа ұшыратып, халықты правосыздыққа, езілушілікке, надандыққа, бейшаралыққа душар етіп отырған қоғамдық қасиеттері.

Кауфман мырза: «Күн ілгері айтайын: бір миллион, үш миллион немесе он миллион адамды көшіруге болар-болмасын мен білмеймін» (аталған шығарманың 128-беті) дегенде, ол істің, міне, осы өте-мөте маңызды жағын естен шығарады. Ол жердің жарамсыздығы туралы ұғымның относительді ұғым екендігін көрсетеді. «Сортаң жерлерді үміт күтуге болатын жерлер деуге болмайтыны былай тұрсын, қайта белгілі бір техникалық тәсілдер қолданылса, оларды өте құнарлы жерге айналдыруға болады» (129). 1 шаршы шақырым жерге 3,6 адамнан келетін Түркстанда «ұлан-байтақ жерлер елсіз қалып отыр» (137). «Түркстанның «шөл даласының» бірсыпыра жерінің топырағы—Орта Азияның атақты сары топырағы, оның өзгешелігі сол — жеткілікті суландырылса өте құнарлы жер... Суланды-

руға жарайтын жерлердің мөлшері туралы тіпті мәселе қоюдың да қажеті жоқ: бұл өлкенің қай жерін басып өтсең де, мұнан жүздеген жылдар бұрын иесіз қалған толып жатқан селолар мен қалалардың ескі орнын көресің, бұлардың төңірегінде ондаған шаршы шақырым жерді айқыш-ұйқыш кесіп өтетін, бір кездерде жер суландырылған арық, тоғандарды көресің; сөйтіп қолдан суландыруды керек ететін сары топырақты шөл далалардың көлемі бірнеше миллион десятинаға жететіні даусыз» (аталған шығарманың 137-беті).

Осы сан миллиондаған десятина жерлер Түркстанда да, Россияның толып жатқан өзге жерлерінде де суландыруды және түрлі мелиорация шараларын ғана «күтіп» отырған жоқ, бұл жерлер сонымен қатар орыстың егінші халқын крепостниктік правоның қалдықтарынан, дворяндық латифундиялардың езгісінен, мемлекеттегі қаражүздік диктатурадан азат етуді де «күтіп» отыр.

Россияда нақ қанша жерді «жарамсыз» жерден жарамды жерге айналдыруға болады деп бал ашу пайдасыз нәрсе. Бірақ Россияның бүкіл шаруашылық тарихымен дәлелденіп отырған және орыс буржуазиялық төңкерісінің үлкен ерекшелігі болып отырған фактіні әбден айқын ұғыну қажет. Россияның отарлауға болатын орасан зор жер қоры бар; жалпы егіншілік техникасы ілгері басқан әрбір қадам сайын ғана емес, сонымен бірге орыс шаруаларын крепостниктік езгіден азат ету жолында ілгері басқан әрбір қадам сайын осы жер қорына халықтың да, егіншілік мәдениетінің де қолы жететін болады.

Бұл жағдай Россия егіншілігінің буржуазиялық эволюцияға американдық үлгімен түсуінің экономикалық негізі болып табылады. Біздің марксистер ешбір мағынасыз шаблонмен салыстыру үшін қайталап мысалға келтіре беретін Батыс Европа мемлекеттерінде буржуазиялық-демократиялық төңкеріс заманында жердің бәріне ел жайғасып болған еді. Егіншілік техникасының ілгері басқан әрбір қадамының жаңалығы тек мынау ғана болды: ол жерге жаңадан еңбек пен капитал жұм-

сауға мүмкіншілік беріп отырды. Россияда егіншілік техниканың ілгері басқан әрбір қадамы және халықтың шын азаттығының дамуындағы әрбір қадам ескі жерлерге жаңадан еңбек пен капитал жұмсауға ғана мүмкіншілік беріп қоймай, мұнымен бірге іргелес жатқан «ұшы қиыры жоқ» жаңа жерлерді пайдалануға да мүмкіншілік береді; Россияда буржуазиялық-демократиялық төңкеріс, міне, осындай жағдайларда жүріп жатыр.

8. I ТАРАУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫНЫҢ ТҮЙІНІ

Социал-демократияның аграрлық программасы туралы мәселені қайта қарау ісіне кіріспе болатын экономикалық қорытындыларды қысқаша түйіндеп өтейік.

Біздің революциямыздағы аграрлық күрестің «түйіні» крепостниктік латифундиялар екендігін біз көрдік. Шаруалардың жер үшін күресі ең алдымен және бәрінен де гөрі осы латифундияларды жою жолындағы күрес болып табылады. Бұл латифундияларды жою ісі және олардың толығымен шаруалардың қолына көшуі орыс ауыл шаруашылығының капиталистік жолмен эволюция жасауы арқылы болатыны даусыз. Бұл эволюцияның мұндай жолы өндірігіш күштердің неғұрлым жедел дамуы, қалың бұқараның еңбек жағдайының неғұрлым жақсаруы, еркін шаруалар фермерлерге айналған жағдайда капитализмнің неғұрлым жедел дамуы болып табылар еді. Бірақ егіншіліктің буржуазиялық эволюциясының басқа жолы болуы да ықтимал, ол—помещиктік шаруашылықтар мен латифундиялар сақтала отырып, бұл шаруашылықтардың баяу түрде крепостниктік-кіріптарлық шаруашылықтан юнкерлік шаруашылықтарға айналуы. Орыс революциясында түрліше таптар ұсынған аграрлық программалардың екі типінің негізі мүмкін болатын буржуазиялық эволюцияның нақ осы екі типінде жатыр. Оның бер жағында Россияның «американдық» эволюцияға мүмкіншілік беретін экономикалық негізінің бірі болып табылатын айрықшалығы — отарлауға болатын орасан көп жер қорының бар екендігінде. Европалық Россияда орыс шаруаларын кре-

постниктік езгіден құтқаруға мүлдем жарамсыз бола тұрса да, бұл жер қоры байырғы Россиядағы шаруалар неғұрлым азат болған сайын, өндіргіш күштердің дамуы неғұрлым еркін болған сайын, соғұрлым мол болмақ және оған соғұрлым оңай қол жететін болады.

II ТАРАУ

РСДРП-ның АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БІРІНШІ РЕВОЛЮЦИЯДА ТЕКСЕРІЛУІ

Социал-демократиялық аграрлық программаны қарастыруға көшейік. Орыс социал-демократтарының аграрлық мәселеге көзқарастарының дамуындағы басты тарихи кезеңдерді мен «Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қарау»* деген кітапшаның 1-параграфында көрсеткен болатынмын. Орыс социал-демократиясының бұрынғы аграрлық программаларының, яғни 1885 және 1903 жылдардағы программаларының қатесі неде екендігін анықтауға біз біршама толығырақ тоқталуға тиіспіз.

1. ОРЫС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРЫНЫҢ БҰРЫНҒЫ АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММАЛАРЫНЫҢ ҚАТЕСІ НЕДЕ?

«Еңбекті азат ету» тобы 1885 жылы шығарған жобада аграрлық программа былайша баяндалған: «Біздің аграрлық қатынастарымызды, яғни жерді құнын төлеп алу және шаруалар қоғамдарына жер беру шарттарын радикалды түрде қайта қарау. Егер өздеріне қолайлы деп тапса, шаруаларға үлесті жерден бас тартуға және қауымнан шығуға право беру және т. с.».

Не бары осы. Бұл программаның қатесі — онда қате принциптердің немесе қате жеке талаптардың болуында емес. Жоқ. Оның принциптері дұрыс, ал оның қойған бірден-бір жеке талабының (үлесті жерден бас тарту правосы) талассыздығы сонша — ол қазірде өзіндік ерекшелігі бар столыпиндік заң арқылы орындалып шығып

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 253—259-беттер. *Ред.*

отыр. Бұл программаның қателігі — оның жалпыламалығында, мәселеге ешқандай нақты көзқарастың жоқтығында. Шынында, мұның өзі программа емес, мейлінше жалпы айтылған марксистік мәлімдеме. Белгілі бір принциптерді жұмысшы партиясының құрылуынан көп уақыт бұрын тұңғыш рет баяндаған программаны жазушы адамдарға бұл қатені айып етіп тағу, әрине, оғаштық болар еді. Мұның керісінше, шаруалар реформасы ісін «радикалды түрде қайта қараудың» сөзсіздігі бұл программада орыс революциясынан жиырма жыл бұрын мойындалғандығын ерекше атап көрсету керек.

Бұл программаның дамытылуы теория жүзінде мынадай болуға тиіс еді — біздің аграрлық программамыздың экономикалық негіздері қандай екендігін анықтау, радикалдық емес, реформаторлық талаптан өзгеше, *радикалды* түрде қайта қарау талабы не нәрсеге сүйене алатындығын және сүйенуге тиіс екендігін анықтау және, ақырында, пролетариаттың көзқарасы тұрғысынан (пролетариаттың көзқарасы шын мәнісінде жалпы радикалдық көзқарастан мүлдем басқаша) осы қайта қараудың мазмұнын нақты белгілеу болуға тиіс еді. Практика жүзінде—программаның дамытылуы шаруалар қозғалысының *тәжірибесін* ескеруге тиіс еді. Бұқаралық — тіпті ол ол ма: жалпы ұлттық шаруалар қозғалысының тәжірибесінсіз, социал-демократиялық жұмысшы партиясының программасы нақты *бола алмады,* өйткені біздің шаруалар қазірде капиталистік жолмен қаншалықты жіктелді, революциялық-демократиялық төңкеріске шаруалардың қаншалықты қабілеті бар деген мәселені бірыңғай теориялық пайымдаулар негізінде ғана шешу өте қиын немесе мүмкін болмас еді.

1903 жылы, партиямыздың II съезі РСДРП-ның бірінші аграрлық программасын қабылдаған кезде, шаруалар қозғалысының сипаты, көлемі және тереңдігі жөнінде мұндай тәжірибе бізде де болмаған еді. Россияның оңтүстігінде 1902 жылы болған шаруалардың көктемгі көтерілістері жеке дүмпу күйінде қалып қойды. Сондықтан аграрлық программаны жазған кезде социал-демократтардың ұстамды болғаны түсінікті: бур-

жуазиялық қоғам үшін мұндай программа «жасап беру» тіпті де пролетариаттың ісі емес, ал крепостниктіктің қалдықтарына қарсы шаруалар қозғалысының, пролетариаттың қолдауына тұрарлық қозғалыстың нақ қаншалық дәрежеде ілгері дами алатындығы — міне, бұл белгісіз болды.

Социал-демократтар 1885 жылы тек жалпы түрде ғана айтып өткен «қайта қараудың» мазмұны мен шарттарын 1903 жылғы программа нақты белгілеуге әрекет жасайды. Бұл әрекет — программаның басты пункті болған «кесінділер» жөніндегі әрекет — крепостниктіккіріптарлық қанау үшін пайдаланылған («шаруалардан 1861 жылы кесіп алынған») жерлер мен капиталистік жолмен пайдаланылатын жерлерді шамалап бөлектеуге сүйенген болатын. Мұндай шамалап бөлектеу мүлдем қате болды, өйткені шаруалар бұқарасының қозғалысы практика жүзінде помещиктік жерлердің ерекше разрядтарына қарсы бағытталмай, тек жалпы помещиктік жер иеленушілік атаулыға қарсы бағыттала алатын еді. 1903 жылғы программа 1885 жылы қойылмаған мәселені, атап айтқанда: аграрлық қатынастарды қайта қарау кезінде, барлық социал-демократтар сөзсіз болады деп есептеген қайта қарау кезінде, шаруалар мен помещиктер мүдделерінің арасында болатын күрес туралы мәселені *алға қояды*. Бірақ бұл мәселені 1903 жылғы программа дұрыс шешпейді, өйткені буржуазиялық төңкерісті жүзеге асырудың дәйекті-шаруалық әдісі мен дәйекті-юнкерлік әдісін қарама-қарсы қоюдың орнына, программа жасанды түрде аралық бірдеңені жасап шығарады. Рас, бұл жерде де мынаны еске алу керек: ашық бұқаралық қозғалыстың болмағандығы, ол кезде мәселені, эсерлер шешкендей етіп, сылдыр сөздерге немесе бейкүнә тілектерге немесе мещандық утопияларға негіздеп шешпей, дәл мәліметтер негізінде шешуге мүмкіндік бермеді. Помещиктердің жұмыспен өтеуден ішінара жалдама еңбекке көшуінің әсерімен шаруалардың қаншалықты жіктелгендігін ешкім де алдын ала кесіп айта алмады. 1861 жылғы реформадан кейін құралған ауыл шаруашылық жұмысшылары тобының қаншалықты зор екендігін, олардың мүдделерінің күйзелген ша-

руалар бұқарасының мүдделерінен қаншалықты ерекшеленгендігін ешкім есепке ала алмады.

1903 жылғы аграрлық программаның негізгі қатесі қалай дегенмен де россиялық буржуазиялық революцияның барысында аграрлық күрестің неліктен өрістейтіні және өрістеуге тиіс екендігі туралы,— бұл күресте белгілі бір қоғамдық күштер жеңіп шыққан күнде капиталистік аграрлық эволюцияның объективті ықтимал *типтерінің* қандай болатындығы туралы дәл түсініктің жоқтығында болды.

2. РСДРП-ның ҚАЗІРГІ АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММАСЫ

Социал-демократиялық партияның Стокгольм съезінде қабылданған қазіргі аграрлық программасы бұрынғы программаға қарағанда бір маңызды мәселеде ілгері зор қадам басты. Атап айтқанда: помещиктік* жерлерді конфискелеуді мойындай отырып, социал-демократиялық партия, сонымен *шаруалардың* аграрлық революциясын мойындау жолына біржолата түсті. Программаның: «шаруалардың помещиктік жерлерді конфискелеуге дейін баратын революциялық қимылдарын қолдай отырып...» деген сөздері осы ойды барынша айқын бейнелейді. Баяндамашылардың бірі, Джонмен бірге осы программаны өткізген Плеханов, Стокгольм съезінде болған жарыс сөздерде *«шаруалардың аграрлық революциясынан»* қорқуды қою қажет екендігін тіке айтты (Стокгольм съезінің «Протоколдарындағы» Плехановтың баяндамасын қараңыз, М., 1907, 42-бет).

Жер қатынастары жөнінде біздің буржуазиялық революция *«шаруалардың* аграрлық революциясы» ретінде қаралуы тиіс екендігін осылай мойындау аграрлық программа туралы мәселе жөнінде социал-демократтардың ішіндегі орасан зор алауыздықтарды жоюға тиіс сияқты еді. Алайда іс жүзінде социал-демократтар помещиктік жерлерді шаруалардың меншігіне бөліп беруді қолдауға тиіс пе, помещиктік жерлерді муниципали-

---

* Программаның текстінде (4-пункт) *жеке иеліктегі* жерлер туралы айтылған. Программаға тіркелген қарарда (аграрлық программаның 2-бөлімі) *помещиктік* жерлерді конфискелеу туралы айтылады.

зациялауды қолдауға тиіс пе әлде барлық жерді национализациялауды қолдауға тиіс пе деген мәселе жөнінде алауыздықтар туды. Ал, олай болса, біз ең алдымен социал-демократтар соншама жиі ұмытып жүрген қағиданы: бұл мәселелер *шаруалардың* Россиядағы аграрлық революциясы тұрғысынан ғана дұрыс шешіле алады деген қағиданы анықтап алуға тиіспіз. Әрине, әңгіме бұл шаруалар революциясында ерекше тап болып отырған пролетариаттың мүдделерін өз алдына дербес анықтаудан социал-демократия бас тартсын дегендік емес. Жоқ. Әңгіме жалпы алғанда буржуазиялық революцияның бір түрі саналатын нақ шаруалардың аграрлық революциясының сипаты мен маңызын анық түсініп алуда болып отыр. Біз реформаның ерекше бір «жобасын» «ойлап» шығара алмаймыз. Біз капиталистік жолмен дамып келе жатқан Россиядағы шаруалардың аграрлық төңкерісінің объективті жағдайларын зерттеуге тиіспіз, осы объективті талдау негізінде белгілі бір таптардың қате идеологиясын экономикалық өзгерістердің нақты мазмұнынан ажыратуға тиіспіз,— сөйтіп, осы нақты экономикалық өзгерістердің негізінде өндіргіш күштердің даму мүдделері мен пролетариаттың таптық күресінің мүдделері нені талап етіп отырғандығын анықтауға тиіспіз.

РСДРП-ның қазіргі аграрлық программасында (ерекше формада) конфискеленген жерлер қоғамдық меншік деп танылады (ормандарды, суларды және қоныс аударушыларға арналған жерлерді национализациялау, жеке иеліктегі жерлерді муниципализациялау) — ең болмағанда «революция жеңіспен дамыған» жағдайда осылай деп танылады. Егер «қолайсыз жағдайлар» туа қалса, помещиктік жерлерді шаруалардың меншігіне *бөліп беру* керек деп есептелінеді. Қандай жағдайда болмасын шаруалар мен жалпы ұсақ жер иелерінің қазіргі жерлері олардың өз меншігінде қалуға тиіс деп саналады. Демек, программада жаңарған буржуазиялық Россияда жер мәселесі *екі* түрлі шешіледі: жерге жеке меншік болады және (ең болмағанда революция жеңіспен дамыған жағдайда) муниципализация және национализация түрінде қоғамдық меншік болады.

Программаның авторлары бұл екі жақтылықты немен түсіндірді? Ең алдымен және көбіне-көп шаруалардың мүдделері және талаптарымен, шаруалармен ажырасудан, шаруаларды пролетариатқа және революцияға қарсы қоюдан қорыққандықпен түсіндірді. Программаның авторлары мен жақтаушылары *осындай* дәлел келтіре отырып, мұнысы арқылы *шаруалардың* аграрлық революциясын мойындау жолына түсті, шаруалардың белгілі бір талаптарын пролетариат қолдауға тиіс деген жолға түсті. Ал бұл дәлелді Джон жолдас бастаған программаның ең беделді жақтаушылары қойған болатын! Бұған көз жеткізу үшін Стокгольм съезінің протоколдарын қараса болғаны.

Джон жолдас өзінің баяндамасында осы дәлелді тура және батыл ұсынды. Ол былай деді: «Егер революция шаруалардың үлесті жерлерін национализациялау әрекетіне немесе, Ленин жолдас ұсынып отырғандай, конфискеленген помещиктік жерлерді национализациялауға әкеп соғатын болса, онда мұндай шара шет аймақтарда ғана емес, сонымен қатар орталықта да контрреволюциялық қозғалысқа әкеп соққан болар еді. Бізде бір ғана Вандея болып қоймас еді, шаруалардың *меншікті* (курсив Джондыкі) үлесті жерлерін пайдалануына мемлекеттің қол сұғу әрекетіне қарсы, ол жерлерді национализациялау әрекетіне қарсы шаруалардың жаппай көтерілісі болар еді» (Стокгольм съезі «Протоколдарының» 40-беті).

Бұл анық шығар деймін? Шаруалардың *меншікті* жерлерін национализациялау шаруалардың жаппай көтерілісіне әкеп соғар еді! Жеке иеліктегі жерлерді *ғана емес,* сонымен қатар «егер мүмкін болса» барлық жерлерді де («Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қарау»* деген кітапшада мен цитат келтіргенмін) земстволарға беруді ұсынған Икстің муниципализаторлық алғашқы жобасының орнына, шаруа жерлерін *шығарып тастаған* Масловтың муниципализаторлық жобасының алыну себебі, міне, осында. Шынында да, толық национализациялау әрекетіне

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 256-бет. *Ред.*

қарсы шаруалар көтерілісінің сөзсіз болатындығы туралы фактімен, 1903 жылдан кейін ашылған бұл фактімен, қалай санаспауға болады! Олай болса, екінші бір көрнекті меньшевик Костровтың көзқарасына қалай түспеуге болады, ал Костров Стокгольмде былай деген болатын:

«Шаруаларға оны (национализацияны) ұсыну оларды өзімізден аулақтату болады. Шаруалар қозғалысы бізден тыс немесе бізге қарсы бағытпен кетеді, сөйтіп біз революциядан тыс қалып қоямыз. Национализация социал-демократияны әлсіретеді, оны шаруалардан айырады, сөйтіп революцияны да әлсіретеді» (88-бет).

Бұл дәлелдеуді сенерлік емес деу мүмкін емес. Шаруалардың аграрлық революциясында шаруалардың еркіне қарамай олардың *меншікті* жерлерін национализациялауға әрекет жасау болады ғой бұл! Джон мен Костровқа сенгендіктен Стокгольм съезінің бұл идеяны қабылдамай тастағандығы таңқаларлық емес.

Бірақ Стокгольм съезі оларға босқа сенген жоқ па екен?

Национализацияға қарсы бүкіл россиялық Вандея[89] туралы мәселенің маңыздылығы себепті бұл туралы шағын тарихи анықтама келтіру теріс болмайды.

3. МУНИЦИПАЛИСТЕРДІҢ БАСТЫ ДӘЛЕЛІНІҢ ӨМІРДЕ ТЕКСЕРІЛУІ

Джон мен Костровтың мен келтірген үзілді-кесілді сөздері 1906 жылдың апрелінде, яғни бірінші Думаның қарсаңында айтылған-ды. Мен шаруалар национализациялауды жақтайтындығын дәлелдедім (менің «Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қарау»* туралы кітапшамды қараңыз). Шаруалар одағы[90] съездерінің қаулылары дәлелді емес, ол қаулылар эсерлер идеологтарының әсерімен шыққан, шаруалар бұқарасы мұндай талаптарға еш уақытта да ермейді деп, маған қарсы шықты.

Сол уақыттан бері бірінші және екінші Дума бұл мә-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 251—282-беттер. *Ред.*

селені документ жүзінде шешті. Россияның барлық түкпірлерінен келген шаруалар өкілдері бірінші және әсіресе II Думада сөз сөйледі. Шаруалар *бұқарасының* саяси және экономикалық талаптары осы екі Думада да білдірілгендігін тек «Россияның»[91] немесе «Новое Времяның» публицистері ғана мойындамауы мүмкін. Қазір, шаруалар депутаттары басқа партиялардың алдында дербес сөйлегеннен кейін, шаруалардың жерлерін национализациялау идеясы біржолата көмілуге тиіс сияқты емес пе еді? Национализациялауға көнуге болмайтындығы туралы шаруалар депутаттарына Думада айқай-шу көтерту Джон мен Костровты жақтаушыларға оп-оңай сияқты емес пе еді? Меньшевиктер басқарған социал-демократия бүкіл россиялық контрреволюциялық Вандеяны қоздырып отырған национализацияны жақтаушыларды революциядан шын «аластауға» тиіс сияқты емес пе еді?

Ал іс жүзінде бұдан басқаша болып шықты. Бірінші Думада шаруалардың *меншікті* (курсив Джондыкі) жерлері туралы Стишинский мен Гурко қамқорлық көрсетті. Нағыз оңшылдар екі Думада да жерге қоғамдық меншіктің қай формасын болса да бірдей — муниципализацияны да, национализацияны да, социализацияны да қабылдамай, үкімет өкілдерімен қосылып алып, жерге жеке меншіктің болуын қорғады. Россияның барлық түкпірлерінен келген шаруалар депутаттары екі Думада да *национализацияны* жақтап сөйледі.

Маслов жолдас 1905 жылы былай деп жазды: «Қазіргі уақытта Россияда жерді национализациялауды аграрлық мәселені шешудің (?) құралы деп тануға болмайтын себебі — национализациялаудың ең алдымен» (осы «ең алдымен» деген сөзді байқаңыз) «үмітсіз утопия екендігінде. Жерді национализациялау *барлық* жерді мемлекеттің қолына беруді көздейді. Ал шаруалар, әсіресе үй-жайлы шаруалар, өз жерлерін біреуге еркімен беруге көне қоя ма?» (П. Маслов. «Аграрлық программаларға сын», М. 1905, 20-бет).

Сонымен, 1905 жылы — национализациялау «ең алдымен» үмітсіз утопия, неге десеңіз оған шаруалар көнбейді екен.

Нақ сол Маслов 1907 жылғы мартта былай деп жазды: «Халықшылдық топтардың бәрі (трудовиктер, халықтық социалистер және социалист-революционерлер) жерді белгілі бір формада национализациялауды жақтайды» («Образование», 1907, № 3, 100-бет).

Міне, сіздерге жаңа Вандея! Міне, сіздерге национализацияға қарсы шаруалардың бүкіл россиялық көтерілісі!

Бірақ национализацияға қарсы шаруа Вандеясы туралы айтып, жазып келген адамдардың екі Думаның тәжірибесінен кейін күлкілі халге ұшырағаны жайында ойлаудың орнына, өзінің 1905 жылы жасаған қатесінің себебін іздеудің орнына, П. Маслов Иван Непомнящийдің істегенін істеді. Ол мен цитатқа келтірген сөздерін де, Стокгольм съезінде сөйлеген сөздерді де *ұмытуды* артық көрді! Ол ол ма. *Шаруалар көнбейді* дегенді ол 1905 жылы қалай жеп-жеңіл айтқан болса,— қазір ол нақ солай жеп-жеңіл бұған *керісінше* айтып отыр. Тыңдап көріңіздерші:

«...Ұсақ меншікшілердің мүдделері мен сенімдерін жақтайтын халықшылдар (тыңдаңыздар!) национализациялауды жақтап сөйлеуге тиіс болды» («Образование», бұл да сонда).

Міне сізге біздің муниципализаторлардың ғылыми адалдығының үлгісымағы! Бүкіл Россия шаруаларынан сайланғандардың саяси бой көрсетулерінің *алдында* қиын мәселені шешуде олар ұсақ меншікшілер *жөнінде* бір түрлі айтып,—ал екі Думада осындай бой көрсетуден *кейін* нақ сол «ұсақ меншікшілер» жөнінде бұған мүлде қарама-қарсы айтып отыр.

Ерекше күлкілі нәрсе ретінде мынаны ескерте кету керек: орыс шаруаларының национализацияға мұндай бейімділігін Маслов шаруалардың аграрлық революциясының ерекше жағдайлары арқылы түсіндірмей, капиталистік қоғамдағы ұсақ меншікшілердің *жалпы қасиеттері* арқылы түсіндіреді. Бұл адам сенерлік нәрсе емес, бірақ факт:

«Ұсақ меншікші,— деп болжайды Маслов,— көбінесе бәсекеден және ірі меншікшінің үстемдігінен, капиталдың үстемдігінен қорқады...». Шатыстырып отырсыз,

Маслов мырза! Ірі *(крепостниктік)* жер иесі мен капитал иесін қатар қою мещандық соқыр сенімдерді қайталағандық болады. Шаруаның крепостниктік латифундияларға қарсы соншама қызу күресетін себебі — қазіргі тарихи кезеңде ол егіншіліктің капиталистік еркін эволюцияның өкілі болып табылатындығынан.

«...Экономикалық жағынан алғанда капиталға қарсы күресуге шамасы келмегендіктен, ұсақ меншікші үкімет билігіне үміт артады, ол ірі меншікшіге қарсы ұсақ меншікшіге жәрдем беруге тиіс деп сенеді... Егер орыс шаруасы ғасырлар бойы помещиктер мен чиновниктерге қарсы орталық өкімет қорғайды деп сеніп келсе, егер Францияда Наполеон шаруаларға сүйеніп, республиканы тұншықтырған болса, мұның бәрі шаруалардың орталық өкімет жәрдем береді деп сенгендігінің арқасында болды» («Образование», 100-бет).

Петр Масловтың пайымдауы керемет-ақ! Біріншіден, егер қазіргі тарихи кезеңде орыс шаруасы Наполеон тұсындағы француз шаруасының басындағыдай қасиет білдіріп отырса, онда бұл арада жерді национализациялаудың қандай қатысы бар? Наполеон тұсында француз шаруасы жерді национализациялауды еш уақытта жақтаған жоқ және жақтай да алмады. Сіздің пікіріңіз қисынсыз шығып отыр, Маслов мырза!

Екіншіден, бұл арада капиталга қарсы күрестің қандай қатысы бар? Әңгіме шаруалардың жер меншігін бүкіл жерді, соның ішінде шаруалардың да жерін, национализациялаумен салыстыру туралы болып отыр. Наполеон тұсында француз шаруасы ұсақ меншікті жанын сала жақтады, мұны капиталға қарсы қорғаныш болады деп білді, ал орыс шаруасы... Тағы да айтайын, сөзіңіздің басы мен аяғының байланысы қайда, құрметтімау?

Үшіншіден, үкімет билігінен үміттену туралы айтқанда, Маслов істі былай деп түсінеді: шаруалар бюрократияның зиянын түсінбейді-міс, өзін өзі басқарудың маңызын түсінбейді-міс, ал ол, алдыңғы қатарлы Петр Маслов, мұны бағалайды. Мұның өзі халықшылдарды тым жадағай сынағандық қой! Масловтың пайымдауының (немесе тұспалдауының?) жалған жерін көру үшін

трудовиктердің бірінші Думаға да, II Думаға[92] да ұсынған жер жөніндегі белгілі жобасын (104-тің жобасы) қарап шықса да жеткілікті. Мұның *керісінше,* фактілер мынаны көрсетеді: өзін өзі басқарудың негіздері және жер мәселесін бюрократтық жолмен шешуге өшпенділік Масловша жазылған социал-демократияның программасындағыдан гөрі трудовиктердің жобасында *ашығырақ* көрсетілген! Атап айтқанда, біздің программамызда жергілікті органдарды сайлаудың «демократиялық негіздері» туралы ғана айтылған, ал трудовиктердің жобасында (§ 16) жергілікті өзін өзі басқару орындарын «жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру» жолымен сайлау туралы дәл әрі тура айтылған. Ол олма. Нақ сол жобада жергілікті жер комитеттері ұсынылған, мұны социал-демократтардың қолдағаны жұртқа мәлім, бұлар жаңағыдай дауыс беру жолымен сайлануға тиіс және жер реформасын талқылау ісін ұйымдастыруға, оны даярлауға тиіс (§§ 17—20). Аграрлық реформаны жүргізудің бюрократтық әдісін қорғаған трудовиктер емес, *кадеттер* болды, шаруалар емес, либерал буржуалар болды. Жұрттың бәріне белгілі осы фактілерді бұрмалау Масловқа не үшін керек болды екен?

Төртіншіден, ұсақ меншікшілердің неліктен «национализацияны жақтап шығуға тиіс болғандығына» берген өзінің тамаша «түсіндіруінде» Маслов мужиктің *орталық* өкімет қорғайды деп үміттенетінін атап көрсетеді. Бұл — муниципализацияның национализациядан айырмашылық пункті; мұнда — жергілікті өкімет, онда — орталық өкімет. Бұл — Масловтың жанына жаққан идеясымағы, мұны біз оның экономикалық және саяси маңызы жағынан алып төменде толық талдаймыз. Бұл арада оған біздің революциямыздың тарихы қойған сұрақтан, атап айтқанда, шаруалар *өз* жерлерін национализациялаудан неліктен *қорықпайды* деген сұрақтан Масловтың *бұлтарып* отырғандығын айта кетелік. Мәселенің түйіні осында!

Бірақ мұнымен де әңгіме бітпейді. Муниципализациядан өзгеше трудовиктік национализацияның таптық тамырларын түсіндіруге Масловтың осылайша әрекеттенуінде мынадай жағдай ерекше көзге түседі. Жерді

тікелей билеу туралы мәселені халықшылдар да *жергілікті өзін өзі басқару* орындарының *пайдасына* шешкендігін Маслов *оқушыдан жасырады!* Мужиктің *орталық* өкіметтен «үміттенуі» туралы тақырыптағы Масловтың пайымдаулары — мужик жөніндегі әншейін интеллигенттік өсек. Трудовиктердің екі Думаға да ұсынған жер жөніндегі жобасының 16-параграфын оқыңыздаршы. Ол параграфтың тексті мынау:

«Жалпы халықтық жер қорын басқару жұмысы жалпыға бірдей, тең, тотс және дауысты жасырын беру арқылы сайланатын жергілікті өзін өзі басқару орындарына жүктелуге тиіс; олар заң белгілеген шеңберде дербес әрекет жасайтын болады».

Осыны біздің программамыздағы тиісті талаппен салыстырып қараңыз: «...РСДРП мынаны талап етеді: ...4) ұсақ жер иелігінен басқа жеке меншікті жерлерді конфискелеу, сойтіп оларды демократиялық негізде сайланған жергілікті өзін өзі басқарудың ірі (қалалық және селолық округтерді біріктіретін — 3-п.) органдарының қарамағына беру...».

Орталық және жергілікті өкіметтің праволары тұрғысынан қарағанда мұнда қандай айырма бар? «Басқару» және «қарамағына беру» деген сөздердің арасында қандай айырма бар?

Трудовиктердің национализацияға көзқарасы туралы айтқанда, Масловтың оқушылардан — мүмкін, өзінен де шығар? — осы 16-параграфтың мазмұнын жасырған себебі не? Мұның себебі, бұл параграф Масловтың бүкіл қисынсыз «муниципализациясын» *бүтіндей* талқандайды.

Стокгольм съезінің алдында Масловтың осы муниципализацияны жақтап келтірген дәлелдерін қараңыздар, осы съездің протоколдарын оқыңыздар,— сонда сіздер ұлттарды жаныштауға болмайтындығы жөнінде, шет аймақтарды езуге, жергілікті мүдделердің өзгешеліктерін елемеуге болмайтыны жөнінде және басқа сондайлар жөнінде айтылған толып жатқан сілтеулерді көресіздер. Бұл сияқты дәлелдердің *бәрі* де «кілең шатасқандық» екендігін мен Масловқа Стокгольм съезіне дейін де көрсеткен болатынмын (Қараңыз: жоғарыда аталған «Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қа-

рау», 18-бет*), өйткені біздің программамызда,— деген болатынмын мен,— ұлттардың өзін өзі билеу правосы да, жергілікті және *облыстық кең* көлемді өзін өзі басқару правосы да танылған. Демек, *бұл* жағынан алып қарағанда тым орталықтандырып, бюрократияландырып және регламентациялап жіберуге қарсы ешбір қосымша «шараларды» ойлап шығарудың керегі жоқ және ол болмайды да, өйткені мұның өзі не мағынасыздық болады, немесе антипролетарлық, федералистік, рухта түсінілетін болады.

Трудовиктер менің дұрыс айтқандығымды муниципалистерге дәлелдеп берді.

Шаруалардың мүдделері мен көзқарастарын білдіретін топтардың *бәрі* национализацияны жақтағандығын, жақтағанда да жергілікті өзін өзі басқару орындарының праволары мен өкілдіктерін Масловтың қорғағанынан кем қорғамайтын *формада* жақтағандығын Маслов енді мойындауға тиіс! Жергілікті өзін өзі басқару орындарының праволарының шегін белгілейтін заңды орталық парламент шығаруға тиіс,— Маслов мұны айтпайды, бірақ бой тасалап, жасырыну бұл арада жәрдем етпейді, өйткені басқаша тәртіп болады деп ойлаудың өзі мүмкін емес.

«Қарамағына беру» деген сөздер мейлінше шатастырады. Конфискеленген помещиктік жерлерді *меншіктенуші*** кім болатыны белгісіз қалған! Ал бұл белгісіз болғанда жерді меншіктенуші *тек қана* мемлекет бола алады. «Қарамағына беру» деген сөздің мәні не, оның шегі, формасы жәпе шарттары қандай,— мұны да *орталық* парламент анықтауға тиіс. Бұл өзінен-өзі айқын, ал біздің партиямыздың программасында сонымен қатар «жалпы мемлекеттік маңызы бар ормандар» да, «қоныс аударушылар қоры» да ерекше бөлініп көрсетіледі. Барлық орманнан «жалпы мемлекеттік маңызы бар» ормандарды және барлық жерден «қоныс аудару-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 268-бет. *Ред.*

** «Қарамағына» деген сөз «меншігіне» деген сөзбен алмастырылсын деген түзетуді меньшевиктер Стокгольм съезінде *қабылдамады* («Протоколдар». 152-бет). Тек *тактикалық қарарда* ғана «революция жеңісті дамыған жағдайда» «иелігіне» берілсін делінген; бұл мұнан да гөрі дәлірек анықталмаған.

шылар қорын» *бөліп шығару* ісі орталық мемлекеттік өкіметтің ғана қолынан келетіндігі түсінікті.

Бір сөзбен айтқанда, қазірде өте-мөте бұрмаланған түрде біздің партиямыздың программасына айналған Масловтың программасы трудовиктердің программасымен салыстырғанда *мүлдем қисынсыз*. Масловтың национализация жөнінде тіпті наполеондық шаруа туралы да айта кетіп отырғандығы таңқаларлық емес, шатасқан «муниципализация» арқылы біз өзімізді буржуазиялық демократия өкілдерінің алдында қандай қолайсыз жағдайға қойғанымызды қайткен күнде де жұртшылықтан жасыра алса болғаны!

Бірден-бір әбден реалды және сөзсіз өзгешелігі,— шаруалардың үлесті жерлеріне көзқарас болып отыр. Масловтың бұл жерлерді бөліп көрсеткен себебі — «Вандеядан» қорыққандығынан. Сөйтіп, I Думаға да, II Думаға да жіберілген шаруа депутаттары *өздерінің* жерлерін национализациялауды жақтап, хвостист-социал-демократтардың қорқақтығын мазақ еткен болып шықты!

Енді муниципалистер трудовик-шаруаларға *қарсы* шығуға тиіс, оларға сендер өз жерлеріңді национализациялауға тиіс емессіңдер деп *дәлелдеулері керек*. Тарихтың мазағы Масловтың, Джонның, Костровтың және К^{0}-пің дәлелдерін олардың өз бастарына соққы етіп тигізді.

4. ШАРУАЛАРДЫҢ АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММАСЫ

П. Маслов шешемін деп соншалық дәрменсіздікпен әуреленген мәселені (ұсақ меншікшілердің мүдделері мен үміттерін білдіретін саяси топтардың бәрі неліктен национализацияны жақтағандығын) тексеріп көрейік.

Ең алдымен 104-тің, яғни бірінші және екінші Дума трудовиктерінің жер жөніндегі жобасы бүкіл россиялық шаруалардың талаптарын қаншалықты шын бейнелейтіндігін талдап қарайық. Екі Думадағы өкілдіктің сипаты мен әр түрлі таптардың мүдделерін жақтаушылардың арасында жер мәселесі жөнінде «парламенттік» аренада болған саяси күрестің сипаты

бұл жөнінде айғақ бола алады. Жалпы алғанда жер меншігі жөніндегі, әсіресе шаруа меншігі жөніндегі идеяның Думада кейінгі қатарға ығыстырылмағаны былай тұрсын, мұның керісінше, оны белгілі бір партиялар үнемі алдыңғы қатарға қойып отырды. Стишинский, Гурко мырзалар арқылы, барлық министрлер мен бүкіл қазыналық баспасөз арқылы шаруа депутаттарына әдейі сөз салып, үкімет те осы идеяны қорғаумен болды. II Думадағы «атақты» Святополк-Мирскийден бастап оңшыл саяси партиялар да жерді шаруалардың меншіктенуінің игіліктілігі туралы шаруалардың құлағына үнемі құйып отырды. Бұл мәселе жөнінде күштердің іс жүзінде қалай бөлінгені бай мәліметтер келтіріліп суреттелді, сондықтан оның дұрыс екендігіне күмәндануға (таптық мүдделер тұрғысынан қарағанда) ешбір мүмкіндік жоқ. Либералдар революцияшыл халықты күш деп санап, оның алдында жалбақтаған кезде, жаппай тасқын I Думадағы конституциялық-демократиялық партияны да жерді национализациялау жағына қарай жылжытты. Кадеттердің бірінші Думаға ұсынған жер жөніндегі жобасында «мемлекеттік жер запасы» айтылғаны, бұған иеліктен айрылатын жерлердің бәрі келіп түсетіндігі және содан алынып ұзақ уақытқа пайдалануға берілетіндігі айтылғаны жұртқа мәлім. Әрине, кадеттер I Думада бұл талапты нендей бір принцип бойынша қойған жоқ — кадеттік партияның принциптілігі туралы айтудың өзі кісі күлерлік нәрсе — жоқ, бұл талап либералдарда шаруалар бұқарасы талаптарының әлсіреп жеткен жаңғырығы ретінде пайда болды. Шаруа депутаттары бірінші Думаның өзінде-ақ бірден ерекше саяси топ болып бөліне бастады, сөйтіп «104-тің» жер жөніндегі жобасы саналы қоғамдық күш ретінде шыққан бүкіл россиялық шаруалардың басты және негізгі платформасы болды. Шаруа депутаттарының I және II Думада сөйлеген сөздері, «трудовиктік» газеттердің («Известия Крестьянских Депутатов» [93], «Трудовая Россия» [94]) мақалалары 104-тің жобасы шаруалардың мүдделері мен үміттерін дұрыс білдіретіндігін көрсетті. Сондықтан бұл жобаға біраз толығырақ тоқталу керек.

Оның бер жағында, жобаға қол қойған депутаттардың құрамын қарап көруге тұрарлық. I Думада біз бұған 70 трудовик, партияда жоқ 17 адам, өздерінің саяси бағыты туралы ешбір мәлімет бермеген 8 шаруа, бес кадет*, үш социал-демократ** және бір автономист-литван қол қойғанын көреміз. II Думада «104-тің» жобасына 99 адам қол қойған, ал қайталанғандарын шығарып тастағанда — 91; олардың ішінде 79 трудовик, 4 халықтық социалист, 2 эсер, казактар тобынан 2 адам, партияда жоқ 2 адам, кадеттерден солшылдау 1 адам (Петерсон) және 1 кадет (Однокозов, шаруа) бар. Қол қойғандардың басым көпшілігі шаруалар (II Думада 91-дің кемінде 54-і, I Думада 104-тің кемінде 52-сі шаруа). Сонымен қатар бір қызығы — П. Масловтың үй-жайлы шаруалар (жоғарыда цитат келтірілген***) жөнінде бұлар национализациялауға көне алмайды деп *ерекше* үміттенуін де екі Думадағы шаруалардың өкілдері толығымен бекерге шығарды. Мәселен, Подольск губерниясында шаруалардың барлығы дерлік — *үй-жайлы* егіншілер (1905 ж. үй-жайлы шаруалар 457 134 үй, қауымдық шаруалар не бары 1630 үй болды). «104-тің» жер жөніндегі жобасына I Думада 13 подольдік (көпшілігі егінші-шаруалар) және екінші Думада 10 подольдік қол қойды! Үй басына жер иелігі бар басқа губерниялардың ішінен депутаттары 104-тің жобасына қол қойған Вильно, Ковно, Киев, Полтава, Бессарабия, Волынь губернияларын атауға болады. Жерді национализациялау тұрғысынан қарағанда қауымдықтар мен үй-жайлы шаруалардың арасындағы айырмашылық тек халықшылдық соқыр сенімдерді жақтаушыларға ғана маңызды және елеулі болып көрінуі мүмкін,— ал, реті келгенде айта кетейік, бүкіл Россияның шаруа депутаттарының жер программасымен алғаш рет шығуы бұл соқыр сенімдерге жалпы алғанда өте қатты соққы болып тиді.

* Гавр. Зубченко, Т. Волков, М. Герасимов — бұлардың үшеуі де шаруа; дәрігер С. Ложкин және священник Афанасьев.

** Пермь губерниясының жұмысшысы Антонов, Қазан губерниясының жұмысшысы Ершов және Москва губерниясының жұмысшысы В. Чурюков.

*** Қараңыз: осы том, 254-бет. *Ред.*

Іс жүзінде жерді национализациялау талабы тіпті де жер иелігінің ерекше формасынан, шаруалардың «қауымдық дағдылары мен инстинктерінен» туып отырған жоқ, крепостниктік латифундиялар жаныштаған бүкіл ұсақ шаруа жер иелігінің (қауымдық та, үй-жайлы да) жалпы жағдайларынан туып отыр.

104-тің национализаторлық жабосын ұсынған I және II Дума депутаттарының ішінде біз Россияның барлық жерлерінің өкілдерін көреміз, олардың ішінде егіншілік орталықтың және өнеркәсіпті, қара топырақты емес губерниялардың ғана емес, солтүстік (II Думада — Архангельск, Вологда губернияларының), шығыс және оңтүстік шет аймақтардың (Астрахань, Бессарабия, Дон, Екатеринослав, Кубань, Таврия, Ставрополь губерниялары мен облыстары) ғана өкілдерін емес, сонымен қатар малороссиялық, оңтүстік-батыс, солтүстік-батыс губернияларының, Польшаның (Сувалки губерниясы) және Сибирьдің (Тоболь губерниясы) өкілдерін де көріп отырмыз. Тегінде, ұсақ шаруаның таза орыс егіншілік орталығында бәрінен де гөрі күштірек және тікелей байқалып отырған крепостниктік-помещиктік жер иеленушіліктен жаншталғандығы бүкіл Россияға зардабын тигізуде, мұның өзі жерді национализациялау жолындағы күресті ұсақ егіншілердің барлық жерде қолдауын тудырып отыр.

Бұл күрестің сипатында ұсақ буржуазиялық дарашылдықтың айқын белгілері бар. Бұл жөнінде біздің социалистік баспасөз тым жиі елеусіз қалдырып жүрген фактіні ерекше баса көрсету қажет, атап айтқанда: шаруалар дербес жер программасымен бірінші рет бүкіл россиялық саяси аренаға ашық шығысымен-ақ социалист-революционерлердің «социализмі» мейлінше қатты соққыға ұшырады. Эсерлердің жерді социализациялау жөніндегі жобасын (I Думадағы «33-тің» жобасы) [95] жақтап алдыңғы қатардағы шаруа депутаттарының *азшылығы* ғана пікір айтты. Орасан *көпшілігі 104-тің, энестер* жобасы, жағында болып шықты, бұлардың программасы жөнінде эсерлердің өздері *дарашылдық* программа дегенді айтады.

Эсерлік «Мақалалар жинағында» («Наша мысль» кітап баспасы, СПБ. 1907, № 1), мәселен, П. Вихляев мырзаның «Халықтық-социалистік партия және аграрлық мәселе» деген мақаласын көреміз. Автор өзі энесті, х.-с., халықтық-социалисті, Пешехоновты сынай отырып, оның «104-тің жобасында жерді қандай жолмен алуға болатындығы туралы біздің (энестердің) көзқарасымыз көрсетілді» деген сөздерін келтіреді (аталған «Жинақтың» 81-беті). Социалист-революционерлер тікелей былай дейді: 104-тің жобасы «қауымдық жер пайдаланудың түпкі негізін теріске шығаруға келіп тіреледі»,— Столыпиннің аграрлық заңдарымен, 1906 жылғы 9 ноябрьдегі заңмен *«бірдей»* (sic!) дейді (бұл да сонда, 86-бет; біз бұдан былайғы баяндауымызда эсерлердің соқыр сенімдері екі жолдың: столыпиндік және трудовиктік жолдардың нақты экономикалық айырмашылығын өздерінің бағалауына қалай кедергі болғандығын көрсетеміз). Социалист-революционерлер Пешехоновтың программалық көзқарастарында «өзімшіл дарашылдықтың белгілері» (89-бет) бар, «кең арналы идеялық тасқынды дарашылдық ылаймен ластаушылық бар» (91-бет), «халық бұқарасындағы дарашылдық және эгоистік ағымдарды мадақтаушылық» (бұл да сонда, 93-бет) бар деп қарайды.

Мұның бәрі әділ-ақ. Істің мәнісі тіпті де Пешехонов мырзалар мен К⁰-нің оппортунизмінде емес, қайта *ұсақ егіншінің* дарашылдығында екендігі жөніндегі фактіні эсерлер «күшті» сөздермен бүркейміз деп тек босқа ойлайды. Істің мәнісі эсерлік идеялық тасқынды Пешехоновтардың ластауында емес, істің мәнісі мынада: *алдыңғы қатардағы шаруа депутаттарының көпшілігі* халықшылдықтың шын экономикалық мазмұнын, ұсақ егіншілердің шын ниеттерін байқатты. Шаруалар бұқарасының кең көлемді, нағыз бүкіл россиялық, өкілдігінің алдында пікір білдірген кезде эсерлер күйреліске ұшырады — I және II Думадағы 104-тің жер жөніндегі жобалары бізге, міне, осыны көрсетті*.

---

* Екінші Думаның стенографиялық есептерінен эсер Мушенконың 105 депутат[96] қол қойған жер жобасын ұсынғандығы көрініп тұр. Амал не, бұл жобаны қолыма түсіре алмадым. Думаның материалда-

Жерді национализациялауды жақтай отырып, трудовиктер өздерінің жобасында ұсақ егіншілердің «эгоистік және дарашылдық» ниеттерін өте айқын көрсетеді. Үлесті жерлер мен ұсақ жеке меншік иелігіндегі жерлерді олар қазіргі иелерінің қолдарында қалдырады (104-тің жер жөніндегі жобасының 3-параграфы), тек «ол жерлердің бірте-бірте жалпы халықтық меншікке айналуын» қамтамасыз ететін заң шаралары қолданылсын дейді. Шын экономикалық қатынастардың тіліне аударғанда, мұның мәнісі мынау: біз шын *қожайындардың* мүдделерін, тек номиналды егіншілердің ғана емес, шын егіншілердің мүдделерін жақтаймыз, бірақ біздің тілейтініміз — олардың шаруашылық қызметі национализацияланған* жерде толығынан еркін өрістетілсін дейміз. Жобаның «кезек жөнінде шеттен келген халыққа қарағанда жергілікті халыққа және егінші емес халыққа қарағанда егінші халыққа артықшылық беріледі» дейтін 9-параграфы ұсақ қожайынсымақтардың мүдделерін трудовиктер бірінші қатарға қойып отырғандығын тағы да көрсетеді. «Жерге тең право болады» деген — бос сөз; «шаруашылыққа қажетті нәрселердің бәрін алу үшін жеткілікті қаржысы жоқ

рынан менің қарамағымда екінші Думаға да ұсынылған 104-тің трудовиктік жобасы ғана болды. 104-тің трудовиктік осы екі (I және II Думадағы) жобасы болып отырғанда, 105-тің эсерлік жобасы, ең мықтағанда, кейбір шаруалардың энестер мен эсерлердің арасында ауытқуын ғана көрсетеді, бірақ менің тексте айтқанымды теріске шығармайды.

* Реті келгенде айта кетейін. А. Финн-Енотаевский Шаруалар одағының және жалпы алғанда шаруалардың национализацияны жақтаған талаптарының байыпты және саналы екендігіне шүбәлана келіп, В. Громан мырзаның шаруалар съездерінің делегаттары «жерге ешқандай төлем болады деп білмейді» және дифференциалдық рентаның тұтас коллективке түсетіндігін ұқпайды деген сөздерінен цитат келтірді (А. Финн, «Аграрлық мәселе және социал-демократия», 69-бет). 104-тің жобасының 7 және 14-параграфтары бұл көзқарастың *қате* екендігін көрсетеді. Бұл параграфтарда трудовиктер жер төлемін де (үлестің мөлшеріне қарай өсіп отыратын жер салығы), дифференциалдық рентаның мемлекетке көшуін де көрсеткен (жердің «құндылығын арттыру жөніндегі правоға шек қою», өйткені «ол осылардың, иелердің, еңбегі мен *капиталына* байланысты болмай,— бұл NB! Трудовиктер капиталға қарсы емес! — қоғамдық жағдайларға байланысты болып отыр»). Рас, қала жерлері мен өзге жерлер жөнінде 7-параграфта былай делінген: «бұл мүліктер жалпы халықтық меншікке көшкенге дейін» иелердің праволарына және т. с. шек қойылуға тиіс. Бірақ бұл, бәлкім, жаңсақ айтқандық болар: өйтпесе, трудовиктер рентаны меншікшілерден тартып алып, бірақ ол рентаны иелерге, жалпы халықтық жерді арендалаушыларға қайтарып беретін болып шығады!

адамдарға» мемлекеттік қарыз бен көмек беріледі деген (104-тің жер жөніндегі жобасының 15-параграфы) — жай бейкүнә тілек, ал іс жүзінде қазірдің өзінде мықты қожайын *бола алатындар,* кіріптарлықтағы егіншіден ерікті және ауқатты егіншіге айнала алатындар қайткенде де сөзсіз ұтатын болады. Әрине, пролетариаттың мүдделері Россиядағы егіншіліктің крепостник-помещиктердің және кіріптарлықта болып қараңғылықтан, жоқшылықтан және ескішілдіктен жанышталған егіншілердің қолынан фермерлердің қолына өтуіне неғұрлым көмектесетін шараларды қолдауды талап етеді. Ал «104-тің» жобасы кіріптарлықтағы шаруалардың ауқатты бөлегін ерікті фермерлерге айналдыру жолындағы күрестің платформасының нақ өзі болып табылады.

5. ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ЖЕР ИЕЛІГІ ЖӘНЕ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ

Енді мынадай сұрақ туады: орыстың аграрлық буржуазиялық-демократиялық төңкерісінің экономикалық жағдайларында ұсақ меншікшілерді жердің национализациялануын талап етуге мәжбүр ететін материалдық негіздер бар ма, әлде бұл талап та тек құрғақ сөз бе, қарапайым мужиктің жай бейкүнә тілегі ме, патриархаттық егіншінің бос қиялы ма?

Бұл сұраққа жауап беру үшін, біз алдымен егіншіліктегі буржуазиялық-демократиялық төңкеріс атаулының жағдайларын анығырақ ұғынып алуымыз керек, сонан соң бұл шарттармен, біз жоғарыда көрсетіп өткен, Россияда болуы ықтимал капиталистік аграрлық эволюцияның *екі жолын* салыстыру керек.

Жер иелену қатынастарының тұрғысынан қарағанда, егіншіліктегі буржуазиялық төңкерістің жағдайлары туралы Маркс «Қосымша құн теорияларының» соңғы томында («Theorien über den Mehrwert», II. Band, 2. Teil, Stuttgart, 1905) мейлінше ашық айтады. Родбертустің көзқарастарын талдай келіп, бұл померániялық помещик теориясының мейлінше тайыздығын көрсетіп, оның топастығының әрбір жеке көрі-

ністерін егжей-тегжейіне дейін айта отырып, (II, 1, Teil, S. 256—258, erster Blödsinn — sechster Blödsinn des Herrn Rodbertus *), Маркс Рикардоның рента теориясына көшеді (II, 2. Teil, § 3 b) «Рикардо теориясының тарихи жағдайлары») [97].

«Екеуі де,— дейді Маркс Рикардо мен Андерсон жөнінде,— континентте өте оғаш сияқты болып көрінетін козқарастарға сүйенеді, атап айтқанда: 1) жерге капиталды қандай жолмен болса да қолдануға кедергі боларлықтай жер меншігі мүлде жоқ; 2) егіншілер жақсы жерлерден нашар жерлерге көшіп отырады. Егер ғылым мен индустрияның араласуынан болатын дамудағы үзілістерді есептемейтін болсақ, бұл алғы шарттың Рикардода абсолюттік мәні бар; Андерсонда бұл алғы шарт — относительді, өйткені нашар жер қайтадан жақсы жерге айналады; 3) егіншілікке қолдануға керекті капитал қашан да дайын тұрады, жеткілікті капитал сомасы қашанда болып отырады.

1 және 2 пункттерге келетін болсақ, континентте тұратын адамдарға, олардың түсінуінше, феодалдық жер меншігі бәрінен гөрі мықты сақталған елде экономистердің — Рикардоның да, Андерсонның да — жерге меншік болмайды деген пікірге сүйенулері сөзсіз өте оғаш болып көрінуге тиіс. Бұл жағдай былай түсіндіріледі: *біріншіден,* жалпы жерлердің континенттегі бөлінуіне тіпті ешбір қатысы жоқ ағылшындық «law of enclosures»-тың (қоршау туралы, яғни қауымдық жерді қоршау туралы заңның) ерекшелігінен;

екіншіден, VII Генрихтің заманынан бастап, дүние жүзінің ешбір жерінде де капиталистік өндіріс дәстүрлі егіншілік тәртіптерін осыншама аяусыз түрде күйреткен емес, ешбір жерде өзіне мұндай жетілген (адэкваттық=мейлінше сәйкес келетін) жағдайларды туғызып көрген емес, ешбір жерде бұл жағдайларды осыншама дәрежеде өзіне бағындырып көрген емес. Бұл жөнінде Англия — дүние жүзіндегі ең революцияшыл ел. Тарихи мұра болып қалған тәртіптердің бәрі, олар егіншіліктегі капиталистік өндіріс жағдайларына қайшы келген

* — II том, 1-бөлім, 256—258-беттер, Родбертус мырзаның бірінші шатпағы — алтыншы шатпағы. *Ред.*

немесе ол жағдайларға сәйкеспеген жерлерде, аяусыз жойылып жіберілді: селолық қоныстардың орны ғана өзгертіліп қоймай, сонымен қатар сол қоныстардың өздері де жойылды; ауыл шаруашылығы халқының үйлері мен қоныстары ғана жойылып қоймай, сонымен қатар бұл халықтың өзі де жойылды; шаруашылықтың ежелгі орталықтары ғана жойылып қоймай, сонымен қатар бұл шаруашылықтың өзі де жойылды. Мәселен, немістерде экономикалық тәртіптер қауымдық жерлердің (Feldmarken) дәстүрлі қатынастары арқылы, шаруашылық орталықтардың орналасуы арқылы, халықтың шоғырланған белгілі жерлері арқылы белгіленген болып шықты. Ағылшындарда егіншіліктің тарихи тәртіптерін XV ғасырдан бастап бірте-бірте капитал жасаған болып шықты. Құрама Корольдіктегі «clearing of estates» (сөзбе-сөз=поместьелерді тазарту немесе жерлерді тазарту) деген дағдылы техникалық сөз континенттегі елдердің бірде-бірінде кездеспейді. Ал осы «clearing of estates» деген сөздің мағынасы не? Оның мағынасы мынау: отырықшы халықпен де мүлдем санаспады,— оны қуып шықты,— бар тұрған деревнялармен де мүлдем санаспады— оларды жермен жексен етті,— шаруашылық құрылыстармен де мүлдем санаспады—оларды қиратып тастады,— ауыл шаруашылығының сол кездегі түрлерімен де мүлдем санаспады,— оларды бірден өзгертіп жіберді, мәселен, егістік жерлерді малға өріске айналдырып жіберді,— бір сөзбен айтқанда, өндірістің барлық жағдайларын дәстүр бойынша болып келген күйінде қабылдамай, бұл жағдайларды тарихи жолмен тиісті формада *жасап отырды,* бұл жағдайларды капиталдың барынша тиімді қолданылу талабына әрбір жеке реттерде сәйкес келетіндей етіп жасап отырды. Демек, осылай болғандықтан, *жер меншігі шынында да жоқ болып шығады,* өйткені бұл меншік капиталға — фермерге — тек ақшалай табыс алуды ғана көздеп, еркін қожалық етуге мүмкіндік береді. Басында атам заманғы (angestammten) қауымдық жерлерден, шаруашылықтың орталықтарынан, егіншіліктің коллегиясынан және т. с. басқа еш нәрсе жоқ қайдағы бір померанниялық помещиктің осы себептен егіншілік тәртіптерінің дамуы туралы

Рикардоның «тарихи емес» көзқарастары жөнінде зәресі ұшып, зар қағуы мүмкін. Бірақ ол мұнысымен өзінің померанилық және ағылшындық жағдайларды аңғалдықпен шатастыратындығын ғана көрсетеді. Екінші жағынан, бұл ретте ағылшын жағдайларына сүйенетін Рикардоны померанилық қатынастардың шеңберінде ғана ойлайтын померанилық помещиктей өрісі тар деп айтуға әсте болмайды. Өйткені ағылшын жағдайлары — қазіргі заманғы жер меншігі, яғни капиталистік өндіріс *өзгерткен* жер меншігі адэкватты (мейлінше жетілген) түрде дамыған бірден-бір жағдайлар болып табылады. Бұл пунктте ағылшын теориясы қазіргі заманғы, яғни капиталистік өндіріс әдісі үшін классикалық теория болып табылады. Ал померанилық теория, керісінше, дамыған жағдайларды тарихи неғұрлым төмен тұрған, әлі толық қалыптасып болмаған (адэкватты емес) қатынастар формасының тұрғысынан талқылайды» (Seiten 5—7)[98].

Бұл — Маркстің тамаша терең пікірі. Біздің «муниципалистер» мұны бір уақыт ойлап көрді ме екен?

Маркс «Капиталдың» III томында-ақ (2. Teil, S. 156) дами бастаған капиталистік өндіріс әдісі тарихта кездестіретін жер меншігінің формасы капитализмге *сәйкеспейді* деп көрсеткен болатын. Капитализм жер қатынастарының өзіне сай келетін формаларын ескі формалардан — феодалдық помещиктік, шаруалық-қауымдық, кландық және т. т. жер иелігінен *өзі жасап алады*[99]. Жоғарыда келтірілген жерде Маркс капиталдың өзіне сәйкес жер иелігінің формаларын жасауының *әр түрлі әдістерін* салыстырады. Германияда жер иелігінің орта ғасырлық формаларын қайта құру, былайша айтқанда, реформаторлық жолмен жүргізілді, ескішілдікке, дәстүрге, ақырындап юнкерлік шаруашылықтарға айналып келе жатқан крепостниктік поместьелерге, барщинадан кнехтіге және гроссбауэрге көшудің ауыр кезеңін басынан кешіріп отырған жалқау-шаруалардың* ескішілдік учаскелеріне бейімделіп жүргізілді.

* Салыстырыңыз: «Theorien über den Mehrwert», II. Band, 1. Teil, Seite 280: егіншіліктегі капиталистік өндіріс әдісінің шарты — «жалқау шаруаны өнеркәсіпшімен ауыстыру» (Geschäftsmann)[100].

Англияда бұл қайта құру революциялық жолмен, зорлықпен жүргізілді, бірақ зорлық помещиктердің пайдасына жүргізілді, зорлық шаруалар бұқарасына жасалды, алым-салық арқылы шаруалардың титығына жетті, шаруалар деревнялардан қуылды, ығыстырылды, өлді-жітті, эмиграцияға кетті. Америкада бұл қайта құру оңтүстік Штаттардың құл иеленуші экономиялары жөнінде зорлық жолымен жүргізілді. Мұнда зорлық крепостник-помещиктерге қарсы қолданылды. Олардың жерлері бөлшектелінді, жер ірі феодалдың меншігінен ұсақ буржуазиялық меншікке* айнала бастады. Ал американ «бос» жерлерінің көбісі жөнінде жаңа өндіріс әдісі үшін (яғни капитализм үшін) жердің жаңа тәртіптерін құрудың бұл ролін «американдық қаралай бөліс», рентаға қарсы (Anti-Rent-Bewegung) 40-жылдары болған қозғалыс, гомстедтер туралы заң[101] және т. т. атқарды. Неміс коммунисі Герман Криге 1846 жылы Америкада жерді теңгермелікпен қайта бөлуді уағыздаған кезде, Маркс бұл жалған социализмнің эсерлік соқыр сенімдері мен мещандық теориясын келеке қылды, бірақ *жер меншігіне*** *қарсы* американ қозғалысының тарихи маңызын бағалағанда, бұл қозғалыс Америкада өндіргіш күштердің даму мүдделерін, капитализм мүдделерін прогрестік тұрғыдан білдіретін қозғалыс деп *бағалады.*

---

* Американың оңтүстігінде құлдықтың күйреуі салдарынан ұсақ фермалардың өсуі туралы Каутскийдің «Аграрлық мәселесін» (немісше түпнұсқасының 132 және одан кейінгі беттері) қараңыз.

** «Вперед», 1905, № 15 (Женева, 7 (20 апрель), «Маркс американдық «қаралай бөліс» туралы» деген мақала (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 58—65-беттер. *Ред.)* (Маркс пен Энгельстің Меринг бастырған шығармалар Жинағының екінші томы) Маркс 1846 жылы былай деп жазды: «Біз, американ национал-реформистері қозғалысының тарихи правоға сәйкестігін толық мойындаймыз. Біз, бұл қозғалыстың тиісінше нәтижеге жетуге ұмтылып отырғанын білеміз, рас, бұл нәтиже дәл осы сәтте қазіргі буржуазиялық индустриализмінің дамуына қозғау салар еді, бірақ бұл нәтиже, пролетарлық қозғалыстың жемісі болғандықтан, жердің жеке меншікте болуына қарсы шабуыл жасау ретінде және әсіресе Американың қазіргі уақыттағы жағдайларында, өзінің туғызатын нәтижелері арқасында коммунизмге қарай сөзсіз ілгері бастауға тиіс. Нью-Йорктегі неміс коммунистерімен бірге рентаға қарсы қозғалысқа (Anti-Rent-Bewegung) қосылған Криге, қозғалыстың өзінің мазмұнына үңіліп қарамастан, бұл қарапайым фактіні жылтырақ лепірме сөздермен әсірелеп отыр»[102].

6. РОССИЯДАҒЫ ҰСАҚ МЕНШІКШІЛЕР НЕЛІКТЕН НАЦИОНАЛИЗАЦИЯНЫ ЖАҚТАП ШЫҒУҒА ТИІС БОЛДЫ?

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Россияның аграрлық эволюциясына жоғарыда көрсетілген тұрғыдан көз жіберіп қараңыздаршы.

Біздің «ұлы» шаруалар реформасы дегеніміз, шаруалардың жерін кесіп алу, шаруаларды «құмақ» жерлерге көшіру, әскери күштің, атудың және ұрып-соғудың көмегімен жаңа жер тәртіптерін енгізу дегеніміз не? Бұл — егіншілікте туып келе жатқан капитализмнің мүдделері үшін шаруаларға бірінші рет жаппай зорлық жасау. Бұл — капитализм үшін помещиктік «жер тазалау».

Кулактардың қауымдарды талауын мадақтайтын, ат төбеліндей ауқатты қожайындардың пайдасы үшін бұқараны тез күйзелту арқылы ескі жер қатынастарын бұзушылық болып отырған 87-статья бойынша жүргізілетін столыпиндік аграрлық заң дегеніміз не? Бұл — капитализмнің мүдделері үшін шаруаларға жаппай зорлық жасау жөніндегі екінші ірі адым. Бұл — капитализм үшін *помещиктік* екінші рет «жер тазалау».

Ал орыс революциясында жерді трудовиктік национализациялау дегеніміз не?

Бұл — *капитализм үшін шаруалық «жер тазалау».*

Біздің муниципалистердің барлық қайырымды ақымақтығының негізгі қайнар көзі мынада болып отыр: олар екі түрде: помещиктік-буржуазиялық және шаруалық-буржуазиялық түрде болуы ықтимал Россиядағы буржуазиялық аграрлық төңкерістің *шаруашылық* негізін түсінбейді. Жартылай феодалдық, жартылай азиаттық орта ғасырлық жер қатынастары мен тәртіптерін «тазартпай» тұрып, егіншілікте буржуазиялық төңкеріс болуы *мүмкін емес,* өйткені капитал өзіне еркін сауда егіншілігінің жаңа жағдайларына бейімделген *жаңа* жер тәртіптерін жасауға *тиіс,*— экономикалық қажеттік мағынасында осылай етуге тиіс. Жалпы алғанда аграрлық қатынастар жөніндегі және ең алдымен, ескі жер иелігі жөніндегі орта ғасырлық қоқсықты бұлай «тазалау» ең алдымен негізінен помещиктік жерлерді және шаруалардың үлесті жерлерін қамтуға тиіс, өйткені жер

иелігінің бұл екеуі де қазір, өзінің осы күнгі түрінде, еркін капиталистік жолмен дамитын шаруашылыққа бейімделмей, жұмыспен өтеуге, барщинадан қалған мұраға, кіріптарлыққа бейімделген. Столыпиндік «тазалау» Россияның прогрессивті капиталистік даму жолында тұрғандығы күмәнсыз, бірақ бұл тазалау бүтіндей помещиктердің мүдделеріне бейімделген: бай шаруалар «шаруа» (помещиктер деп оқыңыз) банкіне үш есе қымбат төлей берсін,— оның есесіне біз оларға қауымды талауға, бұқараны күшпен экспроприациялауға, өз учаскелерін молайтуға, кедей шаруаларды айдап шығуға, бүтін бір селолардың тіршілігінің негіздерін бұзуға, еш нәрсеге қарамастан, «ежелгі» үлесті жері бар егіншілердің қаншасының болса да шаруашылығы мен өміріне немқұрайды қарай отырып, қайткен күнде де жаңа отрубтық учаскелер құруға, капиталистік жаңа егіншіліктің негізін жасауға ерік береміз дейді. Бұл жолда сөзсіз шаруашылық мағына бар, ол юнкерлерге айналып келе жатқан помещиктердің *үстемдігі тұсында* болуға тиісті дамудың *шын* барысын *дұрыс* көрсетеді.

Ал енді бұдан басқа, шаруалық, жол қандай? Не ол экономикалық жағынан мүмкін емес,— онда шаруалардың помещиктік жерлерді конфискелеуі туралы, шаруалардың аграрлық революциясы және басқалар туралы сөздердің бәрі — құр дүмшелік немесе бос қиял болады. Не ол буржуазиялық қоғамның бір элементі буржуазиялық қоғамның екінші элементін жеңген жағдайда экономикалық жағынан мүмкін нәрсе,— ал онда біз бұл дамудың нақты жағдайларын, жерді ескіше иелену қатынастарын шаруалардың жаңаша, капиталистік жолмен қайта құруының жағдайларын өзіміз айқын түсініп, халыққа айқын көрсетуге тиіспіз.

Бұл арада осы шаруалық жолдың өзі помещиктік жерлерді шаруалардың меншігіне *бөліп беру* болып табылады деген ой өзінен-өзі туады. Өте жақсы. Бірақ осы меншікке бөлудің өзі егіншіліктің нағыз жаңа, капиталистік жағдайларына сәйкес келуі үшін бөліс ескіше жүргізілмей, жаңаша жүргізілуге тиіс. Бөлістің негізі помещиктік бурмистрлердің немесе азиаттық деспотия чиновниктерінің еркі бойынша жүздеген жылдар

бұрын шаруаларға үлестіріліп берілген ескі үлесті жер болмауға тиіс,— бөлістің негізі ерікті, сауда егіншілігінің талаптары болуы тиіс. Капитализмнің талаптарын қанағаттандыру үшін бөліс басым көпшілігі ескіше, дәстүр бойынша, капиталистік емес, патриархаттық жағдайларға икемдеп қожалық ететін «жалқау»-шаруалар арасындағы емес, *фермерлер* арасындағы бөліс болуы тиіс. Жерді ескі нормалар бойынша, яғни ескі, үлесті жер иелігіне бейімдеп бөлу ескі жер иелігін *тазалау* болмайды, қайта оны *мәңгілік ету* болады, капитализм үшін жол ашқандық болмайды, қайта фермер бола алмайтын, бейімделмеген және бейімделе алмайтын толып жатқан «жалқаулар» арқылы ол жолды *қиындатқандық* болады. Бөліс прогрессивтік болу үшін егінші-шаруалар арасындағы *жаңа* сұрыптау ісіне негізделуге тиіс, фермерлерді жарамсыз қоқсықтан бөлетін сұрыптау ісіне негізделуге тиіс. Ал осы жаңа сұрыптау дегеніміздің өзі жерді национализациялау болып табылады, яғни жерге жеке меншіктің болуын толық жою, жерде шаруашылық жүргізуге толық бостандық беру, ескі шаруалардан фермерлердің қалыптасуына бостандық беру болып табылады.

Қазіргі шаруалар шаруашылығын және үлесті, яғни ескі шаруа жер иелігінің сипатын алып қараңыздар. «Қауым арқылы кішкене ғана әкімшілік-қазыналық және жер иеленушілік одақтарына біріге отырып, шаруалар үлесті жерінің көлеміне, төлемдерінің мөлшеріне және т. т. қарай толып жатқан әр түрлі разрядқа, категорияға бөліну арқылы да ыдырайды. Саратов губерниясының земстволық-статистикалық жинағын-ақ алып қарайық; шаруалар мұнда мынадай разрядтарға бөлінеді: сыйлықтылар, меншікшілер, толық меншікшілер, мемлекеттік шаруалар, қауымдық жер иеленуші мемлекеттік шаруалар, ширек иелігі бар мемлекеттік шаруалар, помещиктік шаруалардан мемлекеттік болған шаруалар, уделдік шаруалар, қазына учаскелерінің арендаторлары, жерсіздер, бұрын помещиктік жерде істеген меншікшілер, сатып алынған усадьбадағылар, бұрын уделдік шаруа болған меншікшілер, кірме меншікшілер, қоныс аударғандар, бұрын помещиктік жерде

сыйлықты болғандар, бұрын мемлекеттік жерде істеген меншікшілер, еркіндік беріліп босатылғандар, оброк төлемейтіндер, ерікті егіншілер, уақытша міндеттілер, бұрын фабрикада істеген шаруалар және т. т. деп бөлінеді, ал содан соң тағы да тіркелген шаруалар, келімсек шаруалар және тағы басқалар бар[103]. Осы разрядтардың бәрі аграрлық қатынастар тарихына қарай, үлесті жерінің көлемі мен төлемдерінің мөлшеріне қарай және басқа белгілеріне қарай ажыратылады. Ал разрядтардың өз ішінде де бұл сияқты айырмашылықтар толып жатыр: кейде тіпті белгілі бір деревняның шаруаларының өзі бір-бірінен бүтіндей бөлек тұрған екі категорияға: «N. N. мырзаның бұрынғы шаруалары» және «М. М. ханымның бұрынғы шаруалары» болып бөлінеді. Бұл сияқты ала-құлалық орта ғасырларда... әрі табиғи, әрі қажетті болды»*. Егер помещиктік жерлерді *жаңадан* бөлу осы феодалдық жер иелігіне сәйкес жүргізілген болса,—бірыңғай нормаға жеткізу, яғни бірдей етіп бөлу мағынасында болсын немесе жаңа мен ескінің арасында белгілі бір пропорциялылық жасау мағынасында болсын немесе басқа бір жолмен болсын, бәрібір,— бөлінген учаскелердің капиталистік агрикультураның талаптарына сәйкес келуін бұл бөлістің қамтамасыз етпейтіндігі былай тұрсын, қайта керісінше, бұрыннан бар *сәйкессіздікті баянды еткен* болар еді. Мұндай бөліс қоғамдық эволюцияны *қиындатқан* болар еді, жаңаны *ескіден* азат етудің орнына, жаңаны ескіге матаған болар еді. Фермерлердің *құралуына* мүмкіншілік беретін, ескіге байланыссыз, орта ғасырлық үлесті жер иелігіне ешбір қатыссыз-ақ фермерлік шаруашылықтың *қалыптасуына* мүмкіншілік беретін жерді национализациялау *ғана* шын мәнісінде азат еткендік болып табылады.

Шаруалардың орта ғасырлық үлесті жерлерінде капиталистік эволюция реформадан кейінгі Россияда мынадай жолмен өтті: прогрессивті шаруашылық элемент-

* «Капитализмнің дамуы», V тарау, IX: «Біздің деревнямыздың капитализмге дейінгі экономикасы туралы бірнеше ескерту». 293-бет. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 3-том, 412—413-беттер. *Ред.)*

тер үлесті жерлердің басым ықпалынан *шығып* жатты. Бір жағынан, үлесті жерлерін тапсырып, оларды тастап, жерді күтпей, пролетарлар шығып жатты. Екінші жағынан, *қожайындар* шығып жатты, ескі, орта ғасырлық жер иелігінің *әр түрлі бөлектерінен жаңа* шаруашылық құрастырып, жерді сатып алу және арендаға алу арқылы босады. Қазіргі азды-көпті ауқаты бар орыс шаруасының, яғни революция ойдағыдай аяқталған күнде ерікті фермерге айналуға шын қабілетті шаруаның қожалық етіп отырған жерінің—міне бұл жердің бір бөлегі оның өз үлесті жерінен, бір бөлегі көршілес қауымшыдан арендаға алынған үлесті жерден, бір бөлегі, бәлкім, қазынадан ұзақ уақытқа алынған арендадан, помещиктен жылма-жыл алынған арендадан, банктен сатып алынған жерден және т. т. құралады. Капитализм разрядтардың осы айырмашылықтарының *бәрінің* де жойылуын талап етеді, жердегі шаруашылықтың қандайы болса да тек бірыңғай жаңа жағдайларға және рыноктың талаптарына, агрикультураның талаптарына сәйкес құрылуын талап етеді. Жерді национализациялау халықтан орта ғасырлық жер иелігінің *барлық* формаларының *бүкіл* шірік ескі-құсқыларын түгелімен бірден сыпырып тастай отырып, бұл талапты революциялық-шаруалық әдіспен орындайды. Помещиктік те, *ү л е с т і д е* жер иелігі болмауға тиіс, тек жаңа, ерікті жер иелігі болуға тиіс,— радикал шаруаның ұраны, міне, осындай. Ал бұл ұран капитализмнің мүдделерін (радикал шаруа аңқаулықпен өзін құдайға жалбарыну арқылы капитализмнен қорғамақ болады), товар өндірісі тұсында жердің өндіргіш күштерін мейлінше дамыту мүдделерін барынша дұрыс, барынша дәйекті және батыл бейнелейді.

Оның аграрлық программасының трудовиктердің шаруалық аграрлық программасынан *барлық* айырмашылығы ескі, орта ғасырлық, үлесті жер иелігін *баянды* етуге тіреліп отырған Петр Масловтың сөз тапқырлығын осыдан аңғаруға болады! Шаруалардың үлесті жері дегеніміз — шаруаларды тұншықтырып, азат* жерге

* II Думада өз партиясының көзқарастарын бәрінен гөрі тұтас айтқан «социалист-революционер» Мушенко мырза тура былай деді:

ұмтылдыртып отырған гетто. Ал Петр Маслов, шаруалардың азат, яғни национализацияланған жерді талап етуіне қарамастан, осы геттоны мәңгілік етеді, ескіні баянды етеді, помещиктерден конфискеленетін және қоғамдық пайдалануға берілетін жақсы жерлерді ескі жер иелігі мен ескі шаруашылықтың жағдайларына бағындырады. Шаруа-трудовик — *іс жүзінде* ең батыл буржуазияшыл революционер, ал сөз жүзінде — «жерді қаралай бөліс» капиталистік фермерліктің емес, татулық пен туысқандықтың* бастама пункті деп ойлайтын мещан утопист. Петр Маслов іс жүзінде—реакционер, ол келешектегі контрреволюцияның Вандеясынан қорқып, ескі жер иелігінің қазіргі антиреволюциялық элементтерін баянды етеді, шаруалық геттоны мәңгілік етеді, ал сөз жүзінде ол буржуазиялық прогресс туралы ойланбаған, мағынасыз жаттанды нәрселерді айтады. Орыс егіншілігінің столыпиндік-буржуазиялық прогресінің емес, шын ерікті-буржуазиялық прогресінің шын жағдайларын Маслов және К° мүлде түсінбеген.

Петр Масловтың тұрпайы марксизмі мен Маркстің шын қолданған зерттеу тәсілдерінің айырмашылығын халықшылдардың (соның ішінде эсерлердің де) ұсақ буржуазиялық утопиялары жөніндегі көзқарасынан бәрінен гөрі айқын көруге болады. Америка үшін жерді нағыз қаралай бөлісті ұсынып, бұл қайта бөлісті «коммунизм» деп атаған американ эсері Герман Кригенің мещандығын 1846 жылы Маркс аяусыз әшкерелеген болатын. Маркстің диалектикалық және революциялық сыны мещандық доктринаның қауызын сыпырып тастап, «жер меншігіне шабуыл жасаудың» және «рентаға қарсы қозғалыстың» сау дәнін *ажыратып* берді. Ал біздің тұрпайы марксистер «теңгермелікпен бөлуді», «жерді социализациялауды», «жерге тең право болуын» сы-

---

«Біз жерді азат ету туын көтереміз» (1907, 26 майдағы, 47-мәжіліс, 1174-бет). Бұл «социалистік»-сымақ тудың *капиталистік* шын сипаты былай тұрсын (мұны Петр Маслов та көреді), сонымен қатар столыпиндік-кадеттік аграрлық революцияға қарағанда *мұндай* аграрлық революцияның экономикалық прогрессивтілігін көрмеу үшін (мұны Петр Маслов *көрмейді)* соқыр болу керек.

* «Халықтық социалист» Волк-Карачевскийдің «теңдік, туысқандық бостандық» туралы сөзіндегі (II Дума, 1907 ж. 26 марттағы 16-мәжіліс, 1077—1080-беттер) осы буржуазиялық-революциялық көзқарастың аңқау көрінісін салыстырыңыз.

нағанда доктринаны бекерге шығарумен ғана *тынады,* сөйтіп бұл арқылы өздерінің топас доктринерлігін, халықшылдық теорияның өлі доктринасының тасасындағы шаруалар революциясының күнделікті өмірін көрмейтін доктринерлігін өздері әйгілейді. Маслов пен меньшевиктердің ең артта қалған орта ғасырлық жер меншігін баянды ету жөніндегі біздің «муниципализаторлық» программамызда бейнеленген осы топас доктринерлікті шегіне жеткізгендігі соншa — социал-демократиялық партияның атынан II Думада мына сияқты барып тұрған масқара сөздер айтылды: «...Егер жерді иеліктен айыру әдісі туралы мәселеде біз (социал-демократтар) халық бостандығы фракциясынан гөрі осы (халықшылдық) фракцияларға анағұрлым жақын тұрсақ, онда жер пайдалану формалары туралы мәселеде біз олардан алыспыз» (1907 ж., 26 майдағы 47-мәжіліс, стенографиялық есептің 1230-беті).

Шынында да, шаруалардың аграрлық революциясында меньшевиктер революцияшыл шаруалық национализациялаудан алыс болып, ал үлесті (жалғыз бұл да емес) меншікті либералдық-помещиктік жолмен сақтап қалушылыққа жақын болып отыр. Үлесті меншікті сақтап қалу езілушілікті, мешеулікті, кіріптарлықты сақтап қалу болып табылады. Либерал помещик құнын төлеп алуды арман ете отырып, помещиктік меншіктің едәуірінің сақталуымен қатар үлесті меншікті де* жантәнімен қолдайтындығы... өзінен-өзі түсінікті! Ал «муниципализаторлар» адастырған социал-демократ сөз жаңғырығының жоғалып, істің қала беретіндігін түсінбейді. Теңгермелік туралы, социализация және т. с. туралы сөз жаңғырығы жоғалады, өйткені товар өндірі-

* Реті келгенде айта кетейік. Кадеттер шаруалардың *ерікті* меншігін азды-көпті табанды түрде қорғайды деп ойлап, меньшевиктер (соның ішінде мен сөзінен цитат келтірген Церетели жолдас та) қатты адасады. Бұл *дұрыс емес.* Кадеттер партиясы атынан Кутлер мырза екінші Думада меншікті жақтап сөйледі (мұның сөзі кадеттердің бірінші Думадағы мемлекеттік жер қоры жөніндегі жобасынан басқаша болды), бірақ сонымен қатар былай деді: *«партия оларды (шаруаларды) тек (!) жерді иеліктен айыру правосы мен залогқа салу правосы жөнінде ғана тежеуге үйғарады,* яғни келешекте жерді сатып алу-сатудың кең өріс алып кетуіне жол бермеуге ұйғарады» (1907, 19 марттағы 12-мәжіліс, стенографиялық есептің 740-беті). Мұның өзі либералдың тонын жамылған *бюрократтың барып тұрған реакциялық* программасы болып табылады.

сінде теңгермелік болуы *мүмкін емес*. Бірақ іс қала береді, яғни феодалдық ескіліктен, орта ғасырлық үлесті жер иелігінен, түрлі түсті ескілік пен дәстүрлерден барынша ажырасу, капитализм тұсында мүмкін болған дәрежеде ажырасу, қала береді. Жұрт «теңгермелікпен бөлуден еш нәрсе шықпайды» деген кезде, марксист осы «еш нәрсе» деген сөз *тек* социалистік міндеттерге *ғана* жатады, мұның өзі капитализмді жоя алмайды деушілікке жатады деп түсінуге тиіс. Бірақ мұндай қайта бөлуге талаптанушылықтан, тіпті мұндай қайта бөлу идеясынан буржуазиялық-демократиялық төңкерістің пайдасына *өте көп* нәрселер шығады.

Өйткені бұл төңкеріс не помещиктердің шаруалардап басым түсуі арқылы болуы мүмкін — ал мұның өзі ескі меншіктің сақталуын және оның столыпиндік жолмен, тек қана ақшаның күшімен, реформалануын талап етеді. Не ол төңкеріс шаруалардың помещиктерді жеңуі жолымен болады — ал капиталистік экономияның объективті жағдайлары себепті, бүкіл орта ғасырлық жер меншігін, помещиктік меншікті де, шаруалық меншікті де, жоймай тұрып, мұның болуы мүмкін емес. Не столыпиндік аграрлық реформа, не шаруалық-революциялық национализациялау болмақ. Тек осылайша шешу *ғана* экономика тұрғысынан іске асарлық. Дегенмен, меньшевиктік муниципализациядан бастап, кадеттік құнын төлеп алуға дейінгі екі аралық — мещандық тар өрістілік, доктринаны топастықпен бұрмалағандық, түкке тұрмайтын ойдан шығару болып табылады.

7. ШАРУАЛАР МЕН ХАЛЫҚШЫЛДАР ҮЛЕСТІ ЖЕРЛЕРДІ НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ

Үлесті жер меншігін жою — еркін, капиталистік жаңа жағдайларға сай келетін, шаруалар шаруашылығын құрудың шарты болып табылатындығын шаруалардың өздері де әбден айқын түсінеді. Шаруа съездеріндегі жарыс сөздерді* толық және дәл баяндайтын Громан

* «Шаруалар мәселесі жөніндегі материалдар» (1905 ж., 6—10 ноябрьде болған Бүкіл россиялық шаруалар одағының делегаттық съезінің мәжілістері туралы есеп. В. Громанның кіріспе мақаласы бар. «Новый мир» баспасы, СПБ., 1905, 12-бет).

мырза шаруаның мынадай бір тамаша пікірін келтіреді:

«Төлем құны туралы мәселені талқылаған кезде істің мәні жөнінен қарсылық кездестірмеген бір делегат былай деген: «төлем құны болмаса, еңбекпен тапқан ақшасына жер сатып алған шаруалардың көбі сорлайды десті. Мұндайлар аз, олардың жерлері де көп емес, *олар разверстка кезінде бәрібір жер алады»*. Үлесті жерге де, сатып алынған жерге де меншікші болу правосынан бас тартуға дайын тұрудың негізі, міне, осында болып отыр».

Бұдан біраз кейінірек (20-бет) Громан мырза мұны шаруалардың жалпы пікірі ретінде қайталайды.

«Бәрібір разверстка кезінде алады»! Бұл дәлелді қандай *шаруашылық* қажеттілік айтқызып отырғандығы анық емес пе? Барлық жерді, помещиктік жерді де, үлесті жерді де, жаңадан разверсткалау шаруалардың оннан тоғызының (дұрысырақ айтқанда, жүзден тоқсан тоғызының) жер иелігін азайта алмайды; одан қорқатын ештеңе жоқ. Ал оның керек болатын себебі сол — ол нағыз, пысық қожайындардың өзінің жер пайдалануын нақ үлесті меншіктің мөлшерін, орналасуын, бөлінуін белгілеген орта ғасырлық қатынастарға бағынбастан, жаңа жағдайларға сәйкес етіп, капитализмнің талаптарына (жеке өндірушілерге «рыноктың бұйрықтарына») сәйкес етіп құруларына мүмкіндік береді.

Өзіміз көргендей, ұсақ қожайындардың бүкіл россиялық бұқарасының талаптарына икемделе білген, ұқыпты және сергек «халықтық социалист» (социал-кадет деп оқыңыз) Пешехонов мырза бұл көзқарасты мұнан да гөрі айқын көрсетеді.

«Өндірістік жағынан өте маңызды территорияның бір бөлегі болып табылатын үлесті жерлер,— деп жазады ол,— сословиелерге бекітіліп берілген, онан да жаманы: сословиенің ұсақ топтарына, жеке үйлеріне және селениелеріне бекітіліп берілген. Осының нәтижесінде тіпті үлесті жер көлемінің шеңберінде шаруалар, оның көпшілігін алғанда, еркін қоныстана алмайды... Халықты теріс, *рыноктың талаптарына сәйкес келмейтін етіп* (мұны есте ұстаңыздар!) *орналастырғандық...* Қазыналық жерге салынған тыйымды жою керек, *үлесті жерлерді меншіктің тұсауларынан құтқару керек,* жеке меншік иелігіндегі жерлердің *қоршауын жою* керек. Орыс халқына оның жерін қайтарып беру керек, сонда ол жерге өз шаруашылығы қажетінің талабына қарай орналасатын болады» (А. В. Пешехонов:

«Шаруалар қозғалысына байланысты аграрлық проблема», СПБ., 1906, 83, 86, 88—89-беттер. Курсив біздікі).

Осы «халықтық социалистің» аузынан өз бетімен аяғынан тік тұрғысы келетін фермердің сөзі шығып отырғаны айқын емес пе? «Үлесті жерлерді меншіктің тұсауынан құтқару» оған шындығына келгенде жаңадан орналасу үшін, жер учаскелерін «рыноктың талаптарына сәйкес келетіндей етіп», яғни *капиталистік егіншіліктің* талаптарына сәйкес келетіндей етіп жаңадан құру үшін керек екендігі айқын емес пе? Пешехонов мырзаның — тағы да ескертіп өтейік — сергектігі сонщалық — ол социализацияның қандайын да мақұлдамайды, қауымдық правоға бейімдеушіліктің қандайын да мақұлдамайды — оны социалист-революционерлер даращыл деп текке қарғап жүрген жоқ! — *шаруалар шаруашылығында жалдама еңбекке тыйым салушылықтың қандайын да мақұлдамайды.*

Шаруалардың *осындайлық* национализацияшылдық талаптары жағдайында шаруалардың үлесті меншігін жақтаушылық реакцияшылдық екендігі әбден анықталып отыр. Өзінің кітапшасында Пешехонов мырзаның біз атап өткен пікірлерінің кейбірін келтірген А. Финн Пешехоновты халықшыл ретінде сынайды, оған капитализмнің шаруалар шаруашылығынан және шаруалар шаруашылығының ішінде дамитындығы сөзсіз екендігін дәлелдейді (цитат келтірілген кітапшаның 14 және келесі беттері). Бұл — қанағаттанғысыз сын, өйткені капитализмнің дамуы туралы жалпы мәселенің ар жағынан А. Финн *үлесті* жерлерде капиталистік егіншіліктің неғұрлым еркін даму жағдайлары туралы нақты мәселені байқамай қалады! А. Финн *жалпы* капитализм туралы мәселені қоюмен ғана тынып, әлдеқашан жеңілген халықшылдықты оп-оңай жеңіп шығады. Бірақ әңгіме неғұрлым нақты* мәселе: капитализм үшін жердің

* «Пешехоновтың осы еңбек шаруашылығы ақыр аяғында не нәрсеге әкеп соғуы мүмкін?» — деп сұрай келіп, А. Финн: «капитализмге әкеп соғады» (аталған кітапшаның 19-беті) деп өте әділ жауап береді. Халықшыл үшін расында да түсіндіру қажет болған осы күмәнсыз ақиқаттан *ілгері* қарай, шаруалардың аграрлық революциясы жағдайында капитализм талаптарының қалай көрінетіндігінің айрықша формаларын анықтауға қарай жылжу керек еді. Мұның орнына А. Финн *кейін* шегінді, ол былай деп жазады: «Ақыр аяғында

«қоршауын жоюдың» (Пешехонов мырзаның сөзі), жерді «тазалаудың» помещиктік және шаруалық типі туралы болып отыр.

Екінші Думада аграрлық мәселе бойынша қорытынды сөз сөйлеген социалист-революционерлер партиясының ресми шешені Мушенко мырза: мещан социалистер «социализация», «жерге тең право болуын» орнату және т. с. деп ұпата атап жүрген жерді национализациялаудың *капиталистік* мәнін Пешехонов мырза сияқты айқын көрсетті.

Мушенко мырза былай деді: «Жердегі қоршау жойылған кезде ғана, жерге жеке меншік принципі қойған барлық бөгеттер алынып тасталған кезде ғана халықты дұрыс орналастыруға болады» (1907, 26 майдағы 47-мәжіліс, стенографиялық есептің 1172-беті). Нақ солай! «Дұрыс» орналастыру дегеніміз — рынок, капитализм талап етіп отырғанының дәл өзі. «Дұрыс» қожайындарды «дұрыс» орналастыруға помещиктік жер иелігі де, *үлесті* жер иелігі де бөгет болып отыр.

Шаруалар одағы делегаттарының сөйлеген сөздерінің біз көңіл бөлерлік тағы бір жері бар. Громан мырза аталған кітапшада былай деп жазады:

««Қауым» жөніндегі атышулы мәселе — ескі-және жаңа-халықшылдықтың ірге тасы болған мәселе — мүлде көтерілген жоқ және үн-түнсіз теріс шешілді: бірінші және екінші съездің қарарларында жер жеке адамдар мен серіктіктердің пайдалануында болуға тиіс делінген» (12-бет).

Сонымен, шаруалар ескі қауымға қарсы ерікті серіктіктерді және жеке адамдардың жер пайдалануын ашық және үзілді-кесілді жақтап шықты. Мұның шынында бүкіл шаруалардың үні екендігінде күмән болуы мүмкін емес, өйткені Еңбек тобының (104-тің) жобасы да *қауым туралы үн қатпайды.* Ал қауым дегеніміз үлесті жерді иемдену жөніндегі одақ болып табылады!

келіп біз қазірдің өзінде жүріп келе жатқан жолға қайтадан түсу үшін бізге кейін қайтудың, қайдағы бір өзіндік жолдармен шыр айналудың не керегі бар? —деп сұрауға болады. Бұл пайдасыз еңбек, Пешехонов мырза!» (бұл да сонда). Жоқ, пайдасыз еңбек емес және капитализмге «ақыр аяғында» ғана апаратын еңбек емес, қайта *турадан-тура, еркінірек, тезірек капитализм жолымен жүретін еңбек.* А. Финн Россиядағы егіншіліктің столыпиндік капиталистік эволюциясы мен Россиядағы егіншіліктің шаруалық-революциялық капиталистік эволюциясының салыстырмалы ерекшеліктерін ойластырмаған.

Столыпин ат төбеліндей байлардың пайдасы үшін бұл қауымды күшпен жоюда. Шаруалар қауымды еркін *серіктіктермен* және *национализацияланған* үлесті жерде «жеке адамдардың» жер пайдалануымен алмастыру арқылы жойғысы келеді. Ал Маслов және К° буржуазиялық прогресс үшін нақ осы прогрестің негізгі талабына қарсы шығады, сөйтіп орта ғасырлық жер иелігін қорғайды. Бізді бұл сияқты «марксизмнен» құдай сақтай көрсін!

8. М. ШАНИННІҢ ЖӘНЕ БӨЛІСТІ ЖАҚТАУШЫ БАСҚАЛАРДЫҢ ҚАТЕСІ

Өзінің кітапшасында* бұл мәселеге біршама басқаша қараған М. Шанин өзі соншама жек көретін национализацияны амалсыздан қолдап тағы да бір дәлелдеме берді. Ирландияның мысалы арқылы, егіншілік саласындағы буржуазиялық *реформаторлықтың* жағдайларына талдау жасау арқылы М. Шанин тек бір-ақ нәрсені: жер меншігінің негіздері қоғамдық немесе мемлекеттік жер иелігімен сыйыса алмайтындығын дәлелдеді (бірақ бұл сыйыспаушылықты жалпы теориялық талдау арқылы да дәлелдеу керек, ал Шанин мұны есіне де алмады),— одан соң ол капиталистік жолмен дамып келе жатқан егіншілік саласындағы мемлекеттік-реформаторлық қызметтің қай-қайсысы үшін болса да меншікті мойындау қажет екендігін дәлелдеген болды. Бірақ Шаниннің бұл дәлелдерінің бәрі түгелімен нысанаға дәл тимей жатыр: әрине, буржуазиялық реформаторлық жағдайында жерге тек жеке меншік *қана* болуы мүмкін; әрине, Құрама Корольдіктегі жерлердің басым көпшілігіне жеке меншіктің сақталуы жердің қалған бөлегіне жеке меншік жолынан басқа жол қалдырмады. Бірақ мұның Россиядағы «шаруалық аграрлық революцияға» қандай қатысы бар? Керек десеңіз, М. Шанин дұрыс жол көрсетті, бірақ ол шаруалық аграрлық революцияға емес, столыпиндік аграрлық реформаға дұрыс жол көрсетті **.

* М. Шанин. «Муниципализация немесе меншікке бөлу», Вильно, 1907 ж.

** Жеке меншіктің арендадан (бүкіл жерді национализациялаудан емес) басым екендігін дәлелдейтін Ирландия мысалына Шаниннің

М. Шанин бұл екеуінің арасындағы айырмашылықты мүлде сезбейді,— ал бұл айырмашылықты анықтамай тұрып орыс революциясындағы социал-демократиялық аграрлық программа туралы сөз қозғаудың өзі адам күлерлік нәрсе. Ал М. Шанин, әлбетте, өте ізгі ниетпен, құнын төлеп алуға қарсы конфискелеуді жақтаған кезде, тарихи перспективаның қандайынан болса да айрылып қалады. Буржуазиялық қоғамда жерді национализациялаудың реформаторлықпен сыйыспайтындығы сияқты, конфискелеудің де, яғни құнын төлемей экспроприациялаудың да буржуазиялық қоғамда *реформаторлықпен* ешбір сыйыспайтындығын ол ұмытып отыр. Конфискелеу туралы айта отырып, аграрлық мәселені революциялық жолмен емес, реформаторлық жолмен шешуге дегенге көну — мұның өзі помещиктік жер иелігін жою туралы Столыпинге арыз берумен бірдей.

Шанин кітапшасының екінші бір жағы — біздің егіншілік дағдарысының *агрикультуралық* сипаты бар екендігін, шаруашылықтың жоғары формаларына көшудің сөзсіз қажет екендігін, Россияда адам айтқысыз төмен егіншілік техникасын көтеруге көшудің сөзсіз қажет екендігін және т. т. барынша баса көрсетеді. Осы дұрыс қағидаларды Шаниннің керемет сыңаржақ дамытқаны сонша, осы техникалық төңкерістің шарты ретінде крепостниктік латифундияларды жою жөнінде және жер иелігі қатынастарын өзгерту жөнінде үн қатпауы сонша,— осының салдарынан перспектива түбірінен жалған болып шықты. Өйткені столыпиндік

сүйенуі де жаңалық емес. «Либерал» профессор А. И. Чупров мырза да жерге шаруа *меншігі* болуының артықшылығын *дәл осылайша* Ирландияның мысалы арқылы дәлелдейді («Аграрлық мәселе», II том, 11-бет). Ал бұл «либералдың» және тіпті «конституцияшыл-*демократтың»* шын бейнесі қандай екендігі оның мақаласының 33-бетінен көрінеді. Бұл жерде Чупров мырза адам айтқысыз арсыздықпен, тек Россияда ғана болуы мүмкін либералдық арсыздықпен, жерге орналастыратын комиссиялардың *барлығында* да шаруаларды *помещиктерден құрылатын көпшілікке* бағындыруды ұсынады!! Бес мүше шаруалардан және бес мүше помещиктерден болады, ал председательді «земство жиналысы тағайындайды», яғни *помещиктердің жиналысы тағайындайды*. Жерге жеке меншік болуының қажеттігін дәлелдеуге тырысып және кадеттердің жобасына қарсы шығып, *оңшыл князь* Друцкий-Любецкий I Думада Ирландияның мысалына сүйенді (1906 ж., 24 майдағы мәжіліс, стенографиялық есептің 626-беті).

аграрлық реформа да егіншілік техникасын көтеруге қарай қадам басып отыр және помещиктік мүдделердің тұрғысынан қарағанда дұрыс қадам басып отыр. 1906 ж. 9 ноябрьдегі заңдардың қауымды күшпен бөлшектеуі және т. с., хуторларды көбейтіп, отрубтық шаруашылыққа қаржы беруі,— міне мұның өзі, кейде демократиялық журналистиканың ұшқалақ мылжыңдарының айтып жүргені сияқты, тіпті де сағым емес, мұның өзі — помещиктік билікті және помещиктердің мүдделерін сақтау негізіндегі экономикалық прогрестің жүзеге асырылуы. Бұл жол—адам айтқысыз баяу және шаруалардың нағыз қалың бұқарасы мен пролетариат үшін адам айтқысыз азап жол, бірақ, *егер* шаруалардың аграрлық революциясы жеңіп шықпаса, бұл жол капиталистік Россия үшін бірден-бір мүмкін жол.

Шанин қойған мәселеге *осындай* революцияның тұрғысынан қарап көріңіздерші. Жаңа егіншілік техникасы шаруалардың үлесті жердегі атам заманғы, артта қалған, жабайы, надан, қайыршы шаруашылығының *барлық* жағдайларының қайта жасалуын талап етеді. Үш танапты егіс те, жабайы еңбек құралдары да, егіншінің ежелгі ақшасыздығы да, мешеу мал шаруашылығы да, рыноктың жағдайлары мен талаптарын аңғалдықпен, топастықпен білмеушілік те сыртқа лақтырылып тасталуға тиіс. Сонда ше? Мүмкін, мұның өзі жер иелігін бұрынғы күйіпде қалдырып, шаруашылықты революцияландыру шығар? Ал жерді қазіргі үлесті меншікшілерге бөліп беру орта ғасырлық жер иелігін жартылай * бұрынғы күйінде қалдыру болып табылады. Егер ескілікті лақтырып тастап, *жаңа* шаруашылықты, *жаңа* агрикультураны баянды еткен болса, онда бұл бөліс прогрессивті болар еді. Бірақ бөліс ескі үлесті жер иелігіне негізделетін болса, онда ол жаңа агрикультураға қарай жылжытатын күштің ролін атқара алмайды. Бөлісті жақтаушы Борисов жолдас Стокгольмде былай деді: «Біздің аграрлық программа—да-

* Европалық Россияның 280 миллион десятина жер қорының жартысы — 138,8 миллион десятинасы үлесті жер иелігі болып табылатындығын мен жоғарыда көрсеткен болатынмын. (Қараңыз: осы том, 209-бет. *Ред.)*

мып келе жатқан революция дәуіріне арналған программа, ескі тәртіпті қирату және жаңа әлеуметтік-саяси құрылысты ұйымдастыру дәуіріне арналған программа. Оның негізгі мәні осы. Социал-демократия өзін шаруашылықтың белгілі бір формасын қолдауға міндеттейтін шешімдермен қолын күрмемеуге тиіс. Жаңа қоғамдық күштердің ескі құрылыстың негіздеріне қарсы осы күресінде шиеленген түйінді үзілді-кесілді бір-ақ шауып тастау керек» («Протоколдар», 125-бет). Мұның бәрі әбден дұрыс және тамаша айтылған. Ал мұның бәрі национализациялауды жақтайды, өйткені тек национализациялау ғана бүкіл орта ғасырлық ескі жер иелігін шындап «қиратады», тек национализациялау ғана жаңа шаруашылықтарға национализацияланған жерде орналасуға толық ерік бере отырып, шиеленген түйінді шындап шауып тастай алады.

Бөліс арқылы жаңа шаруашылыққа ескі кедергілерді баянды етпей, қайта *оған* жер бөлісін бейімдейтіндей дәрежеде жаңа егіншіліктің құрылғанын көрсететін өлшем қайда?— деген сұрақ туады. Мұның өлшемі тек біреу ғана болуы мүмкін — ол практика. Жер иелігін сол жердегі шаруашылыққа сәйкестендіру үшін белгілі бір елде шаруа буржуазиясының элементтері нақ қаншалықты «нығайғанын» дүние жүзіндегі статистиканың бірде-бірі есептей алмайды. Мұны негізінен алғанда тек қожайындардың өздері *ғана* есептей алады. Ал қазіргі уақытта мұндай есептің мүмкін еместігін шаруалар бұқарасының біздің революциямызда жерді национализациялау программасын ұсынып отырғаны *дәлелдеді*. Ұсақ егіншінің қашан да болсын және бүкіл дүние жүзінде өз шаруашылығымен біте қайнасатыны сонша (егер бұл шаруашылық, Россияда жиі кездесетініндей, жұмыспен өтелетін помещиктік шаруашылықтың бір бөлегі болмай, шын мәнісінде *оның* өз шаруашылығы болатын болса),— ол белгілі бір тарихи дәуірде және белгілі бір уақыт ішінде жер меншігін «жанын сала» қорғамай тұра алмайды. Егер *қазіргі заманда* орыс шаруалары бұқарасының арасында меншікшілер фанатизмінің орнына — бүкіл билеуші таптар, бүкіл либерал-буржуазиялық саясатшылар

таратып жүрген фанатизмнің орнына,—жерді национализациялау талабы кең тарап, орнығып отырса, онда мұны «Русское Богатство» [104] публицистерінің әсерінен немесе Чернов мырзаның кітапшаларының әсерінен болып отыр деп түсіндіру балалық немесе топас педанттық болған болар еді. Мұның бұлай болып отырған себебі — деревнядағы ұсақ егіншінің, ұсақ қожайынның тұрмысының нақты жағдайлары оның алдына қазірдің өзінде қалыптасып отырған жаңа агрикультураны жерді меншікке бөлу арқылы нығайту жөніндегі экономикалық міндетті емес, қайта «ерікті», яғни национализацияланған жерде жаңа агрикультураны жасау үшін (бар элементтерден) орын *тазарту* жөніндегі экономикалық міндетті қойып отыр. Меншікшінің фанатизмі жұмыртқадан жарық дүниеге *шығып* отырған фермердің тарапынан өз шаруашылығын қамтамасыз ету талабы ретінде мезгілі жеткен кезде шыға алады және шығуға тиісті де. Жерді национализациялау орыс революциясында, орта ғасырлық қабыршақты *жарғысы келген* фермерлердің ұраны ретінде, шаруалар бұқарасының талабы болуға тиіс болды. Сондықтан капиталистік агрикультураны жасауға қабілетті фермерлерді бөліп шығаруға тиісті біржолата «сұрыпталу» жағдайларына жаңа ғана бейімделіп келе жатқан национализациялау ниетіндегі шаруалар бұқарасына социал-демократтардың жер бөлісін *уағыздауы*, міне мұндай уағыздау барып тұрған тарихи әдепсіздік, нақты тарихи жағдайды ескере білмеушілік болып табылады.

Маркстің рента теориясын топастықпен сынауға дейін барып (бұл жөнінде төменде айтамыз), «муниципалистер» түсіп кетіп отырған теориялық дуализмнен біздің социал-демократ «бөлісшілдер», Финн, Борисов, Шанин жолдастар, аман, бірақ олар басқа қате, тарихи перспектива жөнінде қате жіберіп отыр. Теория жағынан жалпы алғанда дұрыс позицияда тұрғанымен (олардың «муниципалистерден» айырмасы да осы), олар біздің 1903 жылғы «кесінділік» программамыздың қатесін қайталайды. Бұл соңғы қатенің шыққан негізі мынау еді — дамудың *бағытын* дұрыс анықтай отырып, біз дамудың *кезеңін* дұрыс анықтай

алмадық. Біз капиталистік егіншіліктің элементтері Россияда қазірдің өзінде толық қалыптасып отыр деп ұғындық, помещиктік шаруашылықта да қалыптасты (кіріптарлық «кесінділерді» алып тастағанда — осыдан келіп кесінділер жөнінде талап қойылды), мықты шаруа буржуазиясын бөліп шығарған сияқты болып көрінген, сондықтан да «шаруалардың аграрлық революциясына» қабілетсіз сияқты болып көрінген шаруалар шаруашылығында да қалыптасты деп ойладық. Қате программаны шаруалардың аграрлық революциясынан «қорыққандық» туғызған жоқ, орыс егіншілігіндегі капиталистік дамудың *дәрежесін асыра бағалағандық* туғызды. Крепостниктік правоның қалдықтары бізге ол кезде ұсақ нәрсе болып, ал үлесті және помещиктік жердегі капиталистік шаруашылық толық жетіліп, ныгайған құбылыс болып көрінді.

Революция бұл қатені әшкереледі. Дамудың біз анықтаған бағытын революция дәлелдеді. Орыс қоғамының таптарына жасалған маркстік талдауды жалпы алғанда оқиғалардың бүкіл барысының, атап айтқанда алғашқы екі Думаның тамаша дәлелдегені сонша, маркстік емес социализм біржолата күйреді. Бірақ крепостниктік тәртіптің деревнядағы қалдықтары біздің ойлағанымыздан анағұрлым күшті болып шықты, бұл қалдықтар шаруалардың жалпы ұлттық қозғалысын туғызды, бұл қалдықтар *осы* қозғалысты бүкіл буржуазиялық революцияның сынақ құралына айналдырды. Революциялық социал-демократия буржуазиялық азаттық қозғалыстағы пролетариаттың гегемондық ролін қашанда көрсетіп келген болатын, енді осы рольді *шаруаларды* бастап отыратын көсемнің ролі ретінде дәлірек анықтауға тура келді. Қайда бастайды? Нағыз дәйекті және нағыз батыл буржуазиялық революцияға бастайды. Қатені түзетудің мәнісі мынада болды: егіншілік құрылыстағы *ескіліктің қалдықтарына* қарсы күресу жөніндегі жеке міндеттің орнына, біз енді *бүкіл ескі егіншілік құрылысқа* қарсы күресу міндеттерін қоюға тиіс болдық. Помещиктік шаруашылықты тазартудың орнына, оны *жою* мәселесін қоюға тиіс болдық.

Бірақ оқиғалардың айтарлықтай күшті барысының ықпалымен енгізілген бұл түзету орыс егіншілігіндегі капиталистік дамудың дәрежесіне біздің жаңа анықтамамызды аяғына дейін ойластыруға арамыздағы көп адамдарды мәжбүр ете алмады. Егер барлық помещиктік жерлерді конфискелеу талабы тарихи дұрыс болып шыққан болса,— ал бұл талап шүбәсыз осындай болып шығып отыр,— онда мұның мәнісі мынау: капитализмнің кең өріс алып дамуы жер иелігінің жаңа қатынастары болуын талап етеді, помещиктік шаруашылықтағы капитализмнің ұрықтарын жаңарған ұсақ шаруашылықтың негізінде капитализмнің кең өріс алып және еркін дамуы үшін құрбандық етуге болады және құрбан етілуге тиісті де. Помещиктік жерлерді конфискелеу талабын қабылдау капитализм тұсында ұсақ егіншілік шаруашылықты жаңартуға болатындығын және жаңарту қажет екендігін мойындау деген сөз.

Бұлай істеуге бола ма? Капитализм тұсында ұсақ шаруашылықты қолдау авантюра емес пе? Ұсақ егіншілікті бұлайша *жаңарту* бос қиял емес пе? Бұл демагогтыққа салынып «шаруаларды аулау», Bauernfang болып шықпай ма? Көп жолдастар осылай, сөзсіз осылай ойлады. Бірақ олар қателесті. Егер тарихи міндет капитализмге дейінгі құрылыспен күресуде болса, ұсақ шаруашылықтың капитализм тұсында да жаңаруы мүмкін. Құл иеленушілік латифундияларын революциялық жолмен қиратып, капитализмнің неғұрлым тез, неғұрлым еркін дамуына жағдай туғызған Америка ұсақ шаруашылықты осылайша жаңартты. Орыс революциясында жер үшін күрес капиталистік дамудың жаңарған жолы үшін күрестің дәл өзі болып табылады. Мұндай жаңартудың дәйекті ұраны — жерді национализациялау. Национализациялаудан үлесті жерлерді шығарып тастау — экономикалық жағынан реакциялық болады (мұндай шығарып тастаушылықтың саяси реакциялығын біз ерекше айтамыз). Ал «бөлісшілдер» осы революцияның тарихи міндетінен *аттап өтіп*, жаңа ғана басталып келе жатқан бұқаралық шаруалар күресін туғызып отырған нәрселерді шешілді деп ойлайды. Жаңарту процесін ілгері итермелеудің

орнына,— дәйекті түрде жаңартудың жағдайларын шаруаларға түсіндірудің орнына, олар жаңаланып тыныштанған фермерге шапан піше бастап отыр*.

«Әр жемістің өз уақыты бар». Бөлісті жақтамаймын деп социал-демократия сөз бере алмайды. Тарихи өзге кезеңде, аграрлық эволюцияның өзге сатысында бөлістің сөзсіз нәрсе болуы мүмкін. Бірақ Россиядағы 1907 жылғы буржуазиялық-демократиялық революцияның *міндеттерін* бөліс мүлде теріс бейнелейді.

III ТАРАУ

НАЦИОНАЛИЗАЦИЯ МЕН МУНИЦИПАЛИЗАЦИЯНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жалпы алғанда аграрлық программа туралы мәселедегі социал-демократиялық баспасөздің бәрінің дерлік, оның ішінде Стокгольм съезіндегі жарыс сөздердің ірі кемшілігі: теориялық пікірлерден гөрі практикалық пікірлердің, экономикалық пікірлерден гөрі саяси пікірлердің басым болып отырғандығы**. Әрине, бұл

---

* Бөлісті жақтаушылар Маркстің мына сөздерін жиі-жиі цитатқа келтіреді. «Жерді өзі өңдейтін шаруаның ерікті меншігі сірә ұсақ өндіріс үшін... жер меншігінің ең қалыпты формасы болса керек. Құрал-сайманды меншіктену қолөнері өндірісінің еркін дамуы үшін қандай қажет болса, жерді меншіктену әлгі өндіріс әдісінің толық дамуы үшін сондай қажет» («Das Kapital», III, 2, 341)[105]. Бұдан шығатын қорытынды тек мынау ғана: шаруалардың ерікті егіншілігінің толық жеңуі жеке меншікті талап етуі мүмкін. Бірақ қазіргі ұсақ егіншілік ерікті емес. Қазыналық жер иелігі «шаруалардан гөрі помещиктердің қолындағы аспап, шаруалардың еркін еңбек ету құралынан гөрі, еңбекпен өтеу жұмысын туғызатын құрал болып табылады». Феодалдық жер иелігінің барлық формаларын талқандау және жерге еркін орналастыру ерікті ұсақ егіншілікті құру үшін қажет.

** Мен Стокгольмде «Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қарау» деген кітапшамды жақтап сөйледім, міне осы кітапшада маркстік аграрлық программаның *теориялық* дәлелдері әбден айқын (бүкіл кітапшаның қысқалығы сияқты, қысқа түрде ғана) көрсетілген. Мен онда «национализациялауды құр теріске шығару» «марксизмді теория жүзінде де бұрмалағандық» болар еді, деп көрсеткен едім (бұрынғы басылымның 16-беті, осы басылымның 41-беті). Сонымен бірге Стокгольм съезі жөніндегі менің «Баяндамамды» да салыстырыңыз, бұрынғы басылымның 27—28-беттері (осы басылымның 63-беті). «Сондықтан қатаң ғылыми тұрғыдан қарағанда, жалпы капитализмнің даму жағдайларының тұрғысынан қарағанда біз, егер «Капиталдың» 3-томымен келіспегіміз келмесе, сөзсіз былай деуге тиіспіз: жерді национализациялау буржуазиялық қоғамда мүмкін нәрсе, ол экономикалық дамуға себепкер болады, бәсекені және егіншілікке капиталдың құйылуын жеңілдетеді, астық бағасын төмендетеді және т. б.». Бұдан кейін сол баяндаманың 59-бетінде былай делінген: «Бұл қанат (социал-демократияның оң қанаты), өзінің берген уәдесіне қарамастан, егіншіліктегі буржуазиялық-демократиялық төңкерісті нақ «логикалық» ақырына дейін жеткізбейді, өйткені

жөнінен көпшілігіміздің кінəмызды жеңілдететін нəрсе — партия жұмысының қауырт жағдайлары болды, біз революциядағы аграрлық мəселені партия жұмысының нағыз осы қауырт жағдайларында талқыладық: алдымен 1905 жылғы 9 январьдан кейін, дүмпуден бірнеше ай бұрын (большевиктердің 1905 жылғы көктемде Лондонда өткен «РСДРП III съезі» жəне азшылықтың сол кезде Женевада өткен конференциясы), одан соң декабрь көтерілісінен кейін екінші күні[106] жəне бірінші Думаның қарсаңында Стокгольмде талқыладық. Бірақ бұл кемшілік қалай да болса енді түзетілуге тиіс, атап айтқанда национализация мен муниципализация туралы мəселенің теориялық жағын талдау өте-мөте қажет.

1. ЖЕРДІ НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАУ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Жоғарыда біз қазір жалпы жұрт таныған жəне көп тараған ереженің «халықшыл топтардың бəрі жерді национализациялауды жақтап отыр» деген тұжырымын келтірдік. Бірақ шындығында осы тарап жүрген тұжырым тіпті де дəл емес, ал егер əр түрлі саяси бағыт өкілдерінің осы «национализациялау» туралы түсініктерінің шын бірдейлігін алатын болсақ, бұл тұжырымда «жалпы жұрт таныған» нəрсе өте аз. Шаруалар бұқарасы крепостниктік латифундиялардың езгісінде жүргендіктен жерді стихиялық түрде талап етеді жəне де жердің халыққа көшуін ешқандай азды-көпті айқын экономикалық ұғымдармен байланыстырмайды. Шаруалардың əбден толғағы жеткен, былайша айтқанда, азап шегуден туған, ұзақ жылдар бойы езілуде шыныққан талабы, ұсақ егіншілікті жаңарту, нығайту, баянды ету, ұлғайту, оны үстем ету талабы ғана бар,— тек осы ғана. Шаруаның көз алдына оның қолына помещиктік латифундиялардың көшуі ғана елестейді; бұл күресте, бұқара ретінде алғанда, барлық шаруалардың бірлігінің күңгірт идеясын шаруа жердің халық

капитализм тұсында тек қана жерді национализациялау абсолюттік рентаны жою ретіндегі осындай «логикалық» *(жəне экономикалық)* ақырына дейін жеткізу болып табылады». (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 266-бет; 13-том, 32, 68-69-беттер. *Ред.)*

меншігі болуы туралы сөздермен бейнелеп білдіреді. Шаруаны қожайын инстинкті билейді, оған орта ғасырлық жер иелігінің қазіргі формаларының шексіз бөлшектене беруі және жер иелігінің бүкіл осы орта ғасырлық ала-құлалығы сақтала берген күнде жерді «қожайындық» талаптарға толық сәйкес түрде өңдеуді ұйымдастырудың мүмкін еместігі кедергі жасауда. Помещиктік жер иелігін құртудың, *үлесті жер иелігінің «тұсауларын» да құртудың* экономикалық қажеттілігі,—национализациялау жөніндегі *шаруа* идеясы міне осындай теріс ұғымдармен тамамдалады. Былайша айтқанда, помещиктік латифундияларды бойына сіңірген, жаңарған ұсақ шаруашылық үшін кейін жер иелігінің қандай формалары қажет болатындығын шаруа ойламайды.

Шаруалардың талаптары мен үміттерін білдіретін халықшылдық идеологияда да национализациялау ұғымының (немесе күңгірт идеяның) теріс жақтары сөзсіз басым. Ескі кедергілерді құрту, помещикті аластау, жердегі «қоршауды алу», үлесті жер иелігінің тұсауларын үзу, ұсақ шаруашылықты нығайту, «теңсіздікті» (помещиктік латифундияны) «теңдікпен, туысқандықпен және бостандықпен» ауыстыру — халықшылдық идеологияның оннан тоғызы міне осыған келіп саяды. Жерге тең праволы болу, жерді теңгермелі пайдалану, социализация,— мұның бәрі сол бір идеяны бейнелеудің түрлі формалары ғана және мұның бәрі көбіне теріс ұғымдар, өйткені халықшылдар қоғамдық-экономикалық қатынастардың белгілі бір уклады ретіндегі жаңа тәртіптерді түсінбейді. Халықшылдар үшін бастан кешіріліп отырған аграрлық төңкеріс крепостниктік тәртіптен, теңсіздіктен, жалпы езушіліктен теңдікке, бостандыққа көшу, тек осы ғана. Бұл—өзінің құрып отырған жаңа қоғамының капиталистік сипаттарын көрмейтін буржуазиялық революционердің кәдімгі тар өрістілігі.

Халықшылдардың аңғал көзқарасына қарама-қарсы, марксизм қалыптасып жатқан жаңа құрылысты зерттейді. Шаруалар шаруашылығының ең толық бостандығы тұсында, жалпы халықтық жерде немесе ешкімге

жатпайтын жерде, яғни «құдайдың» жерінде отырған ұсақ қожайындардың нағыз толық теңдігі тұсында,— біз товар өндірісі құрылысы болатынын көреміз. Рынок ұсақ өндірушілерді матап, өзіне бағындырып отырады. Өнімді айырбастаудан ақша өктемдігі туады, егіншілік өнімі ақшаға айналғаннан кейін жұмысшы күші ақшаға айналады. Товар өндірісі капиталистік өндіріске айналады. Ал бұл теория догмат емес, орыстың шаруалар шаруашылығында да болып жатқан нәрсені жай ғана баяндау, қорыту. Бұл шаруашылық жер тарлығынан, помещиктік езушіліктен, орта ғасырлық қатынастардың және жер иелігі тәртіптерінің қысымынан, кіріптарлықтан және озбырлықтан неғұрлым еркінірек болған сайын,— шаруалар шаруашылығының өз ішіндегі капиталистік қатынастар соғұрлым күшті дами түседі. Бұл факт, оны Россияның реформадан кейінгі бүкіл тарихы сөзсіз растап отыр.

Олай болса, *экономикалық шындықтың* негізіне әкеп салынған жерді национализациялау деген ұғым — товарлық және капиталистік қоғам категориясы. Бұл ұғымдағы реалды нәрсе — шаруалардың ойлағаны немесе халықшылдардың айтып жүргені емес, ал осы қоғамның экономикалық қатынастарынан туатын нәтиже. Капиталистік қатынастар тұсында жерді национализациялау дегеніміз —рентаны мемлекетке беру деген сөз, бұдан артық та, кем де емес. Ал капиталистік қоғамдағы рента дегеніміз не? Бұл жалпы алғанда әсте жерден түсетін табыс емес. Бұл — қосымша құнның капиталға келетін орташа пайданы шығарып тастағандағы қалатын бөлегі. Демек, рента егіншілікте жалдама еңбектің болуын, егіншінің фермерге, кәсіпкерге айналуын көздейді. Национализация (таза түрінде) жалдама жұмысшыға жалақы төлейтін және өзінің капиталына орташа пайда келтіретін,— орташа пайда болғанда, сол елдің немесе елдер комплексінің егіншілік және егіншілік емес кәсіпорындарының бәрі жөнінде орташа пайда түсіретін,— егіншіліктегі кәсіпкерлерден мемлекеттің рента алуын көздейді.

Сонымен, национализация туралы теориялық ұғым рента теориясымен, яғни капиталистік қоғамдағы ерек-

ше таптың (жер иеленуші таптың) табысының ерекше түрі болып табылатын нақ капиталистік рентаның теориясымен тығыз байланысты.

Маркстің теориясы рентаны дифференциалдық және абсолюттік рента деп екі түрге бөледі. Біріншісі —жер тапшылығының, жерге меншік бар ма, жоқ па, жер иелігінің формасы қандай, бұған мүлде байланыссыз, капиталистік шаруашылықтардың жерге орналасып алып отырғандығының нәтижесі. Жерге орналасқан жеке шаруашылықтардың арасында жердің құнарлылығының түрліше болуынан, учаскелердің рынокқа жақын-алыстығынан, жерге жұмсалған қосымша капиталдың өнімділігінен туатын айырмашылықтар болмай қалмайды. Қысқаша тұжыру үшін бұл айырмашылықтарды тәуір жер мен нашар жердің айырмашылықтары деп қорытып айтуға болады (алайда белгілі бір айырмашылықтардың түпкі тегінің әр түрлі екендігін ұмытпау керек). Сонан соң. Егіншілік өнімінің өндіру бағасын орташа жерлердегі емес, нашар жерлердегі өндіріс жағдайлары белгілейді, өйткені тек жақсы жерлердің өнімі сұранымды өтеуге жеткіліксіз болады. Өндірістің жеке бағасы мен өндірістің жоғары бағасы арасындағы айырмашылық дифференциалдық рента болып табылады. (Маркс өндіріс бағасы деп капиталдың өнім өндіруге кеткен шығынын және капиталға келетін орташа пайданы айтатынын ескертіп өтелік.)

Капиталистік егіншілік тұсында, жерге жеке меншік толық жойылған күнде де, дифференциалдық рента болмай қоймайды. Жерге жеке меншік болып тұрған кезде бұл рентаны жер иесі алады, өйткені капиталдардың бәсекесі фермерді (арендаторды) капиталға келетін орташа пайдамен қанағаттануға мәжбүр етеді. Жерге жеке меншік жойылған күнде бұл рентаны мемлекет алады. Капиталистік өндіріс әдісі өмір сүріп тұрған кезде, *бұл* рентаның жойылуы *мүмкін емес.*

Абсолюттік рента жерге жеке меншік болудан туады. Бұл рентада монополияның элементі, монополиялық бағаның элементі бар*. Жерге жеке меншік еркін

* «Қосымша құн теорияларының» екінші томының екінші бөлімінде Маркс «рентаның әр түрлі теорияларының мәнін»: егіншілік

бәсекеге кедергі жасайды, пайданы теңгеруге, егіншілік және егіншілік емес кәсіпорындарда орташа пайданың құралуына кедергі жасайды. Ал өнеркәсіпке қарағанда егіншілікте техника төмен болғандықтан, капиталдың құрылымында тұрақты капиталға қарағанда өзгермелі капиталдың үлесі көбірек болғандықтан, егіншілік өнімінің *жеке құны* орташадан жоғары болады. Сондықтан жерге жеке меншіктің болуы егіншілік кәсіпорындарындағы пайданың егіншілік емес кәсіпорындарындағы пайдамен қатар еркін теңелуіне кедергі жасай отырып, егіншілік өнімін жоғары өндіріс бағасымен емес, өнімнің одан да жоғары жеке құнымен сатуға мүмкіндік береді (өйткені өндіріс бағасы капиталға келетін орташа пайдамен белгіленеді, ал абсолюттік рента орта құннан гөрі неғұрлым жоғары жеке құнды монополиялық тұрғыдан баянды ете отырып, әлгі «орта» құнның құралуына мүмкіндік бермейді).

Сонымен, дифференциалдық рента капиталистік егіншіліктің бәріне де сөзсіз тән рента. Абсолюттік рента— капиталистік егіншіліктің бәріне бірдей тән рента емес, жерге жеке меншік болғанда ғана, егіншіліктің тарихи* мешеулігі тұсында, монополия арқылы баянды етілген мешеулігі тұсында ғана тән рента.

Каутский рентаның осы екі түрін де алып, оның бер жағында, әдейі жерді национализациялауға қатысы жағынан алып, мына қағидалар бойынша біріне-бірін қарсы қояды.

«Жер рентасы дифференциалдық рента болғандықтан, ол бәсекеден туады. Жер рентасы абсолюттік рента болғандықтан, ол монополиядан туады... Практика жүзінде жер рентасы бізге

өнімінің монополиялық бағасының теориясын және дифференциалдық рентаның теориясын ашып береді. Ол, абсолюттік рентада монополияның элементі *болғандықтан*, бұл теорияның екеуінде де шындық бар екендігін көрсетеді. Адам Смиттің теориясы жөнінде 125-бетті салыстырыңыз: жерге жеке меншік орташа пайдадан гөрі неғұрлым жоғары пайданы баянды ете отырып, пайданың теңелуіне кедергі жасайтындықтан, рента дегеніміз монополиялы баға екендігі «өте дұрыс» [107].

* Салыстырыңыз: «Қосымша құн теориялары», II том, 1-бөлім (немісше түпнұсқасы), 259-бет: «Егіншілікте қол еңбегі әлі басым, ал буржуазиялық өндіріс әдісіне егіншіліктен гөрі индустрияны тезірек өркендету тән нәрсе. Алайда, бұл *тарихи* айырмашылық, оның жойылуы мүмкін». (Сондай-ақ, 275-бет және II том, 2-бөлім, 15-бет) [108].

екі бөлініп көрініп отырған жоқ; оның қай бөлігі — дифференциалдық рента екенін, қай бөлігі — абсолюттік рента екенін білуге болмайды. Оның үстіне жер иесінің жұмсаған шығындары үшін капиталға алынатын процент әдетте жер рентасына араласып отырады. Жер иесінің өзі село қожайыны да болып отырған жерде жер рентасы ауыл шаруашылық пайдасымен бірге қосылып отырады.

Сөйтсе де рентаның екі түрінің арасындағы айырмашылықтың өте зор маңызы бар.

Дифференциалдық рента жерге жеке меншіктен тумайды, ол өндірістің капиталистік сипатынан туады.

Бұл рента жер реформасын жақтаушы ауыл шаруашылығын капиталистік жолмен жүргізуді сақтаушы адамдар талап етіп отырған (Германияда) жерді национализациялау тұсында да сақталып қалған болар еді. Тек онда бұл рента жеке адамдарға емес, мемлекетке тиген болар еді.

Абсолюттік рента жерге жеке меншіктен, жер иесінің және қалған қоғамның мүдделерінің қайшылығынан туады. *Жерді национализациялау бұл рентаны құртуға және егіншілік өнімдерінің бағасын осы рентаның сомасындай мөлшерде төмендетуге мүмкіндік берер еді* (курсив біздікі).

Сонан соң, дифференциалдық рента мен абсолюттік рентаның арасындағы екінші айырмашылық мынау: рентаның құрамды бөлігі ретінде біріншісі егіншілік өнімдерінің бағасына әсер етпейді, ал екіншісі әсер етеді. Біріншісі өндіріс бағасынан шығады, екіншісі өндіріс бағаларынан рынок бағаларының артып кетуінен шығады. Біріншісі жақсы жердегі немесе тұрған орны қолайлы жердегі неғұрлым өнімді еңбек жасайтын артық өнімнен, үстеме пайдадан туады. Екіншісі егіншілік еңбегінің кейбір түрлерінен өнетін қосымша табыстан тумайды; ол рента, нақты бар құн мөлшерінен жер иесінің пайдасына *ұстап қалатын үлес* есебінде, қосымша құнның мөлшерінен ұстап қалатын үлес есебінде ғана тууы мүмкін,— олай болса, не пайда төмендейді, не жалақыдан ұстап қалынады. Егер астықтың бағасы қымбаттаса, жалақы да жоғарыласа, онда капиталға келетін пайда төмендейді. Егер жалақы жоғарыламай, астықтың бағасы қымбаттаса, онда жұмысшылар зиян шегеді. Ақыр аяғында, мынадай болуы да мүмкін,— ал мұны тіпті жалпы ереже деп есептеу керек,— абсолюттік рентаның келтіретін зиянын жұмысшылар да, капиталистер де бірге шегеді»*.

Сонымен, капиталистік қоғамда жерді национализациялау туралы мәселе елеулі айырмашылығы бар екі мәселеге: дифференциалдық рента туралы және абсолюттік рента туралы мәселелерге бөлінеді. Национализациялау бірінші рентаның иесін өзгертеді де, екінші рентаның өмір сүруінің өзін әлсіретеді. Олай болса,

* «Аграрлық мәселе», немісше түпнұсқа. Seiten 79—80.

национализациялау дегеніміз — бір жағынан, капитализм шеңберінен аспайтын жеке реформа (қосымша құнның бір бөлегінің иесін өзгерту), ал екінші жағынан, жалпы алғанда капитализмнің бүкіл дамуын тежейтін монополияны жою деген сөз.

Осы екі жағын ажырата білмейінше, яғни дифференциалдық рента мен абсолюттік рентаны национализациялауды ажыратпайынша, Россиядағы национализация туралы мәселенің бүкіл экономикалық маңызын түсінуге болмайды. Бірақ бұл арада біз П. Масловтың абсолюттік рента теориясын теріске шығарып отырғанына тап боламыз.

2. КАРЛ МАРКСТІҢ АЛҒАШҚЫ ПОБАЙЛАРЫН ПЕТР МАСЛОВ ТҮЗЕТЕДІ [109]

1901 жылы шетелде шығатын «Заряда» Масловтың «Жизнь» журналындағы мақалалары жөнінде айта келіп, оның рента теориясын теріс түсінетіндігін көрсетуіме тура келген еді*.

Стокгольмнен бұрын және Стокгольмде болған айтыстар, жоғарыда айтқанымдай, шамадан тыс дәрежеде мәселенің саяси жағында болды. Бірақ Стокгольмнен кейін М. Оленов «Жерді муниципализациялаудың теориялық негіздері туралы» деген мақаласында («Образование», 1907, №1) Масловтың Россиядағы аграрлық мәселе туралы кітабын талдап, абсолюттік рентаны жалпы бекерге шығармақ болған Масловтың әсіресе *экономикалық теориясының* теріс екендігін баса көрсетті.

Маслов «Образованиенің» 2 және 3-номерлерінде шыққан мақалада Оленовке жауап берді. Ол өзінің оппонентін «оспадарсыз», «әпербақан», «бейпіл ауыз» деп және тағы сондайларды айтып кінәлады. Шынына келгенде, *маркстік теория* жөнінде оспадарсыз, топас әпербақанның өзі нақ Петр Маслов, өйткені ол өзінің ескі қателерін жақтап, масаттанған түрде Маркcті

* Қараңыз: «Аграрлық мәселе», I бөлім, СПБ., 1908, «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген мақала, 178—179-беттердегі ескерту. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 129-бет. *Ред.)*

«сынап» отыр, ал бұдан сорақы надандық бола қояр ма екен.

«Абсолюттік рента теориясының III томда баяндалған бүкіл бөліс теориясына қайшылығының көзге ұратындығы соншалық, оны тек автордың алғашқы нобайлары енген III томның Маркс қайтыс болғаннан кейін басылып шыққандығымен ғана түсіндіруге болады»,— деп жазады Маслов мырза («Аграрлық мәселе», 3-басылуы, 108-бет, ескерту).

Тегі, мұндай нәрсені Маркстің рента теориясынан еш нәрсе түсінбеген адам ғана жаза алатын еді. Бірақ сабаз Петр Масловтың алғашқы нобайлардың авторына мүсіркеушілікпен менменси қарауы шынында да керемет-ақ! Бұл «марксист» басқа адамдарды үйрету үшін Маркспен *танысуды* қажет деп санауды ар көреді, тіпті 1905 жылы шыққан «Қосымша құн теориялары» деген кітапты оқып шығуды да ар көреді, ал бұл кітапта рента теориясы, былайша айтқанда, тіпті Масловтар үшін де миға қонарлықтай етіп түсіндірілген ғой!

Масловтың Маркске қарсы айтатын дәлелдері мынау:

«Абсолюттік рента егіншілік капиталы құрылымының төмендігінен туатын сияқты... Капиталдың құрылымы өнімнің бағасына да, пайданың нормасына да, жалпы алғанда қосымша құнның кәсіпкерлер *арасында* бөлінуіне де әсер етпейтін болғандықтан, ол ешқандай рента жасай алмайды. Егер егіншілік капиталының құрылымы өнеркәсіп капиталынан төмен болса, онда дифференциалдық рента сол егіншіліктен алынатын қосымша құннан туады, бірақ рентаның *құралуы* үшін мұның маңызы жоқ. Демек, капиталдың «құрылымы» өзгере қалса, мұның өзі рентаға ешбір әсер етпеген болар еді. Рентаның мөлшері тіпті де оның шығу сипатымен белгіленбейді, қайта әр түрлі жағдайдағы еңбек өнімділігінің тек жоғарыда көрсетілген айырмашылығына қарай ғана белгіленеді» (аталған шығарманың 108—109-беттері. Курсив Масловтікі).

Маркстi сынаушы буржуазиялық «сыншылар» Маркстi қашан осылай оп-оңай терiске шығара алды екен? мұны бiлген артық болмас едi. Бiздiң сабаз Маслов ылғи шатастырады, ол Маркстiң пiкiрiн *баяндаудың* өзiнде де шатастырып отыр (айта кету керек, бұл — Булгаков мырзаның да, марксизмдi даттаушы буржуазия өкiлдерiнiң бәрiнiң де салты, бiрақ олар өздерiн марксистермiз деп атамайды, олардың Маслов-

қа қарағанда үлкен адалдығы осында). Маркстің айтуынша, абсолюттік рента егіншілік капиталы құрылымының төмендігінен туады деу дұрыс емес. Абсолюттік рента жерге жеке меншіктің арқасында туады. Осы жеке меншік қауымдық жерде де, национализацияланған жерде де өмір сүре алатын капиталистік өндіріс әдісімен ортақ ештеңесі жоқ айрықша монополияны туғызады*. Жерге жеке меншіктің капиталистік емес монополиясы өндірістің осы монополияның тасасындағы салаларында пайданың теңелуіне кедергі жасайды. «Капиталдың құрылымы пайда нормасына әсер етпеуі» үшін (жеке капиталдың немесе өнеркәсіптің жеке бір саласындағы капиталдың құрылымы деп қоса айту керек; Маркстің пікірін баяндағанда, Маслов бұл арада да шатастырып отыр),—пайданың *орташа* нормасы жасалуы үшін барлық жеке кәсіпорындардың пайдасы және өнеркәсіптің барлық жеке салаларының пайдасы *теңелуі* қажет. Бұл теңелу бәсеке еркіндігі арқылы, өндірістің барлық салаларының қайсысына болсын капиталды еркін орналастыру арқылы жүзеге асады. Капиталистік емес монополия бар жерде осы еркіндік бола ала ма? Жоқ, бола алмайды. Жерге жеке меншік монополиясы капиталды еркін орналастыруға *кедергі жасайды,* бәсеке еркіндігіне кедергі жасайды, егіншіліктің пропорциялы емес (егіншілік капиталы құрылымының төмендігі салдарынан) жоғары пайдасының теңелуіне кедергі жасайды. Масловтың қарсылығы бастан-аяқ жете ойламағандық, ал осыдан екі беттен соң... егіншіліктегі сияқты техникасы мешеу, капиталдың органикалық құрылымы ортадан төмен, бірақ рентасы жоқ *кірпіш өндірісіне* (111-бет) сілтеме жасаған жерді оқығанымызда, бұл жете ойламағандық айқын көрінеді.

Құрметті «теоретик», кірпіш өндірісінде рентаның болуы да мүмкін емес, өйткені абсолюттік рентаны егіншілік капиталы құрылымының төмендігі туғызбайды, ал

* Салыстырыңыз: «Қосымша құн теориялары», II том, 1-бөлім, 208-бет; онда Маркс капиталистік өндіріс үшін жер иеленуші мүлдем артық адам екендігін, егер жер мемлекетке тиісті болса, капиталистік өндірістің мақсаты «толық орындалатынын» айтады[110].

«құрылымы төмен» капиталдан алынатын пайданы теңеу жолындағы бәсекеге кедергі жасайтын жерге жеке меншік монополиясы туғызады. Абсолюттік рентаны жоқ деу — жерге жеке меншіктің экономикалық маңызын жоққа шығару деген сөз.

Масловтың Маркске қарсы екінші дәлелі:

««Соңғы» жұмсалатын капиталдың рентасы. Родбертустың рентасы және Маркстің абсолюттік рентасы құрып кетеді, өйткені егер капитал әдеттегі пайдадан басқа бірдеңе беретін болса, арендатор әрқашан да «соңғы» капиталды «соңғының алдындағы» капитал ете алады» (112-бет).

Петр Маслов шатастырып отыр, шатастырғанда «масқара» шатастырып отыр.

Біріншіден, рента туралы мәселеде Родбертус пен Маркстi салыстыру—барып тұрған надандық. Родбертустың теориясы померанияльқ помещиктің қате есебі (егіншіліктегі шикі өнімді «есептемеу»!) фермер-капиталист үшін де міндетті деген жорамалға негізделген. Родбертустың теориясында *тарихи тұрғыдан* қараудан да, тарихи реалдылықтан да түк жоқ, өйткені ол егіншілікті уақыттан, кеңістіктен тыс жалпы түрде алады, кез келген елдің және кез келген заманның егіншілігін алады. Маркс капитализм егіншіліктен гөрі өнеркәсіптің техникасын тезірек өркендеткен кездегі ерекше тарихи дәуірді алады. Маркс жерге *капиталистік емес* жеке меншіктің болуы арқылы өрісі тарылған *капиталистік* егіншілікті алады.

Екіншіден, соңғы капиталды «әрқашан да» соңғының алдындағы капитал ете «алатын» арендаторға сілтеме жасау Маркстің абсолюттік рентасын ғана емес, сонымен қатар *тіпті дифференциалдық рентасын да* сабаз Петр Масловтың мүлде түсінбегендігін көрсетеді! Бұл өрескел нәрсе, бірақ факт. Арендатор жерді арендаға алған уақыты ішінде рента *а т а у л ы н ы ң б ә р і н* «әрқашан да» өзі «ала алады» және *әрқашан да өзі алып отырады,* өйткені ол «соңғы капиталды соңғының алдындағы капитал етеді», өйткені ол,— түсінікті етіп, дұрысырағып айтқанымызда (мұны қазір көреміз),— жерге жаңа капитал жұмсайды. Аренда шартының мерзімі ішінде арендатор үшін жерге жеке меншік болмай-

ды: ол арендасын төлеп, бұл монополиядан «құтылды», енді монополия оған кедергі жасай алмайды*. Сондықтан арендатордың өз учаскесіне жаңадан жұмсаған капиталы оған әрі жаңа пайда, *әрі жаңа рента* бергенде, бұл рентаны *жер иеленуші алмайды, арендатор алады.* Жер иеленуші бұл жаңа рентаны бұрынғы арендалық контрактының мерзімі біткеннен соң ғана, жаңадан арендалық контракт жасалғаннан кейін ғана алатын болады. Онда жаңа рентаны фермердің қалтасынан жер иеленушінің қалтасына қандай механизм түсіреді? Еркін бәсеке механизмі түсіреді, өйткені арендатордың орташа пайданың үстіне үстеме пайда (=рента) алуы капиталдарды ерекше пайдалы кәсіпорынға тартады. Осыдан келіп, бір жағынан, басқа жағдайлар тең болғанда арендаторларға ұзақ мерзімді аренданың, ал жер иеленушілерге қысқа мерзімді аренданың неліктен қолайлы екендігі түсінікті. Осыдан келіп, екінші жағынан, мысалы, Англияда астық жөніндегі заңдар жойылған соң, ағылшын жер иелерінің шарт бойынша фермерлерді өз учаскелерінің әрбір акрына сегіз фунт стерлинг жұмсаудың орнына он екі фунт стерлинг (110 сом шамасы) жұмсауға неліктен міндеттегені түсінікті. Сонымен, жер иелері астық жөніндегі заңдардың жойылуы нәтижесінде дамыған қоғамдық-қажетті егіншілік техникасын есепке алған еді.

Енді аренда шартының мерзімді уақытында арендатор жаңа рентаның қандай түрін өзі алады? — деген сұрақ туады. Тек абсолюттік рентаны ғана ала ма, әлде дифференциалдық рентаны да ала ма? Екеуін де алады. Өйткені, егер Петр Маслов «алғашқы нобайларды сынап» күлкі болмастан бұрын Марксті ұғынуға тырысса, онда Маслов дифференциалдық рентаны жердің әр түрлі учаскелері ғана емес, *сол бір учаскеге* капиталдың түрліше жұмсалуы да беретіндігін білер еді**.

* Егер Маслов III томның «алғашқы нобайларын» аз ғана зейін қойып оқыған болса, ол Маркстің мұны жиі ежелеп түсіндіргенін байқамай өтпеген болар еді.

** Әр түрлі жерлердің айырмашылығы нәтижесінде алынатын дифференциалдық рентаны Маркс I түрдегі дифференциалдық рента деп атайды, ал сол жерге жұмсалған қосымша шығындардың түрліше өнімділігі нәтижесінде алынатын рентаны II түрдегі дифференциалдық рента деп атайды. Үшінші томның «алғашқы нобайларында» бұлай ажырату әбден дәл түсіндіріліп айтылған (VI бөлім, 39—43-

Үшіншіден, (біз Масловтың әрбір сөзі жөнінде оның қателерін осылай ұзақ тізе берумен оқушыны жалықтырып отырғанымызға кешірім сұраймыз, бірақ біздің алдымызда, немістердің айтатынындай, «жазымпаз» Konfusionsrat, «шатасқан ақылшы» тұрғанда қалай ету керек?),— үшіншіден, Масловтың соңғы және соңғының алдындағы капитал туралы пікірі «топырақ құнарлылығының кеми беру заңы» деген атышулы заңға негізделіп құрылған. Буржуазияшыл экономистер сияқты, Маслов бұл заңды мойындайды (тіпті осы ойдан шығарылған ақымақтықты да, «маңғаздану үшін», факт деп атайды). Буржуазияшыл экономистер сияқты, Маслов бұл заңды рента теориясымен байланыстырып, теория жөнінен ең надан кісінің батылдығымен: «егер капиталдың соңғы жұмсалған шығындарының өнімділігі кеміп отырған факті болмаса, жер рентасы да болмас еді» (114) дейді.

Оқушыға «топырақ құнарлылығының кеми беру заңы» деген осы пасық-буржуазиялық заңды сынау жөнінде 1901 жылы Булгаков мырзаға қарсы менің айтқандарымды қарап шығуды ұсынамыз*. *Бұл* мәселеде Булгаков пен Масловтың арасында *шын мәнінде ешқандай* айырмашылық жоқ.

Булгаковқа қарсы айтылған пікірге қосымша ретінде III томның «алғашқы нобайларынан» Маслов пен Булгаков сынының кереметтігін ерекше айқын көрсететін бір жерін ғана келтіріп өтелік:

«Жердің тозуының нағыз табиғи-тарихи себептерін қарастырудың орнына,— бұл себептер дифференциалдық рента жөнінде жазған экономистерге олардың өз тұсындағы агрикультуралық химияның жай-күйі себебінен, әлбетте, белгісіз болып келген,— осының орнына жұрт кеңістік жағынан шектеулі жер учаскесіне кез келген мөлшерде капитал жұмсауға болмайды-мыс дейтін ұшқары пікірге жүгінуге ұмтылды; мәселен, «Westminster Review» («Вестминстерлік Шолу») Сохо сквер-

---

тараулар), ал мұны «байқамау» үшін Булгаков мырзалар сияқты «Маркстің сыншылары» болу керек[111].

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 106—120-беттер. *Ред.*

ді* өңдеу арқылы бүкіл Англияны асырап сақтауға болмайды деп Ричард Джонсқа (Jones) қарсы шықты...»[112].

Бұл қарсылық — Масловтың да, «құнарлылықтың кеми беру заңын» жақтаушы басқалардың да бәрінің айтып жүрген бірден-бір дәлелі: егер бұл заң болмаған болса, егер кейінгі жұмсалған капиталдар алдыңғы капиталдар сияқты сонша лықты өнімді болса, онда, былайша айтқанда, өңдейтін жердің көлемін кеңейтудің керегі болмас еді, онда жерге жаңадан капитал жұмсауды арттыру жолымен ең шағын көлемді жерден егіншілік өнімін қандай мөлшерде болса да алуға болар еді, яғни онда «бүкіл Англияны Сохо сквердің бір өзімен асырауға» болар еді немесе «бүкіл дүние жүзінің егіншілігін бір десятина жерге сыйғызуға** болар еді және т. с. Олай болса, Маркс құнарлылықтың кеми беру «заңының» пайдасына айтылған *негізгі* дәлелді талдау үшін алады.

«...Егер,— деп жалғастырады Маркс,— мұның өзі егіншіліктің ерекше тиімсіздігі деп қаралатын болса, онда нақ керісінше, қағиданың дұрыс болғаны. Егіншілікте капиталдың бірте-бірте жұмсалуы жемісті пайдаланылуы мүмкін, өйткені жердің өзі өндіріс құралы ретінде әрекет етеді, ал фабрикада, жер негіз ғана, орналасу орны ғана, территориялық жағынан жұмыс істеу негізі ғана болып қызмет ететін фабрикада мұндай жоқ немесе ол өте тар шеңберлерде ғана орын алуы мүмкін. Рас, бытыраңқы қолөнеріне қарағанда, ірі өндірісті шағын кеңістікке шоғырландыруға болады және де ірі индустрия нақ осылай істейді де. Ал егер өндіргіш күштің дамуының белгілі бір дәрежесі белгілі болса, онда әрқашан да белгілі бір кеңістік керек болады, ал құрылысты биіктете салудың да өзінің белгілі бір практикалық шегі бар. Бұл шектен асқан соң өндірісті ұлғайту ісі жер көлемін ұлғайтуды да талап етеді. Машинаға, т. б. жұмсалған негізгі капитал пайдаланудың нәтижесінде жақ-

* Лондондағы кішкентай сквер.

** Қараңыз (жоғарыда): Құнарлылықтың кеми беру заңы туралы «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»». Масловтың тағы сол ақымақтығы: «Мәселен, егер жаңадан жұмсалған шығын сондай пайда беретін болса, кәсіп иесі өзінің барлық (!) капиталын бір десятина жерге бірте-бірте жұмсайды» (107), т. т. дейді.

сара түспейді, қайта, керісінше, тозады. Жаңа өнер табыстар мұнда да кейбір жақсартулар жасауы мүмкін, бірақ егер өндіргіш күштің дамуының белгілі сатысын алатын болсақ, онда машина тек тозып, нашарлауы мүмкін. Өндіргіш күш шапшаң дамыған жағдайда ескі машиналардың бәрі неғұрлым тиімді машиналармен алмастырылуға тиіс, яғни олар мүлдем лақтырылып тасталуға тиіс. Мұның керісінше, егер дұрыстап күтіп ұсталатын болса, жер үнемі жақсарып, құнарлана береді. Жердің бір артықшылығы — бірте-бірте жұмсалған капиталдар алғашқы жұмсалған капиталдарды ешбір шығынға ұшыратпастан пайда бере алатындығы, міне осы артықшылықта бірте-бірте жұмсалған капиталдардың өнімділігі түрліше болуы да мүмкін». («Das Kapital», III. Band, 2. Teil, Seite 314)[113].

Маркстің сынына ой жіберуден гөрі, Маслов буржуазиялық экономияның құнарлылықтың кеми беру заңы жөніндегі жаттанды ертегісін қайталауды артық көрді. Енді келіп, осы жерде, осы мәселе жөнінде Маркстің пікірін бұрмалай отырып, марксизмді баяндадым деп таласуға Масловтың батылы қалай жетіп отыр десеңізші!

Құнарлылықтың кеми беруінің «табиғи заңына» өзінің таза буржуазиялық көзқарасы тұрғысынан қарап, Масловтың рента теориясын қаншалықты бүлдіргені оның төмендегі тирадасынан да көрініп тұр, Маслов мұны курсивпен былай деп жазады: «Егер белгілі бір жер көлеміне капиталды бірте-бірте жұмсап отыру шаруашылықты интенсивтендіруге бастай отырып, өнімді де болатып болса, онда жаңа жерлердің бәсекесі бірден жойылар еді, өйткені астықтың бағасына, өндіріс шығындарынан басқа, оны тасу құны да қосылады» (107-бет).

Сонымен, мұхиттың ар жағындағы бәсекені құнарлылықтың кеми беру заңы арқылы түсіндіруге болады екен! Нағыз буржуазияшыл экономистердің айтатыны ғой бұл! Ал егер Маслов III томды оқи білмесе немесе оны түсінуге шамасы келмесе, онда ең болмағанда Каутскийдің «Аграрлық мәселе» деген кітабын немесе

Парвустың ауыл шаруашылық дағдарысы туралы кітапшасын оқып, танысуы керек еді. Бұл марксистердің көпшілікке ұғымды түсіндірулерінен капитализмнің индустриялы халықты көбейтіп, рентаны *көтеріп* жіберетінін Маслов, мүмкін, түсінген де болар еді. Ал жер бағасы (=капиталдандырылған рента) шамадан тыс көтерілген рентаны *нығайта түседі.* Мұның дифференциалдық рентаға да қатысы бар, сондықтан бұл арада біз Маркстен тіпті рентаның өте жай түрі жөнінде де Масловтың еш нәрсе түсінбегенін екінші рет көріп отырмыз.

Буржуазиялық экономия «жаңа жердің бәсекесін» «құнарлылықтың кеми беру заңы» арқылы түсіндіреді, өйткені буржуа еркімен болсын, еріксіз болсын, істің қоғамдық-тарихи жағын елемейді. Социалистік экономия (яғни марксизм) мұхиттың ар жағындағы бәсекені былай деп түсіндіреді: рента төлемейтін жерлер жер рентасын орасан жоғары көтерген ескі европалық елдердің капитализмі орнықтырған астықтың шамадан тыс жоғары бағасын төмендетеді. Буржуазияшыл экономист жерге жеке меншіктің арқасында орын тепкен рентаның жоғарылығы егіншілік прогресіне *кедергі жасайтындығын* түсінбейді (немесе өзінен де, басқалардан да жасырады), сөйтіп кінәны құнарлылықтың кеми беру «фактісінің» «табиғи» кедергісіне аударады.

3. ХАЛЫҚШЫЛДЫҚТЫ ТЕРІСКЕ ШЫҒАРУ ҮШІН МАРКСТІ ТЕРІСКЕ ШЫҒАРУ ҚАЖЕТ ПЕ?

Петр Масловтың пікірінше, қажет. Өзінің ақымақтық «теориясын» одан әрі «дамыта отырып», ол «Образованиеде» бізді былай деп үйретеді:

«Егер жердің белгілі бір көлеміне бірте-бірте жұмсалған еңбектің өнімділігі төмендей беретін «фактісі болмаса, онда социалист-революционерлер мен социал-халықшылдар суреттеп отырған мына идиллия, мүмкін, әлі де жүзеге асқан болар еді: әрбір шаруа өзіне тиісті ұлтарақтай жерін пайдаланады, оған тілегенінше еңбек сіңіреді, ал жер оның әрбір «сіңірген» еңбегі үшін тиісті мөлшерде өнім «береді»» (№ 2, 1907 ж., 123-бет).

Сонымен, егер Петр Маслов Маркстi теріске шығармаған болса, мүмкін, халықшылдардікі дұрыс болған бо-

лар еді! Міне біздің «теоретиктің» осындай сорақылыққа дейін аузы барып отыр. Ал біз болсақ, осыған дейін жай ғана, марксистерше, ұсақ өндірісті мәңгілік ету идиллиясын «құнарлылықтың кеми беру заңы» деген буржуазиялық-топас заң тіпті де теріске шығармайды, товар өндірісінің фактісі, рыноктың үстемдік етуі, ұсақ егіншіліктен ірі капиталистік егіншіліктің артықшылықтары және т. т. теріске шығарады деп ойлап келіп едік. Маслов мұның бәрін өзгертіп жіберді! Маслов, егер Маркс теріске шығарған буржуазиялық заң болмаса, онда халықшылдардікі дұрыс болар еді дегенді шығарып отыр!

Ол ол ма. Онда ревизионистердікі де дұрыс болып шығар еді. Міне, біздің жабайы экономистің тағы бір пікірі:

«Егер қателеспесем, шаруашылықты дамыту үшін, әсіресе ірі өндіріс пен ұсақ өндірістің күресі үшін егіншілік мәдениетінің және техникалық прогрестің маңызының айырмасын айқын түрде баса көрсетуге бірінші рет (міне біз қандаймыз!) маған (Петр Масловқа) тура келді. Егер егіншілікті интенсивтендіру, еңбек пен капиталдың одан әрі жұмсалу өнімділігі ірі шаруашылықта да, ұсақ шаруашылықта да бірдей аз болса, онда, индустриядағы сияқты, егіншілікте де еңбектің өнімділігін арттыратын техникалық прогресс ірі шаруашылыққа орасан зор және ерекше артықшылықтар береді. Бұл артықшылықтар тек қана техникалық жағдайларға байланысты деуге болады...». Шатастырып отырсыз, құрметтім: ірі өндірістің коммерциялық жағынан артықшылығының өте-мөте маңызы бар.

«...Ал жер мәдениетін, әдетте, ірі шаруашылықта да, ұсақ шаруашылықта да бірдей қолдануға болады...». Жер мәдениеті қолданылуы «мүмкін».

Терең ойлы Маслов жер мәдениетін қолдануға мүмкін емес шаруашылықты білетін болар. «...Мәселен, үш танапты егісті көп танапты егіспен ауыстыру, тыңайтқыштарды көбейту, жерді терең жырту, тағы сондайларды ірі шаруашылықта да, ұсақ шаруашылықта да бірдей қолдануға болады және ол еңбектің өнімділігіне бірдей әсер етеді. Бірақ, мысалы, жнейканы қолдану

еңбек өнімділігін тек ірірек шаруашылықтарда ғана арттырады, өйткені шағын жердегі астық орып немесе шалғымен шауып алуға әбден ыңғайлы келеді...».

Иә, мәселені осылай басы-аяғы жоқ шатастыру «бірінші» рет Масловтың қолынан келгені күмәнсыз! Ойлап көріңдерші: бу күшімен жүретін плуг (жерді терең жырту) дегеніміз — «жер мәдениеті», жнейка дегеніміз — «техника». Біздің теңдесі жоқ Масловтың ілімі бойынша, бу күшімен жүретін плуг техника *болмай* шығады. Жнейка еңбек пен капиталдың одан әрі жұмсалуы *болмай* шығады. Жасанды тыңайтқыштар, бу күшімен жүретін плуг, екпе шөп егу дегеніміз — «интенсивтендіру». Жнейка және жалпы «ауыл шаруашылық машиналарының көбі» — «техникалық прогресс». Масловтың мұндай ақымақтықты ойлап табуына «тура келген» себебі — техникалық прогресс *теріске шығарып отырған* «құнарлылықтың кеми беру заңымен» қалай болғанда да жалтарып шығуы керек қой. Булгаков техникалық прогресс — уақытша нәрсе, тоқырау — тұрақты нәрсе дегенді айтып жалтарды. Маслов егіншіліктегі техникалық прогресті кісі күлерліктей етіп «интенсивтендіру» мен «техникаға» бөлуді ойлап табу арқылы жалтарып отыр.

Интенсивтендіру деген не? Еңбек пен капиталдың одан әрі жұмсалуы. Ұлы Масловтың тапқан жаңалығы бойынша, жнейка капиталдың жұмсалуы *емес*. Қатарлы сеялка капиталдың жұмсалуы *емес!* «Үш танапты егісті көп танапты егіспен ауыстыруды» ірі шаруашылықта да, ұсақ шаруашылықта да *бірдей* қолдануға болады? Дұрыс емес. Көп танапты егісті енгізу де қосымша капиталдың жұмсалуын керек етеді, сондықтан оны ірі шаруашылықта *анағұрлым көп* қолдануға болады. Айтпақшы, бұл жөнінде неміс егіншілігі туралы жоғарыдағы мәліметтерден қараңыз («Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»»*). Орыс мәліметтері де осыны растайды. Басқаша болудың мүмкін еместігін, көп танапты егісті ірі шаруашылықта да, ұсақ шаруашылықта да *бірдей* қолдануға болмайтындығын жай ойлап қара-

---

*Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 192—193-беттер. *Ред.*

ғанның өзінде-ақ көре аласыз. Тыңайтқыштарды көбейтудің екеуінде «бірдей жүзеге асырылуы» мүмкін емес, өйткені ірі шаруашылықтың 1) бұл үшін өте маңызды ірі малы көбірек, 2) малды жақсы күтеді, сабанды және сол сияқтыларды оншама «үнемдемейді», 3) тыңайтқыштарды сақтайтын қолайлы орындары бар, 4) жасанды тыңайтқыштарды көп қолданады. Маслов осы замандағы егіншілік туралы жалпыға мәлім мәліметтерді шынымен-ақ «шіміріқпестен» бұрмалап отыр. Ақыр аяғында, ұсақ шаруашылық пен ірі шаруашылықта жерді терең жыртуды *бірдей* қолдануға *болмайды.* Мына екі фактіні келтірудің өзі жеткілікті: біріншіден, ірі шаруашылықта бу күшімен жүретін плугты қолдану көбейіп келеді (Германия туралы жоғарыдағы мәліметтерді салыстыр;* енді, мүмкін, электр қуатымен жүретін плугты да қолданатын болар). Оны ірі шаруашылық пен ұсақ шаруашылықта «бірдей» қолдануға болмайтындығын, мүмкін, Масловтың өзі де ұғар. Ұсақ шаруашылықта жұмыс көлігі ретінде *сиырларды* пайдалану көбейіп барады. Ойлап қараңызшы, ұлы Маслов, бұл жерді терең жыртудың бірдей қолданылатындығын көрсете *ала ма?* Екіншіден, ірі шаруашылық пен ұсақ шаруашылық жұмыс көлігінің бір түрін қолданған күнде де, ұсақ шаруашылықта қолданылған жұмыс көлігінің *күші кемірек,* сондықтан да жердің терең жыртылу жағдайлары екеуінде тең болуы мүмкін емес.

Қысқасы, Масловтан толып жатқан өрескел шатасқандық пен таңқаларлық надандық кездеспейтін, «теориялық» ойға салынып зорланған сөзді табу қиын. Бірақ Маслов қысылып-қымтырылмай-ақ былай деп қорытады:

> «Кімде-кім ауыл шаруашылығы дамуының жоғарыда көрсетілген *екі* жағының (егіншілік мәдениетінің жақсаруы мен техниканың жақсаруы) айырмашылығын түсінсе, ол ревизионизмнің, ал бізде халықшылдықтың бүкіл дәлелін оңай-ақ теріске шығарады» («Образование», 1907, № 2, 125-бет).

Солай. Солай. Масловтың халықшыл болмаған және ревизионист болмаған себебі сол *ғана:* ол Маркстің ал-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 134-бет. *Ред.*

ғашқы нобайларынан асып түсіп, тозығы жеткен буржуазиялық экономияның тозығы жеткен соқыр сенімдерін «түсінуге» дейін көтеріле білді. Ескі әуенді жаңа сарынмен айту! Маркс Маркске қарсы,— деп айқай салған болатын Бернштейн мен Струве. Маркстi терiске шығармай тұрып, ревизионизмдi терiске шығаруға болмайды,— дейдi Маслов сәуегейсiп.

Қорытындыда — көңiл қоярлық мына бiр ұсақ-түйектi айта кетейiк. Егер абсолюттiк рента теориясын жасаған Маркстiкi терiс болса, егер рента «құнарлылықтың кеми беру заңынсыз» болмайтын болса, егер бұл заң болмаған күнде халықшылдар мен ревизионистердiкi дұрыс болатын болса,—онда Масловтың марксизмге енгiзген *«түзетулерi»* оның «теориясының» түйiндi жерi болуға тиiстi секiлдi емес пе. Иә, ол түзетулер осылай болып та отыр. Бiрақ Маслов сонда да оларды жасырғанды артық көредi. Жақында оның «Россиядағы аграрлық мәселе» деген кiтабының немiсше аудармасы шықты. Мен Масловтың өзiнiң адам айтқысыз теориялық пасықтықтарын Европа социал-демократтарына *қандай түрде* ұсынып отырғанын қарап шығуға құштар болдым. *Ешқандай* түрде ұсынбаған болып шықты. Маслов европалықтардың алдында *өзiнiң «бүкiл» теориясын қалтасында жасырып қалыпты.* Ол абсолюттiк рентаны терiске шығаруға қатысы бар жерлерiнiң бәрiн және құнарлылықтың кеми беру заңын және т. т. алып тастаған. Бұл жөнiнде бейтаныс бiр адам туралы әңгiме ерiксiз менiң есiме түсiп отыр: бұл адам бiрiншi рет ежелгi заман философтарының әңгiмесiне қатынасып отырыпты да сол әңгiме уақыты iшiнде жұмған аузын ашпапты. Сонда философтардың бiрi әлгi бейтаныс адамға: егер сен ақылды болсаң, онда ақымақтық жасап отырсың. Ал егер сен ақымақ болсаң, онда ақылдылық жасап отырсың,— дептi.

4. АБСОЛЮТТIК РЕНТАНЫ ТЕРIСКЕ ШЫҒАРУ МУНИЦИПАЛИЗАЦИЯ ПРОГРАММАСЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ МА?

Саяси экономия теориясы саласындағы өзiнiң ашқан тамаша жаңалықтарының маңыздылығына Масловтың сенiмi соншалық зор болса да, дегенмен, ол осындай

байланыстың бар-жоқтығы жөнінде аздап күмәнданатын сияқты. Қалай болғанда да, ол жоғарыда цитатқа келтірілген мақаласында («Образование» № 2, 120-бет) муниципализациялаудың құнарлылықтың кеми беру «фактісімен» байланысын мойындамайды. Бұл таңқаларлық бір нәрсе болып шығады: «құнарлылықтың кеми беру заңы» абсолюттік рентаны теріске шығарумен байланысты, халықшылдыққа қарсы күреспен де байланысты, бірақ масловтық аграрлық программамен байланысты емес сияқты-мыс! Бірақ жалпы аграрлық теория мен Масловтың орыс аграрлық программасының арасында байланыс жоқ деген осы пікірдің дұрыс еместігіне турадан-тура көзді жеткізу оңай.

Абсолюттік рентаны теріске шығару капитализм тұсындағы жерге жеке меншіктің экономикалық маңызын теріске шығару деген сөз. Кімде-кім тек дифференциалдық рентаның ғана болатындығын мойындаса, ол адам жер мемлекеттің меншігі бола ма, әлде жеке адамның меншігі бола ма, капиталистік шаруашылық пен капиталистік дамудың жағдайлары әсте бұған байланысты озгермейді деген қорытындыға сөзсіз келеді. Абсолюттік рентаны теріске шығаратын теорияның тұрғысынан қарағанда, мұндай жағдайдың екеуінде де жалғыз ғана дифференциалдық рента болады. Бұл сияқты теория капитализмнің дамуын жеделдету мағынасында, капитализм үшін жолды тазарту және т. т. мағынасында, капитализмнің дамуына ықпал ететін шара болып табылатын национализацияның барлық маңызын теріске шығаруға бастауға *тиісті* екендігі түсінікті. Өйткені национализация жөніндегі мұндай көзқарас рентаның екі түрін — капиталистік түрін, яғни капитализм тұсында национализацияланған жердің өзінде де құртуға болмайтын түрін (дифференциалдық рента) және капиталистік *емес* түрін, капитализм үшін қажетсіз, монополиямен байланысты, капитализмнің толық дамуына кедергі жасайтын түрін (абсолюттік рента) мойындаудан туып отыр.

Сондықтан Маслов өзінің «теориясына» сүйене отырып, «оны (жер рентасын) абсолюттік рента деп атадың не, дифференциалдық рента деп атадың не, оның бәрі

бір» («Образование» № 3, 103-бет), осы рентаны жергілікті мекемелерге беру керек пе әлде орталық өкіметке беру керек пе, мәселе *тек* осында ғана деген қорытындыға сөзсіз келіп отыр. Бірақ мұндай көзқарас — теория жөніндегі надандықтың нәтижесі. Рента кімнің қолына беріледі және ол қандай саяси мақсаттарға пайдаланылады деген мәселеге мүлде байланысы жоқ анағұрлым терең мәнді тағы бір мәселе — капиталистік шаруашылық пен капиталистік дамудың жалпы жағдайына өзгерістер туғызатын жерге жеке меншіктің жойылуы туралы мәселе бар.

Осы таза экономикалық мәселені Маслов тіпті қоймаған да, ол оны ұғынбаған, абсолюттік рентаны теріске шығарып отырғанда ұғынуы мүмкін де емес. Осыдан келіп помещиктік жерді конфискелеу туралы мәселені өрескел сыңар жақтықпен, *«саясат құмарлықпен»*, дер едім мен, рентаны кім алады деген мәселеге айналдырушылық туады. Осыдан келіп «революцияның жеңіспен дамуын» (Стокгольм съезінде масловтық программаға қосылған тактикалық қарардың сөзі) көздеген программаның дөрекі *дуализмі* туады. Буржуазиялық революцияның *жеңіспен* дамуы ең алдымен феодализм мен орта ғасырлық монополия қалдықтарының қай-қайсысын болса да шынымен күлін көкке ұшыратын негізгі *экономикалық* өзгерістер жасалуын көздейді. Оның бер жағында, біз муниципализациядан нағыз *аграрлық биметаллизмді:* нағыз ескі, тозығы жетіп, дәурені өткен, орта ғасырлық, үлесті меншікті жерге жеке меншіктің жоқтығымен, яғни капиталистік қоғамдағы жер қатынастарының ең алдыңғы қатарлы, теория жүзінде мінсіз құрылысымен ұштастыруды көріп отырмыз. Бұл аграрлық биметаллизм — теория жағынан мағынасыздық, таза экономикалық тұрғыдан қарағанда болуы мүмкін емес нәрсе. Жерге жеке меншікті қоғамдық меншікпен қосу — адамның «ойдан шығарып» қалай болса солай қоса салғандығы; мұндай адам жерге жеке меншік бар кездегі мен жерге жеке меншік жоқ кездегі капиталистік шаруашылық укладының өзінен ешқандай айырмашылықты көрмейді. Мұндай «теоретик» үшін мәселе тек қана рентаны қалай болса солай сапырылыстыруда

болып отыр, «оны абсолюттік рента деп атадың не, дифференциалдық рента деп атадың не, оның бәрі бір».

Шынында капиталистік елде жердің жартысын (280 миллион десятина жердің 138 миллион десятинасын) жеке меншікте қалдыру мүмкін емес. Екінің бірі. Не жерге жеке меншікті экономикалық дамудың осы дәрежесі шын талап етеді, бұл капиталистік қожайындар табының жер жөніндегі негізгі мақсаттарына шын сәйкес келеді. Онда пәлендей бір типте қалыптасқан буржуазиялық қоғамның *негізі* ретінде жерге жеке меншік сөзсіз бәрінде де, барлық жерде де болады.

Не жерге жеке меншік капиталистік дамудың осы сатысында міндетті нәрсе емес, фермерлер табының мүдделерінен лажсыз тумайды, тіпті бұл мүдделерге қайшы келеді,— онда бұл меншікті оның ескірген түрінде сақтау мүмкін емес.

Егіншілік мәдениеті бар жердің бір бөлегінде монополияны сақтау, ұсақ қожайындардың бір разрядына артықшылық жасау, еркін-капиталистік қоғамда меншік иелері мен қоғамдық жердің арендаторларын ажырататын *«отырықшылықтың белгілерін»* мәңгілік ету — Масловтың экономикалық теориясының мағынасыздығымен тығыз байланысты мағынасыздық.

Сонымен, біз енді Маслов және оның жақтаушылары* кейінге ысырып тастаған национализацияның экономикалық маңызын қарастыруға кірісуіміз керек.

5. ЖЕРГЕ ЖЕКЕ МЕНШІКТІ КАПИТАЛИЗМНІҢ ДАМУЫ ТҰРҒЫСЫНАН СЫНАУ

Абсолюттік рентаны, жерге жеке меншікті капиталистік табыстар арқылы жүзеге асырудың осы формасын, қателесіп теріске шығару орыс революциясындағы аграрлық мәселе жөніндегі социал-демократиялық әдебиетті және бүкіл социал-демократиялық позицияны өте бір елеулі кемшілікке әкеліп соқтырды. Жерге жеке

* Бұл жақтаушыларға Стокгольмде Плеханов та қосылды. Ортодоксияның осы қатаңсымақ қорғаушысы Маркстің экономикалық теориясын Масловтың бұрмалағанын *байқамады немесе байқағысы келмеді,* тарихтың кекесіні осылай етті.

меншікті сынауды өз қолына алудың орнына, бұл сынды экономикалық талдаудың, белгілі бір экономикалық эволюция талдауының негізіне қоюдың орнына,— біздің социал-демократтар Масловтың соңынан еріп, бұл сынды халықшылдардың қолына берді. Бұл теория жүзінде марксизмнің қадірін барынша түсіру және оның революциядағы насихаттық міндеттерін бұрмалау болып шықты. Жерге жеке меншікті Думада сөйлеген сөздерде, насихат пен үгіт әдебиеттерінде және т. т. сынау *тек* халықшылдық, яғни мещандық, жалған социалистік тұрғыдан жүргізілді. Марксистер мәселені қарастыру ісіне тарихи элементті енгізу, дамып келе жатқан капиталистік қоғамдағы жерге жеке меншікке қарсы күрестің шын негіздеріне ұсақ буржуа көзқарасын (теңгермеліктің, әділдіктің және т. с. дерексіз идеясы) пролетариаттың көзқарасымен ауыстыру жөніндегі өз міндетін түсінбегендіктен, бұл ұсақ буржуазиялық идеологиядан шын ұйтқыны бөліп шығара алмады. Халықшыл жерге жеке меншікті теріске шығару капитализмді теріске шығарғандық болып табылады деп ойлайды. Бұл дұрыс емес. Жерге жеке меншікті теріске шығару нағыз таза капиталистік дамудың талаптарын білдіреді. Сондықтан жерге жеке меншікті капиталистік шаруашылық жағдайлары тұрғысынан сынаған Маркстің «ұмытылған сөздерін» марксистердің ойына салуымызға тура келеді.

Маркс мұндай сынды ірі жер иелігіне ғана емес, сонымен қатар ұсақ жер иелігіне де қарсы бағыттаған болатын. Ұсақ шаруаның жерге ерікті меншігі—белгілі бір тарихи жағдайларда егіншіліктегі ұсақ өндірістің қажетті серігі. А. Финнің осыны баса көрсетіп, Масловқа қарсы шығуы әбден дұрыс болды. Бірақ *тәжірибе* дәлелдеп отырған тарихи қажеттілікті бұлай мойындау марксистің жерге ұсақ меншікті жан-жақты бағалау міндетін жоққа шығармайды. Жерді сатып алу-сату еркіндігі болмайынша, мұндай меншіктің шын мәнісінде еркін болуы мүмкін емес. Жерге жеке меншік — жерді сатып алуға капитал жұмсалуы қажеттігі деген сөз. Бұл жөнінде Маркс «Капиталдың» III томында былай деп жазды: «Ұсақ егіншілік жерді еркін меншіктенумен байланысты болатын жерде ұсақ егіншіліктің айрықша

кемшіліктерінің бірі — егіншінің жер сатып алу үшін капитал жұмсауынан шығады» (III, 2, 342). «Капиталды жерді сатып алуға жұмсау бұл капиталды егіншіліктен алшақтатады» (ib.*, 341)[114].

«Жер сатып алу үшін ақша капиталын жұмсау әсте де егіншілік капиталын жұмсау болып табылмайды. Керісінше, ол ұсақ шаруалардың өз өндірісі саласында қолдануы мүмкін капиталдың тиісінше азаюын көрсетеді. Ол тиісінше олардың өндіріс құрал-жабдықтарының мөлшерін азайтады және сондықтан ұдайы өндірістің экономикалық базасын тарылтады. Ол ұсақ шаруаны өсімқорлыққа бағындырады, өйткені бұл салада нағыз кредиттік қатынастар тегі сирек кездеседі. Ол ірі помещиктік шаруашылықтарды сатып алған ретте де егіншілікке кедергі болып табылады. Ол шынында да капиталистік өндіріс әдісіне қарама-қайшы келеді, бұл өндіріс әдісі жер иесінің қарыздарлығына тегі немқұрайды қарайды, ол өзінің жер учаскесін мұрагерлікпен алды ма, әлде оны сатып алды ма, оның бәрібір» (344—345)[115].

Сонымен, жерді залогқа салу да, өсімқорлық та, капиталдың егіншілікке емін-еркін енуіне жерге жеке меншік туғызып отырған қиыншылықтарды, былайша айтқанда, капиталдың *орағытып өтуінің* формалары болып табылады. Капиталсыз товар өндірісі қоғамында шаруашылық жүргізуге болмайды. Мұны шаруаның да, оның идеологы халықшылдың да мойындамасқа амалы жоқ. Демек, капитал егіншілікке тура және тікелей жолмен еркін жұмсала ма, әлде өсімқор арқылы және кредит мекемесі арқылы жұмсала ма, мәселе осыған келіп тіреледі. Қазіргі қоғамда капиталдың толық үстемдік құруын бірсыпырасы мойындамайтын, бірсыпырасы жанына жағымсыз шындықты көрмеу үшін жалған үміттер мен қиялдардың пердесін көзіне жауып алған шаруалар мен халықшылдардың ойы сырттан келетін ақша жәрдеміне бағытталады. «Жалпы халықтық қордан жер алған және шаруашылыққа керекті заттардың бәрін алу үшін жеткілікті қаржысы жоқ адамдарға

* — ibidem — бұл да сонда, *Ред.*

мемлекет есебінен қарыз және жәрдем ақша түрінде көмек көрсетілуге тиіс»,— делінген 104-тің жер жөніндегі жобасының 15-параграфында. Әрине, жеңімпаз шаруа революциясы орыс егіншілігін қайта құрған кезде мұндай ақшалай көмек қажет те болған болар еді, оған күмәндануға болмайды. Каутский «Россиядағы аграрлық мәселе» деген еңбегінде мұны әбден әділ атап көрсетеді. Бірақ қазір бізде әңгіме бүкіл осы «ақшалай қарыздар мен жәрдемдердің» халықшыл байқамаған қоғамдық-экономикалық маңызының қандай екендігі жөнінде болып отыр. Мемлекет капиталистерден ақшаны алып беруде тек делдал болуы ғана мүмкін, бірақ оның өзі ақшаны тек капиталистерден ғана ала алады. Олай болса, мемлекеттік жәрдемді мүмкіндігінше өте жақсы ұйымдастырған кезде де капиталдың үстемдігі ешбір жойылмайды, сондықтан капиталды егіншілікке қолданудың ықтимал формалары қандай деген мәселе сол күйінде қала береді.

Ал бұл мәселе жерге жеке меншікті маркстік тұрғыдан сынатқызбай қоймайды. Бұл меншік капиталдың жерге еркін жұмсалуына *кедергі* жасайды. Не капиталдың осылай жұмсалуына толық еркіндік болуы керек,— онда жерге жеке меншік жойылады, яғни жер национализацияланады. Не жерге жеке меншіктің сақталуы керек,— онда капиталдың енуінің *орағытпа* формалары болады: помещик пен шаруа жерді залогқа салады, өсімқор шаруаны қанайды, жер капиталға ие болушы арендаторға беріледі.

«Ұсақ егіншілік тұсында,— дейді Маркс,— жер бағасы, жерге жеке меншіктің осы формасы және осындай меншіктің нәтижесі, осының өзі өндірісті шектеуші ретінде көрінеді. Ірі егіншілік кезінде және капиталистік шаруашылық тәсіліне негізделетін ірі жер меншігі кезінде меншік те шек қоюшы нәрсе болып табылады, өйткені ол фермердің капиталды өнімді жұмсауына қысым жасайды, ал капиталдың өнімді жұмсалуы сайып келгенде фермерге емес, жер иесіне тиімді болады». (346—347, 2. Teil, III. Band, «Das Kapital»)[116].

Олай болса, жерге жеке меншікті жою капиталды егіншілікке еркін қолдануға және капиталдың өндіріс-

тің бір саласынан екінші саласына буржуазиялық қоғамда мүмкін болған дәрежеде еркін өтуіне бөгет жасайтын кедергілердің бәрін және қандайын болса да барынша толық жою болып табылады. Капитализм дамуының еркіндігі, кең өрістілігі және тездігі, тап күресіне толық бостандық болуы, егіншілікті «азапты» өнеркәсіпке ұқсас ететін барлық керексіз делдалдардың құруы,— капиталистік өндірістің тұсында жерді национализациялау дегеніміз міне осы.

6. ЖЕРДІ НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ «АҚШАЛАЙ» РЕНТА

Бөлісті жақтаушы А. Финн қызықты экономикалық дәлел келтіріп, национализацияға қарсы шықты. Национализация да, муниципализация да — рентаны белгілі бір қоғамдық коллективке беру деген сөз, дейді ол. Бірақ мұнда әңгіме қандай рента туралы болып отыр деген сұрақ туады. Әңгіме капиталистік рента туралы емес, өйткені «шаруалар әдетте өзінің жерінен капиталистік мағынада рента алмайды» («Аграрлық мәселе және социал-демократия», 77-бет, 63-бетті салыстыр), әңгіме *капитализмге дейінгі* ақшалай рента туралы болып отыр.

Маркс ақшалай рента деп шаруаның помещикке бүкіл қосымша өнімді ақшалай төлеуін айтады. Шаруаның помещикке экономикалық тәуелділігінің алғашқы формасы — капитализмге дейінгі өндіріс әдістері тұсындағы жұмыспен өтеу рентасы (Arbeitsrente), яғни барщина, одан кейін өніммен төлеу немесе заттай рента және, ақырында, ақшалай рента. Бұл рента,— дейді А. Финн,— «бізде қазір де ең көп тараған рента» (63-бет).

Крепостниктік-кіріптарлық арендаың бізде өте-мөте көп тарағандығы және, Маркстің теориясы бойынша, мұндай аренданың тұсында шаруалар төлемдерінің едәуірі ақшалай рента болып табылатындығы күмәнсіз. Шаруалардан *мұндай* рентаны сығып алуға қандай күш мүмкіншілік береді? Буржуазияның және дамып келе жатқан капитализмнің күші ме? Мүлде олай емес. Крепостниктік латифундиялардың күші. Крепостниктік

латифундиялар талқандалатын болғандықтан,— ал бұл шаруалар аграрлық революциясының бастапқы пункті және негізгі шарты,— капитализмге дейінгі мағынасын да «ақшалай рента» туралы сөз қылуға тура келмейді. Олай болса, Финнің айтқан қарсылығының аграрлық революциялық төңкерістің тұсында шаруалардың үлесті жерлерін өзге жерлерден *бөліп шығарудың* мағынасыздығын тағы да бір баса көрсететін мәні ғана бар: өйткені үлесті жерлер көбінесе помещиктердің жерімен қоршаулы болады, өйткені шаруалар жері мен помещиктер жерінің арасын межелеудің *қазіргі* жағдайларынан кіріптарлық туады, ендеше бұлай межелеуді сақтап қалу *реакциялық* іс болады. *Ал муниципализацияның бөлістен де, национализациядан да айырмашылығы сол: ол бұл межені сақтап қалады.*

Ұсақ жер меншігінің болуы немесе, дұрысырағы, ұсақ шаруашылықтың болуы капиталистік рента туралы теорияның жалпы қағидаларына, әрине, белгілі бір өзгерістер енгізеді, бірақ бұл теорияны жойын жібермейді. Мәселен, Маркс егіншінің өз қажетін қанағаттандыруға қызмет ететін ұсақ егіншілік тұсында абсолюттік рента өзінің шын мағынасында әдетте болмайтындығын көрсетеді (III, 2, 339, 344)[117]. Бірақ товар шаруашылығы одан әрі дамыған сайын, экономикалық теорияның *барлық* қағидалары шаруа шаруашылығына да көп қолданыла бастайды, өйткені ол шаруашылық капиталистік дүние жағдайына түседі. Жерді национализациялаудың ешқандайы, жерді пайдаланудағы теңгермеліктің ешқандайы ауқатты шаруалардың қазірдің өзінде капиталистік жолмен қожалық етуін, Россияда толығынан қалыптасқан бұл құбылысты, жойып жібере алмайтындығын ұмытпау керек. Мен «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабымда, өткен ғасырдың 80 және 90-жылдарының мәліметтері бойынша, шаруа үйлерінің $^1/_5$ бөлігі шамасында шаруалардың егіншілік өндірісінің *жартысына жуығы* және *аренданың* анағұрлым үлкен үлесі бар екендігін, мұндай шаруалардың шаруашылығы енді қазірдің өзінде натуралды шаруашылықтан гөрі

көбінесе товар шаруашылығы болып,— ақырында, *бұл* шаруалардың батырақтар мен күндікшілердің миллиондаған контингентінсіз тұра алмайтындығын көрсеткенмін*. *Бұл* шаруаларда *капиталистік* рентаның элементтері алдын ала-ақ туып отыр. *Бұл* шаруалар өз мүдделерін жалдама еңбекті тоқтатуды да, «жерді социализациялауды» да «байыпты» теріске шығарып отырған, шаруаның бел алып келе жатқан шаруашылық дарашылдығы көзқарасын шын ниетімен жақтап отырған Пешехонов мырзалар арқылы білдіріп отыр. Егер біз халықшылдардың утопияларындағы реалды экономикалық жайттарды жалған идеологиядан дәл ажыратып бөліп алсақ, онда біз крепостниктік латифундияларды жоюдан — бөліс кезінде де, национализация кезінде де, муниципализация кезінде де — бәрінен де гөрі нақ буржуазиялық шаруалар пайда табатынын бірден көреміз. Сондай-ақ, мемлекеттен алынатын «қарыздар мен жәрдемдер» бәрінен де бұрын буржуазиялық шаруаның пайдасына түспей тұра алмайды. «Шаруалар аграрлық революциясы» дегеніміз — бүкіл жер иелігін нақ осы фермерлік шаруашылықтар прогресінің, гүлденуінің жағдайларына бағындыру, одан басқа еш нәрсе де емес.

Ақшалай рента — өтіп бара жатқан кешегі күн, ол құрымай тұра алмайды. Капиталистік рента — туып келе жатқан ертеңгі күн, ол ең кедей шаруаларды столыпиндік экспроприациялау кезінде де («87-статья бойынша»), өте бай помещиктерді шаруалардың экспроприациялауы кезінде де өрістемей тұра алмайды.

7. НАЦИОНАЛИЗАЦИЯ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА ЖҮЗЕГЕ АСА АЛАДЫ?

Марксистердің арасында капитализм «жер иелерін егіншіліктен ажыратуға» (аренда мен ипотека арқылы) толық жағдай жасап болып, капитализмнің дамуы жоғары дәрежеге жеткенде ғана национализациялауды жүзеге асыруға болады деген көзқарас жиі кездеседі. Ірі капиталистік егіншілік жерді национализациялаудың, рентаны жоятын және шаруашылық организмді

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 3-том, 138—141-беттер. *Ред.*

қозғамайтын национализациялаудың жүзеге асуынан бұрын қалыптасып *болуға* тиіс деп есептейді*.

Мұндай көзқарас дұрыс па? Теория жағынан оның дәлелденуі мүмкін емес; тура Маркске сілтеме жасау арқылы қуатталуы да мүмкін емес; тәжірибенің деректері қуаттаудан гөрі оған қарсы.

Теориялық жағынан национализация — капитализмнің егіншілікте «мінсіз» таза түрде дамуы. Жағдайлардың мұндай ұштасуының және капиталистік қоғамда национализация мүмкіндік беретін күштердің мұндай арасалмағының тарихта жиі жүзеге асатын-аспайтындығы туралы мәселе — екінші нәрсе. Бірақ ол капитализмнің тез дамуының нәтижесі ғана емес, сонымен қатар оның шарты да болып табылады. Национализация егіншілікте капитализмнің өте жоғары дамыған кезінде ғана мүмкін деп ойлау — *буржуазиялық* прогрестің шарасы ретінде, бәлкім, национализациялауды теріске шығару болып табылар, өйткені егіншілік капитализмінің жоғары дәрежеде өркендеуі «егіншілік өндірісін социализациялауды», яғни социалистік төңкеріс жасауды қазірдің өзінде-ақ барлық жерде де кезекке қойып отыр (және уақыты келгенде жаңа елдерде де кезекке қояды). Пролетариат пен буржуазияның таптық күресі қатты шиеленіскен кезде, буржуазиялық шара ретінде, буржуазиялық прогресс шарасының болуы мүмкін емес. Мұндай шара, басқалардан гөрі, «жас» буржуазиялық қоғамда, өзінің күштерін әлі өрістетпеген, өзінің қайшылықтарын ақырына дейін әлі өрістетпеген қоғамда, тікелей социалистік төңкеріске ұмтылатын күшті пролетариатты әлі туғызбаған қоғамда шындыққа жанасады. Сондықтан Маркс национализацияны 1848 жылы Германияда болған буржуазиялық революция заманында ғана емес, «индустриялық» дамуды *жаңа ғана бастап келе жатқанын* оның өзі сол кезде-ақ дәл көрсеткен Америка үшін де 1846 жылы қолдануға болады деп

---

* Бөлісті жақтаушы Борисов жолдастың осы көзқарасты нағыз дәл білдіруінің бірі мынау: «...Кейін оны (жерді национализациялауды талап етуді) тарих алға қояды, ұсақ буржуазиялық шаруашылық азып-тозған кезде, капитализм егіншілікте бекем позициялар алған кезде алға қояды, ал ол кезде Россия шаруалар елі болмайды» (Стокгольм съезі «Протоколдарының» 127-беті).

әсептеді, ал ішінара оны тіпті қуаттаған болатын. Әр түрлі капиталистік елдердің тәжірибесі бізге жерді национализациялаудың аз да болса таза түрде болғанын көрсетіп отырған жоқ. Біз осындай бір нәрсені егіншілік капитализмінің жоғары дәрежеде дамуы туралы сөз де болып отырмаған жас капиталистік демократиядан — Жаңа Зеландиядан көріп отырмыз. Америка мемлекеті гомстедтер туралы заң шығарып, жер учаскелерін ұсақ қожайындарға номинал рента алатын болып таратқан кезінде осындай бір нәрсе онда да болды.

Жоқ. Национализацияны жоғары дамыған капитализмнің заманына жатқызу буржуазиялық прогрестің шарасы ретінде национализацияны теріске шығару болып табылады. Ал бұлай теріске шығару экономикалық теорияға тура қайшы келеді. Менің ойымша, Маркс «Қосымша құн теорияларында» национализацияны жүзеге асырудың әдетте жұрттың ойлап жүргеніндей емес, *басқаша* жағдайларын мына пікірлерінде көрсетті.

Жер иеленуші — капиталистік өндіріс үшін мүлдем артық адам, егер жер мемлекеттікі болса, онда осы капиталистік өндіріс мақсатына «әбден жетеді» деп көрсете келіп, Маркс былай деп жалғастырады:

«Сондықтан радикал буржуа жерге жеке меншікті теория жүзінде теріске шығарады... Алайда практика жүзінде оның батылдығы жетпейді, өйткені меншіктің бір формасына шабуыл жасау, еңбек жағдайларына жеке меншік формасына шабуыл жасау басқа форма үшін де өте қауіпті болар еді. Оның үстіне, буржуа өзін өзі жерге орнықтырды» («Theorien über den Mehrwert», II. Band, 1. Teil, S. 208) [118].

Маркс бұл арада егіншілікте капитализмнің дамып жетпегендігін национализацияны жүзеге асырудың кедергісі деп көрсетпейді. Ол басқа *екі* кедергіні, *буржуазиялық революция* заманында национализацияны жүзеге асыруға болады деген пікірдің пайдасына шығатын *екі* кедергіні көрсетеді.

Бірінші кедергі: жеке меншік атаулыға социалистік шабуыл жасау, яғни социалистік төңкеріс қаупі болғандықтан, радикал буржуаның жерге жеке меншікке шабуыл жасауға *батылы бармайды.*

Екінші кедергі: «буржуа өзін өзі жерге орнықтырды». Маркс, тегінде, нақ буржуазиялық өндіріс әдісі өзін жерге жеке меншікке қазірдің өзінде нығайтып болғанын, яғни осы жеке меншіктің феодалдық жеке меншік болудан гөрі буржуазиялық жеке меншік болғандығын айтып отыр. Буржуазия, тап ретінде, кең, басым мөлшерде өзін жер иелігімен байланыстырып *болып* отырғанда, «өзін өзі жерге орнықтырып» *болып* отырғанда, «жерге қоныстанып» отырғанда, жер иелігін өзіне әбден бағындырып болып отырғанда,— міне бұл кезде буржуазияның национализацияны жақтаған нағыз *қоғамдық* қозғалысы болуы *мүмкін емес*. Мүмкін болмауының жай ғана бір себебі: ешқандай тап өзіне өзі қарсы шықпайды.

Бұл екі кедергіні, жалпы айтқанда, аяқталып келе жатқан капитализм заманында емес, басталып келе жатқан капитализм заманында *ғана* жоюға болады, социалистік революция қарсаңында емес, *буржуазиялық* революция заманында жоюға болады. Национализацияны жоғары дамыған капитализм тұсында ғана жүзеге асыруға болады деген пікірдің маркстік пікір деп аталуы мүмкін емес. Ол пікір Маркс теориясының жалпы қағидаларына да, жоғарыда келтірген оның сөздеріне де қайшы келеді. Ол пікір белгілі бір күштер мен таптардың жүргізетін шаралары ретіндегі национализацияның тарихи-нақты жағдайы туралы мәселені схемалық және мағынасыз абстракция дәрежесіне дейін *төмендетіп* жібереді.

«Радикал буржуа» күшті дамыған капитализм заманында *батыл бола алмайды*. Мұндай заманда бұл буржуаның көпшілігі контрреволюцияшыл болатыны сөзсіз. Мұндай заманда буржуазияның толық дерлік «жерге орналасуы» сөзсіз. Мұның керісінше, буржуазиялық революция заманында *объективті* жағдайлар «радикал буржуаны» батыл болуға мәжбүр етеді, өйткені ол сол заманның тарихи міндетін шеше отырып, тап ретінде, әзірге *пролетарлық* революциядан қорқа алмайды. Буржуазиялық революция заманында буржуазия *өзін әлі де болса жерге орнықтырып болмайды:* мұндай заманда жер иеленуде феодализм әлі

де болса күшті болады. Буржуазиялық егіншілердің, фермерлердің, *көпшілігі* жер иеленудің *басты* формаларына қарсы күресуі, сондықтан да *толық* буржуазиялық түрде «жерді азат етуді», *яғни национализациялауды* практика жүзінде жүзеге асыруға кірісуі мүмкін болып табылады.

Осылардың барлығы жағынан орыстың буржуазиялық революциясы ерекше қолайлы жағдайларда болып отыр. Таза экономикалық тұрғыдан пайымдағанда, біз орыс жер иелігінде, помещиктік иелікте де, шаруаның үлесті жер иелігінде де, феодализмнің көп қалдықтарының барлығын сөзсіз мойындауға тиістіміз. Мұндай жағдайларда өнеркәсіпте капитализмнің біршама күшті дамуы мен деревняның сұмдық артта қалуы арасындағы қайшылық мейлінше шиеленіскен қайшылық бола бастайды, сөйтіп объективті себептерден келіп, буржуазиялық революцияның өте-мөте тереңдеуіне, егіншілік прогресінің неғұрлым тездетілуіне жағдайлар жасауға итермелейді. Жерді национализациялау біздің егіншілігімізде капиталистік прогрестің неғұрлым тездеуіне нақ керекті жағдай болып табылады. Біздің Россияда өзін әлі «жерге орнықтырмаған», қазіргі кезде пролетарлық «шабуылдан» қорқа қоймайтын «радикал буржуа» бар. Бұл радикал буржуа — орыс шаруасы.

Жоғарыда көрсетілген тұрғыдан қарағанда, орыстың либерал буржуа бұқарасы мен орыстың шаруалар бұқарасының жерді национализациялауға түрліше қарауы әбден түсінікті. Либерал помещик, адвокат, ірі өнеркәсіпші, көпес — бұлардың бәрі әбден жеткілікті түрде «жерге орнығып» болды. Олар пролетарлық шабуылдан қорықпай отыра алмайды. Олар столыпиндік-кадеттік жолды артық көрмей отыра алмайды. Тек ойлап қараңдаршы, «шаруа» банкінің қорқып қалған помещиктерге үлестіріп жатқан миллиондаған сом ақшасы қазір помещиктерге, чиновниктерге, адвокаттарға, көпестерге алтын өзендей ағылып құйылып жатыр! Кадеттік «құнын төлеп алу» жағдайында бұл алтын өзеннің ағыны сәл басқа жаққа бұрылған болар еді, мүмкін, онша мол болмас та еді, бірақ, дегенмен, ол алтын

өзен жүздеген миллион сомдап құралар еді де, сол баяғы бір адамдардың қолдарына түскен болар еді.

Жер иелігінің *барлық* ескі формаларын революциялық жолмен құртудан чиновникке де, адвокатқа да көк тиын тимеуі мүмкін. Ал көпес — оның көпшілігі — мәселеге алыстан қарай алмайды, мужиктердің ішкі рыногының болашақта кеңеюінен гөрі бариннен бірдеңені тез арада қағып қалу мүмкіншілігін артық көреді. Жер иелігін толығынан жаңарту ескі Россия көрге тықпақшы болып жатқан шаруаның ғана қолынан келеді.

8. НАЦИОНАЛИЗАЦИЯ — БӨЛІСКЕ КӨШУ МЕ?

Егер национализацияға бәрінен де гөрі буржуазиялық революция заманында жүзеге асыруға болатын шара деп қарайтын болсақ, онда мұндай көзқарас национализацияның жай бөліске көшу ғана болып шығуы мүмкін деген ойға әкеліп соқтырмай қоймайды. Шаруалар бұқарасын национализация жасауға ұмтылдырып отырған нақты экономикалық қажеттілік — жер иелігінің барлық ескі қатынастарын негізінен жаңартудың, барлық жерді «тазартудың», ол жерлерді жаңа, фермерлік шаруашылыққа жаңадан бейімдеудің қажеттілігі. Олай болатын болса, *барлық* жер иелігін жаңартқан, жаңаға бейімделген фермерлердің жер жөніндегі осы *жаңа* тәртіптерді *нығайтуды*, яғни өздерінің мемлекеттен арендаға алған учаскелерін өз меншіктеріне айналдыруды талап ете алатыны айқын.

Иә, бұл ешқандай талас туғызбайды. Біз национализацияны құр қиялдан шығармаймыз, нақты заманның нақты мүдделерін нақты есепке алудан шығарамыз. Сондықтан, әлбетте, ұсақ қожайындар бұқарасын «идеалистер» деп есептеу күлкілі болған болар еді, ұсақ қожайындар бұқарасының мүдделері бөлісті талап етіп отырғанда, олар жерді бөліске салмайды деп ойлау күлкілі болған болар еді. Олай болса, біз 1) олардың мүдделері бөлісті талап ете ала ма, 2) қандай жағдайларда талап етеді және 3) бұл пролетарлық

аграрлық программаға қалай әсер етуге тиіс деген мәселені қарастыруға тиістіміз.

Біз бірінші сұраққа қазірдің өзінде мақұлдап жауап бердік. Екіншісіне қазіргі кезде үзілді-кесілді жауап беруге болмайды. Бөліс революциялық национализациялау дәуірінен кейін, жер иелігінің капитализм қойған талаптарға сәйкес келетіп жаңа қатынастарын барынша мүмкін дәрежеде нығайтуға ұмтылудан тууы мүмкін. Бөліс *сол* жер иелерінің өз табыстарын қалған қоғамның есебінен арттыруға ұмтылуынан тууы мүмкін. Бөліс, ақыр аяғында, пролетариатты және жартылай пролетарлық топтарды «тыныштандыруға» (немесе, түсінікті етіп айтқанда, тұншықтыруға) ұмтылудан тууы мүмкін, ал бұл пролетариат пен жартылай пролетарлық топтар үшін жерді национализациялау бүкіл қоғамдық өндірісті социализациялауға «құштарландыратын» элемент болады. Осы үш мүмкіндіктің бәрі келіп бір экономикалық негізге тіреледі, өйткені жаңа фермерлердің жаңа капиталистік жер иелігін нығайтудан өзінен-өзі келіп пролетариатқа қарсы ниет те, меншікке праволы болу түрінде *өзіне* жаңа артықшылық алуға ұмтылушылық та туады. Демек, мәселе нақ осы шаруашылық жағынан нығаюға келіп тіреледі. Ірі егіншіліктің артықшылығын күшейтетін және ұсақ фермерлік участкелерді ірі участкелерге «топтастырудың» үнемі оңайлай беруін талап ететін капитализм дамуы бұған үнемі қарсы әсер етіп отырады. Россияның отарлық қоры бұған уақытша қарсы әсер етеді: жаңа шаруашылықты нығайту — егіншілік техникасын көтеру деген сөз. Ал біз егіншілік техникасының алға басқан әрбір қадамы Россия үшін оның отарлық қорынан жаңа жерлер «аша түсетінін» бұдан бұрын көрсеткен болатынбыз.

Өзіміз алға қойған екінші мәселені талдап шыққаннан кейін, мынадай қорытынды жасауға тура келеді: жаңа фермерлердің бөлісті талап етуі *барлық* қарсы қимыл жасайтын ықпалдарды қандай жағдайларда жеңіп шығатынын дәл болжап айтуға болмайды. Капитализмнің онан әрі дамуы мұндай жағдайларды бур-

жуазиялық революциядан кейін туғызбай қоймайтынымен санасу қажет.

Оның есесіне, соңғы сұраққа, жаңа фермерлердің бөлісті талап ету мүмкіндігіне жұмысшы партиясының қалай қарайтыны туралы сұраққа әбден үзілді-кесілді жауап беруге болады. Жауынгер буржуазия феодализмге қарсы нағыз революциялық күрес жүргізіп отырғанда, пролетариат оны қолдай алады және қолдауға міндетті. Бірақ тынышталуға айналған буржуазияны жақтау — пролетариаттың ісі емес. Егер Россияда жеңімпаз буржуазиялық революцияның жерді национализациялаусыз мүмкін еместігі күмәнсыз болса, кейіннен бөліске қарай бет бұрыстың кейбір «жаңғырусыз», шаруалардың (дұрысырағы, болжамды қатынастар тұрғысынан алғанда: фермерлердің) контрреволюция жағына бет бұруынсыз мүмкін еместігі тіпті одан да күмәнсыз. Пролетариат бұл сияқты талаптарға көмектеспейді, қайта ол мұндай талаптардың бәріне қарсы революциялық дәстүрді қуаттайды.

Жаңа фермерлер бөліске бет бұра қалса, национализациялау елеулі маңызы жоқ, өткінші бір құбылыс болып қалады деп ойлау қайткенде де үлкен қате болған болар еді. Қайткен күнде де национализациялаудың материалдық та, моральдық та зор маңызы болар еді. Материалдық маңызы — Россиядағы орта ғасырлық қалдықтарды толығынан құртуды, азиаттыққа батып, жартылай шіріген деревняны толығынан жаңартуды, агрикультуралық прогресті тез алға бастыруды национализациялаудан басқа еш нәрсенің жүзеге асыра алмайтындығында. Революцияда аграрлық мәселені басқаша шешудің қандайы болса да бұдан былайғы экономикалық дамуға қолайлылығы аздау негіздер туғызады.

Революция заманында национализациялаудың моральдық маңызы мынада: пролетариат «жеке меншіктің бір формасына» соққы беруге жәрдемдеседі, ал бұл соққының жаңғырығы бүкіл дүние жүзінде естілмей қалмайды. Пролетариат нағыз дәйекті және нағыз батыл буржуазиялық төңкерісті, капиталистік дамудың нағыз қолайлы жағдайларын жақтайды, сөйтіп жарты-

кештің, енжарлықтың, тұрлаусыздықтың, кереңаулықтың бәріне — буржуазияның көрсетпей отыра алмайтын қасиеттеріне неғұрлым табысты түрде қарсы қимыл жасайды.

IV ТАРАУ

АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММА МӘСЕЛЕЛЕРІНДЕГІ САЯСИ ЖӘНЕ ТАКТИКАЛЫҚ ПІКІРЛЕР

Жоғарыда айтып өткендей, нақ осындай пікірлер аграрлық программа туралы біздің партиялық таластарымызда басқалардан гөрі анағұрлым көп орын алып отыр. Біздің міндетіміз — аграрлық төңкерістің экономикалық негіздерімен түрлі саяси шаралардың (және көзқарастардың) арасалмағын көрсете отырып, мұндай пікірлерді мүмкін қадарынша неғұрлым жүйелі түрде қысқаша қарап өту.

1. «РЕСТАВРАЦИЯ БОЛМАУЫНА КЕПІЛДІК ЖАСАУ»

Стокгольм съезі туралы «Баяндамамда» мен, жарыс сөздерді есіме түсіре отырып, осы дәлелді * талдап едім. Енді бізде протоколдардың дәл тексті бар.

Стокгольм съезінде Плеханов көтеріңкі дауыспен: «Менің позициямның түйіні — реставрацияның болу мүмкіндігін көрсетуде болып отыр» (115) деді. Бұл түйінмен жақынырақ танысып көрейік. Плеханов бірінші сөзінде бұл түйін жөнінде бірінші рет былай деді:

«Ленин «біз национализацияны зиянсыз етеміз» деиді, бірақ национализацияны зиянсыз ету үшін реставрацияның болмауына кепілдік табу керек; бірақ ондай кепілдік жоқ, болуы да мүмкін емес. Францияның тарихын естеріңізге түсіріп қараңыздаршы; Англияның тарихын естеріңізге түсіріп қараңыздаршы; бұл елдердің әрқайсысында революцияның кең етек алуынан соң іле-шала реставрация болып отырды. Бұл бізде де болуы мүмкін; сондықтан біздің программамыз жүзеге

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 14—25-беттер. *Ред.*

аса қалған күнде реставрация тигізуі мүмкін зиянды барынша азайта алатындай болуы керек. Біздің программа патша өкіметінің экономикалық негізін жоюы керек; ал жерді национализациялау революциялық дәуірде бұл негізді жоймайды. Сондықтан мен национализациялау талабын антиреволюциялық талап деп есептеймін» (44). «Патша өкіметінің» осы «экономикалық негізі» қандай, бұл туралы Плеханов сол сөйлеген сөзінде былай дейді: «Бізде істің жайы мынадай болды: жерді егіншілерімен қоса мемлекет басыбайлы иемденіп алды, сөйтіп осы басыбайлы иемденіп алудың негізінде орыс деспотизмі өршіді. Деспотизмді тасталқап ету үшін оның экономикалық негізін жою керек. Сондықтан мен қазір национализациялауға қарсымын» (44).

Әуелі *реставрация* туралы осы пікірдің *логикасына* қарап көріңіздер. Бірінші: «реставрацияның болмауына кепілдік жоқ, болуы да мүмкін емес!» Екінші: «реставрация тигізуі мүмкін зиянды барынша азайту» керек. Басқаша айтқанда, реставрацияның болмауына кепілдік болмаса да, мұндай кепілдікті *ойлап шығару керек!* Сөйтіп, келесі 45-бетте (сол сөзінде) Плеханов мұндай кепілдікті біржолата ойлап шығарады: «Реставрация бола қалған күнде,— дейді ол турадан-тура,— ол (муниципализация) жерді ескі тәртіптің саяси өкілдерінің қолына (тыңдаңыздар!) бермейді». Мұндай кепілдіктің «болуы мүмкін емес» болса да, реставрацияның болмауына кепілдік табылып отыр. Сиқыр тамаша орындалды, ал меньшевиктік баспасөз бұл сиқыршының ептілігіне мәз-майрам болуда.

Плеханов сөйлеген уақытта, ол бірде мысқылдап, бірде қалжыңдап, айқайлап, саңғырлап, бірде фейерверктің дөңгелегіндей шыр көбелек айналып, жалтжұлт етеді. Бірақ, егер мұндай шешен өзінің сөзін дәл жазып алып, соңынан ақылға салып талдап көрсе, оның жаман жақтары сонда сезіледі.

Реставрация дегеніміз не? Мемлекеттік өкімет билігінің ескі тәртіптің саяси өкілдерінің қолына көшуі. Мұндай реставрациядан кепілдік болуы мүмкін бе? Жоқ, кепілдік болуы мүмкін емес. *Сондықтан* біз *мына-*

дай кепілдікті: «жерді бермейтін» муниципализацияны ойлап шығарамыз... Одан соң: муниципализацияның «жерді бермеуге» істейтін бөгеті неде? деген сұрақ қояйық. Ол бөгет — революциялық парламент шығарған және пәлендей жерлерді (бұрынғы помещиктік және өзге жерлерді) облыстық сеймдердің *меншігі* деп жариялайтын заңда ғана. Ал заң дегеніміз не? Жеңіп шыққан және мемлекеттік өкімет билігін өз қолында ұстап отырған таптардың еркін білдіргендік.

Мемлекеттік өкімет билігі «ескі тәртіптің өкілдеріне» көшкенде, мұндай заң *оларға* «жерді бермейді» деген нәрсе енді сіздерге түсінікті ме?

— Міне осы адам айтқысыз ақымақтықты социал-демократтар Стокгольм съезінен кейін де уағыздады, керек десе оны Дума трибунасынан да уағыздады! *

Осы атышулы «реставрацияның болмауына кепілдік жасау» мәселесінің мәні жөнінде мынаны ескертуге тура келеді. Реставрацияның болмауына біздің қолымызда кепілдік болуы мүмкін емес болғандықтан, бұл мәселені аграрлық программаға байланысты көтеру — тыңдаушылардың назарын *басқа жаққа аударғандық, олардың ой-пікірін адастырғандық*, айтысты шатастырғандық болады. Өз тілегімізше Батыста социалистік төңкеріс туғызу,—Россияда реставрацияны болдырмайтын осы бірден-бір шын кепілдікті туғызу біздің қолымыздан келмейді. Ал біршама және шартты «кепілдік» дегеніміз, басқаша айтқанда, реставрацияға мүмкіндігінше үлкен *қиындық келтіру* дегеніміз, Россияда революциялық төңкерісті мүмкін қадарынша неғұрлым терең, дәйекті, батыл жүргізу болып табылады. Революция неғұрлым тереңдей түссе, ескінің реставрациялануы соғұрлым қиын болады, реставрация болған күннің өзінде де соғұрлым көп қалады. Революция ескі негізді неғұрлым терең қопарса, реставрацияның болуы соғұрлым қиындай түседі. Саяси жағынан алсақ, демократиялық жергілікті өзін өзі басқаруға қарағанда демократиялық республика анағұрлым терең төңкеріс болып табылады, демократиялық республика халықтың

* Церетелидің 1907 ж. 26 майда сөйлеген сөзі, екінші Думаның стенографиялық есебінің 1234-беті.

қалың бұқарасының зор революциялық жігерін, саналылығын, ұйымшылдығын керек қылады (және ол мұны өрістетеді), демократиялық республика түбірімен құрту анағұрлым қиынға түсетін дәстүрлерді қалдырады. Сондықтан осы замандағы социал-демократтар, барлық реставрацияларга қарамастан, мәселен, француз революциясының ұлы жемістерін бағалайды,— монархия тұсындағы демократиялық земстволарды «реставрацияның болмауына кепілдік» деп артық көретін кадеттерден (және кадеттенуші социал-демократтардан?) олардың айырмасы да осы.

Экономикалық жағынан алып қарағанда буржуазиялық аграрлық төңкерістің тұсында национализация бәрінен де ілгері барады, өйткені ол орта ғасырлық жер иелігінің *бәрін де* тас-талқан етеді. *Енді* шаруа өзінің алақандай үлесті жерінде, арендага алган алақандай үлесті жерде, помещиктен арендаға алған алақандай жерде қожалық етеді және т. т. Национализация жер иелігіндегі бөгеттердің *бәрін* бұзуға барынша мүмкіншілік береді және барлық жерді капитализмнің талаптарына сай келетін *жаңа шаруашылық* үшін «тазартып» беруге мүмкіншілік туғызады. Әрине, мұндай тазартуда да ескінің қайтып оралмауына кепілдік жоқ —«реставрацияның болмауына» осындай «кепілдік» жасаймыз деп халыққа уәде беру дүмшелік болар еді. Ескі *жер иелігін* осылайша тазартқанда жаңа *шаруашылық* соншама нығаяды — онда ескі жер иелігіне қайта оралу барынша қиындайды, өйткені капитализмнің дамуын ешбір күшпен тоқтатуға *болмайды*. Ал муниципализация тұсында ескі жер иелігіне қайта оралу *оңайланады*, өйткені муниципализация «отырықшылық белгісін», орта ғасырлық жер иелігін жаңа, муниципализацияланған жер иелігінен ажырататын межені *мәңгілік етіп қалдырады*. Национализациядан соң ескі жер иелігін қайта орнату үшін реставрация миллиондаған жаңа, капиталистік (фермерлік) шаруашылықтарды қиратуға тиіс. Муниципализациядан соң реставрацияға ешбір шаруашылықты қиратудың керегі жоқ болады, жаңадан ешбір меже айырудың керегі жоқ болады,— дәл айтқанда Х «муниципияның» жер-

лерін Y, Z және сол сияқты ақсүйек помещиктердің меншігіне *беруге қосатын* қағаз жаза салса болғаны немесе «муниципализацияланған» жерлерден түсетін рентаны помещиктерге берсе болғаны.

Енді Плехановтың реставрация туралы мәселедегі логикалық қатесінен, саяси ұғымдарды шатастырғандығынан реставрацияның экономикалық мәніне көшейік. Стокгольм съезінің «Протоколдары» менің «Баяндамамда» айтқан: Плеханов капитализм негізінде болған француз реставрациясын «біздің жартылай азаттық ескі тәртіптің» реставрациясымен жөнсіз шатастырып отыр деген сөздерімді толық растады (Стокгольм съезі «Протоколдарының» 116-беті). Сондықтан менің бұл мәселе жөнінде «Баяндамамда» айтылған сөздерге бірдеңе қосуымның қажеті жоқ. «Деспотизмнің экономикалық негізін жою» жөнінде ғана тоқталып өтелік. Плехановтың сөйлеген сөзінің осыған қатысы бар ең маңызды жері мынау:

«Реставрация» (Франциядағы) «феодализмнің қалдықтарын қайта орнатпады, бұл дұрыс, бірақ бізде осы қалдықтарға — біздегі жер мен егіншінің баяғыдан-ақ мемлекеттің басыбайлы иемденуіне берілгендігі, жерді ескі өзінше бір ерекше национализациялауымыз сәйкес келеді. Біздегі реставрацияға бұл национализацияны (sic!) қайта орнату тіптен жеңіл болатын себебі, сіздердің өздеріңіз жерді национализациялауды талап етіп отырсыздар, сіздер біздегі жартылай азиаттық ескі тәртіптің осы мұрасына қол сұқпай қалдырып отырсыздар» (116).

Сонымен, *осы,* яғни жартылай азиаттық национализацияны қайта орнату реставрацияға «оңай болмақ», өйткені Ленин (және шаруалар) *қазір* национализацияны талап етіп отыр! Бұл не? Тарихи-материалистік талдау ма, әлде таза рационалистік «сөзбен ойнау» ма? * Жартылай азиаттық тәртіптердің қайта орнауын «национализация» деген *сөз* оңайлата ма, әлде белгілі *экономикалық өзгерістер* оңайлата ма? Егер Плеханов осыны ойланып қараған болса, ол муниципализация мен бөліс азиатшылдық негізінің *бірі* болған орта ғасырлық помещиктік жер иелігін жоятынын, бірақ азиатшылдықтың екінші негізі болған орта ғасырлық

* Шмидт жолдас Стокгольмде, «Протоколдар», 122-бет.

үлесті жер иелігін қалдыратынын көрер еді. Олай болса, істің *мәнісіне* қарағанда, төңкерістің *экономикалық мәнісіне* қарағанда (оны белгілі бір терминмен көрсетуге қарай емес) нақ национализация азиатшылдықтың *экономикалық* негіздерін *анағұрлым тыңғылықты түрде* жояды. Плехановтың «сиқырының» мәнісі мынау — ол *осы* жер иелігінің *екі* түрінен: үлесті түрі мен помещиктік түрінен аттап өтіп, орта ғасырлық, тәуелді, алым төлейтін, қызметпен өтелетін *жер иелігін* «өзінше бір ерекше национализация» деп атады. Сөздердің мағынасын осылайша бұзып қолданғандықтан, нақты тарихи мәселе — белгілі бір аграрлық шара орта ғасырлық жер иелігінің қандай түрлерін жоя алады деген мәселе *елеусіз* қалып қойды. Плехановтың фейерверкінің қолданған әдістері тым-ақ олақ!

Плехановтың реставрация туралы мәселедегі осы сияқты, ақылға сыйымсыз дерлік, барлық шатасушылығының шын себебі екі жағдайда болып отыр. Біріншіден, «шаруалардың аграрлық революциясын» сөз қыла отырып, Плеханов оның *капиталистік* эволюция ретіндегі айрықшалығын мүлдем түсінбеді. Ол халықшылдықты, *капиталистік емес* эволюцияның мүмкіндігі туралы ғылымды *капиталистік* аграрлық эволюцияның *екі* түрі болуы мүмкін деген маркстік көзқараспен шатастырады. Плехановтың «шаруалар революциясынан қорқа» соғатыны (бұл жөнінде мен оған Стокгольмде айтқанмын, 106—107-беттер*) үнемі біліпіп тұрады, экономика жағынан бұл революция американдық фермерлікке апармай, орта ғасырлық басыбайлылыққа апаратын реакциялық болып шықпас па екен деп қорқа соғатындығы үнемі біліпіп тұрады. Шындығына келгенде мұның өзі экономика жағынан мүмкін емес. Бұған дәлел — шаруалар реформасы және одан кейін болған эволюцияның аяқ алысы. Шаруалар реформасында феодализмнің (помещиктік феодализмнің де, Плехановтан соң Стокгольмде Мартынов сөз қылған «мемлекеттік феодализмнің» де) қабыршағы өте мықты. Бірақ экономикалық эволюция күштірек болып

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 385—387-беттер. *Ред.*

шықты және осы феодалдық қабыршақты *капиталистік* мазмұнмен толтырды. Орта ғасырлық жер иелігінің бөгетіне қарамастан, адам айтқысыз баяу түрде болса да, шаруалардың да, помещиктердің де шаруашылығы *буржуазиялық жолмен* дамыды. Егер Плехановтың азиатшылдыққа қайта оралудан қорқуы орынды болса, онда мемлекеттік шаруалардың жер иелігі (80-жылдарға дейін) немесе бұрынғы мемлекеттік шаруалардың жер иелігі (80-жылдардан кейін) «мемлекеттік феодализмнің» ең таза типі болып кетуі тиіс еді. Ал іс жүзінде әлгі жер иелігі помещиктік жер иелігінен анағұрлым ерікті болып шықты, өйткені XIX ғасырдың екінші жартысында-ақ феодалдық қанау мүмкін болмай қалды. «Көп жерлі»* мемлекеттік шаруалардың ішінде кіріптарлық онша етек ала қойған жоқ, шаруа буржуазиясы тезірек дамыды. Россияда қазір не пруссиялық, юнкерлік типтегі баяу, азапты буржуазиялық эволюция болуы мүмкін, не американдық типтегі — тез жүргізілетін, еркін буржуазиялық эволюция болуы мүмкін. Басқаның бәрі — құр елес.

Кейбір жолдастардың басын «реставрациялық боткамен» шатыған екінші себеп — 1906 жылғы көктемде жағдайдың екі ұшты болғандығы. Шаруалар өзін бұқара ретінде әлі біржолата көрсеткен жоқ еді. Шаруалар қозғалысын да, Шаруалар одағын да шаруалардың басым көпшілігінің шын талпынуының ақтық көрінісі емес деп жоруға болатын еді. Самодержавиелік бюрократия мен Витте әлі де болса «бос белбеулер құтқарады» (Виттенің «Русское Государство» деген органының 1906 жылғы көктемде шығарған қанатты сөзі), яғни шаруа оңға ойысады деген үміттен біржолата күдер үзбеген еді. 1905 ж. 11 декабрьдегі заң бойынша шаруалар өкілдігінің соншама күшті болуы да осыдан. Шаруалардың: «бүкіл жер бариндікі болғанша, патшанікі болғаны жақсы» деген идеясы негізінде самодержавиенің әйтеуір бір авантюра жасауы социал-демо-

---

* Біздің бұрынғы мемлекеттік шаруалар, әлбетте, бұрынғы помещиктік шаруаларға қарағанда ғана «көп жерлі» болып отыр. 1905 жылдың статистикасына қарағанда алғашқыларының үй басына 12,5 десятинадан, екіншілерінің үй басына 6,7 десятинадан үлесті жері болған.

краттардың бірсыпырасына ол кезде әлі мүмкін сияқты болып көрінгенді. Бірақ екі Дума, 1907 ж. 3 июньдегі заң және Столыпиннің аграрлық заңдары жұрттың бәрінің де көзін ашуға тиіс болды. Самодержавиенің қорғап қалуға мүмкін нәрселерді қорғап қалу үшін жерге жеке меншік болуының пайдасын көздеп, қауымды күшпен бұзуына тура келді, басқаша айтқанда контрреволюцияны шаруалардың национализация туралы айтып жүрген күңгірт сөздеріне (жер — «қауымдық» дейтін және т. с. сөздеріне) негіздемей, помещиктердің билігін сақтап қалудың *бірден-бір* ықтимал *экономикалық* негізі болатын, пруссиялық үлгідегі *капиталистік* эволюцияға негіздеуіне тура келді.

Енді жағдай әбден анықталды, сондықтан жерге жеке меншік болуына қарсы шаруалар қозғалысының негізінде «азиаттық» реставрация болады деп қорқа соғуды архивке өткізетін мезгіл жетті*.

2. ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН ӨЗІ БАСҚАРУ — «РЕАКЦИЯҒА ҚАРСЫ ТІРЕК»

«...Иелігінде жері бар қоғамдық өзін өзі басқару органдарында ол (муниципализация) реакцияға қарсы тірек жасайды,— деді Плеханов Стокгольмде.— Бұл өте күшті тірек болады. Біздің казактарды алыңыздар» (45)... Біз қазір «біздің казактарды алып», оларды дәлелге алудың қандай маңызы бар екендігін қарап өтеміз. Бірақ алдымен жергілікті өзін өзі басқару реакцияға қарсы тірек бола алады дейтін көзқарастың жалпы негіздерін талдап өтейік. Бұл көзқарасты біздің муниципалистер сансыз көп рет айтқан болатын, сондықтан, Плехановтың тұжырымынан басқа, Джонның сөзінен тағы бір цитат келтірсек, соның өзі жеткілікті болады: «Егер біз национализацияның да, муниципализацияның да іске асатынын және бұлардың екеуінің де саяси құрылысты демократияландырумен бірдей байланысты екенін мойындайтын болсақ, онда

* Мен бұл жерде, реставрация болады деп қорқыту буржуазияның пролетариатқа қарсы жұмсайтын саяси құралы екендігін айтып тұрмаймын, өйткені бұл тақырыпқа қатысты нәрселердің бәрі «Баяндаманың» өзінде-ақ айтылған болатын. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 23—24-беттер. *Ред.*)

жерді национализациялау мен муниципализациялаудың арасында қандай айырмашылық бар? Айырмашылық сол — муниципализация революцияның жеңістерін, демократиялық құрылысты жақсырақ баянды етеді, сөйтіп оның одан әрі дамуының негізі болады, ал национализация тек болғаны мемлекеттік өкіметті нығайтады» (112).

Шынында меньшевиктер реставрацияның болмауына кепілдік мүмкіндігін жоққа шығарады, ал соңынан барып, жұрттың көз алдында, қанжар жұтатын сиқыршыларға ұқсап, «кепілдіктер» мен «тіректерді» қолдан жасап шығарады. Аз да болса ойлап қарандаршы, мырзалар, жергілікті өзін-өзі басқару қалайша реакцияға қарсы тірек бола алады екен немесе революцияның жеңістерін қалайша баянды ете алады екен! Тек бір-ақ нәрсе — пролетариат пен шаруалар бұқарасының сапалылығы мен ұйымшылдығы ғана реакцияға қарсы тірек болады және жеңістерді баянды ете алады. Ал бюрократияның дегенімен орталықтанбай, экономикалық дамудың жеңілмейтін талаптарының күшімен орталықтанған капиталистік мемлекеттегі бұл ұйымшылдық бүкіл мемлекет көлемінде бірыңғай күшке біріккен болуы тиіс. Шаруалардың бір орталыққа бағындырылған қозғалысы болмаса, бір орталыққа бағынған пролетариаттың соңынан еретін шаруалардың бүкіл мемлекетте бір орталыққа бағындырылған саяси күресі болмаса, «баянды» етуге тұрарлық ешбір айтарлықтай «революцияның жеңістері» *болмайды,* ешқандай «реакцияға қарсы тірек» те болмайды.

Помещиктер өкіметін толық құлатпай тұрып және помещиктердің жер иелігін жоймай тұрып, шын мәпісінде аз да болса демократиялық жергілікті өзін өзі басқарудың болуы *мүмкін емес;* — мұны сөз жүзінде мойындай отырып, меньшевиктер барып тұрған жеңілтектікпен мұның іс жүзінде не болып шығатындығын ойлап қараудан бас тартып отыр. Революцияшыл таптар бүкіл мемлекетте саяси өкіметті жеңіп алмаса, мұны жүзеге асыруға болмайды, ал революцияның екі жылы Россияда мұндай таптардың пролетариат пен шаруалар ғана бола алатындығына тіпті барып тұрған

қыңыр мінезді «құндақтаулы адамдардың» да көзін жеткізуге тиіс сияқты еді. Мырзалар, сіздер сөз қылып отырған «шаруалардың аграрлық революциясы» жеңіп шығу үшін, ол, шаруалардың революциясы ретінде, бүкіл мемлекетте орталық өкіметке айналуы тиіс.

Демократиялық өзін өзі басқару орындары демократияшыл шаруалардың осы орталық өкіметінің *бөлшегі* ғана болуы мүмкін; тек шаруалардың жергілікті және облыстық бытыраңқылығымен *күресе отырып*, жалпы мемлекеттік, бүкіл россиялық, бір орталыққа бағындырылған қозғалысты тек уағыздай отырып, дайындай отырып, ұйымдастыра отырып, шаруалардың приходтық тар өрістілігі мен жергілікті-облыстық топастандырылуын мадақтау ісіпе қызмет етпей, шын мәнісінде «шаруалардың аграрлық революциясының» игілігіне қызмет етуге болады. Жергілікті өзін өзі басқару «реакцияға қарсы тірек» бола алады немесе «революцияның жеңістерін баянды» ете алады деген сорақы, барып тұрған реакцияшыл пікірді уағыздай отырып, сіздер, Плеханов мырза және Джон мырза, шаруаларды дәл осылай топастандыруға қызмет етіп отырсыздар. Нақ орыс революциясының екі жылының тәжірибесі жеңіліп қалуға бәрінен гөрі шаруалар қозғалысының жергілікті және облыстық бытыраңқылығы (солдаттар қозғалысы шаруалар қозғалысының бір бөлегі) себепші болғанын айқын көрсетті.

«Шаруалардың аграрлық революциясының» программасын ұсына отырып, оны орталық өкіметті демократияландырумен байланыстырмай, *тек* жергілікті өзін өзі басқаруды демократияландырумен байланыстыру, жергілікті өзін өзі басқаруды нағыз «тірек», «баянды етуші» деп көрсету,— мұның өзі, асылына келгенде, нақ кадеттерше *реакциямен мәмлеге келгендік* болады*.

* «Баяндамада» мен мұны толығырақ дәлелдегенмін. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 21—22-беттер. *Ред.)* Бұл арада осыны тамаша растайтын меньшевик Новоседскийдің сөзін келтіріп өтейін, оның сөзін мен съезде («Баяндаманы» қараңыз) естігенім жоқ. «Демократиялық мемлекет» деудің орнына «демократиялық республика» деу керек еді деген түзетуге қарсы шыға отырып, Новоседский былай деді: «...Шын мәнісіндегі жергілікті демократиялық өзін өзі басқару болған жағдайда, *орталық үкіметтің демократиялану дәрежесі оның ең жоғары дәрежеде демократиялануы болып есептелмеген күннің өзінде де,* осы кезде қабылданған программа жүзеге асырыла алады. *Тіпті, былайша айтқанда, біршама демокра-*

Кадеттер *өте-мөте маңызды* мәселелерді қозғағысы келмей немесе оларды қозғаудан қорқып, жергілікті «демократиялық» өзін өзі басқару дегенді тықпалай береді. Меньшевиктер «шаруалардың аграрлық революциясын» қазіргі шақтың міндеті деп мойындағанда қандай үлкен сөз айтқанын аңғармай қалды, сөйтіп өздерінің аграрлық программасы жөніндегі саяси пікірлерінде провинциялық тар өрістілікті асыра мақтап шықты.

Джонның мына пікіріне қарап көріңіздер:

«Ленин жолдас жергілікті өзін өзі басқару орындарынан конфискеленген жерлерді реакция тартып алады деп қауіптенеді; егер мұны мемлекеттің қолына түскен жерлер туралы айтуға болатын болса, муниципализацияланған жерлер туралы мұны айтуға ешбір келмейді. Самодержавиелік орыс мемлекетінің өзі де Арменияның өзін өзі басқару орнының жерін тартып ала алмады, өйткені халық бұған қатты қарсылық көрсетті» (113).

Расында, тамаша-ақ емес пе? Самодержавиенің бүкіл тарихы жергілікті, облыстық, ұлттық жерлерді жаппай талаушылық болды, ал біздің даналар провинциялық мешеулікте топастанушы халықты былай деп жұбатады: «тіпті самодержавие де» армян *шіркеулерінен* жерді тартып алған жоқ; ал ол тартып ала бастап еді, бірақ бүкіл россиялық революция *ғана* оны тартып алуға іс жүзінде кедергі жасаған еді... Орталықта самодержавие, провинцияда «тартып алғызбайтын» «армян жерлері»... Біздің социал-демократияда осыншама мещандық топастық қайдан шықты екен?

Міне сіздерге Плехановтың казактары.

«Біздің казактарды алыңыздар. Олар өздерін нағыз реакционерлерше ұстайды, бірақ солай бола тұрса да, егер (самодержавиелік) үкімет олардың жеріне қол сұғады екен, онда олар бір кісідей болып жер үшін көтерілген болар еді. Ендеше, муниципализацияның жақсы жері сол,— ол реставрация бола қалған күнде де жарамды болады» (45).

Шынында да, «ендеше»! Егер самодержавие самодержавиені қорғаушыларға қарсы шыққан болса, онда

тияландыру болған күннің өзінде де, муниципализация зиянды болмай, қайта пайдалы болады» (138. Курсив біздікі). Бұл айдан анық. Самодержавиені құлатпайтын шаруалардың аграрлық революциясы болсын,— меньшевиктердің ең реакцияшыл идеясы міне осы.

самодержавиені қорғаушылар самодержавиеге қарсы шыққан болар еді. Неткен терең ойлылық десеңізші! Бірақ казактардың жер иелігі реставрация болған күнде ғана емес, реставрацияланудан бұрын құлатылуға тиісті нәрселерді қолдауға да жарамды болады. Плехановқа қарсы шыққан Шмидт муниципализацияның осы қызық жағына көціл аударды:

«...Естеріңізге салайын, бұдан бір ай бұрын самодержавие казактарға жеңілдік берді, олай болса, самодержавие муниципализациядан қорықпайды, өйткені казак жерлері осы күннің өзінде де муниципализацияға әдеуір ұқсас әдіспен басқарылып отыр... Ол (муниципализация) контрреволюциялық роль атқарады» (123—124).

Плехановтың бұл сөз жөнінде күйіп-піскені сонша,— ол бір рет шешеннің сөзін бөліп жіберді (әңгіме Оренбург казактары туралы болған ба қалай, мүлде маңызсыз мәселе жөнінде), регламентті бұзып, мәлімдеме жасау үшін кезексіз сөз алуға тырысты. Оның соңынан енгізген жазбаша мәлімдемесінің тексті мынау:

«Шмидт жолдас менің казактарға сілтеме жасаған сөзімді теріс баяндады. Оренбург казактарына мен ешбір сілтеме жасағаным жоқ. Мен былай дегенмін: казактарды алып қараңыздар; олар өздерін барып тұрған реакционерлерше ұстайды, бірақ солай бола тұрса да, егер үкімет олардың жеріне қол сұғуға ұмтылады екен, онда олар түгелімен үкіметке қарсы көтерілген болар еді. Үкімет мұндай әрекет жасай қалса, революция помещиктерден конфискеленген жерлерді беретін облыстық мекемелердің бәрі де, азды-көпті дәрежеде дәл осыны істейді. Олардың осындай істері реставрация бола қалған күнде реакцияға қарсы кепілдіктің бірі болар еді» (127).

Бұл, әрине, самодержавиені қозғамай тұрып, самодержавиені құлатудың ең дана жоспары: одан жеке облыстарды тартып алайық, ал соңынан қайтарып алып көрсін дегендік. Капитализмді жинақ кассалар арқылы экспроприациялау қандай даналық болса, бұл да сондай даналық. Бірақ қазір мәселе мұнда емес. Мәселе мынада болып отыр: жеңімпаз революциядан кейін тамаша роль атқаруға «тиіс болатын» облыстық муниципализация *қазір* контрреволюциялық роль атқарып отыр. Плеханов міне осыған соқпай өтті!

Казактардың жерлері қазіргі кезде нағыз муниципализация болып табылады. Үлкен облыстар жеке казак әскерлерінің: Оренбург, Дон әскерлерінің және т. т. қарамағында болып отыр. Казактардың орташа есеппен *үй басына 52 десятинадан,* шаруалардың 11 десятинадан жері бар. Оның үстіне Оренбург әскерлеріне $1^1/_2$ миллион десятина әскери жер қарайды, Дон әскеріпе — 1,9 миллион десятина әскери жер қарайды және т. т. Осы «муниципализацияның» негізінде нағыз феодалдық қатынастар дамып отыр. Осы, іс жүзінде бар муниципализация жер иелігінің, төлемдерінің мөлшеріндегі, әскери қызметі үшін және т. т. үшін жерді орта ғасырлық жолмен пайдаланудағы айырмашылықтарына қарай бөлшектенген шаруалардың сословиелік және облыстық томаға-тұйықтығын көрсетеді. «Муниципализация» жалпы демократиялық қозғалысқа жәрдем етпейді, қайта оны бөлшектеуге, орталық күш ретінде ғана жеңе алатын нәрсені облыс-облысқа бөлу арқылы әлсіретуге, бір облысты екінші облыстан аулақтауға жәрдем етеді.

Соңымен, біз екінші Думада Караулов деген *оңшыл казакты* көрдік; ол *Столыпинді жақтады* (Столыпин өзінің декларациясында межені күшпен жылжытуға жол береді-міс қой деді), национализацияны жамандауда Плехановтан кем түскен жоқ *және облыс-облыс бойынша муниципализация жүргізілуін турадан-тура қолдады* (1907 ж., 29 марттағы 18-мәжіліс, стенографиялық есептің 1366-беті).

Оңшыл казак Караулов істің мәнін Маслов пен Плехановтан гөрі мың мәртебе дұрыс түсінген. Облыстардың бытыраңқылығы *революцияның болмауына кепілдік* бола алады. Егер орыс шаруалары (пролетариаттың «облыстық» емес, бір орталыққа бағынған қозғалысының жәрдемімен) өзінің облыстық аулақтану шеңберін бұзбаса, бүкіл россиялық қозғалысты ұйымдастыра алмаса, онда жақсы жолға қойылған жеке облыстардың өкілдері революцияны *қашан да болса* қирата алады, ал оларды ескі өкіметтің бір орталықты күші керегіне қарай күреске жұмылдырып отырады.

Муниципализация дегеніміз — облыстардың орта ғасырлық оқшаулығын дәріптейтін, шаруалардың орталықтандырылған аграрлық революциясының қажеттігі жөніндегі шаруалардың түсінуін әлсірететін *реакциялық* ұран.

3. ОРТАЛЫҚ ӨКІМЕТ ЖӘНЕ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІ НЫҒАЙТУ

Муниципалистер нақ орталық мемлекеттік өкіметті бәрінен де көбірек жек көреді. Тиісті пікірлерді талдап қараудан бұрын, саяси-заңдылық жағынан қарағанда национализация дегеніміз не, соны анықтап алу керек (біз жоғарыда оның экономикалық мазмұнын анықтап өттік).

Национализация дегеніміз барлық жерді мемлекеттің *меншігіне* беру. Меншік — рентаға праволы болу және мемлекеттік өкіметтің жерді иелену мен пайдаланудың бүкіл мемлекет үшін *ортақ* ережелерін белгілеу деген сөз. Национализация тұсында делдалдық атаулының бәріне тыйым салушылық, басқаша айтқанда, субарендаторларға жер берушілікке тыйым салу, өзі қожа еместерге жер беруге тыйым салу және т. с. сөзсіз осындай ортақ ережелерге жатады. Одан соң. Егер сөз болып отырған мемлекет шын мәнісінде (Новоседский à la меньшевиктік мағынасында емес) демократиялық мемлекет болса, онда оның жерге меншік иесі болуы жерді *билеу ісін*, жалпы мемлекеттік заңдардың шеңберінде, жергілікті және облыстық өзін өзі басқару орындарына беруіне мүлдем қайшы келмейді, қайта соны *талап етеді*. Біздің программа-минимум, «Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қарау»* деген кітапшада менің көрсеткенімдей, ұлттардың өзін өзі билеуі туралы да, кең көлемді облыстық өзін өзі басқару туралы да және т. с. туралы да айта отырып, мұны *тура талап етеді*. Сондықтан жергілікті өзгешеліктерді ескеретін егжей-тегжейлі ережелер, практика жүзінде жер кесіп беру немесе жер учаскелерін жеке адамдар арасында, серіктіктер арасында және т. т. арасында бөліп беру — міне бұл істердің бәрі мемлекеттік өкіметтің *жергілікті* органдарының қолы-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 266-бет. *Ред.*

на, яғни жергілікті өзін өзі басқару органдарының қолына *сөзсіз* көшетін болады.

Осылардың бәрі жөнінде ұғыныспаушылықтар болып отырса, онда бұл ұғыныспаушылықтар не: меншік, иемдену, билеу, пайдалану деген ұғымдардың арасындағы айырманы түсінбегендіктен туып отыр, не демагогтыққа салынып, провинциализмге және федерализмге қылымсудан туып отыр *. Муниципализация мен национализацияның арасындағы айырмашылықтың негізі орталық пен провинция арасында праволарды бөлісуде емес, тіпті керек десе орталықтың «бюрократизмінде» де емес — мүлде надан адамдар ғана осылай деп ойлап, осылай деп айта алады,— мұндағы айырмашылықтың негізі: муниципализация тұсында жердің бір разряды үшін жерге жеке меншік сақталып, национализация тұсында жерге жеке меншіктің мүлдем жойылуында. Айырмашылықтың негізі — осы программалардың біріншісі жол берсе, екіншісі жоятын «аграрлық биметаллизм».

Егер сіздер *қазіргі* программаға орталық өкіметтің *зорлық жасау* мүмкіндігі тұрғысынан және т. с. тұрғыдан қарайтын болсаңыздар (муниципализацияның тұрпайы жақтаушылары осы көзқарасқа сүйену арқылы екінің-бірінде ұтқылары келеді), онда қазіргі программада, осы жағынан алып қарағанда, өте көп шатасқандық пен күңгірттік бар екендігін көресіздер. Қазіргі программа «демократиялық мемлекеттің иелігіне» «қоныстандыру қоры үшін керекті жерлерді» де,

* Мұндай қылымсуды біз Масловтың сөзінен көріп отырмыз. «...Бәлкім,— деп жазады ол «Образованиеде», 1907, № 3, 104-бет,— кейбір жерлерде шаруалар өз жерлерін бөлісуге көнер де еді, бірақ бір үлкен ауданның (мәселен, Польшаның) шаруалары өздерінің жерлерін бөлісуден бас тартса болды, барлық жерді национализациялау жобасы қисынсыз болып шығады». Бұл тұрпайы дәлелдің үлгісі, бұл дәлелде *дұрыс пікірдің* өзі түгіл, ізі де жоқ, тек сылдыр сөздер ғана бар. Айрықша жағдайларда тұрған ауданның «бас тартуының» өзі де жалпы программаны өзгерте алмайды және оны қисынсыздыққа айналдыра алмайды: кейбір аудан муниципализациядан да «бас тартуы» мүмкін. Маңыздысы бұл емес. Маңыздысы мынау: бірыңғай капиталистік мемлекетте жерге меншік пен кең көлемдегі национализация, екі система ретінде, бірімен-бірі сыйыса алмайды. Мұның біреуі үстем болып шығуы тиіс. Жұмысшы партиясының ісі — өндіргіш күштердің тез дамуын және тап күресінің бостандығын жеңілдететін неғұрлым жоғары системаны қолдау.

«жалпы мемлекеттік маңызы бар ормандар мен суларды» да береді, осыны көрсетіп өтудің өзі-ақ жеткілікті. Мұның өзі мүлдем көмескі ұғымдар екендігі және мұнда жанжал үшін қисапсыз көп сылтаулар бар екендігі айқын. Мәселен, кадеттердің «Аграрлық мәселесінің» II томында басылған Кауфман мырзаның ең жаңа еңбегін алып қараңыздар («Қосымша үлесті жер берудің нормалары туралы мәселе жөнінде»), мұнда шаруаларға 1861 жылдың ең жоғарғы нормалары бойынша қосымша үлесті жер беру үшін 44 губерниядағы жер қоры есептелген. «Үлестіден тыс жер қоры» алдымен ормандарды қоспай есептелсе, соңынан ормандарды қоса (ормандылығы 25 проценттен жоғары) есептелген. Бұл ормандардың қайсысының «жалпы мемлекеттік маңызы» бар екендігін кім белгілейді? Әрине, мемлекеттің орталық өкіметі ғана белгілейді,— олай болса, меньшевиктердің программасы оның қолына орасан мол жерді — 44 губерниядағы 57 миллион десятина жерді (Кауфманның есебі бойынша) береді. «Қоныстандыру қоры» дегеннің не екенін кім белгілейді? Әрине, тек орталық буржуазиялық өкімет қана. Мәселен, Оренбург казактарының қарамағындағы $1^1/_2$ миллион десятина әскери жер немесе Дон казактарының қарамағындағы 2 миллион десятина әскери жер (өйткені казактардың үй басына 52,7 десятинадан жері бар) *бүкіл ел үшін* «қоныстандыру қоры» бола ма, әлде жоқ па, мұны тек осы өкімет белгілейді. Мәселенің әсте Маслов, Плеханов және $К^0$ қойғанындай қойылмай отырғандығы айқын. Істің мәнісі — жергілікті облыстық өзін өзі басқару орындарын орталықтың озбырлығынан қағаз жүзіндегі қаулылармен қорғауда емес,— мұны қағаз түгіл зеңбірек арқылы да істеуге болмайды, өйткені капиталистік даму орталықтануға қарай бет алып барады, буржуазияның орталық өкіметінің қолына сондай күшті жинап отыр, ол күшке «облыстар» *ешқашан да* қарама-қарсы тұра алмайды. Істің мәнісі мынада: орталықта да, жергілікті жерлерде де саяси өкімет *бір таптың* қолында болуға тиіс; демократизмнің *дәрежесін* орталықта да, жергілікті жерлерде де толық дәйекті түрде бірдей етіп жүргізу

керек, демократизмнің бұл дәрежесі, мысал үшін айтқанда, халықтың көпшілігінің, яғни шаруалардың, *толық үстем* болуын қамтамасыз етуі керек. Орталықтың «шамадан тыс» озбырлық жасамауының, облыстардың «заңды» праволарын бұзбаудың *нақты кепілдігі* тек осында ғана болып отыр; меньшевиктер ойлап шығарып отырған басқа кепілдіктердің бәрі де—барып тұрған ақымақтық, капитализм біріктіріп отырған орталық өкіметтің күшінен провинциалық филистерді қағаз қалпақпен қорғағандық болады. Жергілікті өзін өзі басқару орындарында толық демократизм болуын, орталықта «жоғары емес» дәрежеде демократизм болуын *жақтап* Новоседский нақ әлгіндегідей филистерлік ақымақтық істеп отыр, бүкіл қазіргі программа да осындай ақымақтық жіберіп отыр. Орталықтың толық емес демократизмі дегеніміз орталықтағы өкімет билігі халықтың көпшілігінің қолында *емес* деген сөз, жергілікті өзін өзі басқару орындарында басым болып отырған элементтердің қолдарында *емес* деген сөз, ал мұның өзі *жанжалдардың* болуы мүмкіндігі былай тұрсын, *сөзсіз болатындығын* көрсетеді; осы жанжалдарда экономикалық даму заңдары себепті қалай да демократиялық *емес* орталық өкімет жеңіп шығады!

Мәселені осы жағынан қарағанда, «муниципализацияны» орталық өкіметке қарсы облыстарға бірдеңені «қамтамасыз» ететін құрал деп білу шылғи филистерлік шалағай ойлағандық болады. Егер мұның өзі орталықтанған буржуазиялық өкіметке қарсы жүргізілетін «күрес» болса, тек *антисемиттердің* капитализмге қарсы жүргізетін «күресіне» ұқсайды: надан және қараңғы бұқараны тарту үшін кең жария етілетін даурықпалы уәделерге, бұл уәделердің *экономикалық жағынан да, саяси жағынан да* нақ сондай *орындалмай қалуына* ұқсайды.

Муниципалистердің национализацияға қарсы қолданатын ең «өтімді» дәлелін алып қараңыздар: национализация буржуазиялық мемлекетті күшейтеді (Джонның: *«тек болғаны* мемлекеттік өкіметті нығайтады» деген тамаша сөзі естеріңізде болсын), антипролетарлық буржуазиялық өкіметтің табыстарын арттырады,

ал... нақ солай айтылған: *ал* муниципализация халықтың мұқтажын, пролетариаттың мұқтажын өтеуге табыс келтіреді. Мұндай дәлел социал-демократия үшін ұялуға мәжбүр етеді, өйткені мұның өзі *нағыз антисемиттік ақымақтық және антисемиттік демагогия*. Плеханов пен Маслов бастарын шатастырған «кіші-гірімдердің» бірін мысалға алмай, Масловтың «өзін» мысалға алайық:

«Социал-демократия,— деп ол «Образование» оқушыларына ақыл үйретеді,— жағдайлар ең жаман болған күннің өзінде де өз жоспарлары мен міндеттерінің жүзеге асуын әрдайым көздейді... Біз қоғамдық өмірдің барлық жақтарында өзінің толып жатқан теріс жақтарымен қоса буржуазиялық құрылыс үстем болады деп ойлауға тиіспіз. Бүкіл мемлекеттік құрылыстың буржуазиялық болғаны сияқты өзін өзі басқару да буржуазиялық болады; батыс-европалық муниципалитеттерде қандай шиеленіскен тап күресі болса, онда да сондай тап күресі болады. Ендеше өзін өзі басқару мен мемлекеттік өкіметтің арасында қандай айырмашылық бар? Социал-демократия жерді мемлекетке емес, жергілікті өзін өзі басқару орындарына беруге неліктен тырысады?

Мемлекет пен жергілікті өзін өзі басқару орындарының міндеттерін анықтау үшін, біз бұл екеуінің бюджеттерін салыстырып қарайық» («Образование», 1907, № 3, 102-бет).

Содан соң салыстырады: ең демократиялық республикалардың бірі Америка Құрама Штаттарында әскер мен флотқа бюджеттің 42 проценті жұмсалады. Францияда, Англияда және т. т. дәл осындай. Россиядағы «помещиктік земстволар» бюджеттің 27,5 процентін медицинаға, 17,4 процентін халық ағарту ісіне, 11,9 процентін жол құрылысына жұмсайды.

«Анағұрлым демократиялық мемлекеттердің бюджеті мен кемірек демократиялы жергілікті өзін өзі басқару орындарының бюджетін салыстыра келіп, біз өздерінің атқаратын міндеттері жағынан алғашқылардың үстем таптардың мүдделерін орындайтынын, мемлекеттік қаржылар *езу құралына*, демократияны жаншу құралына жұмсалатынын көреміз; қайта бұған қарағанда тіптен демократиялық емес, ең нашар жергілікті өзін өзі басқару орны нашар болса да, демократияға қызмет етуге, жергілікті мұқтаждықты өтеуге мәжбүр болып отыр» (103).

«Национализацияланған жерден түсетін табыстар *республикалық* әскерді асырауға жұмсалады екен деп социал-демократ жерді национализациялауға көнетіндей онша аңғал болмауы керек... Оленовтың: Маркстің теориясы программаға жерді национализациялау талабын ғана кіргізуге, яғни жер рентасын

(оны абсолюттік немесе дифференциалдық рента деп атасақ та — мұның бәрі бір емес пе?) армия мен флотқа жұмсауға «жол береді», сонымен қатар дәл осы теория жерді муниципализациялауға, яғни рентаны халықтың керегіне жұмсауға жол бермейді деген сөзіне сенген оқушы өте аңғал оқушы болмақ» (103).

Анық шығар? Национализация — армия мен флот үшін. Муниципализация — халықтың кeрегі үшін. Еврей — капиталист. Еврейлер жойылсын — демек капиталистер жойылсын!

Жергілікті өзін өзі басқару орындарының мәдени шығындары процентінің жоғары болуы екінші дәрежелі шығындар үлесінің көптігінен екенін момақан Маслов түсінбейді. Бұл неліктен осылай? Оның себебі, жергілікті өзін өзі басқару орындары билігінің шегін және олардың финанстық өкілдігін сол орталық мемлекеттік өкімет белгілеп отырады, белгілегенде армияға және басқаларға қаржыны кесектеп алатын, «мәдениетке» тиындап беретін етіп белгілейді. Буржуазиялық қоғамда мұндай бөлістің болуы міндетті ме? Міндетті, өйткені егер буржуазия өзінің тап ретіндегі үстемдігін қамтамасыз ету үшін кесек қаржы жұмсап, мәдени шығындарға тиындап қана қалдырып отырмаса, онда буржуазиялық қоғамда буржуазия үстемдік жүргізе алмас еді. Ал егер мен *кесек жаңа қаржыны* земстволардың меншігі деп жариялаcам, онда мен буржуазия үстемдігін аттап *кетемін* ғой дегендей данышпандық пікірге келу үшін Маслов болу керек қой! Егер пролетарлар Масловша ойлайтын болса, онда олардың міндеті нендей жеңіл болған болар еді: темір жолдардан, почтадан, телеграфтан, шарап монополиясынан түсетін табыстардың «национализациялануын» талап етпей «муниципализациялануын» талап етсе болғаны — сонда бұл табыстар армия мен флотқа жұмсалмай, мәдени мақсаттарға жұмсалатын болады. Онда орталық өкіметті құлатудың немесе оны түбірінен қайта құрудың тіпті де керегі болмайды,— табыстың барлық ірі статьяларының «муниципализациялануын» жүзеге асырса ғана болғаны, істің бәрі тынады да қалады. Шіркін, даналарай десеңші!

Европадағы және буржуазиялық ел атаулыдағы муниципалдық табыстар дегеніміз буржуазиялық орталық өкімет мәдени мақсаттарға құрбандық етуге көнетін табыстар,— мұны момақап Маслов есінде ұстасын! — *өйткені мұндай табыстар екінші дәрежелі табыстар,* өйткені мұндай табыстарды жинау ісі орталықта қолайсыз болады, өйткені буржуазия мен буржуазиялық үстемдіктің басты, түпкі, негізгі қажеттері *кесек қаржымен* қамтамасыз етіліп қойған. Сондықтан халыққа: муниципализацияланған жерден кесек жаңа қаржыны, жүз миллиондаған сом ақша алыңдар да, осы кесек қаржыны орталық өкіметтің емес, земстволардың меншігіне беру арқылы оның мәдени қажеттерге жұмсалуын қамтамасыз етіңдер деп кеңес беру дүмшелік кеңес бергендік. Буржуазиялық мемлекетте буржуазия шын мәнісінде мәдени мақсаттарға *тиыннан басқа еш нәрсе* бере алмайды, өйткені кесек қаржылар оған буржуазияның тап ретіндегі үстемдігін қамтамасыз ету үшін керек. Жерден, сауда орындарынан және т. с. алынатын салықтардың оннан тоғызын орталық өкімет неге өзіне алады, ал земстволарға неге оннан біріп алуға рұқсат етеді, земствоның қосымша түрде салатын салығы пәлендей төмен проценттен аспауы керек деп неге заң шығарады? Неге десеңіз, кесек қаржы буржуазияның тап ретіндегі үстемдігін қамтамасыз ету үшін керек, ал ол буржуазия күйінде қалып отырғанда, мәдениетке тиыннан артық қаржы бере алмайды *.

* Кауфманның өте тыңғылықты еңбегінен (Kaufmann R. «Die Kommunalfinanzen», 2 Bände. Lpz. 1906, II Abt. 5. Band des Hand-und Lehrbuches der Staatswissenschaften, begr. von Frankenstein, fortges, von Heckel) (Кауфман Р. «Жергілікті финанстар», 2-том, Лейпциг, 1906, Франкенштейн негізін салған, Геккель ілгері апарған мемлекеттік ғылымдар жөніндегі басшылық және оқу кітабы, II бөлім, 5-кітап, *Ред.)* мыналар көрінеді: Англияда жергілікті және орталық мемлекеттік шығындарды бөлу ісі жергілікті өзін өзі басқару орындары үшін, Пруссия мен Франциядағыға қарағанда, анағұрлым *тиімді.* Англияда 3 миллиард марканы жергілікті мекемелер жұмсайды да, 3,6 миллиард марканы — мемлекеттің орталық өкіметі жұмсайды; Францияда жергілікті мекемелер — 1,1 миллиард марка, мемлекеттік орталық өкімет 2,9 миллиард марка жұмсайды; Пруссияда тиісінше — 1,1 және 3,5 миллиард марка жұмсайды. *Мәдениетке* жұмсалатын шығындарды, өте қолайлы жағдайда болған елдегі (муниципалистердің тұрғысынан қарағанда), яғни Англиядағы, мәселен, оқу ісіне жұмсалатын шығындарды бөліп шығарайық. Сонда біз: 151,6 миллион фунт стерлинг жергілікті шығындардан оқу ісіне (1902—1903 жж.) 16,5 миллион

Европалық социалистер кесек қаржы мен тиынның осылайша бөлінуіне заңды нәрсе ретінде қарайды, олар буржуазиялық қоғамда мұның басқаша болуы мүмкін емес екендігін жақсы біледі. Бұл бөлу ісіне заңды нәрсе ретінде қарап, олар: орталық өкіметке біз қатынаса алмаймыз, өйткені ол — езу құралы; муниципалитеттерге қатынаса аламыз, өйткені мұнда мәдениетке тиындар жұмсалады дейді. Бірақ, шын мәнісінде ірі табыстарды, жергілікті жерлерден түсетін барлық рентаны, жергілікті почта мекемелерінен, жергілікті темір жолдардан және т. т. түсетін бүкіл пайданы европалық муниципалитетке беру жөнінде үгіт жүргізіңдер деп жұмысшы партиясына кеңес берген адамға бұл социалистер не дер еді? Мұндай адамды не ақылынан адасқан немесе социал-демократтар қатарына қателікпен кіріп қалған «христиан социалисі» деп есептер еді.

Россиядағы қазіргі (яғни буржуазиялық) революцияның міндеттерін талқылай келіп: біз буржуазиялық мемлекеттің орталық өкіметін нығайтпауымыз керек дейтін адамдар мүлдем ойлай білмейтіндіктерін көрсетеді. Немістер осылай ойлай алады және осылай ойлауға тиіс те, өйткені олардың көріп отырғаны тек қана юнкерлік-буржуазиялық Германия; социализмге дейін басқа ешқандай Германия болуы мүмкін емес. Ал бізде бұқараның қазіргі революциялық күресінің барлық мазмұны — Россия юнкерлік-буржуазиялық ел бола ма (Столыпин мен кадеттер тілегендей), әлде шаруалық-буржуазиялық ел бола ма (шаруалар мен жұмысшылар тілегендей) дегенде болып отыр. Буржуазияның бір тобын, буржуазиялық эволюцияның бір типін екінші тобы мен типіне қарсы қолдамай тұрып, мұндай рево-

---

фунт стерлинг, яғни 1/10 бөлігінен сәл ғана көбірегі жұмсалғанын көреміз. Орталық өкімет 1908 жылғы бюджет бойынша (қараңыз: «Almanach de Gotha»), оқу ісіне 198,6 миллион фунт стерлингтен 16,9 миллион фунт стерлинг ғана, яғни 1/10-інен кем жұмсайды. Армия мен флотқа кеткен шығын=59,2 миллион фунт стерлинг, бұған=28,5 миллион фунт стерлинг мемлекеттік борышқа арналған шығындарды және сот пен полицияға кеткен 3,8 миллион фунт стерлингті, сыртқы істерге кеткен 1,9 миллион фунт стерлингті, өндіріп алу шығындарына кеткен 19,8 миллион фунт стерлингті қосыңыздар, сонда сіздер буржуазияның мәдениетке *тиындап* қана жұмсап, өзінің тап ретіндегі үстемдігін қамтамасыз ету үшін *кесек қаржы* жұмсайтындығын көресіздер.

люцияға қатысуға болмайды. Объективті экономикалық себептер бойынша бізде, қазіргі революцияда, не фермер-шаруалардың буржуазиялық орталықтанған республикасы болады да, не юнкер-помещиктердің орталықтанған буржуазиялық монархиясы болады, басқа «таңдау» жоқ. Бұқараның назарын «бізге демократияшылырақ земство болса да жарайды» дегенге аудару арқылы осы қиын «таңдауға» соқпай өту барып тұрған филистерлік пасықтық болады.

4. САЯСИ ТӨҢКЕРІСТІҢ ӨРІСІ МЕН АГРАРЛЫҚ ТӨҢКЕРІСТІҢ ӨРІСІ

«Таңдау» қиын дегенде біз, әрине, субъективтік таңдауды (жақсырағы осы) емес, тарихи мәселені шешетін қоғамдық күштер күресінің объективті нәтижесін еске алдық. Істің шаруалар үшін қолайлы нәтижесінің «қиыншылығы», расын айтқанда, неде, мұны менің республиканы национализациямен байланыстырған аграрлық программамның оптимизмін сөз қылған адамдар мүлдем ойластырған жоқ. Бұл тақырып жөніндегі Плехановтың пайымдауы мынадай:

«Ленин оптимистік жорамалдардың көмегімен мәселенің қиын жағына соқпай өтіп отыр. Бұл — утопиялық ойлаудың әдеттегі әдісі; мәселен, анархистер: «күштеуші ұйымның ешқандайының керегі жоқ» дейді, ал біз оларға: күштеуші ұйымның жоқтығы қоғамның жеке мүшелеріне, егер олар мұны тілесе, осы қоғамға зиян келтіруге мүмкіншілік берер еді деп қарсы шыққан кезде, анархистер бізге: «бұлай болуы мүмкін емес» деп жауап береді. Меніңше, мұның өзі оптимистік жорамалдар арқылы мәселенің қиын жағына соқпай өту болады. Ал Ленин осылай істеп отыр. Ол өзінің ұсынған шарасының ықтимал зардаптарын «егер» деген толып жатқан оптимистік сөздермен қоршайды. Бұған дәлел ретінде Лениннің Масловқа таққан кінәсын келтіріп өтейін. Ол өзінің кітапшасының 23-бетінде* былай дейді: «Шын мәнінде Масловтың жобасы іштей біздің саяси программа-минимумдағы талаптардың толық жүзеге аспауын, халықтың самодержавиесі қамтамасыз етілмеуін, тұрақты армия жойылмауын, чиновниктердің сайланып қойылу тәртібі енгізілмеуін т. т. — басқаша айтқанда: Европадағы демократиялық революциялардың көпшілігі сияқты біздің демократиялық революция да өзінің жетер жеріне жетпеуін, пақ солар сияқты күзелген, оңі айналдырылған, «кері

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 273—274-беттер. *Ред.*

оралған» болуын көздейді. Масловтың жобасы шалағай, дәйексіз, толық емес немесе күзелген және реакция «зиянсыз еткен» демократиялық төңкеріске әдейі лайықталып жасалған». Лениннің Масловқа тағып отырған кінәсы дәлелді екен дейік; бірақ Ленин көрсетіп отырған «егер» дегендерінің бәрі де жүзеге асатын болса ғана, тек сонда ғана келтіріліп отырған цитат Лениннің өз жобасының жақсы болып шығатындығын көрсетеді. Ал егер бұл арада осы «егер» дегендері жоқ болса, онда оның жобасының* жүзеге асырылуы зиян келтіреді. Бірақ бізге ондай жобалар керек емес. Біздің жобамыз төрт аяғынан бірдей тең басқан болуы керек, яғни қолайсыз «егер» дейтіндер бола қалғандай реттерде де төрт аяғынан тең басқан болуы керек» (Стокгольм съезінің «Протоколдары», 44—45).

Мен бұл пайымдауды толық көшіріп алдым, өйткені ол Плехановтың қатесін айқын көрсетеді. Оның зәресін ұшырғап оптимизмді ол өзі мүлдем түсінбеген. «Оптимизмнің» мәнісі чиновниктерді халықтың сайлап қоюын және т. с. жорамалдауда емес, *шаруалардың аграрлық революциясы жеңіп шығады деп жорамалдауда болып отыр.* Шын «қиыншылық»— ең болмағанда 1861 жылдан бері қарай юнкерлік-буржуазиялық типте өркендеп келе жатқан елде *шаруалардың* аграрлық революциясының жеңуінде болып отыр, ал сіздер осы негізгі *экономикалық* қиыншылықты мойындайды екенсіздер, онда саяси демократизмнің қиыншылықтарын анархизм деп қарауға аз-ақ қалғандарың адам күлерлік нәрсе ғой. Аграрлық өзгерістердің өрісі мен саяси өзгерістердің өрісі арасында сәйкестік болмай қоймайтындығын, *экономикалық* төңкеріс *тиісті* саяси қондырманы керек ететінін ұмыту адам күлерлік нәрсе болады. Плехановтың бұл мәселе жөніндегі негізгі қатесі — *біздің,* меньшевиктердің де, большевиктердің де, *ортақ* аграрлық программамыздың «оптимизмінің» түп тамырының қайда жатқанын түсінбеуінде болып отыр.

Шынында да, қазіргі Россияда помещиктердің жер иелігін *конфискелейтін «шаруалардың аграрлық революциясының»* мәнісі не, соны өздеріңіз көз алдарыңызға нақты елестетіп көріңіздерші. Дау жоқ, жарты ғасыр бойына капитализм өзіне помещиктер шаруашы-

*Бірақ онда бұл *менің* жобам болмайды ғой! Плехановтың пікірінде логика жоқ-ау!

лығы *арқылы* жол салды, помещиктер шаруашылығы қазіргі кезде егінінің шығымдылығы жағынан ғана емес (мұның себебі бір есептен помещиктер жерінің құнарлығынан болып отыр), сонымен қатар жақсартылған құралдар мен ауыспалы егістердің (шөп егу)* таралуы жағынан да шаруалардың шаруашылығынан жалпы және тұтас алғанда сөзсіз жоғары тұр. Дау жоқ, помещиктердің шаруашылығы бюрократиямен ғана емес, сонымен қатар буржуазиямен де мыңдаған арқаулар арқылы байланысып жатыр. Конфискелеу ірі буржуазияның толып жатқан мүдделеріне нұқсан келтіреді, ал шаруалар революциясы, Каутский дұрыс көрсеткендей, мемлекеттің банкрот болуына да алып барады, басқаша айтқанда, жалғыз орыс буржуазиясының ғана емес, бүкіл халықаралық буржуазияның да мүдделерін бұзуға алып барады. Мұндай жағдайларда шаруалар революциясының жеңуі, ұсақ буржуалардың помещиктерді де, ірі буржуаларды да жеңуі жағдайлардың айрықша қолайлы болып келуін талап ететіні, тоғышардың немесе тоғышар тарихшының көзқарасы тұрғысынан мүлде ерекше, «оптимистік» болжаулар айтылуын талап ететіні, шаруалардың инициативасын, революциялық жігерін, саналылығын, ұйымшылдығын, халық творчествосының байлығын орасан зор өрістетуді талап ететіні түсінікті. Бұл даусыз, сондықтан Плехановтың халық творчествосы деген сөз жөніндегі тоғышарлық мысқылы — маңызды** мәселеден оп-оңай бұлтарғандығы. Ал товар өндірісі шаруаларды біріктірмей және орталықтандырмай, қайта оларды жікке бөліп, бөлектеп отыратындықтан, буржуазиялық елдегі *шаруалар* революциясы пролетариаттың басшылығы арқасында ғана

---

* Шөп егу ісінің таралуы жағынан помещиктер шаруашылығының шаруалар шаруашылығынан артықшылығы жөнінде жаңа, толып жатқан мәліметтердің жинағын Кауфманның «Аграрлық мәселесінің» II томынан қарап, салыстырыңыз.

** Стокгольмде Плеханов былай келемеждеді: «халық творчествосы» дегеніңіз — «халық ерікшілдік». Бұл сын — «Чичиковтың хикаялары»: «Чичиков. ...Чхи... чхи... не деген күлкілі!»[119] деп фамилияны мысқылдау арқылы сынайтын сыннан айнымайды. Шаруалар буржуазия мен помещиктерге қарсы революция жасайды деген ойдың өзі өзіне халық ерікшілдік болып көрінетін адам ғана орыс революциясында «халық творчествосының», күрестің жаңа формаларының, шаруаларды ұйымдастырудың жаңа формаларының керектігі туралы идеяны шынымен халық ерікшілдік деп есептей алады.

жүзеге асырыла алады,— бұл жағдай бүкіл дүние жүзіндегі ең құдіретті буржуазияны мұндай революцияға бұрынғыдан бетер қарсы қоятын жағдай болады.

Мұнан: марксистер шаруалардың аграрлық революциясы туралы ойды мүлдем тастауы керек деген қорытынды шыға ма? Жоқ, мұндай қорытынды дүние танымы марксизмнің либералдықпен өңін айналдыратын адамдарға ғана лайық болар еді. Айтылғандардан шығатын қорытынды мынау ғана: 1-ден, марксизм Россиядағы социализмнің тағдырларын буржуазиялық-демократиялық төңкерістің нәтижесімен байланыстыра алмайды; 2-ден, марксизм Россиядағы егіншіліктің капиталистік эволюциясының екі мүмкіншілігімен де есептесуі керек және әр мүмкіншіліктің шарттары мен маңызын халыққа айқын көрсетуі керек; 3-ден, марксизм Россияда радикалды аграрлық төңкеріс радикалды саяси төңкеріссіз ықтимал дейтін көзқарасқа қарсы батыл күресуі керек.

1) Социалист-революционерлер, азды-көпті дәйекті халықшылдардың бәрі сияқты, шаруалар революциясының буржуазиялық сипатын түсінбейді және өздерінің барлық жалған социализмін шаруалар революциясымен байланыстырады. Халықшылдардың ойынша, шаруалар революциясының ойдағыдай болып аяқталуы Россияда халықшылдық социализмнің жеңгендігін көрсетер еді. Іс жүзінде шаруалар революциясының осылайша аяқталуы халықшылдық (шаруалар) социализмнің өте тез, тіптен үзілді-кесілді күйрегендігі болар еді. Шаруалар революциясы неғұрлым толық, неғұрлым батыл жеңсе, шаруалар халықшылдардың «социализмін» «орнынан түсіретін» буржуазиялық еркін фермерлерге соғұрлым тезірек айналады. Қайта, мұның керісінше, шаруалар революциясының ойдағыдай болып аяқталмауы халықшылдық социализмнің жанталасын біраз уақытқа ұзартады, капитализмнің помещиктік-буржуазиялық түрін сынағандық жалпы капитализмді сынағандық болып шығады деген жалған үміттің біраз сақталуына мүмкіндік береді.

Социал-демократия, пролетариат партиясы, социализмнің тағдырын буржуазиялық революцияның не

олай, не бұлай аяқталуымен ешбір байланыстырмайды. Оның аяқталуының екі нәтижесі де жерге жеке меншік болатын помещиктердің монархиясында да, тіпті жерді национализациялаған фермерлердің республикасында да капитализмнің дамуын, пролетариаттың езілуін көрсетеді. Сондықтан сөзсіз өз алдына дербес және таза пролетарлық партияның бір өзі ғана, менің аграрлық программамның қорытынды бөлімінде айтылғанындай (бұл бөлім Стокгольм съезінің тактикалық қарарына енгізілді), «демократиялық аграрлық өзгерістер қандай жағдайда болса да»* социализм ісін қорғап қала алады.

2) Бірақ аграрлық төңкерістің *екі* нәтижесінің де буржуазиялық сипаты оның қай нәтижесі үшін күресу керектігіне социал-демократтар немқұрайды қарай алады дегенді әсте де көрсетпейді. Жұмысшы табының мүдделері оның шаруалар революциясын ең жігерлі түрде қолдауын,— ол ол ма: шаруалар революциясында жұмысшы табының басшылық роль атқаруын сөзсіз талап етеді. Шаруалар революциясының ойдағыдай болып аяқталуы үшін күресе отырып, біз аграрлық эволюцияның помещиктік жолын сақтап қалу дегеннің мәнісі не екенін, оның өзі бүкіл еңбекшілер бұқарасын қандай қисапсыз көп апаттарға (капитализмнен емес, капитализмнің жеткіліксіз дамуынан шығатын) ұшырататындығын бұқараға мейлінше айқын етіп түсіндіріп отыруымыз керек. Екінші жағынан, біз шаруалар революциясының ұсақ буржуазиялық сипатын да, оған «социалистік» үміт артудың орынсыз екендігін де түсіндіріп отыруымыз керек.

Онымен қатар біздің программамыз — біз социализмнің тағдырын буржуазиялық төңкерістің не олай, не бұлай аяқталуымен байланыстырмай отырғандықтан — қолайлы ретке де, «қолайсыз ретке» де бірдей бола алмайды. Егер Плеханов бізге бұл реттің екеуін де айрықша ескеретін (олай болса, «егер» дегенге негізделіп құрылған) жобалардың керегі жоқ деген болса, онда ол мұны ойланбай айта салған. Өйткені нақ оның көзқарасы тұрғысынан алғанда, төңкерістің ең нашар жағдай-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 282-бет. *Ред.*

мен аяқталу мүмкіндігі тұрғысынан немесе мұнымен есептесу керектігі тұрғысынан қарағанда, программаны екіге бөлу өте-мөте керек, ал мен осылай істеген едім. Помещиктік буржуазиялық дамудың қазіргі жолында жұмысшы партиясы мынадай-мынадай шараларды жақтайды, бірақ мұнымен бірге ол шаруаларға помещиктік жер иелігін мүлдем жоюға және осы арқылы ілгері даму ісіне анағұрлым кең және еркін жағдай туғызуға бар күшімен жәрдемдеседі деу керек. Істің осы жағы жөнінде менің «Баяндамамда» толық айтылған (аренда туралы пункт, «нашар жағдай үшін» оның программада керектігі; оның Масловта жоқтығы)*. Тек мынаны ғана қоса айта кетемін: нақ қазір, социал-демократтардың қызмет етуінің тікелей жағдайлары оптимистік жорамалдарға бәрінен де кемірек ұқсап отырған уақытта, Плехановтың қатесі онан сайын айқын көріне түседі. Үшінші Дума бізге шаруалардың аграрлық революциясы үшін күресті тоқтатуға ешқандай түрткі бола алмайды, бірақ белгілі уақыттың ішінде помещиктердің барып тұрған тағылық қанауын қамтамасыз ететін аграрлық қатынастар жағдайында жұмыс істеуге тура келеді. Нашар жағдай жөнінде айрықша ойластырған Плехановтың дәл өзі, қазір нашар жағдайға арналған программасыз қалып отыр!

3) Шаруалар революциясына көмек беруді біз өзіміздің міндетіміз етіп қойып отырғандықтан, міндеттің қиындығын, саяси және аграрлық өзгерістер арасында *сәйкестік* керек екендігін айқын түсіну қажет. Олай болмаған күнде аграрлық «оптимизмді» (конфискелеу және муниципализация немесе бөліс) саяси «пессимизммен» (Новоседскийше: орталықта «біршама дәрежедегі» демократияландыру) ұштастыру ғылыми жағынан негізсіз, практикада реакциялық болып шығады.

Меньшевиктер оздерінің еркінен тыс шаруалар революциясының болуымен санасатын тәрізді, бірақ бұл революцияның бүкіл бейнесін халықтың алдында ашық және айқын көрсеткісі келмейді. Стокгольмде Птицын деген меньшевик барып тұрған аңқаулықпен: «Револю-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 29-бет. *Ред.*

циялық сілкіністер өткен соң, буржуазиялық өмірдің ағымы дағдылы арнасына түседі, ал егер Батыста жұмысшы революциясы болмаса, бізде буржуазия сөзсіз өкімет басына келеді. Мұны Ленин жолдас бекер демейді, бекер дей алмайды да» («Протоколдардың» 91-беті) деп айтып салды, осы көзқарас меньшевиктерден сезіліп отыр. Былай болып шықты: буржуазиялық төңкеріс деген жете ойланбаған абстракті ұғым оның шаруалар революциясы сияқты түрі туралы мәселені бүркемеледі! Мұның бәрі — тек «сілкіністер», тек «дағдылы арна» ғана реалды. Тоғышарлық көзқарасты және біздің буржуазиялық революцияда дәл айтқанда күрес не үшін болып жатқанын түсінбеушілікті мұнан артық айқын етіп көрсету қиынға соғады.

Ескі өкіметті, тұрақты әскерді және бюрократияны жоймай тұрып, шаруалар аграрлық төңкерісті жүзеге асыра алмайды, өйткені мұның бәрі — помещиктік жер иелігінің онымен мыңдаған арқаулар арқылы байланысатын ең сенімді тірегі болып табылады. Сондықтан орталық мекемелерді толық қиратпай тұрып, жалғыз ғана жергілікті мекемелердің демократизмі тұсында шаруалар төңкерісі болады деп түсінушілік — ғылыми жағынан негізсіз. Практика жүзінде мұндай ұғымның реакцияшыл болатын себебі — мұндай ұғым ұсақ буржуазиялық топастық пен ұсақ буржуазиялық оппортунизмнің сойылын соғады,— ұсақ буржуазиялық оппортунизм іске «жай ғана»: жер керек-ақ, ал ондағы саясат, оны бір құдайдың өзі білсін! — деп қарайды. Жердің бәріп алу керек, ал барлық өкіметті алу керек пе, барлық өкіметті алуға бола ма, оны қалай алу керек, бұл жөнінде шаруа ойламайды (немесе екі Думаның таратылуы оның есіне салғанша, ол ойлаған жоқ). Сондықтан «шаруа кадеті» Пешехонов мырзаның көзқарасы өте реакцияшыл көзқарас; ол өзінің «Аграрлық проблемасында»-ақ былай деп жазған еді: «мысалы, республика туралы мәселеден гөрі, қазір аграрлық мәселе туралы айқын жауап беру анағұрлым қажетті» (114-бет). Саяси диуаналықтың осы көзқарасы (реакцияшыл істердің шебері В. В. мырзаның мұрасы)

«халықтық социалистер» партиясының бүкіл программасы мен бүкіл тактикасына өзінің зардабын тигізгені мәлім. Аграрлық радикализм мен саяси радикализмнің арасындағы байланысты түсінбей отырған шаруаның шолақ ойлылығымен күресудің орнына, энестер («халықтық социалистер») шаруаның шолақ ойлылығына *бейімделеді.* Оларға «бұлай ету қолайлырақ» болып көрінеді, ал іс жүзінде мәселені дәл осылайша қоюшылық — шаруалардың аграрлық программасын мүлде жүзеге асыртпайды. Радикалды саяси төңкеріс қиын — бұған дау жоқ; бірақ аграрлық төңкеріс те қиын; радикалды саяси төңкеріс болмаса, аграрлық төңкеріс болуы да мүмкін емес; сондықтан социалистердің міндеті — мұны шаруалардан жасыру емес, мұны (біздің аграрлық программамыздағы сияқты «демократиялық мемлекет» туралы мағынасы көмескі, жартылай кадеттік сөздер арқылы) бүркеу емес, қайта істің мәнін жеріне жеткізе айтып түсіндіру, саясатта ақырына дейін бармай тұрып, помещиктік жерлерді конфискелеу жөнінде олардың шындап ойлауына да болмайтындығын шаруаларға үйретіп отыру.

Бұл арада әңгіме программадағы «егер» дегендерде емес. Әңгіме — аграрлық өзгерістер мен саяси өзгерістердің *сәйкес келетін* болуын атап көрсетуде. «Егер» деудің орнына сол пікірді басқаша айтып беруге болады: «партия мыналарды түсіндіреді: жерге жеке меншікті жою, жерді национализациялау, жердің мемлекет меншігіне көшуі буржуазиялық қоғамда жер иеленудің ең жақсы әдісі болып табылады, ал мұндай шараны тек жергілікті мекемелерде ғана емес, сонымен қатар республикаға дейін мемлекеттің бүкіл құрылысында да толық демократизм болмай тұрып, тұрақты армияны жоймай тұрып, чиновниктерді халық сайлайтын етпей тұрып және т. с. істемей тұрып, жүзеге асыруға да болмайды және ол шын мәнінде пайда да келтіре алмайды».

Өзіміздің аграрлық программамызға осындай түсіндіруді енгізбегендігіміздің салдарынан, біз орталық өкіметте толық демократизм болмай тұрып-ақ помещиктердің жерін конфискелеуге болады екен деген *жалған* пі-

кірді халықтың құлағына құйдық. Біз оппортунистік ұсақ буржуазияның, басқаша айтқанда «халықтық социалистердің» дәрежесіне дейін төмендеп кетіп отырмыз, өйткені екі Думада да істің жайы мынадай болып шықты: олардың программасында да (104-тің жобасы), біздің программамызда да аграрлық өзгерістер *тек жергілікті* мекемелердің демократизмімен байланысты деп ескертілді. Мұндай көзқарас — мещандық топастық; бұл топастықтан 1907 жылғы 3 июнь мен III Дума көптеген адамдарды, ең алдымен социал-демократтарды, айықтыруы тиіс еді.

5. ШАРУАЛАР ӨКІМЕТТІ ЖЕҢІП АЛМАҒАН ШАРУАЛАР РЕВОЛЮЦИЯСЫ?

Россия социал-демократиясының аграрлық программасы дегеніміз крепостниктік правоның қалдықтарына қарсы, біздің аграрлық құрылысымыздағы орта ғасырлықтың бәріне қарсы бағытталған шаруалар революциясындағы пролетарлық программа. Теория жүзінде бұл қағиданы, өзіміз жоғарыда көргендей, меньшевиктер де мойындайды (Плехановтың Стокгольмде сөйлеген сөзі). Бірақ меньшевиктер бұл қағиданы мүлде ойластырған жоқ, бұл қағида мен Россияның буржуазиялық революциясындағы социал-демократиялық тактиканың жалпы негіздерінің арасында тығыз байланыс бар екендігін байқамады. Осы жете ойламағандық бәрінен де нақ Плехановтың шығармаларында айқын көрінді.

Бүкіл қоғамдық шаруашылық капиталистік сипатта болып отырған жағдайда орта ғасырлыққа қарсы бағытталған шаруалар революциясының қандайы болса да буржуазиялық революция болып табылады. Бірақ буржуазиялық революцияның бәрі бірдей шаруалар революциясы бола бермейді. Егер толығынан капиталистік жолмен ұйымдасқан егіншілігі бар елде, егінші-капиталистер жалдама жұмысшылардың жәрдемімен аграрлық революция жасап, мысал үшін айтқанда, жерге жеке меншікті жойған болса, онда бұл революция тіпті де шаруалар революциясы болмай, буржуазиялық революция болған болар еді. Егер аграрлық құрылысы жалпы ка-

питалистік шаруашылықпен соншама біте қайнасып кеткен, капитализмді жоймай тұрып мұндай құрылысты жоюға болмайтын елде айталық, самодержавиелік бюрократияның орнына өкімет басына өнеркәсіп буржуазиясын қоятын революция жасалса, онда бұл революция да тіпті де шаруалар революциясы болмай, буржуазиялық революция болған болар еді. Басқаша айтқанда: шаруаларсыз буржуазиялық ел болуы мүмкін және осындай елде шаруаларсыз буржуазиялық революция да болуы мүмкін. Шаруа халқы едәуір көп елде де буржуазиялық революция болуы мүмкін, бірақ та ондай революция әсте де шаруалар революциясы болып табылмайды, яғни шаруаларға арнаулы қатысы бар жер қатынастарын революцияландырмайтын және шаруаларды революцияны жасайтын азды-көпті белсенді қоғамдық күштердің қатарына көтермейтін революция болады. Демек, «буржуазиялық революция» деген жалпы маркстік ұғымда капитализм өркендеп келе жатқан елдегі шаруалар революциясының қай-қайсысына болса да міндетті түрде қолдануға тиісті белгілі қағидалар бар, бірақ сол елдің буржуазиялық революциясы (объективті қажеттілік мағынасында) толық жеңіп шығу үшін шаруалар революциясына айналуы керек пе, жоқ па, бұл жөнінде осы жалпы ұғым тіпті еш нәрсе айтпайды.

Плехановтың және орыс революциясының алғашқы дәуірінде (яғни 1905—1907 жылдарда) оның соңынан ерген меньшевиктердің бүкіл тактикалық бағытындағы қателіктердің негізгі көзі сол — олар жалпы буржуазиялық революция мен шаруалардың буржуазиялық революциясының осы арақатынасын мүлдем түсінбеді. Большевиктер қазіргі болып жатқан революцияның буржуазиялық сипатын түсінбей отыр-мыс деп меньшевиктік әдебиетте көтеріле беретін қаһарлы шу* — осы жете ұғынбаушылықты бүркегендік, одан басқа еш нәрсе де емес. Іс жүзінде екі фракциядағы социал-демократтардың бірде-бірі революцияға дейін де, революция кезінде де бұл революцияны буржуазиялық

* Плехановтың «Тактика мен әдепсіздік туралы жаңа хаттарында» (Глаголевтің баспасы, СПБ.) бұл шу — тура кісі күлерлік шу. Большевиктерге айтылған қаһарлы сөздердің, балағаттаудың және екіжүзденудің шегі жоқ, мағына дегеннен — жұрдай.

сипаттағы революция деген маркстік көзқарастан тайған жоқ; тек фракциялық таластарды «оңайлатушылар» ғана, бұл таластардың өңін айналдырушылар ғана мұның керісінше айтуы мүмкін. Бірақ марксистердің бір бөлегі, атап айтқанда оңшыл қанаты, қазіргі буржуазиялық революцияның нақ шаруалар революциясы болып табылатын *ерекшелігін* түсіне алмай, өне бойы буржуазиялық революция деген жалпылама, абстракті, дағдылы ұғыммен бұлтарып кетіп жүрді. Социал-демократияның бұл қанаты біздің буржуазияның орыс революциясындағы контрреволюцияшылдығының шығар көзін ұғына алмауы, бұл революцияда қандай таптардың толық жеңіп шыға алатындығын айқын етіп анықтай алмауы, буржуазиялық революцияда пролетариат буржуазияны қолдауы керек, буржуазиялық революцияда басты қайраткер буржуазия болуға тиіс, егер буржуазия ауытқып кетсе, революцияның құлашы әлсіреп қалады және т. т., т. с. деген көзқарасқа түспей отыра алмауы — бұл мүлде табиғи және сөзсіз нәрсе.

Қайта мұның керісінше, большевиктер 1905 жылдың көктемі мен жазында революция басталысымен-ақ, надан немесе ақылсыз адамдардың арасында қазіргі кездегідей большевизмді бойкотизммен, жауынгерлікпен, тағы сондайлармен шатастырушылықтың сонша жайылғандығы туралы сөз болуы мүмкін емес кезде-ақ, біздегі тактикалық алауыздықтардың *шығар көзін* айқын көрсетті, шаруалар революциясы деген ұғымды буржуазиялық революцияның бір түрі ретінде бөліп шығарып, оның жеңуін: «пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы» деп белгіледі. Сол уақыттан бері большевизмнің халықаралық социал-демократиядағы қолы жеткен өте ірі *идеялық* жеңісі — Каутскийдің орыс революциясының қозғаушы күштері туралы мақаласының шығуы еді (орысша аудармасы Н. Лениннің редакциялауымен және оның жазған алғы сөзімен басылып шықты: «Орыс революциясының қозғаушы күштері мен перспективалары». М. 1907, «Новая эпоха» кітап баспасы). Жұртқа мәлім, большевиктер мен меньшевиктердің арасында жік туған кездің басында, 1903 жылы, Каутский меньшевиктердің жағына

шықты. Каутский өзі сан рет жазған орыс революциясын байқағаннан кейін Плехановтың қатесін бірден түсінді; 1907 жылы Плеханов оған өзінің белгілі сұрау тізбесін жіберген еді. Бұл сұрау тізбесінде Плеханов орыс революциясының *тек* буржуазиялық сипаты жөнінде сұрақ берді, онда шаруалардың буржуазиялық революциясы туралы ұғымды бөле қараған жоқ-ты, «буржуазиялық демократия», «буржуазиялық оппозициялық партиялар» деген жалпы жақшадан әрі бармаған еді. Осы қатені түзете отырып, Каутский Плехановқа: буржуазия орыс революциясының қозғаушы күші емес, *осы* мағынада алғанда буржуазиялық революциялардың заманы өтіп кетті, «революциялық күрестің бүкіл дәуірінде тек пролетариат пен шаруалар арасында ғана берік мүдде ортақтығы болады» (аталған кітапша, 30—31-беттер), «мұның өзі (осы мүдде беріктігі) орыс социал-демократиясының бүкіл революциялық тактикасының негізіне алынуға тиіс» (бұл да сонда, 31-бет) деп жауап берді. Бұл жерде меньшевиктік тактикаға *қарсы* большевиктік тактиканың *негіздері* өте айқын көрсетілген. Плеханов «Тактика мен әдепсіздік туралы жаңа хаттарында» бұл жөнінде өте қатты ашуланады. Бірақ оның өкініші тек оның дәлелдерінің әлсіз екендігін одан сайын айқындай түседі. Большевиктерді «сауатсыздар» (127-бет) деп сөгіп, біз «қайткенде де буржуазиялық» дағдарысты басымыздан кешіріп отырмыз,—дейді Плеханов. Бұл сөгуі—ашулы әлсіздік. Плеханов шаруалардың буржуазиялық революциясының шаруалар емес буржуазиялық революциядан айырмасы бар екендігі жөніндегі мәселені түсінбеді. Каутский «біздің шаруаның ілгері дамуының тездігін асыра көрсетеді» (131-бет), «біздің арамыздағы (Плеханов пен Каутскийдің арасындағы) пікір алалығы сөз сарыны жағынан ғана болуы мүмкін» (131) және т. с. дей келіп, Плеханов нағыз бейшаралық, қоян жүректік бұлтарысқа жармасады, өйткені аз да болса ойлай білетін адамның кез келгені мұның дәл керісінше екенін көріп отыр. Істің мәнісі «сөз сарынында» емес, дамудың тездігі туралы мәселеде емес, Плеханов байбалам салып жүрген өкіметті «басып алуда» да емес, істің мәнісі

орыс революциясының қозғаушы күші бола алатын *таптарға негізгі* көзқараста болып отыр. Плеханов пен меньшевиктер, еркімен болсын, еріксіз болсын, *қалай да* буржуазияны оппортунистікпен қолдауға ауып кетіп отыр, өйткені олар шаруалардың буржуазиялық революциясында буржуазияның контрреволюцияшылдығын түсінбейді. Большевиктер бұл революцияның жеңуінің жалпы және негізгі таптық шарттарын: пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасы деп бірден белгіледі. Каутский «Орыс революциясының қозғаушы күштері мен перспективаларында» істің шын мәнісінде осы көзқарасқа келді және ол бұл көзқарасты өзінің «Әлеуметтік революциясының» *екінші* басылуында қайталап айтты; бұл кітапшада ол былай дейді: «Ол (орыс социал-демократиясының таяудағы жеңуі) пролетариат пен шаруалар одағының (einer Koalition) ісі ғана болуы мүмкін» («Die soziale Revolution», von K. Kautsky. Zweite Auflage. Berlin, 1907, Seite 62*). (Каутскийдің екінші басылудағы басқа бір қосымшасына, оның 1905 ж. декабрьдің сабақтарына берген бағасына тоқтап өтуге орынның аздығы мүмкіндік бермей отыр; оның бұл бағасы меньшевизмнен *мүлдем* ажырасады.)

Сонымен, шаруалар революциясы ретінде ғана жеңіп шыға алатын буржуазиялық революциядағы жалпы алғанда бүкіл социал-демократиялық тактиканың *негіздері* туралы мәселеге келгенде Плехановтың мүлдем тайсалғанын көріп отырмыз. Шаруалар революциясында шаруалардың өкіметті жеңіп алуына қарсы шығып, Плеханов меньшевизмді сорақылыққа ұшыратты деп менің Стокгольмде (апрель, 1906 ж.) айтқан сөздерім** содан кейінгі шыққан әдебиетте толығынан дәлелденді. Міне тактикалық бағыттағы осы негізгі қателік меньшевиктердің аграрлық программасына әсерін тигізбей қоймады. Муниципализация, мен жоғарыда әлденеше рет көрсетіп өткендей, экономикалық жағынан да, саяси жағынан да шаруалар революциясының шын мәнісінде же-

* — К. Каутский. «Әлеуметтік революция», 2-басылуы, Берлин, 1907, 62-бет. *Ред.*

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 385—386-беттер. *Ред.*

ңуінің, өкіметті пролетариат пен шаруалардың шын мәнісінде жеңіп алуының шарттарын толық көрсетпейді. Экономикалық жағынан алып қарағанда, мұндай жеңіс ескі үлесті жер иелігін баянды етумен сыйыса алмайды; саяси жағынан алып қарағанда, мұндай жеңіс орталық өкіметте толық демократизм болмай тұрғанда, жалғыз ғана облыстық демократизммен сыйыса алмайды.

6. ЖЕРДІ НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАУ ЖЕТКІЛІКТІ ТҮРДЕ ОРАЛЫМДЫ ҚҰРАЛ БОЛА АЛА МА?

Джон жолдас Стокгольмде («Протоколдардың» 111-беті) былай деді: «жерді муниципализациялау жобасы неғұрлым оралымды болғандықтан неғұрлым қолайлы болып табылады, ол жоба шаруашылық жағдайлардың түрлі-түрлі екендігін ескереді, ол жобаны революцияның барысының өзінде-ақ жүзеге асыруға болады» деді. Муниципализацияның бұл жөніндегі түбірлі кемшілігін — үлесті жер иелігін меншік етіп бекітуді мен көрсетіп өткенмін. Бұл жағынан алып қарағанда национализация анағұрлым оралымды, өйткені «қоршауы жойылған» жерде жаңа шаруашылықтарды анағұрлым еркін түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл арада тағы да Джонның басқа, ұсақтау пікірлерін қысқаша айтып өту керек.

«Жерді бөлу,— дейді Джон,— кейбір жерлерде ескі жер қатынастарын қайтадан туғызар еді. Кейбір облыстарда үй басына 200 десятинадан жер келер еді, сөйтіп мәселен, Уралда біз жаңа помещиктер табын туғызар едік». Бұл дәлел дәл өз жүйесін айыптаудан құрылған дәлелдің үлгісі! Осындай дәлелдер де меньшевиктік съезде істің түйінін шешкен еді! Муниципализацияның дәл өзі, тек муниципализация ғана осындай сөз болған күнәға ұрынады, өйткені тек муниципализация ғана жерді жеке облыстарға бекітіп қалдырады. Джон адам күлерлік логикалық қате істеп отыр, ол ойлағандай, бұл жерде бөліс айыпты емес, муниципалистердің провинциализмі айыпты. Уралдың муниципализацияланған жері, меньшевиктердің программасы бойынша, бәрі бір уралдықтардың «иелігі» болып қалар еді. Мұның өзі

жаңа реакцияшыл казактарды туғызғандық болар еді, олардың реакцияшыл болатын себебі — егіншілердің қалған бұқарасының бәрінен гөрі жермен он есе артық қамтамасыз етілген пұрсатты ұсақ егіншілер шаруалар революциясына қарсы тұрмай қоймас еді, жерді жеке меншіктенудегі пұрсаттылығын қорғамай тұра алмас еді. Енді тек былай деп жорамалдау ғана қалып отыр: сол программаның негізінде «демократиялық мемлекет» Урал ормандарының он миллиондаған десятинасын «жалпы мемлекеттік маңызы бар ормандар», немесе «қоныстандыру қоры» деп жариялай алар еді (кадет Кауфман ормандылығы 25 процент жерлерде Урал ормандарын осындай бөліп пайдалануға болады дейді ғой, бұл Вятка, Уфа, Пермь губернияларында 21 миллион десятина жер берді!) — сөйтіп осыған сүйеніп, ол жерлерді өз «иелігіне» тартып алар еді. Муниципализацияның өзгешелігі оның оралымдылығында емес, шым-шытырық шатақтығында болып отыр, бар болғаны осы.

Одан соң, муниципализацияны революция процесінің өзінде жүргізу ісіне көз жіберіп қарайық. Бұл жерде менің «шаруалардың революциялық комитеттері» дегеніме сословиелік мекемелер деп тиісушілікті көреміз. Біз сословиесіздік жағындамыз, деп меньшевиктер Стокгольмде либералдыққа салынды. Арзан либерализм! Сословиесіз өзін өзі басқаруды енгізу үшін жеңіп шығу керек және қарсы күрес жүргізіліп отырған пұрсаттылығы бар сословиені өкімет билігінен тайдыру керек — біздің меньшевиктер осыны жете ойламаған. Джон айтқандайын, нақ «революция процесінің өзінде», яғни помещиктерді қуып шығу жолындағы күрестің процесінде, меньшевиктердің тактикалық қарары да сөз қылып отырған *«шаруалардың революциялық қимылдарының»* процесінде ғана шаруалар комитеттерінің болуы мүмкін. Сословиесіз өзін өзі басқаруды енгізу ісі біздің саяси программамызда қамтамасыз етілген, ол революция жеңгеннен кейінгі кездегі, бүкіл халық жаңа тәртіпті мойындауға тиіс болған кездегі, *басқару* ұйымы ретінде сөзсіз құрылып отырады, құрылуы керек те. Ал егер біздің программамыздың «шаруалардың революциялық қимылдарын помещиктердің жерлерін конфискелеуге

дейін қолдау туралы» сөздері сылдыр сөз болмайтын болса, онда *осы* «қимылдарды» жасау *үшін* халықты ұйымдастыру жағын ойластыру керек! Меньшевиктердің программасы мұны ойламайды. Меньшевиктердің программасы, оны буржуазиялық партиялардың заң жобаларымен қатар, парламенттік заң жобасына толығымен айналдыруға оңай боларлықтай етіліп құрылған; буржуазиялық партиялар (кадеттер сияқты) «қимылдардың» қандайын болса да жек көреді немесе (энестер сияқты) бұл қимылдарға көмек беру және оларды ұйымдастыру міндетінен оппортунистікпен жалтарады. Бірақ шаруалардың аграрлық революциясын сөз қылатын жұмысшы партиясына — ірі буржуазия мен бюрократияны тыныштандыру (кадеттер сияқты) мақсатын көздемейтін, ұсақ буржуазияны тыныштандыру (энестер сияқты) мақсатын көздемейтін, қайта крепостниктік Россияға қарсы жүргізілетін күрестің барысында қалың бұқараның сана-сезімі мен ынта-жігерін арттыруды көздейтін партияға, программаны бұлай етіп құру лайық емес.

1905 жылдың көктемінде, 1905 жылдың күзінде, 1906 жылдың көктемінде Россияда болған шаруалардың толып жатқан «революциялық қимылдарын» жалпы түрде болса да естеріңізге түсіріңіздерші. Мұндай қимылдарды қолдауға біз уәде береміз бе, жоқ па? Егер жоқ десек, онда біздің программамыз өтірік айтушы болып шығар еді. Егер уәде берсек, онда *бұл* қимылдар үшін программа *олардың* ұйымдастырылуы туралы нұсқау *бермейтіні* айқын. Мұндай қимылдар тікелей күрестің болып жатқан жерінде ғана ұйымдастырылуы мүмкін, ұйымды тек күреске қатысып отырған бұқара ғана тікелей құра алады, яғни ұйым сөзсіз шаруалар комитеттерінің типінде болуы керек. Мұндай қимылдардың кезінде ірі облыстық өзін өзі басқару орындары болады деп күту тіпті адам күлерлік нәрсе. Жеңіп шыққан жергілікті комитеттерді ұлғайту, олардың билігі мен ықпалын көршілес селоларға, уездерге, губернияларға, қалаларға, округтерге *және бүкіл мемлекетке тарату,* әрине, керекті, қажетті іс. Программада осындай ұлғайтудың қажеттігілігін көрсетуге ешқандай қарсылық бол-

мауы керек, бірақ онда облыстармен ғана қанағаттанып қоймай, қалайда орталық өкіметке дейін жеткізу керек. Бұл біріншіден. Ал екіншіден, ол кезде өзін өзі *басқару* орындары туралы сөз қылмау керек, өйткені мұндай термин басқарушы ұйымдардың мемлекет *құрылысын* ұйымдастыру ісіне *бағыныышты* болатындығын көрсетеді. «Өзін өзі басқару» орталық өкімет жасап шығаратын ережелер бойынша және сол орталық өкімет белгілеп берген шеңберде жұмыс істейді. Ал күрес жүргізіп жатқан халықтың біз сөз қылып отырған ұйымдары ескі өкіметтің барлық мекемелеріне ешбір тәуелді болмауы тиіс, мемлекеттің жаңа құрылысы үшін күрес жүргізуі тиіс, халықтың (немесе халық самодержавиесінің) құдіреттілігінің құралы және осыны қамтамасыз етудің құралы болуға тиіс.

Қысқасы, «революцияның өз процесі» тұрғысынан қарағанда уақытша өкімет және т. с. туралы мәселе жөніндегі меньшевиктер идеяларының шатасқандығын көрсететін меньшевиктік программа барлық жағынан қанағаттанғысыз.

7. ЖЕРДІ МУНИЦИПАЛИЗАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ МУНИЦИПАЛДЫҚ СОЦИАЛИЗМ

Бұл екеуін жақындастырған Стокгольмде аграрлық программаны өткізген меньшевиктердің өздері. Көрнекті екі меньшевикті — Костров пен Ларинді атап өтсек болғаны. Костров Стокгольмде былай деді: «Кейбір жолдастар муниципалдық меншік жөнінде бірінші рет естіген сияқты. Батыс Европада тұтас бір бағыт» (! нақ солай!) — «қала мен село муниципалитеттерінің меншігін ұлғайтуды көздейтін «муниципалдық социализм» (Англия) бар екенін олардың есіне салып өтейік; біздің жолдастар да осыны жақтайды. Көптеген муниципалитеттерде жылжымайтын мүлік бар, бұл да біздің программамызға қайшы келмейді. Енді муниципалитеттер үшін жылжымайтын байлықты тегін (!!) алып беруге(!) біздің мүмкіндігіміз бар, мұны біз пайдалануымыз керек. Әрине, конфискеленген жерлер муниципализациялануы керек» (88-бет).

«Байлықты тегін алу мүмкіндігі» жөніндегі аңғал көзқарас бұл жерде тамаша көрсетілген. Шешен тек мынаны жете ойластырмаған: осы муниципалдық социализм «бағыты» нақ ерекше бағыт ретінде және көбінесе өзі мысалға алған Англияда неліктен *барып тұрған оппортунизм* бағыты болып отыр? Энгельс Зоргеге жазған хаттарында ағылшын фабийшылдарының осы интеллигенттік барып тұрған оппортунизмін сипаттай келіп, неліктен олардың муниципализаторлық әрекеттерініц мещандық маңызын атап көрсетті?[120]

Костровты бас изей қостаған Ларин меньшевиктік программаға жазған өзінің түсінігінде былай дейді: «Бәлкім, кейбір жерлерде халықтың жергілікті өзін өзі басқару орындары, мәселен, қалалық думалардың қарамағында конкалары немесе қасапханалары болғаны сияқты, осы ірі шаруашылықтарды өз есебінен өзі жүргізе алар, сонда осы шаруашылықтардан түсетін барлық (!!) пайда бүкіл (!) халықтың қарамағында болады»*,— жергілікті буржуазияның қарамағында емес пе екен, құрметті Ларин?

Батыс европалық муниципалдық социализмнің мещандық сабаздарының мещандық жалған үміттері өзінің зардабын бірден тигізе де бастады. Буржуазияның үстемдігі де ұмытылды, *пролетариат* халқының проценті көп болған қалаларда ғана еңбекшілер үшін муниципалдық басқарманың болар-болмас жұрнағын жырып алуға болатыны да ұмытылды! Бірақ мұны реті келген соң ғана айтып кеттік. Жерді муниципализациялаудың «муниципалдық-социалистік» идеясының негізгі жалған жері мынада болып отыр.

Батыстағы буржуазиялық интеллигенцияның ағылшын фабийшылдарына ұқсап, муниципалдық социализмді айрықша «бағыт» деп санайтындығының себебі нақ сол — ол интеллигенция әлеуметтік татулықты, таптарды ымыраластыруды арман етеді және жұртшылық назарын бүкіл экономикалық құрылыс пен бүкіл мемлекеттік *құрылыстың* түбірлі мәселелерінен жергілікті өзін өзі *басқарудың* ұсақ мәселелеріне аударғысы келе-

* «Шаруалар мәселесі және социал-демократия», 66-бет.

ді. Бірінші мәселе сияқты мәселелерде тап қайшылықтары өте қатты шиеленіскен; біз жоғарыда көрсетіп өткендей, нақ осы мәселелер тап ретіндегі буржуазия үстемдігі негіздерінің өзін қозғайды. Сондықтан, социализмді жарым-жартылап жүзеге асырудың мещандық, реакциялық утопиясы нақ осы арада әсіресе үмітсіз нәрсе. Назар ұсақ-түйек жергілікті мәселелерге аударылады, тап ретіндегі буржуазияның үстемдігі туралы, бұл үстемдіктің негізгі құралдары туралы мәселеге аударылмайды,— бай буржуазияның *«халықтың керегіне»* беретін *тиын-тебендерін* жұмсау туралы мәселеге аударылады. *Буржуазияның өзі* халықтың денсаулығына беруге *көніп отырған* (Энгельс «Тұрғын үй мәселесінде» қалалардағы жұқпалы аурулар буржуазияның өзін үрейлендіреді деп көрсеткен еді[121]), халыққа білім беру ісіне (буржуазияға техниканың жоғарғы дәрежесіне икемделе алатын оқыған жұмысшылар керек қой!) және т. т. беруге *көніп отырған* болмашы сомаларды (қосымша құнның жалпы мөлшерімен және буржуазияның мемлекеттік шығындарының жалпы сомасымен салыстырғандағы болмашы сомаларды) жұмсау туралы мәселелерге көңіл бөлініп отырса, онда *осындай ұсақ* мәселелер жөнінде «әлеуметтік татулық» туралы, тап күресінің зияны және т. с. туралы мылжыңдауға болатыны түсінікті-ақ. Буржуазияның өзі ақшаны «халықтың керегіне», медицинаға, оқу ісіне жұмсап отырса, мұнда қандай тап күресі болмақшы екен? Жергілікті өзін өзі басқару орындары арқылы ақырындап және бірте-бірте «коллективтік меншікті» кеңейтуге, құрметті Ю. Ларин орынды-ақ сөз қылған конкалар, қасапханалар сияқты өндірісті «социализациялауға» мүмкіндік болып отырса, онда әлеуметтік революция не үшін керек екен?

Бұл «бағыттың» мещандық оппортунизмі мынада болып отыр: бұл жерде «муниципалдық социализм» дейтіннің (ал іс жүзінде, ағылшын социал-демократтары фабийшылдарға қарсы дұрыс айтқандай, муниципалдық капитализмнің) *тар шеңберін* ұмытады. Бұл жерде мынаны ұмытады: буржуазия тап ретінде үстемдік етіп тұрғанда, ол өзінің үстемдігінің шын *негіздеріне,* тіпті «муниципалдық» тұрғыдан қарағанда да, қол сұғуға

жол бере алмайды; егер буржуазия «муниципалдық социализмге» жол беріп, оған төзетін болса, мұның себебі дәл мынадан — «муниципалдық социализм» оның үстемдігінің *негізіне* тимейді, оның байлығының *елеулі* көздеріне тимейді, буржуазияның өзі «халықтың» қарамағына *беріп отырған* тек жергілікті, болмашы шығындарға ғана билік жүргізеді. *Социалистік* муниципалитеттердің дағдылы ұсақ, болмашы, жұмысшының тұрмысын *айтарлықтай* жеңілдетпейтін қожалық ету шеңберінен сәл ғана шығып кету әрекетінің қандайына болса да, *капиталға* сәл ғана қол сұғу әрекетінің қандайына болса да буржуазиялық мемлекеттің орталық өкіметі әрқашан және сөзсіз veto салып отыратындығын білу үшін Батыстағы «муниципалдық социализммен» болар-болмас таныса, соның өзі жетіп жатыр.

Батыс европалық фабийшылдардың, поссибилистердің және бернштейншілдердің дәл осы негізгі қатесін, осы мещандық оппортунизмін біздің муниципализаторлар үлгі етіп отыр.

«Муниципалдық социализм» дегеніміз *жергілікті басқару* мәселелеріндегі социализм. *Жергілікті* мүдделердің шегінен шығатындардың, мемлекеттік *басқару* ісінің шегінен шығатындардың бәрі де, яғни билік жүргізуші таптардың табыстарының негізгі көзі мен олардың үстемдігін қамтамасыз ететін негізгі құралдарға қатысы барлардың бәрі де, мемлекетті басқару ісіне емес, мемлекет *құрылысына* қатысы барлардың бәрі де, *сөйтіп* «муниципалдық социализмнің» қарамағынан шығып қалады. Ал біздің даналар жалпы ұлттық және билік жүргізуші таптардың түпкі мүдделеріне нағыз тікелей қатысы бар жер туралы мәселенің шиеленісуін «жергілікті басқару орнының мәселелеріне» *жатқызу* арқылы оған соқпай кетеді! Батыста конкалар мен қасапханаларды муниципализациялауда,— бізге де барлық жердің тең жартысын неге муниципализацияламасқа! — деп пайымдайды орыс интеллигентсымағы. Мұның өзі реставрация бола қалған жағдайда да, орталық өкіметте толық демократизм болмаған жағдайда да жарамды дейді!

Буржуазиялық революциядағы аграрлық социализм және дәл мещандық социализм болып шығып отыр; ол көкейкесті мәселелерді ұсақ-түйек тек жергілікті басқару орнына ғана қатысы бар мәселелердің қатарына *жатқызу* арқылы, осы *көкейкесті* мәселелер жөніндегі тап күресін *мұқалтуды* көздейді. Ал іс жүзінде шұрайлы жерлердің жартысында қожалық жүргізу туралы мәселе жергілікті мәселе де, басқару мәселесі де бола алмайды. Бұл жалпы мемлекеттік мәселе, помещиктік мемлекеттің құрылысы туралы ғана емес, сонымен қатар буржуазиялық мемлекеттің де құрылысы туралы мәселе. Социалистік төңкерісті жүзеге асырғанға дейін, егіншілікте «муниципалдық социализмді» дамыту мүмкін болады деген пікірмен халықты еліктірушілік—ең оңбаған демагогтыққа салынушылық болады. Марксизм буржуазиялық революцияның программасына национализацияны енгізуге жол береді, өйткені национализация дегеніміз буржуазиялық шара, өйткені абсолюттік рента капитализмнің дамуына кедергі жасайды, жерге жеке меншік капитализмге бөгет жасайды. Ал буржуазиялық революцияның программасына ірі имениелерді муниципализациялауды енгізу үшін марксизмді фабийшыл интеллигенттік оппортунизмге айналдыру керек болады.

Бұл арада нақ біздің алдымызда буржуазиялық революциядағы ұсақ буржуазиялық әдістер мен пролетарлық әдістердің айырмашылығы көрініп тұр. Ұсақ буржуазия, тіпті ең радикал буржуазия да,— соның ішінде біздегі социалист-революционерлер партиясы да,— буржуазиялық революциядан *кейін* тап күресі болады деп есептемейді, жаппай рақат пен тыныштану болады деп есептейді. Сондықтан ұсақ буржуазия күні бұрын «өзіне ұя жасайды», буржуазиялық революцияға ұсақ буржуазиялық реформаторлықтың жоспарларын енгізеді, түрлі «нормалар» туралы, жер иелігін «тәртіптеу» туралы, еңбек негізі мен еңбекші ұсақ шаруашылықты нығайту туралы және т. с. туралы әңгіме қылады. Ұсақ буржуазиялық әдіс дегеніміз мүмкін қадарынша үлкен әлеуметтік татулық қатынастарын жасау әдісі. Пролетарлық әдіс дегеніміз орта ғасырлық қалдықтардың бәрінен жолды *тек қана* тазарту әдісі, *тап күресі* үшін

жолды *тек қана* тазарту әдісі. Сондықтан пролетарлар жер иемдену «нормаларының» қандайын болса да ұсақ қожайынсымақтардың талқылауына бере алады: пролетарға керегі — тек қана помещиктік латифундияларды жою, егіншіліктегі тап күресінің *ақтық* кедергісі болып отырған жерге тек қана жеке меншікті жою. Буржуазиялық революцияда бізге керегі — мещандық реформаторлық емес, тыныштанған ұсақ қожалардың келешектегі «ұясы» емес, бізге керегі — буржуазиялық негізде болатын мещандық тыныштанушылықтың қандайына болса да қарсы жүргізілетін пролетарлық күрестің жағдайлары.

Буржуазиялық аграрлық революцияның программасына муниципализация нақ осындай антипролетарлық рух енгізеді, өйткені муниципализация, меньшевиктердің мүлдем жалған пікірлеріне қарама-қарсы, тап күресін ұлғайтпайды, күшейтпейді, қайта керісінше, оны *мұқалтады*. Мұқалтқанда орталықта толық демократизм болмай тұрғанда, жергілікті демократизм болады деп есептеуі арқылы мұқалтады. «Муниципалдық социализм» идеясы арқылы да мұқалтады, өйткені мұндай социализм буржуазиялық қоғамда тек күрестің даңғыл жолынан *тысқары* жерде ғана, тек ұсақ, жергілікті, маңызды емес мәселелерде ғана *орын алуы* мүмкін, бұл мәселелерде *тіпті* буржуазияның өзі де өзінің тап ретіндегі үстемдігін сақтап қалу мүмкіндігінен айрылмай-ақ кеңшілік беруі мүмкін, соған көнуі мүмкін.

Жұмысшы табы буржуазиялық қоғамға буржуазиялық төңкерістің ең таза, ең дәйекті, ең батыл программасын, жерді буржуазиялық жолмен национализациялауға дейін баратын программасын беруге тиіс. Пролетариат буржуазиялық революцияда мещандық реформаторлықтан жирене теріс айналады: бізге бостандық мещандық бақыт үшін керек емес, бізге бостандық күрес үшін керек.

Жұмысшы партиясындағы интеллигенцияның оппортунизмі, әрине, басқа бағытқа сүйрейді. Буржуазиялық төңкерістің кең революциялық программасының орнына мещандық утопияға назар аударылады: орталықта демократизм болмай тұрғанда жергілікті демократизмді

қорғап қалуға, ірі «сілкіністерге» ұрынбастан ұсақ реформаторлық үшін муниципалдық шаруашылықтың бір бұрышын қамтамасыз етіп беруге, антисемиттердің рецепті бойынша өте асқынған жер жанжалының шиеленісіне соқпай өтуге тырысады, яғни ұлттық ірі мәселені ұсақ жергілікті мәселелерге қосу арқылы оған соқпай өтуге тырысады.

8. МУНИЦИПАЛИЗАЦИЯ ТУҒЫЗҒАН ШАТАСУШЫЛЫҚТЫҢ КЕЙБІР МЫСАЛДАРЫ

«Муниципализаторлық» программа социал-демократтардың бастарын қалай шатастырғандығын, ол программа насихатшылар мен үгітшілерді қандай бейшаралық күйге түсіргендігін мына бір шатақ іс те көрсетеді.

Ю. Ларин әдебиеттегі көрнекті және белгілі меньшевиктердің бірі екендігі күмәнсыз. Оның Стокгольмде программаны өткізуге өте белсене қатысқандығы протоколдардан көрініп тұр. «Новый мир» кітапшаларының сериясына қосылған оның «Шаруалар мәселесі және социал-демократия» деген кітапшасы меньшевиктік программаға арналған ресми түсінік десе де болғандай. Бұл түсінік беруші міне не жазып отыр. Оның кітапшасының соңғы беттері жер өзгерісі туралы мәселенің қорытындыларына арналған. Автор бұл өзгерістердің үш түрлі нәтижесін қарастырады: 1) шаруалардың жеке меншігіне ақы төлетіп қосымша үлесті жер беру — «жұмысшы табы үшін, шаруалардың төменгі жіктері үшін және халық шаруашылығының бүкіл дамуы үшін өте қолайсыз нәтиже» (103). Екінші нәтиже — ең жақсысы және 3-сі, мүмкін емес болса да,— «қағаз жүзінде жерді міндетті түрде теңгерме пайдалануды жариялау». Екінші нәтиже, муниципализаторлық программаны жақтаушының пікірі бойынша, муниципализация болуға тиісау деп ойлауға біздің правомыз бар сияқты? Жоқ. Тыңдаңыздар:

«Бәлкім, барлық конфискеленген жерлер *немесе тіпті жалпы жер атаулының бәрі жалпы мемлекеттік меншік* деп жарияланып, бұл жерлер онда шын мәнісінде шаруашылық жүргізетіндердің бәрінің пайдалануына *тегін* (??) үлестіріліп берілу үшін

жергілікті өзін өзі басқару орнының қарамағына берілетін шығар, берілгенде, әрине, бүкіл Россия көлемінде жерді теңгерме пайдалануды міндетті түрде енгізбей-ақ, жалдама еңбекке тыйым салмай-ақ берілетін шығар. Мәселенің осылай шешілуі, біз жоғарыда көргендей, пролетариаттың таяудағы мүдделерін де, социалистік қозғалыстың жалпы мүдделері мен Россия өмірінің негізгі мәселесі — еңбек өнімділігін көтеру ісін де анағұрлым қамтамасыз етеді. Сондықтан социал-демократтар нақ осындай сипаты бар аграрлық реформаны (?) қорғауы және жүзеге асырулары керек. Мұндай реформа дамудың жоғары дәрежесіне жеткен революцияда қоғамдық дамудың саналы элементтері күшті болған кезде орын алады» (103. Курсив біздікі).

Егер Ю. Ларин немесе өзге меньшевиктер бұл арада муниципализация программасы баяндалған екен деп ойласа, онда бұл масқара адасқандық. *Барлық* жерді мемлекеттің меншігіне беру дегеніміз *жерді национализациялау* болады; ол кезде жерді басқару ісі жалпы мемлекеттік заң шеңберінде қызмет ететін жергілікті өзін өзі басқару орындары арқылы жүргізіледі дегеннен басқаша түсінудің өзі мүмкін емес. Әрине, «реформалардың» емес, революцияның осындай программасына — жалдама еңбекті қолданып шаруашылық жүргізетіндерге де жерді «тегін» үлестіріп беру турасындағы пунктті қоспағанда — мен түгел қол қоямын. Мұндай нәрсеге буржуазиялық қоғам үшін уәде берушілік—бұл социал-демократтан гөрі антисемитке көбірек лайықты. Капиталистік дамудың шеңберінде іс осылай нәтиже беру мүмкін деп марксист ұйғара алмайды,— рентаны кәсіпкер фермерлерге беру дұрыс болар еді деп санауға да негіз жоқ. Бірақ автордың аузынан сірә абайсызда шығып кеткен осы пункт болмаса, мына жағдай даусыз болып отыр: меньшевиктердің көпшілікке арналған кітапшасында революцияның ең жоғары дәрежеде дамуына байланысты істің ең жақсы нәтижесі ретінде *жерді национализациялау* ісі уағыздалып отыр.

Жеке меншік иелігіндегі жерлерді қайтпек керек деген мәселе туралы сол Ларин былай деп жазады:

«Өнім беретін ірі капиталистік шаруашылықтар орналасқан жеке иеліктегі жерлерге келетін болсақ, социал-демократтар бұл жерлерді ұсақ қожайындарға бөліп беру мақсатымен конфискелеу керек деп ойламайды. Ұсақ шаруа шаруашылығының өз жеріндегі немесе арендаға алған жеріндегі орташа онім бір де-

сятинадан 30 пұтқа жетпей отырғанда, капиталистік ауыл шаруашылығының Россиядағы орташа өнімі 50 пұттан асады» (64).

Осыны айтқанда, Ларин асылында *шаруалардың* аграрлық революциясы жөніндегі идеяны лақтырып тастап отыр, өйткені егіннің шығымдылығы жөнінде ол келтірген орташа цифрларының *барлық* помещиктік жерлерге қатысы бар. Егер крепостниктіктен азат етілген ұсақ ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін анағұрлым кең, анағұрлым тез көтеруді мүмкін деп есептемейтін болсақ,— онда «шаруалардың помещиктік жерлерді конфискелеуге дейін баратын революциялық қимылдарын қолдаудың» қай-қайсысының болса да тегінде мағынасы болмайды. Ал одан соң «социал-демократтардың ойынша капиталистік шаруашылықтар не үшін конфискеленбек» деген мәселе туралы Стокгольм съезінің шешімі бар екендігін Ларин ұмытып отыр.

Стокгольм съезінде: экономикалық даму деген сөздерден кейін (қарардағы) «сондықтан, конфискеленген ірі капиталистік экономиялардың бұдан былай да жалпы халықтық мүдделерді көздейтіндей болып капиталистік жолмен және ауыл шаруашылық пролетариатының мұқтаждарын бәрінен де жақсы өтейтіндей шарттар негізінде пайдаланылуын талап ете отырып» (157-бет) деген сөздер қосылсын деп нақ Струмилин жолдас түзету ұсынған еді. *Бір адамнан басқаның бәрі де қарсы болып,* бұл түзету қабыл алынбады (бұл да сонда).

Осылай бола тұрса да, съездің қарарымен есептеспестен, бұқара арасында насихат жүргізіліп жатыр! Үлесті жерлерге жеке меншік қалдырылатын болуы себепті, муниципализация — соншалықты шатасқан нәрсе, сондықтан программаға жазылған түсініктер амалсыздан съездің қарарына қайшы келеді.

Каутский, оның сөздерін жұрт не ол, не бұл программаның пайдасына өте жиі және әділетсіз түрде цитатқа ала берген (әділетсіз түрде дейтінімнің себебі — бұл мәселе жөнінде анық пікір айту туралы жасалған ұсыныстан ол үзілді-кесілді бас тартып, тек кейбір жалпы ақиқатты анықтаумен ғана тынды), Каутский, оны тіпті муниципализацияны қорғау үшін әдейі шатастыру

үшін сияқты, қайта-қайта жұрт дәлелге ала берген, 1906 жылы апрельде М. Шанинге былай деп жазған көрінеді:

«Тегінде, мен муниципализацияны Сізден және, бәлкім, Масловтан басқашарақ ұғынғанмын. Оны мен былай деп ұғынғанмын: ірі жер иеліктері конфискеленеді және бұл жерлерде келешекте де қауымдар (!) немесе неғұрлым ірі ұйымдар ірі шаруашылық жүргізеді немесе жер өнім өндіретін серіктіктерге арендаға беріледі. Мұның Россияда мүмкін болар-болмасын мен білмеймін, бұған шаруалардың көнер-көнбесін де білмеймін. Біз мұны талап етуіміз керек деп те отырғаным жоқ, бірақ *егер* мұны басқалар талап етсе, біз мұнымен қысылмай-ақ келісе алар едік деп қана ойлаймын. Бұл қызық эксперимент болған болар еді»*.

Стокгольм программасына әбден тілектес болған немесе тілектес болып отырған адамдар бұл программаны өздерінің түсіндірулерімен қалай *жойып отырғандығын* көрсету үшін, осы цитаттар жеткілікті ғой деймін. Мұндағы күнә — программадағы күдер үздіретін шатасушылықта болып отыр; бұл программа теория жағынан Маркстің рента теориясын мақұлдамаушылыққа байланысты болып отыр, практика жүзінде орталық өкіметте демократизм болмай тұрғанда жергілікті демократизм болады деген мүмкін емес «орта» жағдайға бейімделіп отыр, ал экономика жағынан алғанда бұл программа буржуазиялық революцияның программасына ұсақ буржуазиялық жалған социалистік реформаторлықты енгізгендік болып табылады.

V ТАРАУ

ТАПТАР МЕН ПАРТИЯЛАР ЕКІНШІ ДУМАДАҒЫ АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ ТУРАЛЫ ЖАРЫС СӨЗДЕР БОЙЫНША

Біздің ойымызша орыс буржуазиялық революциясындағы жұмысшы партиясының аграрлық программасы туралы мәселені басқа бір қырынан тағы да қарап өту

* М. Шанин, «Муниципализация немесе меншікке бөлу». Вильна. 1907 ж., 4-бет. М. Шанин Каутскийді муниципализацияны жақтаушылардың қатарына қосуға болар-болмасы жөнінде әділетті түрде күмәндылығын білдіреді және меньшевиктердің Каутский жөніндегі жарнамасына (1906 жылғы меньшевиктік «Правдада»[122]) әділетті түрде наразылық білдіреді. Маслов жариялаған Каутскийдің хатында,

пайдасыз болмайтын сияқты. Төңкерістің экономикалық жағдайлары мен белгілі бір программаны жақтайтын саяси пікірлерді талдауды әр түрлі таптар мен партиялар күресінің, бір-біріне тікелей қарама-қарсы қойылған мүдделердің бәріп мүмкіндігінше түгел қамтитын күресінің көрінісімен толықтыру қажет. Тек осындай көрініс қана, жеке пікірлердің сыңар жақтығы мен кездейсоқтығын былай қойып, теориялық қорытындыларды мүдделі адамдардың өздерінің практикалық сезімталдығымен тексере келіп, қарап отырған құбылыс (орыс революциясындағы жер үшін күрес) жайында *тұтас* түсінік бере алады. Жеке адамдар ретінде алғанда, партиялар мен таптардың қандай өкілдері болса да адасуы мүмкін, бірақ олар көпшілік арасында, жалпы халық алдында сөйлеген кезде күреске мүдделі болып отырған топтар немесе таптар тарапынан ондай жеке қателер сөзсіз түзетіледі. Таптар қателеспейді: жалпы және тұтас алғанда олар өздерінің мүдделерін және өздерінің саяси міндеттерін күрес жағдайларына және қоғамдық эволюция жағдайларына сай белгілеп отырады.

Осындай пайымдауға келу үшін бізде екі Думаның екеуінің де стенографиялық есептерінде өте тамаша материал бар. Біз екінші Думаны аламыз, өйткені ол, дау жоқ, орыс революциясындағы таптардың күресін неғұрлым толық, неғұрлым тыңғылықты түрде көрсетеді: екінші дума сайлауына бірде-бір беделді партия бойкот жасаған жоқ. Депутаттардың саяси топтасуы II Думада анағұрлым айқынырақ болды, думадағы фракциялар неғұрлым тығыз топтасып, тиісті партиялармен тығыз байланысты болды. I Дума тәжірибесі барлық партияларға өз бағытын неғұрлым ойланып белгілеуге көмектескен көптеген материал берді. Осы себептердің бәрін еске ала келгенде екінші Думаны қалауымыз жөнірек. I Думада болған жарыс сөздерге біз екінші Думада жа-

---

Каутский турадан-тура былай дейді: «Ірі жер иелерінен тартып алынған жер меншігінің *формалары* қалай болуы туралы мәселені шешу ісін біз шаруалардың өз карауына бере аламыз. Мен бұл жөнінде шаруаларға бірдеңені күшпен таңуды қате деп есептер едім» (Маслов пен Каутский. «Аграрлық программа туралы мәселе жөнінде», 16-бет, «Новый мир» баспасы, М., 1906). Меньшевиктер шаруаларға *күшпен таңып* отырған муниципализацияны Каутскийдің нақ осы әбден анық айтылған мәлімдемесі бекерге шығарады.

салған мәлімдемелерді толықтыру немесе түсіндіру үшін ғана сүйенетін боламыз.

Таптар мен партиялар күресінің екінші Думадағы жарыс сөздер бойынша жасалған пайымдау толық және дәл болу үшін әрбір елеулі және өзіндік ерекшелігі бар думадағы фракцияны бөліп алып, оны аграрлық мәселенің басты-басты пункттері бойынша сөйленген басты сөздерінен келтірілген үзінділермен сипаттау керек. Екінші қатардағы шешендердің бәрінен цитат келтірудің мүмкіндігі және қажеті жоқ, сондықтан біз олардың нендей бір жаңалық енгізгендерін ғана немесе мәселенің белгілі бір жағына назар аударарлық түсінік бергендерін ғана көрсетіп отырамыз.

Дума депутаттарының аграрлық айтыстарда айқын көзге түскен негізгі топтары мыналар: 1) оңшылдар мен октябристер,— олардың арасында айырмашылық бар екені екінші Думада оншама елеулі байқалмады, оны алда көреміз; 2) кадеттер; 3) кадеттерден солшылдау тұрған, оны алда көреміз, оңшыл және октябристік шаруалар; 4) партияда жоқ шаруалар; 5) біршама оңшылдау тұрған халықшылдар немесе трудовик-интеллигенттер; 6) трудовик-шаруалар, одан кейін 7) социалист-революционерлер; 8) «ұлт өкілдері», орыс емес халықтардың өкілдері, және 9) социал-демократтар. Үкіметтің позициясын біз оның негізінен алғанда сабақтас думалық тобымен байланысты көрсетіп отырамыз.

1. ОҢШЫЛДАР МЕН ОКТЯБРИСТЕР

Оңшылдардың аграрлық мәселедегі позициясын граф Бобринский 1907 ж. 29 марттағы (II Думаның 18-мәжілісі) сөзінде жұрттың бәрінен де гөрі жақсы айтып бергенінде күмән жоқ. Солшыл священник Тихвинскиймен қасиетті жазулар жайында және өкімет орындарына бағыну жөніндегі оның өсиеттері жайында айтыса келіп, «орыс тарихының ең кіршіксіз, ең жарқын бетін» (1289)*— шаруаларды азат етуді (бұл туралы біз төменде әдейі әңгіме етеміз) еске сала келіп, граф

* Цифрлар бұдан былайғы жерлердің бәрінде де, атап көрсетілмей-ақ, стенографиялық есептің беттерін көрсетіп отырады.

аграрлық мәселеге «ашықтан-ашық омыраулап» кіріседі. «Бұдан 100—150 жылдай ғана бұрын Батыс Европаның барлық жерлерінде бірдей дерлік шаруалар дәл қазіргі біздегідей кедей, біздегідей кемсітілген және біздегідей қараңғылықта өмір сүрген еді. Дәл біздің Россиядағыдай, жан басына қарай жерді қайта бөліп отыратын қауымы, феодалдық құрылыстың осы типтік қалдығы болған еді» (1293). Ал қазір, дейді одан әрі шешен, Батыс Европада шаруалар молшылықта өмір сүреді. Сондықтан бұл «қайыршы, кемсітілген шаруаны» қандай керемет келіп «ауқатты, өзін және өзгені сый тұтатын, пайдалы азаматқа» айналдырды? деген сұрақ туады. «Бұған тек бір ғана жауап бар: бұл кереметті жасаған шаруаның жеке меншігі, осында солшылдар соншама жек көретін меншік, ал біз, оңшылдар, өз санамыздың бар күшімен, өзіміздің нағыз шын сеніміміздің бар қуатымен қорғайтын меншік, өйткені Россияның күші мен келешегі осы меншікте екенін біз білеміз» (1294). «Өткен ғасырдың орта шенінен бермен қарай агрономиялық химия өсімдіктер қорегі жөнінде таңқаларлық... жаңалықтар жасады, ал шетел шаруалары — ұсақ меншікшілер ірілерімен қатар (??) — ғылымның осы жаңалықтарын пайдалана білді және жасанды тыңайтқыштарды қолданып, астық шығымын бұрынғыдан да көтерді, сонымен қазір біз өзіміздің аса құнарлы қара топырақты жерімізден 30—35 пұт астық алып, ал кейде тұқымды да ала алмай отырған кезде, шетелдерде астық шығымын, әр ел жағдайы мен ауа райына қарай, орта есеппен, жылма-жыл 70 пұттан 120 пұтқа дейін жеткізіп отыр. Жер мәселесін шешу деген міне осы. Бұл қиял емес, фантазия емес. Бұл тағылымдық тарихи үлгі. Сондықтан орыс шаруасы «Түс аттан!» деп айғай салып, Пугачев пен Стенька Разиннің жолымен жүрмейді» (ой, граф, оған кепіл болмай-ақ қойыңыз!), «ол бірден-бір дұрыс, барлық цивилизациялы халықтар жүріп өткен жолмен, өздерінің Батыс Европа көршілерінің жолымен, ал, ақырында, біздің поляк бауырларымыздың жолымен, қазірдің өзінде-ақ қауымдық иелік пен аралас жері бар үй басына иеленудің мүлдем жарамсыздығын түсініп, кей жер-

лерде қазір хуторлық шаруашылықты енгізе бастаған батыс орыс шаруаларының жолымен жүреді» (1296). Граф Бобринский одан әрі «бұл жол 1861 жылы — шаруаларды крепостниктік тәуелділіктен азат еткен кезде — көрсетілген болатын» дейді, мұнысы әділ айтылған сөз. Ол «ауқатты меншікші шаруалар табын жасауға ондаған миллионды» аямау керек деп кеңес береді. «Міне, мырзалар,— дейді ол,— жалпы алғанда біздің аграрлық программамыз осы. Бұл сайлау алдындағы, үгіттік уәде программасы емес. Бұл қазіргі әлеуметтік және заңдық ережелерді бұзу программасы емес» (бұл миллиондаған шаруаларды дүниеден күшпен кетіру программасы), «бұл қауіпті фантазиялар программасы емес, бұл — әбден жүзеге асыруға болатын» (бұл әлі екіталай болар) «және сыннан өткен» (шындықтың аты шындық) «программа». «Сондықтан орыс халқының қайдағы бір экономикалық ерекшелігі туралы арманды әлдеқашан тастау керек еді... Ал бірақ Еңбек тобы жобасы мен халық бостандығы партиясының жобасы сияқты мүлдем жүзеге асыруға болмайтын жобалардың заң шығаратын елеулі жиналысқа енгізіліп отырғанын қалай түсінуге болады? Барлық жерді қазынаға алып қою дегенді немесе жерді Иваннан алып, Петрге беру дегенді дүниеде ешбір парламент еш уақытта естіп-білген емес қой... Мұндай жобалардың пайда болуы — абыржушылықтың нәтижесі» (шіркіннің түсіндіруін-ай!)... «Сонымен, орыс шаруалары, сендердің алдыңда екі жол тұр: бірі кең жол және сырт қарағанда жеңіл жол — басып алу, күшпен иеліктен айыру жолы, бұл әрекетке сені осында шақырды да. Бұл жол әуелі қызықтырады, сонан құлдилай түседі, ақырында әкеліп, шаруаларды да, бүкіл мемлекетті де жарға жығып» (помещиктерді болар?) «құртады. Екінші жол — тар жол, ауыр жол, бұл өрге тартады, бірақ бұл жол сені шындықтың, праволы болудың және баянды әл-ауқаттың шыңына жеткізеді» (1299).

Оқушы көріп отырған болар, бұл — үкімет программасы. 87-статья бойынша өзінің атышулы аграрлық заңы арқылы Столыпиннің жүзеге асырып отырғаны

нақ осы программа. Өзінің аграрлық тезистерінде (1907 ж. 2 апрельдегі 20-мәжіліс, 1532—1533-беттер) Пуришкевич дәл осы программаны тұжырымдады. Аграрлық мәселе жөніндегі жарыс сөздердің бірінші күні (19 мартта) Святополк-Мирскийден бастап Капустинге дейін («шаруаларға жер, ұсынылып отырғанындай, пайдалану үшін емес, меншік үшін керек» — 1907 ж. 9 апрельдегі 24-мәжіліс, 1805-бет — Капустиннің сөзін оңшылдар «және центрдің бір бөлегі» қол шапалақтап қарсы алды) октябристер де бөлшектеп дәл осы программаны қорғады.

Қаражүздіктер мен октябристердің программасында капитализмге дейінгі шаруашылық формаларын қорғаудың, мысалы, егіншіліктің патриархаттық сипатын дәріптеудің және т. с. белгісі де жоқ. Осы жуық араға дейін жоғарғы бюрократия мен помещиктер арасында қауымды қорғаудың қызу жақтаушылары болса, енді бұл жағдай қауымға ашық дұшпандықпен біржола алмасып отыр. Қаражүздіктер капиталистік даму негізіне әбден түсіп, экономикалық-прогрессивтік, еуропалық программаны сөзсіз суреттеп отыр; мұны өте-мөте баса көрсету қажет, себебі помещиктердің реакциялық саясатының сипатына бізде түрпайы, жеңіл-желпі көзқарас кең тараған. Егер либералдар қаражүздіктерді көбінесе шайқымазақ, ақымақтар деп көрсететін болса, онда осындай сипаттама олардан гөрі кадеттерге көбірек үйлесімді келеді деуіміз керек. Біздің реакционерлеріміз таптық санасының өте-мөте айқындығымен көзге түседі. Олар өздерінің не тілейтінін, қайда баратынын, қандай күшке сүйенетінін өте жақсы біледі. Оларда жартыкештік, тартыншақтық деген мүлде жоқ (әйтеуір екінші Думада осылай: біріншіде Бобринский мырзаларда «абыржу белгісі» болған еді!). Оларда басқаруға дағдыланған, *капиталистік* жағдайда өз үстемдігін сақтап қалу шарттарын *дұрыс* түсінген және өз мүдделерін — миллиондаған шаруаларды жедел қырғынға ұшырату, бейнетке салу, жер аудару болса да — шімірікпей қорғайтын белгілі бір таппен байланыс барлығы айқын сезіледі. Қаражүздік программаның реакцияшылдығы капитализмге дейінгі белгілі бір қатынас-

тарды немесе тәртіптерді баянды етуде емес (бұл жөнінде екінші Дума дәуірінде партиялардың бәрі де, шын мәніне келгенде, капитализмді нақты бар деп мойындады), помещиктің өкіметін күшейтіп, табысын көбейту *үшін,* самодержавие үйіне жаңа, неғұрлым берік ірге тас қалау үшін капитализмді *юнкерлік* типпен дамытуда болып отыр. Бұл мырзалардың сөзі мен ісінің арасында қайшылық жоқ: неміс реакционерлерінің либералдардан айырмашылығы туралы Лассальдың айтқанындай, біздің реакционерлеріміз де «істің адамдары».

Бұл адамдар жерді национализациялау идеясына қалай қарайды? мысалы, ұсақ участкелерге — меньшевиктер айтқандай — жеке меншікті сақтап қалып, қалған жерлерден мемлекеттік жер запасын жасап, бірінші Думада кадеттердің талап еткеніндей, жердің құны өтелетін ішінара национализациялау идеясына қалай қарайды? национализациялау идеясында олар бюрократияны нығайту, пролетариатқа қарсы орталық буржуазиялық өкіметті баянды ету, «мемлекеттік феодализм» мен «қытайшылдықты» қайта орнату мүмкіндігі бар деп біліп отырған жоқ па?

Жоқ, қайта керісінше, жерді национализациялауға ишара жасау дегеннің қандайы болса да оларды ашындыра түседі, сөйтіп олар, өз дәлелдерін Плехановтан алған сияқтанып, национализациялауға қарсы күреседі. Міне, оңшыл помещик, дворян Ветчининнің сөзі. «Меніңше,—деді ол 1907 ж. 16 майдағы 39-мәжілісте,— күшпен иеліктен айыру мәселесі праволық тұрғыдан қарағанда теріс шешілуге тиіс. Бұл пікірді жақтаушылар жеке меншікшілердің правосын бұзу деген қоғамдық және мемлекеттік дамудың төменгі сатысында тұрған мемлекеттерге тән екенін ұмытады. Жеке меншікшілердің жері кейде патшаға тартып алынып, одан кейін патшаға жақын адамдарға, монастырьлерге берілген Москва дәуірін есімізге түсіріп-ақ көрейікші. Үкіметтің осындай ісі неге соқтырып еді? Оның зардабы өте жаман болған» (619).

Мінеки, Плехановтың «Москва Русін реставрациялау» дегені қандай жамауға жарады! Ал бұл әуенге

салып отырған жалғыз Ветчинин ғана емес. Дума сайлауы кезінде кадет болған, одан кейін оңға тартқан, ал I Дума таратылғаннан кейін Столыпинмен протфель жайында шүйіркелескен помещик Н. Львов,— осы субъект бірінші Думада мәселені тап осылай қойған болатын. «42-нің жобасында,— деді ол кадеттердің бірінші Думадағы жобасы туралы,— бәрін де теңгеруге тырысатын бәз-баяғы бюрократиялық деспотизмнің белгісі бадырайып тұр» (1906 ж. 19 майдағы 12-мәжіліс, 479—480-беттер). Ол — нағыз Маслов рухында — орыс емес ұлттарды *«қорғады»:* «бұған (теңгермелікке) бүкіл Россияны, Малороссияны да, Литваны да, Польшаны да, Остзей өлкесін де қалай бағындыруға болады?» (479). «Сіздер Санкт-Петербургте орасан зор жер кеңсесін құруға... әрбір бұрышта бүтін бір чиновниктер штатын ұстауға тиіс боласыздар» (480) деп қорқытты ол.

Бюрократизм туралы және национализациялау идеясына байланысты басыбайлылыққа түсіру туралы бұл даурығулар — біздің муниципалистеріміздің неміс үлгілерінен орынсыз алған даурығулары,— барлық оңшыл сөздердің шын мәнінде негізгі дәлелі болып отыр. Міне октябрист Шидловский — күшпен иеліктен айыруға қарсы шығып, «басыбайлылыққа түсіруді» уағыздадыңдар деп кадеттерді айыптап отыр (1907 ж. 19 марттағы II Думаның 12-мәжілісі. 752-бет). Міне Шульгин: меншікке қол сұғылмайды, күшпен иеліктен айыру «мәдениет пен цивилизацияның көрі» (1907 ж. 26 марттағы 16-мәжіліс, 1133-бет) деп байбалам салып отыр. Шульгин — тек Плехановтың «Дневнигі» [123] бойынша емес пе екен, оны айтпай — XII ғасырдағы Қытайға, национализациялау жөніндегі Қытай экспериментінің өкінішті нәтижесіне сілтеме жасайды (1137-бет). Міне Скирмунт I Думада: меншік иесі мемлекет болады! «Эльдорадо бюрократиясына тағы да күн туды» (1906 ж. 16 майдағы 10-мәжіліс, 410-бет) дейді. Міне октябрист Танцов II Думада: «бұл кіналарды (крепостниктік жөніндегі кіналарды) анағұрлым зор дәлелмен сол жаққа және центрге аударуға болады. Шынына келгенде бұл жобалар шаруаларға: олар-

ды жерге құл етуден басқа не әзірлейді; басқа түрдегі дәл сол, тек өзге түрдегі крепостниктік праводан басқа не әзірлейді, бар болғаны помещиктер өсімқорлармен және чиновниктермен ауыстырылады» (1907 ж. 16 майдағы 39-мәжіліс, 653-бет) деп лепірді.

Әрине, бюрократизм туралы бұл байбаламдардың екіжүзділігі бадырайып тұр, өйткені национализацияны талап етіп отырған нақ осы шаруалар жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын дауыс беру арқылы сайланған жергілікті жер комитеттері туралы тамаша идеяны ұсынған болатын. Ал қаражүздік помещиктер национализацияға қарсы дәлелдердің бәріне және қандайына болса да жармаса беруге *мәжбүр.* Олардың таптық сезімдері XX ғасырдағы Россияда национализация шаруалар республикасымен ажырамастай байланысты екенін білдіреді. Объективті жағдайларына қарай аграрлық шаруалар революциясы бола алмайтын басқа елдерде,— мысалы, национализаторлық жоспарларға Каництер тілектес бола алатын, социалистер национализация туралы естігілері де келмейтін, национализация жолындағы буржуазиялық қозғалыс интеллигенттік сектанттықпен тынатын Германияда,—мәселе, әрине, басқаша болып отыр. Шаруалар революциясына қарсы күресу үшін *оңшылдар* шаруалар алдында национализацияға қарсы шығып, *шаруалар меншігін* қорғаушылар ролінде көрінуге тиіс болды. Осыған бір мысалды біз Бобринскийден көргенбіз. Ветчининнен мына екінші мысалды көрелік: «Бұл мәселе (жерді национализациялау туралы), әрине, теріс мағынада шешілуге тиіс, өйткені оны тіпті шаруалар арасы да жаратып отырған жоқ: олар жерді арендалау правосында емес, меншік правосында иеленгісі келеді» (39-мәжіліс, 621-бет). Шаруаларды *жақтап* тек помещиктер мен министрлер ғана *осылай* дей алар еді. Бұл факт жалпы жұртқа мәлім болғандықтан, меншікті жақтап күштенетін Гурко, Столыпин мырзалардың және сол сияқты сабаздардың сөздерінен цитат келтіріп жатуды мен артық деп санаймын.

Оңшылдардың ішінен мұны қолдамайтын бір ғана адам теректік казак Караулов болды, ол жөнінде біз

жоғарыда ескертіп өткенбіз *. Кадет Шингаревпен де ішінара келісе отырып, Караулов: казак әскерлері — «үлкен бір жер қауымы» (1363), қауымнан «бұрын жерге жеке меншік жойылуға тиіс» дей келіп, «жерді кеңінен муниципализациялауды, жеке облыстардың меншігіне айналдыруды» (1367) жақтады. Сонымен қатар ол бюрократияның жоққа жармаса беретініне шағым айтып, «біз өз мүлкімізге қожа емеспіз» (1368) деді. Казактың муниципализацияны бұлайша тәуір көруінің маңызын біз жоғарыда айтқанбыз.

2. КАДЕТТЕР

Басқа партиялардың бәрі сияқты, кадеттер де II Думада өздерінің шын жаратылысын мейлінше толық және мейлінше түгел көрсетті. Олар центрдің орнын басып, оңшылдарды да, солшылдарды да «мемлекеттік тұрғыдан» сынап, «өздерін өздері тапты». Көріне оңға бет бұрып кадеттер өздерінің контрреволюциялық мәнін ашып көрсетті. Ал енді аграрлық мәселедегі осы бет бұрысты олар немен айқындады? Жерді национализациялау идеясы қалдықтарының бәрін біржолата лақтырып тастауларымен, «мемлекеттік жер запастарынан мүлдем бас тартуларымен және жерді шаруалар *меншігіне* беру жағына шығуларымен айқындады. Оңға қарай бет бұру — жерге жеке меншік орнату жағына қарай бет бұру деген сөз, иә, орыс революциясындағы жағдайлардың өзі осылай болып отыр!

Кадет партиясының аграрлық мәселе жөніндегі ресми шешені, бұрынғы министр Кутлер, бірден солшылдарды сынай бастады (1907 ж. 19 марттағы 12-мәжіліс). «Меншік атаулыны жоюды ешкім ұсынып отырмағандықтан,— деп лепірді Витте мен Дурновоның бұл лайықты серігі,— жерге меншік барлығын мейлінше мойындау қажет» (737). Бұл дәлел қаражүздіктердің пікірлерімен түгел сәйкес келеді. Қаражүздік Крупенский де, кадет Кутлер сияқтанып: «егер

* Қараңыз: осы том, 337-бет. *Ред.*

бөлетін болсақ, бәрін де бөлейік» (784) деп айқай салған.

Нағыз чиновник болғандықтан, Кутлер шаруаларға «үлесті жер берудің» әр түрлі нормалары туралы мәселеге өте-мөте толық тоқтады. Либерал интеллигент және либералданушы чиновник ешбір ұйымдасқан тапқа сүйенбестен помещиктердің *нақ қанша* жері бар, қаншасын алуға *болады* деген мәселеге *соқпай өтеді.* Мәселені мемлекеттік дәрежеге көтерген болып *мәселені көмескілеу* үшін, кадеттердің помещиктік шаруашылықты *қалдырып* отырғанын жасыру үшін ол «нормалар» туралы айтуды тәуір көреді. «Тіпті үкіметтің өзі,— деді Кутлер мырза,— шаруалардың жер пайдалануын кеңейту жолына түсіп отыр» (734),— олай болса, кадеттердің ондай чиновниктік жобасында жүзеге асырылмайтын еш нәрсе жоқ екен ғой! Ыңғайлылығын және жүзеге асыруға болатындығын айтып өршеленгенде, кадет, әрине, помещиктерді көндіру мүмкіндігі ол үшін өлшем болып табылатынын, яғни, басқаша айтқанда, өз жобасын олардың мүдделеріне сай үйлестіруді, таптарды әбден ымыраластырған болып, *қаражүздіктерге қызмет көрсетуді* бүркемелейді. «Менің ойымша, мырзалар,— деді Кутлер,— жерді национализациялау туралы заң жобасы заң күшін ала алатын саяси жағдайларды көзге елестету мүмкін сияқты, бірақ мен жуық арада бұл заңды шын жүзеге асыруға болатындай саяси жағдайларды көзге елестете алмай отырмын» (733). Ашық айтқанда: қаражүздік помещиктер өкіметін құлатуды көзге елестетуге болады, бірақ мен мұны көзге елестете алмай отырмын, сондықтан осы өкіметке бейімделемін.

Жерге шаруалар меншігінің жалпы алғанда трудовиктер жоспарынан, жеке алғанда «теңгерме пайдаланудан» тәуірлігін қорғай келіп, Кутлер мырза мынадай дәлел келтірді: «Егер бұл үшін (жерді теңгеру үшін) ерекше чиновниктер тағайындалатын болса, онда адам айтқысыз деспотизм, халық өміріне өзіміз осы уақытқа дейін естіп көрмеген қол сұғушылық жасалатын болады ғой. Әрине, бұл істің жергілікті өзін өзі басқару органдарына, халықтың өзі сайлаған адамдарына берілуі көзделіп отыр, бірақ халық бұл адамдардың озбыр-

лығынан толық қорғалады, бұл адамдар әрқашан халық мүдделеріне сай қызмет істейді, олардан халық ешбір ауыртпалық көрмейді деп есептеуге бола ма? Шаруалардың өздері сайлаған адамдар, болыстық старшиналар мен старосталар түп-түгелімен чиновниктер қандай болса, дәл сондай халықты езушілер, мұны осында отырған шаруалар білетін болар деп ойлаймын» (740). Бұдан асқан жексұрын екіжүзділік болар ма? Кадеттердің өздері помещиктері көбірек болатын жер комиссиялары құрылсын (помещиктері мен шаруаларының саны бірдей, председателі чиновник немесе помещик болсын) дейді, ал шаруаларға олардың сайлаған адамдары тарапынан деспотизм мен озбырлық қаупін әкеліп таңады! Жерді теңгеруге *бұлайша* тек ұятсыз саяси алаяқтар ғана қарсы шыға алады, өйткені оларда (теңгерменің мүмкін еместігін дәлелдейтін, бірақ сайланып қойылатын жергілікті комитеттерді түгелімен қолдайтын социал-демократ принципі сияқты) социализм принципі де, жеке меншікті бір өзі ғана сақтайтын помещиктер принципі де (Бобринскийлердің принципі сияқты) жоқ.

Оңшылдардан да, солшылдардан да өзгеше, кадеттердің жоспары олардың айтқандарымен емес, айтпағандарымен сипатталады: шаруаларды «екінші азаттық» алуға, яғни үш есе қымбат бағамен «құмақ жерді» алуға *еріксіз көндіруге* тиісті жер комитеттерінің құрамымен сипатталады. Мәселенің осы *мәнін* көмескілеу үшін кадеттер екінші Думада (біріншідегі сияқты) нағыз алаяқтық тәсілдерге жармасады. Шингарев мырзаны алыңыз. Ол өзін прогресшілмін деп көрсетеді, оңшылдарға қарсы айтылатын либералдық сөздерді қайталайды, ол Францияны «жүз жылдық ауыр шайқалыстарға ұшыратқан» (1355) күштеу мен анархияны, әдеттегідей, жоқтайды, бірақ оның жерге орналастыру комитеттері туралы мәселе жөнінде қалай бұлтаратынын қарап көріңіздерші:

«Бізге,— дейді ол,— депутат Евреинов* жерге орналастыру

* Социалист-революционер Евреинов сол мәжілісте (1907 ж., 29 марттағы 18-мәжіліс) былай деді: «Бұл (жер) комитеттер, халық бостандығы партиясының жобалауы бойынша, жер иеленушілер мен шаруалардан саны тең болып құрылуы керек, ал оларды ымыраластырушы есебінде чиновниктер болады, бұлар шаруалар емес жағын

комитеттері жөнінде қарсы болды. Мен оның өз қарсылықтарын неге сүйеп құрып отырғанын білмеймін (sic!!); осы уақытқа дейін біз бұл туралы мүлдем сөйлеген емеспіз *(өтірік!)*; оның қандай жоба туралы айтып отырғанын, оның халыққа сенбеушілік туралы айтуы неліктен екенін мен білмеймін. Ондай жоба Мемлекеттік думаға әлі тапсырылған емес, демек, ол өзінің қарсылықтарын, сірә, жаңсақтыққа негіздейтін болуы керек. Мен уақытша ережелер туралы айтқан, жергілікті орындарда жерге орналастыру жұмысын жүргізетін жергілікті органдар құру қажеттігі туралы айтқан солшыл депутаттарға, Успенский мен Волк-Карачевскийге түгелімен қосыламын. Менің ойымша мұндай органдар құрылатын болар, және, мүмкін, халық бостандығы партиясы жуырда тиісті заң жобасын енгізетін болар, ал сонда біз оны талқылайтын боламыз» (1356).

Ал енді мұның өзі алаяқтық емес пе? Шынын айтқанда бұл субъектінің I Думада жергілікті комитеттер туралы мәселе жөнінде болған жарыс сөздерді де, *«Речьтің»* сол кездегі мақаласын да білмеуі мүмкін бе? Евреиновтың әбден айқын мәлімдемесін оның түсінбеуі мүмкін бе?

Бірақ ол «жуырда» заң жобасын енгізуге уәде етті ғой, дерсіздер. Біріншіден, алаяқтық арқылы алынған нәрсені қайтаруға уәде беру алаяқтық фактісін жоя алмайды. Ал, екіншіден, «жуырда» мынадай бір қызық болды. Шингарев мырза 1907 жылы 29 мартта сөйледі. 1907 ж. 9 апрельде кадет Татаринов сөйлеп былай деді: «Одан әрі, мырзалар, мен енді тағы бір мәселеге, менінше, үлкен таластар туғызып отырған сияқты» (тек «сияқты» ғана ма!) «мәселеге, атап айтқанда, бізден солда тұрған партиялардың бәрі ұсынып отырған мәселеге: жергілікті жер комитеттері туралы мәселеге тоқталып өтемін. Бұл партиялардың бәрі де жергілікті

басым ететінінде дау жоқ. Халық бостандығы партиясы, өзін «халық бостандығы» партиясы деп атай отырып, чиновниктік тәсілмен емес, демократиялық жолмен сайланған комитеттерге неге сенбейді? Сенбейтін себебі, сірә, егер комитеттер осы жолмен сайланатын болса, онда, дау жоқ, ол комитеттерде шаруалар, яғни шаруалар мүдделерінің өкілдері басым көпшілік болып кетер дейтін болар. Олай болатын болса, мен халық бостандығы партиясы ондай жағдайда шаруаларға сене ме? деген сұрау қоямын. 1858 ж. жер реформасы кезінде үкімет бұл мәселені жергілікті орындарға, жер комитеттеріне бергені біздің есімізде ғой. Рас, ол комитеттер дворяндық комитеттер болған еді, бірақ үкімет халық бостандығы партиясы емес қой, үкімет — бай адамдардың және жалпы дәулетті таптардың өкілі ғой. Ол дворяндарға сүйенеді және осы дворяндарға сенеді. Ал халық бостандығы партиясы халыққа сүйенгісі келеді, сөйте тұрып бұл халыққа сенбейді» (1326).

жерлердегі жер мәселесін шешу үшін жалпыға бірдей, тең, төте және дауысты жасырын беру арқылы жергілікті жер комитеттерін құру қажеттігін ұсынып отыр. Біз бұл жөнінде өткен жылы да комитеттер құруға мүлде үзілді-кесілді қарсы шыққанбыз, қазір де үзілді-кесілді қарсы шығамыз» (1783).

Сонымен, кадеттік «күшпен иеліктен айырудың» *нақты* жағдайлары туралы *аса маңызды* мәселе жөнінде екі кадет екі түрлі сөйлейді, кадеттердің жасырын қалдырғысы келетін нәрсесін жария етіп отырған солшыл партиялардың соққыларына ұшырап, олай да, бұлай да бұлталақтайды! Шингарев мырза әуелі: «білмеймін» дейді, содан соң: «солшылдарға қосыламын» дейді, содан кейін: «жуырда заң жобасы болады» дейді. Татаринов мырза: «біз бұрын да, қазір де үзілді-кесілді қарсымыз» дейді. Ол бұған қоса Думаны мың дума етіп бөлшектеуге болмайды, аграрлық мәселені саяси реформалар жүргізілгенге дейін, жалпыға бірдей және т. т. сайлау правосы енгізілгенге дейін кейінге қалдыруға болмайды деп пайымдайды. Бірақ бұл тағы да бұлтарыс қой. Мәселе мүлдем белгілі бір шараны жүргізу кезеңі туралы болып отырған жоқ: бұл жөнінде II Думадағы солшылдарда ешқандай күдіктердің болуы мүмкін емес. Мәселе кадеттердің *ақиқат жоспарлары* қандай екенінде: олардың «күшпен иеліктен айыруында» кімді кім күштейтінінде болып отыр, помещиктер шаруаларды ма немесе шаруалар помещиктерді ме? Бұған тек жер комитеттерінің құрамы ғана жауап береді. Бұл құрамды кадеттер Милюковтың «Речьтегі» бас мақаласында да, Кутлер жобасында да, Чупров мақаласында да (жоғарыда цитатқа келтірілген)* белгілеп қойды,— бірақ Евреиновтың тікелей қойған сұрағына жауап бермей, *кадеттер Думада бұл құрам туралы үн қатқан жоқ.*

Партия өкілдерінің парламентте бұлайша істеуі атап айтқанда *либералдардың халықты алдауы* екені айтпай-ақ түсінікті. Бобринскийлер мен Столыпиндер жөнінде ешкім сірә алдана қоймас. Ал кадеттер жөнінде саяси ұрандар мен сөздердің шын мағынасын талдап жатқысы

---

* Қараңыз: осы том, 235—236-беттер. *Ред.*

келмейтін немесе оларды түсіне алмайтын өте көп адамдар алданады.

Сонымен, кадеттер жерді қоғамдасып пайдаланудың* қандай түрлеріне болса да қарсы, төлемсіз иеліктен айыруға қарсы, шаруалар басым болатын жергілікті жер комитеттеріне қарсы, жалпы алғанда революцияға қарсы, әсіресе шаруалардың аграрлық революциясына қарсы болды. Олардың (шаруаларды помещиктерге ұстап беру үшін) солшылдар мен оңшылдардың арасында амал істеу позициясын 1861 жылғы шаруалар «реформасына» олардың көзқарасы ашық көрсетеді. Солшылдардың бәрі, төменде көретініміздей, оны помещиктердің шаруаларға салған тұзағы деп, жек көріп, ызалана әңгімелейді. Кадеттер ондай реформаның алдында елжірегенде оңшылдарға қосылады.

Граф Бобринский былай деді: «Орыс тарихының ең таза, ең жарқын бетін осында ластаумен болды... 1861 ж. 19 февральдағы ұлы және жарқын күн... шаруаларды азат ету ісі ешбір кінә тағуды көтермейді» (29 март, 1289, 1299-беттер).

Кутлер былай деді: «1861 ж. ұлы реформасы... үкімет атынан министрлер советінің председателі орыс тарихынан, оның ең жақсы және ең жарқын беттерінен безіп отыр» (26 май, 1198—1199-беттер).

Шынында да күшпен іске асырылған иеліктен айыруға берілген осы баға кадеттердің аграрлық программасын олардың өз ойларын жасыру үшін жазған жобалары мен сөздерінің бәрінен де гөрі ашығырақ көрсетеді. Егер біреулер помещиктердің шаруаларды жерсіздендіруін, «құмақ жерді» үш есе қымбат төлеммен алуды жә-

---

*Бұл жөнінде 33-тің аграрлық жобасын (жерге жеке меншікті жою туралы) комиссияға жіберу туралы I Думада болған жарыс сөздер өте-мөте қызық болды. Кадеттер (Петрункевич, Муханов, Шаховский, Френкель, Овчинников, Долгоруков, Кокошкин), Гейденнің толық қолдауымен, *ондай* жобаны комиссияға беруге өршелене қарсы шықты. Кадеттердің дәлелдері аз да болса арын сақтайтын либералға лайықсыз; бұл — реакцияшыл үкімет малайларының полициялық сылтаулары сияқты бір нәрсе еді. Комиссияға беру,— деді, мысалы, Петрункевич мырза,— ондай жобаның көздегені белгілі бір дәрежеде «мүмкін» деп тану болады. Жилкин мырза: мен бұл жобаны да, нағыз оңшылдардың жобасын да комиссияға берген болар едім деп (1906 ж., 8 июньдегі 23-мәжіліс) кадеттерді ұялтты. Бірақ кадеттер мен оңшылдар 78 дауысқа қарсы 140 дауыспен комиссияға жобаны тапсыртпай тастады!

не әскери жазалаулар арқылы уставтық грамоталар енгізуді тарихтың ең жарқын беті деп есептейтін болса, онда олардың «екінші рет азат етуге», шаруаларды төлем құны арқылы екінші рет кіріптарлыққа салуға тырысып отырғаны анық. 1861 жылғы реформаны бағалауда Бобринский мен Кутлер ынтымақтас. Бірақ Бобринскийдің бағасы помещиктердің дұрыс түсінілген мүдделерін тікелей және тура көрсетеді,— сондықтан ол қалың бұқараның таптық санасын ашады. Бобринскийлер мақтағаны,— помещиктердің жолы болғаны деген сөз. Кутлердің бағасы өмір бойы помещиктер алдында басын иіп келген чиновниктің топастығын білдіретін екіжүзділікке толы баға, ол бұқараның санасын көмескілейді.

Осыған байланысты, аграрлық мәселе жөніндегі кадет саясатының тағы бір жағын көрсету керек. Солшылдардың бәрі де, күресуші күш деп біліп, тура шаруалар жағына шығады, күрестің қажеттігін түсіндіреді, үкіметтің помещиктік сипатын көрсетеді. Кадеттер, оңшылдармен бірге «мемлекеттік көзқарас» жағына шығып, тап күресін бекерге шығарады.

Кутлер «жер қатынастарын түбегейлі қайта құрудың» (732) қажеті жоқ деп мәлімдейді. Савельев «әсіресе, егер біз 50 десятинадан астам жері бар ірі жер иелерінде жердің өте көп екенін, атап айтқанда 79 440 000 десятина жер бар екенін еске алатын болсақ, меншікті толық жою принципі қолайлы бола қоймас, ал оны қолдануда өте үлкен, елеулі қиыншылықтардың кездесіп қалуы мүмкін» (26 март, 1907, 1088-бет — шаруа латифундияларға мегзегенде оларды жоюдың қажеттігін дәлелдеу үшін; ал либерал — оларға бас июдің қажеттігін дәлелдеу үшін мегзейді) дегенді айтып, «көп мүдделерге тиіп кету» қаупінен сақтандырады. Егер жерді халықтың өзі алатын болса, Шингарев оны «аса зор бақытсыздық» деп есептеген болар еді (1355). Родичев «біз таптық өшпенділіктің отын жақпаймыз, біз өткенді ұмытқымыз келеді» (16 май, 1907, 632) деп бұлбұлдай сайрайды. Капустин де: «біздің міндетіміз таптық өшпенділікті туғызып, оны қоздыра түсу емес, барлық жерде де татулық пен әділеттік орнату» (9 апрель, 1810) дейді.

Крупенский: «бұл дәулетті таптарды жек көрушілікке толы» сөз деп (19 март, 783) социалист-революционер Зиминнің сөзіне ызаланады. Қысқасы, тап күресін кінәлауда кадеттер мен оңшылдар бір жерден шығады. Бірақ оңшылдар не істеп отырғанын біледі. Күрес өзіне қарсы бағытталып отырған тапқа тап күресінің уағызы зиянды және қауіпті болмай тұра алмайды. Оңшылдар крепостник-помещиктердің мүдделерін адал қорғап отыр. Ал кадеттер ше? Олар *күресіп жатыр* — күрес жүргізіп жатыр деседі! — олар қолында өкімет билігі бар помещиктерді «көндіргісі» келеді және олар тап күресін кінәлайды! Помещиктердің алдында жарамсақтанушы буржуазия емес, шын күресуші буржуазия тіпті Францияның өзінде осылай істеп пе еді? Ол халықты күреске шақырған жоқ па, таптық өшпенділікті қоздырған жоқ па, тап күресі теориясын жасап шығарған жоқ па?

3. ОҢШЫЛ ШАРУАЛАР

Нағыз оңшыл шаруалар екінші Думада өте сирек кездеседі — онда ешбір қауым дегенді, ешбір «қор» дегенді мүлдем білмейтін, меншікті жанын сала жақтайтын жалғыз Ременчик (Минск губерниясы) қана болды деуге болады (I Думада көптеген поляк және батыс-орыс шаруалары меншікті жақтаған). Ал осы Ременчик те «әділетті бағамен» (648) иеліктен айыруды жақтайды, яғни шын мәнісінде кадет болып шығады. Екінші Думаның бұдан басқа «оңшыл шаруаларын» біздің ерекше топқа бөліп отырған себебіміз, олар кадеттерден солшылдау екенінде күмән жоқ. Петроченконы алып қараңыз (Витебск губерниясы). Ол сөзін «патша мен отанды өле өлгенінше қорғайтынынан» (1614) бастайды. Оңшылдар қол шапалақтайды. Міне енді келіп ол «жер тапшылығы» туралы мәселеге көшеді. «Қаншама сөйлесеңдер де,— дейді ол,— екінші жер шарын жасай алмайсыңдар. Демек, осы жерді бізге берулеріңе тура келеді. Осында сөйлеп өткен шешендердің бірі: біздің шаруаларымыз қараңғы, надан, оларға көп жер берудің қажеті де, пайдасы да жоқ, өйткені ол жер бәрібір пайда келтірмейді деді.

Әрине, жер бізге бұрын аз пайда келтірді, атап айтқанда, жері жоқтарға аз пайда келтірді. Ал бізді надан дейтін болсаңыздар, біз өзіміздің осы надандығымыздан жерді шұқылай беру үшін, жерден басқа еш нәрсе сұрап та отырғанымыз жоқ. Өз тарапымнан мен жермен әуре болып жату, әрине, дворянға лайық та емес қой деп ойлаймын. Осында сөйлегендер заң бойынша жеке меншік иелігіндегі жерлерге тиюге болмайды дегенді айтты. Мен, әрине, заңнан шықпау керек дегенге қосыламын, бірақ жер тапшылығын жою үшін, осының бәрін заң бойынша-ақ істейтіндей заң жазу керек қой. Ал ешкімге де жәбір болмауы үшін, депутат Кутлер осы жөнінде жақсы шарттар ұсынды. Ол, әрине, өзі бай адам болған соң, қымбатырақ атап отыр,— ал біз, шаруалар, кедейміз, ондай ақы төлей алмаймыз, ал біздің қогамдасып, үй басы иеленіп немесе хутор болып тұруымыз жағына келетін болсақ, мен өзім, бұл жөнінде, әркімнің өз қалауынша тұруына жол берілу керек қой деп білемін» (1616).

Осы оңшыл шаруа мен Россия либералының арасында жер мен көктей айырмашылық бар. Біріншісі — сөз жүзінде ескі өкіметке берілген, іс жүзінде жер алуға тырысады, помещиктермен күреседі және төлем құнын кадеттер айтқан мөлшерде төлеуге қосылмайды. Екіншісі — сөз жүзінде халық бостандығы үшін күреседі, іс жүзінде — помещиктер мен ескі өкіметтің шаруаларды екінші рет кіріптарлыққа салуын көздейді. Екіншісі — I Думадан екіншіге дейін, II-ден III-ге дейін тек оңға қарай ғана жылжи алады. Біріншісі, жердің оған «берілетіндігінен» үміт үзіп, басқа жаққа кетеді. Біздің, сірә, «либерал» «демократияшыл» кадеттен гөрі, «оңшыл» шаруамен жолымыз бір болатын болар...

Міне шаруа Шиманский: (Минск губерниясы). «Мен мұнда дінді, патшаны және отанды қорғау үшін және жер талап ету үшін... әрине, тонап алу жолымен емес, бейбіт жолмен, әділетті бағамен талап ету үшін келіп тұрмын... Сондықтан мен Дума мүшелері, помещиктер осы кафедраға шығып, шаруаларға әділетті бағамен жер бергілері келетінін айтсын деп барлық шаруалар атынан ұсыныс жасаймын, ал осылай болған күнде

біздің шаруаларымыз оларға, әрине, алғыс айтады, одан соң патша-ағзам да алғыс айтатын болар деп ойлаймын. Олай етуге көнбейтін помещиктер болса, Мемлекеттік дума олардың жеріне үдемелі салық салуын ұсынамын, сөйтсек, дау жоқ, келе-келе олар да бізге жерін беретін болады, неге десеңіз үлкен кесек тамақ жыртады дегенді түсінеді» (1617).

Бұл оңшыл шаруаның күшпен иеліктен айыру және әділетті баға деп отырғаны әсте кадеттердің ойлағанындай емес. Кадеттер солшыл шаруаларды ғана емес, онымен қатар *оңшыл шаруаларды да* алдап отыр. Жер комитеттерін құру жөніндегі кадет жоспарларымен (Кутлерше ме әлде Чупровша ма: қараңыз: «Аграрлық мәселе», II т.) таныса қалғанда бұл жоспарларға оңшыл шаруалардың қалай қарайтыны шаруа Мельниктің (октябрист; Минск губерниясы) мына ұсынысынан көрініп тұр. «Мен,— деді ол,— комиссияға (аграрлық), мүмкін, тек шаруа атағын ғана жамылып жүрген шаруалар емес, іс жүзінде мұқтаждықты білетін (!) және шаруа сословиесінің күй-жайымен таныс шаруалар 60 процент мөлшерінде енуіп борышым деп есептеймін. Мұның өзі шаруалардың және жалпы кедей халықтың әл-ауқатының мәселесі, онда жатқан ешқандай саяси мағына жоқ. Бұл мәселені саяси тұрғыдан емес, практика жүзінде халық игілігіне бейімдеп шеше алатын адамдарды сайлауымыз керек» (1285). Міне бұл оңшыл шаруалар «кедей халықтың әл-ауқаты мәселесінің» саяси мағынасын оларға контрреволюция көрсеткен кезде әлдеқайда солға қарай бұрылатын болады!

Монархияшыл шаруалардың өкілдері мен монархияшыл буржуазия өкілдерінің бір-бірінен өте алыс жатқанын көрсету үшін ішінара Шаруалар одағының және Еңбек тобының атынан сөйлеген «прогрессист» священник Тихвинскийдің сөзінен үзінділер келтірейін. «Біздің шаруаларымыз көпшілігін алғанда патшашыл,— деді ол. — Менің көрінбейтіп малақай, самолет-кілем болып ұшып барып, тақтың аяғына жығылып, мынаны айтып, сендіргім келеді-ақ: патша, сенің бірінші жауың, халықтың бірінші жауы —жауап-

сыз министрлік... Еңбекші шаруалар тек: «барлық жер— барлық халыққа...» деген принциптің қатаң жүзеге асырылуын ғана талап етеді...» (төлем құны мәселесі жөнінде:)... «Оңшыл мырзалар, қорықпаңдар, біздің халыққа сеніңдер, ол сіздерді құр алақан қалдырмайды. (Оңнан дауыстар: «рақмет! рақмет!».) Мен енді халық бостандығы партиясынан сөйлеген баяндамашының сөздеріне келейін. Ол халық бостандығы партиясының программасы шаруалардың және Еңбек тобының программасынан алыс емес дейді. Жоқ, мырзалар, бұл программа алыс жатыр. Біз баяндамашыдан: «біздің жобамыздың әділеттік жағы кем-ақ дейікші, бірақ ол іске асыруға жеңілірек қой» дегенді естідік. Мырзалар, іске асыруға жеңілдіктің пайдасы үшін әділеттікті құрбан етіп отыр!» (789).

Өзінің саяси дүние тануы жағынан бұл депутат кадеттің дәрежесінде. Бірақ оның деревнялық аңқаулығы мен адвокатура, чиновниктік либералдық журналистика «епшілдерінің» арасында қандай айырмашылық бар!

4. ПАРТИЯДА ЖОҚ ШАРУАЛАР

Партияда жоқ шаруалар саналылық жағы неғұрлым кемірек, ұйымдасу жағы неғұрлым төменірек деревня бұқарасының пікірлерін көрсетушілер есебінде, ерекше назар аударуға тұрады. Сондықтан біз партияда жоқ шаруалардың * барлығының сөздерінен үзінділер келтіреміз, оның үстіне олар көп емес: Сахно, Семенов, Мороз, Афанасьев.

«Халық өкілі мырзалар,— деді Сахно (Киев губерниясы),— шаруа депутаттарының осы трибунаға шығып, бай помещик мырзаларға қарсы сөйлеуі қиын. Қазіргі кезде шаруалар, жерінің жоқтығынан, өте кедей тұрады... Шаруа помещиктерден қорлық көріп, азап шегеді, өйткені помещик оған сұмдық қысымшылық көрсетеді... Помещиктің көп жер ұстауына болатын,

* Екінші Дума депутаттарының қай фракцияға немесе қай партияға жататындығын анықтағанда біз Мемлекеттік думаның өзінің ресми басылымы: депутаттардың партиялар мен топтар бойынша жасалған тізімін пайдаландық. Кейбір депутаттар бір партиядан екінші партияға ауысып жатты, бірақ, газет хабарлары бойынша, бұл ауысуларды есепке алу мүмкін емес. Оның бер жағында, бұл мәселе жөнінде әр түрлі деректемені пайдаланудың өзі — тек шатастырғандық болып шығар еді.

ал шаруалардың үлесіне тек о дүние ғана тиетін себебі не? Сонымен, халық өкілі мырзалар, шаруалар мені мұнда жіберген кезде: мен олардың мұқтаждарын қорғауымды айтып, оларға жер және ерік берілуін айтып, қазыналық, кабинеттік, уделдік, жеке меншік иелігіндегі және монастырьлік жерлердің бәрі ешбір ақы төленбей күшпен иеліктен айыруды айтып, маған олар тапсырма берді... Естеріңде болсын, халық өкілі мырзалар, оның қайғы жұтып отырғанына қарамастан, өкімет помещик мырзалар жағында болса, оны көрген аш адам тыныш отыра алмайды. Тіпті заңға қарсы болатын болса да, ол жер тілемей отыра алмайды; оны мұқтаждық мәжбүр етеді. Аш адам еш нәрседен тайсалмайды, неге десеңіз мұқтаждық оны еш нәрсемен санаспауға еріксіз итермелейді, өйткені ол әрі аш, әрі жарлы» (1482—1486).

Партияда жоқ шаруа Семеновтың (Подольск губерниясы, шаруалардан келген депутат) сөзі де, өзінің айқындығы жағынан, осындай қалтқысыз, осындай күшті сөз болды.

«...Қайғылы хал шаруалардың бүтін ғасыр бойы жерсіз қиналып келген сол бір мүддесінде жатыр. Олар өздеріне аспаннан жақсылық түсер ме екен деп екі жүз жылдай күтуде, бірақ ол түсер емес. Жақсылық, біздің аталарымызбен және әкелерімізбен бірге осы жерді алған, ірі жер иелері мырзалардың қолында, оның бер жағында жер помещиктердікі де емес, құдайдікі... Жер оны өңдеп еңбек етіп жатқан бүкіл еңбекші халықтікі екенін мен жақсы түсінемін... Депутат Пуришкевич: «Революция, аттан» бұл не? Егер күшпен иеліктен айырып, олардың жері тартып алынса, онда, біз емес, олар революция болады, біз бәріміз де күрескерлер, сүйкімді адамдар боламыз... Біздің сонда, священниктікіндей, 150 десятина жеріміз бар ма? монастырьлерде ше? шіркеулерде ше? соншама жердің оларға керегі не? Жоқ, мырзалар, қазына жинап, қалтаға сақтай беру енді жетер, жөніне қарай тұру керек. Ел жөнін табады, мырзалар, мен бәрін де жақсы түсінемін, біз адал азаматтармыз, біз, осында сөйлеп өткен шешендердің бірінің айтқанындай, саясатпен айналыспаймыз... Олар (помещиктер) тек бос жүріп, біздің қан-сөлімізді сорып, қарындарын қампитып алды. Біз еске аламыз, біз оларды онша жәбірлемейміз, біз оларға да жер береміз. Егер есептеп қарасаңдар, бізде әрбір үйге 16 десятинадан жер келгенде, ірі жер иелері мырзаларға әлі 50 десятинадан жер қалады... Мыңдаған, миллиондаған халық азап шегуде, ал мырзалар той-думан құруда... Ал әскерлік қызметке келгенде, біздің білетініміз: ауыра қалады — «оның отанында жері бар». Оның отаны деген қайда? Отаны деген мүлдем жоқ. Отан дегеніміз тек оның туған жерінде тізімге тіркелуі, оның қай дінде екенінің жазылуы, ал оның жері жоқ. Менің ендігі айтарым, халық менен: шіркеулік, монастырьлік, қазыналық, уделдік жә-

не күшпен иеліктен айрылған помещиктік жерлерді осы жерде еңбек ететін еңбекші халықтың қолына берілуін сұрады; және мәселенің жергілікті орындарға берілуін сұрады: онда олар өздері реттей алады. Менің сіздерге айтарым: халық мені жер, ерік және толық азаматтық бостандық талап етуге жіберді; сөйтсек біз күн көреміз және мынау барин, анау шаруа деп көрсетіп жатпаймыз, қайта бәріміз де адам боламыз, әрқайсымыз өз орнымызда барин боламыз» (1930—1934).

«Саясатпен айналыспайтын» шаруаның осындай сөзін оқыған кезде, столыпиндік қана емес, тіпті кадеттік аграрлық программаны жүзеге асыру шаруалар бұқарасын ондаған жылдар бойы үздіксіз қыспаққа алып, күш жұмсауды, ойлапатын және еркін қимыл көрсетуге тырысатын шаруалардың бәрін үздіксіз ұрып-соғуды, дүрелеу, түрмеге жабу және айдау арқылы қырып-жоюды керек ететіні қолға таяқ ұстағандай анық көрінеді. Столыпин мұны түсінеді, сөйтіп осыған лайық іс істейді. Кадеттердің бірқатары либерал чиновниктер мен профессорларға тән топастығынан мұны түсінбейді, ал бірқатары,—1861 және одан кейінгі жылдардағы әскери жазалауларды жасырғанындағыдай,— екіжүзділікпен мұны жасырады, «ұялғансып үндемейді». Егер де бұл үздіксіз, ешбір нәрседен тежеусіз зорлықтар келіп бір ішкі немесе сыртқы кедергілерге соғатын болса, онда «саясатпен айналыспайтын» партияда жоқ адал шаруа Россияда шаруалар республикасын құратын болады.

Шаруа Мороз қысқа ғана сөзінде ап-айқын: «Жерді священниктер мен помещиктерден тартып алу керек» (1955) деп мәлімдеді, ал одан кейін інжілге сүйенді (буржуазияшыл революционерлердің өз ұрандарын інжілден алатыны тарихта бірінші рет емес)... «Священникке нан мен жарты штоф арақ әкелмесең, ол баланды шоқындырмайды да... Олар тіпті қасиетті інжілді ауызға алып: «сұраңдар, сүйтсеңдер сендерге берілер, есік қағыңдар, сөйтсеңдер ашылар» дегенді оқиды. Біз әне сұраймыз, міне сұраймыз, бірақ бізге бермейді, есік қағып та қоямыз — бермейді; ендеше, есікті қиратып, тартып алуға тура келеді дағы? Есікті қираттырмаңдар, мырзалар, еріктеріңмен беріңдер, сон-

да ғана ерік, бостандық болады, сіздерге де, бізге де жақсы болады» (1955).

Партияда жоқ шаруа Афанасьевты тыңдаңыз, ол казак «муниципализациясын» казак тұрғысынан бағаламайды, «келімсек дерлік» адамның тұрғысынан бағалайды. «Мен, мырзалар, ең алдымен — Дон облысы шаруаларының өкілі екенімді айтуға тиіспін, онда 1 000 000-нан астам шаруа бар, солардың арасынан мен мұнда жалғыз өзім ғана келіп отырмын; осының өзі-ақ онда біз келімсектерміз дерлік екенімізді білуге мүмкіндік береді... Менің шексіз таңқалатыным: шынында да Петербург деревняны асырап отыр ма? Жоқ, оның керісінше. Мен бір кезде Петербургте 20 жылдан астам әскери қызметте болғанмын, ал сол кездің өзінде-ақ мен Петербургтің деревняны емес, деревняның Петербургті асырайтынын байқағанмын. Қазірде де мен осыны байқаймын. Осындағы аса тамаша архитектуралардың бәрі, осы зәулім ғимараттардың, құрылыстардың бәрі, осы тамаша, кірсең шыққысыз үйлердің бәрі, міне осылардың бәрі де, бұдан 25 жыл бұрынғы салынғанындай, сол шаруалардың күшімен салынып жатыр... Пуришкевич казакта 20 десятинадан астам жер бар, бірақ ол да ашығып отыр... деген мысал келтірді. Бұл жердің қайда екенін ол неге айтпады? Жер бар, жер Россияда да бар, бірақ оны кім иеленіп отыр? Егер ол онда соншама жер бар екенін біле тұрып, кімдікі екенін айтпаған болса, онда ол әділетсіз адам, ал егер ол білмеген болса, онда бұл туралы сөз бастаудың да керегі жоқ еді. Ал егер, шынында да, ол, мүмкін, білмеген болса, онда, мырзалар, оған бұл жер қайда, қанша жер, оны кім иеленіп отырғанын айтып беруге рұқсат етулеріңді сұраймын. Егер ол жерді есептеп қарасақ, Доп Әскери облысында жеке меншікті жылқы заводтары қарамағында 753 546 десятина жер болып шығады. Одан соң қалмақ жылқы заводтары туралы, көшпелілер дейтіндер туралы да естеріңе сала кетейін. Онда не бары 165 708 десятина жер бар. Ал содан соң бай адамдар уақытша арендамен 1 055 919 десятина жер ұстап отыр. Міне, осы жерлердің бәрі Пуришкевич санап өткен адамдардың қолында

емес,— бізді езіп-жаншып отырған кулактардың, байлардың қолында; мал алады екен — оның жартысын бізге төлетеді, оның үстіне десятинасына бір сом, біз жер жыртып жүрген көліктің әр басына бір сом алады, ал оның бер жагында біз өзіміздің балаларымызды, казак ұлдар мен казак қыздарды да асырауымыз керек. Міне, сондықтан келіп бізде аштық пайда болады» деді. Одан соң шешен арендаторлардың «атты әскерге» 8 ат бергені үшін 2700 десятинадан жер алатынын айтты; шаруалар көбірек ат бере алар еді деді. «Мен сіздерге, біздің үкіметіміз осыны істемей, жаман қателесіп отыр деп оны сендіргім келетінін айтайын. Мен мұны басып шығарсын деп «Сельский Вестниктің» редакциясына жазғап едім. Маған үкіметті үйрету біздің ісіміз емес деп жауап қайырды» деді. Сонымен, облыстың меншігіне берілген, «муниципализацияланған» жерде «демократиялық емес орталық үкімет» жаңа помещиктер жасайтыны de facto: муниципализация, Плехановтың ашқанындай, реставрацияға ұшырамау кепілі...

«Үкімет Шаруа банкісі арқылы жер алуымызға кең жол ашып отыр,— бұл 1861 ж. кигізілген қамыттың өзі. Үкімет бізді Сибирь шегіне аударып жібергісі келеді... онан да: ол жаққа мына, мыңдаған десятина жері бар, одан жер қалатын, ол жерде қаншама жан тоқ болатын адамды көшірген тәуір емес пе (с о л ж а қ т а ғ ы л а р қ о л ш а п а л а қ т а й д ы; о ң ж а қ т а н: «ескі, ескі» деген д а у ы с т а р шығады)... Жапон соғысы кезінде мен өзімнің мобилизациямен алынған солдаттарымды осында өзім айтқан жерлер (помещиктік жерлер) арқылы алып жүргенмін. Жиналатын пунктке дейін 2 тәуліктен астам уақыт жүруімізге тура келген. Солдаттар менен: «сен бізді қайда алып бара жатырсың?» деп сұрайды. Мен «Жапонияның түбіне» деймін.— «Не істеу үшін?» дейді.— «Отанды қорғау үшін» деймін. Мен өзім әскери адам болғандығымнан отанды қорғау керек екенін түсінемін. Ал солдаттар маған: «Лисецкийлердің, Безуловтардың, Подкопайловтардың жерлері дегеніңіз қандай отан болмақ? Біздікі қайда осы? Біздің ештеңеміз де жоқ» дейді. Олардың маған айтқандарын мен міне үшінші жыл болды, жүрегімнен өшіріп тастай алмай жүрмін... Демек, мырзалар, ... мен қорыта келгенде, біздің Россиямызда бар праволардың барлығы бойынша, князьдардан бастап, мына дворяндар, казактар, мещандар, шаруа деген сөзді айтпай-ақ қойғанда, барлығы да орыс азаматтары болуға тиіс және жерде еңбек ететіндердің, оған өз еңбегін сіңіретіндердің, жерді мәпелеп,

сүйетіндердің бәрі — жермен пайдалануға тиіс деуге тиіспін. Еңбек ет, теріңді төк, сөйтіп оны пайдалан. Ал егер ол жерде тұрғың келмейтін болса, ол жерде еңбек еткің келмейтін болса, ол жерге өз еңбегіңді сіңіргің келмейтін болса, онда оны пайдалануға да правоң жоқ» (1974). (12. IV. 1907, 26-мәжіліс).

«Шаруа деген сөзді айтпай-ақ қойғанда»! Бұл тамаша сөз жер иеленудің сословиелік тәртібін («біздің Россияда бар праволардың барлығын») бұзғысы келетін, төменгі, шаруа сословиесі деген атақтың өзін жойғысы келетін шаруаның «жүрегінің түкпірінен» еріксіз шығып отыр. «Барлығы да азаматтар болсын». Еңбекшілердің жерге тең праволы болуы дегеніміз жерге *қожайынның* көзқарасын ақырына дейін дәйекті түрде қолданудан басқа еш нәрсе емес. Жерге *қожайынның* праволы болуларынан басқа, жерді «мәпелеу» пікірлерінен басқа, жерге «еңбек сіңіру» қатынастарынан басқа жер иеленудің *ешқандай басқаша негіздері* (казактардың «әскерлік қызмет үшін» жер иеленуі сияқты және т. с.), ешқандай басқаша пікірлер, ешқандай басқаша қатынастар болмауға тиіс. Еркін жерде еркін шаруашылық жүргізгісі келетін, басқалардың бәрін, кедергі жасайтындардың, ескіліктің бәрін, *жер иеленудің бұрынғы формаларының бәрін* жойғысы келетін фермер нақ осылайша қарауға да тиіс. Ал енді марксистердің келіп ондай қожайынға национализациядан қаш деуі және оған үлесті жерлерге жеке меншік пайдалы болады деп үйретуі ойланылмаған доктринаны орынсыз қолдану болып шықпас па еді?

Бірінші Думада шаруа Меркулов (Курск губерниясы) шаруалардың үлесті жерлерін национализациялау жайында біздің нақ сол Шаруалар одағының съездері туралы мәліметтерден жоғарыда келтірген пікірімізді айтты. «Шаруа да,— деді Меркулов,— қазір иеленіп отырған алақандай жерінен айрылмайды деп қорқытады. Мен бұған олардан кім тартып алады? деп жауап беремін. Тіпті толық национализацияланған жағдайдың өзінде де қожайынның өз күшімен ұқсатпай, жалдама еңбек арқылы ұқсатып отырған жері ғана кетеді ғой» (1906 ж. 30 майдағы 18-мәжіліс, 822-бет).

Мұны, оның өзінің сөзі бойынша, өз меншігінде 60 десятина жері бар шаруа айтып отыр; әрине, капиталистік қоғамда жалдама еңбекті жою немесе оған тыйым салу деген балалық ой, бірақ біз теріс пікірлерді нақ сол терістігі басталатын жерінен,— национализациядан бастап емес, «социализация» мен жалдама еңбекке* тыйым салудан бастап тыюымыз керек.

Сол шаруа Меркулов 42-нің кадеттік жобасына, үлесті жерлер меншікте қалдырылып, помещиктік жерлер пайдалануға берілуі жағынан муниципализацияға сәйкес келетін жобаға қарсы болды. Бұл —«бір құрылыстан екінші құрылысқа өтетін қайдағы бір өткінші саты»... «бір иеліктің орнына екі иелік: жеке меншік және арендамен пайдаланушылық, яғни жер иеленудің үйлесімсіз ғана емес, онымен қатар бірі-біріне қарама-қарсы екі формасы келіп туады» (823) деді.

5. ИНТЕЛЛИГЕНТ-ХАЛЫҚШЫЛДАР

Интеллигент-халықшылдардың, әсіресе өнестердің, яғни халықшылдық оппортунистердің сөздеріндегі екі ағымды айыру керек: бір жағынан, шаруа бұқарасының мүдделерін шын қорғау бар,— бұл жөнінде олардың сөздері, түсінікті себептер бойынша, «саясатпен айналыспайтын» шаруалардың сөздерінен анағұрлым әлсіздеу екені байқалады; екінші жағынан, кейбір кадеттіксымақ, мещандық-интеллигенттік бір нәрсе, мемлекеттік көзқарасқа қол сұғу бар. *Шаруаларға қарағанда* оларда *доктрина* байқалатыны өзінен-өзі түсінікті: олар тікелей ұғылып отырған мұқтаждар мен күйзелушіліктерге бола емес, күрестің мазмұнын теріс көрсететін белгілі бір ілімге, көзқарастар жүйесіне бола күреседі.

«Жер — еңбекшілерге берілсін»,— деп жариялайды Караваев мырза өзінің 1-сөзінде және столыпиндік аграрлық заңды 87-статья бойынша «қауымды жою»

---

* Бұл теріс идеяны *біздің* тіпті «тыюымыздың» да керегі жоқ, өйткені «сергек» Пешехонов мырзалар бастаған «сергек» трудовиктердің өздері-ақ *оны тыйған болатын.*

деп, «саяси мақсат»: «деревня буржуасының ерекше табын құру» деп сипаттайды.

«Біз бұл шаруалардың шынында реакцияның бірінші сүйеніші болып табылатынын, бюрократияның сенімді сүйеніші болып табылатынын білеміз. Бірақ үкімет, осылай деп есептеп, қатты қателесті: мұнымен қатар шаруа пролетариаты болады. Сонда қайсысы жақсы боларын: шаруа пролетариатының жақсы боларын немесе, белгілі бір шаралар қолданған жағдайда жеткілікті мөлшерде жер ала алатын, қазіргі жері аз шаруалардың жақсы боларын — мен білмеймін» (722).

Мұнда В. В. мырзаның рухында реакцияшыл халықшылдықтың сарыны бар: кімге «жақсы»? мемлекетке ме? помещиктік немесе буржуазиялық мемлекетке ме? Ал пролетариат неге «жақсы» болмайды? Өйткені жері аз шаруалардың «ала алатындығынан» ба — яғни пролетариаттан гөрі оңай тыныштандырыла алатындығынан ба, тәртіп лагеріне оңай көшірілетіндігінен бе? Караваев мырзаның айтуынша солай *болып шығады:* ол Столыпинге және $К^0$-ге әлеуметтік революция*дан* құтқаратын сенімдірек «кепіл» тауып бергісі келеді!

Егер шын мәнісінде Караваев мырзаның айтуы дұрыс болған болса, онда марксистер Россияда помещиктік жерлерді конфискелеуді қолдай алмаған болар еді. Бірақ Караваев мырзаның айтуы дұрыс емес, өйткені столыпиндік «жол» пролетарлардан гөрі пауперлерді көбірек туғызып, капитализмнің дамуын — шаруа революциясына қарағанда — баяулата түседі. Караваевтың өзі де айтты — айтқанда да: Столыпиннің саясаты (жаңа, буржуазиялық, элементтерді емес, фермер-капиталистерді емес, қайта) жартылай крепостниктік түрде шаруашылық жүргізіп отырған *қазіргі* помещиктерді байытады деп әділ айтты. 1895 ж. «Шаруа» банкісі арқылы сатқан кезде 1 десятина жердің бағасы 51 сом болған еді, ал 1906 жылы — 126 сом болып отыр (Караваев 1907 ж. 26 майдағы 47-мәжілісте, 1189-бет). Ал Караваев мырзаның партиялас әріптестері, Волк-Карачевский мен Деларов мырзалар, бұл цифрлардың маңызын одан да айқынырақ көрсетті. Деларов мынаны көрсетті: «1905 ж. дейін өзінің 20 жылдан астам өмірі ішінде Шаруа банкі не бары 7,5 миллион десяти-

на ғана жер сатып алды»; ал 1905 ж. 3 ноябрьден бастап 1907 ж. 1 апрельге дейін банк 3,8 миллион десятина жер сатып алды. 1900 ж. 1 десятина жердің бағасы 80 сом, 1902 — 108 сом болды; 1903, аграрлық қозғалысқа дейін және орыс революциясына дейін, ол 109 сом болды. Қазір — 126 сом. «Орыс революциясынан бүкіл Россия көп шығынға ұшырап жатқан кезде, міне осы кезде орыстың ірі жер иелері *орасан көп капитал жинап алды.* Осы кезде оларға халықтың 60 миллион сомнан астам ақшасы ауды» (1220 — «дұрыс» баға 109 сом деп есептегенде). Ал Волк-Карачевский мырза ешбір бағаны «дұрыс» деп танымайды және 1905 ж. 3 ноябрьден кейін үкіметтің помещиктерге: шаруалар сатып алған жер есебінен 52 миллион сом және тікелей өз есебінен 242 миллион сом төлегеніп, сөйтіп барлығы *«295 миллион сом халық ақшасы дворян-помещиктерге төленгенін»* ғана көрсетіп, анағұрлым дұрыс есептейді (1080. Курсив барлық жерде де біздікі). Бұл, әрине, юнкерлік-буржуазиялық аграрлық эволюция Россияға неге түсетінін, крепостниктер мен бюрократтардың пайдасына бола өндіргіш күштердің өсуіне салынатын *алымдарды* көрсетудің кішкене бір бөлігі ғана! Россияның дамуына жол бергені үшін бұл алымды помещиктерге кадеттер де сақтайды (төлем құны). Мұның керісінше, фермерлердің буржуазиялық республикасы ондай соманы жаңа құрылыс тұсында егіншіліктің өндіргіш күштерін дамытуға жұмсауға мәжбүр болған болар еді *.

Ақырында, интеллигент-халықшылдардың ұтымды есебіне сөзсіз мыналарды қосу керек, олар Бобринскийлер мен Кутлерлерге қарама-қарсы 1861 ж. халықтың

* Салыстырыңыз: *Каутский:* «Россиядағы аграрлық мәселеде» шаруалардың егіншілік прогресіне орасан көп капитал жұмсау қажеттігі туралы. «Муниципалистердің» бұл арада қарсы болуы мүмкін: буржуазиялық республика республикалық әскерге шығын шығарады, ал мына демократиялық земствоны алсаңыз... демократиялық емес орталық өкімет одан ақшаны тартып алады, аса құрметті муниципалист мырзалар! Қала берді, демократиялық емес орталық өкімет тұсында ондай земствоның болуының өзі де — мүмкін емес, бұл мещанның бейкүнә тілегі. Реалды нәрсе тек буржуазиялық республика (өндіргіш күштердің дамуына басқа мемлекеттердің бәрінен де көбірек шығын шығаратын,— мысалы: Солтүстік Америка) мен буржуазиялық монархияның (юнкерлерге ондаған жылдар бойы *алым* төлеп келе жатқан, мысалы: Германия) арасалмағы ғана.

алданғанын түсінеді, атышулы реформаны ұлы реформа демейді, «помещиктердің мүдделеріне бола жүргізілген» реформа дейді (Караваев, 1193). Шындық—деп Караваев мырза реформадан кейінгі заман туралы әділ айтты — 1861 ж. шаруалардың мүдделерін қорғаған адамдардың «ең сұмдық болжауларынан да асып түсті».

Жерге шаруа *меншігі* туралы мәселе жөнінде Караваев мырза үкіметтің ол туралы қамына қарама-қарсы, мәселені шаруаларға тіке қойды: «Депутат-шаруа мырзалар, сіздер — халықтың өкілісіздер. Сіздердің өміріңіз — шаруа өмірі, сіздердің саналарыңыз — оның санасы. Сіздер жүрерде сайлаушыларыңыз жер иеленуге сепімі жоқ екендерін айтып шағым жасады ма? Сіздердің Думадағы бірінші міндетіңіз, сіздердің бірінші талабыңыз мынау болсын: «Абайлаңыз, жерді жеке меншікке бекітіңіз, әйтпесе сіздер біздің тапсырмамызды орындамағаныңыз» деді ме. Жоқ, дейсіздер сіздер, бізге мұндай тапсырма берген жоқ» (1185).

Шаруалар бұл мәлімдемені теріске шығарған жоқ, қайта оны өз сөздерінің бүкіл мазмұнымен мақұлдады. Ал мұның себебі, әрине, орыс шаруасының «қауымшыл» екенінен емес, «меншікке қарсы» екенінен емес, қайта экономикалық жағдайлар *қазір* оның алдына жаңа шаруашылық жасау үшін жер иеленудің ескі формаларының бәрін жою міндетін қойып отырғанынан.

Интеллигент-халықшылдардың ұтылыс жағына шаруа жер иелігінің «нормалары» туралы олардың даурықпа сөздерін жатқызу керек. «Жер мәселесін дұрыс шешу үшін,— деді Караваев мырза,— мынадай деректер: ең алдымен өмір сүру үшін жердің тұтыну нормасы және барлық еңбекті сарқа жұмсау үшін — еңбек нормасы бұған қажет екеніне әркім де қосылар деп ойлаймын. Шаруалардың қолындағы жердің мөлшерін дәл білу қажет,— бұл қанша жер жетпейтіндігін есептеуге мүмкіндік береді. Одан кейін, қанша жер беруге болады?— соны білу керек» (1186).

Біз бұл пікірге мүлдем қосыла алмаймыз. Және де, *шаруалардың Думада жасаған мәлімдемелері негізінде*

біз бұл арада *шаруаларға жат* интеллигенттік бюрократизмнің элементі бар деп білеміз. Шаруалар «норма» туралы айтып отырған жоқ. Норма дегеніміз — бюрократтық түрдегі ойдан шығарылған нәрсе, 1861 жылғы крепостниктік реформаның қарғыс атқан қалдығы. Дұрыс таптық сезімталдыққа сүйенген шаруалар негізгі назарын «нормаға» емес, помещиктік жер иеленуді жоюға аударып отыр. Мәселе қанша жердің «керектігінде» емес. «Екінші жер шарын жасай алмайсыздар», мұны жоғарыда айтылған партияда жоқ шаруа әбден тауып айтты. Мәселе шаруаларды *езіп отырған* крепостниктік латифундияларды жоюда, тіпті «нормаларға» қол жеткен жағдайда да оған қарамастан бұл латифундиялар жойылуға тиіс. Интеллигент-халықшылдың ойы, егер «нормаға» қол жететін болса, онда помещиктерге тимесе де болар еді-ау дегенге ауады. Ал шаруалардың ой жүйесі ол емес: «шаруалар, *оларды*» (помещиктерді) *«лақтырып тастаңдар»* — деді шаруа Пьяных (социалист-революционер) II Думада (1907 ж. 26 марттағы 16-мәжіліс, 1101-бет). Помещиктерді лақтырып тастаудың керегі «нормалардың» болмай отырғандығынан емес, егінші-қожайынның есектер мен сүліктерді сүйрелеп жүргісі келмейтіндігінен. Міне, бұл екі пікірдің арасы — «өте алшақ жатыр».

Нормалар туралы айтпай-ақ, тамаша іскерлік сезіммен шаруа «өзекті жерден ұстайды». Мәселе ол нормаларды *кім* белгілейтінінде? Священник Поярков осыны I Думада өте тамаша айтты. «Адам басына қарай жер нормасы белгіленбек болып отыр,— деді ол.— *Бұл норманы кім белгілейді?* Егер шаруалардың өздері белгілейтін болса, онда, әрине, олар өздерін жәбірлемейді, ал егер шаруалармен бірге норманы жер иеленушілер де белгілейтін болса, онда норма жасаған кезде кімнің жеңері екіталай мәселе» (1906 ж., 19 майдағы 12-мәжіліс, 488-бет).

Міне, бұл норма туралы бүкіл мылжыңға дәл тигізіп, тура айтылған сөз.

Кадеттер құр мылжыңдап отырған жоқ, помещиктерге мужиктерді тура *опасыздықпен сатып отыр.* Либерал помещиктерді, сірә, іс үстінде, өз деревнясында көрген,

деревняның ақ көңіл священнигі, Поярков мырза, мұның жалғандығы қай жерінде екенін дөп басып отыр.

«Одан соң,— деді сол Поярков,— чиновниктер көбейіп кетеді деп қорқады! Шаруалар жерді өздері-ақ бөліп алады!» (488—489). Мәселенің түйіні, міне, осында. «Нормалар» дегенде шынында да чиновниктіктің иісі аңқып тұр. Ал шаруалардың ойы басқа: жергілікті жерде өзіміз бөлісеміз дейді. Осыдан келіп шаруалардың революциядағы дұрыс мүдделерін білдіретін және либерал оңбағандардың* заңды өшпенділігін туғызатын жергілікті жер комитеттерінің идеясы шығады. *Национализацияның* жоспары *мұндай* болып отырған кезде мемлекетке тек қай жер *қоныстандыру қоры* бола алатынын белгілеу ғана, немесе ерекше қол сұғуды талап ету (біздің қазіргі программамыздың айтып отырғанындай, «жалпы мемлекеттік маңызы бар ормандар мен сулар») ғана қалады, яғни *тіпті* «муниципалистер» де *«демократиялық мемлекеттің»* (республиканың деу керек еді) *қарауына беру қажет деп есептейтін нәрсе ғана қалады.*

Норма туралы сөздерді экономикалық шындықпен салыстыра келіп, біз бірден-ақ шаруалар — істің адамдары екенін, ал интеллигент-халықшылдар — сөздің адамдары екенін көреміз. «Еңбек» нормасы жалдама еңбекке тыйым салу әрекеті кезінде *елеулі* маңыз алған болар еді. Шаруалардың көпшілігі бұл әрекеттерді лақтырып тастады, ал энестер де бұларды мүмкін емес деп таныды. Солай болған соң «норма» туралы мәселе жойылады да, белгілі мөлшерлі қожайындар арасында бөлісу ғана қалады. «Тұтыну» нормасы деген қайыршылық норма, ал капиталистік қоғамда шаруалар ондай «нормадан» әрқашан қалаға қашады (бұл жөнінде төменде ерекше айтылады). Демек, бұл арада да мәселе (егіншілік мәдениетінің әрбір өзгерісімен және

* Қалаларда жұмысшы үкіметтері, деревняларда шаруалар комитеттері (белгілі бір кезеңдерде жалпыға бірдей, т. т. дауыс беру арқылы сайланатын орындарға айналатын),— міне, жеңімпаз революция ұйымының, яғни пролетариат пен шаруалар диктатурасының бірден-бір мүмкін формасы осындай. Бостандық үшін күресіп жатқан таптар ұйымының бұл формаларын либералдардың жек көруі таңданарлық емес!

техниканың өзгерісімен өзгеріп отыратын) мүлдем «нормада» емес, қожайындардың бар санына бөлуде, жерді «мәпелей» білетін (еңбекпен де, капиталмен де) нағыз қожайындар мен жарамсыз қожайындардың, егіншілікте ұстауға болмайтын және ұстауға тырысу реакцияшылдық болатын қожайындардың «сұрыпталуында» болып отыр.

Халықшыл мырзалардың халықшылдық *теориялары* қайда апарып соғатынын көрсететін сорақылық есебінде Караваев мырзаның *Данияға* сілтеме жасауын келтірелік. Көріп отырсыздар ма, Европа «жеке меншікке келіп тірелді», ал біздің қауымымыз «кооперацияның міндетін шешуге көмектеседі». «Дания бұл жөнінде тамаша мысал» дейді. Шынында, бұл халықшылдарға қарсы *тамаша мысал,* Данияда біз сауын малды да (қараңыз: «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»», § X*), жерді де бір қолға шоғырландырып отырған кәдімгі *буржуазиялық* шаруалар бар екенін көреміз. Данияның барлық егінші шаруашылықтарының 68,3 процентінде 1 гарткорнға дейін, яғни, шамамен айтқанда, 9 десятинаға дейін жер бар. Барлық жердің 11,1 проценті ғана солардың қолында. Екінші жағында шаруашылықтардың 12,6 процентінде 4 және одан астам гарткорн *(36 десятина және одан астам)* жер бар; барлық жердің 62 проценті осылардың қолында (*Н. С.* «Аграрлық программалар», «Новый мир» баспасы, 7-бет). Мұны түсіндіріп жатудың қажеті де болмас.

Бір қызығы, I Думада Данияны либерал Герценштейн алға тарта берді, ал оңшылдар оған (екі Думада да): Данияда — шаруалар *меншігі* бар деп қарсы болған. Жерді национализациялау бізде ескі шаруашылықтардың «қоршауы жойылған» жерде «данияша» қайта құрылуына бостандық беру үшін керек, ал егер шаруалардың өздері тілейтін болса, аренданы меншікке айналдыру қиын емес, өйткені бүкіл буржуазия мен бюрократия *мұндай істе* әрқашан шаруаларды қолдай-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 240—253-беттер. *Ред.*

ды. Ал оның үстіне, национализация жүргізілген кезде, жерге жеке меншік жойылғандықтан, капитализмнің дамуы («данияша» дамуы) *жеделдей* түседі.

6. ТРУДОВИК-ШАРУАЛАР (ХАЛЫҚШЫЛДАР)

Шынына келгенде, трудовик-шаруалар мен эсер-шаруалардың партияда жоқ шаруалардан *айырмасы жоқ*. Бұлардың әрқайсысының сөздерін салыстырып қарағанда олардың мұқтаждарының, талаптарының, дүние танымының бірдей екенін сіздер айқын көресіздер. Партияда бар шаруалардың тек саналылығы жоғарырақ, сөйлеу тәсілі анығырақ, мәселенің әр түрлі жағының арасындағы тәуелділікті түсінуі тұтасырақ.

Екінші Думаның 26-мәжілісінде (12 апрель, 1907 ж.) сөйлеген трудовик, шаруа Киселевтің сөзінен тәуір сөз бола қояр ма екен. Либерал чиновниктің «мемлекеттік көзқарасына» қарама-қарсы, мәселенің зілі мұнда тұпатура *«іс жүзіндегі* басшылары жер иесі-помещиктер болып табылатын біздің үкіметіміздің ішкі саясатының бәрі түгелімен жерді бүгінгі иелерінің қолында сақтап қалуға бағытталады» (1943) дегенге саяды. Шешен нақ сол себепті халықтың «қара түнек қараңғылықта» ұсталып отырғанын көрсете келіп, октябрист князь Святополк-Мирскийдің сөзіне тоқталады. «Сіздер, әрине, оның мына сұмдық сөздерін ұмытқан жоқ шығарсыздар: «шаруаның жер иелігінің көлемін көбейту туралы ойдың бәрін тастаңыз. Жеке меншік иелерін сақтап, соларды қолдаңыз. Біздің бос белбеу, қараңғы шаруалар бұқарасы помещиктерсіз алғанда —бақташысыз мал». Шаруа-жолдастар, міне осы мырзалардың — біздің қамқоршыларымыздың көкейлерінде қандай ынтызарлық жатқанын сіздердің түсінулерің үшін бұған ештеңе қосу керек бола ма? Шынымен сіздер олардың осы уақытқа дейін крепостниктік правоны көксеп отырғанын түсінбейсіздер ме? Жоқ, пастырь мырзалар, жетер... Менің жалғыз ғана тілегім: ардақты Рюриковичтің осы сөздерін бүкіл бос белбеу шаруалар Русь, бүкіл орыс жері мықтап есінде сақтаса екен, бұл сөздер әрбір шаруаның кеудесінде от боп жанса екен

және біздер мен шақырылмаған қамқоршыларымыздың арасындағы түпсіз шыңырауды айдан айқын көрсетсе екен деймін. Жетер енді, пастырь мырзалар... Жетер, бізге пастырьлар керек емес, көсемдер керек, оларды біз сіздерсіз де таба білеміз, олармен бірге біз жарыққа да, ақиқатқа да жол тауып аламыз, жер ұйыққа да жол табамыз» (1947).

Трудовик бүтіндей революцияшыл буржуа көзқарасында тұр, ол—жерді национализациялау «жер ұйыққа» жеткізеді деп дәмеленеді, бірақ *осы* революция жолында аянбай күреседі және оның өрісін тарылту туралы ой-пікірді жек көре қарсы шығады: «Халық бостандығы партиясы аграрлық мәселені әділ шешуден бас тартып отыр... Халық окілі мырзалар, Мемлекеттік дума сияқты заң шығарушы мекеме өз істерінде ыңғайлылығына бола әділдіктен бас тарта ала ма? Сіз заңның әділетсіз екенін күн ілгері біле тұрып, заң шығара аласыз ба?.. Әділетсіз заңдарды біздің енді өзіміз шығаратындай, бюрократиямыздың бізге тартып отырған әділетсіз заңдары шыпымен сізге аз болғаны ма?.. Өздеріңіз жақсы білесіздер —Россияны тыныштандыруға — іскерлік тұрғысынан, бізде жазалаушы экспедициялар шығарылып отырды, бүкіл Россия ерекше жағдайда деп жарияланды; іскерлік тұрғысынан әскеридалалық соттар енгізілді. Ал енді маған, құдай үшін, айтыңыздаршы, осы іскерлікке біздің қайсымыз мәз-мейрам болып отырмыз? Сіздер бәріңіз бірдей оған лағынет айтқан жоқсыздар ма? Осында әділеттік деген не? деп кейбір адамдардың қойған сұрағындай сұрақ қоймаңыздар» (шешен, сірә, 9 апрельдегі 24-мәжілісте: «әділеттік деген, мырзалар, өте шартты ұғым», «әділеттік деген мұрат, біздің бәріміздің жетуге тырысып отырған мұратымыз, бірақ бұл мұрат» (кадетте) «мұрат болумен ғана қалып келеді, мұны іс жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндік бола ма, бұл маған жұмбақ», 1779, деген кадет помещик Татариновқа мегзеп отырған болар). «Адам —міне әділеттік дегеніміз осы. Адам туды — оның өмір сүруі әділдік, ал мұның үшін оның өз еңбегімен бір үзім нан тауып жеу мүмкіндігі болуы — әділдік...».

Көріп отырсыздар: шаруалардың бұл идеологының көзқарасы XVIII ғасырдағы кәдуілгі француз ағартушысының көзқарасына тән. Ол *өзінің* әділеттік дегенінің тарихи шектеулілігін, тарихи-белгілі мазмұны бар екенін түсінбейді. Бірақ ол *тілейді* — өзі өкіл болып отырған тап осы абстракт әділеттікке бола орта ғасырлықтың барлық қалдықтарын *түп тамырымен жұлып тастай алады*. Әділеттікке нұқсан келтіретін ешбір «іскерлік» деген пікірлер болмасын деп мәселе қоюда дәл осы *нақты* тарихи мазмұн бар. Мәселені бұлай қоюды: орта ғасырлыққа, помещиктерге, ескі өкіметке ешбір көнушілік болмасын деп оқыңыз. Бұл — Конвент қайраткерінің тілі. Ал либерал Татариновқа буржуазиялық бостандықтың «мұраты» «мұрат болып қана қала береді», бұл үшін ол шындап күреспейді, оның жүзеге асырылуы үшін барын құрбан етпейді, қайта помещикпен мәмлеге келеді. Киселевтер халықты жеңімпаз буржуазиялық революцияға бастай алады, Татариновтар — тек сатқындыққа тарта алады.

«...Халық бостандығы партиясы ыңғайлылығына бола жерге ешқандай право енгізбеуді ұсынады. Ол ондай право деревняға қаладан көп адам тартады деп қауіптенеді, ал ондай жағдайда әркімге жер аздан тиеді. Мен ең алдымен жерге праволы болу деген не? деп сұрағым келеді. Жерге праволы болу деген —еңбекке праволы болу,— нанға праволы болу,— өмір сүруге праволы болу деген сөз, бұл әрбір адамның ажыратылмас правосы. Ендеше біз біреуді бұл праводан қалай айыра аламыз? Халық бостандығы партиясы отырып: егер барлық азаматтарға ондай право берілетін болса және оларға жер бөлініп берілетін болса, онда жұрттың бәріне де жер аздан тиеді дейді. Бірақ право мен оны іс жүзінде жүзеге асыру — мүлдем екі бөлек нәрсе ғой. Осында отырғандардың қай-қайсысы да қайдағы бір Чухломада тұруға праволы, ал бірақ осында тұрады, ал, оның керісінше, Чухломада тұратындар да Петербургте тұруға сондай-ақ праволы, ал бірақ өз інінен шықпайды. Сондықтан, жерде еңбек еткісі келетіндердің бәріне жерлі болуға право беру қаладан көп адамды тартады деп қауіптену — мүлдем орынсыз. Қаладан деревняға тек деревнядан осы кезге дейін байланысын үзбеген адамдар ғана барады,— қалаға тек жуырда кеткен адамдар ғана деревняға барады... Қалада шын тұрақты, қамтамасыз етілген табысы бар адамдар деревняға бармайды... Меніңше, жерге жеке меншікті тек толық және біржолата жоюды ғана... және т. с... тек осындай шешімді ғана біз қанағаттанарлық деп таба алатын боламыз» (1950).

Бұл трудовикке тән тирада біздің алдымызға: еңбекке праволы болу туралы *осындай* сөздер мен 1848 жылғы француз ұсақ буржуазияшыл демократтарының еңбекке праволы болу туралы сөздерінің арасында айырмашылық бар ма? деген сұрақ қояды. Мұның қай-қайсысы да, дау жоқ, күрестің шын тарихи мазмұнын *күңгірт* корсететін буржуазияшыл демократтың декламациясы. Бірақ трудовик декламациясы объективті жағдай бойынша мүмкін болатын (яғни XX ғасырдағы Россияда шаруалардың аграрлық революциясы болуына мүмкіндік бар) *буржуазиялық* революцияның шын *міндеттерін күңгірт* көрсетеді,— ал 1848 жылғы француз Kleinbürger-інің декламациясы өткен ғасырдың орта шенінде Францияда мүмкін болмаған *социалистік* революцияның міндеттерін күңгірт көрсетеді. Басқаша айтқанда: XIX ғасырдың орта шеніндегі француз жұмысшысының еңбекке праволы болуы кооперация, социализм және т. т. негізінде *барлық* ұсақ өндірісті жаңғырту тілегін көрсеткен болатын, ал мұның өзі *экономикалық жағынан* мүмкін емес еді. XX ғасырдағы орыс шаруасының еңбекке праволы болуы *национализацияланған* жерде ұсақ *егіншілік* өндірісті жаңғырту тілегін көрсетеді, ал мұның өзі *экономикалық жағынан* әбден мүмкін нәрсе. XX ғасырдағы орыс шаруасының «еңбекке праволы болуында», социалистік жалған теориядан басқа, нақты буржуазиялық мазмұн бар. XIX ғасырдың орта шеніндегі француз мещаны мен жұмысшысының еңбекке праволы болуында социалистік жалған теориядан басқа *еш нәрсе* де жоқ. Міне, осы айырмашылықты біздің көптеген марксистеріміз абайламай кетіп жүр.

Ал трудовик оз теориясының *нақты* мазмұнын өзі көрсетеді: жерге жұрттың бәрі «тең праволы болса да» оған *бәрі* бара бермейді дейді. *Тек қожайындардың ғана* жерге баратыны, немесе жерде орнығып қалатыны айқын. Жерге жеке меншікті жою *қожайындардың жерге орналасуы* жолындағы барлық кедергілерді жою болады.

Шаруалар революциясына қалтқысыз сенетін және оған қызмет ету тілегі зор Киселевтің кадеттер туралы, олардың барлық жерді бірдей емес, оның бір бөлегін

иеліктен айырғысы келуі,— жерге ақы төлеткісі келуі,— мәселені «атағы белгісіз жер мекемесіне» тапсырғысы келуі жайында — қысқасы, «халық бостандығы партиясы жүнін жұлған шымшық» (1950—1951) жайында жиренe сөйлеуіне таңдануға болмайды. Струве мен сол сияқтылардың әсіресе II Думадан кейін трудовиктерді мейлінше жек көруге *тиісті* болғанына да таңдануға болмайды: орыс шаруасы трудовик болып тұрған кезінде кадеттердің жоспарлары іске аса алмайды. Ал орыс шаруасы трудовик болудан қалған кезде кадет пен октябристің арасындағы айырмашылық біржолата жойылады!

Басқа шешендерді қысқаша көрсетелік. Міне, шаруа Нечитайлоның айтқаны: «Шаруалардың қанын ішкен, миын сорған адамдар шаруаларды надандар деп атайды» (779). Головин сөзін бөліп, помещик шаруаны қорлай алады, бірақ мужик помещикті...? деді. «Халыққа тиісті осы жерлерді—бізге: сатып алыңдар деседі. Әлде біз — Англиядан, Франциядан және т. б. жерлерден келген шетелдіктерміз бе? Біз осы жердің халқымыз, біздің өз жерімізді сатып алуға тиіс болатын себебіміз қалай? Олар біздің қанымызбен, терімізбен және ақшамызбен он рет өтелген жерлер» (780).

Міне, шаруа Кирносовтың (Саратов губерниясы) айтқаны: Біздің «қазір жерден басқа ешбір әңгімеміз жоқ; бізге тағы да: қасиетті, қол сұғылмайды дейді. Меніңше жер қол сұғылмайтын болуы мүмкін емес; *оны халық тілеп отырған соң ешбір қол сұғылмайтын болуы мүмкін емес**. (Оң жақтан дауыс: «о — о!») Дұрыс: о — о! (Сол жақтан қол шапалақтау.) Дворян мырзалар, сіздердің бізді картаға салғандарыңызды, сіздердің бізді итке айырбастағандарыңызды біздер білмейді деп ойлайсыздар ма? Білеміз, мұның бәрі сіздердің қасиетті, қол сұғылмайтын меншіктерің болған... Бізден жерді ұрлап алғансыздар... Мені жіберген шаруалар былай деді: жер біздікі, біз мұнда оны сатып

* Халық самодержавиесінің революциялық идеясын жай шаруаның сипатты түрде айтуы. Пролетарлық программаның бұл талабын жүзеге асыру үшін біздің революциямызда шаруалардан басқа буржуазия жоқ.

алғалы келіп отырғанымыз жоқ, былайша алғалы келіп отырмыз» (1144) *.

Міне, шаруа Васютиннің (Харьков губерниясы) айтқаны: «біз бұл жерде министрлер Советі председателі мырзаның өкілінен бүкіл елдің министрін көріп отырғанымыз жоқ, 130 000 помещиктің министрін көріп отырмыз. 90 миллион шаруа оған түкке де тұрмайды... Сіздер (оңшылдарға қарап) қанаушылықпен айналысасыздар, өз жеріңізді қымбат бағамен жалға бересіздер, сөйтіп шаруаның ең соңғы терісін сыдырасыздар... Біліп қойыңыздар, егер үкімет мұқтажын қанағаттандырмаса, халық та сіздердің ризашылықтарыңды сұрап жатпайды, ол жерді алады... Мен — украиндықпын (Екатеринаның Потемкинге сыйлыққа шағын тоғайлы жерді: 27 мың десятина жер, 2000 шаруа сыйлағанын айтады)... Бұрын жердің десятинасы 25—50 сомға сатылушы еді, ал қазір десятина жердің аренда ақысы 15—30 сом, ал шабындық жер 35—50 сом болып отыр. Бұл тері сыдырушылық. (О ң ж а қ т а н д а у ы с: «Немене? тері сыдырушылық?» К ү л к і.) Ештеңе емес, қысылмай-ақ қойыңдар, асықпаңдар (с о л ж а қ т а н қ о л ш а п а л а қ т а у); мен мұны шаруалардың ең соңғы терісін сыдырып алу деп атаймын (16 майдағы 39-мәжіліс, 643).

Трудовик-шаруалар мен шаруа интеллигенциясының ортақ белгісі — крепостниктік право туралы естегілерінің күштілігі. Помещиктерге және помещиктік мемлекетке деген кеуде кернеген ыза олардың бәрін біріктіріп отыр. Олардың бәрінде де қайнаған революциялық жігер бар. Біреулері өздерінің келешекте құратып құрылысы туралы мүлдем ойламайды, стихиялық түрде бар күшін «оларды лақтырып тастауға» жұмсайды. Екіншілері — осы құрылысты утопиялық түрде боямалайды, бірақ бәрі

* I Думада трудовик-шаруа Назаренко (Харьков губерниясы) былай деді: «Егер сіздер шаруалардың жерге қалай қарайтынын әңгіме ететін болсаңыздар, мен оны сіздерге айтып берейін: балаға ананың емшегі қандай керек болатын болса, бізге, шаруаларға — жер де сондай керек. Жер туралы біз тек осы тұрғыдан ғана әңгімелейміз. Сіздер, тегінде, білетін боларсыздар, кешегі бір өткен күндерде мырзалар біздің аналарымыздың емшегін күшікке емізетін еді. Осының өзі қазір де істеліп жатыр. Бірақ айырмасы тек мынада ғана: қазір мырзалардың күшігі бізді тапқан, асыраған анамыздың емшегін сорып отырған жоқ, бізді асырап отырған анамыздың — жердің емшегін сорып отыр» (495).

де ескі Россиямен ымыраласуды жек көреді, бәрі де қарғыс атқан орта ғасырлықтың күл-талқанын шығару жолында күреседі.

Революцияшыл шаруалардың екінші Думадағы сөздері мен революцияшыл жұмысшылардың сөздерін салыстырып қараған кезде, мынадай айырмашылық еріксіз көрінеді. Біріншілерде тікелей революцияшылдық, помещиктік өкіметті дереу талқандап тастау, жаңа құрылысты дереу құру жігері өлшеусіз басым жатыр. Шаруа дереу жауға тап беруге, оны тұншықтырып тастауға ынтызар. Жұмысшының революцияшылдығы дерексіздеу, ол неғұрлым алыстағыны мақсат етіліп қойылған сияқты. Бұл айырмашылық әбден түсінікті және заңды. Шаруа қазір, буржуазиялық революцияның ішіндегі қайшылықтарды көрмей, ондай қайшылықтар болады деп ойламай, дереу *өзінің*, осы буржуазиялық, революциясын жасап жатыр. Социал-демократ жұмысшы бұл қайшылықтарды көреді де, өзінің алдына бүкіл дүние жүзілік-социалистік мақсаттар қойып, жұмысшы қозғалысының тағдырын буржуазиялық революцияның нәтижесімен байлапыстыра *алмайды*. Бұдан тек жұмысшы буржуазиялық революцияда либералды қолдауға тиіс деген қорытынды шығаруға болмайды. Бұдан жұмысшы өзін *ешбір* басқа таппен қосып жібермей, шаруаның осы буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізуіне *бар жігерін* сала көмектесуге тиіс деген қорытынды шығарылуы керек.

7. СОЦИАЛИСТ-РЕВОЛЮЦИОНЕРЛЕР

Эсер-интеллигенттердің (шаруаларды біз жоғарыда трудовиктер арасында атап көрсеткенбіз) сөздері де сондай, кадеттерді ымырасыз сынауға және помещиктерге қарсы соғысқа толы. Жоғарыда айтылып өткендерді қайталамай-ақ, депутаттардың бұл тобының *жаңа* белгісін көрсетіп өтелік. Социализм мұратының орнына... Данияны мұрат етіп суреттеуге бейім энестерге қарағанда, доктрина дегендердің қандайына да жат және езілген адамның тікелей сезімін көрсететін, қанаудың осы формасынан азат етуді соншама тікелей дәріптейтін шаруа-

ларға қарағанда,— эсерлер өз сөздеріне *өз* «социализмінің» доктринасын енгізеді. Міне, Успенский мен Сагателян (эсерлерге өте жақын — «дашнакцутюн», ал «жастары» тіпті социалист-революционерлер партиясына да кіреді) *қауым* туралы мәселе қойып отыр. Соңғы шешен тым аңғалдықпен былай дейді: «Өкінішке қарай мынаны ескерту керек: жерді национализациялаудың кең теориясын дамыта отырып, сақталып қалған тәртіпті, соның негізінде ғана ілгері басуға болатын тәртіпті... баса көрсету болмай отыр... Осындай сұмдықтардың (Европа сұмдықтары, ұсақ шаруашылықтың күйреуі және т. б.) бәрінен қауым қорғайды» (1122).

Егер біз қауымның құрметті серісінің аграрлық мәселе жөнінде *26*-шешен болып сөйлегенін еске алатын болсақ, онда оның «өкініші» бізге түсінікті болады.

Оның алдында кемі 14 солшылдар, трудовиктер және т. б. сөйлеп өтті және олардың бәрі де «сақталып қалған тәртіпті онша баса көрсеткен жоқ»! Думадағы шаруалардың қауымға, Шаруалар одағы съездерінің де жасағанындай, мұнша селқостық жасауын көрген соң, «өкінудің де» жөні бар. Сагателян мен Успенский, *ескі* жер одақтарын білгісі келмейтін шаруалар революциясының арасындағы нағыз сектанттар ретінде қауымды қолға алды. «Мен қауымға төніп отырған кейбір қауіпті сеземін»,— деп қайғырады Сагателян (1123). «Нақ қазір қалай да болса қауымды сақтап қалу керек» (1124). «Бұл форма (яғни қауым) барлық экономикалық мәселелердің шешуін көрсете алатын дүние жүзілік қозғалысқа өрістеп шыға алады» (1126). Қауым туралы бұл пікірлердің бәрін Сагателян мырза, сірә, «көңілсіз және орынсыз» айтқан болар деймін. Ал оның әріптесі Успенский қауымға қарсы столыпиндік заңды сынай келіп, «жер меншігін жұмылдыру ең соңғы шегіне дейін, ең соңғы дәрежесіне дейін, кемітілетін болсын» (1115) деген тілек қойды.

Халықшылдың бұл тілегі, дау жоқ, реакциялық тілек. Ал бұның қисынсыз жері: Думада өзінің атынан осындай тілек қойылған социалист-революционерлер партиясы жерге жеке меншік жойылуын қоргай тұрып, жердің осы жолмен *неғұрлым көп* жұмылдырыла түсетінін, жер

қожайыннан қожайынға анағұрлым еркін және жеңіл өте беретінін, егіншілікке капиталдың анағұрлым еркін және жеңіл енетінін түсінбейді! Жерге жеке меншікті егіншілікте капиталдың үстемдік етуімен шатастыру — жердің буржуазияшыл национализаторларының (соның ішінде Джорджның және басқа көптеген адамдардың) ерекше қатесі. «Жерді жұмылдыруды кеміту» ниеттерінде эсерлер кадеттермен бір жерден шығады; кадеттердің өкілі Кутлер өзінің баяндамасында турадан-тура былай деді: «халық бостандығы партиясы оларды (шаруаларды) тек иеліктен айыру правосы мен залогқа салу правосы жөнінде ғана тежемек, яғни келешекте жерді сатып алу және сату істерінің өріс алуына тыйым салмақ» (1907 ж., 19 марттағы 12-мәжіліс, 740-бет).

Кадеттер бұл реакциялық тілекті әкеліп аграрлық мәселені шешудің мынадай тәсілдерімен (помещиктер мен бюрократияның үстемдігі): жөнсіз чиновниктік тыйымдар салу мүмкіндігін қамтамасыз ететін және шаруаларды басыбайлылыққа салуға көмектесетін кеңсе сергелдеңін қамтамасыз ететін тәсілдермен байланыстырады. Эсерлер реакциялық тілекті чиновниктік қысымдар мүмкіндігін болдырмайтын (жалпыға бірдей және т. с. дауыс беру негізінде сайланатын жергілікті жер комитеттері) шаралармен байланыстырады. Біріншілердің буржуазиялық революциядағы бүкіл (бюрократиялық-помещиктік) саясаты реакциялық саясат. Екіншілердің дәйекті буржуазиялық революцияға қателесіп таңып отырған мещандық «социализмі» реакциялық «социализм».

Эсерлердің экономикалық теориялары туралы мәселе жөнінде олардың Думадағы өкілдерінің аграрлық қайта құрылыстың өнеркәсіп дамуына әсер ететіндігі туралы пікірлерін көрсету көңіл бөлерлік нәрсе. Халықшылдық доктринаның қауызымен аз-маз ғана бүркеулі буржуазияшыл революционерлердің аңғал көзқарасы тамаша бадырайып тұр. Мысалы, мына, Уралдағы Шаруалар одағының белгілі ұйымдастырушысы болған, «Алапаев республикасының президенті»[124], әрі «Пугачев», социалист-революционер Кабаковты (Пермь губерниясы)

алып қараңыз*. Ол шаруалардың жерге праволылығын нағыз шаруаша дәлелдейді, сөз арасында айта кетсек: шаруалар Россияны жаулардан қорғаудан еш уақытта бас тартқан емес (1953) дегенмен дәлелдейді. «Жер бөліп берудің керегі не?—деп таңданады ол.—Жер еңбекші шаруалардың жалпыға бірдей игілігі болуға тиіс деп біз турадан-тура жариялаймыз, ал жерді шаруалардың өздері, шаруаларға ешқандай пайда келтірмейтіні бізге әлдеқашаннан белгілі чиновниктердің ешбір араласуынсыз-ақ, жергілікті жерлерде өзара бөлісіп ала алады» (1954). «Біздің Уралда бүтіндей заводтар тоқтап қалып отыр, өйткені қаңылтыр өтпей жатыр, ал Россияда барлық шаруа үйлері сабанмен жабылған. Шаруалардың осы үйлерінің бәрін әлдеқашап-ақ қаңылтырмен жабу керек еді... Рыноктар бар, бірақ сатып алушылар жоқ. Біздің сатып алушы бұқара дейтініміз кім? Жүз миллиондаған еңбекші шаруа —міне, сатып алушы бұқараның негізі осы» (1952).

Иә, бұл арада, «маусымдық» өндірістің ғасырлар бойы жартылай феодалдық тоқырауының орнына, Уралдағы шын капиталистік өндірістің жағдайлары дұрыс айтылған. Столыпиннің де, кадеттердің де аграрлық саясаты *бұқараның* өмір сүру жағдайларын елеулі жақсарта алмайды, ал мұнсыз Уралда шын «еркін» өнеркәсіп қанат жаймайды. Тек шаруалар революциясы ғана ағаш Россиясын темір Россиясымен тез ауыстыра алған болар еді. Капитализмнің даму жағдайларын, капиталдың ант берген малайларынан гөрі эсер-шаруа дұрысырақ және кеңірек түсінеді.

Басқа бір эсер, шаруа Хворостухин (Саратов губерниясы), былай деді: «Иә, мырзалар, әрине, халық бостандығы партиясынан көп сөйледі. Еңбек тобын: жерді еңбек етіп, өңдегісі келетін адамға жер әпергісі келеді деп айыптайтындарын айтты. Олар өйтсек көптеген адам қалалардан кетіп қалады, сөйтіп бұрынғыдан да жаман болады деді. Ал мен, мырзалар, қалалардан тек істейтін ісі жоқ адамдар ғана кетеді деп ойлаймын, ал қызмет істеп жүргендер, жұмысқа дағдыланғандар, олардың іс-

* Қараңыз: «II Мемлекеттік дума мүшелерінің тізімі», беймәлім автордың өзі бастырып шығарған. СПБ., 1907.

тейтін жұмысы болса, қаладан кетпейді. Шынында да, жерді өңдегісі келмейтін адамдарға жер берудің керегі не?..» (774). Міне, бұл «эсердің» жерді жалпыға бірдей теңгерме пайдалануды емес, еркін жерде тең праволы және еркін фермерлікті құрғысы келетіні анық емес пе? «...Қалай да болса барлық халыққа, әсіресе соншама жылдар жапа шеккен және аштыққа ұшыраған халыққа экономикалық бостандық беру керек» (777).

Эсершілдіктің *шын* мазмұны жөніндегі бұл *дұрыс* тұжырым («экономикалық бостандық беру») — шаруаның олақ сөйлеуінің *ғана* нәтижесі деп ойламаңдар. Одан ғана емес. Аграрлық мәселе жөнінде социалист-революционерлер партиясының атынан қорытынды сөз сөйлеген эсерлер лидері интеллигент Мушенко өзінің экономикалық көзқарастары жағынан шаруалар Кабаков пен Хворостухиннен де анағұрлым аңғалдау.

«Біздің айтатынымыз,— деді Мушенко,— дұрыс қоныстандыру, дұрыс орналастыру — жердің қоршауы жойылған кезде ғана, жерге жеке меншік принципі негізінде салынған кедергілердің бәрі алынған кезде ғана мүмкін болады. Одан соң, министр біздің мемлекетіміздегі халықтың өсуі туралы айтты... Сонымен, халықтың осы (1,6 миллион) өсуіне ғана $3^1/_2$ миллион десятинадай жер керек болып шықты. Ол былай дейді: сонымен, егер сіздер жерді теңгеретін болсаңыздар, онда халықтың осындай өсуіне сіздер жерді қайдан аласыздар? Ал мен мынаны сұраймын: қайда, қай мемлекетте (sic!) халықтың барлық өсуі егіншілікке апарып орналастырылады? *Халықтың сословиелеріне, кәсіптеріне қарай бөлінуін тәртіптейтін заң қайырма күші бар заң болып табылады ғой»* (курсив біздікі). «Егер мемлекет, егер ел құлдырап бара жатпаса, қайта өнеркәсіп жөнінен дамып бара жатса, онда бұл тамақ пен шикізат жөніндегі ең қажетті нәрсені қанағаттандыратын ауыл шаруашылығының ірге тасына жаңадан шаруашылық қабаттар қалана береді деген сөз. Тұтыну өседі, өндірістің жаңа өнімдері пайда болады, өндірістің жаңа салалары пайда болады; өңдеу өнеркәсібі өзіне жұмыс күшін бірден-бірге көбірек тарта береді. Қала халқы егінші халықтан көбірек өседі, сөйтіп халық өсуінің көбін өз бойына сіңіріп отырады. Кейде, мырзалар, егінші халықтың относительді ғана емес, тіпті абсолюттік кемитін кездері болады. Егер бізде бұл (!) процесс баяу жүріп жатқан болса, онда мұның себебі,— осы жаңа шаруашылық қабаттарды қалайтын еш нәрсенің жоқ болғаны. Шаруалар шаруашылығы — бұл ірге тас өте әлсіреген; өнеркәсіп үшін рынок тым аз. Жерді халықтың пайдалануына беру негізінде әлді, көп, өмірлік күші толық егінші халық жасаңыз, сонда сіз өнеркәсіп өнімдеріне қандай сұра-

ныс болатынын және қаншама көп жұмыс күші қалалардағы фабрикалар мен заводтарға керек болатынын көресіз» (1173).

Ал енді, капитализм дамуының программасын жерді социализациялау программасы деп атап отырған осы «социалист-революционер» тамаша емес пе? Қала халқының неғұрлым тез өсу заңы тек қана *капиталистік* өндіріс әдісінің заңы екенін ол сезбейді де. Бұл «заң» шаруалардың буржуазия мен пролетариатқа жіктелуі арқылы болмаса, егіншілердің арасындағы «сұрыпталу», яғни «жалаң аяқтарды» «нағыз қожайынның» ығыстырып шығаруы арқылы болмаса, басқаша жолмен жүзеге аспайтыны және аса алмайтыны оның миына да кіріп шықпайды. Бұл эсердің капиталистік заң негізінде суреттеп отырған экономикалық үйлесімділігі жан ашырлық аңғалдық. Бірақ бұл еңбектің капиталмен күресін көмескілегісі келетін тұрпайы буржуазияшыл экономистің үйлесімділігі емес. Бұл самодержавиенің, крепостниктіктің, орта ғасырлықтың қалдықтарын түк қалдырмай сыпырып тастағысы келетін сапасыз буржуазияшыл революционердің үйлесімділігі.

Біздің қазіргі аграрлық программамыз арман ететін *жеңімпаз* буржуазиялық революция басқаша жолмен емес, тек *осындай* буржуазияшыл революционер арқылы ілгері аттай алады. Сондықтан саналы жұмысшы халықшыл «экономистердің» балалық былдырына бір секунд та алданбай, қоғамдық даму мүдделеріне бола осындай *революционерді қолдауға* тиіс.

8. «ҰЛТ ӨКІЛДЕРІ»

Орыс емес халықтардың өкілдерінен Думада аграрлық мәселе жөнінде поляктар, белорустар, латыштар мен эстгер, литвандар, татарлар, армяндар, башқұрттар, қырғыздар, украиндар сөйледі. Олар өз көзқарастарын былайша баяндады.

Халықтық демократ[125] Дмовский II Думада «поляктар атынан — Польша Патшалығы және мемлекеттің онымен көршілес батыс бөлігі өкілдерінен» (742) сөйледі: «біздің аграрлық қатынастарымыз батыс европалық қатынастарға өту болып табылатын болса да, өйткенмен

аграрлық мәселе бізде бар, ал жер тапшылығы біздің өміріміздің жегі болып отыр. Біздің әлеуметтік программамыздың алғашқы пункттерінің бірі шаруа жер иелігінің көлемін кеңейту болып табылады» (743).

«Біздің Польша Патшалығында помещиктік жерлерді басып алу түрінде үлкен аграрлық тәртіпсіздіктер болған болса, олар оның шығыс бөлігінде ғана, атап айтқанда Влодав уезінде болды, онда шаруаларға православиеліктер ретінде олар помещиктік жерден үлесті жер алады делінді. Бұл тәртіпсіздіктер тек православиелік халықтың арасында ғана болды» (745).

...«Мұнда (Польша Патшалығында) жер мәселесі, басқа да әлеуметтік реформалардың бәрі сияқты... өмір талаптарына сай, өлке өкілдерінің жиналысы — автономиялық сейм арқылы ғана реттеле алады» (747).

Халықтық демократ-поляктың бұл сөзі оңшыл белорус-шаруалардың (Гаврильчик, Минск губерниясы, Шиманский, Грудинский) Польша помещиктеріне қарсы қатты шүйлігуін туғызды, ал епископ Евлогий, әрине, осыны ести салып, орыс шаруаларын поляк-помещиктердің езуі туралы 1863 жылғы орыс саясатының рухында екіжүзділік-полициялық сөз сөйледі (12 апрельдегі 26-мәжіліс).

«Қалайша ойлап табылған!» — деп жауап қайтарды халықтық демократ Грабский (3 майдағы 32-мәжіліс). «Шаруалар жер алады; орыс помещиктері өз жерлерінде қалады; шаруалар, өткен бір ізгі заман кезіндегідей, ескі режимді қолдайтын болады, ал поляктар Польша сеймі жөнінде айтқандары үшін тиісті жазаға тартылады» (62). Сонымен шешен, орыс үкіметінің ұятсыз демагогтығының бәрін қатты әшкерелей келіп, «біздегі аграрлық реформаны шешу ісі Польша сейміне берілсін» деп талап етті (75).

Бұған мынаны қосайық: жоғарыда аталған шаруалар *меншік правосында* қосымша үлесті жер беруді талап етті (мысалы, 1811-бет). I Думада да поляк шаруалары мен батыс шаруалары жер талап ете келіп, меншікті жақтаған еді. Мен Люблин губерниясының жері аз шаруасымын,— деді Наконечный 1906 ж. 1 июньде — Польшада да күшпен иеліктен айыру ісі қажет. Белгісіз уақытқа 5 десятина жерім болғаннан, мәңгілік 1 де-

сятина жерім болғаны артық (881—882). Батыс өлкенің атынан Понятовский де (Волынь губерниясы) (19 май, 501-бет.) және Витебск губерниясынан Трасун де (1906, 16 май, 418) соны айтты. Гирнюс (Сувалки губерниясы) осыны айта келіп, бір ғана жалпы империялық жер қорына қарсы шығып, жергілікті жер қорларын жақтап сойледі (1906, 1 июнь, 879-бет.) Граф Тышкевич сонда-ақ жалпы халықтық қор жасау туралы пікірді ол «қолайлы емес және қауіпсіз емес» (874) деп білетінін айтты. Стецкий де соны айтты (1906, 24 май, 613—614-беттер: арендаға қарсы жеке меншікті жақтады).

Прибалтика олкесінен II Думада Юрашевский (Курляндия губерниясы) сөйлеп, ірі жер иелерінің феодалдық пұрсаттылықтарын жоюды (1907, 16-май, 670-бет) және белгілі бір нормадан артық помещиктік жерлерді иеліктен айыруды талап етті. «Прибалтика өлкесіндегі қазіргі егіншілік мәдениеті сонда қолданылған жеке меншік принципінің немесе мұрагерлік аренданың негізінде дамығанын мойындай отырып, алайда ауыл шаруашылық қатынастарды бұдан былай тәртіпке салу үшін Прибалтика өлкесінде бұл мәселені дұрыс шеше алатын, кең демократиялық негіздерде құрылған өзін өзі басқаруды дереу енгізу қажет деген қорытынды жасауға тура келеді» (672).

Эстляндия губерниясының өкілі, прогрессист Юрине Эстляндия губерниясына арналған жеке жоба ұсынды (1907, 26 майдағы 47-мәжіліс, 1210-бет). Ол «ымыраға келуді» (1213) — «мұрагерлік немесе мәңгі аренданы» (1214) жақтап сөйледі. «Кім жерді пайдаланып отырған болса, кім оны жақсы пайдаланып отырған болса, соның өз қолында жері де болады» (бұл да сонда). Осы мағынада күшпен иеліктен айыруды талап ете келіп, Юрине жерді конфискелеуді теріске шығарды (1215). I Думада Чаксте (Курляндия губерниясы) шаруаларға помещиктік жерлерден басқа шіркеулік (пасторлық) жерлердің де берілуін талап етті (1906, 4 майдағы 4-мәжіліс, 195-бет). Тенисон (Лифляндия губерниясы) «жерді жеке меншікке шығаруды жақтаушылардың бәрі» (бұл да сонда, 209-бет) мұны істей алады деп тауып,

адреске, яғни күшпен иеліктен айыруға дауыс беруге қосылды. Крейцберг (Курляндия губерниясы) Курляндия шаруаларының атынан «латифундиялардың экспроприациялануын» және жерсіздер мен жері аздарға қалай да «меншік правосында» үлесті жер берілуін талап етті (1906, 19 майдағы 12-мәжіліс, 500-бет). Рютли (Лифляндия губерниясы) күшпен иеліктен айыруды және т. т. талап етті. «Жерді мемлекеттік қорға айналдыруды алатын болсақ,— деді ол,— онда мұның шаруаларды тағы да басыбайлылыққа түсіру екенін біздің шаруалар жақсы түсінеді. Сондықтан біз ұсақ шаруалар шаруашылығын, еңбек өнімділігін жақтауға және оларды капитализмнің қол сұғуынан қорғауға тиіспіз. Сонымен, егер біз жерді мемлекеттік қорға айналдыратын болсақ, онда біз ең ірі капитализм құрамыз» (бұл да сонда, 497). Озолин (Лифляндия губерниясы) латыш шаруаларының атынан күшпен иеліктен айыруды және меншікті жақтап сөйледі; жалпы мемлекеттік жер қорына үзілді-кесілді қарсы шығады, тек жергілікті облыстық қорларға ғана жол береді (1906, 23 майдағы 13-мәжіліс, 564-бет).

Леопас, «Сувалки губерниясынан, атап айтқанда литван халқынан өкіл» (1907, 16 майдағы 39-мәжіліс, 654-бет), өзі мүше болып отырған конституциялық-демократиялық партияның жоспарын жақтап сөйледі. Сол губерниядан келген тағы бір литван-автономист, Булат, трудовиктерге қосылды, бірақ төлем құны және басқалар туралы шешімді мәселе жергілікті жер комитеттерінде талқыланғанға дейін қалдырды (бұл да сонда, 651-бет). Повилюс (Ковно губерниясы) «Литва социал-демократтарының думадағы тобының» (бұл да сонда, 681-бет, қосымша) атынан осы топтың нақты тұжырымдалған, біздің РСДРП программасына тура келетін, *айырмашылығы* тек *«Литва көлеміндегі* жергілікті жер қоры» «Литваның автономиялық өзін өзі басқару органының» қарамағына беріледі (бұл да сонда, 2-п.) делінген аграрлық программа ұсынды.

Мұсылман тобының атынан II Думада Хан Хойский (Елисаветполь губерниясы) сөйледі: «Біздер, орыс мемлекетінің барлық халқының 20 миллионнан астамы бо-

лып отырған мұсылмандар, аграрлық мәселенің барлық қиын-қыстау жәйттеріне сонша ентелей құлақ тігеміз, оның қанағаттанарлық түрде шешілуін де соншама асығып күтеміз» (1907, 2 апрельдегі 20-мәжіліс, 1499-бет). Мұсылман тобының атынан шешен әділетті баға негізінде күшпен иеліктен айыруды жақтай сөйлеп, Кутлерге қосылады (1502). «Бірақ бұл иеліктен айырған жерлер қайда түсуге тиіс? Бұл жөнінде мұсылман тобы: иеліктен айырған жерлер жалпы мемлекеттік жер қоры болуға тиіс емес, әрбір жеке облыс көлемінде болатын облыстық жер қоры болуға тиіс деп табады» (1503). «Қырым татарларының өкілі», депутат Медиев (Таврия губерниясы) революциялық жалынды сөзінде «жер мен ерікті» жақтап сөйледі. «Жарыс сөздер неғұрлым созыла түскен сайын жерде кім еңбек етіп жатса, жерді сол пайдалануға тиіс деген халық талабы біздің алдымызда соғұрлым айқындала түседі» (1907, 9 апрельдегі 24-мәжіліс, 1789-бет). Шешен «біздің шет аймақтарымызда жерге қасиетті меншік қалай орнады» (1792) дегенді, башқұрт жерлерін қалайша талан-таражға салғандарын, министрлер мен толық праволы статс советниктер, жандарм басқармасының бастықтары 2—6 мың десятинадан жер алғандарын айтады. Ол вакуфтық жерлердің[126] талан-таражға түскеніне шағынған «татар бауырларының» тапсырмасын келтіреді. Ол Түркстан генерал-губернаторының бір татарға, 1906 ж. 15 декабрьде, қазыналық жерлерге тек христиан дініндегі адамдар ғана көшіп бара алады деп берген жауабын цитат етіп келтіреді. «Осы документтерден бір көңірсіген нәрсенің, өткен ғасырдың аракчеевшілдігінің иісі шығып тұрған жоқ па?» (1794) дейді.

Кавказ шаруаларынан,— біздің партиялық социал-демократтардан басқа, бұлар туралы төменде айтылады,— жоғарыда аталып өткен, эсерлер көзқарасындағы, Сагателян (Эриван губерниясы) сөйледі. «Дашнакцутюн» партиясының тағы бір өкілі, Тер-Аветикянц та (Елисаветполь губерниясы) сол рухта сөйледі: «жер қауымдық меншік негізінде, ешбір басқа жанға емес, еңбеккерлерге, яғни еңбекші халыққа тиісті болу керек» (1907, 16 майдағы 39-мәжіліс, 644-бет). «Мен бүкіл Кавказ ша-

руаларының атынан мәлімдеймін... нағыз шешуші кезеңде бүкіл Кавказ шаруалары өз ағасы — орыс шаруаларымен тізе қосып, өзіне керек жер мен ерікті жеңіп алады» (646). Эльдарханов «өз сайлаушыларының — Терек облысының тұрғын халықтарының — атынан табиғат байлықтарын талан-таражға салу аграрлық мәселе шешілгенге дейін тоқтатылатын болсын деген өтініш енгізеді» (1907, 3 майдағы 32-мәжіліс, 78-бет), ал үкімет тау алқабындағы жердің жақсы бөлегін тартып алды, құмық халқының жерін тонап, жер қойнауындағы байлыққа иемін деп мәлімдеп, жерді талан-таражға салды деді (бұл демократиялық емес мемлекеттік өкіметке муниципализацияланған жерлер қол жеткісіз нәрсе екені туралы Плеханов пен Джонның Стокгольмдегі лекциясына дейін болған болуға тиіс).

Башқұрттардың атынан депутат Хасанов (Уфа губерниясы) үкіметтің 2 миллион десятина жерді талан-таражға салғанын ескертеді және бұл жерлер «қайтадан тартып алынсын» деген талап қояды (1907 ж., 16 майдағы 39-мәжіліс, 641-бет). Осыны I Думада Уфа депутаты, Сыртланов та талап еткен болатын (1906, 2 июньдегі 20-мәжіліс, 923-бет). Қырғыз-қайсақ халқының атынан II Думада депутат Қаратаев (Орал облысы) сөйледі: «біз, қырғыз-қайсақтар... біздің шаруа бауырларымыздың жерге мұқтаждығын жақсы түсінеміз және сеземіз, біз ризашылығымызбен ығысып орын беруге әзірміз» (39-мәжіліс, 673-бет), бірақ «басы артық жерлер өте аз», ал «қоныстандыру қазіргі кезде қырғыз-қайсақ халқын көшіріп жіберумен қат-қабат жүргізіліп жатыр»... «қырғыздарды жерлерінен емес, олардың тұрғын үйлерінен көшіріп жатыр» (675). «Қырғыз-қайсақтар әрқашан оппозициялық фракциялардың бәріне іш тартып отырады» (675).

Украин фракциясының атынан, 1907 жылы 29 мартта, II Думада Полтава губерниясының казагі Сайко сөйледі. Ол казактардың: «Әй, патша ханым Катерина, бұл не еткенің? Кең жер, байтақ өлкені пандарға беріп кеткенің. Әй, патша ханым Катерина, ая бізді, бергін бізге қара орманды, ду-думанды өлкені» деген өлеңін келтірді, содан соң 104-тің жобасының 2-параграфындағы

«жалпы халықтық жер қоры» деген сөздерді «социалистік жолмен құрылудың бастауы болуға тиіс өлкелік ұлттық (sic!) жер қоры» деген сөздермен ауыстыруды ғана талап етіп, трудовиктерге қосылды. «Украин фракциясы жерге жеке меншікті дүниедегі ең әділетсіздік деп санайды» (1318).

Бірінші Думада Полтава депутаты Чижевский былай деген: «Мен, автономия идеясын жалынды жақтаушы болғанымнан, атап айтқанда, Украина автономиясын жалынды жақтаушы болғанымнан, аграрлық мәселені менің халқымның шешуін, аграрлық мәселені, біздің мемлекетіміздің маған мұрат болып көрінетін автономиялық құрылысында, жеке автономиялық единицалар шешуін қатты тілер едім» (1906, 24 майдағы 14-мәжіліс, 618-бет). Ал сонымен қатар осы украин автономисі біздің «муниципалистеріміздің» шатастырған мәселесін түсіндіре келіп, мемлекеттік жер қоры болуының сөзсіз қажеттігін мойындайды. «Біз,— деді Чижевский,—мемлекеттік жер қоры жерлерін меңгеру ісі жергілікті өзін өзі басқару орындары құрылған кезде, тек жергілікті өзін өзі басқаратын земстволық немесе автономиялық единицаларға ғана тиісті болу принципін мықтап және дұрыстап белгілеуге тиістіміз. Ал енді, егер мемлекеттік жер қорын жеке жағдайлардың бәрінде де жергілікті өзін өзі басқару орындары меңгеретін болса, онда «мемлекеттік жер қоры» деген атақтың қандай мәні болмақ? Менінше, мәні өте зор. Ең алдымен, ...мемлекеттік қордың бір бөлегі орталық үкіметтің қарауында болуға тиіс... біздің жалпы мемлекеттік отарлау қорымыз... Одан соң, екіншіден, мемлекеттік қор мекемесінің мәні және ондай атағының мәні мынадан туады: жергілікті мекемелер бұл қорды өздерінің жергілікті жерлерінде билеуге ерікті де болатын болғанымен, ол еріктілік белгілі шеңберде ғана болады» (620). Бұл ұсақ буржуазияшыл автономист экономикалық даму арқылы орталықтанған қоғамдағы мемлекеттік өкіметтің маңызын біздің социал-демократ-меньшевиктерімізден гөрі анағұрлым жақсы түсінеді.

Айтпақшы. Чижевскийдің сөзі туралы айтқанда, оның «нормаларды» сынауына соқпай өтуге болмайды. Ауыл

шаруашылық жағдайларының әр түрлілігін көрсете келіп және осы негізде «тұтыну» нормасын теріске шығара келіп, ол: «Еңбек нормасы — бос сөз» дегенді тура айтады. «Меніңше, шаруаларға жер үлесін қайдағы бір норма емес, қолда бар запас мөлшерінде беру керек сияқты... Шаруаларға сол жерде беруге болатынның бәрін беру керек»,— мысалы, Полтава губерниясында «ең көп дегенде, орта есеппен 50 десятинадан жер қалдырып, барлық жер иелерінің артық жерін иеліктен айыру керек» (621). Кадеттер норма туралы мылжыңдағанда иеліктен айырудың шын мөлшері туралы жоспарларын жасыру үшін мылжыңдайтыны таңданарлық нәрсе ме? Чижевский, кадеттерді сынап отырса да, мұны әлі түсінбей отыр*.

«Ұлт өкілдерінің» аграрлық мәселе жөнінде Думада сөйлеген сөздеріне жасаған біздің шолуымыздан шығатын қорытынды айқын. Бұл сөздер «Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қарау» деген кітапшаның 18-бетінде (бірінші басылуы)** муниципализацияның ұлттар праволарымен арақатынасы туралы мәселе жөнінде, атап айтқанда, бұл біздің программамыздың саяси бөлімі *түгел қамтыған* және тек мещандық провинциализмнің салдарынан ғана аграрлық программаға шатастырып жүрген *саяси* мәселе екені жөнінде менің Масловқа қарсы айтқанымды түгелімен растап шықты.

Меньшевиктер Стокгольмде «муниципализацияны национализациядан тазарту» (меньшевик Новоседскийдің Стокгольм съезі «Протоколдарындағы» сөзі, 146-бет)

---

* Санасыз-буржуазияшыл трудовиктердің: дәйекті шаруалар революциясы тұсында өнеркәсіптің өсуі, жерге ұмтылудың *кемуі* жөніндегі бізге бұрыннан белгілі қағидасын Чижевский де барынша айқын қояды. «Біздің шаруалар, бізді осында жіберген сайламшылар ғой, солар отырып, мысалы, мынадай есеп жасады: «егер біз бұдан гөрі ауқаттылау болсақ және егер біздің әрбір семьямыз жылына қантқа 5—6 сом жұмсай алатын болса,— қызылша өндіруге мүмкіндігі бар уездердің әрқайсысында қазір бар заводтардың үстіне бірнеше қант заводтары салынған болар еді». Егер бұл заводтар салынған болса, шаруашылықты интенсивтендірген кезде оған қаншама көп жұмысшы қажет болған болар еді! Қант заводтарының өнімі өскен болар еді» және т. б; бұл өзінен-өзі түсінікті (622). Міне бұл «американ» фермерлігінің және Россияда капитализмнің «американдық» дамуының программасы.

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 268—269-беттер *Ред.*

жолында адам күлерлік әрекетпен әуре болды. «Кейбір тарихи облыстар, мысалы, Польша, Литва,— деді Новоседский,— ұлттық территориялармен тура келеді, сондықтан бұл облыстарға жер беру ұлтшылдық-федералистік тенденцияларды дамытып жіберетін негіз болып кетуі мүмкін, бұл келіп іс жүзінде муниципализацияны қайтадан біртіндеп национализацияға айналдырады». Сөйтіп Новоседский Данмен бірге түзету енгізуге кірісіп, оны енгізді: Масловтың жобасындағы «өзін өзі басқаратын ірі *облыстық* ұйымдар» деген сөздердің орнына «қалалық және селолық округтерді біріктіретін *жергілікті* өзін өзі басқарудың ірі органдары» деген сөздер жазылсын делінді.

«Муниципализацияны национализациядан тазартудың» табылған әдісі, бұған не дерсің. Бір сөзді екінші сөзбен ауыстырғанда,— будан «тарихи облыстардың» орындарын алмастыру өз-өзінен болатыны анық емес пе?

Жоқ, мырзалар, сөздерді ешбір алмастырумен сіздер муниципализациядан оған тән «ұлтшылдық-федералистік» ақымақтықты алып тастай алмайсыздар. *Іс жүзінде* «муниципализаторлық» идея *ғана* буржуазияның әр түрлі топтарының ұлтшылдық тенденцияларына *себепкер болғанын* екінші Дума көрсетті. *Тек осы топтар ғана,* оңшыл казак Карауловты есептемегенде, әр түрлі «өлкелік» және «облыстық» қорларды «өз» қорғауына «алып отыр». Оның бер жағында провинциализацияның *аграрлық* мазмұнын (өйткені іс жүзінде Маслов жерді «муниципияларға» емес, провинцияларға «береді», олай болса провинциализация деген сөз дәлірек) ұлт өкілдері *қабылдамай тастады:* еш нәрсе күн ілгері шешілмесін, төлем құны туралы мәселе де, меншік туралы мәселе де және т. с.— *бәрі де* автономиялық сеймдерге немесе облыстық және т. с. өзін өзі басқару орындарына берілсін деді. Сонымен менің: «Закавказье жерлерін земстволизациялау туралы заңды қалай да питерлік құрылтай жиналысының шығаруына тура келеді, неге десеңіз, Маслов шет аймақтың қандайына болса да помещиктік жер иеленуді сақтауға ерік беруді қаламай отыр ғой» («Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қа-

рау», 18-бет) * деген сөздерім топ-толығымен дұрыс болып отыр.

Сонымен, ұлттардың мақұлдауы немесе мақұлдамауы туралы пікірлерге сүйеніп муниципализацияны қорғау сорақы дәлел екендігін уақиғалар растап отыр. Біздің программамыздың муниципализациясы тіптен әр түрлі халықтардың белгілі түрде мәлімдеген пікіріне қарама-қарсы болып отыр.

Іс жүзінде муниципализация жалпы ұлттық көлемдегі бұқаралық шаруалар қозғалысына басшылық етуге емес, қайта бұл қозғалысты провинциялық және ұлттық ағымдарға ыдыратуға қызмет ететіндігін уақиғалар растап отыр. Масловтың облыстық қорларының *идеясынан өмір тек* ұлттық-автономиялық «облыстықты» *ғана* бойына сіңірді.

«Ұлт өкілдері» *біздің* аграрлық мәселемізден біраз оқшаулау тұрады. Көптеген орыс емес халықтарда біздегі сияқты революция орталығында дербес шаруалар қозғалысы жоқ. Сондықтан өздерінің программаларында «ұлт өкілдерінің» *орыстың* аграрлық мәселесінен көбіне оқшаулау тұратындығы әбден табиғи нәрсе. Біздің жұмысымыз емес, біз өзімізбен-өзіміз боламыз дегендей. Ұлтшыл буржуазия мен ұсақ буржуазияның мұндай көзқараста болуы сөзсіз.

Пролетариатқа ол мүлдем орынсыз, ал біздің программамыз тап осы орынсыз буржуазиялық ұлтшылдыққа *іс жүзінде* түсіп те отыр. Қозғалыстың күшін бірігу арқылы, қозғалысты шоғырландыру арқылы еселеп күшейтуді мақсат етіп қоймай-ақ, «ұлт өкілдері» ең әрі дегенде бүкіл россиялық қозғалысқа тек жанасып қана отырса, меньшевиктер де, сол сияқты, революцияны бастайтын, оны топтастыратын және ілгері итермелейтін программа берудің орнына, шаруалар революциясына *жанасатын ғана* программа жасайды. Муниципализация — шаруалар революциясының ұраны емес, революцияның қалтарысында тұрып шеттен пішілетін мещандық реформизмнің ойдан шығарылған жоспары.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 268-бет. *Ред.*

Социал-демократиялық пролетариат өз программасын жеке ұлттардың «мақұлдау-мақұлдамауына» қарай өзгерте алмайды. Біздің ісіміз — ең жақсы жолды, буржуазиялық қоғамда жерге ең жақсы орналастыруды насихаттай отырып, әдет-ғұрыптардың, соқыр сенімдердің, меңіреу провинциализмнің күштеріне қарсы күресе отырып, қозғалысты ұйымдастыру және шоғырландыру. Жерді социализациялауды ұсақ шаруалардың «мақұлдамауы» біздің социалистік революцияның программасын өзгерте алмайды. Ол бізді тек *үлгі көрсету* қимылын артық көруге ғана мәжбүр ете алады. Буржуазиялық революцияда жерді национализациялау да солай. Оны бір шағын халықтың немесе пәлендей бір шағын халықтардың ешқандай «мақұлдамауы» барлық халықтың мүддесіне сәйкес орта ғасырлық жер иеленуден неғұрлым толық дәрежеде азат ету және жерге жеке меншікті жою жөніндегі ілімді бізге өзгерттіре алмайды. Белгілі бір шағын халықтың еңбекші бұқарасының едәуір көп жіктерінің «мақұлдамауы» бізді үлгі арқылы әсер етуді басқа әсердің бәрінен де артық санауға көндіреді. Отарлық қорды национализациялау, ормандарды национализациялау, орталық Россиядағы барлық жерді национализациялау мемлекеттің (бұл мемлекеттің бірігу себебі экономикалық эволюцияның шын негізгі ағымы болып табылатын болғандықтан) белгілі бір бөлегінің көлеміндегі жерге жеке меншікпен оншама ұзақ уақыт сыйыса алмайды. Не ол, не бұл система жеңіп шығуға тиіс. Мұны тәжірибе шешеді. Біздің ісіміз — капиталистік жолмен дамып келе жатқан елдің пролетариаты мен еңбекші бұқарасына ең қолайлы болатын жағдайларды халыққа анықтап беруге қамқорлық жасау.

9. СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАР

II Думада аграрлық мәселе жөнінде сөйленген сегіз социал-демократиялық сөздің екеуі ғана муниципализацияны жай айтып қоймай, оны *қорғаған* болды. Бұл — Озолдың сөзі және Церетелидің екінші сөзі еді. Қалған сөздер, көбінесе, түгелімен дерлік помещиктік жер иелігі атаулыға қарсы шүйлігуге және аграрлық мәселенің

саяси жағын анықтауға арналған сөздер болды. Осы жағынан қарағанда оңшыл шаруа Петроченконың әр түрлі партиялар шешендерінің сөздерінен деревня депутатының алған жалпы әсерін көрсететін қарапайым сөзі (1907, 5 апрельдегі 22-мәжіліс) айрықша болды. «Мен осында айтылғандардың бас-аяғын түгендеп, сіздердің басыңызды қатырып жатпаймын; бұл жөнінде менің қарапайым сөздермен айтуыма рұқсат етіңіздер. Депутат Святополк-Мирский осында ұзақ сөз сөйледі. Бұл сөз бізді, сірә, бір нәрсеге әзірлегеп болар деймін. Егер оны қысқа айтсақ, онда былай болып шығады: маған тиісті немесе менің иеленіп отырған жерімді сіздердің алуыңызға праволарың жоқ, ал мен оны бермеймін де. Бұған депутат Кутлер: «ол кез өткен, беру керек, сіз бересіз де, ақша да аласыз» деді. Депутат Дмовский: «жер жөнінде қалай десеңдер олай деңдер, бірақ автономия қалай да керек» деді. Сонда келіп, депутат Караваев: «жер де, автономия да керек, бәрін бір жерге үйіңдер, ал сонан соң бөлісіп аламыз» деді. Ал Церетели былай дейді: «жоқ, мырзалар, бөлуге болмайды, өйткені үкімет әзір ескі үкімет, ол мұны істетпейді. Біз одан да өкіметті басып алу амалын қарастыруымыз керек, ал содан кейін өз тілегіміз бойынша бөлісеміз»» (1616-бет).

Демек, шаруа бұдан: социал-демократ сөзінің трудовиктен бірден-бір айырмашылығы мемлекет ішінде өкімет үшін күресу қажеттігін анықтау, «өкіметті басып алу» екен деп түсінді. Қалған айырмашылықтарын ол аңғармады, оған мәнсіз болып көрінді! Церетелидің бірінші сөзінен біз, шынында да, «біздің чиновниктік төрелеріміз жер төрелері де екенін» (725) әшкерелеуді көреміз. Шешен «бірнеше ғасырлар бойында мемлекеттік өкімет бүкіл мемлекетке тиісті болған жерлерді, бүкіл халықтың меншігі болып келген жерлерді жеке меншікке үлестіріп келгенін» (724) көрсетті. Сөз аяғында оның социал-демократиялық фракцияның атынан енгізген және біздің аграрлық программамызды қайталайтын мәлімдемесі дәлелденбей және басқа «солшыл» партиялардың программаларына қарама-қарсы қойылмай қалды. Біз мұны айтқанда біреуді кінәлау үшін айтып отырғанымыз жоқ,— қайта Церетелидің қысқа, айқын, помещик-

тік үкіметтің таптық сипатын анықтауға бағытталған бірінші сөзін біз өте-мөте тауып айтылған сөз деп есептейміз,— біз мұны оңшыл шаруаның (мүмкін, барлық шаруаның да) көз алдында біздің программамыздың өзіне тән социал-демократиялық белгілері жойылып кеткен себебін түсіндіру үшін айтып отырмыз.

Аграрлық мәселе жөніндегі екінші социал-демократиялық сөзді Думаның келесі «аграрлық мәжілісінде» (1907, 26 марттағы 16-мәжіліс), әлсін-әлі «біз, шаруалар» деп айтқан, жұмысшы Фомичев (Таврия губерниясы) сөйледі. Фомичев Святополк-Мирскийге күшті тойтарыс берді, оның шаруалар помещиктерсіз—«бақташысыз мал» деген белгілі сөзі шаруа депутаттарын бірнеше «солшыл» сөздерден гөрі жақсы үгіттеген болатын. «Депутат Кутлер өзінің ұзақ созінде күшпен иеліктен айыру, бірақ төлем құнын төлеу арқылы айыру туралы пікірді өрістетті. Біз, шаруалар өкілдері, төлем құнын төлеуді мойындай алмаймыз, себебі, төлем — шаруаның мойнына түсетін жаңа тұзақ» (1113). Қорыта келіп, Фомичев: «барлық жер депутат Церетелидің ұсынған шарттарына сәйкес еңбекшілердің қолына берілсін» (1114) деген талап қойды.

Келесі сөзді, Новгород губерниясында шаруалар куриясынан сайланған тағы бір жұмысшы Измайлов сөйледі (1907, 29 марттағы 18-мәжіліс). Ол Новгород мужиктерінің атынан төлем құнын төлеуді мақұлдаған, өзінің жерлесі, шаруа Богатовқа жауап берді. Измайлов төлемді ашу-ызамен теріске шығарды. Ол 10 миллион десятина жерден 2 миллион десятина жер алған, 6 миллион десятина орманнан 1 миллион десятина орман алған Новгород шаруаларының «азат етілу» жағдайларын айтты. Ол «ондаған жылдар бойы пештеріне өз үйлерінің айнала қоршауын жағумен» ғана қоймай, «өз үйлерінің бұрыш-бұрыштарын кесіп алуға» дейін, ебін тауып бір құшақ отын үнемдеп алу үшін ғана ескі үлкен үйлерін кішірейтіп қайта жасауға» (1344) дейін барған шаруалардың жоқшылығын суреттеді. «Біздің шаруалар міне осындай халде отырған кезде оңшыл мырзалар мәдениетті көксейді. Мужик, қарай коріңіз, оларша мәдениетті жалмап қойған.

Аш және жалаңаш мужиктің мәдениетте не ісі бар? Міне енді олар жер орнына мужикке осы мәдениетті ұсынбақ; бірақ мен оларға бұл арада да сенбеймін, меніңше, олар да өз жерлерін сатуға ризалық береді, бірақ тек мужик жерге қымбатырақ төлесін деп саудаласатын болады. Және олардың ризалық беретін себебі мынау. Меніңше—шаруалар да мұны өте-мөте біліп қоюға тиіс—мәселе əсте жерде емес, мырзалар. Егер мен жердің тасасында тағы бір нәрсе бар, тағы бір күш бар, оны крепостник-дворяндар халыққа беруге қорқады, жермен бірге айрылып қаламыз деп қорқады, оны, мырзалар,—өктемдік десем қателеспеспін деп ойлаймын. Олар жерді береді, оны бергісі де келеді, бірақ тек біз бұрынғыша олардың құлы болып қалатын етіп бергісі келеді. Егер біз борыштар болып қалсақ, бәрібір біз крепостник-помещиктердің өктемдігінен құтыла алмаймыз» (1345). Кадет жоспарларының мәнін жұмысшының осы әшкерелеуінен гөрі айқын және дәлдеп айту мүмкін деп ойлаудың өзі қиын!

Социал-демократ Серов 1907 ж. 2 апрельдегі 20-мәжілісте көбінесе кадеттердің көзқарастарын «капитал өкілдерінің» (1492), «капиталистік жер иелігі өкілдерінің» көзқарасы деп сынады. Шешен егжей-тегжейіне жете, цифрларды пайдалана отырып, 1861 жылғы төлем құнын төлеудің не болғанын көрсетті, сөйтіп әділетті бағаның «созылмалы принципін» теріске шығарды. Серов Кутлердің капиталды конфискелемей тұрып, жерді конфискелеуге болмайды деген дәлеліне маркстік тұрғыдан мінсіз дұрыс жауап берді. «Біз жер ешкімдікі де емес, жер адам қолымен жасалған нәрсе емес деген дәлелдерді мүлдем келтірмейміз» (1497). «Пролетариат, оның осындағы өкілі социал-демократтар партиясы, өзінің ролін түсіне келе қанау атаулының бәрін, феодалдық қанауды да, буржуазиялық қанауды да теріске шығарады. Оған, пролетариатқа, қанаудың бұл екі түрінің қайсысы әділеттірек деген сұрақ болмайды; оған мәселе әрдайым қанаудан азат етілуге қажетті тарихи жағдайлар жетілді ме дегенге келіп тіреліп отырады» (1499). «Статистиктердің есебіне қарағанда, жерді конфискелеген кезде помещиктердің

500 миллион сомға жуық еңбексіз тапқан табысы халықтың қолына көшетін көрінеді. Бұл табысты шаруалар, әрине, өздерінің шаруашылығын жақсартуға, өндірісті ұлғайтуға, өздерінің тұтыну қажеттерін көбейтуге жұмсайды» (1498).

Думаның 22-мәжілісінде (5 апрель, 1907 ж.) Аникин мен Алексинский аграрлық сөздер сөйледі. Біріншісі «жоғарғы бюрократия мен ірі жер иелігінің» байланысын атап көрсетіп, бостандық пен жер үшін күресті айыра қарауға болмайтынын дәлелдеді. Екіншісі өзінің ұзақ сөзінде Россияда басым болып отырған жұмыспен өтелетін шаруашылықтың крепостниктік сипатын анықтады. Шешен, сонымен, шаруалардың помещиктік жер иелігіне қарсы күресіне деген маркстік көзқарастардың негізін баяндады, одан кейін қауымның екі жақты ролін («ескіліктің қалдығы» және «помещиктік усадьбаларға ықпал жүргізетін аппарат»), 1906 ж. 9 және 15 ноябрьдегі заңдардың маңызын (помещикпен қатар кулакты да «тірек» етіп қосу) көрсетті. Шешен қолындағы цифрларына сүйене отырып, «шаруалардың жерге тапшылығы дегеніміз дворяндардың жері көптігі» екенін көрсетті, сөйтіп кадеттердің «күшпен» иеліктен айыруы дегеніміз «помещиктердің пайдасына халықты зорлау» (1635) екенін көрсетті. Алексинский кадеттердің теріс көрмейтін жер комитеттерінің помещиктік құрамы туралы кадеттік шындықты мойындаған «кадет органы *«Речьке»»* (1639) тура сілтеме жасады. Алексинскийден бір мәжіліс кейін сойлеген кадет Татаринов та нақ осымен, біз жоғарыда көріп өткендей, тура тұйыққа апарып тықсырылды.

Озолдың 39-мәжілісте (16 май, 1907 ж.) сойлеген сөзі бізге Масловтың Маркстің рента теориясына жасаған атақты «сыны» мен соған сәйкес жерді национализациялау ұғымын бұрмалауы біздің социал-демократтардың бір бөлегін марксистерге қолайсыз қандай дәлелге итермелегенін көрсететін үлгі болып табылады. Озол эсерлерге былайша қарсы шықты: олардың «жобасы менің ойымша, үмітсіз жоба, өйткені фабрикалық үйлерге, фабрикалық үйлерге ғана емес, онымен қатар тіпті жай үйлер мен құрылыстарға да жеке меншік сақ-

талып отырған кезде, өндіріс құрал-жабдықтарына, бұл арада жерге, жеке меншік жойылады. Жобаның 2-бетінен біз: жерге салынған және капиталистік әдіспен пайдаланылып отырған құрылыстардың бәрі жеке меншік болып қала береді дегенді оқимыз, онда әрбір жеке меншік иесі: рақым етіңіз, национализацияланған жерлерге, тас төселген көшелерге және басқаларға шыққан шығынымыздың бәрін төлеңіз, ал мен бұл үйлерден аренда аламын дейтін болады. Бұл национализация емес, ең дамыған капиталистік формада капиталистік табыстар алуды жеңілдету ғана» (667).

Міне, масловшылдық деген осы! 1-ден, оңшылдар мен кадеттердің буржуазиялық қанауға тимей тұрып, феодалдық қанауды жоюға болмайды-мыс деген сорақы дәлелі қайталанады. 2-ден, қала үйлерін «арендалау» және т. т. *жер рентасының* көп үлесін *қамтиды* деген таңқаларлық экономикалық надандық көрінеді. 3-ден, біздің «марксист» Масловқа еріп, абсолюттік рентаны мүлдем ұмытады (немесе теріске шығарады?). 4-ден, эсер қорғайтын «ең дамыған капиталистік форманың» қажеттілігін *марксист* теріске шығаратын болып шығады! Бұл Маслов муниципализациясының тамаша үлгісі...

Церетели өзінің көлемді қорытынды сөзінде (1907, 26 майдағы 47-мәжіліс) муниципализацияны, әрине, Озолдан гөрі ойланыңқырап қорғады, бірақ Церетелидің әбден мұқият, пайымдап, айқын қорғауының өзі муниципалистердің негізгі дәлелдерінің күллі жалғандығын өте-мөте айқын көрсетті.

Церетелидің сөзінің бас жағында оңшылдарға жасаған сыны саяси жағынан қарағанда әбден дұрыс болды. Оның халықты француз революциясы сияқты шайқалыстармен қорқытқан либерализм алаяқтарына қарсы жасаған ескертуі де тамаша болды. «Помещик жерлерін нақ сол конфискелеуден кейін және сол конфискелеудің нәтижесінде Францияның қуатты жаңа өмірге қайта келгенін ол (Шингарев) ұмытып отыр» (1228). Церетелидің: «помещиктік жер иеліктерін толық жою және помещиктік бюрократиялық режимді толық жою» (1224) туралы негізгі ұраны да әбден дұрыс болды.

Бірақ кадеттер жайында айтқан кезінде меньшевизмнің қате позициясы біліне бастады. «Жерді күшпен иеліктен айыру принципі,— деді Церетели,— дұрысын айтқанда азаттық қозғалысының принципі, бірақ бұл принципті жақтайтындардың бәрі бірдей осы принцип жүктейтін қорытындылардың бәрін бірдей түсіне бермейді немесе мойындағысы келмейді» (1225). Бұл — меньшевизмнің негізгі көзқарасы, біздің революциямыздағы негізгі саяси бөлінулердің «межесі», біз ойлағандай, кадеттерден солда емес, оңда жатыр. Ал енді бұл көзқарастың қателігі — Церетелидің тайға таңба басқандай тұжырымынан өте-мөте айқын көрініп отыр, өйткені 1861 жылдың тәжірибесінен кейін помещиктердің мүдделері басым болатын, олардың *өктемдігі* сақталатын, жаңа кіріптарлықты баянды ететін күшпен иеліктен айырудың мүмкіндігі мүлдем даусыз болды. Церетелидің: «жер пайдалану формалары туралы мәселеде біз (социал-демократтар) олардан (халықшылдардан)» кадеттерден де гөрі «қашығырақ тұрмыз» (1230) деген мәлімдемесі тіпті қате мәлімдеме. Шешен осы сөздерінен кейін «нормаларды», еңбек және тұтыну нормаларын, сынауға көшті. Оның мұнысы мың мәртебе дұрыс еді, бірақ *тап осы арада* кадеттердің трудовиктерден *ешбір артықтығы жоқ*, өйткені кадеттер «нормаларды» анағұрлым көбірек бетке ұстайды. Ол ол ма. Кадеттердің ақымақтық «нормалармен» әуреленушілігі — олардың бюрократизмінің және олардың мужикті *сатып кету* тенденциясының нәтижесі. Ал мужиктегі «нормалар» халықшыл интеллигенцияның шеттен әкеліп таңған нәрсесі, мұны біз жоғарыда, I Дума депутаттарының, Чижевский мен Поярковтың, мысалдарынан, деревня практиктері «норма» атаулының бәрін қандай дөп сынайтынын көрдік. Егер социал-демократтар *мұны* шаруа депутаттарына түсіндірген болса, егер олар трудовиктердің жобасына норманы теріске шығаратын түзету енгізген болса, егер олар «нормаларға» ешбір қатысы жоқ национализацияның маңызын теория жағынан көрсеткен болса,— онда социал-демократтар либералдарға қарсы шаруалар революциясының жетекшісі болып шыққан болар еді.

Ал меньшевизмнің позициясы — пролетариатты либералдық ықпалға бағындыру. Біз, социал-демократтар, халықшылдардан қашығырақпыз деу II Думада ерекше таңданарлық нәрсе болды, өйткені кадеттер жерді сатуды және залогқа салуды тежеуді *жақтап* сөйлеген!

Одан кейін национализацияны сынай отырып, Церетели үш дәлел келтірді: 1) «чиновниктер армиясы». 2) «ұсақ ұлттар жөніндегі аса зор әділетсіздік», 3) «реставрация болған жағдайда» «халық жауының қолына қару берген болар еді» (1232). Бұл — біздің партиялық программамызды өткізгендердің көзқарастарын әділ баяндау, ал Церетели, партия адамы болғандықтан, осы көзқарастарды баяндауға тиіс еді. Бұл көзқарастардың қисынсыздығын, бұл ерекше саяси сынның үстірттігін біз жоғарыда көрсеткенбіз.

Муниципализацияны жақтап Церетели алты дәлел келтірді: 1) муниципализация жағдайында «халық (!) мұқтаждарына бұл қаражатты (яғни рентаны) шын пайдалану қамтамасыз етіледі» (sic! 1233-бет) — оптимистік сипаттағы пайымдау; 2) «муниципалитеттер жұмыссыздардың жағдайын жақсартуға тырысады»,— мысалы, демократиялық және орталықтанбаған Америкадағы сияқты (?); 3) «муниципалитеттер осы (ірі) шаруашылықтарды игеріп алып, үлгілі шаруашылықтар ұйымдастыра алады» және 4) «аграрлық дағдарыс кезінде... жерсіз, кедей шаруаларға арендамен тегін жер береді» (sic! 1234-бет). Мұның өзі эсер демагогиясынан да жаман демагогия, буржуазиялық революциядағы мещандық социализмнің программасы. 5) «Демократизмнің қорғаны» — казактардың өзін өзі басқаруы сияқты; 6) «үлесті жерлерді иеліктен айыру... орасан жаман контрреволюциялық қозғалыс туғызып жібере алады» — сірә, национализацияны жақтап шыққан барлық шаруалардың еркіне қарсы болса керек.

Социал-демократтардың II Думада сөйлеген сөздерінің қорытындысы: төлем құнын төлеу туралы мәселеде, помещиктік жер иелігінің қазіргі мемлекеттік өкіметпен байланысы туралы мәселеде басшылық роль және кадетизмге тайғақтай беретін, шаруалар револю-

циясының экономикалық және саяси жағдайларын түсінбеушілікті дәлелдейтін аграрлық программаның өзі.

II Думадағы барлық аграрлық жарыс сөздердің қорытындысы: оңшыл помещиктер өздерінің таптық мүдделерін барынша айқын түсінетінін, буржуазиялық Россияда өздерінің, тап есебіндегі, үстемдігін сақтаудың әрі экономикалық, әрі саяси жағдайларын барынша дәлме-дәл ұғынатынын көрсетті. Либералдар нағыз жексұрын, екіжүзділік тәсілдер арқылы мужикті помещикке сатуға тырысып, шынына келгенде сол оңшыл помещиктерге қосылды. Халықшыл интеллигенттер шаруалар программаларына бюрократизмнің және мещандық мылжыңның тұздығын қосты. Шаруалар өз күресінің саяси жағдайларын әбден анық түсінбей отырып және буржуазиялық бостандықтың «жер ұйығын» аңқаулықпен дәріптей отырып, орта ғасырлықтың барлық қалдықтарына қарсы және орта ғасырлық жер иелігінің барлық формаларына қарсы осы күрестің стихиялық революцияшылдығын аса күшті және тікелей көрсетті. Буржуазиялық ұлт өкілдері, шағын халықтардың оқшаулығынан туатын тар өрісті көзқарастар мен соқыр сенімдерге едәуір дәрежеде матаулы болғандықтарынан, шаруалар күресіне аздыкөпті іркіле қосылды. Социал-демократтар шаруалар революциясының ісін батыл қорғады, қазіргі мемлекеттік өкіметтің таптық сипатын анықтады, бірақ партияның аграрлық программасының қателігінен шаруалар революциясына дәйекті түрде басшылық етуге шамасы келмеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Аграрлық мәселе Россиядағы буржуазиялық революцияның негізі және осы революцияның ұлттық өзгешелігіне себепші болып отыр.

Бұл мәселенің мәні помещиктік жер иелігін жою үшін және Россияның егіншілік құрылысындағы, демек, оның барлық әлеуметтік және саяси мекемелеріндегі крепостниктіктің қалдықтарын жою үшін шаруалардың жүргізіп отырған күресінде болып отыр.

Европалық Россиядағы он жарым миллион шаруа үйлерінің 75 миллион десятина жері бар. Отыз мың көбінесе текті, ал бірқатары байшікеш лендлордтардың әрқайсысының 500 десятинадан астам, барлығының 70 миллион десятина жері бар. Істің негізгі көрінісі, міне, осындай. Россияның егіншілік құрылысында, демек, жалпы орыс мемлекетінде және бүкіл орыс өмірінде крепостник-помещиктердің басым болып отырғандығының негізгі шарттары, міне, осындай. Крепостниктер дегеніміз бұл сөздің экономикалық мағынасында латифундия иелері болады: олардың жер иелігінің негізін крепостниктік правоның тарихы, текті дворяндардың ғасырлық жер тонау тарихы қалады. Олардың қазіргі кездегі қожалық құруының негізі — жұмыспен өтеу системасы, яғни турадан-тура барщинаның қалдығы, шаруа құрал-саймандары арқылы жүргізетін шаруашылық, ұсақ егіншілерді кіріптарлыққа салудың ұшы-қиыры жоқ әр алуан түрлері арқылы — қысқы жалдаушылық, жылдық аренда, жарма-жарлық аренда, жұмыспен өтеу арендасы, борыш үшін кіріптарлыққа түсіру, кесінді жер үшін, орман үшін, шабындық үшін, суат үшін және тағысын-тағылар үшін шексіз кіріптарлыққа түсіре беру арқылы жүргізілетін шаруашылық. Россияның капиталистік дамуы соңғы жарты ғасыр бойында соншама ілгерілеп, егіншілікте крепостниктік тәртіп сақтау енді *мүлдем* мүмкін болмай қалды, оны жою еріксіз дағдарыс, жалпы ұлттық революция формаларына көшті. Бірақ буржуазиялық елде крепостниктік тәртіпті екі түрлі жолмен ғана жоюға болады.

Крепостниктік тәртіпті жойғанда крепостниктік-помещиктік шаруашылықтарды бірте-бірте юнкерлік-буржуазиялық шаруашылықтарға ұластыру арқылы, шаруалар бұқарасын кедейлер мен кнехтерге айналдыру арқылы, бұқараның тұрмысын күшпен қайыршылық дәрежеде ұстап, капитализм шаруалар арасынан болмай қоймайтын ат төбеліндей ғана гроссбауэрлер, буржуазиялық ірі шаруалар бөліп шығару арқылы жоюға болады. Қаражүздік помещиктер мен олардың министрі Столыпин міне тап осы жолға түсіп отыр.

Жер иелігінің тот басқан орта ғасырлық формаларын күшпен жоймай тұрып, Россияның дамуына жол аршуға *болмайтынын* олар түсінген. Сондықтан *помещиктер мүдделерін көздей отырып,* олар осы жою ісіне батыл кірісті. Олар бюрократия мен помещиктер арасында осы жуық араға дейін тарап келген жартылай феодалдық қауымды ұнатушылықты лақтырып тастады. Олар қауымды күшпен құрту үшін «конституциялық» заңдардың бәрін атап өтті. Олар шаруалар бұқарасын тонауға, ескі жер иелігі тәртібін бұзуға, мыңдаған шаруашылықтарды күйзелтуге кулактарга carte blanche* берді; олар орта ғасырлық деревняны теңге иесінің «талап-тонауына» берді. Олар, тап есебінде, өз үстемдігін сақтау үшін басқаша істей *алмайды,* өйткені олар капиталистік дамуға қарсы күресу емес, соған бейімделу қажеттігін түсініп отыр. Ал өз үстемдігін сақтауы үшін олардың шаруалар бұқарасына *қарсы* «байшікештерден», Разуваевтар мен Колупаевтардан басқа, бірігетін ешкімі жоқ. Олардың осы Колупаевтарға: enrichissez-vous! байи беріңдер! Біз сіздердің бір сомнан жүз сом табуларыңызға мүмкіндік береміз, бізге жаңа жағдайда өкіметіміздің негізін сақтап қалуға жәрдем етіңіздер! деп ұран тастаудан басқа амалы қалған жоқ. Дамудың мұндай жолы өзінің жүзеге асырылуы үшін шаруалар бұқарасы мен пролетариатқа жаппай, үздіксіз, тежеусіз *зорлық жүргізуді* керек қылады. Ал помещиктік контрреволюция осы зорлық ісін барлық жағынан бірдей ұйымдастыруға асығып отыр.

Дамудың екінші жолын оның бірінші, пруссиялық жолынан айырып, біз капитализм дамуының американдық жолы деп атадық. Бұл жол да ескі жер иелігі тәртібін күшпен бұзуды талап етеді — Россияда асқындап шиеленісіп отырған дағдарыстың жайшылық, бейбіт тыну мүмкіндігін орыс либерализмінің тек топас мещандары ғана арман ете алады.

Бірақ бұл қажетті және болмай қоймайтын жоюшылық помещиктік шайкалардың мүдделерін емес, шаруа-

* — мекеменің немесе праволы адамның қолы қойылған таза бланк. Басқа мағынада — дегенін істеуге толық еркіндік берілу. *Ред.*

лар бұқарасының мүдделерін көздегенде мүмкін болады. Ешқандай помещиктік шаруашылық болмайтын жағдайдағы еркін фермерлер бұқарасы капитализм дамуының негізі бола алады, өйткені помещиктік шаруашылық экономикалық жағынан алғанда *түгелімен* реакциялық шаруашылық, ал фермерлік элементтерді шаруалар арасында елдің мұнан бұрынғы шаруашылық тарихы *жасап берді*. Капитализм осындай жолмен дамығанда ішкі рынок орасан зор дәрежеде өскендіктен, *бүкіл* халықтың әл-ауқат дәрежесі, жігері, инициативасы және мәдениеті көтерілгендіктен мұндай даму өлшеусіз кеңірек, еркінірек, тезірек жүруге тиіс. Ал Россияның орасан зор отарлық қоры егіншілікті мықтап ұлғайту үшін және өндірісті терең ғана емес, кеңінен де арттыру үшін керек болатын экономикалық негізді қамтамасыз етеді; түпкі Россиядағы шаруалар бұқарасының крепостниктік жолмен езілуі, сонымен қатар жер саясатына крепостниктік-чиновниктік көзқарастың болуы бұл отарлық қорын пайдалануды адам айтқысыз қиындатып жіберді.

Дамудың мұндай жолы помещиктік жер иелігін жоюды ғана тілеп қоймайды. Өйткені крепостник-помещиктердің үстемдігі ғасырлар бойына елдің *бүкіл* жер иелігіне — шаруалардың үлесті жерлеріне де, жері бостау шеткері аймақтардағы қоныстанушылардың жер иелігіне де өзінің әсерін тигізді: самодержавиенің бүкіл қоныс аударушылық саясаты қоныс аударғандардың еркін орналасуына кедергі жасаған, жаңа жер қатынастарын сұмдық шатастырған, орталық Россияның крепостниктік бюрократизмінің уын шеткері аймақтық Россияға жайған топас чиновниктердің азиаттық қол сұғушылығына лық толы*. Россияда помещиктік жер иелігі ғана емес, сонымен қатар шаруалардың үлесті жер иелігі де орта ғасырлық жер иелену болып табылады. Ол адам айтқысыз шатастырылған. Ол шаруаларды мыңдаған ұсақ бөлімдерге, орта ғасырлық разрядтарға, сословиелік категорияларға бөлшектейді.

* Өзінің «Қоныс аударту және отарлау» (СПБ., 1905 ж.) деген кітабында А. Кауфман мырза қоныс аудару саясаты тарихының очеркін береді. Шын «либерал» болғандықтан автор крепостниктер бюрократиясына өлшеусіз құрмет көрсетеді.

Ол шаруалардың жер қатынастарына орталық өкіметтің де, жергілікті өкіметтердің де парықсыз қол сұғуының ғасырлық тарихын көрсетеді. Ол шаруаларды, дәл геттоға айдап тыққандай, қазыналық, міндеткерлік сипаттағы орта ғасырлық ұсақ одақтарға, үлесті жер иелену одақтарына, яғни қауымдарға айдап тығады. Ал Россияның экономикалық дамуы *іс жүзінде* шаруаларды осы орта ғасырлық жағдайдан құтқарады, құтқарғанда,— бір жағынан үлесті жерлерді өткізуді және оларды тастап кетуді туғызады, екінші жағынан, тіптен алуан түрлі жер иелігінің: меншікті үлесті, арендаға алынған үлесті, сатып алынған меншікті, помещиктіктен арендаға алынған, қазынадан арендаға алынған және т. т. жер иеліктерінің *жұрнақтарынан* келешектегі еркін фермерлер (немесе юнкерлік Россияның келешектегі гроссбауэрлер) шаруашылығын құрады.

Россияда *шын* еркін фермерлік шаруашылық жасау үшін *барлық* жердің, помещиктік жерлердің де, үлесті жерлердің де, «қоршауын жою» қажет. Орта ғасырлық жер иелігінің *бәрін* бұзу, еркін жердегі еркін қожайындардың алдындағы жерлердің бәрін де теңгеру қажет. Жер айырбастау ісін, қоныстандыру ісін, учаскелерді жинақтау ісін, тот басқан міндеткерлік қауымның орнына жаңа еркін серіктіктер құру ісін мүмкін қадарынша оңайлату қажет. Барлық жерді орта ғасырлық қоқсықтардың бәрінен «тазарту» қажет.

Осы экономикалық қажеттілік — жерді национализациялау, жерге жеке меншікті жою, деревнядағы крепостниктік тәртіптерден толық қол үзу ретінде *барлық* жерді мемлекет меншігіне беру болып табылады. Россияда шаруалар *бұқарасынан* жерді национализациялауды жақтаушыларды шығарып отырған да нақ осы экономикалық қажеттілік. Ұсақ меншікші-егіншілер, көпшілігін алғанда, 1905 жылы Шаруалар одағы съездерінде де, 1906 жылы бірінші Думада да, 1907 жылы екінші Думада да, яғни революцияның бүкіл бірінші дәуірінің бойында национализацияны жақтап сөйледі. Олардың бұлайша сөйлеген себебі — «қауым» олардың арасында ерекше «ұрықтар», ерекше, буржуа-

зиялық емес «еңбек негіздерін» таратқандығынан емес. Олардың бұлайша сөйлеген себебі, мұның керісінше, өмір олардан орта ғасырлық қауымнан және орта ғасырлық үлесті жер иелігінен *құтылуды* талап етті. Олардың бұлайша сөйлеген себебі, олардың социалистік егіншілік құрғысы келгендігінен немесе құра алатындығынан емес, қайта, олардың нып буржуазиялық, яғни крепостниктік дәстүрлердің *бәрінен* барынша азат ұсақ егіншілік құрғысы келгендігінен және құрғысы келіп отырғандығынан, оны құра алатындығынан және құратындығынан сөйледі.

Сонымен, орыс революциясында күресуші таптардың жерге жеке меншік мәселесіне осындай айрықша көзқарасын туғызған әлдеқандай кездейсоқтық емес және белгілі бір доктринаның әсері емес (шолақ ойлы адамдардың ойлағанындай). Бұл айрықшалық Россиядағы капитализм дамуының жағдайларынан және бұл дамудың қазіргі кезеңіндегі капитализмнің талаптарынан туып отыр. Бүкіл қаражүздік помещиктер, бүкіл контрреволюциялық буржуазия (соның ішінде октябристер де, *кадеттер де* бар) жерге жеке меншік болуы жағына шықты. Бүкіл шаруалар мен бүкіл пролетариат—жерге жеке меншік болуына қарсы шықты. Юнкерлік-буржуазиялық Россия жасаудың реформаторлық жолы ескі жер иелігінің негіздері сақталуын және бұл негіздердің бірте-бірте баяу, халық бұқарасына азапты түрде келіп капитализмге бейімделуін көздейді. Ескі тәртіпті шын құлатудың революциялық жолы, өзінің экономикалық негізі ретінде, жер иелігінің ескі формаларының бәрін Россияның ескі саяси мекемелерінің бәрімен қабат жоюды сөзсіз талап етеді. Орыс революциясы шаруалардың аграрлық революциясы ретінде ғана жеңімпаз революция бола алатынын және шаруалардың аграрлық революциясы жерді национализацияламай тұрып, өзінің тарихи міндетін түгел орындай алмайтынын орыс революциясының бірінші дәуірінің тәжірибесі біржолата дәлелдеп шықты.

Әрине, социал-демократия, халықаралық пролетариат партиясы, бүкіл дүние жүзілік-социалистік мақсаттар көздейтін партия болғандықтан, өзін ешбір буржуазия-

лық революцияның ешқандай дәуірімен қосып жібере алмайды, өзінің тағдырын белгілі бір буржуазиялық революцияның белгілі бір нәтижесімен байланыстыра алмайды. Ол қандай нәтижелермен тынса да біз еңбекшілер бұқарасын олардың ұлы социалистік мақсаттарына қарай таймастан бастайтын дербес, таза пролетарлық партия болып қала беруге тиіспіз. Сондықтан біз буржуазиялық революцияның қандай табыстарының да баяндылығы жөнінде өзімізге ешқандай кепілдік ала алмаймыз, өйткені оның табыстарының *бәрінің* баянсыздығы, ішкі жағынан қайшылығы буржуазиялық революцияға, осындай революция болғандығынан, табиғи тән нәрсе. «Реставрация болмауына кепілдік жасауды» «ойлап шығару» тек қана түсінбеушіліктің жемісі бола алады. Біздің міндетіміз біреу ғана: социалистік революция үшін пролетариатты топтастыра отырып, ескі тәртіпке қарсы күрестің бәрін мүмкіндігінше батылырақ түрде қолдау, дамып келе жатқан буржуазиялық қоғамда пролетариат үшін мүмкіндігі бар ең жақсы жағдайларды қорғау. Ал осыдан сөзсіз туатын қорытынды: орыс буржуазиялық революциясындағы біздің социал-демократиялық программамыз жерді национализациялау *ғана* бола алады. Біздің программамыздың басқа *бөлімінің* барлығы сияқты, біз оны саяси қайта құрылыстардың белгілі бір формаларымен және белгілі бір сатысымен байланыстыра қоюға тиіспіз, өйткені саяси және аграрлық төңкерістің құлашы біртекті болмай қоймайды. Біздің программамыздың басқа бөлімінің барлығы сияқты, біз оны ұсақ буржуазиялық жалған үміттерден, «нормалар» туралы чиновниктік-интеллигенттік мылжыңнан, қауымды баянды ету немесе жерді теңгерме түрде пайдалану жайындағы реакциялық құрғақ сөзден айқын ажыратуға тиіспіз. Пролетариаттың мүдделері белгілі бір буржуазиялық төңкеріске ерекше ұран, ерекше «жоспар» немесе ерекше «система» ойлап шығаруды талап етпейді, осы төңкерістің объективті жағдайларын *дәйекті түрде* көрсетуді ғана және бұл объективті, экономикалық-жеңіп болмайтын жағдайларды жалған үміттер мен утопиялардан тазартуды ғана талап етеді. Жерді национализациялау — егіншілікте орта ғасырлықты

толық жоюдың бірден-бір әдісі ғана емес, сонымен қатар жер орналастыру тәртіптерінің капитализм тұсында ақылға сыйымды тәуір әдісі де.

Орыс социал-демократтарын осы дұрыс аграрлық программадан үш түрлі жағдай уақытша бұрып әкетті. 1-ден, Россияда «муниципализацияға» мұрындық болған П. Маслов Маркстің теориясын «түзетті», абсолюттік рента теориясын мойындамады, құнарлылықтың кеми беру заңы, оның рента теориясымен байланыстылығы және басқалар жөніндегі жартылай шіріген буржуазиялық ілімдерді жаңартты. Абсолюттік рентаны теріске шығару — жерге жеке меншіктің капитализм тұсындағы экономикалық маңызының қандайын да теріске шығару еді, солай болғандықтан ол национализация жөніндегі маркстік көзқарастарды сөзсіз бұрмалатады. 2-ден, орыс социал-демократтары шаруалар революциясының *басталуын* көзбе-көз көрмей отырып, оның мүмкіндігіне сақ қарамай отыра алмады, өйткені оның жеңу мүмкіндігі шынында да толып жатқан ерекше қолайлы жағдайларды және бұқараның революциялық саналылығының, жігерінің және инициативасының ерекше қолайлы өріс алуын керек ететін еді. Алдында *тәжірибесі* болмай тұрып, *буржуазиялық* қозғалыстарды ойлап шығару мүмкін емес деп біліп, орыс марксистері, әрине, *революцияға дейін* дұрыс аграрлық программа жасап шығара алмады. Олар, бірақ, бұл арада мынадай қате жасады: революция басталып кеткеннен *кейін* де Маркстің теориясын Россияның айрықша жағдайларына *қолданудың* орнына (біздің теориямыз догма емес, *іске басшылық*,— деп үйреткен болатын әрқашан Маркс пен Энгельс)[127], міне осының орнына Маркстің теориясын бөтен жағдайларға, *өзге* заманға қолданудан шыққан қорытындыларды сын көзімен қарамай қайталай берді. Неміс социал-демократтары, мысалы, Маркстің жерді национализациялау талабы бар ескі программаларының бәрінен әбден табиғи түрде бас тартты, өйткені Германия юнкерлік-буржуазиялық ел ретінде біржолата қалыптасып болған еді, онда буржуазиялық құрылыс негізінде болатын барлық қозғалыстың заманы қайтып келместей болып өткен еді, национализацияны қолдай-

тын ешқандай халық қозғалысы жоқ және бола алмайтын еді. Юнкерлік-буржуазиялық элементтердің басымдығы национализаторлық жоспарларды *іс жүзінде* ойыншыққа немесе тіпті юнкерлердің бұқараны тонау құралына *айналдырды*. Немістердің национализация туралы сөз қылудан да бас тартуы дұрыс еді, бірақ осы қорытындыны Россияға әкеліп (Маркстің теориясын Масловша түзетудің муниципализациямен байланыстылығын сезбейтін біздің кейбір меньшевиктеріміз шын мәнінде істегеніндей) қолдана салу — белгілі бір социал-демократиялық партиялардың тарихи дамуының ерекше дәуірлеріндегі міндеттерін ойлай білмеу деген сөз.

3-ден, муниципализаторлық программада меньшевизмнің орыс буржуазиялық революциясындағы барлық қате тактикалық бағыты: буржуазиялық революцияның жеңуін «пролетариат пен шаруалардың одағы»* ғана қамтамасыз ете алатынын түсінбеу айқын көрінді. Пролетариаттың буржуазиялық революциядағы басшылық ролін түсінбеу, пролетариатты оқшау апарып қоюға, оны революцияның жартыкеш нәтижемен аяқталуына икемдеуге, оны көсемдіктен апарып либерал буржуазияның көмекшісіне (ал іс жүзінде қара жұмысшысына және малайына) айналдыруға тырысу болады. Нарцисс Тупорыловтың[128] «экономистерге» (=РСДР Партиясындағы бірінші оппортунистерге) қарсы: «елігіп кетпей, икемделіп, ептеп жүріп алға жылжы, жұмысшы халық» деген сөздері біздің қазіргі аграрлық программамыздың *рухына* толығынан дәл келеді.

Ұсақ буржуазиялық социализмнің «еліктеуіне» қарсы күресу революцияның құлашын және оның пролетариат белгілеп отырған міндеттерін бәсеңдетпеуге, қайта күшейтуге тиіс. Ұсақ буржуазияның немесе пұрсатты шаруалардың (казактардың) артта қалған жіктерінің арасында «облысшылдық» қаншама күшті болғанымен де біз оны көтермелеуге тиіс емеспіз,— түрлі шағын халықтардың оқшаулығын көтермелеуге тиіс емеспіз,— жоқ, біз шаруаларға жеңіп шығу үшін бірліктің маңызын түсіндіруге тиіспіз, қозғалысты тарылтпай, қайта кеңей-

* Каутский өзінің «Әлеуметтік революция» деген кітапшасының 2-басылуында осылай деген.


[illegible]

Конечно, чем больше свирепствует реакция, тем больше в сущности задерживает она неизбежное экономическое развитие, тем успешнее готовит более широкий подъем демократического движения. И пролетариат должен использовать временное затишье в массовом действии для того, чтобы критически изучить опыт великой революции, проверить его, очистить от шелухи, передать его массам как руководство для грядущей борьбы.

Конец. —

Ноябрь-декабрь 1907 г.

В. И. Лениннің «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген қолжазбасының соңғы беті. —
Ноябрь — декабрь, 1907 ж.

Кішірейтілген

тетін ұран, буржуазиялық революцияның *толық болмауына* жауапкерлікті пролетариаттың білместігіне артпай, буржуазияның артта қалғандығына артатын ұран ұсынуға тиіспіз. Біз өзіміздің программамызды «жергілікті» демократизмге «икемдемеуіміз» керек, демократиялық емес орталық өкімет тұсында сорақы болып табылатын және мүмкіндігі жоқ деревнядағы «муниципалдық социализмді» ойлап шығармауымыз керек, буржуазиялық революцияға мещандық-социалистік реформаторлықты қиюластырмауымыз керек, қайта бұқараның назарын ол революцияның, буржуазиялық революция ретінде, жеңіп шығуының шын жағдайларына аударуымыз керек, бұл үшін жалғыз жергілікті демократизм ғана емес, қалайда «орталық» демократизмнің, яғни орталық мемлекеттік өкімет демократизмінің қажет екендігіне,—және де тек демократизм атаулы ғана емес, қалай да демократизмнің нағыз толық, нағыз жоғарғы формалары қажет екендігіне бұқараның назарын аударуымыз керек, өйткені демократизмнің осындай формалары болмаса, Россиядағы шаруалардың аграрлық революциясы сөздің ғылыми мағынасында нақ *утопиялық* революция болып шығады.

Нақ қазіргі тарихи кезең, қаражүздік қумүйіздер үшінші Думада шу көтеріп, ұлып жатқан кез, контрреволюцияның аласұруы nec plus ultra* дейін жеткен кез, реакция жалпы алғанда революционерлерден, жекелеп алғанда II Думадағы социал-демократ депутаттардан тағылықпен саяси өшін алып отырған кез, — міне осы кезең «кең» аграрлық программаларға «қолайлы келмейді» деп ойламасын жұрт. Мұндай пікір Россияда социал-демократиялық партияға кіретін немесе осы партияға жанасатын мещандық интеллигенцияның қалың жіктерін қамтыған ренегаттыққа, түңілушілікке, ыдырауға және декаденттікке ұқсаған болар еді. Егер жұмысшы партиясы бұл қоқыстан мұнтаздай болып тазартылса, пролетариат мұнан тек ұтып шығады. Олай болмаса, реакция неғұрлым құтырына түсетін болса, сөзсіз бола-

* — ақырғы шегіне. *Ред.*

тын экономикалық дамуды ол шын мәнінде соғұрлым көбірек кідіртеді, демократиялық қозғалыстың барынша кең өрлеуін соғұрлым ойдағыдай әзірлеп береді. Біз бұқара қимылындағы уақытша тыныштық орнаған дәуірлерді де пайдалануымыз керек, пайдаланғанда, ұлы революцияның тәжірибесін сын көзбен қарап көңілге тоқып алу үшін, оны тексеру үшін, қоқыстардан тазарту үшін, оны келешектегі күреске керекті басшылық құрал ретінде бұқарага беру үшін пайдалануымыз керек.

Ноябрь— декабрь, 1907 ж.

СОҢҒЫ СӨЗ [129]

Бұл еңбек 1907 жылдың аяғында жазылды. 1908 жылы ол Питерде басылған, бірақ патша цензурасы оны қолына түсіріп алып, жойып жіберген болатын. Не бары бір данасы аман қалған, оның да соңы (осы басылымының 269-бетінен кейінгі) жоқ, демек соңы енді жазылып қосылды.

Қазіргі уақытта революция Россияда аграрлық мәселені 1905—1907 жылдардағыдан анағұрлым кеңірек, тереңірек және күштірек қойып отыр. Бірінші революциядағы біздің партиялық программаның тарихымен танысу қазіргі революцияның міндеттерін дұрысырақ түсінуге көмек етер деп мен үміттенемін.

Әсіресе, мынаны баса көрсету керек. Соғыстың соғысушы елдерге адам естіп көрмеген апаттар келтіргені, ал сонымен қатар оның монополистік капитализмді мемлекеттік-монополистік капитализмге айналдырып, капитализмнің дамуын орасан зор тездеткені соншалық, енді пролетариат та, революциялық ұсақ буржуазиялық демократия да капитализмнің шеңберімен шектеліп *қала алмайды.*

Өмірдің өзі қазір өндіріс пен бөлісті жалпы мемлекеттік көлемде реттеуді, жалпыға бірдей еңбек міндетін, еріксіз синдикаттандыруды (одақтарға бірігуді) және т. б. күн тәртібіне қойып, бұл шеңберлерден әрірек кетіп отыр.

Істің жайы осындай болып отырғанда жерді национализациялау да аграрлық программада сөзсіз басқаша

қойылатын болады. Атап айтқанда: жерді национализациялау — буржуазиялық революцияның «соңғы сөзі» ғана емес, сонымен қатар ол *социализмге қарай басқан қадам.* Мұндай қадамдар жасамайынша, соғыстың апаттарымен күресуге болмайды.

Пролетариат, аса кедей шаруаларға басшылық ете отырып, бір жағынан, салмақ зілін шаруа депутаттарының Советтерінен селолық жұмысшылар депутаттарының Советтеріне аударуға, ал, екінші жағынан, помещиктік имениелердің құрал-сайманын национализациялауды, сондай-ақ олардан осы соңғы Советтердің бақылауымен үлгілі шаруашылықтар құруды талап етуге мәжбүр болады.

Бұл аса маңызды мәселелерге мен, әрине, бұл арада егжей-тегжейлі тоқтап жата алмаймын, сондықтан мұны білгісі келетін оқушыны күнделік большевиктік әдебиетке және менің: «Тактика туралы хаттар»* және «Пролетариаттың революциямыздағы міндеттері (Пролетарлық партияның платформасының жобасы)»** деген кітапшаларыма сілтеуге тиіспін.

Автор

28 сентябрь, 1917 ж.

---

* Қараңыз: Шығармалар, 24-том, 24—37-беттер. *Ред.*
** Бұл да сонда, 39—76-беттер. *Ред.*

САЯСИ ЗАМЕТКАЛАР

Шовинистер жұмыс істеуде. Жапондардың қарулануы туралы, олардың Россияға шабуыл жасау үшін 600 батальонды Маньчжурияға әкеліп шоғырландырғаны туралы лақаптар үсті-үстіне таратылуда. Осы көктемде-ақ Россияға соғыс жариялау үшін Түркия қызу қаруланып жатқан көрінеді-міс. Россиядан бөлініп шығу мақсатымен Кавказда көтеріліске әзірлік жасалып жатыр екен деседі (енді поляктардың жоспарлары туралы айқай салу ғана жетпей отыр!). Финляндияны құдалау ол қаруланып жатыр деген өтірік сөздермен қоздырылуда. Боснияда темір жол салынуы жөнінде Австрияға қарсы қиян-кескі науқан жүргізіліп жатыр. Германия Түркияны Россияға айдап салып отыр-мыс деген желеумен Россия баспасөзі Германияға тиісуін күшейтуде. Науқан орыс баспасөзінде ғана емес, француз баспасөзінде де жүргізілуде,— француз баспасөзін Россия үкіметінің параға сатып алғаны туралы жақында Думада бір социал-демократ өте орынды ескертті.

Батыстың байсалды буржуазиялық баспасөзі бұл науқанның бәрін газетшілер қиялының нәтижесі немесе сенсацияның соңына түскен адамдардың суайттығы деп танығысы келіп отырған жоқ. Жоқ, сірә, «билеп-төстеуші топтардан» — яғни қаражүздік патша үкіметінен немесе атышулы «жұлдызды палата» сияқты сарай маңындағы қарақшылар тобынан деп оқыңыз — әбден тиянақты пароль берілген, қандай да болса жүйелі «бағыт» жүргізіледі, қандай да болса «жаңа бағдар» алынған.

Мемлекеттік қорғаныс жөніндегі думалық комиссияға кірмейтін барлық Дума мүшелерін, яғни революциялық партияларды ғана емес, тіпті кадеттерді де комиссияға жібермеуді шетел баспасөзі осы шовинистік науқанмен тікелей байланысты деп отыр; тіпті былай деседі: «конституционализмді» қорлауын біржола жеріне жеткізу үшін орыс үкіметі шекарадағы әскерді күшейтуге кредитті бүкіл Думадан емес, тек қаражүздік-октябристік комиссиядан ғана сұрау ниетінде көрінеді.

Орыс революциясы жөнінде оптимист-ау деп күмәндануға болмайтын европалық, әсте социалистік емес, газеттерден кейбір цитаттар мынадай:

«Немістердің Франциямен соғыстағы жеңістері (1870 жылғы), бір жолы Бисмарктың айтқанындай, орыстың әскери адамдарының атақ құмарлығын қоздырды, сондықтан олар да соғыс даңқына қолдарын созды. Саяси, діни және тарихи себептер бойынша Түркия бұл мақсат үшін өте қолайлы объект сияқты көрінді (1877—1878 жылдардағы Түркиямен соғыс). Жапон соғысының сабақтарын ұмытқан және елдің шын мұқтаждарын түсінбейтін Россиядағы белгілі топтар, сірә, қазір де дәл сондай көзқараста болса керек. Балқанда енді ешқандай «бауырларды» азат етуге тура келмейтін болғандықтан, орыстың қоғамдық пікіріне ықпал жасау үшін басқа амалдарды ойлап табуға тура келеді. Шынын айту керек, бұл амалдар ол кездегіден де дөрекілеу: Россияны ішкі және сыртқы жаулар қоршап алған деп көрсетпек болады».

«Россияның билеуші топтары ескі амалдармен, атап айтқанда: ел ішіндегі азаттық қозғалысты күшпен басу амалымен және ұлтшылдық сезімдерді ояту арқылы, аяғы немен тынатыны беймәлім болып отырған дипломатиялық жанжалдар жасау арқылы қайғылы ішкі халден халықтың назарын басқа жаққа аудару амалымен өздерінің жағдайын нығайтуға тырыспақшы».

Контрреволюциялық самодержавиенің саясатындағы бұл жаңа шовинистік бағыттың мәні сонда қандай болғаны? Цусима мен Мукденнен кейін мұндай саясатқа табан тірер негізінен біржолата айрылып бара жатқан адамдардың ғана жармасуы мүмкін. Екі жылдық реакцияның тәжірибесі, қаншама күш жұмсағанына қарамастан, қаражүздік самодержавиеге ешқандай аздыкөпті сенімді ішкі тірек *берген жоқ*, самодержавиені *экономикалық жағынан* жаңарта алатын ешқандай жаңа таптық элементтер туғызбады. Ал *мұнысыз* контрре-

волюцияның ешқандай айуандығы, ешқандай құтырынуы Россияның қазіргі саяси құрылысын сақтап қала алмайды.

Таптық жаңа тіректер жасамайынша өкімет басында қала алмайтынын Столыпин де, қаражүздік помещиктер де, октябристер де түсінеді. Олардың шаруаларды тыптипыл етіп күйзелту, егіншілікте *қайткен күнде де* капитализмге жол ашу үшін қауымды күшпен бұзу саясаты осыдан келіп шығып отыр. Россияның либералдары, ең оқымыстылары, ең білімділері, ең «адамгершілігі барлары» — «Русские Ведомостидегі» профессорлар сияқтылар,— бұл жағынан алғанда Столыпиндерден әлдеқайда топасырақ болып шықты. «Егер,— дейді аталған газеттің бас мақаласын жазушы 1 февральда,— мысалы, ноябрьдегі уақытша ережелердің тағдырын шешерде кешегі қауымшыл-славянофильдер жерді жеке үй иелерінің өз меншігіне беріп бекіту арқылы қауымды бұзу жөніндегі министрліктің әрекетін қолдаса, оның таңданарлық ештеңесі жоқ... Думаның консерваторлық көпшілігі мен министрлікке ортақ қорғаныс мақсаттары Думаға да, министрлікке де 1906 жылдың атақты указдарынан анағұрлым агрессиялық шараларды істеттірер деп ойлауға да болады... Таңғажайып жағдайды көреміз: консерваторлық үкімет консерваторлық партиялар өкілдерінің жәрдемімен шұғыл төңкерістерге бәрінен де гөрі азырақ көнетін жер қатынастары саласында батыл реформа әзірлеп, иеліктің бір формасының екінші формасынан қолайлылығы туралы дерексіз пікірлерге бола осындай батыл шара істеуге бел байлап отыр».

Профессор мырза, ұйқыңызды ашыңыз — ескі замангы халықшылдық архивінің шаңын үстіңізден қағып тастаңыз,— революцияның екі жылы нендей істер істегеніне көз жіберіңіз. Столыпин сіздерді қара күшпен ғана жеңіп қойған жоқ, экономикалық дамудың ең практикалық мұқтажын және ескі жер иеленушілікті күшпен бұзуды дұрыс түсінгендігімен де жеңді. Революция біржолата бұлтарыссыз жасаған ұлы «ілгерілеушілік-

тің» мәнісі мынада: қаражүздік самодержавие бұрын жер иеленушіліктің орта ғасырлық формаларына сүйене *алатын еді,* ал қазір ол формаларды бұзу жолында жанталасқан шапшаңдықпен жұмыс істеуге *мәжбүр,* бүтіндей және бұлтарыссыз біржола мәжбүр болып отыр. Өйткені қаражүздік самодержавие жер жөніндегі ескі тәртіптерді *қиратпайынша,* орыс революциясын бәрінен де гөрі терең түсіндіретін қайшылықтан: ең артта қалған жер иелігі, ең тағы деревня және ең алдыңғы қатарлы өнеркәсіп пен финанс капитализмі арасындағы қайшылықтан *құтылу мүмкін емес екенін* түсінді!

Демек, сіздер жер жөнінде столыпиндік заңдарды жақтайды екенсіздер ғой? — деп үрейлене сұрар халықшылдар бізден.— Жоқ, жоқ! Сабыр етіңіздер! Біздер Россиядағы бұрынғы жер иеленушіліктің *барлық* формаларына, помещиктік жер иеленуге де, шаруалардың үлесті жер иеленуіне де сөзсіз қарсымыз. Біздер бұл шіріген, шіріп жатқан және жаңаның бәрін уландырып отырған ескілікті күшпен қиратуды сөзсіз жақтаймыз,— біздер буржуазиялық революцияның бірден-бір дәйекті ұраны ретінде, тарихи-қажетті қиратушылықтың барлық күшін помещиктерге қарсы бағыттайтын, шаруалар бұқарасы арасынан жердің еркін қожайындарының бөлініп шығуына көмектесетін бірден-бір практикалық шара ретінде жерді буржуазиялық жолмен *национализациялауды* жақтаймыз.

Орыс буржуазиялық революциясының ерекшелігі мынада: революцияның негізгі мәселесінде, аграрлық мәселеде, революциялық саясатты қаражүздіктер және жұмысшылармен бірге шаруалар жүргізіп отыр. Ал либерал адвокаттар мен профессорлар мүлде жансыз, ақылға сыймайтын және утопиялық бірдеңені: заманы өткен нәрсені *қиратудың* қарама-қарсы, бірін-бірі жоққа шығаратын екі әдісін бітістіруді, соның өзінде қирату деген мүлдем болмайтындай етіп бітістіруді қорғайды. Не шаруалар көтерілісі жеңеді, сөйтіп революция жаңартқан шаруалардың пайдасына бұрынғы жер иелігі толық қиратылады, яғни помещиктік жердің конфискеленуі және республика. Не столыпиндік қиратушылық болады, бұл да жаңартады, іс жүзінде бұрын-

ғы жер иелігін жаңартып, капиталистік қатынастарға бейімдейді, бірақ бұл бүтіндей помещиктердің мүдделері үшін ғана болады, шаруалар бұқарасын шексіз күйзелту, оларды деревняларынан зорлап қуып шығару, көшіру, аштан өлтіру, шаруа жастарының барлық бетке шығарларын түрмеге салып, жер аударып, атып, азаптап өлтіру арқылы істеледі. Азшылықтың көпшілікке мұндай саясат жүргізуі оңай емес, бірақ экономикалық жағынан ол мүмкіндігі жоқ нәрсе емес. Біз мұны халықтың айқын түсінуіне көмектесуіміз керек. Ал орыс тарихы ғасырлар бойына жасаған орта ғасырлық қайшылықтардың осы әбден шиеленген шырмауынан тап-түйнақтай реформа жасау жолымен, тыныш, күш жұмсамай құтылуға тырысу жетесіз «құндақтаулы адамдардың» нағыз топастық арманы болып табылады. Экономикалық жағынан қажеттілік Россияның жер тәртіптерінде нағыз «шұғыл төңкерісті» сөзсіз керек етіп отыр және оны сөзсіз жасатады. Мұны патша мен Столыпин бастап отырған помещиктер жасай ма, әлде пролетариат бастап отырған шаруалар бұқарасы жасай ма,— тарихи мәселе тек осында ғана.

Орыстың саяси баспасөзінің күні бүгінгі басты назары «оппозицияның бірігуіне» аударылып отыр. Полициялық-столыпиндік «Россия» шаттануда: «Бірігу ме? ендеше, кадеттер де революционерлер болғаны ғой; ай-қай, кадет!» Кадеттер октябристерден кем түспейтін дәрежеде баяу бола алады деп дәлелдеуді чиновниктерше көксеу әбден бойына сіңген кадеттік «Речь» мақғазси өкпелеп аузын бұртитады, оны революцияшыл деп кінәлауға тырысқап қиянат әрекеттер жөнінде «моральдық» ашу-ызаны ағыл-тегіл ақтарады және былай деп мәлімдейді: біз, әрине, оппозицияның бірігуін құттықтаймыз, бірақ бұл бірігу *«солдан оңға қарай»* қозғалыс болуға тиіс (2 февральдағы бас мақала). «Біздің саяси қателер мен түңілулерден тәжірибеміз бар. Оппозиция біріккенде өзінің құрамына кіретін партиялардың ішіндегі ең баяуының минимум программасы негізінде бірігетіні табиғи нәрсе».

Бұл программа әбден айқын: буржуазиялық либерализмнің гегемондығы, менің шартым міне осы, дейді кадеттер,— бұл 1871 жылы оны қолдауды сұраған Тьерге: монархия, менің шартым міне осы, деп Фаллудың айтқаны сияқты.

«Столичная Почта»[130] мұндай нәрселерді тура айту ұят, лайықсыз екенін көріп қалды, сондықтан «Речьпен» «келіспейді», «октябрьге дейінгі пиғылға» күңгірт ишара білдірумен құтылып (қарғыс атқан цензура айқын саяси программаға кедергі жасайды!), істің шын мәніне келгенде, біраз саудаласқысы келеді. «Речь» те басшылық еткісі келеді, революционерлер де басшылық еткісі келеді (жаңа бірлестікке), ендеше адал делдалдығым үшін менің магарыч алуыма болмай ма?

«Бірігу» — бұл ұранға біз шын жүректен тілектеспіз, әсіресе бұл арада «октябрьге дейінгі пиғылдарға» ишара білдіріп отырғанда, ең болмаса тек ишара білдіріп отырғанда! — тілектеспіз. Тек тарих қайталанбайды, аса құрметті саясат құмар мырзалар. Сондықтан бізге «үш жылдың тарихы» берген сабақтарды әр түрлі таптардың сана-сезімінен ешқандай күшпен өшіріп тастауға болмайды. Бұл сабақтар дұрыс мазмұнға да (жұмысшылар мен шаруалардың 1905 жылғы *бұқаралық* күресінің формалары, сипаты, жеңу шарттары) және бұрыс мазмұнға да (екі Думаның күйреуі, яғни конституциялық жалған үміттер мен кадеттік гегемондықтың күйреуі) орасан бай.

Кімде-кім *осы* сабақтарды жүйелі түрде зерттегісі, ойластырғысы, ұғынғысы келсе, бұқараға таратқысы келсе,— рақым етіңіз, біз бүтіндей «бірігу» жағындамыз,— революцияның ренегаттарына қарсы аяусыз күресу үшін бірігуді жақтаймыз. Ұнамай ма? Онда біздің жолдарымыз екі басқа.

Бұрынғы, «октябрьге дейінгі» ұран жақсы ұран, сондықтан біз («Наша мысль»[131] деген жинақтағы М-д-м-ді ызаландыру үшін айтылмайды!) оны аулақ лақтырып тастамаймыз («құрылтай жиналысы»). Бірақ бұл ұран жеткіліксіз. Ол тым формальды. Онда өзекті мәселелерді практика жүзінде өмірдің өзі қоятындығын ұғынушылық жоқ. Біз оны ұлы үш жылдың ұлы сабағымен

толықтырамыз. Біздің «программа-минимум», «біздің бірігуіміздің программасы» қарапайым әрі айқын: 1) барлық помещиктік жерлерді конфискелеу; 2) республика. Бұл үшін бізге осыларды істеуге әлі келетіндей, *сондай* құрылтай жиналысы керек.

Екі Думаның, кадеттік Думалардың, тарихы таңқаларлықтай айқындықпен мынаны көрсетті: қоғамдық күштердің шын күресі,— әр кезде бірдей ұғыныла бермеген, әр кезде бірдей сыртқа жарып шыға бермеген, бірақ әрқашан барлық ірі саяси нәтижелерге өзінің шешуші ықпалын тигізіп келген, «конституционализмнің» аңқау және алаяқ-епшіл надандарының айлаларының әрқашан күлін көкке ұшырып келген күрес,— осы күрес бүтіндей және толығынан біз көрсетіп өткен екі «объектіге» бола жүргізілді. Нақ осы ұрандардың сөзсіз екенін бізге іс жүзінде дерексіз теориялар көрсеткен жоқ, орыстың помещиктік самодержавиесінің нақты жағдайларында біздің халық бұқарасы жүргізген күрестің нақты тәжірибесі көрсетті. Кімде-кім осы ұрандарды ұғуға қабілетті болса, оған біз «бөлек жүріп», «бірлесіп соққы беруді», Россияны ойрандап жатқан, Россияның мыңдаған маңдай алды адамдарын дүрелеп жатқан жауға соққы беруді ұсынамыз.

«Бірігудің мұндай программасымен сіздер жалғыз қаласыздар». Бұл — өтірік.

Партияда жоқ шаруалардың алғашқы екі Думада сөйлеген сөздерін оқыңыздаршы,— сонда сіз бірігу жөніндегі біздің программамыз солардың тілектерін, солардың мұқтажын, сол мұң-мұқтаждан туатын қарапайым-қажетті қорытындыларды тұжырымдап қана айтатынын түсінесіздер. Бұл мұқтаждарды түсінбейтіндерге қарсы,— кадеттен бастап Пешехоновқа дейінгілерге қарсы (Москвадан алынған хаттарға қарағанда, онда Пешехонов та «бірігуді» уағыздапты),— «бірігу» мүддесі үшін біз соларға қарсы соғыс жүргіземіз.

Бұл табан тірескен соғыс болады. Біз революция алдында ұзақ жылдар бойы жұмыс істей білдік. Бізді тастай мызғымас беріктер деп атағаны тегін емес. Социал-демократтар пролетарлық партияны құрды, бұл партия алғашқы соғыс тегеурінінің сәтсіздігінен еңсесін түсір-

мейді, асып-саспайды, авантюраға бой ұрмайды. Бұл партия өзін және өзінің тағдырын буржуазиялық революциялардың белгілі бір кезеңінің немен тынатындығымен байланыстырмастан социализмге қарай бара жатыр. Нақ сондықтан ол буржуазиялық революциялардың осал жақтарынан да аулақ. Сондықтан бұл пролетарлық партия жеңіске қарай бара жатыр.

«Пролетарий» № 21,
26 (13) февраль, 1908 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

«ПРОЛЕТАРИЙ» РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Neue Zeit»-тің 20-номерінде А. Богдановтың Эрнст Мах туралы мақаласының бізге беймәлім аудармашысының алғы сөзінен біз мынаны оқыдық: «өкінішке қарай, орыс социал-демократиясында Махқа белгілі бір көзқарасты партия ішіндегі фракцияға бөліну мәселесіне айналдырудың күшті тенденциясы байқалады. Большевиктер мен меньшевиктердің арасындағы аса елеулі тактикалық алауыздықтар, біздің ойымызша, бұл алауыздықтарға мүлдем байланысы жоқ мәселе жөніндегі, атап айтқанда: марксизм теориялық-таным тұрғысынан Спиноза мен Гольбахтың ілімімен үйлесе ме немесе Мах пен Авенариустың ілімімен үйлесе ме? — деген мәселе жөніндегі таласпен шиеленісіп отыр».

Большевиктік ағымның идеялық өкілі ретінде «Пролетарийдің» редакциясы бұл жөнінде мынаны мәлімдеуді қажет деп санайды. Шынында бұл философиялық талас фракциялық талас емес және, редакцияның пікірінше, ондай болуға тиіс те емес; бұл алауыздықтарды фракциялық алауыздықтар етіп көрсетуге тырысқан әрекеттің қандайы болса да түбірінен қате. Ол фракцияның ішінде де, бұл фракцияның ішінде де философиялық екі бағыттың екеуінің де жақтаушылары бар.

«Пролетарий» № 21,
26 (13) февраль, 1908 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖАҢА АГРАРЛЫҚ САЯСАТ

13 февральда, сәрсенбі күні, II Николай III Думаның 307 депутатын қабылдады. Қаражүздіктер Бобринскиймен және Челышевпен патшаның сыпайыгерлік әңгімесі самодержавиенің одақтастар бандасымен жаңадан ауыз жаласуының күлкілі жағына жатады. Дума жақында жер жөнінде жаңа заңдар қабылдауға тиіс, бұл арада күшпен иеліктен айыру туралы қандай да болса пікір болмауы керек, өйткені ол, екінші Николай, ондай заңды еш уақытта бекітпейді деген Николайдың мәлімдемесі одан гөрі анағұрлым зілді жатыр. «Патшаның сөзі,— деп хабарлайды «Франкфурт Газетінің» тілшісі,— шаруаларға жабықтыра әсер етті».

Патшаның өзі жасаған «аграрлық мәлімдеменің» үгіттік маңызы өте зор екені күмәнсыз, сондықтан біз дарынды үгітшіні тек құттықтай аламыз. Бірақ күшпен иеліктен айыруға қарсы бағытталған бұл қаһарлы әрекет, үгіттік маңызының үстіне, помещиктік монархияның аграрлық саясаттың *жаңа* жолына біржола түскендігі ретінде өте маңызды болып отыр.

87-статья бойынша шығарылған 1906 ж. 9 ноябрьдегі Думадан тыс атақты указдар және одан кейінгі указдар — патша үкіметінің осы жаңа аграрлық саясаты заманын ашты. II Думада Столыпин бұл саясатты қуаттады, оңшыл және октябрист депутаттар оны мақұлдады, кадеттер (Думаның қуылатыны туралы сарай маңындағы сұрқиялардың босағасынан естіген лақаптарынан қорқып) оны ашық кінәлаудан бас тартты. Енді,

III Думада, жер жөніндегі комиссия жуырда 1906 ж. 9 ноябрьдегі заңның негізгі ережелерін қабылдады және одан әрі ілгері басып, барлық қауымдардағы шаруалардың 24 жыл бойы қайта бөліс жүргізілмеген учаскелерін олардың жеке меншігі деп таныды. 13 февральдағы қабылдауда крепостниктік-помещиктік Россияның басшысы бұл саясатты жар сала мақұлдады,— партияда жоқ шаруалардың әдейі есіне салу үшін болар,— шаруалардың пайдасына күшпен иеліктен айыру туралы ешқандай заңды еш уақытта бекітпеймін деп зекіп те қойды.

Патша, помещиктер, ірі буржуазия (октябристер) үкіметінің жаңа аграрлық саясат жағына біржолата кошуінің орасан зор тарихи маңызы бар. Россиядағы буржуазиялық революцияның тағдыры,— қазіргі революцияның ғана емес, бұдан былай болуы мүмкін демократиялық революциялардың да тағдырлары,— *бәрінен де* гөрі осы саясаттың табысты немесе табыссыз болуына байланысты.

Бет бұрыстың мәні неде? Оның мәні мынада: осы уақытқа дейін шаруалардың ескі, орта ғасырлық, үлесті жер иелігіне және олардың «ежелгі» қауымына қол сұқпауды мейлінше қызу жақтаушылар реакциялық Россияның билік жүргізуші таптары ішінен табылып келді. Реформаға дейінгі Россияда крепостник-помещиктер үстем тап болғандықтан, бүкіл XIX ғасыр бойына саяси билеп-төстеуші тап болғандықтан, жалпы және тұтас алғанда шаруалардың жер иеленуінің ескі қауымдық тәртіптерін *қорғау* саясатын жүргізіп келді.

Капитализмнің дамуы XX ғасырдың қарсаңында бұл тәртіптерді біржолата әлсіретті. Ескі сословиелік қауым, шаруаларды жерге бекітіп қою, жартылай крепостниктік деревняның мешеулігі жаңа шаруашылық жағдайларға қым-қиғаш қайшы келді. Тарих диалектикасы мынаны істеді: шаруалар,— жер жөніндегі құрылысы азды-көпті тәртіптелген басқа елдерде (капитализмнің талаптары тұрғысынан) тәртіптің тірегі болып табылатын шаруалар,— Россияда революция кезінде помещиктік жерлерді конфискелеуге және жерді национализациялауға дейін баратын (I және II Думада трудовиктер) ескіні аяусыз қиратататын талаптар қойды.

Бұл радикалдық және тіпті мещандық социализмнің идеяларымен боямаланған талаптар әсте мужиктің «социализмінен» туған жоқ, ал крепостниктік жер иеленудің шиеленген түйінін шауып тастаудың, барлық орта ғасырлық кедергілерден арылған еркін жерде еркін фермер (егіншіліктегі кәсіп иесі) үшін жол ашудың экономикалық қажеттігінен туды*.

Россияның ескі аграрлық құрылысының барлық негіздерін капитализм қазірдің өзінде-ақ біржолата әлсіретті. Капитализм бұл құрылысты қиратпайынша, одан әрі дами алмайды; сондықтан ол мұны сөзсіз және қалай да қиратпай қоймайды; жер бетінде бұған кедергі жасай алатын күш жоқ. Бірақ помещиктік немесе шаруалық капитализмге жол ашу үшін бұл құрылыс помещиктерше немесе шаруаларша қиратылуы мүмкін. Ескіні помещиктерше қирату деген сөз қауымды күшпен қирату және қайыршыланған қожайынсымақтар бұқарасын ат төбеліндей кулактардың пайдасына тез күйзелтіп, құрту деген сөз. Шаруаларша қирату — помещиктің иелігіндегі жерлерді конфискелеу және барлық жерді шаруалардан шыққан еркін фермерлердің қарамағына беру деген сөз (халықшыл мырзалардың «жерге тең праволылық» деп жүргендері іс жүзінде *қожайындардың* барлық орта ғасырлық кедергілерді құртып, жерді иемдену правосы деген сөз).

Енді, міне, контрреволюция үкіметі бұл жағдайды түсінді. Столыпин істі дұрыс ұқты: ескі жер иеленушілікті қиратпайынша, Россияның шаруашылық дамуын қамтамасыз етуге болмайды. Столыпин мен помещиктер шаруалар бұқарасын помещиктер мен кулактардың бүтіндей тонап, талауына беріп қойып, ескі тәртіптерді барынша аяусыз бұза отырып, революциялық жолға батыл қадам басты.

Либералдар мен мещандық демократ мырзалар,— жартылай октябрист «меондардан»[133] бастап, одан соң «Русские Ведомости» болып, аяғы «Русское Богатство-

---

* Мұнда баяндалған көзқарастар біздің партиялық программамызды сынаумен тығыз байланыстырылады. «Пролетарийдің» 21-номерінде бұл сын жеке адамның пікірі ретінде белгіленген еді; келесі номерлерде мәселе толық талданады[132].

дағы» Пешехонов мырза болып,— үкімет қауымды киратып жатыр деп, бұл үкіметті революцияшыл деп *айыптап* керемет күшті шу көтеріп отыр! Буржуазиялық либерализмнің орыс революциясындағы әрі-сәрі жағдайы еш уақытта да дәл осындай айқын көрінген жоқ еді. Жоқ, мырзалар, ежелгі негіздерді қиратқандық жөнінде қыңқылдаумен бұл арада іске жәрдем ете алмайсың. Ымырашылдық және келісімпаздық жалған үміттерді революцияның үш жылы тып-типыл етіп өртеп жіберді. Мәселе айқын қойылып отыр. Не тура республикаға дейін жететін шаруалар революциясына батыл шақыру, сөйтіп пролетариатпен одақтаса отырып, *осындай* революцияға идеялық және ұйымдық жағынан жан-жақты әзірлік жүргізу. Не құр сары уайымға салыну, қауымға столыпиндік-помещиктік-октябристік шабуылдың алдында саяси және идеялық дәрменсіздік көрсету.

Бір тамшы болса да азаматтық ерлігі және шаруалар бұқарасына тілектестігі әлі де бар адамдар,— екінің бірін таңдап алыңыздар! Пролетариат өз таңдауын жасап қойды, сондықтан социал-демократиялық жұмысшы партиясы қазір Россияны «жаңартудың» столыпиндік әдісіне кедергі жасаудың *бірден-бір* мүмкін құралы ретінде шаруалардың пролетариатпен бірге көтеріліс жасау ұранын бұрынғы қай кездегіден болса да бұқараға жете түсіндіреді, насихаттайды, ұран тастайды.

Біз столыпиндік әдіс мүмкін емес деп айтпаймыз,— ол шағын көлемде Европада сан рет сыналған,— бірақ біз оны азшылықтың көпшілікке ондаған жылдар бойы шексіз зорлық жасау жолымен ғана, алдыңғы қатарлы шаруаларды жаппай қыру жолымен ғана жүзеге асыруға болатынын халыққа түсіндіреміз. Біз революциялық столыпиндік жобаларды жамап-жасқауға, оларды түзеуге, олардың әсерін бәсеңдетуге және т. с. күшімізді жұмсап жатпаймыз. Біз халық бұқарасы арасында, әсіресе пролетариаттың шаруалармен байланысты жіктері арасында үгітімізді күшейтумен жауап береміз. Шаруалардың депутаттары — тіпті бірнеше полициялық електен өткен, тіпті помещиктер сайлаған, тіпті Думадағы қумүйіздерден қорқып қалған депутаттар да —

жақында ғана өздерінің шын талаптарын айқын көрсетті. Газеттерден мәлім болғанындай, партияда жоқ шаруалар мен *оңшыл* шаруалардың бір бөлегі жерді күшпен иеліктен айыруды жақтап шықты, жергілікті жер мекемелерін *барлық халық* болып сайлауды жақтап шықты! Жер жөніндегі комиссияда бір кадеттің, оңшыл шаруа кадеттерден гөрі солшылдау деп айтқаны тегін емес. Иә, аграрлық мәселеде «оңшыл» шаруалар 3 Думаның үшеуінде де кадеттерден гөрі солшылдау болып отыр, сөйтіп таптық есеп бойынша монархист болып жүрген либерал пысықшалардың монархизмінен өзгеше, мужиктің монархизмі күні өтіп бара жатқан аңқаулық екенін дәлелдеп отыр.

Крепостниктердің патшасы күшпен иеліктен айыруға жол бермейтіндігін айтып партияда жоқ шаруаларға айқай салды. Бұған жауап ретінде жұмысшы табы миллиондаған «партияда жоқ» шаруаларға сіздерді патша өкіметін құлату жолындағы, помещиктік жерді конфискелеу жолындағы бұқаралық күреске шақырамын деп жар салатын болсын.

«Пролетарий» № 22,
(3 март) 19 февраль, 1908 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

КӘСІПТІК ОДАҚТАРДЫҢ БЕЙТАРАПТЫҒЫ [134]

«Пролетарийдің» бұдан бұрынғы номеріпде біз партиямыздың Орталық Комитетінің кәсіптік одақтар туралы қарарын басып шығардық[135]. «Наш Век»[136] бұл қарар туралы оқушыларға хабарлай келіп, қарар Орталық Комитетте бір ауыздан қабылданды, өйткені онда бастапқы большевиктік жобамен салыстырғанда икемділік жасалғаны себепті меньшевиктер оны жақтап дауыс берді деп қоса айтты. Егер бұл хабар рас болса (марқұм «Наш Век» газеті әдетте меньшевизмге қатысты нәрсенің бәрін ерекше жақсы білетіндігімен көзге түсетін), онда кәсіптік одақтар сияқты маңызды салада социал-демократиялық жұмысты біріктіруге қарай ірі қадам жасалғандығын бізге шын жүректен құттықтау ғана қалады. «Наш Век» айтып отырған икемділік тіпті болмашы ғана және большевиктік жобаның негізгі принциптерін мүлде өзгертпейді (айта кету керек, ол жоба «Кәсіптік одақтар және социал-демократиялық партия» деген үлкен дәлелдеме мақаламен бірге «Пролетарийдің» 1907 ж. 20 октябрьдегі 17-номерінде басылды)[137].

Демек, кәсіптік одақтарда жұмысты одақтардың бейтараптығы рухында емес, олардың социал-демократиялық партиямен мүмкін болғанынша тығыз жақындасуы рухында жүргізу керек екендігін қазір біздің бүкіл партиямыз мойындады. Мына жағдайлар да мойындалды: одақтардың ішіндегі социал-демократиялық жұмыс арқылы ғана одақтарды партиялық етуге болады, социал-демократтар одақтарда топтасқан ұялар құруы керек, жария одақтар құру мүмкін болмаған екен, онда жасырын одақтарды құру керек.

Кәсіптік одақтардағы жұмыстың сипаты туралы мәселе жөнінде партиямыздың екі фракциясының бұл жақындасуына Штутгарт мейлінше қатты әсер еткені күмәнсыз. Лейпциг жұмысшыларының алдында жасаған өзінің баяндамасында Каутскийдің атап көрсеткеніндей, Штутгарт конгресінің қарары бейтараптықты принцип жүзінде тануға тыйым салады. Тап қайшылықтарының жоғары дәрежеде дамуы, ол қайшылықтардың соңғы уақытта барлық елдерде шиеленісуі, Германиядағы көп жылдық тәжірибе,— мұнда бейтараптық саясат айрықша христиандық және либералдық одақтардың құрылуына ешқандай кедергі жасамай, кәсіптік одақтарда оппортунизмді күшейтті,— одақтардың да, саяси партияның да бірігіп және бір кісідей қимыл жасауын (Батыстағы пролетарлық революцияның ықтимал формаларының бейнесі ретінде орыс революциясындағы бұқаралық стачка мен қарулы көтеріліс) талап ететін пролетарлық күрестің айрықша саласының кеңеюі,— осының бәрі бейтараптық теориясының негізін біржола жойды.

Пролетарлық партиялардың арасында бейтараптық туралы мәселенің қазір ерекше үлкен талас тудыратын түрі жоқ. Біздің социалист-революционерлер сияқты пролетарлық емес жалған социалистік партиялардың жөні бір басқа, бұлар іс жүзінде интеллигенттер мен алдыңғы қатарлы шаруалардың революциялық-буржуазиялық партиясының барып тұрған солшыл қанаты болып табылады.

Штутгарттан кейін бейтараптық *идеясын* бізде тек социалист-революционерлер мен Плеханов қана қорғап шыққандығы мейлінше атап көрсетерліктей. Және де олардың қорғауы өте сәтсіз болды.

Социалист-революционерлер партиясының орталық органы «Знамя Труданың» соңғы номерінен (№ 8, декабрь, 1907) кәсіптік қозғалыс туралы мәселеге арналған екі мақаланы кездестірдік. Онда социалист-революционерлер ең алдымен Штутгарт қарары партияның кәсіптік одақтарға көзқарасы туралы мәселені дәл Лондон қарарының белгілегеніндей мағынада, большевизм рухында шешті деген социал-демокра-

тиялық «Вперед»[138] газетінің мәлімдемесін келеке етпекші болады. Біздің бұған айтарымыз мынау: эсерлердің өздері «Знамя Труданың» дәл сол номерінде нақ осындай баға берілуінің даусыз дұрыстығын дәлелдейтін *фактілер* келтірді.

«Сол уақытта,— деп жазады «Знамя Труда» 1905 жылдың күзі туралы — және бұл ерекше факт — орыстың социалистік үш фракциясы: социал-демократ меньшевиктер, социал-демократ большевиктер және эсерлер кәсіптік қозғалысқа өздерінің көзқарастарын баяндап, бірінші рет бетпе-бет кездесті. Съезд (кәсіптік одақтардың съезін) шақыру үшін орталық бюроны да өз арасынан бөліп шығару тапсырылған Москва бюросы Олимпия театрында кәсіптік одақтарға кіретін жұмысшылардың үлкен митингісін ұйымдастырды*. Меньшевиктер партия мен кәсіптік одақтың мақсаттары арасына классикалық-маркстік, қатаң-ортодоксалдық шек қойып шықты. «Социал-демократиялық партияның міндеті — капиталистік қатынастарды жойып, социалистік құрылыс орнату; кәсіптік одақтардың міндеті—жұмыс күшін сатудың еңбек мүдделеріне тиімді жағдайларына жету үшін капиталистік құрылыс тұсында еңбек жағдайларын жақсарту»; кәсіптік одақтар бейпартиялық болуы керек және олар «белгілі бір кәсіптегі барлық жұмысшыларды» қамтуы керек деген қорытынды осыдан шығарылды **.

Большевиктер қазіргі уақытта саясатты кәсіптен бөлуді қатаң түрде жүргізу мүмкін емес деп дәлелдеді, осыдан барып «социал-демократиялық партияның және ол басшылық етуге тиісті кәсіптік одақтардың арасында тығыз бірлік болуы керек» деген қорытындыға келді. Ақырында, эсерлер пролетариаттың жікке бөлінуінен сақтану үшін одақтардың қатаң бейпартиялық бо-

---

* Митингіде бір жарым мыңдай адам болды. Есепті «Еңбекке жәрдемдесу музейі бюллетенінің» 1905 ж. 26 ноябрьдегі 2-номерінен қараңыз (цитат «Знамя Труданыкі»).

** Алайда, айта кету керек болатын бір жай, бұл «бейпартиялықты» меньшевик мырзалар біршама өзгеше түсінді: мәселен, олардың баяндамашысы өзінің қағидаларын былай дәлелдеді: «Партиялық туралы мәселені Москваның баспаханалық одағы дұрыс шешті, ол одақ жолдастарға, жеке адамдар ретінде, социал-демократиялық партияның қатарына кіруді ұсынады». («Знамя Труданың» ескертуі.)

луын талап етті, бірақ кәсіптік одақтардың міндеттері мен қызметін қандай да болса тар көлемді бір саламен шектеу атаулыны қабылдамады, бұл міндетті түгелдей алғанда капиталға қарсы күрес деп, демек, әрі экономикалық, әрі саяси күрес деп тұжырымдады».

«Знамя Труданың» өзі *фактілерді* осылай суреттейді! Сондықтан осы үш көзқарастың ішінен социал-демократиялық партия мен одақтардың арасында тығыз бірлік болуы жөніндегі көзқарастың ғана «партия мен кәсіптік одақтардың арасында тығыз байланыс жасауды ұсынған Штутгарт қарарымен қуатталғанын» соқыр адамның ғана немесе ойлау қабілетінен мүлде айрылған адамның ғана бекер деуі мүмкін*.

Бұл мүлде айқын анық мәселені шатастыру үшін эсерлер кәсіптік одақтардың экономикалық күрестегі дербестігін олардың бейпартиялығымен кісі күлерлік етіп барынша араластырып жіберді. «Штутгарт съезі,— деп жазады олар,— одақтардың дербестігін де (бейпартиялығын) айқын жақтады, яғни большевиктердің де, меньшевиктердің де көзқарасын қабылдамай тастады». Бұл Штутгарт қарарының мына сөздерінен шығарылады: «Бұл екі ұйымның (партия мен кәсіподақтың) әрқайсысында оның жаратылысына сай келетін сала бар, осы салада ол әбден дербес әрекет етуі керек. Бірақ мұнымен қатар барған сайын кеңейіп отырған сала бар» және т. т., жоғарыда келтірілген цитаттағыдай. Кәсіподақтардың «олардың жаратылысына сай келетін саладағы» «дербестігі» жөніндегі бұл талапты одақтардың бейпартиялығы туралы немесе саясат пен социалистік революцияның міндеттері саласында олардың партиямен тығыз жақындасуы туралы мәселемен *араластырып* алған осындай қалжыңбастар табылды ғой!

Осылайша біздің эсерлер іс жүзінде буржуазияның пролетариатқа ықпалын күшейтуге қызмет ететін «бейтараптық» теориясына баға беру туралы негізгі принципті мәселені мүлдем басып тастады. Бұл принципті

---

* Меньшевиктер 1905 ж. ноябрьде бейтараптыққа ортодоксалдық емес, *түрпайы* көзқарастарын баяндаған-ды, эсер мырзалар мұны естерінен шығармасын!

мәселенің орнына олар, бірнеше социалистік партия бар бола тұрса да, тек арнайы орыс көзқарастары туралы ғана айтуды артық көрді, айтқанда да Штутгартта болған істерді *теріс* көрсете отырып айтты. «Бұл арада Штутгарт қарарының бұлыңғырлығын тілге тиек етуге келмейді,— деп жазады «Знамя Труда»,— өйткені партияның ресми өкілі ретінде халықаралық съезде сөз сөйлеген Плеханов мырза бұлыңғырлық атаулыны да, күмәндылық атаулыны да бұзды, оның үстіне Орталық социал-демократиялық Комитеттің «Плеханов жолдастың мұндай сөзі біртұтас партияның қатарына іріткі салады» деген тиісті мәлімдемесі бізде әзірге жоқ»...

Эсер мырзалар! Біздің Орталық Комитеттің Плехановты тәртіпке шақырғанын мысқылдауға сіздер, әрине, праволысыздар. Мысал үшін айтайық, Гершуни мырзаның кадет сүйгіштігін ресми түрде *кінәламайтын* партияны қадірлеуге болады деп ойлауға сіздер праволысыздар. Бірақ тура өтірік айтудың не керегі бар? Плеханов Штутгарт конгресінде социал-демократиялық партияның өкілі *болған жоқ*, ал оның 33 делегатының біреуі ғана болды. Және ол социал-демократиялық партияның көзқарастарын емес, қазіргі меньшевиктік оппозицияның социал-демократиялық партияға және оның лондондық қарарларына көзқарастарын білдірді. Эсерлердің мұны білмеуі мүмкін емес, демек, олар *көрінеу* өтірік айтып отыр.

«...Кәсіптік одақтар мен саяси партияның қарым-қатынастары туралы мәселені қараған комиссияда ол (Плеханов) тура былай деді: «Россияда 11 революциялық ұйым бар, кәсіптік одақтар осылардың қайсысымен байланыс жасауға тиіс?.. Кәсіптік одақтарга саяси алауыздықтар енгізу Россияда зиянды болған болар еді». Бұған комиссияның *барлық* мүшелері *бір ауыздан* былай деп мәлімдеді: конгрестің қарарын бұлай түсінуге болмайды да, олар «кәсіптік одақтарға және олардың мүшелеріне социал-демократиялық партияның мүшесі болуды өсте міндет етпейді», яғни олар, қарарда көрсетілгеніндей, «олардың «мүлдем дербестігін» талап етеді» (курсив «Знамя Труданыкі»).

«Знамя Трудадағы» мырзалар, сіздер шатастырып отырсыздар! Комиссияда *бельгиялық* бір жолдас кәсіптік одақтардың мүшелеріне социал-демократиялық

партияға кіруді міндеттеуге бола ма деп сұрағанда, оған *бәрі* бірдей болмайды деп жауап берді. Ал, екінші жағынан, Плеханов қарарға: «оның бер жағында кәсіптік ұйымның бірлігін естен шығармау керек» деген түзету енгізді, ал бұл түзету қабылданды, бірақ бір ауыздан емес (РСДРП-ның көзқарастарын білдірген Воинов жолдас түзетуді жақтап дауыс берді және, біздің пікірімізше, оның дауыс беруі дұрыс болды). Істің жайы, міне, осылай болған.

Социал-демократтар кәсіптік ұйымның бірлігін еш уақытта естен шығармаулары керек. Бұл әбден әділетті. Бірақ мұның эсерлерге де қатысы бар, кәсіптік ұйым социал-демократтармен өзінің тығыз байланыстылығын жариялаған кезде біз эсерлерді осы «кәсіптік ұйымның бірлігі» туралы ойлануға шақырамыз! Одақтардың мүшелеріне социал-демократтар партиясына кіруді «міндет ету» туралы ешкім еш уақытта ойлаған жоқ: ол эсерлерге қорыққанынан осылай көрінген. Бірақ Штутгарт съезі кәсіптік одақтарға өздерінің социал-демократиялық партиямен тығыз байланыстылығын жариялауына немесе іс жүзінде, өмірде, *мұндай* байланысты іске асыруына тыйым салды деген әңгіме өтірік.

«Орыс социал-демократтары,— деп жазады *«Знамя Труда»,*— кәсіптік одақтарды өздеріне қарату үшін және оларды өздерінің партиялық басшылығына бағындыру үшін нағыз табанды және жігерлі науқан жүргізуде. Большевиктер мұны тура және ашық істеп отыр... меньшевиктер бұдан гөрі орағытпа жолды таңдап алды»... Дұрыс, эсер мырзалар! Жұмысшы Интернационалының беделі үшін біздің бұл науқанды сыпайы, ұстамды жүргізуімізді, «кәсіптік ұйымның бірлігін естен шығармай» жүргізуімізді талап етуге хақыларыңыз бар. Біз мұны шын ниетімізбен мойындаймыз және сіздерден де осыны мойындауды талап етеміз, бірақ біз науқаннан бас тартпаймыз!

Бірақ Плеханов одақтарға саяси алауыздықтарды енгізу зиянды деп айтты емес пе... Иә, Плеханов осындай ақымақтық сөзді айтты, сондықтан эсер мырзалар неғұрлым еліктеуге тұрмайтын нәрсенің бәріне әрқашан

қандай жармасатын болса, олар, әрине, бұл сөзге де сондай жармаса кетуге тиісті болды. Бірақ Плехановтың сөзі емес, конгрестің қарары басшылыққа алынуға тиіс, ал конгрестің қарарын «саяси алауыздықтар енгізбейінше» қолдану *мүмкін емес*. Кішкентай бір мысал келтірейік. Конгрестің қарарында: кәсіптік одақтар «еңбек пен капитал арасында мүдделердің үйлесуі теориясын» басшылыққа алуға тиісті емес делінген. Біздер, социал-демократтар, буржуазиялық қоғамда жердің теңгерме бөлінуін талап ететін аграрлық программа еңбек пен капитал мүдделерінің үйлесуі теориясына негізделген деп дәлелдейміз*. Мұндай алауыздыққа бола (немесе тіпті монархист-жұмысшылармен екі арадағы алауыздыққа бола) стачканың бірлігін бұзуға және т. с. біз әрқашан қарсы шығамыз, бірақ біз әрқашан жалпы алғанда жұмысшылар ортасына, соның ішінде *барлық* жұмысшы одақтарына «бұл алауыздықты енгізіп» отырамыз.

Плехановтың 11 партияны дәлелге келтіруі де ақылдылық емес. 1-ден, әр түрлі социалистік партиялар жалғыз Россияда ғана болып отырған жоқ. 2-ден, Россияда азды-көпті елеулі түрде бәсекелесуші социалистік партиялар екеу ғана, социал-демократтар мен социалист-революционерлер ғана, өйткені ұлттық партиялардың бәрін бір жерге әкеп үйіп-төгу мүлдем қисынсыз. 3-ден, шын социалистік партияларды біріктіру туралы мәселе — мүлдем айрықша мәселе; оны араластырып жіберіп, Плеханов істі шатастырады. Біз одақтардың жұмысшы табының социалистік партиясымен жақындасуын әрқашан және барлық жерде бірдей қорғауға тиістіміз, ал қайсыбір елде қайсыбір ұлттың арасында қандай партияның шын социалистік және шын жұмысшы табының партиясы болып табылатындығы — бұл ерекше мәселе, оны халықаралық съездердің қарарлары шешпейді, ал ұлттық партиялардың арасындағы күрестің барысы шешеді.

---

* Мұны қазір тіпті кейбір эсерлер де түсінді, сөйтіп марксизмге қарай батыл қадам басты. Фирсов және Якобий мырзалардың өте қызықты жаңа кітабын қараңыз, ол кітап туралы біз көп ұзамай «Пролетарийдің» оқушыларымен толық әңгімелесеміз[139].

Бұл мәселеде Плеханов жолдастың пайымдаулары қаншалықты қате екенін «Современный Мирдің»[140] 1907 жылғы 12-номеріндегі оның мақаласы өте-мөте айқын көрсетеді. 55-бетте Плеханов одақтардың бейтараптығын неміс ревизионистері қорғап отыр деген Луначарскийдің ескертпесін келтіреді. Плеханов бұл ескертпеге былай деп жауап береді: «Ревизионистер былай дейді: одақтар бейтарап болуға тиіс, ал мұны олар: одақтарды ортодоксалдық марксизмге қарсы күресу үшін пайдалану керек деген сөз деп біледі». Сөйтіп, Плеханов мынадай қорытынды шығарады: «Кәсіптік одақтардың бейтараптығын жоюдың бұл арада еш нәрсеге жәрдемі тимейді. Егер біз одақтарды тіпті партияға формальды түрде тығыз тәуелді еттетін болсақ, ал партия ішінде ревизионистердің «идеологиясы» жеңсе, онда одақтардың бейтараптығын жою «Маркстің сыншыларының» жаңа жеңісі ғана болып шығады».

Бұл пайымдау мәселеден жалтарудың және таластың мәнін елеусіз қалдырудың Плехановқа әбден үйреншікті болып кеткен тәсілінің үлгісымағы болып табылады. Егер партия ішінде ревизионистердің идеологиясы шын жеңсе, онда бұл партия жұмысшы табының социалистік партиясы болмайды. Әңгіме тіпті де мұндай партияның қалай құрылатыны, бұл жағдайда қандай күрестің және қандай жікке бөлінушіліктің болатындығы туралы болып отырған жоқ. Әңгіме әрбір капиталистік елде социалистік партия мен одақтардың бар екендігі, сондықтан біздің ісіміз олардың арасындағы негізгі қатынастарды белгілеуде екендігі туралы болып отыр. Буржуазияның таптық мүдделері одақтарды қазіргі құрылыс тұсындағы ұсақ және өрісі тар жұмыспен шектеуге талаптануды, оларды социализммен байланыс атаулыдан аулақ ұстауға тырысушылықты тудырмай қоймайды, сондықтан бейтараптық теориясы осы буржуазиялық әрекеттердің идеялық жамылғысы болып табылады. Социал-демократиялық партиялардың ішіндегі ревизионистер капиталистік қоғамда әрқашан өздеріне қайткен күнде де жол салып алады.

Әрине, Европада саяси және кәсіби жұмысшы қозғалысының бас кезінде, пролетарлық күрес біршама

дамымаған және буржуазияның одақтарға жүйелі ықпалы жоқ замандағы пролетарлық күрестің бастапқы базасын кеңейту құралы ретінде одақтардың бейтараптығын қорғауға болатын еді. Қазіргі уақытта халықаралық социал-демократияның көзқарасы тұрғысынан қарағанда одақтардың бейтараптығын қорғау енді мүлдем орынсыз. Плехановтың «Маркс қазір де Германияда одақтардың бейтараптығын жақтаған болар еді» деп сендірмекші болған сөздерін оқығанында, әсіресе мұндай дәлел, Маркстің айтқандарының барлық жиынтығы мен оның ілімінің бүкіл рухын елеусіз қалдырып, Маркстен алынған бір «цитатты» сыңар жақты түсіндіру негізінде келтіріліп отырғанын көргенде жымиясың да қоясың.

«Мен ревизионистік мағынада емес, бебельдік мағынада ұғынылатын бейтараптықты жақтаймын»,— деп жазады Плеханов. Бұлай деу — Бебельге табыну, сөйте тұрып батпаққа бата бастау деген сөз. Сөз жоқ, пролетариаттың халықаралық қозғалысында Бебельдің беделді адам екендігі сондай, практикада тәжірибелі көсем екендігі сондай, революциялық күрестің тілектеріне сергек социалист екендігі сондай — жазатайым сүрініп кеткен кезінде жүз реттің тоқсан тоғызында оның өзі батпақтан шығып, өзінің соңынан ілескісі келгендерді де сүйреп шығарып алып отырды. Бреславльде (1895 ж.) Фольмармен бірге ревизионистердің аграрлық программасын қорғаған кезде де, қорғану соғысы мен шабуыл соғысының принциптік айырмашылығын қорғаған кезде де (Эссенде), одақтардың «бейтараптығын» принцип дәрежесіне көтермекші болған кезінде де Бебель қателескен болатын. Егер Плеханов батпаққа тек қана Бебельмен бірге батса, оның мұндай кепке жиі ұшырамайтынына және онысы ұзаққа бармайтынына біз кәміл сенеміз. Дегенмен де, біз Бебельге еліктегенде, Бебель қателескен кезде еліктеу керек емес-ау деп ойлаймыз.

Бейтараптық өздерінің материалдық жағдайын жақсарту қажет деген ойға келген барлық жұмысшыларды біріктіру үшін керек деседі және Плеханов осыған

өте-мөте күш салады. Бірақ мұны айтушылар мынаны ұмытады: тап қайшылықтары дамуының қазіргі сатысы тіпті қазіргі қоғам тұсында сол жақсартуға қалайша жету керек деген мәселеге де сөзсіз және қалайда «саяси алауыздықтар» енгізбей қоймайды. Одақтардың революциялық социал-демократиямен тығыз байланысуы қажет деген теориядан өзгеше, одақтардың бейтараптығы жөніндегі теория бұл жақсартуды пролетариаттың тап күресін бәсеңдету болып шығатын құралдар арқылы жүргізуді артық көруге әкеп соқтырмай қоймайды. Бұған (ең жаңа жұмысшы қозғалысының ең көңіл қоярлық оқиғаларының біріне баға берумен орынды байланысқан) Плеханов бейтараптықты қорғайтын «Современный Мирдің» *тап сол* кітабының *өзі* біз үшін айқын мысал болады. Плехановпен қатар бұл арада біз ағылшын темір жол жұмысшыларының белгілі көсемі Ричард Беллды мадақтаушы Э. П. мырзаны көреміз; ал Ричард Белл болса, жұмысшылардың компаниялар директорларымен жанжалын ымыраласумен тындырған болатын. Белл «бүкіл темір жол жұмысшылары қозғалысының жаны» деп жарияланады. «Ешқандай күмән жоқ,— деп жазады Э. П. мырза,— өзінің байсалды, ойластырылған және ұстамды тактикасының арқасында Белл темір жол қызметшілері ассоциациясының сөзсіз сеніміне ие болды, ал ассоциация мүшелері ешбір қобалжымастан, барлық жерде бірдей оның соңынан еруге әзір» («Современный Мирдің» 12-номерінің 75-беті). Мұндай көзқарас кездейсоқ емес, істің шын мәнісінде бейтараптықпен байланысты, бұл бейтараптық пролетариатты азат ету ісіне пайда келтіре алатын күрес үшін жұмысшылардың бірігуін алдыңғы қатарға қоймайды, қайта жұмысшылардың жағдайын жақсарту үшін олардың бірігуін алдыңғы қатарға қояды.

Бірақ бұл көзқарас ағылшын социалистерінің көзқарастарына мүлдем сай келмейді, олар Беллды мақтаушылардың, ешбір қарсылық көрместен, Плеханов, Иорданский және $К^0$ сияқты белгілі меньшевиктермен бірге бір журналда жазып жүргенін білсе, бәлкім, өте-мөте таңдапған болар еді.

Ағылшын социал-демократиялық *«Justice»* [141] газеті 16 ноябрьдегі бас мақаласында Беллдың темір жол компанияларымен келісім жасасуы жөнінде былай деп жазды: «Бұл бітім шарты дейтінді тред-юнионистердің жаппай дерлік айыптауына біз толық қосыламыз»... «ол тред-юнионның өмір сүруі мағынасының өзін мүлдем құртады»... «Бұл өрескел келісім... жұмысшылардың қолын байлай алмайды, сондықтан мұны қабылдамай тастаса, олар өте жақсы істейді». Ал 23 ноябрьдегі келесі номерінде «Тағы да сатып кетті!» деп аталатын мақаласында Бернет бұл келісім туралы былай деп жазды: «Бұдан үш апта бұрын Темір жол қызметшілерінің Бірлескен қоғамы Англиядағы ең қуатты тред-юниондардың бірі еді; қазір ол өзара жәрдемдесу қоғамының деңгейіне дейін түсірілді». «Ал бұл өзгеріс темір жолшылардың күресіп, жеңіліске ұшырағандығынан болған жоқ, олардың көсемдері қасақана немесе өздерінің топастығынан темір жолшыларды күреске дейін капиталистерге сатып кеткендігінен болды». Сөйтіп газет редакциясы «Мидланд темір жол компаниясының жалдама жұмысшысының» бірі редакцияға дәл осындай хат жіберді деп қосады.

Бірақ, бәлкім, бұл — «тым революцияшыл» эсдектердің «әуестенуі» шығар? Жоқ. Баяу партияның, өзін тіпті социалистік партия деп атағысы да келмейтін «Тәуелсіз жұмысшы партиясының» (*I. L. P*), органы *«Labour Leader»* [142] 15 ноябрьде тред-юнионист темір жолшының хатын басты, бұл хатында ол бүкіл капиталистік баспасөздің (радикалдық *«Reynolds' Newspaper»*-ден [143] бастап консервативтік *«Times»*-ке [144] дейін) Беллды жан сала мақтауына жауап ретінде, Беллдың жасаған келісімі «тред-юнионизм тарихында болған келісімдердің ішіндегі ең жексұрыны» деп мәлімдейді және Ричард Беллды «тред-юнионистік қозғалыстың маршалы Базэн» деп атайды. Сонымен қатар тағы бір темір жолшы «жұмысшыларды жеті жылдық каторгаға душар еткен» осы қырсық келісім үшін «Беллды жауапқа тартуды» талап етеді. Сөйтіп, баяу органның редакциясы нақ сол номердегі бас мақаласында келісімді «Британия тред-юнионистік қозғалысының Седа-

ны» деп атайды. «Ұйымдасқан еңбектің күшін ұлттық көлемде көрсетудің мұндай қолайлы сәті еш уақытта болмап еді»,— жұмысшылардың арасында «бұрын-соңды көрмеген ынта-жігер» және күреске құштарлық басым болды. Мақала жұмысшылардың мұқтаждығын және «банкет әзірлеп жатқан Ллойд Джордж мырза (капиталистердің малайы ролін атқарған министр) мен Белл мырзаның» масайрауын уытты тілде салыстырумен аяқталады.

Бұл келісімді ең барып тұрған оппортунистер, фабийшылдар, таза интеллигенттік ұйым ғана *мақұлдады,* сөйтіп тіпті фабийшылдарға тілектес *«The New Age»*[145] журналының өзін ұяттап қызартты, ол егер буржуазиялық-консерваторлық *«Times»* фабийшылдардың орталық комитетінің тиісті мәлімдемесін тұтас көшіріп басып шығарған болса, оның есесіне, бұл мырзалардан басқа «бірде-бір социалистік ұйым, бірде-бір тред-юнион, жұмысшылардың бірде-бір көрнекті басшысы» (7 декабрьдегі номері, 101-бет) келісімді жақтаған жоқ деп мойындауға мәжбүр болды.

Плехановпен істес Э. П. мырзаның бейтараптықты қолдануының үлгісымағы міне осындай. Мәселе «саяси алауыздықтар» жайында болған жоқ, ал осы қоғамның өзінде жұмысшылардың жағдайын жақсарту жайында болды. Күрестен бас тарту және капиталдың рақымына берілу есебінен «жақсартуды» Англияның бүкіл буржуазиясы, фабийшылдар және Э. П. мырза жақтап шықты, жұмысшылардың коллективтік күресін барлық социалистер мен тред-юнионист жұмысшылар жақтады. Сонда Плеханов одақтардың социалистік партиямен тығыз жақындасуын уағыздамай, «бейтараптықты» уағыздауын енді де жалғастыра берер ме екен?

«Пролетарий» № 22,
(3 март) 19 февраль, 1908 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ПОРТУГАЛИЯ КОРОЛІ ҰШЫРАҒАН ОҚИҒА ТУРАЛЫ

Буржуазиялық баспасөз, тіпті ең либералдық және «демократиялық» бағыттағысы да, Португалия авантюрисінің өлтірілуін талқылағанда қаражүздік мораль айтпай отыра алмайды.

Міне, мәселен, Европаның ең жақсы буржуазиялық-демократиялық газеттерінің бірі *«Франкфурт Газетінің»* [146] арнаулы тілшісін алайық. Ол өзінің әңгімесін сенсациялық қауесет естілісімен-ақ бір топ тілшінің — жерден жеті қоян тапқандай — Лиссабонға қарай лап қойғаны туралы әзіл-шыны аралас хабардан бастайды. Мен,— деп жазады бұл мырза,— ұйықтайтын бөлмеде Лондонның бір белгілі журналисімен бірге болдым, ол өзінің тәжірибелілігін айтып мақтана бастады. Бақсақ, ол осындай себеппен Белградқа да барып келіпті, сөйтіп өзін «патша өлтіру оқиғасын жазатын арнаулы тілшімін» деп санай алады екен.

...Иә, Португалия королі ұшыраған оқиға, шынында да, корольдердің «кәсіби бақытсыздық оқиғасы» болып табылады.

Ұлы мәртебелілердің кәсіби «сәтсіздіктерін» суреттейтін кәсіби тілшілердің пайда болуы таңданарлық емес...

Бірақ мұндай тілшілерде арзан қол және тұрпайы сенсация элементі қаншалықты күшті болса да, дегенмен кейде шындық өзіне жол салып отырады. «Ең қызу сауда кварталында тұратын бір көпес» *«Франкфурт Газетінің»* тілшісіне мынаны айтқан: «Оқиғаны есті-

сімен-ақ, мен қаралы жалау ілдім. Алайда ізінше-ақ маған сатып алушылар мен таныстарым келіп, есіңнен ауысқан жоқсың ба, достық байланыстарыңды бұзғың келіп отырған жоқ па, деп сұрай бастады. Мен олардан: ешқайсыңда жап ашығандық сезім туған жоқ па, деп сұрадым. Бұған қандай жауаптар алғаныма *Сіз* сенбессіз, қымбатты мырзам! Сойтіп, мен қаралы жалауды алып тастадым».

Осы әңгімені келтіре отырып, либерал тілші былай пайымдайды:

«Португалиялықтар сияқты өзінің жаратылысынан сондай ақ көңіл әрі ізетті халық тіпті молада жатқан адамды да сондай мейірімсіздікпен жек көруді үйренбес бұрын, сірә, жаман мектептен өткен болса керек. Егер бұл рас болса,— ал мұның растығы күмәнсыз, сондықтан бұл жайында үндемей қалсам, тарихи ақиқатты бұрмалаған болар едім,— егер құрбан болған тәж иесіне тек мұндай үнсіз демонстрациялар ғана өз үкімін білдіріп қоймаса, егер сіз қадам басқан сайын сол өлтірілген адам жөнінде балағаттаған сөздер еститін болсаңыз, оның үстіне мұны «ресми адамдардан» еститін болсаңыз, онда халықтың психологиясын осыншалық дәрежеде бұзатын жағдайлардың сирек кездесетін байланысын зерттеуге ұмтылу табиғи нәрсе болып табылады. Өйткені, өлімнің тіршіліктегі барлық күнәларды жуып-шаятын тіпті ежелгі қасиетті правосын мойындамай отырған халық, ондай халық не моральдық жағынан ендігі азып болған халық болуға тиіс,— не әділетті бағаның айқын көзқарасын көмескілейтін өшпенділіктің шексіз сезімін тудыратын жағдайлар бар болуы керек».

Уа, либерал екіжүзді мырзалар! 1871 жылғы Коммунаның қайраткерлерін ғана емес, оларға қоса тіпті 1793 жылдың қайраткерлерін де осы уақытқа дейін жек көретін және өршелене сөгетін француз ғалымдары мен жазушыларын сіздер моральдық азғындар деп неге жарияламайсыздар? пролетарлық революцияның күрескерлерін ғана емес, тіпті буржуазиялық революцияның күрескерлерін де жек көріп, сөгетіндерді неге сондай деп жарияламайсыздар? Оның себебі — *қазіргі заманғы* буржуазияның «демократияшыл» малайлары үшін тәж киген авантюристердің қандай да болсын жүгенсіздіктеріне, зұлымдықтарына, айуандықтарына халықтың «ақ көңілдікпен» көне беруі «дұрыс» және «моральды» болып табылады.

Басқаша болса — деп жалғастырады тілші (яғни айрықша жағдайлар болмай, басқаша болса) — «қазірдің өзінде бір монархиялық газеттің король туралы айтқанынан гөрі, халық арасынан болған жазықсыз құрбандықтар туралы көбірек қайғырған сезіммен дерлік айтып отырған осы құбылысты түсінуге болмас еді, сөйтіп біз кісі өлтірушілерді дәріптейтін аңыздар шығарыла бастағанын қазірдің өзінде-ақ айқын көріп отырмыз. Қаскүнемдік жасалған жағдайдың бәрінде дерлік саяси партиялар кісі өлтірушілерді өздерінен аластап тастауға асықса,— португалиялық республикашылдар өздерінің қатарынан «1 февральдың азап шегушілері мен батырлары» шыққанын тура мақтан етеді»...

Буржуазияшыл демократтың шамадан тыс ыждағатты болғаны соншалық — ол конституцияны қорлаған корольді құрту үшін өздерін құрбан еткен адамдарды португалиялық азаматтардың қадірлеуін «революциялық аңыз» деп жариялауға әзір!

Тағы бір буржуазиялық газеттің—Миланда шығатын *«Corriere della Sera»* * газетінің тілшісі патша өлтірілгеннен кейін Португалия цензурасының құтырынып кеткендігін айтады. Телеграммаларды өткізбейді. Адал буржуалар халық бұқарасының «ақ көңіл» болуын сондай жақсы көретін болса, министрлер мен корольдерде ондай «ақ көңілдік» жоқ! Өлтірілген корольдің орнын басқан португалиялық авантюристер: соғыс болған соң — соғыстағыша болсын, деп дұрыс пайымдайды. Қатынасудың қиыншылығы соғыстағыдан кем емес. Хат-хабарды орағытқан жолмен, әуелі почта арқылы Парижге (бәлкім, қайсыбір жеке адамның адресіне) жіберуге, содан соң барып одан Миланға жіберуге тура келеді. «Тіпті Россияда да,— деп жазады тілші 7 февральда,— ең қызу революциялық дәуірлердің кезінде де цензура қазір Португалияда құтырынғанындай еш уақытта құтырынған жоқ болатын».

«Кейбір республикалық газеттер,— деп хабарлайды әлгі тілші жаңаша 9 февральда,— бүгінгі күні (король-

* — «Кешкі Курьер». *Ред.*

ді жерлейтін күні) телеграммада қайталауға менің мүлдем батылым бармайтын тілмен жазып отыр». Көрсетілген жеріне жоғарыда айтылған хабардан кейін келіп түскен 8 февральдағы хабарда жерлеудің өту тәртібі жайында *«Pays»* * газетінің пікірі келтіріледі:

«Опасыздығымен және пұрсаттылығымен сақталып келген, біздің тарихымыздың екі ғасырына өздерінің қылмыстарымен таңба түсірген, құлап бара жатқан монархияның керексіз табытын — екі монархтың саудыраған сүйектерін көтеріп өтіп жатыр».

«Әрине, бұл республикалық газет,— дегенді қосады тілші,— бірақ корольді жерлеген күні осындай сөздер жазылған мақаланың басылып шығуы көзге ұрарлықтай емес пе?»

Өз тарапымыздан, біз тек мынаған өкінетінімізді ғана қоса айта аламыз: Португалиядағы республикалық қозғалыстың барлық авантюристерге батыл және ашық соққы беруі жеткіліксіз болды. Біз мынаған өкінеміз: Португалия королі ұшыраған оқиғада заговорлық, яғни дәрменсіз, өзінің шын мәнінде мақсатқа жеткізбейтін террордың элементі әлі айқын көрініп тұр, Ұлы француз революциясының даңқын шығарған террор сияқты нағыз, бүкіл халықтық, елді шын жаңартатын террор жеткіліксіз болып отыр. Мүмкін, Португалияда республикалық қозғалыс бұдан да жоғары көтерілер. Социалистік пролетариаттың тілектестігі әрқашан да монархияға қарсы республикашылдар жағында болады. Бірақ осыған дейін Португалияда монархияны *құртудың* реті келген жоқ, тек екі монархты өлтіріп, монархияны *қорқытудың* ғана реті келді.

Европаның барлық парламенттеріндегі социалистер, өздерінің білгенінше және өздерінің шама-шарқынша, Португалия халқы мен португалиялық республикашылдарға тілектестіктерін, билеп-төстеуші таптарды жек көретіндіктерін білдірді; ал билеп-төстеуші таптардың өкілдері авантюристі өлтіруді айыптап, оның мұрагерлеріне тілектестік білдірді. Парламенттерде кейбір

* — «Ел». *Ред.*

социалистер өздерінің көзқарастарын ашық мәлімдеді, енді біреулері «зардап шеккен» монархияға іш тартқан мәлімдемелер жасалған кезде залдан шығып кетті. Бельгия парламентінде Вандервельде «өлгендердің бәрін»,— яғни корольді де, оны өлтірушілерді де құрметтеймін деген сөзді қинала-қинала айтып, «аралық» жолды — ең жаман жолды — қалап алды. Бүкіл дүние жүзі социалистерінің арасында Вандервельде жалғыз қалатын шығар деп сенеміз.

Европа социалистерінің республикалық дәстүрі мықтап әлсіреді. Бұл түсінікті және бір жағынан оны ақтауға да болады,—ақтағанда, *социалистік* революцияның жақындығы *буржуазиялық* республика жолында күресудің практикалық маңызын қаншалықты өзіне алып отырған болса, нақ соншалықты дәрежеде ақтауға болады. Бірақ көп ретте республикашылдық насихаттың нашарлауы пролетариаттың толық жеңуіне талаптанудың күшейгендігі болып шықпай, жалпы алғанда пролетариаттың революциялық міндеттерін ұғынудың нашарлығы болып шығады. 1891 жылы Эрфурт программасының жобасын сынағанда Энгельстің неміс жұмысшыларына республика жолында күресудің маңызын, мұндай күрестің Германияда да күн тәртібіне қойылуы мүмкіндігін мейлінше баса атап көрсеткені тегін емес [147].

Бізде Россияда республика жолында күрестің тікелей практикалық маңызы бар. Тек энестер сияқты немесе «эсдек» Малишевский сияқты (ол жайында «Пролетарийдің» 7-номерін қараңыз) нағыз бейшара мещан оппортунистер ғана орыс революциясының тәжірибесінен Россияда республика жолындағы күрес екінші кезекке ығыстырылады деген қорытынды шығара алды. Мұның керісінше, нақ біздің революциямыздың тәжірибесі монархияны құрту жолындағы күрес Россияда шаруаларға жер әперу жолындағы, бүкіл халыққа бостандық әперу жолындағы күреспен ажырамастай байланысты екенін дәлелдеп отыр. Нақ біздегі контрреволюцияның тәжірибесі монархияға тимейтін бостандық жолындағы күрес,—бұл күрес емес, буржуазиялық

парламентаризм мансапқорларының мещандық қорқақтығы мен болбырлығы немесе халықты тікелей алдауы екенін дәлелдеп отыр.

«Пролетарий» № 22,
(3 март) 19 февраль, 1908 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ДУМАНЫҢ БЮДЖЕТТІК ПРАВОЛАРЫН КЕҢЕЙТУ ТУРАЛЫ АЙТЫСТАР ЖӨНІНДЕ [148]

Мемлекеттік думада, 12, 15 және 17 январьда, үш мәжіліс бойына, думаның бюджеттік праволарын кеңейту туралы мәселе жөнінде жарыс сөз болды. Кадеттер партиясы Думаның 40 мүшесі қол қойған осындай кеңейтудің жобасын енгізді. Бұл жөнінде барлық партиялардың өкілдері пікірлерін айтты. Үкіметтің атынан финанс министрі екі рет ұзақ сөз сөйледі. Социал-демократиялық жұмысшы партиясының өкілі де пікірін айтты. Сөйтіп, жарыс сөз *октябристердің* мынандай ұсынысын: Мемлекеттік думаның бюджеттік праволарын кеңейту туралы заң жобасы комиссияға берілсін, *«бұл өзгертудің»*, яғни Мемлекеттік думаның бюджеттік праволарына өте-мөте қысым жасайтын 8 марттағы ережелерді өзгертудің *«аумағына қол сұғылмасын»* деген ұсынысын *бір ауыздан («Столичная Почта»* 18 январьда осылай дейді) қабылдаумен аяқталды.

Мұндай таңқаларлық құбылыс қалайша мүмкін болды? III Думада, қаражүздік қумұйіздердің Думасында, октябристердің ұсынысы, істің шын мәнісінде үкімет тілегіне сай келетін және істің дәл осылай тынуын белгілеп берген финанс министрінің бірінші сөзінен *кейін* жасалған ұсыныс, қалайша *бір ауыздан* өтіп кетті? Шын мәнісінде, кадеттердің жобасын қабылдауға болмайды; ішінара алғанда — заңды өзгертпейтін несі бар. Қаражүздіктердің министрі осылай деп мәлімдеді. Октябристер өздерінің ұсыныстарын осы мәлімдемеге сәйкес редакциялап, *заңды өзгертудің аумағына қол сұқпайтындарын* баса айтты.

Октябристердің пікірі қаражүздік министрдің пікірімен бір жерден шыққаны таңданарлық емес. Кадеттердің өз редакциясын қайтып алуы да (онда олардың өздері көрсеткен өзгертулердің аумағына олардың *қол сұқпайтыны туралы,* әрине, бір ауыз сөз айтылмаған!) кадеттер партиясының жаратылысын білетіндердің бәріне таңданарлық емес. Ал социал-демократтардың бұл сияқты *бір ауыздылыққа* қатыса алуы,— ол мүмкін емес нәрсе, сондықтан социал-демократтар октябристердің қарары үшін дауыс берген жоқ, *«Столичная Почта»* өтірік айтып отыр деп ойлағымыз келеді.

Әйтсе де, бұл арада социал-демократтар октябристерді жақтап дауыс берді ме, жоқ па деген мәселеден гөрі маңыздырақ мәселе бар, атап айтқанда, ол — социал-демократ депутат 2-Покровскийдің күмәнсыз жасаған *қателігі* туралы мәселе. Біз нақ осы қатеге және 12, 15, 17 январьдағы жарыс сөздердің шын саяси маңызына оқушылардың назарын аудармақшымыз.

Россия Мемлекеттік думасының бюджеттік праволары жоқ, өйткені бюджетті қабылдамай қою *«заң бойынша»* бюджеттің орындалуын тоқтатпайды. Контрреволюциялық үкімет декабрь көтерілісі жеңілгеннен кейін шығарған бұл заң (1906 ж., 20 февральдағы атышулы «негізгі заңдар») қаражүздіктердің, патшаның және помещиктердің тарапынан халық өкілдігін *қорлаушылық* болып табылады. Ал 1906 жылғы 8 марттағы «ереже» бұл қорлаушылықты одан сайын бадырайта *түседі,* Думада бюджетті *қарауға* толып жатқан ұсақ қысымшылық жасап және тіпті (9-статьяда) «мемлекеттік бюджеттің жобасын талқылағанда қолданылып жүрген заңдардың, штаттардың, тізімдердің, сол сияқты, патша жарлықтарының негізінде, жоғарыдан басқару тәртібімен жобаға енгізілген шығыстар мен кірістерді алып тастауға *немесе өзгертуге* болмайды» деп белгілейді. Бұл қорлаушылық емес пе? Заңдарға да, штаттарға да, тізімдерге де, тіпті патша *жарлықтарына* да сәйкес келетіннен ештемені *өзгертуге* болмайды!! Осыдан соң Россия Мемлекеттік думасының бюджеттік праволары туралы сөз қозғау кісі күлерлік емес пе?

Енді, істің жайы осындай болып отырғанда, бостандық үшін шын күресуші буржуазиялық демократияның міндеттері қандай *еді?*— деген сұрақ туады. Жұмысшы партиясының міндеттері қандай?— біз *бұл* мақалада тиісті партияның парламенттік күресінің және парламенттік өкілдерінің міндеттері туралы ғана айтып отырмыз.

Сірә, Думаның бюджеттік праволары туралы мәселені Думада көтеру орыс халқының алдында да, Европаның алдында да патша өкіметінің қаражүздік қорлаушылығын *толық айқындау үшін,* Думаның *бүкіл правосыздығын* көрсету үшін қажет болған болуы *керек.* Мұндай айқындаудың тікелей-практикалық мақсаты (*әрбір* демократтың негізгі міндеті — халық алдында шындықты ашу, халықтың сана-сезімін ояту туралы айтпағанның өзінде) бұған қоса заем туралы мәселемен де белгіленді. Патшаның қаражүздік үкіметі 1905 ж. декабрьден кейін *халықаралық буржуазияның бүкіл дүние жүзілік капиталының* заем түріндегі *жәрдемінсіз* орнында қала алмайтын еді, қазір де қала алмайды. Сондықтан бүкіл дүние жүзінің буржуазиясы анық банкротқа, патшаға, миллиардтаған заемдар беріп отыр, бергенде әрбір өсімқор сияқты мол пайдаға қызыққандықтан ғана беріп отырған жоқ, бұған қоса буржуазия ескі тәртіптің Россиядағы революцияны жеңуіне өзінің мүдделі екендігін ұғынғандықтан беріп отыр, өйткені бұл революцияны пролетариат бастап келеді.

Сонымен, Думада мәселе көтерілуінің және жарыс сөздердің мақсаты *тек* бүкіл шындықты айқындау ғана бола алды. Бұл уақытта және бұл жағдайда практика жүзіндегі реформаторлық *демократтың* мақсаты бола *алмады,* өйткені, 1-ден, Думаның бюджеттік праволары туралы қазіргі негізгі заңдарға сүйеніп реформалар жасау мүмкін еместігі айқын, 2-ден, қаражүздік қумүйіздер мен москвалық көпестердің Думасы үшін оның праволарын, ондай Думаның праволарын, кеңейтуді ұсыну қисынсыз болар еді. Орыс кадеттері (бұларды тек надандар немесе аңқаулар ғана демократтар деп санай алды), әрине, бұл міндетті түсінбеді. Мәселе көтерді де, олар *оны бірден ішінара* реформа жа-

саудың жалған негізіне *қойды*. Біз, әрине, демократ үшін және социал-демократ үшін нақ осы ішінара реформа жасау туралы мәселе көтерудің кейде мүмкін екендігін және керек екендігін бекерге шығармаймыз. Бірақ III Думадай Думада, дәл қазіргідей кезеңде, *қол сұғуға болмайтын* негізгі заңдармен кісі күлерліктей етіп бүлдірілген бюджеттік праволар сияқты мәселе жөнінде бұл қисынсыз болды. Кадеттер мәселені ішінара реформа жасау түрінде көтере алды,— біз мұндай икемділікті жасауға да әзірміз — бірақ демократтар бұл мәселені кадеттер қалай түсіндірсе, *солай* түсіндіре алмады.

Олар мәселенің *іске* қатысты жағы дейтінді, 8 март ережелерінің *қолайсыздығын,* ол ережелердің тіпті үкімет үшін де тиімсіздігін, Булыгиннің, Виттенің және басқа шайканың есуастық кеңселерінде Думаға қарсы әр түрлі есуастық заңдардың қалай жазылғандығының тарихын баса айтты. Мәселені кадеттерше қоюдың *рухы* бәрінен де Шингарев мырзаның мына сөздерінде өте айқын білдірілген: «Біз енгізген жобада ешқандай қол сұғушылық (монархтың ерекше праволарына шек қоюға әрекет жасаушылық) жоқ, ешқандай бүкпе ой (!!) онда жоқ. Онда тек *Дума жұмысына қолайлы болуы үшін,* оның дәрежесі үшін, *өзіміз орындауға тиіс болып отырған* жұмысты атқару керектігі үшін іске ұмтылушылық бар» (курсив біздікі; ресми стенографиялық есептердің 1263-беті, 1908 ж. 15 январьдағы мәжіліс).

Мұндай субъект халықтың сана-сезімін оятудың орнына оны *күңгірттендіреді,* өйткені көрінеу өтірік, мағынасыз сөз айтады. Сондықтан бұл Шингарев мырза, өзінің бүкіл саясат құмар кадеттік сыбайластарымен бірге, өз «дипломатиясының» «пайдасына» шын сенетін болса да, бұл сөзсіз қорытындыны біз қайткенде де өзгерте алмаймыз. Демократ халықтың санасын топастандырмай, *саяси күрестің өзін* заңдарды *кеңселік түзеуге* әкеп сайып бұрмаламай, парламенттің праволары мен монархтың ерекше праволарының арасындағы *шыңырауды* халық алдында айқындап ашып отыруға тиіс. Мәселені *әлгіндей* қою арқылы кадеттер бостандық жолындағы, ең болмаса тіпті жалғыз ірі буржуазияның

бостандығы жолындағы күрескерлер емес екенін, ал патша чиновниктері мен октябристердің бәсекелестері екенін *іс жүзінде* көрсетіп отыр. *Әлгіндей* деп *парламенттік оппозицияның* өкілдері емес, пасықтықпен ымырашылдыққа салынушы чиновниктер ғана айтады.

Социал-демократияның өкілі 2-Покровскийдің сөйлеген сөзінен көрінеу *басқа* рух сезіледі, мәселе *принципті түрде* басқаша қойылады, біз мұны қуанышпен мойындауымыз керек. Социал-демократ III Думадағы халық өкілдігін өзінің *өңі айналдырылған нәрсе* деп танитындығын тура және ашық айтты (біз цитатты 18 январьдағы *«Столичная Почтадан»* алып отырмыз, өйткені бұл мәжілістің стенографиялық есебі біздің қолымызда әлі жоқ). Ол ұсақ-түйекті емес, заңның кеңселік тарихын емес, қайта халық бұқарасының, миллиондар мен ондаған миллиондардың күйзелген және езілген жағдайын атап көрсетті. Ол «Мемлекеттік думаның бюджеттік праволары туралы мысқылсыз айтуға болмайды», біз бүкіл бюджетті қайтадан кесіп-пішу правосын ғана емес (табысты орны бар чиновник Коковцов табысты орны жоқ чиновниктерге — Шингарев пен Аджемовқа қарсы Думада «қайтадан кесіп-пішудің» мүмкіндігі және *шектері* туралы мәселе жөнінде бәрінен де көп дауласты), оның үстіне «барлық финанс жүйесін қайтадан құру», «үкіметке бюджет бермеуді дауысқа қою» правосын да талап етеміз деп дұрыс мәлімдеді. Ол сөзін жұмысшы партиясының мүшесі үшін дұрыстығы мен міндеттілігі бұдан кем соқпайтын «халықтың толық өкімет билігін» талап етумен аяқтады. Осы тұрғыдан алғанда Покровский социал-демократиялық көзқарасты адал және дұрыс қорғады.

Бірақ ол бұл арада өкінішті қате жіберді,— газет хабарларына қарағанда, өз шешеніне сондай нұсқау беріп,— *бүкіл* социал-демократиялық фракция осындай қате жасады. Покровский былай деп мәлімдеді: *«Біз халық өкілдігінің бюджеттік праволарын кеңейтуге бейім ұсыныс ретінде 40-тың ұсынысын қолдаймыз».*

Принцип жағынан көрінеу ұстамсыз, көрінеу толық емес, көрінеу принципсіз және зәредей де беріктік көр-

сетуге қабілетсіз адамдар қол қойған ұсынысты,— практикалық жағынан көрінеу түкке тұрғысыз ұсынысты қолдау туралы бұл мәлімдеменің не керегі бар еді? Бұл — күресіп жатқан буржуазияны қолдағандық болған жоқ (көптеген адамдардың өздерінің саяси жігерсіздігін ақтауға тырысатын формуласы), қайта либерал-октябристік буржуазияның *тұрлаусыздығын* қолдаушылық болды. Және мұның осылай екенін — мұны *фактілер* сол сәтте-ақ дәлелдеді. Өз ұсыныстарын дауысқа қоюдан *қайтып алып* және октябристердің: «комиссияға тапсырылсын, *заңды өзгертудің аумағына қол сұғылмасын»* (!) деген ұсынысына *қосылып,* мұны кадеттердің өздері дәлелдеді. Кадеттерді жүзінші және мыңыншы мәртебе «қолдау» қолдаушыларды алдауға апарып соқты. Бағыт бойынша жүретін либералдық, кадеттік ұсыныстарды қолдаушылық және т. т. тактикасының барлық сорлылығын, барлық жолсыздығын фактілер жүзінші және мыңыншы мәртебе ашып берді*.

Егер кадеттер октябристерге қосылудың орнына Думаның финанс мәселелеріндегі дәрменсіздігі туралы, халық өкілдігінің өңі айналдырылғаны туралы, елді самодержавиенің күйзелтіп отырғаны және финанстық күйреудің болмай қоймайтыны туралы, демократия өкілдерінің мұндай жағдайларда заем үшін кепіл болудан бас тартатыны туралы ашық және нақты айтатын мәлімдемені *дауысқа* қойса,— онда бұл буржуазиялық демократтардың адал қадамы болар еді,— топастықпен істелген малайлық әрекет емес, күресу әрекеті болар еді. Өзіміздің социал-демократиялық мақсаттарымызды ерекше және дербес түрде ескертуді ұмытпастан, біз мұндай әрекетті қолдауға міндетті болған болар едік. Және мұндай әрекет халық санасын ояту және самодержавиені әшкерелеу ісіне пайдасын тигізген болар еді.

---

* «Бассыз» газет «Столичная Почта» Сатурин мырза дейтін біреудің айтуымен былай деп мәлімдеді: «оппозиция оны жақтап» (октябристік қарарды жақтап) «әбден орынды (!) дауыс берді. Осының арқасында түзету» (яғни өзгертудің аумағын күні бұрын белгілемейтін қарар) «бір ауыздан қабылданды да» (18 январь, 4-бет, «Мәжіліс залынан»). Россияның бассыз либералдарының октябристермен және қаражүздік патшаның министрлерімен бірауыздылығы жасасын!

Мұндай мәлімдемені Думаның өткізбеуі, қаражүздіктің мұндай ұсынысқа қарсы құтырына жанжал шығаруы демократияның сіңірген тарихи еңбегі болар еді және бостандық жолындағы жаңа күрестің ықтимал кезеңі болар еді. Ал қазір кадеттер өздерін тағы да *сәтсіздікке ұшыратты*. Думадағы социал-демократ жолдастар! Социалистік жұмысшы партиясының абыройын сақтаңдар, бұл сияқты либерализмді қолдау арқылы өздеріңді сәтсіздікке ұшыратуға жол бермеңдер!

Жүгенсіз кеткен бір оңшыл Думада октябристердің тактикасынан — алауыздықтарды бүркемелеу, кадеттерді келісім жасауға қызықтыру тактикасынан шегінді. Қаражүздік Коваленко кадеттердің жобасын комиссияға да енгізбеу керек деп Мемлекеттік думада 12 январьда тура айтты (стенографиялық протоколдардың 1192-беті). Бірақ бұл сабазың, сірә, октябристермен бірге дауыс берген болса керек: ол сөз жүзінде ғана батыр болып шықты. Өзінің сөйлеген сөзінде ол істің *шын* жағдайын *тамаша* суреттеп, ерекше уәкілдіктер керектігін дәлелдеу үшін мынадай мысал келтірді: «Мәселен, Москвада болған көтерілісті, жазалаушы отрядтардың жіберілуін айталық. Ол кезде үкіметтің дағдылы тәртіпті сақтауға уақыты болып па еді...» (1193-бет). Қаражүздіктерден шыққан шындықтың осындай ұшқындарын социал-демократтардың *аңғармайтыны* өкінішті. Сіздің айтқаныңыз дұрыс, депутат әріптес,— деу керек еді оған. Бұл арада дағдылы тәртіпті сақтауға мұрша жоқ. Біздердің «дағдылы тәртіпті» емес, қайта *азамат соғысын* бастан кешіріп жатқанымызды, үкіметтің басқарып отырмағанын, қайта соғысып жатқанын, Россияның халі әрең тежеліп отырған көтеріліс халі екенін екіжүзділікті ысырып тастайық та тура мойындайық. Бұл шындық болады, ал шындықты халықтың есіне жиірек салып тұрған пайдалы![149]

«Социал-Демократ» № 1, февраль, 1908 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

«ДУМАНЫҢ БЮДЖЕТТІК ПРАВОЛАРЫН КЕҢЕЙТУ ТУРАЛЫ АЙТЫСТАР ЖӨНІНДЕ» ДЕГЕН МАҚАЛАҒА ПОСТСКРИПТУМ

Қазіргі уақытта Дума бюджеттің өзін талқылауға кірісті. Реакционерлердің халық бостандығының жалған оппозицияшыл сатқындарымен блогы жарыс сөздің бірінші күні-ақ өзін көрсетіп үлгерді. Жария баспасөзде де жағдай осындай: нововремяшылдар «солшыл фанатиктерден», социал-демократтар мен трудовиктер деп оқыңыз, басқалардың *бәрінің* бірігуін құттықтауда... Бассыздардың «Наша Газетасының»[150] қуанышы қойнына сыймайды. «Бюджетті жеке сметалар бойынша қараудың кемістігімен» «ымыраластыратын» «іскерлік» күні...

«Оппозиция» ашық реакцияның көшіне ілесіп келе жатыр. Бұл арада нақ жұмысшы табы мен демократияның депутаттарына тоналып жатқан халықтың шын өкілдері болу жөнінде жауапты және құрметті роль жүктеледі. Қырсыққанда, біздің думадағы жолдастардың бюджет жөніндегі бастапқы сөйлеген сөздері өте сәтсіз, тым қате. «Пролетарийдің» ең таяудағы номерінде біз бұл қателерді егжей-тегжейлі әңгіме етеміз, сөйтіп бюджет жөніндегі жарыс сөздерде және дауыс беруде социал-демократтардың біздің тұрғыдан қарағанда ұстауға тиісті бағытын белгілейміз[151].

«Пролетарий» № 27,
(8 апрель) 26 март, 1908 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КОММУНАНЫҢ САБАҚТАРЫ [152]

1848 жылғы революцияны аяқтаған мемлекеттік төңкерістен кейін Франция 18 жыл наполеондық режимнің езгісіне түсті. Бұл режим елді экономикалық күйзеліске ғана емес, оның үстіне ұлттық қорлаушылыққа дейін де жеткізді. Ескі режимге қарсы көтерілген пролетариат өзінің алдына екі міндетті — жалпы ұлттық және таптық міндеттерді: Францияны Германияның шапқыншылығынан азат ету және жұмысшыларды капитализмнен социалистік жолмен азат ету міндеттерін қойды. Коммунаның өзіндік айрықша белгісі де — екі міндеттің осылайша орайласуында.

Буржуазия ол кезде «ұлттық қорғаныс үкіметі» болып алды, сондықтан жалпы ұлттық тәуелсіздік үшін пролетариат буржуазияның басшылығымен күресуге тиісті болды. Шынына келгенде бұл үкімет Париж пролетариатымен күресуді өзінің міндеті деп білген «халыққа опасыздық жасау» үкіметі болған еді. Бірақ патриоттық жалған үміттерге әбден ден қойған пролетариат мұны байқамады. Патриоттық идея өзінің бастамасын сонау XVIII ғасырдағы Ұлы революциядан алған-ды; ол өзіне Коммуна социалистерінің ақыл-ойын бағындырды; мысалы, күмәнсыз революционер және социализмнің жалынды жақтаушысы Бланки де өз газетіне *«Отанға қауіп төнді!»* деген буржуазиялық байбаламнан басқа қолайлы ат таба алмады.

Француз социалистерінің қатерлі қатесі осы қарама-қарсы міндеттерді — патриотизм мен социализмді —

орайластыруда болды. Интернационалдың Манифесінде-ақ, 1870 ж. сентябрьде, Маркс француз пролетариатын ұлттық жалған идеяға әуестенуден сақтандырған болатын[153]: Ұлы революция кезінен бері зор өзгерістер болды, тап қайшылықтары шиеленісе түсті, егер ол кезде бүкіл Европаның реакциясына қарсы күрес бүкіл революциялық ұлтты біріктірген болса, енді қазір пролетариат өз мүдделерін басқа, өзіне жау таптардың мүдделерімен біріктіре алмайды; ұлттық қорлаушылық үшін буржуазия жауап берсін — пролетариаттың ісі еңбекті буржуазияның езгісінен социалистік жолмен азат ету үшін күресу болып табылады.

Сөйтіп, шынында да, буржуазиялық «патриотизмнің» шын астары кешікпей көрініп те қалды. Пруссактармен масқаралық бітім жасасқан соң, Версаль үкіметі өзінің тікелей міндетіне кірісті,— өзіне қорқынышты Париж пролетариатының қарулануына қарсы шабуыл жасады. Жұмысшылар бұған Коммунаны жариялаумен және азамат соғысымен жауап берді.

Социалистік пролетариат көптеген секталарға бөлінгеніне қарамастан, Коммуна буржуазия тек жариялай ғана алған демократиялық міндеттерді пролетариаттың бір ауыздылықпен жүзеге асыра білетіндігінің тамаша үлгісі болды. Өкіметті тартып алған пролетариат ешқандай ерекше күрделі заңдарсыз-ақ, жай ғана, іс жүзінде қоғамдық құрылысты демократияландырды, бюрократияны жойды, чиновниктерді халықтың сайлап қоюып жүзеге асырды.

Бірақ екі қате тамаша жеңістің жемістерінің түбіне жетті. Пролетариат жарым жолда тоқтап қалды: «экспроприаторларды экспроприациялауға» кірісудің орнына, ол елде жалпы ұлттық міндетпен біріктірілетін жоғары әділеттік орнату туралы армандарға еліктіп кетті; мысалы, банк сияқты мекемелер қолға алынбады, прудонистердің «әділетті айырбас» және т. с. жайындағы теориялары социалистер арасында әлі де үстем еді. Екінші қате — пролетариаттың шамадан тыс кең пейілділігі: өз жауларын қырып-жою керек еді, ал пролетариат оларға моральдық жағынан ықпал етуге тырысты, ол азамат соғысында таза соғыс қимылдарын жасаудың маңызын

елемеді, Версальға батыл шабуыл жасау арқылы өзінің Париждегі жеңісін баянды етудің орнына, тартынып қалды, сөйтіп Версаль үкіметінің қара түнек күштерді жинап алып, майдағы қан төгіс аптасына дайындалуына уақыт берді.

Бірақ қандай қателер жасаса да, Коммуна XIX ғасырдағы аса ұлы пролетарлық қозғалыстың аса ұлы үлгісі болып табылады. Коммунаның тарихи маңызын Маркс жоғары бағалады — егер Париж пролетариатының қаруына Версаль шайкасының опасыз шапқыншылығы кезінде жұмысшылар өз қаруын шайқассыз беріп қоя берген болса, онда пролетариат қозғалысына мұндай осалдық енгізген берекесіздіктің қатерлі мәні жұмысшы табының өз қаруын қорғаған шайқаста ұшыраған құрбандығының шығынынан сан есе ауырырақ болған болар еді[154]. Коммунаның құрбандықтары қаншама зор болса да, олардың орны Коммунаның жалпы пролетарлық күрес жолындағы маңызымен толады: Коммуна Европада социалистік қозғалыс толқынын туғызды, ол азамат соғысының күшін көрсетті, ол патриоттық жалған үміттерді сейілтіп, буржуазияның жалпы ұлттық талпыныстарына деген аңқаулық сенімді жойды. Коммуна Европа пролетариатын социалистік революцияның міндеттерін нақты қоюға үйретті.

Пролетариаттың алған сабағы ұмытылмақ емес. Жұмысшы табы ол сабақты Россияда декабрь көтерілісі кезінде пайдаланғанындай пайдалана береді.

Орыс революциясының алдындағы оны әзірлеген дәуірдің Франциядағы Наполеон езгісі дәуірімен кейбір ұқсастығы бар. Россияда да самодержавиелік топ елді экономикалық күйзеліс пен ұлттық қорлаушылықтың сұмдықтарына дейін жеткізді. Бірақ көп уақытқа дейін — әлеуметтік даму бұқаралық қозғалысқа жағдайлар туғызбай тұрған кезде және, өзінің бүкіл ерлігіне қарамастан, революцияға дейінгі дәуірде үкіметке қарсы оқшау жасалған шабуылдар халық бұқарасының енжарлығына тап болып, жеңіле берген кезде — революция көтеріле алмады. Тек социал-демократия ғана өзінің қажырлы және жоспарлы жұмысымен бұқараны күрестің жоғары формаларына дейін — жаппай бой көрсету-

лерге және қарулы азамат соғысына дейін жеткізе тәрбиеледі.

Социал-демократия жас пролетариаттағы «жалпы ұлттық» және «патриоттық» адасуларды аластай білді, ал содан кейін, социал-демократияның тікелей араласуымен патшаның қолынан 17 октябрь манифесі жұлып алынғаннан кейін, пролетариат революцияның болмай қалмайтын келесі кезеңіне — қарулы көтеріліске жігерлі түрде әзірленуге кірісті. «Жалпы ұлттық» жалған үміттерден арылған пролетариат өзінің таптық күштерін өзінің бұқаралық ұйымдарында — жұмысшы және солдат депутаттарының Советтерінде және т. с. жинақтай берді. Сондықтан, 1871 жылғы француз революциясымен салыстырғанда, орыс революциясының алдына қойған мақсаттары мен міндеттерінде орын алған айырмашылықтардың бәріне қарамастан, орыс пролетариаты күрестің сол Париж Коммунасы бастап берген тәсілін — азамат соғысын қолдануға тиіс болды. Париж Коммунасының сабақтарын есте сақтай отырып, орыс пролетариаты күрестің бейбіт құралдарын пролетариат елемеуге тиісті еместігін білді — күрестің бейбіт құралдары пролетариаттың жайшылықтағы, әдеттегі мүдделеріне қызмет етеді, олар революцияларды әзірлеу кезеңдерінде қажет болады — бірақ пролетариат мынаны да ешқашан ұмытпауға тиіс: тап күресі белгілі бір жағдайларда қарулы күрес пен азамат соғысы формаларына көшеді; пролетариаттың мүдделері ашық жауынгерлік шайқастарда жауларын мейірімсіз қырып-жоюды талап ететін кездер де болады. Мұны тұңғыш рет француз пролетариаты Коммунада көрсетті, ал орыс пролетариаты декабрь көтерілісінде тамаша дәлелдеп берді.

Жұмысшы табының бұл орасан зор екі көтерілісі басылғанмен — алда жаңа көтеріліс болады, оның алдында пролетариат жауларының күштері дәрменсіз болып шығады, бұл көтерілісте социалистік пролетариат толық жеңіске жетеді.

«Заграничная Газета» № 2,
23 март, 1908 ж.

«Заграничная Газетаның»
тексті бойынша басылып отыр

ӘДЕЙІЛЕП ЖАСАЛҒАН ПОЛИЦИЯЛЫҚ-ПАТРИОТТЫҚ ДЕМОНСТРАЦИЯ

Думада 27 февральда болған «үлкен парламенттік күн» біздегі буржуазиялық партиялардың әсерлі айтылған бір ауызды бағасына бөленді. Қаражүздіктер мен «Новое Времядан» бастап кадеттер мен «Столичная Почтаға» дейінгілердің бәрі де риза, бәрі де қуанышты, мәз, ал «Столичная Почта» «өлер алдында» (28 февральдағы номері) былай деп жазып үлгерді:

> «Жалпы әсер (27 февральдағы Дума мәжілісінен алынған әсер) өте жақсы»... «Орыс қоғамдық-мемлекеттік өмірінде тұңғыш рет үкімет сыртқы саясат мәселелері жөніндегі өз көзқарастарымен елді ашық таныстырып отыр...»

Біз де былай деп мойындауға дайынбыз: үлкен парламенттік күн қаражүздіктердің, үкіметтің, либералдардың және «Столичная Почта» тәрізді «демократтардың» тығыз бірлігін, «қоғамдық-мемлекеттік өмірдің» түбегейлі мәселелері жөніндегі бірлігін, «тұңғыш рет» болмаса да, әйтеуір өте-мөте айқын көрсетіп отыр. Сондықтан да барлық партиялардың осы күнгі және осы күн жайында ұстаған позициясымен зейін қоя танысу бізге сөзсіз қажет сияқты көрінеді.

Октябристердің үкіметтік партиясының лидері Гучков мырза. Ол Қиыр Шығыстағы істің шын жайын түсіндіруді «үкімет өкілдерінен өтініп» сұрайды. Ол Дума трибунасынан қаржы жұмсауды үнемдеудің, — мысалмен айтсақ, Токиодағы елшіге жылына 60 000 сом берудің орнына 50 000 сом берудің — маңыздылығын түсіндіреді. Ойнамаңыз, біз реформа жасап жатырмыз! Ол Қиыр

Шығыс саясаты туралы, Жапониямен соғысу қаупінің төнгені туралы қорқынышты хабарлар «баспасөзден орын алып отыр» дейді. Әрине, Россия баспасөзінің тұмылдырықтаулы екенін капиталистердің көсемі айтпайды: мұны айтудың керегі не? Программада баспасөз бостандығы тұра берсін. Бұл «европалық» партия үшін қажет. Бірақ баспасөзге ауыз аштырмаушылыққа қарсы іс жүзінде *күресуді,* Россияның беделді баспасөз органдарының көріне сатқындығын ашықтан-ашық әшкерелеуді алсаңыз,—мұны Гучков мырзадан, сондай-ақ Милюков мырзадан да күту кісі күлерлік нәрсе. Оның есесіне Гучков мырза ішкі саясат пен сыртқы саясаттың байланысы туралы шындықты айтты, яғни 27 февральда Дума істеген комедиялық әрекеттің шын астарын айтып қойды.

«Біздің тыныштандыру және татуластыру жолымен тез ілгерілеп келе жатқан жағдайымыздың өзі, — деп жариялады ол,— өз мүдделерін (Россияның) қорғап қалу әрекеті осы жолы сөзсіз нәтижелі болатынын біздің дұшпандарымызға көрсетуге тиіс». Қаражүздіктер мен октябристер қол шапалақтайды. Өйтпегенде ше! Талқыланып отырған мәселенің және Извольский мырза арқылы айтылған үкіметтің барлық салтанатты сөздерінің *түйіні* біздің дарға асқыш Муравьевтердің контрреволюциялық саясатын татуластыру және тыныштандыру ісі деп жариялауда екенін олар әуел бастан-ақ жақсы түсінетін. «Сыртқы жаудың» алдында «өз мүдделерін қорғап қалу әрекеттерінің» табысты болуын қамтамасыз ету үшін аз ғана бүлікшілерді (не бары жүз миллион шамасындағы шаруалар мен жұмысшыларды!) татуластырып және тыныштандырып жатқан «бір тұтас Россия» тұрғанын Европаға және бүкіл дүние жүзіне көрсету керек қой.

Иә, Гучков мырза *өзіне* керек нәрсені, біріккен помещиктер мен капиталистерге керек нәрсені айта білді.

«Солшыл» октябрист, кадеттердің үміт артатын кісісі, қоғамның өкіметпен татулығын жақтаушылардың сенім артатын адамы профессор Капустин Гучковтың саясатын мәймөңкелеген жиіркенішті либералдық екіжүзділікпен мадақтап, оны қостай жөнелуге асықты. «Халық

қаржысын біздің үнемдеп отырғанымыз туралы даңқтың (Дума жөнінде) жайылуына жасағанның өзі жар болсын». Елшіге жылына елу мың сом қалдыру бақандай он мың сомды үнемдегендік емес пе? «Россия бастан кешіріп жатқан маңызды және ауыр кезеңді түсіне отырып, біздің жоғары ұлықтарымыз көрсететін» «тамаша үлгі» емес пе бұл... «Біз ел өмірінің нағыз әр алуан салаларында түбегейлі реформалар жасауымыз керек, ал бұған мол қаражат қажет».

...Иудушка Головлев бұл парламентарийдің шаңына да ілесе алмайды! Жоғары ұлықтардың тамаша үлгісіне тамсана таңданған профессор Дума трибунасында... Бірақ либералдар мен буржуазиялық демократтардың өзі бұл құлдық ұрушылықтан ұзап кете алмай отырғанда октябрист жөнінде не айтуға болады.

Сыртқы істер министрі Извольский мырзаның сөйлеген сөзіне көшейік. Оған тек, әрине, Капустиннің дапдайын етіп әкелгені секілді сылтау ғана керек болып отыр еді. Сондықтан министр шығындарды азайту,— немесе «өздерінің қаражаты жоқ» елшілерге көмектесу үшін штаттарды қайта қарау қажеттігі туралы көбірек айтты. Извольский екінші Николайдың рұқсатымен сөйлеп тұрғанын атап өтті және «Россияның Азиядағы қазіргі жерлерін баянды ету үшін және оларды жан-жақты өркендету үшін өзінің материалдық та, руханп да күштерінің бәрін жұмсайтын орыс халқының күшін, парасатын және патриотизмін» мадақтай сөйледі.

Сарай маңындағы сұрқиялар оған не айт деп тапсырса, министр соны айтты. Сөз оппозицияның лидері Милюков мырзаға берілді. Ол бірден-ақ былай деп мәлімдеді: «Халық бостандығы партиясы атынан осында қатысып отырған фракция сыртқы істер министрінің сөзін әбден қанағаттанғандықпен тыңдады және орыс сыртқы саясатына қатысты мәселелерді елдің өкілдік жиналысы алдында түсіндіріп берген оның бірінші сөзін құттықтауды өзінің борышы деп санайды. Қазіргі кезде... орыс үкіметі... өзінің жоспарларын жасағанда орыс қоғамдық пікіріне сүйенуі керек екені күмәнсыз».

Шынында да, бұл әбден күмәнсыз. Контрреволюция үкіметі өзінің жоспарларында шетелде орыс қоғамдық пікірі деп танылуы (немесе көрсетілуі) мүмкін нәрсеге сүйенуі қажет. Бұл әсіресе заем алу үшін қажет, бұл заемсыз патша өкіметінің халыққа қарсы көп жылдар бойына үнемі және жаппай зорлық шаралар қолдануға арналған бүкіл столыпиндік саясаты сәтсіздікке ұшырап, күйрегелі тұр.

Милюков мырза Извольский, Гучков мырзалардың және К⁰-нің салтанатты көрінісінің нағыз мәніне таяп келді. Бұл көріністі екінші Николайдың қаражүздік шайкасы әдейі істеген еді. Бұл полициялық-патриоттық демонстрацияның әрбір ұсақ-түйегі күні бұрын ойластырылған болатын. Думалық қуыршақтар самодержавие сұрқияларының әуенімен комедия жасады: батыс европалық буржуазияның қолдауынсыз екінші Николай таққа отыра алмайды. Оңшылы бар, *солшылы* бар, бүкіл россиялық буржуазияның *бәрін* өздерінің үкіметке, оның «бейбітшілік саясатына», оның беріктігіне, оның татуластыруға, тыныштандыруға деген ниеті мен қабілетіне сенетінін салтанатты түрде білдіруге көндіру керек. Бұл вексельдегі бланк жазуындай-ақ керек болды. Осы үшін кадеттерге неғұрлым «сүйкімді» Извольский мырзаны пайдаланды, бұл үшін халық ақшасын үнемдеп жұмсау туралы, реформалар туралы, үкіметтің еш нәрсені де түсіндіргісі келмегені және түсіндірмегені жұрттың бәріне айқын болса да, оның сыртқы саясатты «түсіндірмек болып» «ашық» сөйлеуі туралы осы масқара екіжүзділіктің бәрі әдейі істелді.

Ал либералдық оппозиция елпең қағып, қаражүздік-полициялық монархияның қолындағы қуыршақтың ролін атқарды! Думаның буржуазиялық азшылығы тарапынан шындықты батыл мәлімдеудің үлкен роль атқаратындығы, сөйтіп мұның өзі, үкіметтің жаңа жазалаушы экспедициялар үшін, дарға асу үшін, түрмелер мен күшейтілген күзеттер үшін миллиардтаған қаржы алуына бөгет жасайтындығы (немесе қиындататындығы) күмәнсыз болып отырған кезде,— кадеттер партиясы аса құрметті монархтың «аяғына жығылып», жарамсақтық істеуге тырысты. Милюков мырза өзінің патриотизмін

көрсетіп, жарамсақтана берді. Ол қайдағы бір ауыз бөлмелерден Извольский либерал деген мәліметтер жинап алғанына сүйеніп, сыртқы саясаттың білгірімін деп мардымсиды. Милюков мырза бүкіл кадеттер партиясының атынан патша министрін салтанатты түрде «құттықтап» және екінші күні-ақ барлық европалық газеттер дәл бұйрықпен айтқызғандай: Дума бір ауыздан (социал-демократтардан басқасы) үкіметке сенім білдірді, оның сыртқы саясатын мақұлдады... деп айтатындарын жақсы біле тұрса да, вексельге әдейі қол қойып отыр.

Германияда отыз жылдан астам, ал Францияда тіпті жүз жылдан астам уақыт керек еткен эволюцияны, бостандықтың жақтаушысы болудан абсолютизмнің жасық және опасыз жәрдемшісі болуға дейін жеткен эволюцияны, орыс либерализмі үш жыл ішінде басынан өткерді. Буржуазияның қалтаға қысым жасау, ақша алуды қиындату, жаңа заем алуға жасалған «оңай» жолдарды бұзу мүмкіндігі сияқты күресте қолданатын өзіндік қаруы бар, — бұл қаруды кадеттер орыс революциясында сан рет пайдалана алатын еді. Бірақ әрдайым, 1906 жылдың көктемінде де, сондай-ақ 1908 жылдың көктемінде де, олар өз қаруын жау қолына өздері берді, ойраншылардың қолын сүйіп, ниеттерінің түзулігіне ант-су ішті.

Струве мырза осы практикаға тиянақты теориялық тірек жасауға дер кезінде қам істеді. Шындығына келгенде «Черносотенная Мысль»[155] деп аталуға тиісті «Русская Мысль» журналында Струве мырза «Ұлы Россия» идеясын, буржуазиялық ұлтшылдық идеясын қазірдің өзінде-ақ уағыздай бастады, «интеллигенцияның мемлекетке дұшпандығын» жерден алып, жерден салып, «россиялық революционизмді», «марксизмді», «азғындықты», «тап күресін», «ескірген радикализмді» мың да бір мәртебе күйретеді.

Орыс либерализмінің осы идеялық эволюциясына біз тек қуана аламыз. Өйткені іс жүзінде бұл либерализм *қазірдің өзінде* орыс революциясында Струве мырзаның оны үнемі, тұтас, ойластырылған, «философиялық» еткісі келгеніндей *болып шығып отыр.* Әбден қалыптасқан және ел өмірінің аса маңызды кезеңдерінде контрреволюциялық әрекет істеген тап бар болып отырғанда, дә-

йекті контрреволюциялық *идеология* әзірлеу мәселенің түйіні болып табылады. Буржуазияның таптық орны мен таптық саясатына сәйкес келетін идеология жұрттың бәріне және әркімге кадеттердің «демократизміне» сенудің қалдықтарын жоюға көмектеседі. Ал бұл қалдықтарды жойған пайдалы. Россияны демократияландыру жолындағы шын бұқаралық күрес ісінде алға баса алатын болу үшін оларды жою қажет. Струве мырза ашықтан-ашық контрреволюциялық либерализмді тілеп отыр. Біз де соны тілейміз, өйткені либерализмнің «ашықтан-ашық болуы» демократиялық шаруалардың да, социалистік пролетариаттың да сауатын бәрінен де гөрі жақсырақ ашады.

Думаның 27 февральдағы мәжілісіне қайта орала келіп, демократтың бірден-бір адал да өрелі сөзін *социал-демократтың* айтқанын көрсете кету керек. Депутат Чхеидзе трибунаға шығып, социал-демократиялық фракция заң жобасына қарсы дауыс беретіндігін мәлімдеді де, бұлай дауыс берудің дәлелдерін баяндай бастады. Бірақ ол: «Біздің дипломатиямыз Батыста әрқашан реакцияның тірегі болды және...» деп айта бастаған кезде-ақ председатель жұмысшы депутаттың аузын баса қойды.— «Тапсырма дауыс берудің дәлелдерін келтіруге ерік береді»,—деп күмілжіді кадеттер. «Дәлелдерге қоса форманың да маңызы бар»,—деп жауап берді III Думаның председателі деп аталған бандит.

Өз тұрғысынан оныкі дұрыс еді: әдейілеп жасалған полициялық-патриоттық демонстрацияны ұйымдасқан түрде өткізу ісінің тағдыры шешіліп жатқанда, тапсырманы сөз етуге мұрша бар ма?

Жұмысшы депутат бұл мәселе жөнінде оқшау тұрды. Оның сіңірген еңбегі де соғұрлым жоғары. Либерализмнің барлық опасыздықтарына, мещандықтың барлық ауытқуларына қарамастан — пролетариат демократиялық революцияның өсиеттерін қорғап қала білетіндігін көрсетуге тиіс және көрсетеді де.

«Пролетарий» № 25,
(25) 12 март, 1908 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

ЛИБЕРАЛДАРДЫҢ ХАЛЫҚТЫ АЛДАУЫ ТУРАЛЫ

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының соңғы, Лондон, съезінде буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселе талқыланып, тиісті қарар қабылданды. Мұның өзінде бұл қарардың либералдардың халықты *алдауы* туралы айтылған жері ерекше талас туғызды*. Біздің партиямыздың оң қанатындағы социал-демократтарға қарардың бұл жері мейлінше теріс болып көрінді. Олар тіпті былай деп: қарарда либералдардың халықты «алдауы» туралы айту, яғни бұл партияға (біздің алып отырған ретімізде кадеттік партияға) халықтың белгілі бір жіктерінің қосылуын бұл жіктердің таптық мүдделерімен түсіндірмей, парламентарийлердің, адвокаттардың, журналистердің және басқалардың белгілі бір топтары саясатының «адамгершілікке жатпайтын» тәсілдерімен түсіндіру тіпті марксистік түсіндіру емес деп мәлімдеді.

Шынына келгенде бұл сыпайы, сыпайы сияқты көрінетін маркстік бүркеніш жамылған дәлелдердің астарында пролетариаттың таптық дербестігін әлсірету және оны (іс жүзінде) либерал буржуазияға бағындыру саясаты жатқан еді. Өйткені кадеттердің соңынан ерген демократиялық ұсақ буржуазияның мүдделерін бұл мырзалар азды-көпті байыпты түрде қорғамайды, қайта өздерінің үкіметпен, октябристермен, патша самодержа-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 15-том, 419—420-беттер. *Ред.*

виесінің «тарихи өкіметімен» арадағы ымдасу және мәмлеге келу саясаты арқылы *сатып кетіп* отырады.

Бұл мәселені—барлық капиталистік елдердегі социал-демократиялық тактиканың негізгі мәселелерінің бірін — жаңа фактілермен айқындап көрсетуге Пруссия ландтагына (сейміне) жалпыға бірдей сайлау правосы үшін жүріп жатқан қазіргі күрес өте-мөте көңіл қоярлық материал береді. Герман социал-демократиясы осы күрестің туын көтерді. Берлиннің. Берлиннен кейін Германияның барлық ірі қалаларының пролетариаты көшеге шықты, ондаған мың халықтың орасан зор демонстрацияларын ұйымдастырды, кең көлемді бұқаралық қозғалысты бастады, ол қозғалыс қазірдің өзінде, бас кезінде-ақ, конституциялық өкімет орындарының күш жұмсау әрекеттеріне, әскери күш қолдануына, қарусыз бұқараны ұрып-соғуына әкеп соғып отыр. Күрестен күрес туады! Бұл зорлық-зомбылыққа революцияшыл пролетариаттың басшылары именбей және батыл жауап берді. Бірақ осы арада сайлау правосы жолындағы күресте демократиялық (және либерал) буржуазияға көзқарас туралы мәселе қалқып шыға келді. Осы неміс революцияшыл социал-демократтары мен оппортунистерінің (ревизионистерінің, Германияда оппортунистерді осылай деп атайды) арасында бұл мәселе жөнінде болған айтыстар либералдардың халықты алдауы туралы тақырыптағы біздің таластарымызға ғажап жақын.

Герман социал-демократиялық жұмысшы партиясының орталық органы *«Vorwärts»* бас мақала берді; оның мазмұны мен негізгі пікірі: «Сайлау правосы үшін күрес — тап күресі!» деген тақырыбынан-ақ айқын көрініп тұр. Күткеніміздей-ақ, бұл мақалада жалпыға мәлім социал-демократиялық ақиқаттардың ғана дұрыс формада баяндалғанына қарамастан, оппортунистер оны айтысқа шақыру деп қарсы алды. Айтыс басталды. Муниципалдық социализм саласындағы белгілі қызметкер Зюдекум жолдас «сектанттардың» бұл «тактикасына» қарсы, «пролетариатты оқшаулауға» қарсы, «социал-демократтардың қаражүздіктерді» (реакционерлерді — деп мұны немістер біршама жұмсартып айтады) «қол-

дауына» қарсы жорыққа батыл аттанды. Өйткені пролетариат пен либералдардың ортақ ісіне тап күресін енгізу неміс оппортунисі үшін де қаражүздіктерді қолдағандық болып шығады! «Қазіргі үш сатылы сайлаудың орнына Пруссияда жалпыға бірдей сайлау правосын енгізу қандай да болсын бір таптың ісі емес», деп жазды Зюдекум. Сөйтіп, ол мұның өзі «қала халқының аграрийлерге қарсы, демократияның бюрократияға қарсы, шаруалардың помещиктерге қарсы, батыс Пруссияның шығыс Пруссияға қарсы» (яғни елдің жалпы өнеркәсіпті және капиталистік алдыңғы қатарлы бөлегінің экономикалық жағынан мешеу бөлегіне қарсы) ісі деп көрсетті. «Енді мәселе, реформа достарының арасын ашатын басқа мәселелердің қандай болуына қарамастан, олардың бәрін осы пунктте біріктіруде болып отыр».

Мұның бәрі — буржуазиялық демократияның («қалалық демократия», шаруалар және т. б.) белгілі бір элементтерінің экономикалық жағдайы мен мүдделеріне меңзеуге дейін көрсетілген — ең таныс дәлелдер екенін, бұл арадағы костюм де айнымаған, ортодоксалды «маркстік» костюм екенін оқушы көріп отыр. Сондықтан немістің либерал-буржуазиялық баспасөзі социал-демократияны сектанттық жасады, қаражүздіктерді қолдады, реакцияны оқшаулай білмеді деп кінәлай отырып, үнемі, ондаған жылдар бойы осы әуенге басып отырғанын қосып айтып жатудың қажеті бола қояр ма екен.

Неміс революцияшыл социал-демократтары бұл пікірлерді қандай *дәлелдермен* теріске шығарды? Оқушылар — неміс істері жайлы «сырттан», «ашу-ызасыз және әділ» пайымдау үшін — бұл арада орын мен уақыттың ерекше жағдайларына меңзеу басым ба немесе марксизмнің жалпы принциптеріне меңзеу басым ба, соны көре алатын болу үшін біз олардың негізгі дәлелдерін атап өтелік.

Иә, біздің еркін ойлыларымыз өздерінің программаларында жалпыға бірдей сайлау правосын «талап етеді»,— деді *«Vorwärts»*. Иә, олар бұл туралы көпірме сөздерді қазір бар ынтасымен айта бастап отыр. Бірақ олар реформа үшін *күресіп* жүр ме? Керісінше, шын

халық қозғалысы, көше демонстрациялары, бұқара арасындағы кең үгіт, бұқараның ызалануы еркін ойлылардың жасыра алмай отырған қорқынышын, жек көрушілігін, ең жақсы дегенде, ілуде бір жағдайда немқұрайды қараушылығын туғызатынын біз көріп отырғанымыз жоқ па?

Буржуазиялық партиялардың программаларын, либерал мансапқорлардың банкеттердегі және парламенттегі сөздерін олардың шын халықтық күреске шындап қатысуынап ажырата білу керек. Парламенттік елдердің бәрінде буржуазиялық саясат құмар атаулылардың бәрі сөз жүзінде демократияны әрқашан өзеурей жақтағансып жүріп, демократияға опасыздық жасап келді.

Иә, «либералдық партияның (еркін ойлылардың) және центрдің *ішінде* жалпыға бірдей және тең сайлау правосына мүдделі элементтер, *сөзсіз,* бар»,— деді *«Vorwärts».* Бірақ буржуазиялық партияларды бастап отырған бұл элементтер емес, ұсақ қол өнершілер емес, жартылай пролетарлар емес, жартылай күйзелген шаруалар емес. Олар либерал буржуазияға еріп келеді, ал либерал буржуазия олардың сыртынан реакциямен келісімдер жасасып, олардың таптық санасын аздырып, іс жүзінде олардың мүдделерін қорғамай, оларды күрестен басқа жаққа бұрып әкетуге тырысып отыр.

Мұндай элементтерді жалпыға бірдей сайлау правосы жолындағы күреске тарту үшін олардың таптық санасын ояту керек, оларды тұрлаусыз буржуазиялық партиялардан бөліп алу керек. «Либерал (еркін ойлы) партияның ішінде бұлар, жалпыға бірдей сайлау правосына мүдделі осы элементтер, әрқашан уәделер бергіш келетін, әрқашан қайта-қайта *алдап кететін* дәрменсіз азшылық болады. Бұл элементтердің саяси жігері мүлдем күрмеулі. Сондықтан егер еркін ойлыларды немесе центрді мұндай сайлаушылардың дауыстарын олардан алып қоямыз деп қорқыту арқылы демократияға икемге келуге шынымен көндіруге болатын болса, онда буржуазиялық партияларды әлсірететін нақ осы тап күресі қобалжыған буржуазияны солға

қарай итермелеудің бірден-бір құралы болып табылады».

Өйткені еркін ойлылар социал-демократиядан гөрі реакцияны кемірек жек көретінін саяси фактілер әлдеқашан дәлелдеген болатын. «Сондықтан біз барлық буржуазиялық партиялардың барлық кінәсын аяусыз қатаң сынап қана қоймай, оның үстіне сайлау правосы туралы мәселе жөніндегі олардың опасыздықтарының бәрі де бұл партиялардың таптық сипатының заңды нәтижесі болып табылатынын анықтауға тиіспіз».

Біздің кадеттер өздерінің программасында қойылған демократиялық талаптар үшін «күресе» ала ма, әлде олар бұл талаптарды қойғанда либералдарға ерген мещандар мен шаруаларды октябристерге сатып кету үшін ғана қойып отыр ма деген мәселе бүгін болмаса ертең орыс социал-демократтарының алдына, бұл мәселенің революция барысында сан рет қойылғаны сияқты, қайта-қайта қойыла береді. Сондықтан біздің партиямыздың кейбір адамдарына *«Vorwärts»-тің* дәлелдеріне зер салу артық болмайды.

P. S. «Речь» газетінің 52-номерінен (1 марттағы) біз осы газеттің Берлиндегі тілшісі К. Д. мырзаның: «Неміс либерализмінің дағдарысы» деген мақаласын оқығанда бұл мақала баспаға беріліп қойылған еді. Автор *«Vorwärts»-тің* Зюдекуммен айтысына дағдылы сарынмен және біздің либерал бұрмалаушыларымыздың дағдылы тәсілдерімен ғана тоқталып өтеді. Екі жақтың да дәлелдерін баяндау, дәл цитаттар келтіру дегенді автор ойламайды да. Ол жай ғана былай деп мәлімдейді: «Ресми *«Vorwärts»* еретикті дереу сыртынан балағаттап, жүгенсіздену, әкіреңдеу сарыны жағынан аса ыңғайсыз бас мақаласында оны надансың, партия догматтарын кешірімсіз түрде ұмытасың деп айыптайды». Кадеттердің оны осылайша қорғауы Зюдекумнің өзіне «ыңғайлы» көрінетін-көрінбейтінін оқушының өзі-ақ ойлап көрсін. Бірақ буржуазия тарапынан мықты қолдауға және өз қимылдарын сүйсіне «мойындауға» кездесу — мұның өзі енді кез келген елдің ревизионис-

терінің тағдырына жазылған. Зюдекумдердің Струве мырзалармен одағын алатын болсақ,— біздің позициямыздың дұрыстығын дәлелдеу үшін бұдан да «ыңғайлырақ» бірдеңе табыла қояр ма екен.

«Пролетарий» № 25,
(25) 12 март, 1908 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЛИБЕРАЛИЗМНІҢ МАРКСКЕ БЕРГЕН БАҒАСЫ

Тургеневтің бір кейіпкері немістің ұлы ақынының өлеңін былайша қайта құрастырған екен:

Wer den Feind will versteh'n,
Muss im Feindes Lande geh'n

яғни: «кімде-кім өзінің жауын білгісі келсе, ол осы жауының еліне баруы керек» [156], жаудың әдет-ғұрпымен, салт-санасымен, ойлау және әрекет жасау әдістерімен тікелей танысуы керек деген екен.

Сондықтан Маркстің қайтыс болуының 25 жылдығын атап өтуге әр елдің ықпалды саяси органдарының, әсіресе оқушы көпшілікке ықпал жүргізу мүмкіндігін ресми, қазыналық, атақты, профессорлық ғылым атынан сөйлеу правосымен біріктіретін либералдық және «демократиялық» буржуазиялық газеттердің қалай қарағанына марксистердің көз жіберуі артық болмайды.

Шолуымызды «Русские Ведомостиден» бастайық. Бұл — ең сабырлы (және ең іш пыстырарлық), ең ғылыми (және қайнаған өмірден ең шалғай жатқан) профессорлық газет. Карл Маркстің қайтыс болғанына 25 жыл толуы жөніндегі оның (1 марттағы № 51) шағын мақаласында ысқаяқ, салқын сарын,—«қарапайымдар» мен «қарапайым еместердің» тілімен айтқанда «объективтілік» басым жатыр... Фактілер мен фактісымақтар — мақаланың авторы міне осылармен шектелуге тырысады. Әділ тарихшы ретінде ол Маркс-

ке,— ең болмағанда өткендегі еңбегі үшін, қазір күні өткен және осы өткендегі нәрсе ретінде айтуға болатын еңбегі үшін, тиісті бағасын беруге дайын. *«Русские Ведомости»* Маркcті «ерекше тұлға» деп те, «ғылымдағы ұлы» адам деп те, «пролетариаттың аса көрнекті басшысы», бұқараның ұйымдастырушысы деп те мойындайды. Бірақ бұл мойындау өткендегіге арналады: енді «жаңа жолдар шын қажет», яғни жұмысшы қозғалысы мен социализмнің «ескі марксизмге» ұқсамайтын жаңа жолдары қажет,—дейді газет. Ал нақ осы жаңа жолдар қандай жолдар екені жөнінде газет тура айтпайды — бұл профессорлар үшін тым нақты тақырып және «әдептілікпен үндемеу» өнерінің асқан шеберлері үшін тым «абайсыз» сюжет. Бірақ айқын тұспалдар жасалады: «Оның (Маркстің) жасағандарының көбін ғылыми талдау мен оқиғалардың қатал сыны бұзып кетті. Ғалымдардың ішінде оның бүкіл системасына адал қарайтын ізбасарлары атымен жоқ деуге болады; Маркстің рухани перзенті — герман социал-демократиясы —неміс социализмінің негізін салушылар белгілеген революциялық жолдан едәуір дәрежеде ауытқып отыр» дейді. Көріп отырсыздар: автор өте мардымсыз нәрсені, Маркcті ревизионистік тұрғыдан *түзеткісі* келетінін бүгіп қалғанын айтпай отыр.

Тағы бір беделді газет, Россия либерализмінің концертінде бірінші скрипкада ойнайтын саяси партияның органы *«Речь»*, Маркске анағұрлым шirағырақ баға береді. Ұстаған бағыты, әрине, сол *«Русские Ведомости»* бағыттас, бірақ ондағы көргеніміз қалың кітаптың алғы сөзі болса, мұнда —күнделікті оқиғалардың бәрін, қазіргі заман мәселелерінің бәрін бағалауда парламент трибунасынан сөйленетін толып жатқан сөздерге тікелей бағыт беретін саяси ұрандарды көреміз. «Карл Маркс және Россия» (2 марттағы № 53) деген мақаланы белгілі қашқын,—Россия интеллигенттерінің 25—30 жаста «марксшіл», 35—40 жаста либерал, ал одан кейін қаражүздік болатындарының үлгісымағы,—Изгоев мырза жазды.

Изгоев мырза социал-демократтардан либералдарға (оның өзінің мәлімдегеніндей және ол туралы ренегат-

тықтың асқан шебері Струве мырзаның мәлімдегеніндей) революцияның алғашқы ғажайып жеңістерінен кейін нығая бастаған контрреволюцияға қарсы ұзақ және табан тірескен күрестің нақ қиын кезеңі басталған кезде қашқан болатын. Мұның үстіне Изгоев мырза бұл жағынан нақ өзі секілді көптің бірі. Ол Маркске баға беруде профессорлық қылымсушылықтардың *кімнің пайдасына* шығатынын, бұл атағы бар «ғылымның» *кімнің қызметін* істейтінін тамаша түсіндіреді және көрсетеді. «Бұл саясатқұмар тактик,—деп күжілдейді Изгоев Маркс туралы,— ұлы ғалымға көп бөгет жасады және оны көптеген қателер жасауға мәжбүр етті». Негізгі қатесі, әрине, сол дұрыс, ақылға сыйымды, «көпшілік» (филистерлердің көпшілігі болар?) мақұлдаған *«эволюциялық* марксизмнің» үстіне дүниеге аса зиянды, ғылыми емес, қиялшыл және «халықшылдық бозасымен бұрмаланған» революцияшыл марксизм келді. Біздің либералды әсіресе *бұл* марксизмнің орыс революциясындағы ролі ызаландырады. Ойлап қана қараңызшы: нақ сол «буржуазиялық революцияны» жасау үшін пролетариат диктатурасына дейін немесе тағы да: «марксистердің аузында мүлдем құрғақ қиял болып шығатын пролетариат пен шаруалардың диктатурасына» дейін айтуға барып отыр. «Революциялық марксизмнің Россияда алуан түрлі сипаттағы большевиктердің оны меңгеріп алған формасында апатқа ұшырағаны таңданарлық емес». «...Дағдылы «буржуазиялық» конституцияны (мысқыл есебінде қойылған тырнақшалар Изгоев мырзанікі) бекіту туралы ойлауға тура келеді».

Идея тұрғысынан әбден әзір, саяси тұрғыдан кемелденген октябрисіңіз осы, ол апатқа ұшыраған кадеттердің келісімпаздық, опасыздық және сатқындық тактикасы емес, марксизм мен революциялық тактика дегенге кәміл сенеді!

Ілгері барайық. Орыс баспасөзінен неміс баспасөзіне — еркін жағдайда социалистік партиямен бетпе-бет келіп әрекет ететін, ондаған күнделікті органдарда өз көзқарастарын білдіріп отыратын баспасөзге көшейік. Германияның ең бай, ең көп тарайтын, ең «демократия-

лық» буржуазиялық газеттерінің бірі *«Frankfurter Zeitung»* (жаңаша 16 марттағы 76-номері *Abendblatt**) Маркстің қайтыс болуының 25 жылдығына үлкен бас мақала арнады. Неміс «демократтары» бірден мәселенің жанды жеріне жармасады. «Социал-демократиялық баспасөз бұл күні көптеген мақалаларында өзінің ұстазына құрмет көрсеткені өзінен-өзі түсінікті,— дейді бізге. — Бірақ тіпті бір ықпалды национал-либералдық газетте Маркс, әдеттегі ескертулермен болса да, ұлы адам деп танылған. Иә, әрине, ол ұлы адам еді, бірақ ол ұлы аздырушы болды».

Идеялық қаражүздіктің европалық либерализм деп аталатын түрінің бетке шығарлары билейтін газет Маркстің жеке басының адалдығына ешқандай да күдіктенбейтінін түсіндіреді. Бірақ оның теориялары өлшеусіз көп зиян келтірді. Қоғамдық құбылыстар саласына қажеттілік пен заңдылық деген ұғымдар енгізіп, моральдың маңызы мен біздің білімдеріміздің относительді, шарттылық сипатын теріске шығара отырып, Маркс ғылымға қарсы утопияның және өзінің сектант ізбасарларының нағыз «шіркеуінің» негізін қалады. Ал оның ең басты зиянды идеясы—*тап* күресі. Пәленің бәрі осында! Маркс *two nations* туралы, әрбір цивилизациялы ұлттың ішінде екі ұлттың болуы, «қанаушылар» ұлты мен «қаналушылар» ұлтының (бұл ғылыми емес сөздерді газет өлердей мысқылдайтын тырнақшаға алады) болуы туралы ескі нақылды шын етіп алған. Маркс қоғамдық өмірдегі «мақсат — күрес емес, келісім» деген өзінен-өзі түсінікті, айқын, дені сау жандардың бәріне ұғымды ақиқатты ұмытты. Маркс «халықты бөлшектеді, өйткені ол өз адамдарының басына: олар мен басқа адамдардың арасында ешқандай ортақ нәрсе жоқ, олар бір-бірімен өліспей бітіспейтін жаулар дегенді тоқпақтап құйып қойды».

«Көптеген практикалық талаптары жағынан буржуазияның көптеген адамдарымен келісетін социал-демократия олармен жақындасуға тырысқан болса,— деп сұрақ қояды газет,— одан асқан табиғи не болмақ? Бірақ нақ осы маркстік теорияның

* — Кешкі шығарылуы. *Ред.*

салдарынан ғана мұның өзі болмай отыр. Социал-демократия өзін өзі оқшаулап тастады. Біраз уақыт бойы бұл тұрғыдан принципті өзгеріс болады деп ойлауға болатын еді. Бұл ревизионистер өз пауқанын бастаған кезде болған еді. Бірақ бұл қате болып шықты, ал енді айта кетейік, ревизионистер мен біздердің арамыздағы айырмашылық сол, біз бұл қатені түсіндік, ал олар түсінбей отыр. Ревизионистер кейбір жағдайда Марксқе сүйене отырып-ақ, басқа партия болуға болады деп ойлайды, осы күнге дейін солай ойлайды. Бос үміт. Маркстi не түгелімен бойға сіңіру керек, не мүлдем лақтырып тастау керек, ал бұл арада жартыкештікпен ештеңе істей алмайсың...».

Дұрыс-ақ, либерал мырзалар! Сіздердің кейде абайламай дұрысын айтып қалатын кездеріңіз де болады-ау!

«...Социал-демократия Маркстi құрмет тұтып тұрған кезде, бұған дейін тап күресі идеясынан және онымен бірге тұру міндетін тым қиындатып жіберетін басқа нәрселердің бәрінен ол арылмайды... Марксизмнің саяси-экономикалық теорияларының бірде-бірі дұрыс болып шықпады дегенге оқымыстылар әлемі қосылады...».

Солай. Солай. Сіздер буржуазиялық ғылымның, буржуазиялық либерализмнің және оның бүкіл саясатының мәнін тамаша етіп айтып бердіңіздер, мырзалар. Сіздер Маркстi бөлшектеп бойға сіңіруге болмайтынын түсінгенсіздер. Ал Изгоев мырзалар мен Россия либералдары мұны әлі түсінбей отыр. Көп кешікпей олар да түсінеді.

Ал енді, қорытындысында, буржуазиялық республиканың консервативтік органы *«Journal des Débats»*-ке[157] тоқталып өтейік. Газет 15 марттағы номерінде юбилей жөнінде былай деп жазды: социалистер, осы «жабайы теңгермешілер», өздерінің ұлы адамдарына табынуды уағыздайды, «буржуазияны жек көрген» Маркс ілімінің ең басты зияны, бұл — *таптар* күресінің теориясы. «Ол жұмысшы таптарына келісімдерге келіп отыратын уақытша жанжалдарды уағыздаған жоқ, қайта қасиетті соғысты, қырып-жою, экспроприациялау соғысын, коллективизмнің жер ұйығы жолындағы соғысты уағыздады... жан түршігерлік утопия...».

Өздерінің жапды жеріне бірдеңе шындап тиіп кете қалса, буржуазиялық газеттер жақсы жазады. Сондық-

тан пролетариаттың бүкіл дүние жүзіндегі либерал жауларының идеялық бірлігі қалыптасып, бекіп келе жатқанын көргеніңде, өмір сүру де қызығырақ бола түседі—өйткені бұл бірлік миллиондаған халықаралық пролетариаттың бірігуі кепілдерінің бірі болып табылады, ал халықаралық пролетариат өзінің жер ұйығын қалай да жеңіп алады.

«Пролетарий» № 25,
(25) 12 март, 1908 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

РСДРП ҮШІНШІ («ЖАЛПЫ РОССИЯЛЫҚ ЕКІНШІ») КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР

21—23 ИЮЛЬ (3—5 АВГУСТ), 1907 ж.

1

БОЙКОТҚА ҚАРСЫ СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗДІҢ КОНСПЕКТІСІ

1. Максимовтың негізгі пункттерімен келісемін[158].
2. Алауыздық *одан әрі:* ал II Думадан кейін ше?

бұқара «революция аяқталды» деп түсінеді[159]

3. Революциялық дәстүрлер және оларға марксистердің көзқарасы.
   (Ұлттық революциялық соғыс.)
4. Өрлеу және конституциялық жалған үміттер. Революциялық жолдың жалғасы және революцияға *жаңа* бет бұрыс.
   Революциялық дәстүрлерді қайталау.
   Қате тактика.
5. Ескі бойкот жоқ. Жаңа, белсенді емес бойкот революциялық социал-демократиямен байланысты емес (Либкнехт және Пруссия ландтагы).

Максимов: «революциялық күштерді ұйымдастырудың орталығы»...

6. Орталық өнеркәсіпті аудандағы бұқаралық стачкалық қозғалыс және оған көзқарас. Саяси қозғалысқа айналдыру etc.

7. Бойкот көзге қоқым түскен сияқты зиянды: кәсіби өрлеуді саяси және революциялық өрлеуге айналдыру. Тек сонда ғана бойкот туралы айтуға болады.

5bis **ұмытыппын:** Сонда қатысуды жақтаған дәлелдері қандай?? Стокгольм және Лондон қарарларын салыстыр[160].

2

III МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА САЙЛАУЫНА ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАР ЖОБАСЫНЫҢ БАСТАПҚЫ НОБАЙЫ *

*Considérants***:

1. Бойкоттың табысты болуының және бұл ұранның дұрыстығының шарттары:

α) кең, жаппай және шапшаң революциялық өрлеу

β) ескі өкімет революцияда 1-өкілдік жиналыс шақырған күнде конституциялық жалған үміттерге қарсы күресудің идеялық міндеті.

2. Революциялық дәстүрлерді сақтау міндеті ерекше жағдайларда маңызды болған революциялық ұрандарды жай ғана қайталап қоюды емес, сонымен қатар оларды қолдану жағдайларына талдау жасауды талап етеді.

3. Сондықтан реакциялық шабуылдың жалғасып отырғандығы себепті алдағы уақытта жаңа өрлеу дамығанға дейін III Думаға бойкот жариялауға негіз жоқ***.

4. Тоқымашылар ереуілі және өрлеудің басқа кезеңдері бойкот ұранын (=қарулы көтеріліске ілесіп жүретін ұранды) емес, қайта саяси және революциялық дамуды талап етеді. Әйтпесе, бойкот ұраны көзге қоқым түскен сияқты *зиянды*.

---

* Қараңыз: осы том, 55—56-беттер. *Ред.*

** — Дәлелдер, негіздер. *Ред.*

*** Қолжазбада екінші және үшінші пункттер сызылып тасталған. *Ред.*

Қорытындылар:

А) Сайлау науқанында және Думаның өзінде революциялық социал-демократияның ұрандарын түгелімен қорғай отырып, сайлауға және III Думаға қатысу жөнінде жұмыс жүргізу керек.

Б) Бұқараға 1907 жылғы 3 июньнің 1905 жылғы декабрьмен және буржуазияның опасыздығымен байланысын түсіндіру қажет, экономикалық күрестің жеткіліксіздігін корсете отырып, оны саяси және революциялық тегеурінге айналдыра беру керек, ал бұл тегеурін қарулы көтеріліске ұласуға тиіс және тек осының негізінде ғана бойкот ұранының елеулі маңызы бола алады.

3

III МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА САЙЛАУЫНА ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРДЫҢ ТҰТАС АЛҒАНДАҒЫ КОНСПЕКТ-ЖОСПАРЫ

I 1) Революцияның міндеттері шешілген жоқ, күштер әлсіретілген жоқ

2) тыныштанған сияқты көрінгенімен күш жиналып жатыр

3) бойкотизм дегеніміз революциялық пиғыл және III Думаның контрреволюциялық сипатын дұрыс бағалау

— пролетариаттың экономикалық және саяси күресі мен бұқаралық бой көрсетулерін ұлғайту.

II (1) Жаппай өрлеу жағдайында немесе конституциялық жалған үміттермен күрес жағдайында (I және II Думалар тұсында болған сияқты) ғана бойкот дұрыс болар еді

(2) II Дума кезіндегіден бері елеулі өзгерістер болған жоқ...

(3) орыс революциясының II кезеңінің сабағы

— (а) қатысу керек

(б) реакциямен де, либералдармен де күрес жүргізу керек.

4

III МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА САЙЛАУЫНА ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРДЫҢ ЕКІНШІ БӨЛІМІ ДӘЛЕЛДЕРІНІҢ БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ПУНКТТЕРІ

Бірақ, екінші жағынан, (а) ескі өкіметке тікелей шабуыл жасаумен ұштасқан кең көлемдегі, жаппай және жедел революциялық өрлеу болып отырған жағдайда ғана, немесе елге тарап кеткен конституциялық жалған үміттермен күресу мақсатын (Булыгин және Витте Думаларына бойкот жасаған кездегідей) көздегенде ғана бойкот жасау тактикасы дұрыс болар еді деп табады; (б) — сондай-ақ, революциялық социал-демократия II Думаға қатысқан кездегі жағдайларда елеулі өзгерістер болған жоқ, өйткені жаңа сайлау заңы кадеттерше сөйлеп, октябристерше әрекет еткен Думаны ашық октябристік Думамен ауыстыруды ғана көздеп отыр деп табады.

5

КӘСІПТІК СЪЕЗД ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗДІҢ КОНСПЕКТ-ЖОСПАРЫ

1) Стокгольм және Лондон қарарларының «терең қайшылықтары», «ымырасыз қайшылықтары»[161].

2) *Сәтті сөздермен* «қадіріңді» арттыру, «үстірт түрде»...

3) *Жәрдемдесу* (Лондон қарары). *Лондон қарарының тексті.*

«жарнамалық»

4) Викторовтың үстірт қарары[162]

«залалсыздандыру» немесе жасырын лақтырып тастау?

5) «Бейтараптық» және Россияда социал-демократиялық рухты бойға сіңіру.

6) «Не істеу керек», социал-демократ еместерге *тыйым салуға* болмайды.

7) Социалист-революционерлер бейпартиялықты бетке ұстап, *бұрып әкетуде.*

8) Көпшілікке әйгілі болуға жанталасу...

9) Партияның және Орталық Комитеттің кәсіптік *съездегі* міндеттері: Лондон қарары рухында *идеялық* насихат жүргізу.

1907 ж. июльде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ
ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(Июнь, 1907—март, 1908)

1907 ж.

ПЕТЕРБУРГ ЖАЛПЫ ҚАЛАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ III ДУМАҒА КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ 8 (21) ИЮЛЬДЕ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

РСДРП Петербург жалпы қалалық конференциясы 1907 жылы 8 және 14 (21 және 27) июльде Териокиде (Финляндия) өтті. В. И. Ленин оқыған баяндаманың тезистері конференциядан кейін жеке листок болып басылып шықты (қараңыз: осы том, 50—52-беттер). Конференцияның В. И. Лениннің баяндамасы бар протоколдары табылған жоқ.

РСДРП III («ЖАЛПЫ РОССИЯЛЫҚ ЕКІНШІ») КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА III МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА САЙЛАУЫНА ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА ЖӘНЕ КӘСІПТІК ОДАҚТАРДЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ СЪЕЗІ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

РСДРП үшінші («Жалпы россиялық екінші») конференциясы 1907 жылы 21—23 июльде (3—5 августа) Котка (Финляндия) қаласында өтті. В. И. Лениннің конференцияда III Мемлекеттік дума сайлауына қатысу туралы мәселе жөнінде баяндама жасағаны және Кәсіптік одақтардың бүкіл россиялық съезі туралы сөз сөйлегені жөніндегі мәліметтер КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы тұрған полиция департаментінің істерінде бар және В. И. Лениннің конференцияға ұсынған қарар жобаларымен, сондай-ақ «Дайындық материалдар» бөлімінде берілген документтермен дәлелденіп отыр (қараңыз: осы том, 509—510, 515—516-беттер). Конференцияның протоколдары табылған жоқ.

1907 ЖЫЛЫ 5 (18) АВГУСТА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОНЫҢ МӘЖІЛІСІНДЕ РОССИЯ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНДА СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАР, ЭСЕРЛЕР ЖӘНЕ КӘСІПТІК ОДАҚТАР ӨКІЛДЕРІ АРАСЫНДА ДАУЫСТЫҢ БӨЛІНУІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Ленин бұл сөзі туралы ««Социалист-революционерлер» тарихты қалай жазады» (қараңыз: осы том, 136—138-беттер) деген мақалада айтады.

А. БЕБЕЛЬДІҢ «МИЛИТАРИЗМ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАНЖАЛДАР» ДЕГЕН ҚАРАРЫНЫҢ ЖОБАСЫНА ТҮЗЕТУЛЕР

А. Бебельдің «Милитаризм және халықаралық жанжалдар» деген қарарының жобасына түзетудің 1907 жылы 6 немесе 7 (19 немесе 20) августа жазылған және қарар дайындау жөніндегі комиссияның мәжілісіне ұсынылған бастапқы тексті туралы Ленин осы қарардың текстіне жазылған, «Өмір үні» деген жинақта басылған ескертулерде (қараңыз: осы том, 80—81-беттер) және «Ағымға қарсы» деген жинақтағы мақалаға жазылған ескертуде (қараңыз: Шығармалар, 36-том, 477-бет) айтады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОНЫҢ СЕКРЕТАРЫ К. ГЮЙСМАНСҚА ХАТ

Халықаралық социалистік бюроға келіп түскен және оның жіберген хат-хабарлары тіркелетін кітапта 1907 жылы 22 сентябрьде (5 октябрьде) жазылған бұл хат туралы қысқаша дерек бар; бұл кітаптың жекелеген беттерінің фотокөшірмелері КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

В. И. Ленин хатында II Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияға сот болғалы жатқанын хабарлаған.

«ИСКРАНЫҢ» КОМПЛЕКТІН ЖӘНЕ «ВПЕРЕД» ПЕН «ПРОЛЕТАРИЙ» ГАЗЕТТЕРІНІҢ 1905 ЖЫЛҒЫ ЖЕКЕ НОМЕРЛЕРІН ЖІБЕРУ ТУРАЛЫ Г. А. АЛЕКСИНСКИЙГЕ ХАТ

Бұл газеттер Ленинге «12 жыл ішінде» деген Шығармалардың III томын басып шығаруға әзірлеу үшін қажет болды. Бұл хат туралы Н. К. Крупская 1907 жылы 5 (18) октябрьде И. П. Ладыжников арқылы Берлиндегі А. И. Елизароваға жібер-

ген хатында былай дейді: «Егер сен «Искраны» Стокгольмнен жібермеген болсаң, онда осының бәрін Берлиннен іздеп тауып, дереу жіберуге тырыс. Егер мұны істей алсаң, онда осының бәрі бізге жіберілді деп Петрге* хабарлай сал..., Шкурка** одан да осы туралы сұрап отыр»; сондай-ақ 1907 жылы 9 (22) октябрьде Г. А. Алексинскийге жолдаған хатында да былай дейді: «Сіз Петровтың** мен Сізге жіберген бірнеше хатын алдыңыз ба?» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

1907 ЖЫЛЫ 27 ОКТЯБРЬДЕ (9 НОЯБРЬДЕ) РСДРП С.-ПЕТЕРБУРГ ҰЙЫМЫ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА «III МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА ТУРАЛЫ» ЖӘНЕ «СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРДЫҢ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ БАСПАСӨЗГЕ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ» ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМАЛАР

Бұл баяндамалардың қысқаша репортерлік жазбалары 1907 жылы 19 ноябрьде «Пролетарий» газетінің 20-номерінде конференция туралы есепте басылды (қараңыз: осы том, 141—143, 147—148-беттер). Конференцияның протоколдары табылған жоқ.

РСДРП IV («ЖАЛПЫ РОССИЯЛЫҚ ҮШІНШІ») КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА III МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАДАҒЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФРАКЦИЯНЫҢ ТАКТИКАСЫ ТУРАЛЫ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

РСДРП IV («Жалпы россиялық үшінші») конференциясы 1907 жылы 5—12 (18—25) ноябрьде Гельсингфорста (Хельсинки) өтті. В. И. Ленин баяндамасының қысқаша репортерлік жазбасы 1907 жылы 19 ноябрьде «Пролетарий» газетінің 20-номерінде конференция туралы есепте басылды (қараңыз: осы том, 181—183-беттер). Конференцияның протоколдары табылған жоқ.

Л. Б. КАМЕНЕВКЕ ХАТ

Хат 1908 жылғы 1 (14) январьға дейін жазылған, онда Гранат баспасының Энциклопедиялық сөздігіне арналған «XIX ғасырдың аяғында Россиядағы аграрлық мәселе» деген мақала үшін Ленинге қажетті материалдарды (стенографиялық есептердің ресми басылымын, Думаға енгізілген мәлімдемелер, қойылған сұраулар және ұсынылған заң жобаларын) жіберу

* Г. А. Алексинскийге. *Ред.*
** В. И. Ленин. *Ред.*

сұралады. Ленин бұл хат туралы 1908 жылы 1 (14) январьда М. И. Ульяноваға жазған хатында айтады (қараңыз: Шығармалар, 37-том, 311-бет).

1908 ж.

М. И. УЛЬЯНОВАҒА ХАТ

Хат 1908 жылы 7 немесе 8 (20 немесе 21) январьда жазылған. Ленин ол туралы 9 (22) январьда М. А. Ульяноваға жазған хатында айтады: «Маняшаға, кеше ме әлде бұрнағы күні ме хат жазып, кітаптар жөнінде тағы тапсырма бердім» (Шығармалар, 37-том, 313-бет).

ГАРРИ КВЕЛЧКЕ ХАТ

Хат 7 және 29 январь (20 январь мен 11 февраль) аралығында жазылған. Ленин ол туралы 16 (29) январьда Ф. А. Ротштейнге жазған хатында айтады: «Сіздің адресіңізді білмегендіктен мен Квелчке хат жазып, одан біраз әдебиет жинауды өтінгенмін» (Шығармалар, 34-том, 380-бет).

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОНЫҢ СЕКРЕТАРЫ К. ГЮИСМАНСҚА ЕКІ ХАТ

Халықаралық социалистік бюроға келіп түскен және оның жіберген хат-хабарлары тіркелетін кітапта 1908 жылы 16 (29) январьда жазылған бұл хаттар туралы қысқаша дерек бар; бұл кітаптың жекелеген беттерінің фотокөшірмелері КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

Ленин бірінші хатта К. Гюисманстан РСДРП Орталық Комитетінің VII (Штутгарт) конгреске баяндамасын Халықаралық социалистік бюроның алған-алмағанын сұраған; ол баяндама II Интернационалға кіретін ұйымдар тапсырған есептердің III томына енуге тиіс еді.

Ленин екінші хатта эстон социал-демократтарының Ревель ұйымы туралы, сондай-ақ ұйым мүшелері М. Юриссон мен Ю. Г. Сеппин туралы сұрауға байланысты өзінің бұл мәселе жөнінде Россияға жазбақ ойы бар екендігін хабарлаған.

РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ ЖӘНЕ РСДРП РЕВЕЛЬ КОМИТЕТІНЕ ХАТТАР

Хаттар 1908 жылы 16 (29) январьдан кешірек жазылған. Ленин бұл хаттар туралы батыс европалық белгісіз бір социал-демократқа жазған хатында айтады, ол адам Халықаралық

социалистік бюроның секретары К. Гюисманс арқылы эстон социал-демократтары М. Юриссон мен Ю. Г. Сеппин туралы анықтама жүргізген. Ленин былай деп жазды: «Мен Россияға жазып, біздің партияның Орталық Комитетінен сұраймын... (керегі болар деген ниетпен Ревель комитетінен де сұраймын)» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ ХАТ

Хат 1908 жылы 16 (29) январьдан кешірек жазылған, онда РСДРП V (Лондон) съезі кезінде ағылшын Д. Фелзден қарызға алған ақшаны төлеу туралы мәселе жөнінде айтылады. Ленин бұл туралы 16 (29) январьда Ф. А. Ротштейнге жолдаған хатында былай деп жазды: «Финляндияда бұдан $2^1/_2$—3 ай бұрын мен Сіздің борыш туралы ескертіп жазған хатыңызды алып, оны Орталық Комитетке тапсырдым... Борышты қайтару керек деп мен дереу Россияға қайта-қайта хат жазудамын» (Шығармалар, 34-том, 379-бет).

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОНЫҢ СЕКРЕТАРЫ К. ГЮИСМАНСҚА ХАТ

Бұл хат туралы Халықаралық социалистік бюроға келіп түскен және оның жіберген хат-хабарлары тіркелетін кітапта қысқаша дерек бар; бұл кітаптың жекелеген беттерінің фотокөшірмелері КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы. Ленин 1908 жылғы 20 январьда (2 февральда) жазған хатында К. Гюисманстан II Интернационалдың орыс секциясының социал-демократиялық кіші секциясының Халықаралық социалистік бюроға 1908 жыл үшін өткізуі тиіс ақшаның сомасын сұраған.

С. ЖӘНЕ Б. ВЕББТЕРДІҢ «АҒЫЛШЫН ТРЕД-ЮНИОНИЗМІНІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ» ДЕГЕН КІТАБЫН ҚАЙТА БАСЫП ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ ХАТ

Ленин Веббтердің кітабының бірінші басылуының шарттары туралы, сондай-ақ оны қайта басып шығаруға болатын шарттар туралы хабарлаған бұл хат жайында Ленин 1908 жылы 25 январьда (7 февральда) М. И. Ульяноваға жазған хатында былай дейді: «Вебб жөнінде жас әдебиетшіге жауап жаздым, оған сенім хат жібердім» (Шығармалар, 37-том, 315-бет).

А. В. ЛУНАЧАРСКИЙГЕ ХАТ

Бұл хат 1908 жылы 30 январьда (12 февральда) жазылған. Ленин ол туралы 31 январьда (13 февральда) А. В. Луначарскийге жазған хатында айтады: «Кеше Сізге Брингман жөнінде кішкентай хат жібердім» (Шығармалар, 34-том, 387-бет).

ТУЫСҚАНДАРЫНА ХАТТАР

М. А. Ульяноваға хат 1908 жылы 4 (17) февральдан кешірек жазылған. Ленин ол туралы 4 (17) февральда М. И. Ульяноваға жазған хатында айтады: «Ақша жайында мамама жазамын» (Шығармалар, 37-том, 320-бет).

Туысқандарына 1908 жылы 12 (25) февральдан ертерек жазылған хатта махистерге қарсы бағытталған еңбектің қолжазбасын жіберу сұралган; В. И. Ленин оны «Қатардағы марксистің философия туралы заметкалары» деген атпен бастырып шығармақ болған еді. Ленин бұл туралы 1908 жылы 12 (25) февральда А. М. Горькийге жазған хатында былай дейді: «ол дәптерлерді іздеп тауып, маған беріп жіберуді сұрап жақында Питерге хат жаздым» (Шығармалар, 13-том, 461-бет).

К. ГЮИСМАНСҚА ХАТ

Халықаралық социалистік бюроға келіп түскен және оның жіберген хат-хабарлары тіркелетін кітапта 1908 жылы 17 февральда (1 мартта) жазылған бұл хат туралы қысқаша дерек бар; бұл кітаптың жекелеген беттерінің фотокөшірмелері КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

Хат Халықаралық социалистік бюро мәжілісі өтетін уақытты анықтау қажеттігіне байланысты жазылған болатын. Ленин ол туралы марттың бірінші жартысында А. М. Горькийге жазған хатында былай дейді: «Мен қашан жүру керек деп (өйткені менің Италияға баруым керек) сұрап, секретарьға жазып жібергенмін. *Әлі күнге жауап жоқ.* Ал Брюссельді тастап кетуге болмайды» (Шығармалар, 36-том, 139-бет).

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН БАСЫЛЫМДАР МЕН ДОКУМЕНТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

«ВПЕРЕД» ГАЗЕТІ

№ 12—13—29 август, 1907 ж.
№ 14—10 сентябрь, 1907 ж.
№ 15 — 24 сентябрь, 1907 ж.
№ 16 — 8 октябрь, 1907 ж.
№ 17 — октябрь, 1907 ж.
№ 18 — ноябрь, 1907 ж.

«ПРОЛЕТАРИЙ» ГАЗЕТІ

№ 17 — 20 октябрь, 1907 ж.
№ 18 — 29 октябрь, 1907 ж.
№ 19 — 5 ноябрь, 1907 ж.
№ 20 — 19 ноябрь, 1907 ж.
№ 21 — 26(13) февраль, 1908 ж.
№ 22 — (3 март) 19 февраль, 1908 ж.
№ 23 — (11 март) 27 февраль, 1908 ж.
№ 24 — (18)5 март, 1908 ж.
№ 25 — 25(12) март, 1908 ж.

ЖИНАҚТАР

«ӨМІР ҮНІ». Бірінші жинақ. Спб., 1907.

«ШҰҒЫЛА» I кітап, Спб., 1907.

«БҮГІНГІ КҮННІҢ ТАҚЫРЫБЫ». Спб., «Новь» кітап баспасы, 1907.

«1908 ЖЫЛҒЫ БАРЛЫҚ ЖҰРТҚА АРНАЛҒАН КАЛЕНДАРЬ». Спб., «Зерно» баспасы.

«КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР». Спб., 1908.

Большевиктік орталықтың большевиктік жинақтарды басып шығаруы мынаған байланысты болды: РСДРП V (Лондон) съезінен кейін большевиктердің баспасөз органы «Пролетарий»

газетін шығару тоқтатылған болатын, ал партияның Орталық Органы «Социал-Демократ» газетін шығаруға меньшевиктер және РСДРП Орталық Комитетінде оларды қолдаған ұлттық ұйымдардың өкілдері кедергі жасап келді. Большевиктердің қолында Выборгта шығып тұрған бұқаралық жұмысшы газеті «Вперед» қана болды. Жинақтарды шығару кейбір дәрежеде басшылық етуші мерзімді органды алмастырды.

«Социал-Демократ» газетін шығаруды жолға қою жөніндегі әрекеттер нәтиже бермегеннен кейін большевиктер «Пролетарийді» қайтадан шығара бастаған кезде (17-номері 1907 жылы 20 октябрьде, жарты жылдай дерлік үзілістен кейін шықты) жинақтарды шығару жалғастырыла берді. Ленин 1908 жылы 25 январьда (7 февральда) А. М. Горькийге былай деп жазды: «Енді — қалай әсер ету керек, дәл қандай «әдебиет жасау керек?» Жинақтар ма *әлде* «Пролетарий» ме? Әрине: *әлде* демей, *және* деп жауап беру бәрінен оңай — бұл мінсіз, бірақ ыңғайлылығы кем жауап болады. Жария жинақтар, әлбетте, болуға тиіс; Питердегі біздің жолдастарымыз осылар жөнінде терлептепшіп еңбек етуде, Лондоннан кейін, Квакалада отырып, мен де еңбек еттім. Мүмкін болса,— осыларды қолдап, осы жинақтарды шығара беру үшін *барлық* күшті салу керек» (Шығармалар, 34-том, 384-бет).

Лениннің жинақтарды шығару жөніндегі жұмысын дәлелдейтін осы айтқандарға қоса, Н. К. Крупскаяның 1907 жылғы октябрьдің аяғына дейін Большевиктік орталықтың баспа ісіндегі бірден-бір мүмкіндігі тек осы жинақтарды шығару ғана болғандығын дәлелдейтін хаттары да сақталған. Н. К. Крупская Уфа, Баку және Харьков социал-демократтарына жолдаған хаттарында Орталық Органды шығаруды ұйымдастырудағы қиыншылықтар туралы, сондай-ақ большевиктік баспаны жолға қою мүмкін болмай отырғандығы себепті Большевиктік орталық жинақтар шығарумен шектелуді ұйғарғандығы, өйткені «еш нәрсе шығармай отырудың ақылға сыймайтындығы» жөнінде жазды. Н. К. Крупская «Бүгінгі күннің тақырыбы» мен «Өмір үні» жинақтары «онша сәтті шықпағандығын» хабарлады және оларды шығаруға байланысты редакциялық жоспарлар жөнінде былай деп жазды: «Бұдан былай материалдың неғұрлым ұқыпты іріктеліп алынуына және мұқият дайындалуына бағытталған шаралар қолданылды» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Жинақтарды шетелге дұрыс тарату мәселесі де сол кезде қойылған болатын. 1907 жылы 5(18) октябрьде РСДРП Берлин тобына жолдаған хатында Н. К. Крупская былай деп жазды: «Сондай-ақ большевиктік жинақтарды шетелде сатуды ұйымдастыру қажет, бұлар жүйелі түрде шығып тұрады деген үміттеміз. Кім болса да біреу бұл істі ұйымдастыруды өз қолына алуға тиіс» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

«1908 жылғы барлық жұртқа арналған календарьды» әзірлеудің барысында оны шығарушы М. С. Кедров басылымның проспектін және қызметкерлердің тізімін Ленинмен келісіп алды. «Өмір үні» және «Шұғыла» жинақтарын Ленин тікелей өзі редакциялады және ескертулер жазды. Барлық жинақтарға дерлік («Шұғыла» мен «Бүгінгі күннің тақырыбынан» басқасына) Ленин өзінің еңбектерін енгізді: «Өмір үнінде» — «Граф Гейденді еске түсіру (Біздің бейпартиялық «демократтар» халыққа не үйретеді?)» және «Публицистің заметкалары» деген мақалалары, «Күнделікті өмір» жинағында — «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген кітабының XII тарауы ««Ғажайып ел» марксизмнің аграрлық мәселедегі дұшпандарының көзқарасы тұрғысынан алғанда» деген тақырыппен басылды; «1908 жылғы барлық жұртқа арналған календарьда» «Штутгарттағы Халықаралық социалистік конгресс» деген мақаласы басылды.

РУМЫН ҮКІМЕТІНІҢ ЖАЗАЛАУЛАРЫНА ҚАРСЫ НАРАЗЫЛЫҚ ҚАРАРЫ

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде 1907 жылы 24 августа Штутгарт конгресінің пленум мәжілісіне румын делегациясы неміс, француз және ағылшын тілдерінде енгізген қарар жобасының тексті сақтаулы. Аударманың бір-біріне ұқсас болмауы себепті Ленин неміс тіліндегі текске түзетулер енгізді, онда былай делінген-ді: «қысымшылық көрсету және қанаушылық тәртіп оларды (бұқараны.— *Ред.)* қатерлі көтеріліс жолына итермелейді». Ағылшын және француз тілдеріндегі текстерде «сәтсіздікке душар болатын көтеріліс жолына» деген сөздер қолданылған. Ленин «den unheilvollen Weg» («қатерлі жол») деген сөздердің астын сызып, ашық шетіне леп және сұрау белгілерін қойған және өзінің аудармасын жазған: «auf den Weg einer leider mißlingenen...» («өкінішке қарай, сәтсіздікке ұшыраған жолға...».— *Ред.)*. Неміс және орыс тілдерінде басып шығарылған стенографиялық есептерде бұл түзету көрсетілмеген, ал француз тіліндегі есепте «сәтсіздікке душар болатын» деген сөздер түсіп қалған.

II ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ VII (ШТУТГАРТ) КОНГРЕСІ ҚАРАРЛАРЫНЫҢ ОРЫСША АУДАРМАСЫ

Штутгарт конгресінің қарарлары 1907 жылы 20 октябрьде «Пролетарийдің» 17-номерінде «Штутгарттағы халықаралық социалистік конгресс» деген мақаламен бір мезгілде басылды. Ленин мақаланың текстінде былай деп жазды: «Біз төменде Штутгарт қарарларының толық текстін басып отырмыз» (осы том, 72-бет). Ленин «Пролетарийдің» редакторы және

Штутгарт конгресіне қатысушы ретінде қарарлардың аудармасын редакцияламай отыра алмады, ол қарарлар туралы оның өзі былай деп жазды: олар «әрбір насихатшы мен үгітшінің тұрақты серігі болуға тиіс» (осы том, 79-бет). 1908 жылы июльде «Соғысқұмар милитаризм және социал-демократияның антимилитаристік тактикасы» деген мақалада Ленин милитаризм және халықаралық жанжалдар туралы қарардың бір бөлегін өзі аударып келтірген (қараңыз: Шығармалар, 15-том, 189—190-беттер).

КЛАРА ЦЕТКИННІҢ «ШТУТГАРТТАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК КОНГРЕСС» ДЕГЕН МАҚАЛАСЫНЫҢ ОРЫСША АУДАРМАСЫ

Ленин Клара Цеткиннің «Штутгарттағы халықаралық социалистік конгресс» деген мақаласын жоғары бағалады, өзінің «Штутгарттағы халықаралық социалистік конгресс» деген тақырыппен жазған конгресс туралы мақалаларында және А. В. Луначарскийдің (Воиновтың) партияның кәсіптік одақтарға көзқарасы туралы кітапшасына жазған алғы сөзінде оған талай рет сілтеме жасады (қараңыз: осы том, 76, 85—86, 198-беттер). 1907 жылы 2 сентябрьде «Die Gleichheit»-тің 18-номерінде басылған бұл мақаланың аудармасы өте тез жасалды және большевиктік «Шұғыла» жинағына енгізілді, оның үстіне Ленин оған К. Цеткин мақаласының текстін дәл түсіндіретін үлкен бес ескерту жазған болатын (қараңыз: осы том, 95—98-беттер).

АВСТРИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫНЫҢ ШТУТГАРТ КОНГРЕСІНЕ БАЯНДАМАСЫНЫҢ ОРЫСША АУДАРМАСЫ

Баяндаманың В. И. Ленин редакциялық түзетулер енгізген орысша аудармасы КПСС Орталық Комитеті жанындағы Маркс-изм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы. Аударма 1933 жылы Лениннің XXV жинағында басылды, 268—280-беттер.

ИТАЛИЯ СОЦИАЛИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ШТУТГАРТ КОНГРЕСІНЕ БАЯНДАМАСЫНЫҢ ОРЫСША АУДАРМАСЫ

Баяндаманың В. И. Ленин редакциялық түзетулер енгізген орысша аудармасы КПСС Орталық Комитеті жанындағы Маркс-изм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы. Аударма 1933 жылы Лениннің XXV жинағында басылды, 280—294-беттер.

В. И. ЛЕНИН ЖАЗҒАН БОЛУЫ ЫҚТИМАЛ ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

«КӘСІПТІК ОДАҚТАР МЕН САЯСИ ПАРТИЯ АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАС»

«Вперед» газетінің 1907 жылгы 10 сентябрьдегі 14-номерінде басылған «Кәсіптік одақтар мен саяси партия арасындағы қатынас» деген мақала кәсіподақтарға біріккен жұмысшылар бұқарасы арасында кәсіптік одақтардың партиялылығы принципін ұсынған Штутгарт конгресі мен РСДРП Лондон съезінің шешімдерін түсіндіруге арналған. В. И. Ленин бұл шешімдерді жоғары бағалай отырып, олардың «біздер, орыстар, үшін ерекше үлкен маңызы» бар (осы том, 76 және 87-беттер) деп жазды. Эсерлердің «Знамя Труда» журналы тарапынан мақалаға шабуыл жасалды. Осы шабуылға жауап ретінде В. И. Ленин «Пролетарийде» «Кәсіптік одақтардың бейтараптығы» деген мақала жариялады, онда былай деп жазды: «Социалист-революционерлер партиясының орталық органы «Знамя Труданың» соңғы номерінде (№ 8, декабрь, 1907) кәсіптік қозғалыс туралы мәселеге арналған екі мақаланы кездестірдік. Онда социалист-революционерлер ең алдымен Штутгарт қарары партияның кәсіптік одақтарға көзқарасы туралы мәселені дәл Лондон қарарының белгілегеніндей мағынада, большевизм рухында шешті деген социал-демократиялық «Вперед» газетінің мәлімдемесін келеке етпекші болады (осы том, 460—461-беттер).

Осының өзі мақаланы В. И. Ленин жазды деп жорамалдауға негіз бола алады.

К. ЛИБКНЕХТКЕ ТЕЛЕГРАММА

К. Либкнехтке құттықтау телеграмманы «Вперед» газетінің редакциясы жіберді; оның құрамында Ленин бар болатын; телеграмма Германияның империялық соты К. Либкнехтті «Милитаризм және антимилитаризм» деген кітабын бастырып шығарғаны үшін $1^1/_2$ жыл қамалда тұтқында ұстауға үкім шығаруына байланысты жіберілген еді. Телеграмма туралы 1907 жылы октябрьде «Вперед» газетінің 17-номерінде басылған «Мемлекетке опасыздық» деген мақалада айтылады.

«МЕМЛЕКЕТКЕ ОПАСЫЗДЫҚ»

1907 жылы октябрьде «Вперед» газетінің 17-номерінде басылған «Мемлекетке опасыздық» деген мақала өзінің антимилитаристік бағытымен «Антимилитаристік насихат және социалистік жұмысшы жастар одақтары» деген мақаламен тығыз үндесіп жатыр; ал осы мақалаға «Мемлекетке опасыздық» деген мақаланың авторы сілтеме жасайды.

Мақалада Германияның солшыл социал-демократтары өкілдерінің бірі Карл Либкнехттің (сол кезде Жастар одақтары халықаралық бюросының секретары) милитаризмге қарсы күрестегі ролі бейнеленеді. «Милитаризм және антимилитаризм» деген кітабы үшін империялық сот жауапқа тартқан К. Либкнехт сотты антимилитаристік насихат мақсатында пайдаланды. Мақалада милитаризм мен империалистік соғыстарға қарсы күрескерлерді қуғындау үшін буржуазиялық юстицияның қолданатын тәсілдері әшкереленеді.

«Мемлекетке опасыздық» деген мақалада кездесетін антимилитаристік насихат және жұмысшы жастар одақтары туралы бұрын басылып шыққан мақалаға Ленинге тән сипатта сілтеме жасалуы, Ленин стиліне тән сөйлем құрылыстары мен сөз қолдану тәсілдері, көптеген ұғымдардың К. Либкнехтке болған сот туралы «Пролетарийдің» 1907 жылғы 29 октябрьдегі 18-номерінде басылған заметкамен сәйкес келуі бұл мақаланы Ленин жазды деп жорамалдауға негіз бола алады.

«КЛАРА ЦЕТКИНА ГЕРМАН ПРОЛЕТАРИАТЫНЫҢ САЙЛАУ ПРАВОСЫ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ ТУРАЛЫ»

«Пролетарий» газетінің 1908 жылғы 13(26) февральдағы 21-номерінде басылған «Клара Цеткина герман пролетариатының сайлау правосы жолындағы күресі туралы» деген мақала Клара Цеткиннің 1908 жылы 17 февральда француз жұмысшылары алдында сөйлеген сөзінің сөзбе-сөз аудармасы болып табылады. Оның сөзінің негізгі мазмұны кіріспе абзацта баяндалады: «Пруссияда жалпыға бірдей сайлау правосы болуы жолындағы күресте неміс либералдары мен буржуазияшыл демократтардың ынжықтығын Цеткина бар күш-жігерімен соққылады».

Соңғы абзацта былай деп қорытынды жасалады: «Революцияшыл социал-демократтар орыс революциясының тәжірибесіне сүйене отырып, неміс жұмысшыларын, міне, осыған үйретеді, ал бұл тәжірибеден қазір біздің жария публицистиканың жексұрын либералдары мен демократтары соншалықты масқаралықпен бас тартып отыр!» Мақаланы Ленин жазғандығы ықтимал болуын мыналар дәлелдейді: ол Германияның солшыл социал-демократтарының қызметіне көңіл аударып отырды, өйткені Ленин олармен 1907 жылы II Интернационалдың Штутгарт конгресінде оппортунистерге және ревизионистерге қарсы бірлесіп күресу үшін тығыз жақындасқан болатын. «Пролетарий»

газетінде солшылдардың барлық қадамы үнемі аталып отырды, орыс істері туралы нашар хабардар болуы және т. с. салдарынан кейде олардың тарапынан туған қателіктер түзетіліп келді. Ленин Клара Цеткинмен Штутгарт конгресінде танысты; Цеткиннің конгресте жасаған баяндамасын, сондай-ақ конгресс туралы оның «Die Gleichheit»-тегі мақаласын да Ленин жоғары бағалады; бұл мақаланың аудармасын Ленин большевиктік «Шұғыла» атты жинаққа енгізді және оған ескертулер жазды. Ленин герман солшылдарының көзқарастары большевиктердің көзқарастарымен бірдей екенін талай рет қанағаттанғандықпен атап көрсетті. Бұл мақалада контрреволюциялық либерализмге көзқарастың ортақтығы атап көрсетіледі. Мақала Ленинге тән қорытындымен аяқталады: Эд. Бернштейннің халықаралық оппортунизмнің органы «Sozialistische Monatshefte» журналында Цеткиннің баяндамасына жауап ретінде «либералдар жөнінде әдептіліктің қажеттілігі туралы тақырыптағы өзінің әуеніне қайтадан... сала бастағанын» көрсете келіп, автор былай деп жазады: «Бүкіл дүние жүзіндегі жұмысшы қозғалысының бақытына қарай Германияның пролетарлар бұқарасын, Бернштейндер емес, Цеткинаның бағытындағы адамдар бастап отыр». Осы пікірлердің барлығы мақаланы Ленин жазды деп жорамалдауға мүмкіндік береді.

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] *«Бойкотқа қарсы»* деген мақала 1907 жылы июльдің аяқ кезінде «Үшінші Думаға бойкот жариялау туралы» деген кітапшада басылған, оны Петербургтегі құпия социал-демократиялық баспахана шығарған болатын. Кітапшаның мұқабасына шығарылған жері: «Москва, 1907. Горизонтовтың баспаханасы, Тверская, 40» деп ойдан жазыла салынған еді. 1907 жылғы сентябрьде кітапша конфискеленді.— *1.*

[2] Әңгіме Мұғалімдердің бүкіл россиялық одағының төртінші делегаттық съезі жайында болып отыр, съезд 1907 жылы 19—24 июньде (2—7 июльде) Финляндияда өтті. Съезге Россияның 2 мыңға жуық ұйымдасқан мұғалімдері атынан: 50 делегат — эсерлер, 23 делегат — социал-демократтар және 18 делегат партияда жоқтар қатысты. Күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: одақтың уставын қабылдау, III Дума сайлауы туралы, басқа кәсіптік одақтарға көзқарас, қазіргі земствоға көзқарас туралы, қызметтен босатылған мұғалімдердің орындарына бойкот жариялау туралы, өзара көмек туралы және басқалар. Съезд социал-демократтар мен эсерлердің арасында болған шиеленіскен идеялық күрес жағдайында өтті.

В. И. Ленин Мұғалімдердің бүкіл россиялық одағын «кәсіптік-саяси» деп атағанда, уставтың 1-параграфына сәйкес одақ мұғалімдердің материалдық жағдайын жақсарту үшін күресумен бірге, мектептің бостандығы үшін де күрес жүргізеді, сонымен қатар мұғалімдердің кәсіподағы және мектептің бостандығы үшін күрестің саяси лигасы болады деп білді.— *3.*

[3] *Социалист-революционерлер* (эсерлер) — Россиядағы ұсақ буржуазиялық партия; 1901 жылдың аяғы — 1902 жылдың басында әр түрлі халықшылдық топтар мен үйірмелердің («Социалист-революционерлер одағы», «Социалист-революционерлер партиясы», т. б.) бірігуі нәтижесінде пайда болды.

«Революционная Россия» газеті (1900—1905) мен «Вестник Русской Революции» (1901—1905) және «Знамя Труда» (1907—1914) журналдары оның ресми органдары болды. Эсерлер пролетариат пен ұсақ меншік иесінің арасындағы таптық айырмашылықты көрмеді, шаруалардың ішіндегі таптық жіктелуді және қайшылықтарды бүркемеледі, пролетариаттың революциядағы басшылық ролін жоққа шығарды. Эсерлердің көзқарасы халықшылдық пен ревизионизм идеяларының эклектикалық қойыртпағы болды; Лениннің сөзімен айтқанда, эсерлер «халықшылдықтың жыртық-тесігін марксизмді сәнге айналған оппортунистік «сынаудың» жамауларымен» бітеуге тырысты (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 308-бет). Эсерлер самодержавиемен күрестегі негізгі әдіс ретінде уағыздаған жеке террор тактикасы революциялық қозғалысқа үлкен кесел келтірді, бұқараны революциялық күреске ұйымдастыру ісін қиындатты.

Эсерлердің аграрлық программасы жерге жеке меншікті жоюды және оны қауым қарамағына беруді, жерді пайдалануда «еңбек негізін» және «теңгермелік әдісті» қолдануды, сондай-ақ кооперацияны дамытуды көздеді. Эсерлер «жерді социализациялау» деп атаған осы программада шынында социалистік дейтіндей түк жоқ еді. В. И. Ленин эсерлер программасын талдай келіп, ортақ жерде товар өндірісін және жеке меншік шаруашылықты сақтау капитал үстемдігін жоя алмайды, еңбекші шаруаларды қаналу мен күйзелістен құтқара алмайды; капитализм жағдайында кооперация да ұсақ шаруалар үшін аман қалудың құралы бола алмайды, өйткені ол село буржуазиясын байыту үшін қызмет етеді деп көрсетті. Сонымен қатар жерді теңгермелі түрде пайдалану талаптарының социалистік болмағанымен, деп атап көрсетті Ленин, тарихи прогрестік революциялық-демократиялық сипаты болды, өйткені ол талаптар реакциялық помещиктік жер иеленушілікке қарсы бағытталған болатын.

Большевиктер партиясы эсерлердің социалистер болып көрінуге тырысқан әрекеттерін әшкереледі, шаруаларға ықпал жасау үшін эсерлермен табанды күрес жүргізді, олардың жеке террор жасау тактикасы жұмысшы қозғалысына зиянды екенін көрсетіп отырды. Сонымен бірге большевиктер патша өкіметіне қарсы күресте эсерлермен белгілі бір жағдайларда уақытша келісім жасасудан да қашпады.

Шаруалардың таптық жағынан әр тектілігі эсерлер партиясында саяси және идеялық тұрақсыздық, ұйымдық алауыздық, олардың либерал буржуазия мен пролетариат арасында үнемі ауытқуын тудырды. Бірінші орыс революциясы жылдарының өзінде-ақ эсерлер партиясынан оның оң қанаты бөлініп шығып, жария «Халықтық-социалистік еңбек партиясы» (энестер) құрылды, ол өзінің көзқарасы жағынан кадеттерге жақын тұрды, ал сол қанатынан жартылай анархистік «максималистер» одағы қалыптасты. Столыпиндік реакция кезінде эсерлер партиясы идеялық және ұйымдық

жағынан толық күйреді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында эсерлердің көпшілігі социал-шовинизм позициясында болды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы жеңгеннен кейін эсерлер меньшевиктермен және кадеттермен бірге контрреволюциялық буржуазиялық-помещиктік Уақытша үкіметтің басты тірегі болды, ал партияның лидерлері (Керенский, Авксентьев, Чернов) үкімет құрамына кірді. Эсерлер партиясы помещиктік жер иеленушілікті жою жөніндегі шаруалар талабын қолдаудан бас тартты, жерге помещиктік жеке меншікті сақтауды жақтады; Уақытша үкіметтің эсер министрлері помещиктердің жерлерін басып алған шаруаларға қарсы жазалау отрядтарын жіберді.

1917 жылы ноябрьдің аяқ кезінде эсерлердің сол қанаты дербес солшыл эсерлер партиясын құрды. Солшыл эсерлер шаруалар бұқарасы арасында өз ықпалын сақтауға тырысып, Совет өкіметін формальды түрде таныған болды және большевиктермен келісімге келді, бірақ көп ұзамай Совет өкіметіне қарсы күрес жолына түсті.

Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында эсерлер контрреволюциялық қастандық жұмыс жүргізді, интервенттер мен ақ гвардияшыларды белсене қолдады, контрреволюциялық заговорларға қатысты, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияның қайраткерлеріне қарсы террорлық әрекеттер ұйымдастырды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін эсерлер ел ішінде және эмиграциядағы ақ гвардияшылар қосынында жүріп, Совет мемлекетіне қарсы дұшпандық әрекетін тоқтатпады. — *3.*

4 *1907 жылғы 3(16) июньдегі мемлекеттік төңкеріс* — үкімет II Мемлекеттік думаны таратып, Дума сайлауы жөніндегі сайлау заңын өзгерткен контрреволюциялық төңкеріс. 1907 жылы 1 июньде Столыпин социал-демократиялық фракцияны әскери ұйыммен байланысты және қарулы көтеріліс әзірлеп жатыр деген охранканың қолдан жасалған айыптауын бетке ұстап, оны Дума жиналыстарына қатысудан аластауды талап етті; социал-демократиялық фракцияның 16 мүшесі тұтқынға алынуға тиісті болды. Дума тағылған айыптарды тексеру үшін комиссия құрды. Үкімет Дума комиссиясы жұмысының нәтижесін күтпей-ақ, 3(16) июньге қараған түнде социал-демократиялық фракцияны тұтқынға алды. 3 июньде II Думаны тарату жөнінде және сайлау заңына өзгерістер енгізу жөнінде патша манифесі жарияланды, манифест Думада помещиктер мен сауда-өнеркәсіп буржуазиясының өкілдерін айтарлықтай көбейтіп, шаруалар мен жұмысшылардың онсыз да аз өкілдерін бірнеше есе кемітті. Бұл 1905 жылғы 17 октябрьдегі манифесті және 1906 жылғы Негізгі заңды өрескел бұзғандық болды, бұл манифест пен заң бо-

йынша Мемлекеттік дума мақұлдамайынша үкімет заң шығара алмайтын еді.

Жаңа ереже бойынша егіншілік курияда 230 адамнан, бірінші разрядты қалалық курияда — 1 мың адамнан, екінші разрядты қалалық курияда — 15 мың адамнан, шаруалар куриясында — 60 мың адамнан, жұмысшы куриясында —125 мың адамнан бір сайламшы сайланатын болды. Помещиктер мен буржуазия барлық сайламшылардың 65 процентін сайлауға мүмкіндік алды, шаруалар — 22 процентін (бұрын 42 процент), жұмысшылар —2 процентін (бұрын 4 процент) сайлайтын болды. Заң Азиялық Россияның байырғы халқын, Астрахань және Ставрополь губернияларының түрік тектес халықтарын сайлау праволарынан айырды, Польша мен Кавказ халықтарының өкілдіктерін екі есе қысқартты. Россияның барлық жерінде орыс тілін білмейтін адамдар сайлау праволарынан айрылды. Осы заң негізінде сайланған және 1907 жылы 1 ноябрьде жиналған III Дума өзінің құрамы жағынан қаражүздік-октябристік болды.

Лениннің сөзімен айтқанда, үшінші июньдегі мемлекеттік төңкеріс «біздің революцияның тарихындағы бет бұрыс кезең» болды (Шығармалар, 15-том, 3-бет), ол столыпиндік реакция дәуіріне жол ашты. — *3.*

5 *Булыгин Думасы* — патша үкіметі 1905 жылы шақыруға уәде берген кеңесші «өкілдік мекеме». 1905 жылғы 6(19) августа патшаның манифесі, Мемлекеттік думаны құру туралы заң және оны сайлау туралы ереже жарияланды. Патша Думаның жобасын әзірлеуді ішкі істер министрі А. Г. Булыгинге тапсырған болатын, сондықтан Дума соның есімімен Булыгин Думасы деп аталды. Дума сайлауы үшін тек помещиктерге, ірі капиталистерге және бір шоғыр үй иесі-шаруаларға ғана сайлау правосы берілді. Заң бойынша белгіленген 412 депутаттық орыннан шаруаларға 51 орын ғана тиді. Халықтың көпшілігі — жұмысшылар, кедей-шаруалар, батырақтар, демократиялық интеллигенция сайлау правосынан айрылды. Әйелдер, әскери қызметтегілер, оқушылар, жиырма бес жасқа толмаған адамдар және патшалық Россияның бірқатар езілген ұлттары сайлауға қатыстырылмайтын болды. Мемлекеттік думаның заң қабылдауға правосы жоқ еді, ол патшаның жанындағы кеңесші орган ретінде кейбір мселелерді ғана талқылай алатын болды. Булыгин Думасын сипаттай келіп, Ленин, ол ««халық өкілдігін» барып тұрған арсыздықпен қорлаушылық» (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 196-бет) деп жазды.

Большевиктер бүкіл үгіт науқанын қарулы көтеріліс, революциялық армия, революциялық уақытша үкімет деген ұрандарға бағындырып, жұмысшылар мен шаруаларды Булыгин Думасына белсенді бойкот жасауға шақырды. Меньшевиктер Дума сайлауына қатысуға болады деп есептеп, либерал буржуазиямен ынтымақтасуды жақтады.

Булыгин Думасына бойкот жасау науқанын большевиктер барлық революциялық күштерді жұмылдыру үшін, бұқаралық саяси стачкалар өткізу және қарулы көтерілісті әзірлеу үшін пайдаланды. Булыгин Думасының сайлауы өткізілмеді, сондықтан үкімет оны шақыра алмады. Революцияның толассыз өрлеуі және 1905 жылғы Бүкіл россиялық октябрь саяси стачкасы Думаны жайпап кетті. Булыгин Думасы туралы В. И. Лениннің мына мақалаларын қараңыз: «Конституциялық базар», «Булыгин Думасына бойкот жариялау және көтеріліс», ««Патшаның халықпен және халықтың патшамен бірігуі»», «Монархиялық буржуазияның соңында болу керек пе әлде революцияшыл пролетариат пен шаруаларды бастау керек пе?» және басқалар (Шығармалар толық жинағы, 10-том, 72—77-беттер; 11-том, 176—185, 192—202, 211—225-беттер).— *4*.

6 Әңгіме министрлер Советінің председателі С. Ю. Витте жасаған ереже бойынша 1906 жылы 27 апрельде (10 майда) шақырылған I Мемлекеттік думаға (Витте Думасы деп аталған) бойкот жариялау жайында болып отыр.

1905 жылғы Бүкіл россиялық октябрь стачкасы патшаны 17 октябрьде манифест шығаруға мәжбүр етті, манифесте заң шығару функциясы бар Мемлекеттік думаның шақырылатыны туралы жарияланды. Патша үкіметі жаңа Дума шақыру арқылы революциялық қозғалысқа жік салып, әлсіретуді, елдің дамуын бейбіт монархиялық-конституциялық жолға түсіруді көздеді. 1905 жылы 11(24) декабрьде үкімет жаңа Думаның сайлауы жөнінде заң шығарды.

I Мемлекеттік думаға сайлау 1906 жылы февраль — мартта өтті. Большевиктер сайлауға бойкот жариялады. Бойкот Мемлекеттік думаның беделін едәуір түсірді, оған халықтың бір бөлегінің сенімін әлсіретті, бірақ сайлауды болдырмай тастауға шамасы келмеді. Бойкоттың сәтсіз болуының негізгі себебі Думаны шақыруға кедергі бола алатын жаппай революциялық өрлеудің болмауынан еді. Сонымен бірге бойкоттың сәтсіз болуына меньшевиктердің іріткі салушылық нұсқаулары да, шаруалардың белең алған конституциялық жалған үміті де себеп болды. Ал Дума шақырылған кезде, Ленин Думаны революциялық үгіт пен насихат мақсатында, Думаны халық өкілдігінің өрескел боямасы ретінде әшкерелеу мақсатында пайдалану міндетін алға қойды.

I Мемлекеттік думаға 478 депутат сайланды, оның ішінде: кадеттер—179, автономистер—63 (бұған Поляк колосының, украин, эстон, латыш, литван және басқа буржуазиялық-ұлттық топтардың мүшелері кірді), октябристер—16, партияда жоқтар—105, трудовиктер—97 және социал-демократтар—18. Сөйтіп, Думадағы орындардың үштен бір бөлігінен астамына кадеттер ие болды.

Мемлекеттік дума өзінің мәжілістерінде басқа мәселелермен қатар адамның жеке басына ешкімнің тимеуі туралы,

өлім жазасын жою туралы, ождан және жиналыс бостандығы туралы, азаматтардың тең праволылығы туралы және басқа мәселелер талқылады. Бірақ осы мәселелер жөнінде көпшілігін кадеттер ұсынған заң жобалары шын мәнінде «сөз бостандығына да *қарсы*, жиналыстар бостандығына да *қарсы* және басқа жақсы нәрселерге де қарсы каторгалық заң жобалары» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 13-том, 316-бет) еді. Мемлекеттік думадағы негізгі мәселе аграрлық мәселе болды. Думада негізгі екі аграрлық программа ұсынылды: 42 депутат қол қойған кадеттердің заң жобасы және «104-тің жобасы» деген атпен белгілі болған трудовиктердің заң жобасы (қараңыз: 92-ескерту). Трудовиктерге қарама-қарсы кадеттер помещиктік жер иеленушілікті сақтап қалуға тырысты, тек негізінен шаруалардың құрал-саймандарымен өңделген немесе арендаға берілген помещиктік жерлерді ғана иеліктен айырып, «әділ бағамен» төлем құнына беруді ұйғарды.

I Мемлекеттік дума өзінің дәрменсіздігіне, шешімдерінің жартыкештігіне қарамастан үкіметтің үмітін ақтамады. 1906 жылы 8(21) июльде Дума таратылды.— *7*.

7 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Эмиграпттық әдебиет» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 515—516-беттер).— *10*.

8 *Стокгольм съезі* — РСДРП IV (Бірігу) съезі 1906 жылғы 10—25 апрельде (23 апрельде — 8 майда) Стокгольмде болып өтті. В. И. Ленин съезд алдында, февральдың екінші жартысында, большевиктердің тактикалық платформасын — революцияның барлық негізгі мәселелері жөніндегі съезд қарарларының жобасын әзірледі. Большевиктердің қарарлары еңбекші бұқараны самодержавиеге жаңа революциялық тегеурін жасауға әзірленуге шақырды. Меньшевиктер съезге өздерінің тактикалық платформасын ұсынды, онда олар шын мәніне келгенде революциялық күрестен бас тартты. Съезге сайлау осы платформалар бойынша өтті. Екі платформаны талқылау және съезге делегаттар сайлау науқаны екі айға жуық уақытқа созылды. Партия ұйымдарының көпшілігі большевиктік платформаны жақтады.

Съезге РСДРП-ның жергілікті 57 ұйымынан шешуші дауыспен 112 делегат және кеңесші дауыспен 22 делегат қатысты. Съезге ұлттық ұйымдардан: Польша мен Литва социал-демократиясынан, Бундтан және Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясынан үш өкілден, Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясы мен Финляндия жұмысшы партиясынан бір өкілден болды. Сонымен қатар съезге Болгар социал-демократиялық жұмысшы партиясының өкілі қатысты.

Большевик-делегаттар ішінде В. И. Ленин, В. В. Воровский, К. Е. Ворошилов, М. И. Калинин, Н. К. Крупская,

А. В. Луначарский, Ф. А. Сергеев (Артем), И. И. Скворцов-Степанов, И. В. Сталин, М. В. Фрунзе, С. Г. Шаумян, Е. М. Ярославский болды.

Съезде меньшевиктер көпшілік еді. Мұның себебі, бұқараның қарулы қимылдарын басқарған көптеген большевиктік партия ұйымдары талқандалған еді, сондықтан олар өздерінің делегаттарын жібере алмады. Большевиктердің тірегі—Орталықтан, Уралдан, Сибирьден, Солтүстіктен делегаттар тым аз келді. Ал сан жағынан анағұрлым үлкен ұйымдары елдің бұқаралық революциялық бой көрсетулері өтпеген өнеркәсіпті емес аудандарында болған меньшевиктер делегаттарды көбірек жіберуге мүмкіндік алды. Съездің құрамының осындай болуы себепті оның шешімдерінің көпшілігі меньшевиктік сипатта қабылданды.

Съезд мына мәселелерді талқылады: 1) Аграрлық программаны қайта қарау; 2) Ағымдағы кезеңге баға беру және пролетариаттың таптық міндеттері; 3) Мемлекеттік думаға көзқарас; 4) Қарулы көтеріліс; 5) Партизандық қимылдар; 6) Ұлттық социал-демократиялық партиялармен бірігу және 7) Партия уставы.

Съезде барлық мәселелер бойынша большевиктер мен меньшевиктер арасында қиян-кескі күрес болды. Ленин аграрлық мәселе жөнінде, қазіргі кезеңге баға беру және пролетариаттың таптық міндеттері туралы, Мемлекеттік думаға көзқарас туралы, қарулы көтеріліс туралы және басқа мәселелер жөнінде баяндамалар жасады, сөз сөйледі; РСДРП уставының жобасын дайындау жөніндегі комиссияға қатысты.

Съезде қызу күрес тудырған негізгі мәселе — аграрлық программаны қайта қарау мәселесі болды.

Аграрлық программаның большевиктік жобасы съезд делегаттарына үлестіріліп берілген Лениннің «Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қарау» деген еңбегінде негізделді. Лениндік аграрлық программаның мәні мынада еді: ол барлық помещиктік жерді конфискелеу және барлық жерді национализациялау, яғни жерге жеке меншікті жою және барлық жерді мемлекет меншігіне беру талабын алға қойды. Лениннің аграрлық программасы шаруаларды пролетариаттың одақтасы ретінде революция жағына тартуды, буржуазиялық-демократиялық революцияның толық жеңуін және социалистік революцияға өту үшін жағдай жасауды көздеді.

Съездің большевик делегаттарының бір бөлегі (И. В. Сталин, С. А. Суворов және басқалар) помещиктік жерлерді бөлу және оны шаруалардың жеке меншігіне беру талабын жақтады. Ленин «бөлісшілдердің» талабын сынады, оны қате деп есептеді, бірақ зиянды емес деді.

Меньшевиктер жерді муниципализациялау программасын қорғады, бұлай еткенде помещиктік жерлер жергілікті өзін өзі басқару органдарының (муниципалитеттердің) қарамағы-

на өтеді, олардан шаруалар жерді арендаға алатын болады. Муниципализациялау программасының саяси зияны мынада еді: ол революциялық қимылға шақырудың орнына, реакциялық орталық өкіметті сақтай отырып, аграрлық мәселені бейбіт жолмен шешу мүмкін деген жалған үміт тудырады. Ленин меньшевиктік муниципализациялау программасын батыл сынап, оның қате екенін, революциялық қозғалыс үшін зиянды екенін әшкерелеледі. Съезд қызу күрестен кейін жерді муниципализациялау жөніндегі меньшевиктік аграрлық программаны көпшілік дауыспен бекітті, оған большевиктердің қысымымен бірқатар түзетулер енгізілді.

Ағымдағы кезеңге баға беру туралы және Мемлекеттік дума туралы мәселелерді талқылағанда меньшевиктермен араның мықтап ашылғаны айқындала түсті. Большевиктер партияның либерал буржуазияны әшкерелеуін, патша самодержавиесіне және оны қолдайтын саяси партияларға қарсы күресте демократиялық күштермен одақ жасауды жақтады. Меньшевиктер болса, революцияға басшылық етуді буржуазияның қолына берді. Большевиктер Дума жөнінде халық арасына либерал буржуазия таратқан конституциялық жалған үмітпен күресу, патша үкіметінің уәдесіне, заңына деген сенімді жою міндетін алға қойды. Меньшевиктер болса, Думаға революция мәселелерін шешуге қабілетті «жалпы ұлттық саяси орталық» ретінде қарады. Съезде Г. В. Плеханов та осы бағытта сөйледі, ол «Дума революцияның даңғыл жолында тұр» деп мәлімдеді («РСДРП төртінші (Бірігу) съезі. Протоколдар», М., 1959, 293-бет). Съезд қызу күрестен кейін Мемлекеттік дума туралы (Думаны қолдау қажет деп танылды), қарулы көтеріліс туралы меньшевиктік қарарларды бекітті және партизандық қимылдар туралы екіұшты шешім қабылдады. Қарулы көтеріліс туралы қарар пролетариатты қарулы қақтығысқа киліктіру әрекеттерінің бәріне де қарсылық көрсетуге шақырды. Меньшевиктердің қарулы көтеріліс туралы мәселе бойынша съезде сөйлеген сөздері сияқты, бұл қарар да оппортунизм рухында болды. Съезд партия одақтарды ұйымдастыруға жәрдем беруі қажет деп тапқан кәсіптік одақтар туралы ымырашыл қарарды, шаруалар қозғалысына көзқарас туралы қарарды талқылаусыз қабылдады. Съезд буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселе жөнінде халықаралық Амстердам конгресінің қарарын растаумен шектелді.

Съезд уставтың бірінші параграфының лениндік тұжырымын қабылдады, сөйтіп Мартовтың оппортунистік тұжырымын жоққа шығарды. Демократиялық централизм туралы большевиктік тұжырым бірінші рет уставқа енгізілді.

Съезд Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясымен және Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясымен бірігу туралы шешім қабылдады, олар РСДРП құрамына сол аймақтағы барлық ұлттың пролетариаты арасында жұмыс жүргізетін территориялық ұйым ретінде кірді.

Съезд Бундпен бірігу шартының жобасын да қабылдады, бірақ арнаулы қарарда пролетариаттың ұлттар бойынша ұйымдасуына үзілді-кесілді қарсы болды. Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясының ұсынысы бойынша съезде Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясымен бірігу жөнінде мәселе қойылды, бірақ оның ұсақ буржуазиялық ұлтшылдық сипатына байланысты онымен келісім жасалмады.

Съезде сайланған Орталық Комитеттің құрамына 3 большевик және 7 меньшевик енді. Орталық Орган —«Социал-Демократ» газетінің редакциясы меньшевиктерден ғана құралды.

Съезд партия тарихына «Бірігу» съезі ретінде енді. Алайда съезде РСДРП-ның формальды түрде бірігуі ғана жүзеге асырылды. Іс жүзінде меньшевиктер мен большевиктердің революцияның аса маңызды мәселелері бойынша өз көзқарастары, өз платформалары болды және олар шынында екі партия еді. Съезд жікке бөлінуді ресми түрде жоя отырып, партия ұйымдарының бірыңғай қимылын уақытша күшейтті, бірақ ол түбегейлі біріктіре алмады және біріктіре де алмайтын еді. Съезд алдында большевиктер мен меньшевиктер арасында болған күрес съезде мейлінше қыза түсті. Сондықтан, Лениннің сөзімен айтқанда, «съездің идеялық ірі ісі» бірігу болған жоқ, «социал-демократияның оң қанаты мен сол қанатының арасын неғұрлым айқын аша түскендігі болды». Съездегі күрес партия бұқарасы алдында большевиктер мен меньшевиктердің арасындағы принципті алауыздықтардың мазмұны мен тереңдігін ашып берді.

Съезд материалдары партия мүшелеріне, саналы жұмысшыларға идеялық күресті түсіне білуге, большевиктердің революциялық бағытын айқын да терең ұғынуға мүмкіндік берді.

Ленин съезден кейін іле-шала большевик-делегаттардың атынан партияға үндеу жазды, онда IV съезд қабылдаған меньшевиктік шешімдерді принципті сынға алды; ол шешімдер большевиктердің қарсылығына қарамастан қабылданған болатын. Ленин «РСДРП Бірігу съезі туралы баяндама (Петербург жұмысшыларына хат)» деген кітапшасында съезд жұмысына талдау жасады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 1—73-беттер). — *14.*

9 *II Мемлекеттік дума* 1907 жылы 20 февральда (5 мартта) жиналды. Дума сайлауы төте, тең сайлау емес-ті және әскери-далалық соттар мен қудалау жағдайында өтті. Осыған қарамастан, екінші Дума бірінші Думаға қарағанда құрамы жағынан солшылдау болды. Мұның себебі мынада еді: бірінші Дума кезіндегіге қарағанда партиялар неғұрлым айқын және күрт ажырасты, бұқараның таптық санасы өсті, сондай-ақ большевиктер сайлауға қатысты.

Думаның құрамы ұшқары партиялардың: бір жағынан,

социал-демократтар мен халықшылдық топтардың, екінші жағынан, кадеттердің есебінен оңшылдардың күшейгенін дәлелдеді. II Мемлекеттік дума мүшелерінің саяси топтар бойынша бөлінуі мынадай болды: оңшылдар, яғни монархистер мен октябристер—54, кадеттер мен оларға жақындар—99, ұлт өкілдері —76, партияда жоқтар —50, казак топтары —17, «халықтық социалистер»— 16, эсерлер — 37, трудовиктер — 104, социал-демократтар—65. Алайда құрамы жағынан анағұрлым солшылдау екінші Дума, революция қайтып бара жатқандықтан, бірінші Думадан гөрі әлсіздеу болды.

II Мемлекеттік думадағы оңшыл партиялар барлық мәселелер бойынша самодержавиелік үкіметтің саясатын сөзсіз қолдап отырды. Екінші Думаға дейін өздерінің контрреволюцияшылдығын біржола көрсеткен кадеттер самодержавиемен мәмлеге келу позициясын ұстады.

II Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияда меньшевиктер басым болды. Кадеттермен блок құруды жақтаған және халықта конституциялық жалған үміттерді туғызуды қолдаған меньшевиктердің оппортунистік тактикасы фракцияның қызметіне әсер етпей қойған жоқ. Ленин Думадағы социал-демократиялық фракцияның қателіктерін қатты сынады, Россия социал-демократиясының көпшілігі мен оның Думадағы өкілдерінің көзқарастары арасындағы сәйкессіздікті көрсетті. Большевиктер Думаны патша өкіметін және контрреволюцияшыл буржуазияның сатқындық ролін әшкерелеу үшін, партияның революциялық программасын жариялау және насихаттау үшін, шаруаларды либералдардың ықпалынан босатып алып, Думада жұмысшы табы мен шаруалар өкілдерінің революциялық блогын құру үшін трибуна есебінде пайдаланды. Большевиктердің ұстаған бағыты парламенттік мекемелердегі пролетариат өкілдерінің іс-әрекетіндегі жаңа, революциялық-маркстік бағыт еді. Ал меньшевиктер Думада кадеттерді қолдаудың оппортунистік тактикасын жүргізді. «I және II Думаның *күллі* тарихын,— деп жазды кейіннен Ленин,— либералдардың шаруалармен және социал-демократтармен алысқан күресі лық толтырып отыр. Большевизм мен меньшевизмнің күресі, либералдарды қолдау жолындағы күрес ретінде, либералдардың шаруаларға жүргізген гегемониясын құлату жолындағы күрес ретінде, осы тарихпен *тығыз* байланысты» (Шығармалар, 16-том, 400-бет).

Бірінші Думадағы сияқты, екінші Мемлекеттік думада да талқыланған басты мәселе аграрлық мәселе болды. Дума өзінің мәжілістерінде басқа мәселелермен бірге бюджетті, ашаршылыққа ұшырағандар мен жұмыссыздарға көмек көрсету мәселелерін, амнистия туралы мәселені талқылады.

Революцияның күші жеткіліксіз екені анықталған кезде патша үкіметі Думаны қуып таратуды ұйғарды. 1907 жылы 3 июньде II Мемлекеттік думаның таратылуы реакция кезеңінің басталғанын көрсетті. — *17.*

10 *Кадеттер* — Россиядағы либерал-монархиялық буржуазияның жетекші партиясы, конституциялық-демократиялық партияның мүшелері. Кадеттер партиясы 1905 жылы октябрьде құрылды; оның құрамына буржуазияның өкілдері, помещиктерден шыққан земство қайраткерлері және буржуазиялық интеллигенттер кірді. Кадеттердің көрнекті қайраткерлері П. Н. Милюков, С. А. Муромцев, В. А. Маклаков, А. И. Шингарев, П. Б. Струве, Ф. И. Родичев және басқалар болды. Еңбекші бұқараны алдау үшін кадеттер өздеріне «халық бостандығы партиясы» деген жалған ат алды, ал іс жүзінде олар конституциялық монархияны талап етуден әрі аспады. Кадеттер өздерінің басты мақсаты революциялық қозғалыспен күресу деп білді, өкімет билігін патшамен және крепостник-помещиктермен бөлісуге ұмтылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында кадеттер патша үкіметінің басқыншылық сыртқы саясатын белсене қолдады. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезеңінде олар монархияны сақтап қалуға тырысты. Буржуазиялық Уақытша үкіметте басшы орындарға ие бола отырып, кадеттер халыққа қарсы, американ-ағылшын-француз империалистеріне жағымды, контрреволюциялық саясат жүргізді. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін кадеттер Совет өкіметінің бітіспес жауы болды, барлық контрреволюциялық қарулы қимылдарға және интервенттердің жорықтарына қатысып отырды. Интервенттер мен ақ гвардияшылар талқандалғаннан кейін кадеттер эмиграцияда жүріп, өздерінің антисоветтік контрреволюциялық әрекеттерін тоқтатқан жоқ. — *17.*

11 *«Товарищ»* («Жолдас») — буржуазиялық күнделікті газет; 1906 жылғы 15 (28) марттан 1907 жылғы 30 декабрьге (1908, 12 январьға) дейін Петербургте шығып тұрды. Газет формальды түрде ешбір партияның органы болып саналмады, ал іс жүзінде солшыл кадеттердің органы болды. Газетке С. Н. Прокопович пен Е. Д. Кускова белсене ат салысты. Газетке меньшевиктер де қатысып тұрды.— *18.*

12 *Орталық Комитет листогы* —«Партия ұйымдарына хат», № 1, үшінші июньдегі мемлекеттік төңкеріске байланысты жазылған. «Пролетариат және оның мүддесін білдіретін революциялық социал-демократия,— делінген хатта,— үкіметтің озбырлығына жауап бермей, наразылық жасамай отыра алмайды. Социал-демократия революцияны одан әрі жалғастырудан, оны дамытудан бас тартпайды». РСДРП Орталық Комитеті бой көрсетуді дереу жарияламай тұрып, партия ұйымдарын «пайда болған бұқаралық қозғалыстарды қуаттап, ақырына дейін жеткізуге, ал қалың бұқараның белсенді және батыл қолдауына түгелдей негіз бар жерлерде, бұл

жөнінде Орталық Комитетке хабарлай отырып, қозғалыстың инициативасын дереу өз қолдарына алуға» шақырды: — *23.*

13 Қараңыз: К. Маркстің 1869 жылғы 3 мартта Л. Кугельманға жазған хаты (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар. Қаз. мемл. баспасы, 1958, 234-бет). —*26.*

14 Ленин бұл арада К. Маркстің «Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі Бас Советінің Франция-Пруссия соғысы туралы екінші үндеуі» деген еңбегін айтып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 280—281-беттер). — *29.*

15 *Октябристер* — Россияда 1905 жылғы 17 (30) октябрьдегі патша манифесі жарияланғаннан кейін құрылған октябристер (немесе «17 октябрь одағы») партиясының мүшелері. Бұл — ірі буржуазияның және шаруашылығын капиталистік тұрғыда жүргізетін помещиктердің мүдделерін білдіретін және қорғайтын контрреволюциялық партия еді; оны белгілі өнеркәсіпші және Москвадағы үйлер иесі А. И. Гучков пен ірі помещик М. В. Родзянко басқарды. Октябристер патша үкіметінің ішкі және сыртқы саясатын толық қолдап отырды. — *30.*

16 *«Пролетарий» (женевалық)* — апта сайын шығып тұрған большевиктік құпия газет; РСДРП-ның Орталық Органы, партияның III съезінің қаулысы бойынша құрылды. Партияның Орталық Комитеті пленумының шешімі бойынша 1905 жылы 27 апрельде (10 майда) Орталық Органның жауапты редакторы болып В. И. Ленин тағайындалды. Газет 1905 жылғы 14(27) майдан 12(25) ноябрьге дейін Женевада шығып тұрды. Не бары 26 номері шықты. «Пролетарий» ескі, лениндік «Искраның» жолын ұстады және большевиктік «Вперед» газетімен толық сабақтастықты сақтады.

Ленин газетке 90-ға жуық мақала мен заметка жазды. Лениннің мақалалары газеттің саяси бетін, оның идеялық мазмұны мен большевиктік бағытын белгіледі. Ленин газеттің басшысы және редакторы ретінде орасан зор жұмыс істеді. В. В. Воровский, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский редакцияның жұмысына үнемі қатысып тұрды. Н. К. Крупская, В. М. Величкина, В. А. Карпинский редакцияда үлкен жұмыс атқарды. Газет Россия жұмысшы қозғалысымен тығыз байланысты болды; революциялық қозғалысқа тікелей қатысқан жұмысшылардың мақалалары мен заметкалары газет бетінде жарияланып тұрды. В. Д. Бонч-Бруевич, С. И. Гусев және А. И. Ульянова-Елизарова жергілікті жерлерден корреспонденциялар жинап, оларды Женеваға жіберуді ұйымдастырып отырды. Редакцияның жергілікті партия ұйымдарымен, оқушылармен хат-хабар алысуын Н. К. Крупская және Л. А. Фотиева жүргізді.

«Пролетарий» Россиядағы және халықаралық жұмысшы қозғалысының барлық елеулі оқиғаларына дереу үн қосты, меньшевиктерге және басқа оппортунистік ревизионистік элементтерге қарсы аяусыз күресті. Газет партияның III съезі шешімдерін насихаттауда үлкен жұмыс жүргізді және большевиктерді ұйымдық, идеялық жағынан топтастыруда маңызды роль атқарды. «Пролетарий» революциялық марксизмді дәйектілікпен қорғады, Россияда өріс алған революцияның барлық негізгі мәселелерін талдап белгілеп отырды. 1905 жылғы оқиғаларды жан-жақты көрсете отырып, «Пролетарий» еңбекшілердің қалың бұқарасын революцияның жеңісі жолындағы күреске көтерді.

«Пролетарий» жергілікті социал-демократиялық ұйымдарға үлкен ықпал жасады. Большевиктік жергілікті газеттер Лениннің кейбір мақалаларын «Пролетарий» газетінен көшіріп басты, жеке листовка етіп таратты. 1905 жылы ноябрьдің бас кезінде Ленин Россияға жүріп кеткеннен кейін көп кешікпей газеттің шығуы тоқтатылды. Соңғы екі номері (25 және 26) В. В. Воровскийдің редакциялауымен шықты, бірақ бұларға да Ленин бірнеше мақала жазды, олар Ленин Женевадан жүріп кеткеннен кейін жарияланды.— *32.*

17 *«Пролетарий» (орыс)* — большевиктік құпия газет. 1906 жылғы 21 августан (3 сентябрьден) 1909 жылғы 28 ноябрьге (11 декабрьге) дейін В. И. Лениннің редакциялауымен шығып тұрды; не бары 50 номері шықты. Редакцияның жұмысына М. Ф. Владимирский, В. В. Воровский, А. В. Луначарский, И. Ф. Дубровинский белсене қатысты; газетті шығару жөніндегі техникалық жұмысты Е. С. Шлихтер, А. Г. Шлихтер және басқалар жүргізді. Газеттің алғашқы жиырма номері Выборгте баспаға әзірленді және терілді (одан жіберілген матрицадан басып шығару Петербургте ұйымдастырылды; құпиялық сақтау мақсатымен газетте ол Москвада шығарылады деп көрсетілді). Сонан соң, Россияда құпия органды басып шығару жағдайының өте-мөте нашарлауы салдарынан, «Пролетарийдың» редакциясы, РСДРП Петербург және Москва комитеттерінің шешіміне сәйкес, газеттің шығарылуын шетелге көшірді (21—40-номерлері Женевада, 41—50-номерлері Парижде шықты).

Іс жүзінде «Пролетарий» большевиктердің Орталық Органы болды. «Пролетарий» газетінің редакциясындағы барлық негізгі жұмысты Ленин атқарды. Газеттің көптеген номерлерінде оның бірнешеден мақалалары басылды. «Пролетарийде» жұмысшы табының революциялық күресінің аса маңызды мәселелері жөнінен Лениннің 100-ден астам мақаласы мен заметкасы жарияланды. Газетте тактикалық және жалпы саяси мәселелер кеңінен жазылды, РСДРП Орталық Комитетінің қызметі туралы есептер, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының шешімдері, партия қызметінің әр түрлі мәселелері жөнінен Орталық Комитеттің

хаттары және басқа бірқатар документтер жарияланды. Газет жергілікті партия ұйымдарымен тығыз байланысты болды.

Столыпиндік реакция жылдарында «Пролетарий» газеті большевиктік ұйымдарды сақтап қалуда және нығайтуда, жойымпаздарға, шақырымпаздарға, ультиматистерге және құдай жасампаздарға қарсы күресте аса көрнекті роль атқарды. 1910 жылы январьда РСДРП Орталық Комитетінің пленумында ымырашылдардың жәрдемімен меньшевиктер фракцияшылдықпен күресу деген сылтаумен «Пролетарий» газетін жабу туралы шешім қабылдаттырды. — *32.*

18 *«Граф Гейденді еске түсіру»* деген мақала большевиктік «Өмір үні» жинағында (СПБ., 1907) редакцияның мынадай ескертуімен басылды: ««Товарищте» шыққан панегириктің ізінше, тіпті, июньде жазылған бұл мақала авторға «қатысты емес» жағдайға байланысты басылмай қалды. Редакция осы жинақтан мақалаға орын бере отырып, мақаланың жазылуына себеп болған жағдай дәл қазіргі кезде өзінің мәнін жойса да, мақаланың мазмұны өзінің барлық пайдалы жағын әлі де жойған жоқ деп ұйғарады».

Авторға «қатысты емес» жағдай деп, әдетте, полиция мен цензура тарапынан жасалынатын кедергілер айтылатын. Сондай-ақ, осы арада, ол кезде большевиктік жинақтар Лениннің мақаласы жарияланатын бірден-бір басылым болғандығы да айтылып отыр. Мақалаға қол қойылмаған, бірақ жинаққа берілген мазмұнда авторы: Н. Л.— деп көрсетілген. — *40.*

19 *«Русские Ведомости»* («Орыс Ведомостары») — газет; 1863 жылдан Москвада шығып тұрды, баяу-либерал интеллигенцияның көзқарастарын білдірді. 80—90-жылдары газетке демократиялық лагерьдегі жазушылар (В. Г. Короленко, М. Е. Салтыков-Щедрин, Г. И. Успенский және басқалар) қатысты, либерал халықшылдардың шығармалары басылды. 1905 жылдан газет кадеттер партиясының оң қанатының органы болды. «Русские Ведомости», деп атап көрсетті Ленин, *«оңшыл* кадетизмді халықшылдық сарынмен» (Шығармалар, 19-том, 120-бет) ерекше ұштастырды.

1918 жылы «Русские Ведомости» басқа да контрреволюциялық газеттермен бірге жабылды. — *40.*

20 *«Бейбіт жаңартушылық», «бейбіт жаңартушылар»* — «бейбіт жаңарту» партиясы, ірі буржуазия мен помещиктердің конституциялық-монархиялық ұйымы, 1906 жылы I Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін біржола қалыптасты. Партия «солшыл октябристер» мен «оңшыл кадеттерді» біріктірді. Бейбіт жаңартушылардың лидерлері П. А. Гейден, Н. Н. Львов, П. П. Рябушинский, М. А. Стахович, Е. Н. және Г. Н. Трубецкойлар, Д. Н. Шипов және басқалар болды. Өзінің прог-

раммасы жағынан партия октябристерге жақын тұрды. Партияның қызметі сауда-өнеркәсіп буржуазиясының және шаруашылығын капиталистік тұрғыда жүргізетін помещиктердің мүдделерін қорғауға бағытталды. III Мемлекеттік думада «бейбіт жаңарту» партиясы «демократиялық реформалар» партиясы дейтінмен «прогрессистер» фракциясына бірікті. — *46.*

21 Бұл арада И. С. Тургеневтің «Бурмистр» деген әңгімесіндегі помещик Пеночкин айтылып отыр. — *47.*

22 Ленин Гётенің «Zahme Xenien» («Момақан Ксениялар») деген шығармасынан цитат келтіріп отыр. — *48.*

23 *РСДРП Петербург жалпы қалалық конференциясы* 1907 жылы 8 және 14 (21 және 27) июльде Териокиде (Финляндия) өтті. Конференция есебі табылған жоқ. Конференцияның бірінші мәжілісіне шешуші даусы бар 61 делегат, кеңесші даусы бар 21 делегат қатысты.

Конференциядағы негізгі мәселе III Мемлекеттік дума сайлауына қатысу туралы және РСДРП Петербург ұйымындағы бойкот жасаушылық пиғылдарға қарсы күресу мәселесі болды.

III Дума сайлауына көзқарас туралы мәселе бойынша Ленин баяндама жасады. Конференция III Думаға бойкот жариялауға қарсы бағытты қолдады, мұны Ленин өзінің тезистерінде және баяндамасында қорғаған болатын. — *50.*

24 *РСДРП үшінші («Жалпы россиялық екінші») конференциясы* — 1907 жылы 21—23 июльде (3—5 августа) Котка қаласында (Финляндия) өтті. Конференцияға 26 делегат, оның ішінде 9 большевик, 5 меньшевик, 5 поляк социал-демократы, 5 бундшыл және 2 латыш социал-демократы қатысты. Делегаттардың ішінде В. И. Ленин, Ф. Э. Дзержинский, Роза Люксембург, А. В. Луначарский және басқалар болды. Делегаттардан басқа конференцияға V (Лондон) съезд сайлаған партияның Орталық Комитетінің мүшелері мен кандидаттары қатысты. Үшінші июньдегі контрреволюциялық төңкеріске және III Дума сайлауына байланысты саяси жағдайдың өзгеруі шұғыл конференция (партияның V съезінен кейін екі айдан соң) шақыруды қажет етті. Конференцияның күн тәртібіне: III Мемлекеттік дума сайлауына қатысу туралы, басқа партиялармен сайлау келісімін жасасу туралы, сайлау платформасы туралы және Кәсіптік одақтардың бүкіл россиялық съезі туралы мәселелер қойылды. Бірінші мәселе жөнінен конференция үш баяндама: большевиктерден Лениннің (бойкотқа қарсы) және А. Богдановтың (бойкотты жақтаған) және меньшевиктер мен Бундтан—Ф. Данның баяндамаларын тыңдады. Конференция көпшілік дауыспен партияны сайлау науқанына қатысуға және оңшыл партия-

ларға да, кадеттерге де қарсы күресуге шақырған қарардың лениндік жобасын негізге алды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 245—247-беттер). Бойкотшы-большевиктер өз қарарлары қабылданылмай тасталғаннан кейін лениндік қарарды жақтап дауыс берді.

Басқа партиялармен сайлау келісімін жасасу туралы мәселе жөнінен III конференция социал-демократтар сайлаудың бірінші кезеңінде басқа партиялармен ешқандай да келісім жасаспау керек деп шешті. Қайта дауыс беру кезінде кадеттерден солшылдау барлық партиялармен келісім жасасуға болады деп ұйғарылды. Сайлаудың екінші және одан арғы кезеңдерінде оңшылдармен күресу үшін барлық революциялық және оппозициялық партиялармен келісім жасасуға болады деп ұйғарылды. Бірақ жұмысшы куриясында социал-демократтар РСДРП-ға кірмейтін ұлттық социал-демократиялық партиялардан, сондай-ақ Поляк социалистік партиясынан басқа партиялармен келісім жасасуға тиісті емес болды.

Сайлау платформасы туралы мәселе жөнінде конференция III Мемлекеттік дума сайлауына қатысу туралы қабылданған қарардың негізінде сайлау платформасын дайындауды Орталық Комитетке тапсырды.

Кәсіптік одақтардың бүкіл россиялық съезі туралы мәселені талқылау іс жүзінде жұмысшы табының партиясы мен оның кәсіподақтары арасындағы қарым-қатынастарды талқылауға ұласты, өйткені меньшевиктер кәсіподақтардың партиялылығы жөніндегі V (Лондон) съездің шешімін ревизиялауға әрекет жасады. Конференция екі баяндама тыңдады: бір баяндама кәсіподақтардың партиялылығы принципін қорғады, екінші баяндама кәсіподақтардың бейтараптығын жақтады. Баяндамалар бойынша қарардың 4 жобасы (большевиктік, меньшевиктік және екі ымырашылдық жобалар) ұсынылды. Конференция осы мәселе бойынша ұсынылған қарар жобаларының бәрін материал ретінде РСДРП Орталық Комитетіне беруді ұйғарды. Большевиктік (үшінші) жобаның негізіне В. И. Ленин ұсынған жоба алынды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 252—253-беттер).

Конференцияның протоколдары және В. И. Лениннің баяндамасы табылмады. В. И. Лениннің сақталған документтері: бойкотқа қарсы сөйлеген сөздің конспектісі, III Мемлекеттік дума сайлауына бойкот жариялауға қарсы қарар жобасының бастапқы нобайы және т. т. (1933 жылы Лениннің XXV жинағында жарияланған) осы томның «Дайындық материалдар» бөлімінде беріліп отыр. РСДРП III конференциясының шешімдері «1907 жылғы 21, 22 және 23 июльдегі партия

конференциясы туралы хабар» деген атпен РСДРП Орталық Комитетінің листовкасы түрінде жарияланды.

РСДРП үшінші («Жалпы россиялық екінші») конференциясының маңызы мынада: ол тарихи жаңа жағдайда — столыпиндік реакция жағдайында партия тактикасының негіздерін белгілеп берді.— *53.*

25 *1905 жылғы 11(24) декабрьдегі кадеттік сайлау заңы* — I Мемлекеттік дума сайлауы жөніндегі заң, оны патша үкіметі Москва қарулы көтерілісі қызған кезде шығарған болатын, бұл заң сайлау праволары кеңейтілді деген жалған ұғым ғана тугызды.

«Кеңесші» Булыгин Думасы туралы ережеге қарағанда, жаңа заң «заң шығаратын» Дума құруды көздеді. Бұрынғы белгіленген курияларға — жер иеленушілер (помещиктер), қалалық (буржуазия) және шаруалар куриясына — жұмысшы куриясы қосылды және қалалық куриядан сайланатын сайламшылардың жалпы санын сақтай отырып, қалалық сайлаушылардың құрамы кеңейтілді. Сайлау жалпыға бірдей сайлау емес еді. Әйелдер, ұсақ кәсіпорындардағы 2 миллионнан астам жұмысшы-еркектер, көшпелі халықтар, әскери қызметшілер, 25-ке дейінгі жастар дауыс беру правосынан айрылды. Сайлау тең праволы сайлау емес еді: жер иеленушілер куриясының 2 мың сайлаушысына, қалалық курияның 7 мың, шаруалар куриясының 30 мың, жұмысшы куриясының 90 мың сайлаушысына 1 сайламшыдан келеді, яғни помещиктің 1 даусы қалалық буржуазияның 3 даусына, шаруалардың 15 даусына және жұмысшылардың 45 даусына пара-пар келеді екен. Жұмысшы куриясының сайламшылары Мемлекеттік думаның барлық сайламшыларының 4 процентіне ғана тең болды. Фабрика-завод және тау-кен өнеркәсібінде істейтін жұмысшыларға ғана сайлау правосы берілді. Жұмысшы куриясы бойынша сайлауға жұмысшы саны 50-ден кем емес кәсіпорындардың жұмысшылары жіберілді. 50-ден 1000-ға дейін жұмысшысы бар кәсіпорындар бір уәкіл жіберетін болды. Ірі кәсіпорындар әрбір мың адамнан бір уәкіл жіберді. Сайлау төте сайлау емес, көп сатылы сайлау еді. Жұмысшылар үшін үш сатылы, шаруалар үшін төрт сатылы сайлау жүйесі тағайындалды. Іс жүзінде сайлау жасырын сайлау болған жоқ.

1905 жылғы 11(24) декабрьдегі сайлау заңын Ленин «халық өкілдігін мейлінше дөрекі түрде боямалау» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 212-бет) деп санады, өйткені ол Думада помещиктер мен капиталистердің орасан басым болуын қамтамасыз етті.— *55.*

26 *Бейпартиялық прогрессистер* — орыс либерал-монархиялық буржуазиясының саяси тобы, ол Мемлекеттік думалар сайлауларында және Думаларда әр түрлі буржуазиялық-помещиктік партиялар мен топтардың элементтерін «бейпартиялықтың» туы астында біріктіруге әрекет жасады.

III Мемлекеттік думада прогрессистер фракция құрып, оған «бейбіт жаңарту» және «демократиялық реформалар» партияларының өкілдері кірді. Жаңа революциялық дүмпуден қорыққан прогрессистер патша үкіметінің «ұшқарылығын» сынауға дейін барды, олардың ойынша, патша үкіметі өзінің қасарысуымен солшыл, революциялық күштердің қызметіне жағдай туғызып отыр. 1912 жылы IV Мемлекеттік дума сайлауында прогрессистер кадеттермен блок жасасты, өзінің жалған бейпартиялығымен оларға «буржуазиялық үшінші июньдік сайлаушының» дауыстарын қағып алуға көмектесті.

1912 жылы ноябрьде прогрессистер дербес саяси партия болып қалыптасты, мынадай программасы болды: баяу, тар цензді конституция, ұсақ реформалар, жауапты министрлік, яғни Дума алдында жауапты үкімет, революциялық қозғалысты басу. В. И. Ленин өзінің құрамы, өзінің идеологиясы жағынан прогрессистер — *«октябристердің кадеттермен қосындысы»* деп көрсетті; ол прогрессистер партиясының программасын национал-либералдық деп сипаттады: «Бұл — Германияда да көріп отырғанымыздай — «нағыз» капиталистік буржуазияның партиясы болады» (Шығармалар, 18-том, 518, 455-беттер).

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында прогрессистік партия өзінің қызметін жандандыра түсіп, әскери басшыларды ауыстыруды, өнеркәсіпті майдан мұқтаждарын өтеуге жұмылдыруды және орыс буржуазиясы өкілдерінің қатысуымен «жауапты министрлік» құруды талап етті. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін партияның кейбір лидерлері буржуазиялық Уақытша үкіметке кірді. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін прогрессистер партиясы Совет өкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізді.

Прогрессистер лидерлерінің ішінде Москваның белгілі фабриканттары: П. П. Рябушинский, А. И. Коновалов, помещик И. Н. Ефремов және басқалар болды. Прогрессистер әр кезде өздерінің саяси органдарын: «Московский Еженедельник» журналын, «Слово», «Русская Молва» және «Утро России» газеттерін шығарып тұрды. — *57*.

27 *«Образование»* («Білім») — ай сайын шыққан жария әдеби ғылыми-көпшілік және қоғамдық-саяси журнал; 1892 жылдан 1909 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. 1902—1908 жылдары «Образование» журналында социал-демократтардың мақалалары басылды. «Образованиенің» 1906 жылғы 2-номерінде Лениннің «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбегінің V—IX тараулары басылды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 167—240-беттер). — *58*.

28 *Буренин газеті* деп В. И. Ленин қаражүздік-монархиялық газет — «Новое Времяны» атады. «Новое Времяның» қызметке-

рі Буренин қоғамдық пікірдің барлық прогрестік ағымдарының өкілдеріне өшпенділікпен жала жапты, айтыстың пасықтық тәсілдерін қолданумен көзге түсті.

«Новое Время» («Жаңа Заман») — күнделікті газет; 1868 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрды; әр түрлі бастырушылардың қолында болды және өзінің саяси бағытын бірнеше рет өзгертті. Бастапқы кезде баяу-либералдық бағыт ұстаған газет 1876 жылы А. С. Суворин бастырушысы болғаннан соң реакцияшыл дворяндық және чиновниктік-бюрократтық топтардың органына айналды. 1905 жылдан—қаражүздіктердің органы. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін газет буржуазиялық Уақытша үкіметтің контрреволюциялық саясатын қолдап, большевиктерге өршелене жала жапты. 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет жауып тастады. В. И. Ленин «Новое Времяны» сатқын газеттердің үлгісі деп атады.— *62.*

29 *Трудовиктер (Еңбек тобы)*— ұсақ буржуазияшыл демократтар тобы; 1906 жылы апрельде I Мемлекеттік думаның шаруалар депутаттарынан құралды.

Трудовиктер барлық сословиелік және ұлттық шектеулерді жою, земстволық және қалалық өзін өзі басқаруды демократияландыру, Мемлекеттік дума сайлауы үшін жалпыға бірдей сайлау правосын жүзеге асыру талабын қойды. Трудовиктердің аграрлық программасы жерді пайдаланудың халықшылдық «теңгермелі» принциптеріне негізделді: қазыналық, уделдік, кабинеттік, монастырьлік, сондай-ақ егер иеліктегі жер көлемі белгіленген еңбек нормасынан асса, жеке меншіктегі жерлерден жалпы халықтық қор ұйымдастырылады; иеліктен айрылған жеке меншіктегі жерлер үшін ақы төлеу көзделді. Кәдімгі трудовик—шаруа,—деп көрсетті В. И. Ленин 1906 жылы,— ол «монархиямен мәмлеге келуден, буржуазиялық құрылыс шеңберінде *өзінің* ұлтарақтай жерінде тыныштыққа ұмтылудан қашпайды, бірақ қазіргі уақытта оның басты күші жер үшін помещиктермен күресуге, демократия үшін крепостниктік мемлекетпен күресуге жұмсалып отыр» (Шығармалар толық жинағы, 14-том, 27-бет).

Трудовиктер Мемлекеттік думада кадеттер мен социал-демократтардың арасында ауытқумен болды. Бұл ауытқу сол ұсақ қожайындардың — шаруалардың таптық табиғатына байланысты еді. Әйтседе, трудовиктер шаруалар бұқарасының өкілдері болғандықтан, большевиктер Думада патша самодержавиесіне және кадеттерге қарсы ортақ күрес жүргізу үшін жекелеген мәселелер жөнінде олармен келісімге келу тактикасын ұстады. 1917 жылы Еңбек тобы «халықтық социалистер» партиясымен бірікті, буржуазиялық Уақытша үкіметті белсене қолдады. Октябрь социалистік рево-

люциясынан кейін трудовиктер буржуазиялық контрреволюция жағында әрекет жасады. — *65.*

30 *«Речь»* («Тіл») — күнделікті газет, кадеттер партиясының орталық органы; 1906 жылғы 23 февральдан (8 марттан) іс жүзінде П. Н. Милюков пен И. В. Гессеннің редакциясымен, М. М. Винавердің, П. Д. Долгоруковтың, П. Б. Струвенің және басқалардың белсене атсалысуымен Петербургте шығып тұрды. Газетті 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет жауып тастады. Кейіннен (1918 жылғы августқа дейін) «Наша Речь», «Свободная Речь», «Век», «Новая Речь», «Наш Век» деген аттармен шығып келді. — *65.*

31 *Біріккен дворяндар советі*—крепостник-помещиктердің контрреволюциялық ұйымы, 1906 жылы майда губерниялық дворяндар қоғамдары уәкілдерінің бірінші съезінде құрылып, 1917 жылдың октябріне дейін өмір сүрді. Ұйымның негізгі мақсаты самодержавиелік құрылысты, ірі помещиктік жер иеленуді және дворяндардың пұрсаттылықтарын қорғау болды. Біріккен дворяндар советін басқарғандар: граф А. А. Бобринский, князь Н. Ф. Касаткин-Ростовский, граф Д. А. Олсуфьев, В. М. Пуришкевич және басқалар. Ленин Біріккен дворяндар советін «біріккен крепостниктер советі» деп атады. Біріккен дворяндар советі іс жүзінде үкіметті крепостниктердің мүдделерін қорғауға бағытталған заң шығару шараларын жасауға мәжбүр етіп отырған жартылай үкімет органына айналды. III Мемлекеттік дума дәуірінде Біріккен дворяндар советі мүшелерінің едәуір бөлегі Мемлекеттік советке және қаражүздік ұйымдардың басшы орталық орындарына енді. — *66.*

32 *Халықтық социалистер* (немесе энестер) — ұсақ буржуазиялық Халықтық-социалистік еңбек партиясының мүшелері, бұл партия 1906 жылы социалист-революционерлер (эсерлер) партиясының оң қанатынан бөлініп шықты. Энестер жерді помещиктерден құнын төлеп алатын ішінара национализациялауды және оны еңбек нормасы деп аталатын норма бойынша шаруаларға бөліп беруді жақтады. Энестер кадеттермен блок жасасуды жақтады. Ленин оларды кадеттер мен эсерлер арасында ауытқып жүрген «социал-кадеттер», «мещан оппортунистер», «эсер меньшевиктер» деп атады, бұл партияның «кадеттерден айырмашылығы өте аз, өйткені республиканы да, барлық жерді талап етуді де программадан шығарып тастап отыр» деп атап көрсетті. Партияны А. В. Пешехонов, Н. Ф. Анненский, В. А. Мякотин және басқалар басқарды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «халықтық социалистер» партиясы трудовиктермен қосылды, буржуазиялық Уақытша үкіметтің қызметін белсене қолдап, оның құрамына өзінің өкілдерін жіберді. Октябрь социалистік революция-

сынан кейін эпестер Совет өкіметіне қарсы контрреволюциялық заговорларға және қарулы қимылдарға қатысты. Шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы кезінде партия өзінің өмір сүруін тоқтатты. — *71.*

33 *Штутгарттағы халықаралық социалистік конгресс* — II Интернационалдың VII конгресі—1907 жылы 18—24 августа болып өтті.

Конгреске 886 делегат — социалистік партиялар мен кәсіптік одақтардың өкілдері қатысты. Әр елден келген делегаттар саны мынадай еді: Англиядан—123, Австриядан — 75, Венгриядан — 25, Богемиядан — 41, Италиядан — 13, Польшадан — 23, Франциядан — 78, Америка Құрама Штаттарынан — 20 және т.т. Әсіресе, неміс делегациясының саны көп (289 адам) болды. Оның көпшілігі кәсіподақ чиновниктері еді, бұл — конгрестің қарарларын талқылау және қабылдау кезінде неміс социал-демократиялық партиясының позициясына күшті әсер етті.

Россия делегациясы құрамында 37 социал-демократ, 21 эсер және Россия кәсіподақтарының 7 өкілі болды. Россия делегациясына берілген 20 шешуші дауыстың социал-демократтар 10 дауысын (большевиктер—$4^1/_2$ дауыс, меньшевиктер $2^1/_2$ дауыс, бундшылдарға, латыш социал-демократтары мен армян социал-демократтарына — 1 дауыстан), эсерлер—7, кәсіподақтар өкілдері 3 даусын алды. Большевиктер делегациясының құрамында В. И. Ленин, А. А. Богданов, И. П. Гольденберг (Мешковский), Б. А. Кнунянц, М. М. Литвинов, А. В. Луначарский, Н. А. Семашко, М. Цхакая және басқалар болды.

Конгресс мына мәселелерді қарады: 1) Милитаризм және халықаралық жанжалдар; 2) Саяси партиялар мен кәсіптік одақтар арасындағы қарым-қатынастар; 3) Отар мәселесі; 4) Жұмысшылардың иммиграциясы мен эмиграциясы және 5) Әйелдердің сайлау правосы.

В. И. Ленин конгресс делегаттары — большевиктердің бірнеше рет кеңесін өткізді, оларда большевиктердің социал-демократиялық секцияда, Россия делегациясында және конгресте ұстайтын бағыты мен іс-әрекеті белгіленді, социал-демократиялық секцияның мәжілістеріне қатысып, меньшевиктердің оппортунистік бағытына қарсы күресті, Россия делегациясының мәжілістеріне қатысып, эсерлерге қарсы РСДРП позициясын қорғады.

Конгресс кезінде В. И. Ленин оппортунистерге және ревизионистерге қарсы үзілді-кесілді күресе отырып, халықаралық социал-демократиядағы солшыл күштерді топтастыру жөнінде үлкен жұмыс істеді. В. И. Лениннің солшылдардың өкілдерімен ұйымдастырған (К. Цеткин, Р. Люксембург, Л. Тышко, Г. Ледебур және басқалар) кеңестері империализм дәуірінде халықаралық социалистік қозғалыстағы революцияшыл марксистерді топтастырудың алғашқы қадамы болды.

Конгрестің негізгі жұмыстары комиссияларда шоғырланды, оларда пленум мәжілістеріне арнап қарарлардың жобалары дайындалды. В. И. Ленин «Милитаризм және халықаралық жанжалдар» мәселесі жөніндегі комиссияның жұмысына қатысты. А. Бебель ұсынған қарардың жобасын талқылау кезінде В. И. Ленин өзінің түзетулерімен оны революциялық марксизм рухында түбірінен өзгертті, ол түзетулерді поляк социал-демократиясының өкілдері қолдады. Қарардың жобасын принципті түрде өзгерткен өте маңызды түзету мынау болды: «Ал егер соғыс қалай да бола қалған күнде, олар (әр елдің жұмысшы табы және олардың парламенттердегі өкілдері. *Ред.)*... қолдағы бар мүмкіндіктерді жұмсай отырып, соғыс тудырған экономикалық және саяси дағдарысты халық бұқарасын көтеруге пайдалануға және капиталистік таптық үстемдіктің құлауын тездетуге әрекет жасауға тиіс» («Пролетарий» № 17, 20 октябрь, 1907 жыл, 6-бет). Бұл қағида 1910 жылы Копенгаген конгресінде қуатталды және кейіннен 1912 жылғы Базель конгресінің қарарына енді.

«Бұл түзетуді түпкілікті редакцияламастан бұрын Бебельмен біздің тікелей ұзақ келіс сөздер жүргізгеніміз менің жақсы есімде,— деп жазды В. И. Ленин кейініректе.— Бірінші редакциясында революциялық үгіт пен революциялық қимылдар туралы әлдеқайда тура айтылған-ды. Біз оны Бебельге көрсеттік; ол: қабылдамаймын, өйткені онда прокурорлық өкімет орны біздің партия ұйымдарын таратып жібереді, ал біз бұған бара алмаймыз, әзірге елеулі ештеңе жоқ деп жауап берді. Маман юристермен кеңескеннен кейін және нақ сол пікірді жария білдіру үшін текстi сан рет қайта өңдегеннен кейін түпкілікті формула табылды, мұны қабылдауға Бебель келісім берді». (Шығармалар, 36-том, 477-бет).

«Милитаризм және халықаралық жанжалдар» жөнінде қарардың қабылдануы халықаралық жұмысшы қозғалысында революциялық қанаттың оппортунистік қанатты жеңудегі зор табысы болды.

Конгресте отар мәселесі жөнінде де шиеленіскен күрес болды. Комиссияның Голландия «социалисі» Ван Коль бастаған оппортунистік көпшілігі, азшылықтың наразылығына қарамастан, өзінің қарар жобасын ұсынды, онда социализм тұсында цивилизаторлық роль атқара алатын отар саясатының қандайын болса да конгресс принципті түрде айыптауға тиісті емес делінген. Голландияның отар саясатын үлгілі саясат ретінде сипаттаған Ван Коль конгресте: социалистер келешекте де «жабайы халықтарға» машина және мәдениеттің басқа да жетістіктерін апарумен қатар, қолдарына қару алып барулары керек деген мәлімдеме жасады. Қарардың оппортунистік жобасын неміс делегациясының көпшілігі қолдады. Тек қана орыс, поляк социалистерінің, неміс, француз және ағылшын социалистері болмашы бөлегі-

нің, сондай-ақ отарлары жоқ барлық шағын елдер социалистерінің күш салуымен комиссия қарарын қабылдатпай тастау және қарардың мазмұнын іс жүзінде өзгерткен түзетулер қабылдау мүмкін болды. Конгресс қабылдаған отар мәселесі жөніндегі қарар отар саясаты атаулының бәрін түптура және үзілді-кесілді айыптады.

Жұмысшылардың иммиграциясы мен эмиграциясы туралы қарар дайындаған комиссияда, оның Америка Құрама Штаттары мен Австралия жұмысшы аристократиясының тар цехтық мүдделерін білдіретін оппортунистік бөлегі бұл елдерге қытай және жапон пролетарларының, олар ұйымдасуға қабілетсіз дегенді сылтау етіп, иммиграция жасауын тоқтатуды талап етті. Бұл талапты жақтайтындар пленум мәжілісінде ашық сөйлеген жоқ. Бұл мәселе жөнінде де конгресс революциялық социал-демократия талаптарына, барлық елдердің жұмысшыларына интернационалдық тәрбие беру талаптарына сай келетін қарар қабылдады.

Ленин конгрестің кәсіптік одақтар мен жұмысшы табының саяси партиялары арасындағы қарым-қатынас туралы мәселе жөнінде қарар қабылдауына үлкен маңыз берді. Конгресс комиссиясында кәсіподақтардың партиялылығы жөніндегі лениндік бағытты А. В. Луначарский қорғады. Осы мәселе жөнінде конгресс оң қанаттың қарсылығына қарамастан, кәсіподақтардың партиялылығы принципін таныған қарар қабылдады.

Конгресс шешімдеріне жалпы баға бере келіп, Ленин былай деп жазды: «Жалпы және тұтас алғанда, Штутгарт съезі халықаралық социал-демократияның оппортунистік және революциялық қанаттарын толып жатқан аса ірі мәселелер арқылы айқын салыстырып, бұл мәселелердің революциялық марксизм рухындағы шешімін берді» (осы том, 79-бет). Ленин Штутгартта қабылданған шешімдердің маңыздылығын көрсете келіп, бұларды кеңінен насихаттауды, сонымен қатар конгрестегі революциялық және оппортунистік ағымдар арасындағы күресті міндетті түрде ашып көрсетуді большевиктердің алдына міндет етіп қойды.

Большевиктік мерзімді баспасөз де («Пролетарий», «Вперед», жергілікті большевиктік комитеттердің газеттері), мерзімді емес баспасөз де (большевиктік «Шұғыла», «Өмір үні» жинақтары және басқалар) Штутгарт қарарларын, әсіресе милитаризм туралы, пролетарлық партиялар мен кәсіподақтар арасындағы қарым-қатынастар туралы мәселелер жөніндегі қарарларды түсіндіруге үлкен көңіл бөлді, өйткені бұл қарарлардың Россия жұмысшы қозғалысы үшін зор маңызы болды. — *72.*

34 «Пролетарий» газетінің осы мақала басылған 17-номерінде Штутгарттағы халықаралық социалистік конгрестің қарарлары да жарияланған еді. — *72.*

35 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 608—609-беттер).—*74.*

36 *Фабий қоғамы* — 1884 жылы құрылған ағылшынның реформистік ұйымы; қоғам біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырда өмір сүрген Рим қолбасшысы Фабий Максимнің есімімен аталған. Фабий өзінің ыңғайлы сәтті күту тактикасы үшін, Ганнибалмен соғысқан кезде батыл ұрыс жүргізуден бой тарта бергені үшін «Кунктатор» («Сылбыр») деп аталып кеткен. Фабий қоғамының мүшелері көбінесе буржуазиялық интеллигенцияның өкілдері—ғалымдар, жазушылар, саяси қайраткерлер (мысалы, С. және Б. Веббтер, Бернард Шоу, Герберт Уэллс және басқалар) болды; олар Маркстің пролетариаттың тап күресі мен социалистік революция туралы іліміне қарсы шықты, капитализмнен социализмге ұсақ реформалар жүргізу және қоғамға бірте-бірте өзгеріс жасау арқылы, «муниципалдық социализм» дейтіннің көмегі арқылы көшуге болады-мыс деп дәлелдеді. Фабийшылдар мен «муниципалдық социализмнің» сипаттамасын Ленин «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген кітабында және «Ағылшын пацифизмі және ағылшынша теорияны сүймеушілік» деген мақаласында берді (қараңыз: осы том, 362—368-беттер және Шығармалар, 21-том, 261—267-беттер). Фабий қоғамы жұмысшы табына буржуазиялық ықпалды жүргізушілердің бірі болды, ағылшын жұмысшы қозғалысына оппортунистік және социал-шовинистік идеяларды таратушы ролін атқарып келді және атқарып келеді. В. И. Ленин фабийшылдықты «оппортунизмнің және либералдық жұмысшы саясатының нағыз толық түрі» (Шығармалар, 21-том, 262-бет) деп сипаттады. 1900 жылы Фабий қоғамы лейбористік партияға кірді. «Фабийлық социализм» қазіргі заманғы реформизм идеологиясы негіздерінің бірі болып табылады. — *75.*

37 *«Die Gleichheit»* («Теңдік») — екі аптада бір рет шыққан социал-демократиялық журнал; Германиядағы әйелдер жұмысшы қозғалысының, одан соң халықаралық әйелдер қозғалысының органы; 1890 жылдан 1925 жылға дейін Штутгартта шығып тұрды; 1892 жылдан 1917 жылға дейін Клара Цеткин редакциялады. — *76.*

38 *«Штутгарттағы халықаралық социалистік конгресс»* деген мақаланы Ленин «Зерно» баспасының ұсынысы бойынша жазды; баспа құпия материалдарды жариялау үшін жария мүмкіндікті пайдалануға әрекет жасау ретінде «1908 жылғы барлық жұртқа арналған календарь» шығаруды қолға алды. Ленинге басылымның жоспары және қызметкерлердің тізімі жіберілді, ол тізімде М. С. Ольминский, Н. А. Рожков, «Календарьда» Россия жұмысшы қозғалысының тарихы жөнін-

де, оның ішінде «Орыс жұмысшыларының солтүстік одағының», сондай-ақ «Еңбекті азат ету» тобының тарихы жөнінде мақала жариялаған Н. Н. Батурин болды. «Барлық жұртқа арналған календарь» Россияның экономикалық және саяси жағдайын, II Мемлекеттік думаның қызметін, сыртқы саясат мәселелерін, кәсіптік одақтардың қызметін, стачкалық қозғалысты, шаруалар жагдайын жазды, XIX ғасырдағы және XX ғасырдың бас кезіндегі Россиядағы революциялық күрестің хроникасын беріп тұрды. «Календарь» 60 мың дана тиражбен шықты және фабрикаларда, заводтарда, армия мен флотта (полиция конфискелеген ондаған данасынан басқасы) таратылды. — *82.*

39 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 555-бет. — *86.*

40 *«Vorwärts»* («Алга»)—күнделікті газет, Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы; бұл газет 1884 жылдан шыға бастаған «Berliner Volksblatt» («Берлин Халықтық Газеті») газетінің жалгасы ретінде партияның Галль съезінің қаулысы бойынша «Vorwärts. Berliner Volksblatt» деген атпен 1891 жылдан Берлинде шығып тұрды. Газет бетінде Ф. Энгельс оппортунизмнің барлық көріністеріне қарсы күрес жүргізді. 90-жылдардың екінші жартысынан былай, Энгельс қайтыс болғаннан кейін, «Vorwärts»-тің редакциясы партияның оң қанатының қолына көшіп, оппортунистердің мақалаларын үнемі басып тұрды. РСДРП қатарындағы оппортунизм мен ревизионизмге қарсы күресті сыңар жақ көрсете отырып, «Vorwärts» «экономистерді», ал партия жікке бөлінгеннен кейін — меньшевиктерді қолдады. Реакция жылдарында «Vorwärts» Троцкийдің жалақорлық мақалаларын басты, ал Лениннің, большевиктердің ол мақалаларды теріске шығарып жауап беруіне және партиядағы істің жайын объективті тұрғыдан бағалауына мүмкіндік бермеді.

Бірінші дүние жүзілік согыс кезінде «Vorwärts» социал-шовинизм позициясында болды; Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік насихат жүргізді. Берлинде 1933 жылға дейін шығып тұрды.— *88.*

41 *Поляк социал-демократтары* — Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы (ПКмЛСД) — поляк жұмысшы табының революциялық партиясының мүшелері, ол 1893 жылы әуелі Польша Корольдігі социал-демократиясы ретінде, ал 1900 жылғы августан, Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиялық ұйымдарының съезінен кейін, осы съезде поляк социал-демократтары мен Литва социал-демократтарының бір бөлегі қосылғаннан кейін, Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы (ПКмЛСД) деп атала бастады. Поляк жұмысшы қозғалысын орыс жұмысшы қозғалысымен ынтымақтасуға бағыттап отыру және ұлтшылдықпен күресу партияның сіңірген қызметі болып табылады.

1905—1907 жылдардағы революция кезеңінде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы большевиктік партияның ұрандарына үндес ұрандар көтеріп күреске шықты, либерал буржуазия жөнінде ымырасыз позиция ұстады. Сонымен бірге Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының бірқатар қателері де болды, ол социалистік революцияның лениндік теориясын түсінбеді, партияның демократиялық революциядағы басшылық ролін ұқпады, жұмысшы табының одақтасы ретіндегі шаруалардың ролін және ұлт-азаттық қозғалыстың маңызын жете бағаламады. В. И. Ленин Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының қате көзқарастарын сынай отырып, сонымен бірге Польшаның революциялық қозғалысы алдындағы оның қызметін де атап көрсетті. Ол поляк социал-демократтары «Польшада бірінші рет таза пролетарлық партия құрды, поляк және орыс жұмысшысының өздерінің таптық күресінде өте тығыз одақ жасауының орасан зор маңызды принципін жариялады» (Шығармалар, 20-том, 448-бет) деп атап көрсетті. РСДРП IV (Бірігу) съезінде (1906) Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы территориялық ұйым ретінде РСДРП құрамына қабылданды.

Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Ұлы Октябрь социалистік революциясын құттықтады және Польшада пролетарлық революцияның жеңісі жолында күресті өрістетті. 1918 жылы декабрьдегі Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының және Поляк социалистік партиясы-«солшылдардың» Бірігу съезінде екі партия бірігіп, Польша Коммунистік жұмысшы партиясы болып ұйымдасты.

ППС — Поляк социалистік партиясы (Polska Partia Socjalistyczna) — 1892 жылы құрылған реформистік ұлтшыл партия. Тәуелсіз Польша үшін күрес ұранымен әрекет жасаған, Пилсудский және оның жақтастары басқарған Поляк социалистік партиясы поляк жұмысшылары арасында сепаратистік, ұлтшылдық насихат жүргізді, сөйтіп оларды самодержавие мен капитализмге қарсы орыс жұмысшыларымен бірлесіп күресуден басқа жаққа бұруға тырысты.

Поляк социалистік партиясының бүкіл тарихы бойына қатардағы жұмысшылардың ықпалымен партия ішінде солшыл топтар туып отырды. Кейінірек олардың кейбіреуі поляк жұмысшы қозғалысының революциялық қанатына қосылды.

1906 жылы Поляк социалистік партиясы Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» және оңшыл, шовинистік Поляк социалистік партиясы-«революциялық фракция» делінетін екі жікке бөлінді.

Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» большевиктер партиясының, сондай-ақ Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының (ПКмЛСД-ның) ықпалымен біртіндеп дәйекті революциялық позицияға көше бастады.

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Поляк социалистік партиясы-«солшылдардың» көпшілік бөлегі интернационалистік позицияда болды; ол 1918 жылғы декабрьде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясымен бірікті. Біріккен партиялар Польша Коммунистік жұмысшы партиясын құрды (Польша Коммунистік партиясы 1925 жылға дейін осылай аталды).

Оңшыл Поляк социалистік партиясы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде национал-шовинизм саясатын жүргізе берді; ол Галиция территориясында поляк легиондарын ұйымдастырды, бұл легиондар Австрия-Германия империализмі жағында соғысты.

Поляк буржуазиялық мемлекеті құрылғаннан кейін оңшыл Поляк социалистік партиясы 1919 жылы бұрынырақта Германия мен Австрия басып алған Польша территориясындағы Поляк социалистік партиясының бөліктерімен бірігіп, қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды. Үкімет басына келген соң, ол өкімет билігінің поляк буржуазиясының қолына көшуіне жәрдемдесті, ұдайы антикоммунистік насихат жүргізді және Совет еліне қарсы агрессия саясатын, Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны басып алу және қанау саясатын қолдады. Поляк социалистік партиясының мұндай саясатпен келіспеген жекелеген топтары Польша Коммунистік партиясына қосылып отырды.

Пилсудскийдің фашистік төңкерісінен (1926 жылғы май) кейін Поляк социалистік партиясы формальды түрде парламенттік оппозицияда болды, бірақ іс жүзінде фашистік режимге қарсы белсенді күрес жүргізген жоқ, антикоммунистік және антисоветтік насихатты одан әрі жалғастыра берді. Бұл жылдары Поляк социалистік партиясының солшыл элементтері бірқатар науқандарда бірыңғай майдан тактикасын қолдап, поляк коммунистерімен ынтымақтаса әрекет жасады.

Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде Поляк социалистік партиясы тағы да жікке бөлінді. Оның «Wolność, Równość, Niepodległość» («Бостандық, Теңдік, Тәуелсіздік») деп аталған реакциялық, шовинистік бөлегі Лондондағы реакциялық поляк эмиганттық «үкіметіне» қатысты. Поляк социалистік партиясының өзін «Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы» (ПСЖП) деп атаған екінші, солшыл бөлегі 1942 жылы құрылған Поляк жұмысшы партиясының (ПЖП) ықпалымен гитлершіл оккупанттарға қарсы күрестің халықтық майданына еніп, Польшаны фашистік құлдықтан азат ету жолында күрес жүргізді, сөйтіп СССР-мен достық байланыс орнату позициясына көшті.

1944 жылы, Польшаның шығыс бөлегі неміс оккупациясынан азат етіліп, Поляк ұлт азаттық комитеті құрылғаннан кейін, Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды да, Поляк жұмысшы партиясымен бірге халықтық-демократиялық Польшаны орнатуға қатысты. 1948 жылы декабрьде Поляк жұмысшы пар-

тиясы мен Поляк социалистік партиясы бірігіп, Поляк біріккен жұмысшы партиясын (ПБЖП) құрды.— *89.*

[42] *Латыш социал-демократтары* — 1904 жылы июньде партияның I съезінде құрылған Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясының мүшелері. 1905 жылы июньде Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясының II съезінде партияның программасы қабылданды. 1905—1907 жылдарда партия жұмысшылардың революциялық қимылына басшылық етті. В. И. Ленин «революция кезінде латыш пролетариаты мен латыш социал-демократиясы самодержавиеге және ескі құрылыстың барлық күштеріне қарсы күресте алдыңғы қатардағы, аса маңызды орындардың бірінде болды» (Шығармалар, 16-том, 273-бет) деп көрсетті.

IV (Бірігу) съезде (1906) ЛСДРП территориялық ұйым ретінде РСДРП құрамына кірді. Съезден кейін Латыш өлкесінің социал-демократиясы деп аталды.— *89.*

[43] *Армян социал-демократтары* — «Армян социал-демократиялық жұмысшы ұйымының» («спецификаның») мүшелері, оны РСДРП II съезінен кейін көп ұзамай армян ұлтшылфедералистік элементтері құрды. Бундшылдар сияқты, «специфика» да партияны федерациялық принципте құруды, яғни пролетариатты ұлттық принцип бойынша бөлуді талап етті және өздерін армян пролетариатының бірден-бір өкілі деп жариялады. Өздерінің ұлтшылдығын ақтау үшін олар «әрбір ұлттың ерекше жағдайларын» сылтау етті. Россиядағы социал-демократиялық ұйымдардың 1905 жылы сентябрьде шақырылатын конференциясына байланысты В. И. Ленин өзінің РСДРП Орталық Комитетіне жолдаған хатында былай деп жазды: ««Армян социал-демократиялық федерациясы» жөнінде ерекше сақтандырамын. Егер сіздер оның конференцияға қатысуына келісім берген болсаңыздар, онда *үлкен* қате жасағансыздар, оны *қайткенде де* түзету керек. Олар — женевалық қос іріткішілер, бұлар осында, Кавказбен ешбір *елеулі* байланыстары болмай-ақ мүлдем түкке тұрғысыз бірдеңелер бастырып шығарып жүр. Ол — кавказдық бундизмге нәр беріп отыру үшін әдейі ойлап шығарылған, *бундтың қойған адамдары,* басқа түк те емес... Кавказдық жолдастардың күллісі әдебиетші іріткі салушылардың бұл шайкасына қарсы...» (Шығармалар, 34-том, 340-бет).

Дашнакцутюндер — ұлтшыл буржуазиялық дашнакцутюн партиясының мүшелері. XIX ғасырдың 90-жылдарының басында сұлтандардың езгісінен түрік армяндарын азат ету мақсатымен Түрік Армениясында құрылған бұл партия әр түрлі таптар өкілдерінің буржуазиялық-демократиялық қырық құрауы болды. Оның құрамында буржуазиямен бірге ұлттық интеллигенция едәуір орын алды, сондай-ақ социал-демократиялық насихаттың шарпуы тимеген шаруалар мен

жұмысшылар және «зинворлар» деп аталатынның жасақтарын құрайтын люмпен-пролетариаттың бір бөлегі болды.

1905—1907 жылдардағы революция қарсаңында дашнакцутюндер өздерінің қызметін Кавказға көшіріп, эсерлермен жақындасады. Партияның «жас дашнакцутюндер» тобын құрған сол қанаты 1907 жылы эсерлер партиясының құрамына енді.

Дашнакцутюндердің қызметі халыққа қарсы сипатта болды. Дашнакцутюндер өздерінің ұлтшылдық насихатымен Армения мен бүкіл Закавказьенің пролетариатын және еңбекшілер бұқарасын интернационалдық тәрбиелеу ісіне орасан зор зиян тигізді.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін дашнактар буржуазиялық Уақытша үкіметтің саясатын қолдады; Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктермен, эсерлермен және мусаватистермен контрреволюциялық блок жасасып, большевиктерге қарсы шықты. 1918—1920 жылдарда дашнактар Арменияның буржуазиялық-ұлтшыл контрреволюциялық үкіметін басқарды; олардың бүкіл әрекеті Арменияны шетел империалистерінің отарына және ағылшын-француз интервенттері мен орыс ақ гвардияшыларының Совет өкіметіне қарсы күресте тірек пунктіне айналдыруға жәрдемдесті. Армения еңбекшілері большевиктер партиясының басшылығымен, Қызыл Армияның қолдауы арқасында 1920 жылы ноябрьде дашнактар үкіметін құлатты. Совет өкіметінің жеңуімен байланысты Закавказьеде дашнакцутюн ұйымдары талқандалып, жойылды.— *89.*

44 *S. D. F.* (Social-Democratic Federation — Социал-демократиялық федерация) 1884 жылы құрылды. Социал-демократиялық федерацияға реформистермен (Гайндман және басқалар) және анархистермен қатар Англиядағы социалистік қозғалыстың сол қанаты болған революцияшыл социал-демократтар тобы — марксизмнің жақтастары да (Г. Квелч, Т. Манн, Э. Эвелинг, Элеонора Маркс-Эвелинг және басқалар) кірді. Ф. Энгельс Социал-демократиялық федерацияны догматизм мен сектанттығы үшін, Англиядағы бұқаралық жұмысшы қозғалысынан қол үзгендігі үшін және оның ерекшелігін жоққа шығарғандығы үшін сынады. 1907 жылы Социал-демократиялық федерация Социал-демократиялық партия болып аталды; бұл партия 1911 жылы Тәуелсіз жұмысшы партиясының солшыл элементтерімен бірге Британ социалистік партиясын құрды; 1920 жылы бұл партия Коммунистік бірлік тобымен бірге Великобритания Коммунистік партиясын құруда басты роль атқарды.— *89.*

45 *I. L. P.* (Independent Labour Party — Тәуелсіз жұмысшы партиясы) — 1893 жылы стачкалық күрестің жанданған және Англия жұмысшы табының буржуазиялық партиялардан

тәуелсіз болу жолындағы қозғалысының күшейген жағдайында «жаңа тред-юниондар» басшылары негізін салған реформистік ұйым. I. L. P.-ге «жаңа тред-юниондардың» және бірқатар ескі кәсіподақтардың мүшелері, фабийшылдардың ықпалында болған интеллигенция мен ұсақ буржуазия өкілдері кірді. Партияны Кейр Гарди басқарды. Партия бүкіл өндіріс құрал-жабдықтарына, бөлу мен айырбасқа коллективтік иелік ету жолында, сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізу, балалар еңбегіне тыйым салу, әлеуметтік қамсыздандыру және жұмыссыздыққа ұшырағандарға жәрдем беру жолында күресуді өзінің программасы етіп жариялады.

Ф. Энгельс I. L. P.-ның құрылғанын құттықтап, одан Социал-демократиялық федерацияның сектанттық қателеріне ұрынбайды және нағыз бұқаралық жұмысшы партиясы бола алады деп үміттенді. Бірақ I. L. P. өзінің алғашқы құрылған күнінен бастап-ақ буржуазиялық-реформистік позиция ұстады, басты назарын күрестің парламенттік формасына және либералдық партиямен парламенттік мәмлеге келуге аударды. Тәуелсіз жұмысшы партиясын сипаттай келіп, Ленин былай деп жазды: «іс жүзінде мұның өзі әрқашан да буржуазияға тәуелді болып келген оппортунистік партия», ол «тек социализмнен ғана «тәуелсіз», ал либерализмге өте тәуелді» (Шығармалар, 29-том, 494-бет және 18-том, 366-бет).— *89.*

46 В. И. Ленин Штутгарт конгресінде К. Цеткинмен бірінші рет кездесіп, танысады; К. Цеткин герман социал-демократиясындағы басқа солшылдармен бірге революциялық марксизмнің тактикасын жақтады, оппортунистерге және ревизионистерге қарсы шықты.

К. Цеткиннің «Штутгарттағы халықаралық социалистік конгресс» деген мақаласының аудармасын Ленин редакциялады, оған конгресс делегаттарының оппортунистік бөлегіне қарсы күрес туғызған мәселелер жөнінде түсініктер беретін ескертулер жазды.

К. Цеткиннің мақаласы большевиктік «Шұғыла» жинағында басылды. 1907 жылдың аяғында және 1908 жылдың басында шығып тұрған осы және басқа да жинақтар Лениннің еңбектері жарияланатын бірден-бір басылымдар болды; Орталық Орган—«Социал-Демократ» газетін шығаруды жөнге салуға мүмкіндік болмады, өйткені РСДРП Орталық Комитетіне енген поляк социал-демократиясы мен бундшылдардың өкілдері қолдаған меньшевиктер «Социал-Демократ» редакциясын құруға кедергі жасады, ал Лондон съезі тоқтатқан большевиктік орган — «Пролетарий» газеті Орталық Орган — «Социал-Демократ» газетін шығаруды ұйымдастыру әрекеттері сәтсіздікке ұшырағаннан кейін барып, 1907 жылғы октябрьде ғана қайта шығарыла бастады.

Жинақтарды қарау жөнінде Ленин А. М. Горькийге 1908 жылы 25 январьда (7 февральда) былай деп жазды: «Жария жинақтар, әлбетте, болуға тиіс; Питердегі біздің жолдаста-

рымыз осылар жөнінде терлеп-тепшіп еңбек етуде, Лондоннан кейін, Квакалада (Куоккала. *Ред.)* отырып мен де еңбек еттім. Мүмкін болса,— осыларды қолдап, осы жинақтарды жүргізе беру үшін *б а р л ы қ* күшті салу керек». (Шығармалар, 34-том, 384-бет).— *95.*

47 1907 жылы М. С. Кедров басқарған «Зерно» кітап баспасы В. И. Ениннің *«12 жыл ішінде»* деген жалпы атпен үш томдық шығармалар жинағын шығаруды қолға алды. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде осы басылымға жасалған шарттың түпнұсқасы сақтаулы. Шығаруға ұйғарылған үш томның тек бірінші томы және екінші томының бірінші бөлімі ғана жарық көрді. Бірінші томның құрамына: «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында сыналуы», «Орыс социал-демократтарының міндеттері», «Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары», «Не істеу керек?», «Бір адым ілгері, екі адым кейін», «Земство науқаны және «Искраның» жоспары», «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген еңбектер енді. Бірінші том 1907 жылы ноябрьде басылып шықты (мұқабасында 1908 ж. делінген) және жарыққа шығысымен-ақ көп ұзамай конфискеленді, бірақ тиражының едәуір бөлегі аман алынып қалды; кітап құпия түрде таратыла берді.

Екінші томға аграрлық мәселе жөніндегі еңбектерді енгізу ұйғарылған еді. Патша цензурасының қудалауына байланысты «12 жыл ішінде» деген атпен шығармай, екінші томды екі бөлім етіп шығару ұйғарылды: бірінші бөліміне 1899 жылы «Экономикалық этюдтер мен мақалалар» деген жинақта жарияланған жария еңбектерді енгізу көзделді; екіншісіне — құпия шығармаларды енгізбекші болды. В. И. Ленин екінші томға «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген жуырда ғана жазып бітірген кітабын енгізді. Екінші томды осы құрамда шығару жүзеге аспады. 1908 жылдың басында екінші томның тек бірінші бөлімі «Аграрлық мәселе» деген атпен шықты, оған: «Экономикалық романтизмнің сипаттамасы жөнінде», «Пермь губерниясындағы 1894/1895 жылғы майдагерлер санағы және «майдагерлік» өнеркәсіптің жалпы мәселелері», «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» (I—XI тараулар) деген еңбектер енді. Екінші томның екінші бөлімін, оған арнап «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» терілген еді, полиция баспаханада конфискелеп, құртып жіберді.

Үшінші томға большевиктік органдарда («Искра», «Вперед», «Пролетарий», «Новая Жизнь» және басқалар) басылған программалық және айтыс мақалалар енуі тиіс еді. Революциялық әдебиетке қарсы қудалаулар мен цензуралық

қуғындаудың күшеюі үшінші томды шығаруды жүзеге асыртпады.— *101.*

48 *«Новое Слово»* («Жаңа Сөз») — ай сайын шығып тұрған ғылыми-әдеби және саяси журнал, Петербургте 1894 жылдан бастап либерал-халықшылдар шығарды; ал 1897 жылдың көктемінен А. М. Калмыкованың қатысуымен «жария марксистер» (П. Б. Струве, М. И. Туган-Барановский және басқалар) шығарып тұрды. «Новое Словода» «Бағалылық заңы және пайданың дәрежесі» деген тақырыппен «Капиталдың» III томына Ф. Энгельстің толықтыруы (1897, № 12) және басқалар, сондай-ақ Лениннің «Экономикалық романтизмнің сипаттамасы жөнінде. Сисмонди және өз еліміздің сисмондишілдері» және «Бір газет мақаласы жөнінде» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 131—284, 463—470-беттер) деген еңбектері жарияланды. Журналға Г. В. Плеханов, В. И. Засулич, А. М. Горький және басқалар жазып тұрды. Үкімет 1897 жылы декабрьде журналды жауып тастады.— *104.*

49 *«Заря»* («Таң») — маркстік ғылыми-саяси журнал; Штуттгартта 1901—1902 жылдары «Искра» редакциясы жария түрде шығарып тұрды. «Заряның» не бары төрт номері (үш кітабы) шықты: 1-номері — 1901 жылдың апрелінде (іс жүзінде 10 (23) мартта), 2—3-номері — 1901 жылдың декабрінде, 4-номері — 1902 жылдың августында шықты. Журналдың міндеттері В. И. Ленин Россияда жазған ««Искра» мен «Заря» редакциясы мәлімдемесінің жобасында» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 349—361-беттер) белгіленген болатын. «Заря» журналы халықаралық және орыс ревизионизмін сынады, марксизмнің теориялық негіздерін қорғады. «Заряда» Лениннің «Кездейсоқ заметкалар», «Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары», ««Сыншы» мырзалар аграрлық мәселе жөнінде» («Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбектің алғашқы төрт тарауы), «Ішкі жағдайға шолу», «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген еңбектері басылды.— *104.*

50 *Ескі «Искра»* («Ұшқын») — 1900 жылы В. И. Ленин негізін қалаған және Россия жұмысшы табының революциялық маркстік партиясын құруда шешуші роль атқарған тұңғыш жалпы орыстық маркстік құпия газет.

Полицияның қуғындауы себепті Россияда революциялық газет шығаруға мүмкіндік болмағандықтан, Ленин Сибирьде айдауда жүрген кезінде-ақ оны шетелде шығарудың жоспарын егжей-тегжейлі ойластырған еді. Жер аудару мерзімі біткеннен кейін (январь, 1900) ол дереу өз жоспарын жүзеге асыруға кірісті. 1900 жылы февральда Петербургте Ленин шетелден астыртын келген В. И. Засуличпен «Еңбекті азат ету» тобының жалпы орыстық маркстік газет шығаруға қа-

тысуы туралы келіс сөз жүргізді. 1900 жылы марттың аяғы — апрельдің басында В. И. Ленин, Л. Мартов, А. Н. Потресов, С. И. Радченко және «жария марксистер» — П. Б. Струве, М. И. Туган-Барановский қатысқан «Псков кеңесі» деп аталған кеңес болып өтті, онда жалпы орыстық газет («Искра») пен ғылыми-саяси журнал («Заря») редакциясының осы басылымдардың программасы мен міндеттері туралы мәлімдемесінің лениндік жобасы талқыланды. Ленин 1900 жылдың бірінші жартысында Россияның бірқатар қалаларын (Москва, Петербург, Рига, Смоленск, Нижний Новгород, Уфа, Самара, Сызрань) аралап шықты, социал-демократиялық топтармен және жекелеген социал-демократтармен байланыс орнатты, олармен болашақ «Искраны» қолдау жөнінде келісті. Ленин Швейцарияға келгеннен кейін, 1900 жылғы августа, Ленин мен Потресов «Еңбекті азат ету» тобының мүшелерімен кеңес өткізді, онда газет пен журналдың программасы мен міндеттері, болашақ қызметкерлер туралы, редакцияның құрамы және оның тұрақты орны туралы әңгіме болды; бұл келіс сөздер ажырасумен аяқтала жаздады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 362—382-беттер), алайда келіс сөздің аяғына қарай барлық даулы мәселелер жөнінде келісімге қол жетті.

Лениндік «Искраның» бірінші номері 1900 жылы декабрьде Лейпцигте шықты, одан кейінгі номерлері Мюнхенде, 1902 жылғы июльден — Лондонда және 1903 жылдың көктемінен — Женевада шығып тұрды. Газет шығаруды жолға қоюға (құпия баспахана ұйымдастыруға, орысша шрифтер тауып алуға және т. т.) герман социал-демократтары К. Цеткин, А. Браун және басқалар, сол жылдары Мюнхенде тұрған поляк революционері Ю. Мархлевский және ағылшын Социал-демократиялық федерациясы басшыларының бірі Г. Квелч үлкен көмек көрсетті.

«Искра» редакциясына В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, Л. Мартов, П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич енді. Алғашқыда редакция секретары И. Г. Смидович-Леман, одан соң, 1901 жылдың көктемінен бастап Н. К. Крупская болды, ол сонымен бірге «Искраның» орыс социал-демократиялық ұйымдарымен бүкіл хат-хабар алысуын жүргізіп отырды. Ленин іс жүзінде «Искраның» бас редакторы және басшысы болды, партия құрылысы және Россия пролетариаты тап күресінің барлық негізгі мәселелері жөнінде мақалалар жазып отырды.

«Искра» басты назарын Россия пролетариатының және барлық еңбекшілерінің патша самодержавиесіне қарсы революциялық күресі мәселелеріне аударды, халықаралық өмірдің, әсіресе халықаралық жұмысшы қозғалысының аса маңызды оқиғаларына зор көңіл бөлді.

«Искра» партия күштерін біріктіру, партия кадрларын топтастыру мен тәрбиелеу орталығына айналды. Россияның бірқатар қалаларында (Петербург, Москва, Самара, т. б.)

лениндік-искралық бағытта РСДРП топтары мен комитеттері құрылды. 1902 жылы январьда искрашылдардың Самарада болған съезінде «Искраның» орыс ұйымы құрылды. Искралық ұйымдар В. И. Лениннің шәкірттері мен серіктері — Н. Э. Бауманның, И. В. Бабушкиннің, С. И. Гусевтің, М. И. Калининнің, П. А. Красиковтың, Г. М. Кржижановскийдің, Ф. В. Ленгниктің, П. Н. Лепешинскийдің, И. И. Радченконың және басқалардың тікелей басшылығымен құрылды және жұмыс істеді.

Лениннің инициативасымен және оның тікелей қатысуымен «Искра» редакциясы партия программасының жобасын дайындады (1902 жылы 1 июльде «Искраның» 21-номерінде жарияланды) және РСДРП-ның II съезін әзірледі, съезд 1903 жылы 17 (30) июльде — 10 (23) августа болды. Съезд шақырылар қарсаңда Россияның жергілікті социал-демократиялық ұйымдарының көпшілігі «Искраға» қосылды, оның тактикасын, программасын және ұйымдық жоспарын мақұлдады, оны өздерінің басшы органы деп таныды. Съезд өзінің арнаулы қаулысында партия үшін күресте «Искраның» ерекше роль атқарғанын атап көрсетті және оны РСДРП-ның Орталық Органы деп жариялады.

Партияның II съезінен кейін көп ұзамай меньшевиктер Плехановтың қолдауымен 1903 жылы октябрьде «Искраның» 51-номері шыққаннан кейін газетті өз қолдарына қаратып алды. Осы уақыттан бастап ескі, лениндік «Искра» (№№ 1—51) және жаңа (1905 жылғы октябрьге дейін шығып тұрған), меньшевиктік «Искра» деп бөліп атайтын болды, меньшевиктер оны революциялық марксизмге қарсы, партияға қарсы күрес органына айналдырды.— *104.*

51 *Бернштейниада, бернштейншілдік* — герман және халықаралық социал-демократиядағы марксизмге дұшпан оппортунистік ағым; ол XIX ғасырдың аяғында пайда болды және Герман социал-демократиялық партиясындағы оңшыл оппортунистік тенденциялардың неғұрлым айқын өкілі Эд. Бернштейннің есімімен аталды.

1896—1898 жылдары Бернштейн герман социал-демократиясының теориялық органы «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген сериялы мақалаларын бастырып, бұл мақалаларында «сын еркіндігі» деген желеумен революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздерін қайта қарауға (ревизиялауға, «ревизионизм» осыдан шыққан), сөйтіп оларды таптық қайшылықтарды ымыраластыру және таптық ынтымақ жөніндегі буржуазиялық теориялармен алмастыруға тырысты; ол жұмысшы табының қайыршылануы туралы, таптық қайшылықтардың шиеленісуі туралы, дағдарыстар туралы, капитализмнің сөзсіз күйрейтіні туралы, социалистік революция және пролетариат диктатурасы туралы Маркстің іліміне шабуыл жасап, «ең бастысы — қозғалыс,

түпкі мақсат — түк те емес» деген формулада тұжырымдалған социал-реформизм программасын ұсынды. 1899 жылы Бернштейннің мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген атпен жеке кітап болып шықты. Бұл кітап герман социал-демократиясының оң қанатынан және II Интернационалдың басқа партияларының оппортунистік элементтерінен, оның ішінде Россия «экономистерінен» қолдау тапты.

Герман социал-демократиялық партиясының съездерінде — Штутгарт (октябрь, 1898), Ганновер (октябрь, 1899) және Любек (сентябрь, 1901) съездерінде бернштейншілдік айыпталды, алайда партия ымырашылдық позиция ұстап, Бернштейннен іргесін аулақ салмады. Бернштейншілдер «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналында және партия ұйымдарында ревизионистік идеяларды ашық насихаттай берді.

Бернштейншілдікке және Россиядағы оның жақтаушылары — «жария марксистерге», «экономистерге», меньшевиктерге қарсы В. И. Ленин бастаған большевиктер партиясы ғана дәйекті және батыл күрес жүргізді. Ленин 1899 жылдың өзінде-ақ, «Россия социал-демократтарының наразылығында» және «Біздің программа» деген мақаласында бернштейншілдерге қарсы күреске шыққан болатын; сондай-ақ бернштейншілдікті әшкерелеуге оның «Марксизм мен ревизионизм», «Европалық жұмысшы қозғалысындағы алауыздықтар» деген еңбектері және басқалар арналды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189 және 196—201-беттер; Шығармалар, 15-том, 17—28-беттер; 16-том, 365—370-беттер).— *105.*

52 *«Беззаглавияшылдар»* — орыс буржуазиялық интеллигенциясының (С. Н. Прокопович, Е. Д. Кускова, В. Я. Богучарский, В. В. Португалов, В. В. Хижняков және басқалар) 1905—1907 жылдардағы революция саябырси бастаған кезеңде қалыптасқан жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік тобы. Топ өзін Петербургте 1906 жылғы январь — майда Прокоповичтің редакциясымен шығып тұрған «Без Заглавия» саяси апталығының атымен атады; кейіннен «беззаглавияшылдар» солшыл кадеттік «Товарищ» газетінің төңірегіне топтасты. «Беззаглавияшылдар» өздерін ресми түрде партияда жоқпыз дегенді желеу етіп, буржуазиялық либерализм мен оппортунизм идеяларын уағыздаушылар болды, россиялық және халықаралық социал-демократияның ревизионистерін қолдады.— *107.*

53 *«Осы басылымның 3-томында»* — яғни «12 жыл ішінде» деген Шығармалардың үшінші томында; полицияның қуғындауы салдарынан бұл томды шығару жүзеге аспады.— *108.*

54 *«Новая Жизнь»* («Жаңа Өмір») — большевиктік тұңғыш жария газет; Петербургте 1905 жылғы 27 октябрьден (9 ноябрь-

деп) 3(16) декабрьге дейін күн сайын шығып тұрды. Ресми түрде «Новая Жизнь» газетінің редактор-шығарушысы болып ақын Н. М. Минский, бастырып шығарушысы болып М. Ф. Андреева есептелді. 1905 жылы ноябрьдің басында В. И. Лениннің эмиграциядан Петербургке қайтып келуімен байланысты газет Лениннің тікелей басшылығымен шыға бастады. Редакция және қызметкерлер құрамы өзгертілді. «Новая Жизнь» іс жүзінде РСДРП-ның Орталық Органы болды. В. Д. Бонч-Бруевич, В. В. Воровский, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский және басқалар газетке жақын араласты. А. М. Горький «Новая Жизньге» белсене қатысты, сондай-ақ газетке үлкен материалдық жәрдем беріп тұрды. Газетке шетелден қатысатындар тізімінде Роза Люксембург, Карл Либкнехт, Марсель Кашен, Поль Лафарг және басқалар бар еді.

«Новая Жизньнің» 10 ноябрьдегі 9-номерінде В. И. Лениннің «Партияны қайта құру туралы» деген бірінші мақаласы жарық көрді. Одан соң оның: «Пролетариат және шаруалар», «Партия ұйымы және партиялық әдебиет», «Әскер және революция», «Таразы басы ауытқуда», «Күні санаулы самодержавие және халық өкіметінің жаңа органдары», «Социализм және дін» деген және тағы басқа мақалалары жарияланды. Газетте В. И. Лениннің 14 мақаласы басылды. Лениннің бұл мақалаларында партияның бірінші орыс революциясы кезіндегі міндеттері мен тактикасы белгіленді.

«Новая Жизнь» РСДРП Орталық Комитетінің барлық шешімдері мен шараларын белсенді түрде жүзеге асырып отырды. Ол бұқараны саяси ағарту және ұйымдастыру ісінде үлкен роль атқарды, бұқараны қарулы көтеріліске жұмылдырды.

Газет партия ұйымдарымен, революцияшыл жұмысшылармен тығыз байланыс жасады, олардың арасында үлкен беделге ие болды. Редакцияға хаттар елдің түкпір-түкпірінен келіп жатты, хаттардың авторы жұмысшылар, шаруалар, қызметшілер, әскери адамдар, студенттер еді. Редакция үйі партиялық кездесулер, жиналыстар, кеңестер өтетін орын болды. Газеттің күнделікті тиражы 80 мың данаға дейін жетті.

1905 жылы октябрьде Ленин «Новая Жизнь» жөнінде былай деп жазды: «Пролетариатқа біздің ықпал жасауымыз үшін *енді* кең трибуна Питерде шығатын *күнделікті* газет болып табылады» (Шығармалар, 34-том, 363-бет).

«Новая Жизнь» талай рет қудаланды. Патша үкіметі 27-номері жарыққа шыққаннан кейін 2 декабрьде газетті жауып тастады. Соңғы, 28-номері құпия түрде шықты.— *111.*

65 Бұл арада «Вперед» газетінің 1905 жылғы 10(23) марттағы 11-номерінде жарияланған В. В. Воровскийдің «Жел сөздің жемістері» деген мақаласына В. И. Лениннің ескертуі ай-

тылып отыр (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 9-том, 388-бет).

«Вперед» («Алға») — апта сайын шығып тұрған большевиктік құпия газет; Женевада 1904 жылдың 22 декабрінен (1905 жылдың 4 январынан) 1905 жылдың 5(18) майына дейін шығып тұрды. 18 номері шықты; тиражы 7—10 мың дана. Газеттің ұйымдастырушысы, идеялық дем берушісі және тікелей басшысы В. И. Ленин болды. Газеттің атын да Ленин ұсынды. Редакция құрамына В. В. Воровский, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский енді. Газеттің Россиядағы жергілікті комитеттермен және тілшілермен барлық хат-хабар алысуын Н. К. Крупская жүргізді.

«Вперед» газеті партия ішіндегі кескілескен күрес жағдайында, II съезден кейін меньшевик лидерлер партия орталықтарын (Орталық Органды, партия Советін және Орталық Комитетті) айламен басып алып, жергілікті жерлердегі партия ұйымдарын жікке бөле бастаған кезде шығарылды. Меньшевиктердің іріткі салушылық әрекеті жұмысшы табының қимыл бірлігіне нұқсан келтірді. Россияда төніп келе жатқан революция алдында, пролетариаттың жауынгерлік бірлігін қамтамасыз ету үшін күштерді топтастыру өте-мөте қажет болып отырғанда, партия ішінде мұндай жағдайға төзуге болмайтын еді. В. И. Ленин және большевиктер меньшевиктердің оппортунизмімен, олардың іріткі салушылық әрекеттерімен ымырасыз күрес жүргізді, партиядағы мұндай дағдарыстан шығудың бірден-бір амалы ретінде жергілікті партия ұйымдарын партияның III съезін шақыру жолындағы күреске үндеді, съезд меньшевиктерді ауыздықтап, партия еркіне сай келетін жаңа басшылық құруға тиіс. Ленин газеттің мазмұнын белгілей келіп: ««Вперед» газетінің бағыты *ескі «Искраның» бағыты* болып табылады. Ескі «Искраның» жолы үшін «Вперед» жаңа «Искраға» қарсы батыл күресуде» деп жазды (Шығармалар толық жинағы, 9-том, 253-бет). Ленин «Вперед» газетіне басшы мақалалар жазып қана қойған жоқ, оның қаламынан сондай-ақ көптеген әр түрлі заметкалар мен өңдеген корреспонденциялар да шықты. Бірқатар мақалаларды Ленин редакцияның өзге мүшелерімен (Воровский, Ольминский және басқалар) бірігіп жазды. Әр түрлі авторлардың бірқатар сақталған қолжазбаларынан Ленин жасаған үлкен түзетулер мен елеулі қосымшалар айқын көрініп тұрады. Ленин газеттің әрбір номерін беттелген күйінде үнемі қарап отыратын. Тіпті, Лондонда III съезде жұмыс сондайлық басынан асып жатқанның өзінде, Ленин «Впередтің» 17-номерінің гранкаларын қарауға уақыт тапты. Тек газеттің 18-номері ғана Лениннің Лондоннан Женеваға баруына байланысты оның редакторлық қарауынсыз шыққан сияқты. «Вперед» газетінде Лениннің 60-тан астам мақалалары мен заметкалары басылды. В. И. Ленин оларда қарулы көтеріліс мәселесі жөнінде, революциялық уақытша үкі-

мет және пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы жөнінде, социал-демократияның шаруалар қозғалысына, либерал буржуазияға, орыс-жапон соғысына көзқарасы жөнінде большевиктердің тактикалық бағытын талдап белгіледі. Газеттің кейбір номерлерін, мәселен, 1905 жылгы 9 январь оқиғасына және Россиядағы революцияның басталуына арналған 4, 5-номерлерін түгелдей дерлік Лениннің өзі дайындады. «Вперед» газеті шыға бастасымен-ақ жергілікті партия комитеттерінің құрметіне ие болды, олар оны өздерінің органы деп таныды.

Жергілікті партия комитеттерін лениндік принцип негізінде топтастыра отырып, «Вперед» газеті партияның III съезін әзірлеуде үлкен роль атқарды, Лениннің газет бетінде ұсынған және дәлелдеген нұсқаулары съезд шешімдерінің негізіне алынды. «Вперед» газетінің тактикалық бағыты III съездің тактикалық бағыты болды. «Вперед» газеті Россияның партия ұйымдарымен үнемі байланыс жасап тұрды. Әсіресе РСДРП Петербург, Москва, Одесса, Екатеринослав, Баку және басқа комитеттерімен, сондай-ақ Кавказ одағы комитетімен тығыз байланыста болды. Лениннің «Вперед» газетіндегі мақалаларын большевиктік баспасөздің жергілікті органдары жиі-жиі көшіріп басты, жеке листовкалар немесе кітапшалар етіп шығарып отырды. «Впередтің» 4-номеріндегі Лениннің «Россияда революцияның басталуы» деген мақаласын РСДРП Одесса, Саратов және Николаев комитеттері, «Пролетариат және шаруалар» («Вперед» № 11) деген мақаланы РСДРП Петербург комитеті жеке листовка етіп шығарды. Лениннің «Пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы» («Вперед» № 14) деген мақаласын РСДРП Кавказ одағы комитеті грузин, орыс және армян тілдерінде жеке кітапша етіп шығарды. Партияның үшінші съезі арнаулы қарарында «Вперед» газетінің меньшевизмге қарсы, партиялылықты қалпына келтіру жолындағы күрестегі, революциялық козғалыс алға тартқан тактика мәселелерін көтере, жаза білудегі, съезді шақыру күресіндегі көрнекті ролін атап өтті және газет редакциясына алғыс айтты. III съездің шешімі бойынша «Вперед» газетінің орнына партияның Орталық Органы ретінде «Пролетарий» газеті шығарыла бастады, ол «Вперед» газетінің нақты және тікелей жалғасы болды.

«Вперед» газеті бірінші орыс революциясы дәуірінде революциялық-пролетарлық саяси бағыттың ұсақ буржуазиялық және либерал-буржуазиялық бағыттармен күресінде орасан зор роль атқарды.— *113.*

56 В. И. Ленин бұл арада I Мемлекеттік (Витте Думасы) дума сайлауы кезінде меньшевиктер ұсынған жартылай бойкот тактикасын айтып отыр. Большевиктердің сайлауға үзілді-кесілді бойкот жариялау тактикасымен келіспеген меньшевиктер социал-демократияның сайлаудың соңғы кезеңінен басқа

(яғни Думаға кандидаттар ұсынудан басқа) барлық кезеңдеріне қатысу жөнінде іріткі саларлық ұранды ұсынды.— *118.*

57 Большевиктер *«Думаның солшыл топтарынан құралған атқару комитетін»* құру ұранын Думадағы жұмысшы депутаттарының дербес таптық бағытын қамтамасыз ету, шаруалар депутаттарының қызметіне басшылық жасау және оларды кадеттердің ықпалынан оқшаулау мақсатын көздеп ұсынған еді. Меньшевиктер бұл ұранға өздерінің «жалпы ұлттық оппозиция», яғни жұмысшы және шаруа депутаттарының кадеттерді қолдау ұранын қарсы қойды, кадеттерді меньшевиктер социал-демократтармен, эсерлермен және трудовиктермен қатар солшыл партияларға жатқызды.

1906 жылы июльде, I Дума таратылғаннан кейін «Солшылдардың атқару комитеті» іс жүзінде Думадағы социал-демократиялық фракцияның төңірегіне қайта ұйымдасты. «Солшылдардың атқару комитетінің» инициативасымен Думадағы социал-демократиялық фракция комитеті және Еңбек тобы комитеті қол қойған «Армия мен флотқа манифест»; сондай-ақ Бүкіл россиялық шаруалар одағы, РСДРП Орталық Комитеті, социалист-революционерлер партиясының Орталық Комитеті, Бүкіл россиялық темір жол одағы және Бүкіл россиялық мұғалімдер одағы қол қойған «Россияның барлық шаруаларына манифест»; сол партиялар (үш одақ қол қоймаған), сондай-ақ Поляк социалистік партиясы мен Бунд қол қойған «Бүкіл халыққа» манифест шығарылды. Манифестер халықты үкіметке қарсы революциялық күреске шақырды және құрылтай жиналысын шақыру жөнінде ұран тастады.— *118.*

58 *Сенат түсініктемелері* — II Дума сайлауы алдында Үкіметтік сенат шығарған 1905 жылғы 11(24) декабрьдегі Мемлекеттік дума сайлауы жөніндегі заңды түсіндіру. Осы түсініктемелер арқылы сенат жұмысшылар, шаруалар және орыс емес ұлт өкілдері ішінен халықтың тағы бір тобын сайлау правосынан айырды. В. И. Ленин бұларды ««конституцияның мәнін» столыпиндік ғажап түсіндіру» деп атады.— *128.*

59 I Мемлекеттік дума сайлауы науқаны кезінде үкіметтік «Русское Государство» газеті («Правительственный Вестниктің» кешкі басылымы) 1906 жылғы 18(31) марттағы 39-номерінде Segno деген біреудің «Думадағы «бос белбеу»» деген мақаласын басты. Думаға шаруалар депутаттары көп сайланып, олар помещиктік жерлерді бөлуді талап етеді деп қорыққан үстем топтардың өкілдеріне автор тоқтам айтып, көңілдерін жайландырады. «Олар үшін — шекпен мен жер адамдары үшін, олардың түсінігі мен білімінің жеткіліксіздігі үшін уайым жемеңіз: оларды парламенттік тұрғыдан қарағанда магистр дипломына пара-пар келетін парасатты ойпікір мен тапқырлық құтқарады, ал магистрлік диплом үшін

парасатты ой-пікірдің болуы тіпті де міндетті емес екендігі белгілі».— *130.*

60 Қараңыз: К. Маркс. «Пруссия контрреволюциясы және пруссияның судья сословиесі» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 6-том, 148-бет).— *131.*

61 *«Знамя Труда»* («Еңбек Туы») — эсерлер партиясының орталық органы; газет 1907 жылғы июльден 1914 жылғы апрельге дейін Парижде шығып тұрды.— *136.*

62 *Француз радикалдары және радикал-социалистері* — Францияның буржуазиялық партиясы; ұйымдық жағынан 1901 жылы қалыптасты, іс жүзінде XIX ғасырдың 80-жылдарынан бастап өмір сүріп келеді. Бірінші дүние жүзілік соғысқа дейін (1914—1918) негізінен ұсақ және орта буржуазияның мүдделерін білдірді; бірінші және екінші дүние жүзілік соғыстар аралығында партияда ірі буржуазияның ықпалы күшейді. Партияның лидерлері әлденеше рет француз үкіметін басқарды.— *138.*

63 *РСДРП С.-Петербург ұйымының конференциясы* 1907 жылы 27 октябрьде (9 ноябрьде) Териокиде өтті. Оған 57 делегат шешуші дауыспен, 11 делегат кеңесші дауыспен қатысты. Конференцияның күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: 1) III Дума сайлауы алдындағы науқан туралы РСДРП Петербург комитетінің есебі; 2) РСДРП Орталық Комитетінің қызметі туралы баяндама; 3) Жалпы орыстық конференция; 4) II Думадағы социал-демократиялық фракцияға сот; 5) Жұмыссыздық; 6) Жалпы қалалық конференцияны қайта сайлау және басқа ұйымдық мәселелер.

Петербург комитетінің баяндамасында III Дума сайлауы кезінде полицияның жұмысшы сайлаушыларға өрескел зорлық жасап, күш көрсеткені, социал-демократияның сайлау алдында үгіт және т. т. жүргізуіне мүлде мүмкіндік бермегені атап айтылды. Баяндамада меньшевиктердің Петербургте партиядан жасырын өмір сүріп отырған мүлде дербес ұйымы бар екені де айтылды.

Орталық Комитеттің қызметі туралы баяндамада Орталық Комитетте тұрақты басым көпшілік болмағандықтан, оның жұмыс қабілетінің жеткіліксіздігі атап айтылды. Орталық Комитет меньшевиктердің іріткі салушылық ролінің салдарынан көптеген аса маңызды мәселелер (Орталық Органды шығару, кәсіподақтар жөніндегі қарарды бекіту, Думадағы фракцияның алғашқы қадамдарын талқылау және т. т.) бойынша ешқандай шешім қабылдай алмады. Күн тәртібіндегі осы мәселе жөнінде конференция Петербург ұйымының өкілдері алдағы жалпы россиялық конференцияда «Орталық Комитетті қазіргі кездегі тұйыққа тірелуден шығарып, оның қызметін жоғары дәрежеге көтеру» («Пролетарий» № 20,

1907 жылғы 19 ноябрь) үшін қолдан келгеннің бәрін істеуі керек деген тілек білдірді.

Ленин конференцияда жалпы россиялық конференцияға дайындық туралы: III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның тактикасы туралы және социал-демократтардың буржуазиялық баспасөзге қатысуы туралы баяндамалар жасады. Думадағы социал-демократиялық фракцияның тактикасы жөніндегі мәселе бойынша конференция 12 дауысқа қарсы көпшілік 37 дауыспен Ленин ұсынған қарарды жақтады. Меньшевиктер қарарға қарсы дауыс берді, олар III Думада «солшыл» октябристерді қолдап, Дума президиумын сайлауда «солшыл» октябриске дауыс беруді ұсынды. Конференция социал-демократтардың буржуазиялық баспасөзге қатысуға болмайтыны жөніндегі большевиктердің ұсынысын қабылдады. II Думадағы социал-демократиялық фракцияға болатын сот туралы мәселені талқылау үстінде В. И. Ленин конференцияға хабарлама жасап, фракцияға болатын сот жөнінде Халықаралық социалистік бюроға хабарлағанын, ал бюро Халықаралық парламенттік өкілдер одағы арқылы осы мәселеге халықаралық жұмысшы табының назарын аудару үшін Англия, Германия және Бельгия парламенттеріне сұрау қоятынын айтты. Конференция II Думадағы социал-демократиялық фракцияға сот басталатын күні Петербург пен Петербург губерниясының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдерінің бір күндік ереуілін өткізу жөнінде шешім қабылдады.

Конференция РСДРП жалпы россиялық конференциясына екі большевик-делегат сайлады. — *139.*

64 *Дрезден партейтагы* — герман социал-демократиясының съезі, 1903 жылы 13—20 сентябрьде Дрезденде өтті. Съезд басты назарын партияның тактикасы жөніндегі және ревизионизммен күрес жөніндегі мәселеге аударды. Съезде Э. Бернштейннің, П. Гёрэнің, Э. Давидтің, В. Гейненің және басқа кейбір неміс социал-демократтарының ревизионистік көзқарастары сынға алынды. Съезде басым көпшілік дауыспен (288 дауысқа 11 дауыс қарсы) қабылданған қарарда былай делінген: «Партия съезі біздің таптық күрес негізінде жасалып, сыннан өткен, табысқа жеткізіп келген байырғы тактикамызды ревизионистік тұрғыдан өзгертуге, атап айтқанда, мына мағынада өзгертуге: біздің қарсыластарымызды құлату арқылы саяси өкіметті жеңіп алудың орнына қазіргі бар құрылыс жөнінде ырық беру саясатын қолдануға тырысушылықты үзілді-кесілді айыптайды» («Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Dresden vom 13. bis 20. September 1903». Berlin, 1903, S. 418). Мұндай қарар қабылдаудың белгілі бір дәрежеде пайдалы маңызы болды. Бірақ ревизионизммен күресте съезд жеткілікті дәйектілік көрсете алмады; герман социал-демократиясындағы ревизионистер партиядан шыға-

рылған жоқ және съезден кейін де өздерінің оппортунистік көзқарастарын насихаттауды тоқтатпады. Съезд социал-демократтардың буржуазиялық баспасөзге қатысуына болатыны жөнінде оппортунистік шешім қабылдады.— *147.*

65 *Үшінші Мемлекеттік дума* (ресми аты — үшінші сайланған Мемлекеттік дума) 1907 жылғы 1(14) ноябрьден 1912 жылғы 9(22) июньге дейін (барлығы бес сессиясы болды) жұмыс істеді. Үшінші июньдегі сайлау заңы негізінде сайланған III Дума өзінің таптық табиғаты мен партиялық құрамы жағынан қаражүздік-октябристік еді, ол патша үкіметінің Россиядағы революциялық күштер жөнінде қолданған контрреволюциялық зорлық және жазалау саясатын жүргізуде оның құлаққесті құлы болды.

Дума депутаттарының жалпы саны 442 адам болды, яғни бұрынғы екі Думаға қарағанда едәуір аз еді. Думаның реакциялық сипаты оның сословиелік құрамынан-ақ көрінді. Депутаттардың жартысынан көбі (229) текті дворяндар мен жеке өз басы дворян болғандар еді, дін басыларынан — 46, көпес сословиесінен — 42, казактардан — 15, шаруалардан — 94, мещандардан — 12 депутат болды. Кәсібі жөнінен Дума мүшелерінің бөлінуі төмендегідей болды: жер иелері— 242, земство қайраткерлері — 133, егіншілер — 79, дін басылары — 49, адвокаттар — 37, саудагерлер мен өнеркәсіпшілер — 36, чиновниктер — 47, дәрігерлер мен педагогтар — 42, қолөнершілер мен жұмысшылар — 16 және т. т.

Думада, бірінші сессияның басында, 11 саяси партия мен топтар, оның ішінде: оңшылдар (барып тұрған оңшылдар, ұлтшылдар және баяу оңшылдар) — 147 депутат, октябристер — 154 депутат, поляк-литван-белорус тобы — 7 депутат, поляк колосы — 11 депутат, прогрестік топ — 28 депутат, мұсылмандар тобы — 8 депутат, кадеттер — 54 депутат, Еңбек тобы — 14 депутат, социал-демократтар — 19 депутат болды.

Думада ешбір партия абсолюттік көпшілік бола алмады, мұның өзі бонапартистік саясат — помещиктер мен буржуазия арасында бұлтару саясатын жүргізіп отырған патша үкіметінің мақсатына сай келетін еді. III Думада контрреволюциялық екі көпшілік: қаражүздік-октябристік және октябристік-кадеттік көпшілік қалыптасты. Біріншісі Столыпиннің аграрлық саясат, жұмысшы мәселесі жөнінен қатаң саясат, аз ұлттар жөнінен ашықтан-ашық ұлы державалық саясат жүргізуін қамтамасыз етті. Екінші көпшілік Россия өмірінде парламенттік нормалар бар-мыс дегенді әйгілеу үшін, шетелден заемдар алу үшін, ұсақ жеңілдік-реформалар арқылы бұқара назарын революциядан басқа жаққа аудару үшін қажет болды.

III Думаға жалпы сипаттама бере келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Дума арқылы самодержавиені бүркемелегісі, киіндіргісі, үлде мен бүлдеге бөлегісі келді; қаражүз-

дік-октябристік Дума өзінің өмір сүрген әрбір күні сайын біздің мемлекеттік өкіметтің шын сипатын, оның нағыз таптық тіректерін және оның бонапартизмін іс жүзінде бірден-бірге аша түсіп отыр, әшкерелеп, масқаралай түсіп отыр» (Шығармалар, 15-том, 274-бет).

III Мемлекеттік дума үшінші июньдегі реакциялық режимді ішкі және сыртқы саясаттың барлық мәселелері жөнінен қолдады, полицияға, жандармдарға, земство бастықтарына, соттарға, түрмелерге, қасиетті синодқа көп қаржы беріп тұрды. Дума әскери міндеткерлік жөнінде заң жобасын қабылдап, армияға шақырылу жөніндегі әр түрлі жеңілдіктерді жойды және армия санын едәуір көбейтті.

III Думаның реакциялық ролі әсіресе жұмысшы заңдары жөніндегі мысалдан айқын көрінді. Думадағы реакциялық көпшілік жұмысшыны қауіпсіздендіру жөніндегі бірнеше заң жобаларын үш жыл бойы қозғаусыз жатқызды. Дума бұл заң жобаларын революциялық қозғалыстың жаңадан өрлеуінің ықпалымен 1911 жылы ғана бекітті. Бірақ олар соншалықты күзелді, 1903 жылғы заңға қарағанда жақсарудың орнына қауіпсіздендіру шарттары нашарлап шықты, 13 миллион жалдама еңбек адамдары ішінен 2,5 миллион жұмысшы ғана қауіпсіздендіруге ілікті. 1910 жылы Дума сауда қызметшілерінің дұрыс демалуын қамтамасыз ету жөнінде заң жобасын мақұлдады, бұл заң жобасы бұрын қолданылып жүрген 1906 жылғы, үкімет сайлаушы-приказчиктерді оңшыл партиялар жағына тартуды көздеп, оларды аз-кем қайыр-садақа берумен алдарқатпақ болған кездегі, уақытша ережелерге қарағанда еңбек жағдайын көріне көзге нашарлатып жіберді. 1912 жылғы 5(18) мартта Думаның жұмысшы комиссиясы стачкалар бостандығы жөніндегі заң жобасын қабылдамай тастады, оны тіпті Думаның мәжілістерінде талқылауға да жібермеді.

III Думадағы реакциялық көпшілік патша үкіметінің орыстандыру саясатын қолдады, ұлт араздығын өршітті.

Сыртқы саясат саласында Дума реакциялық, панславяндық пиғылдарды қолдап, Балкан мемлекеттері істеріне белсенді араласуды жақтады, соғыс кредиттерін көбейтуді талап етті.

Дума 1906 жылғы 9(22) ноябрьдегі указдың негізінде қабылданған 1910 жылғы аграрлық заңды мақұлдап, столыпиндік аграрлық заңдарды толық қолдады. Дума жері жоқ және жері аз шаруаларға жер бөлу жөніндегі шаруалар депутаттарының барлық жобаларын қабылдамай тастады, оларды өзінің мәжілістерінде талқылауға да жібермеді.

III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракция өзінің жұмыс істеу жағдайының өте ауырлығына, құрамының аздығына және қызметінің алғашқы кезіндегі жіберген қателеріне қарамастан, фракцияда большевик депутаттардың болуы арқасында, III Думаның халыққа қарсы саясатын

әшкерелеуде, Россия пролетариаты мен шаруаларын саяси тәрбиелеуде оларға Дума трибунасынан үндеу тастап та, Думадан тысқары жұмыстар жүргізу арқылы да үлкен жұмыс атқарды.

III Мемлекеттік думаны, оның партиялық құрамын және қызметін В. И. Ленин мына еңбектерінде сипаттап берді: «Үшінші Дума», «Үшінші Мемлекеттік дума және социал-демократия», «Қазіргі кезеңді бағалау туралы», «III Думадағы, аграрлық жарыс сөздер» және т. б. (қараңыз: осы том, 149—159, 187—194; Шығармалар, 15-том, 269—282, 307—322-беттер).— *149.*

66 РСДРП III Мемлекеттік дума сайлауына 1907 жылғы 21—23 июльде (3—5 августа) өткен III («Жалпы россиялық екінші») конференцияның шешімі бойынша қатысты. 1907 жылғы 3(16) июньдегі сайлау заңы жұмысшылардың онсыз да жартыкеш сайлау правосын мықтап шектеп, сайламшылар санын 237-ден 112-ге дейін кемітті және жұмысшылардың сайлау правосын 53 губернияның 44 губерниясында ғана қалдырды. Осы жағдайлардың, сондай-ақ жұмысшы уәкілдері мен сайламшыларын полицияның дөрекіліктен қуғындауы салдарынан III Думаға депутат болып не бары 19 социал-демократ (II Думадағы 65 депутат орнына) сайланды.

III Дума сайлауы Россия жұмысшы қозғалысында большевиктік ықпалдың өскенін көрсетті: 6 губернияның жұмысшы курияларынан сайланған 6 депутаттың 4-і большевик (Н. Г. Полетаев Петербург губерниясынан, М. В. Захаров Москва губерниясынан, С. А. Воронин Владимир губерниясынан П. И. Сурков Кострома губерниясынан), 2-і меньшевик (Г. С. Кузнецов Екатеринослав губерниясынан және В. С. Шурканов Харьков губерниясынан (кейіннен арандатушы болып шықты)) болды. Большевик В. Е. Косоротов шаруалар сайламшыларының қолдауы арқасында Уфа губерниясындағы жұмысшы куриясынан өтті. III Думада 5 большевик депутат және большевиктерге қосылған екі депутат (И. П. Покровский және латыш социал-демократы А. И. Предкальн) болды, бұлар Темрюк пен Рига қалаларының екінші қалалық куриясынан сайланды. Меньшевиктік депутаттар, әдеттегідей, жұмысшы курияларынан емес, басқа куриялардан: қалалық, шаруалар, тіпті жер иеленушілік (Е. П. Гегечкори Кутаиси губерниясынан және И. И. Гайдаров Дағыстан облысынан) куриялардан сайланды. Бұл факт меньшевиктердің едәуір көп болғанын дәлелдейді. Бірақ бірте-бірте большевиктер мен меньшевиктердің күші теңелді деуге болады. Фракцияның меньшевиктік бөлегінен кездейсоқ элементтер кетіп қалды: біреуі мұсылмандар тобына, төртеуі партияда жоқтар фракциясына кетті. Фракцияның большевиктік бөлегі депутат Косоротовтан айрылды, ол саяси іс жөнінен айыпталып, қамалға жабылды. Думаның бесінші

сессиясы кезінде социал-демократиялық фракция 13 депутаттан құралды: 4 большевик және 2 адам оларға қосылғандар, 7 меньшевик болды, бұлардың бір бөлегі партияшыл-меньшевиктерге жататын еді, олар жойымпаздарға қарсы органдарға қатысты, сөйтіп олар сол кезеңнің аса маңызды мәселесі — құпия жұмысшы партиясын сақтау жөнінен большевиктермен тізе қосты.

Социал-демократиялық фракция РСДРП төртінші конференциясының шешімімен құрылды. Социал-демократиялық фракция үшін іс-қимыл программасы мен күрес тактикасын В. И. Ленин жасап берді. Социал-демократиялық фракция, дәлірек айтсақ оның меньшевиктік көпшілігі, өз қызметінің бастапқы кезінде елеулі қателер жіберді, ең алдымен, ол қателік фракцияның өзінің қызметін РСДРП Орталық Комитетімен санаспай, тәуелсіз жүргізуге тырысуынан көрінді. Дума патшаға арналған «құлдық ұрған адресті» қабылдағанда фракция теріс позиция ұстады; фракция мүшелері — меньшевиктер социал-демократиялық фракция атынан, РСДРП Лондон съезінің шешіміне қарамастан, кадеттермен және поляк колосымен бірге оппозицияның кеңестеріне қатысты. Партияның Орталық Комитеті меньшевиктердің бұл әрекеттерін айыптады, бірақ меньшевиктер өздерінің реформистік тактикасын қорғауын тоқтатпады. 1907 жылғы 16 (29) ноябрьдегі үкімет декларациясын талқылау кезінде социал-демократиялық фракция партияның Орталық Комитетінің декларациясы жобасын алмай, өзінің дербес декларациясын ұсынды, мұнда РСДРП-ның программалық талаптары қысқартылып тасталған болатын. Орталық Комитет Думаның бірінші сессиясы кезіндегі социал-демократиялық фракцияның жұмысын қорытындылай келіп, «Жергілікті ұйымдарға хатта» фракцияның қателерін, әсіресе оның декларациясын жан-жақты сынады. Декларацияда партияның революциялық ұрандары мен талаптарының қысқартылып тасталуы, делінген Орталық Комитеттің хатында, «партия белгілеген тактикалық бағыттан ауытқығандықты айқын көрсетеді. Бұл ауытқушылықтың саналы түрде, ойланып істелгендігі жөнінде барлық белгілер бар» («Пролетарий № 29, 16(29) апрель, 1908 жыл, 3-бет).

Социал-демократиялық фракцияның қызметін жақсартуға РСДРП бесінші конференциясы шешімінің (декабрь, 1908) үлкен маңызы болды. Конференцияға большевик-депутаттардан фракцияның большевиктік бөлегінің ішінде басшы ретінде саналған Н. Г. Полетаев қатысты. Конференция шақырымпаздар мен жойымпаздарға тойтарыс бере отырып, жұмысшы депутаттарының партия алдындағы жауапкершілігін күшейтетін бірқатар ұйымдық сипаттағы шешімдер қабылдады. В. И. Ленин «Жолға» деген мақалада конференцияның осы мәселе жөніндегі шешімдеріне баға берді. Өздерінің парламенттік фракцияларының шылауына айналған Европадағы бірқатар социалистік партиялардың қателерін көр-

сете келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Әрбір социал-демократ депутат оны партияның қолдайтынын, оның қателеріне партияның күйінетіндігін, оның жолын түзеуге қам ететінін іс жүзінде сезетін болу үшін,—әрбір партия қызметкері партияның жалпы думалық жұмысына қатынасу үшін, оның әрекеттеріне нақтылы маркстік сын беріп үйрену үшін, оған жәрдемдесуді өзінің борышы деп білу үшін, фракцияның арнаулы жұмысын партияның жалпы насихат, үгіт жұмыстарына бағындыруға тырысу үшін,— біз Россияда социал-демократиялық парламентаризм құру ісін бірден басқаша ұйымдастыруға тиіспіз, бұл жөніндегі ынтымақты жұмысқа бірден кірісуге тиіспіз» (Шығармалар, 15-том, 357-бет).

III Думадағы социал-демократиялық фракцияның қателерін большевиктердің принципті сынға алуы, жұмысшылардың фракция жұмысына қанағаттанбауы, партия басшылығының күшеюі—осылардың бәрі большевиктік депутаттардың фракция ісіне ықпалының өсуіне, одан меньшевиктердің бір бөлегінің кетуіне және Думаның соңғы үш сессиясындағы фракция жұмысының біртіндеп жақсаруына жеткізді, бұл фракцияның сұрау қою қызметінің күшеюінен, өзінің заң жобаларын жасап, оларды Думаның талқылауына беруінен, депутаттардың Думадан тысқары қызметінің күшеюінен және т. с. көрінді. Социал-демократиялық фракцияның 1908 жылдан 1912 жылға дейінгі үшінші Думадағы жұмысын қорытындылай келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: ол «партияға оппозиция болып келген фракциядан, партия сынап келген және меньшевиктер қорғап келген (ал кейде оппортунизмін тікелей көтермелеп келген) фракциядан — *жойымпаздыққа қарсы* фракцияға айналды. ...Қара Думадағы жұмыстың тәжірибесі және жойымпаздардың батпағына қарай тайған меньшевизмнің оң қанатымен күресу тәжірибесі,— осының бәрі де III Думаның социал-демократиялық фракциясын солға қарай, оппортунизмнен аулақтата, партияға қарай итермеледі» (Шығармалар, 36-том, 195-бет). III Думаның большевиктер басшылық еткен жұмысшы депутаттары Думадағы іс-әрекеттерін Думадан тысқары жүргізген үлкен құпия қызметімен ұштастыра отырып, барлық кедергілерге қарамастан, Россияның жұмысшылары мен шаруалар бұқарасының арасында оларға саяси тәрбие беру ісінде зор үгіт және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді.— *149.*

67 ***«Русское Знамя»*** («Орыс Туы»)—қаражүздік газет, «Орыс халқы одағының» органы; 1905 жылғы ноябрьден 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрды.— *152.*

68 ***«Голос Москвы»*** («Москва Үні»)—күнделікті газет, октябристер партиясының органы; 1906 жылғы декабрьден 1915 жылғы июньге дейін шығып тұрды.— *152.*

69 «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қаулылары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 232—233-беттер. — *157.*

70 Ленин бұл арада «Пролетарлық емес партияларға көзқарас туралы» деген қарарды айтып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 229—231-беттер). — *159.*

71 Лениннің *«Плехановтың мақаласы туралы»* деген заметкасы И. П. Гольденбергтің (Мешковскийдің) «Бұл да «айтыс»» деген мақаласына «Пролетарийдің» «Редакциясынан» соңғы сөз ретінде басылды. Партияның V (Лондон) съезінен кейін Г. В. Плеханов «Біздер және олар» деген кітапша шығарды, оған өзінің съездегі сөйлеген сөздерін енгізіп, кітапшаға үлкен алғы сөз жазды. И. П. Гольденбергтің мақаласы бірінші орыс революциясындағы большевиктік тактикаға, әсіресе большевиктердің либерал буржуазияға ымырасыздығына шабуыл жасаған Плехановқа жауап болатын.

III Дума сайлауы алдындағы науқан кезінде либерал буржуазиямен одақ және блок жасасу жөніндегі меньшевиктік тактиканы қорғауды кеңінен қолына алған Плеханов солшыл кадеттік «Товарищ» газетінде бірнеше мақалалар жариялап, партиялық тәртіпті өрескел бұзды, ол мақалаларында РСДРП III («Жалпы россиялық екінші») конференциясының III Дума сайлауына қатысу туралы мәселе жөніндегі большевиктік шешімін қатты сынап қана қойған жоқ, сонымен қатар партияны оны орындамауға шақырды. Плехановтың антипартиялық әрекеті партия мүшелерінің ашу-ызасын туғызды; Орталық Комитет оның бұл әрекетін айыптады. Петербург комитеті осыған байланысты қарар қабылдап, Орталық Комитеттің шешімін қуаттады.

Лениннің заметкасы Плехановтың партияның Петербург комитетінің қарарына жауап ретінде жазылған «Жақсының аты жақсы ғой» деген мақаласына («Товарищ № 402, 20 октябрь (2 ноябрь), 1907 жыл) байланысты жазылған.— *160.*

72 Ф. Мерингтің «Неміс либерализмі және орыс Думасы» деген мақаласын (Fr. Mehring. «Deutscher Liberalismus und russische Duma». «Die Neue Zeit», 1906—1907, Band I, № 23) В. И. Ленин аударып, «Фр. Меринг екінші Дума туралы» деген мақалаға пайдаланды, бұл мақала мына жинақта басылды: «Тактика мәселелері», II, СПБ., 1907 (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 15-том, 285—293-беттер).— *162.*

73 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Коммунистік партияның манифесі» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 458—459-беттер).— *167.*

[74] *РСДРП төртінші («Жалпы россиялық үшінші») конференциясы* III Мемлекеттік дума сайлауы аяқталғаннан кейін көп ұзамай 1907 жылғы 5—12 (18—25) ноябрьде Гельсингфорста (Хельсинки) өтті. Конференцияға 27 делегат: 10 большевик, 4 меньшевик, 5 поляк социал-демократы, 5 бундшыл, 3 латыш социал-демократы қатысты.

Конференцияның күн тәртібіне Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның тактикасы туралы, фракциялық орталықтар және Орталық Комитеттің жергілікті ұйымдармен байланысын нығайту туралы, социал-демократтардың буржуазиялық баспасөзге қатысуы туралы мәселелер қойылды. Оның үстіне, конференция Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық өкілдіктің қалай аталуы туралы мәселені талқылады. Социал-демократиялық фракцияның III Мемлекеттік думадағы тактикасы туралы Ленин баяндама жасады. Үшінші июньдік режимге берген Лениннің бағасына және партияның міндеттеріне меньшевиктер мен бундшылдар қарсы шықты, олар Думада кадеттер мен «солшыл» октябристерді қолдау қажеттігін қорғап бақты. Конференция көпшілік дауыспен Петербург жалпы қалалық конференциясының атынан ұсынылған большевиктік қарарды қабылдады. Конференция сондай-ақ социал-демократтардың буржуазиялық баспасөзге қатысуына болмайтыны жөнінде большевиктік қарар қабылдады, ол қарар меньшевиктік публицистерге, әсіресе солшыл кадеттік «Товарищ» газетінде РСДРП III («Жалпы россиялық екінші») конференциясының шешімдерін сынаған Г. В. Плехановқа қарсы бағытталған еді. Конференция Думадағы социал-демократиялық өкілдікті «социал-демократиялық фракция» деп атады.

Меньшевиктік орталық РСДРП Орталық Комитетінен жасырын түрде жергілікті комитеттермен байланыс жасағаны себепті, конференция РСДРП Орталық Комитетінің жергілікті партия ұйымдарымен байланысын күшейтудің шараларын белгіледі.

РСРДП IV конференциясы негізгі мәселелер бойынша лениндік шешімдерді қабылдап, реакция дәуірінде партияпы бұқара үшін күресте дұрыс, маркстік тактикамен қаруландырды.

Конференция протоколдары табылған жоқ. Конференцияның жұмысын және шешімдерін «Пролетарий» газеті 1907 жылғы 19 ноябрьдегі 20-номерінде кең түрде жазды. — *179.*

[75] Ленин бұл арада Столыпин әзірлеген және 1906 жылғы ноябрьде патша үкіметі жариялаған аграрлық заңдарды айтып отыр. 1906 жылы 9(22) ноябрьде «Қолданылып отырған заңның шаруалардың жерді иеленуіне және пайдалануына қатысты кейбір қаулыларын толықтыру туралы» указ — Мемлекеттік дума мен Мемлекеттік советтен өткен соң 1910 жылғы 14 июньдегі заң деп аталған указ және «Шаруалардың жер банкінің үлесті жерлерді залогқа алып

қарыз беруі туралы» 1906 жылғы 15 (28) ноябрьдегі указ жарияланды. Бұл заңдар бойынша шаруаларға олардың үлесті жерлерін өз меншігіне бекіту правосы және қауымдардан отрубтар мен хуторларға бөлініп шығу правосы берілді. Хуторлықтар немесе отрубшылар жер алу үшін Шаруалар банкі арқылы ақшалай жәрдем ала алатын болды. Столыпиндік аграрлық заңдардың мақсаты жерге помещиктік меншікті сақтай отырып және қауымды зорлықпен бұза отырып, деревняда патша самодержавиесінің тірегі ретінде кулактар шаруашылығын жасау еді. Столыпиндік аграрлық саясат крепостник-помещиктердің өктемдігін, меншігін және пұрсаттылықтарын сақтай отырып, ауыл шаруашылығының анағұрлым қиын, «пруссиялық» жолмен дамуын — капиталистік эволюциясын тездетті, шаруалардың негізгі бұқарасының күшпен экспроприациялануын үдетті, кедейлердің үлесті жерлерін тым арзанға сатып алуға мүмкіндік алған шаруалар буржуазиясының дамуын тездетті.

Ленин 1906 жылғы столыпиндік аграрлық заңдарды (және 1910 жылғы 14(27) июньде шығарылған заңды) крепостниктік самодержавиені буржуазиялық монархияға айналдыру жолында 1861 жылғы реформадан кейін жасалған екінші қадам деп атады. «Столыпиннің ескі тәртіптің және ескі крепостниктік егіншіліктің «өмірін ұзартуы» мынада болып отыр,— деп жазды Ленин,— тағы да бір және оның бер жағында *соңғы* тығын ашылып отыр, бүкіл помещиктік жер иелігін экспроприацияламай-ақ ашуға болатын тығын ашылып отыр» (Шығармалар, 18-том, 249-бет). Шаруалардың қауымдардан бөлініп шығуын үкіметтің мықтап насихаттағанына қарамастан, Европалық Россияда 9 жылда (1907 жылдан 1915 жылға дейін) қауымдардан не бары $2^1/_2$ миллионға жуық шаруалар ғана бөлініп шықты. Қауымнан бөлініп шығу правосын ең алдымен село буржуазиясы пайдаланды, ол бұл арқылы өз шаруашылығын нығайтуға мүмкіндік алды. Өзінің үлесті жерін сатып, деревнямен біржола қош айтыспақ болған кедейлердің бір бөлегі де қауымнан шықты. Жоқшылықтың қыспағындағы ұсақ шаруалар шаруашылығы бұрынғыша қайыршылық, мешеу күйінде қала берді.

Столыпиндік аграрлық саясат барлық шаруалар мен помещиктер арасындағы негізгі қайшылықты жоя алмады, шаруалар бұқарасының одан әрі күйзелуіне, кулактар мен деревня кедейлері арасындағы таптық қайшылықтардың шиеленісуіне әкеп соқтырды. —*182.*

76 II Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракция әскери заговорға қатысты деп айыпталып, 1907 жылғы 3 июньге қараған түнде тұтқынға алынды, бұл айыптауды охранка қолдан жасаған болатын. Россияның жұмысшы табын өз депутаттарын қорғау жолындағы күреске көтеру үшін большевиктер қолдан келгеннің бәрін істеді. 1907 жыл-

ғы 27 октябрьде (9 ноябрьде) болып өткен РСДРП Петербург конференциясы фабрикалар мен заводтардың есептерін тыңдап және социал-демократ депутаттарға болатын сотқа байланысты жұмысшылар күресінің шаралары туралы мәселені талқылап, «Петербург пен Петербург губерниясының барлық жұмысшылары мен жұмысшы әйелдеріне, барлық одақтарына, бейпартиялық заводтық комитеттерге, бүкіл жұмысшы ұйымдары мен топтарына, барлық приказчиктер мен қолөнершілеріне» үндеу қабылдап, оларды сот басталатын күні әдейі бір күндік ерсуіл ұйымдастыруға шақырды.

II Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияға сот 1907 жылы 22 ноябрьде (5 декабрьде) басталды. Бұл күні патша үкіметінің озбырлығына наразылық білдіру ретінде Москвада, Бакуде, Саратовта, Кинешма мен басқа да аудандарда жұмысшылар ереуіл жасады. Петербургте 100 мың жұмысшы, сондай-ақ Орман-тоғай, Политехникалық, Технологиялық және басқа институттардың студенттері ереуілге шықты. III Думадағы социал-демократиялық фракция Дума мәжілісінің басында самодержавиенің халыққа қарсы саясатын әшкерелеген өзінің наразылығын оқыды, сөйтіп мәжіліс залын тастап шығып кетті.

II Думаның социал-демократ депутаттарына болған сот 1907 жылы 1(14) декабрьде аяқталды. Тұтқынға алынып, сотқа тартылған 37 депутаттың ішінен 17 депутатты барлық мүлік правосынан айырып, 4—5 жылға каторгалық жұмысқа жер аударды, содан кейін Сибирьде қоныстануға кесілді, 10 депутатты барлық мүлік правосынан айырып, шалғай Сибирь губернияларына қоныстануға жер аударды, 10 депутат ақталды. Патша өкіметінің осы пасық қылмысы жөнінде «II Думаның социал-демократиялық фракциясы туралы. Бүкіл істің баяндалуы» деген мақаланы қараңыз (Шығармалар, 17-том, 318—321-беттер), бұл мақала Лениннің Халықаралық социалистік бюроға баяндамасы болып табылады. — *186.*

77 Ленин *«Воиновтың (А. В. Луначарскийдің) партияның кәсіптік одақтарға көзқарасы туралы кітапшасына алғы сөзді»* 1907 жылы ноябрьде жазды. В. И. Ленин осы кітапша қолжазбасының соңғы бөлегін алуына байланысты 1907 жылғы 2 және 11 (15 және 24) ноябрь аралығында А. В. Луначарскийге жазған хатында былай деп көрсетеді: мұнда «абайсыздықтар... яғни көрінген эсерлердің, меньшевиктердің, синдикалистердің etc. *ілік тағуына* сылтау болатын жерлері көп. Біз: түзеңкіреу керек пе, әлде алғы сөзде ескерту жасау керек пе?— деп коллектив болып кеңестік. Соңғысын ұйғардық...» Одан соң В. И. Ленин кітапшаны оппортунизмге де қарсы, сондай-ақ «толып жатқан былық... (Россия үшін бұл өте-мөте қауіпті)» (Шығармалар, 34-том, 373, 374-беттер) ала келетін синдикализмге де қарсы бағыттау үшін текстті қалай

жөндеу жөнінде кеңестер береді. Луначарскийдің кітапшасы жарық көрген жоқ. — *195.*

78 Әңгіме Герман социал-демократиялық партиясының Маннгейм съезі жайында болып отыр, съезд 1906 жылы 23—29 сентябрьде өтті. Күн тәртібіндегі ең басты мәселе бұқаралық саяси стачка туралы мәселе болды, оны герман социал-демократиясы 1905 жылғы Иена съезінде Россиядағы революциялық қозғалыстың тікелей ықпалымен саяси күрестің ең маңызды құралы деп таныған. Маннгейм съезі партияның бұқаралық саяси стачка жариялауын кәсіподақтар Бас комиссиясының келісімін алумен байланыстырған қарар қабылдады, ал кәсіподақтардың оппортунистік көсемдері бұқаралық саяси стачкаға үзілді-кесілді қарсы болды, оны анархизм деп есептеп, кәсіподақтардың 1905 жылғы Кёльн съезінде осы рухта қарар қабылдатты. Маннгейм съезі кәсіподақтар лидерлерінің оппортунистік позициясын тікелей айыптаған жоқ, бірақ «кәсіптік қозғалыстың социал-демократиялық рух алуы үшін» барлық партия мүшелеріне кәсіподақ ұйымдарына кіруді, ал кәсіподақ мүшелеріне социал-демократиялық партияға кіруді ұсынды. — *196.*

79 *«Die Neue Zeit»* («Жаңа Заман»)—Герман социал-демократиялық партиясының теориялық журналы; 1883 жылдан 1923 жылға дейін Штутгартта шығып тұрды. 1917 жылғы октябрьге дейін К. Каутский, одан соң —Г. Кунов редакциялады. К. Маркс пен Ф. Энгельстің кейбір шығармалары: К. Маркстің «Гота программасына сын», Ф. Энгельстің «1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» деген және басқа еңбектері бірінші рет «Die Neue Zeit»-те жарияланды. Энгельс журналдың редакциясына ақыл-кеңес беріп, ұдайы көмектесіп отырды және журналда марксизмнен шегінушілікке жол бергені үшін оны жиі сынады. «Die Neue Zeit»-ке XIX ғасырдың аяғындағы және XX ғасырдың басындағы герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткерлері: А. Бебель, В. Либкнехт, Р. Люксембург, Ф. Меринг, К. Цеткин, П. Лафарг, Г. В. Плеханов және басқалар қатысты. 90-жылдардың екінші жартысынан бастап, Ф. Энгельс қайтыс болғаннан кейін, журналда ревизионистердің мақалалары жиі басыла бастады, оның ішінде ревизионистердің марксизмге қарсы жорығын бастаған Э. Бернштейннің «Социализм проблемалары» деген сериялы мақалалары жарияланды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында журнал центристік позиция ұстап, іс жүзінде социал-шовинистерді қолдады.— *196.*

80 *«Освобождение»* («Азаттық»)— екі аптада бір рет шыққан журнал, 1902 жылғы 18 июньнен (1 июльден) 1905 жылғы 5 (18) октябрьге дейін П. Б. Струвенің редакциясымен шет-

елде шығып тұрды. Журнал орыс либерал буржуазиясының органы болды және баяу-монархиялық либерализм идеяларын жүргізді. 1903 жылы журналдың төңірегінде «Азаттық одағы» құрылды (және 1904 жылдың январында қалыптасып болды), бұл одақ 1905 жылғы октябрьге дейін өмір сүрді. Земствошы-конституционалистермен бірге «освобождениешілдер» 1905 жылы октябрьде құрылған конституциялық-демократиялық партияның (кадеттердің) — Россиядағы либерал-монархиялық буржуазияның жетекші партиясының ұйтқысы болды. — *200.*

81 Ленин *«Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы»* деген кітапты 1907 жылы ноябрь — декабрьде жазды. 1907 жылы ноябрьдің аяғында В. И. Ленин «12 жыл ішінде» деген Шығармаларының екінші томының екінші бөлімі басылып шығуына байланысты М. С. Кедровқа былай деп жазды: «менің жоспарым: II томның қорытындысында Россиядағы жер бөлісі туралы (1905 ж. статистикалық, жаңа мәліметтер бойынша) және муниципализация туралы («Капиталдың» IV томын немесе «Theorien über den Mehrwert»-ті, бұл да 1905 жылы шыққан, еске ала отырып) үлкен еңбек жазбақпын. Меніңше, бұл еңбекке жұртшылық үлкен көңіл аударатын және өте дер кезінде жазылған еңбек болар еді. Жұмыс үшін керекті материалдар түгелдей дерлік менде жиналған және жарым-жартылай қазірдің өзінде өңделген. Аяқтау үшін бірнеше апта керек; бұл еңбекті бірнеше аптада жазып бітіремін ғой деп ойлаймын» (Шығармалар, 36-том, 134-бет). 1908 жылы 7 январь мен 2 февральдың аралығында (жаңаша) Г. А. Алексинскийге жазылған хатта кітаптың мазмұны анағұрлым айқын белгіленеді: «Мен аграрлық программа туралы мәселе жөнінде үлкен еңбек жаздым, онда, былайша айтқанда, II Думадағы жарыс сөздерді толық талдап шықтым» (бұл да сонда, 137-бет). 1908 жылы февральда кітап баспаға жіберілді, мұны 4(17) февральда Петербургке М. И. Ульяноваға жазған хаттан білуге болады, хатта В. И. Ленин былай деп жазды: «Менің екінші томымның екінші бөлімінің қолжазбасын алды ма екен (бұл жақтан жаңаша 5. II. 08. айналма жолмен жіберілген)?» (Шығармалар, 37-том, 320-бет).

Қолжазба келіп түсті және «12 жыл ішінде» деген Шығармалардың екінші томының екінші бөліміне енді. Бірақ полиция кітапты баспаханада-ақ конфискелеп, жойып жіберді. Бір данасы ғана сақталып қалған, оның соңғы бірнеше беттері жоқ. Еңбек ішінара «Пролетарий» газетінің 1908 жылғы 23 июльдегі (5 августағы) 33-номерінде жарияланды, онда III тараудың 2 және 3-параграфтары «Карл Маркстің алғашқы нобайларын Петр Маслов қалай жөндейді» деген атпен басылды.

В. И. Ленин большевиктер партиясының 1917 жылы Россияда социалистік революцияның жеңісі жолындағы күресі жағдайында «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасының» жарыққа шығуына үлкен мән берді. 1917 жылы 12(25) апрельде Петроградтан Женеваға В. А. Карпинскийге жолдаған хатында Ленин былай деп жазды: «Хат арқылы аграрлық қолжазбаны тоқтата көріңізші, өйткені мұннан теріліп қойылған 1 данасын *таптым*... Онда «Қорытындының» соңы, атап айтқанда мына сөздерден бастап: «Бүкіл шаруалар мен бүкіл пролетариат — жерге жеке меншік болуына қарсы шықты. Юнкерлік-буржуазиялық Россия жасаудың реформаторлық жолы ескі жер иелігінің негіздері сақталуын және бұл негіздердің бірте-бірте баяу...» (осы том, 437-бет. *Ред.)* жетпейді. Міне, осы сөздерден бастап қорытындының соңы жоқ. Егер *осы сөздерден бастап* қорытындының аяғына дейін 4—5 көшірме алып, оларды 1) жеке өзіме, 2) «Правдаға», Мойка, 32, 3) Стокгольмге, өзіңізге берілген адреске жіберсеңіз, Сізге өте-мөте қарыздар болар едім. Сәті түссе, осы даналардың ең болмаса біреуі менің қолыма тиер» («Ленин Институтының жазбалары», II том, 1927, 19-бет).

1917 жылы кітапты басып шығарарда В. И. Ленин ең соңына мынадай сөздер қосты: «Шаруалар бұқарасына ұдайы, жан күйзелткен зорлық жасалды. Шаруа-буржуазиялық Россияны құрудың революциялық жолы ескі жер иеленушіліктің бәрін қиратуды, жерге жеке меншікті жоюды қажет етеді».

Еңбектің қолжазбасының тақырыбы мынадай: «Бірінші орыс революциясындағы аграрлық мәселе (Орыс социал-демократиясының аграрлық программасын қайта қарау жөнінде)». 1917 жылы кітап мына атпен шықты: В. Ильин (Н. Ленин). «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» (Петроград, «Жизнь и знание» кітап баспасы). — *205.*

82 *Үлесті жер* — 1861 жылы Россияда крепостниктік право жойылғаннан кейін шаруаларға құпын төлеттіріп, пайдалануға қалдырылған жер; ол жер қауымның қарамағында болды, шаруалар арасында оқтын-оқтын қайта бөлініп, пайдалануға беріліп отырды.— *208.*

83 *Крепостниктік, сеньорлық латифундиялар* — кең көлемді жер иеліктері және жеке меншіктегі поместьелер — патшалық Россияға тән жер иеленушілік. В. И. Ленин крепостниктік латифундияға шаруалардың кіріптарлық еңбегіне негізделген ірі помещиктік шаруашылықтарды жатқызды, ондай шаруашылықта шаруаларды жұмыспен өтеу системасы, жарма-жарлық және т. т. сияқты феодализмнің қалдықтары әбден езіп, помещикке тәуелді етеді. Крепостниктік латифундиялар, деп көрсетті Ленин, Россияның экономикалық артта

қалуының, бүкіл халық шаруашылығы тоқырауының басты және негізгі себебі. «Крепостниктік латифундиялардың, дәстүрлердің, шаруашылық системаларының езгісі қалып отырған кезде кредиттердің қандайы болса да, мелиорацияның қандайы болса да, шаруаға «жәрдем берудің» қандайы болса да, бюрократтар мен либералдардың жаны сүйетін «көмектесу» шараларының қандайы болса да ешқандай елеулі нәтиже бермейді»,— деп көрсетті Ленин (Шығармалар, 15-том, 79-бет). — *210.*

84 *Уделдік жерлер* — 1797 жылы I Павел патшаның указы бойынша («Император әулеті жөніндегі мекеме») жалпы қазыналық жерлерден патша әулеті мүшелерінің меншігіне жерді өңдейтін шаруалармен қоса бөлініп берілген жерлер. Уделдік шаруаларды қанау арқылы алынған табыстар император әулетін (ұлы князьдерді, олардың әйелдерін, қыздарын және т. т.) күтуге жұмсалды. Бұл қаржы мемлекеттік бюджетке қосылмады және мемлекет тарапынан бақылауға алынбады. — *210.*

85 *«Қаралай бөліс»* — шаруалардың жерді жаппай қайта бөлуге, помещиктік жер иеленушілікті жоюға ұмтылатынын бейнелейтін ұран.

В. И. Ленин «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген мақаласында «қаралай бөліс» талаптарының ұсақ шаруалар өндірісін мәңгілік етуді көздеген реакциялық утопиямен қатар, революциялық жағы да бар, атап айтқанда: «шаруалар көтерілісі арқылы крепостниктік құрылыстың барлық қалдықтарын жоюға ұмтылушылық бар» деп көрсетті (Шығармалар толық жинағы, 6-том, 366-бет). Кейінірек, РСДРП екінші съезінде В. И. Ленин былай деді: «Бізге: шаруалар біздің программамызбен қанағаттанбайды, олар одан әрі барады дейді; бірақ біз бұдан қорықпаймыз, мұның үшін біздің социалистік программамыз бар, сондықтан біз... жерді қайта бөлуден де қорықпаймыз» (Шығармалар толық жинағы, 7-том, 309-бет).— *219.*

86 Бұл арада сөз 1861 жылғы «шаруалар реформасы» туралы болып отыр, оны жүзеге асырған кезде помещиктер шаруаларды тонап алды, өйткені олардың пайдалануындағы жердің едәуір бөлігін помещиктерге беруге мәжбүр етті. Реформаның арқасында помещиктер шаруалар жерінің $^{1}/_{5}$ бөлігінен астамын, тіпті $^{2}/_{5}$ бөлігін өздеріне кесіп алды. Шаруалардың үлесті жерлерінің ең жақсы бөліктері («кесіп алынған жерлер», ормандар, шалғындар, суаттар, жайылымдар және басқалар) помещиктердің қолында қалды, ал мұндай жерлерсіз шаруалар дербес шаруашылық жүргізе алмайтын еді. Шаруалардың үлесті жерлерін өз меншіктеріне сатып алуы олардың помещиктер мен патша үкіметіне тікелей тоналуы болды. Шаруалардың патша үкіметіне борышын 6

процент өсіммен бөліп-бөліп өтеуге 49 жыл мерзім белгіленді. Жерді сатып алу жөніндегі берешектер жылдан-жылға өсе берді. Тек бұрынғы помещиктік шаруалар ғана патша үкіметіне сатып алу операциясы бойынша 1,9 миллиард сом төледі, ал оның бер жағында шаруалардың қарамағына көшкен жердің рыноктық бағасы 544 миллион сомнан аспайтын. Іс жүзінде шаруалар өз жерлері үшін жүздеген миллион сом төлеуге мәжбүр болды, мұның өзі шаруалар шаруашылықтарының күйзелуіне әкеліп соқтырды.

В. И. Ленин 1861 жылғы «шаруалар реформасын» егіншілікте туып келе жатқан капитализмнің мүддесін көздеп, шаруаларға тұңғыш рет жаппай зорлық жасағандық, капитализм үшін помещиктік тұрғыдан «жерді тазалағандық» деп атады. 1861 жылғы реформа туралы Лениннің «Крепостниктік право құлауының елу жылдығы», «Мереке жайында», ««Шаруалар реформасы» және пролетар-шаруа революциясы» деген еңбектерін (Шығармалар, 17-том, 71—74, 94—102, 103—112-беттер) қараңыз.— *223.*

87 *Қауым* (жер қауымы) — Россияда шаруалардың жерді бірлесіп пайдалану формасы, онда ауыспалы егіс тәртібі еріксіз енгізілді, ормандар мен жайылымдар бөлмей пайдаланылды. Жаппай кепілдік (ақша төлемдерін мезгілінде әрі толық өтеп отыру және мемлекет пен помещиктердің пайдасына алуан түрлі міндеткерлікті орындау үшін шаруалардың ықтиярсыз коллективтік жауапкершілігі), жерді үнемі қайта бөліп отыру және жерден бас тарту правосының болмауы, жерді сатып алуға және сатуға тыйым салу орыс жер қауымының аса маңызды белгілері болды.

Помещиктер мен патша үкіметі қауымды крепостниктік езгіні күшейту үшін және халықтан сатып алу төлемдері мен алым-салықтар жинау үшін пайдаланды. В. И. Ленин қауым «шаруаларды пролетарланудан сақтап қала алмай, іс жүзінде шағын одақтарға және «өмір сүру мәнісін» бүтіндей жойған разрядтарға тура матап қойғандай болған шаруаларды бытырататын орта ғасырлық кедергінің ролін атқарып отыр» (Шығармалар, 15-том, 68-бет) деп көрсетті.— *232.*

88 *Әкімшіліктегі гурко-лидвальдық әдістер* — жоғары патша чиновниктері мен епшілері арасында етек алған қазына мүлкін талаушылық, саудагерлік және тонаушылық. 1906 жылы ішкі істер министрінің орынбасары Гурко швед азаматы, алаяқ Лидвальмен Россияның оңтүстігіндегі аштыққа ұшыраған губернияларға 10 миллион пұт қара бидай жеткізу жөнінде келісім жасасып, оған аванс ретінде 800 мың сом ақша берді. Осы ақшаның 600 мың сомға жуығын Лидваль ішінара өзі алды, ішінарасын пара ретінде әр түрлі ресми адамдарға үлестірді, олардың ішінде Гурко да бар. Уәделескен 10 миллион пұттың орнына белгіленген мерзімде (декабрь, 1906) темір жолдарға 1 миллион пұтқа жетпейтін астық жеткізіл-

ді. Гурко-лидвальдық алаяқтық аштыққа ұшыраған губернияларда астық жағдайын төтенше ауырлатып жіберді және қазынаға зиян келтірді. Қоғамдық пікірдің ықпалымен патша үкіметі 1907 жылы октябрьде Гурконы соттау жөнінде комедия жасауға мәжбүр болды; Столыпиннің қолдауына қарамастан Гурко қызметінен босатылды.— *242.*

89 *Вандея* — Францияның батыс бөлегіндегі департамент, мұнда XVIII ғасырдың аяғындағы Француз буржуазиялық революциясы кезінде артта қалған шаруа халқының республикаға қарсы бағытталған контрреволюциялық көтерілісі бұрқ ете қалды. Көтеріліске католиктік дін басылары, дворяндар, эмигрант-роялистер басшылық етті және Англия қолдады.

Вандея реакциялық бүліктер мен контрреволюция ошағының синоniміне айналды.— *253.*

90 *Шаруалар одағы* (Бүкіл россиялық шаруалар одағы) — 1905 жылы пайда болған революциялық-демократиялық ұйым. Шаруалар одағын құрудың инициаторы Москва губерниясының шаруалары болды. 1905 жылы 31 июльде — 1 августа (13—14 августа) Москвада шақырылған құрылтай съезі Бүкіл россиялық шаруалар одағының негізін салды. 1905 жылы 6—10 (19—23) ноябрьде Шаруалар одағының екінші съезі болып өтті. Осы съездерде одақтың программасы мен тактикасы жасалды. Шаруалар одағы саяси бостандықты және дереу құрылтай жиналысын шақыруды талап етті, I Мемлекеттік думаға бойкот жариялау тактикасын ұстады. Одақтың аграрлық программасы жерге жеке меншікті жою, монастырьлік, шіркеулік, уделдік, кабинеттік және мемлекеттік жерлерді шаруаларға төлем ақысыз беру талабын қойды. Эсерлер мен либералдардың ықпалында болған Шаруалар одағы ұсақ буржуазиялық жартыкештік, солқылдақтық және тартыншақтық көрсетті. Одақ жерге помещиктік жеке меншікті жою талабын қоя отырып, помещиктерге ішінара ақы төлеуге келісім берді. Лениннің сөзімен айтқанда, оның өзі, «әрине, шаруалардың бірсыпыра соқыр сенімдерін қостайтын еді, шаруаның ұсақ буржуазиялық жалған үміттеріне көнгіш еді (біздің социалист-революционерлердің де оларға көнгіштігі сияқты), бірақ ол бұқараның сөзсіз «тиянақты», нақты ұйымы, өзінің негізінде сөзсіз революциялық, күрестің нағыз революциялық әдістерін қолдана алатын,.. ұйымы» болды (Шығармалар толық жинағы, 12-том, 351-бет). Шаруалар одағы өз қызметінің алғашқы қадамдарынан бастап-ақ полицияның қудалауына ұшырады. 1907 жылдың басында Одақ өмір сүруін тоқтатты.— *253.*

91 *«Россия»* — реакциялық, қаражүздік сипаттағы күнделікті газет; 1905 жылғы ноябрьден 1914 жылғы апрельге дейін Петербургте шығып тұрды. 1906 жылдан — ішкі істер министрлігінің органы. Газет үкіметтің ішкі істер министрінің қара-

мағына берілген құпия («сатқын») қорынан қаржыландырылып тұрды. В. И. Ленин «Россияны» «полициялық сатқын газет» деп атады.— *254.*

92 *104-тің жер жобасы* — Мемлекеттік думаның 104 мүшесі қол қойған аграрлық заң жобасы, оны 1906 жылы 23 майда (5 июньде) Думаның 13-мәжілісінде трудовиктер ұсынды. Заң жобасы «барлық жер қазынасымен, суымен бүкіл халықтың иелігінде болатын тәртіп орнатуға ұмтылуды, сонымен бірге ауыл шаруашылығына қажетті жер оны өз еңбегімен өңдейтін адамдардың ғана пайдалануына берілетін болуын» жер заңының мақсаты етіп қойды («Россиядағы Мемлекеттік думаның документтері мен материалдары». М., 1957, 172-бет). Бұл үшін «жалпы халықтық жер қорын» жасау талабы ұсынылды, оған барлық қазыналық, уделдік, кабинеттік, монастырьлік және шіркеулік жерлер кіруге тиісті болды; жеке иеліктердегі жер көлемі осы жергілікті жерге белгіленген еңбек нормасынан артық болғандықтан, помещиктік және басқа жеке меншік жерлер күштеп иеліктен айыру арқылы әлгі қорға берілуі тиіс еді. Иеліктен айрылған жеке меншік жерлерге біраз ақы төлеу көзделді. Үлесті жерлер және ұсақ жеке иеліктегі жерлер уақытша иелерінде қалдырылуға тиіс болды; сонымен қатар заң жобасы одан әрі бұл жерлердің де біртіндеп жалпы халықтық меншікке көшуін көздеді. Аграрлық реформаны жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын дауыс беру жолымен сайланған жергілікті комитеттер жүргізуге тиіс болды.— *257.*

93 *«Известия Крестьянских Депутатов»* («Шаруа Депутаттарының Хабарлары») — күнделікті газет, I Мемлекеттік думадағы Еңбек тобының органы; 1906 жылы 17 майдан 31 майға дейін (30 майдан 13 июньге дейін) Петербургте Мемлекеттік думаның мүшесі С. И. Бондаревтің редакциялауымен шығып тұрды; 11 номері шықты. Газетке трудовик-депутаттар И. Е. Соломко, П. Ф. Целоусов, И. В. Жилкин және басқалар қатысты. 11-номерінен кейін газетті шығару тоқтатылды.— *261.*

94 *«Трудовая Россия»* — («Еңбекші Россия») — газет, I Мемлекеттік думадағы Еңбек тобының органы; 1906 жылы июньде Петербургте шықты.— *261.*

95 *«33-тің жобасы»* — Еңбек тобы депутаттарының жеке кеңесі әзірлеген «Негізгі жер заңының жобасы». Жоба 1906 жылы 6 (19) июньде 33 депутаттың (негізінен трудовиктердің) қолы қойылып, Думаның қарауына ұсынылған болатын. «33-тің жобасы» эсерлердің тікелей қатысуымен жасалды және солардың аграрлық мәселе жөніндегі көзқарасын білдірді. «33-тің жобасына» қол қойғандар «104-тің жобасына» қосылып, оған бірқатар өзгерістер енгізді. «33-тің жобасы» жерге жеке

меншікті дереу және толық жоюды негізгі талап етіп қойды, жерді пайдалануда барлық азаматтардың тең праволылығын және оны тұтыну және еңбек нормасы бойынша жер теңгермелі түрде қайта бөлінетін қауымдық жер пайдалану принципін жариялады. Барлық жердің халық меншігіне біртіндеп көшуін ұсынған және жердің бір бөлегіне ақы төлеуге болады деп есептеген «104-тің жобасына» қарағанда «33-тің жобасы» жерге жеке меншікті дереу жоюды неғұрлым батыл талап етті және помещиктік жерлерді төлем ақысыз конфискелеуді ұйғарды.

«33-тің жобасы» кадеттер тарапынан қызу қарсылыққа кездесті, олар тіпті мұны материал ретінде Думаның аграрлық комиссиясына беруге де қарсы шықты.— *263.*

96 *105-тің жер жобасын* 1907 жылы 3(16) майда II Мемлекеттік думаның 32-мәжілісінде социалист-революционерлер фракциясы атынан эсер И. Н. Мушенко ұсынды. 105-тің жобасы негізінен I Думаға ұсынылған 33-тің жобасын қайталайды; жобаның 1-параграфында былай делінген: «Россия мемлекеті шеңберінде жерге жеке меншік атаулы қазірден бастап және түпкілікті жойылады». Жоба мынадай ерекше басылымда қайта басылды: «Екінші сайланған Мемлекеттік дума сессиясы кезінде басылған материалдар». СПБ., 1907, 486-бет.— *264.*

97 Родбертустің көзқарасын талдауды мынадан қараңыз: К. Маркс. «Қосымша құн теориялары («Капиталдың» IV томы)», II бөлім, 1957, 84—86-беттер. Рикардоның теориясын талдауды да сонан қараңыз: 229—233-беттер.— *267.*

98 К. Маркс. «Қосымша құн теориялары («Капиталдың» IV томы)», II бөлім, 1957, 230—231-беттер.— *269.*

99 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 662—663-беттер.— *269.*

100 К. Маркс. «Қосымша құн теориялары («Капиталдың» IV томы)», II бөлім, 1957, 103—104-беттер.— *269.*

101 *Америка Құрама Штаттарының гомстедтер туралы заңдары* XIX ғасырдың орта кезіне жатады. 1862 жылғы заң бойынша Америка Құрама Штаттарының әрбір азаматы мемлекеттен тегін немесе өте арзан бағамен гомстед — 160 акрға дейін (64 гектар) жер учаскесін алуға праволы еді. Әрі дегенде бес жыл өткеннен кейін учаске иеленушінің жеке меншігіне өтетін. В. И. Ленин «Егіншілікте капитализмнің даму заңдары туралы жаңа мәліметтер» деген еңбегінде гомстедтер туралы заңдардың буржуазиялық сипатын атап көрсете келіп, былай деп жазды: «американ республикасы бос жерлерді әрбір қалаған адамға үлестіріп беру жөніндегі «халықшыл-

дық» идеяны капиталистік манерде жүзеге асырды» (Шығармалар, 22-том, 9-бет).— *270.*

102 К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Кригеге қарсы нұсқау хат» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 6—7-беттер).— *270.*

103 Россия шаруалары феодалдық қоғамдағы тап ретінде: 1) жеке иеліктегі (помещиктік) шаруалар, 2) мемлекеттік (қазыналық) шаруалар және 3) уделдік (патша әулетіне жататын шаруалар) болып үлкен-үлкен үш разрядқа бөлінді. Осы разрядтардың әрқайсысы өзінің шыққан тегіне, жер иелену және жер пайдалану формаларына, заңдық және жер жағдайына және т. т. қарай бір-бірінен айырмашылығы бар бірнеше категорияларға және айрықша топтарға бөлінді. 1861 жылы патша үкіметі крепостник-помещиктердің мүдделерін көздеп, жоғарыдан жасаған шаруалар реформасы шаруалардың ала-құлалы, әр түрлі разрядтарын сол күйінде қалдырды, бұл 1917 жылға дейін сақталды.

Сыйлықтылар — негізінен оңтүстік және оңтүстік-шығыс қара топырақты губерниялардағы бұрынғы помещиктік шаруалардың бір бөлегі, олар крепостниктік тәуелділіктен азат болғанда помещиктерден сыйлық ретінде, яғни құнын төлемей үлесті жер алған. 1861 жылғы шаруалар реформасы туралы «Ережеге» сәйкес помещиктер шаруалармен жасасқан «ерікті келісім бойынша» «жоғары» немесе «указдық» үлесті жердің (үй іргесіндегі жерді де қоса) төрттен бір бөлігін олардың меншігіне сыйлыққа беруге праволы болды, ал шаруалардың қалған жерлері помещиктің меншігіне айналуға тиіс. 1861 жылғы реформаның помещиктік, тонаушылық сипатының айқын мысалы болып табылатын сыйлыққа берілетін үлес халық арасында «ширек» үлес, «жетімнің» үлесі, «мысық терісіндей» үлес немесе «гагариндік» үлес (великорус және малороссиялық губернияларда шаруаларды жерге орналастыру туралы жергілікті ережелердің тиісті статьяларының жобасын ұсынған князь П. П. Гагариннің есімі бойынша) деп аталып кетті.

Сыйлықты шаруалар Воронеж, Харьков, Полтава, Тамбов сияқты жері аз қара топырақты губернияларда көп еді, бұл губернияларда жердің рыноктық бағасы жоғары болды, жерді помещиктер басып алды. Оңтүстік-шығыс және оңтүстік қара топырақты губернияларда: Оренбург, Уфа, Саратов, Екатеринослав, Самара губернияларында көптеген шаруалар сыйлыққа үлесті жерлер алды, бұларда жерге деген арендалық баға помещиктің пайдасына берілетін оброк алудың «19 февральдағы ережелері» бойынша белгіленген бағадан анағұрлым төмен болатын. XX ғасырдың бас кезінде халықтың өсуіне және осыған байланысты жерді қайта бөлудің салдарынан сыйлықтылар өздерінің үлесті жерлерінен ту-

гелдей дерлік айырылды, сөйтіп жермен ең нашар қамтамасыз етілген шаруалардың негізгі бұқарасын құрды.

Уақытша міндетті шаруалар — бұрынғы помещиктік шаруалар, олар 1861 жылы крепостниктік право жойылғаннан кейін үлесті жерлерді пайдаланғандары үшін помещиктің пайдасына белгілі бір міндеткерлік (оброк немесе барщинаны) борышты өтейтін болды. «Уақытша міндеттілік жағдай» шаруалар помещиктердің келісімімен үлесті жерлерін құнын төлеп, өздерінің меншігіне айналдырып алғанға дейін созылды. Жерді құнын төлеп алуға көшіру помещикке 1881 жылғы указ бойынша ғана міндеттелді, ал бұл указда шаруалардың помещикке «міндеттілік қатынастарын» 1883 жылдың 1 январынан бастап тоқтату белгіленген еді.

Меншікші шаруалар — «Шаруалар жөніндегі ережелер» негізінде өзінің үлесті жерлерін сатып алған, сөйтіп уақытша міндеттілік жағдайын тоқтатқан бұрынғы помещиктік шаруалар.

Толық меншікті шаруалар — өздерінің үлесті жерлерін мезгілінен бұрын сатып алып, жерге жеке меншік правосына ие болған бұрынғы помещиктік шаруалар. Толық меншікші шаруалар — деревняның сан жағынан шағын, неғұрлым ауқатты тобы.

Мемлекеттік шаруалар — мемлекеттік (қазыналық) жерлерді ұқсататын және жан басына төленетін алым-салықтан басқа, мемлекетке немесе қазыналық имениелердің арендаторларына феодалдық оброк төлейтін шаруалар разряды. Мұның үстіне олар көптеген міндеткерлік (жолды жөндеу, солдаттарға үй беру, арбакештік және т. т.) борышты атқаратын. Мемлекеттік шаруалар құрамы әр түрлі еді. I Петр кезінде олардың қатарына: бір үйлі, қара соқалы шаруалар, жарым-жартылар, Солтүстік поморьедегі Сибирьдің егінші адамдары, Поволжье мен Приуральедегі халықтар (татарлар, чуваштар, мордвалар, удмурттар, комилер) жатқызылды. Кейіннен мемлекеттік шаруалар қатарына экономикалық шаруалар (қазынаға өткен секуляризацияланған шіркеу вотчинасының крепостнойлары), батыс территориялардағы және Закавказьедегі қазыналық шаруалар, украин казактары және т. б. тіркелді. Мемлекеттік шаруалардың жер пайдалану және жер иелену формалары үлкен ала-құлалығымен көзге түсті, бұл ала-құлалық шаруалар реформасынан кейін де сақталды.

Қауымдық жер иеленуші мемлекеттік шаруалардың жерді жеке меншікке алуға праволары болмады, олар егістік жерлерді, шабындықтарды қауымдық жер иеленушілік негізінде пайдаланды.

Ширек иелігі бар мемлекеттік шаруалар — Москва мемлекетінің оңтүстік және оңтүстік-шығыс шет аймақтарын

қорғаған бұрынғы ұсақ қызметші адамдардың ұрпақтары (боярлардың, казактардың, стрелецтердің, драгундардың, солдаттардың және т. т. балалары). Москва патшасы оларға қызметі үшін ширекпен өлшенетін жер (жарты десятина) берді, олар бір үйге орпаласты (олардың екінші аты — бір үйлілер деген осыдан шыққан). Бір үйлілердің ширек жер иеліктерімен қатар қауымдық жер иеліктері де болды.

Жеке басы ерікті болған бір үйлілер ұзақ уақыт бойы дворяндар мен шаруалардың арасында аралық жағдайда болды, крепостнойлар ұстауға праволы болды. I Петр кезінде бір үйлілер мемлекеттік шаруаларға айналдырылды, ал олардың жерлері мемлекет меншігіне өтті. Бірақ ширек иелігі бар мемлекеттік шаруалар іс жүзінде өздерінің жерлерін өзінің жеке меншігіндегі жері сияқты пайдаланды; бұлардың қауымдық жер иеленуші мемлекеттік шаруалардан — жерді сатып алуға, өзінің жерін сатуға немесе мұра етіп қалдыруға праволары жоқ шаруалардан ерекшелігі де осында.

Помещиктік шаруалардан мемлекеттік болған шаруалар — мемлекеттік шаруалар категориясы, бұларды қазына жеке иелерден алған немесе жеке иелер оларды қазынаға берген және т. т. Мемлекеттік шаруалар разрядына жатқан бұлар аз правомен пайдаланды; бұл категориядағы шаруалардың праволары 1861 жылғы реформаның қарсаңында 1859 жылы теңестірілді, бірақ кейбір өзгешеліктер сақталып қалды.

Уделдік шаруалар — уделдік жерлерді өңдейтін шаруалар разряды. Уделдік шаруалар жан басына төленетін алым-салықтан басқа, феодалдық оброк төледі және әр түрлі міндеткерлік борыштар өтеді, заттай салықтар алынып, олар патша жұрағатының керек-жарағына жұмсалды. 1797 жылы уделдік имениелер құрылғанда, ондағы шаруалардың жағдайы мемлекеттік шаруалар мен помещиктік шаруалардың орта аралығы етіп белгіленді. Уделдік шаруалар жөнінде крепостниктік правоны жою 1858 жылы басталды, бірақ 1863 жылы ғана түпкілікті жойылды. Уделдік шаруалар үлесті жерлерді өздерінің меншігіне алып, 49 жыл бойына міндетті түрде оның құнын төлеуге тиіс болды. Уделдік шаруалардың жермен қамтамасыз етілуі помещиктік шаруалардан аздап жоғары, ал мемлекеттік шаруалардан төмен болды.

Ерікті егіншілер — 1803 жылғы 20 февральдағы заң бойынша крепостниктік тәуелділіктен азат етілген шаруалар разряды, бұл заң помещиктер белгілеген шарт бойынша шаруаларды жерімен еркіне жіберуге помещиктерге рұқсат берді.

Тіркелген шаруалар — көмекші жұмыстар атқару (ағаш кесу, көмір дайындау, кен ұсату, тасу және т. т.) үшін мемлекеттік және жеке меншік мануфактураға тіркелген мемлекеттік шаруалар категориясы. Шаруаларды тіркеу XVIII ғасырдың басында Уралда, Олонец губерниясында және т. т. мықтап өріс алды. Тіркелген шаруалар XIX ғасырдың ба-

сында заводтардағы жұмыстан біртіндеп босана бастады, 1861 жылғы шаруалар реформасының нәтижесінде түпкілікті босатылды.

Шаруалардың жер иеленуі мен жер пайдалануындағы әр түрлілік патшалық Россияның ауыл шаруашылығындағы феодализмнің қалдығы ретінде 1861 жылғы реформадан кейін де сақталып қала берді.— *274.*

[104] *«Русское Богатство»* («Орыс Байлығы») — ай сайын шығып тұрған журнал, 1876 жылдан 1918 жылға дейін Петербургте шықты. 90-жылдардың басында Н. К. Михайловский бастаған либерал халықшылдардың қолына өтті. «Русское Богатствоның» төңірегіне кейіннен эсерлер, «халықтық социалистер» партияларының және Мемлекеттік думалардағы еңбек топтарының көрнекті мүшелері болған публицистер топталды. 1906 жылы журнал жартылай кадеттік Халықтық-социалистік еңбек партиясының (энестер) органы болды.— *286.*

[105] Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 870-бет.— *289.*

[106] В. И. Ленин бұл арада РСДРП бірінші конференциясында аграрлық мәселенің талқыланғанын айтып отыр, конференция 1905 жылы 12—17 (25—30) декабрьде Таммерфорста болып өтті. Конференцияда аграрлық мәселе жөнінде Ленин баяндама жасады. Конференция партияның III съезі шешімін дамыта отырып, программаға шаруалардың барлық мемлекеттік, шіркеулік, монастырьлік, уделдік, кабинеттік және жеке иеліктегі жерлерді конфискелеуге дейін жүргізетін революциялық шараларын қолдау жөнінде пункт енгізуді қажет деп тапты. Село пролетариатының дербес ұйымының қажеттігіне және оған өз мүдделерінің село буржуазиясының мүдделерімен ешбір ымыраға келмейтіндігін түсіндіруге конференция ерекше назар аударды.— *290.*

[107] Қараңыз: К. Маркс. «Қосымша құн теориялары («Капиталдың» IV томы)», II бөлім, 1957, 342-бет.— *294.*

[108] Қараңыз: К. Маркс. «Қосымша құн теориялары («Капиталдың» IV томы)», II бөлім, 1957, 86, 99, 237-беттер.— *294.*

[109] *«Карл Маркстің алғашқы нобайларын Петр Маслов түзетеді»* деген бөлім келесі «Халықшылдықты теріске шығару үшін Маркстi теріске шығару қажет пе?» деген бөліммен қоса 1908 жылы 23 июльде (5 августа) «Пролетарий» газетінің 33-номерінде соңғы сөз ретінде «Редакциядан» деген тақырыппен берілген редакциялық қосымшамен бірге басылды (қараңыз: Шығармалар, 15-том, 186—187-беттер).— *296.*

[110] Қараңыз: К. Маркс. «Қосымша құн теориялары («Капиталдың» IV томы)», II бөлім, 1957, 34-бет.— *298.*

111 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 697—794-беттер.— *301.*

112 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 840—841-беттер.— *302.*

113 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 840—841-беттер.— *303.*

114 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 870-бет.— *313.*

115 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 872—873-беттер.— *313.*

116 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 874—875-беттер.— *314.*

117 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 867, 872-беттер.— *316.*

118 Қараңыз: К. Маркс. «Қосымша құн теориялары («Капиталдың» IV томы)», II бөлім, 1957, 34-бет.— *319.*

119 Тырнақшаға алынған («Чхи... Чхи... Чичиков») сөздер Н. Г. Чернышевскийдің «Орыс әдебиетіндегі гогольдік дәуірдің очерктері» деген шығармасының бір жерінің басқаша айтылуы, онда журналист Сенковскийдің («барон Брамбеустің») лайықсыз айтыс тәсілдері мысқылданады: «... «Өлі жандарды» тапқырлықпен талдау ісін былай деп жазуға болар еді. Кітаптың «Чичиковтың хикаялары немесе Өлі жандар» деген атын көшіріп алып, тура былай деп бастаса: «Чхи! чхи!ковтың желпінуі — мен түшкірді деп ойлап қалма, оқушым... т. т. және т. т. Мұнан жиырма жыл бұрын осыны тапқырлық деп ойлаған оқушылар да болды»» (Н. Г. Чернышевский. Шығармалар толық жинағы, III том, М., 1947, 54—55-беттер).— *348.*

120 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 487-бет.— *363.*

121 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 228-бет.— *364.*

122 *«Правда»* («Шындық») — өнер, әдебиет және қоғамдық өмір мәселелеріне арналған, ай сайын шығып тұрған меньшевиктік журнал; 1904—1906 жылдары Москвада шығып тұрды.— *371.*

123 *Плехановтың «Дневнигі»* — «Дневник Социал-Демократа» («Социал-Демократ Күнделігі») — мерзімді емес орган, Же-

невада 1905 жылдың мартынан 1912 жылдың апреліне дейін (ұзақ үзілістермен) Г. В. Плеханов шығарып тұрды. 16 номері шықты. 1916 жылы Петроградта оны қайта шығару қолға алынды, бірақ не бары бір-ақ номері шықты. Алғашқы сегіз номерінде (1905—1906) Плеханов барып тұрған оңшыл меньшевиктік, оппортунистік көзқарастарды уағыздады, социал-демократияның либерал буржуазиямен блогын қорғады, пролетариаттың шаруалармен одағын теріске шығарды, декабрь қарулы көтерілісін айыптады. 1909—1912 жылдары Плеханов «Дневник Социал-Демократаның» 9—16-номерлерінде партияның құпия ұйымдарын жою жолына түскен жойымпаз-меньшевиктерге қарсы шықты. Алайда ол тактиканың негізгі мәселелері бойынша меньшевиктік позицияда қала берді. «Дневник Социал-Демократаның» 1916 жылы шыққан 1-номерінде Г. В. Плехановтың социал-шовинистік көзқарастары айқын көрінді.— *378.*

124 *«Алапаевск республикасы»* — патша чиновниктері Пермь губерниясының Верхотурск уезіндегі Алапаевск болысын осылай атады. В. И. Ленин атап отырған шаруа-эсер Г. И. Кабаков, II Мемлекеттік думаның депутаты, 1905 жылы Алапаевск болысында Шаруалар одағын ұйымдастырды, оның 30 мыңға тарта мүшесі болды.— *411.*

125 *Халықтық демократ* — поляк помещиктері мен буржуазиясының басты реакциялық, ұлтшылдық партиясы — халықтық демократтар партиясының (халықтық демократия, национал-демократия, эндектер) мүшесі; бұл партия католиктік шіркеумен тығыз байланысты болды. Халықтық демократтар партиясы 1897 жылы құрылды, оның лидерлері Р. Дмовский, З. Балицкий, В. Грабский және басқалар болды. Эндектер «таптық үйлесімділік» және «ұлттық мүдделер» деген ұрандарды ұсына отырып, халық бұқарасын өз ықпалына бағындыруға және оларды өздерінің реакциялық саясатының арнасына тартуға тырысты. Поляк халқының социалистік және жалпы демократиялық қозғалысымен күресудің құралы ретінде нағыз өршеленген ұлтшылдық пен шовинизмді уағыздап, эндектер поляк халқын орыс революциялық қозғалысынан оқшаулап тастауға тырысты. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде Польша Корольдігінің автономиясы негізінде патша өкіметімен мәмлеге келуге күш салып, эндектер патша өкіметін қолдау және «жасырын шағым беру, локаут жасау және кісі өлтіруге дейін барлық құралдар» (В. И. Ленин, Шығармалар толық жинағы, 15-том, 42—43-беттер) арқылы революциямен күресу жолына ашықтан-ашық түсті. РСДРП бесінші (Лондон) съезі «Халықтық демократия туралы» арнаулы қарарында «революцияға қарсы күресте патша өкіметінің одақтастары болып отырған ұлтшыл-демократтардың контрреволюцияшыл, қаражүздік сиқы мен істерін қажымастан және аяусыз әшкерелеудің» қажеттігін атап

көрсетті (Қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 234-бет). Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) эндектер патшалық Россияның жеңетіндігіне, Австрия мен Германияның езгісіндегі поляк жерлерін қосып алуға, сөйтіп Россия империясы шеңберінде Польшаға автономия алуға үміт артып, Антантаны сөзсіз қолдады. Патшалық режимнің құлатылуы эндектерді французда рмен жақындасу бағытына көшуге итермеледі. Октябрь социалистік революциясы мен Совет мемлекетінің қас жаулары болған эндектер, солай бола тұрса да, өздерінің немістерге қарсы дәстүрлі позициясына сәйкес, 1926 жылдан бастап Польшаны билеп-төстеген пилсудскийшілдер тобының авантюристік антисоветтік сыртқы саясатын үнемі толық қолдап отырған жоқ. Қазіргі уақытта эндектер партиясының жекелеген топтары поляк эмиграциясының реакцияшыл элементтері арасында әрекет жасауда.— *414.*

126 *Вакуфтық жерлер* — мұсылман халықтары тұратын аймақтардағы сатуға және бір қолдан екінші қолға беруге жатпайтын жерлер. Вакуфтық жерлерден түскен табыстар негізінен мұсылман дін басыларының қарамағында болды. Совет өкіметі вакуфтық жерлерді мемлекеттік жер қорына берді.— *418.*

127 В. И. Ленин бұл арада Ф. Энгельстің 1886 жылы 29 ноябрьде Ф. А. Зоргеге жазған хатын айтып отыр, хатта Энгельс революциялық маркстік теорияны түсінбейді «және оған доктринерлік және догмалық түрде қарайды, сөйтіп оны жаттап алу керек,— өмірдің барлық жағдайына осының өзі жеткілікті деп біледі. Олар үшін мұның өзі іске басшылық емес, догма болып табылады» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 423-бет) деп неміс социал-демократтарын сынайды.— *439.*

128 Әңгіме «Заряның» 1-номерінде (апрель, 1901) «Нарцисс Тупорылов» деп қол қойылып жарияланған сатиралық «Ең жаңа орыс социалисінің гимні» жайында болып отыр. Өлеңде стихиялық қозғалысқа бейімделе қоятын «экономистер» сықақталады. «Ең жаңа орыс социалисі гимнінің» авторы Л. Мартов еді.— *440.*

129 *Соңғы сөзді* Ленин 1917 жылы «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген кітапты шығарарда жазған.— *443.*

130 *«Столичная Почта»* («Астаналық Почта») — күнделікті газет; Петербургте 1906 жылғы октябрьден 1908 жылғы февральға дейін шығып тұрды. Бастапқы кезде солшыл кадеттердің ор-

ганы болды, 1907 жылғы февральдан Еңбек тобының трибунасына айналды. Патша үкіметі тыйым салды.— *450.*

131 В. И. Ленин бұл арада, мүмкін, «Саяси нобайлар» деген мақаланы айтып отырған болса керек, бұл мақала мерзімді емес мына жинақта басылған еді: «Біздің трибуна», I кітап, Вильно, 1907. Мақала авторы В. М-д-м (Медем) — корнекті бундшыл мына пікірді алға тартты: 1905—1907 жылдардағы революция жеңілгеннен кейін Россия социал-демократиясы құрылтай съезі деген сияқты революциялық ұрандардан бас тартуы керек.— *450.*

132 Ленин 1908 жылы 13 (26) февральда «Пролетарий» газетінің 21-номерінде басылған «Саяси заметкалар» деген өз мақаласына сілтеме жасап отыр (қараңыз: осы том, 445—452-беттер). Партия программасы жөніндегі мәселе «Карл Маркстің алғашқы нобайларын Петр Маслов қалай түзетеді» («Пролетарий» № 33, 23 июль (5 август), 1908 жыл) деген мақалада неғұрлым егжей-тегжейлі қозғалады, оған «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасының» III тарауының екінші және үшінші бөлімдері кірді (қараңыз: осы том, 296—308-беттер).— *456.*

133 *«Меондар»* — «бейбіт жаңарту» партиясының қысқартылған аты (20-ескертуді қараңыз).— *456.*

134 Лениннің *«Кәсіптік одақтардың бейтараптығы»* деген мақаласы «Пролетарий» газетінен басқа «Заман лебі туралы» деген жинақта (СПБ., 1908, «Творчество» баспасы) шамалы қысқартумен Вл. Ильин деп қол қойылып басылды.— *459.*

135 РСДРП Орталық Комитетінің кәсіподақтар туралы қарары 1908 жылы 13 (26) февральда «Пролетарий» газетінің 21-номерінде басылды.

Партия мүшелеріне кәсіподақ ұйымдарының ішінде партия топтарын құрып, жергілікті партия орталықтарының басшылығымен соларда жұмыс істеу ұсынылды. Ал полициялық қуғындау кәсіподақ ұйымдарын ұйымдастыруға немесе қиратылғандарын қайта құруға мүмкіндік бермеген жағдайда, Орталық Комитет кәсіподақ ұяларын және кәсіподақтарды құпия құруды ұсынды. Ал өзара көмек, парасаттылық қоғамдары және т. т. сияқты жария ұйымдарға келгенде, Орталық Комитеттің қарары жергілікті партия ұйымдарына оларда «мүмкіндігінше пролетариаттың анағұрлым қалың бұқарасы ішінде партия жұмысын жүргізу үшін социал-демократияның топтасқан топтарын» ұйымдастыруды ұсынды. Қарардың осы бөлегін меньшевиктердің оппортунистік тұрғыда түсіндіру әрекетіне жол бермеу үшін қарарда мынаны

ұғындыру қажет екені көрсетілді: «пролетариаттың ұйымдық қызметі осылар сияқты қоғамдардың шеңберінде шектеліп қалмауы керек» және кәсіподақтардың жария өмір сүруі «пролетариаттың кәсіптік ұйымдарының айбынды міндеттерін төмендетпеуге тиіс» («Пролетраий» № 21, 13 (26) февраль, 1908 жыл, 4-бет).— *459.*

136 *«Наш Век»* («Біздің Ғасыр») — газет, солшыл кадеттердің органы — «Товарищтің» көпшілікке арналған басылымы; 1905—1908 жылдары Петербургте шығып тұрды.— *459.*

137 «Пролетарий» газетінің 1907 жылғы 20 октябрьдегі 17-номерінде жарияланған кәсіптік одақтар туралы большевиктік қарардың жобасында былай делінген: «Осы заманғы жағдай алға тартып отырғанындай, кәсіптік қозғалыстағы социал-демократияның пәрменді жұмысы Лондон және Штутгарт қарарлары рухында жүргізілуі тиіс, яғни ешбір ретте де кәсіптік одақтардың бейтараптығын немесе бейпартиялығын тану принципі рухында емес, керісінше, одақтардың социал-демократиялық партиямен мүмкіндігінше анағұрлым тығыз және берік жанасуына мейлінше ұмтылу рухында жүргізілуі керек. Кәсіптік одақтардың партиялылығын тану насихат жұмысы мен кәсіптік одақтар ішінде социал-демократияны ұйымдастыру арқылы болуға тиіс және бұл партиялылықты кәсіподақ мүшелерінің басым көпшілігі социал-демократияға берік қосылған кезде ғана жариялаған орынды болады».

РСДРП Орталық Комитеті қабылдаған кәсіптік одақтар туралы қарарда соңғы сөздің («Кәсіптік одақтарды тану...») орнына былай делінген: «Кәсіптік одақтарды социал-демократиялық деп тану тек қана насихаттың және кәсіптік одақтар ішінде социал-демократияны ұйымдастыру нәтижесінде болуы тиіс және бұл пролетариаттың экономикалық күресіндегі бірлікті бұзбауы керек» («Пролетарий» № 21, 13 (26) февраль, 1908 жыл). 1908 жылы 27 февральда (11 мартта) «Пролетарийдің» 23-номерінде жарияланған, кәсіптік одақтардағы социал-демократиялық жұмыс жөнінде жергілікті ұйымдарға жазған хатта Орталық Комитет кәсіподақтар туралы қарарды түсіндіре келіп, кәсіподақтардың партиялылығы принципін растады және «бүкіл социал-демократиялық үгітті Лондон және Штутгарт қарарлары рухына бағыттауды» міндет етіп қойды. Орталық Комитет сондай-ақ партия ұйымдарының кәсіптік одақтар ұйымдарымен байланысын нығайту жөнінде бірқатар шаралар белгілеп, ұсынды: 1) кәсіптік, сондай-ақ партиялық аса маңызды мәселелерді алдын ала талқылау үшін кәсіподақтар басқармаларында істейтін социал-демократтардың жиналысын өткізу; 2) партия жиналыстарында кәсіподақ жұмысының маңызды мәселелерін талқылау және т. т.— *459.*

138 *«Вперед»* («Алға») — большевиктік бұқаралық жұмысшы газеті, газетті Ленин басқарды; газетті «Пролетарий» редакциясы 1906 жылғы 10 (23) сентябрьден 1908 жылғы 19 январьға (1 февральға) дейін Выборгта құпия шығарып тұрды. 20 номері шықты. «Вперед» газеті екінші номерінен бастап РСДРП жергілікті комитеттерінің: 2-номері — Москва, Петербург және Москва округтік комитеттерінің органы болып; 3—7 номерлері — Москва, Петербург, Москва округтік, Пермь және Курск комитеттерінің органы болып; 8—19 номерлері — бұлармен қоса Қазан комитетінің органы болып шықты; «Вперед» газетінің соңғы, 20-номерінде Пермь және Қазан комитеттерінің орнына Урал облыстық комитеті деп көрсетілді. «Вперед» газеті қалың жұмысшы және шаруа бұқарасына белгілі, түсінікті тілмен РСДРП программасын насихаттады, сонымен бірге меньшевиктер мен эсерлердің оппортунистік тактикасының зиянын көрсете отырып, революцияшыл социал-демократ большевиктердің тактикасын түсіндірді; кадеттердің және басқа да буржуазиялық партиялардың антидемократиялық сипатын әшкереледі, самодержавиенің халыққа қарсы таптық сипатын ашып көрсетті. Газет жұмысшы мәселесін (стачкаларды, локауттарға қарсы күресті, кәсіподақтарды және т. т.) кеңінен жазды, россиялық және халықаралық жұмысшы және социалистік қозғалыстың аса маңызды оқиғаларына тез үн қосып отырды. Аграрлық мәселе, шаруалардың жер үшін күресі, армиядағы қозғалыс, шаруалар мәселесіндегі большевиктік тактиканы түсіндіру газетте үлкен орын алды. Алғашқы екі Думаны қуып тарату, екінші, әсіресе үшінші Мемлекеттік думалар сайлауы жөнінде жазып тұруға үлкен көңіл бөлінді, Думалардың таптық құрамы, революцияның түбірлі мәселелерін шешудегі олардың дәрменсіздігі көрсетілді, Думаларға көзқарас жөніндегі большевиктердің тактикасы түсіндірілді.

«Вперед» газетінде партия өмірі мәселелері маңызды орын алды: РСДРП V (Лондон) съезінің, РСДРП бүкіл россиялық, қалалық және аудандық конференцияларының шешімдері жазылып тұрды. «Вперед» жұмысшы оқушылармен тығыз байланыста болды.

«Вперед» газетінде В. И. Лениннің бірқатар мақалалары басылды.— *461.*

139 Д. Фирсов (Д. Розенблюм) пен М. Якобийдің (М. Гендельманның) «Аграрлық реформаны қайта қарау және оны негіздеу жөнінде» деген кітабы «Эра» кітап баспасынан шықты (Москва, 1908). Кітап конфискеленді. Кітапты талдауға Ленин уәде берген еді, ол «Пролетарийде» шыққан жоқ.— *465.*

140 *«Современный Мир»* («Қазіргі Дүние») — ай сайын шыққан әдеби, ғылыми және саяси журнал; 1906 жылғы октябрьден 1918 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. Журналға

меньшевиктер, олардың ішінде Г. В. Плеханов ат салысты. Плехановшылдармен блок кезінде және 1914 жылдың басында журналға большевиктер жазып тұрды.

1914 жылы мартта «Современный Мирде» В. И. Лениннің «Социализмді тағы бір жоюшылық» деген мақаласы (қараңыз: Шығармалар, 20-том, 185—208-беттер) басылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) журнал социал-шовинистердің органына айналды.— *466.*

141 *«Justice»* («Әділет») — апталық газет, 1884 жылғы январьдан 1925 жылдың басына дейін Лондонда шығарылып тұрды; Социал-демократиялық федерацияның органы, 1911 жылдан — Британ социалистік партиясының органы. 1925 жылғы февральдан 1933 жылдың декабріне дейін газет «Social-Democrat» («Социал-Демократ») деген атпен шықты.— *469.*

142 *«Labour Leader»* («Жұмысшы Көсем») — апталық журнал, Тәуелсіз жұмысшы партиясының органы; 1891 жылдан бүгінгі күнге дейін шығарылып келеді. 1946 жылдан «Socialist Leader» («Социалистік Көсем») деп аталады.— *469.*

143 *«Reynolds' Newspaper»* — «Reynolds' Weekly Newspaper» («Рейнольдстің Апталық Газеті») — радикалдық бағыттағы ағылшын газеті; 1850 жылдан 1924 жылға дейін Лондонда шығарылып тұрды; XIX ғасырдың 50-жылдарының басында чартистерді қолдады. 1924 жылдан бастап «Reynolds' illustrades» деген атпен шығып келеді.— *469.*

144 *«The Times»* («Замана») — күнделікті газет, 1785 жылы Лондонда негізі салынды; ағылшын буржуазиясының кертартпа ірі газеттерінің бірі.— *469.*

145 *«The New Age»* («Жаңа Ғасыр») — саясатқа, дінге және әдебиетке демократиялық шолу. Журнал 1894 жылдан 1938 жылға дейін Лондонда шығып тұрды.— *470.*

146 *«Франкфурт Газеті»* («Frankfurter Zeitung») — күнделікті газет, ірі неміс биржашыларының органы, 1856 жылдан 1943 жылға дейін Майндағы Франкфуртте шығып тұрды. 1949 жылдан «Жалпыға бірдей Франкфурт Газеті» («Frankfurter Allgemeine Zeitung») деген атпен қайтадан шыға бастады; батыс герман монополистерінің жаршысы.— *471.*

147 Қараңыз: Ф. Энгельс. «1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 108—111-беттер).— *475.*

148 Лениннің *«Думаның бюджеттік праволарын кеңейту туралы айтыстар жөнінде»* деген мақаласы бірінші рет 1908 жылы

февральда РСДРП Орталық Органы «Социал-Демократ» газетінің 1-номерінде басылды. Содан соң «Пролетарий» газетінің сол жылғы 26 марттағы (8 апрельдегі) 27-номерінде Лениннің постскриптумымен көшіріп басылды (қараңыз: осы том, 484-бет).

«Социал-Демократ» — құпия газет, РСДРП Орталық Органы, 1908 жылғы февральдан 1917 жылғы январьға дейін шығарылып тұрды. Большевиктер дайындап, Вильнода жеке баспаханада ішінара басылып та қойылған бірінші номерін патша охранкасы конфискеледі. Көп кешікпей Петербургте газетті екінші рет шығаруға әрекет жасалды, бірақ басылып қойылған тиражының үлкен бөлегі тағы да жандармдардың қолына түсті. Одан әрі газетті шығару шетелге көшірілді: 2—32-номерлері (февраль, 1909 — декабрь, 1913) Парижде, 33—58-номерлері (ноябрь, 1914 — январь, 1917) — Женевада шықты. Барлығы 58 номері шықты, оның ішінде бесеуінің қосымшасы болды.

«Социал-Демократтың» редакциясы V (Лондон) съезде сайланған РСДРП Орталық Комитетінің шешіміне сәйкес большевиктерден, меньшевиктерден және поляк социал-демократтары өкілдерінен құрылды. Газеттің іс жүзіндегі басшысы В. И. Ленин болды. Оның мақалалары «Социал-Демократтың» негізгі арқауы болды. Газетте Лениннің 80-нен аса мақалалары мен заметкалары жарияланды.

«Социал-Демократ» редакциясы ішінде Ленин дәйекті большевиктік бағыт үшін жойымпаз-меньшевиктерге қарсы күрес жүргізді. Редакцияның бір бөлегі (Каменев пен Зиновьев) жойымпаздарға ымырашылдықпен қарап, лениндік бағыттың жүзеге асуына бөгет жасауға тырысты. Редакцияның меньшевик мүшелері — Мартов пен Дан Орталық Орган редакциясы жұмысына саботаж жасап, сонымен бірге «Голос Социал-Демократада» жойымпаздықты ашық жақтады; олар партияшыл-меньшевиктердің Орталық Органға қатысып тұруына бөгет жасады. Лениннің жойымпаздарға қарсы ымырасыз күресі Мартов пен Данның 1911 жылы июньде редакция құрамынан кетуіне әкеліп соқты. 1911 жылғы декабрьден бастап «Социал-Демократты» В. И. Ленин редакциялады.

Реакцияның ауыр жылдарында және революциялық қозғалыстың жаңа өрлеуі дәуірінде большевиктердің құпия маркстік партияны сақтап қалу, оның бірлігін нығайту, оның бұқарамен байланысын күшейту жолында жойымпаздарға, троцкистерге, шақырымпаздарға қарсы күресінде «Социал-Демократтың» аса зор маңызы болды.

Большевиктік партияның Орталық Органы болған «Социал-Демократ» бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөніндегі большевиктік ұрандарды насихаттау ісінде айрықша маңызды роль атқарды, халықаралық пролетариатқа империалистік

соғысқа қарсы күресу — оны азамат соғысына айналдыру жолын көрсетті. Газет бетінде Лениннің «Европа Құрама Штаттарының ұраны туралы» деген мақаласы жарияланды, социализм бастапқыда бірқатар елдерде немесе тіпті жеке алынған, капиталистік, бір елде жеңуі мүмкін деген қорытындыны ол ең алғашқы рет осы мақалада тұжырымдады. «Социал-Демократты» Россияда тарату, оның аса маңызды мақалаларының жергілікті большевиктік газеттерде көшіріліп басылуы Россия пролетариатын саяси жағынан ағартуға, интернационалдық тәрбиелеуге, бұқараны революцияға әзірлеуге көмек берді.

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезіндегі «Социал-Демократтың» қызметін жоғары бағалай келіп, В. И. Ленин кейініректе: «халықаралық социалистік революция идеяларының дамуын және революцияның 1917 жылғы 25 октябрьдегі бірінші жеңісін *түсінгісі* келетін саналы жұмысшылардың бірде-бірі» (Шығармалар, 27-том, 212-бет) онда басылған мақалаларды зерттемей тұра алмайды деп жазды.— *477.*

149 «Пролетарий» редакциясы партияның Орталық Органы «Социал-Демократ» газетінен мақаланы көшіріп басып, осы жеріне мынадай ескерту берді: «Бастапқыда осы мақаланы басқан Орталық Орган редакциясы «былай деуді қажет деп санайды: Думаның бюджеттік праволарын кеңейту туралы мәселе жөнінде автор сынап отырған фракцияның іс-әрекетін Орталық Комитеттің думалық комиссиясы толық қуаттаған»».

Партия көпшілігінің өкілі болып отырған В. И. Ленин мен социал-демократиялық фракцияға басшылық жасап отырған Орталық Комитеттің думалық комиссиясы арасындағы пікір алалығын фракция құрамында меньшевиктердің басым болуынан деуге болады. III Думадағы фракцияның жұмысына қорытынды жасай келіп, Ленин 1912 жылы былай деп жазды: «Үшінші думалық социал-демократиялық фракция ісінің алғашқы адымдары партия көпшілігінің батыл наразылығын және қатаң жазғыруын туғызды. Фракцияда партияның 1907 жылғы шешімдеріне (яғни РСДРП V съезінің және IV конференциясының шешімдеріне. *Ред.)* оппозицияда болған меньшевиктер едәуір басым болды, ал осы «оппозицияны» III Думадағы социал-демократиялық фракция ілгері соза берді немесе соған еліктеді. Партия мен фракцияның арасында өзінше бір күрес басталды». (Шығармалар, 36-том, 194-бет). Бұдан былайғы жерде социал-демократиялық фракцияның қателерін көрсеткен большевиктік сынның нәтижесінде, сондай-ақ депутаттар жергілікті орындарда болғанда олардың қызметіне наразылық білдірген жұмысшылардың ықпалымен фракцияның жұмысы жақсарды, большевиктік депутаттардың фракцияға ықпалы күшейді.— *483.*

150 *«Наша Газета»* («Біздің Газет») — жартылай кадеттік бағыттағы газет; 1904—1908 жылдары Петербургте шығып тұрды.— *484.*

151 1908 жылы 16 (29) апрельде «Пролетарий» газетінің 29-номерінде Думадағы социал-демократиялық депутаттардың жұмысы жөнінде РСДРП Орталық Комитетінің жергілікті ұйымдарға хаты басылды.

Орталық Комитет III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның жұмысын жан-жақты талдай келіп, фракция өзінің жұмысын партияның V съезінің және РСДРП IV («Жалпы россиялық үшінші») конференциясының тиісті шешімдері негізінде құрып отыр деп мәлімдеді. Орталық Комитет фракция жұмысындағы кейбір жетістіктерді көрсетіп, оның қателіктерін егжей-тегжейлі атап айта келіп: «Сондықтан Орталық Комитет кейбір, қала берді, тым аз ұйымдарда пайда болған фракцияны III Думадан шақырып алу тенденциясын партия үшін, пролетариат мүддесі үшін мүлде орынсыз, мезгілсіз әрі зиянды деп санайды. Социал-демократиялық партия барлық кесапаттан құтқаратын панацеяны — саяси күрестің *бірыңғай және бірден-бір* құралын білмейді, білгісі де келмейді; ол пролетариаттың мүдделері үшін *барлық* жолдарды, *барлық құралдарды* пайдалануға міндетті. Үшінші дума — сол құралдардың бірі» («Пролетарий» № 29, 16 (29) апрель, 1908 жыл, 4-бет).— *484.*

152 «Заграничная Газетаның» 1908 жылғы 23 марттағы 2-номерінде басылған *«Коммуна сабақтары»* деген мақала Лениннің баяндамасынан жазылып алынған нұсқа. Газет редакциясы мақалаға мынадай түсініктеме берді: «18 мартта Женевада пролетарлық үш оқиғаның жылдығына: Маркстің қайтыс болуының 25 жылдығына, 1848 жылғы март революциясының 60 жылдығына және Париж Коммунасының жылдығына байланысты интернационалдық митинг болды. Митингіде РСДРП атынан Ленин жолдас сөйлеп, Коммунаның маңызы жөнінде айтты».

«Заграничная Газета» («Шетелдік Газет») — Женевадағы бір топ орыс эмигранттарының газеті; 1908 жылғы март — апрельде шықты.— *485.*

153 Қараңыз: К. Маркс. «Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі Бас Советінің Франция-Пруссия соғысы туралы екінші үндеуі» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 280—281-беттер).— *486.*

154 Жаңа қоғамның жаршысы ретіндегі Париж Коммунасының тарихи ролі жөнінде К. Маркстің берген бағасын «Франциядағы азамат соғысы» деген еңбегінен (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 433—503-беттер) және 1871 жылы 12 және 17 апрельде Ку-

гельманға жазған хаттарынан қараңыз (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 281—284-беттер). — *487.*

155 *«Русская Мысль»* («Орыс Ой-пікірі») — ай сайын шығып тұрған әдеби-саяси журнал; Москвада 1880 жылдан 1918 жылға дейін шығып тұрды; 1905 жылға дейін либералдық-халықшылдық бағытта болды (1885 жылға дейін — редакторы В. М. Лавров). 90-жылдары кейде өз беттерінде марксистердің мақалаларын басты. Осы кезде «Русская Мысльде» прогресшіл жазушылар Д. Н. Мамин-Сибирякгің, Г. И. Успенскийдің, В. Г. Короленконың, А. М. Горькийдің, А. П. Чеховтың және басқалардың шығармалары басылып тұрды. 1905 жылғы революциядан кейін — кадеттер партиясының оң қанатының органы; П. Б. Струвенің редакциялауымен шығып тұрды. Ұлтшылдықты, «вехишілдікті», попшылдықты уағыздады, помещиктік меншікті қорғады.— *493.*

156 В. И. Ленин Гётенің «West-östlicher Divan» («Батыс-шығыс диваны») деген шығармасынан И. С. Тургеневтің «Соны сүрлеу» романының кейіпкері Паклинннің өлеңнің екі жолының сөздерін өзгертіп алған жерін келтіреді: «Wer den Dichter will versteh'n, Muss in Dichter's Lande geh'n» (Ақынды түсінгің келсе, оның еліне бар). — *501.*

157 *«Journal des Débats»* — француздың «Journal des Débats politiques et littéraires» («Саяси және Әдеби Айтыс Газеті») деген буржуазиялық күнделікті газетінің қысқартылған аты, 1789—1944 жылдары Парижде шығып тұрды.— *505.*

158 Әңгіме А. Богдановтың (Максимовтың) III Мемлекеттік думаға бойкот жасау деген баяндамасының пункттері жайында болып отыр. Ол пункттерді В. И. Ленин былайша конспектілеп алған:

«Максимовтың бірінші тезистері:

1. Негізгі революция міндеттері шешілмеген» (себептері бар). Революциялық қозғалыстың көріністері жойылмаған.
2. Экономикалық және саяси ұйымның дамуы,— пролетариаттың бой көрсетулері және саналылығының өсуі — күш жинақталып жатыр etc.
3. Бойкоттық пиғыл дегеніміз революциялық пиғылдың көрінісі және Думаға дұрыс баға беру деген сөз» (Лениннің XXV жинағы, 7-бет).— *509.*

159 Қоршалған жазба — Богдановтың (Максимовтың) қарары жобасындағы III Дума сайлауына бойкот жариялауды жақтайтын бірінші дәлел, онда «социал-демократияның сайлауға қатысуға шақыруын, тіпті бұл шақыруды ең революцияшыл

себептермен дәлелдеуге қарамастан, бұқара осы қазіргі революцияның аяқталғанын мойындау деп қана, ұзақ жылдық дағдылы жұмысқа көшу ғана қалды деп түсінер еді» делінген («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 249-бет). — *509.*

160 Әңгіме Мемлекеттік дума жөніндегі және ондағы социал-демократияның міндеттері жөніндегі екі қарарды: партияның IV (Стокгольм) съезі қабылдаған меньшевиктік қарарды және V (Лондон) съезінің большевиктік қарарын (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 187—188, 232—233-беттер) салыстыру жөнінде болып отыр. В. И. Ленин «Бойкотқа қарсы» деген мақаласында (қараңыз: осы том, 32-бет) екі қарардың салыстырылған сипаттамасын берді. — *510.*

161 Бұл арада партияның IV (Стокгольм) және V (Лондон) съездерінің «Кәсіптік одақтар туралы» қарарлары айтылып отыр. РСДРП Стокгольм съезінде меньшевиктер кәсіподақтардың бейтараптығын, бейпартиялылығын таныған қарарды өткізді. Бұл қарарда съезд мынаны мойындайды: «партия жұмысшылардың кәсіптік ұйымға бірігуге ұмтылған талабын қолдап, бейпартиялық кәсіптік одақтар құруға барлық шаралармен көмектесуге тиіс» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 192-бет) делінген. Бейтараптық идеяны жойған Лондон съезінің қарары былай дейді: «Кәсіптік одақтар ішіндегі жұмыс туралы Бірігу съезінің қарарын қолдай отырып, съезд: кәсіптік одақтар ішіндегі социал-демократиялық жұмыстың негізгі міндеттерінің бірін — социал-демократиялық партияның идеялық басшылығын кәсіптік одақтардың мойындауына, сондай-ақ оның партиямен ұйымдық байланыс орнатуына көмектесуді және жергілікті жағдайлар мүмкіндік берген жерлерде осы міндетті жүзеге асыру қажеттігін партия ұйымдарының және кәсіптік одақтарда жұмыс істейтін социал-демократтардың есіне салады» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 236-бет).— *515.*

162 Бұл арада әңгіме қайсы қарардың жобасы жайында болып отырғаны анықталмады. — *515.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

Аграрный проект 104-х в I Государственной думе — қараңыз: Проект основных положений земельного закона, внесенный 104 членами Государственной думы.

Аграрный проект 104-х во II Государственной думе — қараңыз: Проект основных положений земельной реформы, внесенный во II Государственную думу от имени Трудовой группы и Крестьянского союза.

Аграрный проект 33-х в I Государственной думе — қараңыз: Проект основного земельного закона, внесенный 33 членами Государственной думы.

Аграрный проект трудовиков в I Государственной думе — қараңыз: Проект основных положений земельного закона, внесенный 104 членами Государственной думы.

Аграрный проект эсеров во II Государственной думе—қараңыз: Проект основных положений земельного закона, внесенный от имени группы социалистов-революционеров во II Государственную думу.

Аксельрод, П. Б. К вопросу об источнике и значении наших организационных разногласий. (Из переписки с Каутским).— «Искра», [Женева], 1904, № 68, 25 июня, стр. 2—3.— *116—117.*

— *К вопросу об источнике и значении наших организационных разногласий.* (Из переписки с Каутским). (25 июня 1904 г., № 68).— В кн.: «Искра» за два года. Сборник статей из «Искры». Спб., Салтыков, 1906, стр. 147—154. —*116—117.*

— *Народная дума и рабочий съезд.* Изд. «Искры». Женева, тип. партии, 1905. 15 стр. (РСДРП). — *6.*

— *Предисловие к книге В. И. Ленина «Задачи русских социал-демократов»*].— В кн.: [Ленин, В. И.] Задачи русских социал-демократов. С предисл. П. Аксельрода. Изд. РСДРП. Женева, тип. «Союза русских социал-демократов», 1898, стр. 1—5. — *105.*

*— *Предисловие П. Б. Аксельрода к первому изданию [книги В. И. Ленина «Задачи русских социал-демократов»*].—В кн.: [Ленин, В. И.] За 12 лет. Собрание статей. Т. 1. Два направления в русском марксизме и русской социал-демократии. Спб., тип. Безобразова, [1907], стр. 132—134. Перед загл. авт.: Вл. Ильин. На тит. л. год изд.: 1908. —*105.*

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар мен документтер жұлдызшамен белгіленді; бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

[*Алексинский, Г. А.*] *Алексеев* [*Поправка к проекту аграрной программы РСДРП, внесенная на 12-ом заседании IV (Объединительного) съезда РСДРП*].— В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 152.— *259.*

[*Богданов, А. А. Проект резолюции об участии в выборах в Государственную думу, внесенный на Третью конференцию РСДРП («Вторую общероссийскую»).* 21—23 июля (3—5 августа) 1907 г.].— В листовке: Извещение о партийной конференции 21, 22 и 23 июля 1907 года. Изд. ЦК РСДРП. Б. м., [1907], стр. 2—3. (РСДРП). — *509.*

[*Брукер, Л. Отношения между политическими партиями и профессиональными союзами.* Отрывки из доклада на Международном социалистическом конгрессе в Штутгарте]. — «Радуга», 1917, № 3, ноябрь, стр. 60—65, в ст. [А. В. Луначарского] Воинова «Новые пути». —*76.*

Булгаков, С. Н. Капитализм и земледелие. Т. 1—2. Спб., Тиханов, 1900. 2 т. — *306.*

Вебб, С. и Б. История рабочего движения в Англии. Пер. с англ. Г. А. Паперна. Спб., Павленков, 1899. 363 стр. Перед загл. авт.: С. и Б. Уэбб. — *26.*

Вихляев, П. Народно-социалистическая партия и аграрный вопрос.— В кн. Сборник статей. № 1. Спб., «Наша Мысль», 1907, стр. 75—93. — *173, 264, 279—280.*

Вопросы тактики. Сборник II. Спб., «Новая Дума», 1907. 79 стр. — *162.*

87 статья основных государственных законов — қараңыз: Свод законов Российской империи. Т. 1. Ч. I. Свод основных государственных законов. Изд. 1906 г.

«Вперед», Женева, 1905, № 1, 4 января (22 декабря 1904), стр. 2—3. — *118.*

— 1905, № 11, 23(10) марта, стр. 2.— *113.*

— 1905, № 15, 20(7) апреля, стр. 1—2. — *270.*

«Вперед», [Выборг], 1907, № 14, 10 сентября, стр. 2—4. На газ. место изд.: М. — *461.*

**Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии.* Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904]. 397, II стр. (РСДРП). —*109, 114, 116, 247—248, 249—250, 286, 287, 338—339, 340, 360, 421.*

[*Гершуни, Г. А.*] *Речь Г. А. Гершуни, произнесенная на экстренном съезде партии социалистов-революционеров*. Б. м., 1907. 15 стр.— *174—175.*

Гёте, Иоганн Вольфганг. Западно-восточный диван. — *501.*

— *Кроткие Ксении.* — *48.*

Главнейшие резолюции, [*принятые на Третьем съезде Российской соц.-дем. рабочей партии*].— В кн.: Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905, стр. XVI — XXVII. (РСДРП).— *33, 118.*

Глебов, А. В. Вознаграждение, а не выкуп!..— В кн.: Сборник «Известий Крестьянских Депутатов» и «Трудовой России». М., 1906, стр. 44—49. — *236—237.*

Гоголь, Н. В. Мертвые души. — *198, 348.*

— *Ревизор.*— *136, 137.*

«Голос Москвы», 1907, № 239, 16 октября, стр. 2—3. — *152.*

Горн, В. О завтрашнем дне.—«Товарищ», Спб., 1907, № 348, 18(31) августа, стр. 1. — *58, 59—63, 66.*

Грибоедов, А. С. Горе от ума. — *28, 169.*

[*Громан, В.*] *Всероссийский крестьянский союз.*— В кн.: Материалы к крестьянскому вопросу. Отчет о заседаниях делегатского съезда Всероссийского крестьянского союза 6 — 10 ноября 1905 г. С вступительной статьей В. Громана [Спб.], «Новый Мир», 1905, стр. 1—32. — *265, 278, 281.*

[*Декларация правительства, оглашенная П. А. Столыпиным на заседании Государственной думы 6(19) марта 1907 г.*].— В кн.: Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1907 год. Сессия вторая. Т. I. Заседания 1—30 (с 20 февраля по 30 апреля). Спб., гос. тип., 1907, стлб. 106—120. (Государственная дума. 2-ой созыв).—*337.*

«Дневник Социал-Демократа», [Женева], 1905, № 3, ноябрь, стр. 1—23. — *6.*

— 1905, № 4, декабрь, стр. 1—12. — *6.*

«Дневник Социал-Демократа», [Женева], 1906, № 5, март, стр. 1—20. — *378.*

Заседание тринадцатое [Государственной думы]. 23мая 1906 г.— Там же, стр. 531—585. — *417*.

Заседание четырнадцатое [Государственной думы]. 24 мая 1906 г.— Там же, стр. 587—638. — *225—226, 235, 283, 416, 420—421, 431*.

Заседание восемнадцатое [Государственной думы]. 30 мая 1906 г.— Там же, стр. 809—866.— *395—396*.

Заседание девятнадцатое [Государственной думы]. 1 июня 1906 г.— В кн.: Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1906 год. Сессия первая. Т. II. Заседания 19—38 (с 1 июня по 4 июля). Спб., гос. тип., 1906, стр. 867—919. (Государственная дума).— *416*.

Заседание двадцатое [Государственной думы]. 2 июня 1906 г.— Там же, стр. 921—976.— *419*.

Заседание двадцать третье [Государственной думы]. 8 июня 1906 г.— Там же, стр. 1097—1156.— *385*.

Заседание двадцать шестое [Государственной думы]. 13 июня 1906 г.— Там же, стр. 1275—1339.— *18*.

**Заседание двенадцатое [Государственной думы второго созыва]*. 19 марта 1907 г.— В кн.: Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1907 год. Сессия вторая. Т. I. Заседания 1—30 (с 20 февраля по 30 апреля). Спб., гос. тип., 1907, стлб. 689—792. (Государственная дума. 2-ой созыв).— *277, 375, 378, 380—382, 387, 389—390, 396—397, 403, 407, 411, 412—413, 414—415, 418, 425—426, 427*.

**Заседание четырнадцатое [Государственной думы второго созыва]*. 22 марта 1907 г.— Там же, стлб. 893—984.— *225—226*.

**Заседание шестнадцатое [Государственной думы второго созыва]*. 26 марта 1907 г.— Там же, стлб. 1053—1154.— *235, 276, 378—379, 386, 397, 400, 407, 409—410, 425—426*.

**Заседание восемнадцатое [Государственной думы второго созыва]*. 29 марта 1907 г.— Там же, стлб. 1273—1374.— *337, 373—375, 378, 380, 382—383, 384, 385, 386, 388—389, 419—420, 426—427*.

**Заседание двадцатое [Государственной думы второго созыва]*. 2 апреля 1907 г.— Там же, стлб. 1473—1538.— *376, 391, 418. 427*.

«Искра» (старая, ленинская), [Лейпциг — Мюнхен — Лондон — Женева]. — *104, 108, 109, 110, 112, 113—114, 116.*

— [Мюнхен], 1902, № 21, 1 июня, стр. 1—2. — *113—114.*

— 1903, № 51, 22 октября. — *110.*

«Искра» (новая, меньшевистская), [Женева]. — *110.*

— 1904, № 68, 25 июня, стр. 2—3. — *116.*

— 1904, № 70, 25 июля, стр. 2—5; № 71, 1 августа, стр. 2—4. — *113, 114.*

— 1904, № 72, 25 августа, стр. 10. — *110.*

— 1905, № 110, 10 сентября, стр. 1—2. — *18—19.*

— 1905, № 111, 24 сентября, стр. 2—4. — *107, 112.*

— 1905, № 112, 8 октября. Приложение к № 112 «Искры», стр. 1. — *107, 112.*

«Искра» за два года. Сборник статей из «Искры». Спб., Салтыков, 1906. VIII, 688, 244 стр. — *114, 116.*

К вопросу об аграрной программе. 1) П. Маслов. Землепользование или землевладение? 2) К. Каутский. Письмо об аграрной программе. [Спб.], «Новый Мир», [1905]. 16 стр.— *371.*

К пересмотру аграрной программы и ее обоснования. Фирсов, Д. Социализация земли и право на землю. Якобий, М. Движущие силы сельского хозяйства. (К марксистскому обоснованию социализации земли). М., [тип. Поплавского], 1908. 324 стр. — *465.*

**Календарь для всех на 1908 год.* Б. м., [1907]. 206 стлб.— *197, 198.*

Карл Маркс.— «Русские Ведомости», М., 1908, № 51, 1 марта, стр. 4—5. Подпись: Л. Н.— *501—502.*

Каутский, К. Движущие силы и перспективы русской революции. Пер. с немецкого. («Neue Zeit», №№ 9 и 10, 25. Jg., Bd. I). Под ред. и с предисл. Н. Ленина. М., «Новая Эпоха», 1907. 32 стр.— *357—358.*

— [*Письмо М. Шанину.* Апрель 1906 г.].— В кн.: Шанин, М. Муниципализация или раздел в собственность? Характер нашего аграрного кризиса. Вильно, «Трибуна», 1907, стр. 4.— *371.*

— [*Письмо Каутского об аграрной программе*].— «Правда», М., 1906, кн. IV, февраль, стр. 157—160.— *371—372.*

— *Письмо Каутского об аграрной программе.*— В кн.: К вопросу об аграрной программе. 1) П. Маслов. Землепользование или землевладение? 2) К. Каутский. Письмо об аграрной программе. [Спб.], «Новый Мир», [1905], стр. 14—16.— *371—372.*

Кауфман, А. А. К вопросу о культурно-хозяйственном значении частного землевладения.— В кн.: Аграрный вопрос. Т. II. Сборник статей Брейера, Бруна, Воробьева, Герценштейна, Дена, Кауфмана, Кутлера, Левитского, Мануилова, Петрункевича, Хауке, Чупрова, Якушкина. М., «Беседа», 1907, стр. 442—628. (Изд. Долгорукова и Петрункевича).— *348.*

— *К вопросу о нормах дополнительного наделения.*— Там же, стр. 261—304.— *209, 220, 340, 360.*

— *Одумайтесь...* — «Русские Ведомости», М., 1908, № 32, 8 февраля, стр. 2.— *456.*

— *Переселение и его роль в аграрной программе.*— В кн.: Аграрный вопрос. [Т. I]. Сборник статей Герценштейна, Долгорукова, Дена, Иверонова, Кауфмана, Мануилова, Петрункевича, Фортунатова, Чупрова. Изд. 2-ое. М., «Беседа», 1906, стр. 126—159. (Изд. Долгорукова и Петрункевича).— *239—241, 242, 244—245.*

— *Переселение и колонизация.* Спб., 1905. IX, 349, 81 стр. (Б-ка «Общественной пользы»).— *239—241, 435.*

Колониальная политика. [Резолюция, принятая на Международном социалистическом конгрессе в Штутгарте].— «Пролетарий», [Выборг], 1907, № 17, 20 октября, стр. 4—5. Под общ. загл.: Резолюции Штутгартского съезда. На газ. место изд.: М.— 87.

Кризис немецкого либерализма.— «Речь», Спб., 1908, № 52, 1 (14) марта, стр. 2—3. Подпись: К. Д.— *499.*

Крылов, И. А. Орел и Куры.— 199—200.

Кускова, Е. Д. Партийная светобоязнь.— «Товарищ», Спб., 1907, № 374, 18 сентября (1 октября), стр. 3. Подпись: Е. К.— *169.*

Кутлер, Н. Н. Проект закона о мерах к расширению и улучшению крестьянского землевладения.— В кн.: Аграрный вопрос. Т. II. Сборник статей Брейера, Бруна, Воробьева,

Герценштейна, Дена, Кауфмана, Кутлера, Левитского, Мануилова, Петрункевича, Хауке, Чупрова, Якушкина. М., «Беседа», 1907, стр. 629—648. (Изд. Долгорукова и Петрункевича).— *236, 384, 388—389.*

[*Credo*].— В кн.: [Ленин, В. И.]. Протест российских социал-демократов. С послесл. от ред. «Рабочего Дела». Изд. Союза русских социал-демократов. Женева, тип. «Союза», 1899, стр. 1—6. (РСДРП. Оттиск из № 4—5 «Рабочего Дела»).— *119.*

Лабриола, А. Реформизм и синдикализм. С предисл. автора к русск. изд. Пер. с итальянского Г. Кирдецова, под ред. и с послесл. А. Луначарского. Спб., [«Шиповник»], 1907. 267 стр.— *466.*

Ларин, Ю. Крестьянский вопрос и социал-демократия. [Спб.], «Новый Мир», 1906. 111 стр.— *363—364, 368—370.*

[*Ленин, В. И.*] *Аграрная программа социал-демократии в первой русской революции 1905—1907 гг.* Пг., «Жизнь и Знание», 1917. VIII, 271 стр. (Б-ка обществоведения. Кн. 39-ая). Перед загл. авт.: В. Ильин (Н. Ленин).— *443.*

— *Аграрный вопрос.* Ч. I. Спб., 1908. 264 стр. Перед загл. авт.: Вл. Ильин.— *296, 402.*

— *Аграрный вопрос и «критики Маркса».*—«Заря», Stuttgart, 1901, № 2—3, декабрь, стр. 258—302. Загл.: Гг. критики в аграрном вопросе. Подпись: Н. Ленин.— *296, 300—301, 302, 306, 307.*

— *Аграрный вопрос и «критики Маркса».*— В кн.: [Ленин, В. И.] Аграрный вопрос. Ч. I. Спб., 1908, стр. 164—263. Перед загл. авт.: Вл. Ильин.— *296, 402.*

— *Бойкот булыгинской Думы и восстание.*— «Пролетарий», Женева, 1905, № 12, 16 (3) августа, стр. 1.— *32.*

— *Гонители земства и Аннибалы либерализма.*— «Заря», Stuttgart, 1901, № 2—3, декабрь, стр. 60—100. Подпись: Т. П.— *105.*

— *Гонители земства и Аннибалы либерализма.*— В кн.: [Ленин, В. И.] За 12 лет. Собрание статей. Т. 1. Два направления в русском марксизме и русской социал-демократии. Спб., тип. Безобразова, [1907], стр. 151—184. Перед загл. авт.: Вл. Ильин. На тит. л. год изд.: 1908.— *105—106.*

[1] Бірінші рет Лениннің II жинағында жарияланған, 1924, 131—133-беттер.

разова, [1907], стр. 127—149. Перед загл. авт.: Вл. Ильин. На тит. л. год изд.: 1908.— *105*.

[*Ленин, В. И.*] *Заключительное слово по аграрному вопросу* [*на IV (Объединительном) съезде РСДРП*].— В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 103—110. — *329—330, 358*.

— *Замечания на* [*второй*] *проект программы* [*Плеханова*]. [Март, до 14 (27) 1902 г.]. Рукопись [1].— *113*.

— *Замечания на комиссионный проект программы*. [28 марта (10 апреля) 1902 г.]. Рукопись [1].— *113*.

*— *Земская кампания и план «Искры»*. Изд-во соц.-дем. партийной литературы В. Бонч-Бруевича и Н. Ленина. Женева, кооп. тип., 1904. 26 стр. (Только для членов партии. РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *117*.

— *К истории партийной программы* — *қараңыз:* Ленин, В. И. Примечание к статье В. В. Воровского «Плоды демагогии».

— *Как Петр Маслов исправляет черновые наброски Карла Маркса*.— «Пролетарий», Женева, 1908, № 33, (5 авг.) 23 июля, стр. 3—6.— *456*.

— *Маркс об американском «черном переделе»*.— «Вперед», Женева, 1905, № 15, 20 (7) апреля, стр. 1—2.— *270*.

*— *Международный социалистический конгресс в Штутгарте*.— В кн.: Календарь для всех на 1908 год. Б. м., [1907], стлб. 169—178. Подпись: Н. Л—ъ.— *197, 198*.

— *Некритическая критика*. (По поводу статьи г-на П. Скворцова «Товарный фетишизм» в № 12 «Научного Обозрения» за 1899 год).— «Научное Обозрение», Спб., 1900, № 5, стр. 945—954; № 6, стр. 1061—1067. Подпись: В. Ильин.— *230—231*.

— *О бойкоте*.— «Пролетарий», [Выборг], 1906, № 1, 21 августа, стр. 2—3. На газ. место изд.: М.— *32*.

— *О реорганизации партии*.— «Новая Жизнь», Спб., 1905, № 9, 10 ноября, стр. 2—3; № 13, 15 ноября, стр. 2; № 14, 16 ноября, стр. 2. Подпись: Н. Ленин.— *111*.

---

[1] Бірінші рет Лениннің II жинағында жарияланған, 1924, 65—87, 118—130-беттер.

— *О хороших демонстрациях пролетариев и плохих рассуждениях некоторых интеллигентов.*— «Вперед», Женева, 1905, № 1, 4 января (22 декабря 1904), стр. 2—3.— *118.*

— *Отзыв о втором проекте программы Плеханова.* [Март, до 14 (27), 1902 г.]. Рукопись[1].— *113—114.*

— *Отражение марксизма в буржуазной литературе.* [Реферат. Осень 1894 г.][2].— *104.*

— *Пересмотр аграрной программы рабочей партии.* № 1. Спб., «Наша Мысль», 1906. 31 стр.— *247, 252—253, 258—259, 289, 338, 345—346, 347—348, 350—351, 421, 423.*

*— *Письма о тактике.* Письмо 1-е. Пг., «Прибой», 1917. 20 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *444.*

— *Победа кадетов и задачи рабочей партии.* Спб., [«Наша Мысль», 1906]. 79 стр. Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *119.*

— *Политические заметки.*— «Пролетарий», [Женева], 1908, № 21, 26 (13) февраля, стр. 2.— *3, 25—26.*

— *Предисловие к русскому переводу [книги К. Каутского «Движущие силы и перспективы русской революции»].*— В кн.: Каутский, К. Движущие силы и перспективы русской революции. Пер. с нем. («Neue Zeit», №№ 9 и 10, 25. Jg., Bd. I). Под ред. и с предисл. Н. Ленина. М., «Новая Эпоха», 1907, стр. 1—7.— *356.*

— *Предисловие к III изданию [книги «Задачи русских социал-демократов»].*—В кн.: [Ленин, В. И.] Задачи русских социал-демократов. 3-е изд. Изд. ЦК РСДРП. Женева, тип. партии, 1905, стр. [1]. (РСДРП).— *105.*

— *Предисловие к III изданию [книги «Задачи русских социал-демократов»].*— В кн.: [Ленин, В. И.] За 12 лет. Собрание статей. Т. 1. Два направления в русском марксизме и русской социал-демократии. Спб., тип. Безобразова, [1907], стр. 128. Перед загл. авт.: Вл. Ильин. На тит. л. год изд.: 1908.— *105.*

— *Предисловие ко второму изданию [книги «Задачи русских социал-демократов»].*— В кн.: [Ленин, В. И.] Задачи русских социал-демократов. Изд. 2-е. С предисл. автора и П. Б. Аксельрода. Изд. Загран. лиги русск. революционной социал-демократии. Женева, тип. Лиги, 1902, стр. VI—XI. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *105.*

[1] Бірінші рет Лениннің II жинағында жарияланған, 1924, 88—90-беттер.
[2] Реферат сақталмаған.

— *Предисловие ко второму изданию* [*книги «Задачи русских социал-демократов»*].— В кн.: [Ленин, В. И.] За 12 лет. Собрание статей. Т. 1. Два направления в русском марксизме и русской социал-демократии. Спб., тип. Безобразова, [1907], стр. 128—131. Перед загл. авт.: Вл. Ильин. На тит. л. год изд.: 1908.— *105.*

[*Ленин, В. И.*] [*Примечание к статье В. В. Воровского «Плоды демагогии»*].— «Вперед», Женева, 1905, № 11, 23 (10) марта, стр. 2.— *113.*

— *Проект программы Российской социал-демократической рабочей партии.* [Между 25 января (7 февраля) и 18 февраля (3 марта) 1902 г.]. Рукопись [1].— *113—114.*

— *Против бойкота.* (Из заметок с.-д. публициста).— В кн.: О бойкоте третьей Думы. [Спб.], 1907, стр. 1—24. Подпись: Н. Ленин. На обл. место изд.: М., тип. Горизонтова.— *200—201.*

— *Развитие капитализма в России.* Процесс образования внутреннего рынка для крупной промышленности. Спб., Водовозова, 1899. IX, IV, 480 стр.; 2 л. диагр.; VIII стр. табл. Перед загл. авт.: Владимир Ильин.— *104, 231, 242, 243, 273—274, 316.*

*— *Развитие капитализма в России.* Процесс образования внутреннего рынка для крупной промышленности. Изд. 2-е, доп. Спб., «Паллада», 1908. VIII, VIII, 489 стр. Перед загл. авт.: Владимир Ильин.— *231.*

— *Резолюция* [*о III Государственной думе конференции с.-петербургской организации РСДРП.* 27 октября (9 ноября) 1907 г.].— «Пролетарий», [Выборг], 1907, № 19, 5 ноября, стр. 7. На газ. место изд.: М. Загл.: Резолюция конференции Спб. организации РСДРП.— *143.*

— [*Речь по вопросу о программе партии 22 июля (4 августа) 1903 г. на II съезде РСДРП*].—В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904], стр. 130—132. (РСДРП).— *114.*

— *«Услышишь суд глупца...».* (Из заметок с.-д. публициста). Спб., «Новая Дума», 1907. 24 стр.— *174.*

— *Фр. Меринг о второй Думе.*— В кн.: Вопросы тактики. Сборник II, Спб., «Новая Дума», 1907, стр. 65—72. Подпись: К. Т.— *162.*

[1] Бірінші рет Лениннің II жинағында жарияланған, 1924, 43—50-беттер.

[*Миклашевский, М. П.*] *Последняя Дума.* (Впечатления и размышления).— «Образование», Спб., 1907, № 7, стр. 48—72. Подпись: М. Неведомский.— *58—59, 66.*

Милитаризм и международные конфликты. [Резолюция, принятая на Международном социалистическом конгрессе в Штутгарте].— «Пролетарий», [Выборг], 1907, № 17, 20 октября, стр. 5—6. Под общ. загл.: Резолюции Штутгартского съезда. На газ. место изд.: М.— *77, 78—79, 80, 92—93, 121.*

Милюков, П. Н. Год борьбы. Публицистическая хроника. 1905—1906. Спб., 1907. XVII, 550 стр. (Б-ка «Общественной пользы»).— *235.*

— *Доклад съезду о тактике партии народной свободы в третьей Государственной думе.*— «Речь», Спб., 1907, № 255, 28 октября (10 ноября), стр. 3.— *163, 165—166.*

— *Задачи местных аграрных комитетов в понимании с.-д. и к.-д.* [«Речь», 1906, № 82, 25 мая (7 июня)].— В кн.: Милюков, П. Н. Год борьбы. Публицистическая хроника. 1905—1906. Спб., 1907, стр. 457—460. (Б-ка «Общественной пользы»).— *235.*

— *С.-Петербург, 21 мая.* [Передовая].— «Речь», Спб., 1906, № 79, 21 мая (3 июня), стр. 1—2.— *59.*

— *С.-Петербург, 25 мая.* [Передовая].— «Речь», Спб., 1906, № 82, 25 мая (7 июня), стр. 1.— *235, 383, 384.*

— *«У нас нет врагов слева».*— «Речь», Спб., 1907, № 224, 22 сентября (5 октября), стр. 2.— *126.*

Москва, 1 февраля. [Передовая].— «Русские Ведомости», М., 1908, № 27, 1 февраля, стр. 1—2.— *447.*

Москва, 16 октября. Новая Дума.— «Голос Москвы», 1907, № 239, 16 октября, стр. 2—3.— *152.*

Н. С.— қараңыз: Свавицкий, Н. А.

Наказ Государственной думы.— В кн.: Материалы по составлению наказа Государственной думы. Спб., гос. тип., 1907, стр. 7—45, 48—57. (Государственная дума).— *494.*

[*Наказ крымских татар депутату II Государственной думы.* Отрывок, зачитанный на двадцать четвертом заседании II Государственной думы].— В кн.: Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1907 год. Сессия вторая. Т. I. Заседания 1—30 (с 20 февраля по 30 апреля). Спб., гос. тип.,

1907, стлб. 1792—1793. (Государственная дума. 2-ой созыв).— *418.*

«Народно-Социалистическое Обозрение». Вып. 1. Спб., 1906, стр. 1—14.— *236.*

«Народный Вестник», Спб., 1906, № 20, 31 мая (13 июня), стр. 1.— *225—226.*

Нарцисс Тупорылов — қараңыз: Мартов, Л.

«Научное Обозрение», Спб., 1900, № 5, стр. 945—954; № 6, стр. 1061—1067.— *230—231.*

«Наш Век», Спб.— *459.*

— 1908, № 967, 9 (22) января, стр. 5.— *459.*

«Наша Газета», Спб., 1908, № 3, 19 марта (1 апреля), стр. 3.— *484.*

**Наша позиция в профессиональном движении.*— «Знамя Труда», [Париж], 1907, № 2, 12 июля, стр. 1—4.— *196.*

Наша трибуна. Непериодический сборник. Кн. 1-ая. Вильно «Трибуна», 1907. 89 стр.— *450.*

Неведомский, М. — қараңыз: Миклашевский, М. П.

«Новая Жизнь», Спб., 1905, № 9, 10 ноября, стр. 2—3; № 13 15 ноября, стр. 2; № 14, 16 ноября, стр. 2.— *111.*

«Новое Время», Спб.— *62, 254, 489.*

«Новое Слово», Спб., 1897, № 6, март, стр. 1—20; № 7, апрель, стр. 83—96, 34—62; № 8, май, стр. 154—167.— *104.*

Нужна ли республика пролетариату?— «Пролетарий», [Выборг], 1906, № 7, 10 ноября, стр. 3—5. На газ. место изд.: М.— *475.*

О бойкоте третьей Думы. [Спб.], 1907. 32 стр. На обл. место изд.: М., тип. Горизонтова.— *200—201.*

О профессиональных союзах. [Резолюция, принятая на IV (Объединительном) съезде РСДРП].— В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 418—419.— *76, 87—88, 197, 515—516.*

[*О тактике кадетов в III Государственной думе.* Проект резолюции, внесенный левыми кадетами на V съезде партии каде-

реля), стр. 3. Под общ. загл.: Государственная дума. Подпись: Г. — *484.*

Памяти гр. Гейдена. — «Товарищ», Спб., 1907, № 299, 22 июня (5 июля), стр. 3, в отд.: Провинция. — *48.*

Парвус. В чем мы расходимся? Ответ Ленину на его статью в «Пролетарии». Изд. «Искры». Женева, тип. партии, 1905. 28 стр. (РСДРП). — *18—19.*

— *Мировой рынок и сельскохозяйственный кризис.* (Der Weltmarkt und die Agrarkrisis). Экономические очерки. Пер. с нем. Л. Я. Спб., Попова, 1898. 143, II стр. (Образовательная б-ка. Серия 2-ая (1898). № 2). — *304.*

— *После войны.* — «Искра», [Женева], 1905, № 111, 24 сентября, стр. 2—4; № 112, 8 октября. Приложение к № 112 «Искры», стр. 1. — *107, 112.*

— *Социал-демократия и Государственная дума.* — «Искра», [Женева], 1905, № 110, 10 сентября, стр. 1—2. — *18—19.*

Парламентская программа союза 17 октября. — «Речь», Спб., 1907, № 255, 28 октября (10 ноября), стр. 4. — *163—164, 165.*

«Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 12. — *252—253, 260, 275—276, 335, 351, 422—423.*

«Партийные Известия», [Спб.], 1907, № 6, 8 марта, стр. 1—3. — *175.*

**Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г.* Вып. 1—2. Сост. Центр. стат. ком. на основании местных подсчетных ведомостей. Изд. Центр. стат. ком. м-ва внутр. дел. Спб., 1897. 2 т. На русском и французском яз.

*— Вып. 1. Население империи по переписи 28-го января 1897 г. по уездам. 29 стр. — *208.*

*— Вып. 2. Население городов по переписи 28-го января 1897 г. 42 стр. — *208.*

Первая общерусская конференция партийных работников. Отдельное приложение к № 100 «Искры». Женева, тип. партии, 1905. 31 стр. (РСДРП). — *33, 117—118.*

Первый сборник. Спб., Карчагин, 1906. 322 стр. (Освободительная б-ка). — *475.*

Переяславский, Ю. — *қараңыз:* Хрусталев-Носарь, Г. С.

Пешехонов, А. В. Аграрная проблема в связи с крестьянским движением. Изд. ред. журнала «Русское Богатство», Спб., тип. Клобукова, 1906. 136 стр. — *279—280, 352.*

Пешехонов, А. В. На очередные темы. Наша платформа (ее очертания и размеры).— «Русское Богатство», Спб., 1906, № 8, стр. 178—206. — *264.*

— *На очередные темы.* Революция наоборот.—«Русское Богатство», Спб., 1908, № 1, стр. 131—169; № 2, стр. 126—175.— *456—457.*

[*Пименова, Э. К.*] *Обзор иностранной жизни и политики.*— «Современный Мир», Спб., 1907, № 12, стр. 73—85. Подпись: Э. П. — *468, 469, 470.*

Письма И. Ф. Беккера, И. Дицгена, Ф. Энгельса, К. Маркса и др. к Ф. А. Зорге и др. Пер. с нем. Политикуса. С письмами и биогр. Ф. А. Зорге Евг. Дицгена. С предисл. Н. Ленина. С портр. Ф. А. Зорге. Спб., Дауге, 1907. XXVI, 485, II стр. — *85, 362, 439.*

Письмо к местным организациям.— «Пролетарий», [Женева], 1908, № 29, (29) 16 апреля, стр. 3—4, в отд.: Из партии.— *484.*

Письмо к партийным организациям. [Письмо 1-е]. [Листовка]. Б. м., [ноябрь 1904]. 4 стр. (Только для членов партии).— *118.*

Письмо к партийным организациям № 1. [Листовка]. Б. м., [1907]. 1 стр. (РСДРП). Подпись: Центральный Комитет РСДРП. — *23.*

Плеханов, Г. В. [*Вопросы к нерусским социал-демократам о характере русской революции и о тактике, которой должны держаться русские социал-демократы*].—В кн.: Каутский, К. Движущие силы и перспективы русской революции. Пер. с немецкого. («Neue Zeit», №№ 9 и 10, 25. Jg., Bd. I). Под ред. и с предисл. Н. Ленина. М., «Новая Эпоха», 1907, стр. 29. — *357.*

— *Еще о нашем положении.* (Письмо к товарищу X).—«Дневник Социал-Демократа», [Женева], 1905, № 4, декабрь, стр. 1—12. —*6.*

— *Заметки публициста.* Новые письма о тактике и бестактности. Спб., Глаголев, [1907]. 152 стр. — *355, 357—358.*

тип. Центрального Комитета, [1906]. 4 стр. (РСДРП). — *207, 245, 250—251, 256—257, 258—259, 276—277, 308, 309—310, 340, 341, 350, 353, 358, 359—362, 363, 368—369, 370, 400—401, 414, 417, 422, 423—424, 425, 430—431, 432, 440—441, 456.*

Постановления съездов Крестьянского союза (Учредительного 31 июля — 1 августа и 6—10 ноября 1905 г.). Изд. Северного Обл. Бюро содействия Крестьянскому союзу (в С.-Петербурге). Спб., тип. Клобукова, 1905. 16 стр. (Всероссийский крестьянский союз). — *253, 436.*

«Правда», М., 1906, кн. IV, февраль, стр. 157—160. — *371.*

Правила о порядке рассмотрения государственной росписи доходов и расходов, а равно о производстве из казны расходов, росписью не предусмотренных. — «Собрание узаконений и распоряжений правительства, издаваемое при правительствующем Сенате», Спб., 1906, № 51, 10 марта, ст. 335, стр. 735—737. — *477, 478, 480, 481—482.*

«Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 121, 8 (21) июня, стр. 1. — *128—129.*

— 1905, № 169, 6 (19) августа, стр. 1—4. — *6, 13, 129—130.*

— 1905, № 222, 18 (31) октября, стр. 1. — *17, 488.*

— 1905, № 268, 13 (26) декабря, стр. 1. — *50, 55, 129—130, 138, 142, 187, 331.*

— 1906, № 252, 12 (25) ноября, стр. 1. — *173, 182, 233, 264, 271—272, 284, 316—317, 375—376, 396—397, 428, 454.*

— 1906, № 256, 18 ноября (1 декабря), стр. 1. — *182, 233, 264, 271—272, 376, 396—397, 428, 454.*

Приложения к стенографическим отчетам Государственной думы. Третий созыв. Сессия I. 1907—1908 гг. Т. I. (№№ 1—350). Спб., гос. тип. 1908. 35 стр., 2024 стлб. — *477, 481—482.*

Программа конституционно-демократической партии, выработанная учредительным съездом партии 12—18 октября 1905 г. [Листовка]. Б. м., [1905]. 1 стр. — *190—191, 498—499.*

Программа Российской соц.-дем. рабочей партии, принятая на Втором съезде партии. — В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии. [1904], стр. 1—6. (РСДРП). — *108, 247, 248—249, 286, 287, 338, 339—340, 360, 421.*

Проект основных положений земельного закона, [внесенный во II Государственную думу от имени группы социалистов-революционеров].— Там же, л. 486—491.— *264—265, 428—429.*

Проект основных положений [земельного закона, внесенный 104 членами Государственной думы].— В кн.: Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1906 год. Сессия первая. Т. I. Заседания 1—18 (с 27 апреля по 30 мая). Спб., гос. тип., 1906, стр. 560—562. (Государственная дума).— *173, 257—258, 259, 260, 261—262, 263—266, 281, 313—314, 354, 419—420.*

Проект основных положений [земельной реформы, внесенный во II Государственную думу от имени Трудовой группы и Крестьянского союза].— В кн.: [Материалы, поступившие в Общее собрание Государственной думы 2-го созыва]. Б. м., [1907], л. 17—19, 37.— *257—258, 259, 260, 261—262, 263—266, 281, 313—314, 354, 419—420.*

[*Проект основных положений по аграрному вопросу, внесенный 42 членами Государственной думы*].— В кн.: Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1906 год. Сессия первая. Т. I. Заседания 1—18 (с 27 апреля по 30 мая). Спб., гос. тип., 1906, стр. 248—251. — *234, 235, 261—262, 282—283, 278, 395—396.*

Проект программы группы «Освобождение труда». 1885 г.— *қараңыз:* Плеханов, Г. В. Проект программы русских социал-демократов. 1885—1887 гг.

Проект программы Российской социал-демократической рабочей партии. (Выработанный редакцией «Искры» и «Зари»).— «Искра», [Мюнхен], 1902, № 21, 1 июня, стр. 1—2. — *113—114.*

Проекты законов, принятые Государственной думой. Третий созыв. Сессия I. 1907—1908 гг. Спб., гос. тип., 1908. VIII, 546 стр. — *494.*

Прокопович, С. Н. Размеры земельной нужды. —«Товарищ», Спб., 1907, № 214, 13 (26) марта, стр. 3. — *222—223.*

— *Статистика землевладения 1905 г.*—«Товарищ», Спб., 1907, № 238, 10 (23) апреля, стр. 3. — *222—223.*

**Прокопович, С. Н. и Мертваго, А. П. Сколько в России земли и как мы ею пользуемся.* М., тип. Сытина, 1907. 28 стр. (Б-ка хозяина. Под ред. А. П. Мертваго). — *239—240, 243.*

«Пролетарий», Женева, 1905, № 12, 16 (3) августа, стр. 1.— *32.*

«Пролетарий», [Выборг — Женева — Париж].— *453.*

— [Выборг], 1906, № 1, 21 августа, стр. 2—3. На газ. место изд.: М. — *32.*

— 1906, № 7, 10 ноября, стр. 3—5. На газ. место изд.: М. — *475.*

— 1907, № 17, 20 октября, стр. 3—6. На газ. место изд.: М. — *72—79, 80, 87—88, 89, 90, 93—94, 121, 197, 462, 465.*

— 1907, № 19, 5 ноября, стр. 7. На газ. место изд.: М. — *143.*

— [Женева], 1908, № 21, 26 (13) февраля, стр. 2, 4. — *456, 459.*

— 1908, № 29, (29) 16 апреля, стр. 3—4.— *484.*

— 1908, № 33, (5 авг.) 23 июля, стр. 3—6.— *456.*

Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907. VI, 420 стр.— *14, 32, 76, 88, 109, 197, 250—251, 252—253, 255, 258—259, 285, 289—290, 296, 318, 325—326, 327, 329—331, 332—333, 334—336, 337, 341, 346—347, 350—352, 354—355, 358, 359, 362, 368, 370, 394, 419, 421—422, 509, 515—516.*

Протоколы первого съезда партии социалистов-революционеров. Изд. ЦК п. с.-р. Б. м., тип. партии социалистов-революционеров, 1906. 368 стр. (Партия социалистов-революционеров).— *171, 172.*

Профессиональные союзы и социал-демократическая партия.— «Пролетарий», [Выборг], 1907, № 17, 20 октября, стр. 3—4. На газ. место изд.: М.— *459.*

Профессиональный съезд и центральное бюро.— «Знамя Труда», [Париж], 1907, № 8, декабрь, стр. 6—9.— *460—462, 464.*

«Революционная Россия», [Куоккала—Томск—Женева].— *170.*

[*Резолюции, принятые на V (Лондонском) съезде РСДРП*].— В кн.: Лондонский съезд Российской соц.-демокр. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Paris, 1909, стр. 453—458. (РСДРП).— *463.*

Резолюции, принятые [*первой общерусской*] *конференцией* [*партийных работников*].— В кн.: Первая общерусская конференция партийных работников. Отдельное приложение к № 100 «Искры». Женева, тип. партии, 1905, стр. 15—30. (РСДРП).— *33, 117—118.*

Резолюции Штутгартского съезда.— «Пролетарий», [Выборг], 1907, № 17, 20 октября, стр. 4—6. На газ. место изд.: М.— *72, 79.*

[*Резолюция, внесенная кадетами при обсуждении проекта 40 членов III Государственной думы о расширении бюджетных прав Думы*].— «Столичная Почта», Спб., 1908, № 214, 18 (31) января, стр. 5. Под общ. загл.: Государственная дума.— *477—478, 481—482.*

[*Резолюция, внесенная октябристами при обсуждении проекта 40 членов III Государственной думы о расширении бюджетных прав Думы*].— «Столичная Почта», Спб., 1908, № 214, 18 (31) января, стр. 5. Под общ. загл.: Государственная дума.— *477—478, 481—482.*

Резолюция о Гос. думе, [*принятая на V (Лондонском) съезде РСДРП*].— В кн.: Лондонский съезд Российской соц.-демокр. рабочей партии (состоявшийся в 1907 г.). Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Paris, 1909, стр. 455—456. (РСДРП).— *31, 144, 156, 157, 184, 510.*

Резолюция о профессиональных союзах, [*принятая группой большевиков*].— «Пролетарий», [Выборг], 1907, № 17, 20 октября, стр. 6, в отд.: Хроника. На газ. место изд.: М.— *459.*

Резолюция о профессиональных союзах, [*принятая на V (Лондонском) съезде РСДРП*].— В кн.: Лондонский съезд Российской соц.-демокр. рабочей партии (состоявшийся в 1907 г.). Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Paris, 1909, стр. 458. (РСДРП).— *54, 76—77, 88, 96, 197, 198, 460—461, 516.*

Резолюция об отношении к непролетарским партиям, [*принятая на V (Лондонском) съезде РСДРП*]. — Там же, стр. 454—455.— *144, 159, 184, 495.*

Резолюция против министериализма, принятая на Международном социалистическом конгрессе в Амстердаме — қараңыз: Internationale Regeln der sozialistischen Taktik.

Резолюция [*ЦК РСДРП*] *о профессиональных союзах.*— «Пролетарий», [Женева], 1908, № 21, 26 (13) февраля, стр. 4.— *459.*

«Речь», Спб.— *65, 169, 170, 428—429, 449, 502.*

— 1906, № 79, 21 мая (3 июня), стр. 1—2.— *59.*

— 1906, № 82, 25 мая (7 июня), стр. 1.— *235, 383, 384.*

— 1907, № 224, 22 сентября (5 октября), стр. 2.— *126.*

— 1907, № 255, 28 октября (10 ноября), стр. 3—4.— *163—164, 165—166.*

— 1908, № 28, 2 (15) февраля, стр. 2.— *449—450*.

— 1908, № 52, 1 (14) марта, стр. 2—3.— *499*.

— 1908, № 53, 2 (15) марта, стр. 2.— *502—503*.

Речь [Николая II] к членам Государственной думы. [13 (26) февраля 1908 г.].— «Россия», Спб., 1908, № 682, 14 (27) февраля, стр. 1.— *454, 455, 458*.

Российская социал-демократия и профессиональные союзы.— «Знамя Труда», [Париж], 1907, № 8, декабрь, стр. 9—10.— *460, 462—464*.

«Россия», Спб.— *254*.

— 1908, № 670, 31 января (13 февраля), стр. 1.— *449*.

— 1908, № 682, 14 (27) февраля, стр. 1.— *454, 455, 458*.

Рубакин, Н. А. Наша правящая бюрократия в цифрах. (Из «Этюдов о чистой публике»).— «Сын Отечества», Спб., 1905, № 54, 20 апреля (3 мая), стр. 2—3.— *225*.

— *Треповская партия в цифрах*.— «Народный Вестник», Спб., 1906, № 20, 31 мая (13 июня), стр. 1.— *225*.

«Русская Мысль», М., 1908, кн. I, стр. 143—157.— *493*.

Русская печать.— «Товарищ», Спб., 1907, № 296, 19 июня (2 июля), стр. 2.— *40—48*.

«Русские Ведомости», М.— *447, 456*.

— 1907, № 136, 16 июня, стр. 2.— *40, 44*.

— 1908, № 27, 1 февраля, стр. 1—2.— *447*.

— 1908, № 32, 8 февраля, стр. 2.— *456*.

— 1908, № 51, 1 марта, стр. 4—5.— *501—502*.

«Русское Богатство», Спб.— *285—286, 456*.

— 1906, № 8, стр. 178—206.— *264*.

— 1908, № 1, стр. 131—169; № 2, стр. 126—175.— *456*.

«Русское Государство», Спб., 1906, № 39, 18 (31) марта, стр. 4.— *130, 331*.

«Русское Знамя», Спб., 1907, № 226.— *152*.

Салтыков-Щедрин, М. Е. В среде умеренности и аккуратности.— 28, 234.

— *Господа Головлевы.— 491.*

— *Дневник провинциала в Петербурге.— 44.*

— *Забытые слова.— 312.*

— *Круглый год.— 102.*

— *Похороны.— 102.*

— *Признаки времени.— 151, 152.*

— *Современная идиллия.— 28.*

— *Убежище Монрепо.— 214, 433, 434.*

С.-Петербург, 18-го октября. Выборы окончены.— «Русское Знамя», Спб., 1907, № 226.— *152.*

С.-Петербург, 31 января. [Передовая].— «Россия», Спб., 1908, № 670, 31 января (13 февраля), стр. 1.— *449.*

С.-Петербург, 2 февраля. [Передовая].— «Речь», Спб., 1908, № 28, 2 (15) февраля, стр. 2.— *449.*

«С.-Петербургские Ведомости», 1908, № 24, 29 января (11 февраля), стр. 2.— *457.*

Сатурин, Д. Из залы заседаний.— «Столичная Почта», Спб., 1908, № 214, 18 (31) января, стр. 4.— *477, 478, 482.*

Сборник «Известий Крестьянских Депутатов» и «Трудовой России». М., 1906. 269, III стр.— *236—237.*

Сборник статей. № 1. Спб., «Наша Мысль», 1907, стр. 47—74, 75—93.— *173, 196, 264, 279—280.*

Сборник статистических сведений по Саратовской губернии. Т. XI. Камышинский уезд. Саратов, изд. Саратовского губ. земства, 1891. 979 стр.— *273—274.*

*[*Свавицкий, Н. А.*] *Аграрные программы.* Сборник аграрных программ социалистических партий в Западной Европе и России. Сост. Н. С. С предисл. П. Маслова. [М.], «Новый Мир», [1906]. 62 стр.— *402.*

Свод законов Российской империи. Т. 1. Ч. I. Свод основных государственных законов. Изд. 1906 г. Спб., гос. тип., б. г.

78 стр.— *163, 182, 233, 271—272, 317—318, 375—376, 396—397, 454, 478.*

Сервантес, Мигель. Дон Кихот.— 157.

«Серенький» — в Думе.— «Русское Государство», Спб., 1906, № 39, 18 (31) марта, стр. 4. Подпись: Segno.— *130, 331.*

«Собрание узаконений и распоряжений правительства, издаваемое при правительствующем Сенате». Спб., 1906, № 51, 10 марта, стр. 735—737.— *477, 478, 480, 481—482.*

— 1907, отд. I, № 94, 3 июня, стр. 1303—1380.— *3, 50, 55, 141, 142, 149—150, 163, 187, 331, 514.*

«Современный Мир», Спб., 1907, № 12, стр. 29—58, 73—85.— *466, 467, 468, 469.*

[*Сообщение о резолюции ЦК РСДРП о профессиональных союзах*].— «Наш Век», Спб., 1908, № 967, 9 (22) января, стр. 5, в отд.: Из жизни партий.— *459.*

[*Сообщение об издании брошюры Н. Троцкого «Наши политические задачи»*].— «Искра», [Женева], 1904, № 72, 25 августа, стр. 10, в отд.: Из партии.— *110.*

Социал-демократия и рабочий съезд.— «Знамя Труда», [Париж], 1907, № 6, 30 сентября, стр. 1—3.— *169.*

Список членов II Государственной думы—қараңыз: Члены 2-ой Государственной думы.

Список членов [II] Государственной думы по партиям.— В кн.: Указатель к стенографическим отчетам [Государственной думы]. Второй созыв. 1907 год. Заседания 1—53 (20 февраля — 2 июня 1907 г.). Спб., гос. тип., 1907, стр. 27—33. (Государственная дума).— *390.*

Статистика землевладения 1905 г. Свод данных по 50-ти губерниям Европейской России. Спб., тип. Минкова, 1907. 199 стр.; L стр. табл. (Центральный стат. ком. м-ва внутр. дел).— *208—213, 215—216, 222.*

Статистика Российской империи. XX. Военно-конская перепись 1888 года. Под ред. А. Сырнева. Спб., изд. Центрального стат. ком. м-ва внутр. дел, 1891. VI, XXIII, 207 стр. На русском и французском яз.— *212—213.*

Статистика Российской империи. XXXI. Военно-конская перепись 1891 года. Под ред. А. Сырнева. Спб., изд. Центрального стат. ком. м-ва внутр. дел, 1894. IV, XXIX, 149 стр. На русском и французском яз.— *212—213.*

— 1908, № 224, 30 января (12 февраля), стр. 5.— *457.*

— 1908, № 228, 3 (16) февраля, стр. 1.— *450.*

— 1908, № 249, 28 февраля (12 марта), стр. 4.— *489.*

Столыпинская декларация — қараңыз: Декларация правительства, оглашенная П. А. Столыпиным на заседании Государственной думы 6 (19) марта 1907 г.

Струве, П. Великая Россия. Из размышлений о проблеме русского могущества.— «Русская Мысль», М., 1908, кн. I, стр. 143—157.— *493.*

— *Два забастовочных комитета.*— «Полярная Звезда», Спб., 1905, № 3, 30 декабря, стр. 223—228.— *26—27.*

— *Заметки публициста.* Съезд союза 17-го октября и созыв Государственной думы.— «Полярная Звезда», Спб., 1906, № 10, 18 февраля, стр. 733—737.— *130.*

— *Как найти себя?* Ответ автору письма «Как не потерять себя?».— «Освобождение», Париж, 1905, № 71, 31 (18) мая, стр. 337—343.— *200.*

— *Критические заметки к вопросу об экономическом развитии России.* Вып. I. Спб., тип. Скороходова, 1894. X, 293 стр.— *102.*

— *Моим критикам.*— В кн.: Материалы к характеристике нашего хозяйственного развития. Сборник статей. Спб., тип. Сойкина, 1895, стр. 145—196.— *104.*

— *На разные темы.*— «Новое Слово», Спб., 1897, № 6, март, стр. 1—20; № 7, апрель, стр. 34—62. Подпись: Novus.— *104.*

— *Очерки из истории общественных идей и отношений в Германии в XIX в.*— «Новое Слово», Спб., 1897, № 7, апрель, стр. 83—96; № 8, май, стр. 154—167. Подпись: С. Т. Р.— *104.*

[*Струмилин, С. Г. Поправка к тактической резолюции по аграрному вопросу, внесенная на 13-м заседании IV (Объединительного) съезда РСДРП*].— В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 157.— *370.*

«Сын Отечества», Спб., 1905, № 54, 20 апреля (3 мая), стр. 2—3.— *225—226.*

[*Тактическая резолюция по аграрному вопросу, принятая на IV (Объединительном) съезде РСДРП*]. В листовке: Постановления и резолюции Объединительн. съезда Российской социал-демократической рабочей партии. [Спб.], тип. Центрального комитета, [1906], стр. 1. (РСДРП). Под загл.: Аграрная программа.— *250, 259, 309—310, 350, 360, 370.*

Тезисы о тактике, принятые 26 октября.— «Речь», Спб., 1907, № 255, 28 октября (10 ноября), стр. 3—4.— *166.*

[*Телеграмма ЦК партии социалистов-революционеров делегатам Штутгартского международного социалистического конгресса*].— «Знамя Труда», [Париж], 1907, № 5, 12 сентября, стр. 2, в ст.: Международный социалистический конгресс в Штутгарте.— *136.*

«Товарищ», Спб.— *37, 40—41, 43, 45, 46, 58, 66, 69, 95, 107, 126, 147—148, 160, 168, 169, 222.*

— 1907, № 214, 13 (26) марта, стр. 3.— *222—223.*

— 1907, № 238, 10 (23) апреля, стр. 3.— *222—223.*

— 1907, № 260, 8 (21) мая, стр. 1—2; № 266, 15 (28) мая, стр. 3; № 287, 8 (21) июня, стр. 1.— *169.*

— 1907, № 296, 19 июня (2 июля), стр. 2.— *40—48.*

— 1907, № 299, 22 июня (5 июля), стр. 3.— *48.*

— 1907, № 301, 24 июня (7 июля), стр. 1—2.— *18, 36.*

— 1907, № 348, 18 (31) августа, стр. 1.— *58, 59—63, 66.*

— 1907, № 351, 22 августа (4 сентября), стр. 1—2.— *68.*

— 1907, № 374, 18 сентября (1 октября), стр. 3.— *169.*

— 1907, № 402, 20 октября (2 ноября), стр. 1—2.— *160—161.*

— 1907, № 407, 26 октября (8 ноября), стр. 4.— *165.*

— 1907, № 410, 30 октября (12 ноября), стр. 4.— *164.*

Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905. XXIX, 401 стр. (РСДРП).— *33, 109, 118, 161.*

[*Троцкий, Л. Д.*] *Наши политические задачи.* (Тактические и

организационные вопросы). Изд. РСДРП. Женева, тип. партии, 1904. XI, 107 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Троцкий.— *110.*

Трубецкой, С. Н. [*Речь во время приема царем земской делегации 6 (19) июня 1905 г.*].— «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 121, 8 (21) июня, стр. 1.— *128.*

«Трудовая Россия», Спб.— *261.*

Тургенев, И. С. Записки охотника. Бурмистр.— 47—48.

— *Новь.— 501.*

— *Отцы и дети.— 301.*

Указ правительствующему Сенату [*о выдаче крестьянским поземельным банком ссуд под залог надельных земель.* 15 (28) ноября 1906 г.].— «Правительственный Вестник», Спб., 1906, № 256, 18 ноября (1 декабря), стр. 1.— *182, 233, 264, 271—272, 317, 375—376, 396—397, 428—429, 454.*

Указ правительствующему Сенату [*о выходе крестьян из общин и закреплении в собственность надельных участков.* 9 (22) ноября 1906 г.].— «Правительственный Вестник», Спб., 1906, № 252, 12 (25) ноября, стр. 1.— *173, 182, 233, 264, 271—272, 317, 375—376, 396—397, 428—429, 454—455.*

Указ правительствующему Сенату [*об изменениях и дополнениях в положении о выборах в Государственную думу.* 11 (24) декабря 1905 г.].— «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 268, 13 (26) декабря, стр. 1, в отд.: Действия правительства.— *50, 55, 129—130, 137—138, 142, 187, 331.*

Указатель к стенографическим отчетам [*Государственной думы*]. Второй созыв. 1907 год. Заседания 1—53 (20 февраля — 2 июня 1907 г.). Спб., гос. тип., 1907. 322 стр. (Государственная дума).— *390.*

Устав партии, [*принятый на III съезде РСДРП*].— В кн.: Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905, стр. XXVIII—XXIX. (РСДРП).— *161.*

Учреждение Государственной думы.— «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 169, 6 (19) августа, стр. 1—2.— *6, 13.*

Федоров, М. П. [*Речь во время приема царем земской делегации 6 (19) июня 1905 г.*].— «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 121, 8 (21) июня, стр. 1.— *128—129.*

Финн-Енотаевский, А. Ю. Аграрный вопрос и социал-демократия. [Спб., 1906]. 83 стр.— *265, 280—281, 312, 315—316.*

Фирсов, Д. и Якобий, М. К пересмотру аграрной программы и ее обоснования — қараңыз: К пересмотру аграрной программы и ее обоснования.

Фонвизин, Д. И. Недоросль.— 69.

[*Хрусталев-Носарь, Г.*] *С берегов Темзы.*—«Товарищ», Спб., 1907, № 260, 8 (21) мая, стр. 1—2; № 266, 15 (28) мая, стр. 3; № 287, 8 (21) июня, стр. 1. Подпись: Переяславский, Ю.— *169.*

Цеткина, К. Международный социалистический конгресс в Штутгарте.— В кн.: «Зарницы». Вып. I. Спб., тип. Безобразова, 1907, стр. 105—112.— *198.*

Череванин, Л. Лондонский съезд РСДРП. 1907 г. С прилож. принятых резолюций и их проектов. [Спб.], «Борьба», [1907]. 102 стр.— *117, 169.*

Чернов, В. Профессиональное движение и марксистская ортодоксия.— В кн.: Сборник статей. № 1. Спб., «Наша Мысль», 1907, стр. 47—74.— *196.*

Чернышевский, Н. Г. Очерки гоголевского периода русской литературы.— 348.

Чехов, А. П. Человек в футляре.— 9, 167, 333—334, 449.

— Учитель словесности.— 9, 15.

Члены 2-ой Государственной думы. Спб., «Пушкинская Скоропечатня», 1907. XII, 124 стр.— *411.*

Чупров, А. И. К вопросу об аграрной реформе.— В кн.: Аграрный вопрос. Т. II. Сборник статей Брейера, Бруна, Воробьева, Герценштейна, Дена, Кауфмана, Кутлера, Левитского, Мануилова, Петрункевича, Хауке, Чупрова, Якушкина. М., «Беседа», 1907, стр. 1—43. (Изд. Долгорукова и Петрункевича).— *236, 283, 384, 389.*

Шанин, М. Муниципализация или раздел в собственность? Характер нашего аграрного кризиса. Вильно, «Трибуна», 1907. 112 стр.— *282—284, 370—371.*

Э. П. — қараңыз: Пименова, Э. К.

Энгельс, Ф. К жилищному вопросу. Май 1872 г.— январь 1873 г.— *364.*

— *К истории Союза коммунистов.* 8 октября 1885 г.— *318—319.*

— [*Письмо Ф. А. Зорге.* 29 апреля 1886 г.].— В кн.: Письма И. Ф. Беккера, И. Дицгена, Ф. Энгельса, К. Маркса и др. к Ф. А. Зорге и др. Пер. с немецкого Политикуса. С письмами и биографией Ф. А. Зорге. С предисл. Н. Ленина. С портр. Ф. А. Зорге. Спб., Дауге, 1907, стр. 245—250.— *85.*

— [*Письмо Ф. А. Зорге.* 29 ноября 1886 г.].— Там же, стр. 266—270.— *439.*

— [*Письмо Ф. А. Зорге.* 7 декабря 1889 г.].— Там же, стр. 356—359.— *439.*

— [*Письмо Ф. А. Зорге. 10 июня 1891 г.*].— Там же, стр. 406—407.— *439.*

— [*Письмо Ф. А. Зорге.* 18 января 1893 г.].— Там же, стр. 439—440.— *363.*

— [*Письмо Ф. Келли-Вишневецкой.* 27 января 1887 г.].— Там же, стр. 276—277.— *439.*

*— *Программа коммунаров-бланкистов.* («Volksstaat», 1874 г., № 73).— В кн.: Энгельс, Ф. Статьи 1871—75 гг. Фогт.— Бакунисты за работой.— Поляки.— Бланкисты.— О России. Пер. с нем. Б. Смирнова под ред. А. Санина. Спб., [«Знание»], 1906, стр. 41—48. (Дешевая б-ка т-ва «Знание». № 271).— *10.*

*— *Статьи 1871—75 гг.* Фогт. — Бакунисты за работой. — Поляки.— Бланкисты.— О России. Пер. с нем. Б. Смирнова под ред. А. Санина. Спб., [«Знание»], 1906. 77 стр. (Дешевая б-ка т-ва «Знание». № 271).— *10.*

[*Adler, W. Die Abänderung zur Resolution zur Frage des Frauenwahlrechts, eingebracht auf dem Internationalen sozialistischen Kongreß zu Stuttgart*].— «Vorwärts», Berlin, 1907, N 195, 22. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 2. Unter dem Gesamttitel: Die Kommissionen. Frauenwahlrecht.— *91, 98.*

[*Afterword of editorial stuff to Burnett's article «Sold again!»*].— «Justice», London, 1907, N 1,245, November 23, p. 4.— *469.*

Almanach de Gotha. Annuaire généalogique, diplomatique et statistique. 1908. Gotha, Perthes [1907]. XXIV, 1194 p.— *345.*

«Aus der Weltpolitik», München, 1903, N 48, 30. November, S. 1—10.— *112.*

Baer, K. u. Helmersen, G. Beiträge zur Kenntnis des Russischen Reiches und der angränzenden Länder Asiens. Aus Kosten der Akademie der Wissenschaften hrsg. von Baer, K. u. Helmersen, G. 11. Bd. Gemischten Inhalts. S.-Pb., Die Akademie der Wissenschaften, 1845. 183 S. — *136.*

[*Bebel, A. Resolutionsentwurf zur Frage des Militarismus und der internationalen Konflikte, eingebracht auf dem Internationalen sozialistischen Kongreß zu Stuttgart*].—«Vorwärts», Berlin, 1907, N 194, 21. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 3. Unter dem Gesamttitel: Die Kommissionen. Der Militarismus und die internationalen Konflikte. — *78—79, 92—93.*

[*Beer, H. Resolutionsentwurf zur Frage der Beziehungen zwischen der politischen Partei und den Gewerkschaften, eingebracht auf dem Internationalen sozialistischen Kongreß zu Stuttgart*].— «Vorwärts», Berlin, 1907, N 194, 21. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 2. Unter dem Gesamttitel: Die Kommissionen. Die Beziehungen zwischen den politischen Parteien und den Gewerkschaften.— *196, 462.*

[*Die Beziehungen zwischen der politischen Partei und den Gewerkschaften.* Debatten in der Kommission des Internationalen sozialistischen Kongresses zu Stuttgart].— «Vorwärts», Berlin, 1907, N 196, 23. August. 1. Beilage des «Vorwärts». S. 3. Unter dem Gesamttitel: Die Kommissionen. Partei und Gewerkschaft. — *76, 88—89, 96, 197, 198, 463—464, 466.*

[*Die Beziehungen zwischen der politischen Partei und den Gewerkschaften. Resolutionsentwurf der Kommissionsmehrheit des Internationalen sozialistischen Kongresses zu Stuttgart*].— «Vorwärts», Berlin, 1907, N 197, 24. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1. Unter dem Gesamttitel: Internationaler sozialistischer Kongreß. —*196.*

Bogdanow, A. Ernst Mach und die Revolution.— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1907—1908, 26. Jg., Bd. 1, N 20, S. 695 —700. — *453.*

Brouckére, L., de. Rapport sur les rapports entre les partis politiques socialistes et les associations professionnelles, présenté au nom du Parti Ouvrier Belge.— In: Propositions et Projèts de Résolutions avec rapports, explicatifs présentés au

congrès Socialiste International de Stuttgart (18—24 août 1907). Edition en 3 langues du Bureau Socialiste International. [Bruxelles, 1907], p. 30—88. — *76.*

**Brownlie, J. T. A dishonourable peace.*—«The Labour Leader», London, 1907, N 21, November 15, p. 322. — *470.*

**Burnett, J. Sold again!* —«Justice», London, 1907, N 1,245, November 23, p. 4. — *469.*

«La Caserne», Haine st. Paul. — *123.*

«La Caserne», Paris.— *123.*

[*La commune révolutionnaire*]. Aux Communaux. Londres, 1874. 12 p. — *10.*

«Conscrit», Paris. — *123.*

«Corriere della Sera», Milano, 1908, N 41, 10 Febbraio, p. 1—2. — *473.*

— 1908, N 42, 11 Febbraio, p. 5. — *473.*

Croci, P. L'ira nemica anche oltre tomba. L'inevitabilitá d'una nuova instaurazione.—«Corriere della Sera», Milano, 1908, N 42, 11 Febbraio, p. 5. — *473.*

— *Lo stato d'animo nazionale.*—«Corriere della Sera», Milano, 1908, N 41, 10 Febbraio, p. 1—2.— *473.*

— *La visita del popolo alle salme reali.*— «Corriere della Sera», Milano, 1908, N 41, 10 Febbraio, p. 2. — *473.*

[*Die Ein- und Auswanderung der Arbeiter.* Debatten in der Kommission des Internationalen sozialistischen Kongresses zu Stuttgart].— «Vorwärts», Berlin, 1907, № 194, 21. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 2—3; N 195, 22. August. 1. Beilage des «Vorwärts» S. 2—3. Unter dem Gesamttitel: Die Kommissionen. Die Ein- und Auswanderung der Arbeiter. — *77—78. 90—91.*

Eine Verleugnung des Klassenkampfes.—«Vorwärts», Berlin, 1908, N 48, 26. Februar, S. 1.— *498.*

«En Avant». — *123.*

Engels, F. Internationales aus dem Volksstaat (1871—75). Berlin, Expedition des «Vorwärts» Berliner Volksblatt, 1894. 72 S. —*10.*

— *Programm der blanquistischen Kommune-Flüchtlinge.* («Volksstaat», 1874, N 73).—In: Engels, F. Internationales aus dem Volksstaat (1871—75). Berlin, Expedition des «Vorwärts» Berliner Volksblatt, 1894, S. 40—46. — *10.*

Engels, F. Zur Kritik des sozialdemokratischen Programmentwurfes 1891.—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1901—1902, Jg. XX, Bd. I, N 1, S. 5—13. — *475.*

Der Entwurf des neuen Parteiprogramms. III.—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1890—1891, Jg. IX. Bd. II, N 51, S. 780—791. — *475.*

Erste internationale Konferenz sozialistischer Frauen.— «Vorwärts», Berlin, 1907, N 192, 18. August. 2. Beilage des «Vorwärts», S. 1—3; N 193, 20. August. 2. Beilage des «Vorwärts», S. 3; N 194, 21. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1—2.— *75, 91—92, 97.*

[*Die erste Sitzung des Internationalen sozialistischen Kongresses zu Stuttgart*].—«Vorwärts», Berlin, 1907, N 193, 20. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1—2. Unter dem Gesamttitel: Internationaler sozialistischer Kongreß. — *198—199.*

«Frankfurter Zeitung», Frankfurt am Main. — *454.*

— 1908, Februar. — *471—473.*

— 1908, N 76, 16. März. — *504.*

Frauenwahlrecht. [Debatten auf dem Internationalen sozialistischen Kongreß zu Stuttgart].— «Vorwärts» Berlin, 1907, N 196, 23. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 2—3. Unter dem Gesamttitel: Internationaler sozialistischer Kongreß. — *74—75, 90, 97.*

[*Frauenwahlrecht.* Debatten in der Kommission des Internationalen sozialistischen Kongresses zu Stuttgart].—«Vorwärts», Berlin, 1907, N 195, 22. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 2. Unter dem Gesamttitel: Die Kommissionen. Frauenwahlrecht. — *75, 90—91, 97.*

«Die Gleichheit», Stuttgart, 1907, N 18, 2. September. — *76, 85, 86, 88, 93—94, 95—97, 197—198.*

**The great surrender.*— «The Labour Leader», London, 1907, N 21, November 15, p. 328. — *470.*

[*Guesde, J. Resolutionsentwurf zur Frage des Militarismus und der internationalen Konflikte, eingebracht auf dem Internationalen sozialistischen Kongreß zu Stuttgart*].—«Vorwärts», Berlin, 1907, N 194, 21. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S.

3. Unter dem Gesamttitel: Die Kommissionen. Der Militarismus und die internationalen Konflikte. — *78, 92.*

[*Hervé, G. Resolutionsentwurf zur Frage des Militarismus und der internationalen Konflikte, eingebracht auf dem Internationalen sozialististischen Kongreß zu Stuttgart*].— «Vorwärts», Berlin, 1907, N 194. 21. August. 1. Beilage des «Vorwärts» S. 3. Unter dem Gesamttitel: Die Kommissionen. Der Militarismus und die internationalen Konflikte. — *77—78, 92.*

Internationale Regeln der sozialistischen Taktik. [Die Resolution des Internationalen Sozialistenkongresses zu Amsterdam].— In: Internationaler Sozialistenkongreß zu Amsterdam. 14. bis 20. August 1904. Berlin, Expedition der Buchhandlung «Vorwärts», 1904, S. 31—32. — *85.*

Internationaler sozialistischer Kongreß.—«Vorwärts», Berlin, 1907, N 193, 20. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1—2; N 194, 21. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1; N 195, 22. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1—2; N 196, 23. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1—3; N 197, 24. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1—3; N 198, 25. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1—2. — *72—79, 85—94.*

Internationaler Sozialistenkongreß zu Amsterdam. 14. bis 20. August 1904. Berlin, Expedition der Buchhandlung «Vorwärts», 1904. 78 S. — *85.*

[*Jaurès, J.*] [*Resolutionsentwurf zur Frage des Militarismus und der internationalen Konflikte, eingebracht auf dem Internationalen sozialistischen Kongreß zu Stuttgart*].— «Vorwärts», Berlin, 1907, N 194, 21. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 3—4. Unter dem Gesamttitel: Die Kommissionen. Der Militarismus und die internationalen Konflikte.— *79.*

«Journal des Débats politiques et littéraires», Paris, 1908, 15 mars.— *505.*

**«Justice»,* London, 1907, N 1,244. November 16, p. 6.— *469.*

*— 1907, N 1,245, November 23, p. 4.— *469.*

Kaufmann, R. Die Kommunalfinanzen (Großbritannien, Frankreich, Preußen). Leipzig, Hirschfeld, 1906. 2 Bände. (Hand-und Lehrbuch der Staatswissenschaften in selbständigen Bänden, begründet von K. Frankenstein fortgesetzt von Heckel. 2. Abt.: Finanzwissenschaft. V. Bd.).— *344.*

**Kautsky, K. Die Agrarfrage.* Eine Übersicht über die Tendenzen der modernen Landwirtschaft und die Agrarpolitik der Sozial-

demokratie. Stuttgart, Dietz, 1899. VIII, 451 S.— *270, 294—295, 303—304.*

— *Die Agrarfrage in Rußland.*— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1905—1906, 24. Jg., Bd. 1, N 13, S. 412—423.— *314, 399.*

— [*Der Bericht über die Rede von K. Kautsky in einer Versammlung der Leipziger Genossen*].— «Vorwärts», Berlin, 1907, N 209, 7. September. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1. Unter dem Gesamttitel: Debatten über den Stuttgarter Kongreß. Leipzig.— *76, 88, 89, 197, 460.*

— *Partei und Gewerkschaft.*— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1905—1906, 24. Jg., Bd. 2, N 48, S. 716—725; N 49, S. 749—754.— *196.*

— *Der Parteitag von Mannheim.*— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1906—1907, 25. Jg., Bd. 1, N 1, S. 4—10.— *196.*

*— *Die soziale Revolution.* I. Sozialreform und soziale Revolution. 2. durchges. und verm. Aufl. Berlin, Buchhandlung «Vorwärts», 1907. 64 S.— *358, 440.*

— *Der Stuttgarter Kongreß.*— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1906—1907, 25. Jg., Bd. 2, N 48, S. 724—730.— *86.*

— *Triebkräfte und Aussichten der russischen Revolution.*— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1906—1907, 25. Jg., Bd. 1, N 9, S. 284—290; N 10, S. 324—333.— *357—358.*

*— *Vorwort zur zweiten Auflage* [*des Buches «Die soziale Revolution»*].— In: Kautsky, K. Die soziale Revolution. I. Sozialreform und soziale Revolution. 2. durchges, und verm. Aufl. Berlin, Buchhandlung «Vorwärts», 1907, S. 5—6.— *358.*

Die Kolonialfrage. [Debatten auf dem Internationalen sozialistischen Kongreß zu Stuttgart].— «Vorwärts», Berlin, 1907, N 195, 22. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1—2; N 196, 23. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1—2. Unter dem Gesamttitel: Internationaler sozialistischer Kongreß.— *72—74, 86—87.*

[*Die Kolonialfrage.* Debatten in der Kommission des Internationalen sozialistischen Kongresses zu Stuttgart].— «Vorwärts», Berlin, 1907, N 193, 20. August. 2. Beilage des «Vorwärts», S. 2. Unter dem Gesamttitel: Die Kommissionen. Die Kommission für die Vorbereitung der Kolonialfrage.— *72—73, 86—87.*

[*Die Kolonialfrage.* Resolutionsentwurf der Kommissionsmehrheit auf dem Internationalen sozialistischen Kongreß zu Stutt-

gart].— «Vorwärts», Berlin, 1907, N 195, 22. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1. Unter dem Gesamttitel: Internationaler sozialistischer Kongreß.— *72—73, 87.*

Kommission für Frauenstimmrecht.— «Vorwärts», Berlin, 1907, N 194, 21. August, S. 4. Unter dem Gesamttitel: Internationaler sozialistischer Kongreß.— *75, 90—91.*

**«The Labour Leader»*, London, 1907, N 21, November 15, p. 322, 328.— *469—470.*

[*Lenin, W. I. u. Luxemburg, R. Änderungen zur Resolutionsentwurf Bebels zur Frage des Militarismus und der internationalen Konflikte, eingebracht auf dem Internationalen sozialistischen Kongreß zu Stuttgart*].— «Vorwärts», Berlin, 1907, N 196, 23. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 3. Unter dem Gesamttitel: Die Kommissionen. Der Militarismus und die internationalen Konflikte. — *78—79, 80, 81, 93.*

Marx, K. u. Engels, F. Gesammelte Schriften von Karl Marx und Friedrich Engels. 1841 bis 1850. Bd. 2. Von Juli 1844 bis November 1847. Stuttgart, Dietz, 1902. VIII, 482 S. (In: Aus dem literarischen Nachlaß von Karl Marx, Friedrich Engels und Ferdinand Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. 2).— *270, 276, 318—319.*

— *Der Volkstribun, redigiert von Hermann Kriege in New-York.*— In: Marx, K. u. Engels, F. Gesammelte Schriften von Karl Marx und Friedrich Engels. 1841 bis 1850. Bd. 2. Von Juli 1844 bis November 1847. Stuttgart, Dietz, 1902, S. 414—428. (In: Aus dem literarischen Nachlaß von Karl Marx, Friedrich Engels und Ferdinand Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. 2).— *270, 276, 318—319.*

**Marx, K. Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. III. T. 1. Buch III: Der Gesamtprozeß der kapitalistischen Produktion. Kapitel I bis XXVIII. Hrsg. von F. Engels. Hamburg, Meißner, 1894. XXVIII, 448 S.— *289, 297, 300—301, 304, 307—308.*

*— *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. III. T. 2. Buch III: Der Gesamtprozeß der kapitalistischen Produktion. Kapitel XXIX bis LII. Hrsg. von F. Engels. Hamburg, Meißner, 1894. IV, 422 S.—*269, 289, 297, 300—303, 304, 307—308, 312—313, 314, 315—316.*

Marx, K. Theorien über den Mehrwert. Aus dem nachgelassenen Manuskript «Zur Kritik der politischen Ökonomie». Hrsg. von K. Kautsky. Bd. I. Die Anfänge der Theorie vom Mehrwert bis Adam Smith. Stuttgart, Dietz, 1905. XX, 430 S.— *296—297.*

— *Theorien über den Mehrwert*. Aus dem nachgelassenen Manuskript «Zur Kritik der politischen Ökonomie». Hrsg. von K. Kautsky. Bd. II. David Ricardo. T. 1. Stuttgart, Dietz, 1905. XII, 344 S.— *267, 269, 294, 296—297, 298, 319.*

— *Theorien über den Mehrwert*. Aus dem nachgelassenen Manuskript «Zur Kritik der politischen Ökonomie». Hrsg. von K. Kautsky. Bd. II. David Ricardo. T. 2. Stuttgart, Dietz, 1905. IV, 384 S.— *267—269, 293—294, 297.*

Maßlow, P. Die Agrarfrage in Rußland. Die bäuerliche Wirtschaftsform und die ländlichen Arbeiter. Autorisierte Übersetzung von M. Nachimson. Stuttgart, Dietz, 1907. XIII, 265 S.— *308.*

Mehring, F. Deutscher Liberalismus und russische Duma.— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1906—1907, 25. Jg., Bd. 1, N 23, S. 761—764.— *162.*

Der Militarismus und die internationalen Konflikte. [Debatten auf dem Internationalen sozialistischen Kongreß zu Stuttgart].— «Vorwärts», Berlin, 1907, N 198, 25. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1—2. Unter dem Gesamttitel: Internationaler sozialistischer Kongreß.— *91—92.*

Der Militarismus und die internationalen Konflikte. [Debatten in der Kommission des Internationalen sozialistischen Kongresses zu Stuttgart].— «Vorwärts», Berlin, 1907, N 193, 20. August. 2. Beilage des «Vorwärts», S. 2; N 194, 21. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 3—4; N 195, 22. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 3—4; N 196, 23. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 3; N 197, 24. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 3—4. Unter dem Gesamttitel: Die Kommissionen. Der Militarismus und die internationalen Konflikte. — *77—79, 80—81, 92—93, 96.*

«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1890—1891, Jg. IX, Bd. II, N 51, S. 780—791.— *475.*

— 1901—1902, Jg. XX, Bd. 1, N 1, S. 5—13.— *475.*

— 1905—1906, 24. Jg., Bd. 1, N 13, S. 412—423.— *314, 399.*

— 1905—1906, 24. Jg., Bd. 2, N 48, S. 716—725; N 49, S. 749—754.— *196.*

— 1906—1907, 25. Jg., Bd. 1, N 1, S. 4—10.—*196.*

— 1906—1907, 25. Jg., Bd. 1, N 9, S. 284—290; N 10, S. 324—333. — *357—358.*

— 1906—1907, 25. Jg., Bd. 1, N 23, S. 761—764. — *162.*

— 1906—1907, 25. Jg., Bd. 2, N 48, S. 724—730. — *86.*

— 1907—1908, 26. Jg., Bd. 1, N 20, S. 695—700. — *453.*

**«The New Age»*, [London], 1907, N 691, Dec. 7, S. 101—102. — *470.*

**Notes of the week.*— «The New Age», [London], 1907, N 691, Dec. 7, S. 101—102.— *470.*

Outline of scheme for conciliation and arbitration. General principles.—«The Times», London, 1907, N 38,484, November 7, S. 4. — *470.*

Parvus. Der Anfang vom Ende?—«Aus der Weltpolitik», München, 1903, N 48, 30. November, S. 1—10. — *112.*

«La Patrie en Danger», Paris. — *485.*

«Pays». — *474.*

Plechanov, G. [Änderung zur Resolution Beers zur Frage der Beziehungen zwischen der politischen Partei und den Gewerkschaften auf dem Internationalen sozialistischen Kongreß zu Stuttgart].— «Vorwärts», Berlin, 1907, N 196, 23. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 3. Unter dem Gesamttitel: Die Kommissionen. — *197, 198, 463—464.*

Propositions et Projèts de Résolutions avec rapports explicatifs présentés au congrès Socialiste International de Stuttgart (18—24 août 1907). Edition en 3 langues du Bureau Socialiste International. [Bruxelles, 1907]. XCVI, 608 p. — *76—77.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Breslau vom 6. bis 12. Oktober 1895. Berlin, Expedition des «Vorwärts», 1895. 223 S. — *467—468.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Dresden vom 13. bis 20. September 1903. Berlin, Expedition der Buchhandlung «Vorwärts», 1903. 448 S. — *147.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Essen vom 15. bis 21. September 1907. Berlin, Buchhandlung «Vorwärts», 1907. 413 S. — *76—77, 199, 467—468.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Mannheim vom 23. bis 29. September 1906, sowie Bericht über die 4. Frauenkonferenz am 22. u. 23. September 1906 in Mannheim. Berlin, Buchhandlung «Vorwärts», 1906. 488 S. — *196.*

**The Railway settlement.*— «The Labour Leader», London, 1907, N 21, November 15, p. 322. Signature: W. R.— *469—470.*

«Reynolds Newspaper», London. — *469—470.*

Rodbertus-Jagetzow, I. K. Soziale Briefe an von Kirchmann.— 299.

«Sächsische Arbeiterzeitung», 1908, Februar. — *496—497, 499.*

Sismondi, J. C. L. Simonde de. Ètudes sur l'économie politique. T. I. Bruxelles, société typographique Belge, 1837. IX, 327 p. — *74.*

Südekum, A. Die Taktik der Reaktionäre.— «Sächsische Arbeiterzeitung», 1908, Februar.— *496—497, 499.*

Terms of settlement. Adhesion of masters and men.— «The Times», London, 1907, N 38,484, November 7, p 4. — *470.*

«The Times», London. — *469—470.*

— 1907, N 38,484, November 7, p. 4. — *470.*

Vorbemerkung des Übersetzers [zum Art. von A. Bogdanow «Ernst Mach und die Revolution»].—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1907—1908, 26. Jg., Bd. 1, N 20, S. 695—696. — *453.*

«Vorwärts», Berlin, 1907, N 192, 18. August. 2. Beilage des «Vorwärts», S. 1—3. — *75, 91—92, 97.*

— 1907, N 193, 20. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1—2. — *72—79, 85—93, 198—199.*

— 1907, N 193, 20. August. 2. Beilage des «Vorwärts», S. 2, 3. — *72—73, 75, 77—79, 80—81, 86—87, 91—92, 93, 96, 97.*

— 1907, N 194, 21. August, S. 4. — *75, 90—91.*

— 1907, N 194, 21. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1—4.— *72—79, 80—81, 85—94, 95, 96, 196, 463.*

— 1907, N 195, 22. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1—4. — *72—79, 80—81, 85—94, 95, 96.*

— 1907, N 196, 23. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1—3. — *72—79, 80—81, 85—94, 95, 96, 197, 198, 463—464, 465—466.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

Аджемов, М. С. (1878 ж. туған) —қорғаушы адвокат, кадеттер партиясының мүшесі, II, III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты, кәсібі жөнінен дәрігер. Думаларда сот реформалары жөніндегі, бюджет және басқа комиссиялардың мүшесі болды. «Вестник Права», «Русские Ведомости», «Вестник Партии Народной Свободы» және басқа басылымдарға жазып тұрды. 1917 жылы кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, Құрылтай жиналысына мүшелікке кандидат болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Париждегі ақ эмиграцияның белсенді қайраткері. — *481.*

Адлер (Adler), *Виктор* (1852—1918) — Австрия социал-демократиясын ұйымдастырушылардың және лидерлерінің бірі; саяси қызметін буржуазиялық радикал ретінде бастады, 80-жылдардың орта шенінен бастап жұмысшы қозғалысына қатысты. 1886 жылы Адлер «Gleichheit» («Теңдік») газетін ұйымдастырды, 1889 жылдан бастап Австрия социал-демократиясының орталық органы «Arbeiter-Zeitung» («Жұмысшы Газеті») газетінің редакторы болды. 80—90-жылдарда Ф. Энгельспен қарым-қатынас жасап тұрды, бірақ Энгельс қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай реформизмге қарай құлдырап кетті және оппортунизм көсемдерінің бірі ретінде әрекет етті. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) Адлер центристік позиция ұстап, «таптық бітімді» уағыздады және жұмысшы табының революциялық бой көрсетулеріне қарсы күресті. 1918 жылы, Австрияда буржуазиялық республика орнағаннан кейін, аз уақыт сыртқы істер министрі болды.— *91, 98, 137.*

Аксельрод, П. Б. (1850—1928)— меньшевизм лидерлерінің бірі. 70-жылдарда — халықшыл, «Жер және ерік» жікке бөлінгеннен кейін «Қаралай бөліс» тобына қосылды; 1883 жылы «Еңбекті азат ету» тобын құруға қатысты, 1900 жылдан — «Искра» мен «Заря» редакциясының мүшесі; РСДРП II съезіне «Искра» редакциясынан кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы

искрашыл. Съезден кейін — белсенді меньшевик. 1905 жылы кеңейтілген «жұмысшы съезін» шақыру жөніндегі оппортунистік идеяны ұсынып, бұл съезді ол пролетариат партиясына қарама-қарсы қойды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздар басшыларының бірі, жойымпаз-меньшевиктердің «Голос Социал-Демократа» газетінің редакциясына кірді; 1912 жылы антипартиялық Август блогына қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — центрист, Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысып, оларда оң қанатқа қосылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды; эмиграцияда жүріп, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенцияны насихаттады. — *6—7, 15, 116.*

Алексинский, Г. А. (1879 ж. туған) — өзінің саяси қызметінің бас кезінде — социал-демократ. 1905—1907 жылдардағы революция дәуірінде большевиктерге қосылды. Петербург жұмысшыларынан II Мемлекеттік думаға депутат болды, Думаның жұмыссыздарға көмек көрсету жөніндегі комиссиясына, азық-түлік және аграрлық комиссияларына енді, Думада П. А. Столыпин жариялаған үкіметтік декларация жөнінде, бюджет туралы, аграрлық және басқа мәселелер бойынша сөз сөйледі. Думадағы социал-демократиялық фракцияның өкілі ретінде кеңесші дауыспен партияның V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты. Реакция жылдарында — шақырымпаз, Капри аралындағы (Италия) фракциялық мектептің лекторы, антипартиялық «Вперед» тобын ұйымдастырушылардың бірі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде—нағыз социал-шовинист, бірқатар буржуазиялық газеттердің қызметкері. 1917 жылы Россияға қайтып оралғаннан кейін Плехановтың «Бірлік» тобына қосылып, контрреволюциялық позиция ұстады. 1917 жылы июльде, әскери контрразведкамен бірігіп жалған документтер жасап, В. И. Ленин мен большевиктерге жала жапты. 1918 жылы апрельде шетелге қашып кетті. 1920 жылы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Жоғарғы революциялық трибуналы контрреволюциялық «Тактикалық орталық» ұйымының ісі бойынша сырттай соттап, Советтік Россияға келу правосынан айырды. Эмиграцияда барып тұрған реакция лагеріне қосылды. — *62, 225, 428.*

Андерсон (Anderson), *Джемс* (1739—1808) — ағылшынның белгілі буржуазияшыл экономисі, ірі фермер, негізінен ауыл шаруашылығы мәселелеріне арналған бірқатар ғылыми еңбектердің авторы. 1777 жылы «Астық заңдарының табиғатын зерттеу» деген еңбегінде дифференциалдық рента теориясының негізгі белгілерін жасады. Жер иелерінің мүдделеріп қорғай отырып, астық заңдарын, баж салығы тарифтерін және экспорт сыйлықтарын сақтауды жақтады, бұлардың сақталуы егін шаруашылығын дамытуға дем береді деп ойлады. К. Маркс Андерсонның

Б

асқан шешен Бебель герман және европалық жұмысшы қозғалысының дамуына едәуір ықпал жасады. Қызметінің соңғы кезеңінде Бебель центристік сипатта бірқатар қателіктер жіберді (оппортунистермен күрестің жеткіліксіздігі, күрестің парламенттік формаларының маңызын асыра бағалау және т. б.). — *78—79, 82, 88, 92—93, 137, 198—199, 200, 467.*

Беер (Beer), *Генрих* —Австрия социал-демократы, оппортунист. II Интернационалдың Штутгарт конгресіне жұмысшы-металшылар тобы атынан қатысты. Саяси партиялар мен кәсіптік одақтар арасындағы қарым-қатынас туралы мәселе бойынша жасалған баяндамада кәсіподақтардың бейтараптығы жөніндегі оппортунистік бағытты қорғады. — *196.*

Белл (Bell), *Ричард* (1859—1930) — Англияның темір жол қызметшілерінің кәсіподағы басшыларының бірі. Алғаш батыс темір жолында кондуктор болып істеді, темір жол қызметшілерінің Біріккен қоғамына кірді; 1891 жылы Қоғамның ұйымдастыру жөніндегі секретары, 1897 жылдан 1910 жылға дейін бас секретары болды. 1900 жылдан 1910 жылға дейін — лейбористік партиядан парламентке мүше болды; жұмысшы табы жөнінде келісімпаздық, сатқындық саясат жүргізді. Қоғамның бас секретары қызметінен кеткеннен кейін сауда министрлігінде қызмет істеді, Мидлсексте бітістіруші судья болды. — *468, 469—470.*

Бердяев, Н. А. (1874—1948) — реакцияшыл идеалист-философ және мистик. Алғашқы әдеби еңбектерінде «жария марксизм» позициясында болды, Маркстің іліміне неокантшылдық тұрғыдан ревизия жасады, кейін марксизмнің ашықтан-ашық жауы болды. 1905 жылы кадеттер партиясына кірді; реакция жылдарында марксизмге дұшпан діни-философиялық құдай іздемпаздық ағымы өкілдерінің бірі болды, контрреволюциялық «Вехи» жинағына қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін феодализм мен орта ғасырлық схоластиканың апологеті ретінде әрекет жасады, бұларды дамып келе жатқан коммунизмнен құтылудың бірден-бір жолы деп білді. Контрреволюциялық қызметі үшін 1922 жылы шетелге қуылды, онда философиялық мистицизмді уағыздай берді, контрреволюция идеологтарының бірі болды. — *102.*

Бернет (Burnett), *Джемс* — Англия социал-демократиялық федерациясының Шотландия округтік советінің секретары.—*469.*

Бернштейн (Bernstein), *Эдуард* (1850—1932) — герман социал-демократиясының және II Интернационалдың барып тұрған оппортунистік қанатының лидері, ревизионизм мен реформизмнің теоретигі. Социал-демократиялық қозғалысқа 70-жылдардың орта кезінен бастап араласты, Дюрингтің ықпалында болды. 1881 жылдан 1889 жылға дейін — Германия социал-демократиялық партиясының құпия орталық органы «Der Sozialdemokrat»-тың («Социал-Демократ») редакторы. 1896—1898 жылдарда «Die

Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген тақырыппен сериялы мақалалар жариялады, кейін бұл мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» (1899) деген кітап болып басылып шықты, бұл кітабында ол революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ашықтан-ашық ревизия жасады. Бернштейн тап күресі жөніндегі маркстік теорияны, капитализмнің сөзсіз күйрейтіндігі туралы, социалистік революция және пролетариат диктатурасы туралы ілімді теріске шығарды. «Пролетариат революциясы туралы оппортунист ойлауды да ұмытып қалған»,— деп жазды В. И. Ленин Бернштейн жайында (Шығармалар, 25-том, 445-бет). Бернштейн жұмысшы қозғалысының бірден-бір міндеті капитализм тұсында жұмысшылардың экономикалық жағдайын «жақсартуға» бағытталған реформалар үшін күрес жүргізу деп жариялады, «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген оппортунистік формуланы ұсынды. Бернштейн мен оның ізбасарларының теориялық көзқарастары мен практикалық оппортунистік қызметі жұмысшы табының мүдделеріне тікелей опасыздық жасауға әкеліп соқты, ал мұның өзі бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде II Интернационалдың күйреуімен тынды. Бұдан кейінгі жылдарда Бернштейн марксизмге қарсы күресін тоқтатқан жоқ, империалистік буржуазияның саясатын қолдады, Октябрь социалистік революциясы мен Совет мемлекетіне қарсы әрекет жасады. — *73, 308.*

Бинасик, М. С. — қараңыз: Новоседский.

Бисмарк (Bismarck), *Отто Эдуард Леопольд* (1815—1898) — Пруссия мен Германияның мемлекет қайраткері әрі дипломаты, Герман империясының «темір канцлер» атанған тұңғыш канцлері. 1862 жылы — Пруссияның министр-президенті және сыртқы істер министрі. Бисмарктің негізгі мақсаты бытыраңқы ұсақ неміс мемлекеттерін «найзаның ұшымен, білектің күшімен» біріктіріп, юнкерлік Пруссия гегемон болатын біртұтас Герман империясын құру болды. 1871 жылы январьда Бисмарк Герман империясының рейхсканцлері қызметіне кірісті. 1871 жылдан 1890 жылға дейін ол Германияның бүкіл сыртқы және ішкі саясатына басшылық етіп, оны юнкер-помещиктердің мүддесіне сай бағыттап отырды, сонымен бірге юнкерлердің ірі буржуазиямен одақтасуын қамтамасыз етуге тырысты.— *183.*

Бланки (Blanqui), *Луи Огюст* (1805—1881) — француздың аса көрнекті революционері, утопиялық коммунизмнің белгілі өкілі, 1830—1870 жылдар ішіндегі Париж көтерілістері мен революцияларына қатысты, бірқатар құпия революциялық қоғамдарды басқарды. Бланки өмірінің 36 жылдан астамын түрмеде өткізді. Революционер-заговоршылардың шағын тобымен өкіметті басып алуды мақсат еткен ол революциялық күрес үшін бұқараны ұйымдастырудың шешуші ролін түсінбеді. Бланкидің революция-

лық қызметін жоғары бағалай отырып, Маркс және Ленин сонымен бірге оның қателерін және заговорлық тактикасының жарамсыздығын қатаң сынға алды. «Бланкизм дегеніміз,— деп жазды Ленин,— тап күресін теріске шығаратын теория. Бланкизм адам баласын жалдама құлдықтан пролетариаттың таптық күресі арқылы емес, шамалы ғана интеллигенттік азшылықтың заговоры арқылы құтқаруды күтеді». (Шығармалар толық жинағы, 13-том, 85-бет).— *485*.

Бобринский, Ал. А. (1852 ж. туған) — граф, реакцияшыл мемлекет қайраткері, ірі помещик және қант заводының иесі. 1884 жылдан бастап көп жылдар бойы Петербург губерниясында дворяндар жетекшісі болды. 1906 жылы біріккен дворяндар Советінің—крепостник-помещиктердің контрреволюциялық ұйымының—председателі болып сайланды. Киев губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат. 1912 жылдан — Мемлекеттік советтің мүшесі, 1916 жылы — егіншілік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — контрреволюциялық «Россияны мемлекеттік біріктіру советінің» мүшесі, кейіннен ақ эмигрант.— *167, 382, 384, 398*.

Бобринский, В. А. (1868 ж. туған) — граф, реакцияшыл саяси қайраткер, ірі помещик және қант заводының иесі. 1895 жылдан 1898 жылға дейін Богородицк уездік земство басқармасының председателі болды. Тула губерниясынан II, III және IV Мемлекеттік думаларга депутат. Думаларда оң қанатқа қосылды. Барып тұрған ұлтшыл ретінде Россияның ұлттық шет аймақтарын күшпен орыстандыруды жақтады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Россияның оңтүстігінде Совет өкіметіне қарсы күресті. 1919 жылы шетелге эмиграцияға кетті.— *373, 375, 376, 379, 382, 384, 386, 398, 454*.

Богатов, Н. И. (1866 ж. туған) — шаруа, Новгород губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат, октябристерге қосылды.— *426*.

*Богданов, А. (Малиновский, А. А.**, Максимов, Н.) (1873—1928) — социал-демократ, философ, социолог, экономист, білімі жөнінен дәрігер. 90-жылдарда социал-демократиялық үйірмелердің (Тулада) жұмысына қатысты. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшесі ретінде Россияда партияның III съезін әзірлеу жолында жұмыс істеді, сол съезде Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. Большевиктік органдар — «Вперед» және «Пролетарий» редакцияларына кірді, большевиктік «Новая Жизнь» газеті редакторларының бірі болды. РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты. Реакция жылдарында шақырымпаздарды басқарды, Ленинге және партияға қарсы шыққан «Вперед» то-

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиясы көрсетілген.

бының лидері болды. Философия мәселелерінде «эмпириомонизм» (жалған маркстік терминологиямен бүркемеленген субъективтік-идеалистік махистік философияның бір түрі) деп аталған өз жүйесін жасауға тырысты; Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегінде бұл жүйені қатты сынға алды. «Пролетарий» газетінің кеңейтілген редакциясының кеңесінде 1909 жылы июньде Богданов большевиктік партиядан шығарылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін «Пролеткультті» ұйымдастырушылардың және басшыларының бірі болды, Пролетарлық университетте жұмыс істеді. 1926 жылдан бастап — өзі негізін қалаған Қан құю институтының директоры.— *453, 509.*

Борисов — қараңыз: Суворов, С. А.

Брукер (Brouckère), *Луи, де* (1870 ж. туған) — Бельгия жұмысшы партиясы лидерлерінің және теоретиктерінің бірі; бірінші дүние жүзілік соғысқа дейін партияның сол қанатын басқарды. II Интернационалдың Штутгарт конгресінде социалистік партиялар мен кәсіподақтардың қарым-қатынасы жөніндегі мәселе бойынша сөз сөйледі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — барып тұрған социал-шовинист. Соғыстан кейін — партияның Бас советінің бюро мүшесі және II Интернационал Атқару комитетінің мүшесі. Кейінірек үкіметке енді, сенатор, Ұлттар Лигасындағы Бельгияның өкілі болды. 1919 жылдан — Брюссель университетінің профессоры, 1926 жылдан — Бельгия Академиясының мүшесі. Совет мемлекеті мен большевиктер партиясына қарсы күресті.— *76.*

Булат (Булота), А. А. (1872—1941) — Литва қоғам қайраткері, Сувалки губерниясынан II және III Мемлекеттік думаларға депутат, кәсібі жөнінен адвокат. 1905 жылғы октябрь күндерінде почта-телеграф қызметшілерінің ереуілін ұйымдастырушылардың бірі болды; түрмеге жабылды. Думада трудовиктердің фракциясына кірді: III Мемлекеттік думада осы фракцияның лидері болды. 1912—1915 жылдары — Вильнюсте адвокат, 1915 жылдан 1917 жылға дейін Америка Құрама Штаттарында болды. Петроградқа қайтып оралғаннан кейін жұмысшы және солдат депутаттары Советінің келісімпаз Орталық Атқару Комитетіне эсерлер партиясынан кооптацияланды.

1940 жылы, Литвада фашистік режим құлатылғаннан кейін Халықтық сейм сайлауы жөніндегі республикалық сайлау комиссиясының мүшесі болды. 1940—1941 жылдары — Литва ССР Жоғарғы Советі Президиумының заң бөлімінің меңгерушісі. 1941 жылы неміс оккупанттары атып өлтірді.— *417.*

Булгаков, С. Н. (1871—1944) — буржуазияшыл экономист, идеалист-философ. 90-жылдарда «жария марксист» болды. Маркстің аграрлық мәселе жөніндегі іліміне ревизия жасады;

халық бұқарасының қайыршылануын «топырақ құнарлылығының кеми беру заңы» деп аталатын заңның әсерінен болады деп түсіндірді. 1905—1907 жылдардағы революциядан кейін кадеттерге қосылды, философиялық мистицизмді уағыздады, контрреволюциялық «Вехи» жинағына қатысты. 1918 жылдан бастап — священник. 1922 жылы контрреволюциялық қызметі үшін шетелге қуылды, онда СССР-ге қарсы дұшпандық насихат жүргізді.— *102, 297, 301.*

Булыгин, А. Г. (1851—1919) — патшалық Россияның мемлекет қайраткері, ірі помещик. 1900 жылға дейін сот тергеушісі болды, ал кейін бірқатар губернияларда губернатор болды. 1900—1904 жылдары — Москва генерал-губернаторының жәрдемшісі; Зубатов охранкасының қызметіне белсене жәрдемдесіп отырды. 1905 жылы 20 январьдан — ішкі істер министрі. Нақ сол жылғы февральда патшаның тапсыруымен ел ішінде өрлей бастаған революциялық қозғалысты әлсірету мақсатымен кеңесші Мемлекеттік думаны шақыру туралы заң жобасын әзірлеуге басшылық етті. Алайда бұл Дума шақырылмай қалды, өйткені революция оны жайпап өтті. 1905 жылғы 17 октябрьдегі патша манифесінен кейін Булыгин отставкаға шықты, бірақ Мемлекеттік советтің мүшесі болып қала берді, сөйтіп іс жүзінде саяси сахнадан кетті.— *480.*

Буренин, В. П. (1841—1926) — реакцияшыл публицист әрі әдебиетші. 1876 жылдан бастап «Новое Время» газетінің редакциясына кіріп, «нововремяшылдардың» сатқын әдеби тобын басқарды. В. И. Ленин айтыстың арам ниетті әдістерін көрсету үшін Бурениннің есімін жиі қолданды.— *62.*

Бэр, К. М. (1792—1876) — орыс ғалымы, XIX ғасырдағы аса ірі жаратылыс зерттеушілерінің бірі, эмбриологияның негізін салушы, академик. Дерпт университетін бітіргеннен кейін шетелге кетіп, онда 1834 жылға дейін тұрды. 1817 жылдан бастап Кёнигсберг университетінің проректоры, 1819 жылдан — зоология профессоры, 1826 жылдан — анатомия профессоры. 1826 жылы Петербург Ғылым академиясына корреспондент-мүше, ал 1828 жылы штаттағы академик болып сайланды. 1834 жылы Петербургке қайтып оралды. Жануарлардың эмбриональды өсуі жөніндегі еңбектері арқылы жұртшылыққа көбірек танылды. Эволюция процесін мойындады, бірақ оны идеалистік тұрғыдан түсіндірді: Дарвиннің эволюция теориясына, әсіресе табиғи сұрыпталу теориясына қарсы шықты. Антропология мәселелерін де зерттеді. Географиялық қоғамды құрушылардың бірі. Бірқатар географиялық экспедицияларға қатысты. Эмбриология, антропология, анатомия, география және басқа мәселелер жөніндегі көптеген ғылыми еңбектердің авторы.— *244.*

В

шын тред-юнионизмінің теориясы мен практикасы» деген атпен орыс тіліне аударылып шықты. Ұсақ буржуазия мен жұмысшы аристократиясының идеологтары болған Веббтер өздерінің еңбектерінде жұмысшы мәселесін капиталистік қоғам шеңберінде бейбіт жолмен шешу идеясын ұсынды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында социал-шовинизм позициясында болды. Сидней Вебб реформистік Фабий қоғамының негізін салушылардың бірі болды; бірінші (1924) және екінші (1929—1931) лейбористік үкіметтерге кірді. Веббтер Совет Одағына ықыласты ниетте болды.— *26.*

Вергежский, А. — қараңыз: Тыркова, А. В.

Ветчинин, В. Г. (1861 ж. туған) — помещик, 1904 жылдан — Елец дворяндарының жетекшісі, Орел губерниясынан II, III және IV Мемлекеттік думаларға депутат. II Мемлекеттік думада октябристер фракциясында, III Думада «орыс ұлттық» фракциясында, IV Думада —«орыс ұлтшылдары мен баяу-оңшылдарының» фракциясында болды. — *377, 379.*

II Вильгельм (Гогенцоллерн) (1859—1941)— герман императоры және Пруссия королі (1888—1918). — *150.*

Витковский — қараңыз: Гарден, М.

Витте, С. Ю. (1849—1915)— мемлекет қайраткері, патшалық Россияның «әкери-феодалдық империализмінің» мүдделерін білдіруші, самодержавиені жанын сала жақтады, либерал буржуазияға шамалы жеңілдіктер жасап, уәделер беру және халықты қаталдықпен қудалау арқылы монархияны сақтап қалуға тырысты; 1905—1907 жылдардағы революцияны басып-жаншуды ұйымдастырушылардың бірі. Қатынас жолдары министрі (февраль — август, 1892), финанс министрі (1892—1903), министрлер Советінің председателі (октябрь, 1905—апрель, 1906) бола отырып, Витте өзінің финанс, баж салығы саясаты, темір жол құрылысы, фабрикалық заң шығару салаларындағы шаралары, шетел капиталын пайдалануды барынша көтермелеуі арқылы Россияда капитализмнің дамуына және оның империалистік державаларға тәуелділігінің күшеюіне себепші болды. «Министр-маклер», «биржа агенті»,— оған В. И. Ленин осындай сипаттама берді. — *44, 129, 331, 380, 480.*

Вихляев, П. А. (1869—1928) — статистик және агроном, либерал халықшыл. Тверь земство басқармасы экономикалық бөлімінің меңгерушісі болды, ал 1907 жылдан 1917 жылға дейін Москва земство басқармасының статистика бөлімін басқарды. Патшалық Россиядағы шаруалар шаруашылығы туралы бірқатар статистикалық еңбектердің авторы; бұл еңбектерде шаруалардың таптық жіктелуі бекерге шығарылып, селолық қауым дәріптелді. Буржуазиялық Уақытша үкіметте (1917) егіншілік

министрінің орынбасары болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Вихляев Орталық статистика басқармасында істеді және Москваның жоғары оқу орындарының профессоры болды. — *173, 264.*

Воинов — қараңыз: Луначарский, А. В.

Волк-Карачевский, В. В. (1873—1920) — ұсақ буржуазиялық «халықтық социалистер» партиясының мүшесі, Чернигов губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат. Думада аграрлық, кітапхана істері жөніндегі және басқа комиссиялардың мүшесі болды, «халықтық социалистер» фракциясын басқарды. 1914—1917 жылдары —«Бүкіл россиялық қалалар одағының» секретары. — *276, 398.*

Волков, Т. О. (1879 ж. туған) — Смоленск губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат, кадет, шыққан тегі — шаруа. Селода мұғалім болып істеді. Думада аграрлық комиссияға кірді. — *262.*

Воронцов, В. П. (В. В.) (1847—1918) — экономист әрі публицист, 80—90-жылдардағы либерал халықшылдар идеологтарының бірі; «Россиядағы капитализмнің тағдыры» (1882), «Біздің бағыттарымыз» (1893), «Теориялық экономия очерктері» (1895) және басқа кітаптардың авторы; бұл кітаптарында ол Россияда капитализмнің дамуын теріске шығарды, ұсақ товар өндірісін мадақтады, шаруалар қауымын дәріптеді. Воронцов патша үкіметімен ымыраға келуді уағыздады және марксизмге үзілді-кесілді қарсы болды. Воронцовтың көзқарастары В. И. Лениннің көптеген еңбектерінде қатты сынға алынды. — *352, 397.*

Г

Гаврильчик, А. А. (1880 ж. туған) — шаруа, Минск губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат; оңшылдарға қосылды. Думада халыққа білім беру жөніндегі заң жобаларын қарайтын комиссияға кірді. — *415.*

Гарден (Harden), *Максимилиан (Витковский)* (1861—1927) — неміс публицисі және жазушы. Пруссияның реакциялық топтарына қарсы бағытталған өткір саяси мақалалары арқылы жұртшылыққа танылды. 1892 жылы «Die Zukunft» («Болашақ») деген апталықты шығарып, оны 1922 жылға дейін редакциялады. 1907 жылы жанжалды сот процесінде II Вильгельмнің сарай маңындағы сұрқиялар тобының моральдық жағынан азғындап, бұзықтыққа салынғандығын әшкерелеп сөз сөйледі. Бірінші дүние жүзілік соғыстың бастапқы кезінде аннексияшылдық көзқараста болды, кейін пацифистер лагеріне ауысты. Советтік Россияға тілектестік ниетте болды. — *150.*

Гед (Guesde), *Жюль (Базиль, Матьё Жюль)* (1845—1922) — француз социалистік қозғалысының және II Интернационалдың ұйымдастырушылары мен басшыларының бірі. Саяси қызметін 60-жылдардың екінші жартысында бастады; 1871 жылғы Париж Коммунасын қолдады, эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. 1876 жылы Францияға қайтып оралып, К. Маркс пен Ф. Энгельс еңбектерінің ықпалымен марксизм позициясына көшті; 1877 жылы «L'Egalité» («Теңдік») газетінің негізін салушылардың бірі болды, бұл газет 1879 жылы француз пролетариатының тұңғыш дербес саяси партиясы — Франция Жұмысшы партиясын құруда шешуші роль атқарды. Маркс пен Энгельстің қолдауымен Гед Лафаргпен бірге партияның программасын жазып, ол Гавр конгресінде (1880) қабылданды. Гед Францияда марксизм идеяларын тарату және социалистік қозғалысты дамыту үшін көп жұмыс істеді; оны бірнеше рет парламент депутаты етіп сайлады. 1904 жылы Ленин Гедке халықаралық социал-демократияның неғұрлым дәйекті және батыл өкілдерінің бірі деп сипаттама берді.

Бірақ оңшыл социалистердің саясатына қарсы шыға отырып, Гед теориялық мәселелерде де, тактикалық мәселелерде де сектанттық сипатта қателіктер жіберді; ол жұмысшы табының күресінде партияның ролін жете бағаламады, пролетариаттың соғысқа көзқарасы туралы мәселе жөнінде теріс позиция ұстады. Бірінші дүние жүзілік соғыс басталған кезде, Гед жұмысшылардың мүдделеріне опасыздық жасады, социал-шовинизм позициясында болды, буржуазиялық үкіметке кірді. Ленин былай деп жазды: «Гедтің 1914 жылғы социализмге ашықтан-ашық опасыздық жасауынан *басқа,* барлық өмірінен үлгі алыңыздар, дейміз біз жұмысшыларға» (Шығармалар, 21-том, 114-115-беттер). Гед Ұлы Октябрь социалистік революциясының маңызын түсінбеді, Коминтернге қосылуды ұйғарған Француз социалистік партиясының Тур конгресі (1920) көпшілігіне қосылмады. — *78, 92.*

Гейден, П. А. (1840—1907) — граф, ірі помещик, земство қайраткері, октябрист. 1895 жылдан — Псков губерниясында уездік дворяндар жетекшісі. 1904—1905 жылдары земство қозғалысына белсене қатысты. Либерализмді бүркеніш етіп, буржуазия мен помещиктерді өршіп келе жатқан революциялық қозғалысқа қарсы күреске біріктіруге тырысты. 1905 жылғы 17 октябрьдегі патша манифесінен кейін ашықтан-ашық контрреволюция лагеріне шықты. I Мемлекеттік думада оңшыл депутаттар тобын басқарды. Дума таратылғаннан кейін Гейден буржуазиялық «бейбіт жаңарту» партиясын ұйымдастырушылардың бірі болды.— *40—49, 235, 385.*

Гельмерсен, Г. П. (1803—1885) — орыстың белгілі геологы, академик. 1865 жылдан 1872 жылға дейін—Петербург тау-кен институтының директоры. 1882 жылдан Геологиялық комитеттің

директоры, бұл комитетті құруға өзі белсенді қатысқан-ды. Уралды, Алтайды және Орта Азияны зерттеулері арқылы жұртшылыққа танылды. 1841 жылы Европалық Россияның геологиялық картасын жасады. — *244.*

Гендельман, М. Я.— қараңыз: Якобий, М.

VII Генрих, Тюдор (1457—1509)—1485 жылдан Англия королі. Өнеркәсіп пен сауданың дамуына дем беріп отырды. Ол билік еткен жылдарда ірі жер иелерінің шаруалар жерлеріне қоршау қою және шаруаларды жерлерінен жаппай қуу процесі мықтап өріс алды. — *267.*

Георгиевский, В. — қараңыз: Евлогий.

Герасимов, М. Н. (1873 ж. туған)—шаруа, Қазан губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат, кадеттер партиясының мүшесі. — *262.*

Герценштейн, М. Я. (1859—1906)—буржуазияшыл экономист, Москва ауыл шаруашылық институтының профессоры, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі, оның аграрлық мәселе жөніндегі теоретигі. Москва қаласынан I Мемлекеттік думаға депутат. Дума таратылғаннан кейін Финляндияда қаражүздіктер өлтірді.— *402.*

Гершуни, Г. А. (1870—1908)—эсерлер партиясын құрушылардың және лидерлерінің бірі, оның жауынгер тобының ұйымдастырушысы әрі басшысы, партияның Орталық Комитетінің мүшесі. 1902—1903 жылдары бірнеше террорлық әрекеттер жасады, тұтқынға алынып, өлім жазасына кесілді, кейін өмір бойы түрмеде отырумен ауыстырылды. 1905 жылы Сибирьге жер аударылды, одан 1906 жылы шетелге қашты. 1907 жылы эсерлер партиясының Таммерфорс съезіне қатысты, онда кадеттермен блок жасасуды жақтады. — *174—175, 463.*

Гирнюс, И. М. (1876 ж. туған)—шаруа, Сувалки губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат, автономистер қатарында (поляк колосында) болды. — *416.*

Головин, Ф. А. (1867 ж. туған)—земство қайраткері, кадет. 1898 жылдан 1907 жылға дейін — Москва губерниялық земство басқармасының мүшесі, одан кейін оның председателі. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысты. Кадеттер партиясын ұйымдастырушылардың бірі. II Мемлекеттік думаның председателі, III Мемлекеттік думаның депутаты болды. Ірі темір жол концессиясына қатысушы. 1917 жылғы мартта — буржуазиялық Уақытша үкіметтің сарай министрлігі жөніндегі комиссары.— *407.*

Горемыкин, И. Л. (1839—1917) — патшалық Россияның мемлекет қайраткері, реакциялық бюрократияның типтік өкілдерінің бірі, барып тұрған монархист. 1895—1899 жылдары — ішкі істер министрі, 60-жылдардағы реформаларды әлсіретуге және жоюға бағытталған реакциялық саясат (реформаға қарсы саясат деп аталатынды) жүргізді; жұмысшы қозғалысын аяусыз тұншықтырып отырды. 1906 жылғы апрельден августқа дейін және 1914 жылғы январьдан 1916 жылғы январьға дейін министрлер Советінің председателі болды. — *44.*

Горн, В. — қараңыз: Громан, В. Г.

Грабский (Grabski), *В. Ф.* (1874—1939) — поляк мемлекет қайраткері, поляк помещиктері мен буржуазиясының басты ұлтшылдық партиясы — национал-демократиялық партия лидерлерінің бірі, жер иесі. Варшава губерниясынан I, II және III Мемлекеттік думаларға депутат. 1918 жылы — Польша егіншілік министрі. Соңғы жылдары финанс министрі болды, Польша үкіметін бірнеше рет басқарды. Пилсудскийдің 1926 жылғы фашистік төңкерісінен кейін саяси қызметтен қол үзді. — *415.*

Гринберг, В. Д.— қараңыз: Медем, В. Д.

Громан, В. Г. (Горн, В.) (1874 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик. РСДРП IV (Бірігу) съезіне ұсынылған аграрлық программа жобаларының бірінің авторы; меньшевиктік «Наше Дело» журналын редакциялауға қатысты. Реакция жылдарында — жойымпаз, солшыл-кадеттік «Товарищ» газетіне жазып тұрды, онда кадеттермен блок жасасу саясатын, революциялық ұрандардан бас тартуды және т. с. уағыздады. 1917 жылғы Февраль революциясының алғашқы күнінен бастап Петроградта азық-түлік ісін басқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін бірнеше жыл әкімшілік-шаруашылық жұмыста істеді. 1931 жылы контрреволюциялық қызметі үшін сотталды. — *58, 59—60, 61, 62—63, 66, 68—69, 70, 126, 147, 265, 278—279, 281.*

Грудинский, П. Ф. (1878 ж. туған) — шаруа, Минск губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат, оңшылдарға қосылды. Думада талап-тілектер жөніндегі, жергілікті сотты қайта құру туралы заң жобаларын қарау жөніндегі комиссияларға кірді.— *415.*

Гурвич, Ф. И. — қараңыз Дан, Ф. И.

Гуревич, Э. Л. (Смирнов, Е.) (1865 ж. туған) — публицист, 1890 жылға дейін халық ерікшілі, кейін социал-демократтарға қосылды; РСДРП II съезінен кейін — меньшевик. Реакция жылдарында — жойымпаз, солшыл кадеттердің «Товарищ» газетіне жазып тұрды. — *41, 126.*

Гурко, В. И. (1863—1927) — патшалық Россияның реакцияшыл қайраткері. 1902 жылы ішкі істер министрлігінің земство бөлімінің басқарушысы, ал 1906 жылы ішкі істер министрінің орынбасары болып тағайындалды. I Мемлекеттік думада крепостник-помещиктердің мүдделерін жақтап, аграрлық заң жобаларына қарсы шықты. Горемыкин үкіметінде көрнекті роль атқарды, В. И. Ленин бұл үкіметті «дворяндық-буржуазиялық программасы бар» Гурко — Горемыкин кабинеті деп атады. Кейін Гурко қазына мүлкіне қол сұғып, талап-таражға салғаны ашылып, Сенаттың үкімі бойынша қызметінен босатылды. 1912 жылы Мемлекеттік советтің мүшесі болып сайланды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті, ақ эмигрант. — *254, 261, 379.*

Гучков, А. И. (1862—1936) — ірі капиталист, октябристер партиясын ұйымдастырушы және лидері. 1905—1907 жылдардағы революция дәуірінде жұмысшы табы мен шаруалар жөніндегі үкіметтің аяусыз жазалау саясатын жүргізуін жақтап, революциялық қозғалысқа барынша қарсы шықты. Реакция жылдарында — Мемлекеттік қорғаныс комиссиясының председателі және III Мемлекеттік думаның председателі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) Орталық соғыс-өнеркәсіп комитетінің председателі және Қорғаныс жөніндегі ерекше кеңестің мүшесі болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамының әскери және теңіз министрі, соғысты «жеңіске жеткенге дейін» жүргізе беруді жақтады. 1917 жылы августа Корнилов бүлігін ұйымдастыруға қатысты, майданда тұтқынға алынды, бірақ Уақытша үкімет босатып жіберді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күресті, ақ эмигрант.— *489—490, 492.*

Д

Давид (David), *Эдуард* (1863—1930) — герман социал-демократиясының оң қанаты лидерлерінің бірі, кәсібі жөнінен экономист. 1894 жылы партияның аграрлық программасын әзірлеу жөніндегі комиссияның құрамына кірді, аграрлық мәселе жөніндегі маркстік ілімге ревизия жасау позициясында болды, капитализм тұсында ұсақ шаруа шаруашылығының тұрақтылығын дәлелдемек болды. Неміс оппортунистерінің «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналының негізін салушылардың бірі болды. 1903 жылы «Социализм және ауыл шаруашылығы» деген кітап шығарды, бұл кітапты В. И. Ленин «ревизионизмнің аграрлық мәселедегі басты еңбегі» деп атады. 1903 жылдан бастап рейхстагтың депутаты болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист; 1919 жылы Герман республикасының бірінші коалициялық үкіметіне кірді, 1919—1920 жылдары — ішкі істер министрі, 1922—1927

(К. Маркс. «Қосымша құн теориялары («Капиталдың» IV томы)», III бөлім, М., 1960, 377-бет).— *301.*

Джордж (George), *Генри* (1839—1897) — Американың ұсақ буржуазияшыл экономисі және публицисі. Джордж халықтың кедей болуының негізгі себебі жер рентасы, халықтың жерден айрылуы деп пайымдады. Ол еңбек пен капитал арасындағы антагонизмді теріске шығарып, капиталдан алынатын пайданы жаратылыстың табиғи заңы деп есептеді. Буржуазиялық мемлекеттің барлық жерді национализациялауын және оны жеке адамдарға арендаға беруді жақтады. В. И. Ленин Джорджды «жерді буржуазиялық жолмен национализациялаушы» деп атады. Джорджға берілген сипаттаманы Маркстің 1881 жылы Зоргеге жазған хатынан, Ф. Энгельстің «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген еңбегінің Америкада басылуына арнап жазған алғы сөзінен қараңыз (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, 1-бөлім, 1937, 286—287-беттер). — *411.*

Дмовский (Dmowski), *Роман* (1864—1939)—поляк мемлекет қайраткері, поляк помещиктері мен буржуазиясының басты ұлтшылдық партиясы — национал-демократиялық партияның негізін салушылардың және оның басшыларының бірі. 1895 жылдан бастап «Przegląd Wszechpolski» журналын шығарып тұрды, журнал национал-демократиялық партияның теориялық органы болды. Бірінші орыс революциясы (1905—1907) дәуірінде Польшадағы революциялық қозғалысты басып-жаншу үшін қара-жүздік бандылар ұйымдастырды. Варшава қаласынан II және III Мемлекеттік думаларға депутат, Думадағы поляк фракциясының (поляк колосы) басшысы. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде патша өкіметін және Антантаны белсене қолдады. 1917 жылы Антанта Польшаның уақытша үкіметі ретінде таныған Париждегі поляк ұлттық комитетін басқарды; 1919 жылы — Париж бейбітшілік конференциясында Польшадан делегат. 1923 жылы Витос кабинетінде аз уақыт сыртқы істер министрі болды. Польшада фашистік диктатураны орнатуды және еңбекші бұқараға қарсы террорды күшейтуді қолдады. Совет Одағының жауы болды, бірақ империалистік Германия тарапынан Польшаға төнген басты қауіпті көріп, Пилсудскийдің авантюристік сыртқы саясатына қарсы шықты.— *414, 425.*

Долгоруков, Павел Дм. (1866—1930)—князь, ірі помещик, кадет. 1893—1906 жылдары Москва губерниясында уездік дворяндар жетекшісі болды. Кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі, 1905—1911 жылдары оның Орталық Комитетінің председателі; II Мемлекеттік думада кадеттер фракциясының председателі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметіне қарсы ақ гвардиялық заговорларға белсене қатысты. Контрреволюциялық қызметі үшін сотталды.— *40.*

Е

шыларының бірі. 1902 жылдан — Люблин епископы. Люблин және Седлец губернияларының православиелік халқынан II және III Мемлекеттік думаларға депутат. 1914 жылы Волынь архиепископы болып тағайындалды. Октябрь социалистік революциясынан кейін монархиялық эмиграция көсемдерінің бірі. — *415.*

Евреинов, В. В. (1867 ж. туған) — эсер, Астрахань губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат. «Ағайынды Нобельдер» мұнай «серіктігі» Астрахань бөлімінің секретары болып қызмет істеді. Думада аграрлық комиссияның мүшесі болды. —*382—383, 384.*

Ершов, П. А. (1878 ж. туған) — Қазан губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат. Қазанның оқ-дәрі заводында сызушы болып қызмет істеді. Думада социал-демократтарға қосылды, жарлықтар жөніндегі және басқа комиссияларға кірді. 1908 жылы — Қазандағы кадеттер партиясы басшыларының бірі.— *262.*

Ж

Жилкин, И. В. (1874—1958) — журналист, трудовиктердің ұсақ буржуазиялық партиясы лидерлерінің бірі. «Уралец» газетінің редакторы, «Неделя» журналының секретары болып істеді, «С.-Петербургские Ведомостиге», одан соң солшыл кадеттердің «Наша Жизнь» және «Товарищ» газеттеріне жазып тұрды. 1906 жылы Жилкин Саратов губерниясынан шаруалар депутаты ретінде I Мемлекеттік думаға сайланды. I Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін Выборг үндеуіне қол қойды, сол үшін үш айға сотталды. Октябрь социалистік революциясынан кейін әр түрлі совет мекемелерінде жұмыс істеді, 1925 жылдан бастап журналистикамен шұғылданды.— *68, 165, 385.*

Жордания, Н. Н. (Костров) (1870—1953) — социал-демократ, меньшевик. Саяси қызметін 90-жылдары бастады, Грузиядағы тұңғыш маркстік «Месаме даси» тобына кірді, онда оппортунистік қанатты басқарды. РСДРП II съезіне кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашылдарға қосылды. Съезден кейін — Кавказ меньшевиктерінің лидері. 1905 жылы меньшевиктік «Социал-Демократи» газетін (грузин тілінде) редакциялады, буржуазиялық-демократиялық революциядағы большевиктік тактикаға қарсы шықты. 1906 жылы I Мемлекеттік думаның мүшесі болды. РСДРП IV (Бірігу) съезінің жұмысына қатысты; партияның V (Лондон) съезінде меньшевиктерден РСДРП Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында формальды түрде партияшыл-меньшевиктерге қосылды, іс жүзінде жойымпаздарды қолдады. 1914 жылы Троцкийдің «Борьба» журналына жазып тұрды; бі-

рінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін жұмысшы депутаттары Тифлис Советінің председателі болды, 1918—1921 жылдары Грузияның контрреволюциялық меньшевиктік үкіметін басқарды; 1921 жылдан — ақ эмигрант.— *253, 254, 260, 362, 363.*

Жорес (Jaurès), *Жан* (1859—1914) — француз және халықаралық социалистік қозғалыстың көрнекті қайраткері, тарихшы. 80-жылдарда — буржуазияшыл радикал, кейін «тәуелсіз социалистер» тобына қосылды. 1902 жылы Жорес және оның жақтастары Француз социалистік партиясын құрды, бұл партия 1905 жылы Франция социалистік партиясына қосылып, Біріккен француз социалистік партиясы деген ат алды. 1885—1889, 1893—1898, 1902—1914 жылдары парламент мүшесі; парламенттік социалистік фракция лидерлерінің бірі. 1904 жылы «L'Humanité» («Адамзат») газетінің негізін қалап, оны өз өмірінің ақырына дейін редакциялады; бұл газет 1920 жылы Француз коммунистік партиясының орталық органы болды. Россиядағы 1905—1907 жылдардағы революция кезінде Жорес орыс халқының күресін құттықтады. Жорес демократияны, халық бостандығын қажырлылықпен қорғап, бейбітшілік үшін, империалистік езгі мен басқыншылық соғыстарға қарсы күресті. Соғыстарды және отарлық езгіні тек социализм ғана біржола жоятынына ол кәміл сенді.

Алайда Жорес социализм пролетариаттың буржуазияға қарсы күресі жолымен емес, демократиялық идеяның гүлденуі нәтижесінде жеңеді деп есептеді. Пролетариат диктатурасы идеясы оған жат болды, езуші мен езілушінің арасында таптық татулықты уағыздады, кооперацияның дамуы капитализм жағдайында біртіндеп социализмге өтуге жағдай жасайды-мыс деген прудоншылдық жалған үмітті жақтады. В. И. Ленин Жорестің, оны оппортунизм жолына итермелеген, реформистік көзқарастарын қатты сынады.

Жорестің бейбітшілік үшін, төніп келе жатқан соғыс қаупіне қарсы күресі империалистік буржуазияның оған деген өшпенділігін тудырды. Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында Жоресті реакцияның жұмсаған адамы өлтірді.

«Ұлы француз революциясының тарихы», «Европаның саяси және әлеуметтік идеялары және ұлы революция» деген және басқа еңбектердің авторы.— *79.*

З

Зимин, Д. Л. (1867 ж. туған) — эсер, шыққан тегі — шаруа. Қазан губерниясында халық мұғалімі, кейін Симбирскіде бастауыш училище меңгерушісі болып істеді. Симбирск губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат, Думаның бюджет комис-

сиясына енді. 1917 жылы эсерлер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. 1919 жылы — ақ гвардиялық «ерікті армия» Советінің мүшесі және іс басқарушысы.— *387*.

Зингер (Singer), *Пауль* (1844—1911) — герман социал-демократиясы көсемдерінің бірі, А. Бебельдің, В. Либкнехттің серігі, II Интернационалдың маркстік қанатының көрнекті қайраткері. 1887 жылдан — Герман социал-демократиялық партиясы басқармасының мүшесі, ал 1890 жылдан (Галледегі съезден кейін) — партия басқармасының председателі. 1884 жылдан 1911 жылға дейін — рейхстагқа мүше және социал-демократиялық фракцияның председателі. 1900 жылдан Халықаралық социалистік бюроның мүшесі және оның маркстік, сол қанатында болды. Зингер неміс жұмысшы партиясының қатарындағы оппортунизмнің жауы болды, өз өмірінің ақырына дейін революциялық социал-демократиялық саясатты дәйекті жүргізуші болып қала білді. В. И. Ленин пролетариат ісі жолындағы ымырасыз күрескер ретінде Зингерді аса жоғары бағалады.— *200*.

Золотарев, А. М. (1853—1912) — Бас штабтың Николай академиясының профессор-статистигі, Орталық статистика комитетінің директоры, генерал. Европалық Россияның елу губерниясы бойынша 1905 жылғы жер иеленудің статистикасын жасады. Помещиктік жерлерді күшпен иеліктен айыруға қарсы болды.— *222*.

Зомбарт (Sombart), *Вернер* (1863—1941) — немістің тұрпайы буржуазияшыл экономисі, герман империализмінің көрнекті идеологы. Бреславль, соңынан Берлин университеттерінің профессоры. Өз қызметінің бастапқы кезінде Зомбарт «аздап маркстік түрге боялған социал-либерализмнің» (В. И. Ленин. Шығармалар, 18-том, 57-бет) типтік идеологтарының бірі болды. Кейін ол марксизмнің ашық жауына айналды, капитализмді үйлесімді шаруашылық системасы ретінде бейнеледі. Өмірінің соңғы жылдарында фашизмнің позициясына көшіп, гитлерлік тәртіпті мадақтады. Зомбарттың негізгі еңбектері: «Социализм және XIX ғасырдағы әлеуметтік қозғалыс» (1896), «Қазіргі замандағы капитализм» (1902) және басқалар.— *26*.

Зорге (Sorge), *Фридрих Адольф* (1828—1906) — неміс социалисі, халықаралық жұмысшы және социалистік қозғалыстың көрнекті қайраткері, К. Маркс пен Ф. Энгельстің досы және серігі. Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысты. Революция жеңіліске ұшырағаннан кейін Швейцарияға, одан соң (1852) Америкаға эмиграцияға кетті. Америкада I Интернационалдың секцияларын ұйымдастырушы, I Интернационал Бас Советінің секретары (1872—1874). Америка Құрама Штаттары Социалистік жұмысшы партиясының және Интернационалдық жұмысшы одағының негізін қалауға белсене қатысты. Зорге — «Құрама Штаттардағы жұмысшы қозғалысы» деген

кітаптың авторы, бірқатар мақалалар жазды, олар негізінен герман социал-демократиясының «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында басылды; өзінің К. Маркспен, Ф. Энгельспен және басқа адамдармен жазысқан хаттарын баспаға әзірледі. Ленин Зоргенің қызметін жоғары бағалады, оны I Интернационалдың ардагері деп атады.— *85, 363.*

Зубченко, Г. Л. (1859 ж. туған) — шаруа, болыс старшинасы, кадеттер партиясына қосылды; Киев губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат. I Думаның қарауына трудовиктер ұсынған жер жөніндегі «33-тің жобасына» қол қойды.— *262.*

Зюдекум (Südekum), *Альберт* (1871—1944) — герман социал-демократиясының оппортунистік лидерлерінің бірі, ревизионист. 1900 жылдан 1918 жылға дейін — рейхстагтың депутаты. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — барып тұрған социал-шовинист. Отар мәселесі жөнінен империалистік көзқарастарды уағыздады, жұмысшы табының революциялық қозғалысына қарсы күресті. 1918—1920 жылдары — Пруссияның финанс министрі. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде Зюдекумды қатаң сынға алып, оны және оны жақтаушыларды «кайзердің және буржуазияның лағынет атқан малай» бандылары деп атады. «Зюдекум»,— деп жазды Ленин,— жалпы есімдік мағынаға айналып кеткен сөз: өзіне-өзі мәз, ұждансыз оппортунистің және социал-шовинистің бейнесі» (Шығармалар, 21-том, 109-бет).— *496—497, 499—500.*

И

Извольский, А. П. (1856—1919) — орыс дипломаты. 1906 жылға дейін Ватиканда, Белградта, Мюнхенде, Токиода және Копенгагенде көрнекті дипломаттық қызметтер атқарды. 1906 жылдан — Россияның сыртқы істер министрі. Англия мен Россияның жақындасуын мейлінше жақтады; 1907 жылғы орыс-ағылшын келісімін жасасуға тікелей қатысты, бұл келісім Антантаны құрумен тынды. Бірқатар халықаралық кездесулер мен кеңестерге қатысты. 1910 жылы бірқатар дипломатиялық сәтсіздіктерге байланысты министр қызметінен босатылып, Парижге елші болып тағайындалды, онда Антантаны нығайту бағытын одан әрі жүргізе берді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Францияда эмиграцияда қалып, Советтік Россияға қарсы шетел соғыс интервенциясын қолдап отырды.— *490, 491, 492—493.*

Изгоев (Ланде), А. С. (1872 ж. туған) — буржуазияшыл публицист, кадеттер партиясы идеологтарының бірі. Бастапқыда «жария марксист» болды, бір кездерде социал-демократтарға қосылды, 1905 жылы кадеттер партиясына ауып кетті. Кадеттердің органдары: «Речь» газетінде, «Южные Записки» және

«Русская Мысль» журналдарында большевиктерге өршелене шабуыл жасады, контрреволюциялық «Вехи» жинағына қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Изгоев декаденттенуші интеллигенттер тобының журналы — «Вестник Литературыға» қатысып тұрды. 1922 жылы контрреволюциялық публицистік қызметі үшін шетелге қуылды.— *502—503, 505.*

Измайлов, П. Г. (1880 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик, Новгород губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат. Петербургте сағат шеберханасында істеді, содан соң селода мұғалім болып қызмет атқарды; сенімсіздігі үшін мұғалімдік правосынан айырғаннан кейін, егіншілікпен айналысты. Думада азық-түлік комиссиясының мүшесі болды. Социал-демократиялық фракцияның ісі бойынша сотқа тартылды.— *426.*

Икс — қараңыз: Маслов, П. П.

Иорданский, Н. И. (1876—1928) — социал-демократ; РСДРП II съезінен кейін — меньшевик, 1904 жылы — меньшевиктік «Искра» газетінің тұрақты қызметкері; 1905 жылы Петербург Советінің Атқару комитетіне енді. 1906 жылы — РСДРП IV (Бірігу) съезінің кеңесші даусы бар делегаты, РСДРП біріккен Орталық Комитетінің (меньшевиктерден) өкілі. Реакция жылдарында партияшыл-меньшевиктерге — плехановшылдарға жақын болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің Оңтүстік-Батыс майдандағы армиялары жанындағы комиссары. 1921 жылы РКП(б) қатарына кірді; 1922 жылы Сыртқы істер халық комиссариатында және Мемлекеттік баспада істеді, одан кейін Италияда уәкілетті өкіл болды. 1924 жылдан бастап әдеби қызметпен шұғылданды.— *126, 468.*

К

К. Д.— «Речь» газетінің 1908 жылғы Берлиндегі тілшісі.— *499.*

Кабаков, Г. И. («Пугачев») (1857 ж. туған) — эсер, Пермь губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат, шаруа. Бастапқыда темір кенін шығаратын Урал рудниктерінде жұмысшы болды. 1902 жылғы толқуларға қатысқаны үшін сотқа тартылды. 1905 жылы Уралда Алапаевск болысында 30 мыңға дейін мүшесі болған Шаруалар одағын ұйымдастырды. Бұл болысты патша чиновниктері «Алапаевск республикасы», ал Пугачев деген атпен белгілі болған Кабаковты сол республиканың президенті деп атады. Мемлекеттік думада трудовиктер фракциясында болды.— *411, 413.*

Камышанский, П. К.— Петербург сот палатасының прокуроры, II Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракция-

марксист, кейін марксизмнің ренегаты, оппортунизмнің неғұрлым қауіпті және зиянды түрлерінің бірі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы. Герман социал-демократиясының теориялық журналы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа Заман») редакторы.

Каутский социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарастары лассальшылдықтың, неомальтусшілдіктің және анархизмнің қойыртпағы болды. 1881 жылы ол К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысады да, олардың ықпалымен марксизмге көшті, алайда сол кездің өзінде-ақ оппортунизмге қарай ауытқып, тұрақсыздық көрсеткен еді, бұл үшін К. Маркс пен Ф. Энгельс оны қатаң сынаған болатын. 80—90-жылдары маркстік теория мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер жазды: «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мәселе» және басқалар; бұл еңбектері, оларда жіберілген қателіктерге қарамастан, марксизмді насихаттауда маңызды роль атқарды. Кейін, революциялық қозғалыс кеңінен өрістеген кезеңде, оппортунизм позициясына көшті. Центризм, яғни бүркемеленген оппортунизм идеологиясын уағыздады, ашық оппортунистерді партияда қалдыруды жақтады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) Каутский социал-шовинизм позициясында болды, онысын интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Әсіре империализм теориясының авторы болды; Ленин «II Интернационалдың күйреуі», «Империализм — капитализмнің жоғарғы сатысы» деген және басқа еңбектерінде әсіре империализм теориясының реакциялық мәнін әшкереледі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Каутский пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасына, Совет өкіметіне ашықтан-ашық қарсы шықты.

В. И. Ленин өзінің «Мемлекет және революция», «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген және басқа бірқатар шығармаларында каутскийшілдікті өлтіре сынады. Каутскийшілдіктің қауіптілігін ашып көрсете келіп, В. И. Ленин 1915 жылы «Социализм және соғыс» деген мақаласында былай деп жазды: «Осы ренегаттықпен, тұрлаусыздықпен, оппортунизмнің алдында құрдай жорғалаушылықпен және марксизмді бұрын болып көрмеген теориялық масқаралаумен аяусыз соғыс жүргізбейінше, жұмысшы табы өзінің бүкіл дүние жүзілік-революциялық ролін жүзеге асыра алмайды». (Шығармалар, 21-том, 316-бет).— *73, 76, 86, 88, 89, 116, 136, 196, 198, 199, 200, 270, 294, 314, 348, 356—357, 358, 370—371, 399, 440, 460.*

Кауфман, А. А. (1864—1919) — орыстың буржуазияшыл экономисі және статистигі, профессор, публицист; кадеттер партиясын ұйымдастырушылардың және оның лидерлерінің бірі. 1887 жылдан 1906 жылға дейін егіншілік және мемлекеттік мүліктер министрлігінде қызмет істеді. Өзінің «Қоныс аудару және отарлау» (1905) деген кітабында патша өкіметінің қоныс аудару саясаты тарихының очеркін жазды. Аграрлық рефор-

маның кадеттік жобасын жасауға қатысты, «Русские Ведомостиге» белсене жазып тұрды; шаруалар мен помещиктер арасында таптық татулықты уағыздады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Кауфман орталық статистикалық мекемелердің жұмысына қатысты.— *209, 220, 239, 241, 244, 340, 348, 360, 435.*

Кауфман (Kaufman), *Рихард* (1850—1908) — немістің буржуазияшыл экономисі, профессор. Аахенде, Берлинде, Шарлоттенбургте саяси экономиядан сабақ берді, біраз уақыт финанс министрлігінде қызмет істеді. Экономика және финанс жөнінде көптеген еңбектері бар.— *344.*

Кизеветтер, А. А. (1866—1933) — орыстың либерал-буржуазияшыл тарихшысы және публицисі. 1900—1911 жылдары — Москва университетінің приват-доценті; құрылған күнінен бастап «Азаттық одағының» мүшесі, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі. Москва қаласынан II Мемлекеттік думаға депутат; «Русские Ведомостиге» жазып тұрды, «Русская Мысль» журналы редакциялық коллегиясының құрамына кірді және оның редакторларының бірі болды. Өзінің тарихи-публицистикалық еңбектерінде 1905—1907 жылдардағы орыс революциясының маңызын бұрмалады. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде Кизеветтердің көзқарастарын сипаттай келіп, оны реакцияның мүддесі үшін ғылымды саудаға салған кадеттік профессорлардың санатына қосты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Кизеветтер Совет өкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізді, сол үшін 1922 жылы Советтік Россиядан қуылды. Шетелде ақ эмиганттық баспасөзге белсене қатысты.— *27.*

Кирносов, Н. С. (1847 ж. туған) — Саратов губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат, шаруа. Думада эсерлерге қосылды.— *407.*

Киселев, А. Е. (1868 ж. туған) — Тамбов губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат, шыққан тегі — шаруа, трудовиктер тобына кірді. 10 жылдай селода мұғалім болып істеді, содан соң Рязань-Урал темір жолында Саратов пен Козловта кеңсе қызметшісі болды. 1905 жылғы октябрь — декабрьдегі ереуілдер кезінде барлық дерлік темір жол съездерінің делегаты болды. Думада аграрлық және халыққа білім беру жөніндегі комиссияларға кірді. «Журнал Для Всехке», «Саратовский Дневникке» және басқа да басылымдарға жазып тұрды.— *403, 405, 406.*

Классон, Р. Э. (К.) (1868—1926) — ірі инженер-электр-техник. XIX ғасырдың 90-жылдарында «жария марксист» болды, Петербургтегі маркстік үйірмеге қатысты. Кейін саяси қызметтен қол үзіп кетті де, электр техникасымен шұғылданды. Классонның жобасы бойынша және оның басшылығымен Россияда көптеген электр станциялары, соның ішінде шымтезекпен жұмыс істейтін дүние жүзіндегі тұңғыш электр станциясы салынды.

Ол шымтезек алудың гидравликалық әдісін ұсынды, бұл әдіс Октябрь социалистік революциясынан кейін В. И. Лениннің жігерлі қолдауы арқасында практикада қолданылды. Классон ГОЭЛРО жоспарын дайындауға белсене қатысты, 1 Москва электр станциясының директоры болды.— *104.*

Клемансо (Clemenceau), *Жорж Бенжамен* (1841—1929) — Францияның саяси және мемлекет қайраткері, көп жыл бойы радикалдар партиясының лидері. Саяси қызметін III Наполеон империясына дұшпандық пиғылдағы солшыл республикашыл ретінде бастады. 1871 жылғы Париж Коммунасы күндерінде, Париждің бір округінің мэрі болып тұрып, пролетариат пен буржуазияны ымыраға келтіруге әрекет жасады. Одан кейінгі жылдарда муниципалдық қызметпен шұғылданды, Париж муниципалитетінің председателі, ал 1876 жылы Францияның Депутаттар палатасының мүшесі болып сайланды. 80-жылдардан — радикалдар басшыларының бірі. 1902 жылы Сенатқа сайланды, ал 1906 жылдан 1909 жылға дейін француз үкіметін басқарды. Ірі капиталдың мүддесін қорғай отырып, жұмысшы табы жөнінде қатал жазалау саясатын жүргізді. В. И. Ленин былай деп жазды: «Францияны капиталистердің атынан билеп отырған радикал Клемансо пролетариат арасындағы республикалық-буржуазиялық жалған үміттердің ақырғы қалдықтарын жою жөнінде ерекше қимыл көрсетуде. «Радикалдық» үкіметтің бұйрығы бойынша әскерлердің жұмысшыларды атуы,— Клемансоның тұсында, сірә, бұрынғыдан жиілене түспесе, кеми қойды ма екен» (Шығармалар, 15-том, 181—182-беттер). Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында радикалдар партиясынан қол үзді. Соғыс кезінде — барып тұрған шовинист. 1917 жылғы ноябрьден бастап Клемансо француз үкіметін қайтадан басқарды, елде соғыс диктатурасы режимін енгізді. Советтік Россияға қарсы қарулы интервенция ұйымдастырушылардың және оған дем берушілердің бірі болды, орыс контрреволюциясын қолдап отырды, Совет республикасын «экономикалық қоршауға» алуды және тұншықтыруды жүзеге асыруға тырысты. 1919 жылы Париждегі бейбітшілік конференциясында француз империалистерінің мүдделерін қорғады, бірақ өз мақсатына толық жете алмады. 1920 жылы президент сайлауында жеңіліске ұшырады да, саяси қызметтен шеттеп кетті.— *138.*

Коваленко, И. М. (1847—1914) — Ковно губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат, Ковно бақылау палатасының басқарушысы, қаражүздік. Думада бюджет, адамның жеке басына тимеу жөніндегі комиссияларға кірді.— *483.*

Коган — қараңыз: Коган-Гриневич, М. Г.

Коган-Гриневич, М. Г. (1874 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик, кәсіптік қозғалыс қайраткерлерінің бірі, оппортунистік «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» қыз-

метіне қатысты, 1900—1902 жылдары «Рабочая Мысльдің» қызметкері. РСДРП жікке бөлінгеннен кейін меньшевиктерге қосылды. 1906—1908 жылдары солшыл кадеттердің органы — буржуазиялық «Товарищ» газетіне қатысып тұрды. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін кәсіптік қозғалыс саласында істеді.— *147.*

Коковцов, В. Н. (1853—1943) — патшалық Россияның көрнекті мемлекет қайраткерлерінің бірі. 1904 жылдан 1914 жылға дейін (1905—1906 жылдарда азын-аулақ үзіліс болды) — финанс министрі, 1911 жылдан бастап, Столыпин өлтірілгеннен кейін, министрлер Советінің председателі болып та істеді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Коковцов ірі банк епшілі болды. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант.— *481.*

Кокошкин, Ф. Ф. (1871—1918) — буржуазияшыл саяси қайраткер және публицист; Москва университеті мемлекеттік право кафедрасының приват-доценті. Кадеттер партиясының негізін қалаушылардың бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі болды; Москва губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат. 1907 жылдан — либералдық органдар: «Русские Ведомости» газетінің, «Право», «Русская Мысль» журналдарының және басқалардың белсенді қызметкері. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Кокошкин — буржуазиялық Уақытша үкіметтің министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне белсене қарсы шықты.— *235, 385.*

Костров — қараңыз: Жордания, Н. Н.

Котляревский, С. А. (1873—1940) — профессор, публицист, кадеттер партиясын құрушылардың бірі және оның Орталық Комитетінің мүшесі. Саратов губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің христиан дінінің православиелік түрінен басқа және өзге діндерді тұту істері жөніндегі комиссары, ал 1917 жылдың июлінен — синод обер-прокурорының орынбасары және дін тұту министрінің орынбасары. Октябрь социалистік революциясынан кейін әр түрлі контрреволюциялық ұйымдарда болды. 1920 жылы «Тактикалық орталық» дейтіннің ісі бойынша сотқа тартылып, шартты түрде 5 жылға түрмеге жабылуға кесілді. Кейін Москва университетінде істеді.— *235.*

Крейцберг, Я. К. (1864—1948) — Курляндия губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат, кадет, қорғаушы адвокат. 1890 жылдан бастап адвокаттықпен айналысты. 1901 жылдан бастап латыш буржуазиялық «Vards» («Сөз») және «Dzimtene» («Отан») газеттерінің редакторы; бірқатар латыш қоғамдары-

ның негізін салушы және басшысы болды. Думада аграрлық комиссияға кірді. 1917 жылы Курляндия жер советіне сайланды. 1918 жылдан 1920 жылға дейін латыш босқындары ісі жөнінде Киевте істеді. 1921 жылдан — Ригада нотариус. 1944 жылы, Латвияны неміс оккупанттарынан азат ету кезінде, шетелге эмиграцияға кетті.— *417*.

Криге (Kriege), *Герман* (1820—1850) — неміс журналисі, ұсақ буржуазиялық «ақиқат социализм» дейтіннің өкілі. XIX ғасырдың 40-жылдарының екінші жартысында Нью-Йоркте немістің «ақиқат социалистер» тобын басқарды. «Volks-Tribun» («Халық Трибуны») журналын шығарып, оның беттерінде Вейтлингтің христиандық «этикалық-діни» коммунизмін уағыздады. Аграрлық мәселе жөнінде Криге жерге жеке меншіктілікке қарсы шықты және жерді теңгерме пайдалануды уағыздады. К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Кригеге қарсы нұсқау хат» деген еңбегінде (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 1—16-беттер) және В. И. Лениннің «Маркс американдық «қаралай бөліс» туралы» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 58—65-беттер) Кригенің көзқарастарына сипаттама және баға берілген.— *270, 276*.

Крупенский, П. Н. (1863 ж. туған) — Бессарабия губерниясынан II, III және IV Мемлекеттік думаларға депутат, ірі жер иесі, Хотин дворяндары жетекшісі. III Мемлекеттік думада — ұлтшылдар партиясының негізін салушылардың бірі, IV Думада — центр партиясының лидері, аграрлық, бюджет және басқа да комиссиялардың мүшесі; солшыл партияларға қарсы оларды ойрандауға шақырған сөздер сөйледі. 1910 жылдан 1917 жылға дейін — патша сарайының камергері. Октябрь социалистік революциясынан кейін Россияның оңтүстігінде шетел соғыс интервенциясына жәрдемдесті.— *380, 387*.

Крушеван, П. А. (1860—1909) — реакцияшыл публицист, қаражүздік «Бессарабец» газетін бастырып шығарушы, антисемиттік «Друг» газетінің редакторы, Кишиневтегі ойранды (1903) ұйымдастырушы және қаражүздік «Орыс халқы одағы» басшыларының бірі; Кишинев қаласынан II Мемлекеттік думаға депутат.— *41*.

Кугельман (Kugelmann), *Людвиг* (1830—1902) — неміс социал-демократы, Маркстің досы, Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысқан, I Интернационалдың мүшесі. Кугельман Интернационалдың Лозанна (1867) және Гаага (1872) конгрестеріне делегат болды, Маркстің «Капиталының» басылуына және таратылуына жәрдемдесті. 1862 жылдан 1874 жылға дейін К. Маркспен хат-хабар алысып, Германиядағы істің жайын оған хабарлап тұрды. Маркстің Кугельманға жазған хаттары бірінші рет 1902 жылы «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында басылды; 1907 жылы бұл хаттар орыс тілі-

не аударылып, В. И. Лениннің алғы сөзімен бастырылып шығарылды.— *26.*

Кускова, Е. Д. (Е. К.) (1869—1958) — буржуазиялық қоғам қайраткері әрі публицист. 90-жылдардың орта шенінде, шетелде жүргенінде, «Еңбекті азат ету» тобымен жақындасты, алайда көп кешікпей бернштейншілдіктің ықпалымен марксизмді ревизиялау жолына түсті. Кускованың бернштейншілдік рухта жазған, «Credo» деп аталған документі «экономизмнің» оппортунистік мәнін негұрлым айқын білдірді және В. И. Ленин бастаған орыс марксистері тобы тарапынан қатты наразылық туғызды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189-беттер). 1905—1907 жылдардағы революция қарсаңында Кускова либералдық «Азаттық одағына» кірді. 1906 жылы С. Н. Прокоповичпен бірге жартылай кадеттік «Без Заглавия» журналын шығарды, солшыл кадеттердің газеті — «Товарищтің» белсенді қызметкері болды. Кускова жұмысшыларды революциялық күрестен бас тартуға шақырды, жұмысшы қозғалысын либерал буржуазияның саяси басшылығына бағындыруға тырысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін большевиктерге қарсы шықты. 1922 жылы шетелге қуып жіберілді, онда ақ эмиграцияның белсенді қайраткері болды.— *40, 126, 160, 169, 201.*

Кутлер, Н. Н. (1859—1924) — кадеттер партиясының көрнекті қайраткері; финанс министрлігінде істеді, тікелей салық департаментінің директоры, кейінірек егіншілік және жерге орналастыру министрі болды. Петербург қаласынан II және III Мемлекеттік думаларға депутат, кадеттердің аграрлық программасы жобасының авторларының бірі. Бұл жобаны және Кутлердің позициясын В. И. Ленин өзінің «Екінші Мемлекеттік думада аграрлық мәселе жөнінде сөйленетін сөздің жобасы» және «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген еңбектерінде (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 15-том, 153—164-беттер және осы том) жан-жақты сынға алды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Кутлер Финанс халық комиссариатында істеді. 1922 жылдан СССР Мемлекеттік банкі басқарма мүшесі болды.— *236, 237, 277, 380, 381, 386, 398, 411, 418, 425, 427.*

Л

Ланде, А. С.— қараңыз: Изгоев, А. С.

Ларин, Ю. (Лурье, М. А.) (1882—1932) — социал-демократ, меньшевик, РСДРП IV (Бірігу) съезінің шешуші даусы бар делегаты. Жерді муниципализациялау жөніндегі меньшевиктік программаны қорғады, «жұмысшы съезін» шақыру жөніндегі оппортунистік идеяны қолдады. Полтава ұйымынан партияның V (Лондон) съезінің делегаты болды. 1905—1907 жылдардағы

мысшы табының революциялық партиясын құруды тоқтатуға немесе болдырмауға тырысты. В. И. Ленин: «Ллойд Джордж буржуазияға айта қалғандай қызмет етеді және оған нақ жұмысшылардың *арасында* қызмет етеді, *нақ* пролетариаттың ішінде, бұқараны моральдық жағынан өзіне бағындыру бәрінен гөрі керек, бәрінен гөрі қиын жерде буржуазияның ықпалын жүргізіп отырады» (Шығармалар, 23-том, 119—120-беттер) деп жазды. 1916—1922 жылдары — премьер-министр, ағылшын империализмінің Таяу және Орта Шығыстағы, Балқандағы позициясын нығайтуға тырысып бақты, отар және тәуелді елдердегі ұлт-азаттық қозғалысын қаталдықпен басып-жаншып отырды. Россиядағы Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет мемлекетіне қарсы бағытталған соғыс интервенциясы мен блокаданы ұйымдастырушылардың, оған дем берушілердің бірі. 1919 жылғы Париж бейбітшілік конференциясына белсене қатысты; Версаль бітім шарты авторларының бірі. 1922 жылы, бірқатар саяси сәтсіздіктерден кейін, отставкаға шықты, бірақ өмірінің соңғы күніне дейін саяси ықпалын белгілі дәрежеде сақтап келді.— *470.*

Ложкин, С. В. (1868 ж. туған) — земство дәрігері, кадет, Вятка губерниясынан І Мемлекеттік думаға депутат; І Думаның қарауына трудовиктер ұсынған жер жөніндегі «33-тің жобасына» қол қойды.— *262.*

Луженовский, Г. Н. (1870—1906) — губерниялық советник; Тамбовтағы «Орыс адамдары одағы» деп аталатын қаражүздік-монархиялық ұйымның белсенді қайраткері. 1905—1906 жылдары —Тамбов губерниясындағы қаражүздік ойрандардың, шаруалардың революциялық қозғалысын патша өкіметінің аяусыз жазалау ісінің басшыларының бірі. Эсерлер партиясының мүшесі М. А. Спиридонова өлтірді.— *47.*

Луначарский, А. В. (Воинов) (1875—1933) — социал-демократ, профессионал-революционер, кейіннен көрнекті совет мемлекет қайраткері. Революциялық қозғалысқа 90-жылдардың бас кезінде келді. РСДРП II съезінен кейін — большевик. Большевиктік «Вперед», «Пролетарий», одан соң «Новая Жизнь» газеттері редакцияларының құрамына кірді. В. И. Лениннің тапсыруымен партияның III съезінде қарулы көтеріліс жөнінде баяндама жасады. Партияның IV (Бірігу) және V (Лондон) съездеріне қатысты. 1907 жылы Штутгарт халықаралық социалистік конгресінде большевиктердің өкілі болды. Реакция жылдарында марксизмнен шеттеп, антипартиялық «Вперед» тобына қатысты, марксизмді дінмен жанастыруды талап етті. В. И, Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» (1909) деген еңбегінде Луначарскийдің көзқарастарындағы қателікті көрсетіп, оны қатты сынға алды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Луначарский интернационализм позициясында болды. 1917 жылдың бас кезінде «аудан аралықшылар» тобына кірді, солармен бірге РСДРП VI съезінде партияға қабылданды. Октябрь социа-

листік революциясынан кейін, 1929 жылға дейін — халық ағарту комиссары, одан соң СССР Орталық Атқару Комитеті жанындағы Ғылыми комитеттің председателі болды. 1933 жылы августа СССР-дің Испаниядағы уәкілетті өкілі болып тағайындалды. Өнер және әдебиет жөнінде бірқатар еңбектердің авторы.— *76, 96, 195—204, 464, 466.*

Лурье, М. А.— қараңыз: Ларин, Ю.

Львов, Н. Н. (1867—1944) — помещик; В. И. Лениннің берген анықтамасы бойынша — «контрреволюцияшыл дворянсымақ», «сатқын кадеттің үлгісі». 1893—1900 жылдары Балашов уездік дворяндар жетекшісі болды; 1899 жылдан бастап — Саратов губерниялық земство басқармасының председателі. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысушы. «Азаттық одағының» және кадеттер партиясының негізін қалаушылардың бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. Кадеттердің алдауына түскен шаруалардың дауыс беруі арқасында I Мемлекеттік думаға сайланған ол шаруалардың талаптарына үзілді-кесілді қарсы шықты. II Мемлекеттік думаның мүшесі. «Бейбіт жаңарту» партиясын құрушылардың бірі. III және IV Думаларда «прогрессистердің» лидері болды. 1917 жылы — помещиктер одағы басшыларының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ гвардияшыл журналист, кейінірек — ақ эмигрант.— *378.*

XVIII Людовик (1755—1824) — Бурбон әулетінен шыққан француз королі (1814—1824). Реакциялық дворяндар мен католик шіркеуінің мүдделерін көздеген саясат жүргізді. — *150.*

Люксембург, (Luxemburg), *Роза* (1871—1919) — халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, II Интернационалдың сол қанаты лидерлерінің бірі. Революциялық қызметін 80-жылдардың екінші жартысында бастады, Польша социал-демократиялық партиясының негізін қалаушылардың және оның басшыларының бірі болды, поляк жұмысшы қозғалысы қатарындағы ұлтшылдыққа қарсы күресті. 1897 жылдан бастап герман социал-демократиялық қозғалысына белсене қатысты, бернштейншілдікке және мильеранизмге қарсы күрес жүргізді. Люксембург бірінші орыс революциясына (Варшавада) қатысты, 1907 жылы РСДРП-ның V (Лондон) съезіне қатысып, онда большевиктерді қолдады. Бірінші дүние жүзілік соғыс басталған күннен-ақ интернационалистік позиция ұстады. Ол «Интернационал» тобын құрудың инициаторларының бірі болды; бұл топ кейіннен «Спартак», одан соң «Спартак одағы» деп аталды. Юниус деген бүркеншік атпен «Социал-демократияның дағдарысы» (В. И. Лениннің «Юниустың кітапшасы туралы» деген мақаласын қараңыз: Шығармалар, 22-том, 321—337-беттер) деген кітапша жазды (түрмеде отырған кезінде). Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін Германия Коммунистік партиясының Құрылтай съезіне басшылық етуге қатысты.

М

басқарды, содан бастап — меньшевиктердің орталық мекемелері басшыларының бірі және меньшевиктік басылымдардың редакторы. Партияның V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында—жойымпаз, «Голос Социал-Демократаны» редакциялады, антипартиялық август конференциясына (1912) қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында центристік позицияда болды; Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметінің ашық жаулары жағына шықты. 1920 жылы Германияға эмиграцияға кетті, Берлинде контрреволюциялық меньшевиктік «Социалистический Вестникті» шығарып тұрды.— *18, 36, 41, 93, 147.*

Мартынов, А. (Пикер, А. С.) (1865—1935) — «экономистер» лидерлерінің бірі, көрнекті меньшевик; кейіннен Коммунистік партияның мүшесі. 80-жылдардың басынан халық еріктілерінің үйірмелеріне қатысты, 1886 жылы тұтқынға алынып, Шығыс Сибирьге жер аударылды, айдауда жүргенде социал-демократ болды. 1900 жылы эмиграцияға кетті, «экономистердің» «Рабочее Дело» журналының редакциясына кірді, лениндік «Искраға» қарсы шықты. РСДРП II съезінде —«Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағынан» делегат, антиискрашыл; съезден кейін меньшевиктерге қосылды. Екатеринослав ұйымынан делегат ретінде партияның V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позиция ұстады, 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — интернационалист-меньшевик. Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктерден қол үзіп, 1918—1920 жылдары Украинада мұғалім болды. 1923 жылы РКП(б) XII съезінде партияға қабылданды, К. Маркс пен Ф. Энгельс институтында істеді; 1924 жылдан — «Коммунистический Интернационал» журналы редакциясының мүшесі.— *114, 116, 330.*

Маслов, П. П. (Джон, Икс) (1867—1946) — экономист, социал-демократ, аграрлық мәселе жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы; ол бұл еңбектерінде марксизмді ревизиялауға тырысты; «Жизнь», «Начало» және «Научное Обозрение» журналдарына жазып тұрды. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды; жерді муниципализациялау жөніндегі меньшевиктік программаны ұсынды. РСДРП IV (Бірігу) съезінде меньшевиктер жағынан аграрлық мәселе жөнінде баяндама жасады, съезд оны Орталық Орган редакциясына сайлады. Реакция жылдарында—жойымпаз, бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде—социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтен қол үзді, педагогтық және ғылыми жұмыспен шұғылданды. 1929 жылдан — СССР Ғылым академиясының

тілектер және халыққа білім беру жөніндегі комиссияларға кірді. — *389.*

Меринг (Mehring), *Франц* (1846—1919)—Германия жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, герман социал-демократиясының сол қанаты лидерлерінің және теоретиктерінің бірі; тарихшы, публицист әрі әдебиет зерттеуші. 60-жылдардың аяғынан — радикал буржуазиялық-демократиялық публицист; 1876—1882 жылдары буржуазиялық либерализм позициясында болды, соңынан біртіндеп солшылдық бағытқа ойысты, демократиялық «Volks-Zeitung»-тің («Халық Газетінің») редакторы болды, социал-демократияны қорғап, Бисмаркқа қарсы шықты. 1891 жылы Германия социал-демократиялық партиясына кірді. Партияның теориялық органы «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналының белсенді қызметкері және оның редакторларының бірі болды, кейінірек «Leipziger Volkszeitung»-ті («Лейпциг Халық Газетін») редакциялады. 1893 жылы оның «Лессинг туралы аңыз» деген еңбегі жеке кітап болып шықты, 1897 жылы — төрт томдық «Герман социал-демократиясының тарихы» басылып шықты. Меринг Маркстің, Энгельстің және Лассальдың әдеби мұраларын бастырып шығаруға көп еңбек жұмсады; 1918 жылы оның К. Маркстің өмірі мен қызметі туралы кітабы жарық көрді. Мерингтің еңбектерінде марксизмнен бірқатар шегінушіліктер, Лассаль, Швейцер, Бакунин сияқты қайраткерлерге теріс баға беру, Маркс пен Энгельстің философияда жасаған революциялық төңкерісін түсінбеушіліктер кездеседі. Меринг II Интернационал қатарындағы оппортунизм мен ревизионизмге белсене қарсы шықты, каутскийшілдікті айыптады, бірақ сонымен бірге оппортунистерден ұйымдық жағынан ажырасудан қорыққан герман солшылдарының қателіктерін қолдады. Интернационализмді дәйекті түрде қорғады, Октябрь социалистік революциясын құттықтады. 1916 жылдан бастап ол революциялық «Спартак одағы» басшыларының бірі болды, Германия Коммунистік партиясын құруда көрнекті роль атқарды.— *162.*

Меркулов, М. А. (1875 ж. туған)— шаруа, Курск губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат, бастапқыда партияда жоқ, кейін эсер. Эсерлер партиясының Щигры шаруалар одағының белсенді мүшесі, осы одақтың ісі бойынша 1908 жылы сотқа тартылып, 1909 жылы 10 жылга каторгаға кесілді. — *395.*

Мертваго, А. П. (1856 ж. туған)— агроном, Францияда бақша кәсібін үйренді, Сорбоннода жаратылыс тану ғылымының курсын тыңдады. 1887 жылдан 1893 жылға дейін «Земледельческая Газетаға», «Сельское Хозяйство и Лесоводство» журналына жазып тұрды. 1894—1905 жылдары — ауыл шаруашылық және экономикалық «Хозяин» журналының редакторы, 1905 жылдан — осы журналды шығарушы. «Россияның қара топырақты емес өңірінің ауыл шаруашылық мәселелері», «Россияда қанша

жер бар және біз оны қалай пайдаланып отырмыз» деген және басқа да еңбектердің авторы.— *239, 243—244.*

Миклашевский, М. П. — қараңыз: Неведомский, М.

Милюков, П. Н. (1859—1943) — кадеттер партиясының лидері, орыстың империалистік буржуазиясының көрнекті идеологы, тарихшы және публицист. 1886 жылдан — Москва университетінің приват-доценті. Саяси қызметін 90-жылдардың бірінші жартысында бастады; 1902 жылдан буржуазияшыл либералдардың шетелде шығып тұрған «Освобождение» журналына белсене қатысты. 1905 жылғы октябрьде—кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі, кейін оның Орталық Комитетінің председателі және орталық органы —«Речь» газетінің редакторы. III және IV Мемлекеттік думалардың мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында сыртқы істер министрі, соғысты «жеңіске жеткенге дейін» жалғастыру жөніндегі империалистік саясатты жүргізді; 1917 жылдың августында контрреволюциялық Корнилов бүлігін дайындауға белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі болды; ақ эмиграцияның белсенді қайраткері. 1921 жылдан бастап Парижде «Последние Новости» газетін шығарып тұрды. — *27, 126, 129, 159, 165, 170, 182, 235, 490, 491, 492.*

Мирабо (Mirabeau), *Оноре Габриель* (1749—1791) — XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясының көрнекті қайраткерлерінің бірі, граф. Француз дворяндарының баяу-либералдық топтарының мүдделерін білдіруші болды. Талантты шешен ретінде кеңінен танылды. Революцияның барысында король сарайымен астыртын байланыс жасап, революцияшыл халықтың мүдделерін сатып кетті. — *162.*

Михайловский, Н. К. (1842—1904) — либерал халықшылдықтың аса көрнекті теоретигі, публицист, әдебиет сыншысы, философ-позитивист, социологиядағы субъективтік мектеп өкілдерінің бірі. Әдеби қызметін 1860 жылы бастады; 1868 жылдан— «Отечественные Записки» журналының қызметкері, кейін оның редакторларының бірі. 70-жылдардың аяғында «Халық еркі» ұйымының басылымдарын құрастыруға және редакциялауға қатысты. 1892 жылы «Русское Богатство» журналын басқарды, оның беттерінде марксистерге қарсы өршелене күрес жүргізді. Михайловскийдің көзқарастары В. И. Лениннің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» (1894) деген және басқа шығармаларында сыналған. — *101.*

Мольтке (Moltke), *Хельмут* (1848—1916)— граф, неміс генералы. 1906 жылдан —Германияның Үлкен бас штабының бастығы.

эмигранттық, оңшыл кадеттік «Руль» газетін шығаруға қатысты. — *60.*

Назаренко, Д. И. (1861 ж. туған) — шаруа, Харьков губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат, трудовик, 1905 жылы шаруалар қозғалысына белсене қатысты, тұтқынға алынды. Думада жарлықтар жөніндегі және басқа комиссияларға кірді. Выборг үндеуіне қол қойды, сол үшін сотталып, сайлау правосынан айрылды. — *408.*

Наконечный, И. М. (1879 ж. туған) — шаруа, Люблин губерниясынан I, III және IV Мемлекеттік думаларға депутат, национал-демократиялық партияның сол қанатына қосылды. Поляк ұлт-азаттық қозғалысына белсене қатысты, тұтқынға алынып, Вологдаға 3 жылға жер аударылды, бірақ 1905 жылы амнистия жасалды. 1905 жылы Варшавада шаруалар съезін ұйымдастырушылардың бірі. Думада аграрлық комиссияға кірді. — *415.*

I Наполеон (Бонапарт) (1769—1821) — 1804—1814 және 1815 жылдарда француз императоры. — *256.*

III Наполеон (Бонапарт, Луи) (1808—1873) — Францияның 1852—1870 жылдардағы императоры, I Наполеонның немере інісі. 1848 жылғы революция талқандалғаннан кейін Француз республикасының президенті болып сайланды; 1851 жылдың 2 декабріне қараған түні мемлекеттік төңкеріс жасады. III Наполеонға сипаттама К. Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, М., 1955, 208—302-беттер) деген еңбегінде берілген. — *183.*

Неведомский, М. (Миклашевский, М. П.) (1866—1943) — социал-демократ, меньшевик, әдебиет сыншысы және публицист. Реакция жылдарында — жойымпаз, кадеттік «Вехи» жинағының авторларымен ынтымақта болды, әдебиеттің партиялығына қарсы шықты. Октябрь социалистік революциясынан кейін публицистік қызметпен шұғылданды. В. И. Ленин өзінің еңбектерінде Неведомскийдің меньшевиктік көзқарастарын қатты сынады. — *58—59, 63, 66, 69, 70.*

Некрасов, Н. А. (1821—1878) — орыстың ұлы ақыны, революцияшыл демократ. 1847 жылдан бастап «Современник» журналын шығарып тұрды, журнал 20 жыл бойына дерлік прогресшіл орыс әдебиеті мен қоғамдық пікірдің орталығы болды; журналда Н. Г. Чернышевский және Н. А. Добролюбов қызмет істеді. 1866 жылы патша үкіметі журналды жапқаннан кейін іле-шала Некрасов «Отечественные Записки» журналын өз қолына алып, М. Е. Салтыков-Щедринмен бірге оны озық демократиялық пікірдің органына айналдырды. Некрасов поэзиясында рево-

люциялық шаруалар демократиясының идеялары айқын бейнеленеді. Некрасовтың аса маңызды шығармалары: «Россияда өмір сүру кімге жақсы», «Қызыл шұнақ аяз», «Темір жол», «Орыс әйелдері» және басқалар.

В. И. Ленин Некрасовтың творчествосын жоғары бағалады, оның шығармаларындағы образдарды жиі пайдаланды. — *47.*

Нечитайло, С. В. (1862 ж. туған) — шаруа, Киев губерниясынан II Мемлекеттік думага мүше, трудовик. Армия қатарында қызмет атқарғаннан кейін біраз уақыт әр жерде фельдшер болып істеді, кейін егіншілікпен шұғылданды.— *407.*

II Николай (Романов) (1868—1918) — орыстың соңғы императоры, 1894 жылдан 1917 жылғы Февраль революциясына дейін патшалық құрды. 1918 жылы 17 июльде жұмысшы және солдат депутаттары Урал облыстық Советінің қаулысы бойынша Екатеринбургте (Свердловскіде) атылды. — *454, 491, 492.*

Новоседский (Бинасик, М. С.) (1883—1938)—социал-демократ, меньшевик, кәсібі жөнінен адвокат. 1906 жылы РСДРП IV (Бірігу) съезіне Сморгонь ұйымынан шешуші даусы бар делегат болды. Реакция жылдарында социал-демократиялық қозғалыстан шеттеп кетті. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советінің әскери секциясының председателі және Петроград Атқару комитетінің мүшесі; бірінші сайланған Орталық Атқару Комитетінің құрамына кірді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Владивостоктағы министрлердің коалициялық кабинетінің председателі; кейіннен Москвада шаруашылық жұмыста болды. — *334, 338, 341, 351, 422.*

Носке (Noske), *Густав* (1868—1946)— Герман социал-демократиялық партиясының оппортунистік лидерлерінің бірі. Бірінші дүние жүзілік соғыстан көп бұрын милитаризмді жақтады. Соғыс кезінде — социал-шовинист, рейхстагта соғыс кредитін жақтап даус берді. 1918 жылы, Германиядағы Ноябрь революциясы кезінде, Кильдегі матростардың революциялық қозғалысын басып-жаныштауға басшылық етушілердің бірі болды. 1919—1920 жылдары әскери министр болды; Берлин жұмысшыларын жазалауды және К. Либкнехт пен Р. Люксембургті өлтіруді ұйымдастырды, сол үшін «қанды ауыз ит» деп атанды. Кейіннен Пруссияның Ганновер провинциясының президенті болды. Фашистік диктатура жылдарында гитлерлік үкіметтен мемлекеттік пенсия алып тұрды.

В. И. Ленин Носкені «социал-сатқын», «монархия мен контрреволюциялық буржуазияға қызмет ететін жұмысшылардан шыққан ең жексұрын жендеттердің» бірі деп атады (Шығармалар, 29-том, 305-бет). — *200.*

О

П

шұғылданды, әскерді жабдықтау ісімен айналысып байыды. 1915 жылдан бастап «Die Glocke» («Қоңырау») журналын шығарып тұрды, оны Ленин «Германиядағы ренегаттықтың және жиіркенішті малайлықтың органы» (Шығармалар, 21-том, 432-бет) деп сипаттады.— *18, 107, 112, 304.*

Переяславский, Ю.— қараңыз: Хрусталев-Носарь, Г. С.

Петерсон, Б. Л. (1874 ж. туған) — ірі жер иесі, Кострома губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат, Ветлуга уездік земство басқармасының председателі. Бастапқыда кадеттер партиясында болды, кейін «халықтық социалистерге» қосылды. Думада бірқатар комиссиялардың құрамында болды. — *262.*

Петроченко, Ф. И. (1875 ж. туған)—шаруа, Витебск губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат. Думада оңшылдарға қосылды, жұмыссыздарға көмек көрсету жөніндегі комиссияға кірді. 1911—1913, 1917 және 1918 жылдары — Полоцк уездік земство басқармасының мүшесі. — *237, 387, 425.*

Петрункевич, И. И. (1844—1928) — помещик, земство қайраткері, кадет. 1904 жылы либерал-монархиялық «Азаттық одағының» председателі болды. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысушы. Кадеттер партиясын ұйымдастырушылардың және оның көрнекті лидерлерінің бірі, оның Орталық Комитетінің председателі, партияның орталық органы —«Речь» газетін шығарушы. I Мемлекеттік думаның мүшесі болды. Петрункевичтің қоғамдық қызметі либерал буржуазияның самодержавие алдында саяси тұрғыдан құрдай жорғалаушылықтың кәдуілгі көрінісі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант. — *385.*

Пешехонов, А. В. (1867—1933) — буржуазиялық қоғам қайраткері және публицист. 90-жылдары — либерал халықшыл; «Русское Богатство» журналының қызметкері, ал 1904 жылдан бастап — осы журнал редакциясының мүшесі; либерал-буржуазиялық «Освобождение» журналы мен эсерлердің «Революционная Россия» газетіне қатысып тұрды. 1903—1905 жылдары «Азаттық одағына» кірді, 1906 жылдан бастап — ұсақ буржуазиялық «халықтық социалистер» (энестер) партиясы басшыларының бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті; 1922 жылдан — ақ эмигрант.— *264, 279—280, 281, 317, 352, 396, 451, 457.*

Пикер, А. С.— қараңыз: Мартынов, А.

Пименова, Э. К. (Э. П.) (1885—1935) — журналист әрі жазушы. «Мир Божий», «Русское Богатство» және «Современный

Мир» журналдарына жазып тұрды; меньшевиктік позицияда болды.— *468, 470.*

Плевако, Ф. Н. (1843—1908) — көрнекті адвокат, октябрист. Москва қаласынан III Мемлекеттік думаға депутат, мемлекеттік қорғаныс, заң жобалары жөніндегі және басқа да комиссияларға кірді.— *163.*

Плеханов, Г. В. (1856—1918) — орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы. 1875 жылы, студент кезінде-ақ, Плеханов халықшылдармен, Петербургтің жұмысшыларымен байланыс жасап, революциялық қызметке араласты; 1877 жылы халықшылдық «Жер және ерік» ұйымына кірді, ал 1879 жылы, бұл ұйым жікке бөлінгеннен кейін, халықшылдардың жаңадан құрылған «Қаралай бөліс» ұйымын басқарды. 1880 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетіп, халықшылдықтан қол үзді де, 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құрды. XIX ғасырдың 90-жылдарында Плеханов халықшылдыққа қарсы күресті, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ревизионизмге қарсы шықты. 900-жылдардың басында В. И. Ленинмен бірге «Искра» газеті мен «Заря» журналын редакциялады, РСДРП II съезін әзірлеуге қатысты. Съезде — «Еңбекті азат ету» тобынан делегат, көпшілік жағындағы искрашыл.

Плеханов 1883 жылдан 1903 жылға дейін дүниеге материалистік көзқарасты қорғауда үлкен роль атқарған және ғылыми социализмнің қазынасына бағалы үлес болып қосылған «Социализм және саяси күрес» (1883), «Біздегі алауыздықтар» (1885), «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» (1895), «Материализм тарихы жөніндегі очерктер» (1896), «Жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселе жөнінде» (1898) және басқа бірқатар еңбектер жазды.

Алайда сол кездің өзінде-ақ Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарасының ұрығы еді. РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунизммен ымыраласу позициясына көшті, ал кейін меньшевиктерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде барлық негізгі мәселелер бойынша меньшевиктік позицияларда болды; шаруалардың революциялық ролін жете бағаламады, либерал буржуазиямен одақ жасасуды талап етті; пролетариаттың гегемондығы идеясын сөз жүзінде мойындай отырып, іс жүзінде бұл идеяның мәніне қарсы шықты. 1905 жылғы декабрь қарулы көтерілісін айыптады. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында марксизмге махистік тұрғыдан ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, «партияшыл меньшевиктер» тобын басқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясында болды, меньшевиктік қорғампаздық тактиканы жақтады, марксизмнен біржола қол үзді. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Пле-

ханов Россияға қайтып келіп, қорғампаз-меньшевиктердің барып тұрған оңшыл «Бірлік» тобын басқарды, социализмге көшу үшін Россия пісіп-жетілген жоқ деп санап, большевиктерге, социалистік революцияға белсене қарсы шықты. Октябрь революциясына теріс көзқараста болды, бірақ Совет өкіметіне қарсы күреске қатысқан жоқ.

В. И. Ленин Плехановтың философиялық еңбектерін және оның Россияда марксизмді таратудағы ролін жоғары бағалады; сонымен бірге ол Плехановты марксизмнен ауытқығаны үшін және саяси қызметіндегі ірі қателері үшін қатты сынады.— *5, 6, 14—15, 41, 59, 76, 88, 89, 96, 106, 113—114, 117, 126, 147, 159, 160—161, 167—168, 169, 170, 174, 175, 197, 198, 201, 222, 234, 250, 311, 325—326, 329—330, 332, 334, 336, 337, 340, 342, 347, 348, 350, 351, 354, 355, 357—358, 377, 419, 460, 463, 464, 465—466, 467, 468, 470.*

Повилюс, А. М. (1871 ж. туған) — Ковно губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат, шаруа. Думада аграрлық комиссияға кірді, социал-демократиялық фракцияға қосылды. 1906, 1908, 1910 және 1911 жылдары түрмеге жабылды. Кейін революциялық қозғалыстан шеттеп кетті. Буржуазиялық Литвада кооперация ұйымдарында істеді, ауыл шаруашылығымен шұғылданды. Литвада Совет өкіметі орнағаннан кейін колхозда жұмыс істеді.— *417.*

Покровский, И. П. (1872—1963) — социал-демократ, кәсібі жөнінен дәрігер. Кубань және Терек облыстарынан және Қара теңіз губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат, социал-демократиялық фракцияның большевиктік тобына қосылды. 1910 жылы III Думадағы социал-демократиялық фракцияның өкілі ретінде большевиктік жария газет — «Звезданың» редакциясына кірді.— *478, 481—482.*

Понятовский, Щ. А. (1863 ж. туған) — ірі жер иесі, кәсібі жөнінен адвокат, Волынь губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат. Думада секретарьдың орынбасары, аграрлық комиссияның мүшесі болып сайланды. Автономистерге (батыс шет аймақ тобына) қосылды.— *416.*

Попп (Popp), *Адельгейд* (1869 ж. туған) — Австрияда социал-демократиялық әйелдер қозғалысының негізін салған және басшысы болған әйел. 1892 жылдан социал-демократиялық орган— «Arbeiterinnen-Zeitung»-тің редакторы. II Интернационалдың Штутгарт конгресіне қатысты. 1918 жылы Венаның муниципальдық советіне, 1919 жылы Ұлттық жиналысқа сайланды.— *91.*

Португалов, В. В. (1874 ж. туған) — кадет публицист, «Саратовский Листок», «Товарищ», «Смоленский Вестник» газеттеріне жазып тұрды. Октябрь социалистік революциясынан кейін шет-

елге эмиграцияға кетіп, Б. В. Савинковтың контрреволюциялық эмигранттық ұйымына кірді; ақ эмиграттық баспасөзге қатысты.— *40.*

Потресов, А. Н. (Старовер) (1869—1934) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 90-жылдарда марксистерге қосылды; Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» қатысқаны үшін Вятка губерниясына жер аударылды. 1900 жылы шетелге кетті, «Искраны» және «Заряны» ұйымдастыруға қатысты. РСДРП II съезіне «Искра» редакциясынан кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашыл. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздықтың идеологы, меньшевиктік «Возрождение», «Наша Заря» журналдарында және басқаларда басшы роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін эмиграцияға кетті; шетелде Керенскийдің «Дни» апталығына қатысып тұрды, Советтік Россияға жала жауып, мақалалар жазды.— *104.*

Поярков, А. В. (1868 ж. туған) — священник, Воронеж губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат.— *400—401, 430.*

Прокопович, С. Н. (1871—1955) — буржуазияшыл экономист және публицист. 90-жылдардың аяқ шенінде «экономизмнің» көрнекті өкілі, Россияда бернштейншілдікті алғаш уағыздаушылардың бірі. Кейінірек — либералдық-монархиялық «Азаттық одағы» ұйымының белсенді мүшесі. 1906 жылы — кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік «Без Заглавия» журналының шығарушы-редакторы, солшыл-кадеттік «Товарищ» газетінің белсенді қызметкері, жұмысшы мәселесі жөнінде бернштейншілдік-либералдық позицияда жазылған кітаптардың авторы. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды.— *40, 160, 201, 222, 223, 239.*

Птицын — қараңыз: Соловейчик, Б. И.

«Пугачев» — қараңыз: Кабаков, Г. И.

Пуришкевич, В. М. (1870—1920) — ірі помещик, нағыз реакцияшыл-қаражүздік, монархист. 1900 жылдан ішкі істер министрлігінде істеді, 1904 жылы — Плевенің ішкі істер министрлігі жанындағы ерекше тапсырмалар жөніндегі чиновник. Қаражүздік «Орыс халқы одағын» құрудың инициаторларының бірі болды; 1907 жылы бұл одақтан шығып, монархиялық контрреволюциялық жаңа ұйым — «Михаил Архангел палатасы» ұйымын құрды; Бессарабия губерниясынан II, III және IV Мемлекеттік думаларға депутат; Думада ойран салуға шақырған, антисемиттік сөздер сөйлеуімен әйгілі болды. В. И. Ленин-

нің сөзімен айтқанда, «Пуришкевичтің сөзі тағы помещик әрі ескі ұр да жықтың сөзі еді» (Шығармалар, 15-том, 428-бет). Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күресті.— *41, 167, 376.*

Пьяных, И. Е. (1863—1929) — шаруа. Курск губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат, эсер. 1903—1907 жылдары эсерлердің Щигры шаруалар одағында жұмыс жүргізді; 1907 жылы тұтқынға алынып, 1909 жылы осы одақтың ісі бойынша өлім жазасына кесілді, бұл үкім мәңгі-бақи каторгада болумен ауыстырылды. 1909—1914 жылдары жазасын Тобольскіде, 1914—1917 жылдары Шлиссельбургте өтеді. Кейіннен саяси қызметтен қол үзді.— *400.*

Р

Р.— қараңыз: Радченко, С. И.

Радченко, С. И. (Р.) (1868—1911) — социал-демократ, 1890 жылдан бастап революциялық қозғалысқа қатысты. 1893 жылы студент-технологтардың маркстік үйірмесін ұйымдастырушылардың бірі болды, бұл үйірмеге В. И. Ленин, Г. М. Кржижановский, А. А. Ванеев және басқалар қатысты. 1895 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» басшы орталығына кірді. РСДРП I съезіне қатысты, Орталық Комитетке мүше болып сайланды. 1901 жылы революциялық қызметі үшін тұтқынға алынды; 1904 жылы Вологда губерниясына жер аударылды. 1905 жылы айдаудан оралғаннан кейін саяси қызметтен қол үзді.— *104.*

Ременчик, Д. Я. (1863 ж. туған) — шаруа, облыстық старшина, Минск губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат, Думада оңшылдарға қосылды.— *387.*

Ренненкампф, П. К. (1854—1918) — патша генералы, революциялық қозғалысты тұншықтырған жендеттердің бірі. 1900—1901 жылдар Қытайдағы «боксерлер» көтерілісін басып жаншуда барып тұрған қатыгездік көрсетті. 1906 жылы Сибирьде революциялық қозғалысты басып-жаншу жөніндегі жазалау экспедициясын басқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде, I орыс армиясын басқара отырып, сатқындық деуге болатындай қылмысты салақтық жасады, бұл орыс әскерінің Шығыс Пруссияда жеңіліске ұшырауының негізгі себептерінің бірі болды; 1915 жылы қызметінен босатылып, отставкаға жіберілді. 1918 жылы контрреволюциялық қызметі үшін атылды.— *47.*

Рикардо (Ricardo), *Давид* (1772—1823) — ағылшынның аса көрнекті экономисі, «Саяси экономия мен салық салудың бастаулары» (1817), «Егіншілікке қамқорлық туралы» (1822) және

басқа еңбектердің авторы, бұларда классикалық буржуазиялық саяси экономия қорытылып аяқталды. Феодализм қалдықтарымен буржуазияның күресінде оның мүдделерін қорғай отырып, Рикардо еркін бәсеке принципін жақтады, капиталистік өндірістің дамуына кедергі болатын барлық шектеулерді жоюды талап етті. Рикардоның экономика ғылымы үшін тарихи маңызы ең алдымен оның еңбек құны теориясында, ол бұл теорияны бүкіл саяси экономияның негізі етіп алуға тырысты. А. Смиттің құн теориясын дамыта келіп, Рикардо құн товарды өндіруге жұмсалған еңбекпен белгіленеді және жұмысшының жалақысы да, еңбексіз табыстар — пайда мен рента да осы негізден келіп шығады деп дәлелдеді. Ол жұмысшының жалақысы мен капиталистің пайдасы арасындағы қарама-қарсылықты ашты, яғни пролетариат пен буржуазия мүдделерінің қақтығысатынын анықтады.

Алайда Рикардоның таптық тар өрістілігі оның капитализмге шын мәнінде ғылыми талдау жасауына, капиталистік қанаудың сырын ашуына кедергі болды. Рикардо товар өндірісі мен капитализмді қоғамдық өндірістің мәңгі және табиғи формасы деп санады. Ол құнның әлеуметтік жаратылысын аша алмады, құн мен өндіріс бағасы арасындағы айырмашылықты көрмеді және ақшаның пайда болуы мен мәнін түсіне алмады.

Рикардоның теориялық көзқарастары К. Маркстің «Капиталында», «Қосымша құн теорияларында» және басқа шығармаларында сыналған.— *267, 269.*

Родбертус-Ягецов (Rodbertus-Jagetzow), *Иоганн-Карл* (1805—1875) — немістің тұрпайы экономисі, Пруссияның ірі жер иесі, «мемлекеттік социализм» теоретиктерінің бірі. Родбертус еңбек пен капитал арасындағы қайшылықтар Пруссияның юнкерлік мемлекеті жүргізген бірқатар реформалардың көмегімен шешілуі мүмкін деп есептеді; Энгельстің жазғанындай, «артықшылығы бар тапты кем дегенде ең таяу 500 жылға» (К. Маркс пен Ф. Энгельс, Шығармалар, XVI том, I бөлім, 1937, 186-бет) сақтап қалуға үміттенді. Қосымша құнның шығуы мен капитализмнің негізгі қайшылығының мәнін түсінбеген Родбертус халық бұқарасының кем тұтынуын экономикалық дағдарыстардың себебі деп есептеді. Родбертустің негізгі еңбектері: «Біздің мемлекеттік-шаруашылық құрылысымызды тану жөнінде» (1842), «Фон Кирхманға арналған әлеуметтік хаттар» (1850—1851, 1884).— *267, 299.*

Родичев, Ф. И. (1856 ж. туған) — Тверь помещигі және земство қайраткері, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысты. I, II, III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін буржуазиялық Уақытша үкіметтің Финляндия істері жөніндегі комиссары болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант.— *18, 386.*

Рождественский — халықтық социалист, эсерлер партиясының 1905 жылғы бірінші съезіне қатысты.— *171.*

Розенблюм, Д.— қараңыз: Фирсов, Д.

Рубакин, Н. А. (1862—1946) — орыстың библиографы және жазушысы, Россиядағы кітап ісінің библиографиясы мен тарихы жөніндегі көптеген еңбектердің, география, жаратылыс тану ғылымы жөніндегі және басқа да ғылыми-көпшілік очерктердің авторы. 1907 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетіп, өмірінің ақырына дейін сонда тұрды. Рубакиннің негізгі библиографиялық еңбегі — «Кітаптар әлемінде» (1906). Осы еңбектің II томына В. И. Ленин рецензия жазып, онда былай деп атап көрсетті: «Бірде-бір байсалды кітапхана Рубакин мырзаның шығармасын алмай тұра алмайтын болады» (Шығармалар, 20-том, 260—261-беттер). В. И. Ленин Рубакинмен шетелде кездесіп, оның кітапханасындағы кітаптарды пайдаланды. Кейін Рубакин Совет Одағымен тығыз байланыс жасап тұрды, өзінің 80 мың томдық кітабы бар кітапханасын СССР-ге мұра етіп қалдырды, олар В. И. Ленин атындағы Мемлекеттік кітапханада сақтаулы.— *225.*

Рубанович, И. А. (1860—1920) — эсерлер партиясы лидерлерінің бірі. Бастапқыда халық ерікшілдігі қозғалысына белсене қатысты; 80-жылдарда Парижге эмиграцияға кетті, онда 1893 жылы «байырғы халық ерікшілері тобына» кірді. Эсерлер партиясы құрылғаннан бастап — оның белсенді мүшесі. «Вестник Русской Революции» журналына ат салысты, журнал 1902 жылдан эсерлердің ресми органы болды. Амстердамда (1904) және Штутгартта (1907) болған Халықаралық социалистік конгрестерде эсерлер партиясының өкілі. Халықаралық социалистік бюроның мүшесі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің жауы.— *138.*

Рузвельт (Roosevelt), *Теодор* (1858—1919) — Американың мемлекет қайраткері. Республикалық партияның қатарында болды. 1897—1898 жылдары — теңіз министрінің көмекшісі. 1899—1900 жылдары — Нью-Йорк штатының губернаторы. 1901—1909 жылдары — Америка Құрама Штаттарының президенті. Рузвельт Америка Құрама Штаттары монополиясының ең ықпалды өкілдерінің және американ империализмі идеологтарының бірі болды. Теодор Рузвельттің үкіметі жанталаса қарулануды өрістетіп, Латын Америкасы елдері жөнінде агрессиялық сыртқы саясат жүргізді (1903 жылы Панама каналы аймағын басып алды, 1906—1909 жылдары Кубаны оккупациялады). 1912 жылғы президенттік сайлауда буржуазиялық реформизм программасын алға тартты, бұл, Ленин атап көрсеткендей, *«буржуазиялық реформалар* арқылы... *капитализмді* сақтап қалуға» тырысушылық болды (Шығармалар, 18-том, 413-бет). Бірінші

дан — Москва Мемлекеттік университетінің профессоры. 1920 жылдан Орталық статистика басқармасында істеді, 1917, 1918, 1919, 1925 жылдары статистиктердің съездеріне қатысты.— *402.*

Святополк-Мирский, Д. Н. (1874 ж. туған) — князь, ірі помещик, Бессарабия губерниясынан II және IV Мемлекеттік думаларға депутат. Октябрь социалистік революциясынан кейін шетелге эмиграцияға кетті.— *261, 376, 403, 425, 426.*

Семенов, А. И. (1857 ж. туған) — шаруа, Подольск губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат, бастапқыда партияда жоқ, кейіннен трудовик. Думада аграрлық комиссияның мүшесі болды; Дума таратылғаннан кейін полицияның қуғындауына түсті.— *237, 391—392.*

Серов, В. М. (1879—1918) — социал-демократ, большевик, кәсібі жөнінен мұғалім. РСДРП V (Лондон) съезіне кеңесші даусы бар делегат. Саратов губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат, аграрлық және финанс комиссияларына кірді; Дума таратылғаннан кейін социал-демократиялық фракцияның ісі бойынша жауапқа тартылып, 5 жылға каторгаға кесілді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Верхнеудинскіде жұмысшы, шаруа және солдат депутаттары Советінің председателі. 1918 жылы ақ гвардияшылар атып өлтірді.— *427.*

Сисмонди (Sismondi), *Жан Шарль Леонар Симонд де* (1773—1842) — Швейцария экономисі және тарихшы. Өз қызметінің бас кезінде Сисмонди саяси экономияның буржуазиялық классикалық мектебіне қосылды, содан соң ұсақ буржуазиялық социализмнің өкілі, ұсақ өндірушілердің көзқарасын білдірген экономикалық романтизмнің негізін салушы ретінде көрінді. Капитализм қайшылықтарын көрсете отырып, Сисмонди олардың негіздерін аша алмады. Ол ірі капиталистік өндірістің прогрестік тенденцияларын түсінбеді, өзгерген экономикалық жағдайларға мүлдем сәйкес келмейтін өнеркәсіптің цехтық ұйымдасуын және патриархаттық ауыл шаруашылығын ең көксеген мұрат деп жариялады.

Ленин өзінің «Экономикалық романтизмнің сипаттамасы жөнінде» деген еңбегінде Сисмондидің ілімін жан-жақты сынады. Сисмондидің негізгі экономикалық еңбектері: «Саяси экономияның жаңа негіздері немесе халыққа қатысы бар байлық туралы» (1819) және «Саяси экономия жөніндегі этюдтер» (1837—1838).— *74.*

Скирмунт, Р. А. (1868 ж. туған) — помещик, Минск губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат; «автономистер одағы» фракциясында болды. 1910 жылғы октябрьде Мемлекеттік советке мүше болып сайланды.— *378.*

Смирнов, Е.— қараңыз: Гуревич, Э. Л.

Смит (Smith), *Адам* (1723—1790) — ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның аса ірі өкілі. «Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу» (1776) деген еңбегінде өндірістің қай саласына жұмсалса да, еңбек атаулының бәрі құнның қайнар көзі деп тұңғыш рет жариялады. Осы қағидаға сүйене отырып, Смит жұмысшының жалақысы оның өнімінің бір бөлегі болып табылады және ол жұмысшының күнкөріс құралдарының құнымен анықталады, капиталистер мен жер иелері табыстарының қайнар көзі де жұмысшылардың еңбегі болып табылады деген өте маңызды қорытынды жасады. Смит капиталистік қоғамның үш таптан: жұмысшылардан, капиталистерден және жер иелерінен құралатынын тұңғыш рет көрсетіп берді. Бірақ буржуазиялық дүние тану көзқарасы шегінде қалған ол бұл қоғамда тап күресінің бар екенін теріске шығарды. Смиттің саяси экономияны дамытудағы еңбектерін атап айта келіп, Маркс сонымен бірге оның көзқарастарының буржуазиялық тар өрістілігін, қайшылықтарын және қателігін көрсетіп берді. Товар құнының оған сіңірілген жұмыс уақытымен дұрыс анықталуын Смит еңбектің өзінің құнымен шатастырды. Капитализм тұсында құн тек қана табыстардан — жалақыдан, пайдадан және рентадан құралады деп пайымдай отырып, товар өндірген кезде тұтынылған тұрақты капиталдың құнын қалдырып қойып, қате жасады. Смиттің қате қағидаларын буржуаяшыл тұрпайы экономистер капитализмді идеологиялық жағынан қорғау мақсатында пайдаланды.— *294.*

Соловейчик, Б. И. (Птицын) (1884 ж. туған) — социал-демократиялық қозғалысқа 1903 жылы қосылды, меньшевик; Россияның оңтүстіктегі қалаларында, кейін Москвада істеді. РСДРП IV (Бірігу) съезіне Москва округтік ұйымынан делегат. 1909 жылдан бастап саяси қызметтен қол үзді. 30-жылдарда Жеңіл өнеркәсіп халық комиссариатында істеді.— *351.*

Старков, В. В. (Ст.) (1869—1925) — XIX ғасырдың 90-жылдарынан бастап революциялық қозғалысқа қатысты, студент-технологтардың маркстік үйірмесіне кірді, ол үйірмеде В. И. Ленин, Г. М. Кржижановский, А. А. Ванеев, М. А. Сильвин және басқалар болды. 1895 жылы В. И. Ленин ұйымдастырған Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» басшы орталығына кірді. 1895 жылы декабрьде тұтқынға алынып, 1897 жылы Шығыс Сибирьге 3 жылға жер аударылды. Айдалу мерзімі аяқталғаннан кейін Бакуде заводта механик, электр станциясының меңгерушісі болып істеді, жергілікті социал-демократиялық ұйымдармен байланыс жасап тұрды. Реакция жылдарында партия жұмысынан қол үзді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Сыртқы сауда халық комиссариатында істеді, СССР-дің Германиядағы сауда өкілінің орынбасары болды.— *104.*

грант.— *27, 58, 60, 61, 65, 101, 102—103, 104, 105, 119, 125, 129, 130, 168, 170, 200, 308, 407, 493—494, 500, 503.*

Струмилин (Струмилло-Петрашкевич), С. Г. (1877 ж. туған)— социал-демократ, кейіннен көрнекті совет экономисі және статистигі, академик. Революциялық қозғалысқа 1897 жылдан қатыса бастады. 1899 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» кірді, талай рет тұтқынға алынып, жер аударылды. 1905 жылы және одан кейінірек Петербургте меньшевиктік ұйымдарда істеді, ымырашылдық позиция ұстады. 1906 және 1907 жылдарда РСДРП IV және V съездеріне делегат болды, аграрлық мәселе жөнінде ерекше пікір айтып сөз сөйледі, жалпы аграрлық программаның қажеттігін теріске шығарды; бірқатар принциптік мәселелер бойынша большевиктерді жақтап дауыс берді. Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктерден қол үзді, 1923 жылдан — КПСС мүшесі. СССР Мемлекеттік Жоспарлау Комитетінде (1921—1937; 1943—1951), СССР Ғылым Академиясында істеді, Москва университетінде және басқа жоғары оқу орындарында оқытушылық қызмет атқарды. Социалистік жоспарлау, СССР халық шаруашылығының тарихы, статистика және басқа мәселелер жөніндегі көптеген ғылыми еңбектер мен мақалалардың авторы.— *370.*

Суворов, С. А. (Борисов) (1869—1918) — социал-демократ, әдебиетші әрі статистик. Революциялық қызметін 90-жылдары халық ерікшілері қатарында бастады. 1900 жылдан — социал-демократ; 1905—1907 жылдарда Россияның бірқатар қалаларындағы большевиктік ұйымдарда істеді. РСДРП IV (Бірігу) съезіне делегат болды. Съезде аграрлық мәселе жөніндегі баяндамашылардың бірі болды, помещиктік жерді бөлу және оны шаруалардың жеке меншігіне беру талабын жақтады. 1905—1907 жылдардағы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін марксизм философиясына қарсы жорық ашқан партиялық интеллигенттер — махистер тобына қосылды; олардың «Марксизм философиясы жөніндегі очерктер» (1908) деген жинағына қатысты. В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» (1909) деген еңбегінде Суворовтың антимарксстік философиялық көзқарастарын өлтіре сынады.

1910 жылдан кейін Суворов партиядан қол үзіп, статистик болып істеді. 1917 жылы интернационалист-меньшевиктерге қосылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Москвада және Ярославльде сайланып қойылатын қызметтер атқарды; 1918 жылы июльде Ярославльдегі контрреволюциялық көтеріліс кезінде қаза тапты.— *284—285, 286, 318.*

Сыртланов, Ш. Ш. (1847 ж. туған) — помещик, Уфа губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат, кадеттер партиясына жақын тұрған мұсылман халықтық партиясында болды. Губер-

ниялық басқарма мүшесі болып қызмет істеді, 1887 жылдан 1891 жылға дейін — Белебей земство басқармасының председателі.— *419.*

Т

Танцов, А. З. (1860 ж. туған) — жер иесі, октябрист, Смоленск губерниясынан II және III Мемлекеттік думаларға депутат. Смоленск уездік және губерниялық земствоның мүшесі, «Смоленская Газетаның» редакторы.— *378.*

Татаринов, Ф. В. (1860 ж. туған) — помещик, кадет, Орел қаласынан I және II Мемлекеттік думаларға депутат. Орел уездік земство басқармасының председателі және губерниялық земство басқармасының мүшесі болды. II Думада аграрлық комиссияға, жергілікті басқарма және өзін өзі басқару жөніндегі комиссияға кірді, бюджет комиссиясының секретары болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Россияның оңтүстігінде контрреволюцияға қатысты.— *235, 383, 384, 404, 405, 428.*

Тенисон, Я. Я. (Тынисон) (1868 ж. туған) — эстон буржуазиялық қоғам және мемлекет қайраткері. Эстонияда буржуазиялық-клерикалдық ағымды басқара отырып, 1905 жылдың алқ кезінде «прогрессистер» партиясының негізін салды, бұл партия эстон буржуазиясының мүддесін қорғады. Лифляндия губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат, кадеттер фракциясына кірді, аграрлық және басқа мәселелер бойынша сөз сөйледі. 1919—1920 жылдары және 1928 жылы — Эстония премьер-министрі, 1930—1932 жылдары — сыртқы істер министрі. Кейіннен Тарту университетінің профессоры болды.— *416.*

Тер-Аветикянц, С. Х. (1867—1938) — армян буржуазиялық-ұлтшылдық «Дашнакцутюн» партиясының мүшесі, публицист, кәсібі жөнінен мұғалім. Елизаветполь губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат. Закавказьеде Совет өкіметі орнағаннан кейін «Дашнакцутюн» партиясынан қол үзді, Азербайжанның Гянджа (Кировабад) ауданында мұғалім болып істеді.— *418—419.*

Тетеревенков, В. Н. (1877 ж. туған) — помещик, октябрист, Мещовск уездік земство басқармасының председателі, Калуга губерниясынан II және III Мемлекеттік думаларға депутат. Думаларда барып тұрған оңшыл позиция ұстады.— *239.*

Тихвинский, Ф. В. (1862 ж. туған) — священник, Бүкіл россиялық шаруалар одағының мүшесі, Вятка губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат. «Трудовой Народ» газетін (1907) шығаруға қатысты. Думада Шаруалар одағы мен Еңбек тобы атынан аграрлық мәселе жөнінде және өлім жазасын жоюды

жақтап сөз сөйледі. Дума таратылғаннан кейін священник атағынан айрылды.— *373, 389.*

Трасун, Ф. С. (1864 ж. туған) — Витебск губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат, римдік-католиктік священник, кадет. Ригада, Петербургте, Полоцкіде және Юрьевте шіркеуде әр түрлі қызметтерде істеді, Петербург діни академиясының профессоры болды. Латыштың көпшілікке арналған календарын, «Аусеклис» газетін бастырып шығарушы, латыш ағарту мекемелерін ұйымдастырушы. Думада латыш автономистері тобына қосылды.— *416.*

Трейчке (Treitschke), *Генрих* (1834—1896) — неміс тарихшысы, публицист, реакциялық пруссактықтың, шовинизмнің, нәсілшілдіктің идеологы және насихатшысы. 1866—1889 жылдары реакциялық «Preussische Jahrbücher» («Пруссия Әржылдықтары») журналының редакторы. 1871—1884 жылдары рейхстагтың депутаты болды, Бисмарктың сыртқы және ішкі саясатын белсенді түрде қолдады, 1878 жылы социалистерге қарсы ерекше заңның енгізілуін құптап қарсы алды, 1886 жылдан — Пруссия мемлекетінің ресми тарих зерттеушісі. 1895 жылы Берлин ғылым академиясының мүшесі болып сайланды. Трейчкенің басты еңбегі — 5 томдық «19-ғасырдағы неміс тарихы». Герман империализмі идеологиясының қалыптасуында Трейчке елеулі роль атқарды.— *9.*

Трепов, Д. Ф. (1855—1906) — 1896—1905 жылдары — Москва обер-полицмейстері; В. И. Лениннің берген анықтамасы бойынша ол «патша өкіметінің бүкіл Россияға ең бір жек көрінішті болған, Москвада өзінің айуандық қаталдығымен, дөрекілігімен, жұмысшыларды аздырмақ болып, зубатовтық әрекеттерге қатысуымен әйгілі болған малайы» (Шығармалар толық жинағы, 9-том, 256-бет). 1905 жылғы 11 январьдан — Петербург генерал-губернаторы, кейін — ішкі істер министрінің орынбасары; 1905 жылғы октябрьдегі: «Мылтық босқа атылмасын, патронды аямандар» деген атышулы бұйрықтың авторы. Қаражүздік ойрандардың дем берушісі. — *129.*

Троцкий (Бронштейн), Л. Д. (1879—1940) — ленинизмнің қас жауы. РСДРП II съезінде — Сибирь одағынан делегат, азшылық жағындағы искрашыл; съезден кейін социалистік революцияның теориясы мен практикасының барлық мәселелері жөнінде большевиктерге қарсы күрес жүргізді. Реакция жылдарында — жойымпаз, 1912 жылы — антипартиялық Август блогының ұйымдастырушысы; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позиция ұстады, соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөнінде В. И. Ленинге қарсы күрес жүргізді. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін эмиграциядан қайтып келіп, «аудан аралықшылар» тобына кірді және солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — сыртқы істер жөніндегі халық комиссары, әскери және теңіз істері жөніндегі халық комиссары, Республиканың Революциялық-әскери советінің председателі; Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі болды. 1918 жылы Брест бітіміне қарсы шықты, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдан бастап партияның сара бағытына қарсы, социализм орнатудың лениндік программасына қарсы өршеленген фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деп уағыздады. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы ұсақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядан шығарылды, 1929 жылы антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы совет азаматтығынан айрылды. Шетелде жүріп Совет мемлекеті мен Коммунистік партияға қарсы, халықаралық коммунистік қозғалысқа қарсы күресін тоқтатпады.— *110.*

Туган-Барановский, М. И. (1865—1919) — орыстың буржуазияшыл экономисі, 90-жылдарда — «жария марксизмнің» көрнекті өкілі, «Новое Слово» (1897), «Начало» (1899) және т. б. журналдардың қызметкері; Маркске сын айтқан. Бірінші орыс буржуазиялық-демократиялық революциясы кезеңінде кадеттер партиясына кірді. Октябрь социалистік революциясынан кейін— Украинадағы контрреволюцияның белсенді қайраткері, Украинаның буржуазиялық орталық радасының финанс министрі. Туган-Барановскийдің 90-жылдардағы негізгі еңбектері: «Қазіргі Англиядағы өнеркәсіп дағдарыстары, олардың себептері және халық өміріне әсері» (1894), «Орыс фабрикасының өткендегісі мен қазіргісі» (1898) және басқалар.— *102.*

Тулин, К.— қараңыз: Ленин, В. И.

Тургенев, И. С. (1818—1883) — орыстың әдеби тілін дамытуда көп еңбек еткен орыстың ұлы жазушысы. Оның творчествосында өткен ғасырдың 30—70-жылдарындағы орыс қоғамының идеялық ізденулері бейнелепеді. Өзінің шығармаларында («Аңшы жазбалары», «Дворяндар ұясы», «Рудин», «Қарсаңда», «Әкелер мен балалар» және басқалар) Тургенев орыс қоғамдық өміріне тән қайшылықтарды көрсетті. Ол дворяндық құрылыстың күйрейтінін сезінген, бірақ оны өзгерту жолында әлде нендей әрекет істеуге іс жүзінде қабілетсіз «артық адамдардың» образдары галереясын жасады; Тургенев орыс әдебиетінде бірінші болып жаңа ұрпақ өкілінің — әртекті-демократтың («нигилистің») образын жасады. Тургеневтің крепостниктік тәртіпке қарсы қызу наразылығы баяу-либералдық талаптармен ұштасып жатады.— *47.*

Тучкин — қараңыз: Чернов, В. М.

Тыркова, А. В. (Вергежский, А.) (1869 ж. туған) — кадеттер партиясының көрнекті публицисі. Әдеби қызметін 1899 жылы бастады. 1906 жылы кадеттер партиясы Орталық Комитетіне кірді; Кадеттер партиясы қаржы беріп отырған «С.-Петербург баспасөз бюросының» меңгерушісі болып істеді. «Речь» газетіне және басқаларға жазып тұрды. Октябрь социалистік революциясынан кейін шетелге эмиграцияға кетіп, онда Совет өкіметіне қарсы дұшпандық насихат жүргізді.— *169.*

Тышкевич, В. Ю. (1865 ж. туған) — граф, поляк қоғам қайраткері, ірі жер иесі, поляк помещиктері мен буржуазиясының басты ұлтшылдық партиясы — национал-демократиялық партияның мүшесі. 1904 жылдан бастап Польшаның автономиялығы үшін белсене күресті. Варшава қаласынан I Мемлекеттік думаға депутат болды.— *416.*

Тьер (Thiers), *Адольф* (1797—1877) — француздың буржуазиялық реакцияшыл саяси қайраткері және тарихшы; кәсібі жөнінен адвокат. Саяси қызметті либерал-буржуазиялық оппозицияның өкілі ретінде XIX ғасырдың 20-жылдарының аяқ кезінде бастады, 1830 жылғы буржуазиялық Июнь революциясынан кейін бірқатар министрлік қызметтер атқарды, үкімет басында болды. 1834 жылы Лион мен Париждегі республикалық көтерілісті аяусыз басып-жаншудың ұйымдастырушысы болды. Екінші республика (1848—1851) дәуірінде контрреволюциялық «тәртіп партиясы» басшыларының бірі, Екінші империя құлағаннан кейін (4 сентябрь, 1870 жыл) — реакциялық үкіметтің іс жүзіндегі басшыларының бірі, 1871 жылы 17 февральда үкімет басына келді. Тьердің бұйрығы бойынша Париждің ұлттық гвардиясын қарусыздандыруға әрекет жасалды, содан 1871 жылы 18 мартта көтеріліс шықты. Азамат соғысын бастауды және Париж Коммунасын басып-жаншуды ең басты ұйымдастырушылардың бірі болды. Тьердің Франция тарихындағы ролін К. Маркс «Франциядағы азамат соғысы» деген еңбегінде толық сипаттайды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, 1-том, 1955, 461—467-беттер).— *450.*

У

Успенский, В. П. (1869 ж. туған) — эсер, Рязань губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат, земство дәрігері. Рязань губерниялық земство басқармасы жанындағы дәрігерлік-санитарлық бюроның меңгерушісі болды. Думада секретарьдың орынбасары, талап-тілектер жөніндегі комиссияның мүшесі.— *410.*

Ф

Фаллу (Falloux), *Фредерик Альфред Пьер* (1811—1886) — француздың саяси қайраткері және жазушысы, легитимист жә-

не клерикал. 1848 жылы — ұлттық шеберханаларды қиратудың инициаторы және Париждегі июнь көтерілісін басып-жаншудың дем берушісі. Екінші республика дәуірінде — Құрылтай және Заң шығаратын жиналыстардың депутаты, оқу және діни істер министрі (1848—1849).— *450*.

Филонов, Ф. В. (1906 ж. қайтыс болған) — губерниялық советник. 1905—1906 жылдары патша өкіметінің Полтава губерниясындағы жазалау экспедициясы басшыларының бірі. 1905 жылғы декабрьде Большие Сорочинцы мекені мен Устивицы селосында шаруаларды қанға бояп жазалады. Эсерлер партиясының мүшесі өлтірді.— *47*.

Финн-Енотаевский, А. Ю. (1872—1943) — социал-демократ, экономист және әдебиетші. 1903—1914 жылдары большевиктерге қосылды; 1906 жылы РСДРП IV (Бірігу) съезіне аграрлық программаны әзірлеу жөніндегі комиссияға қатысты; национализацияны теріске шығарып, помещиктік жерді конфискелеуді, сөйтіп оны шаруалардың жеке меншігіне бөліп беруді талап етті.

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Финн-Енотаевский қорғампаз және шовинист болды. Экономика мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы, оларда марксизмнің мәнін бұрмалады. Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктік бағыттағы «Новая Жизнь» газетіне жазып тұрды. 1931 жылы меньшевиктердің контрреволюциялық ұйымының ісі бойынша сотталды.— *265, 280, 281, 286, 312, 315, 316*.

Фирсов, Д. (Розенблюм, Д. С.) (1875 ж. туған) — эсер, «Аграрлық программаны қайта қарау және оны негіздеу жөнінде» деген кітап авторларының бірі, кітапты 1908 жылы «Эра» кітап баспасы шығарды.— *465*.

Фольмар (Vollmar), *Георг Генрих* (1850—1922) — Германия социал-демократиялық партиясының оппортунистік қанаты лидерлерінің бірі, журналист. 70-жылдардың ортасында социал-демократияға қосылды, 1879—1880 жылдары партияның Цюрихте құпия шығарылған органы «Der Sozialdemokrat»-ты («Социал-Демократ») редакциялады; рейхстагтың және Бавария ландтагының депутаты болып әлденеше рет сайланды. Социалистерге қарсы ерекше заң жойылғаннан кейін, Фольмар 1891 жылы Мюнхенде екі рет сөз сөйлеп, партияның қызметін реформалар үшін күреспен шектеуді ұсынды, үкіметпен келісім жасасуға шақырды. Бернштейнмен бірге Фольмар реформизмнің және ревизионизмнің идеологы болды. Ол тап күресін шиеленістіруге қарсы шықты, «мемлекеттік социализмнің» артықшылықтарын дәлелдемек болды, социал-демократияны либералдармен одақтасуға шақырды; партияның аграрлық программасын жасаған кезде ұсақ жер меншікшілерінің мүдделерін қорғады. Бірінші

дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позицияларында болды. Өмірінің соңғы жылдарында белсенді саяси қызметтен шеттеп кетті.— *78, 92, 96—97, 467.*

Фомичев, М. М. (1882 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик, Таврия губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат. Думада аграрлық комиссияға және шіркеу істері жөніндегі комиссияға кірді.— *426.*

Френкель, З. Г. (1869 ж. туған) — Кострома губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат, кадеттер партиясының мүшесі, кәсібі жөнінен дәрігер. 1896 жылдан 1901 жылға дейін Петербург губерниялық земствода істеді, Вологда және Кострома губерниялық земстволарда санитарлық бөлімнің меңгерушісі болды. «Начало», «Новое Слово», «Жизнь» және басқа журналдарға жазып тұрды. 1917 жылы кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Ленинградтың жоғары оқу орындарында профессор болып істеді.— *385.*

Х

Хан-Хойский Фатали-хан (1876—1920) — помещик, Елизаветполь губерниясы мұсылмандарынан II Мемлекеттік думаға депутат, кадеттер партиясының мүшесі. Екатеринодар округтік соты прокурорының орынбасары болып қызмет істеді. 1917 жылғы ноябрьден 1918 жылғы майға дейін Закавказье комиссариаты мен Закавказье сеймінің — Закавказьедегі контрреволюциялық өкімет органдарының құрамына кірді; 1918—1920 жылдары — Азербайжан мусаватистік контрреволюциялық үкіметі министрлер Советінің председателі, одан соң сыртқы істер министрі. 1920 жылы апрельде Азербайжанда Совет өкіметі жеңгеннен кейін Хан-Хойский меньшевиктік Грузияға қашты. — *417—418.*

Хасанов, К. Г. (1879 ж. туған)— Уфа губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат, кәсібі жөнінен мұғалім, халықтық-мұсылман тобында болды. Думада азық-түлік комиссиясына кірді, трудовиктерге қосылды. — *419.*

Хворостухин, И. П. (1879 ж. туған)— шаруа, Саратов губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат, эсер. 1905—1906 жылдары село старостасы болды, талай рет патша өкіметінің қуғындауына ұшырады. — *413.*

Хомяков, Н. А. (1850—1925) — ірі помещик, октябрист. 1886—1896 жылдары — Смоленск губерниясының дворяндар жетекшісі. 1896 жылдан 1902 жылға дейін — Егіншілік және мемлекеттік мүліктер министрлігінде егіншілік департаментінің дирек-

торы. 1906 жылы Мемлекеттік советтің мүшесі болып сайланды. II, III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты; 1910 жылғы мартқа дейін III Мемлекеттік думаның председателі болды. — *167.*

Хрусталев-Носарь, Г. С. (Переяславский, Ю.) (1877—1918) — қорғаушы адвокаттың көмекшісі, бастапқыда партияда жоқ, кейін меньшевиктерге қосылды. 1905 жылы меньшевиктердің қолында болған жұмысшы депутаттары Петербург Советінің председателі болды. 1906 жылы жұмысшы депутаттары Петербург Советінің ісі бойынша сотқа тартылып, Сибирьге жер аударылды, ол жерден шетелге қашып кетті; РСДРП V (Лондон) съезіне қатысты. Реакция жылдарында — жойымпаз, «бейпартиялық жұмысшы съезі» дейтінді шақыру және «бейпартиялық кең көлемді жұмысшы партиясын» құру жөніндегі оппортунистік идеяны қорғады; меньшевиктік «Голос Социал-Демократа» газетіне жазып тұрды. Мақалаларында большевиктерге белсенді қарсы шықты, оларда, В. И. Лениннің сөзімен айтқанда, «бейпартиялық буржуазиялық интеллигенттердің әдеттегі ызақорлығынан басқа» (Шығармалар толық жинағы, 15-том, 426-бет) дәнеме де жоқ еді. 1909 жылы партиядан шықты, күдікті финанс істерімен айналысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдары Россияға қайтып келді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Украинада белсенді контрреволюциялық әрекеттер жасады, гетман Скоропадскийді және Петлюраны қолдады. 1918 жылы атылды. — *41, 169.*

Ц

Цедербаум, Ю. О.— қараңыз: Мартов, Л.

Церетели, И. Г. (1882—1959) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Кутаиси губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат. Думада социал-демократиялық фракцияны басқарды, аграрлық комиссияға кірді. Социал-демократиялық фракцияның өкілі ретінде кеңесші дауыспен РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — центрист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі атқару комитетінің мүшесі, қорғампаз, буржуазиямен коалиция жасасуды жақтаушы. 1917 жылы майда почта және телеграф министрі ретінде буржуазиялық Уақытша үкіметке кірді, июль оқиғаларынан кейін — ішкі істер министрі, большевиктерді ойрандата қудалауға дем берушілердің бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Церетели Құрылтай жиналысында антисоветтік блокты басқарды. Грузияның контрреволюциялық меньшевиктік үкіметі басшыларының бірі болды. Грузияда Совет өкіметі жеңгеннен кейін — ақ эмигрант. 1923 жылы — оппортунистік біріккен (II) Социалистік жұмысшы Интернационалын ұйымдастырушылардың бірі. Өмі-

рінің соңғы жылдарында Церетели Америка Құрама Штаттарында тұрды.— *217, 277, 327, 424, 425, 429, 430—431.*

Цеткин (Zetkin), *Клара* (1857—1933) — герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Германия Коммунистік партиясының негізін салушылардың бірі, талантты жазушы, жалынды шешен, трибун. Революциялық қозғалысқа 70-жылдардың аяқ кезінде қосылды, 1881 жылы Герман социал-демократиялық партиясына кірді, партия ол кезде астыртын жағдайда еді. 1882 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетіп, Цюрихте тұрды, онда Герман социал-демократиялық партиясының құпия органы — «Der Sozialdemokrat»-қа («Социал-Демократқа») белсене жазып тұрды және оның Германияда таратылуына көмек берді. Герман социал-демократиясының сол қанатында болған Цеткин Р. Люксембургпен, Ф. Мерингпен және К. Либкнехтпен бірге Бернштейнге және басқа да оппортунистерге қарсы күреске белсене қатысты. 1907 жылы VII (Штутгарт) конгрестің жұмысына қатысты, оның конгресте сөйлеген сөздерін В. И. Ленин жоғары бағалады. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — революцияшыл интернационалист, социал-шовинизмге қарсы күресті. 1915 жылғы мартта Бернде болған халықаралық социалистік әйелдер конференциясын әзірлеуге белсене қатысты. 1916 жылы «Интернационал» тобына, кейін «Спартак одағына» кірді. 1919 жылдан — Германия Коммунистік партиясының мүшесі; партияның Орталық Комитетіне сайланды. Коммунистік Интернационалдың III конгресінде Коминтерн Атқару комитетіне сайланды. Коминтерннің халықаралық әйелдер секретариатын басқарды. 1924 жылдан революция күрескерлеріне көмек берудің Халықаралық ұйымы (МОПР) Атқару комитетінің үзбестен председателі болды. — *75, 76, 85, 86, 88, 91, 93, 95, 96, 97, 198.*

Циц (Zitz), *Луиза* (1865—1922) — Герман социал-демократиялық партиясы қайраткерлерінің бірі, кәсібі жөнінен мұғалима. Партияда 1892 жылдан; 1898 жылы Орталық Комитетке мүше болып сайланды. II Интернационалдың Штутгарт конгресінде (1907) әйелдер үшін жалпыға бірдей сайлау правосын енгізу жөніндегі талапты қолдады. 1908 жылы Герман социал-демократиялық партиясы басқармасының мүшесі болды. Бірінші дүние жүзілік соғысқа дейін К. Цеткинмен бірге солшыл позицияда болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде партиядан шығып, центристер басшылық еткен Германияның Тәуелсіз социал-демократиялық партиясына қосылды. — *91—92.*

Ч

Чаксте, И. Х. (1859—1927) — латыш буржуазиялық қоғам және мемлекет қайраткері, ірі жер иесі, кәсібі жөнінен адвокат. 1888 жылдан бастап Митавада қаражүздік латыш газетінің

шығарушы-редакторы болды. Курляндия губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат, кадеттерге қосылды. 1918 жылы Латвияның буржуазиялық Халық советінің председателі болып сайланды. 1920 жылдан 1927 жылға дейін — Латвия буржуазиялық республикасының президенті. Совет Одағы жөнінде дұшпандық саясат жүргізді. — *416.*

Челышев, М. Д. (1866 ж. туған) — октябрист-қаражүздік, Самара губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат, ірі үйлер иесі және өнеркәсіпші. Самара қала бастығы, Самара уездік земство мүшесі болды. — *454.*

Череванин, Н. (Липкин, Ф. А.) (1868—1938) — меньшевизм лидерлерінің бірі, барып тұрған жойымпаз. РСДРП IV және V съездеріне қатысты. Жойымпаздық басылымдардың қызметкері, партияны жою жөніндегі 16 меньшевиктің «Ашық хаты» авторларының бірі (1910); 1912 жылғы антипартиялық август конференциясынан кейін — меньшевиктік орталықтың (Ұйымдастыру комитетінің) мүшесі. Бірінші дүние жүзілік соғыс (1914—1918) кезінде—социал-шовинист. 1917 жылы меньшевиктердің орталық органы —«Рабочая Газета» редакторларының бірі, меньшевиктік Орталық Комитеттің мүшесі. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды.— *117, 126, 169.*

Чернов, В. М. (Тучкин) (1876—1952) — эсерлер партиясы лидерлерінің және теоретиктерінің бірі. 1902—1905 жылдары— эсерлердің орталық органы —«Революционная Россия» газетінің редакторы. Марксизмге қарсы бағытталған мақалалар жазып, Маркстің теориясын ауыл шаруашылығына қолдануға жарамайды-мыс дегенді дәлелдеуге тырысты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің егіншілік министрі, помещиктердің жерін тартып алған шаруаларға қарсы қатал жазалау шараларын қолдануды ұйымдастырушы. Октябрь социалистік революциясынан кейін — антисоветтік бүліктерді ұйымдастырушылардың бірі. 1920 жылы эмиграцияға кетті; шетелде жүріп антисоветтік әрекетін тоқтатқан жоқ. — *171, 196, 286.*

Чижевский, П. И. (1861 ж. туған) — кадеттер партиясының мүшесі, украиндық буржуазиялық ұлтшыл; Полтава губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат. Октябрь социалистік революциясынан кейін шетелге эмиграцияға кетті, контрреволюциялық Украин радасының органы —«Воля» апталығына жазып тұрды. — *224, 420—421, 430.*

Чупров, А. И. (1842—1908) — профессор-экономист, либерал. Москва заң қоғамы статистика бөлімшесінің председателі болды. Темір жол шаруашылығы мен аграрлық мәселе жөніндегі көптеген еңбектердің авторы. «Егін шығымдылығы мен астық бағаларының орыс халық шаруашылығының кейбір жақтарына

әсері» деген либералдық-халықшылдық жинақтың (1897) редакторы және осы жинақтағы мақалалардың бірінің авторы. Чупровтың аграрлық еңбектеріп В. И. Ленин өткір сынға алды. — *236, 283, 384.*

Чурюков, В. Н. (1878 ж. туған) — Москва губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат, социал-демократ, Клин механикалық заводының слесары. Думада «104-тің» аграрлық «жобасына» қол қойды. I Мемлекеттік дума депутаттарының Выборг үндеуіне қол қойғаны үшін сотталып, сайлау правосынан айрылды.— *262.*

Чхеидзе, Н. С. (1864—1926) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардың аяғынан бастап қатысты. РСДРП II съезінен кейін — меньшевик. Тифлис губерниясынан III және IV Мемлекеттік думаларға депутат, IV Думада меньшевиктік фракцияны басқарды. Ленин Чхеидзені Думада «оппортунистерді қорғаштай да және оларга қызмет ете де білген партия мацындағы социал-демократ» деп атады. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) — центрист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде — Мемлекеттік думаның Уақытша комитетінің мүшесі, қорғампаз. Чхеидзе жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің председателі, бірінші сайланған Орталық Атқару Комитетінің председателі болды, буржуазиялық Уақытша үкіметті белсене жақтады. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Грузияның Құрылтай жиналысының — контрреволюциялық меньшевиктік үкіметтің председателі. 1921 жылы, Грузияда Совет өкіметі орнағаннан кейін, Парижге эмиграцияға кетті.— *494.*

Ш

Шанин, М. (Шапиро, Л. Г.) (1887—1957) —революциялық қозғалысқа 1902 жылдан бастап қатысты; 1903 жылы Бундтың Рига ұйымына кірді. РСДРП V (Лондон) съезінс Бундтың Двина ұйымынан делегат. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін РСДРП-ға кірді, меньшевик болды. 1918 жылдан—РКП(б) мүшесі, Халық ағарту комиссариатында істеді, Қызыл Армияда саяси жұмыста болды. 1920 жылдан 1921 жылға дейін — саяси ағарту Бас басқармасының президиум мүшесі. 1925 жылдан 1929 жылға дейін РСФСР Финанс халық комиссариатында істеді. Бірқатар ғылыми еңбектердің авторы. — *282—289, 371.*

Шаховской, Д. И. (1861 ж. туған)—князь, земство қайраткері, либералдық-монархиялық «Азаттық одағын» ұйымдастырушылардың бірі, 1905 жылдан кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. I Мемлекеттік думаның депутаты және оның

Ю

Я

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(Июнь, 1907—март, 1908)

1907

Июнь, 1907—1908 жылғы март.	Ленин 1907 жылы июнь — декабрьде Финляндияда (Куоккала, Стирсудден, Оглбью) тұрады; 1908 жылы январь—мартта Швейцарияда (Женева) тұрады.
Июнь — октябрь.	Ленин РСДРП Орталық Комитетіне мүше большевиктермен апта сайын кеңес өткізеді; бұл кеңестер Териокиде өтіп жатқан Орталық Комитеттің мәжілістері алдында өткен.
2(15) июнь.	Ленин Думаның таратылу қарсаңында Куоккаладағы оған келген II Мемлекеттік думаға депутат большевиктермен кеңес өткізеді; кеңес түнгі сағат 3-те аяқталды.
18 июнь (1 июль).	Петербург губерниялық жандарм басқармасының ерекше бөлімі Петербург охранкасының бастығына В. И. Ульянов (Ленин) туралы қолда бар мәліметтердің бәрін хабарлауды және «оны Финляндиядан қайтарып алу туралы мәселе көтеруді» тапсырады.
18 июньнен (1 июльден) кешірек.	Ленин құпиялықты сақтау мақсатында және нашарлай бастаған денсаулығын жақсарту үшін Куоккаладан Н. М. Книповичтің дачасына (Стирсудден маягына таяу) кетеді.
22 июньнен (5 июльден) кешірек.	Ленин «Граф Гейденді еске түсіру (Біздің бейпартиялық «демократтар» халыққа не үйретеді?)» деген мақаласын жазады. Мақала сентябрьдің басында большевиктік «Өмір үні» жинағында басылды.

25 июнь (8 июль).	Ленинді РСДРП Орталық Комитеті Халықаралық социалистік бюроға партияның өкілі етіп сайлады.
26 июнь (9 июль).	Ленин «Бойкотқа қарсы (Социал-демократ публицистің заметкаларынан)» деген мақаласын жазып бітірді. Мақала 1907 жылы июльдің аягында «Үшінші Думаға бойкот жариялау туралы» деген кітапшада басылды.
8(21) июльден ертерек.	Ленин «Социал-демократиялық жұмысшы партиясының үшінші Думаға көзқарасы туралы мәселе жөнінде 8 июльдегі Петербург жалпы қалалық конференциясында оқылған баяндаманың тезистерін» жазады.
8 және 14 (21 және 27) июль.	Ленин Териокиде (Финляндия) өткен РСДРП Петербург жалпы қалалық конференциясының жұмыстарына қатысады; социал-демократияның III Мемлекеттік думаға көзқарасы туралы мәселе жөнінде баяндама жасайды. Конференция III Думаға бойкот жариялауға қарсы Лениннің қарарын қабылдайды. (Ленин баяндамасының тезистері жеке листовка болып басылып шықты).
16 (29) июль.	Ленин РСДРП Орталық Комитетінің шешімі бойынша Штутгартта болатын VII халықаралық социалистік конгрестегі РСДРП делегациясының құрамына сайланды.
21—23 июль (3—5 август).	Ленин Коткада (Финляндия) өткен РСДРП үшінші («Жалпы россиялық екінші») конференциясының жұмыстарына қатысады; III Мемлекеттік дума сайлауына қатысу туралы мәселе жөнінде баяндама жасайды және Кәсіподақтардың бүкіл россиялық съезі туралы сөз сөйлейді. Конференция III Мемлекеттік дума сайлауына бойкот жариялауға қарсы Ленин ұсынған қарарды қабылдайды. Кәсіптік одақтардың бүкіл россиялық съезі туралы лениндік қарар жобасы материал ретінде РСДРП Орталық Комитетіне берілді.
Июль.	Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабының екінші басылуын әзірлеу жұмысымен айналысады: Россияның экономикалық жағдайы туралы жаңа деректер негізінде толықтырулар енгізеді; 1897 жылғы жалпы халық санағының қорытындыларына талдау жасайды; екінші басылуына алғы сөз жазады.

1 (14) август. Ленин А. М. Горькийге жазған хатында оған РСДРП Орталық Комитеті VII халықаралық социалистік конгреске кеңесші дауыспен қатысуға рұқсат еткенін хабарлайды және Горькийдің Штутгартқа келуін өте-мөте өтінеді.

3 (16) август. Ленин Халықаралық социалистік бюроның мәжілісіне қатысады; онда конгрестің күн тәртібі жөніндегі мәселелер бойынша қарарлар әзірлеу үшін комиссиялар құру туралы, сондай-ақ бірқатар ұйымдарды, соның ішінде социалист-сионистерді конгреске қатыстыру туралы мәселе қаралады.

4 (17) август, таңертеңгі сағат 11-ге дейін. Ленин Россия делегациясының социал-демократиялық секциясының мәжілісіне қатысады, онда конгрестің күн тәртібіне енгізілген мәселелер талқыланады.

4 (17) август. Ленин Россия делегациясының мәжілісіне қатысады. Социал-демократиялық секция мен эсерлер секциясы арасында дауыстарды бөлу туралы мәселе талқыланғанда, социал-демократтарға қанша дауыс берілсе, эсерлерге де соншалықты дауыс беру жөніндегі ұсынысқа қарсы болады; социал-демократтарға 11 дауыс, эсерлерге — 6 және кәсіподақ өкілдеріне 3 дауыс беруді ұсынады.

5—11 (18—24) август. Ленин Штутгарт конгресінің жұмыстарына қатысады, конгрестің президиумына, сондай-ақ милитаризм және халықаралық жанжалдар туралы қарар әзірлеу жөніндегі комиссияның құрамына енеді.

5 (18) август, таңертеңгі сағат 9—10. Ленин Халықаралық социалистік бюроның мәжілісіне қатысады, Россия делегациясы даусының тең жартысын эсерлерге беруге қарсы болады. Халықаралық социалистік бюро социал-демократтарға 10 дауыс, социалист-революционерлерге — 7 және кәсіподақ өкілдеріне 3 дауыс беруге шешім қабылдайды.

5 (18) август, таңертеңгі сағат 11. Ленин конгрестің бюросы (президиумы) құрамында «Liederhalle»-де конгрестің салтанатты ашылуына қатысады.

5 (18) август, күндізгі сағат 4. Ленин конгреске қатысушылардың құрметіне Каннштадтта Ұйымдастыру комитеті өткізген халықтық мерекеге және интернационалдық митингке қатысады.

5 (18) август, кешкі сағат 6—7.	Ленин конгреске қатысушылардың — большевиктердің кіші секциясының мәжілісіне қатысады.
5 (18) август, кешкі сағат 8.	Ленин конгресс делегаттарының құрметіне берілген кешке-концертке қатысады.
5 және 7 (18 және 20) август аралығында.	Ленин Россия делегациясының А. Бебельдің милитаризм және халықаралық жанжалдар туралы қарарын Ленин мен Р. Люксембургтің түзетулерімен негізге алу туралы мәселе жөніндегі кеңесіне қатысады; Россия делегациясы бұл түзетулерге қосылады.
5—11 (18—24) август.	Ленин Клара Цеткинмен жүзбе-жүз танысады; конгресте «Әйелдердің сайлау правосы туралы» жасаған оның баяндамасын Ленин жоғары бағалайды.
5 және 11 (18 және 24) август аралығында.	Ленин Румынияда революционерлерді қуғындауға қарсы наразылық қарарының жобасына түзету енгізеді; румын делегациясы әзірлеген бұл қарар жобасы Штутгарт конгресінде қабылданды. Ленин А. Бебельмен, П. Зингермен, Р. Люксембургпен, Ж. Жореспен және басқалармен бірге американ жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері Вильям Гейвудқа конгресс атынан жолданған құттықтауға қол қояды; Гейвудты полиция дайындаған жалақорлық айыптауы бойынша американ үкіметі тұтқынға алған болатын.
6 (19) август.	Ленин Россия делегациясының мәжілісіне қатысады, онда конгреске қатысушылардың мандаттары бекітіледі.
6 (19) август, кешкі сағат 9.	Ленин большевиктік «Пролетарий» газетінің редакторы ретінде социалистік газет редакторлары мен шығарушыларының (administrateurs) кеңесіне қатысады; Англия мен Францияның кеңесте өкілдері болған (немесе ол информация алысып тұру үшін белгілеген) социалистік газеттерінің тізімін жасайды.
6 және 7 (19 және 20) август.	Ленин большевиктердің герман солшыл социал-демократтарының және поляк социал-демократтарының өкілдерімен кеңесін ұйымдастырады және өткізеді.

6—10 (19—23) август.	Ленин милитаризм және халықаралық жанжалдар туралы қарар әзірлеу жөніндегі комиссияның мәжілістеріне қатысады.
6—11 (19—24) август, таңертеңгі сағат 9—10.	Ленин күн сайын Халықаралық социалистік бюроның мәжілістеріне қатысады.
7—11 (20—24) август.	Ленин конгрестің бюро (президиум) мүшесі ретінде конгрестің пленум мәжілістеріне қатысады.
8 (21) август.	Ленин «Karlsvorstadt»-тағы «Schützenhaus»-та конгреске қатысушылардың жолдастық кешінде болады.
9 және 10 (22 және 23) август.	Ленин мен Р. Люксембург А. Бебельдің милитаризм және халықаралық жанжалдар туралы қарарының жобасына түзетудің ақырғы редакциясы жөнінде онымен ұзаққа созылған келіс сөздер жүргізеді.
11 (24) август.	Ленин конгрестің қорытынды мәжілісіне қатысады, онда Англия, Австрия, Франция, Бельгия, Голландия, Италия және Америка Құрама Штаттары делегаттарының ұсынысы бойынша орыстың бостандық жолындағы күрескерлеріне құттықтау қабылданады. Конгресс делегаттары орыс делегациясының столын қоршап алып, оған ду қол шапалақтап, құрмет көрсетеді.
11 (24) августан кешірек.	Ленин Штутгарттан Куоккалаға (Финляндия) қайтып келеді.
Августың ортасы.	Ленин «12 жыл ішінде» деген жалпы тақырыппен өз шығармаларының үш томдық жинағын бастырып шығару жөнінде «Зерно» баспасының ұсынысын мақұлдайды, проспектің жобасын қарайды және ескертпелер жасайды.
	Ленин большевиктік «Өмір үні» жинағын редакциялайды, «Милитаризм және халықаралық жанжалдар» туралы қарарға ескертулер жазады.
22 август (4 сентябрь).	Ленин «Өмір үні» жинағы үшін III Мемлекеттік думаға көзқарас жөнінде большевиктік тактика мәселелеріне арналған «Публицистің заметкалары» деген мақала жазады.

27 августан (9 сентябрьден) кешірек.	Ленин М. С. Кедровтан «1908 жылғы барлық жұртқа арналған календарь» деген большевиктік басылымның проспектісін, қызметкерлердің тізімін және осы басылымға арнап Штутгартта болған халықаралық социалистік конгресс туралы мақала жазу жөнінде ұсыныс алады.
31 август пен 7 сентябрь (13 және 20 сентябрь) аралығында.	Петербургте Лениннің редакциялауымен «Өмір үні» жинағы шығады, онда Лениннің «Граф Гейденді еске түсіру (Біздің бейпартиялық «демократтар» халыққа не үйретеді?)» және «Публицистің заметкалары» деген мақалалары басылады.
Август.	Ленинді РСДРП Орталық Комитеті партияның Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетінің редакторы етіп сайлады.
Август — сентябрь.	Ленин «Штутгарттағы халықаралық социалистік конгресс» деген тақырыппен екі мақала жазады; оның бірі «1908 жылғы барлық жұртқа арналған календарь» деген большевиктік басылымға, екіншісі жарты жылдай дерлік үзілістен кейін 1907 жылы октябрьде қайта шығарыла бастаған «Пролетарийге» арналды.
Август — октябрь.	Ленин Австрия социал-демократиялық және Италия социалистік партияларының Штутгарттағы халықаралық социалистік конгреске баяндамаларының орыс тіліндегі аудармасын редакциялайды.
Август — декабрь.	Ленин өз шығармаларының «12 жыл ішінде» деген үш томдық басылымын баспаға әзірлейді.
Сентябрьдің басы.	Ленин Териокиде өткен РСДРП Петербург жалпы қалалық конференциясында Штутгарттағы халықаралық социалистік конгресс туралы баяндама жасайды.
7 (20) сентябрь	Ленинді РСДРП Орталық Комитеті «Социал-Демократтың» редакциялық коллегиясына және редакцияның жарлық комиссиясына сайлады; Орталық Органның бас редакторының қызметі Орталық Комитеттің осы мәжілісінде жойылады.

Сентябрьдің екінші жартысы — октябрьдің бірінші жартысы	Ленин ««Социалист-революционерлер» тарихты қалай жазады» деген мақала жазады.
22 сентябрь (5 октябрь).	Ленин Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисмансқа II Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияға сот туралы мәселе жөнінде хат жазады.
Сентябрь.	Ленин «12 жыл ішінде» деген Шығармалар жинағының I томына алғы сөз жазады. Петербургте «РСДРП Лондон съезінің қорытындылары» деген большевиктік жинақ шығады, онда Лениннің «Буржуазиялық партияларға көзқарас» деген мақаласы басылды.
Кеш дегенде 6 (19) октябрь.	Ленин Г. А. Алексинскийге жазған хатында шетелден «Искраның» комплектін және «Вперед» (1905) пен «Пролетарий» (1905) газеттерінің бірқатар номерлерін жіберуді сұрайды, бұлар «12 жыл ішінде» деген Шығармаларының III томын әзірлеу үшін қажет болған еді.
8 (21) октябрь.	Бұқаралық большевиктік «Вперед» газетінде Лениннің «Антимилитаристік насихат және социалистік жұмысшы жастар одақтары» деген мақаласы басылды.
19 және 26 октябрь (1 және 8 ноябрь) аралығында.	Лениннің редакциялауымен Петербургте «Шұғыла» жинағы шығады. Жинаққа Лениннің ескертулерімен К. Цеткиннің «Штутгарттағы халықаралық социалистік конгресс» деген мақаласы енгізілді. Петербургте «1908 жылғы барлық жұртқа арналған календарь» шығады, онда Лениннің «Штутгарттағы халықаралық социалистік конгресс» деген мақаласы жарияланады.
20 октябрь (2 ноябрь).	Лениннің «Революция және контрреволюция» және «Штутгарттағы халықаралық социалистік конгресс» деген мақалалары «Пролетарий» газетінің 17-номерінде басылды.
20 және 29 октябрь (2 және 11 ноябрь) аралығында.	Ленин А. В. Луначарскийге хат жазып, оның партияның кәсіптік одақтарға көзқарасы туралы кітапшасына пікір айтады.

27 октябрь (9 ноябрь).	Ленин Териокиде өткен РСДРП С.-Петербург ұйымы конференциясының жұмыстарына қатысады, III Мемлекеттік дума туралы және социал-демократтардың буржуазиялық баспасөзге қатысуы туралы баяндамалар жасайды. Конференция III Мемлекеттік дума туралы Лениннің қарарын қабылдайды.
29 октябрь (11 ноябрь).	Лениннің «Үшінші Дума» деген мақаласы және «Плехановтың мақаласы туралы» редакциялық ескерту «Пролетарийдің» 18-номерінде басылды.
5 (18) ноябрьден ертерек.	Ленин РСДРП төртінші («Жалпы россиялық үшінші») конференциясына қатысушылардың — большевиктердің алдын ала болған кеңесіне қатысады.
5 (18) ноябрь.	Лениннің ««Жексұрын жын-ойнақты» әзірлеу», «Сонда төрешілер кімдер?» деген мақалалары және РСДРП С.-Петербург ұйымының конференциясы қабылдаған «III Мемлекеттік дума туралы қарар» «Пролетарийдің» 19-номерінде басылды.
5—12 (18—25) ноябрь.	Ленин Гельсингфорста өткен РСДРП төртінші («Жалпы россиялық үшінші») конференциясының жұмыстарына қатысады; III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның тактикасы туралы баяндама жасайды. Конференция осы мәселе жөнінде Лениннің қарарын қабылдайды.
16 және 23 ноябрь (29 ноябрь мен 6 декабрь) аралығында.	Петербургте В. И. Лениннің (Вл. Ильиннің) «12 жыл ішінде» деген Шығармаларының I томы шығады. Томға Лениннің 1895 жылдан 1905 жылға дейінгі кезеңде жазған негізгі мақалалары мен кітапшалары енді.
Ноябрьдің алғы.	Ленин Большевиктік орталықтың мәжілісіне қатысады, онда «Пролетарийді» шығаруды шетелге көшіру туралы шешім қабылданады.
Ноябрь.	Бұқаралық большевиктік «Вперед» газетінің 18-номерінде Лениннің «Үшінші Мемлекеттік дума және социал-демократия» деген мақаласы басылды.
	Ленин А. В. Луначарскийдің (Воиновтың) партияның кәсіптік одақтарға көзқарасы туралы кітапшасына алғы сөз жазады.

Лениннің «12 жыл ішінде» деген Шығармаларының I томын полиция конфискеледі. Ленинді сотқа тарту туралы іс көтеріледі.

Ленин полициядан жасырынып, Куоккаладан Огльбюге (Гельсингфорсқа таяу) кетеді.

Күз. Ленин «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбектің X—XII тарауларын жазады.

Ноябрь — декабрь. Ленин «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген кітапты жазумен шұғылданады.

Кеш дегенде 13 (26) декабрь. Ленин Огльбюден Гельсингфорс пен Або арқылы шетелге кетеді.

Ленин Гельсингфорста Петербургтен келген большевиктермен кеңес өткізеді.

Ленин Гельсингфорстан Абоға дейінгі жолдың біразын, оның ізіне түскен охранка агенттерінің тұтқындауынан құтылу үшін жүріп келе жатқан поездан секіріп түсіп, жаяу жүреді; Абодан Драгсфиорд аралына дейін Ленин атқа мініп жүреді, ол мұнда пароходқа отыруға тиіс еді; содан кейін қауіпті болса да мұзы әбден қатып үлгірмеген Фин шығанағы арқылы өтеді.

Кеш дегенде 14(27) декабрь. Ленин Стокгольмге барады, мұнда Финляндиядан Н. К. Крупскаяның келуін күтіп, біраз күн тұрады.

15(28) декабрь. Ленин Швеция социал-демократиялық партиясы басшыларының біріне хат жазады; Лениннің хаттарының бір бөлегін Россияға және Большевиктік орталыққа арналған хат-хабарларды Россиядан Женеваға жіберіп тұру жөнінде швед социал-демократы Бёрьессонның келісімін алғандығын растайды; осы мақсат үшін өзінің адресін беруге келісетін тағы бір социал-демократты атауды сұрайды. Ленин «таяудағы сейсенбіде» (ескіше 21 декабрьде) Берлинге жүріп кететіндігін хабарлайды.

22 декабрь (4 январь, 1908 ж.). С.-Петербургтің сот палатасы Лениннің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабын жою жөнінде үкім шығарады.

22—25 декабрь (4—7 январь, 1908 ж.).	Ленин мен Крупская Женеваға келе жатқан жолында Берлинде аялдап, онда социал-демократтар И. П. Ладыжников, П. В. Аврамов (Абрамов) және басқалармен кездеседі. 22 декабрьдегі кешті Р. Люксембургпен бірге өткізеді.
25 декабрь (7 январь, 1908 ж.).	Ленин мен Крупская Женеваға келеді. Лениннің екінші эмиграциясы басталады.
27 декабрь (9 январь, 1908 ж.).	Ленин А. М. Горькийге жазған хатында Женеваға келгендігін, «Пролетарий» газетін шығарудың шетелге көшірілгендігін хабарлайды; Горькийден «12 жыл ішінде» деген Шығармаларының бірінші томын оның алған-алмағандығын сұрайды; жазда немесе коктемде өзінің Каприге келу ниеті бар екенін хабарлайды.
31 декабрь (13 январь, 1908 ж.).	Ленин А. В. Луначарскийге жазған хатында Женеваға келгендігін, «Пролетарий» газетін шығарудың шетелге көшірілгендігін хабарлайды; «Пролетарийге» қатысып тұруға келісім беруін сұрайды.
1907 жылғы декабрь — 1908 жылғы январь.	Ленин поляк социал-демократтарының жиналысында (олардың Женевадағы эмиграаттық клубында) сөз сөйлейді; қанаушылар режиміне бейімделе кететін ұлтшыл буржуазияның контрреволюциялық роліне тоқталады және оған пролетариаттың интернационалистік позициясын қарсы қояды. Ленин сөзін «Пролетарлық, жұмысшы-шаруа Польшасы жасасын!» деп аяқтайды.
Жылдың аяғы.	Ленин Женевада орыс эмигранттарының жиналысында сөз сөйлейді.

1908

Январь — февраль.	Ленин Женевада «Пролетарий» газетін шығаруға әзірлік жұмыстарын жүргізеді.
Январьдың басы.	Ленин «аграрлық программа туралы мәселе жөнінде» үлкен еңбек жазғаны жайында Г. А. Алексинскийге хабарлайды; бұл еңбекті аяқтау үшін депутат Мушенконың Думаға 105-тің атынан ұсынған эсерлердің аграрлық жобасын іздеп тауып, оған жіберуді сұрайды.

	Ленин Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағында» және Сибирьде айдауда бірге болған жолдасы В. В. Старковпен кездеседі.
	Ленин В. В. Адоратскиймен кездеседі; әңгіме үстінде Адоратскийге 1905 жылғы революция жөнінде, октябрь шайқастары, жауынгерлік жасақтар, көтерілісті ұйымдастыру жайында естелік жазуды тапсырады.
1 (14) январь.	Ленин Петербургке М. И. Ульяновага жазган хатында оған Россияда шығатын барлық кәсіподақ журналдарын жіберуді, сондай-ақ оның және Н. К. Крупскаяның документтерін жіберуді тездетуді өтінеді; бұл документтер сол жерде тұруға рұқсат алу үшін қажет болған.
2 (15) январь.	Ленин А. М. Горькийге және М. Ф. Андрееваға хат жазады, онда М. Ф. Андреевадан «Пролетарий» газетін Италия арқылы Россияга жеткізуді ұйымдастыруға жәрдемдесуді сұрайды.
11 және 18 (24 және 31) январь аралығында.	Петербургте В. И. Лениннің (Вл. Ильиннің) «12 жыл ішінде» деген Шығармаларының II томының I бөлімі «Аграрлық мәселе», I бөлім деген тақырыппен басылып шығады.
	Томға «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген кітаптың X және XI таралары енгізілген.
16 (29) январьдан ертерек.	Ленин Лондонға Гарри Квелчке хат жазып, одан өзіне кейбір әдебиеттер жинастырып жіберуді сұрайды.
16 (29) январь.	Ленин Ф. А. Ротштейнге хат жазады; партия қазіргі жағдайда өзінің борышын өтей алмайтындығын хабарлайды және V (Лондон) съезі кезінде РСДРП-ға қарыз берген ағылшын Д. Фелзді борышты өтеу мерзімін кейінге қалдыруға көндіруді өтінеді.
	Ленин Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисманстан II Интернационалдың VII (Штутгарт) конгресі есептерінің III томы үшін РСДРП Орталық Комитетінің баяндамасын Халықаралық социалистік бюроның алған-алмағандығын сұрайды.

Ленин Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисмансқа (Халықаралық социалистік бюроның сұрау қоюына байланысты) хат жазып, онда Россиядағы ұйымдардан РСДРП-ның Ревельдегі эстон ұйымы жөнінде, сондай-ақ социал-демократтар М. Юриссон мен Ю. Г. Сеппин жөнінде сұрап білу нneті бар екендігін айтады.

16 (29) январьдан кешірек. Ленин Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисманс арқылы алынган сұрауға байланысты Россиядағы РСДРП Орталық Комитетінен және Ревель комитетінен эстон социал-демократтарының ұйымы жөнінде сұрайды.

20 январь (2 февраль). Ленин А. М. Горькийге жазған хатында «Пролетарийдің» 21-номерін шығаруды әзірлеп жатқандығы жөнінде хабарлайды және газетке публицистикалық мақалалар немесе жаңа көркем шығармаларынан үзінділер жіберуді сұрайды.

Ленин Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисманстан РСДРП 1908 жылға жарна ретінде Халықаралық социалистік бюроға қанша сом енгізуі тиіс екендігін сұрайды.

23 январь (5 февраль). «Berner Tagwacht» газетінде Лениннің мәлімдемесі басылды, онда Халықаралық социалистік бюродағы РСДРП-ның өкілі болғандығы себепті ол мынаны: Женевада тұтқынға алынған Н. А. Семашко Штутгарт конгресіне РСДРП мүшесі және партия баспасөзінің журналисі ретінде қатысқандығын, сондай-ақ Н. А. Семашконың Тифлистегі экспроприацияға ешқандай қатыспағанын және қатыса алмағандығын дәлелдейді.

Ленин Россияға М. И. Ульяноваға «12 жыл ішінде» деген Шығармаларының екінші томының екінші бөлімі үшін өзінің «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген еңбегінің қолжазбасын жібереді.

25 январь (7 февраль). Ленин А. М. Горькийге хат жазады, онда «дұрыс шығып тұратын саяси органды» жақтаған пікір айтып, большевиктік басылым-

	дардың жоспарлары жөнінде ақылдасады; «әдеби сынды да партиялық жұмыспен, партияға басшылықпен *тығыз* байланыстыру» үшін Горькийдің газеттің әдеби-сын бөліміне қатысуы жөнінде кеңеседі.
26 январь (8 февраль).	Ленин Женева оқу қоғамына оның толық мүшесі болып кіру үшін анкет толтырады.
31 январь (13 февраль).	Ленин А. В. Луначарскийге жазған хатында оның «Пролетарий» газетінде беллетристика бөлімін ұйымдастыру және оны жүргізуді А. М. Горькийге тапсыру жөніндегі ұсынысын қолдайды; А. В. Луначарскийден бұл мәселені реттеуді өтінеді.
	Ленин А. М. Горькийге жолдаған хатында философия мәселелері жөніндегі оның позициясына дау айтады; К. Маркс пен Ф. Энгельстің материализмін қорғайды.
Февральдың басы.	«Пролетарий» газетін шығаруды Женеваға көшіру жөнінде, шығатын мерзімі, қызметкерлерінің құрамы және жазылу шарттары жөнінде хабарландыру шығады.
4 (17) февраль.	Ленин М. И. Ульяноваға хат жазып, бірқатар кітаптар жіберуін сұрайды; оның хатын және «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасының» қолжазбасын алған-алмағандығын сұрастырады.
11 (24) февраль.	Ленин РСДРП-дағы философия мәселелері жөніндегі күрес туралы «Die Neue Zeit»-тегі заметкаға байланысты «Пролетарий» редакциясының кеңесіне қатысады. Кеңесте «Пролетарий» редакциясы атынан мәлімдеменің Ленин жазған тексті бір ауыздан бекітіледі.
12 (25) февральдан ертерек.	Ленин туысқандарына хат жазып, онда Богдановтың «Эмпириомонизм» деген кітабы сыналған өзінің философиялық еңбегінің қолжазбасын тауып, жіберуді сұрайды, ол оны «Қатардағы марксистің философия туралы заметкалары» деген атпен бастырып шығаруға ұйғарған еді.
12 (25) февраль.	Ленин А. М. Горькийге махизм мен орыс махистеріне қарсы (Богданов және басқалар)

ымырасыз күрес жүргізу қажеттігі туралы жазады; махистердің «Марксизм философиясы жөніндегі очерктер» деген кітабының шығуына байланысты шиеленісе түскен большевиктер арасындағы философия мәселелері жөніндегі алауыздықтың тарихын баяндайды, Горькийдің «Жеке бастың күйреуі» деген мақаласының «Пролетарийде» неліктен басылмайтындығының себептерін түсіндіреді.

13 (26) февраль. Женевада «Пролетарий» газетінің 21-номері шығады, онда Лениннің «Саяси заметкалар» деген мақаласы және РСДРП-да философия мәселелері жөніндегі күрес туралы ««Пролетарий» редакциясының мәлімдемесі» басылған.

15 және 20 февраль (28 февраль мен 4 март) аралығында. Петербургте «Күнделікті өмір» деген большевиктік жинақ шығады, онда Лениннің «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген кітабының XII тарауы ««Ғажайып ел» марксизмнің аграрлық мәселедегі қарсыластарының көзқарасы тұрғысынан алғанда» деген тақырыппен басылды.

Февральдың екінші жартысы. Россияда құпия түрде РСДРП-ның Орталық Органы «Социал-Демократтың» 1-номері шығады, онда Лениннің «Думаның бюджеттік праволарын кеңейту туралы айтыстар жөнінде» деген мақаласы басылған.

17 февраль (1 март) Ленин Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисманстан Халықаралық социалистік бюро мәжілісінің уақыты жөнінде сұрайды; Ленин оны алдын ала білгісі келеді, өйткені оның Италияға баруы керек еді.

19 февраль (3 март). Лениннің «Жаңа аграрлық саясат», «Кәсіптік одақтардың бейтараптығы», «Португалия королі ұшыраған оқиға туралы» деген мақалалары «Пролетарий» газетінің 22-номерінде басылды.

27 февраль мен 6 март (11 және 19 март) аралығында. Петербургте Лениннің «Россияда капитализмнің дамуы» деген еңбегінің 2-ші, толықтырылған басылымы шығады.

Февраль. Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабын жаза бастайды.

3 немесе 4 (16 немесе 17) март.	Ленин поляк социал-демократиясының журналы «Przegląd Socjaldemokratyczny» үшін «Орыс революциясын бағалау жөнінде» деген мақала жазады.
5 (18) март.	Ленин РСДРП Орталық Комитетіндегі поляк социал-демократиясының өкілі Л. Тышкоға хат жазып, одан «Przegląd Socjaldemokratyczny»-ға жіберген «Орыс революциясын бағалау жөнінде» деген мақаласын «Пролетарийде» жариялауға келісім беруін сұрастырады. Ленин Женевада болған, үш датаға — К. Маркстің қайтыс болуының 25 жылдығына, 1848 жылғы революцияның 60 жылдығына және Париж Коммунасы күніне — арналған интернационалдық митингте Париж Коммунасының маңызы туралы РСДРП атынан сөз сөйлейді. (Митингке 250-ге жуық адам қатысты).
10 (23) март.	Лениннің «Коммунаның сабақтары» деген мақаласы «Заграничная Газетаның» 2-номерінде жарияланды.
12 (25) март.	Лениннің «Әдейілеп жасалған полициялық-патриоттық демонстрация», «Либералдардың халықты алдауы туралы», «Халықаралық либерализмнің Маркске берген бағасы» деген мақалалары «Пролетарий» газетінің 25-номерінде басылды.

МАЗМҰНЫ

---

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

1908 ж.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

СУРЕТТЕР

Ленин, В. И.

Шығармалар толық жинағы. Орысша 5-басылуынан аударылды. 55 томдық. Т. 1 — Алматы, «Қазақстан», 1976.

(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.)

Т. 16. Июнь, 1907—март, 1908.
746 бет.

Томды орыс тілінде баспаға дайындаған
Н. П. Мамай

В. И. Лениннің өмірі мен қызметінің кезеңдерін
және тізімдерді дайындаған *Н. И. Крутикова*

Дайындаушының көмекшілері
В. А. Чанова және *В. А. Еремина*

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
Л. А. Кашницкая

Есімдер көрсеткішін дайындаған
Ю. Г. Никифоров

Редактор *И. А. Гладков*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

★

Сдано в набор 17/XI-1975 г. Подписано к печати 23/VIII-1976 г.
Формат 84×108 1/32—24,25+1 вклейка 1/16 п. л.=40,83 усл. п. л.
(39,6уч.-изд. л)
Бумага № 1. Тираж 15 000 экз. Цена 65 коп.

Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан»
г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Заказ 1821. Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.